

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Филология факультеті



Қазақтың рухани көсемі, Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы
Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай
**«А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ:
ЗЕРТТЕУ, ЖҮЙЕЛЕУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ»**
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

15 сәуір, 2022 ж.

Орал қаласы

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00
Қ19

Жалпы редакциясын басқарған:

Серғалиев Н.Х. - М.Өтемісов атындағы БҚУ басқарма төрағасы-ректордың м.а,
б.ғ.к., профессор

Редакция алқасы:

Ахмеденов К.М. – М.Өтемісов атындағы БҚУ ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры

Қыдыршаев А.С. – М.Өтемісов атындағы БҚУ «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

Ақбулатов А.А. – филология факультетінің деканы, доцент, философия докторы

Султаниязова И.С. – қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, доцент, философия докторы

Мүтиев З.Ж. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Хасанов Ғ.Қ. - филология ғылымдарының докторы, доцент

Еркеғалиева Г.А. – аға оқытушы, магистр

Калиева А.Т. – аға оқытушы, магистр


Қ19 Қазақтың рухани көсемі, Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «**А.Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау**» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Орал қаласы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің редакциялық баспа орталығы, 2022ж. – 392 бет.

ISBN 978-601-266-539-0

Жинақта А.Байтұрсынұлы мұрасы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымы, қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдарындағы сабақтастық мәселелеріне арналған шетел ғалымдарының, жоғары мектептердің профессор-оқытушыларының, ғалым-педагогтарының, орта мектептердің озық тәжірибелі мұғалімдерінің әдістемелік мақалалары қамтылған.

Мақалалар авторлық редакциялау негізінде жарияланып отыр.

ISBN 978-601-266-539-0



ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00



ӘОЖ 82:316.3

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ:
ӘЛІППЕЛЕРІ, ТІЛ-ҚҰРАЛДАРЫ, ӘДІСТЕМЕЛІКТЕРІ, ҚҰРЫЛЫМЫ, МАҢЫЗЫ**

А.С.Қыдыршаев,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
«Рухани жаңғыру» институтының директоры,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі
(БҚО, Орал қаласы)

Қазақ өркениетінің ең ірі қарқынды дамыған, гүлденген тұсы – өткен ғасырдың алғашқы қырық-отыз жылының үлесіне тиеді. Бұл кезең *«Байтұрсынов дәуірі»*, *«Байтұрсынов ғасыры»* делініп те жүр. Бұлай делінуінің басты себебі – Ахмет Байтұрсынұлының ұлт ғылымының көшбасшысы болуы. Осыған орай кезінде оған Елдес Омаров *«первый светоч науки»* деп баға берген. Сондай-ақ, Ахаң өз халқының «ұлттының ар-намысы бола білген» (С.Сейфуллин) «қазақ жұртының көсемі» (М.Әуезов) де.

Белгілі ғалым Р.Сыздықованың: *«Ахмет Байтұрсынұлы мен оның замандас-пікірлестері жайындағы қазіргі жүргізіліп жатқан ізденіс-зерттеулерімізді жинақы бір атаумен «ахметтану» деп айтар едім. Ахметтану – тек бір ғана қайраткерді танып-білу мақсатын көздемей, тұтас бір кезеңге қатысты мәселелерге баратын таным тармағы болуға тиіс»*, - деуі құптарлық. Демек, Ахаң туралы сөз қозғау – қазақтың біртуар зиялылары, ерен тұлғалары Ғұмар Қараш, Телжан Шонанұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Қошқе Кемеңгерұлы және т.б. туралы іргелі де кең тынысты зерттеулерге ден қою да.

Ахаңның 50 жылдық мерейтойына орай замандас ізбасарлары ретінде М.Әуезов «Аханның елу жылдық тойы (юбилей)» («Ақжол» газеті, 1923, 4 ақпан, № 270), М.Дулатов «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов» (биографиялық очерк), І.Омаров «Ученая деятельность А.Б.Байтұрсунова», Т.Шонанов «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов в области народного просвещения и литературы» сияқты материалдарын жариялаған. Содан бері 99 жыл өтті. Биыл Ұлт Ұстазының туғанына 150 жыл.

Өз тұсында Ахаңның 130 жылдығына орай қазіргі Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде *«Ахметтану және қазақ филологиясының өзекті мәселелері»* атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның өткізілуі де тегін емес. 1995 жылы (29 маусым) осы жолдардың авторы тарапынан профессор Н.Оралбаеваның ғылыми жетекшілігімен тұңғыш рет *«Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»* тақырыбында кандидаттық диссертация қорғалса, осы жылдың қазан айынан бастап университетімізде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қазақ тілін оқыту әдістемесі бірлестігі жұмыс жасап келеді. 1995 жылдан бастап студенттерге *«Ахметтану»* арнайы курсы жүргізіліп келсе, 1998 жылы университет баспаханасынан *«Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»* монографиясы (8,0 баспа табақ) жарық көрді. Бүгінгі таңда бұл бағыттағы жұмыс жалғасын табуда. *«Ахметтану: әдістану ілімі, әдістеме тарихы және оқыту технологиясы»* атты оқу құралы (10,0 баспа табақ) баспа жоспарына енгізілді. Кафедра жанынан жылма-жыл *«Ахметтану тәлімі»* конференциясын (қыркүйек айында) өткізу ұйғарылып, диплом жұмыстары қорғалуда.

Уақыт көші ілгері озған сайын қазақ феномені Ахмет Байтұрсынұлының аяулы есімі әлемдік мән-мағына ала түсуде. Оған айғақ – әлемнің әр шалғайында, Орынбор мен Алматыда, Түркия мен Германияда өткен халықаралық симпозиумдер мен конференцияларда, басқа да алқалы жиындардағы қазақ, орыс, нидерланд, қырғыз, түрік, неміс, қарақалпақ, өзбек сияқты өзге де түрлі ұлт ғалымдарының ол жөніндегі ой-толғамдары, ғылыми баяндамалары мен зерттеу мақалалары.

І. Ахмет Байтұрсынұлы әліппелері туралы. Ахмет Байтұрсынұлы халықтың санасына бірден әсер етуді, ақыл-ойын өзгертуді, көзін ашуды сауаттандырудан бастамақшы болды. Ол қоғамдық қызметін ағартушылық жұмыспен қатар жүргізу қажеттігін түсінді. Жұртшылықтың сана-сезімін ояту үшін, дұрыс бағыт алуы үшін жаппай сауаттандыру, оқыту керек екенін ұқты. Бұл туралы ғалым Р.Сыздықова былай деп жазады: *«Қысқасы, А.Байтұрсынұлының өз тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз» боп тұрғанда, қараңғы халқының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі емес, бірегейі өзі еді. Ағартушылық – сол кезеңдегі қазақ қауымының тіршілігінде ең қажет, ең игілікті іс болатын. А.Байтұрсынұлы осыны жақсы білді, дұрыс таныды»* [1; 2].

А.Байтұрсынұлы 1905 жылы Қарқаралыда қызмет атқарып жүрген кезінде бір топ қазақ зиялылары бірлесіп, патша үкіметінің жоғарғы басқару орнына петиция жолдағаны белгілі. Онда өзге мәселелермен бірге қазақ даласында оқу-ағарту ісін жолға қою керектігін нақты талап еткен. 1913-1918 жылдар аралығында 8000 дана таралыммен жарық көрген «Қазақ» газетінің бас редакторы бола жүріп те А.Байтұрсынұлы әліппе, оқулық шығару, сауат ашу, оқыту мәселелерін бір сәт естен шығармаған. 1913 жылы ақпанның 2-сінде шыққан газеттің тұңғыш нөмірінде-ақ «*оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жән көрсету*» негізгі көздейтін мақсаты мен ұстанатын бағыттарының бастыларының бірі екендігін айтқан.

Ал 1917 жылы желтоқсанның 5-13-і аралығында ІІ жалпы Қазақ съезі өткені тарихтан мәлім. Зерттеуші Б.Қойшыбаев осы съездің 25 мүшеден тұратын «Алашорда» атты уақытша халық кеңесін құрғанын, А.Байтұрсынұлының халық кеңесі құрамына ұсынылмағанын, оның оқулықтар жазу жөніндегі комиссияға сайланғанын жазады («*Көзқарас эволюциясы*», *Қазақ әдебиеті*, 1989, 27 қаңтар). Яғни, бұған дейін де сауат аштыру, оқыту бағытындағы әліппе, тіл құралдарын жарыққа шығарып үлгерген А.Байтұрсынұлының осы орайдағы халыққа ауадай қажетті ісін жалғастыруы орынды көзделген. Ал А.Байтұрсынұлы секілді ғұламаның қазақ жұртшылығы үшін жасаған өзге қызметтеріне қоса әйгілі оқулықтар жазуына да түрткі болған негіз – оның жан сала айналысқан жұмысы ағарту ісі. А.Байтұрсынұлы туған халқын оқуға тек жалаң шақырып қана қойған жоқ, сонымен қатар ол қазақ даласындағы мектептердің жай-күйін, бала оқытудың амал-жолдарын газет-журнал беттерінде нақтылы, жан-жақты сөз етті. Бұл орайдағы жазбаларының өзі үлкен бір тізбек құрайды. Ал бұның өзі А.Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтарын құрастырып, жазуының баспалдағы, соған барар жолдағы сүрлеуі іспетті.

А.Байтұрсынұлы білім көзінің алғашқы сатысы бастауыш мектепке баса назар аударады. «Қазақ» газетінің бетіндегі «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласында автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керектігін мәселе етіп қойып, сол тұстағы қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жағдайы қиын екендігін, оларда бағдарлама, оқу құралдары, тіпті оқу тәртібі (мектеп режимі) жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтудан бастаған («*Бастауыш мектеп*», «*Қазақ*» газеті, 9 мамыр, №16). А.Байтұрсынұлы бірде «*қазақта балаларды оқытатын жосықтар (бағдарламалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ*» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтік білімі бар мамандар даярлау керектігін жазса, енді бірде «*білімнің бас құралы – кітап*» деп, білім конкурсын жариялау арқылы да оқу-ағарту ісіне атсалысуға болатындығын айтады. 1913 жылы «Қазақ» газетінің бетіндегі «*Оқыту жайынан*» атты мақаласында да осы ойын нақтылайды. Онда: «*Бұл күнде қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі, оқу құралы кітаптар жоқ. Ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейді. Екінші, қазақ мектебіне түзелген программа жоқ, онсыз оқу бір жәннен шықпайды. Үшінші, бала оқыту ғылымынан хабардар мұғалімдер аз*», - деп түйеді [3].

Қазақша оқулықтар да бірден жазыла салмағаны белгілі. Сол кезеңде қазақтың көзі ашық зиялылары, ағартушылары осы орайда пікірталас жүргізіп, ой бөлісіп отырған. Соның бірі ағартушы әрі ақын Таһир Жомартбаевтың жоғарыдағы мақаладағы «*Әуелі қазақша оқытуға керек кітаптар даяр ма? Даяр болмаса, ноғайша кітаптарды аламыз ба? Олардың қайсысы жақсы? Ноғайлардың тәртіпті мектептерінде тұтынып жүрген программаларын сол күйінде аламыз ба? Яки қазаққа лайықтап, ыңғайлаймыз ба?*» деген сауалдары. А.Байтұрсынұлы бұған жауап ретінде ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейтіндігін бірден айтады. Бірақ тап сол тұста қазақ мұғалімдерінің қолына ұстата салар оқулық та жоқ болатын. Амалдың жоқтығынан А.Байтұрсынұлы: «*Сондықтан қазақта оқу құралы кітаптар болмаса, ноғай кітаптарымен оқытпасқа шара жоқ. Қазақ балаларын ноғай кітаптарымен оқытуда қолайсыздық, кемшілік көп, бірақ амалсыз ол кемшіліктермен келісеміз. Ноғай кітаптарымен оқытқан соң, олардың программаларын алмасқа болмайды. Программасын қазаққа ыңғайлаумен, қазақша құралдар сай болмаған соң, программа бір жаққа, оқу екінші жаққа – екеуі екі жаққа кетеді. Программада керек деген нәрселердің бірі болмаса да, көбі оқу құралдарынан табыларға керек. Ноғайдың тәртіпті мектебіндегі программасын ала тұратын болған соң, оқу кітаптарын да сол тәртіпті мектептерінен аларға тиіс*», - дейді [2; 4; 5; 6].

«*Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрттың ісі түзелмейді. Оқу ісін түзеуге көп нәрсе керек, оның бізде бұл күнде бірі де жоқ. Ай мен күндей, әмбеге бірдей білім – көп ортасындағы мүлік, онан сыбаға ала алғандар алып жатыр, ала алмағандар құр қалып жатыр. Сол құр қалып отырғанның бірі – біздің қазақ. Құр қалғанын қазақтың өзі де сезіп, баласын оқытуға, білім үйретуге ықылассыз емес, бірақ жаңадан басталған жұмыс тәртіпке түсе алмай жатыр. «Көш жүре түзелер» деген, түбінде түзелмей қалмас, түзетуге жұрт азаматы қам қылмаса», - деген ағартушы оқуға керек құралдар, ол құралдардың ішінде ең керектісі әрі қымбаты оқу кітаптарын шығаруды әріден ойлайды. «*Оқу құралдары сайлы болмаса, оның ішінде оқу кітаптары оңды болмаса, оқу да оңды болмайды. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. Аспапсыз шеберлер еш нәрсе істей алмайды, құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды», не болмаса, «Дүкенсіз ұста еш нәрсе істей алмайды, мұғалімдер де, қандай жақсы болғанмен, құралсыз балаларды оқыта алмайды» деген тұжырымға келеді. Осы саладағы А.Байтұрсынұлының зор еңбегін ғалым Р.Сыздықованың сөзімен түйіндесек былайша өрілер еді: «А.Байтұрсынұлы – қазақ арасында мектеп ісін (жалпы ағартушылықты) жолға қоюға күш**

салған, бала оқытып, ұстаздық құрған практик. Сонымен қатар ол оқу-ағартуды жолға қою үшін қажет өзге де шараларды қолға алған қайраткер болды. Бұл шаралар: қазақ жазуына лайық графика түзу, жазу тәртібі – емлені жазу, қазақша сауат ашатын «Әліппе» жазу, ана тілін танып оқитын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету. Міне, осы орайда А.Байтұрсынұлы қазақ мәдениеті көзінде жалаң ағартушы болып емес, ғалым-ағартушы болып көрінеді» [2; 7; 8; 9; 10].

Өткен ғасырдың 10-жылдарынан бастап қазақ қоғамында оқу-ағарту идеясының жандануына байланысты балалардың сауатын ашатын әліппе құралдарын жасау қолға алына бастады. Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында бірқатар авторлардың (М.Нұрбаев, М.Малдыбаев, З.Ерғалиев т.б.) қазақша әліппелері жарық көрді, бірақ бұлардың көбі бірер басылымнан артық жарияланбай, кеңінен қолданыс таба алмады.

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппесі 40 беттік көлемде «Оқу құралы» деген атпен тұңғыш рет 1912 жылы Орынбор қаласында М.Ш.Кәрімов, Ш.Құсайыновтар баспасында жарық көрді. Осы ретте ағартушы ғалымдарымыздың бірі Т.Шонанұлы: «Бұған дейін бізде өз әліппеміз болған емес. Дүмие молдалар әліппе жасай алмай, балаларды «Әліп-би» шартымен қағаз жүзінде оқытса, ал миссионерлер Васильев, Алекторов, Рожинский және басқалар қазақ әліппесін орыс транскрипциясымен берді», - деп жазды. Тұңғыш оқулық авторының өзі де қазақша әліппенің 1-кітабы деп көрсеткен. Оқу құралы сол кездегі ең алдыңғы оқыту әдістерінің бірі усул сотие жолымен тәртіп етілген. Оқу құралының титул бетіне алты тармақ өлең жолын келтірген («Балалар! Бұл жол басы даналыққа. Келіңдер, түсіп, байқап қаралық та! Бұ жолмен бара жатқан өзіңдей көп. Соларды көре тұра қалалық па? Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық. Жүріңдер іздеп тауып алалық та!»). Соңына «А.Б.» деп көрсеткен. Қарап отырсақ, бұл өлең жолдары атақты Ыбырайдың күллі алаш еліне белгілі «Кел, балалар, оқылық!» атты әйгілі шумағымен үндес, тақырыбы бір – оқуға, өшпес жарық, кетпес байлық-даналыққа бастар жолға түсуге шақырады. Титулдың екінші жағына: «Бұл алифбадағы қай хәріф қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалайша жазылмақшы һәм балалар алифбаға түспей тұрып дыбыспен қалай жаттықпақшы – бұлар жайын «Баяншы» деген кітапшадан қараңыз. Қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатұғын хәріптер алифбаға жалғас 2-кітаптан оқылады», - деген жолдармен сілтеме берген.

А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» 1912-1925 жылдар аралығында 7 рет қайта басылып, оқу ағарту жұмысында біршама ұзағырақ әрі кеңірек пайдаланылады. Негізінен А.Байтұрсынұлы әліппелері Орынбор, Семей, Ташкент, Қызылорда қалаларында басылып шықты. Соның ішінде Орынборда - 9, Семейде-2, Ташкентте-1 (2), Қызылордада-5 (6) реттен басылды.

Бұл оқу құралдарына өз тұсында әр түрлі бағалар да берілген. Мәселен, әдіскер ғалым Т.Шонанұлы: «... Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. ...Ал Ахметтің кітаптары болса қазіргі қазақ мектептерінде қолданылатын жалғыз оқулық. ...Біздің мұғалімдер оқытып жатқан бүгінгі европалық әдіс – Ахмет Байтұрсынұлының жанашырлық қызметінің жемісі», - деп жоғары бағалады.

А.Байтұрсынұлы үнемі ізденістің нәтижесінде 1926 жылы «Әліппенің» жаңа түрін жазып ұсынады. Бұл жаңа құрал осы күнгедей түрлі суреттермен берілген оқулық еді. Кітап «Әліп-би» деген атпен 1926 жылы Қызылорда қаласынан 116 бет көлемде басылып шығады. Осы жолы «Жаңа мектеп» журналы бетінде жазған рецензиясында Т.Шонанұлы А.Байтұрсынұлы «Әліп-биін» «үлкен олжа» ретінде бағалайды: «Бұл әліп-биі оқу құралдығы жағынан бір қымбат болса, ішкі маңызымен екі есе қымбат. Жаңа әліп-би Ахаңның бұрынғы әліп-билеріне тіпті ұқсамайды. Ахаң бұрынғы әліп-билері кезінде «әліп-екі үсін әннен», «Абжет әуестен», ескі молдалар оқыту әдісінен, ескі «қытай» жазуынан құтылдырса, бұл әліппе бізді бұл күнгі педагогиканың соңғы сөзімен таныстырып отыр, жазу әдісі жағынан да, мазмұн жағынан да педагогиканың үстіміздегі мақсаты мен бағытына үйлесіп шығып отыр», - деп жазады. Сондай-ақ, әліппе кітабының сапалы шығуы жөнінде де өз пікірін білдіреді. Бұл орайда рецензия авторы: «Кітапта 126 сүгірет бар. Мұнан басқа диаграм және басқа түрлі сызықтар бар. Сүгіреттер жақсы, басылуы әдемі, әріптері ірі, сырты қолайлы», - дейді [2]. Ал 1927 жылы тап осы көлемде «Әліп-бидің» екінші басылымын Қызылорда – Ташкент баспалары бірігіп шығарды. Ақырында 1928 жылы Қызылорда қаласында оқулықтың үшінші басылымы 20000 таралыммен жарыққа шықты.

Тұңғыш қазақ кеңес библиографы Міржакып Дулатұлының «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші» еңбегінде А.Байтұрсынұлының оқулықтарына көрнекті орын берілген. Осы көрсеткіште 1926 жылы жарық көрген «Әліп-би» оқулығына Қазақстан мемлекеттік білім кеңесі былайша жоғары баға берген: «Бұрынғы Әліпби қазақ мұғалімдерін ең алғаш Еуропа оқу әдістерімен таныстырудың үстіне, кезінде әрі төте жол салып, қазақ арасында оқу жөніндегі ескілікті жойған еді. Мынау жаңа Әліпби бұрынғылардан қай ретте болса да аса артық. Бұл Әліпбидің мазмұны, қазақ жағдайына қарай мемлекеттік білім кеңесінің жаңа бағдарламасына үйлесімді болып шыққан. Сөздері баланың ұғымына қолайлы тәртіппен құралған. Бұл Әліпби оқуға қолайлы. Шығарушының үлкен шеберлігі көрініп тұр. Оқушыға бұл Әліпби аса қызықты, баланы өздігінен білуге, өздігінен үйренуге ұмтылдыратын түрде жазылған. Сыртқы көрінісіне қарағанда тұтас сөздер әдісімен жазылған сықылды, бірақ тәжірибесі аз мұғалімдер мұнымен дыбыс әдісі бойынша да оқыта алады. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық. Мазмұн жағынан, әдіс жағынан да артық кемшілік таба алмадық. Бұл Әліпби

бұрынғысына жүдә ұқсамайды. Көңілдегідей болып шыққан» [3]. Осы іспетті пікірді әдіскер ғалым Т.Шонанұлы да былай білдіреді: «Бұл жөнінде ана тілі методикасының (методика – тарих жүзінде адам баласының үйрету тәжірибелерінің шығарған қорытындылары мен заңдарының жинағы) беті америка әдісіне қарай маңдайын аударған соң, Ахаң жаңа Әліпбиін дыбыс әдісімен де, америка әдісімен де оқытуға жарамды қылып шығарған. Бұл америка әдісімен оқыта алған тұтас сөз жүйесін қолдансын, әлі келмесе қалың мұғалім бұрынғы дыбыс әдісін қолдансын деген болар. Жаңа Әліпбидің бұл бір ұнамды жері» [3].

Оқу-ағарту саласында өшпес із қалдырған А.Байтұрсынұлы әліппелері жеті рет басылым көрді. Осыншама таралымнан басылым көріп, ағарту саласында ұзақ қолданысқа ие болған өзге бірде-бір әліппе, оқулық жоқ. Басқа авторлардың әліппелері құрылымдық, әдістемелік жағынан енгізілген материалдары жағынан олқы соғып, бір рет басылым көруден аспайды. Ал А.Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтары сол тұстағы жинақталған алдыңғы қатарлы тәжірибелерге сүйене отырып, белгілі педагогикалық-дидактикалық қағидаттарды сақтай білуімен, жасөспірімдердің психологиялық жас ерекшеліктерін, тіпті ұлттық ерекшеліктерін ескере жазуымен құнды болды. А.Байтұрсынұлы әліппелерін қазақ жұртшылығы ана тілінде жазылған аса қажетті тың құрал ретінде қабылдады. Ұлы ағартушының әліппе, оқулықтарының үсті-үстіне мол таралыммен басылып, ұзақ қолданылуының бір астары осында.

II. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл - құралдарының» басылым көруі жайлы. А.Байтұрсынұлының «Тіл құралдары» қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатынан туған. «Тіл құралдарды» ұсынуудағы алға қойған мақсаты жөнінде А.Байтұрсынұлы оқулыққа жазған «Сөз басында» жеткілікті баяндаған. Онда адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі ретінде тілді жоғары бағалай отырып: «Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғанынан жеңіл болмас еді», - дейді. Ендеше, жазу заманында, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден де артық дәрежеге жеткен заманда «сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да, сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып жалғасатын жүйесін білу керек» деген түйінге келеді. Ал бұл күрделі түйінді шешетін бір-ақ нәрсе, ол – «Тіл-құралдары» [1; 2; 3]. Осы іспетті ойлардан келіп А. Байтұрсынұлы: «Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін үйрету керек. Бастауыш мектептегі оқуға шамалап қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін балаларға оқытуға осы «Тіл-құрал» деген кітапшаларды шығардық», - дейді.

Жалпы А. Байтұрсынұлының бастауыш мектепте балаларға арналған тіл таныту ісі дыбыс жүйесі мен түрлері, сөз жүйесі мен түрлері, сөйлем жүйесі мен түрлері сынды үш сатыға бөлінеді. Оқулық авторы бірінші тіл танытқыш кітаптың 1925 жылғы басылымында «Тіл-құрал» үшке бөлінгенмен, әрқайсысы әр жыл оқылмайды. Бұл үшке бөлу жылдық оқу мөлшерімен емес, тіл білімінің жүйесі бойынша үйреткен уақытта әр жүйесінен балалардың шамасына қарай әлі келерліктері алынып үйретіледі. Қандай қай жылда үйретілетіні бастауыш мектеп програмдарында көрсетілген», - деген пікір де келтіреді. Әрине, бұл қазақ тілін белгілі бір бағдарлама бойынша оқытудың тиімділігін аңғартса керек.

Қалай болғанның өзінде де А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралдары» - қазақ қауымы үшін бұрын-соңды болмаған соны дүние, тың құбылыс еді. Оқулық авторының өзі де: «Тіл-құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын. Арабша һәм орысша наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенімен, түсініксіз болмас. Араб һәм орыс наху, сарфларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана, онда арабша я орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа», - дегені бар.

Сонымен А. Байтұрсынұлының өз тұсында үлкен сұранысқа ие болған «Тіл-құралдарының» баспа бетін көруінің өзі бір сала екен. «Тіл-құрал» оқулықтарын өз кезеңінде тек Қазақстан территориясында ғана емес, қырғыз, түркімен, өзбек, татар жеріндегі бауырларымыз да пайдаланғаны бүгінде айқын. Тіпті, А. Байтұрсынұлы еңбектерін теріп жинақтап жүргенімізде, әдіскердің 1924 жылы Орынборда басылып шыққан «Тіл-құралының» мұхит асып, АҚШ-тың Нью-Йорк университетінің кітапханасынан шығуының өзі еңбектің құндылығына бір айғақ. Ғалымның «Тіл танытқыш» еңбектерінің тіл білімі ғылымындағы, практикалық ісімдізге бағалылығы жөнінде өз кезінде де, бүгінгі тұста да алуан тұжырымдар айтылды, әлі де айтылуда. Соңғылардың бірер пікірін келтірер болсақ, ғалым Р. Сыздықова: «Тіл-құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Бастауыш мектепке, яғни, алғашқы 4-5 жыл оқитын шәкірттерге арналғанымен, қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық (морфологиялық-синтаксистік) құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы. Бұл оқулықтар – «қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліміздегі бастамасы және дұрыс, жақсы бастамасы. Өйткені, қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз таптарын ажыратып, сөз тұлғаларының түрлерін көрсетуде де, сөздердің (септелу, тәуелдену, жіктелу)

тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да – қысқасы, қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасын талдап-таныту күні бүгінге дейін А.Байтұрсынұлының аталған оқулықтарының негізінде беріліп келеді. Тілдік әр категорияны классификациясынан бастап, бүкіл терминдеріне дейін (бірен-саран жеке сәттерде болмаса) қазіргі мектеп грамматикасы А.Байтұрсынұлы салған негізде ұсынылып отыр», - дегені өте орынды да дәл берілген баға. Не болмаса, белгілі ғалым Н. Оралбаева «Грамматика ілімінің бастау көздері» деген мақаласында: «Қазақ грамматикасы жүйелі түрде зерттеліп, ғылым ретінде бірден қалыптаса қойған жоқ. Қазақ тілінің грамматикасын шын мәнінде жүйеге келтіру кеңес дәуірінде қолға алынғанын ескерсек, онда осы істің бастауында тұрған ғалымдарды естен шығаруға болмайды. Өйткені жүктің ең ауырын солар көтереді. «Адамның адамилығы істі бастағандығынан білінеді, қалай бітіргендігінде емес» деп ұлы Абай айтқандай, қазақ тілінің алғашқы оқулықтарын, бағдарламаларын жазуды бастаған Ахмет Байтұрсынұлының, Құдайберген Жұбановтың игілікті істері мен үлгілі тәжірибелеріне дән риза ұрпақтары оны ұмытпай, маңызын түсініп отыруы парыз деп санаймыз», - деген құптарлық пікір айтады. Ал ғалым Т.Қордабаев: «Ахаңның бұл оқулықтары қазақ тіл білімінің қазақ тілінде алғаш баяндала бастаған заманында, бұдан сандаған жыл бұрын шыққанына қарамастан тілдік категориялардың терминдік ауытқуы жағынан да, классификациясы жағынан да қазіргі еңбектермен үйлесіп, үндесіп жатады. Бұл автор тұжырымының өміршеңдігін, терең де алғыр ойдан туғандығын байқатса керек», - деп жоғары бағалайды. Лингвист ғалымның оқулықтары туралы зерттеуші Аманқос Мектепов былайша баға береді: «Халық тарихында тұңғыш рет ол жазған үш томдық «Тіл құралы» мен «Әдебиет танытқышы» оның теңдесі жоқ еңбегі, ғылыми ерлігі десе де болады. Туған тіліміздің фонетикасын («Дыбыс жүйесі»), морфологиясын («Сөз жүйесі») және синтаксисін («Сөйлем жүйесі») тұңғыш рет, терең біліммен жазған Ахаң еңбектері күні бүгінге дейін қазақ тіл білімінің, ал «Әдебиет танытқышы» әдебиет теориясының мызғымас негізі болып келеді».

Демек, А.Байтұрсынұлы «Тіл-құралдарының» шынайы құнын аңғартар жоғарыдағы іспетті тілші-ғалым топшылауларын, орнымен берілген бағаларын соза беруге болады. Айналып келгенде, жоғарыда келтірілген үзінділер бірін-бірі толықтыра отырып, А.Байтұрсынұлы «Тіл танытқыштарының» теңдесіз рөлін аңғартса керек.

III. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері туралы. А. Байтұрсынұлы алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарды дүниеге келтіруімен бірге, осы оқу құралдарын тәжірибеде қалай пайдалануға болады, әліппе, тіл құралдарындағы материалдарды шәкіртке қалай ғылыми тұрғыда меңгертуге тиіспіз деген мәселе жөнінде де ойланған. Озық елдердің әдістемелік әдебиеттеріне сүйене, үйрене жүріп, төл әдістемелік нұсқау, әдістемелік мақалаларын жазып қалдырған. Бұл бағытта мол жазбаларының бірер санын «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы» (қай жылы жазылғаны белгісіз), «Тіл жұмсар» секілді әдістемелік нұсқаулары мен «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Баулу мектеп», «Ана тілінің әдісі», «Жалқылаулы-жалпылау», «Қай әдіс жақсы?», «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақалалары құрайды.

Бұлардың ішіндегі автордың «Әліппе астары», «Нұсқаушы» деген екі кітабы әзірге қолға түспеуде. А.Байтұрсынұлы мұраларын жинаушылардың айтуына қарағанда, бұл еңбектер Мәскеу, Санкт-Петербург, Уфа қалаларының кітапханаларынан да кездеспеген. Еліміздегі Ұлттық кітапхана мен Ғылым Академиясының сирек қолжазбалар бөлімінен де ұшырата алмадық. Дегенмен аталған әдістемелік дүниелер қолымызға түспегенмен, деректерге сүйене келіп, бұл еңбектердің қандай бағытта өрілгенін аңғаруға болады. Мәселен, әйгілі жазушы Мұхтар Омарханұлы А.Байтұрсынұлы жұмыстан босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазып жүргенін айта келіп: «Бұрынғы оқушыларға белгілі «Тіл-құрал», «Оқу құралдарынан» басқа, соңғы жылдарда «Әліппе астарын» хәм қазақша жазған, бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр» («Ақжол» газеті, 1923, 4 ақпан), - деп хабарлайды. Бұл 1923 жыл болса, ал 1924 жылы «Әліппе астары» еңбегі Орынбор қаласынан 24 беттік көлемде басылып шығады. Нұсқаудың алғашқы бетінде «Оқу құралы» деген қазақша әліп-би бойынша үйретушілер үшін шығарылған баяншы деп көрсетілген. Әдіскер ғалым Мағжан Жұмабайұлы да А.Байтұрсынұлы әліппесінің дыбыстық әдіспен құрылғанын сілтей келе: «Бұл алифба бойынша қалай хат танудың жолы А.Байтұрсынұлының «Баяншы» хәм «Әлифба астары» деген кітаптарында көрсетілген. Мұғалімдер соларды жолбасшы қылсын» («Бастауыш мектепте ана тілі», Ташкент, 1923), - деп жазды. Ал ахметтану-дың негізін салушы ғалым Р.Сәтіғалиқызы (Сыздықова): «Оқу құралын» пайдаланудың, жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліпби астары» атты әдістемелік еңбегінде көрсетеді («Ахмет Байтұрсынұлы», А., 1990), - деген. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті архивында сақталған 1929 жылы мамырдың 5-інде А.Байтұрсынұлының өз қолымен жазып берген «Газет және журналдарда жарияланған басқа ғылыми, ғылыми-методикалық еңбектердің тізімі» деген құжатта «Әліппе астары әліппеге методикалық нұсқау» деп көрсетілген [1;2].

А. Байтұрсынұлының «Баяншы» әдістемелік нұсқауы 1920 жылы Қазан қаласының алтыншы мемлекеттік баспаханасында жарыққа шықты. Көлемі 15 бет. Таралымы 8600 дана. Кіндік қазақ өзгеріс комитетінің оқу бөлімі бастырған. Еңбектің титул бетінде «Қазақ мұғалімдері үшін» деп көрсетілген. Әдіскер нұсқауға жазған сөз басында: «Жаңа оқу жолымен таныс емес оқытушылар төменгі «Қазақ дыбыстары хәм олардың жазылу белгілері» деген хәм «Дыбыспен жаттығу» деген екі сөзді оқып әліппе қалай тәртіп етілгенін көріп, оқу бастауы артық емес. Бұл екі сөз оқушылар емес, оқытушылар үшін

жазылған” - деп те көрсетеді. Бұл еңбек ағартушының көп жыл бала оқыта жүріп жасаған әдістемелік тәжірибесінің түйіні, тұжырымы. Оған А.Байтұрсынұлының: “Адамның өзінде кәмілдік болмаған соң, ісінде де кәмілдік жоқ. Сондықтан 14 жыл бала оқытып аңғарған, сезген, білген, іс көргендігім болса да, әліппе мінсіз болады демеймін (бұл жерде әліппені оқытуды айтып отыр деп білеміз). Ұнамсыз мінді жерін аңғарған адамдар көрсетсе, көп-көп алғыс айтамын,” – деуі де дәлел [2].

“Баяншы” 1920 жылы баспа жүзін көрді дедік. Бірақ әдістемелік нұсқаудың жазылуы бұдан ертерек секілді. Бұны алғаш байқаған ғалым Р.Сәтіғалиқызы жоғарыдағы аталған еңбегінде былай деп жазады: “1912 жылы шыққан бұл “Әліппеден” біздің көңілімізді аударатын бір мағлұмат аламыз, ол – Байтұрсынұлының «Баяншы» атты методикалық кітапшасы сол кезеңде-ақ бар екендігі. Оған мына текст дәлел: «Бұл алифбадағы қай харф қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалайша жазылмақшы һәм балалар алифбаға түспей тұрып дыбыспен қалай жаттықпақшы – бұлар жайын «Баяншы» деген кітапшадан қараңыз». Тілші ғалым пікіріне біз де қосыламыз. Келтірілген үзіндіге жүгінсек, сауат аштыру, тілді оқыту әдістемесінің негізін жасауға ұмтылыс нәтижесінде әзірленген «Баяншы» еңбегі 1910-1912 жылдары дүниеге келген болып шығады, т.б.

А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінің біраз бөлігі мақалалар тобынан құралады. Әдіскер еңбектерінің библиографиялық көрсеткішінде (А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. А., «Ана тілі», 1992, 443-445-б.б.) «Ана тілінің әдісі» мақаласы мен «Оқу құралы» еңбегі де аталған. Бұл «Оқу құралдың» өзге оқу құралдардан айырмашылығы, онда «Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліп-биге баяншы» деп жазылған. Сондай-ақ, қызғылт түсті жұқа мұқабасы сыртында «Методические записки по родному языку (на кирг. яз.)» деп те көрсетілген. Ал бірінші бетінде «Балалар, бұл жолы басы даналыққа» деп келетін алты тармақты «Тарту» өлеңі берілген. Бұл шумақ алғаш рет А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынбордан шыққан әліппесінде жазылған. Көлемі 14 беттік әдістемелік еңбек 1921 жылы Ташкент қаласынан шығарылған. Таралымы 10 000 дана. Әдістемелік «Сөз басы» (2-3-бет), «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері» (3-9-бет) «Дыбыспен жаттығу» (9-14-бет) бөлімдерінен тұрады. Ал «Ана тілінің әдісі» мақаласы 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының 9-нөмірінің 23-31-беттерінде жарияланған. Бұған қоса ағартушының «Баулу мектеп» («Трудовая школа») атты проблемалы мақаласы журнал бетінде 1925 жылы (№1, тамыз) басылған болатын.

Әдіскер ғалымның «Жалқылау (айырыңқы) әдіс» («Аналитический метод обучения грамоте») мақаласы 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының он бірінші – он екінші нөмірінің 45-49-бет аралығында басылды. Журнал редакциясының басқармасы мақала соңында: «Тұтас сөз – сөйлем әдісінің негізі осы мақалада айтылған болса да, бұл күнде басқаша ұсталатын көздері де бар. Ахаңның жалқылаулы-жалпылау әдісі дегені осы тұтас сөз сөйлем әдісі. Мұның бүге-шүгесі келер санда басылады», - деп көрсеткен. Шынында да журналдың келесі санында, яғни, 1928 жылғы бірінші нөмірінің 31-37-беттерінде «Жалқылаулы-жалпылау әдісі» («Аналитико – синтетический метод обучения грамоте») атты мақаласы жарияланды.

Сөйтіп, А.Байтұрсынұлының аталған мақалаларының атауларынан-ақ көрініп тұрғандай оларда өз ортасына «әлі соны» әдістемелік мәселелер көтерілген. Ана тілімізді қандай әдіс-тәсілмен оқыту орындылығы айтылады, өзара пікір алысуға шақырады. Демек, қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімі саласында синтетикалық, аналитикалық, аналитика-синтетикалық оқыту әдісі жөнінде алғаш әдістемелік тұрғыда пайымдау жасаған, түсінік берген, әдістердің анықтамасын қорытқан әдіскер – Ахмет Байтұрсынұлы. Сондай-ақ, аталған әдістердің жалпылау, жиылыңқы әдіс, жалқылау, айырыңқы әдіс, жалқылаулы-жалпылау, айырыңқы-жиырыңқы әдіс, көрнекілік әдіс деген қазақша ғылыми аталымдарын (терминдерін) да тұңғыш қолданысқа енгізген де Ахан. Бір ғажабы ғалым әрбір әдістемелік пікірін өзге алуан тілдің ерекшеліктерімен, қолдану тарихындағы тәжірибелерімен салыстыра қараған.

Демек, А.Байтұрсынұлының әдіскер ретіндегі жазған ғылыми әдістемелік еңбектерінің дүниеге келуі, олардың баспасөз бетінде жариялануының бір парағы осындай. Ал осынау әдістемелік нұсқау, көмекші құралдарының, мақалаларының құрылымы, көтерген мәселесі қандайлық деңгейде екендігі – өз алдына кең көлемді әңгіме.

Қорыта айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы – халқымыздың дарабоз, бірегей тұлғасы. Демек, тұлғаны терең тануымыз керек. Ал, қазақ ғалымдарына сүйене айтсақ, тұлғаны тану дегеніміз – алдымен оның туған халқын, өмір сүрген дәуірін, еңбек еткен ортасын, айналасын тану, буын-буын келер ұрпақ тәрбиесі үшін өнегелі мәні, маңызы зор халқына тұлға, тұтқа ретінде атқарған ұлы тарихи миссиясын ашып көрсету. Десек те, Ахаңның сом тұлғасы, атқарған қыруар ісі, халқына сіңірген еңбегі дәл осындай кең көлемді контексте, белгілі бір жүйеде әлі жете танылмай келеді. Жинақтай айтар болсақ, бұл ретте, біріншіден, таразылау нысаны болар замандастарының Ахмет Байтұрсынұлына берген бағалары десек, екіншіден, Ахан мұрасының бүгінгі таңдағы зерттелу жайы, үшіншіден, А.Байтұрсынұлы еңбектерінің қазіргі таңдағы талдаулармен үндестігі, сабақтастығы.

Ал бұтарлай үңіле түссек, ахметтану баспалдақтары сапына алғашқы кезекте төмендегі мәселелерді аша, анықтай түсуді қосар едік:

1. А.Байтұрсынұлының қоғам қайраткерлік қызметіне қатысты кезеңін қосымша деректермен толықтыра түсу қажеттілігі айқын сезіледі. Әсіресе, Ахаңның қазақ мемлекеттілігін қамтамасыз етуде өлшеусіз еңбек сіңіргендігін кейінгі ұрпаққа таныту. Мәселен, қазақ автономиясын құру,

бөлшектеліп, кеткен қазақ жерін түгендеу, аштарға көмек ұйымдастыру, халық ағарту саласын жүйеге келтіру, қазақ мектептерін оқу құралдарымен қамтамасыз ету, тіл саясаты мен қазақ тілінің мәртебесіне ден қою, т.б.

2. Ғалымның 150 жылдық мерейтойы тұсында оны тіл маманы ретінде әр қырынан жан-жақты тани түсу де парыз болмақ. Осы тұрғыдан келгенде Ахаң мұрасы әлеуметтік лингвистика ғылымы саласынан арнайы зерделеуді қажет етеді. Бұл – Ахаңның тілді қарым-қатынас құралы ретінде орнына, тіл саясатына, тілдің әлеуметтік қызметіне (жазуды жетілдіру, қазақ тілін дамыту, ұлтты дамыту, терминдерді жаңарту, кірме сөздерге қатысты көзқарас, дұрыс емле түзу мәселесі т.б.), қазақ тілінің таза сақталуына, тілдердің байланысына, тіл болашағын болжауға қатысты ой-түйіндерінің астарына үңілу деген сөз.

3. Академик З.Қабдолов Ахаңның әйгілі «Әдебиет танытқышы» (1926) біздің жыл санауымыздан 326 жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің «Поэтикасымен» теңдес сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі байыптайтын қазақ топырағындағы тұңғыш теориялық зерттеу ретінде бағалайды. Сөзсіз, бұлардың «бірі – грек әдебиетінің, екіншісі – қазақ әдебиетінің алғашқы әліпбилері». Осы түйіндерге жапсарлас айтар болсақ, Ахаң қалыптастырған әдеби-теориялық терминдерге аса жауапкершілікпен қарау мәселесі күн тәртібінде. Яғни, Ахаң терминдерін жапатармағай жіпке тізе бермей, таңдау, талғау, талдау нәтижесінде екішеу, елеу, іріктеу, сұрыптаудың қажеттілігі.

4. Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің маңызды бір саласы – қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты зерттеулерінің ғалымдар тарапынан аз ескерілетіндігі. Ендеше, А.Байтұрсынұлының өз заманындағы әлемдік дәрежедегі ірі әдістемеші ғалымдардың еңбектерімен жетік таныс болғандығын, әлемдік деңгейдегі әдістеме теорияларымен қаруланып қана қоймай, оған сын көзімен қарап, пайдалысын әліппе, оқулық жазғанда қолдана білгендігін ескеру қажет. Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы әліппесінің, оқулықтарының әдістемелік негізін талдап беру, оның қазіргі кездегі оқулықтарды жазуда қолдану орнын көрсету, пайдалы жақтарын анықтау, дәлелдеу келешекте оқулықтардың сапасын арттыруға әсер ететіндігін білу. А.Байтұрсынұлының әдістемелік терең білімі, мұғалімдік тәжірибесі, оны қорыта білу қабілеті оқулықтарының әдістемелік негізде жазылуын ғана қамтамасыз етіп қоймай, оның әдістемелік ғылыми еңбектер жазуына негіз болғандығын таны.

Қысқасы, ғылымның дамуына орай ахметтану сатыларын соза беруге болар. Біздің тарапымыздан айтылғандары бірер бастылары ғана.

Әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Пед. ғыл. канд. ғыл. дәреже. алу үшін дай. дисс. авторефераты. – Алматы, 1995. -30 б.
2. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Монография. Орал: БҚМУ, 1998. - 132 б.
3. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеліктері // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №9-10, 1997. – 56-60-б.б.
4. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлы – әдістемеші// Жалын. – 1993. - № 3. – 52-54 б.б.
5. Қыдыршаев А.С. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті боу// Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1993. - №10-11-12. – 28-34-б.б.
6. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлы әліппелерінің әдістемелік ерекшеліктері// Бастауыш мектеп. – 1994. - № 7-8. – 11-15-б.б.
7. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдіскерлігі// Бастауыш мектеп. – 1994. - № 2. – 3-7-б.б.
8. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы// Ұлағат. – 1995. - №3. -47-53-б.б.
9. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеліктері// Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1997. - №9-10-56-62-б.б.
10. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» оқулығы туралы// Поиск. – 1998. - №2.-4-8-б.б.

Р.Тұрысбек

филология ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан (Rst58@mail.ru)

Аңдатпа. Алаш ардағы, ғалым-түрколог А.Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасы, оның ішінде ұлт руханиятына қатысты мақалалары, басты еңбектері, мен ондағы өзекті мәселелер кең түрде сөз етіледі. Оның ұлт мұраты мен руханиятындағы орны, мәні-маңызы кең түрде айқындалады. Кеше мен бүгін байланысы, ортақ мұраттары, сабақтастық сырлары көрсетіледі.

Тірек сөздер: Алаш, әдебиет, шығармашылық, үдеріс, ұлт, сөз, стиль

Аннотация. Широко обсуждается творческое наследие Алаш-Арды, ученого-тюрколога А.Байтұрсынова, в том числе статьи о духовности нации, крупные труды, актуальные вопросы. Его место в идеалах и духовности нации широко определено. Показана связь вчера и сегодня, общие идеалы.

Ключевые слова: Алаш, литература, творчество, процесс, нация, слово, стиль.

Annotation. The creative heritage of Alash-Arda, Turkologist A. Baitursynov is widely discussed, including articles on the spirituality of the nation, major works, topical issues. His place in the ideals and spirituality of the nation is broadly defined. The connection between yesterday and today, common ideals is shown.

Key words: Alash, literature, creativity, process, nation, word, style.

Алаштың қайраткер-қаламгерлері арасында – Ахмет Байтұрсынұлы есімі мен еңбегі айрықша аталады. Ұстаз-ғалымдығы, түрколог һәм акын-аудармашылығы да көрсетіледі [1].

Ұлт мақтанышы А. Байтұрсынұлы қазақ руханиятының дамуы мен кең өріс алуына сүбелі үлес қосты. Еске алсақ, Халық Ағарту Комиссары кезінде оқу-білім ісіне көп көңіл бөлді. Анығында, 1-2 басқыш мектебі үшін оқулық аудару, құрастыру мәселесін кең түрде қозғады. Орынборда өткен алқалы жиында бірқатар танымал тұлғаларға нақты тапсырма беріп, оның орындалуы мен жүзеге асуын жіті қадағалаған-ды. Осы тұста, Арифметика – Тұрғанбаевқа, Жаратылыстану – Омаров, Кемеңгеровке, Физика – Ғалымжановқа, Педагогика – Жұмабаевқа, Дидактика – Аймауытовқа жүктеледі. Нәтижесі белгілі, кейіннен бұл еңбектер жарық көріп, әр қырынан дамытылып, ұлт мектептерін оқулықпен қамту ісінде зор маңызы болды. Өрі оқу-ағарту ісінде мектеп пен мұғалімге көңіл бөліп, жас ұрпақ тәрбиесін негізгі назарға алды. Мектеп жүйесінде оқулық пен қосымша құралдардың маңызын кең түрде ашып, оның білімі-ғылыми қырларына, көркемдік-рухани мәніне, құрылымдық-мазмұндық сипатына ден қойды. Жас ұрпақ білімі мен тәрбиесі – қоғам дамуының көрінісі мен көрсеткіші екеніне мән берді.

Алаш мұратына жіті көз салсақ, А.Байтұрсынұлы мұрасы, оның ішінде көсемсөздері ерекше маңызға ие екендігі айқын аңғарылады. Атап айтқанда, «Қазақтың өкпесі», «Қазақтың бас ақыны», «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Қазақ һәм түрлі мәселелер», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» т.т. көсемсөздер тақырып әр алуандылығымен, қоғамдық һәм кезеңдік мәселелерді тап басып көрсетумен, ел-жер, адам еңбегі мен өмір тұрмыстарын сергек саралап, зерделі түйін-тұжырымдар жасауымен мәнді болып табылады. Қайсібір тақырып-мәселелерден елдік мұрат-мүддені көздеу, адам өмірі мен еңбегіне маңыз беру, білім-ғылым ісіне кең өріс ашу - Алаш ардақтысы, атақты түрколог, ұлт мақтанышы А.Байтұрсынұлының асыл мұраты, басты борыштарының бірі.

Қазақ руханиятын - А.Байтұрсынұлы қоғамдық, әлеуметтік һәм білім-ғылым ісіндегі ерен еңбектерімен жан-жақты байытты. М.Әуезовше айтсақ: «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран- «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын»[2].

Осы орайда, А.Байтұрсынұлының көсемсөздері, ондағы ұлттық мұраттарға, елдік мәселелерге арналған ерен еңбектері қазіргі кезеңде де ұнамды үрдістермен сабақтастық табатынын айту абзал. Айталық, «Қазақтың өкпесі» - ел-жер тарихы мен тағылымының терең де тәлімді сырларын алға тартады. Халықтық қадір-қасиетіміз еркін көрініс береді. Озат та озық дәстүр өнегелеріміз, тәлімді тәжірибелеріміз көпке үлгі етіледі. Сөйте тұра, қазақ жері, оны игеру мен иемдену мәні, білім-ғылым ісі, өнер мұраты т.с.с. меңгеру мен дамытуға келгенде тым сылбыр да салғырт әрі бейқамдық байқалады. Өзге еліктеу, ілгері ұмтылысы да баяу, салғырт-ақ. Көсемсөзде осыған мән беріледі. Оның мән-жайын былай білдіреді: «Біздің заманымыз - өткен заманның баласы, келер заманның атасы. Атадан алған мирасымыздың жайы мағлұм, балаға бұл қалыпта тұрып не мирас қалдырмақпыз, оны болжауға да артық әулиелік қажет емес. Көп жұртта да ғылым, өнер кем, бәрі қарайлас, тең заманда қазақ та қалт-құлт етіп, өз алдына хан болып жүрді. Хандары да, халқы да ғылым, өнерді керек қылмаған. Бірімен бірі жауласып, басқа берекелі жұмыс ойланбаған. Өзге жұрттар ілгері басқанда, қазақ кері басқан...

Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан. Бүгін тойғанына мәз болып, ертеңгісін ұмытқан қазақ бүгін жерін сатып, тойып, ертең тентіреп кетер еді. Жер жалдаған қазақ аз ба? Жерді жалдаудан тартынбағандар, сатудан да тартынбайды... беті жаманның айнаға өкпелеуі жөн бе? Ниеті жаманның аллаға өкпелеуі жөн бе? Талап жоқ, үміт мол бір халықпыз...

Ата жолдасы – надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтың кесепаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жаралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесепаты» [3, 138 - 140]. Бұл – ел-жер жайы, өмір шындығы, уақыт тынысы еді. Демек, «Қазақтың өкпесі» - халықтық қасиет, ұлттық дәстүр, елдік мұраттарды көздеумен қатар, қоғамда, өмір-тұрмыста кең етек алған – бейқамдық пен салғырттық сырларын кең көлемде ашады. Ел-жерге құрметтің төмендеуі, адамдар қарым-қатынасындағы салқындық, еңбекке, өнер-білімге көзқарастың талап деңгейінен тым алшақтығы сын-мін ретінде айтылады. Автор: «Талап жоқ, үміт мол бір халықпыз» дегенді алға тарту арқылы әрекет етуге, еңбек көрігін қыздыруға, өркениетті елдер қатарына қосылуға бағыт-бағдар береді. Білім-ғылым ісін ілгері дамытуға, өнер мұраттарына қызмет етуге мың сан мысал, деректер келтіреді. Келешек кілті, кемелділік кепілі – білім-ғылым мен өнер екендігі басым бағыттар арқылы жүйелі жеткізіледі. Бұдан шығатын түйін: А.Байтұрсынұлы ел-жер тарихы мен тағдырына, білім-ғылым ісі мен өнер тағлымдарына зор маңыз беріп, оны дамыту мен өркендетуге, қалтқысыз қызмет етуге айрықша әсер-ықпал жасайды. Ұлт пен ұрпақ қамына қамқор көңіл білдіреді. Ұлт мұраты мен оның басым бағыттарына, қымбат қазыналарына жіті назар аударады. Елдік мәселелер, ортақ мұраттар, өзекті жайттар алдыңғы кезекке шығады.

«Қазақтың бас ақыны» - Абай Құнанбаевтың өмірі мен өнегесіне, шығармашылық мұрасына арналады. Ақындық мұрат пен өнер тағлымдары кең көлемде сөз етіледі. Ұлттық сөз өнері – Абайдың ақындық мұрасымен, өмір-баяндық дереккөздерімен, отбасылық, өскен орта ерекшеліктерімен табиғи байланыста баяндалады. Автор алғашқы тұста: «1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін босаңсып отырарсың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең... не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын қасиетін қармай жазады...» десе (сонда, 140,141 беттер), одан кейінгі кезеңдерде – Михаэлис, Гросс сынды оқымыстылармен кездесуі, үлгі-ғибрат алуы нанымды баяндалады. Абайдың ақындық өнері, өлеңге құрметі мен құштарлығы, талабы мен талғамы-ұлттық сөз өнеріне сүйіспеншілігінен туындап жатады. Абай өлеңі мен өнердегі – сөздің ажары мен шырайы, ойдың шеберлігі айрықша айтылады. Абай өлеңдеріндегі өмірдің өрнекті тұстары, адам әлемінің ішкі-сыртқы жайттары, жаңалық-жетістіктері-ақындық өнердің үздік үлгісі ретінде кеңінен көрсетіледі. Өнер мұратына маңыз беріледі. Ол жайлы: «Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік аралықтағы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі шешендігі – Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз...

Абай, сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалпынша дұрыс айтуды сүйген» деп жазады (Сонда, 146 бет).

Ой түйінінде: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» дейді. Абайдың ақындық өнерін, ондағы өнегелі, өрнекті сөздерін көпке үлгі ету, кең көлемде насихаттау баршаның ісі екенін де назарға алады. Мұның бәрі-баршасы, сайып келгенде – Абайдың ақындық өнерін жан-жақты танып-білу, оқып-үйрену, үлгі-өнеге ету болып табылады. Автор Абай өнерін, шығармашылық мұрасын кең көлемде сөз ету, тағылымды тұстарын баяндау арқылы ондағы құнарлы ойға, көркемдік пен шеберлік сырларына қалың көптің назарын аудару. Сол арқылы ұлттың бас ақынының басым бағыттарын, сөз өнеріндегі орын-үлесі мен ерекшеліктерін жіті бақылап, сергек саралап, байыпты бағалайды. Абай әлемі бар қырынан айқара ашылып, ұлт мұраты мен ұрпақ қамы, елдің өзекті жайттары кеңінен көрініс береді.

Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық мұратты ұлықтаған, елдік мәселелерге еркін бойлаған тұсы – білім-ғылым ісінен көрінеді. Бұл бағыттағы бірқатар көсемсөздерінен («Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Білім жарысы хақында», «Оқыту жайынан», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» т.т.) оқу-ағарту ісінің алыс-жақын жерлердегі түрлі тәжірибелері, артық-кем тұстары, өзекті мәселелері тілге тиек етіледі. Мәселен, «Қазақша оқу жайынан» атты көсемсөзде оқу-ағарту ісінің бастау көздері, бала оқыту мен жас ұрпақ тәрбиесі, мектеп пен мұғалім мәртебесі, оқулық пен қосымша құрал, бағдарлама т.т. келелі мәселелер нақты жағдайларға байланысты сөз болады. Автор алғашқы тұста бала оқытуға қатысты бағдар беретін – бағдарлама (жосық) жайын қозғайды. Елдегі ауыр ахуал, оқу-білімге көзқарастың төмендігі – бағдарламадан тыс әліппенің тапшылығынан, өзге де пәндер(есеп, дін, жағрафия, тарих т.т.) жолға қойылмағандықтан, оқу ісінің қиын тұстары бары көпке жария үлгіге жеткізіледі. Алдымен бала оқытатын кітаптар тізбесі жасалу қажеттілігі көрсетіледі. Оқу-білім ісі, жас ұрпақ тәрбиесі – оқулық һәм оқу құралдары төңірегінде кең өріс алады. Мақсаты мен маңызы айқындалады. Бастысы, ұлт мұраты, елдік мүдде, руханият ісі басты орын алады.

Келесі назар аударарлық тұс – қайсы бір істі де білетін, келісті, шебер орындайтын адам туралы ойлар мен толғаныстар бүгінгі таңда да аса мәнді қалпында қалып отыр. Бала оқыту жайын айтқанда, мұғалім-адам жанын түсінетін, бала табиғатын танитын, көңіл сарайын ашатын ерекше тұлға болуын

назарға салады. Мұғалім мәртебесі мен тұлғалық сипаты айқындалады. Ұлт болашағы, мектептің жан-жүрегі – мұғалім мәртебесі айқындалады.

Оқу ісінің – орысша өтетіні, молдалар арқылы жүзеге асатыны да негізгі назарда тұрады. Алуандылық пен әр қилылықтың қыр-сыры ашылады. Ұлт тілін меңгеріп, оқып-білу арқылы орыс тілін үйрену керектігі де еске алынады. Мұның өзі көп тіл білудің мүмкіндігі мен қажеттілігін алға тартады. Бұл қазіргі кезеңде өмір шындығына айналып отыр.

Жас маман – мұғалімдерге үлкен үміт артады: «Жаңа жылдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, пікірлері жаңа. Ниеті жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тапқан-таянғанын жұртынан аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебін қолдарына алуға лайық адамдар әр жайдан хабардар: дүнияды не істеліп, не қалыпта тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол» десе (Сонда, 177 бет), кемшілікті тұсы – дыбысты жақсы білмей – жаңа оқыту тәсілін жүзеге асыру қиынның қиыны, одан соң дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдету ісінде берері мол екені нақты да дәйекті көрсетіледі. Нәтижесінде: «...мұғалім жақсы оқыта білген қазақ тіліндегі оқушыларды көбейтіп, оқу ісінің шапшаңырақ ілгері басуына күш берер еді» деді (Сонда, 178 бет).

Оқу-білімнің маңыз-мәні – «Оқу жайы» атты көсемсөзде әр бағытта байытылып, адам мен оның еңбегі арқылы кеңінен көрсетіледі. «Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» деп (Сонда, 178 бет) оның мысал-дерегі болмашыға бергені, келесі кезекте өзіне әлденеше есе зорайып, қымбатқа түсетінін, әр нәрсенің парқы-нарқы барын назарға алу арқылы оқу-білімнің маңызын ашады. Оқу һәм оқыту ісі, қазақша һәм орысша оқу жайы да кезеңдік көріністермен байланысты өріс алады. Ортақ кемшілік ретінде төмендегі жайлар еске алынады: «Қазақтың шаруасына бір жақтан надандығынан кемшілік келгенде, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік» (Сонда, 179 бет).

Біздіңше, бұл тұстардан да оқу-білім, өнер мұраты терең танылады. Оқу-біліммен ерте қаруланған, оны өмір-тұрмыста, еңбекте басты нысана ету – қоғамнан өз орнында адаспай тауып, басты мақсат жолында өрнекті ғұмыр кешуге алып келетін сара да даңғыл жолдардың бірі. Автордың әуелгі ұстанымынан – ұлттық мұрат, елдік мүдде жоғары көрінсе, оның өмірдегі көрінісі – білім-ғылым ісін жолға қою, өнер мұраттарына адалдық таныту, жас ұрпақ тәрбиесіне жауапты һәм сергек қарау екендігі сәт сайын сезіледі.

Білім-ғылым һәм өнердің танымдық-тағылымды тұстары – «Білім жарысы» көсемсөзінен көрініп, оның қалың көпке рухани әсері жан-жақты айқындалады. Автор білім бәсекесінің алыс-жақын елдердегі үлгі-өнегесін, адам мен оның өміріне, еңбегіне қатысты тұстарын кең көлемде ашады. Еуропалық үлгілерді, Нобель сыйлығының мәнін кеңінен ашып, сол арқылы адамзат дамуын, білім-ғылым өресін, өркениет ісін алға тартады. Автор осы және басқа да жайттарды, ұнамды-оңды көріністерді үлгі ету арқылы халықтық ерекшеліктерімізге де кең орын береді: «Бәйге тігу, жарыс істеу біздің қазақта да бар. Қазақта бай адамдар я қуаныш нәрсеге той істеп, ат шаптырады, я өлген адамына ас беріп, ат шаптырады. Байлығына қарай, адамдығына қарай ас пен тойдың үлкені де, кішісі де болады. Зорлығы бәйгеге тіккен малынан гөрі шақырған елдердің санынан, сойылған малынан байқалады» дейді (Сонда, 181 бет).

Бұдан басқа - ас, бәйге туралы ойлар ортаға салынады. Онда да байлық, ас та төк әрекеттер алдыға шығатыны ойға оралады. Автор алыс-жақын елдердегі білім жарысын, маңызды тұстарын назарда ұстап, оның ұлтқа қатысты жағына да тоқталады: «Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болуы керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы.

Білім жарысының басқадан артық бір жері мынау: бұған шығарған ақша далаға кетпей, көздеген мақсатқа тура тиеді. Егін салсаң, шықпай қалып, босқа шығындау ықтимал, білім бәйгесінен пайда болмаса, шығын болмайды. Пайдасы боларлық істі істемей, бәйгеге ешкім қол созбайды. Солай болған соң, бұған шығарған ақша босқа кетуге тіпті орын жоқ» (Сонда, 183 бет). Демек, білім жарысы – ұлттық мұратты, елдік салтты, дәстүрге адалдықты танытумен бірге, адамдық һәм азаматтық борышты, ақыл-парасатты, ғылым-өнерді қалың көпке бағыттау, қоғамды дамытуға, жақсы өмір-тұрмысқа барынша ашық сипатта ұмтылу, үлес қосу. Өмір мәні, мұраты да осы емес пе? Бүгінгі бағыт, негізгі нысана, ұстаным да осыған келіп саяды.

Автор Еуропа һәм қазақ байлары хақында да өрелі ойлар қозғайды. Ұлт, ру намысы төңірегінде де сөз етеді. Соның бәрінде де білім-ғылым ісін, өнер мұратын жоғары қояды. Білім жарысы – ақыл-парасаттың, іргелі ізденіс пен ерен еңбектің жеңісті, жетістігі тұстарымен өлшенетінін басты назарда ұстайды. Демек, білім жарысы – байлық пен жомарттық көрінісі емес, керісінше ұлтқа қызмет ететін, елдік мұрат-мүддені көздейтін, ең негізгісі – адам мен оның өмірін жеңілдететін, мәдени-рухани әсер беретін, кемел келешекке үміт-сенімін еселеп арттыратын көпке ортақ, баршаға маңызды, сауапты іс болу қажеттілігі байыпты баяндалады. Ендеше, білім жарысы арқылы да қоғам дамуына, өмір-тұрмысқа,

дәстүр өнегелерімізге әсер-ықпал етуге болатынын айқын аңғарамыз. Оқу-білім – ақыл-парасат өлшемі ғана емес, өркениетке бастар жол, кемел келешек кепілі. Кемел білім мен ғылым – болашақ мәні мен ісі.

Білім жарысының – қоғамдық мәні, рухани олжасы осы.

Бұдан басқа - «Оқыту жайынан» оқу-білім ісіндегі: байыпты бағдарлама, оқу құралы һәм мұғалім төңірегінен ой қозғайды. «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» дегенді де негізгі назарда ұстайды. Автор осы жайларға мән бере келіп: «Қазақ мектебінде оқу үш жылдық болуы қолайлы» дегенді де қолдайды. Оның бәрін белгілі тәртіп, жүйемен жүзеге асыру - әрбір адамнан, әсіресе мұғалім мәртебесімен байланыстырады.

Елдік мұратты қалыптастыру, халықтық қасиеттерді қадір тұту, жас ұрпақ тәрбиесіне ден қою – «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» сынды көсемсөздерде оң бағыт алады. Оқу-білім жүйесі, мектептің халыққа жақындығы, жас ұрпақ білімді – ана тілінде алу қажеттілігі уақыт талаптары тұрғысынан сөз етіледі. Бастауыш мектепте ұлт тілінде оқылатын – оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа кәсіп, жаралыс жайы айрықша атап көрсетіледі. Қыр мектебі мен қала мектебінің ортақ белгі һәм ерекшеліктері көрсетіледі.

«Мектеп керектері» - жас ұрпақты ана тілінде оқыту, мұғалім мәртебесін арттыру, оқу бағдарламасы мен құралдарды дайындау жайын кеңінен қозғайды. Мектеп мәселесінде – жас ұрпақты ана тілінде оқыту, кішкене кезден ой-санасына елдік-халықтық қасиеттерді сіңіру отанға, жерге, еңбекке сүйіспеншілігін қалыптастыру т.с.с. аса кәделі, игілікті істер қатарына жатады. Автор мектеп мәселесін көтеру негізінде оны оқу-ағарту орны ғана емес адамдық һәм азаматтық қасиеттердің қастерлі ордасы екеніне мән береді. Игілікті істер мен ізгілікті қадамдардың ортақ арнасы, ең негізгісі жас ұрпақтың елдік мүдде төңірегіндегі алғашқы ұғым-түсінігі қалыптасатын, жастық кезеңі мен достық сырларын, адамгершілік асыл мұраттарды еркін сіңіретін аяулы орта, ыстық ұя екендігі көрсетіледі. Мұның бәрінен, оқу-білім, өнер мұраттары айқын аңғарылып, қоғамның қымбат қазынасы – адам мен оның еңбегіне құрмет терең танылады. Адам – ардақты ат, қоғам байлығы, уақыт өлшемі екені де анық.

Бұдан, әрине: «Ойы оянып, санаға сана қосып, ел тағдыры жайлы ойланған да, Ахмет, ең алдымен, сол елдің өзімен тілдесуді, олардың жай-күйі жайлы көргендері мен ойларын ортаға салуды, болашақ жөніндегі ұғым-түсініктерін бөлісуді парыз санайды»[4, 108-109]. Оның үстіне, жинақтап айтқанда: «Ахмет Байтұрсынұвтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасық қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған» [5,29].

Алаш ардағы А. Байтұрсынұлыдан жеткен ақыл-нақыл һәм даналық мәйегінен де елдік мұрат-мүдде, адамдық борыш, қарыз-парыз ісі кең көлемде көрініс береді. Оқып көрелік: «Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек», «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін азғыруға тырысады», «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», «Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек», «Тілдің міндеті – ақылдың андауын андағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жараян», «Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы», «Сөздің ең ұлысы – тарих» т.с.с. өмір мәні, тағылымы мол. Абай айтқан: «Сезімпаз көңіл, Жылы жүрек» мәні де, «Қайран тіл. Қайран сөз» сипаты да адамдық борыш, қарыз-парыз ісімен байланыс-бірлікте, сабақтастықта өріс алады.

Бастысы, А. Байтұрсынұлы өзі айтып-жазғанындай – «Адамдық диханшысы» мәні мол, маңызы зор өзекті мәселе. Адамдық мұрат, асыл борыш, сыйластық сыры қазір де мәнді.

Алаш мұраты, өмірдегі қарыз-парыз да осында емес пе?

Адамнан ардақты, еңбектен құрметті не бар? Адам – қоғам байлығы, өмірдің мәні мен нәрі екендігіне басымдық беріледі. Адам бақыты мен мұраты да осында екені анық Өйткені: «Адам өз атын кісілікпен көтереді» (Ж. Баласағұн), «Адам өтеді, игі аты қалады» (М. Қашқари), «Жақсы аты қалған ер өлмейді», «Өз қадірің – өз байлығың» (С. Сарайи).

Сайып келгенде, ақын-ағартушы, түрколог-ғалым А.Байтұрсынұлы мұрасы, ұлт руханиятындағы орны, көсемсөздерінің басты ерекшеліктері:

- елдік мұрат-мүддеге негізделуімен қалың көптің ортақ мақсаттарына қызмет етеді;
- ел-жер мәселесі – ұлт күретамыры, қазақтың тірі я өлі болуымен байланыстырылады;
- адамдық мұрат – асыл борышты білуі – білімнің, адамшылық ісінің тұтқасы етіледі;
- адамға қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі екендігіне басымдық беріледі;
- ұлт руханиятының биік өлшемі – білім-ғылым ісі бар асылдан да жоғары тұрады;
- оқу-білім, мектеп ісі – жас ұрпақтың өсіп-өсеуінің, арман-аңсарларын жүзеге асыратын бірден-бір баспалдақ екендігі кең көлемде көрініс береді;
- адамдық һәм азаматтықтың оңды да ұнамды сипаттары – ақыл-парасат арқылы жүзеге асатын білім нұры мен ғылымның құндылық қырлары айқын аңғарылады;

- мектептің жүрегі, жас ұрпақтың тірегі – мұғалім мәртебесі, руханияттың қайнар көзі – кітап, оқулық хақындағы ойлар мен толғаныстардан жауапкершілік жүгі, жанашырлық белгісі, ұлттық мұратқа деген адамдықтың шынайы да шындық сырлары самаладай жарқырап, нұрлы да сәулелі сәттерін, мейірім шуағын молынан түсіреді. Жаңа кезең, уақыт бедері мен рухының әсер-ықпалы да терең танылады.

Алаш ардағы А.Байтұрсынұлы мұрасы, көсемсөздерінің елдік мүддені негіз еткен, көпке ортақ мақсаттар мен руханият ісіне табан тіреген тағылымды тұстары осыған келіп саяды.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. – Қазақ әдебиеті (Энциклопедиялық анықтамалық). – Алматы: «Аруна», 2005. -112-113 бет; Байтұрсынұлы А. – Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). – Алматы: «Қазақ университеті», 2006. – 215-248 беттер; Байтұрсынұлы А. – «Алаш» қозғалысы. – Алматы: 2008. - 55-58 беттер; Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: «Мектеп», 2009. -153-208 бет.
2. Әуезов М. Ахаңның 50 жылдық тойы. – М.Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағы, 2 том. – Алматы: 1998.
3. Байтұрсынұлы А. Маса. – Алматы: «Раритет», 2005. -138-140 беттер.
4. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: «Білім», 1995. - 108-109 беттер.
5. Нұрғали Р. Толғауы тоқсан қызыл тіл. – Алматы: «Үш қиян», 2009. -29 бет.

ӘОЖ 81'344 (574)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СИНГАРМОФОНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н.А.Садуақас,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Қазақ филологиясы кафедрасы
ҚР, Ақтөбе қаласы
sadu_ngd@mail.ru

Өткенге ой жіберіп, таразылайтын болсақ, XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген қазақ зиялыларының арасындағы шоқтығы биік тұлға деп Ахмет Байтұрсынұлының есімін бірінші кезекте ауызға аламыз. Шындығында да, ол қалдырған мұраны саралай келе ұлт ұстазы Ахмет айналыспаған саясаттың да, ғылымның да саласы жоқ екендігіне, оның соңында қалған мұрасы мен айтқан ойларының осы күні де өзінің өзектілігін жоймағандығына көз жеткіземіз. Табиғатынан ерекше дарын иесі Ахмет Байтұрсынұлының тілтаным саласындағы еңбектері қазақ тіл білімінің алғашқы ғылыми теориялық негізін қалауға ұйтқы болды.

Ахмет Байтұрсынұлының 1912 жылы шыққан «Оқу құралы» деп аталатын алғашқы оқулығы қазақ балаларының тұңғыш рет өз ана тілінде әріп танып, жазуға үйренуіне жол көрсетті. Бұл еңбек қазақтың ұлттық жазуын қалыптастырудағы алғашқы табысы болды. 1914 жылы шыққан «Тіл - құрал» еңбегі тіл заңдылығын үйрету құралы, яғни қазақ тілінің теориялық мәселелерін танытатын алғашқы еңбек болса, 1920 жылы тілді дұрыс қолдана білу тәртібін үйрететін «Тіл жұмсар» еңбегін, одан кейін тілді оқыту, сауат аштыру әдістемесі жөнінде «Баяншы», «Әліпби астары» деген т.б. оқулықтары бүгінгі таңда да халық игілігіне қызмет етіп келеді[1].

А.Байтұрсынұлы тіл тазалығы, тілді терең меңгеру, ұлттық тәрбие баланың алғашқыда өз ана тілінде сауат ашуына байланысты екендігін атап көрсетіп, «Тіл - құрал» еңбегінде: «Әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше, әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс», - деп жазды [1.13]. Ғалымның бұлай айтуына себеп, ана тіліміздің өзіне тән табиғи қалпын сақтап сөйлеуі әр адамның тілі бала жасынан қалыптасуына айрықша көңіл бөлуінде жатыр. Білім беру, оқыту үдерісі жазумен де тығыз байланысты, сондықтан ана тілі заңдылықтарын сақтау жазу ісінде де көрініс табуы тиіс, яғни тілдің фонологиялық заңдылықтары жазуменұштасып жатады. Осы фонологиялық заңдылықтарды терең танығанда ғана ана тіліміздің айтылымы мен жазылымы өз мәнінде қалыптастырып, қолданыс аясын кеңейтіп, белсенділігін дамыта түсеміз. А.Байтұрсынұлының рухани мұрасының тереңіне бойлап, оның теориялық маңызын түсінуде әліпби мен жазуға қатысты еңбектерінің де маңызы ерекше зор деп білеміз. Ғалым қазақ әліпбиін құрастырып, жазуын қалыптастыруда тіліміздің сингармофонологиялық негізіне арқа сүйеген еді. А.Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің сингармофонологиялық табиғаты туралы кеңірек білу үшін ғалым М. Жүсіпұлының зерттеулеріне назар аударамыз [2].

Жазу – адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, әлеуметтік өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу- өткен мен бүгінгі, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің де өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі адамзат мәдениеті тарихында алфавит пен жазудың маңызы ерекше, жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауына қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан алфавит пен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн деп білеміз. Осы орайда, қазақ жазуы тарихында алғашқы түрен салушы, қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы есімін құрметпен еске аламыз. Сол кезеңде, яғни ХІХ ғасырдың соңынан бастап, Ахмет Байтұрсынұлы еңбек еткен алғашқы кезеңде, қазақ халқының өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы қолданып келген араб жазуы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтыны, оның түркі тілдеріне жарамсыздығы мен кемшілік жақтары баспасөз беттерінде айтылып, қазақ жазуын жетілдіру керек деген мәселе көтеріле бастаған еді. Міне, осы көзқарастарды өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланған Н.И.Ильминский бастаған миссионерлер араб жазуының кемшіліктерін сынай отырып, қазақ жазуын бірден орыс графикасына көшіру идеясын уағыздай бастады [3.272]. Сол тұста Н.И.Ильминский бастаған миссионерлік топтар жазу мәселесін әлеуметтік саясат құралына айналдырып, халық тағдырын өз мақсаттарына қарай өзгертуді ойлаған еді. Осындай уағызға ерген кейбір қазақ оқығандары да қазақтың ескі жазба тілін «татаршина», «арабшина» деп жағымсыз қылып көрсетуге қосылып кетті [3.273]. Ал бұл көзқарастардың әлеуметтік саяси астарын терең түсіне білген А.Байтұрсынұлы «қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс... Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды», - деп жазды [1.609]. Ол тек өз көзқарасын білдіріп қана қоймай, 1910 жылдардан бастап араб жазуы таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алды. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы реформалаған қазақ графикасы дүниеге келіп, 1924 жылы Орынборда өткен қырғыз-қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайы оны ресми түрде қабылдады. Бұл әліпбиді халық «Байтұрсынұлы алфавиті», «Байтұрсынұлының төте жазуы» деп атаса, сол кездегі орыстың белгілі ғалымдары, профессорлар Е.Д.Поливанов пен Н.Ф.Яковлев өте жоғары бағалады. Н.Ф.Яковлев өз сөзінде жақсы алфавит бірнеше ғылыми талаптарға жауап бере алатын болуы керек. Ол талаптардың негізгілері мыналар: 1. Алфавитте әріптер саны тілдегі сөз мағынасын ауыстыра алатын дыбыстар /фонемалар/ санына тең болуы керек; 2. Алфавитте әріптер саны өте көп болмау керек; т.б. Осы негізгі екі қасиет қазақтың сингармониялық алфавитіне тән. Ал сингармониялық алфавит пен сингармониялық орфографияға қосымша таңба – дәйекшінің ендірілуі үлкен ғылыми жаңалық болды дейді [2.79]. Кезінде профессор Қ.Жұбанов та осы араб графикасына негізделген жазуға қарсы айтылып жүрген пікірлердің негізсіздігін айтып, осы жазудың авторы А.Байтұрсынұлының еңбегін жоғары бағалаған еді [4.581]. Е.Д.Поливанов бұл жазуды «Байтұрсынұвский алфавит» дей отырып, «...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» деп ғылыми тұрғыда жоғары бағалады [5.283]. Ғалым А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар, оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты дыбыстар екенін айтып: «бұл дыбыстардың ішінде «қ» хәм «ғ» ылғи жуан айтылады, «к», «г» хәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың хәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, ... онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын «қ» мен «ғ»-ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын «к», «г», «е» - лерді қосқанда, бәріне 43 белгі керек», - дейді [6.324]. А.Байтұрсынұлы қазақтың сингармониялық сөйлесімінің барлық қасиеттерін жазылым процесінде толық қамту үшін осы 43 түрлі дыбысты дәйекшіні қосқанда 25 белгімен жазу техникасын ойлап тапқан; Бір сингармофонеманың қызметін сөйлесім процесінде бірнеше дыбыстар атқарады. Олар біріне-бірі ұқсамауы да мүмкін. Осы сингармодыбыстарды сингармофонеманың позициялық сингармотүрлері дейді. А.Байтұрсынұлы осы фонологиялық принциптерді - қазақ тілінің дыбыс жүйесінің сингармофонемалық және сингармопозициялық классификациясын – жасады [2.47]. Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің бір жетістігі дауыстыларды таңбалауда қадим, жадид жазуынан бері қарай қолданылып келе жатқан халық санасындағы қалыптасып қалған араб тіліндегі аз дауыстылар таңбасын қазақ тілінің үндестік заңымен байланыстыра отырып әліпби құрауында жатыр [7.45]. Ал бұл жазудың нағыз ғылыми бағасын танытып, Байтұрсынұлының ұсынған жазуы мен әліпбиінің құдіреттілігі мен тылсым сырын ашып, оның жазуы әлемдік деңгейдегі ғылыми жаңалық болғанын еліміз егемендік алғаннан кейін қорғаған докторлық диссертациясында ғалым Махамбет Жүсіпұлы жан-жақты дәлелдеп бергені ғылыми қауымға белгілі жай [8]. Сонымен, А.Байтұрсынұлыты араб алфавитін тұңғыш реформалаушы және соған сәйкестендіріп, емле ережелерін құрастырушы, қазақ жазуы мен әліпбиінің тағдырын шешкен ғұлама ғалым деп білеміз. А.Байтұрсынұлы жасаған алфавиттің әлеуметтік лингвистикалық жетістігі қандай десек, ғалым М. Жүсіпұлы анықтап, ғылыми тұрғыда дәлелдеген төмендегі мәселелерді атап көрсету қажеттігі туындайды:

Ғалым қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар, оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты дыбыстар екенін айтып: «бұл дыбыстардың ішінде «қ» һәм «ғ» ылғи жуан айтылады, «к», «г» һәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, ... онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын «қ» мен «ғ» –ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын «к», «г», «е» - лерді қосқанда, бәріне 43 белгі керек», - дейді [6.324]. А.Байтұрсынұлы қазақтың сингармониялық сөйлесімінің барлық қасиеттерін жазылым процесінде толық қамту үшін осы 43 түрлі дыбысты дәйекшіні қосқанда 25 белгімен жазу техникасын ойлап тапқан; Бір сингармофонеманың қызметін сөйлесім процесінде бірнеше дыбыстар атқарады. Олар біріне-бірі ұқсамауы да мүмкін. Осы сингармодыбыстарды сингармофонеманың позициялық сингармотүрлері дейді. А.Байтұрсынұлы осы фонологиялық принциптерді - қазақ тілінің дыбыс жүйесінің сингармофонемалық және сингармопозициялық классификациясын – жасады [2.47]. Қазақ тілінде фонологиялық қызметті сингармонизм атқаратындығын, сондықтан тіліміздің табиғаты үндестік заңдылығымен астасып жатқанын, соған сай А.Байтұрсынұлының да ғылыми еңбектері сингармонизмге негізделгенін ғалым Ә.Жүнісбек өзінің зерттеулерінде ғылыми түрде дәлелдеген еді [9].

Ғалым өзінің құрастырған алфавитіне «х, һ» дыбыстарын енгізбеген. Себебі «һ» дыбысын одағай сөздерде ғана (аһ, уһілеу) кездеседі деп, «Бұл әріпті қазақ әліппесінен шығарғанда мұнымен жазылатын сөздер аз деп шығарып едік. Аз болғанмен тілде бар дыбыс болған соң, жоқтығы сезілетіні көрінеді», - дейді [2.88]; Ал «х» дыбысы араб, парсы сөздер арқылы еніп, қазақтың өз сөздері болып кеткен (адал – халал, арам – харам), сондықтан оны сақтау керек дейді [2.385]. Қазіргі жазуымызда «х» дыбысының фонемалық қасиеті жөнінде бірізділік болмауы себепті (хабар-қабар, қош-хош) жазуда қиындық келтіріп келеді. А.Байтұрсынұлы «х, һ, ц, ч, в, ф, щ» дыбыстарды қазақ тілінің сингармофонемалар құрамына ендірген, оларға арнайы таңба арналмаса да, қосымша әріптермен қалай жазу жолдарын көрсеткен [2.30]. Қазіргі кездің өзінде «и», «у» дыбыс-әріптерін жазуға қатысты пікірталастар болып жүрсе, ғалым өз кезінде «и, у» жарты дауысты деп көрсетіп, олардың қандай жағдайда ұзын, қандай жағдайда қысқа айтылатынын көрсетіп, осы әріптермен жазу емлесіне де ерекше назар аударды. Осы «у» мен «й» «қай жағынан тексергенде де дауысты деуге болмайтынын» кезінде Е.Омарұлы да өз еңбектерінде айтқан еді [10.72].

Ғалым М.Жүсіпұлы зерттеулерінде А.Байтұрсынұлы дыбыстың жіңішкелігін арнайы таңба – дәйекшімен белгілеп, дәйекші сөз құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстың, сонымен бірге, бүкіл сөздің толық жіңішке дыбысталуын таңбалағаны, сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарға тәуелді, яғни дауысты дыбыстардың жуан – жіңішкелігіне қарай дауыссыздардың да жуан-жіңішке болатындығын анықтаған; Сонымен бірге фонема статусына ие болған және фонема статусына ие болмаған дыбыстарды нақты ажыратқан, сөйтіп алфавиті мен орфографиясында жеке әріпшен тек сингармофонемаларды, яғни сөз мағынасын өзгертетін фонологиялық бірліктерді белгілеген [2. 49]. А.Байтұрсынұлы төмендегідей проблемалық сауалдарға жауап берген: 1/. Неге бір түрлі фонетикалық жағдайда дыбыстар әр түрлі дыбысталады /сыз –сіз/; 2/. Неге алфавитке сөйлесім процесінде қолданылатын дыбыстардың барлығын жеке әріптермен таңбалау мүмкін еместігі; 3/ Неге алфавиттегі әріп таңбасы әр дыбыстың емес, акустика – артикуляциялық жағынан ұқсас дыбыстар тобының, дыбыстық типтің, белгісі болатыны: Н – н- нь (тон- төн); 4/ бір бірімен акустика – артикуляциялық жағынан ұқсас әрі толық ұқсас емес дыбыстар тобы мен адамның ойлауындағы дыбыстардың психологиялық бейнесі арасындағы байланыста қарым қатынас бар ма? [2.63]. Осы сұрақтарға жауап іздеу, зерделеу барысында өзінің «төте жазуын» мінсіз құрастырып шыққан. Егер А.Байтұрсынұлы қазақ тілі сингармофонемасын жуан-жіңішке болып бөлінетін екі сингармовариациялардан тұрады деп анықтамаған жағдайда, өзінің сингармоалфавиті мен сингармоорфографиясын әлем ғалымдары жоғары бағаланғандай биік деңгейде жасай алмайтын еді [2.57]; А.Байтұрсынұлы позициялық принципті, фонеманың позициялық түрлері және фонема дыбыстар қоры ұғымдарын жалпы тіл білмі әлемінде бірінші болып зерттеп, анықтаған [2.59]; Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыс жүйесінде сингарможуан /қ, ғ/ және сингарможіңішке /к, г, е/ дыбыстарды ажыратып, оларға жеке таңба арнады. Яғни, түркі тіл әлемінде тұңғыш болып жуан-жіңішке сингармокорреляцияны анықтады, жұпталған сингармокорреляттік дыбыстар санын нақты белгілеген [2.23].

А.Байтұрсынұлының қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ерекше деп білеміз. Ол терминдерді қазақ тілінің ішкі мүмкіндігі арқылы жасау жағына ерекше көңіл бөлген (бастауыш, баяндауыш, басқарма, хабарлама, т.б.). А.Байтұрсынұлы басқа тілден енген сөздер тіліміздің табиғатына, айтылу сазына кері әсер ететінін, ана тіліміздегі сөзіміз шұбарланып, әуені бұзылатынын айтып, сондықтан басқа тілдің сөзін өз тіліміздің дыбыстық ерекшелігімен айту керектігін ескерткен еді. Мысалы: орыста «һ» дыбысы жоқ, сондықтан оны олар «г» дыбысымен айтатынын білеміз. Сондықтан өз тіліміздің табиғатына назар аударған жөн. Осы орайда ғалым. «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалды» деп тұжырым жасаған еді.

А.Байтұрсынұлы араб жазуынан безіп, латын графикасына көшудің бір артықшылығы, қажеттілігі болып тұрмағанын айтып, «латынға алмастырғанынан енетін пайда көп болса немесе латын әріпін алу машақаты, шығыны араб әріпін түзуден аз болып шығатын болса, латынмен болуды жөн дер едік. Ол

жоқ», - деп, бүкіл түркі халқына ортақ болған араб графикасы негізіндегі жазуды жақтайды [1.565]. Шындығында да, бір графикадан екіншісіне асығыс көшу салдары бірқатар қиындықтар келтіргені аян. Мысалы: түрік халқы алғашқы президенті Ататүрік кезінде араб жазуын тастап, латын графикасына көшті. Сол кезде қ,к дыбыстарын таңбалау үшін латынның бір «к» әрпі ғана алынған еді. Қазір бір ғасырға жуық уақыт өткен кездегі ұрпақ жуан «к» дыбысын да, жіңішке «к» дыбысын да, «к» таңбасы арқылы жіңішке айтатын болған. Сондай - ақ, «ә» дыбысын латынның«е» таңбасымен белгіленуі салдарынан «ә, е, ә»дыбыстары дұрыс оқылмайтын дәрежеге жеткен. Ал азербайжанда «ң» дыбысы болғанмен алфавитте таңбаланбауы да осындай кемшілікке жол берген. Өзбектердің «ң» дыбысын «нг» деп екі таңбамен белгілеуі салдарынан енді оны екі дыбыс етіп оқу қалыптасқан. Қазақ татарлары, қырғыздар мен түркімендер де «к-к, ғ-г» дыбыстарын жіңішке бір әріппен таңбалап жүр. Демек, қазақ жазуының негізін қалаған А.Байтұрсынұлы әліпбиінде мұндай кемшілікке жол берілмегенін қазіргі жазу мәдениетімізден де байқаймыз. А.Байтұрсынұлы сауатты жазуды бізге өсиет еткен. Алайда кейбір жағдайда сауатты жазу мәселесіне әлі де көңіл бөліне бермейтін тұстарды көріп, қынжылуға тура келеді. Мысалы, көшедегі жарнама, адамдардың аты- жөні, жер-су аттары т.б. енді-енді жөнге келіп жатыр. А.Байтұрсынұлы ана тіліне әлеуметтік лингвистикалық тұрғыда ерекше мән берген. Ол: «...һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу – сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуға тиіспіз», - деген еді [6.142]. Сондықтан ана тіліміздің сингармофонологиялық табиғатын, үндесім заңдылығын сақтау үшін бұл пікірдің маңызы зор екенін ескеру керек.Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынұлыдай дара тұлғаның өсиеті, сингармофонологиялық зерттеулері тіл жанашырларының алға ұстар бағдаршамы болуға тиіс. Тілімізді таза ұстаймыз десек, орфография мәселесінде А.Байтұрсынұлы ұстанған принциптерді басшылыққа алып, ана тіліміздің мүмкіндігін толық пайдаланып, өз тіліміздегі ғылым сөздерін қалыптастырып, сырттан кірген терминдерге балама тауып, немесе тіліміздің дыбыстық ерекшелігін ескеріп, өз тіліміздің үндесім заңдылығына сай жазуымыз қажет деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері.- Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. - 640 б.
2. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынұлы және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. - Алматы: Ғылым, 1998. - 216 б.
3. Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні.Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы: Ғылым, 1999.- 268- 281 б.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.-Алматы: Ғылым,1999.-581 б
5. Мәжітаева Ш. Қазақ (араб) жазуының тарихы хақында // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы: Ғылым, 1999. - 281-288 б.
6. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы.- Алматы:Ана тілі, 1992. -448 б.
7. Әліпби. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Арда+7», 2020. - 368 б.
8. Джусупов М. Сингармонический звуковой строй в сопоставлении с несингармоническим (на материале казахского и русского языков) АДД. - Алматы, 1992.-38 с.
- 9.Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке.- Алма-Ата: Наука, 1980.-78 с
10. Елдес Омарұлы шығармалары. I том.- Алматы: «Лұғат» қоғамдық қоры, 2018. - 300 б.

ӘОЖ 81'37 (574)

А. БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ СЕМАНТИКАСЫ ЗЕРТТЕЛУІ

Ғ.Қ.Хасанов

ф.ғ.д., доцент

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Hasan.gabit@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада А. Байтұрсынұлының қазақ семантикасын зерттеудегі рөлі қарастырылады. Семантиканың негізгі теориялық категориялары туралы айтқандары келтіреді. Қазақ семантикасы өз бастауын оның еңбектерінен алатыны негізделеді.

Тірек сөздер: семантика, ұғым, мағына, сөз, зат.

Аннотация. В статье рассматривается роль А. Байтұрсынұлы в исследовании казахской семантики. Приводятся его высказывания об основных теоретических категориях семантики. Обосновывается что с его трудов берет свое начало казахская семантика.

Ключевые слова: семантика, понятия, значение, слова, предмет.

Annotation. The article discusses the role of A. Baitursynov in the study of Kazakh semantics. His statement about the main theoretical categories of semantics is given. It is substantiated that Kazakh semantics originates from his works.

Keywords: Semantics, concepts, meaning, words, subject.

Неміс зерттеушісі К. Рейзиг 1839 жылы шыққан латын тіл білімі бойынша лекцияларында семасиология атты жеке пәнді сөз мағынасының өзгеру заңдылықтарын зерттеу үшін енгізеді. К. Рейзиг грек тіліндегі «*semasia*» «мағына» және «*semaino*» «білдіру» деген сөздерден семасиология терминін, яғни «мағына туралы ғылым» дегенді білдіретін сөзді ғылыми айналымға қосады. Ал 1883 жылы француз тілшісі М. Бреаль семантика сөзін «мағыналар туралы ғылым» пәнінің жаңа атауы ретінде белгілеп, 1897 жылы шығарған «Мағыналар туралы ғылым. Семантика» деген атақты еңбегін осы атаумен атайды, яғни еңбектің французша аты «*Essai de semantique. Science des significations*».

Қазақ тіл білімінде осы ғылымның басты сұрақтары алғаш А. Байтұрсынұлы еңбектерінде сөз болады. Негізінен, қазақ тіл білімінде сөз мағынасы мәселелері А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанұлының еркін және дәстүрлі, ұлттық болмыстан тұратын ой-пікірлерінен бастау алады. Содан соң, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Р. Барлыбаев, М. Серғалиев, Б. Хасанұлы, Ә. Болғанбайұлы, Т. Сайрамбаев, Ғ. Қалиұлы, С. Исаев, Б. Сағындықұлы, А. Айғабылұлы, Х. Нұрмұқанов, Ф. Оразбаева, Б. Шалабай, Г.Н. Смағұлова, А. Салқынбай, Б. Момынова, Ж. Жақыпов, А. Алдашева, З. Ерназарова, С. Бизақов, М. Атабаева т.б. еңбектерінде қарастырылғаны мәлім. Енді Ахаң оралсақ, оның «Оқу құралы» еңбегінде зат есімдер тезаурустық жүйемен сөздікке түсірілген. Ахаң Ы. Алтынсарин ізімен зат есімдерді мағына бойынша топтап, «малдар аты» тобында оларға тән қимылдарды лексикалық синтагматика заңдылығы бойынша береді. Мысалы, «*Түйе боздайды. Жылқы кісінейді. Сыйр мөңірейді. Қозы маңырайды. Ешкі маңырайды. Ит үреді. Мысық мияулайды*» [1, 44]. Бұдан байқайтынымыз Ахаңның семантиканың басты ұстанымдарын терең білуі.

А. Байтұрсынұлы еңбектерінде балалардың көзқарасына лайықты олардың қабылдау жүйесіне оңай, жадында сақталған зат есімдерді жаттығулардағы мысалдарда пайдалану тән, оның үстіне, зат есімдердің молынан қолданылуы ғалымның ұлтжандылық ерекшелігінде жатса керек. Мәселен, мал атауларының өзін әр түлікке байланысты ажыратып береді:

«Малдар аты: *түйе*, бура, атан, лөк, нар, қоспақ, інген, ... бота.

Жылқы: айғыр, ат, бие, бесті, дөнен, құнан, тай, құлын, ... бедеу.

Сыйр: бұқа, өгіз, құнан-өгіз, дөнен-өгіз, тайынша, ... торпақ.

Қой: қошқар, азбан, саулық, тұсақ, ісек, бойдақ, тоқты, ... қозы.

Ешкі: теке, серке, серкеш, туша, шыбыш, ылақ.

Шөп-шөлеңдер: қамыс, қоға, қурай, ала бота, қара сора, қаңбақ, шағыр, шілік, жоңышқа, бидайық, көде, селеу, тарлау, ... мүк т.б.» [1, 43-45 бб.]. Сонымен қатар, ол қазақ халқының материалды мәдениетіне қатысты зат есімдерді береді. Мысалы:

«Киімдер: ішік, тон, шекпен, тымақ, жалбағай, құлақшын, бөрік, тақия, жаулық, орамал, ... шұлғау.

Тамақтар-сусындар: тары, құймақ, бөртпе, құрт, ірімшік, жент, малта, томыртқа.

Үй саймандары: шаңырақ, уық, кереге, босаға, таяныш, маңдайша, сықырлауық, табалдырық, түндік, ... белдеу.

Ыдыс-аяқ: қазан, тегене, шара, аяқ, тостаған, шыны-аяқ, тас-табақ, құман, шәйнек, күбі, сапты-аяқ т.б.» А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі ғылыми ойлау жүйесі семантиканың заңдарына негізделген деп санаймыз. Қазақ тілінің теориялық сұрақтарын алғаш сөз еткен зерттеушілер қатарында Ахаң тұрары сөзсіз. Жалпы қазақ лингвистикасында, оның ішінде семасиологиясының негізін қалаушылардың бірі ретінде тұңғыш қазақ тіл маманы А. Байтұрсынұвты атаймыз. Мәселен, «Әдебиет таньгқышындағы» «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деген тарауында Ахаң сөз, ұғым, мағына табиғатын қарастырады. Сөзді жалаң лебізді, көрнекі лебізді деп бөліп, жалаң лебізді сөзді қара сөз, көрнекі лебізді сөзді дарынды сөз деп атайды. Ғалым былай дейді: «Қара сөзде айтылған нәрсе дүниеде нақ болған, сол күйде және бар нәрсе деп білу керек те, дарынды сөзде айтылған нәрсе дүниеде нақ сол күйде болып өтпегенмен, яки бар болып тұрмағанмен, дүниеде болатын және боларлық нәрсе деп, білу керек» [2, 210]. Бұндағы Ахаңның қара сөзі нақты сөзге, дарынды сөзі абстрактылы сөзге келеді, яғни нақты денотат пен идеалды денотаттың мағынасы бар сөздер. Зерттеуші ойлаудың екі түрін көрсетеді, яғни «ойлау екі түрлі сипатты болады. Ол сипаттардың біреулері бойына біткен сипат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған сипаттары болады. Мәселен, нәрсенің бірін жылы, бірін суық, бірін тегіс, бірін бұдырмақ, бірін қатты, бірін жұмсақ дейміз. Бұл сипаттар нәрсенің бойында бар сипаттар. Бұл сипаттаудың біреулері адамға ұнайтын болар да, біреулері ұнамайтын болар» [2, 209]. Ахаңның талаудың дұрыс деуге болады, тек қазіргі семасиологияда нәрсе – зат, предикат; сипат белгі, ұнау, ұнамау – жағымды, жағымсыз деген сөздермен беріледі. Сонымен бірге, ұғымды Ахаң сөзбен байланысты қарастырып, ұғымды екіге бөледі: «1. Ес ұғымы, яғни еске керек ұғым. 2. Іс ұғымы, яғни іске керек ұғым. Ес ұғымының арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, задын, сырын, сипатын, мұратын танимыз. Іс ұғымы арқасында табиғат ісін, күшін, нәрселерін қалай пайдаланатын жолын білеміз» [2, 211]. Жалпы алғанда, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі семасиологиясының пайда болуына қосқан үлесі бар және сол кездегі Ахаң

пікірлері өзінің дұрыстығымен осы күнмен үндесіп жатқандығын айтқымыз келеді. Осы кезде ең басты семантика сұрағы; тіл мен ойлау мәселесін зерттеу басты назарда болды. Жалпы лингвистикада тіл мен ойлау мәселесін француз ғалымдары Антуан Арно мен Клод Лансло сөз етіп, тілді логика категорияларымен сипаттаған соң, бұл бағыт «логицизм» деп аталды. Осыдан бастау алған логик, философ, тілшілердің көптеген пікірлерін жинақтап, талдаған А.А. Потебня (1835-1891) болатын. Н.Ф. Алиференко былай деп жазады: «А. Потебня өзін В. фон Гумбольдттің шәкірттері қатарына жатқызғанымен, одан әлдеқайда асып түсті: сөздің «ішкі формасын» нақтылады, сөз мағынасының алыс және жақын түрлері концепциясын жасады» [3, 13]. Бұлардан басқа, А.А. Потебня жаңа мағынаның тууы, бірінші, алдындағы ойға, яғни оның «ішкі формасына» және екінші, таңбалануына, яғни «сыртқы формаға» қатысты деп есептейді. Мағына бейне, түсініктің қатысуы арқылы жасалады, сонда «ішкі форма» тілге қажетті құбылыс болса, бейнелілік – түсінік туғызатын тілдің тұрақты сапасы. Бытыраған бейне туралы пайымдаулардың жиынтығы – ұғым құрайды. Тек ұғым ғана адамды қоршаған әлемге тәртіп орнатып, заңдылық идеясын енгізеді деген қорытынды жасайды. Ол былай дейді: «Тіл – әзір тұрған ойды білдіруші құрал емес, оны жасаушы» [4, 258]. А.А. Потебня мынадай бағытта басты ілімдерді дамытады:

- а) ұғымды қызмет түрі ретінде ұғыну;
- б) ұғым мен сөздің байланысы;
- в) объективті шындықты ұғымның бейнелеуі;
- г) ұғымның логикалық мүшеленуі;
- д) ұғым мен пайымдаудың өзара байланысы;
- е) ұғым – мәнді категория;
- ж) ұғымды топтастыру;

и) ұғымның өмір сүруінің тілдік формалары. Бұл ілімдермен қоса, А.А. Потебняның семантикаға енгізген мағынаның алыс және жақын түрлерін лексикалық семантиканың пайда болу негіздерінің бірі деп есептейміз. Бұның бәрі жалпы ұғымнан басталады. Ұғым да мағына жалпы болғандықтан, семантикада бұл мәселелер қашанда өзекті болды. А.Байтұрсынұлы ұғымды екіге бөледі: «Қара сөзден адам тек ұғым алады дедік. Ұғымның өзі керекті орнына қарай екі түрлі болады. Ес ұғымы, яғни еске керек ұғым; Іс ұғымы, яғни іске керек ұғым» [1, 396]. Міне, осы зерттеулердің нәтижесінде мағынаның тууы туралы екі доктрина қалыптасты. Біріншісі, шартты түрде «бейнелілік», ал екіншісі, «реляциялық» деп аталады. Бейнелену теориясы бойынша мағына – объектінің адам санасында бейнеленуі деп ұғынылады, ал реляциялық теория бойынша мағына – таңбаның затқа деген қатынасы деп ұғынылады. Бұл екі бағытқа ортақ қағида – мағына адамның бейнелілік қызметінің және заттарға қатынасының жемісі. Ал сана – ойдың мазмұны ретінде тілдік формалар да, тіл – саналардың көріну, өмір сүру ортасы, яғни тіл – екі жақты: түйсіктің формалды түрі (материалды жағы), мазмұнды түрі (идеалдық жағы). Семантикадағы бірінші сигналдық жүйені Ахаң дәл көрсетеді: «Адамның зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын, яки бар деп ұйғарылған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қарарға келгенде, адамда бір үлкен ұғым пайда болады. Сол ұлы ұғым жүйесі даналық деп аталады» [1, 396 б.]. Ахаңның көрсетуінше, семантиканың басты мәселесі заттар, ұғым, зейін, мағына, ойлау жүйесі. Осы ойдың дұрыстығын Н.Ф. Алиференко еңбегінен көреміз. Ол семантиканың мына категориялары басты дейді:

- а) референт – қоршаған ортадағы заттар;
- б) бейнелеу, ойлау, түйсік, таным – адам миының қызметімен байланысты категориялар;
- в) тіл мен сөйлеудің бірліктері – ойдың қалыптасу және білдіру құралдары құрайды», – дейді [3, 28]. Ойлау – білімді алу, қабылдау, жинақтау әрекеті, сол себепті тіл мен ойлау ерекшелігін ашу арқылы таным мен білім, сөз бен мағына бірлігі, ұғым мен сөз, пайымдау мен ой қорыту, қабылдау мен түсінік, тіл мен ой байланысын анықтауға болады. Ол үшін сөйлеу мен ойлау мәселесін, бұл процесс мүшелерін кең түрде, терең қарастыруға тура келеді. Ойлау мен сөйлеуге қатысты Н. Алиференко: «Сөйлеу мен ойлау категориялары мынадай тәртіп бойынша кезектесіп, орналасады:

- а) қоршаған шындықтың танылатын объектілері;
- б) таңбаланатын жекелеген заттар – референттер;
- в) таңбаланатын біртектес заттар – денотаттар;
- г) ойлау – ми қызметі арқылы танылатын объекті мен танушы субъекті арасындағы өзара қатынас процесі;

д) сана – адамда қоршаған шындықтың бейнеленуінің жоғары, ұғымдық формасы және адамның қоршаған шындыққа қатынасы; сананың құрылымдық бөліктері когнитивті ұғымдар және сезімдер, эмоциялар т.т.

е) таным – қоршаған шындықты ойлауда бейнелеу және жинақталған білімді қайта шығару», – деген пікір білдіреді [3, 29]. Семантикада таңба, сөз не символ немесе тілдің көріну, біліну формасы ой, ұғым арқылы заттар не құбылыстарды, жалпы алғанда референтті бейнелейді. Сөз не таңба, символ оймен тікелей байланыста болады. А. Байтұрсынұлы былай деп жазады: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің

міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар» [2, 343 б.]. И.М. Кобозева бұл туралы: «Тілдік мағына және ұғым – ойлау категориялары, басқаша айтқанда, менталды феномендер. Екеуі де – шындық дүниенің біздің санамыздағы бейнелері. Бірақ бейнелеудің әртүрлі түрлері. Егер ұғым – шындық дүниенің кейбір нысандары мен құбылыстарының қасиеттері мен белгілерінің санада толық бейнеленуі болса, онда тілдік мағына олардың ерекше, айыру белгілерін бейнелейді», – деп жазады [5, 47]. О.С. Ахманова ұғым мен мағынаның көлемдерінің сәйкес келмейтінін, ұғымның үш жағдайға байланысты:

а) таным жемісі ретінде жалпы болатынын;

б) идеалды құрылым ретінде ұғым сөзден тыс өмір сүретінін;

в) ұғым мазмұнының басқа ұғымдармен қатынасу барысында шыңдалатынын көрсетеді [6, 29]. Бұл жерде академик Н.Т. Сауранбаевтың ұғымға берген анықтамасы ойға келеді: «айналадағы заттың, құбылыстың әрекеттің нақ айнымас көшірмесі емес, адамның ойлау, білу әрекетімен модификацияланып сығымдалған түрі» [7, 6]. Сонымен, оймен не мәнмен лингвистикалық философия мен логикалық семантика айналысса, мағына – семантиканың еншісі. Мәселен, *мына сөздің мағынасы жаман* немесе *мына ойдың мағынасы жаман* дегенде екінші сөйлемдегі *мағына* сөзі ой сөзімен үйлеспей тұр (лексикалық синтагматика жоқ), егер, *мына ойдың мәні жаман* дегенде логикалық тұрғыдан дұрыс болады. Ә. Болғанбайұлы: «Ұғым – логикалық категория, ойлау процесінің нәтижесі, ал сөз – тілдік категория. Логикалық ұғымның тіл жүйесіне қатысы сөз арқылы іске асады. Ұғым дегеніміз – шындық өмірдегі зат, құбылыс, іс-әрекетке тән басты белгілердің адам санасында жинақталып, қорытылып берілген бейнесі», – деп бұл байланысты нақтылайды [8, 69]. Адамның ойлау қызметі мен танымдық қызметі тығыз байланыста өмір сүреді, яғни осы мәңгілік процесте зат, таным, ұғым, сөз, таңбалық жағдай бір-бірімен қатынасып, үлкен құрылым түзеді. Н.Алиференко бұны былай сипаттайды:

а) алдымен адамның таңбаланатын затпен реалды түрде өзара қатынасы жүреді;

б) осының негізінде адамның қызметі үшін заттың мағынасы анықталады;

в) танылатын нысан «танылған», «ұғынылғанға» айналып, нәтижесінде рефлекторлы қызмет механизмдері арқылы белгілі тілдік жағдайға енуі керек» [3, 22]. Әрине, бұның бәрі қисыннан келіп туады, оны Ахаң еңбектерінен байқаймыз. А. Байтұрсынұлы: «Тіл қисыны дегеніміз – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым, лебіз ғылымының мақсаты асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсету» [2, 348 б.].

Бұл ойлар тізбегі қазақ тіл білімінде Қ.Қ. Жұбанов еңбектерінен өз жалғасын тапқан болатын. Ол «Қазақ тілінің жоғарғы курсы» еңбегінде алғаш семантикадағы синтагматика мәселесін жазған болатын. Сөздердің өзара бір-бірімен мағыналы жағынан үйлесуін байқаған ол былай деп жазған еді: «Сөз белгілі тәртіппен тізіліп барып, хабар болады. Сөздер жеке-жеке жүреді, бірақ олар жекелік үшін жасалған емес, басқаға жанасым тауып, үйлесерлік болып жасалған. Өз басы атау болуға жаралған сөзді бүтін дейміз. Бүтін, әрине, бөлшек емес. Сөйте тұра, олар құрамды бөлшек болып барып материал болып, тұтас ой туғызатындықтан, жеке сөздерді үйлесім табушылар тобының бір бөлшегі дейміз. Бұл айтылған бүтіндік пен бөлшектілік бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды (семасиология мен лексика бір зат, бірақ ілім ол екеуін бір-бірінен айырып қарайды; лексика – сөздің денесі болса, семасиология – мағынасы). Синтагматика – латынша құрау, құрастыру дегенді білдіреді» [9, 99]. Бұл заңдылықты Ахаң қара сөз бен дарынды сөздің қолданылу заңдылығы деп қорытады. Ол былай деп жазады: «Қара сөз бен дарынды сөздің арасындағы даралық жұмсалатын орнына, қызметіне қарай былайша айрылады: дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қара сөзден адам тек ұғым алады» [2, 396 б.].

Қорыта айтқанда, қазақ тілі семантикасының мәселелері Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен бастап қарастырыла бастады. Қазақ тілі семантикасының мәселелерін терминдермен атамаса да Ахаң зерттеп, содан кейін Қ.Қ. Жұбанов зерттеулеріне жол ашты деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 2 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 3 Алиференко Н.Ф. Спорные проблемы семантики. – М.: Гнозис, 2005. – 326 с.
- 4 Потенба А.А. Эстетика и поэтика. – М.: Искусство, 1976. – 614 с.
- 5 Кобозева И.М. Лингвистическая семантика. – Москва: Комкнига, 2007. – 352 с.
- 6 Ахманова О.С. Очерки по общей и русской лексикологии. – М.: Учпедгиз, 1957. – 295 с.
- 7 Академик Н. Сауранбаевтың еңбектері // Шығармалары Т. 3. – Алматы, 2000. – 3-т. – 400 б.
- 8 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
- 9 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А.: Ғылым, 1999. – 581 б.

З.Ж.Мүтиев

М.Өтемісов атындағы БҚУ қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к. доцент
Орал, Қазақстан
zinulla_mutiev@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада әдебиеттанушы ғалым А.Байтұрсыновтың Абай, Мағжан ақындығын танудағы эстетикалық көзқарастарына барлау жүргізілген. Қазақ өлең сөзінің өзіндік ерекшелігі мен табиғаты туралы айтқан ой-тұжырымдары сараланып, талданған.

Тірек сөздер: әдебиеттану, ақын, жанр, толғау, лирика, көркем сөз, суреткерлік шеберлік.

Аннотация. В статье исследуются эстетические воззрения литературоведа А. Байтурсынова в изучении поэзии Абая и Магжана. Анализируются его взгляды на природу и особенности казахского стиха.

Ключевые слова: литературоведение, поэт, жанр, мысль, лирика, риторика, артистизм.

Annotation. The article examines the aesthetic views of the literary critic A. Baitursynov in the study of the poetry of Abai and Magzhan. His views on the nature and features of the Kazakh verse are analyzed.

Key words: literary criticism, poet, genre, thought, lyrics, rhetoric, artistry.

Қазақ өлеңінің ғылым тілінде тереңнен тексеріле зерттелуі А. Байтұрсынов есімімен тығыз байланысты. А. Байтұрсыновтың ғалымдық мұрасының ішінде көзге бірден түсер еңбегі – Абай ақындығына арналған «Қазақтың бас ақыны» (1913) атты зерттеуі [1, 216 б.].

Бұл еңбек Аханның әдебиеттанудағы алғашқы салихалы дүниесі саналады. Абай шығармашылығының бар бітім-болмысын өз деңгейінде танытуға А. Байтұрсынов үлкен дайындықпен келгенге ұқсайды. Ақын поэтикасын, эстетикалық талғамын, суреткерлік шеберлігін автор кәсіби маман қалпында жүйелі, нақты әрі ғылыми-әдеби үдеріс заңдылықтарына сай талдап көрсетеді.

А. Байтұрсынов Абай ақындығын тексеріп, анықтауға бұрын қазақ әдебиеттануында кездеспеген, болмаған (жазылмаған) жаңаша таным көзқарастармен келді. Бұл шағын дүниесінде Ахмет өлең сөзді түсінудің, оны талдаудың үлкен үлгі-мысалдарын көрсетті. Абайдың қазақтың Бас ақыны ретінде танылуы да Ахметтің осы зерттеу мақаласынан соң басталды. Абайтанудың алғашқы кірпішін қаласқандар сапынан өз орнын ойып алған А.Байтұрсыновтың ұлы ақын туралы тың тұжырым, соны таным, жаңа ұстаным, мәрт пікірлері сол кезең, сол дәуір үшін үлкен жаңалық еді. Өлең теориясы мен практикасын жетік білген А. Байтұрсыновтың Абай туындыларын ерекше бір көңіл-күймен шабытты талдап-таразылауынан-ақ ғалымның көркем сөз табиғатын, әдебиет әлемін бір кісідей білгенін әрі беріле, құлай сүйгенін аңғаруға болады.

Аханның «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деуіне қарағанда зерттеушінің қазақ топырағынан өсіп-өнген ақын атаулының басым денін автордың жетік білетіні аңғарылады. Абайды «Бас ақын» деп бөле-жаруының да мәні Ахметтің әдебиетті, оның тарихын, даму жағдайын терең білгенін танытса керек.

Абай ақындығын анықтауда А. Байтұрсынов өлең сөзді талдаудың қандай үлгісін көрсетті десек, ол төмендегіше ретті құрайды:

1) Өлең егесінің шығу тегі мен шығармашылық өмірбаянын анықтауға қол жеткізді;
2) «Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін» Абайдың оңды ұғынып, орыс әдебиетімен, мәдениетімен байланысын анықтауға қол жеткізді және оны ғалым үш салаға (жанрға) бөліп тексереді:

а) Пушкин, Лермонтов, Некрасов сынды орыстың атақты ақындары барлығын, (поэзия);

ә) «Қарасөзді келістіріп жазғыш Толстой, Салтыков, Достоевский барлығын», (проза);

б) «Сөз сыншысы Белинский, Добролюбов, Писарев барлығын», (сын);

3) Абайдың орыс достары Михаэлис пен Гросс екеуінің ықпалымен әдеби білім толықтыру, игеру мүмкіндігіне ие болғанын А. Байтұрсынов атап көрсетеді;

4) Ахмет талғамында «сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек». Бұларға қоса «ойдың шеберлігі керек». «Абайда осы үшеуі де болған»;

5) Абайдың «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» деп басталатын өлеңін тұтас үлгілеу арқылы хакімнің сыншылық көзқарасын, эстетикалық талғамын айқындауға, «сөз тексергіш екендігін» білдіруге ниет етеді;

6) Абайдың қазақтың басқа ақындарынан білімі артық екенін дәлелдей отырып, оның өлеңге қойған өлшем-талаптарының қаттылығын, өлең жазудың ауыр амалдарын насихаттай сөз саптайды. Басқа ақындардың өлең жазудағы аз білімін «сөздің ажарымен толтыруға тырысқанын» тәптіштесе, Абай хақында «сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген», «хақиқатты хақиқат қалыбында жазған» деп бағалайды;

7) Ақын өлеңдерінің жетістік-шеберлік тұстарын нанымды, шанымды талдай отырып, жетімсіз жерін, кемшілік міні де болатынын өз ой-түйінінің таразысына салады: Абай міні ретінде «өлең бунақтары тексеріліп орнына қойылмағандықтан» деп көрсетеді де, «бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш буынды бунақтары мен төрт буынды бунақтары алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса, түзеледі» деп ой салады;

А. Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» мақаласы ұлт өлеңі мен ақындық өнердің қыр-сырын тексерудің озық үлгісі боларлықтай және шынайы көзқарастан туындаған кәсіби біліктілікке ұмтылған болашақ үлкен әдебиеттанушының алғашқы ізденіс-талпынысының бір соқпағы болса керек.

Тіл мен әдебиеттің ғылыми мәселелерін жақсы біліп әрі жан-жақты игерген А. Байтұрсыновтың қазақ әдебиеті мен мәдениетіне тосын құбылыс, күтпеген рухани дүние боп еңген еңбегі – «Әдебиет танытқыш» (1926) кітабы. Тілтануға тыңнан түрен салған А. Байтұрсыновтың ұлт әдебиеттануында да биік белеске жеткенін осы «Әдебиет танытқыш» кітабы дәлелдеп, айғақтайды.

Лириканың ғана емес, мұқым көркем әдебиеттің, оның барша жанрының ғылыми тұжырымдамасын, негізгі зерттелу нысанының теориялық тәлімін жазып, сызып берген іргелі еңбек - «Әдебиет танытқыш» тек қана зерттеу ғана емес оқу құралы мен оқулық және хрестоматия қызметтерін қатар атқарған кесек туынды.

Еңбектің «Көрнек өнерінің тараулары» атты кіріспе бөлімінде автор өнердің түрін беске бөліп, әрбірінің анықтамасын беріп келеді де: «қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын – сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады» [2, 7 б.] деп жазу өнерін жоғары қоя келе: «Бұл өзге өнердің қолынан келмейді. Сөзбен қандай сымбаттау я кескіндеуге болатындығын көрсету үшін бірнеше мысал келтіріп қарайық» деп өлең құдіретін танытуға мысал ретінде Абай, Мағжан туындыларынан бірнеше үзінділер алып көрсетеді. Мәселен,

1. Абайдың әйелді сымбаттауы.
2. Абайдың күзгі күйді суреттеуі.
3. Мағжанның толқынды кескіндеуі
4. Абайдың ән мен күйді сөзбен сипаттап танытуы.

Ахаң пайымында сөз өнерінен үлкен өнер, ғылым жоқ. Сол себепті де өлең-сөз өнеріне ерекше мән бере, екпін түсіре әдіптейді.

Ғалымның әдеби-теориялық терминдерінің біразы өлең-сөздің мәселелеріне арналған. Ахаң кітабының «Сөз өнерінің ғылымы» аталған бірінші бөлімінде шығарма тілін екіге бөледі:

1. Ақын тілі
2. Әншейін тіл.

Ахаң «ақын тілін айырықша өң беріп айтылған сөз» деп аса көңіл бөліп ерекшелесе, ал әншейін тілге ондай өң берілмей, жай айтылған сөз деп қарайды. «Ақын тілімен сөйлегенде, сөзге айрықша өң берілгендіктен лебіз көрнекті болып шығады. Әншейін тілмен сөйлегенде сөзге өң берілмегендіктен, лебіз сида, жалаңаш боп шығады [2, 16 б.]»

А. Байтұрсыновтың өлеңге қатысты теориялық ой-тәлімдері мен анықтама-дәйектемелеріне келсек, ол лирика тегін «толғау» деп алып анықтама береді. Эпосты - «әуезе», драманы - «айтыс», лириканы - «толғау» деп атап, олардың әрқайсысына берген анықтама-түсініктерінде бүгінгі қолданыстағы теориялық топшылаулардан аса көп алыс кете қоймайды.

Қазақ әдебиеттануындағы Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, З.Ахметов, З.Қабдолов тексеріп, жүйелеген әдеби-теориялық ұғымдармен салыстыра қарасақ, А. Байтұрсынов терминдері психологиялық-философиялық таным тұрғысынан алғанда оқушы тұщынұына, қазақ ұғымына қолайлы көрінеді.

Лирика туралы шетел сөздігінде берілген анықтамаға үңілсек: «Лирика [гр. *lyrikos* лирический, поющий под звуки лиры, чувствительный] – один из трех основных родов художественной литературы (наряду с эпосом и драмой); отражает жизнь путем изображения разнообразных человеческих переживаний, ею вызванных; характерной особенностью лирики является стихотворная форма» [3, 405 б.] деп беріледі.

Ал Ахаңның анықтамасы да әлемдік ой-тұжырымдардан алыс кетпейді: «Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін-мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды» [2, 104 б.] дейді қазақ әдебиеттанушысы.

Әдебиет сыншысы Белинский «Поэзияны тегіне және түріне қарай бөлу» атты еңбегінде: «Лирика мылқау түйсікке тіл бітіріп, образ береді, оларды ыстық, тар кеуденің қысымынан көркем өмірдің тың әуесіне шығарып, өзгеше өмір береді... Субъектіні жұбатқан, ашуландырған, қуантқан, ренжіткен, рақаттандырған, қинаған, мазалаған нәрсенің бәрін де, бір сөзбен айтқанда, субъектінің рухани өмірінің мазмұны боларлық нәрсенің бәрін де, субъектіге бойлап, субъектіде пайда болғанның бәрін де лирика өзінің заңды әншісіндей қабыл алмақ» [4, 72 б.] деп, лирика табиғатын өзінше танытса, А. Байтұрсынов толғаудың қызметін: «Толғаушы ақын екінші ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халын түсіндіру мақсатпен толғайды. Толғау қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі, ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғау білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғау алуда» [2, 104 б.] деп тұжырымдайды.

Байқағанымыздай, Белинский мен Байтұрсынов пайымдарында біркелкілік, бір пікірлік танымдар бірін-бірі толықтырып, эстетикалық талғам-талаптары ұштасып жатыр.

Тағы бір әдеби терминдер сөздігінде лириканың өзіне тән болмысын: «Выраженное в лирике состояние характера приобретает приметы художественного образа, и мы говорим об образе – переживании как об индивидуализированной и типической картине духовного мира человека» [5, 175 б.] деп көрсетеді.

Ахаң болса: «Әр нәрсені саңлап, санамызға алған уақытта ол нәрселер турасындағы ұғымдарымызға көңіл кіріспей тұрмайды. Адам дүниедегі көрген-білген нәрселерін байқап, тек пікірлеп, тек саңылаулап қана қоймайды. Ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй жасалады. Адам көрген-білген нәрсенің я ісінің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады. Сөзіліп тұрған тысқарғы ғаламмен, сезіліп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түскен жерде жыртылып айырылғысыз болып бірігеді» [2, 104 б.] деп ерекшелейді.

Әрине, А. Байтұрсыновтың толғау хақындағы түсініктері қазақ ұғымына, қабылдауына ыңғайлы болғандықтан еуропалық үлгідегі стандартпен қиыса да бермеуі мүмкін. «Ақаңның әдеби қисындарына» назар аударған академик З. Қабдолов: «Әдебиет танытқыштың» ең басты бағалылығы - әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы» дей келе: «Бірақ «Әуезе» - эпостың, «Толғау» - лириканың, «Айтыс» - драманың бүгінгі теориялық деңгейдегі баламалары болады деу қиын» [6, 72 б.] деп атап көрсетеді. Демек, бүгінгі озық заманның меңдарында алғанда А.Байтұрсынов қисындарының өз дәуірінің өміршең құралдары ғана бола алғанын ескерген жөн сияқты.

А. Байтұрсынов өмірі мен шығармашылығын тереңнен тексерген ғалым Ө. Әбдиманов өз зерттеуінде Ахаңның толғау туралы тосын тұжырымына көңіл бөле келе: «Толғаудың лирикаға жақындығын тайға таңба басқандай етіп айқындап береді» [7, 221 б.] деп келісімге келеді.

Толғаудың еуропалық лирикаға, лириканың қазақша толғауға аса жақын боп келетінін, бірі-бірі алмастыра алатындай дәрежеге жеткенін анықтау мәселесі әлі күн тәртібінен түсе қойған жоқ. Өйткені, толғау термині қазақ өлең теориясында екінші бір жанрлық ерекшелікті сипаттап беретіндігін де естен шығармаған жөн.

Жазба әдебиетті «Жазу әдебиет» деп алған А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышында»: «дарынды сөз табына жататын сөздің түрлері мынау болмақ дейді де: «1. Әуезе яки әңгіме түрлі сөздер» деп олардың өзін тоғыз топқа бөледі. «2. Толғау тобына қарайтын сөздер» деп алады да: «Толғау түрлері толып жатыр, оның ішінде негізгі түрлері мыналар деп оларды төмендегідей алты топқа бөледі:

1. Сап толғауы. 2. Марқайыс. 3. Налыс (мұңайыс). 4. Намыстаныс. 5. Сұқтаныс. 6. Ойламалдау. Осылардың ішінен ойламалдаудың өзін Ахаң үшке бөліп тастайды: 1. Сөгіс толғауы яки даттау. 2. Күміс толғауы яки күлкілеу. 3. Масқаралау шығады. Ахаң енді осылардың арасынан күлкілеудің өзін үш түрге айырады: а) Мазак; ә) Мысқыл; б) Қулық. Қулықтың өзін Ахаң сықақ, әзіл деп екіге бөліп тастайды.

Толғауды табына қарай жоғарыдағыдай жіліктеп шыққан ғалым өз еңбегінің «Толғау түрлері» аталған бөлімінде толғаудың қандай болу керектігі жөніндегі шарттарын атап (ішкі шарты және тысқы шарты), нақтылап, әр қырынан алып сипаттама береді.

Ақаң толғау туралы тереңнен толғанып отырып аталған жанрдың өз дәрежесінде әдеби сипат таппауының бір себебін: «Бұрынғы қазақ ақындарының мақтау, құттықтау өлеңдерінің көбі қадірсіз болып кетуін шын көңілден, шын толғау болып шықпағандықтан» [2, 169 б.] деп түсіндіреді.

Эстетикалық талғамы өте жоғары әдебиеттанушы ғалым толғаудың атқарар қызметін дәріптеп-анықтауда сын есімді сөздерді (*әдемі, сұлу*) жиі қолданады. Мәселен, «толғау әдемі болып шығу үшін», «сұлу болып шығады», «көңілдің түрлі күйін әдемілеп айтып» т.б. тіркесті сөздер Ахаңның толғау туралы анықтамасының көркіне айналып, жанр табиғатын дамытуда эмоциялық басымдықты иеленген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. - Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.
3. Словарь иностранных слов. - Москва: Госиздат иностр. Инац. словарей, 1954. -856 с.
4. Белинский В.Г. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1987. - 352 б.
5. Словарь литературоведческих терминов. Москва: Просвещение, 1974. - 509 с.
6. Қабдолов З. Көзқарас. Алматы: Рауан, 1996. - 256 б.
7. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы. Алматы: Арда, 2007. - 296 б.

Б.С.Хайыржанова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Педагогика ғылымдарының кандидаты

Khairzhanova73@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлының ұлт тарихында алар орны, педагогикалық еңбектері талданады. Бар күш жігерін оқу ағарту ісіне, ел мәдениетін көтеруге ұмтылған ағартушылыққа және әдебиеттану, тілтану саласын ұлттық ерекшелік тұрғысынан зерттеген, халқымыздың ұлы перзенті жайлы ой қозғалады.

Аннотация. В данной статье анализируется место Ахмета Байтурсынова в истории нации, его педагогическая деятельность. Возникают мысли о великом сыне нашего народа, посвятившем все свои усилия образованию, просвещению и изучению литературы и языкознания в условиях национального самосознания.

Abstract. This article analyzes the role of Ahmet Baitursynov in the history of the nation, his pedagogical work. Thoughts are raised about the great son of our people, who devoted all his efforts to education, enlightenment and the study of literature and linguistics in terms of national identity.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының рухани дүниесін жаңғыртып, ұлттың тарихи санасын түлеткен дара да дана тұлға. Ол қазақ танымын әлемдік өркениеттің аса күрделі де шығалаң үрдісті жолына бастады. Ұыздай уылжып тұрған қазақ мәдениетін адамзаттың адуынды таным мектебінен өткізіп, бұғанасын бекітті, қанатын қатайтты. Шоқан, Абай ұлықтаған ұлттық сананы өркениет көрігінде суарды, замана заңғарына шығарды, шыңдады.

Өмірзақ Айтбайұлы өз еңбегінде ұлт ұстазы туралы «Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсыновтың орны сондай» деп бағасын береді. Халқым үшін қолымнан не келеді, не бере аламын деп шырылдаған Ахмет Байтұрсыновтың қазақ әдебиетінде ғана емес, ұлт тарихында алар орны ерекше.

Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан тұлға, өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспендікпен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған халқының қамын жеп, сауатын ашпақ болып, сары масадай ызындаған үлкен ақын, талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар тұлға тұтқан түрколог, қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері. Бұл айтып өткен лауазымдарының ішінде тоқталатын ақынның бір қыры – ұстаздығы.

Тумысынан зерек боп өскен ақын екі-сыныптық орыс-қазақ мектебін үздік бітіріп, одан әрі Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын қазақ (қырғыз) мектебін тәмамдаған ол алғашқы қадамын қазақ балаларының санасына сәуле құюдан бастайды. Ақын:

Адамдық диканшысы-қырға шықтым,

Көлі жоқ, көгалы жоқ, құрға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаптым, ектім,

Көңілін көтеруге құл халықтың,-

деген өлең жолдары арқылы өмірлік мұратын паш етіп, өз мақсаты бейқам жатқан халқын сауаттандырып, өнер-білімге, мәдениетке жетектеу екенін білдіреді.

А.Байтұрсыновтың ағартушылық-педагогикалық көзқарасының қалыптасып, ол жолды біржола ұстауына әсер еткен оқиғаның бірі 1913-1918 жылдар аралығында «Қазақ» газетінде қызмет атқаруы. Бұл қызметті атқару барысында А.Байтұрсынов қоғамдық және саяси-әлеуметтік жағдайларға белсене араласып, өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Оған ұлттық кітапхананың сирек кездесетін қолжазбалар қорында сақталған сол «Қазақ» газеті бетінде жарияланған мақалалары куә. Мәселен, А.Байтұрсынов осы газет бетінде 1913 жылы «5 мың десятина жер», «Жауап хат», «Қазақтың бас ақыны», «Алаш азаматтарына» (М.Дулатовпен бірге), 1914 жылы «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері», 1916 жылы «Қазаққа ашық хат», «Сібір депутаттарының мәжілісінде», «Қазақ жұртына» (Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірге), «Торғай һәм Ырғыз уезінің халқына» (М.Дулатов, Тұнғаншин, Кәдірбаевпен бірге), 1917 жылы «Шорай Ислам» (Ә.Бөкейхановпен бірге) және т.б. жазған мақалаларында отаршылдыққа қарсылық, халық санасын ояту, білімін көтеру, сауатсыздыққа күрес, ұлттық баспасөз ісін жандандыру мәселелерін көтерді.

«Ұлт ұстазы» аталып, қазақ қоғамы мен мәдениетінің ілгері дамуына орасан зор үлес қосқан ол 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық да, оқумен түзеледі...Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі»-деп жазып,

оқудың қоғамды өзгертуші күш екендігін, әділетсіздіктің көбі білімсіздіктен туындап отырғанын тап басып, дұрыс көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлы атқарған ұшан-теңіз руханият істерінің ең зоры – тұңғыш тілші-ғалым ретіндегі қазақ тіл білімін дамытуға қосқан үлесі. А.Байтұрсынұлының алған білімі, мамандық бағдары жағынан кәсіби тіл маманы емес болатын. Оны тіл біліміне алып келген оқу-ағарту ісін жолға қою, оқу-білім арқылы қазақ халқын отарлық езгіден құтқару мақсаты. Арнайы дайындықтан өтпегендігіне қарамастан, бойында туа біткен дарыны бар тілші-ғалым тума біліктілігінің арқасында туған тілінің табиғатын, оның құрылымдық категорияларын жете меңгерген-ді. Әрине, қазақ грамматикасының сыры мен қырын танудағы оның алғашқы сүйеніші орыс лингвистикалық мектебінің ілім-білімі болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ алғаш туыстығы жағынан ерекшеленетін түркі тілдерінің (оның ішінде қазақ тілінің) құрылымындағы орыс тілінен айрықшалайтын басты ерекшеліктерді тап басып тани алды.

Ахмет Байтұрсынов ең алдымен таза ғылыми принципті негізге ала отырып, қазақ жазуын қалыптастырудың алғышарты ретінде: 1) қазақ тілі дыбыстарына қажеті жоқ араб таңбаларын алфавиттен алып тастауды; 2) сөздің жіңішкелігін білдіретін: «дәйекші» деген белгіні енгізуді; 3) қазақ тіліндегі ы,е,и,о,ұ,ү дыбыстарының әрқайсысына жеке таңба белгіледі, қ,г дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздердің жіңішкелігін/ яғни қазіргі ә,і,ү дыбыстарымен айтылатындығын/білдіру үшін сөздің аяғынан дәйекше таңба қоюды ұсынды. Міне, осының бәрі қазақ тілінің алфавиті өз табиғатына орай түзіліп, тіліміздегі сингорманизм заңына лайықталып жасалуының нәтижесінде қазақтың төл жазуы қалыптасты.

А. Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту мен зерттеуде белгілі бір жүйелі мақсат ұстанған. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды мақсат тұтып, бұл жолда тұңғыш әліппе – «Оқу құралды» жазды, одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын, ана тілінің төл заңдылықтарын талдап, пән ретінде оқытып, үйретуді жолға қойды, кейін, үш бөлімнен тұратын «Тіл-құралды» дүниеге келтірді. Көрнекті ғалым Елдос Омаров «Ахмет Байтұрсынов өзінің оқу құралдары арқылы тамаша жаңалықтар ашты. Оның жаңалықтары Европа ғалымдары жазған қазақ тілі грамматикаларына қандай түзетулер, толықтырулар енгізілгенін бұл еңбектерді салыстыра қараған адам бірден көреді» деп пікір білдірген болатын. А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің ана тілімізде зерттелуіне даңғыл жол ашып, туған тіліміздің теориялық тұрғыдан тұғырлы тұжырымдалуының негізін қалаушы, өзінен кейінгілерге жөн-жоба көрсетуші ғұлама ғалым.

Көкен Мұқаметов өз естелігінде: «А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» оқуға жеңіл, тілі ұғымды, баланы қызықтырып, ынталандырып, баурап әкетеді... Жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер оқып, жаттап алатынбыз. Кітаптағы қызықты, қысқа әңгімелерді құлшынып, құныға оқитынбыз. Әр әңгіменің соңында «Тобықтай түйіні» - мақал болатын» деп ұстаз еңбегінің алғаш сауат ашып, жазу-сызуға дағдылануға зор көмегі болғанын жеткізеді.

«Тіл құрал» оқулығы – қазақ мәдениеті тарихында бұрын-сонды кездеспеген құбылыс. Мұның тосын дүние екенін А.Байтұрсынұлының өзі де мойындай келе, кітап кіріспесінде мынадай түсініктеме береді: «Тіл құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде жат көрінер, өйткені бұл қазақта бұрын болмаған жаңа зат.

«Тіл құралда» бірінші дағдыландырып, одан кейін сынау үшін тапсырмалар беріледі. Ғалым оның ұсынылу себебін былайша түсіндіреді: «Тіл құралымен» балаларды оқытқанда, хәм қағида я ережені оқытқаннан кейін, балалар әбден түсіну үшін сөйлем сөздерді, мақалаларды үлгіге алып, олардың ішінен қағида я ережеге келетін жерлерін балаларға таптыртып, басқалардан айырттып үйрету. Солай бірнеше ірет істеп көрсеткеннен кейін, балалар керек сөздерді өздері тауып, өздері айыруға дағдыланады. Сонан соң балалар дағдыланып, үйреніп болды ғой дегенде, нық біліп болған-болмағанын байқау керек, сынау керек. Бір қағида я ережені балалар әбден үйреніп, тиісті орнында жұмсай білгеннен кейін ғана келесі қағида я ережені үйрету». Яғни, ғалым еңбектерінде қазіргі таңдағы көптеген технологиялардың нышандары барлығын көруге болады.

Теоретик А.Байтұрсынұлының таза ғылыми зерттеулермен шектелмей, оның күнделікті сұранысты өтейтін оқулықтар жасау арқылы да пайда әкелуге мән беруі яғни сол ізденістердің нәтижелерін қолданыстан шықпайтын өміршең оқулықтар арқылы қалың бұқара игілігіне асыруы – білім беру саласындағы тамаша іскерліктің үлгісі.

«Ахмет Байтұрсынов-ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға», - деп Ә.Кекілбаев атап көрсеткендей, ғалымның артына қалдырған мұрасын расында ешкіммен салыстыруға болмайды. Жаңа жазу. Жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш грамматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминология мен әдістеме. Тілашарлар.Тіл танытқыштар. Тіл жұмсарлар. Ол ашқан «Қазақ» газеті мен қазақ мектептері, Қазақ мұғалімдер курсы, ол жасаған қазақ терминдер қоры, осылай санай берсек, ұлы ағартушының қазақ мәдениетіне, Қазақстан ғылымы мен оқу-ағарту ісіне қосқан іргелі үлесі ұшан теңіз.

А.Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттануының дамуына мұрындық болған іргелі ғылыми зерттеулерінің бірі - "Әдебиет танытқыш". Ғалымның «Әдебиет танытқыштағы» басты ойлары: «Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырымдар. Яғни «сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті»

деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғаны екені айтылады. Әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару сопереализмнің ойлап шығарғаны болып шықты: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету керек болды. А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі».

«Әдебиет танытқышта» белгілі әдебиет терминдерінің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданысқа енгізілген. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мысалы: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы» яғни әр тұжырымның ішкі заңдылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденді.

А.Байтұрсынұлының тіл білімі саласындағы еңбектерінің маңыздылығы мен мәні оның теориялық тереңдігінде емес, ұлттық тіл білімін зерттеу мен оқытуда көшбасшылық танытып, өзіндік ғылыми мектептер қалыптастырып, қазақ жазуын жетілдіруді жолға қоя білуінде.

А.Байтұрсынұлының еңбектерінен сыпайылық пен әдебиетті танытуға бейімделген жоғарғы этикалық деңгей есіп тұр. Талдаулар, жүйелеу тәсілдері осы ғылыми мақсатқа қызмет атқаруға бағындырылған. А.Байтұрсынұлы әдебиет теориясының терминдерін, талдау жүйелерін қазақша күмбірлете сөйлетіп, ғылыми тілдің деңгейін сол кезде көтеріп тастағанын біз бүгін мақтаныш ете аламыз. *Ол ұлтына, қазақ халқына қызмет етті. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл». Ахмет шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі.*

Ұлылыққа тән бар қасиетті бойына ұялатқан асыл арыс екі ғасыр тоғысындағы алмағайып заманда елінің елдігі, туған халқының теңдігі үшін отаршылдыққа қасқайып қарсы тұрған қажырлы қайратымен ұрпақ жадында мәңгі қалары сөзсіз. Ахмет Байтұрсынұлы – тек күрескер тұлға ғана емес, замананың алмағайып шақтарын көркемдік танымға арқау етіп, оны шынайы шыншылдықпен суреттеген, сөйтіп, сол арқылы ертеңгі ел тәуелсіздігіне үмітпен қарауға үндей білген, парасатты ойлары арқылы болашаққа жол сілтеген дара дарын, қарымды қалам иесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ОҒК «Ұлттың ұлы ұстазы» (Халқымыздың көрнекті қайреткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы арналады) - Алматы, 2001
2. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе - Алматы: «Арда», 2007.-296б.
3. Кәкішев С. Ахаң туралы ақиқат - Алматы: Қазақстан: Шапағат, 1992.-112б.
4. Айтбайұлы Ө. Тілғұмырлар - Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010.-180б.
5. Ісімақова А.С. Ахмет Байтұрсынұлы: "Жазған сөз жаным ашып Алашым" - Дәстүр, 2022



ӘОЖ 82-343

ЛИНГВОМИФОЛОГИЯЛЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ ГЕНДЕРЛІК
КӨРІНІСІ

И.Бақтыбай

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының магистранты
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
e-mail: islam.baktybai98@gmail.com

Аңдатпа. Гендерлік концептілерді толық тануда лингвомифологиялық таным үлкен рөл атқарады. Мақалада лингвомифологиялық таным негіздері тілді тек ойды жай білдіруші құрал ғана емес, ойды құрастырушы, өз бойына сіңірген ұлттық рухты жеткізуші құбылыс ретінде тіл мен мифтаным мен миф, ойлау мен миф контекстінде қарастырылып, қазақ ертегілері деректерінің негізінде дәлелденеді. Көптеген халық ертегілері, оның ішінде қазақ ертегілері гендерлік концептілерге тұнып тұр. Бұл гендерлік концептілерден ертегілердің мифпен тікелей гендерлік мазмұны жағынан генетикалық байланысын байқауға болады.

Кілт сөздер: гендерлік концепт, лингвомифология, мифологиялық таным, ертегі, гендерлік лингвистика.

Аннотация. Большую роль в полном познании гендерных концептов играет лингвомифологическое познание. В статье рассматриваются основы лингвомифологического познания языка как не только средства выражения мысли, но и создателя мысли, носителя национального духа, в контексте языка, мифов, мышления и доказываются на основе данных казахских сказок. Многие народные сказки, в том числе и казахские, заложены в гендерные концепции. Из этих гендерных концептов можно проследить генетическую связь сказок с мифом непосредственно по гендерному содержанию.

Ключевые слова: гендерный концепт, лингвомифология, мифологическое познание, сказка, гендерная лингвистика.

Annotation. Linguo-mythological cognition plays an important role in the full cognition of gender concepts. The article examines the basics of linguo-mythological cognition of language as not only a means of expressing thought, but also the creator of thought, the bearer of the national spirit, in the context of language, myths and myths, thinking and myths and is proved on the basis of Kazakh fairy tales. Many folk tales, including Kazakh ones, are embedded in gender concepts. From these gender concepts, it is possible to trace the genetic connection of fairy tales with myth directly by gender content.

Keywords: gender concept, linguomythology, mythological cognition, fairy tale, gender linguistics.

Адамның адам болып қалыптасуымен біте қайнап келе жатқан тілдің төркінінде сан алуан мифтік дүниетаным қалыптасқандығы мәлім. Бұл жайлы Ю.М.Лотман өз еңбегінде тілдік құрылымның негізінде адамның дүниеге деген көзқарасы қалыптасатынын және ғаламның объективті бейнесі тілде әртүрлі бейнеде сақталғандығын атап көрсеткен [1, 58]. Академик Ә.Т.Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда атқаратын өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым- қатынас жасап, бір-бірін түсінуі үшін қажетті қызметі; екіншісі – көркем шығарма тіліне тән адам баласына образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі; үшіншісі – ғылыми терминмен айтқанда, кумулятивтік қызметі, сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті», – деп көрсетеді [2, 209].

Академик Ә.Қайдар атап көрсеткен тілдің кумулятивтік қызметі арқылы тілдің даму тарихында қалыптасып, мифтік мазмұнын сақтап келе жатқан тіл бірліктерін зерттеу тіл білімі саласында жаңа өрістер ашуға, ұлттық танымды айқындауға мүмкіндіктер береді. В. фон Гумбольдт бұл жайлы: «Тіл – сөйлеу арқылы ойды жеткізу үшін тұрақты қайталанып отыратын рухтың күші. Демек, әрбір ұлт өз тілінің шеңберімен қоршалған», – дейді [2, 200]. Лексикалық бірліктердің берер мағынасы тек жақсы жағына қарай дамудан тұрмайтыны белгілі. Ол өзінің эволюциялық даму барысында мағынаның кенеюі, тарылуы, ауысуы, күңгірттенуі немесе мүлде ұмыт болуы сияқты құбылыстарды бастан кешіреді.

Фольклор тілін зерттеу ХІХ ғасырда бастау алғанымен, нақты ол жайлы тұшымды тұжырымдарды А.А.Потебняның, В.Я. Пропптың еңбектерінен аңғарамыз.

А.А. Потебня тіл мен мифологияны сабақтастыра қарай отырып, тілдік құбылыстардың түпнегізінде мифтік сананың көрінісі мен образдардың трансформациясы жатыр, яғни мифтік таным лексикалық бірліктердің «ішкі формасында» деп есептейді [3,52]. Зерттеушінің пайымдауынша, мифтік танымда сөздердегі образ бен мағына әлі бөлінбеген заттың қасиеттері, одан бөлінгенде ғана мифтік образ тілдік метафораға айналады.

XX ғасырдың аяғында орыс тілші-ғалымдары ертегілер тілін зерттеуде лингвофольклористика терминін алғаш ұсынады. Лингвофольклористика терминіне А.Т.Хроленко өзінің 1974 жылы жарық көрген «Что такое лингвофольклористика» атты мақаласында алғаш түсінік берді. Ғалымның пайымдауы бойынша, «лингвофольклористика – фольклорлық мәтіндерді зерделейтін тіл білімінің саласы. Лингвофольклористердің назарында фольклор тілінің ерекшелігін, оның халық говорымен және жалпыхалықтық тілмен байланысын, ондағы грамматикалық категориялардың қызмет ету ерекшелігін, халықтық-поэтикалық тілдегі көркемдік тәсілдердің қалыптасуын, халықтық- поэтикалық лексиканың құрылуы мәселелерін, ауызша-поэтикалық сөздердің мағынасын ашу» болып табылады [4,36].

Осы жерде түркі мифологиясының тілдегі көрінісін зерттеуге арналған ғылыми еңбектер жайлы айтар болсақ, түркі мифологиясының лексикасы әртүрлі көзқараста қарастырылғандығын байқаймыз. Мысалы, Я.Чунгаев түрікмен және көне түркі тілдерінің тарихи қарым-қатынас кезіндегі венгер тілімен байланысының, сол сияқты тұңғыс-манжұр тілдерінің байланысын қарастырады [5, 84]. Ал Д.Г.Тимонина түркисмнің енесей тілдерімен қарым- қатынасын айқындайды [6, 28].

В.Я.Пропп, О.М.Фрейденберг және т.б. мифті баяндаушылық дәстүр ретінде зерттейді, оны әдеби шығармалардың көзі ретінде, мәңгілік сюжеттердің бастауы ретінде қарастырады. Мифтерді негізінде олар ерте замандағы халықтық туындылардағы тілдік көркемдегіш құралдардың, фольклорлық дәстүрлерді және оның поэтикасын зерттейдігін атаған [7,355].

Эпос, ертегі, аңыздар, тарихи әңгімелер арқылы мифологиялық кейіпкерлер түрлі халықтардың рухани мәдениетіне, әдебиетіне, сурет-мүсін өнеріне енді. Олар қазақтың ауыз әдебиетінде, эпостық жырларында да бар. Қоғамдық өмірдің алғашқы қауымдық формасының жойылуына байланысты қоғамдық сананың алғашқы түрі ретінде мифология да тарих сахнасынан кетті. Бірақ мифологиялық санада туған сұрақтар: дүниенің, адамның пайда болуы, әлеуметтік өмірдің себебі, адамның тууы мен өлімі т.б. жайындағы сұрақтар дүниеге көзқарастың түбірлі сұрақтары ретінде қалып қойды.

Мифологиялық шығармалар лексикасын зерттеу ұлттың көркемдік тілінің жетілу кезеңдерін бақылауға мүмкіндік береді. Тіл маманы А.М. Демирчизаде: «Әдеби тіл дерекнамаларының ішінде ауыз әдебиетінің ролін ерекше айқындап көрсеткен жөн. Ертегілерде, дастандарда, мақал-мәтелдерде көне тілдік құбылыстар сақталған. Тіл тарихын зерттеуде фольклор негізгі дереккөз болуы тиіс», – деп көрсетеді [8, 165]. Табиғат пен адамның өзара қатысындағы мифтік танымның көрінісі туралы Қ. Жұбанов: «Алғашқы әзірге адам қоғамы табиғатпен арпалысқан шағында түрлі табиғат күштерін өздеріне бағындырмақшы болған. Табиғатты өзіне бағындырудың алғашқы түрі турадан-тура балталап бұзып өзгерту, турадан-тура өңдеу болған болса, кейінірек олай туралай өзгерту емес, магия еңбегі арқылы табиғаттың жасырын күштерімен астарласып барып, соған дегенін жүргізуге, қазақша айтқанда, арбауға тырысады», – деген тұжырым жасайды [9, 78].

Миф зерттеушісі С.Қондыбай өзінің «Қазақ мифологиясына кіріспе» атты еңбегінде қазақ мифологиясы деген ұғымға: «Бүгінгі қазақ халқын жасауға қатысқан бірнеше мыңжылдық көшпелі ру-тайпалардың «орташа» алынған өздері, дүние-ғалам, өмір туралы түсініктерінің, ежелгі танымдарының бірыңғай жүйесі», – деп түсінік бере келіп, «мифологияның ауыз әдебиеті мұраларының – жырлар мен дастандардың, әртүрлі шежіре аңыздардың, ертегілердің, жұмбақ пен мақал-мәтелдің, фразеологизм мен діни эпсаналардың өн бойында және қазақ тілінің сөздік қорының қойнауында жасырынып жатқандығын» айтады.

Мифологиялық шығармалар тілі – халықтық көркем өнердің керемет түпнұсқалық үлгісі болып саналады. Мифологиялық шығармалар тілін зерделеудің бағалылығы халықтың сол кезеңдегі ойлау өрісінің, дүниетанымының, өзін қоршаған ортаны қабылдауының тілдік қабатта сақталуымен айқындалады. Ауыз әдебиетінің озық үлгісі – ертегілер ұрпақтан ұрпаққа ауызша тарайтындықтан, ертегілер тілінің табиғаты өңделу, сұрыпталу кезеңдерін бастан кешіріп отырады [10, 360].

Мифтік танымның көзі ғұлама ойшылдардың (философтардың тұжырым, ақыл мен сезім, даналық пен түсінік) санаткерлік түсінікке негізделген идеяларында жатыр. Таным ғылыми және ғылыми емес болып екіге бөлінеді мән бермей, таным мазмұнына бой алдырған секілді.

Балкенже Ақбердиева «Мифологиялық таным-түсініктерді сұрыптау және оны тілдік жағынан түсіндіру қазіргі кезеңде өте маңызды. Себебі тарихи - әлеуметтік тұрғыдан алғанда, тіл – мифологиялық дүниетанымының жинақталған бірден-бір көзі. Миф және тіл мәселесін тілдің пайда болуымен байланысты қарастыратын авторлардың бұл бағыттағы басты жетістігі – тілдің, оның құраушы элементі болып сөздің түп негізінде бейнелеу амалының жатқандығын, тап басып тануында деп білеміз. Сонымен, мифология – адамның өзін айнала қоршаған әлемге, бүкіл дүниеге деген қатынасы және оны танудың арханикалық формасы. Жоғарыда айтылған еңбектерде мифтің құрылымын анықтау, оның бір бүтін

ретіндегі функционалдық бөліктерін тексеру – миф феноменін жан жақты зерттеуде жаңа теориялық мүмкіндіктерге алып келді» [11,149] деп тұжырымдайды.

Ертегілер жайындағы ғылым жеке пән ретінде XIX-XX ғасырларда қалыптасты. Оның қалыптасуы нақты бір ғылыми мектеп өкілдерімен байланысты емес, бұл ғылым саласының пайда болуына түрлі ғылыми бағыт ғалымдары өз үлесін қосқан.

Тілтаным ғылымының қазіргі когнитивті-дискурстық парадигмасы аясында зерттеушілер фольклорлық мұра тілін қарастыруға ерекше мән беріп келеді. Ертегілердің лингвистикалық интерпретациясы оларды түсіндірудің тәсіліне айналғаны белгілі.

Өз кезегінде, ол ертегілер пайда болуы мен қабылдануы үдерісіндегі «ертегі – ақиқат шындық» антонимиясы жүзеге асуының бір нұсқасы болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда, белгілі бір ұлтқа тән келетін бірегей, «аялық», базалық, жалпы мәдени білімдерге негізделген ертегі шығармасы білім-тәрбие беретін, оқыту үлгісі ретінде қабылданады. Бұл ретте білім беру формасы ертегінің дискурстық сипаттамасы болатын болса, ал білімнің концептуалды мазмұны оның когнитивтік сипатымен айқындалады. Яғни ертегі дегеніміз – балалардың қоғамда өмір сүріп дамуына көмектесетін бір параллель әлем секілді және сол арқылы олар қоғамның толыққанды мүшелері бола алады.

Біздің зерттеуімізге арқау болған ертегілер халықтың өмір сүруінің тарихи және табиғи жағдайларын бейнелейтін ауызша халық шығармашылығының түрінің бірі болып табылады. Ертегілерде ежелгі адамдардың тұрмыс-тіршілігі мен болмысы түрлі аспектілерде суреттеледі. Олар халық даналылығының, халық дарынының, халық дүниетанымының синтезі болып саналады.

Ертегілер, әдетте ойдан шығарылған кейіпкерлер мен оқиғалар жайындағы ғажайып, фантастикалық күштердің қатысуымен баяндалатын халықтық-поэтикалық шығарма деп түсініледі. Ертегілер деп ауызша прозаның не бір түрлерін атайды, сол себепті де олардың жанрлық ерекшеліктерінің анықтамасында бірыңғай қалыптасқан тұрақтылық жоқ. Дегенмен, қазақ ертегілерін зерттеген бірқатар ғалымдарды атап кетуге болады: В.В.Радлов, Г.Потанин, И.Березин, А.Алекторов, П.Мелиоранский, Ш.Уәлиханов және т.б.

Академик В.В.Радлов: «Өзге туыстас елдерде қазақтың ерекшелігі – сөз орамына шебер, тамаша шешен», - деген қорытынды жасайды [12, 354]. Фольклоршы, этнограф Ә.А.Диваев: «Көпеев бүкіл дерлік қазақ даласын, Түркістан өлкесін аралап, көптеген адамдармен, суырып салма жыршылармен кездесті... Өзінің белгілі адамдармен әңгімелерін, олардың айтқандарын, маңызды нақылдарын, ұтымды өткір сөздерін өзінің дәптеріне, күнделігіне жазып отырады... Оның үстіне ол орыс, татар ғалымдары мен жазушыларының қазақ жайындағы жазбаларын зейін қоя зерттеді. Қазақтың әдебиеті мен тарихы жөнінде бағалы материалдар жинады», - деп М.Ж.Көпеевтің қазақ ертегілерін зерттеудегі рөлін атап өтеді [12, 360].

Осымен байланысты М.Әуезов: «Қазақ ертегісі көп. Сол ертегілердің ішінде ең ескіргенін алсақ, бұрынғы заманғы ескі нанымды білдіретін жалмауыздар араласқан ертегі мен кәсіптік ертегілері болады. Кәсіптік ертегіге көп кіретіні аңшылық. Өте ескі ертегілер-«Еділ-Жайық», 27 «Құламерген» сияқтылар болса, бұнда иен тау, елсіз жерлерді жапа-жалғыз мекен еткен баяғының батыр аңшылары әңгімеге кіреді», - деп көрсеткен [13, 501] және «...қазақ ертегілерін шартты түрде мынадай топтарға бөлеміз: а) қиял-ғажайып ертегілер; б) хайуанат жайындағы ертегілер; в) салт ертегілер; г) балаларға арналған ертегілер; д) аңыз ертегілер, күй аңызы», - деп жіктейді [13, 510]. Осы тұрғыдан алғанда, фольклортанушы Ә.Қоңыратбаев: «Қазақ ертегілерінің қай түрі болса да замана елегінен өтіп, халық санасына сіңіп кеткен сюжеттер. Онда бірқатар елдерге ортақ әрі төл сюжеттер болып жүрген мотив-образдар аз емес», - деп айта келіп, қазақ ертегілерін тақырыбына қарай: «мифтік ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер, тұрмыс салт ертегілері», - деп көрсетеді [14, 289]. Сонымен, фольклордың басқа түрлерінен ертегілердің айырмашылығы баяндаушы атып береді, ал тыңдаушылар оны, ең алдымен, поэтикалық, қиыл-елес шығармасы ретінде қабылдайды. Ертегілер осы жағынан ерекшеленеді.

К.Леви-Стросс өзінің «Структурная антропология» еңбегінде: «Ертегі – көнерген, ескірген миф болып табылады. Кезінде адамдар үшін жоғары деңгейдегі ақиқат және оған иланып сенген миф уақыт өте келе аталған әлеуметтік қызметін жоғалтқан. Адамдар мифке сенімін жоғалтқан кезде ол ертегіге трансформацияланған», - деп көрсетеді. Демек, ертегі мен мифтің генетикалық байланысы бар.

Ал, В.Я.Пропп керісінше ертегі мен мифтің генетикалық байланысы жоқ деп санайды. Е.Бете, В.Вундт, Д.Бринтон, О.Рэнд, Ф.Боас сынды батыс ғалымдарының көзқарастарын талдай келе В.Я.Пропп олардың миф, ертегі, аңыз, әфсана-хикаят секілді категорияларды бір-бірінен ажырата алмайтындығын атап көрсетеді. В.Я.Пропп мынадай тұжырымдарды ұстанады:

- 1) миф ертегіге қарағанда әлде қайда бұрынғы құрылым;
- 2) миф сакралды мағынаға ие, ал ертегі – көңіл-көтеретін дүние;
- 3) миф дегеніміз – ежелгі халықтардың әңгімелері және олар киелі қасиетке ие дүниелер [7, 335].

Жалпы, ертегілерде мифтегідей уақыт пен кеңістіктің нақтылығы айқын емес. Көптеген халық ертегілері, оның ішінде қазақ ертегілері де төмендегідей гендерлік тілдік құрылымдармен басталады, яғни ертегілер басталғанда көбіне ер адамдардың басымдығын жиі көрсетеді. Мысалы: «*Ерте, ерте, ертеде жомарт хан болыпты, Баяғы өткен заманда бір шал өмір сүріпті, Өткен уақытта Бонай батыр елі үшін жаугершілікке аттаныпты. Ертеде шал мен кемпірдің мұрагері дүниеге келіпті...*»

және т.б. Осындағы хан, шал, батыр, мұрагер концептілері гендерлік тұрғыдан тек ер адамға тән екенін және қай кезде де ер адамның басшы екенін көрсетеді [15, 249].

Қазақ ғалымдары С.А.Қасқабасов пен Е.Д.Тұрсынов та миф пен ертегінің өзара байланысы туралы сөз етеді. Соның ішінде гендерлік тұрғыда мысал ретінде қазақ ертегілерінің танымал кейіпкері *жалмауыз кемпірді* келтіріп, оның кей жағдайда басты кейіпкерге көмек көрсете алатынын, ал, негізінен ертегінің жағымсыз кейіпкері екенін атап көрсетеді. Жалпы *жалмауыз кемпір* кейіпкерінің шынайы образы тек әйел адамға тән. Авторлардың пайымдауынша, ертегідегі *жалмауыз кемпір* бейнесі мифтен алынған және миф бойынша ол о бастан Жерді тудырған түп негіз және адам баласының қамқоршысы болған. Ертегіде оның бейнесі толық өзгеріске ұшырап, адамның қас жауына айналған. Мысалы, «Еркем-Айдар» ертегісінде ол жауыз қарындасқа немесе әйелге айналып, дәу алып көмегімен ағасын немесе күйеуін құртып жоймақшы болады. Сонымен, мифологиялық кейіпкерлердің қызметтері ертегілер, көп жағдайда, әлеуметтік маңызы өзгеруіне байланысты қарама-қарсы сипатқа ие болады. Осыған байланысты ертегілер мен мифтердің гендерлік өзара қатыстылығы бар деп тұжырымдауға болады.

Ертегілер балалардың таныс болатын алғашқы мәдени мұрасы екенін ескере отырып, терен құрылымдар жас оқырмандардың түп санасына әсер ету арқылы белгілі бір ұлтқа тән қажетті ғалам бейнесін қалыптастыруға негіз болатын кодталған мәденитанымдық маркерлерден тұратындығын пайымдауы.

Мысалы, қазақ қиял-ғажайып «Күн астындағы Күнікей қыз» атты ертегісін қарастыратын болсақ, ең алдымен, оның элементарлық сюжеттерінен гендерлік ерекшеліктерді айқындап көрсету қажет:

- 1) отбасында немесе қоғамда жоғары не тең дәрежелі, құқықтық мәртебеге жету ниеті;
- 2) тұрмыс-тіршілік құралдарын немесе ыңғайлылық, жайлылық беруші нысандарды табу;
- 3) қалыңдық немесе күйеу жігіт іздеу.

Сонымен қатар қазақ халқы әрқашан да әйел адамды қадір тұтқан, қасиетке балаған. Соның ішінде қыз баласына үнемі төрін ұсынған. Өйткені қыз – кие, қыз – халқының шырайы, қыз – өріс, қыз – өмірдің бастауы, қыз – тіршіліктің тірегі деп, алақанында көтерген. Сондықтан да, қызын ұрып, ұрсып қуған мазмұнды фреймдері, шын мәнінде, қазақ ертегілеріне тән сценарийлерге жатпайтыны анық. Керісінше, қазақ ертегілерінде қызға күйеуді таңдап, небір шарттар мен сынақтар арқылы тапқан. Мысалы: «*Күн астындағы Күнікей қыз От тауының ар жағында тұратын бір ханның қызы екен. Ол ханның бір үлкен көк төбет иті бар екен. Сол ит күн астындағы Күнікей қызға келе жатқан адам болса, 70 соның дыбысын сезіп, жүз шақырым жерден, алдынан шығады екен. Қандай батыр, мықты адамдар болса да көк төбет ит барлығын да жалғыз өзі қиратып салады екен. Қызды іздеп барған адам сау қайтпайтын болған. Мұны білген көп адамдар көк төбеттен қорқып, қызға бара алмайды екен*».

Сонымен, қорыта келгенде көптеген халық ертегілері, оның ішінде қазақ ертегілері гендерлік концептілерге тұнып тұр. Бұл гендерлік концептілерден ертегілердің мифпен тікелей гендерлік мазмұны жағынан генетикалық байланысын байқауға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Лотман Ю.М. Миф имя - культура / Ю.М.Лотман, Б.А. Успенский. Избранные статьи в трех томах. Статьи по семиотике и типологии культуры. - Таллин: Александра, 1992. - 58-75 с.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы, 1991. – 209 б.
3. Потебня В.В. Язык женщин и мужчин: фонетическая дифференциация // Известия АН. Серия литературы и языка. Т.56. 1997. № 3. 52-62 с.
4. Хроленко А.Т. Что такое лингвофольклористика (статья) // Русская речь -1974.-№ 1.-С. 36-41.
5. Чунгаев Я. О связях туркменского и древнетюркского языков с венгерским. – Ашхабад: Ылым, 1985. – 84 с.
6. Тимонина Л. Г. Тюркские заимствования в енисейских языках в сравнительно-историческом освещении: Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. - Ростов-на-Дону, 1984. 28 с.
7. Пропп В.Я. Исторические корни «волшебной» сказки. М.: Лабиринт, 2000. 335 с.
8. Демирчизаде А.М. Современный азербайджанский язык: Баку, 1984. 165 с.
9. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: 1999. 75-78 б.
10. Ускенбаева Р. Көне мифологиялық шығармалардың лингвистикалық тұрғыда зерттелуі // «Профессор Ә. Құрышжанұлы және түркі дүниесі: Тіл. Тарих. Руханият» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. - Алматы, 2015.- 366-368 бб.
11. Ускенбаева Р. Т. Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде). Философия докторы (Ph.D) диссертация. Алматы. 2016. – 149 б.
12. Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий. Вып.2-3. Санкт - Петербург, 1889. 360 стр.
13. Әуезов М.О. Таңдамалы. Қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми еңбектер: монография, зерттеулер, мақалалар, сөздер, баяндамалар, хаттар. Бас.ред. Нысанбаев - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997. 512 б.
14. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. 286 б.
15. Ускенбаева Р., Бөлекбаева Н.И. Мифтік шығарма тілі мен қазіргі әдеби тілдегі өзара сабақтастық Ш.Уалиханов ат. Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. «Филология» сериясы. –Көкшетау, 2014, № 3-4, –249-253 бб.

С.Ж.Борашева

Жаңақала ауданы, Жаңақала мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші

Аңдатпа. Мақалада Алашорда зиялыларының бірегейі - Ахмет Байтұрсынұв көлеңкелі заманның жалғыз сәулесі, қазақ балаларын оқытуға күш салған, қазақ жазуының алғашқы реформаторы, арзан аброймен емес, ар-ожданмен "Қазақтың Ахаңы" деген мәртебелі атқа ие болған біртуар тұлға, тау тұлға екені айтылады.

Аннотация. В статье говорится, что Ахмет Байтұрсынұв, единственный интеллигент Алашорды, был единственным светом эпохи теней, первым реформатором казахской письменности, пытавшимся воспитывать казахских детей.

Annotation. The article says that AkhmetBaitursynov, the only intellectual of Alashorda, was the only light of the shadow age, the first reformer of Kazakh writing, who tried to educate Kazakh children.

Тар жол тайғақ кешу дәуірі... Отаршыл орыс империясының азапты таукіметін кешкен қазақ. Қара танымаған халық. Елдің келешегі үшін жарық күнге ұмтылған Алашорда зиялылары. Ахмет үні көлеңкелі заманның жалғыз сәулесі!

Иә, азапты әрі ауыр күндер... Ахмет қазақ балаларын оқытуға үлкен күш салды. Қазақ тілінің грамматикалық ережелерін қалыптастырып, төл әріптерімізді ойлап тапты. Егер Ахмет сол заманда қазақ тілінің ережелерін қалыптастырмағанда біздің өз сөйлеу тіліміз болмас еді. Сондықтан, Ахметті қазақ жазуының алғашқы реформаторы деп танимыз. Ахмет “Әдебиет танытқыш”, “Тіл құралы”, “Оқу құралы” атты төл еңбектерімен тіл тұтастығын сақтады, бірізді жүйе қалыптастырды.

“Бала бастауыш мектепте тек өз ана тілінде оқуы керек”, - деген Ахаңның ғибратты ойынан ұлтқа, тілге деген құрметті анық байқауға болады. Алайда, қазіргі білім жүйесі үш тілді талап етеді. Өз ана тілін толық үйрене алмаған бала, өз тіліне кесепат жасайды. Мүмкін, бұрынғылар айтатын шала қазақтар осылай көбейген болар. Мектепке жаңа қадам басқан жас бүлдіршін өз тілін толық үйреніп, өз тілінде сауатты жазып содан соң өзге тілді де үйренсе болады. Біз үш тілді бағдарламамен бала санасын уламау керекпіз.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тілінді құрметте,- деп Қадыр ақын айтпақшы құрмет пен сыйластық ең алдымен ана тілімізге басталу керек. Сонда ғана ұлт көктейді, тіл тапталмайды, абырой төгілмейді.

Ахаң өз дәуіріне реалистік сипат алып келген ақын. Ол ұлт тағдырын ойлады. Отаршыл орыс империясы Ахметтің бала оқытқанына қарсы болып, түрмеге қамады, айдауға жіберді. Алайда, ақын әрі қарай халық көзін ашуға ниеттеніп, газет шығарды. Бұл газет арқылы халықты оқуға, қара тануға, еңбек етуге шақырды. Сол замандағы “Қазақ” газеті халыққа жаңа көзқарас қалыптастыруға қызмет етті. Ал, төл дыбыстарымызды жасағанда оның оңай және тиімді болуына аса мән берді. Бұл төл дыбыстарымыз біздің тілімізді бізге ұқсас қырғыз, өзбек тілдерінен ерекшелеп, айшықтап тұрады. А.Байтұрсынұвты жазуы дамымаған ұлттың артта қалатынын, оның қоғамдағы қажеттілігін және адам өміріндегі маңызын өзінің шығарған оқулықтарында үнемі ескертіп отырады. Жазу дегеніміз – шын мәнінде, кез келген халықтың рухани деңгейі мен мәдени дамуын көрсететін негізгі құрал. Ғалым осы құралды ұлттық деңгейге көтеру жолында жан аямай еңбек етіп, тер төкті. Реформатор мұнымен қатар “Әдебиет танытқыш” атты еңбегі арқылы қазақ әдебиетіне тән терминдерге жүйелі анықтама берді, әрі айқын мысалдар арқылы дәлел келтірді. Ахмет еңбегі біз үшін бағалы болмақ. Ахаңның қай еңбегі болса да ауыз толтырып мақтауға лайықты. Себебі, ол жалған мақтау іздемеді, абыройдың артынан қумады. Ұлтарақтай ұлттағы ұрпақ келешегін бүгінгі дәуірден жүз елу жыл бұрын ойлай алды.

Ахмет Байтұрсынұвты бізді сауатты жазуға шақырды. Алайда, қынжыла мойындауға тиіспіз. Қазір сауатсыз жарнамалар мен орыс тілінен тікелей аударылған мән-мағынасыз жазбаларға жанарымыз жиі түсетін болды. Қазақ тілінде тікелей аудармасы жоқ сөздер орыс аудармасының құрбаны болып жүр. Біз өз тілімізді құрметтей алу керекпіз. Сауаттылық деңгейімізді көтермесек, тіл деңгейін түсіреріміз анық.

Арзан абыроймен емес, ар-ожданмен «Қазақтың Ахаңы» деген мәртебелі атқа ие болған біртуар тұлға кеңестік Қызыл империяның «солақай саясатының» кесірінен адам қолынан құрбан болғандығы бүгінгі ұрпаққа белгілі. Ахаңның есімі мен еңбектерін ұзақ уақыт бойы айтуға тыйым салып, «түмшалап» келгенімен, айтулы тұлға еңбегі халқы үшін мәңгілік өшпейтіндігін мойындатты. 1988 жылы 4 қарашада Ахмет ресми түрде ақталды. Содан бастап, тек қазақ қана емес, бүкіл түркі халықтарының «көсемі» болған Ахаңмен халық қайта қауышып, оның ұлты үшін еткен ерен еңбектері жас ұрпаққа ашық түрде насихаттала бастады, оның еңбектері мен зерттеулерінің тарихилығы мен маңыздылығы ғалымдар тарапынан нақты дәлелденді. Мойындауға тиіспіз. “Жала – бұлт, шындық – күн екен, заманы қайта туып, шындықтың

шұғыласы өз нұрын төкті. Ұлтын сүйген ұлтжанды Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы өз халқымен қайта табысты”,- деп Мұхтар Әуезов айтқандай, Ахмет қай заманда да халқы үшін тау тұлға!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ойсылбай А.Т. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері: Монография. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016.
2. Смайылов Б. Смағұлов Ж. А.Байтұрсынов – ұлттық әдеби-теориялық ұғымдардың негізін қалаушы. Қарағанды университетінің хабаршысы. Қарағанды: 2009.
3. Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы, әліппелер мен мақалалар жинағы. Алматы: Алаш, 2006ж.- 320 б.

ӘОЖ 81'27

КОНЦЕПТ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

Джулаева Г.М.

Филология факультетінің 2-курс магистранты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Gulimka_85@mail.ru

Аңдатпа: Тіл білімінің қазіргі даму кезеңінде когнитивтік лингвистика тіл біліміндегі ең озық және ең дамып келе жатқан бағыт екендігіне жан-жақты дәлелдер келтіріле отырып айтылады.

Тірек сөздер: когнитивтік тіл білімі, таным, концепт, әлемдік бейне.

Аннотация: Насовременном этапе развития языкознания говорят о том, что когнитивная лингвистика является наиболее передовым и развивающимся направлением в языкознании.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика, познание, понятие, образ мира.

Annotation: It is said that at the present stage of the development of linguistics, cognitive linguistics is the most advanced and developing direction in linguistics.

Keywords: cognitive linguistics, knowledge, concept, image of the world.

Қазіргі уақытта когнитивтік тіл білімін дамытудың алдында үш негізгі мәселе тұр: тіл білімі табиғатының мәні, тілді меңгеру процесі және оны қолдану. Танымдық тіл білімі аясында осы мәселелерден шығатын негізгі зерттеу бағыттары мынадай: а) білімнің түрлері мен типтерін, сонымен бірге белгілердің білім әлеміне ену механизмдерін, яғни интерпретация процесі қалай жүріп, ережелері қалай қалыптасатынын қарау; б) танымдық тілді реттейтін белгілер мен заңдылықтардың пайда болып, дамуының шарттары; в) танымдық тілде көрініс табатын тілдік белгілер мен мәдени бірліктердің ара қатынасы. Танымдық тіл білімі мәселелерінің өзегінде «таным – концептілеу – категориялау – қабылдау» процестері арасындағы ішкі тәуелділік пен қатынастарды анықтауға байланысты сұрақтар тұр [Кравченко, 1996]. Когнитивтік лингвистика аясында тілдік құбылыстар адам когнициясының призмасы арқылы қарастырылады, ал когницияның өзі әлемді қабылдаудың танымдық және психикалық процестерінің жиынтығынан, сонымен бірге осы процестердің нәтижелерінен құралады. Когниция – когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымы, ол білім мен ойлауды, олардың тіл арқылы жүзеге асырылуын қамтиды. Міне сондықтан да когниция мен когнитивизм тіл білімімен өте тығыз байланысты. Қазіргі уақытта когницияға адам рухын құраушы нәрселермен (ес, білім, сана, ойлау, елестету, шығармашылық, жоспар құру, толғану, логикалық шешім шығару, мәселелерді шешу, байланыстыру, қиялдау, арман) бірге, қабылдау, ойша бейнелер, еске алу, назар аудару және білу секілді процестер деенеді [Кубрякова, 2012]. Осылайша, когниция әр түрлі механизмдерден құралса, ол механизмдердің әрқайсысы негізгі танымдық қабілеттерді жүзеге асырады. Демек, таным – дүниені қабылдау, бақылау, жіктеу, ойлау, сөйлеу, елестету және басқа да психикалық процестердің жиынтығы деген сөз. Танымды адамның ақыл-ой, интеллектуалдық қабілеттерінің көрінісі ретінде, өзін және қоршаған әлемді сезіну және бағалау, әлемнің ерекше бейнесін жасау, яғни адамның саналы әрі мағыналы әрекеттеріне негіз болатын барлық қабілеттері ретінде түсіндіруге болады.

«Концепт» концептісінің құрылымы халықтың санасында, мәдениетінде және тілінде бір мезгілде орнап, бір тектілікті көрсетпейді және күрделі көп өлшемді құрылымға ие болады. Бір жағынан, «түсінік» құрылымына енетіннің бәрі соған қатысты болса; екінші жағынан, концептінің құрылымы оны мәдениеттің атрибуты мен бөлігі ететін нәрсені, яғни бастапқы формасын немесе этимологиясын, заманауи бағалауларды, ассоциациялар мен коннотацияларды қамтиды. Осы себепті авторлардың концепт құрылымының негізгі компоненттері туралы пікірлері әртүрлі. Ғалымдар концептінің қандай компоненттері бар деп санайтын қарастырайық.

Ю.С.Степанов концептінің құрылымын құрайтын үш компонент бар деп есептейді [Степанов, 1997]: 1. негізгі, өзекті белгісі, яғни күнделікті, жалпыға белгілі мәні; 2. қосымша «пассив» белгісі, бұл өзекті емес, «тарихи» белгі, яғни тілдің жекелеген өкілдеріне ғана белгілі мәні және мұндай белгі бірнеше болуы мүмкін; 3. ішкі формасы, мұны әдетте тіл өкілдері елей бермейді әрі ол сыртқы, сөз түрінде қалыптасуы мүмкін, мысалы оған тарихи және этимологиялық мәліметтер жатады. С.Г.Воркачев концептінің түсініктік (белгілік және дефинициялық), бейнелік (когнитивтік метафоралар) және мағыналық (концептінің тілдік лексика-грамматикалық жүйеден орнын анықтап беретін) құрылымы болады деген тұжырым жасайды [1. Воркачев, 2004]. Тілші ғалым В.И.Карасик болса концептінің құрылымынан бейнелік-перцептивтік «түсінік» компонентін (ақпараттық-фактілік компонент) және құрамдас бағалаушы (бағалау және өзін ұстау нормалары) бөлігін көреді [2. Карасик, 2004]. З.Д.Попова мен И.А.Стернин концептінің үш базалық элементіне ерекше бөліп көрсеткен, олар – сезімдік образ, ақпараттық мазмұн және интерпретациялық өріс [З.Д.Попова, И.А.Стернин]. Сезімдік образ екі бөліктен құралады – перцептивтік (қабылдау) және когнитивтік (метафоралық) образ. Перцептивтік образ негізгі сезімдерге – көру, есту, дәм, иіс, текстура, т.б. байланысты образдар енеді. Когнитивтік образ материалдық әлемге абстрактілік концептіні жіберіп, тілді тасымалдаушылардың санасына оның көрнекі бейнесін қалыптастырады да, ол бейнеге ойлаудың ерекше кодымен бекітілетін мазмұн береді. Концептінің түрлі когнитивтік белгілерін біріктіретін бірнеше аймақты бөліп көрсетуге болады: Бағалау аймағы – концептіге эстетикалық, эмоционалдық жалпы баға береді. Энциклопедиялық аймақ – концепт болып тұрған нәрсені зерттеу нәтижесінен алынған ақпаратты қамтиды, мәселен: су – екі түрлі газ атомдарынан тұратын қосылыс. Қолдану (утилитарлық) аймағы – концептіні күнделікті тұрмыстық жағдайға байланысты қабылдап-түсінуден туындаған танымдық белгілер жиынтығы: мәшине – артық шаруа, қымбат жөндеу, бірақ оның арқасында біраз жұмыс бітеді деген секілді тұжырымдар. Регулятивтік (реттеушілік) аймақ – концептіге қалай қатынас жасау керектігі туралы пікірлерді білдіреді: мысалы, тісті уақытында емдеу керек дегендей ойлар. Паремологиялық аймақтың не екенін мақал-мәтелдермен, қанатты сөздермен түсіндіруге болады, яғни концепт туралы нақты шешімдер мен елестету аймағы, мысалы: білімнің оңай жолмен келмейтінін, оны меңгеру үшін көп еңбектену қажеттігін «оқу инемен құдық қазғандай» деген сияқты тұрақты тіркеспен жеткізу. Осы жерде бұл аймаққа халықтың белгілі бір концепт туралы тарихи ақпараттары да енетінін айтып өту қажет. Сонымен қатар концептінің бұл элементі аз құрылымдалып, өз ішінде бір-біріне толық қарсы келетін белгілерді де қамти алады. В.А.Маслованың ойынша, концептінің құрылымдық шектері нақты емес, сондықтан оны практикалық зерттеулер кезінде фрейм, скрипт, сценарий, т.б. тәрізді айтарлықтай формалды модельдер қолданылуы мүмкін [В.А.Маслова, 2001].

Көріп отырғанымыздай, әр ғалым концептіні әртүрлі құрылымда көреді, нақтыланған ортақ шешім орнамаған. Алайда концептіге қатысты мынадай инвариантты элементтерді атап өтуге болады: олар – концептінің физикалық бейнесі, концептінің тікелей мағынасына байланысты ақпарат, концептіні қабылдаудың ұлттық-тарихи ерекшеліктеріне байланысты ақпарат және концептінің метафоралық құраушы бөлігі.

Жоғарыда айтылғандарды ескерсек, сөйлеу арқылы әлемнің тілдік бейнесі мен концептілік бейнесі қалыптасатынын көреміз.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі өзек түсінігі – концептілеу және категориялау. Осы екі маңызды процесс адамзат санасындағы білім жүйесінің (әлем бейнесі) концептілер мен категориялар ретінде қалыптасуымен өте тығыз байланысты. «Әлем бейнесі» деген түсінік жаңадан пайда болған жоқ, оны философия, психология, мәдениеттану, когнитология, лингвомәдениеттану, тіл білімі сияқты ғылым салалары көптеген жылдардан бері қолданып келеді. Танымдық тіл білімінде «концептосфера» түсінігі пайдаланылса, психологияда – «әлем бейнесі», лингвомәдениеттануда – «ұлттық әлем бейнесі» [Гачев, 1998], «әлем моделі» [Гуревич, 1995], т.б. түсініктер кең тараған. Бұл түсініктердің арасын ашып көрсету қажет, себебі «әлем бейнесі» деген терминді ғылымның әртүрлі салаларында түрліше түсіндіріліп, әр алуан қырынан қарастырылады. Жалпы айтқанда, әлем бейнесін ақиқатты интуициялық елестетулердің жүйесі ретінде көрсетуге болады. Ал концептосфера деп нақты бір тұлғаның, әлеуметтік немесе этникалық топтың санасындағы когнитивтік стереотиптердің жиынтығымен сипатталатын шындықты түсіну мен қабылдаудың ерекше тәсілі ретіндегі менталитетті көрсететін ойлар мен білімдердің сферасын және осы айтылғандардың ықпалымен туындаған ұғым-түсініктерді айтуға болады. Менталитет пен концептосфераны қоса алып қарасақ, олар әлемнің ұлттық танымдық және ұлттық концептілік бейнесін түзеді [3. Семейн, Тарасова, 2005]. Қазіргі тіл білімінде ғалымдар сөздің концептілену процесіне және оның жалпы халыққа кең тарауына танымал тұлғалардың әсерін зерттеу мәселесіне назар аударып отыр. Ұлттық тілдегі осы процеске «жай адам емес... өзіндік күрделі де қайшылықты ішкі әлемі бар, дүниедегі (материалдық, идеялық) зат, құбылыстарға өзіндік көзқарасы, қарым-қатынас межесі қалыптасқан,... өзі және жаратылыс атаулымен ерекше диалог орната білетін үлкен сана мен тіл иесі, шын мәніндегі Адам болу керек» [4. Нұрдәулетова, 2010]. Шынымен де, кез келген халықтың тіліне, ақын-жазушыларының шығармаларына қарасақ, олар қалыптастырып концептіге айналған әйтеуір бір сөз немесе тіркес табамыз. Тіліміздегі Абай, Шәкәрім, Ахмет айтқан сан алуан концептілер осыған дәлел. Дәл осы секілді әрбір халықтың классик ақын-жазушылары мен басқа да салада жүрген тұлғалары өз

тілінің дамуына, соның ішінде концептілену процесіне айтарлықтай үлесін қосқан. Осы жерде айта кететін тағы бір нәрсе бар: белгілі бір заманда өмір сүрген тілдік тұлғалардың концептілерін қазіргі жастар түсіне бермейді. Яғни шығарманы немесе концептінің беретін мағыналық сферасын көп оқып ізденетін адам ғана толық түсінеді. Сол секілді қазіргі ғылыми-технологиялық жаңалықтарға, гаджеттерге байланысты туындап жатқан сөз оралымдарын оларды көрмеген бұрынғы тұлғалар түсінбес еді.

Танымдық тілдегі айырмашылықтардың негізгі үш факторын немесе себебін атауға болады, олар – табиғат, мәдениет және таным.

Бірінші фактор – табиғат. Себебі ол – түрлі халықтардың өмір сүруіне талаптар қойып, тілдерінен әртүрлі көрініс алатын сыртқы шарт. Адам өзі көрген жануарларға, өсімдіктерге, жерлерге, сонымен қатар өзі сезінген табиғат жағдайларына атау береді. Табиғат жағдайлары адамның танымына, сол арқылы тіліне қабылдау талаптарын қояды. Бұл талап адамның түсті қабылдау сезімінде де орындалады. Бір түстің әр түрлі реңктерін білдіруде қоршаған орта нысандарының түстерін ажыратудың семантикалық белгілері немесе сол нысандардың атаулары қолданылады, демек нысан ассоциацияға айналады [Апресян, 1976]. Мысалы, қазақ халқы сары түске келгенде «бидай өнді», «алтын түстес», «шабдар», «күзгі жапырақтай», «сарғалдақтай» деген сөздер пайдаланылса, осылардың ішінен «алтын түстес» нұсқасын «әлем халықтарының бәрі дерлік қолданады» деп сеніммен айтуға болар. Себебі айтпаса да түсінікті. Тек табиғат қана өзі аясына алған адам баласының санасына әсер етіп, тіліне ықпал етеді, танымын ассоциациялар базасымен байытып, теңеулер, метафоралық, ауыспалы мағыналар қалыптастырады.

Екінші фактор – мәдениет. Материалдық және рухани қызметтің нәтижелері, әртүрлі ұрпақ буындары мен әлеуметтік топтар ерекшелігін әлеуметтік-тарихи, эстетикалық, адамгершіліктік және басқа да нормалар мен құндылықтар әлем туралы әртүрлі концептуалдық және лингвистикалық идеяларда бейнеленеді. Мәдениет саласының кез келген ерекшелігі тілде бекітіледі. Сондай-ақ тілдік ерекшеліктерді ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, фольклорлық және мифологиялық бейнелер, белгілер арқылы анықтауға болады.

Үшінші фактор – танымға келетін болсақ, ең алдымен әр адамның дүниені қабылдаудың рационалды, сезімдік және рухани тәсілдері арқылы ерекшеленетінін айту керек. Әртүрлі адамдар мен түрлі халықтарда дүниені тану тәсілдері бірдей емес. Әртүрлі халықтардың тілдік бейнелеу ерекшеліктері мен тілдік сана ерекшеліктерінде өз көрінісін табатын танымдық іс-әрекет нәтижелеріндегі айырмашылықтар осыған дәлел.

Бұл айтылып отырған мәселе қазақ лингвистикасы үшін енді дамып келе зерттеу бағыты болса да, бұған қатысты кейбір жекелеген сұрақтар Қ.Жұбанов, А.Байтұрсынов еңбектерінде сөз болады. Концептілер әр халықтың өмір салтына байланысты туындайды. Зерттеуші М.Т.Күштаева өз еңбегінде бір ғана тары шаруашылығына байланысты көптеген концептілер туралы кеңінен баяндаған [5. Күштаева, 2020].

Танымның тілдік айырмашылықтарға ықпалының маңызды көрсеткішін В.Гумбольдт «заттарды көрудің әртүрлі тәсілдері» деп атаған [6. Гумбольдт, 1984]. Белгілі бір не басқа жағдайды немесе нысанды қабылдау субъектіге, оның негізгі біліміне, тәжірибесіне, күтулеріне, өзінің қай жерде орналасқанына және не көріп тұрғанына тікелей байланысты екенін ескеру қажет. Бұл өз кезегінде бір жағдайды әртүрлі көзқараспен, тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді, бұл оның түсінігін кеңейтетіні сөзсіз.

«Әлемді құру» процесі қаншалықты субъективті болғанына қарамастан, ол жағдайдың ең алуан түрлі объективті аспектілерін, әлемдегі істердің нақты жағдайын есепке алуды тікелей қамтиды; бұл процестің салдары «объективті дүниенің субъективті бейнесін» жасау болып табылады. Сонымен, тіл білімінің қазіргі даму кезеңінде дүниенің тілдік үлгілері гуманитарлық ғылымдар кешені аясында суреттеу мен түсіндіру объектісіне айналып отыр деп айтуға болады. Кез келген тіл әлемінің суреті белгілі бір халықтың фольклоры, мифологиясы, мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрпы, психологиясы тұрғысынан ғана емес, тіл білімі аясында да қарастырылады.

Қорытындылай келе, тілді зерттеудегі осы заманауи «танымдық бағыт өзін пәнаралық ғылым ретінде көрсете алады және философ, психолог, нейрофизик, мәдениеттанушы және т.б. секілді түрлі сала мамандарын өзінің зерттеу жұмыстарына тарта алады» деген шешім шығаруға болады. Тіл білімінің қазіргі даму кезеңінде когнитивтік лингвистика тіл біліміндегі ең озық және ең дамып келе жатқан бағыт болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Воркачев С.Г. Счастье как лингвокультурный концепт М.Гнозис, 2004. — 192 с.
2. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс / Волгоград. Гос. Пед. Ун-т; Н. -И. Лаб. "аксиол. Лингвистика". - Волгоград: Перемена, 2002. - 476 с.
3. Семейн Л.Ю., Тарасова И.А. Когнитивные аспекты лингвокультурологии. - Омск: Вариант-Омск, 2005. - 72 с.
4. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. Алматы, 2010. – 342 б.
5. Күштаева М.Т. Этномәдени концептінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны. Ақтөбе, 2020. 216 б.
6. Гумбольдт Вильгельм фон. Избранные труды по языкознанию. М.: Прогресс, 1984. — 400 с.

А.С.Елеуова

КеАҚ «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің» аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты
Қазақстан, Атырау қ.

Ai0801@mail.ru

Ж.А.Қуанышева

КеАҚ «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті»,
«7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ I курс магистранты
Қазақстан, Атырау қ.
kuanyshova.zhanargul@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада қазақ тіл білімі ғылымының негізін салушы, ұлы реформатор А.Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы, оның қазақ халқының тілдік мәдениетіне қосқан үлесі туралы баяндалады. Ұлттық мәдениет тарихында алфавит, емле мәселелерінің өз орны бар, себебі жазу - мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. А.Байтұрсынұлы қазақ жазуы мен әліпбиін, емле ұстанымы мен орфограммалау әдістерін саралаған алғашқы лингвистердің бірі. А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің өзге салаларындағы еңбегі бір төбе болса, әліпби, емле ережелері, жазу теориясына қатысты еңбектері бір төбе. Осы тұрғыдан ағартушы-ғалымның жазу теориясы, әліпби мәселелеріне қатысты көзқарастары мен тұжырымдарына талдау жасалады.

Кілт сөздер: графика, алфавит, араб жазуы, қазақ әліпбиі, дыбыс, әріп.

Аннотация: В статье рассказывается о языковом наследии основоположника казахского языкознания, великого реформатора А. Байтұрсынова, его вкладе в языковую культуру казахского народа. В истории национальной культуры вопросы алфавита и правописания имеют особое значение, ведь письменность является неотъемлемой частью культуры. А. Байтұрсынұлы был одним из первых лингвистов, проанализировавших казахскую письменность и алфавит, принципы правописания и приемы орфограммы. В этом контексте проводится анализ взглядов и выводов педагога-ученого А.Байтұрсынова на проблемы алфавита и теории письма

Ключевые слова: графика, алфавит, арабская письменность, казахский алфавит, звук, буква.

Abstract: The article tells about the linguistic heritage of the founder of Kazakh linguistics, the great reformer A. Baitursynov, his contribution to the linguistic culture of the Kazakh people. In the history of national culture, questions of the alphabet and spelling have their place, because writing is an integral part of culture. A. Baitursynov was one of the first linguists who analyzed the Kazakh script and alphabet, spelling principles and spelling techniques. In this context, the analysis of the views and conclusions of the teacher-scientist A. Baitursynov on the problems of the alphabet and theories of writing is carried out.

Key words: graphics, alphabet, Arabic script, Kazakh alphabet, sound, letter.

XX ғасыр басында бүкіл қазақ қоғамын алаңдатқан күрделі мәселе – жазу, әліпби мәселесі болды. Ұлттық мәдениет тарихында алфавит, емле мәселелерінің өз орны бар, себебі жазу - мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Басқа түркі халықтары сияқты қазақ халқы да 4-5 ғасыр бойы араб жазуын пайдаланды. Көпшілікке белгілі, қазақ жазуын (араб графикасы негізіндегі) басқа графикаға көшіру мәселесі XIX ғасырдың II жартысынан бастап көтерілген еді. Аталған кезеңдегі баспасөз беттерінде араб жазуының кемшілік жақтарын, оның түркі тілдеріне жарамсыз екенін айтып сынаған жарияланымдар көп кездеседі. Кейбір мақала авторлары араб жазуының қазақ тілі дыбыстық жүйесін толық бере алмайтындығын, бас әріптердің, тыныс белгілерінің жоқтығы оқуда қиындық туғызатынын көрсете отырып, қазақ жазуын жетілдіру керек немесе басқа алфавитке көшу керек деген пікір айтады.

Сөйтіп, XX ғасыр басында сан түрлі қоғамдық-саяси оқиғалардың қатарында оқыту жүйесін, жазу жүйесін реформалау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Ел өміріне елеулі өзгеріс әкелетін бұндай реформаларға қазақтың ұлтжанды зиялы тобының өкілдері де бейтарап қарап отыра алмады. Бұл тарихи кезеңде алфавит мәселесі А.Байтұрсынұлының және ол шығарған «Қазақ» газетінің қызметімен тікелей байланысты.

Ұлт ұстазы 1910 жылдардан бастап араб жазуы таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзу жұмыстарын қолға алады. А.Байтұрсынұлының араб алфавитін қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкестендіру мақсатын көздеген еңбектеріне «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде 1912-1919 жылдар аралығында жариялаған тіл, емле, әліпби мәселелеріне арналған мақалалары, құрастырған әліпшелері, оқу құралдары жатады.

Бұл кезеңде баспасөз беттерінде алфавит, емле жобаларын ұсынған қазақ зиялылары Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Жанталин т.б. мақалаларында да араб әліпбиін қазақ тіліне икемдеу,

бейімдеу мәселелері көтерілген. Дегенмен де А.Байтұрсынұлы араб әліпбиін тұңғыш реформалаушы, оған сәйкестендіріп, емле ережелерін құрастырушы деп есептеледі.

Оның ұсынған әліпбиін орыс ғалымдары «Байтұрсынов әліпбиі» деп атаса, ал Е.Д.Поливанов: «...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» - деп жоғары баға берген болатын. А.Байтұрсынұлы оны «қазақ жазуы» деп көрсетті, оның өзіндік себептері бар еді. Бұл әліпбидің негізі араб таңбалары болғанымен, ол «араб жазуы» деп атала алмайды, өйткені қазақтың жазба дүниесіне арналған бұл алфавит қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріліп, жаңаша түзілген, яғни, қазақ тілінде жоқ дыбыстардың таңбалары шығарылып тасталған, араб алфавитінде жоқ кейбір таңбалар қосылған, мүлде жаңа қазақ әліпбиі (алфавиті) болып шықты. Яғни, «Байтұрсынұлы жазуы» деп аталуы ғалымның осы әліпбиді түзуде, қазақ тіліне икемдеуде, оның дұрыстығын дәлелдеуде сіңірген еңбегіне берілген баға еді. Ал «қазақ жазуы» деп аталуынан оның ұлттық мәдениеттің көрсеткіші екендігін көреміз.

«Байтұрсынұлы жазуы» 1912 жылдардан бастап қолданыла бастады. А.Байтұрсынұлы өскелең ұрпақтың қазақша сауатын ашатын ұлттық жазу таңбасы керек деп түсінеді. Сол себепті, ол оқу жүйесін бір жүйеге келтіру үшін, балаларды оқытуда оңай болуы үшін олардың жас ерекшеліктеріне, ой-өрістерінің қалыптасуына қарай әліппе оқулығын жазуға кіріседі. «Әліп-би деген – тілдік негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы» [1,552]. Әліпби түзуде, ең бірінші, ондағы әріптердің жұмсалыу орны мен қолданылу ретін анықтаудың қажеттілігін көрсетеді. Сөйтіп, 1910 жылдан бастап араб жазуын тіліміздің дыбыстық нормаларына сәйкес ыңғайластырып, қайта түзуді қолға алады. 1913 жылғы «Қазақ» газетінің №35 санында жарық көрген «Жазу мәселесі» деген мақаласында дауысты дыбыстарды таңбалау жөнінде өз пікірін білдіріп, ұсыныстарын айтады [2]. Оны іске асыру үшін А.Байтұрсынұлы қазақша оқу құралы (1912) тұңғыш әліппені жазды. Мысалы, 1892 жылы Қазанда басылған «Букварь для киргизов» деген құралы жеті рет қайта басылып, 1925 жылға дейін қазақ мектептерінің негізгі оқу құралы ретінде пайдаланылып келген. 1926 жылы «Әліпбидің» жаңа түрін осы күнгі суреттермен берілген «Әліппе» кітабын жазды. 1912 жылдан бастап сауат ашудың дыбыс жүйелі әдісіне сәйкес жасалған алфавитке негізделіп алған «жаңа емлесі» іс жүзінде қолданыла бастайды. А.Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ жазуы тарихында «жаңа емле» (төте жазу) деп аталып, халықты сауаттандыру жолында ірі бетбұрыс болды. Ғалымның осы «жаңа емлесі» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ-орыс мектептерінде де қолданыла бастаған. Араб әріптері негізінде лайықталған қазақ графикасы 1924 жылы Орынборда Қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде ресми түрде талқыланып бекітілді.

А.Байтұрсынұлы әріптерді үйрету барысында дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп бөліп отырған. Мысалы, «у» әрпінің жазылу үлгісін көрсетумен бірге, оның дыбыстардың соңында жарты дауысты болатынын түсіндірген. Сөйтіп, осы бағытпен әріптерді үйретіп болғаннан кейін, оқулықтың соңында қазақ тіліндегі әріптерді - жұмсалатын әріптер мен белгілер деп екі топқа бөлген де, әр топқа кіретін әріптердің тізбегін берген. Қазақ тілінде жұмсалатын әріптер мен белгілердің сапына мыналарды қосады: *а, б, п, т, ж, ш, х, з, д, р, с, г, ф, қ, к, л, м, н, о, ұ, һ, ы, и, е, г, ң және дәйекші, сүйеніш таяқша белгілері.* Сондай-ақ жұмсайтын әріптер мен белгілерді көрсете отырып, олардың араб алфавитінде қолданылғандығымен, қазақ тіліндегі араб графикасында қолданылмайтынын түсіндірген. Осы арқылы ғалым қазақ тілін көп әріптіктен құтқарды, әрі жазуды жеңілдетті. А.Байтұрсынұлы х, ф, һ әріптері қазақтың өз тілінде болмағанмен, өзге тілден енген сөздерде кездесетіндіктен, ана тіліміздегі әріптер тобына кіреді деп топшылайды. «Е» әрпінің жазу үлгісін берген кезде, оның сөз басында алдына таяқша қойылатынын айтса, сөздің ортасы мен сөздің аяғында басқаша таңбаланатынын көрсеткен. Сонымен қатар, дыбыссыз таңбаларға дәйекшені және сүйеніш таяқшаны жатқызады.

Ғалым сингармонизм заңына сүйене отырып, сөз қ, г әріптерінен басталса жуан, һ, е, и, к, г әріптерінен басталса жіңішке айтылатынын, ал басқаларға жұмсақ белгі тұрмаса жуан, жұмсақ белгі тұрғанда жіңішке айтылатынын түсіндірген. Әрбір әріптің таңбалануын көрсетумен бірге, сол әріптердің сөздің басында, сөздің ортасында, сөздің аяғында келуін көрсетіп тұратын дара буынды, қос буынды, мысал сөздерді қоса беріп отырған. Бұл әдіс әліппелерінің барлық басылымдарына да тән.

А.Байтұрсынұлының әріп өзгертудегі, алфавитке өзгеріс енгізудегі бастамалары өз заманында зиялы қауым өкілдері тарапынан пікір қайшылығын туғызады [3].

А.Байтұрсынов ұсынған жоба бойынша араб жазуы қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне біршама икемделді. Араб әліпбиіндегі қазақ дыбыстарын өрнектейтін кейбір басы артық таңбаларды шығару, сөздің тұтастай жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына дәйекше белгісін қою ұсынылады. Қазақ тіліндегі ы, е, и, о, ұ, ү дыбыстарының әрқайсысына жеке таңба белгіленеді. Араб жазуында реформаға дейін әріптер төрт түрлі таңбаланатын еді (әріптің жеке түрі, анлаут, инлаут, постлаут позицияларда келгенде), сонымен қатар кейбір дауыссыз дыбыстардың (мысалы, з, с, т) сөздерде дыбысталуына қарай әр түрлі таңбасы болды. Реформаланған әліпбиде олардың әрқайсысы бір-ақ таңбамен белгіленді.

Қорыта келгенде, өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары араб жазуын жетілдіру немесе өзге графикаға алмастыру мәселесі тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл түркі тілдес республикалар көлемінде

қозғалды. А.Байтұрсынұлы реформалаған қазақ графикасы ресми түрде тек 1924 жылы ғана Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының құрылтайында қабылданады. Бұл тәжірибені өзге түркі халықтарының басым көпшілігі қолдап, өз жазуларына өзгерістер енгізе бастайды. А.Байтұрсынұлы өзі реформалап, ықшамдаған араб графикасымен «Әліп-би», «Тіл құралы», «Әдебиеттанытқыш» атты еңбектерін жазды. Бұлар қазақ тіл білімі, қазақ әдебиеттану ғылымы салаларындағы алғашқы ғылыми негізді зерттеу еңбектері болатын. Араб графикасымен 1913-1919 жж. «Қазақ» газеті, көптеген көркем әдебиет шығармалары басылды. А.Байтұрсынұлы қазақ даласында жәдид бастамасын қолдай отырып, қазақ алфавитін түрленген жаңа жүйеге келтіруге, ежелеусіз оқу мен төте оқуды қалыптастыруға жол салды. Бұрынғы әліппе бойынша, ескі араб әрпімен (хадимше) түсініксіз сөздерді жаттаудың орнына, өз тілімізде оқып-жазатын жаңа әдістің қалыптасуы ұлт мәдениетінің тарихында ерекше маңызды құбылыс болды. А.Байтұрсынұлының қазақ мәдениетіне қосқан сүбелі үлесі – ірі теоретик ретінде қазақ тіл білімінің негізін қалағаны деп білеміз. Ахмет Байтұрсынұлы – араб графикасын қазақ сөзінің ыңғайына келтіріп, жаңа әліпби жасаушы. Қазақтың рухани өмірінде ол – тек қана ағартушы емес, сондай-ақ ағартушы ғалым, араб графикасын түрлендіру тәсілін ұсынған реформатор болды.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. -Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
3. Ұлттың ұлы ұстазы. «Ұлы тұлғалар» сериясы. – Алматы: Комплекс, 2001. – 305 б.

ӘОЖ 81 (574)

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘНГІ РЕФОРМАТОРЫ

Ержанова Ұ.Р.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
доценті

«Ғылымсыз ақирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан руза, қылған қаже ешбір гибадат орнына бармайды» Абай.

Қазақстан Республикасы бойынша ғылым саласының 80-ге тарта түрі бар десек, соның ішінде қиын да қызық, еңбегі мол, талғамдықты, қажырлылықты, ізденушілікті талап ететін саланың бірі – филология. Ал бұл ғылым саласының ішінде математикалық дәлдікті керек ететін – тілдік құрылым, басқаша айтқанда, қазақ тіл ғылымы. Әдетте, тілдік таным бүгінгімен емес, кешегімен –терең, тарихқа тартқан тамырымен берік. Қазақ тіл білімінің көш басында тұрған А.Байтұрсынұлы пен Қ.Жұбановтар болса, бірін – қазақ тіл білімінің ірге тасын қалаған ғалым деп танысақ, екіншісін - қазақ тіл білімінің тұңғыш реформаторы деп білеміз.

А.Байтұрсынұлының «Ел- бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» деген ұлағатты сөзі ұлт зиялыларының қай кезеңде болмасын ең басты арман- тілегі, қайтсем ұлтымды білім нәрімен сусындатып, қалай ғана білім мен ғылымның, өркениет пен мәдениеттің жолына түсірсем деген арналарға тоғысып жатқанын көреміз. Ғалымның «Қоғамның рухани негізі ретінде ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы ең негізі ретінде ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруда зиялы қауым ұйымдастырушылық, педагогикалық – шығармашылық қызметтерімен де белсенділік танытты. Қазақ зиялыларының ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы ең негізгі міндеті -халықтың сауатын ашу, ілім-білім, мәдениет жолына түсіру болса, бір маңызды міндеті- ұлт мектебі арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, жас жеткіншектердің санасына ұлттық намыстың дәнін себу болды» деген екен. Ахмет Байтұрсынұлының осындай ішкі ой түйіндері кейінгі аға буын ғалымдарымыздың іс-әрекеттерімен үндесті. Расында ұлттық білім берудің бастамасы ХХ ғасырдың екінші онжылдығында болғанымен, тек 30 жылдары шын мәніндегі білім алу, оқу ағарту жұмыстары іске асты.

Ахмет Байтұрсынұлының есімі тіл білімінің қай саласында болмасын, бір бүтін қызметте жұмсалды. Біз ғалымның ғылыми жаңалықтарын бірінші болып студенттерге жеткізетін оқытушылар қатарынан болдық. Қазақ тіл білімінің тарихындағы алғашқы ғылыми терминдердің жүйесін қалыптастырып, соның ішінде ғылыми синтаксистің құрмалас сөйлемдер жайындағы алғашқы мәліметтерден хабар берген де- Ахмет Байтұрсынұлы еді. Қазіргі *салалас, сабақтас* деп жүрген терминдеріміз алғашында *қиысқан және сыйысқан сөйлемтүрлері* боп өмірге келді. Міне, қазақ тіл білімінің қай сала тармағының болмасын бастау алар көзі - Ахмет Байтұрсынұлының зерттеулерінен басталады. Құрмалас терминінің өзі де, ол туралы алғашқы ғылыми тұжырым да бар, әрі сөйлем түрлерінің қазіргідей ғылыми толықтықта көрінуіне алғашқы баспалдақ та болды. «Сөйлемдердің құрмаласуы екі түрлі: сыйыса құрмаласу, қиыса құрмаласу» деп көрсеткен және қиысу түрлерін - салалас пен сабақтас деп бөлген екен. Содан бері қанша жылдар бойы қаншама

ғалымдар сол Ахмет Байтұрсынұлының бастап берген ғылыми тұжырымдамаларын одан әрі жіліктеп, зерттеп, синтаксис саласының күмәнді тұстарына нүкте қойылғаны белгілі. Бірақ ғалымның салып берген терминдік жүйелері қазақи қалпында осы кезге дейін сол күйінде *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, құрмалас, салалас, сабақтас, орайлас, аралас, сөз таптары* болып қолданысын жалғастырып келеді. Ғалымның зерттеулерінің өміршеңдігі де осында болып табылады. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді халқымыз. Қазіргі қолданыстағы қазақ тіліміздің әдеби тіл шыңында барлық салаларының да зерттеліп толығып жетілгені- қуанарлық, құптарлық дәрежеде. Қазақ тіл білімінің зерттелу, тиянақталу саласында біршама тұрақталғаны- осы Ахмет Байтұрсынұлы бастап берген – синтаксис саласы болып отыр. Сөйлемдер синтаксисінің құрылымдық ерекшелігі жөнінде айтылған пікірлер, зерттеулер далаға кетпеді, ғалымдардың жаңа ұсыныстары қолдау тауып беркітіліп жатты. Қазіргі құрмалас сөйлемнің құрылымына қарай топталған- *салалас, сабақтас, аралас* деген үш түрі орнығып тұрақталды.

Ахмет Байтұрсынұлы баяндауларынан негіз алатын синтаксис саласы сол уақыт шеңберінде ақ, жан- жақты тарамдалған болатын. Тіпті, соңғы жылдардың жемісіндей көрсетіліп жүрген *контекст, текст, күрделі синтаксистік тұтастық* мәнін де ғалымның алғашқы оқулығынан табуға болады. Ғалым « ой дәуірлеуінің қайтуын» орамды деп атап, түрлі мысалдармен бекіткен. Және ол мысалдар қазіргі қазақ тіліндегі көп сыңарлы құрмаластардың кез- келгеніне жауап береді. Бірақ ондай құрылымдарды сөйлем деп атау жоқ, оның басқа тілдік бірлік екенін ұғыну қажет. Мүмкін сонда ғана жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдік құрылымдардың ара жігі ашылатын болады. Мұндай аралық сөйлемдердің болатынын ғалым Қайырболат Есенов жақсы зерттеп, дәлелдеп шыққанымен, ғалымның дүниеден озуына байланысты беркітілмей қалғаны рас. Мысалы, *Сары ала қаз көлін аңсайды, сағынған елін аңсайды,* - деген сөйлем мен *Сары ала қаз көлін, сағынған елін аңсайды,* - деген сөйлемдердің беретін мағыналары бірдей болғанмен, құрылымдарын тануда қазақ тіл ғылымы ғана емес, түркология нақты тұжырымға келген жоқ. Күні бүгінге дейін бірде жай сөйлем, бірде құрмалас сөйлем деп танылып жүр. Расында, бір ғана қимыл иесінің бірнеше іс әрекетті байқауы мүмкін немесе бірнеше субъектінің іс әрекеті бір ғана предикатқа сыйыстырылып берілуі сияқты жағдайлар кездеседі. Ойдың бір қимыл иесіне қазықталуын күрделі синтаксистік тұтастық білдіреді. Қалай болғанда да, жай сөйлемдер қанша жайылма болғанымен, тиянақты бір ғана ойды білдіреді. Күрделі ой жеке, дара жай сөйлемнің шеңберіне сыймайды. Ал адамның ойы көбіне күрделі ойды жеткізгісі келеді. Оның құрылымы өне бойы құрмаласып, келмей, күрделі тұтастықта болуы әбден мүмкін. Осындай зерттеуді әлі де қажет ететін тілдік мәселелердің бастауын тіл білімінің тұғыш реформаторы -А.Байтұрсынұлы бабамыз там - тұмдап қазақ тілі ғылымының жетілуіне дән сеуіп, көрсетіп кеткен дүниялар қазіргі қазақ тілін зерттеуші ғалымдардың алдынан шығып жатыр.

Қазіргі заманымыз, Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ, «Жазу заманы». «Халық өмірі он жылдап емес, жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде әр халықтың тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздердің біріне- бірі жалғасып түзілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады» деп көрсеткен. (174 б)

Ендігі біздің міндетіміз – синтаксистің осы бөліміне өзгерістің қажетсіздігі, әрине, құрылысы жағынан, тек қолданыстағы ерекшеліктің тұрақтауына, өміршеңдігіне үлес қосу. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлының көрсеткен сөз атауларын жаңа қолданыстар деп емес, бұрыннан бар сөз қолданыстарын басқа қырынан қарау деп түсінген дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахмет І. Байтұрсынұлы. «Тіл тағылымы» - Алматы, 1996 ж.
2. Б.Сағындықұлы. «Таным мен тағылым» Қазақ тілі. Новосібір, 2006 ж.
3. Қ.Есенов. Қазақ тіліндегі синтаксистік қатынастар. Алматы, 1986 ж.

ТІЛДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЭКСПРЕССИВТІ МӘНДЕРДІҢ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН
МЕТАФОРЛАР АРҚЫЛЫ БЕРІЛУІ

Г.А.Кадырова

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
7М02304-Филология, 2-курс магистрант
e-mail: 0997akg@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Б.С. Карагулова, ф.ғ.к., доцент
(Ақтөбе қаласы, Қазақстан)

Андатпа. Мақалада қазақ тіліндегі эмоционалды-экспрессивті мәнді білдіретін сөздердің тілде берілу жолдарының бірі-фразеологизмдер мен метафоралар. Аталған тәсілдер нақты көркем шығарма мысалдары арқылы көрсетіліп талдау жасалады.

Аннотация. Фразеологизмы и метафоры являются одним из способов придания словам в казахском языке эмоционально-экспрессивного значения. Эти методы анализируются на примерах конкретных произведений искусства.

Annotation. Phraseologisms and metaphors are one of the ways to give words in the Kazakh language emotional and expressive meaning. These methods are analyzed on examples of specific works of art.

Кілт сөздер: тілдегі эмоционалды-экспрессивті мән, фразеологизмдер, метафоралар, көркемдегіш тәсілдер.

Адамның жан-дүниесінің қуатты көріністерінің бірі ретінде эмоция саналады. Қарым-қатынас құралы саналатын тіл ойды тек қана сыртқа шығарып қана қоймай, жан тебіреністері мен көңіл толқындарын білдіріп, бағалау, бейнелу сынды қызметтерін де атқарады. Тіл арқылы адамның жан дүниесінде болып жатқан жақсы көру, ашулану, жек көру, рақат сезімге бөлену, таңдану, қуану, абыржу, қайғыру сынды құбылыстар сыртқа шығып отырады. Сонда түсінетініміз, эмоцияның психологиялық категория екені әрі лингвистика тіл арқылы қалай берілетіндігі [1]. Қазақ тіліндегі эмоционалдық дегенде ең алдымен М.Жұмабаева «Педагогика» еңбегіне [2] жүгінеріміз анық. Себебі онда адам жаны жайында мықты пікірлер бар. Мәселен, Мағжан Жұмабаев жан жайында үш түрлі ойды келтіреді. Соның алғашқысы жанның денеден бөлек екендігі, халқымыздағы шыбын жан дегенін мысал етеді. Яки жанның ұшып жүретіндігі. Екіншіден, жанның жүйке жүйесімен бірге қарастырып, жанның жеке зат емес дененің бір бөлшегі ретінде саналуы. Ал үшіншіден, сезу, ойлау сынды барлық жан көріністерінің жиынтығы деп қарастырады. Жанның көрінбейтіндігінен оны жоқ деп қарастырмайтынын, керісінше жанның көріністері болатынын айтады. Оған мысал ретінде мынадай сөйлемді айтады, яки жаңа жауған қарда қалған аңның ізін көре тұра, аңның барлығына күмән болмайтыны сияқты деп келтіреді. Әрине, адамның жаны болатыны, оның көріністері мен істері арқылы сезіп, көреміз. Жанды тексеру үшін қолмен ұстаудың да керегі жоқ. Сонымен қатар, Мағжан Жұмабаев «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде де [3] дүниеде теңізден де терең адам жаны екендігін айтады. Мінекей, жанның соншалық терең болатындығы себепті адам жанын бірден түсініп, оның сыр сандығын бірден аша алмайтындығымыз сияқты, эмоциясы да түрліше болатындығы көрінеді. Осы орайда қазақта тұңғыш рет психология жанрында кітап шығарған Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» еңбегінде эмоцияны сезім деп қарастырып, оның денені қозғалдырушы ішкі себеп екендігін, адамның ішкі қозғаушы күші екендігін айтады. Сондай-ақ, адамның дем алысына қарап, оның сезімі жайлы айтуға болады деген пікірді де алға шығарады [4]. Сонымен, адам баласының эмоциясы оның жан-дүниесімен тығыз байланыста болатыны, ішкі қозғаушысы болып, сыртқа шығара алатынына көз жеткіздік. Сонымен қатар, тіл адамның түрлі сезімін жеткізуші құралдардың бірі болып табылады. Яки адам өзін қоршаған әлем мен ондағы болып жатқан түрлі құбылыстарды сол күйінше немесе түрлі сезімде қабылдап отырады. Мәселен, қарапайым ғана «Ол келді» демек, ақпараттық сарында айтылғанын көреміз. Ал егер «Оның келгені мұнша жақсы болар ма» десек сөйлемде ақпараттың емес, эмоцияның басым екенін көреміз. Қ.Жарықбаевтың психологиялық сөздігінде эмоцияны өзін қоршаған ортаға деген пайда болатын көңіл-күйі, адам мен жануарларда болатын ішкі және сыртқы тітіркеніштерге реакциясы деп қарастырады [5]. Сонымен қатар, зерттеушінің пікірінше эмоция дегеніміз адамды іс-әрекетінің өнімді болуына үлкен мүмкіндік беретінін, оның ішінде жағымды эмоцияның сүйіспеншілік пен қуаныш сынды эмоциялар тудыратынын, жағымсыз эмоцияның адамның өзіне зиянын тигізетінін, оларға қорқыныш, қайғы, үрейлену, абыржу, үмітсіздену сынды эмоциялар жатады. Іс-әрекеттің нәтижелі болуына да эмоцияның тікелей әсері бар. Осы орайда сезім деп, эмоция деп жалпы қарастырмай, екеуінің арасын ашып алсақ дейміз. Себебі психологияда сезім мен эмоция ірге қарастырылмайды әрі арасында біраз алшақтық та бар. Ең алдымен, эмоция адамның түрлі ситуациялық жағдайларына деген көңіл-күйін, өміріндегі түрлі қажеттілігіне байланысты пайда болатын әрі оның ұзаққа созылмайтындығын, сондай-ақ тез пайда болатынын, адам көз жасын қуанғанда немесе қайғырғанда алатыны сияқты немесе бір нәрсеге қатты қуанып ішек-сілесі қалмай

күлсе де, қатты абыржып юірдеңеден көңілі қалып, қатты жыласа да ол сол күйде ұзақ тұра алмайды. Бір кезде әбден эмоциясы шыққан кезде тоқтайды. Ал сезімде ол мүлде бөлек. Сезім адамдар арасындағы қарым-қатынас кезінде туып, біртіндеп дамиды процесс. Сезімдер қатарына достық, адалдық түрлері жататынын олардың бірден қалыптасып қана қоймайтынына қарамай, ұзаққа баратындығы. Сондай-ақ, эмоциялар тек қана сөзбен емес сырт пішінінен, ым-ишара арқылы байқалатындығы. Ал сезімдер де қозғалыстар байқалмайды. Эмоцияларды лимби жүйесі мен гипоталамус бөлігі басқарып отыратындықтан, бұл жүйкелерге зақым келетін болса, адам өзінің шөлінің қанбайтынын немесе тойғанын білмеуі мүмкін. Ал сезімдер де бұндай жағдай болмайтыны олардың ми қабатынан тұратындықтан. Ал соңғы ерекшелік ретінде эмоцияның жануарларда да биологиялық сипатты құрайтын реакцияларынан тұрады. Алайда адам сезімдерінен тұратын көріністер жануарларда мүлде кездеспейді. Сондай-ақ, зерттеуші адам өмірінде эмоцияның мәні мен маңызының ерекше екенін, әртүрлі тарихи дәуірлерде өмір сүрген халықтар мен олардың мәдениеттерінде адамдардың эмоциялық-экспрессивті мінез-құлқы мимикасынан, дауысынан, қолының қозғалысы мен бет пішінінен бірден байқалатындығын әрі бұны ұсынған Ч.Дарвин екенін, сондай-ақ эмоция деп ағзаға туа біткен бейімделушілікті ұсынатынын көреміз. Сонымен қатар, зерттеуші эмоцияның әлеуметтік-психологиялық қызметі сөйлемей-ақ, бір-бірімізді түсініп, жағдайымыз турасында қарым-қатынас жасау мүмкіншілігінде екен. Америка психологі У.Джеймс пен дат ғалымы К.Ланге екеуі бірігіп зерттеуінің нәтижесінде эмоцияның қалай пайда болатындығын көрсетеді. Яки эмоцияның пайда болуы ішкі немесе сыртқы стимулдар әсерінен, кері жүйе байланыстары негізінде адам миында бейнеленген әсерлер негізінде қандай да бір эмоциялық тондағы түйсіктеуді туғызатынын айтады. Сондай-ақ, дат ғалымының айтуынша, сенсорлық стимулдардың қан тамырларының сыртқы әсерге жауап беретін рецепторларында пайда болса, ал эмоция болса онда болып жатқан өзгерістерді бейнелеу мақсатында пайда болатындығын жеткізеді. Зерттеуші П.Бардоның пікірінше, денедегі өзгерістер мен онымен байланысты эмоциялық көңіл-күйлер бір уақытта пайда болып, мидағы таламуспен емес, гипоталамус арқылы немесе лимбикалық жүйенің орталығы арқылы байланысатынын айтады. Кеннен-Бардо теориясына сәйкес адамдағы эмоциялық үрдістер мен жағдайларға дене ықпалына қарағанда когнитивтік фактордың маңызды екенін жеткізеді. Осылайша эмоцияға деген жаңаша көзқарас басталады. Осыдан келіп Л.Фестингер когнитивтік диссонанс теориясын ұсынады. Бұл теория бойынша адамдағы жағымды эмоциялық көңіл-күйі сол кезде пайда болып, өзінің күткені орындалса, елестетулері өмірге енгізіліп, құрған жоспарлары орындалады. Яғни нақты нәтижелер мен күткені сәйкес келуі арқылы іс-әрекеті нәтижеге жететіндігі. Ал жағымсыз эмоциялар тұрғысынан қарағанда, олар күшейе түсіп, болжамы мен іс-әрекет арасындағы сәйкестік нәтижесіндегі диссонанс туындайтындығы көрінеді. Когнитивтік диссонанс жағдайында адам көңіл-күйі қолайсыздық жағдайында болып, бұдан шығудан жолын қарастыра бастайды. Бұл жағдайдан шығудың жолы күткен нәтиже мен жоспарын өзгерту арқылы шындыққа сүйенетін әрекеттерді жасауы арқылы болатынын айтады. Бұл теория негізінен, адамның қылығы мен әртүрлі жағдайлардағы әрекетін түсіндіру кезінде қолданылатыны да оның эмоциямен байланыстылығында. Сондай-ақ, қазіргі күні эмоциялық үрдістер естен және адамның мотивациясынан (Қ.Жарықбаев көрсетуінше, машықтану) тұрады. Эмоциялық ес өткенде болып өткен сезімнің есте қалып, қайта жаңғырту кезінде сыртқа шығуы, өткендегі болған оқиғаның қайда, қашан, кіммен болғанымен қатар, сондайғы ойларымыз жаңғырып қана қоймай, сол кездегі бастан кешкен сезімдер де оянады. Еске түсіргенімізде сол күйіміз қуанышты, бақытты болса, қорқынышты болған жағдайда өңіміздің қашуы немесе бетіміздің қызаруы да мүмкін. Эмоциялық естің адамның рухани өсуіне себепші екендігін анықталған. Мәселен, қасиетті істерге себепші болған бақыт, қуаныш сезімдерін орындауға талаптанып, жаман істерден өзін аулақ ұстауға тырысар еді. Сонымен қатар, эмоциялық ес адамның эмоциясын түрлендіріп қана қоймай, байытып, өткендегі сезімдерін еске түсірер сыр сандығы да болады. Осы орайда біздің есімізге мынадай оқиға келіп тұр. Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романында ханның Кіші ханшаның бөлмесіне кіргендегі оның түс әлеутіндегі кейпі оның есіне өткенді еске салды. Өткендегі жағымсыз эмоциясын еске түсіреді. Өмірінде ханға опасыздық жасамаған ханшаның түсінде сонысын жасауы бір жағынан, ханның өткенді ір шарлауын, эмоциялық есінде сақталған сол бір моментті ханшадан сезіп қоюынан жиіркенішті эмоцияның пайда болғанын көреміз. Бұны Б.Быраймовтың Адамның мемлекетке айналу мақаласынан көреміз. Шынымен де эмоцияның адамға деген әсері, өткенді еске алып, ондағы сезімдерді қайта бастан кешіруге, оның жақсысын алып, жаманын тастау да үлкен көмек беретінін көреміз. І.Кенесбаев пен Ғ.Мұсабаев «Қазақ тілі» еңбегінде [7] эмоционалдық лексиканың адамдардың құбылысқа, затқа беретін бағасын аңғартады деген пікірін көреміз. Әрі лексикалық мағына арқылы сөздердің эмоционалдық мәні ашылатынын, эмоционалдық сөздердің тіркесуінен де болатынын айтады. Сондай-ақ, фонетикалық, грамматикалық, лексикалық деңгейде көрінетін эмоцияның қазақ тілінде лексика-семантикалық, стилистикалық деңгейде зерттеліп жүргенін көреміз [1, 16]. Зерттеуші эмоционалдық пен экспрессивтілікті зерттеудің қазақ тіліндегі екі кезеңін қарастырады. Бірінші топта эмоционалдықты лексикаға стилистика негізінде қарастырады. Екінші топтағы ғалымдар эмоционалдық сөздер мен экспрессивті сөздерді арнайы зерттеу нысанына алып отырып зерттейді. Ең бірінші топқа М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев авторлардың бірігуімен шыққан «Қазақ тілінің стилистикасы» деген еңбекте [8] бұл сөздерге арнайылап

тоқталмағанымен, екі сөздер тобын бөлек-бөлек қарауды ұсынады. Яки олардың ұсынуы бойынша лексикалық мағынасы туылғанан сондай болса, екіншісі экспрессияға бейім тұратын сөздер екен. Бұндай сөздер қатарына етістіктер мен фразеологиялық тіркестердің жататындығын да қарастырады. Экспрессивті сөздер бөлімінде толығырақ тоқталамыз. І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде [7] өзге тілдердегі сияқты қазақ тілінде де құбылысқа не затқа эмоциялық көзқарасын білдіретін сөздердің бір тобы бар екендігін айтады. Бұны ғалымдар эмоционалды лексика немесе эмоциялық мәні бар сөздер деп қарастыратынын көреміз. Сондай-ақ, былайша мысал келтіреді, яки сөйлеп жатқанда көл, орман, бес, үй деп айтса бұлардың ешқандай эмоциялық мағынасы болмайтынын, ал егерде бір құбылысқа қатысты жақсы немесе жаман күйі көрінетін болса, мәселен, оңбаған, айналайын деген сөздердің жмоциялық күші бар екенін жеткізеді. Қауымның белгілі бір құбылысқа, затқа деген бағасын эмоционалды лексикадан көреміз дегенді айтады. Солай зерттеуші сөздерді екі топқа қарастырады, біріншісі эмоционалды сөздері ішней көрінетін сөздер тобына күшті эмоционалды әсер беретін сөздер деп мсқара, сұмдық, нәзіктік деген сөздерді қарастырады. Ал екінші түрде құбылысқа немесе затқа қоғамдық қарым-қатынас негізінде эмоционалды-экспрессивті бояу береді әрі бұл сөздер тұмысынан жағымсыз реңкте келеді. Мәселен, жауыз, залым, қатыгез сынды сөздерді келтіреді. Үшінші топта сөйлеуші тарапынан берілетін баға негізінде әдемі, көңілді, тамаша, жақсы деген сөздер арқылы келеді. Сондай-ақ, төртінші топ ретінде шарттылық сөздерді оған мысал ретінде пысық сөзін алғанын көреміз. Ал енді екінші топты грамматикалық тәсілмен жасалынған сөздер құрайды. Яки олардың жасалуына қарай мынадай топтарға бөлуге болады:

-қан, -қай суффикстері арқылы жасалған зат пенен құбылысқа қоғамдық баға беру ретінде келсе;
-еке, -ша, -ше, -й жұрнақтары жалғану арқылы еркелік пен кішілікті танытату арқылы жасалған сөздер;

-сымақ жұрнағы арқылы жасалынған сөздер;
-тай жұрнағы арқылы еркелікті білдіретін сөздер;

Қарап отырсақ, грамматикалық жолмен жасалатын сөздер көбіне еркелету, сыйлау мағынасында келетінін көреміз. Зерттеуші [1] М. Белбаеваның жалпы халықтың тілінде бір затқа, құбылысқа қатысты немесе адамдардың көңіл-күйіне, әрі оған қатысты, сондай-ақ, оған қалай қарайтыны, оған деген түрліше көзқарасын көрсететін сөздер болады деп, оларға арам, адал, жауыз, сұм, шешен, ақын, лаң, көсем, дана деп мысалдар келтіреді. Келтірілген сөздердің қуаты сөз бойындағы мән мен реңкке де тікелей байланысты екенін көреміз. Оның себебі сөздердің табиғатының сан алуандығында екендігі. Мәселен, келтірілген мысалдардағы сөздер кім екенін жай ғана атайтынын көрсек, екіншісінде қызметі ондай болғанымен қатар, ерекше әсер барын байқаймыз. Осыдан келіп, сөздің семантикасына тән деп, тілдегі эмоциялық, экспрессивтіліктің осыдан шығатынын түсіндіреді. Яки эмоциялық сөздер деп өзінің бойына адамның түрлі көңіл-күйі мен ішкі сезімін білдіретін, қасиеті бойынша жағымсыз не болмаса жағымды реакция туғызуы арқылы ерекшелігі көрінетін сөздер деп қарастырады. Зерттеуші бұл пікірді келтіру арқылы эмоциялық сөздердің адам бойында жағымды, жағымсыз реакциясын тудыратынын дәлелдеу деп ұғамыз. «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» еңбегінің [9] авторлары Ә. Болғанбаев пен Б. Қалиев болса, эмоционалды-экспрессивті лексикаға стильдік мәнді де жүктейді. Әрі адамның сезіміне әсер ететіндіктен деп қарастыратынын, сөздердің затты немесе құбылысты тек атап қана қоймайтынын, адамның сезіміне әсер ететіндей деп анықтайтынын көреміз. Сондай-ақ, сөздің экспрессивті сипаты деп оның мәнерлі, бейнелі айтылуы деп қарастырса, эмоционалдығы ретінде адамның бір нәрсеге деген өзіндік сезімі мен көңіл-күйі, өзіндік көзқарасы деп анықтайды. Сонда шығатыны сөздің мәнерлі де бейнелі айтылуы арқылы езімге әсер ететіндігі. Экспрессивтілік эмоция болған жерде ғана болатынын, сүйіспеншілік, есіркеушілік, масаттанушылық, еркелік, таңырқаушылық, қошаметшілдік, үрейлену, сес көрсету, өшпенділік сынды адам бойындағы жағымды-жағымсыз қасиеттерді білдіру арқылы көрінетіндігін жеткізеді. Сонымен қатар, бұл сөздер тобының барлық стильде қолданылмайтынын, негізі көркем әдебиет пен сөйлеу тіліне тін екендігін айтады. Сонымен қатар, бұл сөздер тобын зерттеуші-ғалым экспрессивті-эмоционалды деп алдыға экспрессивтілігін шығарып тұрғанын көреміз. Әрі бұл сөздер тобының жасалуының алты түрлі жолын көрсетеді. ең біріншіден, қосымшасыз, жеке тұрып та эмоционалды бояуға ие болатынын көрсетеді. Мәселен, тамаша, шіркін, сұмпайы, жайсаң, ербию, қылкию, жексұрын сынды түрде келеді. Екіншіден, мәтін ішінде эмоционалды бояуға ие болатынын айта келіп, мысал ертінде Абайдың өлеңін келтіреді. Ондағы неткен сөзінің әжуа қыла отырып мақтап отырғанын анықтаса, пысық сөзін эмоционалды жағынан жағымды емес, керісінше, елді алдаушы мағынасында қолданғанын келтіреді. Үшінші жолы ретінде морфологиялық жолмен жасалған сөздер еркелету, менсінбеу, кішірейту сынды өзге де қосымшалар арқылы жасалынатынын айтады. Мысалы, інішек, ағатай, ағаске, қылдырықтай, ботақан сияқты болып келеді. Төртінші түрі ретінде фонетикалық тұрғыдан жасалған дауыс ырғағы, пауза немесе интонация арқылы жасалады. Мысалы, А-аа-ааайт! деген түрде келеді. Ендігі қалған екі жол бейнелі сөздер деп оларға еліктеуіш сөздер мен одағай сөздерді жатқызады. Бұл сөздердің тұмысынан мәнерлі айтылатынын белгілі. Осы тұста зерттеуші бұл сөздердің эмоциясының ғана емес, бейнелілігі артық соғатынын келтіреді. Грамматикалық, фонетикалық жолмен жасалу арқылы адамның ішіндегісін сыртқа қалай көрсететінін әрі эмоция кезіндегі түрлі жағдайға байланысты адамның да түрлі жеткізетінін көреміз.

Адамның эмоциясын міне осылай шығарады деп қатып қалған ережені ұстанбаймыз. Себебі адамға қатысты нәрсенің барлығында үнемі өзгерушілік болып тұруы заңдылық. Сонымен қатар, зерттеуші [1] М.Қараевтың эмоционалды мәні бар сөздерді төрт топқа бөлгенін келтіреді: «1. Өзі тұрып эмоциялық мәнді білдіретін сөздер: маскара, сұмдық, алақай, т.б. 2. Тіліміздегі ескішілдік, жатыпішер сынды қоғамдық қарым-қатынас негізінде қалыптасқан экспрессивтік мәнді сөздер. 3. Заттың эмоционалды бағасын кішірейту я еркелету, жек көруге байланысты жұрнақтар арқылы жасалады, оған мысал ретінде үй деген түбірге -шік жұрнағын қосып, мынауың үй емес, үйшік қой дегенде, үйшік деп төмендеткенін көреміз. Сөздің соңында шылау мен жұрнақтың аралығында жүретін, жек көру, кемсіту мағынасын беретін -сымақ демеулік шылауы қосылған сөздер де эмоционалды мәнге жататындығын, сондай-ақ мысал ретінде: «Мұнда нағыз адамдар да бар, адамсымақтар да бар» және т.б.» [1].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Иманалиева Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар / жалпы ред. басқ. Р. Әмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 255 б.
2. Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер/ Құраст. Сәндібек Жұбаниязов.– Алматы: Жазушы, 2013. – 376 бет
3. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. (Құраст. Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З.) – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 бет
4. Аймауытов Ж. Шығармалары: Әңгімелері, пьесалары, Психология еңбегі. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 126 бет.
5. Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психология: Энциклопедиялық сөздік./ Бас ред. Жақып Б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.
6. Қайратұлы Б. Адамның мемлекетке айналуы. Адырна журналының ұйымдастырған «Алтын жебе» бәйгесінің жеңімпаздарының жинақ кітабы. Алматы, 2019. – 300 бет
7. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 235 б.
8. Балақасев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Оқулық, 3-басылым. – Алматы: «Дәуір», 2005. – 256 бет
9. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 264 бет

ӘОЖ 82-16 (574)

АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІКТЕ КЕҢІНЕН ҚОЛДАНУ

Н.Н.Кайржанова

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі
БҚО, Орал қаласы, № 20 жалпы орта білім беретін мектебі
nursaule.kairzhanova@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы автордың жазушылық стиліне тән табиғат көріністерін, адамдар мінезін, ішкі сезімін суреттеу, сипаттау ерекшеліктеріне көз жеткізіл көркемдік ерекшеліктері, сөздердің талғаммен қолданылу, дұрыс саптау нормасын зерделеу арқылы көркемдік стилі ажыратылады.

Кілт сөздер: А. Кемелбаева, мәндес сөздер, негізгі ұғым, номинативтік мағына, мағыналық ұқсастық.

Annotation. [The article emphasizes the artistic style of Aigul Kemelbaeva's novel "the tower", in which the author was convinced of the features of the description, description of natural phenomena, character, inner feelings characteristic of the author's writing style.

Key words: A. Kemelbaeva, related words, basic concept, nominative meaning, semantic analogy.

Аннотация. В статье подчеркивается художественный стиль романа Айгуль Кемелбаевой «башня», в котором автор убедился в особенностях описания, описания, описания явлений природы, характера, внутренних чувств, характерных для стиля письма автора.

Ключевые слова: А. Кемелбаева, родственные слова, основное понятие, номинативное значение, смысловая аналогия.

Кіріспе: Автордың романдары мен әңгімелерінен сирек кездесетін сөздер легін кездестіре аламыз. Және жазушы шығармаларындағы ерекшелік- бұл бір сөзді жиі қолданбауы. Соған орай Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романынан синонимдерге жиі тоқталған болатынын. Себебі, сөйлем ішінде я сөйлемдер арасында сөздердің қайталанбай, оған мейлінше мағыналас, мәндес сөздерді жазу нормасына

сай үйлестіріп я сол сөздің дұрыс қолданылуын ескере отырып жазылуын зерделей отырып тілдік талау жасаған болатынмын. Бұл алдағы уақытта өзіміздің сөйлеу стилімізде, кәсіби құзыреттілігімізде маңыды рөл атқарады деп есептеймін. Синоним сөздердің кең таралған сөздері ғана емес, сирек кездесетін мәндес сөздерін үйлестіріп, өмірде жиі қолдану үшін шығарма желісінен топтастырып, Фариза Оразбаева, Ә.Болғанбаев, М.Қаратаев синоним сөздерге жасалған зерттеу жұмыстары мен пікірлері негізінде қарастырдық.

Синонимдерге негізгі шартты белгілерді жеке-жеке баяндап көрсек, синонимдердің сыртқы тұлғалық ерекшеліктерін байқаймыз. Синонимдік қарым-қатынасқа еніп, бір қатарға топтасқан сөздер сыртқы тұлғасы жағынан бір-біріне мүлдем ұқсаспай да кездесе береді. Бір-біріне синоним болып табылатын «бөтен-бөгде» сөздері А. Кемелбаеваның «Мұнара» романында жиі ұшырасады [1, 15]. Бөгде сұқ көз, бөгде дерт, бөгде планета, бөгде әңгіме сөз тіркестері ретінде қолданылса, бөтен сөзі алабөтен мұқтаждық, бөтен дүние, бөтен мемлекет, бөтен жандар. Берілген сөйлемдерден байқасақ, бөтен сөзі бөтен мекшіктегі зат я иелік болса, бөгде сөзі өзіне қатысы жоқ, бейтаныс секілді қолданылып тұр.

Олжасын алаңқайдан сүйреп әкеткенде небір ірі бұландарды лақ құрлы көрмейтін тегеуіні күшті жолбарыс оны қалың жыныстың саясында, **бөгде** сұқ көзден таса жерде жәукемдеуді сүйеді. Бауыр жақты Найманның Сыбан руы жайласа, олар **бөтен** емес, тобықтымен құдандалы нағашылы-жиенді ел. Мұнда жылы мен суықтың алмасуынан **бөтен** таңғажайып барына ол күдік келтірмейді [3, 112]. Шынында соның өзі сұлулықтың дертке ұшырап асқынған **бөгде** бір түрі, **алабөтен** құбылудан құтылуға мұқтаждық [3, 150]. Сипардай текті иттің ажалы қайдағы бір әңгүдік **жат** шопырдың қараң қалғыр көк темірінен келді [3, 151]. Кейде олар маған **бөгде** планетада, мысалы, Айда өтіп жатқандай әсер етеді. Өзім сүйген әдебиеттен асып, **бөтен** дүниеге көз салуға әзірше өмір үйретпеген, әйткенмен оның ашық сабақтары жаңа басталғаны мәлім болды. Қазақстан **бөтен** мемлекет атанды [3, 8]. Балалар тәтесі мен апасының **бөтен** адамдардан ешқашан ас аяғанын көрмек түгілі, естіген де емес [3, 109]. Үй иесімен көбінесе Ританың төңірегінде қысқа буынды шолақ тіл қатысып, шаруа туралы екі ауыз сөзге келгеннен **бөгде** әңгіме жоқ. Ал мендегі шырғалаң, жексұрын кемістік біреу ғана болатын, ол ақшаға зәруліктен кездейсоқ жалшылыққа шырмалып, **бөтен** жандардың есігінде адасқандай байланып жүрудің асқан сүйкімсіздігі [3, 64].

Сол сияқты «бөтен-жат» деген синонимдік қатарлардағы сөздерінің бір-бірінен мағыналық реңктері алшақ болып келеді [4, 81]. Өгейлік жоқ, **жаттық** жоқ [3, 149]. Сөйте тұра онысы жанды тіршілікке **қиғаш**, **жат**, **шет** қылық деп кім өзеусіресін [3, 111]. Бірақ қазақ салтында жесірін есте **жатқа** жібермейді, ол сүйекке таңба, бауырынан тірідей айрылуды өлім санайды [3, 108]. Өз өлтірмейді, **жат** жарылқамайды, құдайсыз қурай да сынбайды [3, 141].

Қас надан, түйтік жоқ, қараңғы, сәулесіз [3, 43]. Құдай алдында адамзат тегіс дәруіш, тек көбі **надандық** бүркенеді [3, 98]. Ұят-ождансыз, құнсыз, **опасыз**, **пасық** [3, 69]. Менімше, бұл **екіжүзділік** [3, 33]. **Опасыз** көз жасы қара көзімнен ақ тамшылар болып сорғалады, әлсін-әлсін алақаныммен көміп алып құрғатсам да **оңбаған** көз жасы саулап барады [3, 74]. Бұндағы синонимдер қатары экспрессивтік мәнді көрсете келіп, бірі қарапайым (оңбаған), бірі тұрпайы сөз болады да, ауызекі сөйлеу стилінде қолданылады [4, 92]. Қарамен берілген сөздер бір-біріне синонимдер болып табылады. Екі бөлек сөйлемде кездесіп отырған «надан-пасық» сөздерінің надан дегені парсы тілінен келсе, пасық араб тілінің сөздері [4, 41]. Опасыз-екіжүзді синонимдері адамның жеке басындағы қасиеттеріне байланысты синонимдер болып келеді [4, 12].

Бірақ ежелден қу адамдарды **ақылды** санамаушы едім. **Ақыл** мен **қулықты** қатар қойып, тең бағалайтындарға күлкім келеді. **Ақыл**-патша, **қулық**- құл, қалайша бұл екеуі тең болмақ. «**Сәуле жоқ**», -деуші еді ауылдағы нағашы атам біреуге ренжігенде, сосын түйтік жоқ қой, **сәулесіз**» деп үстелейтін, сөйтсем ол **қараңғы**, **қас надан** деген сөзі екен [3, 43]. Бұнда стилистикалық сын есім есім болып табылатын «қу» сөзі экспрессивтік мәнге ие бола отырып, көбінесе ауызекі сөйлеу тіліне тән болып келеді. Қу сөзіне ақыл ұғымы қарама-қарсы мәнде қолданылып тұр [4, 92].

Дүниедегі құбылыстардың кейбір белгілерін адамның кейбір қасиеттерімен салыстырып, адамға ауыстырып айту арқылы да сөз ауыспалы мағынада жұмсалуды мүмкін. Мысалы, ештенені көруге болмайтын жарықсыз мезгілді **қараңғы** деп атаймыз. Шам жанбаған кездегі қараңғылық салыстырылып, екеуі де бір сөзбен аталынған. **Қараңғы** сөзі бірде тура, негізгі мағынады қолданылса, екіншіде ауыспалы мағына жұмсалады. Ал қараңғы сөзінің ауыспалы мағынасы **сауатсыз**, **надан** деген сөздермен синоним болады [4, 21-22]. Осы сияқты ерекшеліктерді Мұнара романындағы «Бала бағушы» бөлімінен жоғарыда мысал келтірген болатынбыз:

Ал, түбір сөз бен туынды сөздерден болатын синонимдер. Бұған түбір сөз бен туынды сөздерден аралас келіп, бір қатарда қолданылатын мәндес сөздер кіреді. Мысалы: азат-тәуелсіз- ерікті-бостан [2, 258]. Берілген әңгімемізден азат сөзін жиі кездестіреміз. Қыл аяғы тұз тағысына дейін **азаттығынан** өлмей айрылмайды, ажалдың күйі бәрібір **азаттығын** жоймайды [3, 104]. Тұз тағысы, әншейінде адырларды бүлкектей жортатын **азат** көкбөрінің мүсәпір бейнесі аңшының жүрегінде аяушылық сезімін туғызды, аң екеш аңға жаны ашымаса ол адам болып жарытпас еді [3, 145]. Ол сонда **азаттыққа** іңір түсер алдында құсша ұшып жетеді [3, 65]. Біз білетін азат сөзіне ерікті, тәуелсіз сөздері синоним болып табылады. Тәуелсіз сөзіне қарағанда азат сөзін автор жиі қолдануды жөн көреді. Себебі, азат сөзі байланысқан сөз тіркесіне үйлесім тапқан және сөйлемдегі мағынасына қарай таңдалып алынған. Қазақ

тіліндені сын есім синонимдерінің қатарын толықтырып отырған кірме сөздер негізінен араб және парсы тілдерінен енген сөздер болып келеді. Мысалы: азат- ерікті, тәуелсіз [4, 38].

Қазақ тіліндегі лексикалық синонимдер стильдік қолданысы мен мән мағынасы жағынан ғана бір-бірінен дараланып қоймайды, бір қатарға топтасқан синонимдер морфологиялық құрамы жағынан да түрлі –түрлі болып кездесе береді. Мысалы, кілең түбір сөздерден болған синонимдерге ашу-ыза сөздерін мысал ретінде көрсетуге болады. Бұған ешқандай сөз тудыру амалдарынсыз-ақ, түбір күйінде келіп, бір-бірімен мағыналас болып келген сөздер жатады: [2, 257] Жолбарыс **ашуланса** көзі қарайып кетеді [3, 104]. Мен ұры емеспін, - деп **ызалана** дауыстадым мен трубкаға [3, 33].

Көпмағыналы сөздің пайда болуына, біріншіден, адамдардың жан-жақты танып білуі әсер етсе, екіншіден, сөздің мағыналық жақтан дамуы себепкер болады. Туынды мағыналар арқылы жасалған көпмағыналы сөздің әрбір жеке мағынасы өзара мәндес басқа сөздермен қарым-қатынасқа түседі де, соның нәтижесінде синонимдес сөздер пайда болады. Көпмағыналы сөздің әр мағынасы жеке синонимдік қатар құрайды. Мысалы, қатты сын есімі бірнеше мағынаны білдіруге байланысты, бірнеше синонимдік қатарға кіреді. 1. Қатты-берік, мықты, тастай. 2. Қатты-қатал, мейірімсіз, қайырымсыз, қатыгез. 3. Қатты-суыт, тез, жылдам. 4. Қатты-сараң, қарау, қытымыр [4, 25]. Және аңшы жолы **қатты** болады деп қоян аулағаннан ада-күде аулақ, өзі аңға шығарда алдынан қоян кесіп өтсе пышақ кескендей тиылып, көк биенің басын кері бұруға мәжбүр күйге ұшырайды [3, 146]. Содан ба екен, туа біткен қорғаныш түйсік меңдеп, сүйір тұмсық құс баласы әдетте **қаттыдан** қорқып, жұмсаққа әбден бейім еді. Тау **қатты**, су жұмсақ [3, 147]. Екеуі түтін түтеткелі бір ауыз **қатты** сөз айтысқан жандар емес, берекелі, тату тіршілік құрды [3, 108]. Әрі жасы кішісі **қатты** сөзге келмейтінге дағдыланған қыр қазағы ақталуға сөз таппай, бүгежектей берген [3, 108]. Ал берілген сөйлемдер жігінде қатты жол, қатты зат, қатты тау ретінде қолданылып, бірінші синонимдік қатарға сай келіп тұр [4, 25].

Қарапайым жұрттың киножұлдыздарын неге соншалық қастерлейтінін енді ұқтым [3, 11]. Қарапайым сөзі көпмағыналы бола келіп, әр мағыналарында әр түрлі синонимдік қатар құрайды [4, 27].

Кейбір кірме сөздердің қазақ тілінің лексикасына етене жақын болып кеткендігі соншалық, олар өзінің бастапқы білдіретін ұғымынан басқа екі, үш түрлі мағынаны көрсетіп, көпмағыналы сөзге айналған [4, 39]. **Асыл** қазынам [3, 97]. Су сойған айрығында отырған жас түйеші қазақтың келіншегіне құс бөтегесінен **асыл** тас бұйырды. Айгүл Кемелбаева шығармасынан алынған бұл сөз тіркесі бірнеше синонимдік қатарда жұмсалады. Мәселен, араб тілінен енген асыл қазақ тілінде біре құнды, бағалы, қымбат деген ұғымды білдіріп, осы сөздермен синоним болса, екіншіде алдақты, қадірлі, құрметті деген мағынаны көрсету арқылы асыл-ардақты- қадірлі-құрметті тәрізді синонимдік қатарды құрайды [4, 39].

Автордың романындағы **залым**-сайқал-мыстан-қу синонимдердің әрқайсысы экспрессивтік мәнге ие бола отырып, көбінесе ауызекі сөйлеу стиліне тән болып келеді. Бұл синонимдер стилистикалық сын есім синонимдер белгілі бір стильді тандап, талғап қолданылады [4, 41]. Берілген мысалдарды синонимдік қатардың тек залым, қу сөздеріне мысал келтірсек, залым түлкі, залым адам, қу адам [3, 113]. **Сұғанақ** түлкілер тімтініп жүреді, емен тоғайларынан қабанның торайларын аңдиды [3, 35]. Сол секілді, назарымызға тағы бір сөзі алатын болсақ, сұғанақ сын есімі абыройын сатып, көрінгенге телміруші, бірденеге жету үшін неден болса да тайынбайтын деген ұғымды білдіреді [4, 36]. Әсіресе, бұл сөзді сұғанақ көз деп қолданады. Түкі жануарын қу, залым екенін білеміз. Оған сұғанық сипаттамасын да береді. Залым сөзін түлкіге қолданып, кей жерінде Лиляның әрекетіне байланысты осы сөзді адамға бағыттап қолданды. Әлін білмеген әлек екенін **залым** түлкі тамаша біледі, әйтпесе ол сойдыған азу тістері қарнын іреп түсетін еркек қабанға неге шаппайды? [3, 35]. Экранда сөйлеп отырған Диктор Татьяна Митьконый **жүзіне** назар ауып кетсе керек. - Жамал ақшаны тауып беріндер деп жатыр, қайтарсын дейді. Бірақ Лиляның надандығынан **залымдығы** басым болып шықты, ол тегі о баста алибиін сайлап алған сыңайы бар [3, 110]. Жарық дүние азып-тозып, адыра қалған **қу** шөлге айналғанын кесіртке тілесе де, жолбарыстай көрікті аң ешқашан тілемейді [3, 10]. Біздің ауылда сүтін сататын адамдар бар, әйтсе де ел оларды **қу**, сараң дегісі келіп тұратын сияқты. Яғни стилистикалық синонимдер қосымша бояма мәнге ие болуына байланысты барлық стильде бірдей қолданыла бермей, жеке бір стильді талғап жұмсалады. Мәселен залым араб тілінен, сайқал парсы тілінен енген [4, 41].

Біздің студенттер күн сайын тегіс осы кітап дүкенін алақтап, бір сүзіп шықпай әсте тұра алмайды, әбден **үйреншікті** ғадетке айналған. Бұл «дағдылы» сөзінің синонимі сын есімдер заттың сипатын білдіретін сөз табы болғандықтан, сын есім синонимдер осы ерекшеліктерді әр-түрлі қарым қатынаста алып көрсетеді [3, 35]. Ал, дағдылы мен үйреншікті сын есімдерінің мағыналық реңктері бір-біріне жақын болып табылады [4, 81].

Әр түрлі ұғымдардың бір сөзбен аталу себебі, олардың белгілерінің, ерекшеліктерінің ұқсастығына байланысты. Сол сияқты қымбат сөзінің әр мағынасы бөлек синонимдік қатар құрайды [4, 29]. Өткен жылы Ританың класына Жамал **қымбат** футбол добын сыйлады [3, 32]. Осы оқиғадан сәл бұрынырақ, қырсыққанда тап мен кезекке келген күні **ескілікті қымбат** фарфор ыдыс-аяқ, ұсталған парсы кілем мен **бағалы**, бірақ киілген тон тәрізді тұрмыстық біраз бұйымдарды еденге үйіп тастаған екен [3, 33]. Осы мысалдардағы қымбат, бағалы сөздерін қайталана бермей бірінің орнына бірі қолданылып түрленіп отыр. Ал, қымбат сөзінің әр мағынасы бөлек синонимдік қатар құрайды. 1. **Қымбат-бағалы, құнды**. 2. Қымбат-асыл, жақсы, саф, әдемі, таза. 3. Қымбат- ардақты, қадірлі, құрметті.

Жазушы алғашқы синонимдік қатарды қолданып отырғанын көреміз. Ескілікті қымбат фарфор дегендегі «ескі» сөзін таңдалынса, Бұл қазақтың салтында жоқ, ал **көне** дәстүрді бұзған адам оңбайды [3, 134]. Қазіргі заманғы жазушы тұлғасының рухани болмысын **көне** аңыздағы суға тасталған қорғаныс нәрестеге теңеуге бек мүмкін [3, 96]. Сөйлемдерінде «көне» сөзі көне дәстүр, көне аңыз ұғымына сай таңдалынып алынған [4, 20]. Бұл номинативтік мағынасындағы синонимдік қатардың құрамындағы ескі, көне бір-бірімен өзара мәндес болып тұр. Ескі және көне сөздерінің қасиеттері көптеген заттар мен құбылыстарға тән болғандықтан, бұл сын есімдер әр түрлі сөздермен тіркесе алады.

Қазақ тілінде де тұлғасы әр түрлі болғанымен, мағыналары бір-бірімен жақын сөздер көп-ақ. Мысалы: сәт, уақыт. Уақыт, мерзім, шақ, кездеген сөздер тобы да мәндес, мағыналас [2, 43].

Менің бала бағушы болғанымға айға тақаған **сәтте** күтпеген тосын оқиға киліккені. Алайда, **дер кезінде** қаржыны тұтас бере алмай қиналып, қарызын жартылай зат түрінде өтеу үшін кешкісін таксимен үйге әкеп беріпті [3, 33]. Ізінше кішкентай қыз қайтадан кітапқа бас қояды да, көп **уақыт** бас алмай оқиды [3, 32]. Тек жастық **шақта** жас өскіндер бұрқырап өседі екен ғой, әттең [3, 132]. Сөйтіп Ритадан біраз **уақытқа** бас сауғалай тұрғанымға ренжімеймін [3, 28]. Түн мен күн алмасқаны тәрізді бақ пен сор ауысатын өліара, меніреу, дүлей **шақ**. Қам-қағым **мезетте** аумалы-төкпелі бейопа өмір айнып, өңін бұзып құбылып үлгереді [3, 142].

Сын есім синонимдерінің қатарын кеңейтетін эвфимизмдер тілде жеке сөз түрінде ғана емес, сөз тіркесі түрінде де келуі мүмкін. Сол сияқты ош-араз-қырғи қабақ деген синонимдік қатардан *қырғи қабақ* деген сөз тіркесі де эвфемистік қызмет атқарады. Бертін келе, дүмбілез, араздық пайда болды. [4, 34] Ал талдап отырған еңбектен алған мысалға қарасақ қырғи қабақ сөзін дұрдараз алмастырып, әрі мағынасын жағынан ұйқасып тұр. Ф. Оразбаевада қырғи қабақ-дүмбілез синонимдік қатарын көрсек, А. Кемелбаевада қырғи қаба дұрдараз мағыналас болып тұр: Екеуміз тағы **қырғи қабақ** тілсіз соғыстың ойынын ойнадық. Жол бойына Рита екеуміз сөйлескен жоқпыз, **дұрдараз** кейіпке су түбіне құлағандай тағы бір баттық.[3, 72]

Барлық жанды- жансыз заттарға қатысты айтылатын сындық синонимдердің бірі- ызғарлы-сұсты-суық-зәрлі-кәрлі тізбегіндегі сұсты-ызғарлы сөздері мына мысалда ызғарлы дауыс жансыз болса, сұсты тарғыл жандыға байлынысты сипатталып айтырған. [4, 13]

Жамал телефон соқты, дауысы қатқыл, ашулы ғана емес, **ызғарлы**. [3, 69] Аша тұяқтылар мол төлдеген сайын **сұсты** тарғылдың түгі күн сәулесіне шағылысып, жалтырай түседі. Әйтпесе **сұсты** тарғылды ұйқысынан оятуға ешкімнің батылы бармас еді.[3, 140]

Айгүл Кемелбаева шығармаларынан күрделі сөйлемдер, сол бір сөйлем ішіндегі я қатарынан келген сөйлемдер арасындағы синонимдік қатарды жиі кездестіруге болады: Ұлар таутеке мен арқар тәрізді жаратылыстың саф **таза, кіршіксіз**, ең тыныш, ең түпкір жасырын бұрышын паналауды сүйгені сүйген. [3, 142]

Сондықтан кәнігі аңшының өзі ұлардың дабылын құлағы естігенмен көзі көргені **сирек**. Мынажарық дүниеде ең асқақ жер биігін сүйетін ұлардан басқа құс **некен-саяқ**. Қанат қағуы **сирек** хәм шабан. Сондықтан кәнігі аңшының өзі ұлардың дабылын құлағы естігенмен көзі көргені **сирек**. [3, 142]

Кейде басқа тілдерден енген сөздер сол тілдің байырғы сөздерімен мәндес келіп, синонимдер жасалады. Демек, синонимдер бір мағыналы сөздер емес, мағыналары бір-біріне жуық сөздер.[1, 45]: Алайда, мен білемін ғой, **аспанда** ай тұтылып қалса да, көзге түрткісіз тас қараңғы болса да, сол ақшаны ұрлаған өзім емесін жүрегім біледі ғой. [3, 35] Осы аталғанның бәрі кәмпиттің түрлері ғана және экономикалық дағдарыс жайлаған елде жер мен **көкті** тәтті орап тұрғандай, өмірдің өзі шырын татитындай үздігетінін қайтерсің. [3, 32] Биік асулармен айнала жиектеліп әдейі қоршалғандай құпия өлкеге **көктен** қараса, ол қарлы таулардың ақ бас шыңдары ақ гүлдің жапырақтарына тарамдалып біткенін анықтауға болар еді. Жаз шыққа **аспаннан** көкпенбектігі алабөтен лүпілдеген нұр тамып тұрғандай болады. [3, 159] Синонимдер тікелей стильмен байланысты болып келеді. Мысалы, *көк, аспан* деген синонимдік қатардың құрамындағы аспан сөзі жер жүзі, жер шары деген синонимдік қатардағы жер шары тіркесі көбінесе ғылыми стильде (астрономияда) қолданылады. [1, 45]:

АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВА ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК- ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР.

Байқағанымыздай, жазушы әңгімесінен сипаттауды жиі кездестіреміз. Синоним сөздердің өзі сын есім сөз табына байланысты жиі кездеседі. Тіпті, мақал- мәтелдері де баяндап жатқан тақырыбына сай негізделіп таңдалынған. Еңбек, адалдық, ар-ұят, адамгершіліктің жоғарғы деңгейін талқылайды. Кейбір айтылған сөзді одан әрі күшейту үшін оның бірнеше синонимдерін қатарынан пайдаланады. Автордың бұл әдісі белгілі бір ойын қарапайым ғана жеткізе салмай, оны шегелеп, әсірелеп жеткізу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Болғанбаев Ә.: «Қазақ тіліндегі синонимдер»: «Ғылым» баспасы, Алматы,- 1970ж
2. Қарасев М. Қазақ тілі: педагогикалық училищелер мен колледждер оқушыларына арналған оқу құралы- Алматы, «Ана тілі», 1993,- 216 бет.
3. Кемелбаева А.: «Мұнара» романы, Алматы ,2003,- 163 бет
4. Оразбаева Ф.: Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер: «Мектеп» баспасы, Алматы,-1988ж

Р.Д. Кенжебай

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің магистранты
e-mail: d_raihan_k@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада фитонимдер деп сакральды өсімдіктер қатарында табылатын, қазақ халқының емдік өсімдіктері қарастырылады. Алдыраспан емдік өсімдігінің түпкі мағынасында, көне түркілік мағынада атырау, ажырау мағынасында келеді. Мендуана деп аталатын емдік шөптің этимологиясы парсы сөздерінің қосындысынан шыққаны қарастырылады. Жалбыз өсімдігінің әуелгі формасы қаралады. Өзге де емдік өсімдіктердің этимологиясы ғана емес, этнотанымдық сипаты да ашылды.

Кілт сөздер: фитоним, емдік шөптер, адыраспан, жалбыз, фитонимдердің этимологиясы.

Annotation. This article discusses the medicinal plants of the Kazakh people - phytamins, which are sacred plants. The root meaning of the medicinal plant *Harmala vulgaris* in ancient Turkic means detachment. The etymology of the medicinal plant henbane comes from the combination of Persian words. The initial form of the mint plant is considered. Not only the etymology but also the ethnocognitive nature of other medicinal plants is revealed.

Key words: phytonym, medicinal herbs, adyraspan, mint, etymology of phytionids.

Аннотация. В данной статье рассматриваются лекарственные свойства растений казахского народа, которые относятся к числу лечебных растений как мифофитонимы. Лекарственное растение Алдыраспан - в переводе из древнетюркского означает дельта, разделение. Выделяется этимология лекарственного растения под названием Мендуана, происходящая от комбинации персидских слов, исходной формой растения, которой считается мята. Выявлена не только этимология других лекарственных растений, но и этнопознавательная природа.

Ключевые слова: фитоним, лекарственные травы, адыраспан, мята, этимология фитонимов.

Материалдық мәдениетке жататын әрі адам өмірінде қолданылатын дүниелер адамзаттың тұрмыстық қажеттілігін ғана қамтамасыз етпегенін, одан да жоғары дәрежедегі символикалық, эстетикалық, социогендік қажеттіліктерін өтейді.

Ж. Манкееваның пікірінше, материалдық мәдениетке жататын өнімдер интегралды процестің нәтижесі екенін атап өткен жөн. Рухани мәдениеттің көрінісін материалдық мәдениеттің жемісінен көрінетінін, мәдениетті материалдық және рухани деп ажырату мәдениет терминінің мағынасын ашпайтынын көреміз [1] дейді. Көретініміздей, бұл екеуі бірлікте, тығыз байланыста қарастырылғанын, шартты түрде ғана ажырататынымызды көретінімізді айтады. Әрбір халық өзінің тұрмыстық қажеттілігін өтеу үшін қоршаған ортаны өз игілігіне пайдаланады. Тұрмысына қажетті, өмір сүруін жеңілдету үшін жасаған дүниесі сол халықтың материалдық мәдениетінің көрсеткішіне айналады. Зерттеушінің бұл еңбекті жазудағы мақсаты табиғатпен астас өмір сүрген қазақ жұртының болмысын танытатын өсімдік әлемінің тіл арқылы көрініс табатын бір саласы – олардың күнделікті тұрмыстағы пайдасы мен қызметі. Жалпы адамзат тарихының ең алғашқы дәуірінен бастау алған дәстүрлі емес халық медицинасының қызметін көп жағдайда бүгінде дәстүрлі медицинамен қатар қолдана бастағанын, сонау XV ғасырдың өзінде ғұлама ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы 758 түрлі шөп дәрілер мен 318 түрлі жан-жануарлардың мүшелерінен, 70-ке жуық метал-металлоидтың қоспасынан 1250-ден аса дәрі жасап, 13000-нан аса рецепт ұсыну арқылы медицина ғылымына өлшеусіз үлес қосқанын, ғұлама ғалым Әл-Фарабидің адам денесінің жетілуде денсаулығы мықты болуын, жетілуі денсаулығында екенін, дене сау болмаған жағдайда, денені сауықтыру қажеттігін айтқан пікірін келтіру арқылы өсімдіктердің денсаулыққа деген пайдасын айта өтеді. Сейітқамза Қалиев деген халық емін отыз жылдан аса уақытта неше түрлі сырқаттарды емдеумен айналысқан емшінің сөзінше, дәрілік өсімдіктерді пайдалануда әр елдің өзіндік салт-дәстүрі мен жинау, сақтау, қолдану ерекшеліктері болатынын, Үнді, Қытай, Тибет сынды жазба деректерімен танымал елдердің емшілері өсімдіктер мен жануарларды, минералдарды т.б. ұтымды пайдаланып, адам өміріне төнген қауіппен қарсы күресуде бай тәжірибе жинақтағаны көне дәуірден мәлім екенін көреміз дей келе қазақ халқының да мұндай тәжірибеден аулақ еместігін айтады. Қазақ халық емшілерінің тәжірибесінде ауруды шөппен емдеу тәсілі жиі қолданылады. Төрт түліктің қамымен мыңдаған шақырымға көшіп жүретін қазақтар әрбір өсімдіктің гүлдеу, ұрық шашу, өсіп-өну, құрау мерзімдерін жақсы білген. Жыл маусымына сәйкес өсімдіктердің шипалық немесе улы қасиеттерінің артауының білген, кезеңдеріне сай өсімдіктердің шипалық немесе улы түрінен сақтанған және емдік шөптерді күш-қуаты бойында тұрған кезінде, дәл уақытымен жинайтын болған. Мифофитонимдер қатарына емдік шөптердің атауына сакралды өсімдіктерді жатқызу халқымыздың танымының бір қыры ретінде анықталатына көз жеткіземіз. Қазақ емшілер арасында емдік шөп ретінде қалақайды, ащы жалбызды, андыздың жапырағын, шытырды, шайшөптің гүлдерін, емен, қарашіліктің қабығын, қарағай мен жалбыздың бүршігін, итшомырт, арша жидегін, дермене, итмұрынның жемістері мен тұқымдарын, рауғаштың тамырын қолдану кең таралған үрдіске жатады.

Халқымыздың танымында емдік қасиеті ерекше өсімдіктердің бірі – адыраспан. Бұл өсімдіктің емдік қасиеті туралы көптеген сөздіктерде көрсетілген: «гармала обыкновенная или могильник обыкновенный. В азиатской медицине применяют семена как антиспастическое, спотворное, противорвотное и противоглистное средство. Использовалось в качестве abortирующего средства на Среднем Востоке и в Средней Африке. Для этих же целей используют в Западной Европе. Растение находит применение и в гомеопатии. Семена используется также в шаманских практиках арабских кочевников» [2]. Халқымыздың тұрмысында, өмірлік тәжірибесінде дәлелденген адыраспанның емдік қасиетін төмендегіше жіктеп көрсетуге болады:

- Адыраспанды қайнатып, малдың қотырын жуған;
- Кесіртке сынды жәндіктер малды жаралағанда, шаққанда адыраспанға аунатып алады;
- Адыраспанды жапырағы мен сабағын қосып қайнатса, ұмытшақтыққа ем;
- Адыраспан шөбін ыстағаннан соң тіс қақсауы басылады;
- Адыраспанның жапырақтары мен сабағын қайнатып құяңмен ауырған адам екі апта қатарынан ішсе жазылады;
- Адыраспан суына суықтан тиген аурулар мен терісі бөрткен кезде жуындырады;
- Адыраспанның жас сабағын қиып, жаншып буынға тартса, жел-құздан қозған ауруды емдейді;
- Адыраспанды қайнатып, сол сумен адамның буынының сырқырауын, аяқ-қолының қақсауын үш мәрте булау арқылы кетіретіні анықталған;

Кейбір еңбектерде бұл қасиеттерінен бөлек өсіп тұрған жеріне шыбын-шіркейдің жоламайтындығы, оған тек «ханның қызы» сияқты қасиетті қоңыздар ғана қонатындығы туралы айтылады. Сонымен қатар, жүнге қатысты қолөнерде қолданатынын түрлі жіптерді бояу үшін адыраспанды көп мәрте қайнатып, қызылқүрең түсті бояу алады [1, 112].

Келесі кезекте адыраспан сөзінің этимологиясына назар аударатын болсақ, «адыр» бөлігінің көне түркі тіліндегі адыр/айыр етістіктерімен қатар анықтап, д мен й дыбыс сәйкесін көре отырып, Б.Сағындықұлының «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» деген еңбегінде [3] ажыраумен мағынасымен қатар атырау сөзінің келетінін айта келіп, теңізге құятын өзеннің сағасында арал пайда болса немесе бөлініп қалған жерін атырау деп айтатынын айта келіп, атырау мен ажыраудың вариант сөз деп табылатынын, адыра қал деген фразеологизм негізінде келетінін, бұл екі сөздің берер мағынасы бөлініп қалу мәнінде келетінін көреміз. Атырау, ажырау, адыра сөздерінен т-ж-д сәйкестігі түзіледі – деп түсіндіреді. Е.Керімбаев «Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах» деген еңбегінде [4] де көне түркі тілінде адырдың ажырау, айырылу мағынасында қолданылып, тау, көл, бұлақ сынды географиялық атаулардың негізі болғанын айтады. Қазіргі қазақ тіліндегі айыр = етістігімен сабақтас ескі түркі тілінде адір тұлғасы да қолданылған. Мысалы, адір – «айыру», «ажырату», адрил – «айрылу, ажыратылу», «бөліну» т.б. [2, 62]. К.Брокельман мен Г.Вамбери сынды зерттеушілер еңбектеріне сүйене отырып, адыр тұлғалы сөздердің ай // ad // ab деп санайтынын көреміз [4, 78]. Сонымен қатар, А.Шормақованың айтуы бойынша, адыраспан өсімдігінің тамырлары бір-бірінен ажырап өсетініне байланысты Көк тәңіріне табынған түркілердің аспан сөзіне тіркесіп, адыраспан өсімдігі атағанын көреміз. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» 15-томдық сөздігінде адыраспанның емдік қасиеті күшті, ауруларды емдеуге қолданылатын өсімдік екені әрі көпжылдық шөптесін өсімдік деп анықталады. Сонымен қатар, адыраспанды жинау тұқымы толық пісіп, қауызы толғанда ғана болады әрі ер адамдар жинауы керек болған, жинақы, дәреті бар тап-таза адам таңдалатынын айтады. Діни ұғымда жын мен шайтаннан аластау үшін «Адыраспанмен үйді аластау» рәсімі жүргізілген. Үйдің босағасын, үй ішін тазалап қана қоймай, медициналық тұрғыдан бактериялардан да тазарту үшін қолданатынын, тіл мен көз тигенде де ұшықтау кезінде адыраспанды қолданатынын көреміз.

Алас, алас, баладан алас,
Түрлі-түсті пәледен алас,
Көзі жаманның көзінен алас,
Тілі жаманның тілінен алас,
Алас, алас, алас,

Қыла гөр Алла пәлеңнен қалас – деп отқа тұз тастайды [5]. Ертерек уақыттарда адыраспан тәрізді меңдуана өсімдігін де тұтатып, түтінімен аластайтын қасиетті шөп ретінде пайдаланған. Бұл шөп өте улы өсімдік болғандықтан оны мейлінше мөлшерімен, мұқият пайлануға тырысқанын, мөлшерден тыс пайдаланылса адам уланып, басы айналып, беті мен мойны қызарып, құсады, яки миы уланады. Халық арасында кездесетін меңдуана жегендей тіркесі осы улылығына қатысты:

Мына көктем қайтеді, мына көктем,
Қылаң еткен алдымнан сылаң еткен.
Меңдуана жегендей, мына баққа
Тағы келдім,

Бақ бар ма бұдан өткен?! (Кенжебай М. «Никольский базары скверіндегі көктем»). Немесе: «Не деген топас едім, а!? Меңдуана жеген кеше біреу болса, сол мен шығармын! Апырмау, миында бір шөкім ақылға аялдама жоқ, санасында ескіретін саңылау жоқ, ақымақ болғаным ба?» (Наймантаев А. «Жиналыс

жүріп жатыр»). Халық емшілігінде меңдуананың тұқымы мен жапырағы пайдаланылады, әрі оны тұқымы піскенде жинап алып, қараңғы жерде кептіреді. Меңдуананың тұқымын тіс ауруларын емдеуде жиі қолданады әрі қолдануының екі түрлі тәсілі бар: біріншісі, талқандап, ұнтақтаған меңдуана тұқымын темекі секілді тарту (түтінін ішке жібермей), екіншісі, меңдуана тұқымын өртеп, оның түтіні ауызға жеткен кезде құран аяттарын айтып емдеу, бұл тәсілді ел арасында тістің құртын шақыру деп атайды [6]. Ішкірне деп аталатын құрсақтың түйнеп ауыратын жіті сырқатына меңдуананы талқандап ішкізеді. Сол сияқты шикан аузын шығаруға да тартады. Халқымыз меңдуананы мал емдеуде де кеңінен пайдаланған. Осы меңдуананың этимологиясына талдау жасайтын болсақ, Ә.Қайдаров меңдуана сөзінің этимологиясына байланысты сөздікте иран тілдерінде банг және девона ақылынан адасқан, есерсоқ, есуас деген екі сөздің бірігуі арқылы, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкес банг үнді қарасорасы сөзімен формасына, девона дуана формасына ауысу арқылы жасалған деген пікір білдіреді. Сонымен қатар, иран сөзінің меңдуана атануын фонетикалық құбылыс деп атап, мең сөзінің қазақ тіліндегі меңзеу, меңіреу, мең-зең сынды туынды түбірлерге негіз болғандығын айтады [7].

Халқымыздың тілдік қолданысымызда көп кездеспейтін, улы өсімдіктің бірі – итсигек. Итсигек өсімдігі туралы мынадай аңыз-әңгіме кездеседі: «Ауылдың қадірлі қариясы Шөптібай ақсақал ауыл жігіттеріне ылғи да итсигектің уын жинап қоюға кеңес беріп жүреді екен. Басқа өсімдіктер жер астынан дүркірей көтеріліп, шілденің соңына қарай қурай бастағанда, итсигек қана қан-сөлсіз қуарып, бунақталып ербиген қалпында тұрады. Тек шілде айында ғана серейген бұтақтарына жан бітіп, әр жерінен ұсақ көк түйіндер пайда болып, шілде ортасы ауғанда көкбұтаның басынан қан-сөлсіз, күн қуратқан шүберектей болып бес тілді ұсақ гүл бүр жарады. Жігіттер гүлін көп салған, буыны көп, бойы аласа итсигекті таңдап жүріп жинап, үш-төрт шойынқазанды Былқылдақтың сорына апарып, қазандарды улы шөптің үстіне төңкеріп жабады да, қазан ернеуін айналдыра топырақпен көміп, таптап тастайды. Шілде мен тамыздың ми қайнатқан ыстығында қара қазан итсигекті тұмшалап, төңкеріліп жатады. Тек қыркүйек айында әлгі жігіттер қайта келіп, қазанды жел жағынан төңкеріп (олай етпегенде шөптің уы бетті шалып кетеді) қазанның қабырғасына көк-шұбар болып жабысқан улы қырып алады да, қыста өлген малдың етіне жағып қояды. Көкжалдар улы етті бірер қарбытқан соң, сенделіп масс болып, сеспей катады» [8]. Тіршілігінің тірегі төрт түлік еткен қазақ халқы үшін, жер қойнынан өсіп шығатын әрбір түп өсімдік сол төрт түлігіне азық болумен қатар, оларды ит-құстан да қоритын қару ретінде пайдаланылып отырған. Сонымен қатар, бұл өсімдіктің малдың қышымасы мен қотырына мыңнан бір ем екендігі халық арасында жиі айтылады. Ол үшін тамыз айында итсигек тамырын жинап, кептіріп, келіге түйіп ұнтақтайды. Ұнтақты шүберекке түйіп, аздаған суға қайнатып алады да, буына бұқтырып қояды. Осы суды ұнтағымен қосып, темір бөшкеге сақтап, малдар қышымамен ауырғанда шетінен пайдаланып отыруға болады. Бұл өсімдіктің улылығы туралы «Қазақстанда кездесетін улы өсімдіктер» кітабында: итсигектің бойында: анабазин, афилин т.б. бар. Анабазин – күшті у. Оның әсері темекі никотинінің әсеріне ұқсас. Аз мөлшерінің өзі адам мен малдың тыныс мүшелерін зарарлап, өлімге дейін апарып соғуы мүмкін. Бұл алкалоидтың түрліше ұсақ жәндіктерді улайтын қасиеті бар. Мысалы, бүргелердің, биттердің, кенелердің денесіне тисе болды, оларды қатты уландырады. Кейбір жәндіктер үшін иісі де жеткілікті» [2, 39] деген ақпарат берілген.

Емдік қасиетімен қазақ танымында ерекшеленетін өсімдіктердің бірі – жалбыз. Сыздауыт пен сулы жерлерде, тау шатқалында өсетін әрі дәстүрлі емшілікте жиі қолданылатын жұпар иісті, емдік шөп ретінде жалбыз танылады. Жапырағы ирек келетін жалбыздың сабақтары – қырлы, өзегі – қуыс. Өсімдік атауларына арнайы зерттеген М. Бимағамбетовтің ойынша, жалбыздың әуелгі формасы ретінде «жел бұз» келеді. Оның себебі бұрынғы кезде халық оны қайнатып, жел ауруына ішкізіп, соған ем ететін болған. Яғни, желді бұзады деген ұғымға байланыстырып, «жел бұз» атаған. Ал қазіргі кезде қазақ тілінде жалбыз аталып кеткенін көреміз. Жалбыздың мәдениетімізге етене сіңісіп кеткенін «Жалбызды жерде жан қалады» деген мәтелден айқын аңғаруға болады. Сондай-ақ, жалбыздың емдік қасиетіне байланысты аңызды «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиядан кездестіреміз: «Бір-бірімен кәсіби өрісі туралы шен таластырған екі емші кез келген ауруды емдеп жаза алатынығын алға тартып бәстеседі. Бәстің аяғы ту ешкінің бүйрек майын балаларына жегізіп, онан келетін кесепаттан айықтыру болады. Емшінің бірі май ерітудің құпиясын біледі екен де, екіншісі онан мақұрым болса керек. Ақыры екінші емшінің жалғыз баласы қатқан ешкінің майынан айықпас дертке душар болып көз жұмады. Емші әкесі баланың асқазанына байланған ешкінің тонмайын кесіп алып, пышаққа сап жасап алған екен дейді. Ішқұса болып тау-тасты кезіп кеткен емші бірде дамылдап отырған кезде беліндегі пышағы абайсызда жалбыздың үстіне түсіп кетеді. Жалбыздың пышақтың сабын ерітіп бара жатқанын байқаған емші «Жалбызды жерде жан қалады екен, жалбызды білгенде жалғызым өлмес еді» немесе «Жалбызымның жоғынан жалғызымнан айырылдым» деп күйінген екен. Дәстүрлі емшілікке қатысты бұл аңыздың негізгі леймотиві күллі аурудың емін тапқан, ұзақ өмір сүрудің құпиясын ашқан Лұқман хәкімге қатысты аңыздың қазақыланған нұсқасы деуге болады» [9]. Лұқман хәкімге қатысты аңыздардың бірінде баласының ауырып қайтыс болуына себепкер болған жүрегінің басына байланған мүйіз болған деседі. Сол мүйізді таяғына сап қылып, оны бір жерге сүйей салған екен, оянғанда саптың шөпке (жалбызға) тиген жағы ери бастаған екен. Жалбыздың қасиетін білетіндер оны гүлдемей тұрып жинап алады. Көлеңке жерде баппен кептірілген жалбыз өзінің емдік

қасиетін жақсы сақтайды. Халық емшілігінде жалбызды суықты тартатын, майды ерітетін, асқазан-ішек жолдарын тазалайтын қасиеті үшін жоғары бағалайды. Жалбыздың қазақ өміріндегі маңызы мен қасиеті туралы өлең-жырларда да көп айтылады. Мысалы, Сейфолла Оспанның «Жалбыз» өлеңінде Құдай адамды жаратқанда оның жанына керек неше түрлі хайуандар мен өсімдіктерді жаратады. Бірақ адамның көңілі бір нәрсеге алаң болып, тынши алмайды. Сол кезде Жаратушы: «Сен үшін не жаратайын? – деп сұрағанда, адамның берген жауабы мынадай болады:

«Жапырағы жайылған,

Болсам егер өсімдік.

Ессе ізгілік бойымнан,

Алар едім есім ғып» – дей отырып, өзінің қалауын сұрайды. Сонда Құдай «жалбызды» жаратады.

Содан жалбыз ем болып,

Талайларға жағыпты.

Сыйлайды екен ел болып,

Жанын оның таныпты.

Аңыз болып тараған

Кім білмейді жалбызды.

Сыйлап бар ел, бар адам

Жалбыздайын жан дейді (Сейфолла О. «Жалбыз»). Жазушы Тұрдыбек Алшынбаевтың «Жалбыз иісі» шығармасында бұл өсімдіктің барлық қадір-қасиеті көрінеді. Кішкентай Дәуіржанның атасымен бірге қыстауға, жай ғана қыстау емес, Ата қонысқа көшіп келуі. Атасының снаряд жарықшағы тиген көзінің ауырғаны, күйбең тіршілікпен шауып жүрген әке-шешесінің бұларға көңіл бөле алмауы жас баланың үлкен кісілерше шешім қабылдауына, сөйтіп атасының көзіне ем ретінде түнделетіп барып жалбыз теріп әкелуі баяндалады. Шығарманың өн бойында өсімдіктің бар қасиеті ашылады. Атасының: – Жәй, көздің ұшынғанына жалбыз жақсы болушы еді, мына қараңғыда қайдан табамыз! – деген бір ауыз сөзі баланың қараңғы түнде бұлақ бойында қарауыта ырғалып, хош иісі мұрын жарған барқыт жапырақты жұмсақ шөпті құшырлана жұлуына себепші болды. «Айнала қою қараңғылықтың өзі байқалмай кетті. «Әне, анау қарауытқан атасының Ата қонысы, ескі қыстау ғой. Қасиетті мекен! Бұл жердің әр тал шөбіне дейін ойға медеу, бойға шипа! Дәуіржан хош иісті жалбызды құшақтап келе жатып, бір сәт міне, осылайша шалқыды...» (Алшынбаев Т. «Жалбыз иісі»). «...Мен тас жықпылына біткен бір түп жалбызды жұлып үлгергенше шың кемерінен табаным көтеріліп үлгерді. Қыркүйек айында буыны қатып, толысқан жалбыздың иісі ерекше екен. Менің қазіргі сәттегі әрі-сәрі көңілімді орнықтырғандай, осы бір шүйкедей ғана жапырақтың саумал иісі сарайымды ашып жіберді. Есіме тағы әжей марқұмның: «Тауға біткен жалбызым-ау!» - деп отыратын сөзі түсті. Есіме түскені мұң екен қолымдағы жалбыз елбіреп, саусағын созған әжемді елестетті, ұсақ түк басқан қара көк жапырақтар көзіме оттай басылды. Жалбыздың да буын-буыны босағандай, алпыс екі тамыры иігендей, жұпар иісімен ағыл-тегіл шомылдырып жатыр...» (Сейдімбек А. «Тауға біткен жалбыз»). Жоғарыдағы шығармалардан келтірілген мысалдар арқылы зерттеушінің жалбыз өсімдігін барлық болмысымен жарқыратып, соны айқындауға, соны даралауға жұмсалғанын, жалбыздың халқымызда ерекшеленетінін көрсетеді [2, 39].

Көлден кетсе, жалбыз мұң,

Елден кетсе, жалғыз мұң, - дегендей, жалбыздың емдік қасиетінің орасан екенін этнограф Ж. Бабалықовтың жинаған деректерінен дәлелдер келтіру арқылы оның мынадай қасиеттері бар екенін көрсетеді:

- Адам ыстықтан да кейде тұмауратып жатады. Сол уақытта жалбызды суға қайнатып ішеді.
- Адамның басының ыстығымен қатар, ішкі ағзалардың да ыстығы көтеріліп, көз қызарып ісінгенде, ұшынып қалып, ерінге ұшық шыққанда жалбызды суға қайнатып, күніне екі мезгіл іше болады;
- Жас бала тұмауратып қалса, жалбыз алып, суға бір қайнатып, бір метрдей көк түсті шүберекті жалбызға малып, осыған баланы орап, тағы да қалың етіп жауып терлетеді;
- Кейде адамның мұрнынан қан тоқтамай жатады. Сондай сәттерде жас жалбызды суға қайнатып, сол суға мақтаны салып, мұрынға суын тамызу керек. Құлақ ауырғанда да жалбыздың суын сығып, соны құлаққа тамызады [2, 39], [10].

Емдік өсімдіктер этимологиясына қарап отырып, олардың кейбірінің сөздердің бірігуі арқылы, тіптен өзге тілден енгенін де көреміз. Бұл өсімдіктер халқымыздың рухани мәдениетінің бір белгісі болып, мифофитонимдер қатарында этномәдени сипаты халық арасындағы аңыз негізінде көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008. – 356 б.
2. Шормакова А. Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің линвомәдени бейнесі. Философия ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, ҚР, Алматы, 2020. – 178 бет
3. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 296 б.
4. Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1992. –92 с.

5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.
6. Оразақов Е. Қазақ халық медицинасы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 бет
7. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі. Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы. Алматы, 1966. – 240 бет
8. Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. – Астана, 2010. Т.2. – 816 б.
9. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / Энциклопедия 2 том. – Алматы, ТОО «Алем Даму Интеграциясы», 2012. – 736 б.
10. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 368 б.

ӘОЖ 811.512.122 (574)

«А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»

З.К.Қазиева

Педагогика және психология факультетінің магистранты
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
e-mail: kaziyeva.z@mail.ru

Аңдатпа: Сіздер бұл мақалада аталмыш тақырып аясындағы яғни «А. Байтұрсынұлы және ХХІ ғасырдағы қазақ тіл білімінің жаңа парадигмалары» атты тақырыптан кеңінен мағлұмат ала отырып, өткен ғасыр мен бүгінгі ғасырдың қазақ тіл білімі саласындағы салыстырулар мен өзгерістерден хабардар боласыздар. А. Байтұрсынұлының білім жолындағы жасаған ғылыми іденістері мен қалдырған мұраларымен қатар, бүгінгі таңдағы оқу орындарындағы автордың еңбектерінің ролі мен маңызынан тың жаңалықтар оқи аласыздар. Қазақ тіл білімі саласы қашанда қазақ жанашырларының жіті назарында. Сол себепті бұл саланы дамыту үнемі жүргізіліп келеді. Филология ғылымы Ахметтей ұстаздың салып кеткен дара жолымен үздіксіз балаларға дәріс ұсынып келеді. Қазақ әліпбиінің ең алғашқы авторы ретінде ағартушыны баршамыз танимыз, дегенмен ол кісінің ғылым жолындағы жүріп өткен жолдарынан хабар біле бермейміз. Сондықтан тақырып бүгінде актуальды. Бұл мақала осы саладағы білім берушілер мен білім алушыларға, қалың көпшілікке әдістемелік нұсқаулық ретінде арналады.

Түйін сөздер: Ахмет. Қазақ тілі. Білім. Студент. Жаңалық. Парадигма.

Аннотация: В данной статье вы узнаете о сопоставлениях и изменениях в сфере казахского языкознания прошлого и сегодняшнего века, подробно ознакомившись с темой «А. Байтұрсынова и новые парадигмы казахского языкознания ХХІ века». Помимо научных достижений и наследия А.Байтұрсынова на пути к образованию, вы можете прочитать новые новости о роли и значении трудов автора в современных учебных заведениях. Казахское языкознание всегда находится под пристальным вниманием казахов. Поэтому развитие этой отрасли ведется постоянно. Филологическая наука постоянно предлагает лекции детям по индивидуальному пути учителя Ахмета. Как первый автор казахского алфавита, мы все знаем просветителя, но не знаем его пути на пути науки. Поэтому тема актуальна и сегодня. Данная статья будет посвящена обучающимся и обучающимся в данной области, широкой публике как методическому пособию.

Ключевые слова: Ахмет. Казахский язык. Образование. Студент. Новости. Парадигма.

Abstract: In this article you will learn about the comparisons and changes in the field of Kazakh linguistics of the past and present century, having familiarized yourself in detail with the topic "A. Baitursynova and new paradigms of Kazakh linguistics of the XXI century". In addition to A. Baitursynov's scientific achievements and legacy on the way to education, you can read new news about the role and significance of the author's works in modern educational institutions. Kazakh linguistics is always under the close attention of Kazakhs. Therefore, the development of this industry is ongoing. Philological science constantly offers lectures to children on the individual path of teacher Akhmet. As the first author of the Kazakh alphabet, we all know the educator, but we do not know his path on the path of science. Therefore, the topic is relevant today. This article will be devoted to students and students in this field, the general public as a methodological guide.

Keywords: Ahmet. Kazakh language. Education. Student. News. The paradigm.

Ахмет Байтұрсынұлы алты алашқа әйгілі болған дарынды қазақтан шыққан, ұлы ұстаз екенін бәріміз де білеміз. Ахмет-ұстаз, ағартушы, аудармашы, ең алғаш қазақ әліпбиін жасаушы, көрнекті ғалым, ұлтшыл жан болған. Қазақ балаларының сауатын ашуды басты мақсаты еткен бауырмал кісі, жалғанның жазықсыз жаласына ұшырап, кеудесін оққа тосып, мәңгілік өмірге аңсаған арманы көкірек тесіп аттанды да кетті. Қайда жүрсе де, қай қызметте жұмыс жасаса да өз мақсатынан айнымаған Ахмет, қит етсе қазағына пайдасы тиер қызметті жасап отыратын. Қараңғылық пен езгіден көз аспаған қазағын қайтсем де көкке көтерем деп күні-түні еңбек етті.

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылдың 5 қыркүйегінде Қостанай облысы, Сарытүбек елді мекенінде дүниесі ашқан. Оның ұлы бабасы-Үмбетей руының сыйлы басшысы болған үлкен қария болған деседі. Руы-арғын. Ахаңның замандас-әріптесі болған Мұхтар Әузов өзінің 1923 жылы Байтұрсынұлы Ахметке арнаған мақаласында былай деген: «Сүйегі-арғын, оның ішінде Үмбетей, бергі аталары Үмбетейден тараған Шошақ, Түбек. Ахмет-Шошақтың немересі. Ал, әкесінің аты-Байтұрсын» [1, 17 б].

Ахмет Байтұрсынов Торғай облысындағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне 1886 жылы түсіп, ол мектепті 1891 жылы тәмамдайды. Кейіннен, дәл сол жылы Орынбор мұғалімдер мектебіне оқуға қабылданады да, 1895 жылы ОММ-нің Педагогикалық кеңесінің шешіміне сәйкес, «бастауыш сынып оқытушысы» деген атақ берілді. 1896-1907 жылдар аралығында Ахаң Қарқаралы, Қостанай уездерінде ауылдық болыстық мектептерде екі сыныптық училищесінде мұғалім болып жұмыс жасайды. Омбыда жүрген кезінде бұратана ұлтының санасын ояту мақсатында Ахмет И.Крыловтың мысалдарына аударма жасады. Қазақтың біртуар білімдарларымен бірге 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде бас қосып, Қарқаралы петициясын жазып шығарады. Қарқарылыда жүрген кезінде екі қызметте жұмыс жасады. Менгеруші және оқытушы болып. Осында жүріп саяси көзқарасы үшін Қарқаралы абақтасына қамауға алынды. Артынан 1910 жылы наурыздың тоғызына Орынборға жер аударылды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ұрпағына берер мұрасы мол. Оның еңбектерінің астарында үлкен ғибрат жатыр. Тағылымы терең, әрі мағыналы. Оған дәлел Ахаңның шығармалары. 1911 жылы «Маса» өлең жинағы жарыққа шықты. «Қырық мысал» еңбегі екінші рет басылымнан өтеді. Аталмыш жылы «Айқап» журналында «Қазақтың өкпесі», «Қазақ хәм түрлі мәселелер», «Закон жобасының баяндамасы», «Жазу тәртібі», «Бастауыш мектеп», «Кітаптар жайынан», «Тағы да народный сот хақында», т.б. мақалалары жарияланған болатын. 1912 жылы Қазақ әліпбиін жарыққа шығарды. Дәл осы жылы «Оқу құралы» қазақ тіліндегі әліпбесінің бірінші кітабы да шықты. 1913-18 жылдары «Қазақ» газетін шығарды. Мұнда Ахмет ұстаз газеттің бас сарапшысы қызметін атқарды. Бұл газетте Байтұрсынов Ахмет халыққа мынадай арнау арнаған болатын. «Газеттің атауын адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп «Қазақ», - деп қойдық, ұлтқа көмектесу қазақ баласының перзенттік борышы, егер де қызмет жасаймын десеңдер азамат екендеріңді дәлелдейтін жол осы» [2, 3 б].

Газет шығарып, жазба жазып жүрген Ахмет бұл газеттің бірнеше санын кезекпен жариялай бастады. Әлеуметтік цензураға сай келмеген мақала жазғаны үшін осы ретте әкімшілікке бірнеше рет айыппұл төлейді. Болмаған соң қайта темір тордың ар жағына жастандырды. Бұл қамалу-үшінші рет еді. [1, 18 б]. 1917 жылы Орынборда жалпықазақтық съезд өтті, мұнда Ахмет пен Міржақып «Тәуелсіз автономия» құру ойын ұсынады. Әрине бұл жаңалықтан халық қорқып-шошынды, тыныштық бұзылмаса екен деп, ал билік тыныш партиясы ба? Бұл мәселені де бей-жай қалдырмады. [3, 101 б].

Осылай «Алаш» партиясы құрылды. Әлихан Бөкейханов партия басшысы болып сайланды. Іс насырға шапты. Ахаң мен оның айналасындағыларға аңду процесі басталып, жалпы халыққа қауіп төнді. Осылай жүріп партияның түгел дерлік мүшелері жазықсыз жалаға ұшырап, ату жазасына кесілді, және ол сәт орын алды. Қазақ халқы арыстай азаматтарынан айырылып қалды. Қарап отырсаңыз мен жазған Ахаңның өмірінен өткерген сәттерінің барлығы дерлік қазақ қоғамын дамыту, қазақ тілін аяқтандыру болған. Одан бөлек жаза берсем, Ахметтің қызмет еткен жерлері мен бастан кешкендері, шығармалары туралы парақ жетпесі анық. Ұлтшыл ұлдың ұраны топырақ жастанып қала бермеді, үлкен рух әлі күнге дейін қазақ тіл білімі саласында. Ахметті оқып, үлгі тұтып, еңбектерінсіз филология дәрістері өтілмейді. Бұл заңдылық деп ойлаймын. Қазақтың ең алғашқы ұстаздары қатарына кіреді қанша дегенмен, Ахметтей тұлғаның аманатын дәріптеу, әрбір ұрпақтың парызы деп білемін.

Ал, енді Ахметтің ХХІ ғасырдағы қазақ тіл білімінің жаңа парадигмаларына қандай қатысы бар? Жалпы, бүгінгі заманалы ширек ғасырда тіл білімінің өзекті мәселелері қандай? осы сұраққа жауап жазып көрейік. Ахмет туралы толық болмаса да қазақ тіл біліміне қатысты жерлерін атап өттім, өмір дерегімен таныстырдым, басты мақсаты мен ұстанған ұраны мен идеологиясын көрсеттім, түсінікті болар деп ойлаймын. [8, 26 б].

Парадигма сөзіне түсінік беріп өтсем: Парадигма грекше-үлгі деген мағынаны білдіреді. Зерттелетін мәселені айқындау үшін үлгі ретінде қарастырылған теория, теориялық көзқарастардың методологиялық принциптерінің, әдістемелік қабылдау және эмпиридік нәтижелердің біріктірілген жүйесі, ғылым саласының белгілі бір уақыт аралығында ғылыми бірлестікпен қабылданған болжамдарын ғылыми тұрғыда түсіну үшін, ғылыми таным сәттерінде туындатын міндеттерді шешетін үлгі ретінде пайдаланылатын әдістемелік және теориялық ережелер жиынтығын айтамыз. Жалпы, парадигма қазақ тіл білімі саласында бірнеше мағынада қолданылады. Атап көрсетер болсам:

1. Бір-бірінен кең мағынада ерекшеленетін, ортақ белгілері арқылы тілдік бірліктер тобы.
2. Аталмыш топтардың үлгісі мен сызбасы.

Тіл бірліктері тобының жүйеленуіне қарай парадигма 3ке бөлінеді. Олар:

1. Морфологиялық
2. Синтаксистік
3. Лексикалық

ХХІ ғасырдағы қазақ тіл білімінің жаңа парадигмалары, қазіргі қазақ тіліндегі белсенді үдерістер, ХХ ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі кездегі қазақ тіліндегі жаңа тенденцияларды жатқызуға болады.

Қазақ тіліндегі тіл дамуының осынау алғышарттары Ахмет Байтұрсынұлымен тікелей байланысты. Ахмет алғаш рет қазақ тіл біліміне өзінің әліпбиімен және «әдебиет танытқыш», «тіл құралы» атты еңбектерімен сүбелі үлесін қосты. Қазіргі таңда ол үдеріс жалғасын табуда. Адамзат тіршілік қойнауындағы мәселелерді шешу үшін қоршаған ортаны тануы ең маңызды қасиет. Ғылым мен білім ғана адам өміріне өзгерістер жасай алады. Ғылым методологиясы –адам мен қоршаған орта қоғамын ғылыми тұрғыдан таныту жайлы білім. Ал, тіл білімі саласының адам танымындағы тілдің ролін анықтайды. Қазіргі тіл біліміндегі қоғамның тілдік парадигмасын білім жолындағы қажеттіліктен туындаған заманауи бағыт- лингвоясаясаттану қарастырады. [15,226]. ХХІ ғасыр техника мен білім заманы болғандықтан, барлық салада қарқынды дамуды қажет етеді. Қазақ тілі саласы өз кезегінде бүгінде алға жылжуда.

Тіл білімінің ХХІ ғасырындағы жаңа бағыттарындағы парадигмаларына:

1. Компьютерлік лингвистика
2. Психолингвистика
3. Нейролингвистика
4. Этнолингвистика жатады.

Замананың өзекті мәселелерін тіл саласының майталмандары қарастырып, мамандықтың білім алушыларына оңтайлы жүйемен үйретуде. Оқу қабырғаларында жаңышыл бағыт ұстанылып, білім мазмұны дамығанымен тілдік жүйедегі салалар өзегін Байтұрсынұлының еңбектерінсіз бастамайды. А. Байтұрсынұлы және ХХІ ғасырдағы қазақ тіл білімінің жаңа парадигмалары осы тұрғыда бірі-бірімен тығыз байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 б.
4. Нұрпейісов. К Алаш һәм Алашорда. — Алматы «Ататек» 1995- 256 б.
5. Омарбеков Т. Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма? // Егемен Қазақстан, 1991.
6. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004.-388 б.
7. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. Основы теории казахского языка. Құрастырған Аманжолов А.С. Алматы «Ғылым» 2002. 366 б
8. Амирова Т.А. Из истории лингвистики ХХ в. - М., 1999. Апресян Ю.Д. Идеи и методы современной структурной лингвистики. - М., 1966.
9. Апресян Ю.Д. Избранные труды. Т.1. Лексическая семантика. Т.2. Интегральное описание языка и проблемы лексикографии. - М., 1995.
10. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. - М., 1999.
11. Макаров М.Л. Основы теории дискурса. - М., 2003.
12. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. –472 б
13. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (фонетика, лексика). А.,1962.
14. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. А., 1991.
15. Оразалиева Э. Когнитивті лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы. Алматы, «Ан-Арыс»2007.

УДК 811.161.1

ТЮРКСКИЕ ЗАИМСТВОВАНИЯ В РУССКОЙ ПИСЬМЕННОЙ РЕЧИ

С.К.Сагынғалиева,
магистрант 2 курса
ЗКУ им.М.Утемисова
e-mail: s_sandu@internet.ru
Казахстан, Уральск

Аннотация: В работе дается этимологическая характеристика ряда тюркских заимствований русского языка. Проведенное исследование позволяет заключить, что тюркизмы проникли почти во все лексико-тематические разряды русской лексики и занимают там существенное место. Они отмечаются во всех стилях современного русского языка, несут значительную функциональную нагрузку и полностью приспособились к фонетической, морфологической, синтаксической и семантической системам русского языка.

Ключевые слова: русский язык, тюркские заимствования, письменная речь, лексика, стиль.

Аңдатпа. Жұмыста орыс тілінің бірқатар түркі тілінен енген сөздеріне этимологиялық сипаттама берілген. Зерттеу түркізмдер орыс лексикасының барлық дерлік лексикалық және тақырыптық категорияларына еніп, онда елеулі орын алады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Олар қазіргі орыс тілінің барлық стильдерінде атап өтілген, айтарлықтай функционалдық жүктемені көтереді және орыс тілінің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және семантикалық жүйелеріне толығымен бейімделген.

Кілт сөздер: орыс тілі, түркі тілінен енген сөздер, жазба тіл, лексика, стиль.

Annotation: The paper gives an etymological characteristic of a number of Turkic borrowings of the Russian language. The conducted research allows us to conclude that Turkisms have penetrated almost all lexico-thematic categories of Russian vocabulary and occupy a significant place there. Russian russians are noted in all styles of the modern Russian language, carry a significant functional load and have fully adapted to the phonetic, morphological, syntactic and semantic systems of the Russian language.

Key words: Russian language, Turkic borrowings, written speech, vocabulary, style.

В русском языке много заимствований, и чуть ли не половина приходится на заимствования из тюркских языков. В 2005 г. вышла книга Р.А. Юналеевой «Тюркизмы в русской классике: словарь с текстовыми иллюстрациями», где впервые в отечественной лексикографии представлен полный свод тюркизмов, их производных и фразеологизмов, образованных на русской почве. Словарь документально отражает особенности функционирования тюркизмов в русской речевой системе на материале творчества русских писателей XIX в. Это новый тип словаря, не имеющий аналогов в современной лексикографии.

Известно, что «тюркизмы, попадая в русский язык, подвергаются фонетическому, морфологическому, лексико-семантическому освоению» [1, с. 58].

Лексико-семантическое освоение сопровождается следующими семантическими процессами: сужением и конкретизацией значения: балык - «солёная и провяленная хребтовая часть красной рыбы» (ср. тюркск., тат., башк. - свежая рыба); бахча - «поле, засеянное арбузами, дынями, расположенное в степи, вдали от усадьбы (на юге), баштан» (ср. перс. - садик, башк. - огород); расширением значения: кулак - 1. Кисть руки, сжатая для удара; 2. В различных машинах - деталь, имеющая форму выступа, толканием приводящая в движении те или иные механизмы (тех.); 3. Зажиточный крестьянин, эксплуатирующий односельчан; 4. Перен. скупец; карга - 1. Ворона; 2. Злая старуха, ведьма.

Определённая часть тюркизмов проходит путь стилистического освоения, этому способствует развитие переносных значений: балда - 1. тяжёлый молот для раздробления камней и горных пород (техн.); 2. шишка, утолщение на конце палки, дубинки (обл.); 3. глупый человек, болван (разг. бран.); бирюк - 1. волк-одиночка; 2. перен. угрюмый, нелюдимый человек; каланча - 1. сторожевая вышка пожарной части для наблюдения за возникающими пожарами; 2. перен. о человеке очень высокого роста (разг. шутол.).

Многие тюркские слова обогатили синонимику русского языка: рынок - базар, ворона - карга, деревня - аул, телега - арба, гость - кунак, иноверец - гяур, метель - буран, канал - арык и т.д.

Тюркизмы вошли в состав многих фразеологизмов русского языка: не фунт изюму, метать бисер перед свиньями, как аршин проглотил, базарная баба, брать на карандаш, давать волю кулакам, каланча пожарная, смотреть бирюком, аллах его знает.

Тюркизмы часто употребляются в пословицах и поговорках: «Один балахон, да и тот из бани унесен» (балахон); «Кому кистень, кому четки» - (кистень); «Нашему болвану ни в чем нет талану» - (болван); «Есть в анбаре, будет и в кармане» - (анбар); «Не корми калачом, да не бей в спину кирпичом» - (кирпич); «Башка чиста, так и мошна пуста» - (башка); «Аршин на кафтан да две на заплаты» (аршин); «Караул кричать», «Под башмаком у жены» (караул, башмак); «Без денег торговать, как без соли хлебать» - (деньги); «Аршин на сукно, а кувшин на вино» - (аршин); «В дороге и отец сыну товарищ» - (товарищ); «Прости, колпак, а шапка и так» - (колпак); «Кто о барышах, а кто о магарычах (хлопочет)» - (барыш); «У грошового товара не наживешь рубля» - (товар), «Дуга золоченая, сбруя ременная, а лошадь не кормленная» - (лошадь); «Сыт конь - богатырь, голодный (голоден) - сирота» - (богатырь); «Ал цвет мил на весь свет» - (алый); «Не гостям хозяина, а хозяину гостей благодарить» - (хозяин), и др. - что также свидетельствует об освоённости заимствованного слова в русском языке.

Изучение лексики тюркского происхождения в составе языка устно-поэтических произведений может многое дать для решения более общей проблемы о тюркских заимствованиях в русском языке в целом.

Фольклорный материал показывает самобытность и неповторимое своеобразие народной культуры в ее конкретных явлениях и учит понимать художественный язык, с помощью которого выражался смысл народных высказываний. Через устное народное творчество происходит освоение разных типов культуры как составной части мирового культурно-исторического процесса.

Произведения русского устного народного творчества содержат немало тюркизмов. «Особую ценность представляют слова и значения, утраченные современным русским языком, но сохранившиеся

в былинах и народных исторических песнях». С этой точки зрения интересны тюркизмы орда, ярлык, вошедшие в состав русского языка еще в период золотоордынского ига.

В «Большом толковом словаре русского языка» слово орда имеет следующие значения: 1. Ист. название крупных тюркских и монгольских феодальных государств и союзов кочевых племен в эпоху средневековья; местопребывание их правителей. Золотая орда, Крымская орда, Ногайская орда. 2. Пренебр. Вражеское войско, полчище. Фашистские орды, Разгром вражеских орд. 3. Разг. Многолюдная, беспорядочная и шумная толпа, сборище кого-л. Пестрая орда, Шумная орда.

Сам термин «тюркизм» достаточно обширное. Во-первых, им называют простейшие и самые распространенные случаи: заимствования тюркских слов из тюркских языков. Также утверждают лингвисты о тюркизмах, если слово из других языков (персидского или арабского, например) пришло в наш посредством тюркского. Проникновение тюркизмов и освоение их в русском языке имеет длительную историю.

Славянские этносы в силу геополитических и экономических причин постоянно были вынуждены находиться во взаимодействии с другими этносами и культурами. Об этом убедительно пишет славянский этнолог К. Мошинский: «Этнографические факты констатируют, что уже в «первобытных» условиях жизни и даже при очень редкой заселённости взаимное перекрещивание культурных влияний было очень сильным либо благодаря интенсивному обмену культурными ценностями посредством примитивной, но порой удивительно интенсивной меновой торговли, либо благодаря постоянным войнам, приводившим к обмену женщинами...» В настоящем исследовании под «языковыми контактами» понимается «взаимодействие двух и более языков вследствие особых географических, исторических и социальных условий, оказывающих влияние на структуру и словарный состав одного или многих из них».

Впервые о языках, находящихся в «непосредственном контакте», писал Л. В. Щерба. Он пытался разграничить понятия «смешение языков» и «взаимное влияние языков», имея в виду только диахронический аспект этой проблемы.

В мировую лингвистическую науку термин «языковые контакты» в том значении, в котором он вошел в современную лингвистическую литературу, ввёл У. Вайнрайх. «Два или более языков, - пишет он, - находятся в контакте, если они попеременно используются одним и тем же человеком». Автор понимает языковые контакты очень широко, как в отношении участников контакта (например, взаимодействие языков, диалектов или языков и диалектов между собой), так и в отношении факторов, влияющих на это взаимодействие (например, психологические и социологические факторы).

Существует и другое понятие в науке - взаимодействие языков, под которым понимаются любые процессы взаимного влияния языков с учётом лингвистических (языковые контакты) и экстралингвистических факторов (билингвизм). «Вполне естественно, что билингвизм и языковые контакты находятся в тесной диалектической связи и их разграничение возможно только в результате мысленного эксперимента с целью более глубокого проникновения в сущность процессов языкового взаимодействия. Иными словами, языковые контакты и билингвизм - это понятия, отражающие две стороны одного и того же объекта», - пишет по этому поводу известный казахстанский учёный А. Е. Карлинский [4, с. 51].

Применительно к настоящей работе представляется целесообразным использовать термин «языковые контакты» в чисто лингвистическом смысле, отличая его от термина «билингвизм», который обозначает всю совокупность явлений взаимодействия языков в экстралингвистическом (функциональном) плане, и распространив его на диахронический аспект. «В связи с этим значение термина «языковые контакты» можно было бы определить следующим образом: два языка (А и Б) находятся в контакте, если речь (текст), порождаемая на языке А, содержит в себе элементы и/или отношения языка Б, или наоборот, речь на языке Б включает в себя элементы и/или отношения языка А, а также если элементы и/или отношения языка А проникают и обнаруживаются в системе языка Б, и наоборот. При таком понимании языковых контактов мы фактически имеем дело только с результатом взаимодействия двух языков на всех уровнях (фонологическом, морфемном, лексемном и грамматическом), причём не только в области речи (текста), но и в области системы» .

При изучении языковых контактов и тюркско-славянского наследия в истории и лингвистике важно понимать семантику этнонима «тюрки» и «тюркские языки» на Руси. Очень убедительно об этом пишет И. Л. Кызласов: «Уясним главное: появление тюркских народов в истории *не связано* ни с именем, ни с самим народом *тюрк*, оказавшемся на юге, у Китайской стены, на 7 веков позднее - в V в. Неверно, как это бывает, возводить к нему этническую и культурную историю всех древних, средневековых и современных народов, говорящих на языках тюркской группы. Название языковой группы, принятое ныне, лишь условный термин систематики. Что было бы, введи лингвисты не имена, а номера языковых семей? Важно, что *только внутри лингвистики* понятие *тюрки* имеет обобщающий научный смысл. В истории и археологии *тюрки*- лишь один средневековый народ, носивший это имя. Вторая особенность, которую надо учитывать, занимаясь историей тюркских народов, перенос имени с одного народа на другой» [5, с 167].

Вместе с тем этимология многих слов оставалась либо до сих пор остаётся спорной либо неверной. Так, например, в своё время В. И. Даль производил слово *карануз* от слов *короткий* и *пузо*,

однако это, очевидно, так же неверно, как возводить его ко французскому *caroussin* («коротышка», «мальш»). На самом деле слово, очевидно, восходит к тому же слову, что и слово *арбуз*, и получилось путём метафоризации: *каратуз* - это кто-то круглый, как арбуз.

До сих пор не существует единого мнения по поводу статуса слова *лошадь*. Н.Н. Шипова в своём «Словаре тюркизмов в русском языке» с *вероятностью* относит его к тюркским заимствованиям: «Русское *лошадь*, вероятно, произошло из комбинации алаша+ат(мерин+лошадь), причем первого татарского оригинала отпало, поскольку оказывалось в безударной позиции»

Таким образом, факт проникновения заимствований из тюркских языков и через них как результат длительных исторических связей не подлежит сомнению. При этом современная лингвистическая наука до сих пор не определилась в отношении принадлежности целого ряда лексем к тюркоязычным заимствованиям.

Список использованной литературы:

1. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. Изд.2-е.ТТ. 1-1У, Спб, 1880-1882.
2. Трубачёв О. Н.Этногенез и культура древнейших славян. Лингвистические исследования. - М.: Наука, 2003. - 349 с.
3. Сулейменова Э. Д., Шаймерденова Н. Ж., Смагулова Ж. С., Аканова Д. Х. Словарь социолингвистических терминов. - Астана: Арман-ПВ баспасы, 2008. - 589 с.
4. Карлинский А. Е. Взаимодействие языков: билингвизм и языковые контакты. - Алматы: Евразийское сообщество, 2011. - 318 с.
5. Кызласов И. Л. Два этапа пратюркского культурогенеза / Сравнительно-историческое языкознание. Алтаистика. Тюркология: материалы конференции. - М.: Тезаурис, 2009. - С. 166 - 172.

ӘОЖ 81'373

ЭТНОЛЕКСИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ Қ.МЫРЗАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Р.Ж.Сисенбаева

Қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, магистр

М.Өтемісов атындағы БҚУ

E-mail: raushan_sisenbaeva.71@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада Қ.Мырзалиев поэзиясындағы этнографизмдердің қолданысы қарастырылған. Ақын поэзиясын оқу барысында тарихпен танысып қана қоймай, халқымыздың этнографиялық өмірінен де мол мәлімет алынатыны нақты мысалдармен көрсетілген.

Аннотация: В процессе изучения произведений поэта автор не только знакомит с историей, но и показывает полную информацию на примерах этнографической жизни народа.

Abstract: In the process of studying the poet's works, the author not only introduces history, but also shows full information on examples of the ethnographic life of the people.

Кілт сөздер: этнолингвистика, этнос, этнолексика, материалдық мәдениет, дүниетаным.

Тіл, мәдениет, өркениет өзара бір-бірімен сабақтастықта әрі үйлесімділікте өмір сүретіні белгілі. Кез келген тілдің бірліктері сол ұлттың дүниетанымы, қоршаған әлемді қабылдау ерекшелігіне байланысты рухани және материалдық мәдениеті жөнінде мол мағлұмат береді. Тіл этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының негізгі көрсеткіші болып табылады және ұлт тіліндегі этномәдени лексика ұрпақтан ұрпаққа жетіп, оның мәдени мұрасы ретінде мәңгі сақталады. Кез келген тілдің көрінісі халықтың тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, дүниетанымына, жалпы тұрмыс-тіршілігіне байланысты болып, сол тілден мол деректер беретіні мәлім.

Ғалым Ж.Манкеева этнолексика, мәдени лексика жайлы еңбектерінде қарастырып, былайша баға береді: «Сонымен, көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады. Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені – ұлттық материалдық мәдениеттің реликті әрі рухани байлығымыздың түбірі. Себебі бұл жүйедегі сөздер тек атаушылық қызмет қана атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар және тұрмыстық лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық қолөнер бұйымдарын бейнелейді. Ал олар – қазақ халқының материалдық қана емес, рухани байлығының да көрсеткіші» [1,7].

Қ.Мырзалиев поэзиясын оқу барысында тарихпен танысып қана қоймай, халқымыздың этнографиялық өмірінен де мол мәлімет аламыз. Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрге қатысты

этнографизмдер деп аталатын сөздер мен сөз тіркестерін дәл тауып, орнымен қолдану арқылы ақын өлеңдері қазақ халқының ұлттық келбетін танытуға қызмет етеді.

"Этностың шын мәнісіндегі болмысы мен дүниетанымы оның тек тілінде ғана сақталады" деген Ә.Қайдардың қағидасына сәйкес этнографизмдер қатарынан орын алатын адамзат өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің бір саласы - киім-кешек атаулары. Әр халықтың ұлттық киімі өзінің шаруашылығын, тұрмыстық өмірін, ұлттық дәстүрін, мәдени ерекшелігін, ұлттық мінезін т.б. танытады. Киім-кешек адамдарға әлеуметтік және этикалық қызмет атқарады.

Ата-бабаларымыздың өнегелі өсиетін, дархан мінезін, дарынды даналығын танытатын тілдік деректердің бір шоғыры адамзат тұрмысында материалдық қажеттілікті өтейтін киім атаулары Қадыр Мырзалиев поэзиясы лексикасында да көрініс табады. Ақын өлеңдерінде төмендегідей көне киім-кешек, мата атаулары кездеседі: *күпі, макинтош, кебенек, шапан, пүліш*.

Күпі киген кемеңгер өзің ғана
Макинтошты миғұла жетіп жатыр.

/Жыр составын жүйткітіп жүргізе алмай/

Күпі – ішіне жабағы, жүн салып тігілген сырт киім [2,541]. Күпі - матамен тысталған тері тон не жабағы киімді қазақтар осылай атаған. Іздене қарағанда «күпі» сөзінің алғашқы мағынасы басқаша болғандығын анықтайтын тіл деректеріне кез боламыз. Хакас тілінде «күп», якут тілінде «көп» тұлғалас сөздер «жұмсақ», «үлпілдеген» немесе «түкті, жүндес» мағыналарында қолданылады. Осыларды еске алсақ, алғаш түкті, жүндес мағынасында қолданылған «күп» не «көп» сөзі, кейін сондай заттардан жасалған киімге атау есебінде ауысқан. Айырмашылық – тек -і жұрнағының қосылып, қазақ тілінде «күпі» тұлғасына дейін жетуі ғана [3,51].

Макинтош – су өтпейтін, резина тектес матадан істелген жұқа, жеңіл пальто.

Ақын бұл өлең жолдарында киім атауларын қолдану арқылы тілге астарлы мән беріп, тартымды бейне жасауда тапқырлықпен тіл мәнерлілігін жандандырған. Яғни «Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде» дегенге саяды.

Қайсар елді қас жауы жеңген деме,
Кебенегін шешпестен семген дене.

/Келешектің ғалымы/

Кебенек – малшылардың аяздан, жауын-шашыннан, бораннан қорғану үшін киетін, жұқа киізден тігілген сырт киім [2,508]. Ғалым Р.Сыздықова бұл сөзді былайша түсіндіреді: Қазақ халқының колөнері жайында кітап жазған С.Қасиманов кебенек сөзін «ертеректе болған киіз шапан» деп түсіндіреді. Сірә, соңғы түсіндірме дәлірек болар, өйткені «Ерді кебенек ішінде таны», «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» дегендерге қарағанда, кебенек тек малшылар емес және жауын-шашыннан қорғану үшін ғана емес, жалпы кие беретін ең жұпыны (қарапайым) шапан болғанға ұқсайды. Оны Шоқанның еңбектеріндегі сөздерге берілген түсіндірмелер де растай түседі: Кебенек – қазақтардың ерте кездегі киімі, ол тығыз әрі жұқа етіп басылған ақ киізден тігілетін кең, ұзын шапан (плаш), бұл киім жанбыр мен қардан қорғайды. Кебенекті ертеде көбінесе жауынгерлер киген. Сондықтан бұл сөзді киім, оның ішінде «киізден жасалған шапан» дегенді білдірген деп топшылаймыз [3,89].

Қатарым-күрбым өсіпті

Кимей-ақ киім *пүліштен*.

/Біздің буын/

Пүліш – түкті, бағалы мата. Ақын балалық, жастық шағының қиын кезеңдерде өткенін, яғни соғыс зардабын көріп өскен замандастарының тұрмысын метонимия тәсілі арқылы бір ауыз бағалы мата атауына сыйғызған.

Бір қолында ожауы,
Бір қолында ұршығы,
Күйбеңдеген *ақ жаулық*,
Бір кіреді, бір шығып.

/Жазғытұрым/

Жаулық – әйелдердің басына салатын, тартатын орамал. Академик Ә.Марғұлан «жаулықты қазақ әйелі өмірінің үшінші кезеңінде, мосқал тарта бастағанда киеді. Әбден қартайған, кемпір болған кезде басына күндік салады, бұл форма әйелдің баскиімінің ең соңғы түрі болып саналады» дейді [3, 49]. Жаулық сөзінің этимологиясы туралы екі пікір бар. Өзбек тілінің маманы М.Асамутдинова осы атаудың төркінін «јап» (покрывать, укрывать) түбірінен таратады [4, 69]. Ал В.В.Радлов сөздігінде «иағлық» сөзі осы атаудың мағынасын беріп, йақ (масло, жир) және -лық сөз тудырушы аффикс деп көрсетеді [4, 52-53]. Жаулық түркі тілдерінің біразында орамал мағынасында, кейде баскиімнің түрі қызметінде қолданылған. Мысалы, азербайжан тіліндегі жаулық - жібектен тоқылған баскиім, ұйғырларда - қолорамал, ал қазақ тілінде егде әйелдің баскиімін танытады.

Басымыз ғой алдымен ілігетін назарға,
Көшіп жүрген *тақия*, бара қалсаң базарға...
Өзілдесіп тұрады тақиялар кезекте
Тақиясыз шықпайды журнал менен газет те.

/Тақия/

Бөбек кезін өткізді ол
Ұршықты,
Ақ жаулықты ертегінің қойнында.

/Мұхтар Әуезов/

Айналайын,
Ақ шарқатты кім деме?

/Дастархан басындағы/

Бұл өлең жолдарындағы «көшіп жүрген тақия», «әзілдесіп тұрған тақия», «ақ жаулықты ертегі», «ақ шарқатты» - барлығы адам жайында болып отыр. Ақын адамның орнына киімді алмастырып қолдану негізінде, ол адамның ұлтын, жынысын, жас мөлшері сынды ерекшеліктерді көрсеткен. Алғашқы өлеңдегі «көшіп жүрген тақия», «әзілдесіп тұрған тақия» қолданыстарынан тақияның белгілі бір ұлтқа ғана тән нәрсе екенін көруге болады. Өйткені оның газеті мен журналының таңбасы да, базарда әңгіме құрушылардың да, көшедегі кәрі мен жастың да басында тақия екендігі суреттеледі. Яғни бұл алмастыру белгілі бір халықтың ұлттық киімі – тақия болып табылатынын көрсетеді. Ал «Ұршықты, ақ жаулықты» ғана емес, немересін ертегімен сусындатып өсірген қарт әженің бейнесі берілген. Сол сияқты «ақ шарқатты» қолданысы да әйел адамның бейнесін ашуда қолданылған. Тілімізде шарқат деп үлкен орамалды, кейде түбіт шәліні атайды. Ал орамалды, түбіт шәліні әйел адам тағатыны белгілі. Ақын осы шәлі арқылы дастархан басындағы әйел бейнесін берген. Г.А.Томилина: «Метонимический перенос – «одежда-человек» служит средством индивидуализации лиц, а так же их характеристики по специальному положению, национальности, профессии, возрасту, полу и другим признакам» деген болатын [5, 75].

Бастық болсаң бастықсың сен менен басқа жұрт үшін,
Жиырма жерден шығарайын *шалбарыңның* қыртысын!..
Астанадан іздеп сені келген жоқ қой досың құр,
Қалпағыңды түз желіне қудырайын сосын бір!
Жаяу жүріп көрмегендей көрінбе сен өмірде,
Туфлисіз табаныңды тілдірейін шөгірге!
/Ауылдың бір бұзығы едің.../

Бұл өлеңде шалбар, қалпак, туфли тәрізді қазіргі кезеңдегі киім атауларын қолдану арқылы әлеуметтік топтың киімдерді тұтыну қажеттілігіне қарай талғамы да өзгеріп отыратынын ақын жақсы көрсете білген.

Демек, Қадыр – көне киім атауларына да қанат бітіріп, қатардағы қолданылып жүрген сөздерге жаңа міндет жүктеу арқылы да шығармаларының тілін шұрайландырып, көркемдей білген ақын.

Тұрмыстық зат атаулары әр уақытта да қоғамның дамуымен байланысты жаңа сөздермен, атаулармен, құбылыстармен, процестермен, ұғымдармен толығып отырады. Тұрмыстық лексика туралы Е. Жанпейісов «Этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқын көрінеді. Этномәдени лексикаға ол этнос мекен еткен аймаққа тән табиғат құбылыстары, заттық мәдениет лексикасы, рухани мәдениет лексикасы жатады» [5,206- б.]. Ғалым пікірінен тұрмыстық лексиканың халық өмірімен тікелей байланысты екеніне көз жеткізуге әбден болады.

Қ.Мырзалиев шығармаларында кездескен тұрмысқа қатысты атаулардың түрлі-түрлі екенін көреміз. Олардың ішінде құрал-сайман атаулары, ыдыс-аяқ атаулары да бар. Мысалы, *күбі, саптыаяқ, диірмен, киіз, ұршық, тебен, көсеу, қамшы, құрық, атдорба, қоржын, түрен, сүймен, балта, айыр, күрек, шарқайрақ.*

Мұндай кезде нөсер болсын, немесе,
Бір қанарлық қымыз болсын *күбіңде!*
/Аптап/

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» көрсетілгендей: күбі – айран, іркіт, қымыз пісуге, қаймақтан май түсіруге арналған түбі кеңдеу, ауыз жағы тарлау, піспегі бар ағаштан жасалған ыдыс деген мағынаны білдіреді.

Бөсіп тартар *диірменде,*
Көсіп салсаң бидайды.
/Сөзге кейде дес бермей/
Диірмен – дәнді үгітіп, майдалап ұнға айналдыратын құрал.
Жағалай жабағы бұлт түте-түте,
Жатқандай *киіз* басып байтақ аспан.

/Күз келбеті/

Киіз –қойдың күзем жүнінен тығыз етіп басылған, үй тұрмысында пайдаланылатын бұйым.
Асау толқын қоймас сені ыршытпай,
Адам болсаң,
Қабағыңды түр шытпай!
Иірімге түссең, кеттің зырқырап,

Әжеңіздің қолындағы ұршықтай.

/Тірлік толқыны/

Ұршық – шүйкеленген жүннен жіп иіруге арналған аспап. Қадыр ақын иірімге түскен адам мен жібі тарқатылған ұршық қимылдары арасындағы бір тұтас байланысты көре біліпті. Қолдан түсіп кеткен ұршықтың тағдыры қара жердің қолында болса, иірімге асау ағыс алып кеткен адамның тағдыры судың қолында, қай жерге апарып лақтырары белгісіз. Ақын бұл өлеңде судың иірімі емес, өмірдің, тірліктің шырғалаңдары туралы айтып тұр.

Сосын бабам қылышпен қайыстіліп,

Көлеңкеде отырып қамшыөріпті.

/ Қайран бабам /

Қамшы– көлікті айдап жүргізу үшін қолданылатын, таспадан әр түрлі нұсқада түйіп өріп, тобылғы немесе басқа затқа саптап жасаған құрал; ер-тұрманның бір құрамы.

Ақын шығармаларында *көже, сықпа құрт, малта, қымыз, шұбат* сияқты тағам атауларын да кездестіруге болады.

Кәрі әжем құйып жатып,

Көжеге

Сірке судай тамызатын көз жасын.

/Қырық екінші жылды басқа жазбасын!/
Көже – еттен, ұннан, дәнді дақылдардан сұйық етіп пісірілген ас.

Сондықтан *сықпа құрт* қып жасаймын жыр,

Басымда барлық әсер сорыққасын.

/Кейде өмір қоштап қойса иыққа ұрып/

Сықпа құрт – Қайнатқан айран, сүзбедеден немесе қатықтан сығымдап жасалған, кепкен құрт.

Шөлдесе, сусын етіп оқырманым,

Ашықса, қорек қылсын *малтасын* да!

/Кейде өмір қоштап қойса иыққа ұрып/

Малта – қыста кепкен қатты құртты ыстық суға салып, жібіткеннен кейінгі кішірейген қалдығы, ұлттық тағам.

Қымыз, шұбат – құзырыңа сол көмек.

Күнге күйіп,

Түсу керек көлге көп.

/Ауылдастар арасында/

Қымыз – бие сүтінен арнайы ыдыста ашытылып жасалатын қазақ халқының көне замандардан бергі дәстүрлі тағамы, қадірлі асы, емдік қасиеті мол сусын болса, шұбат – түйе сүтінен ашытып жасалған шипалы тағам, сусын деп «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» түсіндіреді.

Бұл ретте ғалым Ә. Хасеновтың «тұрмыстық лексика – күнделікті жиі қолданылатын аса қажетті, сондай-ақ халықтың тұрмыс жайы, салт-сана, әдет-ғұрпына, өмір тіршілігіне қатысты сөздер. Бұлар, негізінен, күнделікті ауызекі сөйлеу тіліне тән жалпылама лексикамен астасып жатады. Тұрмыстық лексика – халық өмірінің айнасы іспетті» деген тұжырымын айта кетуді орынды деп санаймыз [6,416].

Қорыта айтқанда, Қ.Мырзалиев поэзиясынан алынған үзінділерден ұлтымыздың табиғатынан толық түсінік беретін этномәдени лексиканың қолданысын байқадық. Этностың өткені мен бүгінін көрсететін мәдени құндылықтарымыз тілде көрініс беріп, ұлттық танымымызды кеңейте түсетіні мәлім. Сондай-ақ ақын тілінен ұлтқа тән сөз қолданыстарды орынды жұмсап, мәтінге айрықша стильдік рең беріп тұрғанын да көреміз. Ақын шеберлігінің жиі байқалатын бір қыры - халықтық ұғымдағы тұрмыстық сөздерге де жаңаша қызмет атқартып, орынды ойната пайдалана білуі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Манкеева Ж.А. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері // Ж.А.Манкеева //Тіл тарихы және сөз табиғаты: ғыл.мақалалар жин.- Алматы: Ғылым, 1997.-235 б./

2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Құраст.: Қ.Күдерінова, О.Жұбаева, М.Жолшаева және т.б. – Алматы, 2011. – Т.8. – К-Қ. –744 б.

3 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы:Санат, 1994. – 272 б.

4 Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 265 б.

5 Томилина Г.Л. Семантическое развитие названий одежды на основе метонимии в русском языке //Русское языкознание. Киев: Вица школа, 1984, с.70-76

6 Хасенов Ә.Тіл білімі. – Алматы, – Санат, 1996. – 416 б.

Б.С.Карагулова

ф.ғ.к., доцент
bkaragulova@mail.ru

А.Толыбай

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс магистранты
Ақтөбе қ, Қазақстан
(tolyaeva@bk.ru)

Аннотация: Мақалада сөз мағынасының дамуы мен кеңею жолдары, зерттеуші ғалымдардың пікірлері қамтылды. Сөз мағынасы — дамып, жетіліп отыратын тілдік құбылыс. Сөз мағынасының дамуын анықтау арқылы жаңаша мағыналық байланысы бар сөздердің негізін табуға болатындығы мысалдар негізінде берілген.

Тірек сөздер: сөз мағынасы, полисемия, омоним, лексикалық мағына, семантикалық байланыс.

Аннотация: В статье представлены способы развития и расширения значения слова, мнения исследователей. Значение слова - это языковое явление, которое развивается и созревает. Основу слов с новой смысловой связью можно найти на примерах, определив развитие значения слова.

Ключевые слова: значение слова, многозначность, омоним, лексическое значение, смысловая связь.

Abstract: The article presents ways of developing and expanding the meaning of the word, the opinions of researchers. The meaning of a word is a linguistic phenomenon that develops and matures. The basis of words with a new semantic connection can be found in examples, defining the development of the meaning of a word.

Keywords: word meaning, polysemy, homonym, lexical meaning, semantic connection.

Тілді зерттеудің жолдары мен үлгілері де көп өзгеріс, жаңалықтарды бастан кешуде. Уақыт тудырған соңғы ізденістер, үрдістер қанат жаюда. Дегенмен, осынау түрлі ізденістер мен мағыналық, мәнді төркінінен біз әркез дәстүр сабақтастығының алтын арқауы үзілмей, жалғасын табу ең маңызды іс. Тәуелсіздігін алған жас мемлекет есебінде еліміздің тіл білімі саласы ғасырдың қойған талабынан сүрінбей өтіп, уақыт ұсынған алуан-алуан қиындықтарды шешудің нақты жолдарды қарастыру үстінде.

Қазақ тілі де, қазақ ғылымы да қазір қоғамдық орта мен замана қалыптастырып отырған әр алуан сұраныстар айдынына, ғылыми зерттеулер кеңістігіне шығып отыр. Сұраныс та, зерттеу де уақыт тудырып отырған қажеттіліктен бастау алып отыр. Жаһандану жағдайындағы тіл мен тіл ғылымы айналасындағы проблемалық мәселелер күн санап кеңейіп, қоюланып отырғанына көз жұмуға болмайды.

Кез келген халықтың өзіне тән тарихы, мәдениеті болады. Осы ұлттық мәдениет, қоғамдағы өзгерістер мен жаңалық атаулының бәрі тілде көрініс табуы – заңды құбылыс. Оның себебі, тіл – халықтың рухани және материалдық мәдениетінің, тарихының, барлық бітім-болмысының айнасы іспетті. Сондықтан да болар, В. Гумбольдттың: «Халықтың тілі бардаоның рухы бар, халықтың рухы барда оның тілі бар, ал өзіме осыларға тең келетін нәрсені елестету қиын» деп айтқаны осы ойымызды негіздей алады [1, 23].

Тіл, мәдениет, өркениет деген құбылыстардың арасында тікелей әрі толық сәйкестік бар дей алмаспыз. Мәдениет пен өркениет, тілдік құбылыстардың дамуы, тілдің қызметі мен мәні – бұлар қоғамдық тұрғыдан алғанда біркелкі болып көрінбеуі мүмкін. Тіл - өзіне ғана тән заңдылықтарға сүйене отырып, пайда болып дамитын таңбалардың жүйесі. Осыған орай тілдің ұлттық мәдени ерекшелігі сөз мағынасының өн бойында көрініс табады. Ол мағынаның денотаттық және сигнификаттық, коннотациялық компоненттері анықталады. Біз талдағалы отырған екі тілдік аударма сөздіктердегі атаулар мағынасында осындай мағыналар өз көрінісін табады. Сондықтан тілдік бірліктерді жеке қалпында емес, лингвомәдени аспектіден зерттеу олардың өзара байланысын анықтауда маңызды саналуы тиіс.

Осы орайда ұлттық мүддеге негізделген таным мен түсінікті жеке тілдік құралдар арқылы да анықтауға болады.

Тілдің байлығы мен даму дәрежесі сөздік құрамдағы сөздердің саны көп болуымен ғана өлшеніп, мөлшерленіп қоймайды. Сонымен бірге ондағы сөздердің семантикалық байлығымен де белгіленіп отырады. Дәлірек айтқанда сөздік құрамдағы сөздердің санымен де, сапасымен де өлшенеді. Сөздің сана жағынан дамығандығын көрсететін бірден бір белгі – сөздің көп мағыналығы. Сөздің екі я одан да көп мағынаға ие болуын сөздің көп мағыналылығы деп атайды. Сөздің көп мағыналылығы негізінде сөздік қордағы сөздерге тән қасиет. Неге десеніз, бұлар ұзақ жылдар бойы өмір сүріп, тілде жаңа сөз тың мағыналар жасауға ұйытқы болып келе жатқан байырғы тума сөздер болып табылады. Соның нәтижесінде, сөздік қордағы сөздер сан жағынан да, сапа жағынан да қарыштап дамып, тұрақтанып, әбден қалыптасқан.

Сөз мағынасы - шындықтың (заттың, сапаның, қатынастың, қимыл-әрекеттің, қалыптың) белгілі бір құбылысының сөзде бейнеленуі. Сөз мағынасының грамматикалық және лексикалық түрлері болатынын білеміз. Грамматикалық мағына сөздің белгілі бір топқа оның әр түрлі өзгеріске тән екендігін, басқа сөздермен тіркесу мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін, сондай-ақ ке түсу қабілетін (жіктелу, есептелу), сөз тіркесі мен сөйлем ішінде басқа сөздерге қатынасын айқындап береді. [2, 56 б.]. Лексикалық мағына да жалпылықты білдіре беруі мүмкін (айталық, күлу, ыза болу, ашулану, ренжу — адамның психологиялық күйін білдіреді). Соған қарамастан, лексикалық мағынаның жеке қасиеті болатынын жоққа шығаруға болмайды, өйткені келтірілген мысалдағы сөздердің әрқайсысына тән мағыналық айырмашылықтары бар. Полисемиялық құбылыс болғанда, лексикалық мағынаны нұқсас жайлары көп, бірақ олардың да тура және ауыспалы мағыналарының болатыны анық жоғары-төмен, сұлу-келісті, қара (етістік)- қара (сын есім), ыржақтау-мәз болу т. б.). Сөздердің лексикалық мағыналары түсіндірме сөздікте белгілібір контекстке байланысты нақтыланып беріледі. Сөз белгілі бір затты не құбылысты атап қана қоймайды, сонымен бірге тіліміздегі басқа сөздермен байланысқа түсіп, ерекше образ жасап та қолданылып жатады. Кез келген суреткер өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы шындықты оқырманына жеткізу үшін бейнелі сөз орамдарын сомдап, жалпыхалықтық қолданыстан өзінің ой-жүйесіне сай сөздерді тандап жұмсайды және оларды тиімді, жүйелі түрде қолданады. Ол үшін суреткер тіл байлығының көзі полисемия, синоним, антоним, фразеологизм секілді экспрессивті-эмоциональды сөздерді стильдік қызметте пайдаланады. Осы тілдік байлықтарды зерттеу сол халықтың мәдениетін көтеріп, тілінің бар мүмкіншілігін оятуға себеп болады. Қазақ тілінің көнеден келе жатқан өткірлігін, икемділігін, мағынаға байлығын, бейнелеу қабілетін ашуға осы көп мағыналы сөздердің тигізер көмегі зор деп білеміз. Тілдің қалтарысындағы көне сөздерді, олардың қазіргі сөз қолданысымыздағы мағынасымен байланысын анықтау арқылы тамыр алар тарихымызбен, ақындар мен жазушыларымыздың шығармалары арқылы сусындарымыз анық. Осы арқылы тілдік қорымыздағы сөздер мағына жағынан сараланып, ұғымдық шектері айрыла түседі.

Сөз мағынасына байланысты ғалымдарымыз Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, К. Аханов, А. Ысқақов, Ғ. Мұсабаев, М. Белбаева, Р.Барлыбаев, Б. Хасанов, Ә. Болғанбаев, Ш. Мұхаметжанов т.б. зерттеулері бар. 70 жылдардан бері қазақ тіл білімінде сөз мағынасына қатысты біршама зерттеулер жазылды. Атап айтсақ, Ә.Қайдар, Р. Сыздықова, З. Ахметжанова, М.Оразов, Ә. Нұрмағамбетов, Т. Жанұзақов, С. Исаев, Б. Сағындықұлы, Ә.Ибатов, М. Серғалиев, Б.Әбілқасымов, Ш.Нұрғожина, А. Салқынбай, Ғ.Сүлейменова, М. Таева, К. Дүйсенова, Б. Момынова, Қ. Рысбергенова, Б.Тамаева, Ғ.Смағұлова т.б. ғалымдарымыздың еңбектері.

Р.Барлыбаевтың «Қазақ тіліндегі сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы» деген еңбегінде қазақ тіліндегі сөздердің мағыналық өзгеріске ұшырауы, сонымен қатар көпмағыналылықтың кейбір мәселелері талқыланады [2].

Сөз мағынасының дамуы мен кеңею жолдарын сөз қылғанда, сөздің көпмағыналылығына, яғни, полисемия терминіне тоқталмай кете алмаймыз.

Полисемия (гр. Poly - көп + sema - таңба) - сөздің екі немесе бірнеше мағынаға ие болуы деген ұғымды білдіреді. Полисемия сөздің қандай мағынада айтылуы сол сөздің басқа әр түрлі сөздермен тіркесіп келуі арқылы, белгілі бір контексте, нақтылы жағдайда, әңгіменің жалпы тақырыбына байланысты жүзеге асады.

Ресей ғалымы Р.А. Будагов полисемия тұрғысында былай дейді: «сөздің қоры сан жағынан гөрі сапа жағынан көбейеді, себебі ескі сөздерде жаңа мағына пайда болады, сөздің ескі және жаңа мағыналарының арақатынасы қайтадан жаңартылып, жаңа мәндерге ие болады» [3,3].

Полисемия немесе сөздің көп мәнділігі – бір сөзде өзара байланысты бірнеше мәннің болуы. Сөздің көп мәнділігі әлдебір сөздің түрінің өзгеруінің және алғашқы мәнінің дамуының салдарынан шығады. Мәні тік сызық бойымен емес негізгі мәннің төңірегінде дамып, өз кезегінде екінші тарапты мәнен семантикалық қолданыстың жаңа ортасына айналуы мүмкін [4, 85].

Тілдің байлығы мен даму дәрежесі сөздік құрамындағы сөздердің саны көп болуымен ғана өлшеніп, мелшерленіп қоймайды, сонымен бірге ондағы сөздердің семантикалық байлығымен де белгіленіп отырады. Дәлірек айтқанда, тілдің дамуы сөздің құрамындағы сөздердің санымен де, сапасымен де өлшенеді. Сөздің сапа жағынан дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі - сөздің көп мағыналылығы. Сөздің екі я одан да көп мағынаға ие болуын сөздің көп мағыналылығы (полисемия) дейміз. Сөздің көп мағыналылығы - негізінде сөздік қордағы сөздерге тән қасиет. Себебі, бұлар - ұзақ жылдар бойы өмір сүріп, тілде жаңа сөз, тың мағыналар жасауға ұйтқы болып келе жатқан байырғы тума сөздер. Соның нәтижесінде сөздік қордағы сөздер сан жағынан да, сапа жағынан да қарыштап дамып тұрақтанып әбден қалыптасқан. Сондықтан да бұлар көп мағыналы болып кездеседі. Сөздік қордағы сөздер ең алғашқы пайда болған кезінде аз мағыналы болғандығы байқалады. Кейін талай заман өткен сайын, олар бұрынғы меншікті бір мағынасының үстіне жаңадан бір я бірнеше қосымша туынды мағыналарға ие болып отырған. Мәселен, **қанат** алғашында құстар мен шыбын-шіркейлердің ұшып-қонатын дене мүшесін білдірген. Онан кейін балықтың жүзу мүшесін, киіз үйдің керегелерін (*алты қанат ақ орда*), арба-шананың үстін кеңейту үшін салынған ағашты (*қанаты жоқ шанаға шөп аз сияды*),

Кеңес өкіметі тұсында ұшақтың қанаты және белгілі бір нәрсенің орналасқан шебі, екі жағы (*футбол алаңының оң жақ, сол жақ қанаттары т.б.*) мағыналарын білдіріп, көп мағыналы сөзге айналды [5, 64].

Сөзге қосылған жаңа мағына басқа жақтан келіп, өз-өзінен пайда бола қалмайды. Әрбір жаңа мағына әр сөздің білдіретін мағынасының айрықша қасиетінен, түрліше сыр-сипатынан келіп шығады. Сөз өзінің білдіретін затын, құбылысын барлық қасиетімен толық бірден қамтып, суреттеп бермейді. Егер сөз өзінің білдіретін ұғымын барлық ерекшеліктерімен түгел жинақтап, бірден көрсеткен болса, онда сөз ауыспалы мағынада айтылмаған болар еді. Ал сөз ауыспалы мағынада жұмсалмаған болса, онда тілде көп мағыналы сөздердің кездеспеуі мүмкін. Адам өмір шындығын уақыт озған сайын біртіндеп тани беретіні белгілі құбылыс. Заттың бойындағы барлық ерекше белгілерді біліп болғаннан кейін барып, ұғым дерексізденетіні айқын. Оларды білмей, меңгермей тұрып, белгілі сөздер ауыспалы мағынада қолданылмайтыны бәрімізге аян. Адам бір затты алғаш көргенде, ең алдымен, оның сыртқы қасиеттерімен танысады. Сол қасиеттер кісінің сезім мүшелеріне әсер етіп өзінің ізін қалдырады. Адамның санасындағы белгілі бір зат туралы түсінік басқа бір затпен де ұқсасып, байланысып тұрады. Соның нәтижесінде екі заттың не сапасында я болмаса атқаратын қызметінде жалпы ұқсастық пайда болады. Сол ұқсастықтың нәтижесінде адамдар ұқсас келген екі я бірнеше затты бір атаумен атайтын болған.

Мәселен судың асты мағынасындағы *түп* сөзінің қазіргі қазақ тілінде мынадай мағыналары бар: 1. Бір заттың төменгі, ішкі қабаты (*ыдыстың түбі*). 2. Өсімдіктің жер астындағы бөлігі (*томардың түбін қопардық*). 3. Өсіп тұрған немесе қазып алынған өсімдік (*бес түп отырғыздық*). 4. Түкпірдегі, шеткі (*түпкі бөлмеде отыр*). 5. Адамның шыққан тегі, арғы заты (*мен сол керей ішінде сіңген аз атаның баласы едім, түбім қызай*) (М.Әуезов). 6. Бір нәрсенің жаны, қасы (*Мәскеу түбінде фашистер талқан болды*).

Сөздің негізгі мағынасы белгілі бір шындыққа байланысты жалпы тарихи практиканың негізінде жасалады. Сөздің туынды қосымша мағыналары тілдік фактілердің негізінде ойлау қабілетіне сүйеніп қолданудан кейін шығады. Өмірдегі танылған әрбір ұғым жаңа атаумен атауды керек етеді. Ең алғашқыда бір сөз бір ғана ұғымды я құбылысты білдіру үшін жұмсалған болса, кейіннен ол әлденеше ұғымды білдіру үшін қолданылуға бұған, біріншіден, адам баласының өмір заңдылығын терең тануы, білуі, сезінуі әсер еткен болса, екіншіден, оның мағына жағынан қорланып дамуына, оның алғашқы тура мағынасы негіз болған. Мәселен, адамзат пен жан-жануарлардың көру мүшесін *көз* деп атаймыз. Сонымен қатар *иненің көзі, есіктің көзі, терезенің көзі, күннің көзі, бұлақтың көзі* деп те қолданамыз. Түптеп келгенде, осылардың семантикалық жағынан байып көбеюіне себеп болған сөздің ең алғашқы атауыш (еркін) мағынасы екендігі даусыз. Сөздің семантикалық құрылысы неғұрлым күрделі әрі бай болса, соғұрлым олардың (көп мағыналы сөздердің) тілдегі атқаратын қызметі де күшейе бермек. Әсіресе көп мағыналы сөздер сөздік құрамдағы синонимдердің көбеюіне үлкен ықпал етіп отырады [5, 67].

Көп мағыналы сөздер мен омонимдердің сыртқы формасы жағынан бір-біріне ұқсастығы бар. Сөздердің дыбыстық құрылымы жағынан бұлар нақ бірдей деуге болады. Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің бір-бірінен өзгешелігі тұлғасында емес, мағынасында жатыр. Көп мағыналы сөздердің екі я одан да көп мағынасы болады. Бірақ бұлар әр сөз табына емес, бір ғана сөз табына қатысты. Сондықтан да көп мағыналы сөздердің бір негізден (тура мағынадан) шыққандығын мағыналардың өзара жақындығынан, ұқсастығынан бірден танып білуге болады.

Мәселен, *майда тас, майда шөп* дегендерден ұсақ, уақ дегенді ұқсақ, майда ұн, майда сөз дегендерден жұмсақ, биязы дегенді түсінеміз. Ал мінезі майда дегеннен сыпайы, жайдары дегенді аңғарамыз. Бұл мағыналар бір ғана сөз табына қатысты болып, бір негізден тарағандығы ап-айқын білініп тұр. Бір сөздің әлденеше мағынасы тіліміздегі ауыспалы мағына тудырудың белгілі бір тәсілі (метафора) арқылы жасалатындығын бұлжытпай танимыз.

Сөздің бойындағы әр түрлі мағыналардың табиғаты бірдей емес. Тіл білімінде сөздің мағыналарын әр тұрғыдан қарастыру және, осыған сәйкес, сөз мағыналарын түрліше топтастырып саралау дағдысы бар. Тарихи тұрғыдан қарағанда, сөз мағыналары негізгі мағына және туынды мағына деп аталатын екі түрге бөлінеді. Мысалы, *ердеген* сөздің 1. Еркек деген мағынасы – бастапқы негізгі мағына да, 2. Күйеу, бай, 3. Батыл, батыр деген мағыналары – сөздің семантикалық жақтан дамуы барысында кейіннен пайда болған туынды мағыналар.

Тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан алып қарағанда, сөз мағыналарын екі түрге бөліп қарауға болады: оның бірі – тура мағына, екіншісі келтірінді (немесе ауыспалы) мағына. Мысалы, *қараңғы* деген сөздің «жарықсыз, ешнәрсені көруге болмайды» деген мағынасы – тура мағына да, «оқымаған, сауатсыз» деген мағынасы – келтірінді (ауыспалы) мағына. Сөздің келтірінді мағынасы бір емес бірнеше болуы мүмкін. Келтірінді мағыналар өз ішінде метафоралық мағына және метафонициялық мағына болып сараланады [6, 47].

Тіл-тілдің лексикасында дыбысталу бірдей де, мағынасы әр басқа сөздер бар. Малдың көктемде қырқылатын (не түсетін) жүнін қазақ жабағы дейді. Сонымен қатар алты айдан асып, қысқалықпен құлынды да жабағы деп атаған. Осылардың шығу тегін іздесек, сөз жоқ, белгілі бір ұқсастықты табуға болады. Алайда, мұндай байланыс қазіргі кезде әбден қашықтап жоғалған, ұмытылған. Бұлардың бір негізден тарағандығы жай кезге қазір байқалмайды да. Сондықтан мұндай сөздерді көп мағыналы сөздер тобынан шығарып, омонимдер тобына қосу тілде тәжірибеге айналған. Тіл білімінде полисемантизмді

омонимдерден ажыратудың бірден-бір жолы мағыналық байланыстың сақталуы мен сақталмауын негізгі тірек ету болып саналады. Егер мағыналардың арасында семантикалық байланыс тақа үзілмей, қалайда сезіліп тұрса, онда мұндай мағыналар бір сөздің әр түрлі мағынасы ретінде қаралып, көп мағыналы сөз деп танылады. Ал егер мағыналардың арасындағы семантикалық байланыс біржола үзіліп, әр мағына өзінше дараланып, бір-бірінен ажыраған болса, ондай сөздер омонимдес сөздер деп қаралады [6, 56]. Әдетте, бір адамның омоним деп таныған жеке бір сөзі екінші біреуге омоним болып көрінбейді де, іс жүзіне келгенде әр түрлі талас пікірлер туып жатады. Сөздің мағынасына қарап, оны бірдеомоним немесе бірде көп мағыналы сөз деп танудың өзі кейбір күрделі сөздің бірде бөлек, бірде бірге жазылғаны сияқты шартты түрдегі ұғым. Қазақ тілінің түрлі сөздіктерінде, сонымен қатар кейбір зерттеу еңбектерде айтылған сөз бірдеомоним, бірде көп мағыналы сөз ретінде қаралып, екі түрлі түсіндіріліп келеді. Демек, бұл сөздің мағыналары әді күнге тиянақталмағандығын байқатады.

Сөз мағынасы - дамып, жетіліп отыратын тілдік құбылыс. Сөздің ақиқат болмыспен, ондағы заттармен, құбылыстармен байланысын жасайтын мағынасын тіл білімінде денотаттық мағына дейді. Денотаттық мағына - айналадағы заттың, құбылыстың адамның сезім мүшелеріне әсер етуіне негізделетін, көрнекті нақты ойлауға қатысты қабылдаудан туындайтын ұғым негізінде қалыптасқан ақиқат дүниенің объективті бейнесі.

Сөз мағынасының дамуы мен кеңею жолдары туралы айтқан кезде негіздеме теориясын негізге аламыз.

1. Затқа атау беруде бұрыннан белгілі затқа ұқсастығына қарай атау таңамыз.
2. Құрылымдық өзгешелігі болмайды.
3. Мағына дәлме-дәл берілмейді.
4. Мағына бір заттың, не құбылыстың әр түрлі ренк, болмысын береді, мағына көпқырлы.
5. Мағыналар арасында міндетті түрде ортақ сема болады, яғни өзек сема бір.
6. Сөзжасамдық қатар түзеді.

Сөз мағынасының дамуын анықтау арқылы жаңаша мағыналық байланысы бар деген сөздердің негізін табуға болады. Әрбір тілдегі толық мағынаның атаулы функциясы бар, атаулы сөздер иемденеді. Мысалы, «үй», «ағаш» деген не десек, жауап алу оңай. Ал, «мен», «бұл» дегендеріміз не десек, жауап алу қиындау. Сондықтан, «лексические значения, как и понятия, это своего рода умственные «концентраты» ступки человеческих знаний об определенных фрагментах и сторонах окружающей нас действительности. Значения слов, как и понятия покоятся на специфической формеотражения действительности – обобщении и абстракции. В основе слов и понятий всегда лежит обобщение, т.е. отражение тогообщего постоянного и устойчивого, что скрыто в многообразии и бесконечной переменчивости явлений» - деп, сөз мағынасы мен ұғымы адам танымының жалпылық пен абстракцияны бейнелеуінің көрінісі екенін айтады. [7, 9].

Мағынаның мұндай ерекшелігін көне дәуір ойшылдарынан да көруге болады. Үнді философы Вачаспати: «Словообозначает общее, включающее в себе все индивидуумы, рассеянные во времени и пространстве, и таким образом, относится к индивидуумам как настоящего времени, так и прошедшего» [8, 92], - деп жазған еді.

Сөз жалпылама ұғым бергендіктен, кеңістік пен уақытқа жайылғандықтан, бұрынғы мен қазіргіге тікелей қатысты екенін айтады. Шындығында, сөз өз бойына көптеген ұғымдарды, мағынаны жинайды, бір шетінен әрбір жеке затқа тікелей қатысты болса да, жалпылама мағына береді. Мысалы, «бас» сөзі жалпы барлық заттың жоғарғы жағы, бөлігі деген ұғым берсе де, әрбір затқа тікелей қатысты. «Бас» дегеннен гөрі «судың басы» десек, жеке бір ұғымды береді.

Философ Дж. Локктан төмендегідей ойды оқи аламыз. «Сөзді қолдану мен оның мағынасы идея мен дыбыстың байланысына тәуелді, затқа атау бергенде, адамның әр затқа жеке идеясы бар болып, оны есте сақтау керек. Сондай-ақ, адам есінде әрбір затты ұстау мүмкін емес. Біз кездестіретін құс, жануар, ағаш, өсімдіктердің бәрі де ақыл кеңістігінде орын таба бермейді. Адамдардың әрбір қойға немесе қарғаға, әрбір жапырақ пен жердегі құмның әр талына атау бермегенін түсінуіміз керектігін айтады» [9, 403].

Сөз мағынасы мен атауы тығыз байланыста, атау бермес бұрын санамызға ұғым қалыптасады. Әрбір затқа атау беру мүмкін емес, бұл дегеніміз адам ақылынан жоғары тұрғандай. Сондықтан да, тілде ұқсастығы бар заттарды бір ұғыммен беріп, біріндегі атауды екіншісіне таңамыз. Дж. Локк айтқандай, әрбір құмға, тасқа атау бере алмаймыз. «Көз» деген ең алдымен «адам көзі» болса, қазіргі таңда «бұлақ көзі», «иненің көзі» деген мағыналары бар. Бұл жерде сөзге атау берудегі тапқырлықты көруімізге болады. «Иненің көзі» дегеннің орнына «иненің тесігі, ойығы, жіп өтетін жері» десек қалай болар еді? Айтқанға қолайсыз, естігенге жағымсыз дау. Әрине, байқаған боларсыз, өз атауы өзіне керемет келісіп тұр.

Қазақ тілін зерттеп, өзінің қолтаңбасын қалтырған, тіл білгірі А. Ысқақов: «тіл-тілдің сөздік құрамы әр халықтың өз тарихының, өз тұрмысының, өз мәдениетінің, оның дүниелік (материалдық) және рухани қазынасының айнасы сияқты болып есептеледі. Өйткені, өмірдің сала-саласындағы құбылыстардың бәрі де тілдің сөздігіне іздерін тастап, оған тиісті сөздерді куә етіп, дақ қалдырып отырады» [10, 3], - деп кез келген сөздің фундаменті бар екендігін, олардың көне түбір тұлғасын зерттеп, этимологиясын анықтауға болатынын айтқан еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гумбольдт В. фон Избранные труды по языкознанию: пер с нем. /под общ. ред. Г.В.Рамишвили: посл. А.В. Гулыги/. – 2-е изд. – М.: Прогресс, 2000. – 400 с.
2. Барлыбаев Р. Қазақ тіліндегі сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы (мұғалімдерге көмекші құрал). – Алматы: Мектеп, 1998. – 71 б.
3. Будагов Р.А. Вопросы языкознания, М. -1975.-145 с.
4. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді - Алматы : Санат, 1994. - 272 б.
5. Болғанбаев Ә. Көпмағыналы сөз және оның жасалу жолдары // Қазақ және ұйғыр тіл білімінің мәселелері.- Алматы, 1998. – 47 Б.
6. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – А, 1991. – 216 б.
7. Кобозева И.М. Лингвистическая семантика: Учебник. Изд. 2-е – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 352 с. (Новый лингвистический учебник.)
8. Философия западноевропейского Средневековья. (Отв. ред.; в сост. авт. колл.). СПб., 2015;
9. Джон Локк Избранные философские произведения в двух томах, 1990.- 736 с.
10. Ысқақов, А. Қазіргі қазақ тілі [Мәтін] / бас ред. Е. М. Арын; құраст. А. Ж. Құдабаев; ред. алқасы: Ә. Айтбаев, Б. Әбілқасымов, Е. Жанпейісов т.б.. - Павлодар: С.Торайғыров атын. ПМУ, 2010. - 458 б.

ӘОЖ 81 (574)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАРДЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Хамзина А.С.

«Мойылды негізгі орта мектебі»

КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аңдатпа. Ахмет Байтұрсынұлы халықты оятудың жолын оқу- білімнен іздеді. Еуропада ғылым дамыған, қазақта олардың жұрнағы да жоқ деп Еуропаны үлгі тұтты. Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді деп санады. Қиын-қыстау кезеңіне қарамастан ғылымның дамуына ерекше назар аударып, академиялық орталықтың жұмысын басқарып, оның өркендеп дамуына жағдай жасап, оған өзі тікелей бағыт беріп отырды.

Түйін сөз: Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы.

Аннотация. Ахмет Байтұрсынұлы искал способ пробудить людей, а в Европе в Европе состоялся наука, что у него нет их суффикса. Образовательная работа молодых людей не исправлена, и люди, которые считают публики, не будут исправлены. Несмотря на трудный период, он уделил особое внимание развитию науки, управлять работой академического центра, создавая условия для своего процветания и направлять его напрямую.

Ключевые слова: Ахмет Байтұрсынұлы-основатель казахской письменной литературы.

Annotation. Akhmet Baitursynov was looking for a way to awaken the people, and in Europe, science has taken place in Europe that he has no their suffix. The educational work of young people was not corrected, and people considered public will not be corrected. Despite the difficult period, he paid special attention to the development of science, managing the work of the academic center, creating conditions for its prosperity and directing it directly to him.

Keywords: Ahmet Baitursynov - the founder of the Kazakh written literature.

Бүгінгі таңда қазақ тіл білімі инновациялық бағыттар тұрғысынан қарастырылуына байланысты көптеген ұстаным- түсініктер жаңа қырынан зерттеле бастады. Бұл орайда көбінесе жаңа, тың дүниені шетел тәжірбиесімен, шетелдік озық үлгісімен байланыстыру әдетке айналған. Сол себепті когнитивті лингвистика, функционалды лингвистика, коммуникативті грамматика сынды бағыттарды сипаттауда жалпы тіл біліміндегі зерттеуші-ғалымдардың еңбектерін негізге аламыз. Шын мәнінде, қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар А.Байтұрсынұлы еңбектерінде жан-жақты сипатталғанын көруге болады. Ғалым зерттеулерінде тіл мен сана, тіл мен таным, тілдік сапа, ұғым, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты мәселелері жан-жақты сөз болған. Мәселен, А.Байтұрсынұлы сөз өнері де адам санасының үш негізіне ақыл, қиялға, көңілге тірелетіндігін айта келіп, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін көрсетеді. (Ақыл ісі –аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі- меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі- түйю, талғау) «Тілдің міндеті- ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарату»,- деп қорытады. Яғни, ғалым тілді (сөз өнерін) сана, тілдік сана, таным тұрғысынан сипаттайды. Сонымен қатар ғалым өнердің бес түрін сәулет, сымбат, сүгіреттеп көрсету, әуез, сөз өнері деп бөледі. «Өнердің ең алды сөз

өнері деп саналады. «Өнер алды- қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің қызметін шама қадырынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл да өзге өнердің қолынан келмейді», - дейді. Осы бір шағын мәтінде ғалым концептуалды мазмұн мен тілдің өзара байланысын, концептуалды мазмұнды тілдің көмегінің сипаттау мүмкін еместігін, санадағы құбылыстарды тіл ғана бейнелей алатынын ескертеді.


Ахмет Байтұрсынов қазақ тілін оқыту методикасының да іргетасын қалаушы болып саналады. Ол- қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізін салушы. Жазу таңбаларын (әріптерді) түсіндіретін «Баяншы» атты методикалық құрал тұңғыш әліппемен яғни «Оқу құралымен» қатар дүниеге келгендігін автор өзі білдіреді. Мұны дәлелдейтін және бір дәлел- «Баяншының» 1920 жылы Қазанда шыққан басылымында автор бұл құралды 14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесінен шығарып жазғандығын айтады. Бұл көлемі жағынан өте шағын (не бары 15 беттік кітапша), бірақ нағыз әдістемелік құрал.

Мектеп балаларына арналған оқулықтарында болсын, үлкендерге арналған «Сауат ашқышта» болсын А.Байтұрсыновтың иллюстративтік материалдарды ұсынуда үлкен тәрбиелік әрі тіл ұстарту мүддесін көздегені байқалады. Автор жалпы оқулыққа тән «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге» деген принципті ұстағандықтан, бастауыш балаларына арналған материалдарды түсінікті беруді көздейді, мысалдарды қазақ баласына таныс мақал-мәтелдерден, нақыл сөздерден, мысалдардан алады. Және олардың барлығы дерлік адамгершілікті, адалдықты, еңбексүйгіштікті тағы да сол сияқты игі қасиеттерді уағыздайтын дидактикалық мәні зор өлең-жыр жолдары болып келеді. Ал белгілі бір тақырыпқа лайықтап өзі жасаған мәтіндерді ауыл балаларының күнделікті тұрмысынан алып, олардың арман-тілегін, талап-талапынысын танытатын шағын әңгімелер түрінде беріледі.

«Қазақ тілін талдап- тануда А.Байтұрсыновтың еңбегін және бір тұрғыдан ерекше атау керек: ол- термин жасаудағы іс-әрекеті. Ғалым қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынған. Осы күнгі қолданып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, сөйлем, қаратпа сөз, леп белгісі деген сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы - А.Байтұрсынов еңбегі. Бұлардың өте сәтті жасалғандығын күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы. 5-т. Алматы: Алаш баспасы, 2006.-288б.
2. Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы, әліппелер мен мақалалар жинағы. Алматы: Алаш, 2006ж.- 320 б.
3. Қосымшаны қара, 107б.



ӘОЖ 808.5 (574)

АНХЕТ БАЙТҰРСЫНОВ'ИН ШЕШЕНДІК ГЕЛЕНЕГІ ҰЗЕРІНЕ ЯПІЛАН ЧАЛІШМАЛАРИ

Ахатова Н.К.

Аға оқытушы, магистр

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

e-mail: NAK77777@list.ru

Özet: Bildiride hitabet kelimesini halk edebiyatın bir dalı olarak gören eğitimci bilim adamı A. Baytursynov'un yazıları araştırılıyor.

Anahtar kelimeler: halk, edebiyat, hitabet, yazı, söz sanatı

Аннотация: Мақалада ағартушы–ғалым А. Байтұрсынұлының шешендік сөздерді ауыз әдебиетінің бір саласы ретінде қарастырған еңбектері зерттеледі.

Кілт сөздер: халық, әдебиет, шешендік, қолжазба, сөз өнері

Abstract: The article examines the works of the educator –scientist A. Baitursynuly, who considered oratory as a branch of oral literature.

Keywords: folk, literature, oratory, handwriting, word art

Bu bildiride Kazak halkının hatip sanatını bilimsel açıdan ilk ve günümüze kadar araştırmakta olan değerli bilim adamlarının araştırmaları ve çalışmaları konu olacaktır. Ayrıca hatip sanatında kullanılan kelimelerin analizini yapan araştırmacıların çalışmalarına yer verilecektir.

Kazak sözlü edebiyatı üzerinde araştırma yapan bilim adamları söz sanatı ve şешендік üzerinde de durmuştur. Kendilerine has özellikleri ve söz ustalıklarıyla ortaya çıkmış kadıların dava üzerindeki etkileri on dokuzuncu yüzyılın ortasında Kazak bilim adamı Şokan Velihanov'un dikkatini çekmiştir. Kadıların konuşma tarzı ve özellikleri hakkındaki bilimsel fikirler Ş. Velihanov'un araştırmalarında yer almıştır. Ş. Velihanov "Mahkeme reformu hakkındaki incelemeler" adlı eserinde kadıların sözleri ve özel hayatları üzerinde durmuştur. Adı geçen eserde kadıların o dönemdeki hukuki ve sosyal meselelere bakış açıları ele alınmıştır. Kadıların önemi ve kadı mahkemesinin özelliği üzerine: "Kadı unvanı halk tarafından seçimle seçilmez. Mahkeme kurallarını iyi bilen ve bu özelliklerle sahip şешен ya da doğru insanlar bu unvanı kendiliğinden kazanır. Kadılık mertebesine yükselmek isteyen kimse kendisinin bu tür özelliklerini halkın önünde birkaç kez sergilemesi gerekir. Bu tür özelliklere sahip insanların ismi halk arasına çabuk duyulur ve herkes tarafından tanınır. Böylece kadı unvanını kendiliğinden alır ve kadılık yapmaya başlar" şeklinde yazmıştır [1,56]. Velihanov'a göre Kazak toplumunda kadı unvanını almak için mutlaka iki şartın bulunması gerekir: birincisi hukukun her dalını iyi bilmesi ikincisi ise şешендік derecesinin dorukta olması.

Aynı görüşü Abay Kunanbayev'da söylemiştir: "Bu şekildeki yöneticilik her kişinin haddi değildir. İtibarlı bir kadı olması için Kazak halkının deyişiyile "Kasım han'ın Kaska jolın", "Esım han'ın eski jolın", "Az tavke Han'ın Jeti jargısın" bilmesi gerekir. Bu kurallar eski döneme göre yazılmış ise de yeni döneme ayak uydurmak ve kadılık görevini iyi yapması gerekir" demiştir[2,57].

Şokan ve Abay'ın fikri hatipliğin bir patent gibi edebiyatta önemli bir yer aldığını önümüze sermektedir.

Eski Yunan tarihinde hatip sanatının gelişmesinde ünlü Solunkanunu neden olmuştur. Solun'un ezilmiş halkın durumu ve mahkeme işlerine demokrasiyi katmak gibi sosyal reformları "Solun kanunu" olarak bilinmektedir. Solun kanununa göre Atina'nın her bir insanı kendi hukukunu kendisi savunması lazımmış. Fakat bu herkesin yapabileceği şey değildir. Bu yüzden mahkeme öncesi söylenecek sözleri önceden hazırlayan özel söz ustası (logograflar) olmuştur. Atina'da hatiplik sanatının temelini atan eski Yunan siyasetçisi Demosten ilk önce logograf yani söz ustası görevini yapmıştır. Kazak toplumunun "Jet jargı" yedi kanun olarak adlandırdığı kurallar kitabı Yunan hatibi Solun'un kanununa benzemektedir. Kazakistan'da devrim öncesi herkes kendi isteklerini kendileri dile getirmiş, gücü gelmediği takdirde ise yardımsever kardeşleri ya da soydaşları yardım etmiştir. İşte bunun gibi durumlarda her bir köye, her bir boya atışma sırasında soydaşların itibarını savunacak gelenek görenekleri iyi bilen hızlı düşünen ve söz ustası kişiye ihtiyaç olmuştur.

Bu tür özelliklere sahip olanlara halk "biy" kadı unvanı vermiştir. Halk mahkemesinde genelde kadıların biri talepte bulunan kimsenin, ikincisi ise suçlu tarafını tutar. Üçüncü kadı ise davayla ilgili karar alır. Kazak toplumunda eskiden oluşmuş halk içerisindeki dava ve tartışmaları bunun gibi yöntemlerle çözmek geleneksel hatip sanatının gelişmesine tesir etmiştir. Tartışılan davada son sözü söylemek, doğru karar almak kadının halkın gelenek görenekleriyle beraber hızlı düşinmesi ve söz ustası olması gerekir [3,13].

Velihanov “Mahkeme reformu hakkındaki incelemeler” adlı eserinde göçebe hayat süren Kazak halkının bu tür dava çözümü ve doğru karar almasındaki nedenini “yönetim şeklinin hukuksal gücü” olduğundan kaynaklandığını söylemiştir [4,25].

Kazak halkının şeşendik sanatına ait örnekleri derleyen ve halk şeşendik sanatına önem veren ilk bilim adamlarından biri ünlü Türkolog V. V. Radlov’tur. Kazak sözlü edebiyatının şeşendik sanatı nüshalarını kendi derlediği esere eklemiş ve kitabın önsözünde şöyle demiştir: “Kazak dili İslam dininin etkisi altında fazla kalmamıştır. Dilini çok iyi korumuş esas Türk dilini çok iyi korumuştur. Tabi ki de çok az sayıda olsa da yabancı kelimelere rastlanmak mümkündür. Fakat bu kelimeler Kazak dilinin ses uyumuna göre yazılmış ve söylenmiştir. Kazak dilinin temizliği ve doğallığı beni etkisi altına almıştır. Böylece bu halkın eserlerini derlemeye neden olmuştur. Kazak halkının diğer halklara nazaran söz sanatı ve hatipliği beni etkilemiştir” [4,17].

Şeşendik sanatını ilk bilimsel açıdan ele almış ve terimleri oluşturma açısından emeği geçen bilim adamı Ahmet Bayrutsinov’dur. Bayrutsinov “Şeşendik sadece metinlerin bir çeşidi değildir, bu aynı anda bir düşünce ve karardır. Kararlı kişi ile şeşen kişinin farkı ise şudur. Bir karar alan kişi kendisinin temel fikrini beyan eder ve çeşitli delillerle açıklar. Şeşen ise anlatır, konuyu bütün incelikleriyle ortaya koyar ayrıca kendi fikrine inandırır ve güven sağlar.”

Bu yüzden hatipler sadece güzel sözlerle halkın itibarını kazanmayı amaç edinmez bununla beraber her söyledikleri söz insana etki bırakması ve bağlı kalmasını sağlar.

Gösterdiğimiz özelliklerden sonra ortaya “ateşleme” ya da “etkilemek” gibi bölüm çıkar. Bunun asıl görevi insanın kalbine dokunmak, sınırlarıyla oynamak, namusuna el sokmak veya deliye döndürmektir.

Şeşendik sanatının bu bölümü fikri savunduktan ve bütün nitelikleri açıkladıktan sonra olur. Çünkü fikri beyan edip anlattıktan sonra kısacası mantık yerine oturduktan sonra kalbe dokunmak zor değildir veya inandırmak fazla zor olmaz. İşte yukarıda sıraladığımız özelliklere göre hatibin dili keskin, etkili ve kalbe dokunan güçlü dile sahip olması gerekir.

Şeşendik sözlerin içeriği beş önemli bölümden oluşmaktadır. 1. Başlamak 2. Sunmak 3. İçerik 4. Etkilemek 5. Sonuç.

Bayrutsinov ayrıca şeşendik sanatının hatiplik konusu ve içeriğini beş gruba ayırmıştır.

1. Şeşen kalabalığa hitap edebilmesi ve söylediği her söze inandırması gerekir. Devletin kararı şudur diyerek söylediklerini öne sürmesi lazım. Bu şekilde konuşan hatibe siyasi hatip denir.

2. Şeşenler mahkemede suçluyu aklamak ya da karalamak amacıyla konuşur ve mahkeme kararını etkiler. Bu tür konuşmalar hüküm kadı sözü olarak bilinir.

3. Birinin halka ettiği emek ve yaptığı çalışmalar gururla anlatarak konuşulursa bu tip hatiplik iltifat kadı sözü olarak nitelenir.

4. Bilim adamlarının, alimlerin konu üzerinde detaylı konuşmaları bilgi kadı sözü olarak bilinir.

5. Din konusuyla ilgili konuşan imamların sözü vaaz’dır [5, 270].

Konuşmacının amacı ve konuşma özelliklerine göre hatip sanatı farklı dallara ayrılmaktadır. Bilim adamı Negimov: “Gerçek şeşen toplantılarda: iyilik ve kötülüğü, mahkemede: adalet ve adaletsizliği, halk toplantılarında ise olumlu veya olumsuz konuları temele alır” diye fikrini beyan etmiştir [6, 115].

Siyasi hareket ve büyük siyasi değişimlerle gelişen siyasi hatibin devlet adamı olarak çalışması doğaldır. Bayrutsinov’un beşe ayırdığı hatip sanatının her bir dalının özelliklerini M. Ahetov eserinde şu açıklamaları yazmıştır: “Siyasi şeşenlere ait özelliklerden biri konuşmacının kendi konuşmasına dahi inanması ve diğerlerinden de bu inancı talep etmesidir. Siyasi şeşen konuşmacısının diğer hatiplerden özelliği dolaylı ya da bulmaca gibi konuşmaz. Aksine söylenecek fikri ve düşünceye çok önem verir. Bununla beraber epitet, mecaz ve benzetme gibi kelimelerle deyimler konuyu anlatma esnasında kullanılır.

Alkış şeşendik sözlerine: hatip selamı, hatip duası, hatip armağan şiirleri ve başsağlığından başlayıp düğün toplantılardaki (kutlama konuşmaları, jübile kutlamaları) konuşmaları, sofrada söylenen dilekler ve kutlama sözler, karalı gündeki uğurlama konuşmalar aittir.

“*Bilimir*”şeşendik dediğimiz: halk arasındaki aksakallarının, büyük düşünürlerin kendi dönemi hakkında, iyilik ve kötülük hakkında, bilim adamlarının belli bir bilim dalındaki söylenen edebi söz sanatıdır. Bu gruba şeşen tenkiti, şeşen deymi, şeşen örneği, şeşen bulmacası, şeşen sorusu, şeşen cevabı ve dönem hakkındaki hatip şiirleri, ders, bilimsel tebliğ, belli bir uzmanlık alanındaki konuşma, bilimsel konulardaki sohbetler girmektedir.

Vaaz şeşendik sanatının önemli dallarından biridir. Bu tür şeşendik sanatına kalabalıkta anlatılan dini hikâyeler, cuma namazı, dini konulardan bahsetmek, Kuran ve dini kitapları tanıtmak, peygamber ve evliyalardan bahsetmek, hadisleri incelemek, din adamlarının sohbetlerini ve ilahiyatla ilgili tartışmalar aittir”[7,51].

Kazakistan’da vaaz şeşendik sanatının fazla araştırılmaması o dönemin getirdiği olumsuz siyasetinden kaynaklanmaktadır. Bayrutsinov dışında kimse din konusuyla ilgili hatip sanatını eserlerinde anlatmamıştır. XX. yüzyıl başlarında Bayrutsinov’un sunduğu vaaz hatip sanatı diğer bilim adamlarının dikkatini çekmeye başlamıştır.

Dünya edebiyatının baş tacı olarak tanınan Ahmet Yesevi’nin “Divan-i Hikmet” ve Yesevi’nin öğrencileri A. Yigüneki ve S. Saray’ların eserleri topluma hitap edilmiştir ayrıca vaazı temele almıştır. Böylece vaaz hatip sanatının tarihi çok eskiye dayandığını görmekteyiz.

Hukukçu, bilim adamları N. Öserbayev ve Ö. Kopabayev Baytursinov'un ayırdığı dallara göre: "Şeşendik sanatının en güzeli ve önemlisi kadılık sanatıdır" demiştir [8,3].

Baytursinov'un şeşendik sanatına verdiği kavramlar Kazak şeşendik sanatının doğasına uygun, kazak anlayışını karşılayan edebi kavramlardır. Şeşendik sanatının konusu ve içeriğine göre sınıflandırdığı bu bölüm günümüze kadar değerini kaybetmemiştir. Terimlerin özelliği ise bilimsel açıdan kendi notunu almıştır.

Kazak halkının şeşendik sanatının güzel sözlerini derleyen ve ilk olarak yayımlayan bilim adamlarının biri ise Ibray Altınсарın'dır I. Altınсарın "Kirgiz Hrestomatyası" «İzbastı», "Bayolğu", "Janibek Batır", "Jirenşe Şeşen" adlı şeşendik sözleri içeren kitapları yayımlayarak okuyucuna sunmuştur. Böylece halkın değerli manevi zenginliğini çocuklar için kullanmış ve her eğitimcinin kaynağı olacağına güvenmiştir.

Kazak halkının şeşendik ve yöneticilik sanatının göçebe hayat şartlarına uygun, halkın günlük yaşantısına göre uyarlandığını Ş. Kudayberdioğlu da dile getirmiştir. "*Kadı ve kadılık hakkında*" adlı eserinde "Kazakların davası Rus hâkimi tarafından sonuçlanırdı. Fakat bu durum toplum tarafından olumsuz karşılanırdı. Örneğin: Kazak halkını zor durumda bırakacak zarar ve geleneklerimize ters düşen zorluklar olur" diye vurgulamıştır [9,156].

Kudayberdioğlu Kazak hatip sanatının gelişmesi ve araştırılmasında emeği geçen bilimadamıdır. "Yöneticilik konusunda Kazak halkının eskiden devam eden ve tutundukları yolu vardır. Fakat ne yazık ki o yol unutulmuştur. Bunun nedeni Kazak topraklarında Rus kanunlarının yürütülmesidir" demiştir [9,156].

S. T. Kasenov eserinde "Ş. Kudayberdioğlu'nun incelemelerinde "Esim salgan eski jol", "Kasım salgan kaska jol", ve "Jet jargı" gibi kanunlar ve kuralların kullanılmadığı, dışarıdan yönetildiği, ezilmiş halkın gerçeği vardır" şeklinde yazmıştır [4,26].

Ş. Kudayberdioğlu Kazak halkının şeşendik sanatının tarihi temelini, kendine has sistemini açıklamış ve göstermiştir. Bazı deyişleri ise günümüzde atasözü olarak kullanılmaktadır. Örneğin: "*İki tane kadı varsa dava dört tane olur*", "*Dava güçlenirse kadısını bulur*", "*Bulan kimse sevinse de sonuçta tanyan alır*", "*Kendi düşen ağlamaz*", "*Güzel at döner dolaştır kendi sahibini bulur*" vs. [9,156-158].

Zaman geçer ve dönem değişir. Büyüklerimizden kalmış medeniyete başka bir siyaset karışır. Bu dönemdeki kadılık ve şeşendik sanat üzerine Alihan Bökeyhan'ın "Kadı hem yöneticilik", "Gene kadı hem yöneticilik" konusundaki yazdığı makaleleri örnek gösterebiliriz. Bu makaleler o kadar değerli ki içeriğinde Avrupa ve Rus yöneticilerinin kadılık sanatı da karşılaştırılmıştır [9,44].

Şeşendik sanatının niteliklerini yazan Velihanov'un çalışmalarını devam ettiren bilim adamı Haleb Dosmuhamedov'tur. "*Kazak halk edebiyatı*" adlı araştırmasında Dosmuhamedov halk edebiyatını kırk altı türe sınıflandırmış ve bunun içerisindeki bir bölümü edebi türe göre bölmüştür. Edebi türe "*Kadılık söz*" diye hatip sanatında kullanılan sözleri almıştır. "çeşitli mahkemede kadıların sözleri, verdikleri cevapları genelde kafiyeli deyim ya da şiir şeklinde olur. Bu şekilde söylenen söze hüküm söz denir" diye yazmıştır [10, 83].

1920'li yıllarda Kazak edebiyatının tarihini belirleme çalışmalarına ön ayak olan bilim adamı Muhtar Avezov'un "*Edebiyat Tarihi*" adlı eserinde Kazak halkının hatiplik sanatına edebiyat tarihinden önemli yer verilmiştir. Bu eserde şeşendik sanatının sözlü edebiyat şeklinde araştırılması ele alınmıştır. "*Kadılar atışması*" adlı terim oluşturarak bu sözlerden örnekler getirmiştir. Avezov'un dikkatini kadılar söze çekmiştir. Fakat yazar edebiyatın bu türünün daha da gelişmeye ihtiyacı olduğunu vurgulamıştır.

"Kadılar atışmasının günümüzde her çeşidi derlenmemiştir. Bu tür atışmalar sayısız olduğundan incelenerek sınıflandırılması mümkün değildir. Bu yüzden günümüzde hangi çeşitleri bulunduğunu söyleyebiliriz. Fakat bu sınıflandırma geçicidir. Bunlar içeriğine göre yapılmış sınıflandırma olarak bilinir» [11,83]- demiş, adı geçen eserin "*Kazak edebiyatının tarihi*" adlı bölümünde "sözlü edebiyatın içinde halkın kavramı ve genel hayata bakış açısını bildiren, geçmiş anlatan sözlerin hepsi sadece bir kişiye ait değildir. O halka ve topluma ait sanattır" diye yazmıştır. Şeşendik sanatındaki sözlerin araştırılması, sözlü edebiyattaki önemi, toplum niteliğini açıklama esnasında bu eserin önemi büyüktür.

M. Avezov'un "*Edebiyat tarihi*" adlı eserindeki bu satırı açıklayacak olursak birçok meseleyi açıklamış oluruz. "İkisi de sadece halkın danışmanı değildir halkı yöneten Han ve beyin danışmanı, vekili gibi olmuştur. Han'ın çözemediği problemi çözmüş, sorunu olursa yardımına onlar yetmiştir. Barış döneminde kavgalı olan akrabaları birleştirmişlerse savaş döneminde zor durumda kalmış halkın sakinliğini korumuş, yol gösterici liderleri olmuştur. Bunlar Han'ın yanındaki halk arasından seçilmiş ihtiyar aksakal grubuna benzemektedir. Bu yüzden han'ın söylediği keskin sözlerini halk diliyle halka iletmiştir. Halk han'ın söylediği söze değil bunların ağzından çıkmış sözlere kulak vermiştir. Toplumda bunların siyasi ağırlığı o kadar güçlü olmuş ki ağzından çıkan her bir söz eksiksiz olması gerekmiştir. Bu yüzden bunların sözü değerli, şiir sözleriyle ortaya çıkması doğal olmuştur. Söylenen söz şiir gibi olduğu takdirde halkın göz önünde kusursuz ve eksiksiz oluyordu. Halk yöneten Hanlar ve sultanlar yanında bunun gibi hatipleri her zaman bulundurmıştır [12,48].

Avezov'un dram türündeki ilk eseri olarak tanıdığımız "*Enlik Kebek*" trajedisidir. Bu eser boylar arasındaki dul davasını konu alır. İlk dram eserinin başkahramanları kadı ve hatiplerdir. Eserde sözlü edebiyatın nüshalarını, şeşendik sanatında kullanılan sözleri, kahramanların davranışlarından konuşma monologlarını karşılaştırmak mümkündür. [13, 57].

"Davada elmas gibi keskin, duyguda kuş gibi uçan, düşüncede kurşun gibi eriyen, hayatın her yönünde hem silah hem kalkan hem eski hem de ebedi olan ana dilimizden değerli ne var ki" diye cumhurbaşkanımız N.

Nazarbayev vurgulamıştır [13, 38]. Bu deyişten halk yönetimindeki hatip sanatının önemini bir kez daha anlamaktayız.

Avezov da Baytursinov gibi şeşendik sanatını şu şekilde dallara ayırmıştır: a)siyaset şeşendik sanatı b) “bilimi” şeşendik sanatı c)kadılık şeşendik sanatı d)vaaz şeşendik sanatı. En çok siyasi şeşendik sanatı üzerinde durmuştur. “Siyasi şeşendik sanatına halk arasında itibarlı sayılan ihtiyarların halk birliğini korumak için söyleyen sözü, halk liderlerinin ideolojisini desteklemek amacıyla söylenen sözler, komutanların askerlerini cesaretlendirmek için söyledikleri sözler, elçiler, meydandaki konuşmalar, çeşitli toplantılardaki devlet ideolojisiyle ilgili konuşmalar aittir. Siyasi şeşendik sanatı çoğunlukla tarihi olaylarla, halk arasında yaşanmış büyük tarihi olaylarla ilişkili olmuştur. Herhangi devrim lideri ya da devlet adamı kendi amaçlarını topluma kabul ettirmek için çok iyi hatibin yardımına ve sanatına muhtaç olmuştur ya da kendileri hatip olmuştur[14,146].

Avezov yaşadığı sürece folklorlardan uzaklaşmamıştır. “Kazak edebiyatı tarihi” eserinin “Şeşendik sözler” adlı bölümünü inceleyen B. Adambayev çalışma esnasını şu şekilde aktarmıştır: “Ben dil ve edebiyat enstitüsü’ne çalışmaya geldiğim yıllarda(1957-1958) bilim adamları akademik Avezov’un önderliğinde “Kazak edebiyatı tarihi”nin birinci cildini yazıyormuş. Benden cildin “Şeşendik sözler” bölümünü yazmamı istedi. Ben araştırmamın ilk nüshasını yazdım ve hastanede bulunan Avezov’a göstermek için gittim (kendi isteği üzerine). Avezov çok dikkatli ve titiz biri idi. İki üç gün sonra “yazdıklarımı okudum, gelip götürebilirsin” diye telefon açtı. Onun söylediği tarih ve saatte geldim. Bakanlar meclisi hastanesinin avlusunda dinleniyormuş. Selamlaştıktan sonra elindeki yazdıklarımın sayfalarını çevirerek kızmaya ve eleştirmeye başladı. “Verdiğim konudan uzaklaşmışsın. Kabarık 90 sayfalık çalışma” dedi sınırlanan Avezov. Araştırmamın üçüncü bölümüne geldiğinde ise fikri değişti: “şeşendik davaları” bölümü üzerinde duracak olursak ben Baltabayla arkadaş oldum. Bölüm tam istediğim gibi çıkmıştır. Hiçbir değişiklik yapılmasa da olur. Bölüm için “namus davası” adlı konu eklemiş, bu da yerine tam oturmuş. Sonunda üstadım olarak gördüğüm Avezov aklını ve fikrini aktarmaya başladı. Birinci ve ikinci bölümleri kısalt. Genel olarak tutunduğun yön hatta “Şeşendik sözleri halkın mirası” olarak belirlediğin tutum doğrudur. Bu konu üzerinde biraz dur, delillerle açıkla. Sonra yazdıklarımı tekrar bana ver” dedi Avezov”[15,4].

Bundan sonra Avezov Adambayev’in yazdığı “Şeşendik sözler” bölümüne iki kez düzeltme yapmış, bilgi eklemiştir. Avezov’un kendi düzelttiği bu değerli eserin üç nüshası “Avezov evi” adlı bilimsel kültür merkezinin arşivinde korunmaktadır.

Bu örneği kapsamlı olarak vermemizin nedeni Kazak hatip sanatının özelliklerini her yönüyle çok iyi bilen Avezov’un Adambayev’in araştırmasına danışmanlık yapması, yol göstermesi ve söz konusu konuya ilgi uyandırması olmuştur [4,101].

R. NurgaliyevAvezov’un hayatını eserlerini inceleyerek onun kadılık sözlerini ve hatiplik söz sanatı örneklerini kadı ve hatiplerin hayatını bütün özellikleriyle araştırmasının nedenini şu şekilde göstermiştir:

1. Avezov çocukluk döneminden itibaren sözlü edebiyatın nüshalarını derlemiş ve kadı, hatiplerin çeşitli edebi nüshalarını onların hayatının gelecek nesillere ibret olacağını anlamıştır. Kıvrak zekâsı ve keskin diliyle toplumu ikna edebilen kadılar ve hatiplerin güzel işleri ayrıca halkın geleceğinden iyi şeyler umut eden kadı ve hatiplerin amacı Avezov’un dikkatini çekmiştir.

2. Abay’ın hayatı ve eserlerini inceleyen Avezov Abay’ın hayatında özel bir yeri olan kadılık hizmetini de incelemiş ve bununla ilgili araştırmalarını ortaya koymuştur.

3. Avezov 1920 ve 1921’li yıllar arasında hukuk işleriyle ilgilenmiştir çeşitli görevlerde çalışmıştır. Bu çalışmalarından dolayı Kazak tarihinde kanun ve mahkeme işleriyle ilgili kaynakları derlemiş ve araştırmıştır. Böylece kadılık ve hatiplik mahkemenin özel yönleriyle tanışmıştır.

Avezov’un dramlarını inceleyen bilim adamı N. Nurgaliyev: “Şeşendik sanatı ve şeşendik davası tartışması Kazak halk edebiyatında özel bir yeri olan, gelişen ve şekil bakımından drama yakın nüshalardır. Avezov Kazak halkının eski hatip sanatı arasında gelişen kadılık geleneğini dram eserinin arasına katmıştır. Bunlar piesin edebi türüyle kaynaşmıştır” şeklinde fikrini beyan etmiştir [16, 247].Bu şekilde hatip sanatı ve dram türlerinin arasındaki ilişkilerin ortak olduğunu vurgulamıştır.

Kadılar tartışması Avezov’un dramlarında sadece tartışma yapan iki tarafın kadılarını tasvir etmez bununla beraber o dönemde kazak toplumunda oluşmuş mahkeme işleri ve gerçekçi kaynaklardan oyuncu karakterini belirlemiştir.

Avezov kadı ve hatipler hakkında şöyle demiştir: “Başı kesmek varsa da dili kesmek yoktur” diye konuşma özgürlüğüne özel yer veren halkımız o dönemde layık gördükleri kadı ve hatipleri Han’ın danışmanı yapmıştır. Bununla beraber sanatıyla halk sevgisini kazanan kadı ve hatipler sadece dava esnasında değil günlük hayatta da sözlü edebiyatın gelişmesinde katkıda bulunmuştur. Onların birbiriyle selamlaşmaları, tenkit etmeleri, herhangi meseleyle ilgili söyledikleri tolgavlar,deyim ve atasözleri söz değerini arttırmıştır. Bu yüzden sözlü edebiyatın örneklerini derleyen araştırmacıların eline kadı ve hatiplerin keskin sözleri ve edebi örnekleri toplanmıştır. Toplum hayatında kadılar ve hatiplerin siyasi ağırlığı büyük olduğundan söyledikleri sözler de kusursuz olmaları gerekiyordu.

“Ak dediği dua kara dediği beddua” olan iyilerin sözleri toplum nazarında kusursuz ve tam olması şarttı. Kazak kadı ve şeşenlerin eserlerindeki bütün özellikleri çok iyi bilen Avezov onların konuşmalarındaki insan duygusuna etki edecek gücü hakkında şöyle demiştir: “topluma hitap edilen sözlerin şiir şeklinde olması Kazak

halkının şiire verdiği önemi ve dinleyicinin iyi bir dinleyici olmasından kaynaklanmaktadır. Bu yüzden eski dönemin kadı ve hatipleri, kahramanları nesir sözün arasında şiir ekleyerek konuşmuştur. Nazım şeklinde söylenmeyen, anlatılmayan olaylar delilsiz, kanıtsız olay gibi gelmiştir” [14,196].

KAYNAKLAR:

1. Velihanov. Ş. Ş. Makalalar men hattar (Makaleler ve mektuplar) Almatı. Jazuvşı, 1949.56 s.
2. Kunanbayev. A. Şıgarmaları (Eserleri) 2. cilt. Almatı, Jazuvşı, 1986. 57 s.
3. Adambayev. B. Şeşendik Öner (Hatip sanatı) Almatı. Jazuvşı. 1969.13 s.
4. Kasenov. S. T. Şeşendik Sözder Poetikası . Dokoratezi Almatı. 2002.25
5. Baytursımov. A. Şıgarmalar Jinagı. (Toplueserler) Almatı. Alaş. 2003. C. 1. 270. S.
6. S. Negimov “Şeşendik Öner” Almatı 1997, s 115
7. M. K. Ahetov “M. Avezov dramaturgiyasındaғы шеşendik dastür. Basılmamış doktor tatezi. Almatı. 2002, s 51.
8. N. Öserov, O Kopabayev “Musılmandık Hukık” Almatı, JetiJargı, 1998 s. 3
9. Kazak. Almatı. Bilim, 1994. s. 156.
10. Dosmuhamedov. H. “Kazak halk edebiyatı” Almatı. Alaman, 1991. S 83
11. Avezov. M. Adebıyet tarihi (Edebıyat Tarihi) Almatı, Gılım, 1991, - s 188 .
12. Ahetov. M. K. Avezov dram eserindeki söz sanatı. Doktora tezi. Almatı, 2002, -s 48 .
13. Nazarbayev. N. Tuvgan elim tiregim. Almatı. 2002. S 38.
14. Avezov M. Edebıyat tarihi. Almatı, Gılım. 1992. S 146
15. Adambayev. B. Ustaz (Öğretmen) Avezov evi bilim selmedenı merkez arşivinin nadir bulunan kaynakları. Dosya 240. S 4.
16. R. Nurgaliyev “Arkav” Almatı. 1991 s. 247

ӘОЖ 81’27

АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙ БЕЙНЕСІ – ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЕЖЕЛГІ ДӘУІРЛЕРІНДЕ ЕҢ КӨП СОМДАЛҒАН ОБРАЗ

Ш. Абдиева

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы, 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші-ф.ғ.к., профессор **А.Ш. Пангереев**
№28 орта мектебі
Ақтөбе қаласы
shattyk_abdieva@mail.ru

Аңдатпа. Ұлы Александр әлем әдебиетіндегі ең танымал кейіпкерлердің бірі. Сол себепті оның әлем әдебиетіндегі бейнесін қарастыру өте қызықты. Бұл мақаланың басты мақсаты Александр туралы шығармаларды анықтау және олардың уақыт барысында қалай өзгеріске ұшырағандығын білу. Көне заман авторлары (Плутарх, Курций Руф, Диодор) тарихи фактілерге сүйене отырып, оның жорықтарын шындық тұрғысынан алып сипаттайды. Шығыс шайырлары Ескендірді нағыз әділ патша образында суреттесе, Абай Құнанбаев оқушыға ой салу мақсатында бір ғана сюжетті алып, дүниеге тойымсыз, атаққұмарлықтың түбі жақсылыққа апармайтындығын жеткізуге тырысқан.

Тірек сөздер: әлем әдебиеті, шығыс шайырлары, тарих, Ескендір поэмасы, соғыс

Аннотация. Александр Македонский является одним из самых популярных персонажей в мировой литературе. Именно поэтому очень интересно посмотреть на его образ в мировой литературе. Основная цель этой статьи - выявить произведения об Александре и то, как они изменились с течением времени. Античные авторы (Плутарх, Курций Руф, Диодор), опираясь на исторические факты, описывают его походы с точки зрения действительности. В то время как восточные поэты изображали Александра в образе поистине справедливого царя, Абай Кунанбаев пытался донести до ученика, что корень ненасытного честолюбия не ведет к добру.

Ключевые слова: мировая литература, восточные поэты, история, поэма Александра, война

Annotation. Alexander the Great is one of the most popular characters in world literature. That is why it is very interesting to look at his image in world literature. The main purpose of this article is to reveal works about Alexander and how they have changed over time. Ancient authors (Plutarch, Curtius Rufus, Diodorus), based on historical facts, describe his campaigns from the point of view of reality. While Eastern poets portrayed Alexander as a truly just king, Abai Kunanbaev tried to convey to his student that the root of insatiable ambition does not lead to good.

Key words: world literature, oriental poets, history, Alexander's poem, war

Әлем тарихында өшпестей із қалдырған Александр Македонский әдебиетте ең көп сомдалған образ ретінде танымал. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, ол туралы жазылған көркем шежіре-жылнамалардың саны мыңға жетсе, поэмалардың өзі бірнеше жүзге жуықтаған. Деректер бойынша, А.Македонскийдің жорықтары туралы жазып отыратын арнайы адамдары болған. Австриялық ғалым Ф.Шахермайр: «Александр патшаның өз маңындағы қаламгерлерге аса қамқорлық танытқаны соншалық, соның арқасында елінен қаншалықты жырақта жорықтарда жүргенімен, оның айбынды жорығының үзіліссіз баяндалуына барлық жағдай жасалып отырды», - дей отырып, «оған көркем шығармалар қорының молдығы, образының сан қырынан ашылуы, тіпті шытырман оқиғасының көптігі жағынан да әлемде Македонскийге тең келетін тұлға жоқ», - деп атап кетеді. [40,1] Ұлы қолбасшыға арналған әдеби шығармалар Шығыста да, Батыста да бар. XVIII ғасырда «Александрия» романы жарыққа шықты. Егер Иранда Ескендір туралы романдар Рыцарлық романның арнасына енсе, Шығыста Ескендірді Аристотельмен байланыстырып, назар аударды. Көптеген қаламгерлер Ескендір Зұлқарнайын бейнесін барынша ашуға тырысты. Мысалы, Бертельс Е., Гафуров Б., Ильясов Я., Афлатуни С., Устименко А., Ботвинник М., Ян В., Фор П., Рено М. Шахермайер Ф. Осы авторлардың әрқайсысы бұл бейнені өзінше ашты, әрқайсысы өзіндік ерекшелік әкелуге тырысты. Бұл бейнені зерттеген көптеген еңбектер, шығармалар мен мақалалар жазылды. А.Македонский туралы антикалық кезеңде дүниеге келген көлемді туындылар қатарында «Бақыт және Александрдың айбындылығы» атты Плутарх шығармасын, Квинт Курций Руф қаламына тиесілі «А.Македонский тарихын», Диодор Сицилийскийдің «Тарихи кітапхана» деген туындысын, 44 кітаптан тұратын Помпей Трог, Клитарх еңбектерін және «Александр жорығы» атты Эппий Флавия Аррианның тарихи-көркем шығармасын атауға болады. Осылардың ішінде әдеби көркемдігі әрі деректерінің нақтылығы жағынан ең құндысы-Арриан шығармасы. Ол бұл туындысын б.д.д. V-IV ғасырларда өмір сүрген атақты Сократтың шәкірті Ксенофонттың Кир патшаға арнап жазған «10000» жорық шығармасына аса еліктеп жазған екен. Сондықтан да өз кезегінде оны жұртшылық «Жаңа Ксенофонт» деп атаған көрінеді [92, 2]. Көпшілік зерттеушілердің пікірінше, Ксенофонттай жүйрік қаламгерлердің кейіпкері бола білген Кир патша бақытты саналса, Александр Македонскийдің Аррианның қаламына ілігуі, сөзсіз, оның жолы болғыш патша екендігін көрсеткен. Шығыс ақындарының ежелгі антикалық «Динкард», «Бандахшан» сынды шығармаларында А. Македонский бейнесі шын мәнінде қатыгез жаулаушы ретінде көрініс тапқанымен, б.д. ортағасырлардағы классикалық парсы ақындарының шығармаларында оның бейнесі жағымды кейіпкерге айнала бастады. А.Македонский парсы елін жаулап алған кезеңде Персия гүлденіп, дамыған мемлекеттің бірі болатын. Бұл жайында ғалым А.Сейітова: «Өздерін сол кездегі мықты мемлекеттер қатарына қосатын парсы жұрты үшін мұндай жеңіліс бетке жағылған күйе, сүйекке басылған таңбамен пара-пар еді» дей отырып, парсылар елдің намысын ақтап алмақ ниетте әртүрлі аңыз-әңгімелер мен жалған қауесет таратып, А.Македонскийдің, яғни Ескендірдің шыққан тегін парсылық етіп шығаруға тырысып, тарихты қолдан жасап, бұрмалауға көшкен деп тұжырымдайды. Македонский туралы жазылған көлемді шығармалардың бірі-Каллисфеннің «Александр жайлы роман» деп аталатын туындысы. Бірақ бұл туындыны Александр өзі тапсырыс беру арқылы жаздырғандықтан, шығарма көбінесе жалаң мадақтау мен мақтауға құрылған. Ұлы тұлға туралы жазылған тағы да көлемді туындылар қатарына Низамидің «Ескендірнама», Рабғузидің «Қисса сул-әнбия», Альберт фон Шамиссоның «Александр туралы аңыз», т.б. шығармаларды жатқызуға болады.

Антикалық дәуір жазушылары Александр бейнесін кеңінен алып суреттеген. Плутархтың Александрдың өмірбаяны туралы жазған шығармасы – тарихи фактқа құрылған, оқиғалар толығымен эстетикалық сипатқа ие болған грек қолбасшысы туралы жалғыз көне шығарма. Бұл шығарма жаңа мәдени орбитаға енгізілген эллинизм дәуірінде дүниеге келді. Плутархтың шығарма жазу дәстүрі орта ғасырлықтар үшін жат болып көрінді. Христиандықтар оның шығармасын мүлде қабылдай алмады. Христиандықтар үшін даңқты уағыздаудан артық қандай дұшпандық болуы мүмкін? Өйткені, христиандық этика тұрғысынан даңқ – бос әурешілік, ал оған ұмтылу - адамды шынайы мақсаттардан, Құдайдан алшақтатады. Плутарх Александрды көптеген қасиеттерімен молынан марапаттайды. Александрды батыл, достарына өте қамқор жан ретінде сипаттайды. Өмір бойы дерлік Александр соғысты, бірақ соғыс оның басты мақсаты болған жоқ. Ол әрқашан бұл мәселені тыныштықта аяқтауды ойлады деп суреттейді.

Ескендір туралы басқа ежелгі жазушылардың еңбектерінде оның жорықтарының хронологиялық сұлбасы сақталған, нақты тарихи міндеттер қойылған, бірақ өткенді қайта құруды мақсат етпеген. Квинт Курций Руф Македонский тарихын жазу барысында жаңа жерлерді суреттеуде фантастикалық детальдар ойлап табады, кейіпкерлерінің психологиялық жағдайын ашуға талпыныс жасайды, әңгімеге мол моральдық реңк қосады. Шығарманы оқу барысында тақырыптың өзі емес, Квинт Курций Руф өзінің қаншалықты қабілетті екендігін көрсетуге тырысқандай әсер қалдырады. Квинт Курций Руфтың шығармашылығы тарих, этика, философия, риториканы қамтып, синтетикалық сипатқа ие болғанымен, бұл элементтерден біртұтастық пайда болмады.

Диодордың шығармашылығы Ұлы Александрдың өмірі мен оның кезеңдерін қысқаша сипаттауға арналған. Дегенмен, оның шығармашылығын қазіргі заман тұрғысынан шын мәнінде тарихи деп санауға

болмайды. Себебі қазіргі заман тұрғысынан оны тарихи фактілерге көңіл бөлмегені үшін, оқиғалардың тарихи маңызын анықтай алмағаны үшін теріске шығара аламыз. Диодор, дегенмен, моралист те, көрнекті жазушы да болған жоқ. Соған қарамастан, Диодордың да өзіндік оқырманы болды. Жаралылардың азап шегуін, мәйіттердің үйінділері, қатыгездік туралы жан-жақты баяндап, қалаларды тонауды сипаттайды. Персеполісті тонау туралы бұйрықты, Александрдың король сарайына от орнатқанын да Диодор аса өршілдікпен баяндаған. Диодор оқиғалар хронологиясына көбірек мән беріп, Александрдың өзіне аз көңіл бөледі. Диодордың шайқастарды сипаттауға аса мән бергендігі қолбасшының бейнесін ашуға ықпал етпеген.

Ескендірдің бейнесі шығыс шайырларының да ерекше назарын аударған. Олардың бірі әзірбайжан ақыны Низами. Ол өзінің әйгілі «Искандер намасын» жазуда өзіне дейінгі екі түрлі нұсқаны пайдаланған. Оның бірі-Динавари, Табари және Фирдоуси шығармалары. Екіншісі-Туртуши мен Газалидің діни жинақтарынан тараған румдықтардың әңгімелері. Ескендір Шығыста X-XI ғасырлар қарсаңында толыққанды жазыла бастады. Бұл кезде елде ұлттық сана күшейіп, ескі мұраттар жаңғырып, ақсүйектер елінің өткенін даңқты істер мен жарқын табыстар кезеңі ретінде сипаттауға тырыса бастады. Ескі жылнамаларға қызығушылық артты. Әбілқасым Фирдоуси «Шах-на-ме» атты үлкен поэманы жазған болатын. Бұл шығармада Иран тарихы жаңа, қаһармандық сипатқа ие болды. Бұл ерлік толғау да Ескендірдің даңқын жырлауға арналды. Ақын бұл жорықтардың тарихын негізінен Каллисфен бойынша баяндайды. Фирдоуси Ескендірдің парсыдан шыққан нұсқасы бойынша оны Дарийдің ағасы деп жариялайды. Дарийге қарсы жорық Ескендірдің алым-салық төлеуден бас тартуынан басталды. Мистикалық шаң парсы сарбаздарының көздерін жауып, соның нәтижесінде Дарий жеңіліс табады. Әрі қарай әңгіме жалпы мағынада Каллисфен жазған нұсқаға сәйкес келеді. Фирдоуси сипатталған ғажайыптарды сақтап қана қоймайды, сонымен қатар оларды айтарлықтай толықтырады.

Әмір Хұсраудың XIII ғасырдың аяғында жазылған Ескендірге арнаған өлеңі бар. Ақын өзінің философияға қарсылығын жасырмайды: «даналық адамдарға еркіндік беріп, олардың өмір сүруіне кедергі жасайды», - деп есептейді ақын. Әмір Хұсрау сюжет мазмұнын, Низами шығармасының мазмұнын сақтай отырып, өлеңге жаңа композициялық леп енгізген. Ақындық техника, тілдің шеберлігі айқын көрініс тапқан.

Өте ерте замандардан бастап, халық арасына Ескендір туралы сан түрлі аңыздар тараған. Әркім өз шығармасына қалағанын алып тиек еткен. Біздің қазақ әдебиетінде Абай поэмасындағы Ескендірдің жұмаққа барып, қу бас алып қайтатындығы туралы сюжет ең алғаш «Талмуд» кітабында жазылған. Талмудқа бұл сюжет ерте уақытта Таяу және Орта Шығыс жұртында тәмсіл түрінде айтылып жүрген тұста енген. Абайдың Ескендір поэмасы әртүрлі мәдениеттердің синтезін ескере отырып, тұлғалық рухты аша отырып жазылған. Абай Ескендірді дүниені түгелдей дерлік жаулап, алыс жерлерге барғанын баяндаумен шектеледі. Ескендір туралы жазған шығыс классиктерінің ешқайсысы бір эпизодқа әңгіме құрастырмаған. Дегенмен, Низамидің «Ескендір-наме» шығармасында да осыған ұқсас мотив бар. Өз поэмасының сюжетін Абай Низамиден алып, оны ерекше түрде дамытқан деп пайымдауға негіз бар. Бірақ Низамидің өзі бұл сюжетті жасаушы болған жоқ. Өйткені сюжет одан көп бұрын ежелгі еврейлерге белгілі және Талмудқа енген. Бір қызығы, Талмудта тас туралы емес, арнайы ашкөздік символы ретінде орбиталық сүйек туралы айтылады. Таяу Шығыс әдеби дәстүрі Батыс Еуропада белгілі болды, ал орбиталық сүйек эпизоды бұрыннан бар болатын. Қазақ әдебиетінде Ескендір бейнесін терең жеткізген, үлкен философиялық ілім ретінде алып келген Абай Құнанбайұлы болды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Аңыз адам», №23 (83) Желтоқсан, 2013 ж
2. «Ұлы Ескендір», Бингхем, Джейн. Алматы: Алматыкітап, 2005.-64 бет

ӘОЖ 82-6 (574)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЕҢБЕГІ ЖАЙЛЫ

К.Альмуханов
Батыс Қазақстан облысы
М.Өтемісов атындағы
БҚУ магистранты
kazbek74_87@mail.ru

Аңдатпа. Баяндамада А.Байтұрсынұлының қазақ әдебиетіндегі үлкен шығармашылық еңбегі туралы баяндалады. Қазақ әдебиеті мен фольклор арасындағы тығыз байланыс жайлы қаралған.

Аннотация. Творческие работы А.Байтұрсынұлы имеют огромное значение в казахской литературе. В докладе рассматривается тесная связанность казахской литературы с фольклористикой.

Annotation. Creative works of A. Baitursynuly are of great importance in Kazakh literature. In report consideration the closely connection of Kazakh literature with folklore.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабы әдебиет теориясына арналғанымен, онда қазақ фольклоры алғаш рет оқулық көлемінде зерттеліп, сипатталды. Оқулықта қазақ фольклорының эпос, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, т.б. жанрлары алғаш рет іштей жіктеліп, олардың өзіндік ерекшеліктері, анықтамалары бірге берілді. А. Байтұрсынұлы оқулықтағы фольклоры тек мәтін ретінде ғана қолданбаған, сондай-ақ фольклорлық мәтінді өзінің тұжырымына, анықтамасына мысал ретінде алған. Оқулық ішіндегі он бес тараудың бір тарауы «Ауыз әдебиеті» атты фольклорға арнаған.

Фольклортанушы А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабының «Ауыз әдебиеті» атты тарауында тұңғыш рет қазақ фольклортану ғылымы тарихында: фольклордың ішкі жанрлық жағдайы, сюжеті, бейнелер жүйесі, тақырыптық-идеялық ерекшеліктері әрі фольклорлық жанрлардың іштей жіктелу шарттары, фольклордың атқаратын түрлі қызметтері хақында, фольклорға халықтың көзқарасы, фольклордағы тарих пен шындықтың арақатынасы, т.б. – бәрі ғылыми жүйеге түсіп, теориялық тұрғыдан, тарихи-типологиялық зерттеу әдісі негізінде сараланған.

Қазақ фольклорын оқулық көлемінде алғаш сипаттаған Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» - қазақ фольклортану ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Сөз жоқ, қазіргі қазақ фольклортануды ғылым тұрғысынан қарағанда, фольклордың жиналу, жариялану, зерттелу тарихына қатысты мәселелер толық шешімін тауып, қамтылмаған. Бұлай зерттеу ол кезде мүмкін де емес еді. Оның үш түрлі себебі бар: бірінші – қазақ фольклортану ғылымының енді қалыптаса бастауы; екіншісі – сол уақыттағы фольклорды зерттеген ғалымдардың арнайы фольклортанушылық білімінің аздығы; үшіншісі – Кеңес үкіметі тұсында белең алған «кеңестік идеология» құралдарының, яғни, «тап тартысы», «әдебиеттің партиялығы» ұстанымдар бүкіл ғылым, мәдениет, әдебиет атаулыға тұсау болып, өзіндік дамуына кедергі жасады.

«Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты оқулық кітабы өзінің құрылымдық ерекшелігіне қарай, негізінен, жоғары оқу орындарына арналған» [1, 41-бет]. Алайда, күні бүгін мектеп оқушылары әдебиет теориясынан берілетін ережелер мен мысалдары осы оқулықтан тауып, күнделікті сабақ барысында қолданып келеміз.

Зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өнерді беске бөледі: сәулет өнері, сымбат өнері, кескін өнері, әуез өнері және сөз өнері. Міне, осы орайда: «Өнердің ең алды – сөз өнері» деп санаған. Қалған төрт өнердің өзіндік ерекшеліктері мен табиғатын тамаша сипаттай келе, сол алған ләззатты әрмен қарай сезіне түсу үшін сөз өнерінің құдіреті жайлы мысалдар келтіреді. Көзбен көргенді құлақ арқылы сіңіру сөз өнерінің құдіреттілігі екенін айқындай біледі.

Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы фольклорды өлең шығару үшін ең қажетті ырғақ ұйқас, екпін, буын, бунақ, тармақ, шумақ, т.б. түрлерін ажырату үшін де қолданған. [2, 188-бет]. Осы арқылы қазақ әдебиеті тарихында да, қазақ фольклортану тарихында да ғылыми оқулық жазудың ұлттық үлгісін жасауда осы терминдерді тапқан, анықтама берген А. Байтұрсынұлы фольклорды пайдалану маңыздылығын, қажеттігін аңғартқан. Мысалы, кітапта шежіре туралы сипаттама бар: «Шежіре – өткеннен дерек беретін сөздің түрі. Шежіреде уақиғадан гөрі өткендердің түсі, туысы көп айтылады. Сондықтан шежіре уақиғаға сарынымен емес, уақыт, туыс сарынымен айтылатын әуез тобына жатады. Шежіре болған уақиға жайынан сөйлесе, себебін, мәнісін айтпай, тек болғанын айтады да қояды», - деп жазылған. [3, 214-бет].

Зерттеуші ретінде Ахмет Байтұрсынұлы шешендік сөз жанрына да тоқталған. Ғалым бұл жанрды «шешен сөз» деп атаған. Шешендік сөзді айтушының негізгі мақсаты: баяндау, сипаттау, түсіндіру емес, керісінше, өз пікіріне нандыру, сендіру, ұйғыту, иландыру дегенді айтып, бұл жанрдың басты қызметін жақсы аңғарған. Ал, шешен сөздің негізгі мақсаты: «... Адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру», - деп анықтама берілген. Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы шешен сөздің түрлерін іштей беске бөлген де, әрқайсысының не себепті, қай кезде, не үшін, т.б. айтылатынын, өзіндік ерекшеліктерін сипаттаған. Мәселен, біріншісі – саясат, шен сөзі. Оны билер, шешендер жиналған елді аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығарту мақсатында қолданады дейді. Демек, бұл жерде А. Байтұрсынұлы шешендік сөздің қоғамдық қызметіне мән берген. Екіншісі – билік, шешен сөзін шешендердің сотқа айыпкер адамдарды ақтау не қаралау мақсатымен сөйлеп, сот билігіне әсер ету үшін кірістіретіні сөз болған. Мұнда шешендік сөздің әлеуметтік қызметі ескерілген. Үшіншісі – қошемет, шешен сөзі. Оның халық алдында біреудің еткен еңбегін, өткізген қызметін дәріптеп, қошеметтеу мақсатында келетіні діттелген. Төртіншісі – білімді, шешен сөзі. Ол білімділердің, ғалымдардың мазмұнды сөйлеген сөздері. Соңғы бесіншісі – уағыз. Оны дін жайынан сөйлеген ғұламалар, молдалар сөзі деп, тіпті, шешендер қатарына дін иелерін де жатқызғаны көрініп тұр. Демек, қазақ фольклортану тарихында тұңғыш рет шешендік өнерді тану жолында шешендік сөздерді ғылыми жүйеге түсіріп, ғылыми сипаттамалар бере отырып, қоғамдағы атқаратын қызметтеріне орай іштей өзінше жіктеуге түсіру А. Байтұрсынұлының зор фольклортанушылық еңбегінің айғағы.

Белгілі фольклортанушы ғалым Б. Әбілқасымов Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда аталған кітабындағы «Ауыз әдебиеті» тарауын сараптай, жіктей отырып, жалпы фольклористика ғылымында

қалыптасқан тұрақты жүйе бойынша фольклор жанрлары іштей әрі көркем фольклоры, әрі ғұрып фольклоры болып екі үлкен салаға бөлінегініне баса назар аударады. Сондай-ақ кезінде қазақ фольклортану тарихында осындай фольклорды екіге жіктеу үлгісін жасаған ғалым Ахмет Байтұрсынұлы екені дәріптеліп, оның «Әдебиет танытқыш» еңбегін жоғары бағалайды. [3, 97-бет].

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың алғашқы жартысында ағартушылық мақсатта басылым көрген Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» қазақ фольклоры тарихын жасаудағы тұңғыш еңбек екені сөзсіз. Кеңес үкіметі тұсында жаңадан ашылған оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиеті пәні тұңғыш рет оқыла бастауы, Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» көптеген мәселелерді, тақырыптарды ашуға, бағыт-бағдар берудегі жұмыстарды іске асырғаны анық. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» қазақ фольклортану ғылымының зор жетістігі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Еңбекші қазақ» газеті және фольклор. №2 2004
2. Фольклортанудағы алғашқы қадамдар. «Өлкетану» №4 2004
3. С.Қасқабасов «XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ фольклористикасы» Алматы «Ғылым» 1988 жыл

ӘОЖ 82-1

ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ХАРАКТЕРДІҢ ПОЭЗИЯДА КӨРІНІС ТАБУЫ

А.Қ.Алдиярова

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

1 курс магистранты

Ғылыми жетекші –ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

М.Р.Балтымова

Аңдатпа. Кез келген халықтың көркейіп өсуі олардың салауаттылығына тікелей қатысты. Халықтың халық етіп, ұлттық мінез-құлықты қалыптастыратын біздің ақсақалдарымыз және халықтың ынтымағы, сөзге – мәнге тұру, мәрттік, туыстық-намыстық сезім еді. Халықтың ұлттық ерекшелігін аңғартатын белгілердің бірі оның бет-бейнесі мен сыртқы келбеті екен. Бабаларымыз халықтың өсіп-өніп, дамуы үшін балаларының ұлттық дәстүрде білім алуына, олардың салауатты хәм бауырмал болуына көп мән берген.

Кілт сөздер: этнопсихология, қазақ халқы, ұлт, ұрпақ, дәстүр.

Аннотация. Процветание любого народа напрямую связано с их благополучием. Наши старейшины, которые делают народ народом, формируют национальное поведение, и сплоченность народа, чувство слова – значения, благородства, родства-чести. Одним из признаков национальной самобытности народа является его лицо и внешний вид. Чтобы народ рос и развивался, наши предки уделяли большое внимание воспитанию детей в национальных традициях, здоровому нравственному воспитанию.

Ключевые слова: этнопсихология, казахский народ, нация, поколение, традиция

Annotation. The prosperous growth of any population is directly related to their healthy. Our elders and unity of our elders and the people, which forms national conduct, was to be meaningful, and a feeling of interest. One of the signs that reflects the national features of the population is his face and appearance. Our ancestors covered a lot of attention to their children to study and develop in the national traditions for the development of the population.

Keywords: ethnopsychology, Kazakh people, nation, generation, tradition.

Этнопсихология – әрбір халықтың рухани әрекетінің (миф, фольклор, тіл, дәстүр, салт, әдет-ғұрып, дін, т.б.) жемісін сол халықтың психологиясын, сана-сезімін көрсететін негізгі өлшемдерін, әртүрлі этникалық қауымдастыққа жататын адамдардың психологиялық өзіндік бейнеленуі туралы ғылым.

Қазақ этнопсихологиясының ғылым ретінде дамуы алғашқы қазақ ғалымдары мен ағартушыларының есімімен байланысты. Ұлттық психология мәселелері XX ғасырдың басындағы қазақ ойшылдары мен қайраткерлерінің шығармаларында қарастырылған. Қазіргі кездегі қазақ этнопсихологиясының дамуы ұлттық психология, этнопсихология дамуының тарихи-этностық аспектілерін зерттеумен байланысты.

Психологиялық мәселелер жөнінде ой көтерген алғашқы ойшылымыз – Абай. Абайдың айтуынша, мінез – ғылым мен ақылды сақтап тұратын сауыт. Адам өз мінезін сақтауы қажет. Орынсыз құмарлық, жеңілдікке берілу сияқты әдеттен тыс мінез-құлық түрлері адам бойындағы мінездің беріктігін бұзады [1,33].

Бұл мақалада қазақ халқының ұлттық мінез-құлқын (психологиясын) ғасырлар бойы сақтап қалуы мақсатында ой өрбіткенді жөн көрдім.

Қазақтың көне тарихына зейін қойып қарасақ халқымыз ежелден парасатты, зерек, жан-жақты дамыған, өмірге тез бейімделгіш, жасы үлкенді (бір жас үлкен болса да) «Ит көйлекті бұрын тоздырған» деп оны аға тұтып сыйлаған, ынтымағы жарасқан ел болған.

Сондықтан кең байтақ жер-суды иеленіп отырған қазақ елінде бірде-бір түрме болмаған, есігіне құлып салынбаған. Бұл жағдайды терең зерттеген патшалық Ресей қазақ халқын рухани аздырып, мәңгілік бұғауда ұстау үшін халықтың ұлттық қасиетін сақтайтын мінез-құлқынан ажыратуды жоспарлы түрде, кешенді зымияндық саясатпен жүргізіп отырған. Ол Кеңес үкіметі кезінде де тоқталмаған.

Біріншіден, қазақ халқы ұлт дәрежесіне көтерілмес үшін, оларды зердесіздікке ұрындыру мақсатында қазақтың оқуы болмаған, білімсіз, дарынсыз, өнерсіз көшпенді жұрт деген үгітті үздіксіз жүргізді. Ұлттық дәстүрлерді жою мақсатында байды байға, кедейді байға, туысты туысқа азғырып жікке бөліп, айдап салып елдің берекесін қашырып отырды. Ұлттық әдет-ғұрып салт-дәстүрлерді елдің тұрмыс-тіршілігінен алыстатып қажет болған жерде қызында қазаққа берді. Өйткені анасы орыс болса ұрпағы да сол ықпалда болатыны даусыз нәрсе. Әулеттік жақындықты білдіретін атаулар мен жер-су аттарына дейін өзгертуді түпкілікті мақсат етті.

«Әкені – папа», «шешені (апаны) – мама» деп атау дәстүрін елеусіз кіргізді де, оны біржола орнықтырды. Нәтижесінде, үлкенді сыйлау сияқты керемет дәстүріміз жойылып, мейірімділік, имандылық тозды.

Қазақтың ұлттық бейнесін мінез-құлқын сақтап, оны өз тілінде, әдет-ғұрпында тәрбиелеп баулитын ең үлкен тірек – әрбір елдің аналары (әйелдер). Зымияндық саясат – қазақ қыздарын қалай да орысша оқуға күш-жігерін жұмсап, тынымсыз үгіт-насихат жүргізді. Себебі орысша оқып тәрбие алған қыз – ертеңгі ана өзінің күйеуінде, балаларында орыс рухында тәрбиелейтіні түсінікті. Оның үстіне әйелдерді от басынан суытып, уақытының көбін өз шаңырағынан сыртта өткізетін етіп жоспарлау, балалардың қараусыз қалып, тәрбие жұмысының әлсіреуіне әкеліп соқты [2,65].

Қазақ халқы ежелден зерделі болған дедік. Қыз алыспайтын рудың қалыптасуы, яғни жеті атаға дейін қыз алыспайтын көне салттың өзі көп нәрсені пайымдатады. Демек, бұл саясаттың қалыптасып қазірге дейін сақталуы қазақтардың тұқым қуалау заңын – жалпы текнаманы (генетиканы) зерттеп, мал шаруашылығында және медицина текнамасын өз тіршілік-тұрмысында пайдаланғанын көрсетеді. Сондықтан тұқым қуалау заңының оқуы – текнама (генетика) ғылымы Г.Мендельден (чех ғалымы) бұрын қазақтарда болған деп айтуға да болады.

Тарихи дерекке қарағанда қазақ халқында жалпы білім беру жүйесі болған. Өйткені қазақ баласын тоғыз жасынан ауыл молдасына беріп, сауат ашатын. Алғашқы жылы олар «Әліпби», «Әбжәд», «Әдеп» және «Әркен» дейтін төрт пәнді игерген. «Әліпби» (қазір әліппе) - әріптерді тану. «Әбжәд» (қазіргі арифметика) – есеп сабағы. Бұл пәнде төрт амалдан басқа проценттеу, жобалау, жорамалдау тәсілдері және үй шаруашылығын жүргізу үшін қажетті есептеулер үйретілген. «Әдеп» сабағында өмірдегі, тұрмыстағы негізгі ережелер, қағидалар, адамгершіліктің негіздері, сый-құрмет, қарым-қатынас, т.б. дәрістер оқылатын. Ата-ананы, үлкендерді сыйлау, кішіге қамқорлық көрсету қайырымдылық, шапағат, мейірімділік туралы сабақ өткізілетін. Ал «Әркен» сабағы негізінен, әсемдік өнерін қамтыған. Бұл сабақта балалардың әсемдік талғамын қалыптастырып, сырт келбетін қалай ұстауын, сөйлеу мәдениетін, шешендік өнерді игеруін қадағалаған. Бұлармен қатар киім-кешек, ыдыс-аяқ, ер-тұрман секілді тұрмыстық бұйымдар мен шаруашылық құралдарының жасалу және қолданылуы үйретілген.

Поэзия (гр. poiesis, poieo — жасаймын, тудырамын) — өлең үлгісіндегі әдеби туындылар. Поэзия сөздің ырғақтық құрылысына, ұйқасына негізделеді. Поэзия ұғымы өлеңмен жазылған шығармаларды көркем прозадан ажырату үшін қолданылады. Поэзия мен прозаның айырмасы тек сыртқы белгісіне қарап анықталмайды. Поэзиялық шығармаға сезім күйі, әсерлілік тән, ал прозалық туындыларда баяндау, бейнелеу жағы басым келеді. Поэзияның көркемдік сипаты мен бейнелеу құралдарын, тілдің ырғақтық, интонация байлығын қолдануында елеулі өзгешеліктер бар. Поэзиялық шығармаларға тән айрықша қасиет — өмір құбылыстарын терең эмоциялық сезімталдықпен қабылдап, соған сәйкес әсерлі, тартымды көркем бейнелеу. Алайда поэзияда адамның ой-сезімі әдейі сырттай көркемделмейді, әдебиет пен өнердің басқа салаларындағы көркемдік, бейнелілік ойлау жүйесіне, сезім дүниесіне тән. Ой-сезімнің бейнелілігі шығарманың көркем пішініндегі әр алуан өзгешеліктердің тууына негіз болады. Поэзия ұғымы тарихи тұрғыдан ерте қалыптасқан. Қай халықтың әдебиетін алсақ та, поэзиясы ерте заманнан дамып өркендеген. Сөз өнеріндегі ертегі-аңыздар қара сөз түрінде келгенімен, поэзиямен жалғас туындады, ал көркем проза кейін қалыптасты. Сөз өнерін поэзия мен прозаға бөліп қарауданың мәні зор. Орыс әдебиеттанушысы **В.Г. Белинский**: “Поэзия — тұтас өнер, онда үн де, сурет те, айқын айтылған пайымды түсінік те бар. Ол бар өнердің ерекшелігін бойына жиып, бүкілінің ұйытқысы болады” дей келе поэзияны тегі мен түріне қарай лирикалық, эпикалық, драмалық жанрларға жіктеді. А.Байтұрсынов “Әдебиет танытқышында” атап көрсеткен дарынды сөз үлгісіндегі толғау түрі поэзия ұғымына сәйкес келеді. Зерттеуші еңбегінде толғаудың мазмұнына қойылатын *ішкі* және сыртқы шарттарды белгілейді:

а) шын көңілден шыққан сырлы;

- ә) былғаныш пікірден таза;
- б) терең күйден хабар беретін, терең із қалдыратын болуы керек.

Сыртқы шарттары:

- а) көңіл күйінің бейне бір билеуі тәрізді, күй мен би үйлесімдігі;
- ә) қысқа;
- б) әуезді болуы тиіселосы Байтұрсынов “Қазақтың бас ақыны” атты мақаласында классик.

Поэзия үлгісін Абай шығармаларынан көретіндігін айтады. Қазақ әдебиеті 19 ғ-ға дейін негізінен поэзия үлгісінде дамып өркендеді. Халық поэзиясы түрлі жанрларды қамтыды: өлең, эпостық жырлар, дастандар, т.б. Поэзия тарихи-әдеби процестің дамуына орай өркендеп, жаңа сипат-қасиеттермен толығып отырды. Қазақ поэзиясында Абайдан кейінгі дәуірде Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғыров, Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, т.б. қаламгерлер сөз өнерін жаңа мазмұн мен образдық жүйе, көркемдік бояу-нақыштармен байыта түсті. Қазақ поэзиясында лириканың көптеген жаңа үлгілері қалыптасты, публицистикалық поэма секілді жанрлық түрлер кеңінен орын алды.

Қазақ әдебиеті тарихының әр дәуіріндегі поэзиясының өзіндік үні болды. Сонау түркі заманынан бастау алатын қазақ поэзиясы өз заманында тақырыптық-идеялық, көркемдік жағынан жаңартылып, толықтырылды. Дәстүрлі поэзия өкілдерінің өлең үлгісі кейінгі ақындар поэзиясында көрініс тауып, сонымен қатар жаңа өлең үлгілері туды. Поэзияда дәстүр жалғасып, жаңашыл өріс те кеңінен ашылды. Осылайша қазақ поэзиясы қоржыны толыса берді.

Дәстүрлі жалғастыру мен жаңашылдыққа ден қою ой-сана тұтастығына, идеялық-көркемдік бірлікке алып келді. ***Бәрін біріктірген ортақ ұлы мақсат – ұлттық сананы оятып, азаттыққа қол жеткізу болатын.***

Әрбір әдеби бағыттың, көркемдік әдістің өз шеңбер шегі, шектеулі мүмкіндіктері бар. Әрбір үлкен суреткердің айқындалған бағыты бар, ол сол өзі ұстанған бағыт жолында еңбек етеді. Бұл бағыттарды біріктіретін бір-ақ ұстаным бар, ол – ***ұлттық рух***» [1, 176].

Қазақты сүю, оның тіршілігін құрметтеу, тарихын бағалау, бүгінгісіне шүкірлік етіп, келешегіне сену, қазақтың аталардан жалғасқан салт-сана, дәстүр-жоралғысын естен шығармай, ұрпаққа аманаттау – міне бұлардың бәрі ұлттық рух қалыптастыру жолындағы ақынның азаматтық ұстанымына тікелей қатысты. Өз ұлтын сүйіп жарытпаған адам, ол ұлт үшін еңбек ете алмақ емес. Сондықтан да қашанда ұлттық рух пен азаматтық ұстаным, міндеттерді бірлікте қарастырамыз. Жақсысы болсын, жаманы болсын қазақтың мәселесін көтеріп, халықтың мұң-мұқтажына ортақтасу – ақынға да, азаматқа да парыз.

Қазақтың ақындары қашанда бұрынғы өткен ата-баба аруағына тағзым етіп, олардың ерліктерін жырғына арқау етіп отырған. Сол арқылы халық тарихы қай дәуірде де ұрпаққа жетіп отырды. Асылзаттың да осындай өлеңдері бар. Оның «Кенесары және Мен», «Кенесарының аруағына мұң шағу» өлеңдерінде Кенесары атасына:

Жылжиды уақыт, ай құлап, көкте сөнбес күн,
Боркемік ұлмен белдесе кетсе жеңбес кім.
Ұрпағын сатып, ұртын майлаған мәңгүртті,
Сенен тараған ұрпақ деп айтсам, сенбессің.

Қорыта келе, бабаларымыз халықтың өсіп-өніп, дамуы үшін балаларының ұлттық дәстүрге білім алуына, олардың салауатты хәм бауырмал болуына көп мән берген. Біз де осы үрдісті жалғастыра отырып, өмірге, тұрмысқа жақын тәлім-тәрбие мектебін қалыптастыруға ат салысайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғабдуллин. Н. Абай тағылымы. Әдеби – сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1986. – 432 б.
2. Құнанбаев А. Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла. – Алматы: «Алматыкітап», 2011. – 216 б.
3. Елікпаева Н.А. Национальная психология. – Алматы, 1992.
4. Әзизова А. «Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық рух» мақаласы. Алматы, 2018 жыл.

А.Е.Бакиев

М.Өтемісов атындағы БҚУ 2-курс магистранты

А.А.Ақбулатов

М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті, философия докторы (PhD),
aidarbek_akbulat@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақтың қабырғалы қаламгері Рақымжан Отарбаевтің әңгімелеріндегі ұлттық болмыс, кейіпкерлер бойындағы қасиеттер талданады. Халқымыздың өткені мен бүгінін байланыстырып тұрған автор шығармашылығындағы кейіпкерлер галереясы зерделенеді.

Кілт сөздер: тарихи оқиға, диалог, сарказм, эрония, түйін.

Аннотация. В статье рассматриваются основные коллизии рассказов видного казахского писателя Рақымжана Отарбаева: национальный быт, образы героев произведения. Прослеживая связь прошлого и настоящего нашего народа, автор статьи анализирует галерею художественных образов произведения.

Ключевые слова: исторические события, диалог, сарказм, ирония, заключение (обобщение)

Abstract. The article deals with the main collisions of the stories of the prominent Kazakh writer Rakhimzhan Otarbayev: national life, images of the heroes of the writing. Tracing the connection between the past and the present of our people, the author of the article analyzes the gallery of artistic images of the work.

Key words: historical events, dialogue, sarcasm, irony, conclusion (summary)

Қарымды қаламгер, жазушы-драматург Рақымжан Отарбаевтың әңгімелерінің басты өзегі қоғам мен адамның жан дүниесінде болып жатырған құбылыстар. Өткір тіл, шебер суреттеу, жып-жинақы бейнелер, сарказм арқылы оқырманын өзіне баурап, санасына сәуле төгеді. Бұл мақалада Отарбаевтың «Моно Лиза», «Соңғы спектакль», «Бәйтерек» әңгімелеріндегі суреттеулер мен кейіпкерлер характері ашылады.

Қаламгердің «Моно Лиза» әңгімесі сананың екіге жарылуының сипаты ма дерсің. Себебі, жазушы атақты суретші Леонардо до Винчидің «Моно Лиза» картинасын әңгіменің басты өзегі ете отырып жас күніндегі алғашқы махаббаты Моншақ бейнесін тебірене сипаттайды. Леонардо до Винчидің мүсінінің алдындағы болған сәттік ессіздік жазушының өткен күніне лирикалық шегініс жасайды. Көз алдына Моно Лиза бейнесі елестеп: *«Аулақ менен! Көргім келмейді сені, Моно Лиза! Арманым боп табысып, азабым боп ажырасқансың... кешір, мынау ол емес, Моншақ қой. Кәдімгі... ол мұнда қайдан жүр?»* [1.4] дәл осы сәтте қаламгердің санасы екіге жарылады. Көз алдына елестеген Моно Лиза мен Моншақ бейнесі екі жаққа тартып сананы сілкіді.

«Сонау жас күніндегі қіршіксіз, пәк махаббатын еске ала отырып, Моншақ пен қаламгер арасындағы диалог өрбиді. «Суретші боламын, сенің суретіңді «Моно Лизадай» қылып саламын, тіпті одан да әдемі етіп әлемге танытамын деген» автор арманы сиқырлы сөзбен кестеленеді. Уақыт өтке келе қыл қаламын қолына алған суретшінің сүйгені Моншақ бейнесін дәл юасып сала алмай, шығармашылық адамның жан қиналысын әдемі суреттейді.

Елестің ішінде шомылып жаттым. Мынау өзім ғой. Жап-жас екенмін-ау! Студенттің тар бөлмесі. Жалқы кереует. Тұсында Мона Лиза ілулі тұр. Шашым жалбырап сұлудың жымысқы жүзіне үңілемін. Сиқыры тереңіне тарта түскенімен, сыр ашпайды.

– Батаңды бер, алақаныңды кең жайып, – деймін ұлы суретшінің кіндік қаққан сақалды жүзінен үмітімді үзбей. – Сіз сияқты солақай емеспін. Десе де, Моншағымға берген уәдем бар. Болашағым зор.

Шалдың жүзі балауыз шамның жарығымен алдымен нұрланады. Сосын ернін бүрістіріп сығалап сынайды кеп.

Бөлменің іші эскиздерге толып кеткен. Жо-жоқ, мұның ешқайсысы мен сүйген қыз емес. Көңілденген шақтағы буыныңды алған күлкісі, мойныңды баяу қытықтап, желігіңді көтеретін бұйра шашы да, әдемі қыр мұрны да... Тіптен басқа. Бөтен бейне. Суық сұлулық. Ол даланың еркін өскен еркесі ғой.

– Таппай қоймаймын, – деймін іштей ызаланып. – Сұлулық пен ұяңдық, төзім мен мөлдір сезім – бәрі-бәрі қай бояудың ішінде тұр? Қандай кистаның ұшында жүр? Мұндай портретті қолмен емес, жүректен салу қажет. Тек қана жүректен!» [1.5]– деп піріндей көрген Леонардо до Винчидің суретімен сырласып, даланың жаны таза, жанары мөлдір, еліктей қызының бейнесі арқылы жан сұлулығын сурет арқылы сөйлете алмағанына жаны қиналған шығармашылық адамның кеуде сарайында болған төңкерісті сипаттайды.

Ауылдан келген апасының суретшінің бас жағында ілулі тұрған құдіретті Моно Лиза картинасын өзгеше түсінікпен қабылдап, қаймана қазақтың құдалығына қамданып, ауылға жеткен сөз бен өсек

даланың қос ғашығы суретші мен Моншақ арасындағы махаббаттың үзілуіне түрткі болады. Өттеген-ай, өнердің құдіретін түсіне алмаған, апам-ай...

Сол оқиғадан кейінгі суретшіліктен безініп, санасын жайлаған Моно Лиза мен Моншақ бейнесінен арыла алмаған суретшінің жан азабынан туған жүрек талмасы ғой бұл. «Қош арманым боп табысып, азабым боп ажырасқан Моно Лиза! Кешір, Моншақ!» .

Отарбаев әңгімелері жып-жинақы, ешбір артық сөзі жоқ, дәл, нық жазылады. Жаныңды түйреп өтетін ащы, сарказм, көңілінді күпті қылатын, адам жанының трагедиясы, күле отырып, жылататын эрония бәрі-бәрі жазушының шеберлігінің сипаты. Және де әр әңгімесінің салмағы 1 сөйлемде немесе бір сөзде тұрады. мысалы жоғарыда жазылған «Қош арманым боп табысып, азабым боп ажырасқан Моно Лиза! Кешір, Моншақ!» деген сөз әңгіменің түп өзегі ма дерсің. Көзі қарақты оқырман осы сөйлем арқылы жазушының айтар ойын оққан болар еді.

«Соңғы спектакль» әңгімесі тұтас сарказмнан тұратын бұл әңгіме ел ішіндегі әрнені кәсіп қылып, өнердің құдіретін таптаған шегірткелерді мықтап-ақ сынайды. Басты кейіпкер етіп алған өнерпаз Тасемен қаптаған жұлдыздардың көлеңкесінде қалып, шетке ысырылады. Іздегенге тапқан дегендей үлкен бір дөкейдің әкесінің жаназасын басқарады. Молда, жоқтаушы әйелдерді жанына жинап, құдды бір шағын ұжым секілді. Бір сөзбен айтқанда шағын театр!

Тағы бір айта кететін жайт шегірткелікпен қоса ұлттық рухани болмысты сынайды. Қазақылық пен мұсылмандық, туыс пен туыстың арасындағы жақындықтың жоқтығын. Мынау бір бес күн базар өмірде өлген байдың есепсіз байлық жиып, артында еңіретуысының қалмағандығы арқылы қатты сынайды. Оған ұлы Айбар Асқаров деген кейіпкердің:

– *Сенен жасырар не бар? – деген Астанадағы дауыс құмығып. – Қалқам Тасеке, әкемнің сол елге сіңірген еңбегін өзін жақсы білесің. Өңірі орденнен босамай кетті ғой...*

– *Айтары бар ма?*

– *Соны айтып жоқтайтын, атам-ау деп жылайтын үйдегі жалғыз жеңгең қазақшаға шорқақ. Ұл-қызымызды, немерелерімізді түгелдей орысша, ағылшынша ауыздандырып алдық.*

– *Қарындасыңыз Бәтіш ше?*

– *Ол қазір Дубайда. Сауда саласында. Жетіп үлгерер. Бірақ оның да... Осы күні жұрттың көзінен жас шықпайтын боп барады ғой.*

Екеуі мектепте қатарлас оқыған. Байқатпай келіп біз сұғып алмасаң былқ етпейтін пәле еді. Оның да әкесін жоқтап, ебіл-себіл жыларына Айбекең де сенбей тұр ғой. [1.11]– деген сөзі дәлел. Ұлттық рухынан айырылған ұрпақты бейнелейді.

Қос құлағын күркетей алақанымен басып, жауар күндей күркіреп:

– *Бісімілә... Рахима... Алоу... – деген.*

Соңында өріп тұрған жұрт алашқысында молдекең әйеліне телефон шалып тұр-ау деп ойласқан. Бақса, жаназа намазын осылай бастап кеткен екен.

– *Шамасы, Ыстамболдан оқу бітірген бала болды-ау!*

– *Көрдің бе, тіпті мақамы өзге, –* деген жаназаға жиналған жұртшылықтың диалогы бүгінгі қазақтың діни сауатсыздығыныңкөрінісі секілденеді. «Аңқау елге арамза молда» деген осы да. Қаламгер бұны да сөз ішінде түйреп өтеді.

Осы жаназада болған спектакльден кейінгі әртістердің карьералық жолы суреттеле келіп, асқан масқаралықпен аяталған спектакль, жұлдызы көпке дейін жарқырай алмаған әртістер мен театрдың құлағанын көрсетеді.

...Соңғы спектакль осылай жабылды.

Шымылдық түсірілсін! –дәл осы сөзбен аяқталатын әңгіменің тұла бойы оқырманын күлкіге қарық қылып, түпсіз ойдың жетегіне жетелейді. Құдды бір «Шегіртке мен құмырсқа» ертегісінің бүгінгі сипаты ма дерсің. Әңгіменің ішіндегі теңеулер мен сипаттаулар кейіпкерлердің сыртқы сұлбасымен қоса рухани бейнелерін ашып көрсетеді.

Мысалы: *Бұрынғыдай билет кесіп, касса аңдып, ін аузындағы саршұнақтай шақылдап отырмайсыңдар.* – деген суреттеуде әнші Айым мен Бағиланың образы ап-анық көрініп тұр.Әңгіменің түйіні «Шымылдық түсірілсін» деген сөзбен аяқталады. Бұл жердегі шымылдық театрдың шымылдығы емес-ау... Ұяттың шымылдығы да...

Ал **«Бәйтерек» әңгімесі** тарихи оқиғаға негізделген. Бұл әңгімесінде ұлтымыздың әргі-бергі тарихынан сыр шертеді. Сапарлап келе жатырған Сырым батыр мен Қаратау бидің арасындағы әңгіме, найзағай түсіп, қуарған, шорт сынған ай даладағы қу ағаш тұрғысында өрбиді.

Қазақ-жоңғар арасындағы бітіспес соғыс тұсында өмір сүрген есімі белгісіз батырдың ерлігінен ығысқан қонтайшының батырға деген қонақжайлығы суреттеледі. Аз ғана адаммен жүрсе де бауыздалмаған тай мен сектің етінен бас тартқан қазақтардың бейнесі – нағыз тектілік емес пе?! Сондағы қонтайшының: *«Бөрік алып қаиқандай ғана шабысы бар жаман қазақтың бұтқа толуын көрдің бе?» [2.25]–* деген ниеті нағыз қорлық. Қаламгер қонтайшы ниетін асқан шеберлікпен суреттейді. Бөрік алып қашқан адам ұзаққа шабар деймісің...

– *Әй, аналар кетіп барады! Қанға – қан! Құныкерді сірке сыққандай ғып тастаңдар!..*

– *Жоңғар!*

– Сары масадай самсап келеді!

Қайса құтылмасын білген он шақты қазақ тырнауыштың тісіндей шүлдіреп жүз қаралы әскерге қарсы найза тіктеп тұра-тұра қалысты. – [2.26]– деген тегеуірінді теңеулер арқылы әңгіменің ажарын ашады. Сірке сыққандай ету деген қорлық өлім, сары масадай деп көптікті білдірумен қоса қанішерлікті сипаттайды. Қазақтың қанын талай заман сорды емес пе?.. тырнауыштың тісіндей шүлдіреп деген аз қазақтың бейнесі емес пе, тырнауышта қанша тіс бар екен санап-ақ көр...

Есімі белгісіз ысықтың ері өлген жерін тып-типыл қылып, тал ек деуінің мәнісі қайда жатыр дейсің? Ол жауға сүйегімді таптатпай өткен жолаушыға сая боламын дегеннің нышаны ғой. Не деген ерлік. Рух. Ердің алақанынан өскен бәйтерек талай ғасыр ұлтын әлдилеп келді, бүгінгі күйі мынау... ысықтың Бәйтерек батырының тағдырын суреттеген шағын әңгіме талайдың рухын жаншып өтті деп білемін.

Әңгіме құрылымында жоғарыдағы теңеулермен қоса «селдір сақал, сұйық мұрт» деген қонтайшының суреттелуі бірнеше рет қайталанады. Бұл қайталану оқырманын өзіне баурай түседі.

– Кейін алып бәйтерек боп ержетті. Ол да қартаяды екен. Жұқанасы тұр.

– Апыр-ай, Қарекем-ай, есіл ердің азан шақырып қойған ныспысы кім болды?

– Ол ұмытылған. Тек «Бәйтерек» атанып, ұранымызға айналды. Сол қалтында жасасып келеді... [2.27] – осы бір диалог мәңгілік ештеңенің жоқтығын білдіре келіп, тек рухтың ұлтпен бірге жасасатындығын суреттейді.

Мақаламызды түйіндей келе автордың шығармашылық қуаты шырқау шыңда деп бағалаймыз. Олай дейтін себебім, қоғамдағы болып жатырған адамдарың әрекеттерін мысқылдай отырып шебер сынап жазған. Сананың екіге жарылуы, ұлттық болмыс пен намыс, адамдардың ішінде болып жатырған сезімдер мен ойлар бәрі-бәрі тұтас бір бейне болып астасып тұр. Рақымжан Отарбаевтың прозасы – тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдебиеттің озық бейнесі, жеңісі мен жемісі деп түйіндеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Отарбаев Р. Таңдамалы: Әңгімелер, хикаяттар, эссе, элегиялар/ Р. Отарбаев. – Алматы: «ҚАЗАқпарат», 2016. и- 440 б. + 32 б жапсырма
2. Отарбаев Р. Қараша қаздар қайтқанда / Р.Отарбаев. Әңгімелер. – Алматы: Сөз-слово, 2006. – 132 б.
3. Ниетқалиева Гүлзада. Дара. – Астана: Фолиант, 2010. – 176 б

ҒТАМ 17.07.41

ӘОЖ 82-16

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ӘҢГІМЕ ЖАНРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Батыргалиева А.Б.

М. Өтемісов атындағы БҚУ 1-курс магистранты

Ақбулатов А.А.

Махамбет Өтемісов атындағы БҚУ доценті, философия докторы (PhD)

e-mail: ajgerim.batyrgalieva.00@mail.ru

Аңдатпа. Ғылыми мақалада тәуелсіздік кезеңіндегі шағын прозалық жанр, яғни әңгіменің көркемдік ерекшеліктері мен шығармаға арқау болатын даму бағыттары сөз етіледі. Қазақ әдебиеті атты айдында қара сөзден ескек есіп жүрген тәуелсіздік дәуірінің жазушыларының туындыларында бой көтеретін негізгі мәселелері жаңаша бейнеленеді. Аталған мәселелердің мұндай сипаттамасы алдыңғы кезеңдерде көрініс таппады. Авторлардың елеулі, шынайы ақиқаты мен шығармадағы көркемдік үдерісі реалды өмір мен бұлыңғыр әлем арасындағы байланыс ретінде көрініс тапқан.

Адамның ғұмыр жолындағы бейберекетсіздікті, адам болмысының қиындығы мен қуанышын, тұлғаның рухани әлемін тәуелсіздік кезеңінде қалам тербеп жүрген Мерей Қосын, Алмаз Мырзахмет, Әлібек Байбол, Қуандық Түменбай сынды жазушылардың шығармалары негізінде сөз қозғаймыз.

Кілт сөздер: әдебиет, әңгіме, бағыт, көркемдік концепция, үдеріс, необрақционизм, эклектизм.

Аннотация. В статье рассказывается о художественных особенностях и направлениях развития малой повествовательной прозы, то есть рассказа периода независимости. В казахской литературе по-новому отражены основные проблемы, возникающие в произведениях писателей эпохи независимости. Такое описание этих проблем не нашло отражения в предыдущих периодах. Существенная, подлинная правда авторов и художественный процесс в произведении отражены как связь между реальной жизнью и неизвестным миром.

На основе произведений таких писателей, как Мерей Косын, Алмаз Мырзахмет, Алибек Байбол, Куандык Түменбай мы расскажем о хаосе на жизненном пути человека, о препятствиях и радостях жизни человека, о духовном мире личности.

Ключевые слова: литература, рассказ, направление, художественная концепция, процесс, необрационализм, эклектизм.

Annotation. The article describes the artistic features and directions of the development of small narrative prose, that is, the story of the period of independence. In Kazakh literature, the main problems arising in the works of writers of the independence era are reflected in a new way. Such a description of these problems was not reflected in previous periods. The essential, authentic truth of the authors and the artistic process in the work are reflected as a connection between real life and the unknown world.

Based on the works of such writers as Merey Kosyn, Almaz Myrzakhmet, Alibek Baybol, Kuandyk Tumenbai, we will tell about the chaos on a person's life path, about the obstacles and joys of human life, about the spiritual world of the individual during the period of independence.

Keywords: literature, short story, direction, artistic concept, process, non-factionalism, eclecticism.

Әдебиет пен өнер – дамушы жүйе. Көркемдік үдерістің дамуы әлеуметтік тұрғыдан шартталғандықтан, өзінің ішкі заңдылықтарына ие. Әлемде бәрі өткінші әрі ауыспалы. Әлемнің өзі де, оның құбылыстары да өзгереді. Әлем – үдеріс, өнер – нақты өмірдің өзгерістері шағылысып көрінетін көркемдік үдеріс. Алайда өздігінен жаңа тарихи шындық та, оның талаптары мен көркем мәдениет те ештеңе жасай алмайды, өйткені мұнда жаңа құбылыстар тек көркемдік негізде (дәстүрлер, алдыңғы көркемдік материал) ғана жаратылады. [1, 174-б]. Иә, расында, уақыт өте әр кезең сайын әдебиет өзгеше көрініс тапты, түрлі жаңалықтар ашылды, өрелі жұмыстар атқарылады.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін қазақ әдебиеті жаңа арнаға ауысып, бағыттар мен ағымдар пайда болды. Көркем сөз зергерлерінің шығармашылық жігері мен тынымсыз ізденімпаздықтарының арқасында көптеген жанрлар алға басты. Соның бірі – оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма, яғни әңгіме жанрының жаңаша тыныс алуы. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері оқиғаны баяндау жолы, композициялық, сюжеттік құрылысы, көркемдік жүйесі арқылы айқындалады. Әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлер саны санаулы, сюжет ұйытқысын құрайтын оқиғаның басталуы, шарықтау шегі мен шешімі болады. Әңгіме жанры санамалы сурет арқылы мол жайды аңғарта білетін өзгеше көркемдік шеберлікті талап етеді.

Әңгіме құрылымдық тұрғыдан көптеген мәселелерді көтеріп, танымдық тереңдігі өзіндік өрнегімен ерекшеленеді. Әңгімені айтқан кезде, оған негіз болатын көркемдік концепцияны ұмытуға болмайды. Көркемдік концепция әлемді тұлғамен қарым-қатынаста бейнелейтін, көркем шындықтың құрылымын құрайтын элементтермен анықталады. Мұның өзі көркем туындының құрылымында бірқатар қабаттар қалыптастырады. Қазіргі қазақ прозасында, оның ішінде әңгімеде мынадай қабаттары кездеседі:

Біріншіден, тұлғаның ішкі коммуникациялары («Мен – Мен») [1, 175-б]. Мысалы, жас жазушы Алмаз Мырзахметтің «Автопортрет» шығармасындағы басты кейіпкердің, суретшінің жан толғанысы, естелік тыртығы, жұқарған жүйкесі, ішкі сары уайымы, өміріндегі меңіреу тыныштық, бала күніндегі оқиғалар тізбегі, жалпы суретші санасындағы сансыз ойлары кейіпкердің өзіндік арпалысы, ішкі монолог, ішкі коммуникациясы арқылы көрініс табады.

Екіншіден, адамның өзге адаммен қарым-қатынасы («Мен – Сен»). Мұны жазушы Куандык Түменбайдың «Кітап қалашығындағы оқиға» туындысынан көреміз. Жаңалыққа жаны құмар, баспасөз бен теледидардағы ақпараттар ағынын жібермейтін Жұпар мен кітапханашы жас бойжеткен Мариана арасындағы диалогтан, сонымен қатар көшенің қоқысын тазалап жүрген әріптестеріне болған жаңалықты айтуға келген кезінде осы «Мен-Сен» концепциясы аңғарылады.

Үшіншіден, адамның қоғаммен әрекеттестігі («Мен – Біз»). Алмаз Мырзахметтің «Өрт» әңгімесіндегі он алты жасар Еркебұланның ер жетуі, психикалық дамуының кешеуілдеуі, білім алмақшы болған ниетіне ерекшелігінің кедергі етуі, айналасындағы адамдардың шеттетуі, жәрдем етпекші болған жеткіншектің өзі жасамаған қылмысы үшін темір торға тоғытылуы арқылы автор қоғамға «Мен – Біз» көркемдік концепциясын көрсетеді.

Төртіншіден, тұлғаның адамзатпен қарым-қатынасы («Мен – біздің бәріміз»). Бұл концепцияға мысал болатын өзіндік жазу стилі мен орны қалыптасып үлгерген Мерей Қосынның “Буве нүктесі” атты шығармасы. Бұл шығарма – бейбіт күнде бүгінгі күннің зілмауыр қиындығын көрсететін туынды. Теперіш көрген ауыр тағдыр иесі сириялық Аяяның арман-тілегі қай оқырманды болмасын бей-жай қалдырмайды. Жанұшыра шыңғырып шулаған адамдар мен күн сайын төбеден құлайтын тұрақты дүмпудің айқасқан дауыстарына әбден үйренген Аяя “Құдайдың жолына кеткен” ата-анасының орнына 4 бауырына бас-көз болады. Жас жазушы бір ғана әңгіме, бір ғана оқиға, бір ғана Аяя арқылы «Мен – біздің бәріміз» концепциясымен бүтін бір елдің тағдырын жеткізді.

Бесіншіден, тұлғаның рухани мәдениетпен қарым-қатынасы («Мен – біздің рух саласында жасағанымыздың барлығы»). Алмаз Мырзахмет «Аноним» шығармасындағы есімі мен жасы белгісіз кейіпкердің өміріндегі әділетсіздіктің себебін, теперіш пен тағдыр тауқыметін, өз-өзіне қол жұмсауын,

рухани мәдениеттің деңгейін, сондай-ақ «Мен – рух саласындағы қарым-қатынасын» осы әңгімесімен бүкіл адамзатқа үндеу етті.

Көркемдік бағыт – көркемдік концепцияның инварианты.

Бағыт– дәстүр мен жаңашылдықтың өзара әрекеттестігінің нақты тарихи нәтижесі. Бағытта көркемдік үдерістің дүниетанымдық-эстетикалық ерекшеліктері өзін танытады. Бағыт – қызметі тұтас бір тарихи кезең аясында өтіп жатқан, суреткерлер тобы үшін тұрақты болып саналатын, әлем мен тұлға тұжырымдамасы [1, 175-6].

Көлем жағынан шағын болғанымен, әңгіме бүгінгі қоғамның өзекті мәселелерін көрсетіп, оқырманға шырмауы шиеленіскен оқиғаларды жаңа жолдар мен бағыттар арқылы көркем жеткізеді. Қазіргі қазақ әдебиетінде әңгімеде жазушылар шығармашылығынан мынадай бағыттарды көруімізге болады:

Неоабстракционизм – (екінші толқындағы абстракционизм) стихиялы-импульсивті өзін-өзі таныту; таза айқындылық жолында фигуративтіліктен, шындықты суреттеуден бас тарту; түсте бейнеленген сана ағымы [1, 299-6].

Тәуелсіздік кезеңіндегі неоабстракционизмге мысал ретінде Мерей Қосынның «Буве нүктесі» туындысын айтуымызға болады. Бір апта бойы жеті түс көрген Айяның аңсаған асыл арманы мен мақсат-мүддесі неоабстракционизм арқылы, яғни түсте бейнеленген сана ағымы арқылы бейнеленеді. Мәселен, 1-түсінде ол өзі білмейтін, алты материктің ешқайсысына ұқсамайтын бір жерге тап болады. Көз жетпейтін кеңістікте ол белгісіз бір жігітті байқайды. 2-түсінде белгісіз жігітке қарай адымдап, оның мейірімге толы жүзін көреді. 3-түсінде бейтаныс жігіт оған күлімдейді. 4-түсінде ол өзін әдеттегіден жақсы сезінеді. 5-түсінде ол өзін қайда екенін біледі. Жігіт оған Буве аралында тұрғандарын жеткізеді (Буве аралы - Атлант мұхитының оңтүстік бөлігінде орналасқан елсіз жаңартауы бар арал). 6-түсінде ол келмейді. 7-түсінде Айя ықылықтай береді. Жігітін: “Біз ықылық екеуіміз суға бардық. Ықылық суда қалып қойды, мен қайтып келдім деп қайтала”, - деген сөздерінен кейін оянып кетеді. Осылайша бір апта бойы бір-бірімен жалғасып жатырған түстерді көрген Айя реалды өмірге қайтып келеді. Автор Айяның әр оянған сәтін былайша суреттейді: “Оянып кетті. Көзін ашқанда жайылып жатқан көңілсіз, жұпыны тіршілікке ызасы келді. Кеудесінде түсінен қалған сезімі бойын жылыта берді, бірақ есінде еш нәрсе жоқ еді[2]”.

Неоабстракционизмге тағы бір мысал болатын шығарма – өмір құндылықтарын ұқтыратын Алмаз Мырзахметтің «Жанбырдан соң» атты әңгімесі. Бұл туындыда неоабстракционизм басты кейіпкердің ақылшысы әжесінің түсінде аян, жамандықтан сақтаушы белгі ретінде былайша көрініс табады:

«- Сені түсімде көрдім. Мешітке барып садақа бер, құран оқыт...

- Менің қолым тимейді ғой, сабақ, жұмыс дегендей.

- Балам, түсімде қайтыс болған қарындасың сені қолыңнан ұстап...»

Қазіргі қазақ әдебиетінде әңгіме арқылы түрлі жайттардың басқа тұсын көрсететін тағы біржол–**неоготика**. Неоготика – романтизмді абсолюттендіріп, шегіне жеткізудің жемісі [1, 255-6]. Неоготика Алмаз Мырзахметтің «Түн жанарындағы жас» хикаятындабой көрсетеді. Ақылды, естияр, қатарының алды болып ер жеткен 20 жасар басты кейіпкердің көпке жұмбақ болған өлімі туындыға арқау болған. Ал неоготика болса, бұл шығармада осылай суреттеледі: «Мен елеспін! Тыңда мені-і-і! Ол түн ерекше түн еді. Мен шексіз түнекке қамалғанға дейінгі жалған өмірімнің соңғы демі! О, жалған өмір! Сол кезде сенің көкжиегіңнен осы түнек жарқ-жұрқ найжағайын сермеп, төніп келе жатқан-ды. Оның ақиқат әлемінің түнегі екендігін ойлады ба, жоқ па? Сол бір өмір деп аталатын әлем мен үшін тәтті түс еді ғой, шіркін! О, өмір деген – жалған түс екен-ау! Енді менің жаным қараңғылыққа байлаулы.

Еле-е-еспін, тыңда мені-і-і!

Түн, қарғыс атсын сені! Неге сен әлемнің сансыз бояуын көлеңке көрпесімен қымтар кезде, менің де жанарымды тұмшаладың, неге? Токта-а-а-ат, деймін, аруақтарды оятасың!!!» [3, 153-6]. Мұндай сай-сүйекті сырқырататын дауыстардан марқұмдың қиналысын, аяқтың шалыс басуынан жіберген қателіктің арты жақсылыққа апармайтынын, марқұмға деген құрмет көрсетудің маңыздылығын да осы неоготика арқылы көруімізге болады.

XXI ғасырда да өз маңыздылығын жоғалтпайтын тақырып – теңдік тақырыбы. Теңдік, табыстылық, демократизм туралы сөз еткенде, эклетизм туралы айтқан жөн болар. **Эклетизм** – шығарманы сомдаған кезде, өткеннің кез келген формаларының, кез келген ұлттық дәстүрлердің кез келген үйлесімін, шығармадағы элементтердің ашық декоративизмін, өзара алмасушылығы мен тең мәнділігін, көркемдік жүйедегі иерархияның бұзылуын, жүйелілік пен тұтастықтың әлсіреуін көздейтін көркемдік бағыт[1, 259-6].

Әлібек Байболдың «Тұрмыс парадокстары» атты әңгімелер тізбегінде эклетизм айқын көрінеді. «Тәп-тәтті депутат» деген әңгімесінде билік басындағы басшылардың қызметтеріне деген сынын ирония арқылы жеткізеді. “Жаны бардың желі бар” дей отырып, біреу жазып берген баяндаманы (баяндамасын) оқыған депутаттың жел шығарғанын мазақ қылады. Бүгінгі қоғамның күрмеуі күрделі мәселесін, билік басындағы билеушілердің халыққа көрсеткен теңсіздігін әңгіме соңында жанын суырып алған Әзірейілді айтып, “Жақсы кісі еді, марқұм!...” деп, дүниеден озған депутатқа деген ықыласын сарказм арқылы зілді кекесінмен әжуалайды.

Қазақ әдебиеті – ұрпақтан ұрпаққа жеткенсан ғасырлық тарихы бар мәдени мұра. Бүгінгі күнгі қазақ әдебиеті жаңа арнаға ауысты. Жаңа арнаға ауысқан жазушылар тәуелсіздік кезеңінде дәуір шындығын әр қырынан бейнелеп отыр. Постмодернизм, неомодернизмнің сан-салалы бағыттары мен ағымдары қазақ әдебиетінде бой көтерді.

Бүгінгі заманда сөз болған әңгіме жанры тек тақырыптық, стильдік тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар бағыттар мен концепция тұрғысынан да жаңаша түледі. Жазушылар шығармашылық өмірінің тұғырын жаңа даму бағыттары мен тәсілдері арқылы, атап айтсақ, неоабстракционизм, эклектизм, неоготика арқылы жеткізуді көздейді. Одан өзге көркемдік концепцияны да жазушылар ұмыт қалдырмады.

Түйінді З.Қабдоловтың сөздерімен тұжырымдаймын: «Әңгіме – көркемдік қиыны оңайшылықпен табылмайтын қиын жанр және әңгіме жазу да жеке дауыста ән салуға ұқсас өнер. Әңгіме жанрында жазушы жетістігі мен кемістігін жасыра алмайды» [4]. Сонымен, қоғамдық сананы дұрыс тұжырымдауда әңгіме жанры мол ықпал ететіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Эстетика. Оқулық. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 408 бет.
2. <https://tamug.org/?p=2702>
3. Ханшайым: Проза/Алмаз Мырзахмет. Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. – 192 бет.
4. <https://stud.kz/referat/show/27188>

ӘОЖ 82-31 (574)

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ БЕКСҰЛТАН НҮРЖЕКЕ-ҰЛЫНЫҢ «ӘЙ, ДҮНИЕ-АЙ» РОМАНЫНАН КӨРІНІС ТАПҚАН ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР

А.А.Габдулова

педагогика ғылымдарының магистрі,

«Бударин мектеп-бөбекжай кешені» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Аңдатпа. Мақалада қазақтың тұрмыс-тіршілігі, ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлері тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті прозасында бейнеленген ұлттық дәстүріміз зерттелген. Нұржеке-ұлы Бексұлтаннның «Әй, дүние-ай» атты романындағы басты кейіпкер Шәйінің басынан өткен жағдайлар арасында кездесетін салт-дәстүрлер көркемдік сипаты мысалдары ашылып, үзінділер талданған.

Кілт сөздер. Ұлт, қазақ, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, роман.

Аннотация. В статье исследуется жизнь казахского народа, национальные обычаи и традиции, которые нашли отражение в прозе казахской литературы периода независимости. Выявляются примеры художественного характера традиций главного героя Шай в романе Нуржеке-улы Бексултана «Ай, дуние-ай» и анализируются фрагменты.

Ключевые слова: нация, казах, обычаи, традиции, роман.

Annotation. The article examines the life of the Kazakh people, national customs and traditions, which are reflected in the prose of the Kazakh literature of the period of independence. Examples of the artistic nature of the traditions of the protagonist Shai in Nurzheke-uly Beksultan's novel "Ay, dunie-ay" are revealed and fragments are analyzed.

Key words: nation, Kazakh, customs, traditions, novel.

Қазақ халқының сонау жылдардан ұстанып келе жатқан салт-дәстүрі қазіргі тәуелсіздік жылдарына дейін сақталуы, ауыздан ауызға жетуі ұлттық құндылықтардың ажырамас бөлшегі болып табылады. Бексұлтан Нұржеке-ұлының «Әй, дүние-ай» романында 1916 жылы басталған қазақ халқының оның ішінде албан жұртының басынан кешкен қиын-қыстау заманды баяндайды. Ақ патшаның елді билеген уақытында қазақ азаматтарынан қара жұмысқа бала сұрауы, бермегендерді атып, мал-жандарын қырып-жойып, өртке орап аяусыз қинаған уақытта да албандар ата-салтымызды сақтап, барынша адал өмір сүруге тырысады. Бексұлтан Нұржеке-ұлының «Әй, дүние-ай» романында салт-дәстүрдің көптеген элементтері - бата беру, құдаласу, қыз айттыру, жоқтау, сүйінші сұрау, естірту, өкіл іні (аға) болысу, қонақасы беру, көңіл айту, ат тергеу, сәлем салу т.б. кездеседі. Яғни ұлттық салт-дәстүр барынша жан-жақты ашылады [2,-85 б].

Жүзік пен Шәйі базарға жәрмеңкеге барған бойы еді, «Әй, Шәйі» деп қастарына Жәмеш келіп, оларды өтіп жатқан сауық кешті тамашалауға шақырады. Елдің бәрі жиналып қазақшаға судай орыс қыздың әдемі үнімен ән сап жатырғанын тыңдап таң қалысты.

Үшеуі ауылға қайтпақшы болып жиналып жатқанда, Жәмештің ағасы Тазабек пен Жомарт келді. Жеңгелері Жүзікпен әзілдесіп, құдаша деп Шәйге қылжақтасып біраз кідіреді. Мыңжылқының етегіне дейін шығарып салуға келісіп, жолда Тазабек пен Шәйі біраз әңгімелеседі.

Жарты жолға келген соң, Тазабек бұларға қош айтысып, қайтып кетеді. Жеңгесі екеуі әрнені әңгіме етіп келе жатып, Шоқанасқаннан өте бере Шәйі одан Тазабек туралы сыр суыртпақтады:

- Мақтай береді, Сопыйаны алғалы жүр ғой деймін?
- Кімді алатынын құдай біледі, бірақ кімді алғысы келетінін мен білем, Жібек.
- Кімді?
- Жәрмеңкеге келген бір жолы сені сыртыңнан көріпті де: «Қара домалақ қана қыз еді, қандай әдемі болып кеткен?!» деп, сенен көз ала алмай таң қалыпты.

- Жарайды, сонымен...
- Сонымен, сені жақсы көріп қалыпты. Көргісі, сөйлескісі келіп айналсоқтап жүргені сол.
- Көрді, сөйлесті енді не істейді [1,-20 б]?
- Ендігісін ол білмейді, сен білесің.
- Нені білем?

- Ұнаса тиесің; ұнамаса, тимеймін дейсің.

- Түгі де ұнаған жоқ, тимеймін.

- Өйтіп өтірік айтпа, Жібек. Ол саған ұнады. Ұнаған соң Сопыйадан қызғанып келесің.

Шәйінің беті ду ете қалды. Қызарып кеткенін сезіп, қыястап, Жүзіктен жүзін бұрып әкетті.

- Сен зәлімсің! Сенсің оған мені әдейі көрсетіп жүрген,- деді қыз бұртиып.

- Ол – менің жеңгелік борышым, жаным. Себебі сен бақытты болмай, мына біз – әке-шешен мен аға-жеңге – бақытты бола алмаймыз. Оны сен ақылың бар ғой, түсінуге тиіссің, Жібекжан [1,-21 б].

Жүзік қазақтың салты бойынша қайынсіңілісі Шәйге ат қойып Жібек десе, енді бүгін Тазабектің қайынсіңілісіне деген ниетін түсініп, Шәйге екі жасты қосу мақсатында жеңгетайлық міндетін орындап, дәнекер болғысы келетінін айтады.

Қазақта бұрыннан келе жатқан жарасымды дәстүрдің бір түрі ол – құда түсу. Жігіттің ыңғай білдіріп ұнатқан қыздың үйіне әке-шешесі, ағайын-туыстары ілесіп барып қонақ болады, міндеттерін айтады. Осы дәстүрді біз бұл романдан кездестіреміз.

Тазабек тап сол сәт тіке Шәйге қарай жүрді.

- Ұзатпай алдына әке-шешемді жіберем, - деді жәгәт төтесінен. – Енді менің жанымды өзіндікпен бірге деп ұқ! Жанымсың [1,-26 б]!

Қазақтарды қара жұмысқа алу туралы патша жарлығына албандардың 300-400 шақтысы жиналды. «Ақ патша сөзінен танды, артқа шегінер жол жоқ, бала берсек, баладан айырыламыз, бермесек өзімізді қырады. Не болса да жеріміз бен суымыздың иесі екенімізді білдірейік» - деген шешімге келеді. Осындай жағдайдың орын алып жатқанына қаймыққан Өмірәлі үйіне келе сала ұлы Тазабекке мына алмалы-төкпелі кезеңде қазақтардың ертең жер бетінде қалар, қалмасы белгісіз, артына ұрпақ қалдыратын сәби керектігін ойлап, үйлен деп есіп айтты. Ойында жүрген қыз болса құда түсейік, болмаса басқаға құда түсем дейді. Бұны естіп отырған шешесі алдында шошығанымен Жәмештен Тілеулінің қызы Шәйі екенін естігеннен кейін жаны жылып сала берді.

Тілеулінің қызы болса, құдай тілеуімізді берді. Кемпір, дәм-тұзынды әзірле, ертең екеуіміз Тілеулі мен Әжікеннің алдына баралық.

- Алдын ала айтпай, дәннен етпей, қалай болады?

- Солай болады. Айтпай келдің деп, Тілеулі бізді қуып шықса, қуып-ақ шықсын. Әрі жөнімізді айтамыз, әрі ерулікке шақырып қайтамыз.

Күннің көзі дәл төбеге келгенде, жота жақта ойнап жүрген Ағынтайдың екі ұл, бір қызы Шәйге жүгіріп келіп:

- Тәте, Жайдақ Бұлақ жақтан екі атты келе жатыр,- десті жарыса шулап.

- Е, келсін, - деп, жалт қараған Шәйі Жәмештің кер атын бірден таныды, бірақ үстіндегі ол емес, егде әйел. «Сірә, шешесі болар, -деді жорамалдап. – онда, анау – әкесі».

«Әй, дүние-ай» романында уәде, сенім, ұрпақ өрбіту, қайырымдылық, достық, құрмет секілді құндылықтармен қатар, бірлік, қонақжайлылық, білім, өнер, қанағат, әділет, тектілік сынды адамзатқа ортақ құндылықтар жиі көрінеді.

- Қалай дегенмен де, ел басына күн туды, Тілеулі. Енді ұрпақ қамын ойламасақ, арам өлеміз, - деді Өмірәлі үйдегілердің бәріне барлай қарап. – көп баладан аман қалған Тазабектің тағдыры түнде ұйқыман, күндіз күлкімнен айырды. Ақырында бәйбішеміз екеуіміз ақылдасуға өздеріңе келдік. Балаңнан бала сүйіп қалмасаң, мына қалаймақан заманда оның өзіңмен ақылдасқалы келдім.

- Жарайды, Өмеке, ақылдасайық, - деді әкесі сол сөзді айтқанда Шәйі жаққа бір жалтаң етіп [1,-37 б].

Өмірәлі мен Қалишаның келгеніне Тілеулі қуанып, қой сойып, жедел қуырдақ дайындап, қонақ күту әдебін барынша жасап жатқанын Шәйі сезіп Тазабектің: «Ұзатпай әке-шешемді алдына жіберем» - деген уәдесінде тұрғанында түсінді.

Шешесі Шәйіні итермелеп, аға-жеңгесінің отауына алып кірді.

- Сен енді бойжеттің, қарғам. Мына кісілер саған үкі тағуға келіп отыр. Не дейсің? Қарсылығың бар ма? – деді қызының бетіне қадала қарап.
- Жоқ, – деді Шәйі жүзін тайдырып.
- Ақылыңнан айналдым! – деді шешесі бетіне шапшып шыға келген шаттықтан нұрланып [1,-41 б].

Қазақ халқының дәстүрінде жігіт жақтан құда түскеннен кейін, жігіт шешесі қызға үкі тағып кетеді. Үкілі қыздың құда түсілгенін жұрт білетін болады және қыз өзінің бір үйдің жауапкершілігін мойынына алу үшін анасы мен жеңгелерінен ошақ қасы шаруаларын үйрене бастайды.

Қазақтың салты бойынша 30 күн ойын, 40 күн тойын жасағысылары келгенімен «көрпенен қарай көсіл» демекші, алаупат уақытта құдай қонақ болып барып Тілеулінің батасын алып қайтады.

Өзіңмен оңашада ақылдасайық та.

- Нені?

- Нені болушы еді? Тазабек екеуіңнің жайын да мені мазалап жүрген.

- Оның несін ақылдасамыз?

- Бәрін. Тазабек бүгін келсе, бүгін; ертең келсе, ертең екеуіңнің басынды бір төсекте қосам.

Соны біл.

Сырт ізет қылғанмен, іштей Жүзіктің қылығын Шәйі құп көрді, ақыр болатын нәрсе тезірек болса екен деп тіледі [1,-48 б].

Ата-салтымыз бойынша өмірде көрген-түйгені көп, оқып-тоқыған, елге сыйлы болып жүрген жігіт жеңгелерінің бірі «Жолдық» деген дәстүрді орындайтын болған. Ол дәстүрдің іске асуы барысы былай өтеді. Жастардың алғашқы неке түнінде жайлы жатуы үшін жеңгесі төсек салады. Қайын інісі мен келінін сол бөлмеге кіргізіп, бір-бірін ұнатып, ұрпақ сүю ғана емес неке түнінде төсек ләззаты сезінудің маңыздылығын әзілдей отырып түсіндіріп айтады. Ертесі күні келіннің пәктілігіне кепіл болып, төсек салған жеңгесі үй-ішінен сүйіншісін ала отырып, қайын інісінің жомарттығы мен құрметін көреді.

Жалпы қазіргі қазақ романдарында негізінен мынадай салт-дәстүрлер көрініс тапқаны белгілі. Дәстүр (дала заңдары, әдет-ғұрып, салт-сана), ар, сенім, ақиқат, махаббат, әсемдік, отбасы, Отан, достық т.б. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасында негізінен аталған дәстүрлер жиі тақырып арқауы болады. Бексұлтан Нұржеке-ұлының «Әй, дүние-ай» романында бәріне ортақ бір арман болса, ол - ел, тәуелсіздік, Отанды қорғау бірде ашық, бірде астарлы мәнде айтылуы. Жастайынан басынан көп қиындық көрген Тазабек пен Шәйінің ештеңеге мойымай еліне, ата-анасына деген адалдығын, дәстүріне мығымдығын байқаймыз. Бұл романның «Дейін» атты бөлімінде кездесетін ат тергеу, жеңгетайлық, құда түсу, үкі тағу, жолдық секілді салт-дәстүрлерді тауып, талдадым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Әй, дүние-ай»; Роман / Бексұлтан Нұржеке-ұлы Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2016. – 400 бет.
2. «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар (1991-2016 жж.)» / Худайбергенов Н.Д. 163 бет.

ҒТАМР 16.21.31

ӘОЖ 821.512.122

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Е.С.Ғалымжан

М.Өтемісов атындағы БҚУ 3-курс студенті

А.А. Ақбулатов

М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті, философия докторы (PhD),
aidarbek_akbulat@mail.ru, 87752363682

Аңдатпа. Баяндамада қазақ тілі мен әдебиетінің реформаторы, сөз өнерінің дауылпазы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиетіне қосқан үлесін, бүгінгі қоғам жайын, мақалаларынан тарихи факт пен саяси шешімдерін, ғылыми еңбектерінен тіл мен әдебиет саласының түп қазығын табамыз.

Түйін сөздер: қазақ әдебиет теориясы, сөз дұрыстығы, тіл тәуелсіздігі, шешен сөз, әдебиет тарихы, т.б.

Аннотация. В докладе мы находим вклад реформатора казахского языка и литературы Ахмета Байтұрсынова в казахскую литературу, современное общество, исторические факты и политические решения в статьях, в научных трудах-первоисточник языка и литературы.

Ключевые слова: теория казахской литературы, правильность слов, независимость языка, ораторское слово, история литературы и др.

Abstract. In the report we find the contribution of the reformer of the Kazakh language and literature Akhmet Baitursynov to Kazakh literature, modern society, historical facts and political decisions in articles, in scientific works-the primary source of language and literature.

Keywords: theory of Kazakh literature, correctness of words, independence of language, oratorical word, history of literature, etc.

Қазақ тіл білімі мен әдебиетінің реформаторы, жырларын жетектеп, маса боп ызындаған, мысал деген жана сөз өнерінің дауылпазы болған, аудармадан төл туынды жасаған, өз кезінде тек қазақ емес, орыс зиялыларына да танылған, «Қазақ» газетінің төрінде талай атышулы мақалалардың авторы бола білген тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы. Бір адамның осынша салада аянбай еңбек етіп, жаңалықтың жаршысы бола білуі – сирек құбылыс. «Шам қылған жүрек майын» деп ақын Сұлтанмахмұт бағалағандай, ақынның мысалдарынан бүгінгі қоғам жайын, мақалаларынан тарихи факт пен саяси шешімдерді, ғылыми еңбектерінен тіл мен әдебиет саласының түп қазығын табамыз.

Ресейлік филолог Д.Лихачёв бір сөзінде: «Әдебиет басқа дәуірлерге және басқа ұлттарға нұсқаулық қызметін атқарады, адамдардың жүрегін ашады – бір сөзбен айтқанда сізді данышпан етеді» деп пікір білдірген-ді. Әдебиетті оқу бағдарламасына енгізудің мәні де сонда – жас ұрпақтың көзін ашу, зиянды қауымды басып озатын зиялыларды жасап шығару. Ал осы жүгі ауыр міндетті толығымен атқарып, әдебиет шыңында өз туын тіккен Ахмет Байтұрсынұлов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қазақ әдебиеті теориясының негізін қалады.

Ең әуелі, автор «көркемшілік үшін жұмсалатын көрнек өнерін» тарқатып айтады. Сөз өнерін екшелеп, көрген, түйген нәрсеңді тілмен жеткізу қиынның қиыны екенін, әдебиеттің бар салмағын оқырманға түсіндіреді. Шығарманың тысқы нәрселерінің ішінде «андату» деген ұғым бар. «Мазмұнның андатуында мазмұн туралы алдын ала айтарға керек болған ғана ойлар айтылып шығады» [1] деп анықтама береді. Андату дегені қазіргі андатпа емес пе? Андатпасыз ешқандай кітап, мақала болмайтыны белгілі және оның барлық дерлік шығармаларда қолданыла бермейтінін дұрыс көрсеткен.

«Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады» [1] деп баса атап өтеді. Расымен де, әдебиет ойды өзгеге түсіндіру үшін қызмет етеді. Сондықтан да автор саралаған «шығарма түрінің ғылымы», «шығарма тілінің ғылымы» деген ғылымдарды зерттеп, санаға түйіп алған жөн. Ғалым еңбегінің діттеген межесі – осы.

«Қазіргі қазақ тіл білімі саласы бойынша көркем шығармада кездесетін баяндау түрлерін салыстырмалы түрде зерттеген ғалым – Б.Шалабай. Ол көркем прозадағы автор сөзінің құрамындағы баяндау түрлерін А.Байтұрсынұлының сөз өнері туралы ілімімен салыстыра қарастырады» [2]. Бұдан көретініміз – қазақ тілі мен әдебиетін зерттеушілері осы «Әдебиет танытқыш»-ты өзіне нұсқаулық еткен, ондағы ойларды әрі қарай дамытқан.

А.Байтұрсынұлы атаған сөз өнерінің сүйенетін үш тірегі, яғни «ақыл, қиял, көңіл» туралы ойын ғалым Г.Пірәлиева: «Осы аталған үш негіз – адамның жан жүйесін (Ж.Айтмауытов), санасын зерттейтін жазушылардың негізгі объектісі» [5] деп әрі қарай өрбітеді. Шынымен де, әдебиет адам жанымен біте қайнасып жатады. Оны «адамтану ғылымы» деп атаған ғалым сөзінің жаны бар.

Сөз талғаудың басты шарты – сөз дұрыстығы. Сөз кез келген тіл білімі саласының: фонетиканың, грамматиканың, лексиканың басты зерттеу объектісі. Осы себептен шығарма түсінікті болуы үшін оның ажырамас бір бөлшегі сөздің дұрыс жазылуы, сөз тіркесімділігінің ескерілуі назарда болуы қажет. Автор осы «Тіл қисыны» деген бөлімінде сөздің шығарма қаңқасы екенін жеткізе білген. Мәселен, «сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру» [1] деген мәселесі күні бүгінге дейін өзекті. «Таңның атқанын күтеміз, жарылыстың болатыны, олардың ойының дұрыс екені» деген секілді ілік септігі, тәуелдік, көптік жалғауларын орынсыз жалғай беретін жағдайлар шаш етекпен. Біріншіден, оқырманға сөйлемді түсіну қиынға соғады. Екіншіден, сөйлем эстетикасы бұзылады. Ғалымның еңбекті әуелі тіл қисынынан бастауы да орынды. Себебі шығарманы көркемдемес бұрын оның түп қазығы дұрыс әрі мығым қалануы керек.

«Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстіне талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады» деп автор айтқандай, әрі қарай ойды көркем жеткізу жолдарымен, шығармаға өң беріп, бояумен әрлеуге керек құралдар, әдіс-тәсілдермен танысамыз. Академик Р.Нұрғалиев: «Әдебиет танытқыш» әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді» [3]. Шынымен де, Ахмет Байтұрсынұлы бастауыш, баяндауыш, егістік, зат есім, жалғау, жұрнақ секілді тіл біліміне күні бүгінге дейін қызмет етіп келе жатқан тіл білімі терминдерімен қатар, көрнекі тіл, көріктеу, меңзеу, әсерлеу, кейіптеу, бернелеу, мезгеу, лептеу, кекесіндеу, бүкпелеу секілді әдеби терминдердің де негізін қалап, ұғымға сай анықтамасын да таза қазақша, өзге тілден енген сөздерді араластырмай жазып шыққан. «Еңбектегі өнертану, әдебиеттану, фольклортану салалары бойынша терминдер жүйесінің жасалуынан Ахаңның кемеңгер ғалымдығы танылады. Мұнда әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 60-ы (18 %) осы күнге дейін пайдаланылып жүр. 267-сі (80 %) қазір қолданылмайды» [4] деп әдебиеттанушы ғалымдар Ж.Смағұлов, Қ.Смайыловтар есептеген екен. Мәселен, «жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне түсіріп тұрпаттау кейіптеу деп

аталады» деген анықтама мен оған телінген ақын Абайдың «Қыс» өлеңі бізге бастауыш сыныптан бері таныс.

«Тіл әуезділігі» деген бөлімінде өрнекті сөйлемдер, оралым деген ұғымдар бар. «Бір мүшесінде пікір тақырыбы, екіншісінде пікір баяны болады» [1] дегені қазіргі синтаксисте қолданылып жүрген тема, рема деген ұғымдар. Яғни, тема, рема деп тіл сындырмай-ақ, тақырып, баян деп атасақ та болады. Анықтамасы да ойға қонымды, оқырманға сіңімді.

Одан кейін «сөздің патшасы» саналатын өлең шығару ісіне бойлаймыз. «Өлең кестесі айшық; айшықтың әрбір тақтасы шумақ; тармақ тұлғасы бунақ; бунақ буындары» [1] деп ғалым атап көрсетпесе, «теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы» деген Абай ақын талабы орындалмас еді. Әлбетте, өлең – өнер, шығармашылық, ой еңбегі. Дегенмен, оған құрық салып, тізгіндеп отырмаса, айтушының өзіне ғана түсінікті болар еді.

Қара сөз бен дарынды сөз жүйесін жіктеуде ғалым асқан шеберлік танытады. «Тиіс ғалам», «түйіс ғалам» деген ұғымдардан «қара сөз» бен «дара сөз» туғызады. «Қара сөз бен дарынды сөздің арасындағы парық жұмсалатын орнына, қызметіне қарай былайша айрылады: дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қара сөзден адам тек ұғым алады» [1] деп шайнап береді. Оқырманға оны енді жұту ғана қалады. Осы қара сөздің бір түрі боп саналатын сын туралы жазған жазбасы күллі әдебиет сыншыларына нұсқаулық іспеттес. Тысқы сындар, ішкі сындар деген атауларынан-ақ сыншының нені сынап, нені зерттейтіні аңғарылып тұр. Былай қарап тұрсақ, тысқы сындар адамның көз ләззаты үшін болса, ішкі сындар адамның жан дүниесіне арқа сүйейді. Бұл екеуінен де сүрінбей өткен шығарма әдебиет төрінен ойып тұрып орын алмақ.

Байымдаманың бір түрі шешен сөз туралы да автор шебер талдаған. Әсіресе, «шешен сөздің зор мүшелері бесеу: бастамасы, ұсынбасы, мазмұндамасы, қыздырмасы, қорытпасы» [1] деп тарқатқан тұсы көпшілік алдында сөйлеймін, дүйім жұртты аузыма қаратамын, баяндамамның мәні мен қоса сәні де келіссін деген адам үшін таптырмас карта. Дәл осы ізбен жүрсе, шешен сөзден жаңылмайды, сөзін өз мәресіне жеткізеді.

Әдебиеттің бар бояуы дарынды сөзде. Бүгінде эпос, лирика, драма деп танып жүргендерімізді, автор әуезе, толғау, айтыс деп тарқатады. «Әуезе жайында ескерту» деген жазбасында: «Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, үлгісі бір болған» деп әдебиеттің көзі мифологияда екенін айтады. Байқағанымыздай, А.Байтұрсынұлы бұл тарауда қазақ әдебиетін алғаш рет дәуірлеп, тарихына үңіле білген. Яғни, байырғы адамдардың анасы табиғат екенін, өздеріне түсініксіз құбылыстарға өзінше себеп ойлап, жорамалдаған, жансыз заттарға сенген, сол белгісіз құбылыстарды түсінуге ұмытылып, түрлі сенімдер қалыптастырған. Осыдан келіп мифология, одан ауыз әдебиеті туған. Дәл осы жазбасында шығармаларды «ауыз шығарма», «жазба шығарма» деп жіктейді. А.Байтұрсынұлы әдебиеттің тегі мен түрі мәселесіне келгенде фольклор және әдебиет тарихына осылайша шолу жасап өтеді. Бұл турасында З.Қабдолов: «Мұның өзі бір қарағанда әдебиет туралы ғылымның екі саласын (тарихы мен теориясын) қосып, қойырпақтап жібергендей көрінеді. Бірақ байыбына барыңқырасақ, ол мұнда да әдеби-теориялық ұғымдар қалыптастырып, өзінің «Әдебиет танытқышын» тағы да сөз өнерінің әсем әліппесіне айналдырады» [6] деген пікір білдіреді. Сөз жоқ, бұл орайда автордың әдебиет тарихына бойлауы орынды. Себебі тарихтан өрбітіп, тарихпен астастыра түсіндірмесе, оқырманға өзі енгізген ұғымдарды ұғындыру алынбас асу болар еді.

Ауыз әдебиеті барлық халықты бар екені белгілі. Жазба әдебиеті өнері дамыған елдерде ғана бар, автордың өзі айтқандай, «жазу-сызу, өнер-ғылым жоқ анайы халықтарда жазба шығарма болмайды. Ондай халықтардың асыл сөздері анайы тілмен айтылған ауыз шығармалар болады» [1]. Ал осы жазба әдебиеттің біздің қазақ даласында кең қанат жайып, көсіле қалықтауына едәуір үлес қосқан автордың өзі еді. Білім, ғылым саласы – халықтың бүгінгі мен ертеңінің айнасы. Күні бүгінге дейін білім беру бойынша түрлі реформалар қабылданып жатқаны мәлім. «Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарған нәрселер» дегенді ту еткен Ахмет Байтұрсынұлы бұл тақырыпта «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Орысша оқушылар», «Оқыту жайынан» сынды ағартушылық бағытта мақалар жазып қоймай, «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Тіл жұмсар», «Баяншы», «Әліппе астары», «Әдебиет танытқыш» секілді оқулық беттерінде өз ізін қалдырды. Академик Р.Сыздық айтпақшы, сауат аштыру жолында «өзінің алдына жүйелі жоспар қойғанға ұқсайды». Публицист бала оқытудағы басты кемшілік оқулықтың жоқтығы деп санап, өзі сол олқылықтың орнын толтыра білді. Ендеше «Әдебиет танытқыш» арқылы тек оқушы бала емес, ақын-жазушы, сыншы, шешен, зерттеуші секілді дүлдүлдір үшін соны жаңалық, тың тақырып қозғай білді.

А.Байтұрсынұлы әдебиет тарихын діндар дәуір, сындар дәуір деп екіге бөледі. «Діндар»-ға қисса, хикаят, насихат, мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме деген шығарма түрлерін жатқызып, әрқайсына тоқталып өтеді. Кейіннен сындар дәуірін сөз еткенде: «Салтындағы, қалпындағы, ғұрыптағы жаман әдет – жамандық болып көрінбейді. Бойдағы мін бойында міні жоқ біреуді көргенде байқалады; үйдегі кемшілік кемшілігі жоқ үйді көргеннен кейін көзге түседі; жұрттағы жаман әдет басқа жұрттың жақсы әдетін көргеннен кейін білінеді» деп ділмәр сөз жазады. Расында да, қазақ ақын-жазушылары жан-

жаққа көз салып, Батыс, Шығыс әдебиетінен сусындағанда әдебиетіміздің алтын қоры байыды, жаңалықтарға кенелді, тақырыпқа толды.

Одан кейін ғалым әуезені, толғау мен айтысты әрмен қарай жіктейді. Әуезеге ұлы әңгіме яки романды жатқызады. «Ұлы әңгіме өңшең үлкен оқиғалармен болмай, ұсақ істерден де өнеге көрсетуге тырысады» [1] деп ескертпе жасайды. Әуезенің бір түрі – мысал.«Анайы әдебиетте болған хайуандар мінезімен адам мінезін көрсету мақсаты сыпайы әдебиетте де бар» деп автор ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетіндегі мысалдың аражігін ажыратады. Р.Нұрғалиев: «Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді» деп ақынның мысал өлеңдеріне баға беріпті. Әрине, Ахмет Байтұрсынұлына дейін мысал аударып не өзі мысал жазғандар болды. Алайда «адамдық диқаншысы»-ның мысалдары ерек, еркін, түрі мен түсі де келісті туындылар еді. Мысалы, «Малшы мен маса» мысалындағы:

Мысалы қазақ – малшы ұйықтап жатқан,

Жыланды бәле делік аңдып баққан.

Бәленің түрін көрген мен – Сары маса,

Халықты оянсын деп сөзбен шаққан, - деген жолдар ақынның бар өмірінің түйіні, қорытпасы боп тұрған жоқ па? Ал қазіргі «драма»-ны автор «ұстасу» дейді. Оның әуезеге де, толғауға да ортақ, аралық бір жанр екенін түсіндіріп өтеді.

А.Байтұрсынұлының бұл еңбегі – төл әдебиетіміздің қыры мен сырын паш ететін теориялық терең де жан-жақты зерттеу. Әдебиеттанушы А.Ойсылбай: «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» - жай анықтамалық еңбек емес, қазақ әдебиеттану ғылымының басы» [2] деп баға берген екен. Өнер атаулыны бәрінен биік қойған ғалымның тынымсыз еңбегінің куәсі боламыз. Мұндағы мысалдар, «пән сөздер», талдауларда автордың әдебиеттану ғылымына қанат бітірсем, дамытсам, көрсетсем деген ізгі ниеті самсап жатыр. Қазақ әдебиетінен дәм татамын деген оқырман «Әдебиет танытқыш»-ты жастанып жатсын. Әдебиет сыншысы боламын деген жан «Әдебиет танытқыш»-пен дос болсын. Зерттеуші боламын деген адам «Әдебиет танытқыш»-тың әр парағындағы Ахмет Байтұрсынұлының енгізген жаңалығын, тыңғылықты талдауын сүзгіден өткізсін. Қазақ халқының сүйікті ұлдарының бірі Ахмет Байтұрсынұлының әр сөзі ХХІ ғасырдағы Қазақстан үшін маңызын жоғалтпақ емес. Жазықсыз азап кешіп, сталиндік режимнің құрбаны болған алып тұлғаның шығармаларын емін-еркін оқып, таныса алатынымыз, ақынның өмір жолы туралы кинотуындылар түсіріліп, педагогикалық, шығармашылық бағытта бәйгелер ұйымдастырылып жүргені көзге қуаныш, жүрекке медет екенін жасырмау қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003.
5. Ойсылбай А.Т. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері: Монография. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016.
6. Нұрғалиев Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. Астана: «Күлтегін» баспасы, 2002.
7. Смайылов Б. Смағұлов Ж. А.Байтұрсынов – ұлттық әдеби-теориялық ұғымдардың негізін қалаушы. Қарағанды университетінің хабаршысы. Қарағанды: 2009.
8. Пірәлиева Г. Қазақтың көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары. – Алматы: ҚызМемПи, 2007.
9. Қабдолов З. Ахаң һәм әдебиеттің әліпбиі // Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Білім, 1993.

ӘОЖ 82 (574)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Ергалиева С. Ж.

Батыс Қазақстан, Орал қаласы
№39 жалпы орта білім беретін мектеп
svetlana-ergalieva@mail.ru

Аңдатпа. Мақала мәтінінде Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет ғылымы саласындағы еңбегі туралы жазылған. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеудегі алғашқы, әрі үлкен еңбегі «Әдебиет танытқыш» болып табылады. Мәтінде Ахметтің еңбегін жан-жақты талдап жазуға ұмтылдым. Бұл еңбектің қазіргі уақытта да мәнін жоғалтпаған үлкен құнды ғылыми еңбек болып табылатындығы туралы жазылды.

Аннотация. В тексте статьи рассказывается о заслугах Ахмета Байтұрсынұлы в области литературной науки. Его первым и большим научным исследованием по истории казахской литературы является «Литературоведение» («Әдебиет танытқыш»). В тексте я постарался подробно

проанализировать труд Ахмета. Эта работа является большим ценным научным трудом, который не утратил своего значения и в настоящее время.

Annotation. The text of the article describes the merits of Akhmet Baitursynuly in the field of literary science. His first and largest scientific studies on the history of Kazakh literature is "Literaturovedenie". In the text I have tried to analyze in detail the work of Ahmet. This work is a great valuable scientific work, which has not lost its significance at the present time.

Ахмет Байтұрсынов – ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Ол 1873 жылы 18 қаңтарда қазіргі Қостанай облысының Торғай өңіріндегі Сартүбек деген жерде дүниеге келді. 1884 ж. Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірген. 1895 - 1909 ж. Ақтобе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі мектептер мен орыс-қазақ училищелерінде мұғалімдік қызмет атқарады. Байтұрсыновтың қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш еңбегі «Әдебиет танытқыш» (1926).

Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ ғылымдарының ішінен шыққан тұңғыш әдебиет теоретигі. Оның әдебиетші-ғалым теоретик ретіндегі алғаш тұлғасын айқындаған басты еңбегі - «Әдебиет танытқыш».

Байтұрсынов тілші ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілінің мәселелері туралы мақалалар жазды. XX ғасырдың басында өмір сүрген ұлт зиялыларының қоғам алдындағы жауапкершілігі, отансүйгіштігі мен биік мақсаттары – бүгінгі ұрпаққа үлкен өнеге. Әсіресе, Алаш зиялылары қазақ рухани әлеміне, мәдениетіне, ғылым-біліміне өшпестей мұра қалдырды. Солардың ішінде бүгінгі біздің баса назар аударып айтпағымыз, қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы бетінде бас әріппен мәңгі жазылатын ұлы ғалым, дарынды әдебиет теоретигі А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» болмақ.

XX ғасырдың басында жан-жақты өсіп келе жатқан қазақ қауымына А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» үлкен жаңалық болды. «Әдебиет танытқыш» қазіргі күннің өзінде де мәнін жоғалтпаған құнды ғылыми еңбек болып табылады. Ол сол кезеңдегі ақындардың өлеңді дұрыс, талапқа сай жазуға бағыт-бағдар беруші әдеби-теориялық оқу құралы болды деп айтуымызға толық негіз бар.

XX ғасырдың басында өмір сүрген А. Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» кітабының да өзіндік жазылу себебі болды деп ой түюімізге әбден болады. XX ғасырдың басы қазақ мәдениеті мен рухани әлемі үшін шын мәнінде «ояну дәуірі» болды. Әрине, ұлтымыздың «ояну дәуірінің» бастауында «Айқап», «Серке», «Қазақ» газеттерімен қатар, ұлтын «Маса» болып шаққан А. Байтұрсынұлы, күллі қазақ әлеміне «Оян, Қазақ!» деп жар салған М. Дулатұлы, «Қазақтар (Киргизи)» секілді танымы мол ғылыми-монографиялық еңбек жазған Ө. Бөкейхан секілді елін, жерін, ұлтын жан-тәнімен сүйген Алаш зиялылары тұрды.

Дәл осы кезеңде Абай мен Ахметке, Шәкәрім секілді ғұлама ақындарға еліктеген өлеңдері поэзияның биік талаптарына жауап бере алмайтын еліктегіш ақынсымақтар көбейіп кетті. Бұл – енді қалыптасып келе жатқан қазақ жазба әдебиеті үшін үлкен қатер еді. Еуропа мәдениетінен хабары бар, орыс әдебиеті мен тілін жақсы білетін А. Байтұрсынұлы сол келеңсіздіктерді өз көзімен көрді, өзге әдебиетпен салыстырды, көңіліне тоқыды да, шөлдеп тұрған қазақ жұртына, әдебиеттанудың негізгі құралы болып табылатын еңбек жазуға кірісті. Ол қазақ жерінде туып, қазақ жырымен сусындаған қазақ жазушыларынан ертеңгі күні еуропа әдебиетімен тең дәрежеде болатындай өнер туындыларын күтті. Сол үшін де А. Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті теориясының негізі болған әдебиет танытқыш еңбегін жазды.

Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан бұл «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қазақ әдебиетінің теориялық, методологиялық мәселелерін негіздеп берді. Әдебиеттану ғылымындағы басты ұғымдар мен терминдер жүйесін жасады.

Кез-келген әдебиет теоретигі өзінің теориялық еңбегін бастамас бұрын, Аристотельдің грек әдебиеті мен өнерінің классикалық дәуірінен қалған бірден-бір жүйелі байыпталған, философиялық-эстетикалық трактаты «Поэтиканы» бір оқып шығары анық. Көп теоретиктердің ойлары Аристотельдің «Поэтикасымен» пікірлес болатыны да сондықтан. Ал, XX ғасырдың басында қазақ даласында туып өскен А. Байтұрсынұлы «Поэтикамен» таныс болған-болмағаны белгісіз, бірақ та пікірі көп жағдайда дәлме-дәл келетіні анық. Сондықтан да біз, А. Байтұрсынұлы өзінің ғылыми еңбегі «Әдебиет танытқышын» жазу үшін Аристотельдің «Поэтикасын» өзіне бағдаршам ретінде қабылдады деп ойлаймыз. Ғылыми және теориялық тұрғыдан келгенде «Әдебиет танытқышты» Аристотельдің «Поэтикасымен» негіздес еңбек деп айтуымызға әбден болады. Сол себепті де болар, А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» өздеріне ғылыми тірек етіп, қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ ғалымдары түрлі еңбектер жазып шыққандығы белгілі. Соның бірі және бірегейі, кез-келген қазақ филологиясында білім алушы студенттердің жата-жастана оқитын З.Қабдоловтың «Сөз өнері» кітабы. «Сөз өнері» – «Әдебиет танытқыштың» негізінде жазылған, бірақ ғылыми тұрғыдан жан-жақты толықтырылған теориялық еңбек. Екі еңбектің де түп негізінде Аристотельдің «Поэтикасы» тұр. Сондықтан да, бұл екі еңбектің сырт көзге қатты ұқсас болып көрінуі – заңды құбылыс.

А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі терминологиясының негізін қалаған, термин жасаудың барлық параметрлерінің үлгісін көрсеткен. «Әдебиет танытқышы» тұнып тұрған жаңатермин сөздер.

Сонымен қатар, бұл еңбек А. Байтұрсынұлының қазақтың түсінігіне сай етіп, терминдерге қазақша атау бергендігімен ерекшеленеді. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі деген тоқтамға келеміз. Ия, XX ғасырдың бірінші ширегінде жазылған А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Бұл – ақиқат!

Ахмет Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет майданындағы есімі әр жас ұрпақ жүрегінде сақталып, оның мұрасы, тарихтағы орны ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері аса жоғары бағаланған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: «Атамұра», 2003. – [208бет].
2. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Ел шежіре», 2013, Т.ҮІ. – [384б].
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.ISBN 9965-26-0966

ӘОЖ 82 (574)

А.БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

А.Жұбаншыева

Қазақ тілі мен әдебиеті магистрі.
Құрманғазы атындағы саз колледжі.
e-mail:ainur_sultik@mail.ru

Балам деген жұрт болмаса – жұртым дейтін бала қайдан шықсын!

If there is no one called my child - how can a child called my people come from!

XX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешірді. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымның ағартушысы.

Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақыл-парасатын арқау еткен.

Ұлттық мүддені жеке бас мүддесінен жоғары қоя білген. А. Байтұрсынұлы Қазақстан мен Орта Азия халықтарының XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихында ерекше орыны бар аса ірі саяси қайраткер. «Елдің өзін ел сезінуін, өзгелермен тең сезінуін, өзінің ұлтын ер сезінуін, қайраттанып, намыстанып жігерленіп өмір сүруін» армандады. Сол жолда аянбай тер төгіп, өмірінің ақырына дейін күресе білді. Ұлы армандар жолында ел тағдыры үшін өз өмірлерін қиюдан да тайынбады. Ә.Кекілбаев «А.Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға», - деп атап көрсеткен.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде Әліппе кітабын жинақтаған да осы Ахмет. Қазақ балаларының көзі ашық, сауатты азамат болып шығуына септігін тигізген. Қазақ әдебиетінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы кітап жазумен қатар орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, көпшілікке ұсынған. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген.

А.Байтұрсынұлы көсем ақын ғана емес, сонымен қатар әдебиетші, фольклортанушы ғалым. Оның мұраларының қоғамдық ой-сананың өрлеуіне ғана емес, әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі ретінде де бағалау жұмыстың жаңашылдығы болып табылады. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшама, оңтайлы баламаларының басым көпшілігін тұңғыш рет «Әдебиет танытқышта» жасады. «Әдебиет танытқыш» деп атаудың өзінде үлкен мағына бар. Әдебиет – сөз өнері болса, оны халыққа түсіндіріп, оның көркемдік ерекшеліктерін, адамгершілік, кісімен, яғни, имани, рухани сипаттарын таныту әдебиетшілердің, зерттеушілердің қасиетті парызы екенін А. Байтұрсынұлы осы екі сөзбен ғана түсіндіріп кетті.

А.Байтұрсынұлы ұзақ-ұзақ цитаталап, өзгелерден бәтуа іздеп, басқаның пікіріне жағына салатын әдеттен аулақ болған. «Әдебиет танытқышта» бірде-бір пікір, тұжырымға сілтеме жоқ. Ғалым өзі қорытқан, өзі шындығына жеткен, ақиқат деп санаған ойларын ғана ортаға салады. Мысалдар келтіре

отырып, оқырманның көзін жеткізіп ұқтырып алған соң, пікір, тұжырым жасайды. «Әдебиет танымқышта» қойылған күрделі мәселенің бірі – қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің, ғылым мен әдебиеттің айырмасы. А.Байтұрсынов қазақта бұрын бола қоймаған терминдердің баламасын тауып, не өз жанынан жаңадан сөз жасай отырып, өте күрделі де ауқымды ғылыми, философиялық, эстетикалық көзқарастарды айтады.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда да Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттері ашылған.

Ахмет Байтұрсынов қазақтың халық педагогикасын жан –жақты зерттеп, қазақ этнопедагогикасының негізін қалады, ұлттық білімнің шамшырағы болды.

Қазақ этнопедагогикасының арқауы – ауыз әдебиеті мен халықтың салт-дәстүрлері. Ауыз әдебиеті мен халықтың салт –дәстүрлері – ұлттық тәрбиенің негізі. Міне, осы тұғырлы тұжырымды ірі ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын, аудармашы, қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін жасаған талантты көсемсөз иесі, туған халқының рухани дүниесін жандандырған ғұлама – Ахмет Байтұрсынов жан –жақты зерттеп, талдап, олардың ғылыми – теориялық негіздерін жасады.

Ахмет Байтұрсынов қазақ ауыз әдебиетінің ұлттық - тәрбиелік мәнін жоғары бағалады. Ол 1895 жылы «Торғай газетінің» («Тургайская газета») 24-қыркүйектегі №39 санында «Қазақтың болжамдары мен мақалдары» («Киргизские приметы и пословицы») деген мақала жариялап, онда шаруашылық жайына өнге – нұсқа ретінде айтылған халық сөздерін (36 болжам) және даналық мақалдарды келтіріп, халықтың данышпандық тұжырымдарын тәлім-тәрбие ісіне пайдалануға ұсынды.

1926 жылы Мәскеуде жарияланған Ахмет Байтұрсыновтың «Жоқтау» деген жинағында қазақ халқының 400 жылдық тарихында дүние салған ұлы адамдардың қайталанбас қасиетті бейнелерін көрсететін, олардың үлгі-өнегелерін баяндайтын жоқтау жырларын ілтифатпен іріктеген ұрпақ тәрбиесіне таптырмайтын тарту ұсынды. Одан бұрын Ахмет Байтұрсынов 1923 жылы Мәскеуде «Ер Сайын» атты қазақтың батырлық жырларын бастырып шығарып, кітаптың алғы сөзінде, түсініктемелерінде батырлық жырлардың тәрбиелік мәнінің зор екенін дәйектеп, дәлелдеді. Батырлар жырының азайып бара жатқанын автор қазақ арасында сауықтың кемігенімен сабақтастырып, олардың бірте-бірте өлең түрінен айырылып, ертекке айналатынын, рухы, көркі жоғалып, құр сүлдесі қалатынын ескертіп, сондықтан жырышылар жоғалмай тұрғанда батырлар жырын жазып алуды ел ішіндегі азаматтардың халық алдындағы борышы деп көрсетеді. “Қарақышпақ Қобыланды батыр”, “Нәрікұлы Шора”, “Аламыс батыр”, “Ер Тарғын”, “Ер Сайын”, “Едіге”, “Қамбар” қазақ арасында көп айтылатын жырлар ретінде көрсетіледі. “Тарихи жыр” деп тарихта бар, мағлұм оқиғалар турасында өлеңмен шығарған сөздері айтылады” деп анықтама беріледі де, мысалға “Орақ-Мамай”, “Абылай”, “Кенесары-Наурызбай”, “Ерназар”, “Бекет” жырлары алынады. Айтыс өлеңдердің ерекшелігін екі палуанның күрескенімен, екі батырдың жекпе-жек ұрысқанымен салыстыра түсіндіреді, тақырып ретінде жұрттың, ұлттың, рудың, елдің кемшілік-олқылығы, осал-оңтай жерлері алынатындығы, жазу жайылған сайын айтыстың азаятыны аңғартылады. “Кеншімбай мен Ақсұлу”, “Жанақ пен бала”, “Есентай мен Балық”, “Жарылқасын мен Айқын” айтыстарының жалпы сипаты көрсетіледі.

Ағартушы-педагогтың «Маса» атты өлеңдер жинағынан қазақ қоғамындағы әлеуметтік, қоғамдық ойлар, оның азаматтық және халықтық идеялары айқын көрініс береді. Мұндағы «Қазақ калпы», «Қазақ салты», «Жұртыма», «Туысыма», «Оқуға шақыру», «Жұбату», «Анама хат», «Тілек батам», «Тарту», «Жиған-терген» атты өлеңдерінде туған халқын сүю, оны өнер-білімге шақыру, халықтық салт-дәстүрлерді қастерлеу, анаға мейірімділік, бата- тілектің маңызы, қазақ халқының даналығы, оның тәрбиелік мәні туралы кеңінен сөз болады. Мысалы, «Қазақ салты» атты өлеңінде әрбір азамат туған халқын құлай сүйіп, оның бақыты мен болашағы жолында жұмыр басын құрбан етуге әзір болу керектігін айтса, «Оқуға шақыру» өлеңінде «Балалар, оқуға бар, жатпа қарап, Аллалап ал кітапты қолдарыңа» деп, жас ұрпақты оқу-білімге үндейді. Ал «Жиған-терген» өлеңінен қазақ халқының қасіретке толы тарихы мен тағдыры көз алдына елестейді. «Жұбату» өлеңінде көне халық жырауларының таңдаулы дәстүрінде сөзін тындаушыларына тікелей арнау арқылы ықылым замандардан бермен қарай сахара елінің сәні болған, әр қазақтың жүрегіне қымбат белгілердің бірте-бірте көз ұшынан ғайып болып, жоғалып бара жатқанын жырмен өрнектеп, ойын сауал түрінде жеткізеді.

Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөзін, шығармашылығын шөла отырып көп уақытын, күш-жігерін оқу-ағарту ісіне, ел мәдениетін көтеруге ұмтылған ағартушылыққа және әдебиеттану, тілтану саласын ұлттық ерекшелік тұрғысынан зерттеген ғалымдық қызметіне арнағанын байқаймыз. Ахмет Байтұрсынов өз қоғамындағы барлық маңызды мәселелерді сөз еткен. Көсемсөзінде бірқатар орын алатын оқу, білім, өнер тақырыбы. 1911 жылы жазған «Қазақ өкпесі» деген мақаласында: «Ата жолдасы — надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерде-ақ мандайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз,

жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі де надандықтың кесепаты», — деп күйіне жазған Ақаң халқын оқу-білімге, мәдениетке тартуға көп еңбек етті. «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі басқаларға үйретпекші нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткеніне тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек», — деп оқытушы, мұғалімдерге талаптар қояды да, ары қарай осы талаптарды орындағанда қазақ оқытушыларының да, оқушыларының да ұтатын тұстарын көрсетеді: «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойын бұрып, қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі — бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс».

Ахмет Байтұрсынов өзінің көсемсөздерінде оқу-ағарту мәселесіне көп көңіл бөлді. «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді: тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жылы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық ақы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғалимин жоқ», — деп қазақ мектептерінің заман талабынан тысқары қалып отырған жай-күйін күйзеле жазады.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынов қалдырған рухани және ғылым-білім саласындағы орасан зор мол мұра ел тарихында алатын орнымен ғана емес, бүгінгі таңда да мән-мағынасын жоймаған көкейкестілігімен де ерекшеленеді. Ол отаршылдық пен езгіге қарсы шыға отырып, қазақ көсемсөзінде тұңғыш рет отаншылдық, патриоттық ой-пікірлерді таратушы болды. Ахмет идеясы елді оятты. Алдымен ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды. Дәуірдің негізгі оқиғаларына өзі куә болып, ой елегінен өткізген елі мен жерінің тағдыры қатты толғантқан жас дарындар отаршылдық идеяға қарсы болып, қазақтың еркін өмір сүруін қалады. Ахаң армандаған азаттық рухтың биіктігі, гуманизм, демократтық көзқарас отансүйшілік, туысқандық идеясын ту етті.

Мұхтар Әуезов «Ақаңның елу жылдық тойы /юбилей/» деген мақаласында «сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер қауіптің пішінін айқын қылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей болушы еді. Буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын «жол мұңдалап», жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын» деген сөздері «Қазақ» газетінің, оның редакторы Ахмет Байтұрсыновтың болашақ қазақ оқығандарының адастырмас ақ жолға жөн көрсетушісі, бағыт сілтеушісі болғанын байқаймыз.

А.Байтұрсынұлы – ұлттық рухымыздың ұлы тіні. Ұлттық рух дегеніміз – ұлттық намыс, қазақ екенін сезіну. Соны бастап берген, сары маса болып ызындап, бүкіл халықты «қазақпын» деп көтерілуге шақырған – Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы, ұлттық ғылымының арқауы. Өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспендікпен толассыз еңбекпен шындаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғиығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 464 б.
2. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Байтұрсынов А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 464 б.
3. Әуезов М. Ақаңның елу жылдық тойы // Байтұрсынов А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 17-б.
4. Дулатов М. Тіл-құрал. — Алматы: Жазушы, 1991. — 267-б.
5. Сыздықова. Р. Ахмет Байтұрсынов. Алматы, 1990.
6. <https://zhalagash-zharshysy.kz/kogam/12674-baytrsynov-big.html>
7. http://www.rusnauka.com/41_DWS_2016/Philologia/7_218509.doc.htm
8. 1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары. - Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013. - 382 б.

ҒТАМР 17.07.41

ӘОЖ 82-1 (574)

ТЕМІРХАН МЕДЕТБЕК ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК ИДЕЯ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ әдебиеті соның ішінде қазақ поэзиясының дамуы сөз болады. Темірхан Медетбек шығармашылығы, ондағы түркілік рух, түркілік идея, сарын мәселелері кеңінен ашылады. Ақын шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың жырлануы, ұлттық сана, ұлттық тарих биігінің қадір-қасиетін көрсететін «Көк түріктер сарыны» кітабындағы шығармалардан мысал келтіріліп, талданады.

Кілт сөздер: қазіргі қазақ әдебиеті, жаңа заман поэзиясы, әдеби байланыс, тарих, көк түріктер.

Аннотация. В статье речь пойдет о развитии современной казахской литературы, в том числе казахской поэзии. Широко раскрываются вопросы тюркского духа, тюркской идеи, мотивы в творчестве Темирхана Медетбека. В произведениях поэта приводятся примеры и анализируются произведения из книги «Көк түріктер сарыны», отражающие достоинства национальных ценностей, национальной самосознания, национальной истории.

Ключевые слова: современная казахская литература, поэзия нового времени, литературные связи, история.

Annotation. The article will focus on the development of modern Kazakh literature, including Kazakh poetry. The issues of the Turkic spirit, the Turkic idea, motives in the work of Temirkhan Medetbek are widely revealed. In the works of the poet, examples are given and works from the book "Kok Turkiler Saryny" are analyzed, reflecting the virtues of national values, national identity, national history.

Keywords: modern Kazakh literature, poetry of modern times, literary connections, history.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясының дамуына ерекше үлес қосып келе жатқан ақындардың бірі – Темірхан Медетбек. Темірхан Медетбек адамзаттық мәселелерді ұлттық топырақта туған ұлттық характерлер арқылы айтып, жырлаған іргелі суреткер-ақын. Оның «Көк түріктер сарыны» кітабы халықтың ыстық ықыласына бөленді деп айту қиын. Әйтсе де, қазіргі таңда көптің көңілінен шығып жүргені, басындағы түсініспеушілік, қарсы пікірлердің өзгеріп, оң бағытта келе жатқаны да жасырын емес. «Өнердің қай саласында болмасын, ықылым заманнан бері дәстүрлі үлгіні бұзып, жаңашылдыққа ұмтылу, бетбұрыс жасау реформаторға өз кезінде абырой әкеле бермеген. Шын жаңалықтың оңай қабылданбайтыны» рас. [1. 78]

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Қазақстан- күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы» дей отырып, «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны ұсынды [2]. Осы жоба негізінде Темірхан Медетбек «Көк түріктер сарыны» кітабын талдауды жөн көрдім.

Бұл мақалада мен тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазіргі қазақ әдебиетіндегі түркілік рух, түркілік идея, сарын мәселелерін Темірхан Медетбек шығармашылығынан қарастыруға тырыстым.

Мақаланың зерттеу материалына Темірхан Медетбек «Көк түріктер сарыны» кітабы өзек болды. Мақалада бұл шығарманы тарихи көзқарас тұрғысынан талдау, салыстырмалы, образдық талдау, т.б. әдістері қолданылды.

«Көк түріктер сарыны» кітабы авторды түркілік идея мен сарын арқылы биікке көтерген шығармасы десек артық айтқандық емес. Әуел бастан осы түркілік рухқа жаны жақын ақын енді осы бағытқа толығымен бет бұрғанын баяндайды. Оған дәлел ретінде автордың : «Мен өзім мазмұн болмаса, формаға аса құмар емеспін. Өлең кеудеңнен шықты ма, оның қандай формамен қағазға түсуі — екінші нәрсе. Бірақ, мен форманың адамға осынша күш беретінін көк түріктер сарынынан аңғардым. Не деген ірілік?! Не деген кеңдік?! Форма деген Күлтегін мен Тоныкөктің өз ішінде тұр», - деп көрсетеді [3.146].

«Көк түріктер сарыны» біз үшін ұлттық поэзиямызда бұрын-соңды болмаған тың тақырып, поэтикалық әдіс.

Ақынның «Көк түріктер сарыны» кітабына қысқаша шолу жасап көрелік. Кітап алдымен «Көк түріктер сарынына» айтылған сын-пікірлер және 3 бөлімнен тұрады. Сөз басын «Қуат жыры» өлеңінен бастайды.

Еңкейгенге еңкейдім
Шалқайғанға шалқайдым.
Асқанның орманын
Отындай өртедім.
Тасқанның көлдерін
Астаудай төңкердім
Қысқанда
Қу ағаштан бу шығардым.
Сыққанда
Қара тастан су шығардым.
Атанды асықпай аттым.

Қарсы келгенді
Қазықтай қақты
Алшайып жүрдім.
Талтайып тұрдым [4. 6 б].

Темірхан ақынның түркі әлемін аспандатқан туындысын Ә.Кекілбайұлы: «Көк түріктер сарыны»-елдік мұрат пен ерлік намыс жыры. Шын азаматтың шырқыраған жан дауысы. Дегдар ақыл-ой мен елдар сана -сезімді енжар қалдыра алмайтын әділ де әсерлі шығарма...» — десе, Э. Төреханов: «Табиғат дарынға сараң. Содан болар өлең көп-ақ, ақын аз. Сілкісең, ішінен топан сөз сау ете қалатын өлең жинақтары қаншама. Темірханның кітаптарына тозаң қонбайды, іші құйма ой. Қайсысын алсаң да бес батпан», — деп, тіл орамы, ой толғамы, ділі мен діні жағынан тегіне тартып туған Темірхан поэзиясының өміршеңдігін ерекше атап көрсетеді [3. 3 б].

Екінші бөлімде «Күлтегін» атты өлеңінде :

Сол кезде
Көк Түркілердің кеуделері
Көріктей ісінген,
Жаяулыны – құмалақтай!-
Найзасының ұшына іліп,
Аттылыны – қуалап жүріп! –
Бөріктей түсірген.
Бастыны
Бастары жерге тигенше
Идірген, -
Табанын жалатып
Арттарын сүйдірген.
Тізеліні –
Тізелерін дірілдетіп
Түйедей бақыртып
Шөггерген.
Қалғандары
Оқ тиген мақұлықтай қашып,
Тау менен тастардан асып
Алды-артына қарамай

Жөнелген [4. 346 б] – деп жазған. Бұл жырдың мотивінде сол кездегі көк түркінің сарбаздары қандай жаужүрек, батыл болғанын, олардың өз елі, жері, ұлтына деген махаббатының деңгейіне көз жеткізіп, таңдай қақтыра жырлағанын байқауға болады. Бұл өлеңнің жазылу себебі, менің ойымша, сол заман ерлерін ансау секілді. Себебі, қазіргі таңда біздің еркектер қауымы майдаланып кеткені жасырын емес.

Көк бөрі — түркі мифологиясындағы киелі ұғымдардың бірі. Автор шығармашылығында да «Көк бөрінің» алатын орны ерекше.

Қара жыныс бөктері
жота, қырға шығып бір —
ай астында Көк бөрі
айға қарап ұлып тұр.
Жан — жүректі кетеді үн!
Қалың ойға батасың ...
Тереңіне кешенің
Сіңіп бара жатасың [5. 132б].

«Аталған кітаптың әр шумағы қатігез уақыттың қатал шындығын қаз-қалпында жеткізуге тырысқан. Ақын жырлары бірде Махамбеттің, бірде Шалкиіз бен Доспамбеттің толғауларын, отты сөздерін елестетіп, ықтыра сөйлесе, енді бірде Орхон мен Енисей бойындағы қада тастардағы жазулардай намысыңды қарып, қазымырланып сөйлейді. Ақын халық көңіліне шемен боп қатқан шер мен ашу-ызаны өз жан сезімі, ақыл-парасат, ой-арманымен тұтастыра жырлайды» [б. 42-43 б.б.] Автордың өзі айтқандай: «Халықтың көз жасы сіңген сөздер еш уақытта да боркемік, ез болмайды. Өйткені, қандай да бір халық боркемік, ез емес! Халықтың қасіретті көз жасына иленген сөзде қаны қайнаған ыза мен намыс жаныған кек қана болмайды» [7. 82 б]. Ақын жырларын бар эмоциямен беріліп оқымау мүмкін емес.

М. Мағауин: «Т.Медетбектің ежелгі ата-баба рухын қайта көтерген, бүгіннен озып, ертеңге бағытталған, терең де сырлы толғаулардан тұратын, әуені де, лепесі де соны серпінге толы «Көк түріктер сарыны» соңғы жыл санақтан келгенде, кесімі бір-ақ мүшел уақыт үшін аз олжа емес», — дейді [8. 9 б]. Әділ де әсерлі ой. Шындығында да Т.Медетбек — ата-баба дәстүрін көк түріктер сарынында жырлап жүрген бірден-бір ақын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайыңбаев М. Уақытпен үндескен// Қазақ әдебиеті, 2 желтоқсан, 1994 .
2. Назарбаев Ә.Н. Ұлы даланың жеті қыры // «Егемен Қазақстан» газеті. – 2018. – 21 қараша. – 1-26.
3. Қазыбекұлы Н.Тегіне тартқан терең ақын.// Жалын. №3, 2005
4. Медетбек Т. Көк түріктер сарыны. Алматы: Өлке, 2002
5. Медетбек Т. Тағдырлы жылдар жырлары. Алматы: Атамұра, 1999
6. Алиева Ж. Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары. Алматы, 2016. Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы.
7. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым, 1991.
8. Қазақ әдебиеті. №37, 2005 жыл.

ҒТАМР 17.82.30

ӘОЖ 82-3(574)

ТЫНЫШТЫҚБЕК ӘБДІКӘКІМОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ МЕТАФИЗИКАЛЫҚ КОНЦЕПТІСІ

Қуанышев А.А.

М.Өтемісов атындағы БҚУ 2-курс магистранты

Ақбулатов А.А.

М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті, философия докторы (PhD),
aidarbek_akbulat@mail.ru, 87752363682

Аңдатпа. Мақалада тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ прозасындағы қаламгерлердің шығармашылығы, оның ішінде Т.Әбдікәкімовтың поэзиясы сөз болады. Оның шығармашылық ізденісі, өзіндік стильдік-даралық талданады.

Түйін сөздер: философия, постмодернизм, модернизм, қазақ әдебиеті.

Аннотация. В статье будет рассказано о творчестве писателей в казахской прозе после лет независимости, в том числе поэзия Т.Абдикакимова. Его творческие поиски, оригинальность стиля и авторская индивидуальность воплощаются

Ключевые слова: философия, постмодернизм, модернизм, казахская литература.

Annotation. The article will tell about the work of writers in Kazakh prose after the years of independence, including the poetry of T.Abdikakimov. His creative quest, originality of style and author's individuality are embodied

Key words: philosophy, postmodernism, modernism, Kazakh literature.

Мақаламыздың тақырыбына негіз болған постмодернизм туралы әдебиеттану, философия, психология сынды бірнеше ғылым салалары бойынша жазылып, зерттеліп келеді. Бізге қажетті ұғым осы мәселенің әдебиеттану бағытындағы негізгі түсініктерін анықтап алу.

Философиялық термин ретінде қалыптасқан «постмодерн» ұғымының шыққан тегі мен мәнін анықтауға, талдап саралауға бағытталған сан түрлі ғылыми еңбектердің көптігінің өзі, оның әлемдік мәдениеттің басты бағыттарының бірі болып отырғандығының айғағы. Әдебиеттегі постмодернизм ХХ ғасырдың екінші жартысында белең ала бастап, сол ғасырдың 80-жылдары бағыт ретінде мойындалған. Демек постмодернизмнің бағыт ретінде қалыптасу процесі ұзақ уақытқа созылды. Сосын нәтижесінде постмодернистік теория тұрғысынан гөрі постмодернистік шығармалардың бастау көздерін ертеректегі шығармалардан көре аламыз. Қазіргі таңдағы қазақ әдебиеттануындағы жарыққа шыққан постмодернистік өлеңдерді ден қойып оқи бастағаннан-ақ, адамның ішкі жан-дүниесін тануға деген және талдауға деген ұмтылыстың белеңдігіне назар аударасың. Еліміздің тәуелсіздік алуы, тәуелсіздіктен кейінгі қоғамның дамуының тың өзгерістерге ұшырауымен қатар оның адамдар тағдырыны әсері әдебиетте көрініп қана қоймай, басты тақырыпқа айналды. Адам мен адам болмысының табиғатын түсіну, рухани дүние мен жан-дүниесіндегі қатпарлы қалтарыстардың сыр-күпиясын ашуға деген талпыныс ұстанымдары туды.[1, 16]

Әдебиеттегі постмодернизм Еуропа мен Америкада қалыптасқан канондық модернизмнен кейін пайда болып, посткеңестік кезеңдегі елдерге модернизмге қайта оралу барысында қалыптасты. Осы себептен бұрынғы кеңестік республикадағы модернизм мен постмодернизмнің мәні Еуропалық бағыттарға қарағанда өзгеше екендігі анық. Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм мен батыстық постмодернизмді бір дүние деп қабылдау мүмкін емес. Екі жақтағы постмодернизмнің туу мен қалыптасуы басқа, бір-бірінен айырмашылықтары бар.

Қазақ әдебиетіне постмодернизм модернизмнен кейін емес, социалистік реализмнен кейін келгенін ескерсек, (өйткені қазақ әдебиетіндегі модернизм басталмай жатып тамырына балта шабылса, екіншіден, оған қайта оралуға деген талпыныстың өзі социалистік реализм шекпенінің астында жүзеге

асты) «модернизмнен кейінгі» деген мағынаны білдіретін терминнің әдеби бағыт ретінде атауы құман тудырады, дегенмен қазіргі кезде «постмодернизм» термині жалпыға ортақ терминге айналды.

Тәуелсіздік жылдар поэзиясындағы поэтикалық жанрлардың құрылымын өзгертудің қарқыны әдебиеттің тұлғалы қағидасын бұзуға деген айқын негізгі бағытын ашады. Сонеттің, элегия, стансылардың жанрлық құрылымының өзгеруі; рондо, секстиналар, тролет, газыл, рубаяттар, хокку сияқты жанр түрлерінің кейінірек ысырылуы, нақты жанрдың тұлғалаушы сыңарының өзінен ауқымдырақ арқаулық бірлігіне тәуелді болуы (мысалы, хокку, сонеттер, элегиялар арқауында) – қазіргі замандық жанрлық үрдістің осы және басқа нышандарының барлығы, формалды -поэтикалық сыңар да, лексикалық сыңар да өз деңгейіндегі қазіргі заман мәдениетінің ғұрыптылығына қарсы болу мақсатын бейтараптандырып, жанрдың болмыстық өзегін мүлдем сакралдық дерлік өлшемге итермелейтінін білдіреді.[2, 21]

Дегенмен, тәуелсіздік жылдар поэзиясы формалы-поэтикалық түсінікті мүлдем назарынан тыс қалдырады деуге де болмайды. Аталған сыңар бұрынғыша, өзінің жанр танушылық моделдеуші қызметін атқарады. Қатаң бекітілген тұлғасы бар сонет жанрында, рондо, секстиналар, тролет, газыл, хоккудың жанр тұлғаларында сыртқы құрылымдық бір немесе бірнеше көрсеткіштері бұзылады, бұл жерде дәл сол жанрдың басқа сыңары белсенді қалпына келтіруге тап болады, осылайша, мысалы, жаңа мыңжылдықтың сонетінде тармақтық қағида сақталғанымен, ұйқастық композиция және ырғақтық ұйымдастыру бұзылады:

Қара Аспанның Өң мен Түсі түйіскен

Шұғыласында

Періштелер сүйіскен.

Тірілікті жарататын (тыныстан!)

Сана - сондай!...

Жапырағы – алтын, күміс Тал

Со жерде екен баяғыдан!...

Бүгін де

Түндей терең Тұма-Көз бар түбінде.

Әлгі Талдың

Еркек әрі ұрғашы

Тұма-Көзде

Дірілдеген сұлбасы

Ақыл аңқып, көңіл аңқып тұр гүлдеп!....

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясында тұлғаланған – қағидаланған жанрлық ой-санадан бас тарту, басқа жанрлық әлем бейнесін және заманның эстетикалық сұраныстарын қанағаттандыруға қабілетті тұлғаларды, әртүрлі көлемді арқау түзілулерді іздестіруге ұласты. Тыныштықбектің вексаметрінің жеке-дара авторлық жанры, танымал әлем бейнелерін араластыруымен түзіледі.

Қазіргі замандық жанрлық түзілістерді талдаудың арқасында, әлемнің жанрлық моделін қалпына келтіру үрдісінің барысында жанрдың барлық сыңарлары әртүрлі ауқымдағы өзгерістерге ұшырап жататыны белгілі болды. Әрбір жанрдың әлем көрінісі жанрдың кеңістіктік-уақыттық әлем түзуші сыңары арқылы берілетіндіктен, олардың ішіндегі өзгерістерге ең тұрақтысы кеңістіктік-уақыттық категория болып табылады.

Тақырып атауы жанрға нұсқау беретіндіктен, шығарма мәні одан да арта түседі. Оның әдеттегі ақпараттық-жинақылық қызметтерден басқа, ақынның ғұрыптарға деген танымын анықтайтын міндет атқарып, мәтіннің «өзінше еркі» мен жанрдың жинақталған өзегінің арасын жалғайды.

Егер дәуір ауқымындағы сана өзгерісі орын алған болса, шығарманың субъектілік және номинативтік құрылымдарына тұтастай баға беріледі. Көркемдік айшықтарды тану үшін- бұрындыры танымал емес лексикалық, орфографиялық, грамматикалық, синтаксистік, стилистикалық талдаулардың нәтижесінде лексикалық-тілдік жанрды ажыратушы сыңар өзгеріске ұшырайды. Ал көркемдік тұтастық осындай тілдік сипаттарымен бірге қарастырылуы керек. Т.Әбдікәкімов поэзиясынан мұндай ұғымдардың кез-келгенін ұшыратуға болады. Ақын поэзиясындағы абстрактылы ұғымдар шебер, әдемі де, әсерлі қолданысқа жиі түсіп отырады. Әсіресе ақынның абстрактылы ұғымдарды бейнелеудегі әдіс-тәсілдері оның өзіндік стилін анықтайды. Өйткені, ол өз шығармаларында абстракциялы ұғымдарды заттандырады. Әсіресе кейіптеуге көп көңіл бөледі. Мысалы: «енді ғана бүлк-бүлк ете бастаған Мәңгіліктің құрсағы». «Дәлел үшін - Өтірік пен Шын жұлып жесін бір-бірін», «Тырнағынан құтылып көр Тұрмыстың», «Біздің ҒҰМЫР бар болғаны - АРМАНДАУДЫ ҮЙРЕНУ», «бәз-баяғы ӨЗГЕРІССІЗ ҚҰ ТІРЛІКТЕН өлердей жалықтық-ау!», «АҚЫЛ-ЕСІҢ – ЖҰМАҚ-БАҒЫҢ, мәуелі!...», «Жарық бола білу – ер бағы», «Жарық дүние төбесінде – КҮН – ЫРА, ғаламзат төбесінде – ТАҢ ЫРА» т.б. Бұлар - ақынның бір кітабының қатарынан бір бетінен алынған үзінділер. Соның өзі-ақ айтылмыш тәсілді өте көп қолданатынын дәлелдейді және оны ақын түрлендіріп сан алуан әдістер қолданады. Мәселен, белгілі бір құбылыс немесе нәрсеге тән әлде бір қасиетті соған мүлде кереғар қасиет пен яғни әрекет пен айтылмыш құбылысқа, нәрсеге басқа бір әдеттен тыс жанама қасиетті дарыту, мүмкінсіз әрекетті жасайды,

қалыптастырады және оларды ымыраластырып белгілі бір мәселеге келтіріп бейнелеудің әсерін терең қолданады. [3,11]

Бұл шындығында шығарманың тұтастай поэтикалық болмысын саралауға, поэтикалық шығарманың «мағынасы» прозалық мазмұндамада ашылмай, поэтикалық құрылым жиынтығында көрініс табатынын ол құрылым поэтикалық қағидалардан тұратынын айғақтайды.

Шет ел ғалымдарының бірінің пікірінше, поэтикалық қағида екеу болып табылады, олар – көлем мен метафора. Одан әрі, «көлем мен метафора – «қос түсінік» және біздің поэзияға беретін анықтамамыз осы екі құбылысты бірге енгізіп, олардың өзара байланысын түсіндіретіндей, жеткілікті түрде ортақ болуы тиіс» дейді. Аталған талаптарға сай болып табылатын мұндай поэзия теориясын, бір кездері өзінің «Әдеби биографиясында» Кольридж дамытқан еді.

Метафора табиғатын зерттеу, оның көркемдік-бейнелілік болмысына назар аудару көптеген ғылыми еңбектердің нысанына айналды. Олардың көпшілігінде метафораның көркемдік ойлаудың элементі ретіндегі орны сөз болады. Сондай-ақ пайда болу негіздері, білдіретін мәні туралы философиялық пікір-тұжырымдарға да жол берілген.

Метафора – бір заттың немесе құбылыстың екінші затпен немесе құбылыспен ауыстырыла суреттелуі екені белгілі. Көркемдік ойлау жүйесінің заңдылықтарына сәйкес ойды бейнелеп, тұспалдап, астарлап жеткізу тәсілдеріне сүйенгенде метафора жетекші орынға ие десе де болады.

Метафора табиғатын зерттеу, оның көркемдік-бейнелілік болмысына назар аудару көптеген ғылыми еңбектердің нысанына айналды. Олардың көпшілігінде метафораның көркемдік ойлаудың элементі ретіндегі орны сөз болады. Сондай-ақ пайда болу негіздері, білдіретін мәні туралы философиялық пікір-тұжырымдар баршылық.

Дональд Дэвидсонның «Метафора – мұң, тілдің түс көруі, түс жору түс көруші мен түс жорушының бірлесіп жұмыс істеуін қажет етеді. Дәл осы сияқты метафораның түсініктемесі де өзіне шығарушы мен түсіндірушінің белгілерін жинақтайды», – деген пікірі әрі тосын, әрі түсінікті. Метафора ұғымында шығармашылық күш нәтижесі бар, ол ережелерге оншалықты бағынышты емес.

Сана ағымы жүйесіндегі ырықсыздық күй, абсурд, түс көру тәсілі, ойдың шатасуы галлюцинациялық сәттерге көп мән бергізеді. Постмодернистік ағымның эстетика заңдылықтарына қазіргі қазақ прозасындағы мейлінше жақын дүниелер Дидар Амантайдың «Тоты құс түсті көбелек» және «Шайтан мен шайыр» романдары десе болғандай. Осындай пікір айтып жүрген ғалымның бірі, жоғарыда нақтылап айтылған зерттеуші Б.Майтанов. Негізі стилдік сынаққа көп баратын және батыл әрі оны жүйелі түрде өзіндік машық ретінде қолданатын Д.Амантай шығармашылығы жөнінде мерзімді баспасөз беттерінде әр түрлі деңгейде айтылып жүрген пікірлер баршылық. Кезінде көрнекті сыншы, әдебиеттанушы Зейнолла Серікқалиевтің батасын алып, танылған жазушының әрбір шығармасы қызу пікірталас, тіпті бір-біріне қайшы пікірлерді көп тудырып отыратыны да шындық. Сыншы мәденнеттанушы Әлия Бөпежанова, Б.Майтанов, З.Серікқалиев, Т.Әсемқұлов т.б. сынды бір топ әдебиет білгірлері оның шығармашылығындағы тосын тілдік құбылыстар мен сөйлем құраудағы жұтаңдықты, композициясындағы іркілістер мен ізденістерді көптеген қаламгерлердің қабылдай алмайтыны жөнінде де ой бөлісті. [4, 67]

Тыныштықбек Әбдікәкімұлының поэзиясы жөніндегі ойларымызды қорытатын болсақ, бұл шынымен барлық қатынастарға ашық, барлық дүниеге пара пар, тең келетін поэзия. Және, ең ғажабы, онда түк пафос жоқ, қазақ жырларында жыраулар поэзиясының пафосы әлі сезіліп тұрады ғой. Ал Тыныштықбектікі күнбе күнгі тіршілікті басқа қырынан көрсете білетін ақындық. Қазіргі Батыс Еуропада метафизикаға негізделген кейбір дүниетаным сыртқары әлемнен бас тартып, күнбе күнгі өмірге тіреліп отыр ғой. Ал бірақ күнбе күнгі нәрсені мифке айналдыра алатын поэзия ол - Тыныштықбектің поэзиясы. Бірден домбыраны даңғыра қылады, оның шайтан тиегін табады, ата тегін тура Бәйтеректен таратады, сөйтіп кете береді. Соңғы кездегі қазақ поэзиясының үлкен табысы Тыныштықбектің поэзиясы деп ойлаймын. Өйткені ол - арифметикалық есепке көнбейтін, ауыз екі деңгейде айта салуға жарамайтын, әрқашанда тек түбегейлі терең зерттеуге тұратын поэзияның үлгісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Постмодернизм және мәдениет» Он томдық. Алматы, 2006 ж.
2. Майтанов Б. Тәуелсіздік – күрес мұраты: зерттеулер мен мақалалар (60 жылдық мерейтойына арналған). – Алматы: «Құс жолы», 2012. - 490 бет.
3. «Қазақ әдебиеті», №13, 10 сәуір, 2009 ж.
4. А.Исмақова. «Қазақ әдебиеті», 11 ақпан, 2010 ж.

**БАТА СӨЗ ЖАНРЫ: ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ, ТАБИҒАТЫ, ЖІКТЕЛІМІ,
ҰЛАҒАТТЫҚ-ТӘЛІМДІК СИПАТЫ**

А.С. Қыдыршаев,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

Р.К.Каримуллина,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

Е.Н.Қуандықов,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

Ш.М.Кондаева,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

М.М.Мәлікова,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

А.Ғ.Аманова,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

Түйіндеме. Мақалада қазақ фольклористикасындағы бата сөз жанрының табиғаты сипатталып, зерттелу деңгейі таразыланады. Қазақ бата сөздерінің түрлері екшеліп, ұлағаттық-тәлімдік мән-маңызы айқындалады.

Резюме. В статье описывается характер жанра благословенного слова в казахской фольклористике, взвешивается степень изученности. Анализируются виды казахских слов бата, определяется их наставническое значение.

Resume. The article describes the nature of the genre of the blessed word in Kazakh folklore, the degree of study is weighed. Types of ekshelenin bata in Kazakh words, ulagattyk-educational meaning is determined.

Тірек сөздер: Фольклористика, бата сөздер жанры, ғұрып фольклоры, шешендік сөз, жарапазан, наурыз баталары, қазақ халқының салт-дәстүрлері.

Ключевые слова: Фольклористика, жанры благословенных слов, обрядовый фольклор, ораторское слово, благословения жарапазана, наурыз, обычай и традиции казахского народа.

Key words: Folklore studies, genres of blessed words, ritual folklore, oratorical word, blessings of zharapazan, Nauryz, customs and traditions of the Kazakh people.

Фольклор – даусыз сарқылмас тілдік қазына. Фольклор – әлемдегі күллі халықтардың ұлттық мәдениетінің қайнар бұлағы, тарихи жадының, дәстүрлі дүниетанымының алтын қоры, рухани жан дүниесінің айнасы. Елдің ежелгі дүние танымын саралауда, өмір салты мен рухани әлемін бағамдауда одан өткен кенен қазына, құнды да құнарлы дерек көзі сирек. Фольклорлық қазына – халықтың болмысын, этникалық тек-тамырын танытатын, ұлттық келбетін айқындайтын, келешекке бағдар түзуде ұстанатын темір қазығы.

Бүгінде отбасылық өмір адамзат дамуының ұйытқысына, қоғамдық дамудың мәңгілік мәйегіне айналғаны анық. Бір ғажабы, бұл арнадағы фольклорлық шығармаларды фольклордың басқа жанрларынан ерекшелетін ең басты сипаты – оның отбасылық тіршілікпен тікелей байланыстылығы, яғни, адамның дүниеге келуінен бастап, ер жетіп, қоғамның белді мүшесіне айналуы, ақыр-соңы өмірмен қоштасар сәттегі соңғы сапарына дейінгі аралықтағы әдет-ғұрыппен әдіптеп, өлеңмен өрнектеліп, әнмен әрленіп, өмір мен өнерді астастыра тірлік сәніне айналдыруында. Әйтсе де, ежелден-ақ хатқа түсіп, ғалымдар назарына іліккен осы бір арналы жанрлық сала тұтас жүйе тұрғысында топталып, арнайы зерттеу нысанына айналмауы ойлантанды.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі нұсқаларынан бастау алатын қазақ отбасы фольклорының тарихының тамыры тым тереңде. Бұл тұста отбасылық әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер жөніндегі этнографиялық деректер өз алдына бір төбе. Көне деректердің тереңіне бойлаған сайын этнографиялық деректер мен фольклорлық үлгілердің арасына шек қоюдың өзі қиындап, бір-бірінен ажырамастай тұтас құбылысқа айнала беретінін байқаймыз. Отбасы фольклоры тәрізді халықтың тұрмыс-салтына берік байланған жанрлық түрлерге үңілсек, ғұрып фольклорының жанрлық түрлерінің қай-қайсысы да халықтың тұрмыс-салтымен біте қайнасқан құрылым. Фольклорлық шығармалар тұрмыстық ғұрыпты қолдап, демеп отыратын қосалқы дүние ғана емес, сол тұрмыстық ғұрыптың қалыптасу кезеңдерінде бірге өріліп, оның ішкі ділін сөз өрнегіне сіңірген тұтас әлем. Демек, фольклорлық шығармаларды тек сөз өнері ретінде ғана емес, этнография ғылымының шегінде қарастыру әлемдік тәжірибелік үрдіс.

Егер отбасы фольклоры ұғымын кең мағынасында алсақ, оған отбасында атқарылған ғұрыптарға байланысты сөзбен өрнектелген поэзиялық, прозалық (*арбау, ұшықтау, аластау, байлау, бата, алғыс, қарғыс т.б.*), драмалық (*ойын-сауықтық*) шығармалардың барлығын енгізуге болар. Отбасылық ғұрыпқа байланысты айтылатын өлең-жырлардың поэтикалық құрылымы күрделі. Ол бір жағынан отбасында атқарылатын түрлі дүниетанымға сай тәжірибелік міндет атқаратын ғұрыптық рәсімдермен бірге

дәстүрлі наным-сенімге байланысты жанрларға жақындаса, екінші жағынан адамның күнделікті тұрмыс-күйін өрнектеп, ішкі сезім-сырларын шертетіндіктен лирикалық туындыларға тоғысады. Бұл жағынан оны «ғұрыптық лирика» тұрғысында айдарлап, халық лирикасының санатына қосуға да болар. Демек, *отбасылық ғұрып фольклоры* – ішкі иірімдері мол, ғұрыптық та, лирикалық та астары терең, қалтарысы қалың жанр. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры осы уақытқа дейін арнайы зерттеу нысаны болмағанмен, жалпы қазақ халық өлеңдеріне қатысты зерттеулердің арнасында шолу түрінде болса да, әр қырынан қарастырылууда.

Бір таңғаларлығы, ана тіліміздің небір шұрайлы сөз оралымдары, сөз саптаудың сан сырлы, сұлу әуезді үлгілері фольклор аталатын халықтың ауызша жеткен әдеби асыл мұрасында жинақталған. Фольклорға тек халықтың ауызша жеткен әдеби жинағы, сөз өнері тұрғысында қарау жеткіліксіз, фольклорда халықтың салт-санасы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі, діні, философиялық ойлары, ұлттық болмысы, дүниетанымы, қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастары мейлінше мол орын алған [1; 2; 3; 4; 5; 6; 7]. Сондықтан да халықтың бар болмысын, дүниетанымын, ой-зердесін танып білу де оның маңызы ұланғайыр. Түр жағынан да, жанрлық жағынан да бай қазақ фольклоры әр тұста тарихи-әдеби, тарихи-әдеби-этнографиялық, тарихи-этнографиялық зерттеулер нысаны ретінде түбіміз бен тегімізді тану тұрғысындағы зерттеулерде ғалымдардың назарын үнемі аударуда. Қазақ фольклорының жанрлық құрамы да аса күрделі әрі сан алуан. Оның ішінде ұлттық фольклорымыздың өмірлік қажеттілік пен атқаратын қызметі жағынан жеке сараланатын сом саласы – *ғұрып фольклоры*. Фольклортану ғылымында көркем фольклордан ара-жігі ажыратылған ғұрып фольклоры дүниежүзілік жалпы типологиялық заңдылықтарға негізделген ғылыми жүйе бойынша *отбасылық ғұрып фольклоры, маусымдық ғұрып фольклоры, наным-сенім ғұрпының фольклоры* тұрғысында саралана таразылануда. Соның ішінде ғұрып фольклоры - күрделі, көпжанрлы құбылыс. Қазақ фольклортану ғылымы кейінгі жылдары ғұрыптық фольклордың түрлі жанрларына арналған зерделі зерттеулермен (*Әбілқасымов Б. Телқоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклор. 1993; Болатов Г. Қазақтың отбасылық ғұрып өлеңдері. 1993; Абдулдина Б. Қазақ фольклорының шағын жанрлары. Поэтикасы мен жүйелену мәселелері. 1993; Исламжанұлы К. Рухани уыз. 1995*) толығы қуантады. Қазақ фольклортануында әлі де ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп-зерделеуден кенжелеп жатқан фольклорлық жанрлары аз емес. Мәселен, халықтық ауыз әдебиетіндегі *бата сөз жанры* бүгінгі таңға дейін жүйелі сөз етілмей, фольклористикада қысқа жанрлық анықтама берумен ғана шектеліп келгені белгілі. Бүгінгі таңда *бата сөз жанрын* сикырлы сөздің қуатты күшіне негізделген наным-сенімдерден пайда болған *ғұрыптық фольклор жанрларының сапындағы* тарихи-әдеби-этнографиялық зерттеу, сол арқылы халықтың наным-сенімдеріне, дүниетанымына, әдет-ғұрып, ырым-үлгілеріне дейінгі қалыптасу кезеңдерін, даму ерекшеліктерін саралау аса өзекті де. Демек, көне наным-сенімдерге қатысты қазақ фольклор туындыларын тарихи-этнографиялық тұрғыда зерделей зерттеу – бүгінгі қазақ қоғамында аса қажетті іргелі мәселе.

Қазіргі зерделеу еңбектерде көне наным-сенімдерге қатысты ғұрып фольклорын, көбінесе отбасы ғұрыптарымен қатысты *бата сөз жанры* шеңберінде қарастыру, қазақ фольклорындағы жалпы ғұрып фольклоры мәселелері белгілі бір шамада сөз етілуде. Зерттеу барысы *ғұрып фольклоры қатарындағы бата сөздердің* ішкі және сыртқы түр-түрпаты, жанрлық табиғаты, мұндағы дәстүрлі заңдылықтар мен өзіндік бағыт, бағдарды айқындау тұрғысында сипатталады. Десек те, бүгінгі таңда ауыз әдебиетіндегі бата сөз жанрын жүйелі зерттеу негізінде қазақ ғұрып фольклорының табиғатын тани түсу, оның көркем фольклордан ара-жігін айқындау, *бата сөздерді* ғұрыптық фольклор тобында, оның ішінде наным-сенімге қатысты ғұрып фольклоры тұрғысында қарастыру, шығу төркінін, қалыптасуын, тұлғалық тұсынан дамуын, өмір қажеттілігінен пайда болуын және ұлағаттық тәлімдік мәнін айқындау қажеттілігі туындауда. Осы мақсат үдесінде ғұрып фольклорының сипаты айқындалып, бата сөз жанрының наным-сенімге қатысты ғұрып фольклорына жататыны және салтпен байланысты айтылатыны негізделмек. Бата сөздерді айтылу мақсатына, мазмұнына, ғұрып түрлеріне қатысты жүйелеу, ғұрыптық фольклордың пайда болу, қалыптасу, даму кезеңдеріне шолу жасау, бата сөздердің пайда болу мотивтерін, шығу төркінін анықтау, жанрлық ерекшелігін талдау жүзеге аспақ. Нәтижеде халықтың дәстүрлі бата сөз үлгілерін тілдік-көркемдік өрнек ерекшеліктері тұрғысынан талдауға, оның өзіне тән белгілерін, бейнелілігін, образдар жүйесін анықтауға, бата сөздердің халық наным-сенімдеріне қатысты тақырыптық аясын сипаттауға мол мүмкіндік туындамақ [8; 9; 10; 11; 12].

Зерттеу еңбектерге бойласақ, бата сөз жанры тарихи-этнографиялық зерттеу нысаны ретінде көркем фольклор мен ғұрып фольклорының негізгі ерекшеліктері негізінде наным-сенімге қатысты ғұрып фольклорының қатарында зерттелген. Бата сөздердің функционалдық қызметі мен жанрлық ерекшеліктері жалпы түркі-моңғол тектес халықтардың негізгі ортақ мұрасы ретінде қарастырылған. Бата сөз жанрының құрылымдық-семантикалық, тақырыптық, стильдік ерекшеліктеріне, образдар жүйесі мен жалпы жанрлық табиғатына бойлауға ұмтылыс жасалған. Бата сөздердің жанрішілік түрлері жіктелімінің таразылануына бағыт ұстанылған. Ал ауыз әдебиетіндегі бата сөз жанрын ғұрыппен байланыстыра тарихи-этнографиялық, салыстырмалы-типологиялық зерттеу, сөз жоқ, жалпы қазақ фольклор жанрлары жөніндегі мағлұматымызды теориялық тұрғыдан тереңдете түспек. Бұл мағлұмат бата сөздің жанрлық ерекшеліктерін, тақырыптық топтарын, түрлерін, бейнелілігін, наным-сенімдермен,

ғұрыпшен байланыстылығын айқындай түсуге қажетті. *Бата сөз жанрының* қалыптасып, дамуы ұзақ ғасырларды қамтиды. Бұл мерзім ішінде *бата сөздер* мазмұн, тақырып жағынан күрделі өзгерістерге түскен. Ауыз әдебиетінің өзге түрлері сияқты *бата сөздерде* ауызша туып, ауызша тараған. Сондықтан оның ежелгі нұсқаларының авторлары белгісіз, әрі бізге дейін толық жетпеген. Көркем шығарма ретінде *бата сөздер* ғасырлар бойы өңделіп, қырланып, қазіргі дамыған деңгейге жеткен. Тарихи даму барысында оның өн бойында қазақ халқының сан ғасырлық тарихи өмірі, еңбегі мен тұрмыс-тіршілігі көрініс тапқан, оның жүздеген жылдар бойы қалыптасқан көркемдік-эстетикалық, діни-философиялық көзқарастары, биік мұраттары, қала берді жаратылысындағы өзіне тән психологиялық ерекшеліктері бейнеленген. Демек, бұл бағыттағы зерттеулер халықтың қалыптасып, даму тарихымен, діни-философиялық көзқарастарымен, жалпы қазақ фольклорымен, оның ішінде *ғұрып фольклоры* мәселелерімен тығыз байланысты. Қазақ фольклортану және әдебиеттану ғылымдарында *бата сөз жанры* жөнінде ауқымды зерттеулер болмаса да, бірқатар еңбектерде ауыз әдебиетінің жалпы мәселелері шеңберінде, сондай-ақ өзге жанрлар көлемінде бата сөздерге қатысты мәселелер қозғалып келгені анық. Алайда *бата сөздердің* жалпы халық поэзиясы жіктемесінде ауыз әдебиетінің бір жанры ретінде тармақталуына назар аударсақ, *бата сөздер* кейде *шағын жанр ретінде* аталып қана кетсе, кейде жалпы ескерілмей қалып жатады. *Бата сөздердің* жиналып-жариялануын сөз етсек, халықтың көне наным-сенімдеріне қатысты *ғұрыптық фольклордың өзге жанрлары* сияқты бата сөздердің де жиналып-жариялануы XIX ғасырдың екінші жартысында ғана қолға алынған. Бұл ретте алғашқы аталатын еңбек – түркі тектес халықтардың ауыз әдебиеті үлгілерін қамқорлықпен жинап, көптомдық етіп жариялаған орыс академигі В.В.Радловтың «*Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері*» атты онтомдық еңбегі, сонымен қатар, А.Васильевтің «*Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілері*» бойынша 1905 жылы Орынборда жарық көрген «*Бата сөз*» аталатын жинағын, Ә.Диваевтың еңбектері жарияланған «*Қазақ халық творчествосы*» жинағын, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «*Мес*» деп аталатын жинағын атар едік. Осы кезге дейінгі жарияланған *бата сөз үлгілері* мен ел аузында, сондай-ақ түрлі мұрағаттарда қолжазба ретінде сақталған *бата сөздерді* тұңғыш топтастырған үлкен еңбек – «*Ақ бата*» жинағы. Жинаққа алғы сөзді әдебиеттанушы ғалым Серік Негимов жазған. Аталмыш жинақта 235 *бата үлгісі* топтастырылған. Соңғы жинақ – 1998 жылы жарық көрген М.Есламғалиұлының құрастырған «*Баталар*» жинағы. Жинаққа 182 *бата нұсқасы* енгізілген. Бүгінге дейін бұл жанр зерттеушілердің назарын аударма қоймағаны белгілі, әйтсе де көрнекті әдебиеттанушы ғалымдардың осы фольклор жанрына қатысты пікірлері аса құнды. Мәселен, көрнекті әдебиеттанушы-ғалым А.Байтұрсынұлы *бата сөздерді қалып сөзі* топтамасына жатқызып, «*Бата – біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз. Батаны ақсақал адамдар айтады. Батагөй шалдар басы бар табақты тартуға алып келгенде де, ас жеп болғанда да бата қылады. Көбінесе бата тамақ жеп болған соң істеледі*» деген. Ғалым Х.Досмұхамедұлы халық әдебиетін 46 түрге жіктеп, олардың қатарында аталатын *батаны* екіге бөледі: *біріншісі* – атаққа немесе өмірге ыңғайлы, икемі барлардың «*өз ісінің шеберлерінен, мәселен, би, ақын, зергер, т.с.с. табиғат өзі сыйлаған дарын-өнерін өзіне мирас етіп қалдыру үшін тілейтін ақ батасы*» деп, ал *екіншісі* – «*ас-дәмге ризашылық білдіріп, рахмет айту*» үшін берілетін бата. Академик М.Әуезов дінмен байланысты өлеңдер топтамасын ескі діннің сарқыты болған өлеңдер және ислам дінімен байланысты өлеңдер деп екіге бөліп, бата беру өлеңдерін екінші топқа жатқызады. «*Мұсылманишылық дінімен байланысы бар өлең сөздің бір түрі – бата беру өлеңдері. Бірақ бұл өлеңдердің туысын ғана мұсылманишылық негізінен шықты деу керек. Дін салтындағы тілек, дұға сияқты сөздермен ұқсасады. Арабша айтатын дұғалардың орнына елдің өзі шығарған, тақпақтаған өлең, жыры болады. Дін сөзімен ұқсастыратын осы жері. Осыдан басқа өлеңнің қалған сөздері мен мағына жағын білдіретін тілектерін алсақ, оның барлығы да халықтың өз заңына үйлесіп, өз тіршілігінің қалпынан шығады... Батаның түрі ғана діннен алынған, бірақ мағынасы мен мақсаты, барлық сөздері ел әдебиеті мен ел тіршілігінің өз туындысы*» деген. Сәкен Сейфуллин «*ескілікті дін салтынан туған өлең-жырлары*» топтамасында жарамазанды атап, жарамазанның батасы ретінде 78 жолдан тұратын дәстүрлі *бата сөздің* екі нұсқасын береді. Қазақтың халық өлеңдері жөнінде құнды еңбектер жазған Б.Уахатов бата-тілек өлеңдері туралы: «*Бұл – қазақтың ескілікті әдет-ғұрпынан туған, батагөй қариялар айтатын сөз өнерінің түрі. Адам бойына жабысқан әр түрлі ауру-сырқауды сиқырлы сөзбен қуып, аластауға болады деп сенген халық, бір замандарда, бақ пен дәулетті де, бас амандығы мен байлықты да ақ тілеу айтып, бата беру арқылы дарытуға болады деп түсінген. Жарылқаймын десе де, жабырқаймын десе де Қыдыр атаның қолында, соның еркі біледі деп есептеген*» деген. Ғалым бата-тілек өлеңдерін арбау, байлау өлеңдерімен бірге халықтың ескі наным-сенімдерінен туған өлеңдері қатарында қарастырған-ды [9; 12; 13; 14; 15].

Бата сөздер барлық дерлік түркі-моңғол халықтарында кездеседі. Ақ тілеу айтып, бата беру қазақтар секілді қырғыз, татар, қарақалпақ, моңғол, бурят, саха, алтай халықтарының және тағы басқа көптеген халықтардың ауыз әдебиетінде орын алған. Түркі-моңғол халықтарының көпшілігінде *бата сөзі «алғыс»* атанған. Бұл көне жанр өзге үлкенді-кішілі ауыз әдебиеті жанрларынан өзіне тән жанрлық белгілерімен, көркемдік-эстетикалық бітімімен, образдар жүйесімен, өзіне тән қас белгілері боларлық тілі, құрылысы және функционалдығымен оқшауланады. Қадым заманнан бері халықпен бірге жасасып, мән-мағынасы мен қадір-қасиетін жоғалтпай өзіндік құнымен жеткен бұл асыл мұраның атау-ұғымы туралы ғалым С.Негимов «*Ақ бата*» жинағының алғы сөзінде: «*Бата ұғымының тек-төркініне барлау*

жасар болсақ, құранның бірінші сүресінің аты «фатихадан» туындаған тәрізді. Мұнда жаратушы мен оның «елшісі» Мұхаммедке мадақ сөз айтылады» деген. Ал «Бата беру және дұға оқу» атты мақалада: «Бата – арабтың «фатаа» - қайырма немесе қайыру деген сөзінен шыққан ұғым» деген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Бата. 1. Өлген адамға бағыштап, тамақтың алды-артынан оқылатын дұға, құранның бірінші сүресінің аты. 2. Ізгі тілек, алғыс» делінген.

Бата сөз – көлемі мен формасы жағынан да, орындалу тәртібі жағынан да оқшауланатын жанр. Бата сөздер кез келген жерде айтыла бермейді. Белгілі бір салтпен байланысты, белгілі бір рәсімнің орындалу барысында айтылады. Мәселен, нәресте дүниеге келгенде, тұсау кескенде, ұлыстың ұлы күнінде, үйлену тойында, қыз ұзатқанда, т.б. Бата беру рәсімін кез келген адам орындамайды. Жұртқа беделді, көпті көрген, жолы үлкен, сөзге ұста, қадірлі саналатын батагөй ғана бата беру рәсімін орындайды. Бата беру рәсімінің өзіндік орындалу тәртібі бар: ақ бата беру кезінде рәсімге қатысушылар батагөймен бірге алақандарын өздеріне қаратып жайып, бата беру рәсімі біте бере: «Әумин! Айтқаныңыз келсін!» деген сияқты бекіту сөздерімен бет сипайды. Ал теріс бата беру кезінде, керісінше, батагөй алақандарын теріс қаратып жаяды. Салттың орындалу барысындағы бата беру кезінде батагөй өз атынан ғана емес, дүйім жұрт, алқалы топтың атынан сөйлейді. Бата сөздер шығу төркіні жағынан наным-сенімдерге негізделіп, тіршілік қажеттігінен туындағандықтан, көркем фольклордан функционалды сипатының басымдылығымен ерекшеленеді. Бата сөздер әндетіліп айтылмайды, мәнерленіп тақпақтата, көтеріңкі үнмен, әуезбен айтылады [12]. Сөйтсек, аталған ерекшеліктер барлық түркі-моңғол халықтарының алғыс, бата беру рәсімдерінде анық байқалады. Қазақ халқының бата сөздерінің тақырыбы өте кең. Мәселен, этика, мораль, ар-ождан тазалығы, ел бірлігі, молшылық, бақыт, қонақжайлық, амандық-саулық мәселесі – бастылары ғана.

Бата сөздер – шағын ғана сөзбен халықтың ұлттық келбетінің негізгі белгілерін сипаттайтын идеялық және этикалық-моральдық талаптарын, ішкі ұмтылыстарын, ізгі тілектерін білдіре алатындай жанрлық ерекшелікке ие фольклорлық туынды. Мұнда ұлт қастерлейтін, жалпы халықтың болмыс-бітімін сомдайтын басты қасиеттері, бабалар тағылымы, жөн-жосын, қанға сіңіп, ұлттық әдет-қалыпқа айналған адамдар арасындағы қарым-қатынас нормалары батагөйдің бейнелі де мазмұнға бай, саликалы да салмақты сөздерімен әдептеліп, тектіліктің тура жолын таңдауға үгіт-кеңес беретін үлкен насихатқа құрылады. Мәселен, *Ақ жүрек болып жолдасың, Адалдық сені қолдасын. Жақсылық үшін тірессең, Жаныңды арың қорғасын. Арынды болсын шабысың, Алымды болсын табысың. Найзадай болсын намысың, Ер жігітке бәрі сын. Қиындық көрсең мұқалма, Қамқоршы бол кішіге, Үлкенді үлгі тұт алға!*

Бата сөздер ғұрыптық поэзияның басқа да түрлері сияқты тәжірибелік қажеттіліктен, адамдардың сәбилік санасына, көне наным-сенімдеріне негізделіп, ежелгі адамдар дүниетанымының бір формасы ретінде пайда болған. Сыртқы ортаға құралсыз, сөз магиясы арқылы әсер етудің бір тәсілі болған бата сөздер ғұрып ішінде өмір сүреді. Алғашқыда мазмұны материалдық игіліктер сұраумен шектелген бата сөздер келе-келе мағыналық-тұлғалық, тақырыптық жағынан дамып, оның негізгі мазмұны адамгершілік насихатқа ұласып, көркем шығарма ретінде ғасырлар бойы өңделіп, қырланып, өзіндік жанрлық ерекшеліктерімен, образдар жүйесімен, тілдік көркемдігімен дараланатын ауыз әдебиетінің мұрасына айналған. Қазақта өлең не шешендік сөзбен айтылатын батаның түрі мол. Қонақтың үй иесіне, дастарқан иесіне беретін батасы ма, ұзатылатын қызға берілетін бата ма, әлде жолаушыға айтылар бата ма, жарапазаншының батасы ма – бәрібір барлық бата жақсы тілектен туады. «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Жүректің кілті – ауызда» деп түсінген қазақ ақ пейілден төгілген батаны үлкен абыройдан кем көрмеген. Батаның әсем сөз, оралымды тапқыр ой арқылы айтылуы тыңдаушысының жан-дүниесіне жағымды әсер етіп, жанын жадырататындай эстетикалық ләззат, эмоциялық күш-қуат беріп отырған.

Әдебиеттерде бата сөз үлгілерін оның айтылу орнына, тақырыбына қарай топтау (тұсау кесу батасы, үйлену тойы батасы, келінге берілетін бата, қоныс той батасы, қыз ұзатқанда берілетін бата, т.б.) қалыптасқан. Ғылымда аса қадір-қасиетке ие, арқауы әдеп пен тағылымнан, асыл мұраттан тұратын бата сөздердің ғұрыпқа тікелей немесе жанама қатыстылығын төмендегіше топтастырып жүр: 1. Ғұрыпқа байланысты бата сөздер. Отбасы ғұрпына байланысты бата сөздер (бесікке салғанда, тұсау кесерде, үйлену тойында, қыз ұзатқанда, қаралы үйге бата оқу кезінде берілетін баталар); Маусымдық ғұрыпқа байланысты бата сөздер (наурыз батасы, жарамазан батасы). 2. Тұрмыс, кәсіпке байланысты бата сөздер (бие байлағанда, қоныс тойларында, сапар шеккенде, көшкенде, еркіндікке шыққанда, аңға шыққанда берілетін баталар, дастархан батасы, ерік батасы). Демек, бата (бата беру, бата алу) – отбасы, тұрмыс дәстүрі. «Батамен ел көгерер» (мақал). Ақ тілеудің белгісі – бата. Ол кез келген жерде айтыла бермейтін қасиетті рухани ұғым. Ең жақсысын халық «ақ бата» деп қастерлейді. Батаның бірнеше түрлері бар: 1. Жас талапкерге бата («Сырым батыр жас кезінде батасын алайын... деп Бөкен биге барыпты»). Бұл ерлік, өнер, өмір жолына, ұзақ сапарға аттанар алдында әдейі барып тілейтін бата. Мәселен, Қошқарұлы Жәнібек жас кезінде Қаракерей Соқыр Абыздан бата сұрай барғанда ол кісі былай депті: «Белбеуің беліңдегі байлаулы болсын, Қазаның ошақтағы қайнаулы болсын. Есігің ашық болсын: Қабағың жазық болсын. Сонда ағайының кетпес қасыңнан. Жақыныңа бұрмай төрені түзу бер, Сонда қаумалаған халық кетпес қасыңнан». Мұндай баталар талапты, халық сүйген ер азаматтарға ғана берілген. Немесе, Торғай облысының Аманкелді ауданындағы «Қабырға» кеңшарында тұратын Айнагүл мен Сақтапберген Кенжеахметовтердің отбасында жас сәби туып, оған ырым қылып Сейіт ғалымның

атын қойыпты. Сол бала 1994 жылы алғаш мектепке барғанда ата-аналары ғалымды тойға шақырыпты. Сонда жас Сейітке берген ғалым батасы төмендегіше: *Айналайын аттасым, Талантың судай қаптасын, Дініңе сенсең, Мұхамбет демесін, Тіліңе сенсең, Жиренше шешен демесін, Атағың Абайдай болсын, Абыройың Абылайдай болсын. Жүректі болсаң, Қабанбай жебесін, Білекті болсаң, Бөгенбай жебесін. Наурызбайдай батыр бол, Бауыржандай батыл бол, Әділдікте Наушаруан қол берсін, Хакімдікте Лұхпан өзі дем берсін. Жалғыз болсаң, алланы есіңе ал, Жарлы болсаң, пайғамбарды есіңе ал. Мәрт болсаң, Кене ханға сыйынып, Жомарт болсаң, Абдрахманға сыйынып, Қалың елің халқыңды ұмытпа. Аспанда Айна, Жерде Мәди, Қырда Қыдыр, Суда Сүлеймен қолдасын! Еш жамандық болмасын. Азамат бол, арлы бол, Қастарыңның алды бол, Біліміңмен әлді бол! Дос-жараның сүйсінсін, Дұшпаның іштей күйінсін, Басыңа бақыт құйылсын! Дуалы ауыздың батасына жолық! Әумин!(Ұсынған Жұматай Сабыржанұлы, «Ана тілі» апталығынан); 2. Дастарқанға бата. Дастарқаның мол болсын, Абыройың зор болсын (Ақ бата). Батаның бұл түрі дастарқанға ризашылықпен беріледі. Дұрыс мүшелі қонақасы берілмесе шешен, өткір тілді адамдар бата арасында сол үйдің сарандығын да қосып айтып жіберетін болған; 3. Алғыс батасы. Бақ берсін, бас берсін, Өміріңе ұзақ жас берсін! (Ақ бата). Үлкен кісілер немесе кез келген адам біреудің қайырымдылығы мен жақсылығы, ізгі қызметі үшін де бата береді. Батаның тәрбиелік мәні зор. «Батамен ер көгерер, жауынмен жер көгерер» деген сөз адамды ізгілікке, парасаттылыққа, мейірімділікке баулиды. Ендеше, бата – сол ұлы қасиеттерге бастаушы әрі тудырушы рухани мұра. Бата көркем сөзбен, өлеңмен, тақпақпен, шешендік тілмен, әсермен қол жайып айтылады. Батаны құрметті, елге сыйлы адамдар береді; 4. Жаңа айдың батасы. Ай көрдім аман көрдім, Ақиреттік заман көрдім. Жаңа айда – жарылқа, Ескі айда – есірке (бата). Жаңа туған айды көрген әр адам осылайша бата жасап, бет сипайды. Бұл – діншілдік немесе соқыр сенім емес, ол – адамдардың табиғатқа, құбылысқа, ауа-райына байланысты таным, түсінігі. Айдың тууына және жатысына қарап жұлдызшылар ауа-райын, болашақты болжап отырған; 5. Наурыз батасы. Наурыз – іргесі сөгілмес бірліктің, ырысы төгілмес тірліктің думаны. Наурыз – ақтың молаятын, тіршіліктің жаңаратын, жарықтың ұзаратын, көңілдің кеңейетін, пейілдің түзелетін кезеңі. Наурызда алған батаның орны бөлек. «Үыз бата» тұрғысында дәріптеледі. Жастар бұл күні үлкендерден бата алуға тырысады. Наурыз бата үлгісі: «Өркенің өссін!», «Әр күнің Наурыз күнідей берекелі болсын!», «Ұлың – оңға, қызың – қырға қонсын!», «Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы бол!», «Айың тусын оңыңнан, жұлдызың тусын солыңнан», «Бақ берсін, Қыдыр дарысын!», «Наурыз тілек: Көк таңірі нұрыңды аяма, Жер таңірі ырысыңды аяма! Әділ жанды тағынан тайдырма. Әз халықты бағынан айырма! Басыма бас қос, Жасыма жас қой, Асыма ас қос!» Ұлыстың ұлы күнінде «наурыз көжеге» шақырғандарға, «Наурызнама» тойын өткізіп халықты риза қылған адамдарға, өнер көрсеткен өнерпаздар мен ақындарға ақсақалдар мен әжелер, елағалары, билер қол жайып бата береді. Бұл бата жалпы көпшілікке де бағышталады. Наурыз батасының орны ерекше [16, 107-108].*

Теріс бата. Бұл – бата деп аталғаны болмаса, қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі («Құнбай қос қолын созып, алақанын сырт қаратып тұр. Бұл теріс батаның, қарғыс батаның белгісі» (М.Әуезов)). Мұндай бата сенімді ақтамаған, өзіне қолы, тілі тиген баласына әкенің қолын теріс жайып берген батасы. Батаның бұл түрі ел ішінде өте сирек қолданылған және ол атадан балаға ұмытылмайтын таңба болып қалған. Атаның теріс батасын алғандарды халық та жек көрген [16, 109-110].

Рамазан батасы немесе Жарамазан батасы. Бұл бата түрі мұсылмандардың қасиетті айы – рамазан айында берілген. Рамазан батасы ораза айында айтылатын жарамазан өлеңдерімен қоса немесе жеке де айтылған. Жарамазаншылар, көбінесе ораза ұстаушылар (ауыз бекітушілер), күн батқан соң, ифтарлық жасап, яғни, ауыз ашып тамақтанған соң, әлденіп, елдің көңілі көтеріліп, дастарқан басында жадыраған кезде үй-үйді аралап жарамазан айтатын болған. Үй иесі оларға құрметпен қарап, тамақ алып шығып дәм таттырған, сауап тұрғысында кейде мал атаған, түрлі заттар ұсынып, құр жібермеуге тырысқан. Осындай сый-сияпатқа ризашылық білдіріп жарамазаншылар бата берген. Ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Жарапазанның басы мақтау, хикаялау, аяғы алғыс, бата болып келеді» деген. Рамазан батасының мазмұны – үй иесіне жақсылық, молшылық, байлық тілеу, өзіне көрсетілген сый-сияпаттың қарымтасын ақ тілекпен қайтару. Демек, *жарапазан (жарамазан) – ислам тағылымынан туған салт.* «Жарапазан «рамазан» сөзінен шыққан, ораза уақытында бозбалалар түнде үйдің тұсында тұрып жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар сауап тұрғысында жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, т.б. нәрселер береді. Жарапазанды кәсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын адамдар болған. Жарапазанды екі адам жүріп айтады. Бірі – жарапазан айтушы, екіншісі – қостаушысы. Мәселен, *айтушы: Жарапазан айтушының сауалы бар, Отыз күн оразаға жауабы бар. Берсеңіз, бермесеңіз не қамым бар, Боз шұбар астымдағы, шу, жануар! Қостаушы: Жарапазан, жарапазан! Алла, құдай би рамазан! (А.Байтұрсынұлы).* Жарапазанның ел арасында кең тараған нұсқасы мен разы болғанда жарапазан айтушының батасының үлгісі төмендегіше: *Үйің, үйің – үй екен, Үйдің көркі ши екен. Ақ төбеді көрінген, Қандай байдың үйі екен? Кірсін дәулет, Шықсын бейнет. Қиын дейді қиямет, Жақын дейді ақирет. Ажалға құдай сабыр ет. Былай жүрген сайтанның, Мойнына мінсін тауқымет!* [16, 244]. Немесе: *Оразада айтылар жарапазан, Мекке мен Мәдинадан шығар азан. Мәуесі мәуесіне тиіп тұрған. Ораза намазыңды күтіп барсаң, Алдыңда хордың қызы сүйіп тұрған. Махамбет үмбеті айтқан жарапазан, Оразаң қабыл болсын ұстаған жан. Ассалаумағалейкум, жаңа келдік, Көргелі, көріскелі*

сәлем бердік. Айтты деп жарпазан сөге көрме, Пайғамбар жолын қуған адам едік. Айттайын жарпазан есігіңе, Қыз берсін ханиадай бесігіңе, Тілейміз шебер тусын несібеңе. Үй ішінде бай-бәйбіше кеңеседі, Қой ішінде екі қошқар теңеседі. Бай айтады қой ішінен саулық бер деп. Бәйбіше сандық ашып, жаулық бер деп. Біреуі бес намаздың – таң намазы, Қайнайды тәсілменен бай қазаны. Ораза намазыңды күтіп барсаң, Алдыңда жайылулы жайнамазы. Біреуі бес намаздың – бесін дейді. Кей адам кірін жуып шешінбейді. Ораза, намазыңды күтпей барсаң, Күнәңді, Құдай біледі, кешірмейді. Біреуі бес намаздың – екінді еді, Ауызын діл мұсылман бекітеді. Ораза, намазыңды күтпей барсаң, Үстінен қыл көпірдің секіреді. Мінгені пайғамбардың ақ атан-ды, Көп тұрсақ әрбір үйде таң атады. Арқасында ақ атанның жауыры бар, Баратын бұдан былай ауылым бар. Мұхамбет үмбеті айтқан жарпазан, Ораза қабыл болсын, ұстаған жан! [16, 245]. Немесе: Бөліл, бөліл, бөліл бол, Боз торғайдай төліл бол, Ор қояндай көзді бол, Жиреншедей сөзді бол, Бәйтеректей бүрлі бол, Пайғамбардай нұрлы бол, Ай жағынан қарасаң, Алтыннан терек орнасын. Саған келген мейманың, Оған атын байласын. Аты жатып аунасын, Өзі жатып қунасын. Менің атым – Сарыбай, Сақалыма сары май. Таң мезгілі болғанда, Төсегіңнің басынан Жастығыңның астынан, Бөденедей пырылдап, Бозторғадай шырылдап, Қыдыр келіп дарығай! Аллаһу ақпар! (Жарпазан батасының үлгісі). [16, 245]

Ал, бата сөздердің көркемдігі мен бейнелілігі, бір жағынан, жалпы фольклорлық белгілермен сипатталып, екінші жағынан, өзіндік жанрлық ерекшеліктерімен де дараланады. Бұл фольклор туындысында оның әсерлілік қуатын арттырып, сөздің сиқырлық сазын қоюландыра түсетін эмоциялық-психологиялық суреткерлік құралдар молынан кездеседі. Мәселен, бата сөздерде, әсіресе, оның көне дәуірдегі үлгілерінде, яғни, дәстүрлі, культтік бата сөздерде *Баба түкті Шапты Әзіз, Ғайып ерен қырық шілтен, Қыдыр ата, Қамбар ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Шекшек ата, т.б.* мифологиялық образдар басым; Шамандық-исламдық дінмен келіп, бір-бірін жоққа шығармай қатар қолданылып жүрген *тәңірі, құдай, алла, әулие, пайғамбарлар, періште, хор қызы, хазірет, шайтан, Мәңкүр-Нәңкүр, т.б.* сөздер жиі ұшырасады; Ата-баба рухының қолдауына негізделген бата сөздерде берік орын алған образдардың көпшілігі *Жәнібек батыр, Жиренше иешен, Атымтай Жомарт, Қожахмет Ясауи, Қорқыт ата, т.б. сияқты тарихи тұлғалар*; Құс атаулының қатарынан көпшілігіне бұлбұл, бүркіт, лашын, қырғауыл, қыран, ителгі, ақсұңқар секілді сөз-образ, сөз-ұғымдар орайы келтіріліп, теңеу сөздің сан алуан сұлу өрнегі құрылады; *Ай, Күн, Жұлдыз көне наным-сенімдерге байланысты* үлкен ілтипатпен айтылып, әсерлі айшықтаулар туғызған; Жануарлар дүниесінен *арыстан, жолбарыс, аю, бөрі сияқты жыртқыштар*, сонымен бірге халықтың тұрмыс-тіршілігінде маңызды орын алатын *төрт түлік мал: (қой, сиыр, жылқы, түйе) – киелі образ ретінде де, көркемдік бейне ретінде де жиі айтылады.*

Сондай-ақ, бата сөзі секілді фольклор туындысының функционалдығын сипаттайтын негізгі қызметі сан алуан. Бұл сапқа қаскөй күштерден, ауру-сырқаудан, қырсықтан, бақытсыздықтан, кедейліктен, кесірден, яғни, бар пәле-жаладан қорғау, сақтау; тіршілікте қажетті бар байлықпен, материалдық игіліктермен қамтамасыз ету; халықтың ұлттық болмысын сомдайтын, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан рухани құндылықтары асыл қасиеттерін, адамгершілік белгілерін, ізгі мұраттарын тәрбиелік мақсаттағы үлкен үгіт-насихатқа құра отырып ғибрат ету; басталар жаңа істі құптау, келісу, ризашылық беру арқылы оның нәтижелі, табысты болуын қамтамасыз етуді қосар едік.

Қысқасы, бастапқыда өмірлік қажеттіліктен туып, тақырыбы жағынан материалдық игіліктер молшылығын сұраудан туындаған тілектермен ғана шектелген ғұрыптық баталар, *бір жағынан*, ғасырлар бойы өңделіп, қырланып, көрікті сөзбен көмкерілген тәрбиелік-тағылымдық шығарма ретінде жетсе, *екінші жағынан*, бата сөз үлгілері кейінгі жылдары ақын-жыраулардың дәстүрлі үлгілерді негіз еткен жаңа бата сөздерімен толығуда. Сол себептен де бата сөздерді *дәстүрлі бата сөздер және жеке ақын-жазушылардың бата сөздері* тұрғысында саралаймыз. Қуанарлығы, бастапқы туындыгері белгілі соңғы бата сөз үлгілерінде де аталмыш жанрға тән дәстүр сабақтастығы сақталуда.

Әдебиеттер:

1. Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // «Egemen Qazaqstan» газеті, №52, 17 наурыз 2022 ж., -1-5-б.б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Egemen Qazaqstan, №2, 5 қаңтар 2021 ж., -1-3-б.б.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік // Egemen Qazaqstan, №62, 2 сәуір 2019. -1-2-б.б.
4. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Egemen Qazaqstan, №70, 12 сәуір 2017. -1-2-б.б.
5. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев. «Ұлы Даланың жеті қыры // Egemen Qazaqstan, №223, 21 қараша 2018 ж. 1-2-б.б.
6. Қыдыршаев А.С. Жаңа Қазақстан – Тәуелсіз елдің ертеңі // «Ақиқат» - «Ақиқат» журналы, №4, сәуір 2022 ж., -3-7-б.б.
7. Қыдыршаев А.С. Рухани жаңғыру: жаңа ұрпақты ұлттық рухани құндылықтарға баулу ісі, айқын мақсат, нақты міндеттер межесі. Әдістемелік көмекші құрал. – Орал, 2019. -70 бет

8. Әуезов М. Әдебиет тарихы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. – Алматы: Ана тілі, 1991. -240 б.
9. Ақ бата: Бата сөздер (*Құрастырушылар: С.Негимов, Т.Қазыұлы*). – Алматы: Жазушы, 1992.-208 б.
10. Абдулла Б. Жанровые и смысловые особенности алгыш (благопожелание) и гаргыш (проклятие) / Азербайджанский обрядовый фольклор и его поэтика. – Баку, 1990.
11. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы (*Құрастырған Ә.Қоңыратбаев*). – Алматы: Ана тілі, 1991.-288 б.
12. Үмбеталина З.Б. Қазақ ауыз әдебиетіндегі бата сөз жанры. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. дисс. авторефераты. Алматы, 2001.-31 б.
13. Ел қазынасы – ескі сөз (*В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері*). – Алматы: Ана тілі, 1991.-288 б.
14. Баталар: Благие пожелания (*Қазақтың тіл мәйегінің дәмі. Образцы казахской словесности*). – Алматы, 1992.-24 б.
15. Баталар (*Құрастырған М.Есламғалиұлы*) – Алматы: Атамұра, 1996.
16. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: «Алматыкітап» ААҚ, 2004. - 284 бет.
17. Ақ бата. *Құраст. М.Есламғалиұлы*. –Алматы: «Нұрлы жол» ЖШС баспасы, 2002. - 64 бет.
18. Ақ тілек, ақ бата (*Құрастырушы К.Ж. Оразалин*). – Алматы: «ЛЕМ», 2002. -204 бет.
19. Көңіл-күй лебіздерін білдіретін сөз орамдары (*Құраст. С.Бизақов*). – Алматы: ТОО «Самара-Принт», 2007.-308 бет.
20. Исламжанұлы (Матыжанов) Кенжехан. Қазақтың отбасы фольклоры. Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. -332 бет.

ӘОЖ 82 (574)

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ»

Ж.Д.Макшаева

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«№37 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

e-mail: zhazira_72.15@mail.ru

Аңдатпа. А.Байтұрсынов «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметін ұйымдастырып құруда белсенді қызмет етіп, осы бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыруда үзегілес зиялы қайраткерлердің көшбасшысы болды. «Алаш» партиясының кеменгері ретінде өзінің білімділігімен, саяси сауаттылығының тереңдігімен ерекшеленді. Азамат соғысының аласапыранында әскери-соғыс істеріне қатысты белсенді ақыл-кеңес беріп, соғыс зардабынан түрлі азапты шегіп, ашаршылық пен ауруға ұшыраған қазақ халқына азық-түлік пен медицина көмегін ұйымдастырды.

Кілт сөз: «Алаш» партиясы, ашаршылық, ұлт жанашыры, көшбасшы, қайраткер

Аннотация. А. Байтұрсынова партия "Алаш" и "Алаш" правительственная организация активно в создании и реализации работы в этом направлении был лидером интеллектуалов работающих вместе фигур. Партия "Алаш" продемонстрировала глубину своих знаний и навыков в качестве политического гения грамотности. В хаосе гражданской войны военный совет по отношению к делам войны для казахского народа, которая страдает от последствий войны, голода, и болезни была организована пищевая и медицинская помощь.

Ключевое слово: Партия «Алаш», голод, жанашыр нации, лидер, деятель

Annotation. A. Baitursynov party "Alash" and "Alash" government organization active in the creation and implementation of the work in this direction was the leader of the intellectuals figures. "Alash" party demonstrated the depth of their knowledge and skills as a political genius literacy. During the Civil War military advice in relation to the affairs of the war and suffered the effects of war, famine, and illness was organized by the Kazakh people, food and medical assistance.

Keyword: Party "Alash", hunger, janashyr nation, leader, doer

Көркем сөз – көңіл тілі

Жалаң сөз – зейін тілі.

(Ахмет Байтұрсынов)

Білімділік, біліктілік, ғұламалық, даналық, ақындық, шеберлік, тіл жанашыры деген ұғымдарды естісем, көз алдыма «Ахмет» деген ұлы тұлға келе қалады. Талантымен талайды таңқалдырған тарланым-Ахметім... Осынша мақтауға, осынша мадаққа ие болған қасиетті қаламгерім, ізденімпазым, жол көрсетушім сіздей болу - мен үшін ең биік арман. Әр түрлі ғылымды меңгеріп, «аға Ахмет» өшпес -

өлмес шығармалар қалдырған данышпан да бір өзіңіз... Қазақ елінің мәдениеті мен әдебиетін, әліппесімен әр тілдік ерекшеліктерді қалыптастыруда ойып тұрып орын алатын өзіндік асыл тұлғамыз – сіз. Сізді білмейтін адам кемде – кем болар. Шынайы жүрегіңізден шыққан, бояуы қанық туындыларыңыз, болашақ ұрпаққа деген саналы білім-ғылымыңыз оқырман жүрегінің төрінен орын тапқан. Кез-келген шығармаларын және ерекше айта кететін “Әдебиет танытқыш” кітабындағы термин, ұғым, категория әдеби тілімізге, ғылыми оралым кезінде кіргенін айта отырып, бұл еңбекте эстетикалық ойлау жүйемізді әлі де байытпа түсетін тамаша қазына, ересен тапқырлықтар бар екенін көрсетуіміз қажет. Кітабын оқыған кезде ой теңізінде жүргендей шабыттана жүзіп, құстай қалықтап ұшырып әкететіні өз алдына бір бөлек. Сыншылдық пен сыншылдықты кейінгі ұрпаққа қалай әсерлі етіп дәріптеген. Кейінгілерге бас бола білген, қаламын сілтеп, ақындықтың, жазушылықтың, шығармашылықтың, ізденімпаздықтың атына мінген өршіл ұрпаққа жол көрсеткен Ахметім, әр ісіңе тәнтімін.

Бүгінгі тәуелсіздік таңы арайлап атқанда, кезінде репрессияға ұшырап, мерт болған боздақтардың есімі қайта оралып, сөнген шырақ жанып, жоғалған табылды. Алаш арыстары жылдардың жүзінде арамсызға қайта оралды. Тұтас буынның төлбасы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, түрколог, халқының дарынды перзенті, ұлт-азаттық қозғалысының рухани көсемі, «Қазақ» газетін ұйымдастырушы және оның бас редакторы, «Алаш» партиясының, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы қоғам және мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынов 1872 жылы 5 қыркүйекте Торғай уезінің Тосын болысындағы 5 ауылында Сарытүбек деген елді мекенде дүниеге келген. А. Байтұрсыновтың замандасы әрі қаламдасы М. Әуезов 1923 жылы Ахметке арнаған мақаласында, оның тегі жөнінде. «...Сүйегі – Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Түбек. Ақаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты – Байтұрсын» деген мәлімет береді.

Айта кету керек, осы күнге дейін А. Байтұрсыновтың туылған жылы мен күні барлық ресми құжаттар мен басылымдарда 1873 жыл 25 қаңтар деп көрсетіліп келеді. Алайда, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағат қорында сақталған «Служебный список сотрудника Наркомпроса КССР» 11 және 1926-1927 жылдарға арналған «Личное дело председателя Академического центра Байтурсунова Ахмета Байтурсуновича» атты құжаттар топтамасында Ахметтің өз қолымен толтырған құжаттарда «туылған жылым 5 қыркүйек 1872 жыл» және өз қолымен жазған «Туылған жылым мешін 1872» деп көрсеткен. Өмірінің өзі тұнып тұрған бір әлем.

Ахмет Байтұрсыновтың әдебиеттану ғылымына жекелей тоқтала кетсем:

Ахмет Байтұрсынов – алғашқы еңбек жолы: қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, дамытып әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы. Ағартушылық мақсаты – өз әліппесін жасау, оқулықтар жазу. Осы мақсатты орындау үстіне ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап – танытқан зерттеуші әрі сол зерттеулерінің негізінде «Әліппе», «Маса», «Қырық мысал» атты оқулықтарын жазған. Өзі қараңғылық заманында жүрсе де, халқын алға, алыстан көрінген жарық сәулеге қарай жетелеген Ахмет Байтұрсынұлының атын «Әліппесі» арқылы шамшырақтай жаға біліп, қалғып кеткен ұлттық сананы қайта жаңғырту – тарихи ерлік те, алғыс та, халықты ағарту жолында жанын салған адал перзентіне берген серттей уәдеміздің орындалғаны да. Ахмет Байтұрсыновтың ойынша, жақсы әліпбидің мынадай қасиеттері болу керек:

-Жақсы әліпби тілге шақ болу керек;

Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс;

Жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс-деп керемет сөздерін қалдырған.

Ахмет Байтұрсынұлының тағы бір «Әліпбидің» болмысы туралы мынадай пікір айтады: «Әліпби» деген асылына адам арқылы жетпейтін нәрсе емес. Әліп-биде бірден мәдениет түрінің төбе басына шығарып жіберетін, адам білместей айрықша қасиет те, жасырын сыр да болмасқа тиіс. Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым Әліпби жақсы болмақшы. Олай болса, Әліпби сынға түсіп, жақсы-жаман тексеруге әбден келетін нәрсе болып шығады», - деген.

Ғалым-теоретик, эстетик-сыншы тұлғасын айқындап беретін күрделі, толымды, жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 жылы “Әдебиет танытқыш” “Теория словестности” деген ерекше атпен басылған. Араға екі-үш жыл салып, авторы ұсталып кеткен соң, бұл еңбек көпшілік арасына мол тарап үлгермеді. Бірақ қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-бастапқы терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған. “Әдебиет танытқыштағы” қазақ әдебиетінің өзіне тән жанрлық формаларын топтап, жіктеп берудегі ғалым даналығына тереңінен үңілсең таң қаласың. Эпосты — әуез, лириканы – толғау, драманы – айтыс деп бір қайтарып алып, сала-салаға жіктеп әкетеді; шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме, тарихи әңгіме, саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошемет шешен сөз, білімір шешен сөз, уағыз, көсемсөз (публицистика). Ауыз әдебиеті түрлері былай жіктеледі: ертегі, аңыз-әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш – бұлар бір топ. Батырлар жыры, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, толғау, терме – бұлар

екінші топ. Мысал, ділмар сөз (афоризм), тақпақ, мақал, мәтел – бұлар үшінші топ. Тойбастар, жар-жар, неке қияр, беташар, жоқтау, жарапазан, бата – бұлар төртінші топ. Жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыр – бұлар бесінші топ. Сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап, саралауға мүмкіндік беретін сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр. Ахмет қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым екендігін мойындамау шындық алдындағы қиянат болар еді. Жоғарыда айта кеткенімдей Ахмет Байтұрсыновтың әдеби-ғылыми мұрасының ішіндегі ең көлемді және айрықша тиянақталған тұжырымды еңбегі – “Әдебиет танытқыш”. Шолу ретінде, атүсті айтылғанмен, бұл еңбек дәлді зерттеліп, әділ бағасын әлі алған жоқ. Бірақ көрер көзге көңіл толарлық, әр сөзі адамға терең ой саларлық. Бірден айту керек, “Әдебиет танытқыш” – Ахмет Байтұрсыновтың эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалғанын ашып айтатын уақыт жетті. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынов – тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан. Бұл еңбекте Ахмет Байтұрсынов фольклорлық, әдеби тексттерді талдаудың, жанрлық түрлерге ат қойып, анықтама берудің тамаша шебері, әдеби дамудың болашағын көрсете алатын асқан сыншы, өмір, қоғам, адам табиғаты жөнінде терең пікір толғайтын ұлы ойшыл екендігін көрсетті. Ерекше қуанарлық нәрсе, жазылғанына 70 жыл өткен еңбектің дәл бүгін көкейкесті, актуалды болып отырғандығында. Оның қай бетін ашып оқысаң да, көкейге қона кетеді. Ахмет Байтұрсынов “Әдебиет танытқыш” еңбегінде зерттеу объектісі етіп, қазақ ауыз әдебиетін, қазақ жазба әдебиетін, оның сан алуан үлгілерін алған. Автор қандай ғылыми еңбектерге сүйенгені туралы мәлімет, дерек келтірмейді. Ең алдымен ғалымның әдебиет теориясы, сыны, тарихы, текстологиясы, жанрлары жөнінде дүниежүзілік әсемдік ойдың негізгі тұжырым, идеяларымен терең таныстығы айқын аңғарылады. Қоғамдық, тарихи-эстетикалық, философиялық білім мығымдығы үнемі сезіліп отырады. “Әдебиет танытқыштың” бірінші бөлімі “Сөз өнерінің ғылымы” деп аталып, бірнеше шағын бөлімшелерге, баптарға бөлініп, олардың әрқайсысында нақты мәселе қаралады. Ең алдымен тіл, сөз өнері, шығарма дегеніміз не деген сұрауларға, ғылыми дәлді, ықшам, толық анықтама беріледі. Автор сөз өнері ғылымын шығарманың тілінің ғылымы; шығарманың түрінің ғылымы деп екіге бөліп қарайды. Тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны деп, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі деп екіге бөледі. Автор сөз өнерін үй қалау өнерімен өте қисынды салыстыра көрсетеді де, сөз талғау орайында шығарма тілі екі түрлі болатындығын айтады, олар – біріншісі – ақын тілі, екіншісі әншейін тіл. Сөз дұрыс болу үшін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулықты жақсы білу, өз орнында тұтыну, дұрыс есептеп, сөйлемдерді дұрыс орналастыру, құрмаластыру, орналастыру шарттары алға қойылады. Тіл тазалығына анықтама беріп, ол үшін орыстың жақсы жазушылары қойған талаптарды үлгі етіп алған. Ахмет Байтұрсынов “Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек”, - деген ұлы талабын өзі нақты іске асырды. Ғалым жер жүзі жұрттарының тілдеріндегі шығармалардың бір-біріне ұқсас болып келу себептерін тұрмыс-салт, өмір-тіршілік ұқсастығынан туатындығын кеңінен дәлелдейді. Адамзаттың балалық шағындағы табиғат құбылыстарын кереметке жору, жоққа илану, дәу, пері, жезтырнақ, жалмауыз секілділерден қорқып, пері-періштеге, аруаққа сену салдарынан туған шығармаларға баға береді. Жазу-сызу жоқ дәуірде туған жырлардың ауыздан-ауызға, заманнан-заманға көшуі, батырлар жырының бір адамның сөз болудан шығып, мың адамдікі, жұрттыкі, ұлттыкі болу себептері айтылады, “Қобыланды батыр”, “Алпамыс батыр” сияқты жырлар мысалға алынады. Ертегі секілді ескі сөздердің әркім өзгертіп, өң беріп, құбылтуына орай жалпылық сипат алатынын түсіндіреді, олардың неге халық шығармасы, халық әдебиеті есептелетінін анықтап береді. Осы тұста Ахмет Байтұрсынов былай дейді: “Ауыз шығарманы (анайы әдебиетті) ауыз сөз деп қана атап, жазба шығарманы (сыпайы әдебиетті) ғана танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі” Ахмет Байтұрсынов жаңа әдебиеттің пайда болуы туралы пікірлерін дамыта келіп, әдеби байланыс, әдеби ықпал орайында дәлді, нақты тұжырымдар жасайды. Мұсылман дінінің күшімен енген араб, парсы әдебиеттері әсерінен туған мазмұн, уақиға ауысуы, шығарманың жаңа түрлерінің пайда болуы, бұрынғы үлгілердің соны тақырыпқа қызмет етуі тұжырымды дәлелденеді. Ал қазақ жерінің отарлануынан кейінгі орыс әсері, Еуропа ықпалы өмірдің барлық саласынан көрінгенін, әсіресе көркем әдебиеттегі өзгерістердің туғанын А.Байтұрсынов жаңа бағыттар, жаңа жанрлық үлгілерді талдау арқылы айқындап береді.

Ахмет Байтұрсынов лириканы – толғау деп алып, осы әдеби тектің қыр-сырын ерекше тиянақты талдап, орасан терең пікірлер тұжырымдап, сұлулық, көркемдік, әсемдік, шеберлік табиғатына қатысты ойларын бажайлай жеткізеді. Кейінгі қазақ әдебиетшілері орыс тіліндегі еңбектердің ізімен саяси лирика,

махаббат лирикасы деп қана шектеліп келсе, Ахмет Байтұрсынов ұлттық өнердің өз табиғатынан шығарып, лириканың сап толғау, марқайыс толғау, налыс толғау, намыс толғау, сұқтаныс толғау, ойлаамалдау, сөгіс толғау, күліс толғау секілді түрлеріне анықтама береді. Ахмет Байтұрсынов драманы қазақша “Айтыс-тартыс” деп алып, оған мынадай жанрлық анықтама береді: “Айтыс-тартыста ақынның айтқан әңгімесін естиміз, уақиғаның өзін, уақиғада болған адамдардың өздерін көреміз. Уақиға көз алдымызда болып, адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір шеккенін көреміз. Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенше амалдап, қайратына қарай қару қылып алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жылағаны, ойнағаны, күлгені, сүйінгені, күйінгені, жауласқаны, дауласқаны, бітіскені, жарасқаны Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері тіпті жазушы десекте артық айтпағаным болар еді. Осы санатта жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған жанашыры. Қазақтың тілтану ғылымының атасы, елдің маңдайына біткен дара тұлға – Ахметім, бағымыздың бес елі екенін сіз арқылы тағы бір мақтана айтамын. Сіз арқылы қазақ әліппесін үйрендік, сіз арқылы тіл құдіретін түсіндік. Ұлылардың ұлысы Алаш елінің тынысы болған биыл міне, сіздің 150 жыл мерей тойыңызды атап өтудеміз. Сізді өмірге әкелген анаңызға бас ием, ананың ғана емес, халықтың баласы болған сіздің жолыңызды ардақтаймын. Ұлттың ұлы ұстазы - тағынан түспеніз, әрдайым ойымдасыз, жүректесіз...

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қ. Мұқаметов. «Бес арыс», 261 б.
2. Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші «Білім кеңесі», 1926, 56 б.
3. Байтұрсынов А. «Ақ жол», Алматы, 1994, №464.
4. Байтұрсынов А. «Әдебиет танытқы», Алматы, 1991.
5. Қойгелдиев М.Қ. Алашорда // Егемен Қазақстан. 1992. – 18 қаңтар.

ӘОЖ 82-3

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ-АНА ОБРАЗЫНЫҢ СОМДАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мусина Ж.,

магистр-оқытушы

Ихсанова Л.,

2-курс магистранты

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

e-mail: kazfilfak@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ әдебиетінде әйел-ана образының берілу ерекшеліктері талданылады. Прозалық шығармаларда көтерілетін әйел тағдыры мәселесіне тоқталынып, әйел образын суреттеу арқылы қоғамдық мәселелер көтерілетіндігі қарастырылады.

Кілт сөздер: проза, образ, әйел, ана, қоғам.

Annotation. The article analyzes the features of the transmission of the image of a mother woman in modern Kazakh literature. In prose works, the problem of women's fate is touched upon, social problems are considered through the description of the female image.

Keywords: prose, image, woman, mother, society.

Аннотация. В статье анализируются особенности передачи образа женщины-матери в современной казахской литературе. В прозаических произведениях затрагивается проблема женской судьбы, рассматриваются общественные проблемы, через описание женского образа.

Ключевые слова: проза, образ, женщина, мать, общество.

Проза жанры ширақ қимылдайды, қоғамның ойы мен пікіріне қарап тың сюжеттер алып келеді. Тілге жеңіл шағын әңгімелер қоғам тірлігін дербес зерттеп, ұтқаны мен ұтылғанын, жетістігі мен жетпегенін, бағытын кең ашып заманыңның шынайы бет пердесін көрсетіп береді. Тәуелсіз жылдарда жазылған прозалық туындылардың үлгісі өте күрделі боп кетті. Көңіл аударатын тың тақырыптар мен жаныңды тырнайтын ащы шындық прозаға өзгеше бір өрнек алып келді. Соның ішінде әйел (ана, келін, ене, абысын) тақырыбына тәуелсіз жылдарда әдебиетке келген жас прозашылардың жазбағаны жоқ десе де болады. Қазір қоғамда әйел-ана тақырыбы қызу талқыда. Тәуелсіз қазақ қоғамының анасы, әйелі қандай? «Қанша тақуа болып, иманды үйге алып келсең де, әйел долы болса есіктен кіргізбейді», дейді халық нақылы.

Қоғамдық мәні бар әйел тақырыбына қалам тербеген бүгінгі тәуелсіз жылдардың жас прозашы өкілдерінің еңбектеріне көңіл аударар болсақ, әйел тағдырын бүкпесіз ашық, бар болмысымен көрсетіп жазып жүргендер бар. Бұл орайда жас буын Сағадат Ордашеваның «Жұмадағы раушан», Қанағат Әбілқайырдың «Ұмыт мені», Алғадай Әбілғазыұлы «Сүйесің жүрек, күйесің», Әсем Қопағарова «Қызыл Орамал», Таңсұлу Алдабергенқызының «Әйел-әлем», Шәрбану Құмарованың «Ғасыр нұры», Әділ Дүйсенбековтің «Көкжиек», Ретбек Мағаздың «Көк етік киген әйел» т.б. шығармалар шоғыры - қазіргі өмір шындығы. Көтерілген тақырыптар көбіне қоғамдағы қазіргі өмірді шынайы бейнелейді. Шығармалардан кейіпкерлердің мына өмірге бейімделу жолындағы кәдімгі өзіміз көріп жүрген адам тағдырын көреміз. Соның ішінде – әйел тағдыры.

Ретбек Мағаздың «Көк етік киген әйел» шығармасынан әрбір қарапайым әйел өзін, өзінің күйеуін тани кетеді. Әйел адамның сұлулыққа құштар көзіне кейде өмірдің ауыр ауртпалығының өзі түкке тұрғысыздай көрінетінін байқауға болады. Шығармадағы жасы отыздан асқан Алтынның тірлігінен Алматыдай үлкен қаланың сұлулығын қимай, тәлкегіне шыдап жүрген қаншама жастардың тағдыры көрінеді. Осы кезде ойға М.Мақатаевтың «Бермесен бермей – ақ қой баспананды, бәрі бір тастамаймын астанамды» деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады:

Бұлар тамақтанып бола бере Алтын да келді. Есіктен кірген ол тұлан тұтып, сырт киімін алқын-жұлқын шешті де, орындыққа отыра кетті. Қабағы түсіңкі.

– Немене, жұмысың бітпей қалды ма? – деді Рахым қолын сүртіп жатып.

– Жоқ, бәрі дұрыс.

– Онда неге көңілісің?

– Ана, орыс тілді қатынның жыныма тигенін-ай!

– Қайдағы қатын?

– Бетінен алайын дедім де, үндемедім.

– Орысша білуші мең осы?

– Енді сен жыныма тимеші, ә!

– Қайда ол қатын, ЦОН-да ма?

– Жоқ, анау орталықтағы киім сататын «XXX» сауда үйінде.

– Үй, онда не істеп жүрсің?

– ЦОН-нан шыққан соң жаяу біраз жүргем, қасынан өтіп бара жатып әйнектің арғы жағында самсып тұрған аяқ киімдерге көзім түсіп кетті.

– Тапқан екенсің (*Әзілге жақын үнмен айтты*).

– Білесің ғой, былтырғы етігімнің әбден тозғанын.

– Иә, сосын?

– Сосын, ішіне кіріп едім, бір етікке қатты қызықтым, бағасы удай қымбат, бірақ әдемі... Бұл сөзді Алтын көзі жайнап, әйелдік ынтызарлықпен сүйсініп айтты. – Жып-жылтыр көк етік, алғым келді.

– Ой, сен де... бір апта жүріп тастайын, сосын аламыз, ондай етіктер «Барыс» базарында да толып тұр. Олар айта береді, Алдамшылар, – деп, Рахым өзінше қомданып қойды.

– Құр уәденді айтпашы, ә. Отыз жылдан бері базардың етігін киіп келем ғой! Ол – Италияның бренді.

– Базардан алып барып сатады екен ғой олар.

– Сосын киіп көрейін деп едім, бірнеше размер үлкен екен.

– Бағасы қанша дейді?

– Қымбат! Ала алмаймын ғой. Бірақ киіп көргім келді.

– Қанша екен енді?

– 240 мың теңге.

– Үй, жындысың ба? Ол біздің сегіз айлық квартилата ғой.

– Сонда да бір кигім келіп размерін сұрап едім, әлгі қатын...Алтынның көзі боталай қалды.

Дауысы дірілдеп шықты.

– Қабағын шытып, сол кезде дүкенге кірген басқа бір клиенттерге бұрылып кетті. Көзге ілмей тұр!

– Па, сол да намыс па? Сен түсінбей қалған боларсың, таусылып қалған шығар, – деді Рахым әйелінің көңілін аулағандай болып. Әйел бұған жұбана қоймады.

– Шіркін, әкем тірі болғанда, айтсам, алып беретін еді ғой, – деп, біраз жылдың алдында өмірден өткен әкесін есіне алып, әлі де еркелігі арылмаған қылықпен теріс қарап жылап та алды [1].

Әйел шынымен қаласа «Құдайдың өзі де оның алдында дәрменсіз болғаны ма» деген ойға қаласыз. Алтынның күйеуі Рахымның Алматыдай ірі мегаполистерде болып тұратын минингтер кезіндегі, үлкен тобыр қаңғыбастардың ұрланған заттарын бөлісіп жатырғандардың үстінен түсіп, олжаның жоқ жерден бұған да бұйыруы, құдайдың жарылқауы деп ойламай көріңіз. Және сол олжаның, әйелінің сұрап жылап, қалап отырған етігі болса ше...:

«Әй, мынау қандай тамаша етік еді», – деген манағы жалбыр бастың дауысы естілді. Аналар шалбардың екі балағынан ұстаған қалпы, енді оның қолындағы етікке үңілді. Сәл үнсіздіктен соң бөрік кигені саусағын шошайтып етікті нұсқап: «Ой, топас, андағың қатындарский етік», – деді оны масқаралағандай шалбарды жібере салған бойы қолымен санын шапалақтап. Анау намыстанып қалған

сияқты. Етікті қонышынан ұстап тұрды да, айналдырып-айнадырып Рахым тұрған жаққа қарай бар күшімен лақтырып кеп жіберді. Рахым ол жаққа қарап еді, әлгіні әлі масқаралап қайта даурығып жатыр екен.

Баспалап кеп етікке үңілді, жап-жаңа, жып-жылтыр көк етік екен. Еңкейіп алғысы келді, намыстанды. Сол сәтте есіне өткендегі әйелі айтқан көк етік түсті. Әлдебір күш желкесінен қапсыра ұстап төмен қарай басқан күйі, белін бүктіріп, жерде жатқан етікке қарай қолын жетелеп бара жатты...

– Шынымен тауып алдың ба? – деді Алтын су жаңа етікті аударып-төңкеріп қарап жатып, – Алдында мен көрген Италияның етігі емес екен. Базардыкі сияқты.

– Базардыкі болса да әдемі ғой, өзің айтқандай жып-жылтыр көк етік, – деді Рахым, етіктің бір сыңарын алып, қонышына қолын тығып көріп, – іші жүн екен, жылы сияқты. Бір размер үлкен екен ғой, – деді тағы табанын төңкеріп қарап.

– Бастысы, ұрлап алмасаң болды, өзім де қыста бір размер үлкен кием, – деді Алтын енді етікті киіп көрмекке ыңғайланып... [1].

Бұл жерде автордың суреттеп отырғаны – тап қазіргі біз бен сіздің көріп отырған, ойдан шығарылмаған, боямасыз өмір. Прозадан біз қазіргі әйел қауымы бойындағы өзіншілдікті де байқауға болады. Ішер асы төрт жұмыртқа бір нан, жұмыссыз, шие тей балалары бар және пәтер жалдап тұрып жатырса да, қатардан қалмауым керек, мен де киюім керек деген қазіргі әйел санасының заман ағымына қарай қатты өзгергені суреттеледі. Қазіргі психологияның да әйел қауымына беріп жатырған кеңесі – осы. «Сен әйелсің. Сен әдемі болып жүруің керек!» XX-XXI ғасырдағы әдебиетте негізінен ана образы көрікті де көркем суреттелсе, кейбір шығармаларда әйел образының еркін тұстары сынмен сипатталады.

Тәуелсіз әдебиеттің жас буын өкілі Сағадат Ордашеваның «Жұмадағы раушан» туындысы – қоғамның қатыгездігінен жапа шегіп жүрген біраз қыз-келіншектерге арналған шығарма. С.Ордашева бұл шығармасында әйел жанының нәзік сезімдерін көрсетеді. Бернардтың «Өз ойының дұрыстығына сенімді адамның сөзі анық болады» дегеніне сүйенсек, автор, әйел жанының жүдеу қалін дөп басып ашып көрсете білген. Шығармадан әйел ойының ұшқырлығын, қоғамдағы ананың орнын «Медитациялық» қоғамдар басқанын көресің. Ананың, ененің ақыл кеңесіне емес, жұлдыз жорамалға жүгінетін қыз-келіндердің бейнесі де көрініс береді:

Періштелер?–

Періштелер бүкіл жақсы ойыңызды Құдайға, сосын күйеуіңізге жеткізеді.

Жеткізеді деу– шартты ұғым, Құдай тағала «саған қантамырыңнан да жақынмын» дейді ғой,– Берген Жанарға таяп келіп шөкелеп отырды да, қолынан ұстады. –Сіз өте жақсы адамсыз. Жаныңызға батқан дерттен жараланып, кезінде оны емдей алмай, жылы жауып тастағансыз. Оны аршып алыңыз. Құдай тағала «сұрасаң – берем» дейді. Сізді құшақтасам бола ма? [2].

Жоғарыдағы мына бір үзіндіден, автордың, әйел жанының жаралы сәтін пайдаланып, еркек психологтің нәпсініне бой алдырып отырғанын көреміз. Өзінің бөтен әйелмен «Құдай» деп отырып күнәға батқанымен қоймай, алдына келген емделуші әйелді де күнәға батырып отырғанын көреміз. Шығармадағы көркемдік идея - әйел намысының тапталмауының алдын алу. Қазақ менталитетінде қыз-келіншек қолын ұстау – жат қылық. Осы арқылы автор қазіргі қоғам дертінің бір диагнозын ғана қойып берді.

Шығарма еркек психологтің алдына жан жарасымен алысқан өңкей қыз-келіншектердің уақиғасымен өрбиді. Мені ертең қатарымнан қалдырмай киіндіріп, ішкізіп жегізіп отыратын жігітке «қолымды қалай жеткізем» деп келген қыз, күйеуімен алысқан әйел туралы баяндалады. Сонда бұл адамдарға ақыл айтатын ардақты сыйлы аналарымыз, ақылдасып сыр шертісіп жүретін абысын-жеңгелер қайда кеткен деген ойға қаласың. Бұдан отбасы арасындағы, тіпті қарапайым адамдар арасындағы сенімнің жоғалғаны көрінеді. Бұл автордың қоғам дертіне қойып отырған тағы бір диагнозы.

Қорыға айтқанда, әйел-ана тақырыбы – қай кезең әдебиетінде де өзекті. Қазіргі қазақ прозасында да бұл тақырып кеңінен қамтылады. Қазіргі прозада әйел-ана бейнесі қоғам мәселелерімен бірлікте суреттеледі.

Әдебиеттер:

1 Мағаз Р. Көк етік киген әйел. – Әдебиет порталы, 2021 ж.

2 Ордашева С. Жұмадағы раушан. . – Әдебиет порталы, 2022 ж.

Аңдатпа. Ахмет Байтұрсынов есімі – қазақ үшін қасиетті есім. Ол – қазақ ұлтының әлеуметтік өмірі мен мәдениеті, ғылымы мен білімі жолында аянбай адал еңбек еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, қайталанбас зор тұлға. Ол өз ұлтының бағы жану үшін өмірдің барлық саласына араласты. Бұған оның атақ-даңқы мен еңбектері дәлел бола алады. Қазақ халқы біртуар перзентін қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, әдебиет зерттеуші, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы ретінде жақсы біледі.

Мақалада Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, қазақ халқы үшін жасаған еңбегі жайлы сөз қозғалады. Қазақ халқына мұра етіп қалдырған шығармалары бүгінгі таңда өзекті әрі пайдасы ұшан-теңіз. Келешек ұрпаққа ұлы тұлға, ұлт ұстазының қадір-қасиетін ұғындыру, ерліктерін дәріптеу, шығармашылығымен сусындату әр қазақтың парызы деп есептеймін.

Ахмет Байтұрсынов – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға келмейтін ерекше тұлға. Өз арманы жолында арыстанның аузына, зымыстанның түбіне бара жүріп, халқына қалтқысыз еңбек сіңіре білді. Елдің арасына алалық кіргізетін айтыс-тартыстан аулақ тұрып, тек қана ұлттық мүддеге қызмет етті. Дана өз заманынан озып туады, тозық елді озық етемін деп халқының алдына шығып өрге сүйрейді, жолында тұрған кесапаттарды өңменінен түйрейді. Ол – ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл.

Аннотация. Имя Ахмета Байтурсынова священо для каждого казаха. Он внес неоценимый вклад в развитие социальной и культурной жизни казахов, в развитие науки и образования, обладатель большого таланта, неповторимая личность. Ради счастья своего народа он принимал участие во всех сферах жизни. Этому подтверждением являются его труды и награды. Казахский народ знает своего сына как общественного и государственного деятеля, поэта, литературоведа, ученого, тюрколога, публициста, педагога, переводчика, национального реформатора, просветителя.

В статье затрагиваются творчество Ахмета Байтурсынова, его труды ради казахского народа. В настоящее время польза его творчества, оставленное казахскому народу, актуально и бесценно. Я считаю, что долг каждого казаха передавать из поколения в поколение труды, взгляды, уникальное творчество великого учителя нации.

Ахмет Байтурсынов - ни с кем не сравнимая личность в нашей национальной истории. На пути к своей мечте, побывав в различных жизненных перепитиях, он неустанно трудился во благо своего народа. Ахмет Байтурсынов обходил ситуации, которые могли бы привести к разрозненности народа, трудился только на развитие нации. Уникальная личность, родившийся раньше своего времени, пытаюсь сделать отсталую нацию передовой, возглавив свой народ, поднял его на вершину, одолевая преграды на своем пути. Он – личность, любившая всею душою свою нацию.

Annotation. The name of Akhmet Baitursynov is sacred for every Kazakh. He made an invaluable contribution to the development of the social and cultural life of the Kazakhs, to the development of science and education, the owner of great talent, a unique personality. For the sake of the happiness of his people, he took part in all spheres of life. This confirmation is his works and awards. The Kazakh people know their son as a public and statesman, poet, literary critic, scientist, Turkologist, publicist, teacher, translator, national reformer, educator.

The article touches upon the work of Akhmet Baitursynov, his works for the sake of the Kazakh people. At present, the benefit of his work, left to the Kazakh people, is relevant and priceless. I believe that it is the duty of every Kazakh to pass on from generation to generation the works, views, unique creativity of the great teacher of the nation.

Akhmet Baitursynov is an incomparable personality in our national history. On the way to his dream, having been in various life experiences, he worked tirelessly for the benefit of his people. Akhmet Baitursynov avoided situations that could lead to the fragmentation of the people, he worked only for the development of the nation. A unique personality, born before his time, trying to make a backward nation advanced, leading his people, raised him to the top, overcoming obstacles in his path. He is a person who loved his nation with all his heart.

«Ғылымдар дүниелік сиқыр болмақ,
Оқыған ол ғылымды кәпір болмақ».
Зулатып шариғатты шарт жүгініп,
Молдекең отырғанда мойнын толғап.
Сондықтан заман жүйрік, біздер шабан,
Артында ілесе алмай жүрміз әман.
Күн сайын өзгеріліп, қнер артып,
Бәрі де бара жатыр алға таман.
«Заманның түлкі болса, тазы боп шал» -

Деген сөз аятпенен бірдей маған.
Алақтап артымызға қарағыштап,
Жүргенде-ақ озып, ұзап кетті заман.
«Нәрсені түске енбеген өңде көрдік,
Соларды тапқан - ғылым» дейміз жаман.

Жиырмамыншы ғасырдың басында өмір сүрген қай зиялыны алсаң да білімі мен қайраткерлігі тең түскен тұлға екенін көріп, қайран қаласың. Барлығының арманы – қазақтың қатардан қалмағаны. Ал Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың сауатты болғанына басты зер салып, күшін соған жұмсаған. Алаш сапында жүріп «Қазақ» газетінде тер төкті. [1, 2-б.]

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ұлтының әлеуметтік өмірі мен мәдениеті, ғылымы мен білімі жолында аянбай адал еңбек еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, қайталанбас зор тұлға. Өз заманында-ақ «Қазақтың Ахаңы» деген мәртебелі атқа ие болған біртуар тұлға кеңестік Қызыл империяның «солақай саясатының» кесірінен адам қолынан құрбан болғандығы бүгінгі ұрпаққа белгілі. Аханның есімі мен еңбектерін ұзақ уақыт бойы айтуға тыйым салып, «тұмшалап» келгенімен, айтулы тұлға еңбегі халқы үшін мәңгілік өшпейтіндігін мойындатты. 1988 жылы 4 қарашада Ахмет Байтұрсынұлы ресми түрде ақталды. Содан бастап тек қазақ қана емес, бүкіл түркі халықтарының «көсемі» болған Ахаңмен халық қайта қауышып, оның ұлты үшін еткен ерен еңбектері жас ұрпаққа ашық түрде насихаттала бастады, оның еңбектері мен зерттеулерінің тарихилығы мен маңыздылығы ғалымдар тарапынан нақты дәлелденді. [2, 6-6]

Қазақтың ұлы ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін істеген игі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі – араб жазуына өзгерістер енгізіп, қазақ әліпбиін (алфавит) құрастыруы. Осы арқылы ғалым қазақ халқының тез сауаттанып хат тануына, оқу-білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал етті. А.Байтұрсынұлы жазуы дамымаған ұлттың артта қалатынын, оның қоғамдағы қажеттілігін және адам өміріндегі маңызын өзінің шығарған оқулықтарында үнемі ескертіп отырды. Жазу дегеніміз – шын мәнінде, кез келген халықтың рухани деңгейі мен мәдени дамуын көрсететін негізгі құрал. Ғалым осы құралды ұлттық деңгейге көтеру жолында жан аямай еңбек етіп, тер төкті. Себебі сол кезеңге дейін ұзақ ғасырлар бойы қолданыста келе жатқан араб жазуының халықты тез әрі жаппай сауаттандыру жолында үлкен кедергілері мен қиындықтары бар еді. А.Байтұрсынұлы осы кедергілер мен қиындықтарды жоюдың ең басты заңдылығына сәйкес реформалау деп білді. Ғұлама осылайша ұзақ ғасырлар бойы өзгеріссіз қолданылып келе жатқан араб графикасын қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын көтеріп, оны іс жүзінде реформалады.

Бұған дейінгі қолданылып жүрген араб жазу жүйесінің қандай кемшіліктері бар, оны реформалауға не түрткі болды дегенге келсек, дәстүрлі араб жазуында: **біріншіден**, бір дыбысты жазу үшін бірнеше әріптер пайдаланылатын; **екіншіден**, сөзді жазғанда оның тек дауыссыз дыбыстары ғана таңбаланатын да, дауыстылары жазылмаған сөздің мағынасын түсіну қиындық тудыратын; **үшіншіден**, араб әліпбиінде дауысты дыбыстарды белгілейтін таңбалар саны үшеу ғана болғандықтан, бұл таңбалар тоғыз дауыстысы бар қазақ тілі үшін жеткіліксіз болды; **төртіншіден**, «мұсылманша сауат ашу» әдісінде әріптердің таза араб тіліндегі дыбысталуы мен айтылуын жаттаумен ұзақ уақыт кететін; **бесіншіден**, ол кездегі жазба тілдің құрылымында араб, парсы, «ескі тілдің» сөздері көп қолданылатындықтан, қалың бұқараға емес, аз ғана топтың мүддесіне қызмет ететін. [2, 76]

Қазақ тіл білімі мен оның қалыптасуындағы Ахмет Байтұрсынұлының алатын орны туралы бізге дейін де аз айтылған жоқ. XX ғасырдың басындағы қазақ ғылымының дамып өркендеуіне оның қосқан үлесі бүгінгі ұрпақ тарапынан өзіндік бағасын алса да, ахметтану проблемасы түпсіз тұңғиық тәрізді. Әсіресе, ғалымның қазақ тілінің жеке салаларын теориялық тұрғыдан дамытуға сіңірген еңбегі тиісті бағасын әлі күнге ала алмай отыр. Асылы, Ахаңның қазақ ғылымындағы орнын бір ғана саламен немесе оның қазақ өркениетіндегі рөлін бір ғана категориямен бағалауға есте болмайды.

Ең алдымен, Ахаң – қоғам қайраткері. Даналар әрқашан да өз халқының өмір шындығын, тағдырлық болмысын ақыл таразысы арқылы сипаттауға тырысқан. Ахмет Байтұрсынұлы үшін де қазақ халқының тағдыры мен өз басының жеке тіршілігі арасында алшақтық жоқ. Ахаң үшін бұл екі категория біте қайнасқан бір болмыс болып есептелген.

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын қуса, жылжи беру,
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ, -

деп басталатын өлеңінде XX ғасырдың басындағы қазақ даласының жай-күйін Ахаң өзінің жан дүниесімен түсініп, өз сырқатындай сезінеді. Қазақ даласындағы қоғамдық формация қалай өзгерсе де, Ахмет Байтұрсынұлы құдалаудан арыла алмаған. Осы деректің өзі оны өз ұлтының шын мәніндегі патриоты деп айтуға негіз бола алады. [3, 4-6]

Ахмет Байтұрсынұлы өз арманы жолында арыстанның аузына, зымыстанның түбіне бара жүріп, халқына қалтқысыз еңбек сіңіре білді. Елдің арасына алалық кіргізетін айтыс-тартыстан аулақ тұрып, тек қана ұлттық мүддеге қызмет етті. Кеңес үкіметімен мәмілеге де сол үшін барды. Ақ пен қызылға бөлініп,

бір-бірін бүріп тастағалы тұрған үзеңгілестерін аман сақтап қалғысы келді. Бай мен жарлыға бөлініп, барынан айырылып қалғалы тұрған халқының ұйытқысының бұзылмағанын көздеді. Патша кезінде де жан аямай қолға алған ағартушылық реформаны жаңа жағдайда жалғастыра беруге тырысты. Сол үшін де ағарту комиссары болуға келісті. Сол арқылы ұлттық оқу-білім, мәдениет, өркениетті дамыту ісіне ешқашан естен шықпастай мәңгілік үлес қосып үлгерді. [4, 6-6]

Ахмет Байтұрсынов – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға. Ол – кесекеті кезеңде келелі істер тындырған кемел ер. Ұлы тағдырларды ұланғайыр тарих кеңістігінің ұшан-қырларына үңіліп барып ұғына аласың. Сөйтсек, ол кешкен ахуал адамзат басынан әлденеше рет өтіпті. Олардың қай-қайсысы да үйреншікті үрдіспен тіршілік айыру мүлдем болмай қалатын тығырық кезеңдерге тап келіпті. Бұл – айрықша асқындап кеткен алапат қайшылықтар амалсыз алып баратын асқан батыл әрі тым шетін әрекеттер кезеңі еді. Ондай нар тәуекелден іс шықса – күллі дүние күйлейтін, іс шықпаса – күллі дүние күйзелетін. Ал дағдылы жолды місе тұтып, әлгіндей бейнетті ізденістерден қалыс қалғандар оның зейнетінен де көп уақытқа дейін қалыс қалатын. Ұлттық дамудың озғындығы мен тозғындығы осыдан өрбитін. Сондықтан қалыс қауымды алысқа озып кеткен өркениет көшіне жетелеп апарып іліктіруге тәуекел ету үшін елден ерек ер жүректік керек еді. Ол – ешқандай атланттардың иығына шықпай-ақ, бұрынғылардың көздеріне ілесе қоймаған соны көкжиектерге көз жеткізе білген көреген. Ол бір басының тәуекелімен бүкіл бір ұлттың тәуекелінің түгел оянуына түрткі болды. Бір өлеңінде ол: оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, бітпейтін жүрегімде бар бір жарам, алданып жегеніме оны ұмытсам болғандай жегенімнің бәрі харам, - деп жазды. [4, 4-6]

Адам баласының тарихында миллиардтаған жандар келді, өтті. Олардың басым көпшілігі қара басының қамынан аса алмай өмір кешті. Ахаң сөзімен айтсақ, «сасық ми, салқын жүрек санасыздар алаңсыз ақ малтасын езіп жатыр». Әрине, барша пенде жер бетінде өз басынан аса алмай өтсе, әлемді, Назым Хикмет айтқандай, қара түнек басар еді.

Егерде сен жанбасаң, жанартау боп атылып,
Егерде сол жанбаса, аруақты шақырып.
Егерде біз жанбасақ, замананы сапырып,
Басар сонда барша әлемді түнек пенен қапырық,

деп Назым Хикмет тебіренсе, Ахаң тұрып:

Мен бұқтым, жаттым,
Сен бұқтың, жаттың,
Кім істейді, қызмет?! –

деп ұлтына қызмет істер перзент іздеуі, «Ұл туып, ұлы жолда қызмет етсе, онан зор ұлтқа бар ма ырыс» деген үндеуі осыдан.

Дана өз заманынан озып туады, тозық елді озық етемін деп халқының алдына шығып өрге сүйрейді, жолында тұрған кесапаттарды өңменінен түйрейді. Ол күрескен кесапаттар – надандық, қараңғылық, кертартпалық, адами хайуандық, отаршылдық, ұлттың азуы мен тозуы, оның бұратандық болмысы, жараланған жан жарасы, құлшылық санасы, таланған жер, қансыраған тілі, шоқындыру саясатынан жансыздана бастаған діні, орыстандырыла бастаған ділі.

Ахан тағдыры – ел тағдыры.

Қазақ халқы «олжалы жерде үлестен», «ордалы жерде орыннан», «жоралы жерде жолынан» қалмауын ойлаған, «ұлттық құтқару майданының» сардары, XX ғасырдағы ұлттық ренессансының бастауы Ахмет Байтұрсынов планетарлық ойшылдар қатарынан орын алары даусыз. Ахаңның өз орны бар әлемдік ұлылар галереясында XX ғасырдың ұлы гуманисті Ганди, түркі әлемін оятқан Кемал Ататүрік, шілдің боғындай шашыраған араб әлемінің басын қосқан Насыр, әккі отаршыл Ресейді еңіреткен, XX ғасырдың Шәмілі – Дудасев, әлемдегі әрбір төртінші адамның жан дүниесін елжіреткен Дян Сяо Пин, тұңғыш ғарыш перзенті Гагарин, адам құқының қорғаны Сахаров, алты алаштың арысы Әлихан Бөкейханов сияқты біртуар тұлғалар бар. [5, 1-6]

Халыққа өзінше қызмет қылған адам кәміл тоқтайтын кісілік жасына жеткенде, сол кісінің халыққа істеген қызметтерінің қандай екенін бастан-аяқ баяндап отыру әр үлгілі халықтың әдеті. Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан өз заманында патшаның арам құлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі. Әрине, Ахмет қазақ халқының байы мен жарлы-жалшы табының жігін ашып, бұл екі тап қатар тұрғанда, жарлы табын байлар табы жұмысқа жегіп қойып, борсықша сора беретіндігін айтқан жоқ. Байлардан бөліп жарлы табының ғана намыстарын жыртып, арын жоқтаған жоқ. Жарлы табының шоқпарын соққан жоқ. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады.

Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа көніп, ұйқы көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Ол – ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл. Ұлтын сүюдің зорлығынан, 1917 жылы патша түсіп, революция (өзгеріс) болғанда, қазақтың бұрыннан арсыз, имансыз оқығандары «ұлтшыл» бола қалып «Алаш» партиясында... болды. Адал ниетті Ахмет бір тұтынған жол үшін, шын сүйетін ұлты үшін қандай партияға болса да кірмей қойсын ба?! Өзі үшін ұлтшыл болған қулардан бөлініп, Ахмет сол ұлт ұамы үшін коммунист партиясына да кірді. [6, 337-6]

Ахаң нәзік маса, ол ұйықтаған қазақ халқының үстінде қоймастан «ұйқысын аз да болса бөлуге ызыңдады». Коммунистердің ертелі-кеш «ызыңдап» жүрудің орнына мырзалардың, байлардың бетіне былш еткізіп салып қалғаны нәзік жанды Ахаң қолайлы көрінбеді. Қанша ұлт үшін коммунист партиясына кірсе де, дүниедегі барлық адам баласының ұлттарына қарамай, бәрін бірдей сүйетін коммунистерді көріп, өз ұлтын ғана сүйетін Ахаң өзі айтқандай, «қызыл» бола алмады. Ахаң байлардың құлдығында шіріген жарлылардың айғайшысы емес, олардың шоқпаршысы емес, бірақ байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін – адал жүрек таза ұлтшыл. Қалай болса да жазушысы аз, әдебиеті нашар, қазақ жарлыларына «Оқу һәм тіл құралдарымен» қылған қызметі таудай». [6, 339-б]

Алатаудай асқақ та айдынды бейнесі туған халқының санасынан өшпейтін, ғасырлар алымында ғана біртуар заңғар ошшыл Ақаң – Ахмет Байтұрсынұлының тойы әлі де жалғаса берері, әлі де талай-талай зерделі мақала жазылары хақ. Солай болуға тиіс те! Бұйығы, ұйқыдан арыла алмай жатқан манаураулы халқын сергіту жолында сөзбен шаққан сары маса болуға белін бекем буған, тыңға түрен салып, қазақ тіл білімі секілді қиын ғылымның негізін қалаған ұлы ойшыл, тумысынан гуманист ардагер ағамыздың соңында қалған көптеген құн жетпес, ешқашан мән-маңызын жоғалтпас мәңгілік мұраларының ішінде қазақ халқы, оның зиялы ұлдары мен қарымды қаламгерлері арасында барынша кең таралып, айрықша құрметке ие болған, тіпті тұтас бір ұрпаққа үлгі ретінде танылған еңбегі «Қырық мысал» еді. [7, 5-б]

Біздің кемеміз үміт жағалауына жақын қалды. Бұндай кезде жауапкершілік бұрынғыдан да арта түседі. Өйткені сың кезең әлі өткен жоқ. Тарихтың алдан қанша талқысы тосып тұрғанын ешкім білмейді. Сонда қалтылдақ қайықтың кебіне түспес үшін тәуелсіздік алғаннан бергі аз жыл ішінде жинақталған тағылым мен тәжірибені жете байыптап, әділ бағалағанымыз, бұдан ары қарай да тізгінімізді сол талай тығырықтан аман алып өткен саяси реализм мен мемлекеттілігіміздің, демократия мен реформаның мүдделерін қорғаудағы азаматтық табандылықтың сенімді қолына бекем ұстатқанымыз дұрыс болары даусыз.

Тек сонда ғана осындай аса бір жауапты кезеңде бәріміздің басымызды маңызды мәслихатқа жиып отырған Ұлттың Ұлы Ұстазы аруағы алдындағы шәкірттік арымыз таза, иманымыз кәміл болар еді.

Ол бүгін расында да мынау бастандықтың бозала таңында ақ бозға мініп, қыр басынан көрінген Қызыр Илияс сияқты. Алдынан жүгіріп, аяғын құшқымыз келеді. Үзенгісіне жабысып, әкеден балаға ауысып келе жатқан сағынышымызды басқымыз келеді. Қайтадан ақ жол үстіндегі бүгінгі ұрпақ ол жазып кеткен адамгершілік пен азаматтық, жаңартушылық пен жасампаздық әліппесін жетік меңгеріп, жемісті жүзеге асырарына сендіргіміз келеді.

Сонда рухани піріміз Ахаң көк аспандағы көлеңдей желпілдеген көк туымызға көзі түсіп сүйсінер. Өздері көре алмай кеткен тарихи дәуренге біздің жеткенімізге еміренер де тебіренер. Бір кезде «Қазақ» газетінде берген батасын берер: «Төңірекке қарасаң, түнерген бұлттар әлі бар. Түбі қандай болады деп қобалжымалық... Дауылды жауын ету қолымыздан келмесе де, үйімізді үй етіп, шашылмай қалудың камын желік...Дүниенің төріне ұмтылғандар төрден орын алып жатыр. Ұмтылмағандар есікте қалып жатыр...Қалмайық десек, қарап жатпалық...Көп ісіне көп болып жабылайық...Қолымнан не келеді деп қорынбайық. Ұлтына қызмет етуге ниет болса, жұмыс табылады. Көп жұмыстың ауыры да, жеңілі де болады. Қазақтың бітіп, тынып тұрған нәрсесі жоқ. Әркім әлінен келер жұмысын алсын. Жадымызда болсын, аз нәрсе көпке сеп болмақшы. Сәл демеу зорға сүйеу болады. Ұлы іс ұсақтан ұлғаяды...Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына үлес қосу қазақ баласына міндет.

Елін қорғайтын ер болайық,

Ерін қолдайтын ел болайық! – дер.

Қай ісіміздің де құдай сәтін салғай! «Әумин!» деп қол жайып, «Әуп!» деп күш қосып, «Алла!» - деп іске кіріселік, - дер.

Бүгін бұны жете ұғынып, терең сезініп отырған халық та бар, қоғам да бар, азамат та бар.

Сондықтан ұлтымыздың кешегі де, бүгінгі де, ертеңгі де ұлы ұстазына: «Ләзбай, тақсыр! Айтқаныңыз болсын!» - деп басымызды иіп, тағзым етелік! [8, 4-б]

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтарова С. Ахаңның арманы [Мәтін]: «Парасат» қоғамдық-саяси, әдеби-көркем және суретті журнал, - 2018. – №01. – 2-б.
2. Мамырбекова Г. «Байтұрсынұлы жазуы» атанған Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиінің жарық көргеніне жүз жыл [Мәтін]: «Ана тілі» ұлт газеті, - 2012. – №37 (1138). 13-19 қыркүйек, – 6-б.
3. Отар Әлі Бүркіт.Қазақ өркениетінің прометейі [Мәтін]: «Орал өңірі» облыстық газеті, - 2003, 13 ақпан, 4-б.
4. Кекілбаев Ә. Ұстаз ұлағаты [Мәтін]: «Қазақ әдебиеті» Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер газеті, - 1998. №41 (2567). 16 қазан, 6-б.
5. Қозыбаев М. Ахмет Байтұрсынов – XX ғасырдың ұлы реформаторы . [Мәтін]: «Егемен Қазақстан» ұлттық қоғамдық-саяси газеті, - 1998. - №188 (21913). 24 қыркүйек, бейсенбі, 1-б.
6. Ісмақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017, 337-б.

7. Улы тіл, көркем кесте.«Қазақ әдебиеті» Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер газеті, 1993, ақпан, 5-б.

8. Ұстаз ұлағаты.«Егемен Қазақстан» ұлттық қоғамдық-саяси газеті, 1998, 15 қазан,4-б.

ӘОЖ 821.512.122 (574.1.)

ЖЫРЫМЕН РУХТЫ ОЯТҚАН...

Р.Қ. Мұхамбетқалиева

ф.ғ.к.,доцент

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ.

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның батыс өңіріндегі 19 ғасырдағы тарихи уақыт пен кеңістіктің хабаршысы, қазақтың «Қобланды» және «Ер Тарғын» дастандарында батырлар бейнесін алғашқылардың бірі болып танытқан Марабай Құлжабайұлының өмірі мен шығармашылығы сөз болады.

Аннотация. В статье рассматривается жизнь и деятельность Марабая Кулжабайұлы, являвшегося глашатаем XIX века исторического времени и пространства западного региона Казахстана и в числе первых воплатившего образа батыров в казахских эпосах «Кобланды» и «Ер Тарғын».

Annotation. In this article there is a review of Marabai Kulzhabaiuly's vital activity, who was the herald of historical time and public crier west Kazakhstan region space in the 2nd half of 19 Century. He also was one of those who implemented the image of batyrs in Kazakh epics "Koblandy" and "Er Targyn".

Талай ұрпақтың ат тұяғының дүбірін дүбірге жалғап, елдіктің тізгінінен айырылмай, ісі қазақтың даласына төте шапқан жауға қақпақыл болып, талай ғасырды артқа салып келе жатқан Қазақстанның батыс өлкесі- басқан ізі қағаз бетінде қалатын сол кездегі жылнамашыл Ресеймен қоянқолтықтасып жатқандығынан хатқа түскен ерлік дәстүрінің баршылығымен де, құжаттардан гөрі ақын-жыраулардың сөзімен сомдалып, поэзия тілінде майырылған көркем тарихтың мол сақталуымен де танымал ел. Батыс Қазақстанның барша айтқышы мен заржақтарын түгел түгендемесек те, XIX ғасырдың өліарасында Қазақстанның батыс өлкесіндегі Теректі маңайында туып-өсіп, ақын-жыршылдығымен жарқыл-жұрқыл өмір кешкен от мінезді, орақ тілді Марабай жыраудың шығармашылығынан да қазақ өмірінің талай алмағайып жағдайларынан хабардар боламыз. Кейде он өзгеріп, сан түрлендіріліп жататын жазба деректер мен алыс-жақын елдердің ұлысымыз туралы айтып жататын «көсемшіл» бір жақты пікірлерінен гөрі, бір бунағын да ешбір ғаламат өзгертуге қауқары жетпейтіндей етіп сөз қауызына көркем тілмен сыйдырған жыршы-жырауларымыздың бейнелеуіндегі тарихымыздың шынайылығына, оны бейнелей білудің асқан шеберлігіне тәнті боласың.

Қазақ тарихын образдаудың жарқын үлгісін жасауға дейін қазақтың қаһармандық жырларын жөргегінен жаттап өскен, ісі қазақ оны «Қобыландысы» мен «Ер Тарғыны» арқылы білетін Марабай жыршының туған әдебиетімізге қалдырған мұрагерлік баяны мен дәнекерлік еңбектері – бүгінде теңдесі жоқ ұлттық байлығымызға айналды.

XX ғасырдың қыркыншы жылдары Каспий жағалауындағы Мұрын Сеңгірбеков арқылы Қырымның қырық батырының есімдері жаңғыртылып, ерлік істері ел жадына оралса, батысқазақстандық Марабай жырау арқылы да «елім деп еңірген, жерім деп еміренген» баһадүрлер туралы қайталанбас жауһар жырлар бүтінгіге аман жетті. Қазіргі орта мектепте және жоғары оқу орындарында оқытылып жүрген «Қобыланды», «Ер Тарғын» жырлары Марабай варианты бойынша бағдарламаға енгізілген. Себебі бұл варианттардың көркемдік, тарихи өлшемі жалпы әдеби туындыға қойылатын талаптардың биігінен көрінеді.

1852 жылы Н.Ильминский Марабайды әдейілеп шақыртып, одан «Ер Тарғын» жырын жазып алып, сол нұсқаны 1862 жылы Қазан қаласында бастырып шығарады [1]. Ол қазақ халқының жыр үлгілерінің шоқтығы биік, аса құнды мұра екендігіне таңданыс білдіре отырып, кітабының соңғы жағына өзінің қазақ жырына деген ерекше ілтипатын: «...Алыс жерден, жақын көңілден тәмам жұртқа көп сәлем деп, көп дауда тынышың бұзылмасын, дәулет құсы сайрап тұрсын деп тілеген соң, «Әкем өлсе өлсін, тек әкем айтқан сөз өлмесін» дегендей, «Ер Тарғын» толғауын жылқы жылы Табын еліндегі атақты Марабай ақыннан жаздырып алып, бұл арада бастырғаным - жырды өлмесін дегенім...»[2] - деген жолдармен білдіруіне қарағанда, зерттеушінің бұл жырды Марабай баянынан жазып алғандығында күмән жоқ. Себебі 1860 жылдары оның П.Савельевке жазған бір хатында: «...Егер шын сырымды айтсам, ендігі жерде татарлардан гөрі бар ынтамды қазақтарға бұрам, бұдан былай Қазанға емес, тікелей Орал өңіріне бағыт аламын...»[3] - дейді және шынымен де Н.Ильминский көп ұзамай қызмет бабымен Батыс Қазақстанда жүрген орыс интеллигенттерімен жиі араласатын Ы.Алтынсаринмен жалғасып, батысқазақстандық Марабай сынды ақын-жыршылардың жырлауындағы қазақ жырларын түгендей бастайды.

Бұдан кейін де «Ер Тарғынның» көптеген варианттары оқтын-оқтын жарық көргенімен, бәрі де сол Марабай вариантымен егіздес, мазмұндас, көлемі де шамалас болды. Яғни аталмыш ежелгі жырдың алғашқы жырлаушысы Марабай болғандығы күмән туғызбайды.

Қазіргі таңдағы бұқараға белгілі Марабай нұсқаларындағы жырлардың қай-қайсысы да көлемділігін айтпағанда, бейнелеу шеберлігі мен көркемдік тәсілдері жағынан ерекшелеу, оқиғалары жүйелі, композициялық құрылымы тартымды болып келеді. Ішкі сюжеттік желісінің де бірде алға шауып, бірде кенже қалып жататын тұстары мен көбіне ежелгі мұралардан жиі көрініс табатын аумалы-төкпелі хаостық оралымдар да бұл жырда кездеспейді, қысқасы, ауызекі құндылықтың ішкі тінінен көптеген әдеби, тарихи категорияларды да екшеуге болады.

Марабай ақын арқылы көзайым болған «Қобыланды батыр» жырын да 1860 жылы Ы.Алтынсарин өз аузынан жазып алып, оның ең сүбелі бөлігі – «Тайбурылдың шабысын» өзінің «Киргизская хрестоматия» деген еңбегінде 1879 жылы бастырғаны белгілі. «Қобыланды батыр» жырының Марабай жырлаған ең көркем нұсқасын 1922 жылы Ә.Диваев Ташкентте шығарған «Батырлар» атты жырлар топтамасында жариялайды[4]. Бұл нұсқаны Ә.Диваевқа Ақмешіттен Мұрат Өскеұлы жібергенімен, Марабай вариантымен өте ұқсас әрі көлемі де бірдей болады, демек, кеңес дәуіріне дейінгі жырланған Марабай нұсқасы қазақ елінің көптеген жерлеріне тамыр жайғандығын байқатады.

Қазақстанның батыс өлкесінің бірнеше аймағынан «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» деген атаумен жыр үлгісін ел аузынан жазып алуда батысқазақстандық жидашы профессор М.М.Тілеужановтың да атқарған еңбегі аса зор[5]. Ол 1954 жылы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің жанынан өзі ұйымдастырған фольклорлық-этнографиялық экспедициясының кезінде Марабай жырлап кеткен «Қобыландының» азын-шоғын өзгертілген нұсқасын Нұрсейіт Битілеуов деген айтқыштан жазып алады да, ал 1958 жылы Орынбор облысына барған сапарында Сүйіншіәлі Жаңбыршин деген термешіні бірнеше күн жырлатып, Марабай нұсқасының ұзақ та әдемі баянын ауызба-ауыз қағазға түсіреді. Батысқазақстандық немесе оған шектес жатқан Ресей аймағындағы айтқыш қазақтардың қай-қайсысы да жырланған жырларының «Марабай жыраудан қалған естелік еді...» - деп ескертіп және Марабайдың айтқанындай жеткізе алмай отырғандықтарына өкінген түр білдіреді екен. Мұны жидашы М.М.Тілеужанов студенттерге жүргізген фольклорлық дәрістерінде үнемі үлгі етіп айтып, қазақ айтқыштары мен тақтақтарының Марабайды ерекше ұстаз тұтып, қазақтың киыр өлкесіндегі жыршылық мектептің бетке ұстарындай бағалайтынына риза болатын.

Профессор М.М.Тілеужанов - Марабай варианттарын жиып-теру барысында жинақталған көптеген түрлерін салыстырмалы-типологиялық тұрғыда зерттеумен де айналысып және көп жыл бойы қазақтың көпжанрлы ауызекі әдебиетінен тіркетеген бес томдық халық мұрасын Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институтының қолжазба бөліміне өз қолымен апарып тапсырған алғашқы батысқазақстандық жидашы еді. Қазір М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде профессор М.М.Тілеужановтың жарты ғасырдан астам уақыт бойы ел кенішінен жинаған фольклорлық мұралары арнайы мұражайда сақтаулы тұрғанымен, жүйелі зерттелуін күтетін шеті де кертілмеген мәселелері ас та төк. Жидашы-ғалым өзінің көзі тірісінде қазақ жырларының локальды ерекшелігі, көпсатылылығы, көпжанрлылығы, көпнұсқалылығы, тарихи және көркемдік танымы секілді мәселелерін немесе халық фольклорына қатысты бұрын ешкім тіліне салмаған, қаперіне алмаған жағдаяттарын қай ғылыми ортада да білгірлікпен батыл айтып, фольклоршы-мамандарға ой салып жүретін еді.[6]

Батыс қазақстандықтардың деректі дәлелдемелерінің нәтижесінде ХХ ғасырдың жетпісінші жылдары Москвада шыққан «Қобыланды батыр» жыры да Марабай нұсқасы екендігі анықталып, іле көркем жыр 1977 жылы жарық көрген «Ақсауыт» атты батырлар жырының топтамасына енгізілді. Кейіннен қазақ әдебиетін зерттеушілер: Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаевтардың азын-шоғын түзетуімен Марабай жырлаған вариантынан орынсыз түсіп қалған өлең жолдары қалпына келтіріліп, бүгінгі жас құлақтарға да Марабайдың осы нұсқасы ұсынылған болатын. Марабай жырлаған варианттардың сюжеттік-композициялық құрылымы қырылып-жонылғандай жүйелі, ішкі семантикасы бай, шым-шытырық оқиғасының бәрі дерлік экспозициясынан шарықтау шешіміне дейін әу бастағы халықтық мақамнан алшақ кетпеген, яғни бұл жырлардағы тарихтың образдалуы - тарихи фольклордың заңдылықтарына сай деген сөз.

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясында» жарияланғаннан 43 жыл өткен соң Марабай жырлауындағы «Қобыландының» толық нұсқасы 1922 жылы Ташкентте Ә.Диваев атымен жарық көргендіктен, көптеген фольклор зерттеушілерінің еңбектерінде бұл жырларды Ә.Диваевпен, кейде В.Радловпен, Ы.Алтынсаринмен, Н.И.Ильминскиймен байланыстырады. Көбіне хат білетін көзі қарақты зерттеушілер Марабай, Күдері, Орынбай, Жанақ секілді жыраулардың жырларын қағаз бетіне түсіргендерімен, жыршы – жыраулардың игілігі оны жинап, хатқа басып шығарушылардың құзырында кеткендері көп, бірақ «Қобыланды» жырын зерттеуге барлық саналы ғұмырын арнаған фольклоршы О.Нұрмағамбетова өзінің кандидаттық диссертациясында «Қобыландының» ең сауатты әрі көркем нұсқасының авторы – батысқазақстандық Марабай жырау екендігі анық айтылады[7].

Тек қана жыршы-жыраулардың толғау өлеңдері ғана емес, ел ішіндегі «көнекөз қарттар айтыпты» делінетін шежіре – аңыздар мен тарихи фольклордың дені де осылайша өз авторларынан ажырап,

жалпыхалықтық сипат алғандары да көп. Сол секілді Марабай жырау да халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жырлаумен шектелмеген, ол ел шежіресін де шебер қайыратын жадышыл адам болған. Өзінен 34 жас үлкендігі бар Шерниязды ұстаз тұтып, 23 жас үлкен Сегіз серіге еліктеген, тіпті олармен кездесіп айтысқан деген пікірлер де бар[8].

Ел аузындағы Марабайдың хатқа түспеген үзік-үзік өлеңдерінен Исатай мен Махамбеттің Шернияз ақынмен үзегіlestігінің қазіргілер біле бермейтін сырларына, Махамбеттің Сегіз серімен де төс қағыстырған дос көңілі мен елдің әр қилы жағдайында тоғысқан қарым-қатынастары секілді жәйттерге, одан қалды, қайсыбір зерттеушілердің Сегіз сері жайлы екі ұшты айтылған ойларына да Марабай тілімен жеткен ауызекі деректерден оңды дәлел табуға болады. Кейінгі жорамалшыл «білгіштерден» гөрі заманы сол тарихпен ұштасып жатқан көнекөз айтқыштардың айтқанына кейде ден қою да керек секілді.

Марабайдың батыс өлкесінің ерлік тарихын көркем сөзбен майырған шежірелік қабілетін оның Байбақты батыр жөнінде айтқан деректерінен де байқаймыз. Байбақты батырдың қазақ тарихының «алтын ғасыры» аталатын кезеңдердегі оймауыттар мен торғауыттардан еліміздің батыс өлкесін айнадай тазартып, жаудың бетін тойтарған небәрі жиырма бес жастағы хас батырдың құрметіне халықтың боз бие шалып, қолын қанға малып, ақ киізге салып, ру атауын бергізген әңгімелердің түп төркіні де «Марабай айтқан...» деген ел аузындағы тарихнамалардан белгілі.

Батыс Қазақстан өңіріндегі «қарттар айтыпты» деген көптеген деректер мен Сырым батыр туралы әңгімелердің де бір ұшығы-Марабайда жатыр. Бабасы Байбақтының торғауыттар мен оймауыт, хошауыттардан азат еткен жерлерді кейіннен Сырымның өзі бас бола жүріп, батыс қазақтарына бөліп бергендігі жөнінде де халық ауыз әдебиетінде сақталған үзік-үзік мәліметтер бар. Сырымның қазақтарға жер бөлгендегі тапқырлығы, жершіл білімі, пікірlestігі, әділдігі қоса өріледі. Ешкімді ренжітпей, өз қалауларына қоныстандыру үшін Сырым Батыс өлкесінің үш жерінен үш құдық қаздырып, шыққан топырағын қайта көмдіріп, жердің ерекшелігін халықтың көз алдында көрсетіп, өз таңдауына берген деседі. Сырымның ерекше сыншылдығы осы әрекетімен де көз жеткізіледі. Оның Нарыннан қаздырып, қайта көмдірген топырағы құдыққа сыймай қалса керек, сонда Сырым: «...Нарын дәулеті тасыған бай өлке болады, жылқы, түйе өсірем деушілер осында қалсын...» десе, төскейден қаздырған құдығының топырағы бетімен бірдей болып, оған: «...бұл өлкенің шаруасы бірқалыпты болады, не істесендер де өнікті болады...» дейді, ал Жайық өзенінің жар қабағынан қаздырған құдығының топырағы орнына толмай қалып: «...Бұл жердің шаруасы бірде ортайып, бірде оңалып тұратындай тұрақсыздау болады екен, сондықтан кім қай жерге бейілді болса, сол жерді мекендесін...» деп батасын берген екен. Айтқанындай-ақ, Нарын халқы қай кезде де ашығуды білмейті, малдың күшімен талай зұлматтан құтылып, тіпті күні кешегідей өткен 1933 жылдардағы ашаршылықта да аймағын асырапты, ал Тасқала даласы әлі күнге дейін еліміздің нанын көтеріп, егінін өсіріп отырса, Жайық бойының бау-бақша өсіруші халқы табиғаттың қасы-қабағына бағынып, шаруасы бірде түлеп, бірде күйзеліп отыратын бағытынан айнымай келеді[9]. Бұл деректер қағаз бетіне түспесе де, айтқыштардың сөзімен кейінгіге аман жеткен, солардың көш басшысы - Марабай сынды жыраулар болса керек. Данагөй Сырым алыс-жақын елдердің қазақ жеріне көз алартуын қоймаған соң, батыс өлкедегі халықтарды ру-руға топтастырып, бүгінгі күнге дейін тату-тәтті өмір кешіп отырған Кіші жүздің қазақы географиясын осылайша қалыптастыруға өз үлесін қосқан екен деседі...

Жетірудың табынынан шыққан Марабай ру таңдамаған, ер таңдаған өршіл ақын болған. Өзі өмір сүрген аймақтағы бірінен – бірі өткен байбақты, адай, беріш, шеркеш секілді тағы да басқа «жау қайда?» деп өре тұрысатын мықты рулардың батыр ұлдарын жырлап өтіпті, көбісінің ұрпақтарымен араласып-құраласып, аймағындағы қазақ біткеннің шежіресін қайырып, тарихи өткелдерін ізденіпті, тарихи тұлғаларын түгендепті. Естігенін елге жеткізіп, айтқыштығымен жүректерден жол тауыпты, батыс өңірінде ақын-жыршылардың өзіндік мектебінің қалыптасуына ықпал етіпті. Тіпті Марабайдың өзі шыққан табын руының шежіресінен қалдырған бір үзік сырын 1976 жылдары Ақтөбе облысына барған студенттердің фольклорлық экспедициясы кездерінде Байқошқар есімді айтқыштан жазылып алынған бір жазбадағы: «...жалпы ежелгі ержүрек табындардың кейінгі ұрпақтарында еркек кіндіктердің аз болуы немесе болса да ынжықту келетіндігі – ертеректегі бір жаугершілікте ат үстінен түспеген бұл батыр ұрпақ отырып ас ішіп, жантайып ұйқы көрмейті, ел шетін орай қорғап, оңынан келгенді оңдырмай, солынан келгеннің сорын қайнатқан өжет тайпа болыпты. Ас-су ішуге мұршасы болмай, жауды ағызып қуып келе жатып, көшіп бара жатқан көштің нарларының өркешін тірілей кесіп, жолай асығыс іліп жеп бара жатқанын көрген көш бастаушы аруанаға адамша күңіренген тіл бітіп: «...атқа қонар еркек кіндігің құтаймасын, ұрпағың өлшеулі болсын» - деп қарғағаннан табындарда ұл жағы аздау, қыздары көбірек әрі ерлерге қарағанда еттері тірілеу келетіні осыдан болса керек, Марабай да бір жиында оның айналасының азығын бетіне шіркеу еткендерге батыр бабаларының басынан өткен осы аңызын айтып жеңген екен...» - дейтін шындығынан қисыны басым ауызекі баян Марабай атынан сақталып қалыпты.

Сондай бір батыры мен ақыны, ел жақсысы жиылған бір алқалы ортада айтқан Марабайдың «Сөйле дедің біздерге» деген риторикалық толғауынан үзінді келтірсек:

Қарағай басы қу болар,
Жау белгісі ту болар,

Ел ішінде жалғыздың,
Көкірегі шер болар...
Асыл туған жақсының,
Ақыл-ойы кең болар
Ел аузында сөз болар

Сөйлеп кеткен жөн болар...[10]- деген алпыс алты жолдық жалғыз арнауы өзінен кейінгі өкше басқан батысқазақстандық айтқыштардың құнттауымен кейінгіге жетіп, қағаз бетіне ілінеді, дегенмен ел аузында ғана оның Шерниязбен, Жұмырбаймен, Көкей қызбен, Базар жыраумен, Қашағанмен, Сүгірмен айтысқандығы М.Мағауиннің, Х.Сүйіншәлиевтің еңбектерінде аталып өтеді. Марабай айтыстарының көрнекті нұсқаларының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөлімінде сақталғандары да бар. [11].

Соның бірі Марабайдың аттың сынына арнаған:
Құлағын біздей қадаған,
Кекілін қыздай тараған,
Басқан ізін санаған,
Саптыаяқтай ерінді,
Сарымсақтай азулы,
Қолтыраудай танаулы,
Қысыр жылан өзекті,
От орнындай тұяқты,

Аш жолбарыс сияқты... - деген өлең жолдарын замандасы Салық Қарауылұлы Бабажанов жазып алып, 1863 жылдары «Түркістан уәлаяты», «Түркістан түздіктері» газетінде жариялаған [12]. Бұл өлеңнің шығу себебі – Жәңгір хан өз тұсында жаппай жылқы шаруашылығын өркендетіп, шабысты, желісті жорға аттар ұстауға, ат спортын дамытуға қатты көңіл бөліп, алыс-жақын ауылдардан текті тұқымдарын алдыртып, жиналған жылқыларды тамашалауға халық иіріліп тұратын кезең болған деседі. Сондай бір жиынның үстінде Марабай сүліктей келісті аттарға осылайша жыр арнаған екен. Бір ғана атқа айтты деген өлең жолдарынан-ақ Марабайдың қазақтың батырлар жырын жырлағандағы өзіндік төл мақамын тани кеттік, себебі Марабай айтты деген жырлардың көбісінде оның бейнелеу ерекшеліктері көзге шағылып тұрады.

Еліміздің барлық аймағы өзінің төңірегін жиып, жергілікті тарихи тұлғаларының шығармашылығын жаңғыртып, халықтың ортақ игілігіне айналдырып жатқандарын ескерсек, батысқазақстандық Марабай жыраудың да өшкенін тірілтіп, туған әдебиетке қосқан үлесін дәріптеп, бүгінгі жас ұрпақтың зердесіне жеткізсек артық болмас еді.

Ұлтымыздың көпғасырлық құндылықтарының дәнекершісі болып, өлмес мұра қалдырған ақын, арынды жыршы, халқымыздың эпостық жырларының ең көркем нұсқаларын төгілте жырлаған Марабай жыраудың әдебиеттегі жидашылық еңбегінің орны ерекше. Кезінде көптеген ақын-жыраулардың өлеңдерінің «бірі-құрау, бірі-жамауына» көңілі толмаған Абайдың Марабай шығармашылығына деген ілтипаты ерекше болыпты. Сондықтан талғампаз Абайдың сыншыл көзқарасынан мүдірмей өткен Марабай сынды арқалы жыраудың туып-өсіп, абыройлы ізі мен арда сүйегі қалған өлкесіндегі әлі күнге дейін орыс атауларынан арыла алмай жатқан елді мекендерінің біріне есімі беріліп және ол тек жыраудың ғана емес, жалпы қазақ жырына қойылған рухани ескерткішке айналуынан дәмеліміз.

Әдебиеттер:

- 1.Ақсауыт. Батырлар жыры. Екі томдық. I том., Алғысөз. Алматы: Жазушы, 1977ж.
- 2.Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы, 1967ж.
- 3.Тілеужанов М.М. «Халық ауыз әдебиетін жинау сәттеріменен...» атты қолжазба материалдарынан. II том, VII бөлім, Орал, 1958ж.
- 4.Бес ғасыр жырлайды. II том. Алғысөз. Алматы: Жазушы, 1989ж.
- 5.Мұхамбетқалиева Р.Қ. Фольклордағы тұрмыс-тіршіліктің этникалық танымы. Орал, 2001ж.
- 6.Мұхамбетқалиева Р.Қ. «Батыс Қазақстан фольклорлық экспедициясының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына қосқан үлесі» //Халықаралық ғылыми конференция материалдарынан. Астана, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ университеті, 2009ж.
- 7.Нурмагамбетова О. Казахский героический эпос «Кобыланды батыр». -Алматы: Наука, 1988, с.16-31.
- 8.Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2002ж.
- 9.Батыс Қазақстан фольклорлық қорынан. 18-дәптер. 1998ж.
- 10.Бес ғасыр жырлайды. II том, Алматы, 1989, 85-бет.
- 11.Тілепов Ж.Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. Алматы: Білім, 1995ж.
12. Бабажанов Салық. Этнографиялық мақалалар. Алматы: Қазақстан, 1993, 9-б.

**ВКЛАД АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА В ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
В XIX - НАЧАЛО XX ВЕКА**

Панищева О.А.

магистр педагогических наук,
преподаватель кафедры дошкольного и начального образования
e-mail: olga.panichsheva@mail.ru

Нурхожа А.Е.

Студент 3 курса, Педагогического факультета
Западно-Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова
e-mail: nurkhozha.aydana@mail.ru

Аңдатпа. Әдебиет барлық уақытта қоғамның адамгершілік, рухани және әлеуметтік бейнесін бейнелеп, жер бетінде болып жатқан барлық нәрселерге қатысады. Көркем әдебиеттің негізі дүниенің ерекше бейнелі көрінісіне кіреді, сондықтан ол айналадағы шындықты тек өзіне тән құралдар арқылы қайта жасайды. Барлық өлшемдерге қарамастан, шынайы көркемдік, эстетика, идеяның байыптылығы басты өлшем болып қала береді, онсыз өнер болмайды.

Кілт сөздер: Әдебиеттану, қазақ әдебиеті, шығарма, өнер

Аннотация: Литература во все времена отображала нравственно-духовное и социальное картина общества и она сопричастна ко всему, что происходит на земле. основа художественной литературы включается в особое образное видении мира, поэтому она воссоздает окружающую реальность лишь ей присущими средствами. Искусство слова, потому это демонстрация таланта, ловко обгоняет время. При всех критериях настоящая художественность, эстетичность, серьезность идеи остаются основными критериями, без которых нет искусства.

Ключевые слова: литературоведение, казахская литература, произведение, творчество

Annotation. literature has always reflected the moral, spiritual and social picture of society and it is involved in everything that happens on earth. the basis of fiction is included in a special imaginative vision of the world, so it recreates the surrounding reality only by its inherent means. The art of words, therefore, is a demonstration of talent, deftly outrunning time. With all the criteria, true artistry, aesthetics, and seriousness of the idea remain the main criteria, without which there is no art.

Keywords: literary criticism, Kazakh literature, work, creativity

ВВЕДЕНИЕ:

На пороге XXI века народ Казахстана стал суверенной страной. На протяжении многих веков были открыты «белые» страницы истории. В то время как у нас есть возможность взглянуть на прошлое с нового дня, внести в него коррективы, избавиться от застывших идеологических схем, наша литература - история народа-тоже получает свою оценку. Во второй половине XIX века, признав литературу движущей силой развития общества и превратив поэзию в острый инструмент политической борьбы, А. Байтұрсынұлы внес огромный вклад в теорию литературы. Остановившись на аспектах ученого, исследователя, фольклориста, мы определяем его вклад в казахское литературоведение.

**А.БАЙТУРСЫНОВ-УЧЕНЫЙ-ОСНОВОПОЛОЖНИК КАЗАХСКОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

С момента обретения Казахстаном независимости казахское литературоведение, как и все общественные науки, стремится дать объективную оценку своим достижениям и недостаткам на пути становления, развиваясь как отдельная отрасль науки. Это является решающим шагом в научном осмыслении основных этапов национального литературоведения, т. е. специального исследования эпох рождения, становления, творческого образа, методологических проблем. Казахская литературоведческая наука прошла долгий и сложный исторический путь. По словам Елбасы Н. А. Назарбаева: "независимость дала нам огромные возможности, которых мы никогда не видели...от каких-то давних истерик, негативных суждений, которые окутали наше сознание, наше внимание, наши души нет никаких сомнений в том, что мы не смогли избавиться» [1].

Действительно, в последние годы, когда было достигнуто освобождение, сложились новые подходы к изучению нашей литературы и истории, мы обратились к правильным и перспективным направлениям.

Литература-важнейший вопрос для государства, поскольку она является зеркалом общественной жизни и показателем развития духовного уровня народа. Ведь до тех пор, пока не будут осуществлены фундаментальные поиски в области литературоведения, в сознание народа в целом не будет легко проникнуться чувством патриотизма, страны. Особенно большое значение имеет литература, которая вносит вклад в духовно-художественное развитие общества.

Если выделить казахскую литературу по историческому измерению, то она классифицируется следующим образом

- Кочевая племенная литература

- Литература древности
- Казахская литература XV-XVIII веков
- Литература XIX — начале XX вв.
- Казахская литература в советское время
- Независимая казахская литература

И в каждую эпоху были свои представители. Например в 15-16 века были Асанкайга, Казтуган жырау, Доспамбет жырау, Шалкииз жырау, Татикара акын, Умбетей жырау, Бухар жырау, Котеш акын, Шал акын. Эти поэты были почитаемы казахским народом, их умозаключения с энтузиазмом выслушивались, в своих стихах воспевались такие нравственные качества, как любовь к Родине, народу, сохранение единства народа, справедливость, противостояние злу. Эти поэты-жырау воспевали народную трагдию и актуальные проблемы того времени.

В 19 веке активно поднималась казахская литература. Махамбет Утемисова(1804-1846), Шернияз Жарылгапова (1817-1881) были представителями национально-освободительной борьбы казахов Младшего жуза против колониализма, с пылом призывали народ к борьбе. Суюнбай Аронулы (1827-1896), Шортанбай Канайулы(1818-1881), Мурат Монкеулы (1843-1906) были поэтами, воспевавшими жизнь казахского народа.

По праву этих великих людей можно считать основоположниками казахской литературы, они боролись за народ, за целостность казахов в своих произведениях. И также Ахмет Байтурсынов считался основоположником литературоведения. Ахмет Байтурсынулы – один из лидеров национально-освободительного движения казахского народа в начале 20 века, государственный деятель, поэт, публицист, ученый-основоположник казахского языкознания и литературоведения, реформатор, просветитель. Его сложное новаторское произведение, раскрывающее личность ученого-теоретика, эстетика-критика, было напечатано в Ташкенте в 1926 году под названием «Әдебиет танытқыш» («Теория словесности»). Научная основа, методологические каналы, основные термины и категории Казахского национального литературоведения сформированы в этой книге[2].

Одной из сфер общественной деятельности Ахмета Байтурсынулы стал сбор, подготовка к изданию образцов казахского фольклора и устной литературы. Ахмет Байтурсынулы, собравший образцы устного народного творчества, осознавший значение его издания и считавший своим долгом, в 1895 году в № 39 «Тургайской газеты», публикует статью «Киргизские источники и посланцы». Здесь автор размышлял о казахских суевериях и пословицах, связывал их с народным бытом.

Важнейшей областью самодетельного наследия литературоведа Ахмета Байтурсынова стали материалы фольклора, которые он собирал, упорядочивал и перерабатывал. Один из них вышел в Москве в 1923 году в издательстве «Солнце» жыр «Ер Сайын». Книга издана как подарок другу Шокана, известному русскому ученому Григорию Николаевичу Потанину.

В 1926 году в Москве была издана «23 жоктау». Произведения, вошедшие в него, сообщают о жизни и деятельности известных исторических личностей. Известно, что Ахмет Байтурсынулы имел деловые контакты с большинством русских ориенталистов того времени, например, с А.Е. Алекторовым. В данном сборнике автор рассказывает о том, как создается литературный язык «если за основу литературного языка не берется язык, то это не значит, что он создает воздух литературы, а казахскую литературу, которая только начинает расти... Язык должен быть таким, как Ленин, который читал или слышал слова вождей, их агитацию», - сказал он[3].

Также из истории мы знаем, что Ахмет был главным редактором газеты «Казах», он писал много статей на казахском языке, один из таких статей является, посвященная великому Абаю статья «Главный казахский поэт». В статье Ахмета Байтурсынова отмечается, что Абай-личность, ставшая примером большого поколения, поднявшего на новый, высокий уровень национальную науку, культуру, литературу. Это было классическое наследие, стремление к его пониманию и дальнейшему развитию. В адрес статьи Ахмета Байтурсынова с реформаторской точки зрения ставится актуальное, признанное не только его современниками, но и сегодня в XXI веке утверждение, что Абай - «Главный казахский поэт». В этом исследовании Ахмет Байтурсынов конкретизировал место классического наследия в казахской литературе. Сегодняшним абаеводам дал направление и впервые раскрыла особенности творчества Абая, опираясь на глубокую научную основу. Поэтому в казахском литературоведении абаеведение заложило прочную основу[4].

Установив теоретические основы науки казахского языка, Ахмет Байтурсынулы является автором фундаментальных научных исследований, способствовавших развитию казахского литературоведения. И таким трудом является вышеуказанный труд «Теория словесности». «Теория словесности»- первый фундамент научно теоретического труда на казахском языке, в котором дано точное определение истории, теории и критики литературы, методологии, приведена в систему казахская литературоведческая наука. В национальном литературоведении Байтурсынов сформулировал новые понятия, термины, категории, например, такие как: искусство слова («Сөз өнері»), произведение, устная литература, стихотворение – размышление, иносказание, эпитет, переосмысление, олицетворение, гипербола, метафор, метонимия, ирония и другие. В самом названии «Әдебиет танытқыш» есть большое значение. Ахмет Байтурсынов объяснил, что если литература – это искусство слова, то это священный

долг литераторов, исследователей раскрыть его художественные особенности, нравственные, духовные черты.

Надо сразу сказать, что «Әдебиет танытқыш» – это системное исследование эстетико-философского познания, литературных взглядов благодаря огромной глубине и точности изложенных мыслей казахской филологии, служит и в будущем, никогда не утрачивает своего значения. Настало время раскрыть, что подавляющее большинство наиболее точных, компактных, оптимальных эквивалентов основных терминов, категорий, понятий, используемых сейчас национальной литературоведческой наукой, впервые были созданы в данном исследовании. При этом Ахмет Байтурсынов – гениален в создании языковых терминов, гениален в литературоведении, искусствоведении, фольклористике.

Одна из самых сложных проблем, поставленных в «Теории Словесности», – это разница между словом назидание и талантливой словосистемой, наукой и литературой. А. Байтурсынов, найдя эквивалент ранее существовавших у казахов терминов, либо создав новое слово в своей душе, высказывает очень сложные научные, философские, эстетические взгляды, осмысленно объясняет сложные проблемы[5].

Ученый широко доказывает, что причины сходства произведений на языках народов Земли рождаются из сходства быта. Он объясняет, почему старые слова, такие как сказки, носят общечеловеческий характер по мере их изменения, выясняет, почему они считаются народным произведением, народной литературой. В этой связи Ахмет Байтурсынов говорит: «Есть люди, которые знают только устное произведение (родную литературу) как устное слово, а есть писательское произведение. Но как-то все благородное слово идет на счет литературы в языке».

Толгау, терме-это термины, существующие в современном литературоведении, а агитация – это стихи, Умит-это понятия, которые Ахмет Байтурсынов точно и ясно сформулировал на материале литературы, традиции и обычаи, слова, идея, слово, что остается дифференцированного трех, еще дальше распространяет.

Ритуальное слово: пример, слово дильмар (афоризм), пословица, поговорка, обрядовое слово: тойбастар, жар-жар, беташар, брак, оплакивание. У каждого есть определение и конкретный пример[6].

Ахмет Байтурсынов развивает свое мнение о происхождении новой литературы, делает точные, точные выводы о литературных контактах, литературном влиянии. Под влиянием арабской, персидской литературы, проникшей силой мусульманской религии, формулируется содержание, события, появление новых видов произведений, функционирование прежних образцов.

А русское влияние после колонизации казахской земли, влияние Европы отразилось во всех сферах жизни, особенно в художественной литературе, – констатирует А. Байтурсынов, анализируя новые направления, новые жанровые модели.

Большая глава «литературоведа» посвящена проблемам письменной литературы. Ахмет Байтурсынов в основном использует термин “письменная литература“. Широко признавая, что письменность пришла к казаху через религию, указывает на попытки крестьян, ногайских мулл распространять через стихи условия религии, шариатские порядки, предупреждая, что они не были поэтами, интересовались логикой повествования, угрожали муками тамука и надеялись на райское наслаждение. Кожа, священнослужители из числа Шортанбай, крупных поэтов, как показывает Акмолда.

Ахмет Байтурсынов связывает эстетико-теоретические рассуждения и рассуждения относительно нового литературного развития. Один из этапов писательской литературы-религиозная эпоха, другой-эпоха дильмара, затем-эпоха критики. Критика в понятие эпохи автор вкладывает, с одной стороны, критику, а с другой-глубоко осмысленную, безупречную, волнующую, классическую литературу. Раскрывают деятельность знаний, образцов в создании благородного слова и делают следующие выводы: «проблемы, недостатки, вредные привычки как самих казахских поэтов, так и их слов были замечены после просмотра литературы критики со стороны талантливой европейской публики. И только после этого из европейской литературы стали выводить семена, развели косточки казахской литературы, стали выходить корректоры личности» [7].

В то время как последующие казахские литераторы ограничиваются следами трудов на русском языке политической лирикой, любовной лирикой, Ахмет Байтурсынов выводит из природы национальное искусство и дает определения таким видам лирики, как сап толгау, маркайыс толгау, налыс толгау, намыс толгау, соқтаныс толгау, мыслимость, выговор толгау, кюлис толгау, например, «Интернационал», «Адамның кейбір кездері» Абая, стихотворение «Жолдастар» Сейфулина, «Маса», из «Оян, қазақ» были взяты некоторые стихотворения.

Ахмет Байтурсынов взял драму на казахском языке «Айттыс-тартыс» и дал ей жанровое определение: «в Айттыс-тартыс мы слышим рассказ поэта, видим сам инцидент, самих людей, которые были в происшествии. Мы видим, как люди живут, споря и споря на жизненном пути. На жизненном фронте люди, как и в жизни, должны были видеть, что они, как люди, умели, радовались, плакали, играли, смеялись, любили, горели, враждовали, спорили, подходили».

По трактовке Байтурсынова драма подразделяется на: Мерт, или Алек тартыс (трагедия), сергелден, или тартыс (драма); 3) араптер, или әурешілік (комедия). На втором месте также выделяют:

алектен, азаптанис, әуреленіс, характер борьбы, в каждом из этих типов индивидуальны, точны и реалистичны [8].

В «Әдебиет танытқыш» Ахмет Байтұрсынов поднялся на уровень мирового терминологического стандарта литературоведения, создал целостную национальную казахскую систему понятий, не смешивая иноязычных слов, разумных, лаконичных, взаимосвязанных, созвучных друг с другом.

Подводя итог, можно отметить что Ахмет Байтұрсынов является основоположником литературоведения, поскольку его труды «Әдебиет танытқыш», жыр «Ер Сайын», статья «Главный казахский поэт», повлияли на развитие казахской литературы.

Все заслуги Ахмета Байтұрсынова в категории поэта, публициста, ученого, общественного деятеля, упреки, страдания, надежды на будущее-все это призвано исполнить эту великую миссию, служить народу и родному языку.

Список использованной литературы:

1. Назарбаев. Н. А., «Слово о Независимости», 2014
2. Нурғали Р. Вершины возвращенной казахской литературы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998.
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 4 том. Әліппелер мен мақалалар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2006.
4. Иманасов С. Қаламдастар мен замандастар. - Алматы: Жазушы. 1976 год
5. Әлімбаев М. Абайға ілесе Ахметше. // Қазақ әдебиеті. 1997. №19.
6. Байтұрсынов А. Көп томдық шығармалар жинағы. I том. - Алматы: Алаш. 2003
7. Әбдиманұлы О. Казахская литература в начале 20 века Алматы 2002
8. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 4 том. Әліппелер мен мақалалар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2006

ҒТАМР 17.82.30

ӘОЖ 82-3(574)

Ж. ШАМУРАТОВАНЫҢ «БЕЙУАҚТА АШЫЛҒАН ҚҰПИЯ» ШАҒЫН ХИКАЯТЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗДЫҚ МОТИВИ

Өтеуова Г.Ж.

М.Өтемісов атындағы БҚУ 2-курс магистранты

Ақбулатов А. А.

М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті, философия докторы (PhD),
aidarbek_akbulat@mail.ru, 87752363682

Аңдатпа. Мақалада тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ прозасындағы әйел қаламгерлердің шығармашылығы, оның ішінде Жадыра Шамұратова прозасы сөз болады. Оның шығармашылық ізденісі, өзіндік стильдік-даралық қолтаңасы «Бейуақта ашылған құпия» шағын хикаяты арқылы талданады.

Түйін сөздер: тәуелсіздік жылдар прозасы, шығармашылық процесс, замандас бейнесі, жалғыздық мотиві, детективтік әдебиет, т.б.

Аннотация. В статье рассматривается творчество женщин-прозаиков казахской литературы в годы после обретения независимости, в частности, анализируется произведение писательницы Жадыры Шамуратовой. Ее творческие поиски, оригинальность стиля и авторская индивидуальность воплощаются в повести "Тайны мрачных времен".

Ключевые слова: произведения прозы, вышедшие после обретения независимости, творческий процесс, современный образ, мотивы одиночества, детективная литература.

Annotation. The article deals with the work of women-prose writers of Kazakh literature in the years after gaining independence; in particular, the work of the writer Zhadyra Shamuratova is analyzed. Her creative searches, originality of style and author's individuality are embodied in the story "Secrets of the Dark Times".

Key words: post-independence prose works, creative process, modern image, loneliness motifs, detective literature.

Мақаламыздың тақырыбына негіз болған «жалғыздық мотиві» туралы әдебиеттану, философия, психология сынды бірнеше ғылым салалары бойынша жазылып, зерттеліп келеді. Бізге қажетті ұғым осы мәселенің әдебиеттану бағытындағы негізгі түсініктерін анықтап алу. Философия ғылымында жалғыздық, жалғызсырау деген ұғымдар жатсыну сияқты философиялық категориямен тығыз байланысты қарастырылады.

«Человек в мире отчуждения», яғни өскен ортасынан жеру, қоғамынан түңілу, жатсыну, жалғызсырау формасы болып табылады. «...Осы замандағы әлеуметтік өмір шындығы ұғымында адамды

жатыну идеясынан туындайтын ұстанымдар. Жатыну– адамның өзінің жеке қарым-қатынастарын, қызметтерін, және нәтижелерін жатырқауының тумасы мен салдары болып табылады» [1,98].

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жатыну, жалғыздық мотиві жазушыларды да, ғалымдарды да ерекше қызықтырып келеді. Себебі әдебиет өзекті тақырыпты ғана жазып қоймайды, сол арқылы адамзат қоғамының мәселесін терең саралайды. Адамды, яғни образды жеке тұлға, әрбір адам бірін-бірін қайталамайтын жұмбақ әлем екенін суреттеу кеңестік цензурадан құтылғаннан кейін ерекше мүмкіндікке ие болды. Алайда, сол кездің өзінде-ақ талантты қаламгерлер өздерінің шығармашылығында адамның ерекше жаратылыс табиғатындағы жұмбағы, қоғам мен адам, адам мен адамның ішкі санасындағы тартысты, психологиялық жағдайын суреттеуде де өзіндік жол тауып отырды. Мысалы, сонау көне дәуірдегі Қорқыт, Асан қайғылардан бастап, Ақан сері, Абай, Шәкәрім, Мағжандардың жатынуы, жалғыздығы мәселесі бүгінгі әдебиетіміздің көрнекті өкілдері О.Бөкей, Ә.Кекілбаев, Д.Исабеков, Т.Әбдіқовтердің шығармашылығынан анық көрініс тапты.

Адамның өз-өзінен жатыну мәселесі (самоотчуждение). Мұнда адам болмысының рухани дағдарысы жеке адамның ішкі себептерінен және олардың өмір сүру кеңістігінің трагедиясынан ізделінеді [1, 104].

«Адамдардың адамнан жатынуы. Жазушылар өмірінің трагедиялық бейнесін жасай отырып, сол қатыгез тағдырдың құрбандығына айналған кейіпкерлерді сомдайды.

Адамның қоғамнан жатынуы. Қоғамдық тіршілік пен жеке адамның бір-бірінен алшақтауы сөз етіледі [1, 104-105]. Жоғарыдағы ғылыми тұжырымдарды бағамдасақ, қазіргі қазақ әдебиетіндегі жатыну, жалғыздық мотиві тәулсіздік жылдары әдебиетіндегі қазақ прозасында да ерекше көрініс тауып отырғанын байқаймыз. Бұл біздің мақаламыздың зерттеу нысанына алынған Жадыра Шамұратованың кітабындағы «Бейуақта ашылған құпия» шағын хикаятында ерекше байқалады.

Кітапқа енген «Бейуақта ашылған құпия» шығармаларындағы әрбір кейіпкері жалғыздық мұңын арқалаған жандар. Мысалы, хикаяттағы актрисаның адамдардан саяқ өмір сүруі, яғни адамдардың адамнан жатынуы (махаббатта, өнер жолындағы жолы болмауы, психикалық ауруға ұшырауы т.б. оның адамдардан өзін-өзі оқшаулануына итермелеу) бәрі де жатыну, жалғыздық мотивтерінің адам өміріндегі орын алатын күрделі құбылыс екенін көркемдік тұрғыдан жеткізеді.

«Бейуақта ашылған құпия» шағын хикаятың тақырыбында паралельді екі ұғым бірге желі таратады. Бірі қазіргі қоғамдағы байлық, екіншісі жоқшылық, кедейлік. Бірақ екі желінің ортақ мотиві – жалғыздық. Автордың байлықтың астарындағы мұңды суреттеу арқылы жалғыздық мотивтің бүгінгі қоғамның мысалында жаңа бір қырынан алып суреттеуге тырысқан. Кейіпкерлерінің де мамандықтары оқырманға тосын көрінуі мүмкін. Шағын хикаятта кейіпкерлер саны да санаулы. Басты кейіпкер патологоанатом Арыс және нағашы апасы – актриса, ал шын мәнісінде құпия күнделіктің сырына үңілгенде Арыстың туған анасы екенін бір-ақ ұғынамыз.

Басты кейіпкердің бірі Арыс тұрмыстың тауқыметін тартып, жоқшылық көріп, өмірдегі жалғыз қорғаны анасы қайтыс болады. Анасы қайтыс болардың алдында, ұлына жалғыз туысқаны нағашы апасы барын естіртеді. Бұрын-соңды көрмеген адамын іздеп келген Арыстың нағашы апасынан көңілі қалады. Арыс өмірдегі қиыншылықты көріп өскен азамат болса, нағашы апасы ең байлықтың ортасында отырса да, жалғыздық мұңын арқалаған бейбақ. Бірақ мінезі ауыр, келген қонақты да жаратпайды. Жалғыздыққа әбден үйрген, ітінен басқа тілдесер жан баласы жоқ.

«Нағашы апасы бұған біртүрлі суық, адамға онша назар салмайтындай көрінді. Тіпті өзінің әпкесінің қайтыс болғанын естігенде де көзіне жас алмай бедірейіп отыра берді. Сұрағы оғаш көрінді.

- Рактан кетті ме?
- Жүректен.
- Перзентханадағылар түгел келді ме?
- Иә. Бәрі келді. Жерлеуіне де көмектесті.
- Көп ауырды ма?
- Жоқ. Тіпті ауырмаған сияқты. Әлде маған білдірмеді.
- Тез кетсе мамаң бақытты екен.

Жігіт тосылып қалды. Ол не дегені, өмірден ерте кету бақыт па? Жалғыз баласын өсіріп, оқытып, енді қызығын көрем дегенде бір туысы жоқ үлкен қалада жалғыз тастап кете барғанын қалай бақытқа балайды? «Мына кісі біртүрлі екен» [1,11].

Анасы қайтыс болған Арыс Айямен отау тігіп, шаңырақ көтеруді ойлағанымен, осынау үлкен қалада сүйеу болар бір туысқаны жоқ екенін ойлағанда қапалана түседі. Күдікшілдігі, секемшілдігі, келген қонақты жаратпайтындай мінезі болса да, анасынан кейінгі жалғыз адамына барып жағдайын айтуды құп көрген Арыстың автобус ішіндегі ойы мен көз алдынан өткен жағдайлардың жанды картинасы – бүгінгі қоғамның айнасы ма дерсің.

«Дүниеде сүйетін ісі – салондағылардың бет-әлпетін, қимылын бақылап, киген киімдерін назар аудару. Көзіндегі қап-қара көзілдірігінің арқасында, әсіресе, қыз-келіншектертің мүсініне көзін армансыз суаратыны бар. Әлденеге ызалы, әлденеге ашулы жүздер, шаршаған, жалыққан жанарлар, ойсыз, мағынасыз көзқарастар мұны шаршатпайтын. Танымақ тұрмақ, өмірінде бір мәрте көріп тұрған сол адамдармен өмір сүру салты да бірдей болғаннан ба, тіпті солармен алыс адамдармен өмір сүру салты да

бірдей болғанынан ба, тіпті солармен туғандардай сезінеді өзін. Жолаушылардың бәрі бірдей өзі секілді жұмыстан кеш қайтып, асығыста қытай кеспесін талғажау етіп, құлазыған, кірі баттасқан жатақхананы паналап, о бір жылғы көне пиджагін үстіне жапсырып жүргендер емес, олардың арасында тұрмыстары әжептәуірлері бар болса да, салонның атмосферасы сондай ма, бәрінен өздерінің осы күніне риза болмаушылық пен осыған әлдекімді кінәлаушылық аңғарылып тұрады. «Сонда олар неге риза емес? Өздерінің бай болмағанына ма, осы салонға мен секілділермен қатар отырғанына ма? Болмаса жақсы тұрмыс іздеп келгенде бәрі өзі ойлағандай керемет болып кетпегеніне ме?»

- Сіз не ары тұрыңыз, не былай шығыңызшы! Кедергі келтіріп тұрсызтіпті!

Өзіне сөйлеген даусы ызбарлы әйел баласының кірпігінің ұзындығы мен қалыңдығынан бір қарағанда ұйқысы келіп тұрғандай көрінеді екен. Сол ұйқысы келіп тұрған көздер тесірейіп суық қарайды. Кейін ысырылып, салоннан шыққалы тұрғандарды өткізіп жібергенде тура қасынан бұрқ еткен қолаңса иісі аузы-мұрнын шарпып кетті. «Жасанды қас пен кірпік, тырнақ жасатам деп жүріп қолтығын жуатын сабынға ақшасы жетпей қалды ма екен» деп ойлады жиіркеніп тұрып» [2,19]. Міне, осы бір ғана детальды алып қарасақ, автор кейіпкерлердің көзқарастары арқылы түрлі-түрлі тағдырлардың көз жанарларының тоғысуынан біршама сырды ағартса керек. Кейіпкерінің ой-санасы арқылы қоғамдық шындықты, бүгінгі өміріміздің тірі картинасын бар бояуымен жеткізе отырып, автор да сол қоғамдық ортаның бір мүшесі, яғни осындай әрбір құбылысты жазушылық талғампаздықпен көре білген және сол қоғамдық ортаны өзінің кейіпкерлерімен беруге тырысқанын аңғартады. Автор кейіпкерлерді образдауда шартты жақсы, не жаман деп суреттеуден гөрі, екі аяқты пенде екенін жеткізуді де басты мақсат тұтқан тәрізді. Мысалы, «Дүниеде сүйетін ісі – салондағылардың бет-әлпетін, қимылын бақылап, киген киімдерін назар аудару. Көзіндегі қап-қара көзілдірігінің арқасында, әсіресе, қыз-келіншектертің мүсініне көзін армансыз суаратыны бар» деген детальдық қолданыстан Арыстың өзіне ғана аян, ішкі жан әлеміндегі осалдығын да көрсету арқылы автор образ сомдауда бір жақтылыққа ұрынбай, көркемдік шарттылықты басты назар да ұстауға тырысқаны көрінеді.

Әңгіме түйінінде авторлық дүниетаным құндылығы өз қанынан жеріген ана, тұрақсыз, жолы болмаған махаббат азабы, өнердегі бақталастық, бәсекелестік т.б. толып жатқан мәселелердің ұлттық құндылықтардан ажарып бара жатқан қоғамның бүгінгі-жай күйін суреттейді. Жалпы Ж.Шамұратова бұл туралы өзінің «Қазақтың ауылы» деген ұғым жоғалмаса екен...» деген бір сұхбатында былай дейді: «Біздің балалық шағымыз 90-жылдарға тап келгеннен бе, маған біздің ауылдың адамдары басқашалау, қалжыны аз, мұңы көп болып көрінеді. Сол кезде ауылдың атпалдай азаматтары арақтан азып, мас күйінде асылып қалып жатты. «Өзім өлсем де балаларым жетім ретінде жәрдемақы алады ғой» деп шарасыздықтан өзіне қол салғандар болды. Сол жетім өскен балалар әкелерінің құнын ешкімнен даулай алмады. Қазір не көп, тренинг, психолог көп, сол кезде ауылда сөзінің де, өзінің де салмағы бар екі-үш ақсақал болғанда ғой, ондай жағдай болмас еді...»

Иә, біреулер үшін түбі күйелеш қара шойын көрінгенімен, қазан – символ. Қазақтың қазаны – үйдегі үлкен-кішінің түгелдігінің, бір ыдыстан ас ішуге жиналатын татулық-бірлігінің, сол бірліктің арқасында ұйыған берекесінің символы. Қара қазаы оттан түспеген қазақтан асқан бай болмайды. Қазақ ең бір ессіз тентек атаған, өйткені отта тұрған қзанды аударып, сындырған адамда ес болуы мүмкін емес. Әңгімеде кемпірдің «қазанын тастай қашқанның несі жақсы дейсің» деп күрсінетін жері бар. Қазақтың болмысы, қазақы мінез сол қара қазандармен бірге ескі жұртта қалды. Ұлттың танымын, дәстүрін өзгертудің салқыны қашан басталып еді, оған да біраз жыл, «ол қазанның бірі әкемнің үйінен келген еді» дейтін жері бар, бұл да тұспал, ертеде қазақ қызын ұзатқанда қанша жерден жақсы көріп тұрса да оған қазанын бермеген дейді, өйткені қыз басқа жұртқа кетеді, енді бөтен елдің адамы, қазаныңды берсең үйіндегі молшылық пен береке сол әулетке ауып кетеді деп есептелген. Біз уақыт ауысқан сайын дәстүрден осылай ажырап отырдық. Қазақтың қарнын тойдырған қазаны да күндердің күнінде архаизмге айнала ма деген уайым ғой» [3,18], - деп ағынан жарылады. Осы сұхбатында айтылған ой қаламгердің басқа да туындыларының ой өзектестігімен үнемі сабақтасып жатады. Тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық идеологияның жаһандық үрдістерге жұтылуы, нарық экономикалық қатынастардың дендеп енуі, шын мәнісінде, ұлттық құндылықтан ажырауға да себеп болғанын білеміз. Осындай мәселелерді әрбір әңгімесінде қозғай отырып, бірде ашық, кейде жанама түрде көтереді және кейіпкерлерінің мінез-құлқы мен характерінен, болмысынан анық аңғартады.

«Бейуақта ашылған құпия» хикаятының түйіні, жұмбақ сыры қызыл былғары түсті кітапшаны ашып, нағашы апасының жазған күнделігін оқиғанда анықталады. Паталогоанатом Арыс жұмысындағы күнделікті құпияларға тап болып жүрсе де, апалы-сіңлілі бола тұра анасы мен нағашы апасы деп жүрген жандардың бір-бірінен айырмасы жермен көктей екеніне, тіпті тірлігінде бір-бірін іздемеуінде жатқан құпияның сырына келгенде тосылып қалады. Ал, бұл жұмбақтың жауабы мынадай еді: «Мен сорлы туа сала одан безектей қашып, бауыр қалармын деп қорқып, құтылғанша асығып, сәбиім деп еміреніп те үлгермедім, есімін де қоймадым. Баланың бағы ғой, медбике расымен жақсы адам екен, оны адам қылыпты. Атын Арыс қойыпты. Келісті жігіт болып өскен екен. Бойы қандай! Өмір бойы өзімді ешқашан бала туған емеспін» деп сендіріп келгенімде туа сала өзім бас тартқан ұлымның іздеп келгені мені есімнен тандыра жаздады. Бір сәтте неше түрлі күйді бастан кешірдім, тіпті миым ойлауды ұмытып қалғандай болды. Өзімді оның алдында қалай ұстарымды білмедім. Тіпті бір сәттік рольге де кіре

алмағанымды айтсайшы...» [2,43]. Міне, кейіпкер адам баласына айта алмаған жан сырын күнделігіне төгеді. Жүйке ауруына шалдыққан актриса, баласынан өзі бас тартып кете салады. Шағын хикаяттың психологиялық ахуалды баурап алтын әсері, баяндау стиліндегі тіл шұрайлылығы мен қарапайымдылығы оқырманды бей-жай қалдырмайды.

Қорытындылай келсек, Ж.Шамұратованың «Секундтар арасындағы шексіздік» кітабына енген «Бейуақта ашылған құпия» хикаясы қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелерді психологиялық тұрғыда қопара суреттей отырып, кейіпкерлері арқылы заманымыздың шынайы келбетін жеткізген шығарма. Көркемдік детальдарға, психологиялық ахуалды суреттеуде портреттік бейнелеу тәсілдеріне ерекше мән беріп, ішкі сезімді, кейіпкерлердің ішкі жан арпалысын ашуда сана ағымына, еркін баяндауға құрылған көркем туынды. Мәңгілік тақырып ана мен бала махаббаты, өнерге деген махаббат, байлық пен жоқшылық, мұң, жалғыздық, адам баласының өзінің ішкі жан әлемімен арпалысы шебер суреттелген жұмыр, тілі жатық, оқырманын түрлі ойға жетелейтін хикаят. Жалпы Жадыра прозасында кейіпкерлері де жаңа заманға сай мамандық иелері, не болмаса, жаңа қоғам тудырған әлеуметтік топ мүшелері. Ал, оның шығармасындағы дедиктивтік элементтердің кездесіп отыруы да тегін емес, себебі автордың өзі ішкі істер саласының баспасөзінде қызмет етуі, оның тақырыптарды терең зерттеп, ой елегінен өткізу арқылы үлкен қоғамдық әлеуметтік, тұрмыстық, һәм адамзатты толғандыратын тақырыптарға еркін баруына мүмкіндік ашқан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Таңжарықова А.В. Д. Исабеков прозасының көркемдік әлемі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2008. – 130 б.
2. Шамұратова Ж. Секундтар арасындағы шексіздік: әңгімелер мен хикаяттар. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 160 б.
3. Шамұратова Ж. «Қазақтың ауылы» ауылы деген ұғым жоғалмаса екен // Әдеби сұхбат. Қазақ әдебиеті газет, №4. 24 қаңтар, 2020 ж. – 18 бет.

ҒТАХР 17.07.31

ӘОЖ 82-1

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПОСТМОДЕРНИСТІК БАҒЫТТЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

Ж.С.Рахымбаева

2 курс магистранты

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

e-mail:janka_bauka@mail.ru

А.О.Токсамбаева

ф.ғ.к., профессор

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

e-mail:aiman-63@mail.ru

Аңдатпа: Аталмыш мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы постмодернистік бағыттың сипаты туралы айтылады. От тілдерімен небір туындыларды жарыққа шығарып жүрген ақындардың өлеңдерінде постмодернизмнің қалай көрініс табатыны жайында да толықтай сипатталады. Ақындардың шығармаларынан үзінділер келтіріліп, нақты бағыттың қызметі хақында да баяндалады. Мақаланың басында бағыттың пайда болу тарихына да шолу жасалған.

Кілт сөздер: әдебиет, бағыт, постмодернизм, тәуелсіз кезең, поэзия.

Аннотация: В данной статье рассматривается природа постмодернистского направления в современной казахской поэзии. Стихи поэтов, опубликовавших некоторые произведения на языке огня, также подробно описывают, как отражается постмодернизм. Приводятся отрывки из произведений поэтов, описывается деятельность того или иного направления. В начале статьи есть обзор истории маршрута.

Ключевые слова: литература, направление, постмодернизм, самостоятельный период, поэзия.

Annotation. This article discusses the nature of the postmodern direction in modern Kazakh poetry. The poems of poets who have published some works in the language of fire also detail how postmodernism is reflected. Excerpts from the works of poets are given, the activities of one or another direction are described. At the beginning of the article there is an overview of the history of the route.

Key words: literature, trend, postmodernism, independent period, poetry.

Қазіргі қазақ әдебиетшілерінің назарына ертеден ілігіп жүрген әдеби құбылыстардың бірі – постмодернизм екені мәлім. Жаңа заман әдебиетінің басты ағымы ретінде қарастырылатын постмодернизм ХХ ғасырдың ІІ жартысында модернизмнен кейін дамып, өнер, кескін, сәулет, тіпті

әдебиетте де мәдениеттің тенденциялары негізінде пайда болғаны анық. Модернизм өзінің белгіленген кезеңін аяқтап болғаннан кейін, постмодернизм дәуірі толықтай тарихтың сахнасына шыққан болатын. Постмодернизм туралы ең басты мәселе – өзінің мән-мағынасы туралы нақты бір түсініктің болмауы, теледидардан немесе кинода жиі естілетін, көркем әдебиеттерде де кездесіп қалатын постмодернизмнің тасасында қандай да бір мағына жатқаны туралы сұрақтардың туындауында.

Жалпы көптеген адамдар нақты термин туралы анықтаманы ойша қорытқанмен, оның жекелеген мәнісін толықтай түсіндіріп бере алмай жатады. Екі түрлі бағыттың пайда болу тарихы мен олардың атқаратын рөлдеріне байланысты алуан парадоксалық жағдайлардың туындап жататыны мәлім. Дегенмен, көптеген ғалымдардың зерттеулері бойынша, аталмыш терминнің кең етек алуы қазіргі заманда ғана емес, ерте кезден бастау алғаны байқалады. Кез келген ұлттың әдебиетінде өзіне тән көркемдік әдіс, бағыттар мен ағымдар әр кезеңде түрлі жағдайларда өзгеше қалыппен пайда болады да, ары қарай дами бастайды.

Қазіргі таңдағы постмодернизмнің төл әдебиеттегі көріністері тұтастай бағыт деңгейіне көтерілмеген, яки ара-жігін толықтай ашып көрсете алмағандықтан, көркем-әдеби ағым ретінде өмір сүруде. Дегенмен, аталмыш құбылысты жылдамдатып үдетуге немесе керісінше кідіруге адам баласы құқылы емес. Демек, постмодернизм қазақтың топырағына кешігіп келіп жатқан әдеби ағым болып табылса да, ақындар мен жазушылардың шығармаларын зерттеп қарайтын ғалымдардың да өзіндік ойлары мен пікірлері бар. Мысалы делік, ф.ғ.д., академик Серік Қасқабасов аталмыш ағым туралы өзінің жеке пікірін білдірген еді. «Шынтуайтына келгенде модернизм дегеннің өзі – жаңа деген сөз. Постмодернизм – өндірісі қатты дамыған постиндустриялы елдерде кең таралған. Өйткені, олар бұрынғы классикалық әдебиеттен қол үзіп кеткен. Біз болсақ, классикалық реализмнен, классикалық әдебиеттен қол үзгіміз жоқ. Одан қол үзе алмайтын себебіміз, бізде әлі постиндустриялық қоғам құрылған жоқ. Алайда, постмодернистік тәсілді меңгеріп алған біздің кейбір қаламгерлердің ісі сыртқы көрініс қана. Кейіпкердің сандырақтауы, елес көруі, болмаса кейіпкердің басқа бір нәрсені ойлап, басқа бір әлемге шарлауы, осының бәрі шындап келгенде, өз әдебиетіміздің әсерінен шыққан нәрсе Постмодернизмнің сыртқы көрінісі қандай деген сауалға жауап беретін болсақ, ол – өмірдің бейнесінен алыстап кету, ойда жоқ нәрсені айту», - деген жауабы көптеген сыни кітаптарда, мақалаларда жарияланып жүргені анық [1,29].

Бір жағынан, постмодернизм қолдан жасалған дүние сияқты көрінуі де мүмкін. Ал кез келген әдебиет сүйер қауымның ойында әдебиетті реалистік бағытта ғана дамуы тиіс деген ойдың жатқаны жасырын емес-ті. Дегенмен, өмірдің өзін ғана суреттейтін сөз өнері реалистік болумен қатар, адам баласының қиялын да толықтай көрсете алуы қажет деп есептеймін. Бұл өмірде жоқ нәрсені де толықтай көрсете алу – өнер. Ал, әдебиет – сөз өнері.

Айтылған ойға байланысты ғалым Ә.Нілібаевтің пікірі бар. «Қазіргі қазақ поэзиясына бұлқыныс, сілкініс керек. Поэзиямызды неғұрлым тезірек модернизациялауымыз керек. Қазақ поэзиясы, әсіресе, жас ақындарымыз әлемдік поэзияға жіті көзбен қарап, ескіні есте сақтауға қалдырып, модернизм жолына түсуі керек, жастар жаңаша жазуға ұмтылуы жөн. Бұл қолдан келмейтін нәрсе емес. Өзімізде бәрі бар. Сол бар нәрсені іске қосу керек. Поэзиямызды модернизациялағанда есте болатын ең маңызды проблема, жаппай науқаншылыққа жол бермей, өзіміздің ұлттық дәстүрімізді, әсіресе өлеңдегі ұлттық ерекшелігімізді, ұлттық ұғымымызды, ұлттық философиямызды берік ұстануымыз парыз. Жаңа өлеңдегі жаңа формаға, жаңа өлшемге, жаңа логикаға әр ақынөзінше бірте-бірте көшкені дұрыс болмақ. Өлем елдері поэзияның жаңа бағытына көшіп алса да, біздің қазақ поэзиясы ескі әләулаймен әлі келе жатыр. Біз әлі төрт жолы бір шумақтан тұратын ескі өлең құрылысынан шыға алған жоқпыз», - деп нақты белгілеп кеткен еді [2,47].

Постмодернистік ағымның ең басты деген сипаттарының қандай екені көптеген адамды алаңдататыны анық. Қазақ халқына өлеңнің, ал өлеңге ақынның да көп болмайтынын анық. Олардың қатарында Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, Есенғали Раушанов, Серік Ақсұңқарұлы сынды саналы түрде эксперимент жасай отырып, постмодернистік стиль қалыптастыруға әрі соған лайықты сөз құрап, ойлаудың да жүйесін толықтай жасауға талпынған таланттардың бойындағы даралық сипат жатқанын ескерген жөн.

Зерттеу барысында Маралтай Райымбекұлы, Ерлан Жүніс, Ақберен Елгезек, Ырысбек Дәбей, Азамат Тасқараұлылардың шығармаларындағы ерекшеліктер де назардан тыс қалмады. Постмодерндік ағымна алғашқылардың бірі болып қалам тартқан Т.Әбдікәкімұлы. Оған ақын өлеңдерінің құрылымындағы жүйе мен жыр жолдарына ғана ұқсас болып келетін ойлау жүйесі куә. Ақын қаламынан туған «Ақпан прозасы» деген туындыны алып қарастыруға болады.

Алтын тәжді күн – анау,
Қызыл түкті құлағы неткен ұзын.
Жердің милығына дейін,
Судың құйрығына дейін жеткені шын?!
Күміс тонды Ақпан – мынау,
Ақ тырнақты аязымен алып түсердей бет терісін, - деп

жырлайды ақын [3,57]. Қарапайым оқырман қауым ақынның тілін түсіне бермейтіні анық. Яки постмодернистік бағыттың нақты үлгісін көруге болады. Сондай-ақ, ақын жырларында...

Алаштың несін айтасың,
Ата тілі отыз тіске қамаулы,
Ата Мекені обалсыздарға тонаулы.
Шүлдірлек көкпегі үшін,
Нан табу мектебі үшін,
Оқалы шекпен үшін,
Қыңсыған көк итке айналдырды, тәңірлік
Көк Бөрісін..., - дейді Тыныш ақын [3,58].

Демек, бұл тұста қасқырдың анасы – табиғат екені айдан анық. Ол дегеніміз – қазақ халқының арғы бастауға тікелей қатысты ырықсыздық деңгейіндегі тұрақты болып келетін сағыныш ретінде есептеуге болады. Ал, бөріні – қазақ халқының тотемдік ұғымы ретінде алуға негіз бар. Адам баласының ойының астарында осындай ертеден таныс болып келетін нысандарға кездескен кезде барынша жігерлі түрдегі кейіп алуға ниеттенеді.

Постмодернистік бағытта жазылған жырлардың ішінде ақын Маралтай Райымбекұлының да шығармалары кездеседі. Жалпы поэзияға тән транслиризм, психолиризм сынды тәсілдерді қамтитын ақынның «БІмырт» деп аталатын туындысында...

Түн мекені түнекке,
Серік таппай бойлаған.
Біздің ғазиз жүрекке
Жұлдыз шашып ойнаған, - деп айтады [4,73].

Түннің ерекше қалыптасып қалған әсерін Маралтай Райымбекұлының ақындық көзімен қатар түйсігі де қатар аңғарса болатын еді. Таптаурын болған баяндау мен қалыптасып қалған дағдыдан басқада өрнекке бой ұру да жыр жолдарында толықтай көрініс табады. Постмодернизмнің ерекше үлгісі ретінде психологиялық сарынмен қатар лиризмнің де тоғысуын көруге болады.

Құстың тынып шырылы,
Жаным аңсап, егіліп,
Қайыңдардың бұрымы
Жүрегіме төгіліп, - деп келтіреді ақын [4,74].

Көрсетілген шумақта айтарлықтай аса бір артық сөзді де көрмейсіз. Құстың шырылын ерекше аңсаған мазасыз жан. Тылсым сырлы болып келетін жалғанның ашылмаған құпиясы көп екенін оқырманға ақырын ғана жеткізе біледі. Сол бір ерекше құпияны шеше алмастан фәниден бақилыққа кететін рухтың тіршілігі тоқтамақ емес, әрине. Көп жағдайда адам баласы не істерін білмей жүрген кезде Маралтай Райымбекұлының қаламынан туған шығармалар адам баласына ерекше рух беретіні сөзсіз.

Кез келген ақын өзінше ерекше болып келеді. Тәуелсіз ел ақындарының ішінде ерекше жазбасымен таңқалдырып жүрген Ақберен Елгезектің де жырлары сан алуан.

Айнадағы бейнеге ұқсасам да,
Сол біреуге тартпаған ішімдегім!
Біреудікі – өксігім, жымығаным, - деп жырлайды ақын Ақберен [5,51].

Автордың өз ішінен екіге жарылғанын анық көруге болады. Сананың да екіге жарылғанын толықтай көре аламыз. Яки абсурд қаһарманның бейнесін толықтай жасап шығарады. Лирикалық қаһарманның ішіндегі біреудің көңіл-күйін өзінше сипаттап, автордың өзі сыртта бақылаушы болып қала береді. Негізінде Ақберен Елгезектің өлеңдеріндегі кеңістік мүлдем басқаша. Не жерде, не көкте нақтыланған тұрағы жоқ беймекенді үнемі кезді де жүреді. Өзін-өзі жатсына алған, өзі ішінен түп-тура екіге жарылған. Кез келген әдебиет сүйер қауым, әсіресе поэзия жанашырлары өлеңнің қарапайым болғанын қалайтыны рас. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тигені барлығына да жақсы, әрине. Тура осы поэзияға келгенде екі түрлі қарапайымдылықты көруге болады. Бірі – оқырман, екіншісі – ақынның қарапайымдылығы. Біріншісінің қарапайымдылығына жету үшін төмен түсу қажет болса, ақынның қарапайымдылығы өрлеуімен өлшенетіні аян.

Жоғарыда аталғандарды түйіндей отырып, қазіргі қазақтың поэзиясында постмодернизмнің айқын беталысының бар екенін көруге болады. Ақындардың аяқ алыстары қалай аяқталады, немен тынады, төл әдебиетке не береді, не зиян тигізетіні жайлы әлі де зерттеулер жүргізілу қажет-ақ. Жалпы оқырман постмодернизмді қай тұста көрінетінін аңдып, поэзияны оқымайды. Әйтсе де, ақындардың шығармаларынан оқшауланып тұратын өзгерістер бірден байқалады. Постмодернизмді толықтай құбыжық ретінде көрудің қажеттілігі жоқ. Осы бір кездің бірден-бір пайда болған ерекше көркемдік әдісі ретінде бағалап, бағыт пен ағымға нақтылауға болады.

Қазіргі қазақ поэзиясында тотемдік архетиптердің де семиотикалық мағынасын бүгінгі таңдағы шындықты шендестіре келіп бейнелеуге пайдалану үрдісі кеңінен қанат жайып келе жатыр. Мысалы, Темірхан Медетбектің «Зоопарктегі өлім алдындағы қасқыр» деп аталатын өлеңі бар. Берілген өлеңнің жолдарында арлан қасқырдың жағдайы әдеттегідей қартайып не болмаса ауырып өлу үдерісін тереңнен аллегориялық образға айналдыра отырып суреттеген болып тұр. Ақын қатыгез әрі қайсар аңның түгінен

де байқалатын күш-қуаттың солып бара жатуын тарихи уақыт пен кеңістіктің пәлсапалық мәселесіне толықтай айналдырып береді.

Құдай-ау,
Қасқыр деген
Мұндай өлімге
Көнбейтін еді ғой...
Қасқыр деген –
Қақпанға түссе де! –
Арпалыспай
Өлмейтін еді ғой,- деп келтіреді [6,97].

Ақын барынша табиғи заңдылықтардың бұзылып кетуіне өзінің қарсылығын толықтай білдіре алған. Автордың ойынша кінәлі тек қана – адамдар. Берілген контексте даланың көкжалының басқа біреулерге қатысты зорлығы емес, керісінше Тәңірден берілген ерекше қасиеті марапатталады. Ал сол берілген марапат кішірейтудің тәсіліне кері бағытта жұмыс жасап, дамумен қызықты болып тұрғаны да анық. Бір ғана қасқыр емес, сол тұқымдас нысан сонау заманалардың ауқымында сарапталып әрі жинақталған нұсқаның күйінде толғандырады.

Көп жағдайда реалистік арнада жыр толғайтын ақын Жүрсін Ерманның поэзиясынан да толықтай көк бөрі архетипі төңірегіндегі таңбалардың желілері бой түзейді. Ақынның «Абай ескерткіші» деген өлеңі бар.

Абай ағамыз!
«Қазағым-ау!» деп Сіз бізді аямаңыз:
Қатыгездікке келгенде қарайып әлі
Сабақ алатын жақсыны
Сабай аламыз
Өтірік! Жалған –
аспанның астын кернеген,
бабаларымыз, менінше, қасқырды ембеген:
Қақпанға түссе, тірсегін қиып кететін
Бөрінің серті сондықтан дәстүрге енбеген,- дейді [7,25].

Жүрсін Ерманның аталмыш туындысында бөрі культінің әсері де толықтай байқалатынын көруге болады. Ал автордың өлең бойынша адресаты – Абай болып тұр. Қазіргі күйге толық көңілдің толмауы сияқты дүниелер орын алады. Көңілдің толмаушылығы поэзияда ащы сөздермен беріліп шектен шықпаса да, поэтикалық әсірелеуден толықтай ада емес. Интертекстік үлгінің негізінде Абайдың шығармаларындағы сыншыл мотивпен үндесуді көруге болады. Постмодернистерге тән мысқылдың яки самопародияның да элементтері бой көтерген. «Қасқырды ему» сияқты мифологема ойнатып, найзаны да ұштаған қаһармандық дәуірдің келмеске кеткенін ойлау арқылы налудың сарынын үдетеді. Жалпы, төл әдебиеттің қазіргі кезінде постмодернистік бағытты жоққа шығаруға болмайды. Әр ақын өзінің шеберлігіне сай қолданып, оқырманға өздерінің жүректерінен шыққан сөздерімен жеткізе білуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қасқабасов С. Ойөріс. Алматы: Жібек Жолы, 2009.-303 б
2. Нілібаев Ә. Асыл адам. Алматы: Жазушы, 1989.- 120 б
3. Әбдікәкімұлы Т. Бесінші маусым жұпары. Алматы: Атамұра, 2017.- 312 б
4. Райымбекұлы М. Бір өлең- бір әуен. Астана: Шатыр, 2017.- 159 б
5. Елгезек А. Шексіздік сыртындағы шам. Астана, 2014.- 319 б
6. Медетбек Т. Жанымның жас құрағы. Алматы: Жазушы, 1970.- 40 б
7. Ерман Ж. Шығармалар жинағы. Астана: Әуен, 2015. – 143 б

ӘОЖ 82-1

БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТЫҚ МОТИВТЕРДІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Н.Н.Садуллаев

М.Өтемісов атындағы БҚУ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші – философия докторы (PhD), БҚМУ қауымдастырылған профессоры (доцент)

А.А.Ақбулатов

Аңдатпа. Мақалада бүгінгі қазақ поэзиясы мен шығыс поэзиясындағы көркемдік байланыстар. Сонымен қатар идеялық үндестікті байқаймыз. Шығыстық мотивтердің түр, стиль тұрғысынан жаңашылдығы талданады.

Кілт сөздер: әдеби байланыс, қазақ поэзиясы, шығыс шығыс поэзиясы.

Аннотация. В статье рассматриваются художественные связи между современной казахской и восточной поэзией. Также наблюдается их идейное сходство и созвучие. Новизна восточных мотивов анализируется с точки зрения рода и стиля.

Ключевые слова: литературные связи, казахская поэзия, восточная поэзия

Annotation. The article deals with artistic connections in modern Kazakh poetry and eastern poetry. Moreover it is noticed an ideological harmony. The novelty of eastern motives in terms of type and style is analyzed.

Keywords: literary connection, Kazakh poetry, eastern poetry

Адамның рухани болмысына ерекше назар аударуы - шығыс әдебиет өкілдерінің басты жолы. Бүгінгі күнде де қазақ шығармаларында рухани баю, жүректі таза ұстау мәселесіне көбірек тоқталады. Бұл идеяны дәнін сепкен Яссауи десек, қазақ әдебиетінде өсірген Абай деп білеміз. Тәуелсіздік жәлдәрінен кейін осы тақырыптың жемісін көріп келеміз деуге әбден болады. Рухани болмысымыздың қалыптасуында діннің орны ерекше. Бүгінде соңғы жылдары діни тақырыпта поэзияда қалам тербеп жатқан ақындардың саны жетерлік. Соны тағы бір өкілі - Светқали Нұржан. Журналистерге берген сұхбатында «Дінге бет бұрғаным рас. Барлық жақсылықтың негізі – дін», – дей келіп: «Діннің адам баласына сыйлайтын бар жақсылығының қайнар кәзі бір. Ол – жүрек тазалығы. Діннің негізгі мақсаты да адамды жүрек тазалығына жеткізу болуы тиіс. Жүректі тазарту ілімінен айырылған дін – мақсатсыз дін. Фанатизмге, мәңгүрттікке, надандыққа ұрыну тап осы мақсатсыздықтан бастау алады. Мұндай дін жүректі тазартпайды, керісінше, дін ұстамағаннан жаман қарайтады... Діннің жүректі тазалау ілімі екенін біздің ата-бабаларымыз жақсы білген. Ол Қожа Ахмет Яссауи ілімі, яки хал ілімі деп те аталады», - дейді. Ақын Светқалидан шығыстық әдебиет өкілдерінің сарынын анық аңғаруға болады. Жаратушысын тану, ақиқатты іздеу, өмірдің жалғандығы сынды шығыс әдебиетінің идеясына тән дүниелерді молынан кездестіруге болады.

"Бір шың қалмай еже басын нұр шалған, Ай да, Күн де көрінбейтін кір-шаңнан. Жаулап алып тажал қолы құрсаңған, Айрылғанда Еркім менен Мұршамнан – Жариялап – жаудың шынын, жат сұмын, Келдің бізге, Исмаулла мақсымым! Ай сәулесі сәлделеген ақ басын Баба-шыңға тіредіңіз ат басын. Аштың бізге – діл дүбара шақта сын, Хақ Расул мен Құл Қожа Ахмет қақпасын. Қақпаны аштым – танып сонда хат сырын, Ердім Сізге, Исмаулла мақсымым! Жүректерге басып қойған тас мөрі Талқан болды Ібілістің! – Қашты өңі. Жала жауып жады жын мен нас пері, Аласұрды-ай сайтанаттың әскері! Нардай артып Сұбхан-Хақтың пәк сынын, Тарттың азап, Исмаулла мақсымым!" Ақын өлеңінен Яссауи жолын ұстанған Исмауллаға арналғанын байқаймыз.

Әйгілі софы әрі ақын Мансұр ал-Халладж (857-922) Иранның Фарс өлкесінде дүниеге келген. Аңызға қарағанда оның арғы тегі Мұхаммед пайғамбардың сахабаларына барып тіреледі. Жастайынан "Құран" сүрелерінің астарына үңілген, софылық шейхтарға жақын болған. Жиырма жасында Басраға, сонан соң Бағдадқа келіп, әйгілі софылармен кездеседі. Бағдадқа келіп, софылармен кездеседі. Бағдадта жиырма жылдай тариқат жолын ұстайды.[1;40]

Ақын Мансұр ал-Халладжды қозғаудағы мақсат бүгінгі қазақ әдебиетімен үндестігін байқап отырмыз. Софылық ілім ақын Мансұр өз жолын Алла жолына толықтай бет бұрған. Сол жолда қызмет етіп, көптеген шәкірттер тәрбиелеген, сонымен қатар барша адамзатты өз өлеңімен Алла жолына шақырған. Бір ескеретін жайт, софыларға өлімге тікелей қарай білген және көбірек еске алып отырған. Оған ақынның мына бір өлеңі дәлел бола алады.

"Мені өлтіріңдер, менің сенімді достарым,

Өлім - менің өмірім!

Өлу деген мен үшін - өмір сүру, өмір сүру - өлу деген сөз.

Сезуімше мені жоқ ету - маған жасалған ең үлкен сый,

Ал өмірімді созу - ең ауыр қате болар...

Мені өлтіріп, шіріген сүйегімді қоса жағыңдар" [1;41]

Көріп отырғандай, шығыс поэзиясында сопылық пәлсапа жетерлік. Өлең идеясына қарасақ, ақынның өз өмірін құрбан ету арқылы бақилық мәңгілікке ұмтылыс танымы байқалады. Шығыс әлемі үшін өмір мен өлім әрдайым қатар жүреді. Сол арқылы өзін тәрбиелейді. Бойына қанағатшылық, мейірімділік, әділеттілік т.б. қасиеттерді бойға жинауға, сонымен қатар әрқашан еске алып отыруға шақырады.

Бүгінгі поэзия өзінің тың жаңалықтарымен қарыштап алға шығып келеді. Шығармаларда бұрынғы кезеңдерде шығыс алыптары, ғұламаларының өлімге бетпе-бет келуі немесе оның асыға күтуі іспетті шынайы момынның іс-әрекеттері бүгінгі әдебиетте де айқын байқалады. Сөзімізге арқау болуға Жүсіпбек Қорғасбектің "Үлпілдек" роман -тәмсілін қарастыратын боламыз.

Мұндай идеяны Жүсіпбек Қорғасбектің "Үлпілдек" атты шығармасындағы кейіпкерінен де көруге болады. Осы тұрғыда профессор Ақболатов Айдарбектің "'Үлпілдек" роман-тәмсілі дәстүрлі әдебиет стилі мен жаңашыл үрдісті шебер ұштастырған шығарма өзіндік ерекше өріммен өрнектелген. Роман терминіне тіркелген тәмсіл сөзі философиялық, пәлсапалық бағытын аша түсіп, шығарманың астарлы

ойын, өлім мен өмір арасындағы мәңгілік жалғастықты іздеу екенін көркем туындыны зер салып оқығанда байқаймыз" [2;107] шығармаға берген пікірі өте орынды. Жазушының шығармасынан сонымен қатар өмір мен өлімді тең дәрежеде ұстауды көрсететіндей.

Романда Қыранқара атты кейіпкердің бірнеше рет отау құруымен өрбиді. Әр отау құрған сайын сол түні қалыңдығы қаза болып отырады. Ақыр соңында романға арқау болған кейіпкеріміз Үлпілдекке Қыранқара көзі түседі. Бұл кезеңде Үлпілдектің анасынан айырылып, тұл жетім болып қалады. Өмірдің тауқыметін көрген Үлпілдек Қыранқараның қалыңдығы болуға келісіп, неке түні өлім келуін сұрайды, "судың шалпылына құлақ төсеп, бұған дейінгі көрген қорлығы түстей боп, төсекте керіліп Қыранқара жатқан, алайда қасына қисайған қалыңдығының ойы басқа екенін төбеге қарап бедірейген түрінен сезді.

Үлпілдек ішінен "маған өлім келсін... маған өлім келсін... маған өлім келсін" деп қайталай берді, ертеңдері өзінің бұрынғы қалыңдықтардай аққа оранып шығарылғанын тіледі" [3;102]. Дәл осы тұстары софьлық ақын Мансұрдың өлеңіне толықтай сәйкестігін байқаймыз. Дегенмен ақын Мансұрдың өлеңі мистиканың рационалдығын көрсетсе, жазушы Жүсіпбектің романындағы кейіпкердің әрекеті мистикалық иррационалдығын анық байқатады. "Үлпілдек өмірге келместен бұрын дүние салған ақын романның өн бойында өлең болып өріліп басты кейіпкерлердің шатасқан ой - елестері, алжасқан түстері мен өң мен түсті қабылдаулары, шым шытырық адам миындағы ішкі тартыс, психологизм арқылы көрсетеді." [2;108]

Байқанымыздай, бейкүнә қыздың өмірдің пердесін жауып, өлімнің махаббатын іздеуі бүгінгі шығармаларда орын алып отырған тосын сюжет болып табылады. Яғни, адам баласының өмірден, адамдардан қасірет көріп, бір алласына мұқтаж болғанда, ең алғаш ойына оралары жаратушысы болса, оған жету жолы сол жолға өзінді байлау деп түсінеміз. Жоғарыдағы Жүсіпбек Қорғасбектің шығармасындағы шығыстық мотивтер әлі де болса, шығыс әдебиеті өшпес мұра, бір өмірлік азық екенін аңғартқандай.

"Қожа Ахмет Яссауи мен Қожа Хафизде кейбір сөздердің софьлық мағынасы бар. Мәселен, /пақыр/сөзі біз үшін кедей, бейшара деген мағынасымен мәлім. Ал Хафизде аллаға мұқтаж болу және алладан басқаға мұқтаж болмау, камалаттық жолына түскен жолаушы, дәруіш деген мағынада жұмсалады. Қожа Ахмет 63 жасында өмірден түңіліп, хилует қаздырып, соған түсіп, басқа жұрттан аулақтанатынын білеміз. Енді Хафиздегі "хилует" сөзінің қалай қолданылатынына назар аударайық:

Хәлуәт - сарай.

Софьлардың бөтендерден жалғыз қалатын жері.

Парсыдан аудармасында:

Өзгеше хәлуәт /хәлвәт/ сарай күзетшісіне айт.

Анау біздің хәлуәт сарай мүшесі деп /адамы/

Жиһанда бекер қайғыланбайық,

Көнерген шарапты кесеге құяйық.

/Моуләви/ " [1;47]

Жалпы адамзаттың өзін танып, өмірді таныған сәтте көптен даралануы бүгінде қалыпты жағдай деп ойлаймын. Ақиқи ілімге жеткенде кемелдену кезеңіне табан тірегенде ғана пенденің санасында қылуәт кезеңі басталатындай. Мұнымен айтқым келетіні, бүгінгі поэзияда да қылуәтті басынан өткізіп жүрген ақындарымызды байқап отырмыз. Оған дәлел анасы қожадан тараған қанында ақын Серік Ақсұңқарұлының "Қылуәт" атты өлеңіне назар аударалық:

...Парнасымды жетектеп ап,

Қылуәтке түстім мен!

Жер басады,

Зіл басады үстімнен;

Абыройдан айырылған адамзат,

Қанатынан қайырылған құспын Мен!

Бір үзім нан ,

Бір болымсыз зат үшін,

Бір-бірінің жейді ел күнде ақысын.

солтүстікке көз алартып Оңтүстік,

Шығысыңа қарсы шықты Батысың;

(Қалай Алла алқайды енді осы бір,

Адамзаттың Homo sapiens сатысын?!.)

[4;297]

Серік Ақсұңқарұлының бұл өлең жолдарынан ақынның қылуәтке түспесе де , қылуәттік адамның күйін кешкенін жеткізеді. Яғни азған қоғамнан, дүниені көздеп шарқ ұрған халықтан жекелену байқалады. Былайша айтқанда, шығыс әдебиетінің тілімен софьлық поэзия көрініс бергендей.

Ендігі кезекте шығыстық мотивтердің мол үлгісін ақын Нұрлан Оразалиннің поэзиясынан да кездестіруге болады.

"Әр сөзің менен әр ісің

Есепте тұрар - құлыпта.

Екі дүниенің бары шын,
Құдайдың барын ұмытпа!-деп жырлайды ақын.Ақынның бұл жолдарынан дінімізде айтылатын есеп-қисап күнін нықтайды. Және соған нануға, құдайдың барын ұмытпауға шақырады. Бұл да шығыстық сарынның бірден-бір көріністері.

"Өмірде босқа кам жемейік
Көнерген шарапты кесеге құяйық
Көңілді жүрек Хафиз болғандай
Алғашқы шараптан бір кесе алған Хафиз."
Аударған Ислам Жеменей

Хафиз ғазалдарында жиі қолданылатын "шарап", "мей" сөздерін жай оқырман теріс түсінуі мүмкін. Бұл сөздердің софылық астары бар. Алайда кейбір зерттеушілердің өздері де тура мағынасында қабылдап, оны мұсылман заңына қарсы адам болған деп түсіндіріп жүр. Мұндай адасушылық Хафиз өлеңдерінің шиырларын жақсы білмеуден, софылықты дұрыс түсінбеуден туындап отыр. " [1;48]

Шығыс поэзиясында шарап өте көп қолданылады. Кей ақындар мұның мәніне үнілсе, кейбірі тіптен мүлде басқа материалдық тұрғыдан түсінетіндері жетерлік. Жоғарыда айтқандай, шығыс шайырларының діни білімі өте жоғары болған. Сол себепті "шарап" сөзін ауыспалы мағынада қолданылғанын келтірілген деректер де дәлелдемек. Енді Қожа Ахмет Яссауидің мына бір жолдарына назар аударсақ:

"Яссауи хикметінің қадіріне жеткіл,
Ғашық шарабынан бір тамшы татқыл.
Ғашық шарабынан бір тамшы тартқай,
Құдайдың жұмағына бір жола жеткей." [1;49]

Байқағанымыздай, бұл ғашық шарабы деп отырғаны - ақиқат шарабы. Осы "шарап" сөзін осы қалпында жеткізуде қалам тербеген Серік Ақсұңқарұлының "Шарабы Омар Хайямның" өлеңіне назар аударсақ:

"Тарихтан оқып кенел, кел:
Белі де шықпай бесіктен,
Ақындар ішкіш дегенді ол
Іңгәліп жатып есіктен.
Оны елге Омар таратқан
Рубаймен шарап жалдаған.
... Сол шалың бірақ шараптан
Ауыз да татып алмаған!
Ішпес ем қылғұрт пендеше,
Тіліне еріп аярдың
Оранып жырға келмесе
Шарабы Омар Хайямның." [5;111]

Серік Ақсұңқарұлының бұл өлең жолдарындағы "шарап" сөзін "сөз,өлең-жыр" мағынасында қолданғанын анық байқауға болады.Ақынның бұл өлеңі жоғардағы сөздерімізге дәлел болғандай "шарап" сөзіне ақындар материалдық тұрғыдан қарамаған, жан рахаты, ақиқатты табу мағынасында қолданды деп білемін. "Оранып жырға келмесе, Шарабы Омар Хайямның" жыр жолдары яғни Омардан жеткен рухани жыр жолдарының келуі турасында қозғалып тұр деп нықтағым келеді.

Шығыстық сарын қай кезеңде болмасын өз бағасын жоғалтқан жоқ.Бүгінгі күнде сонымен қатар шығыс әдебиетін тұмарындай ұстаған, шығыс шайырларын өлеңдеріне арқау етер қазақ ақындарының қатары кемімек емес.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Ислам Жеменей "Хафиз және қазақ әдебиеті" , Алматы, 2000ж. 7-61б.
2. А.Ақбулатов "Қазіргі қазақ прозасындағы роман жанрының даму тенденциясы" , Орал қ. "Шұғыла Принт" баспасы, 2020ж. 107-108б.
3. Ж. Қорғасбек "Үлпілдек"роман-тәмсіл, Алматы "Жазушы" баспасы, 2012ж.,102б
4. С. Ақсұңқар "Уа, Ақсораң" Алматы "Дәуір" баспасы,2020ж. 297б.
5. С. Ақсұңқарұлы "Өмір деген - Күнді айналу" , Алматы "Жазушы" баспасы, 111б.

Д.Д.Садуова

Филология мамандығының 2 -курс магистранты
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
e-mail: dinasaduova@mail.ru

А.О.Тоқсамбаева, ф.ғ.к., профессор

Аңдатпа: Асқар Алтайдың қай шығармасын алсаңыз да, көтерер жүгі салмақты, айтар ойы терең. Өзі өмір сүріп жатқан қоғамның зәру мәселелеріне дер кезінде үн қосып, туындыларына өзек етіп алып, оны оқырманына шынайы жеткізе білетін қаламгерлік қыры жазушы шығармаларының тақырыптық ауқымының кең болуына әсерін тигізбей қоймайды. Оның идеялық-мазмұндық пішіні айрықша әр туындысы жеке-жеке талдап-таразылауға лайық. Өзіміз өмір сүріп отырған дәуір көріністерін қазқалпында бейнелеп беріп қоймай, тарих қатпарларына үңіліп, ақиқатты көрсетуге ұмтылды.

Аннотация: Какое бы произведение Аскара Алтая вы ни взяли, оно будет масштабным и глубокомысленным. Писательское свойство вовремя откликаться на животрепещущие проблемы своего общества, брать их в основу своих произведений, и доносить своему читателю правдиво, не могло не повлиять на обширность тематического диапазона произведений писателя.

У него особенная идейно-содержательная форма, и каждое произведение достойно отдельного анализа и разбора. Он не просто изображал сухую картину эпохи, в которой мы живем, но и стремился показывать истину, заглядывая в пласты истории.

Annotation: Whatever work of Askar Altai you take, it will be large-scale and thoughtful. The writer's ability to respond in time to the burning problems of his society, to take them as the basis of his works, and to convey to his reader truthfully, could not but affect the vastness of the thematic range of the writer's works.

He has a special ideological and meaningful form, and each work is worthy of a separate analysis. He not only portrayed a bare picture of the era in which we live, but also sought to show the truth by looking into the layers of history.

Кілт сөздер: Тарих, модернистік бағыт, көркем шығарма, «Тауажат», «Прописка».

Қазақ даласының кербез де асқақ өңірі Алтайда туып-өскен қаламгерлер аз емес. Көркем сөз шеберлері Оралхан Бөкей, Қалихан Ысқақ, Дидахмет Әшімханов, Әлібек Асқаров сияқты талантты жазушылардың көркемдік дәстүрін жалғастырып келе жатқан Асқар Алтай шығармалары көркемдік танымының тереңдігімен, суреткерлік әлемінің өзгешелігімен, көркемдік кеңістігінің барлық жағынан жарасым тауып, тұтасып кеткендігімен құнды.

Өр Алтайға қызығып та, тамсанып та қарамайтын ел жоқ. Талай аласапыранды басынан кешірген қазақ халқы кезінде атақоныс Алтайдан да «елім-айлап» үдере көшіп, содан соң атамекеніне қайта оралды. Барша түркі жұртының түп мекеніне айналған Алтайдың қойнауы қазынаға толы. Атақты америкалық саяхатшы Д. Кеннан өз кітабында Алтай табиғатына тамсана отырып: «Мына әлемнің мен көрмеген құрлығы жоқ. Мен алты құрлықта да болдым, егер біреу маған алты құрлықтың ар жағында, жетпіс теңіздің бер жағында Алтайдан да керемет жер бар десе, мен барар едім, бірақ ондай жер жоқ, мен Алтайды көріп таңғалдым», – деп жазады. Осындай ғажайып мекенде дүниеге келген Асқар Алтайдың бүкіл туындыларының желісі асқақ Алтаймен байланысып жататыны сондықтан да болар. Былайғы жұртқа тылсым көрінетін Алтай тауларының сұлулығын хас суретшідей суреттеп, әсем табиғатын шұрайлы тілмен көркем түрде жеткізе білу – балалық шағы осы тұнып тұрған тұмса табиғаттың ортасында өткен таланттың ғана қолынан келер. Бұл тұрғыда Асқардың жазушылық шеберлігі, суреткерлік болмысы, өзіндік ерекше стилі жайында белгілі жазушы Дулат Исабековтен асырып кім айта алады: «Асқардың тілі бай, Алтай топырағындай құнарлы, шөбіндей шүйгін. Қазақ тілінің қаймағы бұзылмаған, жал-құйрығы күзелмеген, бөгде сөзбен былғанбаған ортада ер жеткен жазушы екенін кітаптың әр бетін оқыған сайын біле түсесіз», – деп жазады ол [1,106].

Асқар Алтайдың «АҚШ консулының тас лақаты», «Лайбаран», «Түсік», «Кентавр», «Стақан», «Сібір офицері», «Альпинист», «Шаһид», «Салбурын», «Прописка», «Көзжендет» сынды повесть-әңгімелері әдебиетімізді мазмұндық жағынан байытып, жаңа түр әкелді. Жазушы әңгімелеріндегі ұлттық мінез бен ұлттық таным бірден көзге ұрады. Оның көркемдік ізденістен туған «Кентавр» әңгімесі мен «Салбурыны» қазіргі қазақ прозасының беделін биіктетті.

Асқар Алтай кейбір шығармаларын арнайы тарихи тақырыпта жазбаса да, ондай туындыларының мазмұндық-идеялық сипатын екшегенде, тарихтан тағылым берер тұстары мол, көркемдік көкжиегі кең, танымы терең дүниелер екені санаңда сәулеленіп тұра қалады. Айталық, оның бүгінгі замандағы бір-біріне жат болып кеткен туажат адамдар мен туажат қоғамның бет-бейнесін шынайы ашып көрсететін «Туажат» деген романы бар.

Жазушының айтуынша, сонау 1979 жылы осы романды жазу идеясы ойына келгенмен, оны отыз жылдан соң ғана дүниеге әкелді. Дегенмен дәл уақытында, сәтті кезеңде туған әрі тез жазылған туынды

болды. Өйткені шығармада көтеріліп отырған мәселе бүгінгі таңда да өзекті қалпында қалып отыр. Автордың өзі «Туажатты» постмодернистік сарынына қарап роман-модерн деп атаған. «Жалпы, роман деп атауға болады. Модерн деген тек оқырманды тарту үшін, өзіндегі жаңалықты көрсету үшін керек. Мен мұнда үш нәрсені қамтуға тырыстым. «Туажатта» өте катал реализм, мифизм, кейбір тұрғыдан келсек, символизм басым. Деректілік пен детективтік элементтер де кездеседі. Осындай жанрлық тұрғыда ерекшеліктері бар», – дейді ол.

Романдағы деректер Ауғанстандағы соғыс пен 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты өрбиді. Жазушының өзі де Желтоқсан оқиғасына қатысқан. Сондай-ақ Ауған соғысына қатысқан туыстарының, сыныптастарының талайлы тағдырына куә болған. Адамның өз басынан кешкен ауыр сәттері туындының шынайы жазылуына септігін тигізері сөзсіз. Романдағы кейіпкерлердің басынан өткен сынақты оқиғалардың бәрі де өмірден алынған, өзі көрген жандардың басынан өткен, соның бәрі сана түкпірінде сәулеленіп, ұмытылмай, романның шиеленіскен тұстарының ширыға өрбуіне арқау болды.

Басты кейіпкер Байбура осы арпалыстарға қатысып, тағдырдың ащы сынағын көреді. Елі үшін азап пен тозаққа түссе де, өз елі өзекке теуіп, қағажу көрсетеді. Жазушының бұл романды жазудағы мақсаты – қазіргі қоғамдағы адамдардың бір-біріне жат болып, қатыгезденуі. «Туажат» деген сөзді қазақ о баста тауып қойған. Қазақ – философ халық. Жетінші, сегізінші ұрпағың саған туажат болады деп өткен ғасырларда айтып кеткен. Роман көтерген философиялық ой одан да асып түседі. Өйткені қазір бүкіл қоғам туажат. Ұлттардың өзі бір-біріне бөтен. Мақсатым туажат қоғамдағы туажат адамдардың жан дүниесін көрсету болды», – дейді автор [2].

Байбура – жиынтық образ, оның ішкі дүниесіндегі арпалыс кез келген жас адамның ішкі психологиялық қайшылығынан көрініс береді. Байбураның Болатпен диалогынан алынған үзінділерден қоғамның шынайы келбеті танылады.

« – Жарайды, ренжіме! Бура, екеуміз қанды көйлек дос едік қой. Ештеңе сұрамай-ақ қояйын десем де, пендеуі әуестігім қозып... Құдай бұйырса, қырыққа да келіппіз. Осы аз ғана ғұмырда біздің құрдастар не көрмеді десеңші! Декабрь көтерілісі... декабристер... Ауған соғысы, Совет Одағының құлауы, Тәуелсіз Қазақстан, жабайы сауда, одан ойдан-қырдан құйылған мол ақша... Елдің есі ауысқанша үй салуы, анау Алатаудың басына дейін баса-көктеген бейшаралар... Эйфория.

– Ал өзің ше? – деп қалды Байбура.

– Мен де солардың бірімін... «Декабрист» болам да, сен секілді Ауған асқан жоқпын. Мәскеу түбіндегі әйгілі Кантемиров танк дивизиясында служить еттім. Алматыға оралысымен бір үлкен шенеуніктің үкілеп отырған қызына үйлендім. Соның арқасында осы тіс кабинетін аштым... Бірақ бақытты бола алмадым. «Шортан көлге, шаян шөлге» дегендей, өз жөнімізді таптық. Бар-жоғы осы, Бура! Қиқулап жүріп қырыққа да келіппіз. Бітірген түгіміз жоқ... Бос өткен өмір» [3, 28].

Кейіпкерлер диалогы арқылы сол қоғамдағы өзгерістер ғана емес, адам санасының да өзгере бастағаны байқалады. Бас кейіпкер бір-біріне жаны ашымас адамдары бар қоғамның қатыгез бейнесінен шошынады. «Әр дәуірдің әдебиеті – сол дәуірдің айнасы. Сөз өнерінің өмір шындығы «шындап» қана қоймай, келешекке, келер ұрпақтың «шегелеп» қалдырған құдіретті күші де осы арада жатыр», – дейді белгілі сөз зергері, академик З. Қабдолов [4, 19] Жазушы өз кейіпкерлерінің болмысын, мінезін жасай отырып, өз болмысын да береді. Жалпы, кез келген шығарма жазушының жан дүниесін аңғартады.

Халқымыздың тарихында қанды оқиғаның бірі болып, жан сыздатар жара қалдырып кеткен Желтоқсан оқиғасының қайғы-шері ешқашан ұмытылмас. Осы бір жүрек сыздатар тақырып еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де көптеген қаламгерлердің көркем шығармаларында көрініс тапты. Асқар Алтайдың «Прописка» әңгімесі де осы бір қоғамның өзекті шындығын көркем түрде көрсетіп беруге арналған.

Прописка мәселесі даладан қалаға келген қазақ ұлтының басына сор боп жабысып, шер боп қатып келді. Әңгімедегі оқиғалар пропискаға айлар бойы тұра алмай, соның салдарынан жұмысқа орналаса алмай, қалада қаңғып жүретін бір ғана Арқаттың емес, Арқат сияқты мыңдаған қазақ баласының басынан кешкені, наласы мен көз жасы. Демек, бүкіл қазақ баласының, қазақ қоғамының басына түскен ауыртпалық екені сөзсіз. Ақыры, өгейлік көрсеткен қаладан ауылына боранмен алысып жеткен Арқаттың басындағы оқиға – Желтоқсан оқиғасынан кейін қағажу көрген көптеген қазақ жастарының басынан өткен жайттар. Шебер жазушының қаламынан шыққан қарымды туындының көркемдік бояуы айқын, кейіпкерлердің портреттерін берудегі ұтымдылық, мінездеу, тартыс мәселелері, диалогтар мен ішкі монолог оң шешімін тапқан. Жас жігіттің бойындағы жастық қайрат, ұшқыр ой, өмірге деген көзқарастары оның жалындаған жастыққа тән албырттығымен тұтасып, психологиялық тұрғыда шебер киноласады.

Әңгімеде суреттелетін Алтайдың ызғарлы қытымыр қысы да сол кезеңнің ауыр күндерінен хабар беріп, нақты ұғымды образ арқылы бейнелеп, тұлпалдау арқылы жеткізіледі. Көк шығып көктем келсе де, Алтайдың аязды бораны басыла қоймайды. Романдағы боранда бұлаңғытып кетіп, сол күйі оралмаған үш жігіт желтоқсанның құрбаны боп кеткен боздақтардың сағым боп кеткен бейнесіндей.

Асқар Алтайдың желтоқсан тақырыбына арналған тағы бір шығармасы – «Сібір офицері» де мазмұндық-композициялық құрылымы өзгеше, шебер жазылған туынды. Қазақ халқының тәуелсіздікке жету жолындағы қиын-қыстау кезеңдері аз емес десек те, әрқайсысы халық санасына сан түрлі із

қалдырды. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін қорғаған бабалар рухынан қуат алған ызғарлы Желтоқсан оқиғасы халқымыздың қасиетті тарихында өшпестей жазылып қалды. Ызғарлы желтоқсан тәуелсіздіктің таңы атуына бастау бергені де шындық. «Сібір офицері» – Желтоқсандағы қатал да қатыгез өмір шындығын көз алдыға боямасыз қалпында әкелетін шығарма.

Асқар Алтайдың туындысына арқау болған желтоқсан жаңғырығы «Сібір офицерінің» бас кейіпкері, аға лейтенант, офицер Бурахан Булатовтың ой-санасы мен арпалысқан жан дүниесіндегі қайшылықтар арқылы да оқырман санасын шарпып өтеді. Желтоқсаншыларды басып-жаншу үшін Новосібір қаласынан келген жиырма шақты офицер қатарында Бурахан да болды. Әскери қатал бұйрықты мүлт еткізбей орындап үйренген ол бауырларын жағадан алып, шаштан сүйреп, қанға бояды. Бірақ бірте-бірте ұлттық намысы оянып, арыны бәсеңдеді.

«Өзін адал адам сезінетін еді. Абат заманның азат азаматымын деуші еді. Абақты қоғамның әділетсіз адамы екен. Кесімді биліктің кесірлі пендесі боп шықты. Шел басқан көзін енді ашты, тұман торлаған көкірегін енді көтерді. Соқыр санасына саңылау түсіпті. Кісенді қоғам зорлығын істепті. Аңқау офицер әмірлі биліктің құрбанына айналыпты: бұйрық – қатал... саясат – сайқал... Жазықсыз қолын жазалы етті» [5,126]. Кейіпкердің ішкі дүниесіндегі арпалыс жан дүниесін астан-кестен етіп, тыным бермей аласұрды. Жазықсыз қырылған қазақ жастарының кәдімгі отарлаушы елдің басып, жаныштауының, зорлық көрсетуінің құрбанына айналғанын жан дүниесімен сезінді. Демек, аңғал офицер де әміршіл жүйенің, қатыгез биліктің құрбанына айналды. Ар азабынан құтыла алмай аласұрды. Ақырында, өлімді таңдады.

Бұрын билікке адал қызмет қылып жүрмін деген ойдағы офицер Бураханның тағдыры осылайша тағдыр тәлкегіне ұшырайды. Әділетсіз қоғамның, әміршіл саясаттың құрбанына айналған жазықсыз жанның аянышты ғұмырын автор асқан шеберлікпен шынайы өреді. «Кейіпкердің жанын жегідей жеген де, намысын жер қылған да – желтоқсан. Бураханның көзін ашқан да, көңілін басқан да сол желтоқсан деп пайымдайды авторлық таным» [6, 55 б.].

Әлеуметтік өмір шындығын әр оқырман өз таным-түйсігі тұрғысынан талдап-таразылайды. Қоғамдағы өзекті мәселелер, адамның жеке басының мүддесі мен ішкі рухани әлемі әрқашанда жазушы назарынан тыс қалмайды. Өз қатарластарынан жазу стилімен, өзіндік суреткерлік позициясының айқындығымен айрықшаланатын қаламгердің қазақ прозасында өзі қалыптастырған жолы, әдеби бағыт-бағдары бар.

Асқар Алтай проза жанрын өзіндік көркемдік ізденістерімен байытты. Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерін қозғауда елес, түс көру тәсілдерін, көне дәуір аңыздарын, мифтік, архетиптік немесе символдық образдарды қолданады. Мифтік ағыздарға сүйенген туындылары оқырманын көркем қиял әлеміне жетелеп, мифологиялық кейіпкерлерді, мифтер мен аңыздарды қолданудың ерекшелігін, тотемдер туралы аңыздар әлем құрылымының үш деңгейіне қатысты түркілердің, атап айтқанда, қазақтардың нанымдарын көрсетеді.

Қазіргі заманның әлеуметтік зәру мәселелеріне қалам тербеген жазушының әр шығармасы оқырманын ойландырады, өзіндік көзқарас, философиялық байлам жасауға жетелейді. Соның бәріне жазушы тілінің жатықтығы, шұрайлылығы, шеберлігі қосылып, көркемдік бояуы тұтасқан дүние еріксіз тәнті етеді.

Өз ұлтының мәдениетіне, өнеріне, әдебиеті мен тарихына құрметпен қарайтын әрбір адам жазушының осы тақырыптағы шығармаларынан өзі қорытынды жасап, өз таным-түсінігі тұрғысынан таразылап, кемшілігін де, жетістігін де сын көзімен айқындап алары анық. Тіпті кейіпкерлер диалогтары арқылы өткен тарихқа басқаша көзқарастардың білініп қалуы да ықтимал.

«Бүкірдегі» Әмір Темірдің картинасына қатысты өрбитін диалогтағы ой-пікірлер тарихи тұлғалардың, атап айтқанда, Тоқтамыс хан, Әмір Темір, Баязит сұлтанның тарихтағы алар орны мен салмағына деген алуан түрлі көзқараспен сабақтасып жатыр.

«– Хандық... мемлекет дейсің. Қайдағы мемлекет? Хандық құрып қаншалықты қарқ болдық. Біздің хандар хан емес – қанқұмарлар... Өзара қырқысты. Қырылды. Халықты үш жүзге бөлді... Ел де қырылып жойылды. Тоз-тоз болдық. Топырақ жаладық. Орысты паналадық. Соның арқасында аман қалдық. Бізде мемлекет болған жоқ...»

– Оттапсың! Орыс отарлады. Іріткі салды. Қытай қидалады. Жоңғардан арылған жерді жаулап алды. Сенің жаңағы айтқаныңның бәрі – Шойынбаев пен Масановтың сандырағы ғой... Санаңды сандалтып тастаған екен.

– Шойынныңы да, Масанды да оқыған жоқпын. Орыс пен әлем тарихын аударатөңкере қарап шыққаннан кейін түйгенім... Ал олар маған дейін сондай ой түйген қазақ азаматтары болса, молодец! Олар да Қазақстан азаматтары... Өзгеше ойлауға иеет право. Тем более, қазақтар!» [3, 186]. Иә, заманының әлеуметтік шындығын шығармаларының желісіне өзек етіп жүрген Асқар Алтайдың тарихтың тағылымын оқырман қауымның бойына сіңіруге атсалысқан дүниелері де кесектігімен, ірілігімен, талғампаздығымен қазақ прозасына жаңашылдық пен серпіліс әкелді, танымдық тереңдікке баулыды. Қаламгердің осындай тарих тағылымының нәрін оқырман бойына сіңіретін сүбелі шығармалары әлі де талай зерттеудің нысанасына айналары сөзсіз.

Асқар Алтай – қазақ прозасына өзіндік үнімен келген, өз соқпағы бар, суреткерлік таланты ерекше, ешкімге ұқсамайтын оқшау мінезді жазушы. Суреткерлік мұраты асқак, көркемдік позициясы айқын жазушының қазіргі қазақ прозасында алатын орны айрықша. Әдебиеттің атқаратын этикалық, эстетикалық айрықша қызметімен ештеңе теңесе алмайтынына дәлелдің қажеті жоқ. Онда халықтың ар-ожданы, арман-мүддесі, асқан асу, жүрген жолы, тарих көшіндегі көрген қызық, бастан кешкен қиындығы көркем бейнеленіп, оның эстетикалық мұрат-мақсаттары көрінетіндігі белгілі. Олай болса, өткен тарихты айта отырып, бүгінгі заманды пайымдау әдебиетте қалай көрінді деген сұрау түйіні – өзектілігін жоймайтын мәселе.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық// Құрастырушы: Қамшыгер С., Жұмашева Қ. – Алматы: «Аң арыс», 2009
2. Олжас Әбіл. «Дидар» газеті. 17.01.2013
3. Асқар Алтай. Туажат. Роман және хикаят. – Алматы: Арда, 2018. 207 б.
4. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар.– Алматы: «Санат»,2007–385бет.
5. Асқар Алтай. Киллер сауысқан. – Алматы: «Арда», 2013
6. Балтабаева Г. Тәуелсіздік кезіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі: Повестер мен әңгімелерге шолу, талдау.– Алматы: «Дәстүр», 2016.– 288 бет.

ӘОЖ 82-31

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ РОМАНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

И.С. Султаниязова – PhD доктор, доцент

Қайырлы К. – магистрант

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

e-mail: su.indira@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық романдардың жанрлық ерекшелігі талданылады. Ғұмырнамалық романның қазақ әдебиетінде жазылу тарихына тоқталынып, жекелеген авторлардың ғұмырнамалық романдарының тақырыптық ерекшеліктері қарастырылады.

Кілтсөздер: роман, ғұмырнамалық роман, қазақ әдебиеті, адам ғұмыры.

Аннотация. В статье анализируются жанровые особенности биографических романов в современной казахской литературе. Рассматриваются тематические особенности биографических романов отдельных авторов, акцентируя внимание на истории биографических романов в казахской литературе.

Ключевые слова: роман, автобиографический роман, казахская литература, человеческая жизнь.

Annotation. The article analyzes the genre features of biographical novels in modern Kazakh literature. Thematic features of the biographical novels of individual authors are considered, focusing on the history of biographical novels in Kazakh literature.

Key words: novel, autobiographical novel, Kazakh literature, human life.

Әлемдік әдебиетте орны ерекше саналатын Еуропалық шығармалардың арасында роман жанрының толып жатқан түрлері бар, мәселен: әлеуметтік роман, серілік роман, бұзақылық роман, этнографиялық роман, саясаттық, қылмыстық, әдет, фантазиялық, философиялық, өндірістік, психологиялық, махаббаттық, өмірбаяндық романдар т.б. болып келеді.

Осылардың ішінде қазақ әдебиетінде еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта ерекше қарқынмен жазылғаны ғұмырнамалық романдар екені дау туғызбаса керек.

Ғұмырнамалық романдардың негізгі нысаны - өмір шындығының көркемдік шешімін табудағы жазушылардың суреткерлік шеберлігінің эстетикалық әлемі мен сөз өнерінің құпиялары және дүниетанымындағы тереңдіктерін танып білу.

Бастау – бұлағын көне дәуірден алған роман жанрына:

«Роман – күрделі және дамыған сюжетті, көбінесе қара сөзбен, кейде өлеңмен жазылған кесек тұлғалы эпикалық әдеби шығарманың бір түрі. Роман басқа эпостық жанрларға қарағанда өмірді, оның әр алуан құбылыстарын, адамдар арасындағы қарым – қатынастарды кең қамтып, терең суреттейді. Романның құрамы, құрылысы күрделі, онда лирика мен драма жанрларының сипаттары да кірігіп отырады. Роман қаһармандардың жеке өмірін, олардың арасындағы байланыстар мен қарым – қатынастар тарихын суреттеу арқылы дәуір мен қоғамның, салт пен сананың кең суретін жасайды» - деп анықтама береді ғалым М.Атымов [1, 507].

Қазақ әдебиетінде өркен жайған роман жанрының қазіргі заман әдебиетінде түрлі типтері қалыптасқан.

Қазақтың әдебиет туралы ғылымында ғұмырнамалық проза жанры бірден және бір адамның шығармашылығымен қалыптасты десек, ағат айтқан болар едік.

Өткен ғасырдың 20 жылдарынан бастау алған ғұмырнамалық проза жанры өзінің терең тарихында қалыптастырып үлгерді, көлемді ғылыми мақалалар, зерттеу еңбектері де жазылды. Ғұмырнамалық жанрды зерттеу бүгінгі таңда жаңа деңгейге шықты деп айтуға әбден болады. Енді қаламгерлердің суреткерлік шеберліктерінің алуан түрлі мәселелерін жеке – дара алып, салыстыра қарап, теориялық талдаулар жасап, авторлық әлемнің құпия қалтарыстарын жіті зерттегенде барып жанрдың өзіндік қасиеті танылмақ. Ол заман көші ілгері жылжыған сайын көзге тартатын көркем құбылыс ретінде де ерекшелене түспек. Ө.Тәжібаев, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов шығармашылықтары – қазақ әдебиетіміздің алтын қорына енген құнды дүниелер. Жазушылардың «Жылдар, ойлар», «Есімдегілер», «Мен», «Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық романдарының өзге де ғұмырнамалық тақырыптардан орасан зор айырмашылықтары бар екенін атап айту ләзім. Ө. Тәжібаев, М.Мағауин, Қ.Жұмаділовтардың ғұмырнамалық шығармаларының басты кейіпкерлері авторлардың өздері болып табылады. Романдардың басты көркем – идеялық құндылықтары да сол шығарманы жазушы авторлар – бастан кешкен талай қиындықтар мен жайларды тікелей өз көздерімен көргендері, сол уақиғаның ортасында жүріп куәгер болғандарын ғана баян етеді. Алайда қазақ әдебиетінде жеке жазушылар ғұмырнамасынан жазылған туындылар арасында С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі», С.Мұқановтың «Өмір мектебі». С.Көбеевтің «Орындалған арманына» қатысты біраз зерттеулер жазылды. Ө.Тәжібаевтың ғылыми еңбектері, поэзиялық және драмалық дүниелері туралы айтылып, жазылғанымен прозалық шығармасы қолға алынбағанын, М.Мағауин мен Қ.Жұмаділовтің ғұмырнамалық шығармаларының да зерттеу нысанасына айналмағандығын атап өткен жөн.

Ө.Тәжібаев, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов сияқты көп қырлы суреткерлер шығармашылықтарындағы автобиографизмнің үлкен орны бар. Отбасы, жеке өмір, алдыңғы ұрпақ, келер ұрпақ тарихнамасы өмірдің шежірелік келбетін ерекше толғамдармен толықтырады. Адам өмірі халқымен қоғамдық ортасымен бағамдалады. «Жылдар, ойлар», «Есімдегілер», «Мен», «Таңғажайып дүние романдары арқылы қаламгерлердің шығармашылық өмірінен көп мағлұмат аламыз. Жазушы, ең алдымен, өзі өмір сүрген кезеңнің перзенті. Сондықтан да кез келген қаламгер өзі өмір сүрген кезеңнің, ортаның шежіресін жасайды. Сол ортамен біте қайнасып жатады.

Ал шығармалары шыншыл жазушының өз өмірбаяны да болып шығады. Ө.Тәжібаев, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов романдарынан бұл жазушылардың өмірбаяны екендігін ұға түсеміз. Өмірбаяны болғанда да, көркем сөзге, әдеби шығармаға айналған өмірбаян.

Ғұмырнамалық романдардағы адам ғұмыры кәдімгі көркем шығармалардағы кейіпкерлерден айырмашылығы айтарлықтай. Бұл шығармалардың авторлары проза жанрының оңтайлылығын сәтті пайдалану арқылы өз өмірлерін романға арқау етті. Ғұмырнамалық романдағы жеке тұлғаның тағдыры да барша адамға тән өмірдің иесі. Жер бетіндегі ең асыл құндылық – адам.

Ө.Тәжібаевтың «Жылдар, ойлары» революциядан кейінгі кезеңді қамтыса, «Есімдегілері» ХХ ғасырдың екінші жартысын бейнелейді. Ал, еліміз егемендік алғаннан кейінгі уақытта жазылған М.Мағауиннің «Мен» романы қазақ халқының екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдарындағы тыныс тіршіліктен бүгінгі күнге дейінгі аралықты қамтыса, Қ.Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» романының эпикалық кеңістігі Қытай жерінен бастау алған өмірлік жағдаяттардың Қазақ жеріндегі тыныс – тіршілігімен қоса өріліп, кестеленеді. Үш романдағы басты кейіпкерлер бейнесі - өткен өмірдің, кешкен ғұмырдың өз иелері яғни автор – қаламгерлер.

Ғұмырнамалық роман аты айтып тұрғандай өмірдегі болған тарихи кезеңнің негізін қамтиды. Яғни, ғұмырнамалық шығармалардың да тарихи сипаты айқын.

В.Г.Белинский тарихи романның авторы жақсы тарихшы бола білуі керек екенін айтқан болатын.

Ө.Тәжібаев та М.Мағауин де, Қ.Жұмаділов те өз ғұмырын халықтың өмірімен қатар бейнелеп, шындыққа лайық тарихи процеспен, ел өмірімен тығыз байланыста алып, қаламгерлік өмірдің шындығын суреттеуге тырысқан.

Көркем ғұмырнамалық романның басты нысанасы авторлардың өз өмірінен бейнеленетін ғұмырнамалық оқиғалар тізбегі болатындықтан, оның жеке тұлғасы, кейіпкер мәселесі - зерттелетін прозалық шығармалардағы басты нысана.

Кез – келген ғұмырнамалық роман ешбір ерекшеліктеріне қарамастан, құжаттық негізден тұрады деген ой айтылып келеді. Солай болғанның өзінде ол дайын характер жасай салмайды, ол оны жасауына, қалпын келтіруіне тура келеді. Егер көркем шығармада кейіпкер бейнесі жан – жақты сомдалған күннің өзінде, ол көркемдік мәнге ие болуы үшін, көркем қиял мен болжамға да өзге роман, повестердегі секілді орын беріледі.

Көркем – ғұмырнамалық шығарма көркем мәтінге ие болуы үшін автордың адам тағдырындағы «табиғи құрылымның» өзіне ғана тән ерекшеліктерін жан – жақты ескеруі керек екендігіне де ғалымдар назар аудартады. Бұл көркем бейне мен құжаттың әдеби және әдеби қиялға қатысты анықталуын Л.Гинзбург былайша пайымдайды:

Көркем – ғұмырнамалық романның типизациялық тәсілдерінің бірі шығармадағы басты кейіпкер көркем шығармадағы сомдалатын оқиғаларды өзі тандап, толғам жасайды. Ал, біздің талдағалы отырған

еңбегімізде бұл мәселелер – басты кейіпкер өмірінің деректері және автордың оны ашудағы психологиялық жай-күйді бейнелеудегі ерекшеліктерімен қатар қарастыру болады.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық тақырыпта роман жазу революциядан кейінгі жылдары қолға алынғаны және олардың саны 1990 жылдарға дейін санаулы болғаны әдебиет тарихын білетін жандар үшін жасырын емес. Ә.Тәжібаевтың «Жылдар, ойлары» 1981 жылы жазылса, «Есімдегілері» 1993 жылы жарыққа көрді. М.Мағауиннің «Мен» романы 1998 жылы жарияланса, Қ.Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» ғұмырнамасы 1999 жылы жарыққа шықты. Авторлардың ғұмырнамалық роман жазудағы мақсаттарында ортақ ой, ұстанымдар анық танылады. Ә.Тәжібаев ғұмырнамалық шығармаға қалам тартуын «Жылдар, ойлар» романында баян етеді:

«Осының бәрі менің өмірімнің толық өзі емес, схемасы сияқты. Кейбір кезеңнің кейбір шоқысы ғана қамтылып, бірер елесі ғана беріледі. Бірақ осы мезгілдің ішінде қанша бастың шашы ағарды, қанша нұрлы бетті әжім торлап, тозаң басты.

... мен өз замандастарым туралы әлім жеткенше жаза беремін, жаза беремін. Ойымда барды айта беремін, жаза беремін. Ойымда барды айта беремін, айта беремін. Менің сырымның бұл бөлімде жоғын кейінгі бөлімнен іздеңіздер. Бірінде жоқты, екіншісінен табуыңыз мүмкін ғой? Әрине! [2].

Жазушы М.Мағауин ғұмырнама жазудағы түпкілікті мақсатын алғашқы тарауда ақ алға тартады. «Сүрлеу – соқпақ немесе жазушының жан азабы» деп тақырып қойған алғашқы бөлім ғұмырнамалы романның болмыс – бітімін анық байқатады [3].

«Ғұмырбаяндық сипаттағы осы кітапты жазудағы негізгі мақсат та өткенді қайта тірілту емес, өзінді мақтау емес, ақталу, тәңірі берген талаптың тасқа кетілгенін айта отырып, тағдырым–талайым арқалатқан уәжін – парыздың біразы өтелмей қалғанына себеп–сылтау табу, Алла – тағалам бұдан ары азды –көпті ғұмыр сыйласа, қаламымды қатқыл, санамды ашық қылсын деген тілек нәтижесі. Адам алдындағы емес, аруақ, құдай алдындағы есеп».

Өмірін екі елдің шенінде өткізген Қ.Жұмаділов ғұмырының халқына айтары тереңде болса керек. Бұл турасында жазушы «Таңғажайып дүние» романының соңғы беттерінің бірінде: «Түбінде ғұмырнамалық шығарма жазу жоспарда бар болатын. Бірақ, оны сәл кейінірек, асықпай жазармын деп жүруші едім. Сөйтсем, оным жаңсақтық екен. Кейін деген осы емес пе?

Жасың алпысқа толғанда жазбаған мемуарды енді қашан жазасың Мемуарды басқадан бұрын мен жазуым керек. Өмір дегенің мынау – шекараның екі жағасында қақ бөлініп жатқан. Бастауы онда, жалғасы мұнда. Тағдырдың айдауымен осы сызықтың өзін ары – бері сан рет кесіп өтіппін. Кейін кім зерттейді сол шомылып жатқан ғұмырды? Мен басқан жолдармен кім жүріп өтеді? Жарайды, менің сары ізіме түсіп зерттейтін бір фанатик табылсын –ақ дейік. Бірақ, мен бастан кешкен, мен ғана сезінген жайларды оған кім айтып береді? Әрине, өзімнен басқа ешкім айта алмайды. Бұдан кейін басқа шығарма жазармын, жазбаспын ал бір кітапты міндетті түрде жазуым керек. Оның аты – ғұмырнамалық роман» - деп, ізгі мақсаттың түпкі мүддесін аңғартады [4].

Шығармалардың жанры айқын - проза, түрі анық – ғұмырнамалық роман, тақырыбы әркелкі қойылғанымен, айтылатын идеялары ортақ – жазушылық өнердің құдірет құпиясы, ұзақ сонар ғұмыры. Прозаның бұл жанрына көпті көрген, көп жасаған зиялы қауымның ден қоюында және бір ерекшелік орыстың ұлы жазушысы Л.Толстойдың «XXI ғасыр әдебиет әлемінде ғұмырнамалық шығармалардың көптігімен ерекшеленеді. Бұған таң қалатындай ештеңе де жоқ. Себебі «XXI ғасыр адамын ойдан шығарылған шындық емес, өмірде болған, негізгі бар ақиқат шындық қана қызықтыра алады» деген төрелі ойы аңғартса керек.

Ұлттық әдебиетімізде қазіргі уақытқа дейін жазушы келген өмірлік дерекке негізделген романдар түрін іштей бөліп қарар болсақ:

- 1) Тарихи роман (жеке тұлға ғұмырынан)
- 2) Мемуар.
- 3) Деректі проза
- 4) Эссе.
- 5) Ғұмырбаяндық.

Ал, ғұмырнамалық романның жазылу формасының тұрпатына қарай екіге бөліп қарауға болады.

- 1) Белгілі тарихи тұлғалар ғұмырынан құжаттық деректер негізінде жазылған шығармалар.
- 2) Ұлттық әдебиетке еңбегі сіңген, жеке жазушылардың өз өмірінен жазған туындылар.

Ә.Тәжібаевтың «Жылдар, ойлары», «Есімдегілері», М.Мағауиннің «Мені», Қ.Жұмаділовтің «Таңғажайып дүниесі» осы екінші топтағы романдар тізбегіне қосылады. Жалпы, жазушылар үшін өзге жанның ғұмырынан жазылған шығармаларды жазудан гөрі өз өмірлерінен шығарма жазудың айтарлықтай қиындығы мен күрделелігі болатынын төл шығырмаларында айтқан сөздерінен көру қиын емес.

Жазушы М.Мағауин тек көркем әдебиет әлемінде ғана емес, ғалымдық дүниетанымы тұрғысынан да замандастарынан өн бойы озық болған жан. Өмірінің көбі өтіп, азы қалған шақта ғұмырнамалық баянға бел шеше кірісуін романның алғашқы беттерінен –ақ танытады:

«Өте ұзақ ғұмыр кешіппін. Өмірдің көбі өткен, азы емес, әлденедей бір бөлшегі ғана қалған. Абай атам айтқандай, келер заманың – көк тұман. Сәуле - көмескі, үміт - буалдыр. Сен... сенің кесімің әуел бастан белгілі. Тозаңнан жаратылдың, топыраққа айналасың. Ештеңе өзгермейді... Бірақ, ұрпағың бар

емес пе! Бүкіл ұлысың, ұлттың алдындағы тар кешу немен тынбақ? Азаматыңды қажытып, жеткізіңнің жігерін құм қылып, бәсіре байлығыңды талапайға салып, жұртыңды біржола тоздырып бара жатқан заманға қарсы тұрар қайла барма? Сен білмейсің. Білсең де жүзеге асыра алмайсың. Сенің білгенің, қолыңнан келер жазу ғана еді. Сонымен қанағат таптың. Сонымен өміріңді ұзарттың. Кеуденді басқан кер заманда қасірет, зардың өзі күш беріпті. «Мен сияқты ерлерді – Жаратты ма екен құдайым – Қайғыдан шіріп өлерге, - Кейінгі туған бала үшін!...». Бұл – Қазтуған – Мұрат. Сен малдандың, бірақ осы деңге жеткенше, яғни, қайғыдан шіріп өлмес бұрын бар запыраныңды ақтарып кетпек едің... [3]

Тағдыры қилы, талабы зор, арманы асқақ Қ.Жұмаділовтің сыр – сипатын төмендегі жолдардан көреміз.

«Өмір бойы өзгелер туралы да кітап жаздық қой.Өзіміз жөніндегі әңгіме жеңіл болар деп ойлағанбыз. Онымыз күпіршілік екен. Сонау бір заманда, қаймағы бұзылмаған көшпенділер арасында дүниеге келіп, әлденеше өкіметті бастан өткермек, бір емес, екі бірдей империяның тепкісін көрген, содан көненің көзіндей болып бүгінгі күнге жеткен адамның өмір жолын баяндау оңай шаруа болмай шықты. Әсілі, бұл кітапты өмірбаян дегеннен гөрі, адам мен қоғам туралы, замана туралы толғау деген дұрыс болар» [4].

Шығармагерлердің қайсысының өмірлік шығарма жазудағы мақсат – мүдделері, авторлық ұстанымдары, жанрға баса назар аударулары ортақ екендігі атап айту ләзім.

Өткен өмірдің болашақ ұрпақтың қажетіне жарар, рухани сананы серпілтуге қажет, кез келген адам танып біле бермейтін, тек бір ортаға ғана тән оқиғалардың бүкіл бір ұлттың болмысын таныту үшін, қаншалықты қымбат екенін де осы жолдардан сезінеміз. Ө.Тәжібаев түпкі мақсат, ұстанымын шығармасының бастапқы тарауында берсе, М.Мағауин ғұмырнаманың ең әуелгі бетінде, яғни алғашқы жолдарында айтса, Қ.Жұмаділовтің ізгілікті мүддесі туралы негізгі ой романның соңғы беттерінде айтылған. Бұлайша қаламгерлік ұстанымның берілуі әр жазушының өзіне тән баяндау ерекшелігі десек, оған қоса суреткерлердің шығармаларында толғанысқа түсірген өмірлік жолдардың әр қилылығына тән болып келсе керек. Әр автордың әр түрлі бағытпен бір жанрда қалам түзулері әлемдік әдебиетте бар тәжірибе. Солай бола тұрғанның өзінде, үш жазушының тақырыптарындағы қалам алыс қадамдарында мол сәйкестіктер кездеседі: Мәселен, Ө.Тәжібаев проза жазуға әбден мау тартып, ақсақал болған тұста келсе, Қ.Жұмаділов пен М.Мағауин алпыс жастың табалдырығын аттаған тұста жетті. Шығармашылықтың сан тарау соқпақтарын бастарынан кешірген кез – келген жазушы үшін ғұмырнамалық проза оңай игеріле салатын өнер емес. Егер аталған жазушылар өзге тұлғаның өмірінен ғұмырнамалық шығармалар жазбақ болса, ол үшін қарттық шаққа жету міндетті емес болса керек. Ал өз жеке ғұмырдан үлкен бір туындыны өмірге әкелу үшін әрине, жазушы көп жасаған, көпті көрген, тәжірибелі, салиқалы, кеменгер жан болуы тиіс екені өзінен - өзі түсінікті болса керек.

Әдебиеттер:

1. Атымов М. Қазақ романдарының поэтикасы. —Алматы: Ғылым, 1975. —312 б.
2. Тәжібаев Ө. Жылдар,ойлар. –Алматы: Жазушы,1976.-420б.
3. Мағауин М. Мен. –Алматы: Гауһар, 1998.-620б.
4. Жұмаділов Қ. Таңғажайып дүние. Ғұмырбаяндық роман. Он екі томдық шығармалар жинағы. 10-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 648-б.

ӘОЖ 82 (574)

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

К.Х.Темирбаева

педагогика ғылымдарының магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Д.А.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы
kuralai.27.78@mail.ru

Аңдатпа. Бұл жұмыста қазақ әдебиеттану ғылымының атасы А.Байтұрсынұлы туралы жазылған. ХХ ғасырдың басында өмір сүрген ұлт зиялыларының қоғам алдындағы жауапкершілігі, отансүйгіштігі мен биік мақсаттары – бүгінгі ұрпаққа үлкен өнеге екендігі айтылған. Ахмет Байтұрсынұлы, 1926 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қазақ әдебиетінің теориялық, методологиялық мәселелерін негіздеп бергендігі туралы баяндалған. Әдебиеттану ғылымындағы басты ұғымдар мен терминдер жүйесін жасағаны да кеңінен жазылған.

Кілт сөздер: Әдебиет танытқыш, қазақ әдебиеті, әдебиеттану, ғылыми еңбек, терминология.

Аннотация. Это произведение о дедушке казахского литературоведения А. Байтұрсынова. Говорят, что ответственность, патриотизм и высокие цели отечественной интеллигенции, жившей в начале ХХ века, являются великим примером для нынешнего поколения. Ахмет Байтұрсынов в своей работе «Введение в литературу», изданной в Ташкенте в 1926 году, впервые описал теоретико-

методологические проблемы казахской литературы. Также широко пишут, что он создал систему ключевых понятий и терминов литературоведения.

Ключевые слова: Введение в литературу, казахская литература, литературоведение, научная работа, терминология.

Annotation. This is a work about the grandfather of Kazakh literary criticism A. Baitursynov. It is that the responsibility, patriotism and high goals of the domestic intelligentsia, who lived in the early twentieth century, are a great example for the current generation. Akhmet Baitursynov in his work "Introduction to Literature", published in Tashkent in 1926, first described the theoretical and methodological problems of Kazakh literature. It is also widely written that he created a system of key concepts and terms of literary criticism.

Key words: Introduction to literature, Kazakh literature, literary criticism, scientific work, terminology.



XX ғасырдың басында өмір сүрген ұлт зиялыларының қоғам алдындағы жауапкершілігі, отансүйгіштігі мен биік мақсаттары – бүгінгі ұрпаққа үлкен өнеге. Әсіресе, Алаш зиялылары қазақ рухани әлеміне, мәдениетіне, ғылым-біліміне өшпестей мұра қалдырды. Алаш тақырыбын терең, кешенді қарастырғанда Ә.Бөкейханның бастауымен А. Байтұрсынұлы («Тіл құрал», «Әдебиет танытқыш»), М. Дулатұлы («Терме», «Есеп құралы»), Қ. Сәтбай («Алгебра»), Қ. Кеменгерұлы («Химия», «Оқу құралы»), С. Сәдуақасұлы, Ж. Аймауытұлы, Е. Омарұлы және т.б. зиялы қауым еңбектері ұлтымызды мәдени дамудың белгілі сатысына көтергендігін айтамыз. Алаш зиялылары қараңғы қазақ көгіне күн бола білді. Себебі, қоғамдық ғылымдар (А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, т.б.) саласының да, жаратылыстану бағытындағы ғылым саласының да (Қ. Сәтбай «Алгебра», Қ. Кеменгерұлы «Химия») негізін салушылар Алаш зиялылары болды. Солардың ішінде бүгінгі біздің баса назар аударып айтпағымыз, қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы бетінде бас әріппен мәңгі жазылатын ұлы ғалым, дарынды әдебиет теоретигі А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» болмақ.

XX ғасырдың басында жан-жақты өсіп келе жатқан қазақ қауымына А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» үлкен жаңалық болды. «Әдебиет танытқыш» қазіргі күннің өзінде де мәнін жоғалтпаған құнды ғылыми еңбек болып табылады. Ол сол кезеңдегі ақындардың өлеңді дұрыс, талапқа сай жазуға бағыт-бағдар беруші әдеби-теориялық оқу құралы болды деп айтуымызға толық негіз бар.

"... Әйгілі Рим ақыны Квинт Гораций Флактың (б.э.б. 65-8) «Поэзия ғылымы» деген теориялық поэмасы алғашқы нұсқасында «Пизондарға хат» деп аталған-ды. Пизон деген ақсүйектің екі ұлы болған, үлкені дарынсыздау драматург екен. Гораций «Поэзия ғылымында» соларға айтқан ақыл түрінде өзінің бүтін бір эстетикалық жүйесін саралап ұсынады [3, 58]», - делінеді «Сөз өнерінде». Сонау Квинт заманында өнердің не екенін түсініп, өзінше ақынмын деп жүрген ақынсымақтардың өлеңдерін, драмаларын мойындамай поэзияның жазылу ережелерін, қазіргі тілмен айтқанда теориясын біздің заманымызға дейінгі кезеңде Римде жазған. Сол сияқты қазақ жерінде XX ғасырдың басында өмір сүрген А. Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» кітабының да өзіндік жазылу себебі болды деп ой түюімізге әбден болады.

XX ғасырдың басы қазақ мәдениеті мен рухани әлемі үшін шын мәнінде «ояну дәуірі» болды. Әрине, ұлтымыздың «ояну дәуірінің» бастауында «Айқап», «Серке», «Қазақ» газеттерімен қатар, ұлтын «Маса» болып шаққан А. Байтұрсынұлы, күллі қазақ әлеміне «Оян, Қазақ» деп жар салған М. Дулатұлы, «Қазақтар (Киргизи)» секілді танымы мол ғылыми-монографиялық еңбек жазған Ә. Бөкейхан секілді елін, жерін, ұлтын жан-тәнімен сүйген Алаш зиялылары тұрды. Дәл осы кезеңде Абай мен Ахметке, Шәкәрім секілді ғұлама ақындарға еліктеген өлеңдері поэзияның биік талаптарына жауап бере алмайтын еліктегіш ақынсымақтар көбейіп кетті. Бұл – енді қалыптасып келе жатқан қазақ жазба әдебиеті үшін үлкен қатер еді. Европа мәдениетінен хабары бар, орыс әдебиеті мен тілін жақсы білетін А. Байтұрсынұлы сол келеңсіздіктерді өз көзімен көрді, өзге әдебиетпен салыстырды, көңіліне тоқыды да, шөлдеп тұрған қазақ жұртына, әдебиеттанудың негізгі құралы болып табылатын еңбек жазуға кірісті. Ол қазақ жерінде туып, қазақ жырымен сусындаған қазақ жазушыларынан ертеңгі күні европа әдебиетімен тең дәрежеде болатындай өнер туындаларын күтті. Сол үшін де А. Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті теориясының негізі болған әдебиет танытқыш еңбегін жазды.

Ахмет Байтұрсынұлы, 1926 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан бұл «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қазақ әдебиетінің теориялық, методологиялық мәселелерін негіздеп берді. Әдебиеттану ғылымындағы басты ұғымдар мен терминдер жүйесін жасады.

Кез-келген әдебиет теоретигі өзінің теориялық еңбегін бастамас бұрын, Аристотельдің (б.з.д. 384-322жж) грек әдебиеті мен өнерінің классикалық дәуірінен қалған бірден-бір жүйелі байыпталған, философиялық-эстетикалық трактаты «Поэтиканы» бір оқып шығары анық. Көп теоретиктердің ойлары Аристотельдің «Поэтикасымен» пікірлес болатыны да сондықтан. Ал, XX ғасырдың басында қазақ даласында туып өскен А. Байтұрсынұлы «Поэтикамен» таныс болған-болмағаны белгісіз, бірақ та пікірі

көп жағдайда дәлме-дәл келетіні анық. Сондықтан да біз, А. Байтұрсынұлы өзінің ғылыми еңбегі «Әдебиет танытқышын» жазу үшін Аристотельдің «Поэтикасын» өзіне бағдаршам ретінде қабылдады, деп ойлаймыз.

«Ақын» деген сұраққа Аристотель былайша жауап береді: "... задача поэта – говорить не о том, что было, а о том, что могло быть... Ибо историк и поэт различаются не тем, что один пишет стихами, а другой прозой, нет, различаются они тем, что один говорит о том, что было, а другой – о том, что могло быть" [4, 655]. Ал, А. Байтұрсынұлы: "Қара сөз көбінесе ғалымдардың, шешендердің сөзі болатындығы қара сөз түрлерінен анық көрінеді. Дарынды сөз олай емес, ақындардың, арқалылардың сөзі болады. Ақындар ғалымдар сияқты болған уақыттан яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, қақиқаттауға тырыспайды. Тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған оқиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғаруынша суреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды. Сөйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты ақындық болады" [1, 102], - дейді «Әдебиет танытқышында». Бұл жердегі ғалым деп отырғаны Аристотельдегі тарихшы. З. Қабдолов «Сөз өнерінде», ақынға тән ерекшеліктер дегенде: "Бақылау. Бақылап білген, сезген шындықты кең өріске шығаратын қанатты творчестволық қиял-таланттық серігі" [3, 13],- деп, сонымен қоса ақынға тән қасиет деп интуицияны айтады. Демек, Аристотель мен А. Байтұрсынұлының айтып отырғаны бір нәрсе. Ақын өзінің қиялымен, нәзік сезімімен сезінеді, түйсігімен түсінеді де, болашақты басқаша тұрғыда көреді, армандайды. Ақын арқалы болады дегені сол, «мен мұны өзім айтпадым, менің аузыма Құдай салды» дейтін ақындар да көп.

Өнер-білім бар жұрттар,

Тастан сарай салғызды;

Айшылық алыс жерлерден

Көзіңді ашып жұмғанша,

Жылдам хабар алғызды,- деп XIX ғасырдың соңында Ы. Алтынсарының (Ы.Алтынсарин) жырлағаны да әншейін дүние емес. Ғылыми және теориялық тұрғыдан келгенде «Әдебиет танытқышты» Аристотельдің «Поэтикасымен» негіздес еңбек деп айтуымызға әбден болады. Сол себепті де болар, А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» өздеріне ғылыми тірек етіп, қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ ғалымдары түрлі еңбектер жазып шыққандығы белгілі. Соның бірі және бірегейі, кез-келген қазақ филологиясында білім алушы студенттерің жата-жастана оқитын З.Қабдоловтың «Сөз өнері» кітабы. «Сөз өнері» – «Әдебиет танытқыштың» негізінде жазылған, бірақ ғылыми тұрғыдан жан-жақты толықтырылған теориялық еңбек. Екі еңбектің де түп негізінде Аристотельдің «Поэтикасы» тұр. Сондықтан да, бұл екі еңбектің сырт көзге қатты ұқсас болып көрінуі – заңды құбылыс.

З. Қабдолов «Сөз өнері туралы сөз» деген алғашқы тарауында А. Байтұрсынұлы «өнер деген не?», «өнердің түрлері қандай?» деген сұрақтар төңірегінде жауап іздейді: "Өнердің түрі көп емес пе: бейнелеу өнері (живопись), мүсін өнері (скульптура), сәулет өнері (архитектура) т.б. Ал әдебиет қандай өнер? Әдебиет – сөз өнері" [3, 9-10], - дейді де, "... ана тіліміздегі әдебиет деген сөздің түп төркіні арапша атаудан шыққанын – сөз, асыл сөз деген мағынасы бар... Ендеше, «тіл – әдебиеттің бас мүшесі», «сөз – шығарманың негізгі материалы» екенін дәлелдеп жатудың тіпті де қажеті жоқ" [3, 200],- деп, әдебиеттің негізгі мүшесі – сөз екеніне жауап береді. Бір қызығы, А. Байтұрсынұлы да ең әуелі өнердің түрлеріне тоқталып: "Көрнек өнері бес тарау болады. Бірінші – сәулет өнері (европаша – архитектура), екінші – сымбат өнері (европаша – скульптура), үшінші – кескін өнері (орысша – живопись), төртінші – әуез өнері (европаша – музыка), бесінші – сөз өнері (европаша – литература)" [1, 7],- дейді де, "Сөз өнеріне жұмсалатын зат – сөз. Сөз шумағы тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалатын сөз шумағы да тіл я лұғат деп аталады" [1, 11],- деп ол да әдебиеттің негізі – сөз дегенге тоқталады.

А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі терминологиясының негізін қалаған, термин жасаудың барлық параметрлерінің үлгісін көрсеткен. «Әдебиет танытқышы» тұнып тұрған жаңа термин сөздер. Баса көңіл аударатын нәрсе, кейбір терминдердің бүгінде кездеспейтіндігі немесе өзгеше тұлғада келетіндігі. Бұл сұраққа А. Байтұрсынұлының YI томдық жинағының алтыншы томында академик Р. Сыздық «Ахмет Байтұрсынұлы және терминология мәселелері» атты мақаласында былай деп жауап береді: "... мұның себебін Ахаң жасаған терминдердің ақаулығынан емес, өзге факторлардан іздеу керек. Ол факторлардың бірі – кейбір категориялық жіктеулердің Ахаңда басқашалау болып, бұл күнде ықшамдалып не толықтырылып саралана түскендігінде" [2, 214],- дейді. Сонымен қатар, бұл еңбек А. Байтұрсынұлының қазақтың түсінігіне сай етіп, терминдерге қазақша атау бергендігімен ерекшеленеді. Соның ішінде троптарға (құбылту) тоқталып өтсек. Құбылтуды (З.Қ) А. Байтұрсынұлы тіл көрнекілігі деп алады. Сол троптарды жазғанда З. Қабдолов А. Байтұрсынұлының жасаған термин-атауларымен келісе отырып анықтама береді.

З. Қабдолов "...жансыз табиғат құбылысы кәдімгі тірі кісінің қылығымен ауыстырыла суреттелсе, құбылтудың мұндай түрі – кейіптеу... Абайдың Лермонтовтан аударған «Теректің сыйы» деген өлеңіндегі бейнелеу тәсілі – түп-түгел кейіптеу" [3, 232],- десе, А. Байтұрсынұлы: "Жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне түсіріп айту" [1, 30],- деп ол да Абайдың Лермонтовтан аударған «Теректің сыйы» өлеңін мысалға алады. Бұл, З. Қабдоловтың А. Байтұрсынұлы пікірімен келіскендігі. Келесі троп

– алмастыру. З. Қабдолов: "Алмастыру, яки метонимия – өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану" [3, 236], - десе, А. Байтұрсынұлы: "... арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту" [1, 29],- деген. Бұл да екеуінің пікірлес болғандығы. Келесі троптар гипербола мен литота. А. Байтұрсынұлы: "Бір нәрсені өте асырып, я өте кемітіп айту – әсірелеу болады" [1, 35],- деп екі тропты біреу етіп жинақтаса, З. Қабдолов: "Троптың бір түрі – ұлғайту, яки гипербола (гр. hyperbole үлкейтілген, қомақты); тағы бір түрі – кішірейту, яки литота (гр. litotes – қарапайым, қораш)" [3, 239], - деп екеуін екі бөлек қарастырады. Бұдан біз аса бір өзгешеліктің жоқ екенін көруімізге болады. Келесі троп – синекдоха. З. Қабдолов: "Мегзеу (синекдоха) – алмастырудың бір түрі – бүтіннің орнына бөлшекті немесе керісінше, жалпының орнына жалқыны немесе керісінше қолдану" [3, 237],- десе, А. Байтұрсынұлы мегзеу деп атайды да: "...бір ұғым орнына екінші ұғым айтылуы" [1, 37],- деп түсіндіреді. Жәй атауында сәл-пәл өзгешелік болғанымен, бұны да пікірлес деп айтуымызға болады. Келесі троп – метафора. З. Қабдолов: "... ауыстыру, яки метафора – сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау" [3, 230],- десе, А. Байтұрсынұлы: "Көріктеу – бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсерлік етіп айтқымыз келгенде ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөз қосып айтамыз", - дейді. Мұнда да бұл пікірді З. Қабдолов

А. Байтұрсынұлынан алған деп айтуымызға болады. Ал, енді кейбір жерлерінде өзгешеліктер де кездеседі. Мысалы З. Қабдолов аллегория (пернелеу) мен символды (астарлау) екі ұғым деп қарастырса, А. Байтұрсынұлы екеуін бір ұғым яғни, бернелеу деп қарастырады. З. Қабдолов: "... астарлау, яки символ – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру" [3, 235],- деп Қ. Аманжоловтың: Қабағын түйіп құз тас тұр, Төңірегінә парық сап, - деген өлеңін келтіреді. Ал, "пернелеу, яки аллегория – мұнда әшейін ұғым қалпында тұрған дерексіз нәрселер кәдімгідей көзге көрінер деректі нәрсеге ауыстырылады" [3, 234],- деп А. Тоқмағамбетовтың:

- Ей, қораз, шақырасың ерте-кеш жоқ,-

Дегенде қораз айтты:

Сенде де ес жоқ, - деген өлеңін мысалға келтіреді. Яғни, символ – затқа жан бітіру немесе дерексізді деректіге айналдыру, аллегория – жан-жануарды сөйлету деп ұққанымыз дұрыс. Ал, А. Байтұрсынұлы: "Бір нәрсенің, көбіне адамның мінезін, құлқын, ғамалын екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту – бернелеу болады. Бейнелеу ұлғайғанда бернелеуге айналып кетеді" [1, 31], - деп мынадай мысалдар келтіреді:

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,

Көгі жоқ, көғалы жоқ құрға шықтым,- деп бірінші мысалын және Ы. Алтынсарының (Ы. Алтынсарин) «Иттің достығы» деген мысал өлеңін, ондағы екі иттің сөздерін келтіреді. Ал, З.Қабдоловта мұның біріншісі символ болса, екіншісі аллегория (жан-жануарды сөйлету) болған. Әрине, бұл жерде аса үлкен айырмашылық жоқ деп те айтуымызға болады. Осы жерде символ кейде А. Байтұрсынұлының бейнелеуіне де ұқсап кетеді: "Бір нәрседе болмайтын күйді, екінші нәрседе болатын күйді көрсететін сөзбен айту бейнелеу болады" [1, 27], - дейді де,

Бидайлар басы толық иіліп тұр,

Дән берген қожасына сыйынып тұр, - деп «қырық мысалды» мысалға келтіреді.

А. Байтұрсынұлы тек қана троптарды жасап, оларға ғана атау берген жоқ, ол қазақ терминологиясының негізін салды. Оны, «Әдебиет танытқышы» арқылы барлығымыз да білеміз. Біз жоғарыдағы З.Қабдоловтың «Сөз өнерінің» бір тарауын А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышымен» салыстырып өттік. З. Қабдолов өз зерттеу еңбегін жазуда «Әдебиет танытқышты» өзіне жол көрсететін бағдаршам ретінде пайдаланғанын да біліп түсіндік. Әрине, ішінде толықтырулар арқылы келген өзгешеліктер де мол. Себебі, «Әдебиет танытқышты» А. Байтұрсынұлы қазақтың ғылымы дамымаған ХХ ғасырдың басында жазып, қазақ әдебиетінің теориясының негізін салса, З. Қабдолов «Сөз өнерін» ХХ ғасырдың соңында жазып, А. Байтұрсынұлы салған қазақ әдебиеті теориясына біршама толықтырулар енгізіп, қазақ әдебиеті теориясына өзіндік үлкен үлесін қосты. Бұл – анық дүние.

Десек те қазақ әдебиеті теориясын зерттеген ғалымдар Е. Ысмайыловтың, Қ. Жұмалиевтің, Р.Нұрғалидың еңбектерін жинақтап салыстыра келе, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған А.Байтұрсынұлының «Әдебиеттанитқыш» еңбегі деген тоқтамға келеміз. Ия, ХХ ғасырдың бірінші ширегінде жазылған А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Бұл – ақиқат!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 208бет.
2. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Ел шежіре», 2013, Т.ҮІ. – 384б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1976, – 373 бет.

4. А.И.Доватур, Ф.Х.Кессиди. Аристотель. Сочинения. Поэтика. – Москва: издательство «Мысль», 1984, – 830с.

5. Қамзабекұлы Д. Алаш арқауы (зерттеу мақалалар). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, – 2017. – 408 бет.

ӘОЖ 82-1 (574)

БАУЫРЖАН БАБАЖАНҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

К.К. Тлегенова

М.Өтемісов атындағы БҚУ, 2-курс магистранты

Орал қаласы, М.Өтемісұлы атындағы БҚУ

Kamshat.02@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада тәуелсіздік ақыны Бауыржан Бабажанұлы өлеңдеріндегі теңеудің қолданылуы қарастырылады. Автор жазба дерек көздеріне сүйеніп, арнайы ақынның өлеңдерін талдай отырып теңеудің әр түрлі түрлерін айшықтайды. Зерттеулер бойынша, теңеудің тақырыптық ерекшеліктері жағынан ақын өлеңдерінде де көрініс табатындығы атап өтілген. Ақын шығармашылығында эмоционалды-экспрессивті, дәстүрлі, сонымен қатар, авторлы теңеулер де қолданылғаны жөнінде нақты мысалдар келтірілген. Ақын өлеңінің әрін келтіріп, образдарды шебер жеткізуде теңеудің орны бөлек. Бауыржан шығармашылығында не жырланса да, сипатталса да көркемдік айшықтаулар өз орнын орынды таба білген.

Кілт сөздер: теңеу, бақыт, уақыт, эмоционалды-экспрессивті теңеу, эмоциялық бояу

Аннотация. В статье рассматривается использование равенства в стихах поэта независимости Бауыржана Бабажанұлы. Автор, опираясь на письменные источники, специально анализирует стихи поэта и выделяет различные формы сравнения. По данным исследований, отмечается, что равенство по тематическим особенностям находит отражение и в стихах поэта. Приведены конкретные примеры использования в творчестве поэта эмоционально-экспрессивных, традиционных, а также авторских сравнений. Арин песни поэта, которые, помимо мастер-образов в достижении теңеудің место. Что бы ни было в творчестве Бауыржана, хотя описанные художественные орнаменты нашли свое место.

Ключевые слова: равенство, счастье, время, эмоционально-выразительное равенство, эмоциональная окраска.

Summary. The article examines the use of equality in the poems of the poet of independence Bauyrzhan Babazhanovich. The author, relying on written sources, specifically analyzes the poet's poems, highlighting various types of Equalization. According to research, it is noted that in terms of thematic features of equality, it is also reflected in the poet's poems. Concrete examples are given that the poet's work uses both emotional and expressive, traditional, and author's equations. The poet has a special place in the composition of the poem, in the skillful presentation of images. In Bauyrzhan's work, no matter what is sung or described, artistic reflections have found their place.

Keywords: equalization, happiness, time, emotional and expressive equalization, emotional coloring

Қазақ тілінде теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген ғалым Т.Қоңыров. Ғалымның теңеуге берген анықтамасы: «...теңеу дегеніміз — ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы [1; 7].

Әр ақынның өлеңінің әрін келтірер сөз десек, сол сөздердің қолданылу аясы өте кең. Яғни, сөзге көрік беретін көркемдегіш құралдардың бірі -жоғарыда атап өткен теңеу – Бауыржан Бабажанұлы шығармашылығының көріктеуіші десем артық болмас. Ақын шығармаларында адам, уақыт, табиғи құбылыс, мінез-құлыққа қатысты теңеулерді жиі қолданған. Мұндай теңеулердің өзін бірнеше тақырыпқа бөліп қарастыруымызға болады.

1.Ақын өлеңдерінде **бақыт, уақыт** ұғымдарына теңелген теңеулер көрініс тапқан.Мысалы: Үздіктірген, уыздай Көктем-Ару [2;], құл қолына құс қонғандай [2; 71], су астынан тауып алған жақұттай, мәңгі есінде қалып қояр уақыттай, тәмам ғашық жете алмаған бақыттай [2; 84], белең алған ат сынды, уақыт тұр тепсініп [2; 99].

2.Табиғи құбылыстардың теңеу жасауда қолданылуы. Теңіз кешіп шөлдегендей [2; 19], жолыққандай даланың қасқырына [2; 105], сап-сары бауырсақтай жапырақтар, шынға біткен барыстай [2; 123], домаланған қаңбақтай [2; 127].

3. Адамның әр түрлі күйде теңеу жасауда қолданылуы. Кейуанадай бұл қоғам ұмытшақтау [2; 93], Поштабайы секілді күз-болыстың [2; 99], күз кірді берекелі бай секілді [2; 105], тв-дағы диктордай батыл ақ тал [2; 110].

Б.Бабажанұлының өлеңдерінің бір төбесі ақын ағалары мен замандастарына арнап жазылған, соның ішінде «Курстас жігіттерге» деп аталатыны бір төбе. Әр жолы теңеуге құрылған десе де болады, әрине өлеңді адал достарына теңеу Бабажанұлының қолынан ғана келеді.

Бір өлең жаздым, **атылған оқтай**,
Әділжанға ұқсар, мысалы.
Бір өлеңім бар, **Батырболаттай**,
Тым адал һәм кең құшағы.

Бекжанға ұқсар мына бір өлең,
Көш бастайтұғын **көсемдей**.
Мына бір жырды Тұрарым дер ем,
Кенеттен құйған **нөсердей**.

Ана бір өлең ақтарып сырды,
Қыдырбек құсап шарқ ұрар.
Ал мынау ғазал **Ботпанов сынды**,
Күн батқан шақта жарқырар.

Өлеңім менің, қайран талабым,
Қамаштай жұртқа қадірлі.
Мынандай жырды қайдан табамын,
Тарбаев сынды сабырлы.

Әлжан боп күліп тұрады бір жыр,
Бақыттай қамсыз біреуі.
Ал мынау өлең — Мұраты құрғыр,
Жұрт үшін күйіп жүреді.

Пысық-ақ, басқа не дейік мұны,
Кенжедей бір жыр тым өткір,
Ал мынау өлең, көбейіп мұңы,
Біржанға ұқсап жүдеп тұр.

Ғылымның жүгін жиысты бір жыр,
Ізетпен **Нұрлан-аңғалдай**.
Қиыннан қиыстырылды бір жыр,
Әңгіме тапқыш Ерболдай [2, 132].

Б.Бабажанұлы шығармаларында эмоционалды-экспрессивті теңеулерді де қолданған. Ақын өлеңдерінде адамның ішкі дүниесінің өзгерісін айқын беру мақсатында жоғары эмоциялық реңкті білдіретін теңеулер қолданылған. Мысалы:

Аппақ қар тектес ізгі өлең тәтті,
Жүрекке жазып екеуміз [3; 101].

Жүзінді алғаш көргенде-ақ **ертегім** дедім,
Көңілден күмбез көтеріп көркем үн керім.
Жанары Күндей бақытқа жетеле мені,
Тәңірдей тектім, сәбидей тентегім менің [3; 102].

Итке тасталған сүйектей мүжіліп біттім,
Нота-жүрекке көңілдің салдым да шерін.

Шашырап кетті ойларым жыраққа қаңғып
Жауынгерлеріндей жүректің сенсіз деп кеткен [3; 103].

Автор тілінде теңеулер өңдеуден өтіп, жаңаша қырынан көрініс береді. Б.Бабажанұлы теңеу жасауда әсіреленген сөздерді қолданбаса да, қандай да бір зат не құбылыс болмасын сол заттың не құбылыстың сапасын, белгісін айқын, оқырман қабылдауына әсер етерліктей етіп береді. Салыстырылып отырған құбылыстың сапасын, белгісін нақты бере алатын заттарға теңейді. Ақын табиғатта болып жатқан құбылысты, қимыл-әрекетті *әр түрлі табиғи құбылыстар мен заттарға* балау арқылы теңеу формасының негізгі міндеттерін орындай алған. Көркемдігі жоғары әдемі теңеулер сирек болғанмен,

қолданылған теңеулер шыншылдығымен, нақты құбылыстарды сипаттауымен ерекшеленеді. Бауыржан ақын шығармашылығы -шыншыл, шынайы болмысымен, түпсіз тереңдігімен, оқ бойы озық тұруымен өміршең бола бермек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. -Алматы: Арыс, 2007. -480 б.
2. Бауыржан Бабажанұлы. Ниетқабыл. -Хантәңірі б.-Алматы., 2014.
3. Бауыржан Бабажанұлы. Уәде.Өлеңдер мен поэма:- Алматы: Жазушы, 2006.
4. Э.Өтебаева. Қазақ тіліндегі –дай, -дей, -тай, -тей тұлғалы теңеу мәнді тілдік бірліктердің этнотанымдық сипаты.- Алматы. 2010,- 22 бет.
5. Бекбосынова А.Х. С.Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу. Қостанай, 2014. – 151 б.

ӘОЖ 82-131 (574)

МАРАБАЙ АҚЫН ЖӘНЕ «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ КӨП ВАРИАНТТЫЛЫҒЫ

Ж.Ж.Шайкенов

М.Өтемісов атындағы БҚУ-ң
доценті, ф.ғ.к.

Орал қаласы
mshaiekenova@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада Батыс өлкесіне белгілі ақын-жыршы Марабайдың өмірі мен ол жырлаған «Қобыланды батыр» жырының көп варианттылығы зерделенеді. Марабай ақынның жырланған варианты мен өзге ақындар жырлаған жырдың басқа да нұсқалары салыстырылады. Сонымен бірге жыр жөніндегі көрнекті ғалымдардың пікірлері пайымдалады.

Аннотация. В данной статье рассматривается жизнь известного поэта Марабая в Западном крае и разнообразие его эпоса «Кобыланды батыр». Сравняется спетая версия поэта Марабая и другие версии эпоса в исполнении других поэтов. Есть также мнения видных ученых о эпосе.

Annotation. This article discusses the life of the famous poet Marabay in the Western Territory and the diversity of his epic "Kobylandy batyr". The sung version of the poet Marabay and other versions of the epic performed by other poets are compared. There are also opinions of prominent scholars about the epic.

Белгілі ғалым, Батыс Қазақстан ауыз әдебиетін жинаушы профессор М.М.Тілеужанов: «Халқымызда ақын деген ұғым бар. Ол – импровизатор, әнші, әрі айтысқа қатыса алатын өнерпаз адамдар. Фольклорлық текстің алғашқы нұсқасын салған да солар. Ақынға жақын жырау, жыршы, сал, сері, өлеңші, әншілер бар. Бұлардың бәрі – өнер иелері, халық арасында ауызша таралып жүрген фольклор текстерін жағдай, орын, мезгілге байланысты үгіттеушілер, насихаттаушылар, жанартушылар, көркемдеушілер.

Ал, жырау – көне тарихты жандандырушылар, ерлік дәстүрді тікелей ардақтаушылар, өздері араласқан көздерімен көрген ерліктерді алғашқы баяндаушылар; көбісі хан, әскер басылардың жанында жүріп, соларға ақыл-кеңес берушілер. Бұлардың репертуары мол болады, білмейтіндері жоқ, бүкіл халық творчествосын бойына сіңірген дана қариялар.

Жыршы деп репертуары онша мол емес, көбіне бірер жырды еркін игеріп, соны ұзақ жылдар халық арасына үйретушілерді айтамыз. Жыршылар әрбір ауылға барып, өзі қалаған жыр текстерін бірнеше күн қона-түстене жатып таратуды өздеріне кәсіп санаған. Мысалы, Батыс Қазақстан аймағында кең тараған Қобыланды жырының ең бір көркем нұсқасын Марабай Көлбаев жыршы осылай таратқан. Бұл нұсқаны таратуда ол өз өмірінің 40 жылдай мерзімін жұмсаған. Жырды орындауда әбден машықтанғаны сондай, іркілмей, еркін орындаушы еді, - дейді біз кездестірген соңғы жыршылар. Бұл жыр Марабайдың репертуарындағы ең ұтымды, ең басты, қалаулы жыр екен. Бір жылдың, не бір айдың ішінде ондап, жүздеп қайталағасын, 40 жыл бойында ол шеберленбей, кім шеберленсін. Сондықтан Марабай «Қобыландыны» айтуда әбден маманданған»-деп жазады өзінің «Ел әдебиеті» атты еңбегінде. [1,536] Осы анықтама ой-пікір бойынша бағамдасақ Марабай суырып салма ақын, асқан жыршы болғанға ұқсайды.

Марабай туралы деректерді көрнекті фольклоршы ғалым, майдангер жазушы, профессор М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты еңбегінде келтіріледі.

«Марабайдың ақындық атағы батырлар жырын айтумен шыққан. Ол көптеген батырлық жырлар шығарған. Соның ішінде күрделісі және хатқа түскені – «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» жырлары. Марабай өзінің жырларын осы күнгі Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай облыстарының көп жерлеріне

барып, ел аралап жүріп айтқан. Кейде, жырларын сол кездегі шонжарлардың өтінішімен де айтатын болған. Бұл жағдай оның идеялық-творчестволық бағытына әсер еткен. Бір кездерде ол Ыбырай Алтынсариннің шақыруы бойынша Балқожаның аулына келіп, айлап жатып, көптеген жырлар айтқан екен» дей келе Марабайдың өмірі туралы мына деректерді келтіреді:

«**Марабай Құлбайұлы** 1841 жылдар шамасында бұрынғы Қарашығанақ болысына қарасты Көбен көлі деген жерде туған. (Бұл жер қазір Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданының «Жаңақоныс» колхозы деп аталады) Әкесі Құлбай да, Марабайдың өзі де кедей шаруа болған. Марабай 18-19 жасында-ақ асқан домбырашы атанады. Ауыл арасында өлең айтып жүреді және өлеңді де өзі шығарады. Сол кезде ол атақты ақындардың қасына еріп, олардың жырын тыңдайды, сөз өнерін үйренеді. Кейіннен Марабайдың өзі ақындар айтысына араласады. Сүгір, Көкі, Қарабура Жұмырбай, Базар, Шернияз секілді ақындармен айтысқа түседі. Олармен айтысы сақталмаған. Қарабура Жұмырбайға:

Әкем аты Құлыбай,
Өз атымды сұрасаң,
Оралдан озған Марабай,
Сөз айтпаймын кісіге
Жан-жағыма қарамай... -

деген сөзі сақталған. Марабайдың өзіне ұстаз еткен ақыны Шернияз деседі. Бірақ бұл екі ақынның қарым-қатынасын көрсететін мәліметтер жоқтың қасы. Шернияз (1816-1881) елуге келгенде, Марабай жиырма бестегі жігіт екен деседі.

Марабай 57 жасында (1898 жылы шамасында) қайтыс болған. Оның моласы жоғарыда айтылған «Жаңақоныс» колхозында. Марабайдың: «Есжан, Досқай, Құлқай, Избас, Итемген деген бес ұлы болыпты. Марабайдың немере-шөберелері Батыс Қазақстан облысының Теректі, Шыңғырлау аудандарында тұратын көрінеді. Избастың баласы Салық Шыңғырлау ауданының Тіксай ауыл советінде председателі болып істеген. Тоғайбай деген немересі «Жаңақоныста» колхозшы көрінеді». [2, 189]

Ғалымның, осы деректерін болашақта Марабай шығармашылығын зерттеуде негізгі басшылыққа алған дұрыс қой деп ойлаймыз. Өйткені М.Ғабдуллин 1947 жылы «Қобыланды батыр» жырын ғылыми зерттеудің проблемалары деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, соның нәтижесінде Батыс Қазақстан облысына бірнеше рет экспедиция шығарып, осы жыр туралы, оның жырлаушылары туралы ел арасынан көптеген материалдар жинаған адам, «Қобыланды батыр» жырын бірінші рет ғылыми айналымға түсірген ғалым.

Марабай ақын туралы алғашқы деректерді XIX ғасырда белгілі орыс ориенталист ғалымы, ұлы педагог Ы.Алтынсариннің ақылшы ұстаз досы Н.И.Ильминскийдің «Ыбырай Алтынсарин туралы естелігінен» кездестіреміз: «1859 жылдың қысында белгілі ақын Марабайды В.В.Григорьевке айтып, Орынборға алдырдым. Жылы орын, ішер ас - бәрін дайындап қойсақ та асқақ әнші-ақын қалада тұрғысы келмеді (степной певец чувствовал себя как птица в клетке и постоянно рвался из города). Қасына Құлыбековты отырғызып қойып, «Ер Тарғын» жырын жазып алдық. Ол асығыс ата қонысына жүріп кетті». [3,200]

Негізінен Марабай ақынды Н.И.Ильминскийге таныстырған Ы. Алтынсарин еді. Кейін 1860 жылдары Ы. Алтынсарин атақты Марабай ақынның «Қобыланды батыр» жырын жазып алып, жырдың ең көркем, ең көлемді тарауы- Тайбурылдың шабысы суреттелетін тұсын 1879 жылы өзінің «Киргизкая хрестоматия» деп аталатын оқу кітабында «Қобыланды батыр мен Тайбурыл» деген атпен жариялайды. [3,155]

«Қобыланды батыр» жыры төңірегінде кезінде көптеген айтыстар болды. Солақай саясат кесірінен бұл жырды Мергенбай ақын нұсқасына келініп келді. Марабай ақынның аты аталмай қалды. Осы айтысқа нүкте қойған, әділ бағасын берген академик Қ.Жұмалиев еді: «...Қобыландының ең соңғы басылуы – 1957 жылДұрысында мұны Мергенбай мен Марабайдың варианттары біріктіріліп шығарылған түрі деу керек.

Батырлардың жеке-жеке ерлік жорықтарымен байланысты туған шағын көлемді поэмаларды біріктіріп, ұзақ көлемді бір жырға айналдырған. Мұны кім жасады, қай кезде жасалды, оған үзілді-кесілді жауап беру қиын. Халық мұрасына айналып кеткен ауыз әдебиетінің өзіне тән бір ерекшелігі де осында.

Марабай варианты баспа жүзін бұрын көрді. Мергенбай варианты деп жүргеніміздің бұл бірінші рет басылуы. Оның көпшілігі бұрынғы Марабай вариантында бар сөз, бар оқиғалар. Бірақ, бұлардың екеуі де бұл эпосты шығарушылар емес, айтушылар. Оларға дейін «Қобыланды батыр» эпосы қалай айтылды, Мергенбай варианты түрінде ме, әлде Марабайдың варианты түрінде ме бұл мәселе де әлі шешілген жоқ. Жалғыз-ақ даусыз қорытынды – ең толық вариант, соңғы айтушылардың құрастырғаны болуы керек.

Талдауға алып отырған «Қобыланды батырдың» бұл варианты өзінің тек толықтылығы жағынан ғана емес, өзінің құрылысы жағынан да шебер жасалған эпостардың бірі.

«...Қобыландысының» 1-бетінен 22-бетіне шейін Мергенбайдікі де, 22-беттен 137-бетке дейін Марабайдың сөзі, ал 138-беттен бастап 169-бетке шейін (32 бет) тағы да Мергенбайдың сөзі. Жырдың көпшілігі – Марабайдың сөздері. Және Марабай варианты баспаға бұрын шығып, халыққа өте көп тарағандығы мәлім. Сондықтан Марабайды қаламның ұшымен мансұқ ете салып, жырдың бәрі Мергенбайға таңу ешбір ғылыми принципке жатпайды» деп әділ шешімін айтып еді. [4,30,69]

Кейін «Қобыланды батыр» жырын зерттеуші ғалым профессор О. Нұрмағамбетова осы Қ. Жұмалиевтің ғылыми пікірін дәлелдеп шықты: «Бұл пікірді дәлелдей түсу үшін Марабай, Мергенбай, Біржан нұсқаларын қатар алып отырып, мұқият текстологиялық салыстырулар жасау арқылы әр нұсқаның өзіне ғана тән сөздерін айқындап көрдік. Негізгі текст (1975) Марабай мен Мергенбай сөздерінің біріккен, бір-бірінен бөлінбес біртұтас текст екенін дәлелдедік. Ол қосудан олардың көркемдік ерекшеліктеріне де нұқсан келіп тұрған жоқ. Дегенмен сол, бір қалыпқа құйылған алтын бұйымның ішінде арақидік Шапайдың өз сөзі де көрініп қалып тұрады. Бірақ ол да онша өрескел болып тұрған жоқ. Бұл ақындардың, жырау, жыршылардың жыр вариантын жасаудағы әрекеті, жанды процесс». [5,436]

Қазақ халқының шетелдік басқыншыларға қарсы ертеде жүргізген ерлік күресін жырлау идеясынан туған «Қобыланды батыр» жыры жазу өнеріміз болмаған кезде дүниеге келді. Оны талай жыршы-ақындар ауызша айтып, көпшілікке таратты. Осыған байланысты «Қобыланды батыр» жырының бірнеше варианттары дүниеге келіп отырды. Қазіргі таңда «Қобыланды батыр» жырының 30-ға тарта нұсқасы бар. Нақтырақ айтсақ, 29 нұсқасы бар. Мұның 26-сы «Қобыланды батыр» жайындағы жырлар, аңыз-әңгімелер де, 3-і Қобыланды батырдың балалары жайындағы жырлар.

«Қобыланды батыр» жыры рулық-тайпалық дәуірде туып, қалыптасып, ноғайлы дәуірінде кең қанат жайып дамыған, қазақ хандығы тұсында кемелденіп, толысқан эпикалық мұра. Негізгі идеясы – ішкі алауыздықты Майыптап, біртұтас ел болу үшін бірлік пен татулықты ту еткен ерлерді ардақтау.

Бірақ әрбір ақын Қобыландыны өзінше жырлады. Жырды тыңдаушы жұртшылыққа арнаған ақын әр уақытта сол көпшіліктің ықылас орайымен санасып отырды. Егер тыңдаушы қауым жырды қызыға, ынталана тыңдаса, онда ақын бір айтқанын қайталай бермей, әңгімесін молынан, ұзағынан айтуға бой ұрады, жаңадан оқиғалар енгізеді. Ертеден келе жатқан таныс сюжеттерді, оқиға желісін негізге ала және оларды ретімен пайдалана отырып, жырдың күрделі вариантын тудырады.

Сөйтіп, «Қобыланды батырды» жырлаған әрбір ақын, жырау-жыршы жырдың өздеріне лайықты, ұтымды жерлерін өзгеріссіз сақтап, жырдың тұрақты, айнымайтын өзегін жасаған. Ал, жырға ақын-жыршы қосатын өзгерістер, қосымшалар осы тұрақты, өзекті эпизодтар арқылы, сол эпизодтарды кеңейте жырлау немесе қысқа ғана баяндау, кейде тіпті соған тағы бір қосымша эпизод қосу арқылы ғана жамалап отырған. Оны эпосты жырлаған әрбір кейінгі жыршы-ақындар қосып отырған. Осы салыстырып қарағанымызда және бір көзге түсетін нәрсе- жыршы о бастағы тұтас текстіні бірден үйренбесе де, кейін жырлай келе бірінің ұмытқанын өз вариантында екіншісі, оның ұмытқан өте әдемі, ұтымды бөлшегін үшіншісі есінде сақтаған және әрбір дарынды ақын өзі білетін вариантын көркемдік қасиетіне бәсеңдетпей, қайта оны күшейте, әрлей жырлап отырған. Осы салыстыруды қорыта айтқанда, бұл нұсқалардың негізі бар, о баста жырдың алғашқы нұсқасын өте дарынды Марабай сынды импровизатор ақын шығарған, кейін оны әрбір жыршы-жырау бір-бірінен үйреніп, әрқайсысы жырды өз тұрғысында жырлағанмен, жырдың негізгі мазмұны, сюжеттік фабуласы, композициялық тұтастығы берік сақталған.

Қолжазбадағы «Қобыланды батыр» жырының көркемдік ерекшеліктері негізгі текстіміздегі жырдың көркемдік ерекшеліктерінен кем түспейді. Жырдағы оқиғаларды қисынынан келтіре тізбектей айту, бір оқиғадан екіншісін тудыра, өрістете жырлау, шегініс жасамай, үдете түсу- бұл жырдың басты ерекшелігі. Бұл жырлар жеті-сегіз буынды жыр түрімен жырланған, негізгі өлең жолдарының ұйқасы шұбыртпалы ұйқас пен ерікті ұйқас. Оқиғаларды шапшандата, түйдектете айтып, тыңдаушының көз алдына жылдамдық картинасын елестету үшін шұбыртпалы ұйқас пен 7-8 буындық өлең құрылысы қолданылған.

Қорытындылай келе айтарымыз, бүгінгі таңда еліміз егемендік алып, тәуелсіздік идеясы ғылыми зерттеулерде өзекті мәселелердің біріне айналғанда, халықтың назын, толғау тебіреністерін шынайы жеткізетін эпикалық шығармалар ғылыми тұрғыдан зерделеуді әлі де қажет етеді. Сол себептен, ел тәуелсіздігін, өз Отанын жаудан қорғау үстінде шығарылған халық шығармалары – батырлық эпостар, оның ішінде Марабай ақын жырлаған осы «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» жырлары тарихи және поэтикалық тұрғыдан әлі де берері мол, жаңалығы шексіз дүние екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тілеужанов М. Ел әдебиеті. – Алматы: «Ана тілі», 1992, 176 б.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – А: «Мектеп», 1974, 320 б.
3. Алтынсарин И. Собрание сочинений в трех томах. -А: «Наука» 1975, 360 б.
4. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосымен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, 1958.
5. Нұрмағамбетова О. «Қобыланды батыр» эпосының негізгі варианттары және олардың өзара байланысы. Кітапта: Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. - Алматы: Ғылым, 1983.-264 б.
6. Батырлар жыры. Көп томдық. Т.І. Алматы.-1986.
- 7.Тілеужанов М. Батыс Қазақстан ауыз әдебиеті. Төрт томдық. Т.І. Орал.1986.

Ж.Ж.Шайкенов

М.Өтемісов атындағы БҚУ-ң
доценті, ф.ғ.к.
Орал қаласы

М.Ж.Шайкенова

№18 мектеп-бөбекжай-балабақша кешені
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
mshaikeno@mail.ru

Бұл мақалада Батыс өңірінде жиналған «Қобыланды батыр» жырының нұсқалары әдеби айналымға түскен «Қобыланды батыр» эпосының негізгі Марабай, Мергенбай нұсқасымен салыстырылады. Негізгі ұқсастықтар мен айырмашылықтар талданады.

В данной статье варианты эпоса «Кобыланды батыр», собранные в Западном регионе, сравниваются с основным вариантом эпоса «Кобыланды батыр» Марабай, Мергенбай. Анализируются основные сходства и различия.

In this article, the variants of the epic "Kobylandy batyr", collected in the Western region, are compared with the main version of the epic "Kobylandy batyr" Marabay, Mergenbay. The main similarities and differences are analyzed.

Белгілі ғалым, профессор М.Тілеужанов «..Тағы бір ескеретін жайт, жыршы, т.б. айтқыштар қандай да болмасын текстті «өзіндік» етуге талаптанады. Жырдың бас кейіпкерлерін өз руына, ал, оқиғаның болған жерін өзіне таныс мекендермен ауыстыруы ықтимал. 1954 жылы біз Қаратөбе ауданы Етіндікөл деген жерден Нұрсейіт Битілеуовты жолықтырып, одан Қобыланды жырының бір нұсқасын жазып алдық. Оқиға Ешкіқырған деген жерде өтеді, ол қай жер деп сұрағанымызда өзінің күнде мал жайып жүрген дөңі екен. 1958 жылы Орынбор облысы Ақбұлақ ауданы Сазды ауыл советінде тұратын сол кезде 80-ге келген Сүйінішәлі Жаңбыршин Қобыланды оқиғасын, өзі отырған Сазды жерінде болды дейді.

Жырларға жаңа заманның әсері күшті еңген. Әлгі Нұрсейт репертуарындағы жырда Қобыланды сауатты, тамақты гүл қойған столда тарелкамен ішеді».[1, 52б]

Сәйкесінше, М. Тілеужанов бұл қолжазбаларды кезінде Қазақстан Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырған. Кейін Матжан ағамыз өзінің «Батыс Қазақстан ауыз әдебиеті» деп аталатын 4 томдық шығармалар жинағына енгізді.[7] Осындай күрделі варианттардың бірі- осы қолжазбадағы нұсқалар еді. Енді осы нұсқаларды Марабай варианттарымен салыстыра талдап көрелік.

Ғалым О. Нұрмағамбетова «Қобыланды батыр» эпосының сюжет желісін құрайтын тұрақты өзекті эпизодтар мыналар деп көрсетті:

I эпизод- жырдың басталуы, батырдың дүниеге келуі, өсуі, балалық шағы.

II эпизод- Қобыландының Құртқаға үйленуі.

III эпизод- Құртқаның Батырға ат таңдауы, болашақ тұлпарды өзі тәрбиелеп өсіруі.

IV эпизод- қырық мың үйлі қият руынан Қараман батырдың келіп, Қобыландыны Қазан ханға қарсы аттануға шақыруы.

V эпизод- Қобыланды батырдың анасы Аналықпен, қарындасы Қарлығаш және қыз Құртқамен қоштасып жауға аттануы.

VI эпизод- Қобыланды батырдың Қараман және оның жолдастарының соңынан жетуі. Тайбурылдың әйгілі шабысы.

VII эпизод- Қобыландының Қазан ханмен соғысы, оның жеңуі және Қараман екеуінің Көбікті ханмен соғысы, тұтқынға түсуі.

VIII эпизод- Қобыланды мен Қараманның тұтқыннан Көбікті ханның қызы Қарлыға арқылы босатылуы. Батырлардың Көбікті ханды қайта шабуы, оны жеңуі.

IX эпизод- Қобыланды өз еліне Алшағыр ханның шауып кеткенін білуі, одан елін босатуы.

X эпизод- Қыпшақ еліне Шонай ханның шабуыл жасауы, оның жеңілуі. Қобыланды мен Қарлығаның қосылуы..[5, 45б]

Бұл эпизодтар «Қобыланды батыр» жырының ең толық, ең мұқият қаралып Марабай мен Мергенбай жырлаған алғашқы нұсқасы деп қабылдаған 1975 жылы Москвада «Наука» баспасынан шыққан «Қобыланды батыр» кітабы бойынша және осы кітап негізінде 1977 жылы «Жазушы» баспанасынан шыққан «Ақсауыт» батырлар жыры жинағының I томында және Батырлар жырының 1986 жылы шыққан көп томдық жинағының I-ші томында жарияланған «Қобыланды батыр» жыры бойынша алынған.[6] Бұдан былай осы еңбек ішінде бұл нұсқа біздің негізгі текстіміз деп айтылып отырады.

Ал, енді осы варианттарды бір-бірімен салыстыра отыра қарап көрейін. Негізгі текстіде жыр былай басталады.

Кешегі өткен заманда...

Қарақыпшақ Қобыланды

Атасы мұның Тоқтарбай.

Халықтан асқан болды бай./65-бет/

Осы негізгі текстіде Қобыландының қалай дүниеге келгені егжей-тегжейлі терең айтылмайды.

Батырдың балалық шағы, өсуі басқа эпостардағыдай алғашқы күннен басталмайды, алты жасқа келгеннен басталады. Баланың әрбір іс – әрекеті хас батырларға лайық болады. Алты жастан бастап Естемес бастаған жылқышылармен бірге әкесінің жылқысын бағуға кетеді.

Енді осы эпизод біздің қолжазбалар қорындағы варианттарда қалай берілген. Соны көрелік.

Нүрсейіт Битілеуов вариантында жыр былай басталады.

Бұрыншы өткен заманда,

Дін мұсылман аманда,

Жирен қопа көлінде,

Ешкі қырған дөңінде,

Қалың қыпшақ елінде

Қыдырбай атты бай болған. /1 т. 16-бет/

Осылай басталған жыр бұл байдың жалғыз Күнсұлу атты қызы барын, енді жасы сексен төртке келгенде, бір ұл перзентке зар болып жүргенін, байдың баласы сансыз көп жылқыны бағып жүрген Отар құл мен Қодар құл екенін жырлап кетеді. Басқа байлар Қыдырбайдың көп малына мұрагер ұлы жоғын көріп, оны жаулап алмақ болады. Қыдырбай елін шабатынын білген соң, өзі сияқты бір қызға зар болып жүрген Қарабек деген байға барады. Қарабектің алты ұлы болады, бірақ бір қызға зар болады. Екеуі ақылдасып елден көшіп, Ноғайлының Ақшахан деген ханына барады. Ақшахан бұларға өз елінен жақсы қоныс береді. Сол заманда қалмақтың Алшағыр және Тәуке деген екі ханы болады. Алшағырдың алты ұлы болады, бір қызға зар болады. Алшағырдың жасы елуге келгенде, бәйбішесі күннен көрікті қыз туады. Атын Құртқа қояды. Алшағыр қызына үлкен той жасайды. Тойға Қыдырбай мен Қарабекті де шақырады. Бірақ Алшағыр мен Тәуке хан ойласып, өз серттерінен айнады. Қыдырбай мен Қарабектің алдынан кісі жіберіп, бұл ұлсыздың, қызсыздың көретін тойы емес деп кері қайтарып жібереді. Бұған қайғырған Қыдырбай еліне келіп жатып алады. Қыдырбайдың бәйбішесі Ақзарбап әулиеге айтып, темірден кебіс киіп, әулие, әнбиеге сапар шегеді. Ақмешітке еніп, қырық шілтер апасымен кездесіп, өзінің баласы болатынын естиді. Содан Ақзарбап бәйбіше айдаһардың жүрегіне жерік болады. Қыдырбай бір тау басындағы айдаһарды өлтіріп, жүрегін әкеліп береді. Содан жеті ай он күн болғанша, бейсембінің күнінде Ақзарбап бәйбіше босанады.

Қабыландай ұл туды,

Қалмаққа қарсы күн туды,-

деп, Қыдырбай қуанады. Содан ол Алшағыр ханға барып, баласына арнап той жасайтынын, сол тойға шақыра келгенін айтады. Екі хан қорқып сол тойға барады. Тойдан келген соң, Қобыландыдай баладан қорқып, қоныстарын тастап көшіп кетеді. Қобыланды ақылды болып өсіп, алты жасқа келгенше балалықтан өтіп, Отар құл мен Қодар құлға ілесіп, жылқы бағып кетеді. Жылқыда жүріп, Қобыланды жауларына бармақшы болады. Жолда бозжорға мінген бір кемпірге кездеседі.

Қобыланды кемпірдің бозжорғасына қызығып, кемпірді алдап атынан аударып, бозжорғаны алып кетеді. Бұл кемпір қыз әулиеден жаратқан өзінің пірі екен. Ол баламның жауға қарсы мінер аты жоқ болар деп әдейі келген екен. Бозжорға ат періштелердің мінетін пырағы екен. Кемпір баласына сыртынан бата беріп ғайып боп кетеді. Көріп отырғанымыздай, Нүрсейіт вариантында бірінші эпизод, яғни, батырдың дүниеге келуі өте кең түрде жырланады. Бұл қолжазбаның I томының 16-60 бет аралықтарын алып тұр. Бірінші эпизодқа 44 бет арналған. Ал енді осы эпизод Сүйіншалы Жанбыршин нұсқасында қара сөзбен басталады. «Қыдырбай деген бай болған, төрт түлігі сай болған, байлығы жұрттан асқан. Қыдырбай қырығында 12 атты пар жегеді екен, 12 аттың ішінде желмая деген пар ат жегіп, Ақзарбапты қасына алып тойға барады екен. 250 түйеге саба артып, піспегін алтыннан ойдырады екен. Осындай Қыдырбайдың байлығын алмаған басқа байлар оны кемсітпек болады. Жаманбай деген үлкен той жасаймын жария қылады. Қыдырбай да ойында дөнеңе жоқ тойға шығады. Жаманбай Қыдырбайдың алдынан бір қойшыны жұмсап, мынаны айт дейді:

Ұлы барға орын бар,

Қызы барға қызық бар.

Ұлсыз, қызсыз Қыдырбай,

Бұл жиында несі бар.../161-бет/

Бұл сөзді естіп Қыдырбай қапаланып кейін қайтады. Әулие, әнбиеден бала сұрап, ел аралап кетеді. Маңғыстаудың ойына, Қарадымның бойына келіп жетеді. Осы жерде әулие, әнбиелері аян беріп, балалы болатындықтарын айтады. Ақзарбап бәйбіше айдаһардың жүрегіне жерік болады. Қыдырбай айдаһар іздеп шығады. Өзінің дос ағасы Қызтуғанға барады. Ол бір білсе Айсаның ұлы Ахметтің қолынан келеді дейді. Қыдырбай Ахметке барады. Ахмет айдаһарды ұстауға келіседі. Жырда Ахметтің айдаһармен

күресі терең де кең түрде жырланады. Ахмет айдаһардың жүрегін әкеп береді. Ақзербаптың толғағы қатты болады. 40 тұлпарды дүбірлеткенде ғана босанып, ұл табады, одан соң бір қыз табады.

Қыдырбай үлкен той жасайды. Тойшыларға балаларына ат қойып кетуін сұрайды. Бірақ ешкім қоя алмайды таласып, шуласып. Сонда бір диуана келеді. Сол диуана бірінің аты Қобылан, қызымның аты Қарлығаш болсын деп қояды. Қобыландыны бесікке салайын десе, ол сынып қала береді. Үш жасына келгенше үшкілсіз көйлек кимеді, берен тойға сыймады, төрт жасына келгенде белгісі ермен тең болды. Бұл нұсқауы бірінші эпизодқа 23 бет қана берілген. I томның 160-183 беттер аралығы.

Осы жерде айта кететін бір жай:

«Қобыланды» жырының варианттарында бірнеше батырлардың аттары кездеседі.

Мысалы Қарасай, Қазі ХҮІ ғасырда өмір сүрген. Әйтсе де, олардың аттары варианттарда қайталанатын. Оның негізгі себебі: эпостың басты қаһармандары естеріне берік сақталса да, екінші дәрежедегі қаһармандардың аттарын ұмытушылық. Осыдан келіп, кейінірек кездегі адамдарды ертеректегі болған оқиғаларға қатыстыру дәстүрі туған. Мұндай анахронизмдер қай ендің болсын эпостық шығармаларында бола береді.

«Қобыланды батыр» жырының Батыс Қазақстан ауыз әдебиеті қорындағы варианттарын оқып отырғанда, ойға орала беретін мынадай бір жай бар: кейбір ақын, жыршы-жыраулар Марабай нұсқасын үлкен ықыласпен үйрене отырып, ол жырдың бас-аяғын өзінше, өзінің басқа бір ақын, жыршыдан үйренген, «Қобыландыға» айтуірі қатысы бар-ау деген эпизодтарды қосып толықтырып жырлауды мақсат еткенге ұқсайды.

Шынында да, жырдың Қараман мен Қобыландының Қазанға аттанатын жерінен бастап, аяғына дейін барлық вариант ешбір өзгеріссіз бірдей болып келеді. Ал ол эпизодқа дейінгі алғашқы тарауы әр вариантта әр түрлі болып келеді, яғни жырдың басталуын әр ақын өзінше жасайды, өзінше толықтырады. Сөйтіп, жырдың алғашқы тарауының бір-біріне ұқсамайтын жеке дербес вариант болып келуі сонан болар деп ойлаймыз.

Екінші эпизод-Қобыландының Құртқаға үйленуі жарияланған вариантта былай берілген: жыршы таудың ар жағында Қызылбастың елі бар екенін, оның Көктім Аймақ деген ханы, Ханның асқан сұлу Құртқа деген қызы бар екенін айтады. Мына шу- сол қыздың үміткер болып, бақтарын сынасып жатқан батырлардың шуы. Алтын қабақты кімнің мергендігі басым болып түсірсе, Құртқаны сол алмақ. Алты жастағы Қобыланды да өз бағын сынамақ.

Батырлардың алтын жамбы атып жатқан жеріне іркілмей келген баланы Көктім Аймақ көріп бірден сынаиды да: «Қазақтың ері келді», - деп кезекті бұған береді. Қобыланды ай астындағы алтын теңгені атып, екіге бөліп түсіреді. Оны Құртқа көріп «Іздеген теңім келді», - деп, әкесіне хабар айтады. Көктім Аймақ өз сертінен таймай, басқа ерлерден ерлігі асып түскен жас батырға «отыз күн ұдай тойын қып, қырық күн ұдай тойын қып» Құртқа сұлуды береді.

Көктім Аймақ қызына ішін алтынмен безеген, сыртын ақ күмістен жасаған ақ отау, қырық түйе қазына, қырық құл мен қырық күн беріп аттандырайын деп жатқанда Аймаққа Қобыланды келіп:

Еншісін бөліп Құртқаға,

Бәрін беріп жатырсын

Бергенің маған не,- дейді./71-бет/.

Сонда Көктім Аймақ: «Балам саған бергенім:

Төбеңде тұрған төрт бұлт,

Еншің балам сол-дейді.

Жаз болса шығар күн жақтан,

Қыс болса шығар жел жақтан.

Жау келсе түсер жау жақтан,

Шырағым, балам сен-дейді

Тапсырдым сені соған,-/71 бет/.

деп Қобыланды мен Құртқаны аттандырып салады. Ал енді Нұрсейіттің нұсқасында бұл эпизод кішкене өзгеріспен беріледі.

Бұл нұсқада осы эпизод қара сөзбен басталады: «Үркіп көшкен Алшағыр батыс, шығыстың арасында көп ханның еліне барып, көп қалмақпен бірігіп, Қобыландыдан қорқып отыр екен. Сол күнде қыз Құртқа он төртке келген екен. Қобыланды келіп еріксіз тартып алады деп, өз ұлтыма беремін деп, немерелерді жинап той жасап жатыр екен. Кімде-кім алтын қабақты атып түсірсе қыз Құртқаны сол алатын болсын деп шарт қойған екен. Бірнеше айдан бері жиналған қалмақтардың батырлары алтын қабақты жабылып түсіне алмай жатыр екен.

Қобыланды келіп алтын қабақты атып түсіреді. Алшағыр қорқып қызын береді. Алтын, күміс, гауһармен қырық Нарды алдырып, қырмызы кілем жаптырып, той жасап аттандырып салады. Бұл нұсқада негізгі тексттегідей қыз әкесінің енші бергені жөніндегі мотив айтылмайды. Бұл эпизод осы нұсқада 61-62 бетте ғана 2 бет болып жарияланады.

Сүйінішалы Жаңбыршин нұсқасында да бұл эпизод қара сөзбен басталады. Мұндағы Құртқаның әкесі Алшағыр емес- Көктем кемпір немесе жырда Кекілек кемпір деп те айтылады.

Қалмақтың ханы Қанабоз Құртқаның сұлулығын естіп, үлкен қол жинап, берсе қолынан, бермесе жолынан тартып аламыз деп, Көктем кемпір еліне келеді. Көктем кемпір қорқып, қызымды беремін, тек отыз күн ойын, қырық күн тойын қылайын рұқсат бер дейді. Қанабоз рұқсат береді. Көктем кемпір бір адамды қолына қағаз беріп /хат/ Ноғайлы еліне жібереді. Осы жерде, жырда тарихта белгілі бірнеше батырлардың аттары аталады. Ноғайлының ханы Жантемір, Жаңбыршыдан туған Телағыс, Айсаның ұлы Ахмет, Көкшенің ұлы ер Қосай, Ақшабыл ұлы Төрехан, Жаманбай ұлы Әуез, Көрғұлының ұлы Бозай. Міне, осындай батырларға хабар салады, Көктем кемпір. Осы батырлар туралы жеке-жеке жырлар бар екені анық / «Қырымның қырық батыры»/. Жыршы осы жарлардан үйренген, естігенге ұқсайды.

Көктем кемпір Қыдырбай еліне де, Қобыланды келіп, Құртқаны алсын деп хабар салады. Бірақ келген хабаршыны Қыдырбай қуып жіберіп, Қобыландыны жылқышыларға апарып, ешқайда шығармаңдар, көздеріңнен таса етпеңдер деп қатты тапсырып кетеді. Осы жерде батырлық жырға тән қасиеттер мен қатар, көне ертегілік, аңыздық элементтер басымырақ. Қобыланды хабар жетпеген соң, Көктем кемпір өзі шығады. Ол 7 тілді біледі екен, 7 түрлі сүгіретке енеді екен. Алтайы түскі боп, Қобланға келеді. Екінші күні бір сұлу қыз болып келіп, Қобыландыға хабар береді. Қудың қойнында неғып жатырсың, сенің болашақ жарыңды қалмақтар аламын деп жатыр. Өзің тірі тұрғанда Құртқаны неғып бересің деп ғайып болып кетеді. Қобыланды содан өзіне ат тандап, бір ала тайды мініп, Көктем кемпір еліне сапар шегеді. Алдынан бір қалмақ батыры шығады. Ол менің атымды, қаруымды, 9 қабат ақ сауытымды ки дейді. Қобылан қалмақтан ештеңе алмаймын деп кетіп қалады. Астында ала тай, басында малақай, жиынға келіп кіреді. Алтын қабақты атып түсіреді, қалмақтың палуанын жығады, бірақ аты жарыста қалып қояды. Ат жарыста орақ батырдың қарасы келеді. Әуез, Ахмет бастаған батырлар бұл жарысты да Қобыланға берейік деп ұсынады. Бір айта кететін нәрсе, осы жерде көптеген батырлар Құртқаны жалғыз жас бала Қобыландыға беріп жібереміз бе деп шуласып тұрғанда, Айсаның ұлы Ахмет батыр бұл шуды басады: « Бұл бала дүниеге келдерде анасының жерік асы Айдаһардың жүрегін мен әкеліп беріп едім. Бұған атса мылтық өтпейді, шапса қылыш кеспейді. Шаншыса найза батпайды, отқа салса күймейді, суға салса батпайды, тілімді алсаңдар қой» дейді. /беті 201-202-беттер/. Содан бәрі көніп, Көктем кемпір Құртқаны Қобыландыға қосады. Осы нұсқаудағы бір ерекшелік жаңағы енші сұрау мотиві қызғылықты беріледі. Көктем кемпір күйеу баласынан не қалауың бар деп сұрайды. Сонда қыз Құртқа Қобыландыға сыбыр ете қалады. «Мына тұрған жай бұлтын, соны сұрап ал», - дейді. Мұның Құртқадан келгенін Көктем кемпір біледі, амал жоқ Қобыландыға жай бұлтын береді.

Мына тұрған жай бұлттың,
Қасиеті көп еді.
Қарның ашса қасыңда,
Азық болар деп еді.
Жалғыз болса далада,
Әскер болар деп еді.
Шөлдей қойсаң далада,
Сусын болар деп еді.
Дарияға кез болсаң,
Көпір болар деп еді.
Несін айта берейін
Қасиеті көп еді,-деп /203-бет/

Қобыланды мен Құртқаны аттандырып салады. Көріп отырғанымыздай, негізгі текстіде бұл мотив Қобыландының енші сұрауымен болса, ал Сүйінішалы нұсқасында не қалайсың деп Көктем кемпір сұрайды.

Осы жерде жыршы өз елінің, өз жерінің дәстүрін қосып отырған. Келген қонақтан немесе күйеу баладан «не қалайсың?» , «қызмет айт» деген сияқты салт-дәстүр бар екені рас. Жыршы осы эпизодты кең түрде, әрбір деталін айқындай өрбітіп жырлаған. Нұрсейіт нұсқасында бұл эпизод 2 бетпен ғана берілсе, Сүйінішалыда бұл эпизод 20 беттен тұрады. Осы эпизод өзі білетін, халық сүйетін батырларды да қоса жырлаған, өйткені халық басына қиыншылық туғанда елін, жерін қорғайтынысы батырлар ғана, халық оларды әрқашан да ардақтайды. Сондықтан оларды әрқашан өз жырларына қосып отыратын болған.

Осындай қосылған қосымшалар нұсқан келтіріп тұрған жоқ, қайта бұл нұсқаның тек бір жаршы жасаған өзіндік дербес варианты екенін көрсетіп тұр.

III эпизод- Құртқаның батырға ат тандауы, болашақ тұлпарды өзі тәрбиелеп өсіруі.

«Қобыланды батыр» эпосындағы ең тұрақты, ең көркем әрі ең ұзақ баяндалатын әңгіме-Құртқаның даналығы, оның батыр астындағы атының жауға аттанар болса, мінуіне жарамайтынын біліп, батырға лайық тұлпар іздеуі, көп жылқының ішінен тұлпар туатын биені сынауы, ол тұлпарды өзі күнге, желге тигізбей, адам көзіне түсірмей мәпелеп асырауы.

Негізгі текстімізде эпизод Қобыландының Көктем Аймақ елінен Құртқаны алып келе жатып, жолда немере ағасы Сәлімбайдың көп жылқысына кездесуінен басталады.

Эпизод түгелдей өлеңмен жазылған. Жалпы көлемі 200 жолдан аса өлеңде жыршы Қобыланды көшінің Сәлімбай жылқысына кез болуынан бастап, жылқы ішінен бір биені Құртқа сынап, ішінде батыр

мінер тұлпар бар екенін айтуы, Құртқаның Қобыландыға: осы биені мені берсең де ал деуі, Сәлімбаидың жылқышысы Қара Көжекке келіп биені сұрауы, биені Қобыландыға беруі, Құртқа көшті бие құлындағанша тоқтатып қойып, құлын туғаннан кейін ңана көшіп барып, Тоқтарбай еліне келуі, Құртқаның тұлпарды мәпелеп өсіруі, баптауы соншалықты көркем де әсерлі суреттелген.

Бұл эпизод Нұрсейіт Битілеуов нұсқасында өзгешелеу беріледі. Елге жақындағанда Құртқа Қобыландының бозжорғасын сұрап алып, еліңдң көріп танысайын деп алға озып кетеді. Ешкі қырған дөніне жетеді. Сол жерде Қыдырбайдың көп жылқысын аралап көреді. Қайтып келіп, Құртқа Қобыландыға былай дейді:

Егіліп жатқан егін жоқ,
Төгіліп жатқан жиде жоқ,
Домаланған қарбыз жоқ,
Қауымы мұның тағы жоқ
Ер мінетін бірі жоқ,
Жау айдағыр көп жылқы
Мұның несін мал дейсің./І т. 64-бет/

Сонда Қобыланды Шалғын көлдің бойында сандал көктің үйірі бар, соны көріп кел, ұнамаса бір тайын қалдырмай қырылғырды қырайын дейді. Құртқа үйірден бір керкұлықты /кер құла ат/ көреді. Атасынан менің көрімдігім болсын деп сұрата жібереді. Нәсілі дұшпан болған соң, келініне сенбеймін, ол кер биенің ішінде су айғырдың баласы жатыр деп, атасы бермей қояды. Осы кезде ауыл ақсақалдары келіп, Қыдырбайды қарғайды, сабайды. Олардан қашып келсе алдынан бәйбішесі шығып кер биені бергізеді. Қалған жері негізгі текстідегідей.

Бір қызық жері, осы нұсқада Құртқа мен Қобыландыны хат танитын сауатты адам етіп қояды. Жыршының жаңа заман белгілерін қосқаны көрініп тұр. Мысалы: сементтеген/цемент/ алаңда палуандардың, қараңғы падвал үйіне кер құлықты бағады, панар шамын жақтырып, шар айнасын жайдырып стенаға ілдірді, тағы басқалары. Бұл нұсқада эпизод І томның 63-70 беттер аралығында жырланады.

Ал енді Сүйінішалы Жаңбыршин нұсқасында да бұл эпизод Нұрсейіт нұсқасында-ғыдай басталады. Қыдырбай кер биені бермей, Құртқа ашуланып, көшті тоқтатып, сол жерге жатып алады. Сонда Қыдырбайға ақыл айтуға Сыпыра жырау келеді. Ол Қыдырбайды көндіріп келістіреді. Құртқа құлша құлынды/сол нұсқада солай айтылады/ баптап бағады. Ол жылқыны бағатын 4 кісіге: «туғанда құлынды кілемге орап, аяғын жерге тигізбендер, қанатты тұлпар болады»-дейді. Бірақ бие туғанда бір аяғы жерге тиіп кетіп, содан ұша алмайтын болады, бірақ жер басқаннан ештеңені құтқармайтын болады. Бұл эпизод 3 бет қана жырланады. Бұл нұсқадағы торша құлын бәрінен бөлек жеке дара ат болып шығады.Құртқаның торша құлынды бағып, баптауы- негізгі текстіміздегідей ерекше суреттеулермен берілген.

ІҮ эпизод- Қараман батырдың келіп Қобыландыны Қазан ханға қарсы аттануға шақыруы. «Қобыланды батыр» жырының негізгі, өзекті, ең тұрақты мазмұнын жасайтын күрделі эпизодтың бірі- Қараманның Қобыландыға келіп, қызылбастарға қарсы жорыққа бірге аттануға шақыратын жері. Ал бұл эпизод біздің қолжазбадағы нұсқаларда тіпті атымен жоқ. Мысалы, Нұрсейіт нұсқасында Құртқаның әкесі Алшағыр хан Қобыландыға хат жазып жібереді. Күн шығардың бетінде қызылбас қалмақ шүршіттің ұлы Шөмекей, қалмақтың ханы Қаһарман, Барса хан, жалғыз көзді Қарақұл секілді жауларды жеңіп бер, әйтсе олар сені өлтіреді дейді. Қобыланды бармай қалсам қатын дер деп, кіндік ағасы Қожабайға келіп, 40 кісі алып жауға аттана беріңдер, мен сендерді арғы күні қуып жетемін дейді. Арғы күні жауымның шеті қырық қақпалы қызылбас, арғы шеті Барса ханға жетемін, сендер менің құбыла бетімде, айшылық жерде жүріңдер, айшылықтан көрінетін менің қара бұлтым бар, көздеріңді содан айырмандар. Менің қасымда жүрсендер, қалмақ жауы қамағанда, найзаға туды байлап атқанда дүние жаң болып, сол уақытта көзді мұнар шалғанда, жаудың қайсы екенін, сендердің қайсы екендеріңдң біле алмай, босқа қырып алармын. Жауымның арғы шеті Барса ханның елінде жолығармыз деп тапсырып қояды. Бұл эпизод 6 беттей жырланады. Жырдың Қобыландының кіндік ағасы Қожабаймен сөйлесетін жері қара сөзбен беріледі.

Енді І эпизодты көрейік. Ол – Қобыланды батырдың анасы Аналықпен, қарындасы Қарлығашпен және Құртқамен қоштасып, жауға аттануы. Бұл сюжет ертеден келе жатқан, дәстүрлі батырлық эпостың біріне тән қасиет жіне қандай жыр болмасын, егер де батыр жауға аттанар болса семьясымен қоштасады. Ал, «Қобыланды батыр» жырының негізгі мазмұнын құрайтын да осы эпизод.

Нұрсейіт нұсқасында осы эпизод негізгі текстімізге ұқсас болып келеді. Жалғыз ұлын қимаған ана, жалғыз бауырын жаңындай жақсы көретін апа, асыл жарынан айрылғысы келмеген аяулы жар- бәрі де өздерінің қоштасар ең жақын туысқандыққа тән ыстық, іңкәр сөздерін айтады. Сондықтан да болар, хас батыр мен туысқандарының қоштасар эпизоды барлық эпостарда да соншалықты әсерлі болып келеді. Осы эпизодқа Нұрсейіт нұсқасында 10 бет арнаған. Нұрсейіт кейбір сөз, жол ауысулары болмаса, негізгі эпизодтағыдай бұл эпизодтың мазмұнын түгелге жуық жарлаған. Қоштасу сәтінде айталатын осы бір ықылас, махаббатқа толы жалынды сөздердің біреуін ауыстыру немесе алып тастау қиын. Бұл сөздерді осы эпосты жырлайтын ақын, жыршы, жырау өз сөзіндей, өзінің ең жақынына өзі айтардай қабылдайды.

Сондықтанда мұны басқа бір жансыз. Жалынсыз сөзбен ауыстыру мүмкін емес. Демек, жырау осы эпизодтың өзінен бұрынғы көп жыраудан келе жатқан осы тұрақты канонды түрінде өзі шығарғандай қабылдайды да, оны ешбір өзгеріссіз үйренеді, өзінен кейінгілерге үйретеді. Ал бұл эпизод Сүйінішалы нұсқасында жоқ. Біз бұл туралы жоғарыда айтқан болатынбыз.

II эпизод- Қобыланды батырдың Қараман және оның жолдастарының соңынан жетуі; Тайбурылдың әйгілі шабысы.

Батырдың атын суреттеу, әсіресе оны желден жүйрік, құстан жедел шабысын суреттеу де эпоста кездесетін ортақ мотив.

Ал «Қобыланды батыр» жырындағы ең көркем жырланған классикалық жыр үлгісінде айтылған, барлық ақын-жыршылардың, жыраулардың орындауында бірінен-бірі ешбір өзгеріссіз, сөзбе-сөз ауысып отырған ең тұрақты эпизод- осы Тайбурылдың шабысы.

Нүрсейіт нұсқасында бұл Тайбурыл торшат немесе торыала ат болып келеді. Бұл нұсқада торшыаттың шабысын жырлау ұзақ берілмеген. 1-2 беттің қана жырланған бұл эпизод. Бұл жыршы да батырдың атының шабысы шабыттана жырланады:

Тобылғы менді торала ат,
Өр киіктей ойнайды.
Шарықтай көзі жайнайды,
Бұлақтай ағып қайнайды.
Белдерден белдер асады,
Аяғын жанай басады.
Алты айшылық жолына,
Алты күнде барады.
Қырық күншілік сапарға,
Күн арада барады./I т. 86-бет/

Жыршы батырдың ерлігін суреттеп жырлауға үлкен көңіл қойған. Жауына аттанып бара жатқан Қобыландыға жолда қалмақтың батыры Домбауыл кездеседі. Жыршы осы екі батырдың айқасын 4 беттей ғып жырлайды /бір бетте 38-40 жол өлең/. Осыған қарағанда жыршы Қобыландының ерлігін дәріптеуге көп көңіл бөлген.

Сүйінішалы Жаңбыршин нұсқасында да аттың шабысы 1-2 беттік қана. Бұл жыршы да негізгі ойды батырдың ерлігін дәріптеуге жұмсаған. Бір айта кететін нәрсе мұндағы торшаттың шабысын суреттейтін эпизодқа кейбір жолдары, сөздері сай келіп отырады.

ҮII эпизод- Қобыландының Қазан ханмен соғысы және Қараман екеуінің Көбіктіні шабуы. Бұл эпизод әрине біздің қолжазбада жоқ. Бірақ бұл эпизод Қобыландының жоғарыда айтылған қалмақтың батыры Домбауылмен, қырық қақпалы Қызылбаспен, қалмақтың батыры Қаһарман мен Барса ханмен және оның батыры Қараманмен айқасымен суреттеледі. Мұнда жыршы әрбір детальды кеңейте, толықтыра жырлаған. Өзі білетін бір жырды немесе бір жырдың маңызды, өзекті эпизодын жырлағанда талантты ақын, жыршы оны өзінге өзгерте, кеңейте, әрлендіре жырлап, оны басқа ақындардың, жыршылардың жырлағанын бөлек, өз нұсқасы етіп жырлайтыны белгілі. Соған қарағанда жыршы Қобыландының ерлігін өзінше, өзінің елінің түсінігіне лайықтап жырлаған сияқты. Мұндағы Қобыландының қалмақ батырлары мен жекпе-жек соғысы, көп қалмақпен айқасы- бәрі де батырлық эпосқа тән дәстүрлі суреттермен берілген.

ҮIII эпизод- Қобыланды мен Қараманды Көбікті ханның қызы Қарлығаштың тұтқыннан босатуы. Батырлардың Көбікті ханды қайта шабуы, жеңуі.

Бұл эпизод Нүрсейіт нұсқасында атымен жоқ. Бұл нұсқада Қобыланды тұтқынға түспейді. Ал енді Сүйінішалы Жаңбыршин нұсқасының қысқаша мазмұны мынадай: Жылқыда жүріп, Қобыланды бір дауыс естиді. Дауысқа келсе, қалмақтар Ер Қосайды ұстап алып, алып келпекші болып жатыр екен. Қобыланды оларды ұстап алып қалмақтың ханы Қандыаюға айтып барындар: Мықты болса, мен ертең барамын дейді. Содан ол қасына қырық ер алып қалмақтарға аттанады. Ол 90 ханның елі бар сансыз көп қалмақпен соғысады. Бәрін жеңеді. Сонда қалмақтың Бекболат деген батыры шығады. Қобыланды сонымен жекпе-жек соғысады. 7 күн, 7 түн соғысып өзінің пікірлерінің арқасында оны жеңеді де, зынданға тастайды. Өзі басқа қалмақтармен соғысып қырып салады. Сол ұрыстан шаршап Қобыланды ұйықтап қалады, жолдастары оны тастап ілгері кетіп қалады. Сол кезде қалмақтар зынданнан Бекболат батырларын шығарып алады. Бекболат 500 қалмақ қол алып Қобыландыны ұйықтап жатқан жерінен ұстап алады. Олар Қобыландыны қамап темір үйге от жағады, бұған ол күймейді. Содан зынданға тастайды. Мұны ауылдағы қыз Құртқа түсінде көреді. Ол түсін Ақзарбап бәйбішеге айтады. Олар Қобыландының артынан баратын ешкім жоқ екенін айтып қайғырады. Сонда қыз Құртқа өзін барайын дейді. Содан ол қалмақ еліне диуана болып кіреді. Торыша ат Құртқаның иісін танып, темір торды бұзып шығады. Хан мұны естіп диуананы шақыртып алып, торыша атты үйретіп бер дейді. Құртқа: «Жарайды, 40 құлаш арқан мен бір ай мұрсат бер» дейді. Содан ол Қобыландыны зынданнан шығарып алып, өзі желмаяға мініп еліне қайтып кетеді, ал Қобыланды торыша атына мініп, бес қаруын асынып қалмақтарға барады. Бәрін қырып салады, 3 ай соғысады. Қандыаю қашып кетеді. Қобыланды оны 2 күн қуып ұстайды. Жекпе-жек соғыста Қобыланды жауын жеңіп, еліне көп дүниемен оралады. Жыр осы эпизодпен

аяқталады. Жыршы өзіне таныс аңыздарды жырлаған сияқты. Жырдағы Құртқаның түс көруі «Қыз Жібек» жырындағы Жібектің түс көруіне ұқсас келеді.

IX эпизод- Қобыланды өз елін Алшағыр ханның шауып кеткенін білуі, одан елін босатуы. Бұл эпизод Нұрсейіт нұсқасында негізгі текстімізден тіпті өзгеше түрде беріледі. Мұнда да ертегілік мотив басым болып келеді. Түсінде өз елінің шабылғанын көруі, елге аттануы негізгі текстімізге ұқсайды. Қалған жері бөлектеу. Жолда келе жатып торала ат жүрмей қояды. Содан ол атқа тіл бітіп сөйлейді. Қобыланды ат үстінен ерін алып бос қоя береді. Торыала ат елге келіп болған жайды көріп, Қобыландыға айтып келеді. Содан екеуі елге аттанады. Қобыланды Алшағырды өлтіріп, елін жаудан тазартады. Алшағыр Отар құл мен Қодар құлдың қолын келіп алған екен. Оның қолын Құртқаның анасы ақ сандықтың ішіне салып тығып қойған екен. Соны алып келсең, ол колдарды салып беремін дейді. Қобыланды Құртқаның анасын өлтірмей алып қалады. Ақ сандықты әкеліп, Отар құл мен Қодар құлдың қолдарын салдырып береді. Екеуіне ана ғып өзінің енесін және қосып беріп бақытты егеді. Жыр осымен аяқталады.

Ал, X эпизод- Қыпшақ еліне Шошай ханның шабуыл жасауы, оны жеңілуі. Қобыланды мен Қарлығаның қосылуы біздің қолжазбадағы нұсқаларда кездеспейді. «Қобыланды батыр» жырының қолжазбадағы нұсқаларын текстімізбен салыстырып қарағанда М.Әуезовтің «Манас» жайында айтқан мына бір сөздерін еске алмасқа болмайды. «Импровизаторлық таланты күшті, шабыт тасып төгілетін жыршылар жаттап алған жырларын өзгерте, өз жанынан қоса отырып айтатын болған. Ал енді біреулері естігендері мен жаттағандарын айтқан. Жомықшылардың ішінде негізгі сюжеттік желіден басқа ежелден бар бірнеше тарауды тағы да қоса жаттап алмайтыны жоқ деген қорытынды жасауға болады. Бұл жекелеген жырдың тұрақты, айнымайтын тексті бар деген байлау айтуға мүмкіндік береді».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тілеужанов М. Ел әдебиеті. – Алматы: «Ана тілі», 1992, 176 б.
2. Тілеужанов М. Батыс Қазақстан ауыз әдебиеті. Төрт томдық. Т.І. Орал.1986.
3. Нұрмағамбетова О. «Қобыланды батыр» эпосының негізгі варианттары және олардың өзара байланысы. Кітапта: Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. - Алматы: Ғылым, 1983.-264 б.

ӘОЖ 82-3(574)

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНАН КЕЙІНГІ АЙТЫСТАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАМДАРЫ

Н.М.Пауэтдин

7M01701 Қазақ тілі мен әдебиетінің 2-курс магистранты
Қазақстан, Орал

Айтыс - қазақ халқының төл өнері. Бірнеше жанрлық түрдің сипаты мен сырын бойына жинаған синкретті жанр ретінде, айтыс қаншама ғасырлардан бері қазақ халқының ұлттық төл өнері ретінде жасап, жасарып, түрленіп, түлеп отырды. Ол халықтың тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларды, жалпы алғанда халық тағдырын жырлап келеді. Ол өнер түрі ретінде басқа да халықтардың рухани әлемінен орын алғанымен, қазақ халқының шығармашылық өмірінің тұтастырушы мәндегі үлгілерінің бірі [1,3]. Әсіресе, айтыстың түрлі тарихи кезеңдерінен бастап, тәуелсіздік алған жылдардан кейінгі дамуы қарқыны да ерекше. Біз мақаламызда батыс аймақтық айтысының тәуелсіздіктен кейінгі жылдардағы дамуы мен есімдеріне тоқталып өтпекпіз.

Айтыс қай кезде де идеологиялық құрал ретінде пайдаланылып, өзінің сол сипаты арқылы көркемдік ерекшелігін дамыта алды. Және де айтыстың осы сипаты екінші дүниежүзілік соғыс уақытында, коммунистік қоғамның билік құруы кезінде нақтылы көрінді. Алайда, сол жылдардағы айтыстардың көркемдік сипаты қазіргі айтыстың көркемдік сипатымен салыстырғанда басқа деңгейде болды. Аталған ерекшеліктер айтыстың негізі ұлттық рухтан туындайтынынан болады. Яғни, айтыс ұлт өнері және оған да рухани еркіндік керек. Кеңестік кездегі айтыс туралы академик Серік Қирабаев: «кешегі кеңес дәуірінде де заманның сұранысына жауап беріп, жаңа өмір шындығын бейнелей аларлық мүмкіндігін танытты, жаңа мазмұнымен дамыды, байыды», – дейді [2, 3]. Міне, қазақ халқы қаншама қаралы күндерді басынан кешірсе де, төл айтысымыз халық өнері ретінде халқымызға қызмет етіп, сол заманға лайық үн қатты.

Қазіргі айтыстың тәуелсіздік алғаннан кейінгі мезгілде ерекше дамуы, халықтың ыстық ықыласына бөленуі сол айтыстың тек қана әлеуметтік өмір шындығын айтуында болды. Яғни, айтыстың негізгі тірегі демократиялық еркіндік болса керек. Айтысқа цензура қойылған жерде оның дамуы тоқталып, халық арасына таралуы тежеледі.

Халық ауыз әдебиетінің өрісі кең, арқалайтын жүгі мол, арналы саласының бірі – суырыпсалма ақындық өнер, ұшқыр қиял мен терең ойдың жемісі болып табылатын ақындар айтысы ең бірінші

әлеуметтік өнер түрі. Сондықтан да тәуелсіздік жылдарынан кейінгі айтыстарда қоғамдық процестер, саяси жағдайлар, жалпы алғанда халықтың тағдыры туралы толғаныстар басым болды. Осы тұрғыдан алғанда айтыстың тақырыптық ауқымы кеңейіп, идеялық мәні тереңдеді. Сонымен қатар қазіргі айтыстардың жазба поэзиямен жақындасуына себеп болған көркемдік қуаты аса жоғары деңгейге көтерілді.

Тақырыбымызға орай, батыс аймақтық айтыс өнері жалпы қазақ айтысының құрамдас бір бөлігі ретінде дами отырып, дәстүр мен жаңашылдық сипатта дами түскені ақиқат. Батыс аймақтық айтысының өзіндік дәстүрі туралы ғалым М.Жолдасбеков: «Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі айтыс мектептерінің өзіндік ерекше белгілері де жоқ емес. Бұл ежелден келе жатқан айтыс дәстүрінің жалғасын танытады. Арқа мен Шығыстың ақындарының өлеңдері баяғы Дулат, Кемпірбай, Әсет, Жанақ, Кәрібай, Біржан, Ақан, Арғынбектер салған жолмен төрт аяғын теңбастырып айтатын, ұйқасы да, логикасы да шымыр өлең өлшемімен көрінсе, Оңтүстік Қазақстан Сүйімбай, Жамбылдар салған төкпе, шұбыртпалы ұйқасты, кең тынысты жыр үлгісі тараған. Батыс Қазақстан жыраулық пен жыршылықты қатар ұстаған эпикалық сарын басым. Осы дәстүрді ұстанған Мәліс Қосымбаевтың да айтыста өз өрнегі бар. Жауаптасудың арасында еркін көсіліп, толғау айтып отыратын айтыстағы бұл үрдіс те тыңдарманды желпіндіріп отырады. Қазіргі заман айтыскерлерінің тағы бір ерекшелігі – әр дәстүрді бірдей меңгерген ақындар шыға бастады. Бұл ретте Шығыс пен Батыстың дәстүрін қатар ұстанған Дәулеткерей Кәпұлын ерекше атауға болады» [3,10], - дейді.

Ал ғалым, айтыстың өткен тарихы мен бүгінін зерттеуші М. Жармұхамедұлы: «Ақындық және жыраулық поэзия – халық өмірінің айқын көрінісі, көркем шежіресі болғандықтан, бұлардың дамуы да ел тарихымен терең ұштасып жатыр. Айталық, дәстүрлі айтыс өлеңдері ХІХ ғасырда ерекше мол серпінмен дамыды.

Мұның үстіне, айтыс – қазақ тұрмысында ежелден ақынның атын әйгілеп, даңқын шығаратын өнер мектебі болған. Сол себептен ақындар айтыстың қай тақырыпта болатынын күні бұрын білмесе де, бәрін тізіп, бұған алдын-ала іштей дайындалып жүреді. Қазақ даласына аты жайылып, халық құрметіне бөленген Жанақ, Түбек, Орынбай, Шөже, Кемпірбай, Әсет, Манат, Ақсұлу, Сара, Ұлбике, Рысжан, Бұдабай, Мұсабек, Сүйінбай, Жамбыл тәрізді майталман жүйріктер өз дәуірінің білікті адамдары болғаны анық [1,12-13 бб.], - деп баға берді. Иә, қазіргі айтыс ақындары әртүрлі айтыс мектептерінің мақамы мен дәстүрін тең ұстап, қатар дамытып келе жатқанын анық байқауға болады. Бұл қазіргі айтыстың ақпараттық технологиялық ғасырда жедел дамуына да ықпал әсері болып отырғаны анық.

Тәуелсіздік қазақ халқына сөз бостандығын, еркіндікті ғана сыйламады, сол қазақтың ана тілі арқылы рухани бай мұрасының қамбасы ашылып, халқымен бірге жасауына да зор мүмкіндік туғызды. Соның бірі егемендік алған жылдардың басында айтыс сахнаға шабытпен шықты, сондай-ақ жарқыраған жаңа есімдер молынан көріне бастады.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары айтыс өнері өзінің бабы мен бағы келіскен таланттарын өнер сахнасына шығара бастады. Саясатта орын алған өзгерістер халықтың өміріне де үлкен жаңалықтар енгізе бастады. Жетпіс жылдан артық уақыт халықты қан қақсатқан кеңестік қызыл империя құлағаннан кейін оның орнында көптеген жаңа жас мемлекеттер пайда болды. Сан ғасырлар бойы бабаларымыз аңсаған тәуелсіздікті алу рухани әлемімізді дүр сілкінте түлетіп өтті. Сапасы жоғарылап, көркемдігі арта түскен қазақ поэзиясы бұрынғы ақындық дәстүр биігіне көтеріле отырып, жаңа заманның жаңа жырын, егеменді елдің көкейіндегісін дөп тауып, толғай бастады. Егемендік алған жылдардың басында айтыс сахнасына жарқыраған жаңа есімдер молынан көріне бастады. Білімі мен мәдениеті, ойы мен бойы, сахналық сымбаты келіскен ақындар өлең аренасында жырдан шашу шашып, өлеңнің майын ағызды. Айтыс өнері мектебінің жаңаша тұрғыда, өзгеше болмыста қалыптасуына өз үлестерін қосып жүрген айтыскер ақындарымыз шоғыр-шоғырымен айтыс ауылынан бой көрсетуде. Қазақтың осы төл өнерінің кенжелеп қалмасына, қожырап кетпесіне кепілдік берер ақындар қатарына Мәліс Қосымбаев, Аманжол Әлтаев, Ақмарал Леубаева, Мұхамеджан Тазабеков, Оразәлі Досбосынов, Бекарыс Шойбеков, Балғынбек Имашев, Айнұр Тұрсынбаева, Дәулеткерей Кәпұлы, Айбек Қалиев, Серікзат Дүйсенғазин т. б. қара өлеңнің қамшы салдырмас хас шеберлерін қосуға болады [3,27].

Жоғарыда аталған есімдердің ішінде, тәуелсіздік жылдардан кейінгі батыс аймақтық, оның ішінде Орал өңірі бойынша республика көлемінде ерекше танылған үш-төрт ақынды атауға болады. Бұлар Мәліс Қосымбаев, Жібек Бұлтанова, Бауыржан Халиолла, Жансая Мусина т.б. Алғашқы екеуі тәуелсіздіктің алғашқы он жылдықтарында ерекше танылса, соңғы екі ақын 2000 жылдардан кейін жарқырай көрінді.

Ақындардың туған өлкені, жеке тұлғаларды, ауыл-аймақтарға тән қазақы тұрмыс суреттерін, елдік, ерлік дәстүрлерін бағалай жырлауы – ұлттық сипатты даралай айқындайтын ерекшелік. Міне, осы үрдіс тәуелсіздік дәуірі тұсында дала демократиясының үрдісін жалғай отырып, тәуелсіздік, егемен еліміздің бастауында ерекше қарқын алды. Ақындар жеке бір аймақтық, аумақтық деңгейден шығып, елдік, ұлттық мәселелерді, жаһандық үрдістерді де еркін саралап, тыңдармандарына тұщымды, көркем ой айтуларына мүмкіндік алды. Ақпарат ғасырың ақындық өнерге кең тыныс ашқан тұсы деуге болады.

Ақындар айтыстарында қазақ халқының қалыптасу, даму жолындағы тарихи оқиғалар, көрнекті адамдар, атамекен қоныстар туралы да қамтыла жырланады. Ақындардың жырларынан өзінің туып-өскен, өркендеген ата-бабаларын, үрім-бұтақ әулеттерін, атамекен қоныстарын ардақтаған перзенттік

махаббатқа толы көңіл-күй әуендерінің бұлайша төгілуі – табиғи құбылыс. Өзінің әуелгі шыққан тегін, үрім-бұтақ әулеттерін, ағайынын, туысын, ата-баба қоныстарын ардақтай жырлау байырғы сақ, ғұн, одан кейінгі түркі өркениеті замандары әдебиеті мұраларындағы желісі үзілмеген тақырып екендігі мәлім.

Ақындар өздерінің өнерпаздық тұлғаларын тек қана өзі туған, қалыптасып өскен қоғамдық-әлеуметтік ортасымен, ата-қоныстарымен, көрнекті қайраткерлерімен (хандарымен, би-шешендерімен, батырларымен, т.б.) байланыстыра жырлайды. Бұл орайда, «Аманжол мен Жібектің» айтысынан мысал келтіруге болады. Жайық жерінен шыққан Жібек Бұлтанова қарсыласына өзінің туған жері, Махамбет пен Исатай батырдың ұрпағы, Мәншүік пен Әлияның сіңлісі екенін есіне салып өтеді. Мысалы:

Өнменен, өлеңменен таңды атырған,
Думаншыл менің халқым сан ғасырдан.
Исатай, Махамбеттің ұрпағымыз,
Сойылды ат үтсінен алмастырған.

Көзінде қыздарының күлкі ойнаған,
Думанды жігіттері түн тойлаған.
Сәлемін алып келдім Ақ Жайықтың,
Қой бағып, түйе сауып, жылқы айдаған.

Тәңірдің түзу түсіп бүгін ісі,
Төгілсін кестедей боп жыр үлгісі.
Белгілі аспандағы ақиыққа
Жердегі ақ түлкінің жүгіргісі.
Ұтылып арзан сөзден қалмас деймін,
Мәншүк пен Әлияның сіңлісі[4,14-15].

Тәуелсіздік жылдарындағы айтыстардың бұрынғы айтыстардан өзіндік ерекшелігінің бар екендігін жоғарыда айтып кеттік. Бұл ерекшелік көркемдігі немесе суырыпсалмалығы жағынан ғана емес, идеялық мәні жағынан айтылатын өзіндік ерекшелік. Егемендік алғаннан кейінгі жылдары мемлекеттік идеологияның негізін тәуелсіздік идеясы құрағанын көреміз. Бұл жас ұрпақты күрес жолына жетелейді және халықтың тағдырлы жолын тануға мол мүмкіндік береді. Бұл туралы Мәлс ақын Мұхамеджанмен айтысында былай дейді:

Көк бөрі – бөрі болмас азу жармай,
Маңдайда азуласар жазу бардай.
Еркіндікті аңсаумен ерлер өтті,
Еркебұлан күндерін сағынғандай.
Қалдырмас жерді жауға, елді дауға,
Ұрпақтың ұран оты жағылғандай.

Мәлс пен Мұхамеджан ақындардың қарымы, қуаты арқасында тәуелсіздік жырының өте бір деңгейлі дәрежеде жырланғанын көреміз. Олардың жырларындағы азаттық рухының көрінуінің өзі олардың ерекше қуаттылығын, шабыт шалқарларының молдығын көрсетіп өтеді.

Қорытындылай келсек, кез келген рухани құндылықтың сол халықтың өзіндік ерекшелігін білдіретін құдірет-күші болатынын жақсы білеміз. Ол – халықтың тарихи тағдырымен тығыз байланысты өнер құндылықтары. Сондықтан да айтыс өнерінде біздің халықтың сан ғасырлар бойы аңсап өткен азаттық пен бостандық идеясының танылуы қалыпты жағдай деп түсінеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұраттас, 2001. – 293 б
2. Қирабаев С. Айтыс асыл қазына // Егемен Қазақстан. – 2003. 23 наурыз.
3. Қойлыбайев Ш.С. Қазіргі айтыстың идеялық-көркемдік ерекшеліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана, 2009. – 130 бет.
4. Айтыс. Көп томдық. т. 1. – Астана: Күлтегін, 2005. – 3-10-б.

ӘОЖ 82 (574)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛ БІЛІМІ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІН
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА АРҚЫЛЫ ТАНЫТУ

Т.Е. Алимбекерова

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ғылыми кітапхана директоры,
e-mail.: teala@list.ru

Г.И. Жанбаева

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кітапхананың бөлім
меңгерушісі, e-mail.: dg26022@gmail.com

Аңдатпа: Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін университет кітапханасында таныту

Аннотация: Популяризация трудов Ахмета Байтұрсынова в библиотеке вуза

Annotation: Popularization of the works of Akhmet Baitursynov in the library of the university

Кілт сөздер: Ахмет Байтұрсынов, Байтұрсынұлы Ахмет, кітапхана, үлес, кітапхана арқылы таныту, таныту

Ағарту ісінің, сауатсыздықты жоюдың, ілім-ғылымды дамытуға ден қоюдың куәсі болған ХХ ғасырдың 20-30 жылдары халқымыз үшін ұлттық ояну мен ойланудың, ұлттық маңызы бар мәселелердің басы ашық айтыла бастаған, өзгеше бір серпіліс пайда болған кезең. Осы орайда оқулықтар мен оқу құралдарын жазу, пәндік бағдарламалар түзу, халықты жаппай сауаттылыққа үйрету сияқты істерде еліміздің біртуар азаматтары қайрат-жігерін салып, халқына қызмет етті, ұлттық тіл білімінің іргетасын қалап, оның әр саласы бойынша сара жол салып, өз қолтаңбаларын қалдырды.

Қанаты кеңге жайылып келе жатқан қазақ тілі білімі мен оқыту әдістемесі ілімінің қайнар көзі, түп тамыры ХХ ғасырдың бастапқы жылдарында жатыр десек, аталған ғасырда негізі қаланған қазақ тіл білімінің түрлі салалары осы күнгі жетістікке дейін бірнеше сұрлеу, соқпақ жолдардан өтіп дамыды, дами отыра бірнеше ірі тұлғаларды дүниеге әкелді. Сол кезеңде көзге ерекше түскен тұлғалардың бірі – ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, мемлекет және қоғам қайраткері, лингвист, түркітанушы, әдебиеттанушы ғалым, ақын, аудармашы, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны – Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кеменгерді» деп Илияс бабамыз айтқандай, еліміздің біртуар қайраткерлерінің мұраларын ұрпаққа ұлықтап, тарихты таныту – кітапхана қызметкерлерінің парызы. Осы орайда ұлт ұстазының мерейтойы қарсаңында ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік туындыларды оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру мақсатында Мәдениет министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен ҚР Кітапханашылар Ассоциациясы бастамасымен «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдері мен қанатты сөздерінің жинағы ел болып оқуға ұсынылды. Бұл акция жаастарымыздың Ахмет Байтұрсынұлының тіл білімі мен әдебиетке қосқан үлесін анықтап, қызығушылығын әрі қарай жоғарылатуына мүмкіндік туғызатыны сөзсіз.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ғылыми кітапханасы – студент жастарды білім нәрімен сусындата отырып, Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын, әдеби шығармаларын, қанатты сөздерін білім алып жатқан студент жастарға насихаттау мақсатында көптеген тағлымды шаралар ұйымдастыруда. Білім ошағында Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы, әдеби кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру, ақын өмірін студенттерге үлгі ете отырып, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу мақсатында «Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының ұлы ұстазы» атты танымдық шара өткізілді. Шара барысында кітапхана мамандары А. Байтұрсынұлының ғылыми-шығармашылық мұрасын үш үлкен салаға бөліп қарауға болатынын айтып, ағартушы, ғалым, тілтану, әдебиеттанудың алғашқы іргесін қалаушы ретіндегі еңбегіне, ақындық және аудармашылық творчествосына кеңінен тоқталды.

Рухани тәрбиеге қаныққан жастар қай кезде де жағымды қасиеттерді бойына жинап, айналасындағы тағлымы мол, көреген жандардан үлгі алуға тырысады. Бұл орайда ұлы қайраткердің еңбектерін жан-жақты насихаттау және ғалымның әдеби мұрасымен таныстыру мақсатында

кітапхананың әр залдарында ұйымдастырылған «Ахмет сөз көсемі»; «Алаш ардақтысы – Ахмет»; «Тіл білімінің атасы»; «Ұлттың ұлы ұстазы»; «Фибратты ғұлама» атты кітап көрмелері студенттердің қызығушылығын тудырып, өнер-білімге, еңбек етуге, адамгершілік, отансүйгіштік тәрбиеге бағытталған шығармалары, соның ішінде «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Тілек батам», «Досыма хат», «Бақ» атты өлеңдері сұранысқа ие болғаны көңілге қуаныш ұялатады.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің тарихында жан-жақты, түбегейлі зерттеуді қажет ететін ғалымдардың бірі. Бұл қажеттілік, біріншіден, қазақ тіл білімінде Ахмет Байтұрсынұлының өзіндік орны болуына, ғылыми, тіл білімі бойынша мұрасының көптігіне байланысты болса, екінші, қазіргі кезде латын негізді жазуға көшу барысында ғалым еңбектерінің өзектілігі бұрынғыдан бетер артып, қоғамдық сұранысқа ие болуында болып отыр, яғни ғалымның ғылыми-шығармашылық, ағартушылық жолына, тілтану бойынша атқарған қызметіне келер болсақ, бұлардың әрқайсысы арнайы сөз етуге тұрарлықтай ғылыми тақырыптардың өзектілігін көрсететіні анық. Осы мақсатты көздей отырып, Ұлт ұстазының мерейтойына орай «А.Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның өтуі. Конференция барысында Ахмет Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы, яғни араб таңбалары негізінде ұлттық әліппеге реформа жасап, өзгеріс енгізуі, қазақ тіл білімінің терминдерін алғашқы болып қалыптастыруы және оның негізгі салаларын: дыбыс жүйесін тереңдей зерттеп, бірнеше оқулыққа арқау еткен еңбектері, әдебиеттану ісіне қосқан үлесі туралы кеңінен қозғалып, ғалымның мұрасы туған елінің білімі мен ғылымы, тілі, жазу мәдениеті мен сауаттылығы бағытында бүгінгі ұрпаққа өте қажет дүние екені жан-жақты сөз болуы.

Ұлт ұстазының ғылыми зерттеулерін кең көлемде зерттеу алдағы күннің еншісінен де орын алары белгілі. Дегенмен, қазіргі рухани жаңғырып, өткенге орала отырып, келешекті болжай білуді қолға алып жатқан тұста Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-әдістемелік еңбектері, зерттеулері болашақ жас ұстаздарға, студенттерге үлгі-өнеге, мұра, көмекші құрал бола алатындығымен құнды екені даусыз.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының тілге, әдебиетке қатысты айтқан пікірлері бүгінгі күні де маңызын жоймай, керісінше, қазіргі күнмен сабақтастығын байқаймыз. Артына өшпес мұра қалдырып, туған елінің білім-ғылымы, әдебиеті, тілі, жазу мәдениеті мен сауаттылығы үшін өмірін сарп еткен қайраткердің есімі мәңгі сақталуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1 том.- Алматы, «Алаш», 2003.- 408 бет.
2. Имаханбетова Р.С. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырбаяны. Монография.- Астана: «Педагогика-Пресс», 2010.- 304 б
3. Ісімақова А.С. Ахмет Байтұрсынұлы: «Жазған сөз жаным ашып Алашыма» // Дәстүр.-2022.- қаңтар-ақпан (№1).- 40-64 б

ӘОЖ 37.017.92 (574)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

С.Б.Калаханова

Педагогика және психология магистрі, аға оқытушы

Н.Е.Муканова

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Svetlaya_as@mail.ru

Mukanova.nurzhanat@inbox.ru

Аннотация: Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық көзқарастарының жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі қарастырылды. Ғалымның тәрбие және білім беру саласындағы идеяларының көкейкестілігі баяндалды.

Кілттік сөздер: педагогика, жеке тұлға, тәрбие, білім беру, қалыптастыру.

Abstract: This article examines the role of Akhmet Baitursynov's pedagogical views in the formation of personality. The relevance of the scientist's ideas in the field of upbringing and education is stated.

Keywords: pedagogy, personality, upbringing, education, formation.

Аннотация: В данной статье рассмотрена роль педагогических взглядов Ахмета Байтұрсынова в формировании личности. Изложена актуальность идей ученого в области воспитания и образования.

Ключевые слова: педагогика, личность, воспитание, образование, формирование.

Қазақ халқының педагогикалық мәдениетінің даму тарихы ғасырлар қойнауынан бастау алады. Халық арасында өскелең ұрпақты тәрбиелеуде бай тәжірибе жинақталып, ұлттық тәрбие, халық тәжірибесі, адам ілімінің ережелері, нормалары мен принциптері мұра болып жалғасып келеді. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мен тәлімдік мұралары арқылы жас ұрпаққа тәрбие беруде қазақтың ағартушы-педагогтары Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, С.Торайғыров, Х.Досмұхамедовтың шығармаларының маңызы зор. Қазақ ойшылдары жастарды таза және адамгершілігі жоғары болуға жеке тұлғасымен үлгі ретінде үйретті. Бұл олардың ілімдерінің тиімділігін едәуір арттырды [1].

19 ғасырдың соңынан бастау алған көрнекті ақын, ғалым, түрколог, аудармашы, публицист, педагог, Қазақстанның қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың көзқарастары халық педагогикасында, жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызды орын алды.

Ахмет Байтұрсынов халықтың мәдениетін көтеру, оны жалпы ағарту және жалпыадамзаттық өркениеттің жетістіктерін игеру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін екенін терең түсінді. Осыған байланысты ол ойлары мен тұжырымдарын өз туындыларында бөліседі. Өзінің әр еңбегінде мұғалімнің рөлін қозғайды. Балаларды тікелей оқыту әдістерін, ана тілінің құралдарын жақсы меңгерген және осы мақсатта тиімді оқу құралдарын қолданатын мұғалімдер жақсы нәтижелерге қол жеткізе алатындығын айтады.

Ахмет Байтұрсынов қазақ тілінде оқыту белгілі бір тәртіппен жүргізілмегенін көрсетеді. Ғалым жұртшылықтың назарын балаларды ана тілінде оқыту қажеттігіне аударады, тілдерді үйренуге ерекше көңіл бөледі. Қазақ әдебиетін сапалы жаңа деңгейге шығарды. Оның "Қырық мысал" (1909), "Маса" (1911) сияқты шығармалары үлкен рухани – адамгершілік құндылыққа ие, бекершілік, жалқаулық, надандық, бос әурешілік сияқты адами жамандықтарды мазақ етеді, халықты еңбексүйгіштікке, білімге баулиды, өнердің дамуына, халықтың мәдениетінің артуына ықпал етеді. Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі – ол араб графикасы негізінде жаңа қазақ әліпбиін енгізіп, «Әліппе» атты алғашқы қазақ әліпбиін жазды. Оның әдістемесі елдегі сауатсыздықты жоюда үлкен рөл атқарды. Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларының сауатын ашуда бұрынғы ескі сүрлеу, тар соқпақпен жүрудің ендігі жерде ХХ ғасырдың басындағы қазақоғамамына қол еместігін көреді. Қазақ баласы енді сауатын 4 бөгде тілде емес, яғни, араб, татар, орыс тілдерінде емес, ана тілінде ашуы керек, білім-ғылыммен қазақ тілінде сусындауы тиіс деп табады. Қазақ мектептерінің болуы, бүкіл оқу-тәрбие жұмысы қазақ тіліне жүруі қажет екенін ашып айтып, күн тәртібіне қояды, өзі де қазақ мектептерінің болуы, ана тілінде оқытылуы үшін күреседі [2].

Болашақ ұрпақты тәрбиелеу мәселелеріне қатысты ғалымның еңбектерін зерттей отырып, қазіргі педагогика өткенмен байланысты деген қорытындыға келуге болады. Қазіргі заманғы мұғалімдер қолданатын бағдарламалар – өткен ғасырлардағы ойларға негізделіп әзірленеді және зерттеледі.

Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынов-Қазақстандағы психологиялық ой өкілдерінің бірі. Оның ғылыми мақалаларында белсенділік, ақыл, таным, қабілет және басқа психологиялық категориялар сияқты мәселелер қарастырылады. Педагогикалық қызметінің басты мақсаты-өскелең ұрпақты адал және еңбекқор, адал, оның еркіндігіне қарсы тұруға дайын, оның ең жақсы дәстүрлерін дәріптеуге тәрбиелеу.

Біздің қоғамның өзекті мәселелерінің бірі өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдайда өмір сүруге ғана емес, сонымен бірге бар шындыққа белсенді әсер етіп, жоғары интеллектуалды, жан-жақты, заманауи әлемнің кез-келген сын-қатерлеріне дайын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Жеке тұлғаны қалыптастыру-әлеуметтік ортаның, тәрбиенің, оқытудың сыртқы факторлардың әсерінен тұлғаның дамуы мен қалыптасу процесі; тұлғаны немесе оның кез-келген жақтарын, тәрбие мен оқытудың әсерінен қасиеттерді мақсатты дамыту, адамның әлеуметтік қатынастардың субъектісі және объектісі ретінде қалыптасу процесі.

Ахмет Байтұрсыновтың еңбектерінде жеке тұлғаның қалыптасуына ортаның әсері, соның ішінде тәрбие мәселесі ерекше қарастырылған. Тәрбиелеу үдерісінде балалардың психологиялық ерекшеліктерін білу, көңіл-күйін сезіну, балалардың туғаннан бастап денелік және ақыл-ой дамуы туралы білу қажет деп есептеген. Оның еңбектерінде тұлғаның рухани дамуына үлкен орын беріледі, ұлт болашағы ретінде жас ұрпақ үшін қажеттілігі мен маңыздылығы түсіндіріледі, адамгершілік, адалдық және тектілік сияқты қасиеттерді жоғары насихаттайды.

Білім беру мәселелері жөніндегі өзінің барлық еңбектерінде ол тұлғаны оқуға, білім мен өнерді меңгеруге шақырады. Әр жеке тұлғаны әл-ауқаты мен болашағының кепілі деп санай отырып, мәдениетті дамытудың үлкен перспективаларын көрді. Ахмет Байтұрсынов өз халқын сүйді және оның ерекше табиғи қабілеттеріне сенді, өз елін әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарында көруді армандады.

Ахмет Байтұрсыновтың педагогикалық идеялары Қазақстанның бастауыш және орта мектептің, жоғары білім беру жүйесінің дамуына, оқыту мазмұнын, оқыту әдістері мен нысандарын, өскелең ұрпақты рухани – эстетикалық тәрбиелеуді жетілдіруге негіз болды. Өз халқын білімді деп көруді армандаған ғалым «Қазақша оқыту туралы» мақаласында: «Білім алуға ұмтылмаған халық қандай байлыққа ие болса да, біраз уақыттан кейін оның байлығы өркениетті халықтардың қолына өтеді» деп жазады.

Ахмет Байтұрсынов педагогикалық мамандықтың мәні мен ерекшелігіне терең үңіле отырып, «мектеп үшін ең маңыздысы – кәсіби педагогика, әдістемелік тәсілдер, балаларды оқытуды білетін мұғалім» деп жазды. Қазақ халқының ұлы ағартушысының бұл сөздері бүгінгі таңда республикадағы білім беру саласындағы жаңа реформалар кезінде ерекше мәнге ие.

Білікті мұғалімнің рөліне үлкен мән берген ағартушы мектептегі жұмыстың табысы мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты екенін атап өтті. Сондықтан мұғалімді оқу орындарында кәсіби даярлау кезінде мұғалімнің педагогикалық техниканы меңгеруіне, оқушылардың оқу процесін ғылыми негізде жүргізе алуына ерекше назар аудару қажет. Ахмет Байтұрсыновтың барлық педагогикалық қызметі мектептегі оқу процесін жетілдіруге және педагогикалық процесті сауатты ұйымдастыра алатын білікті педагогты даярлауға бағытталған. «Қазақша оқыту туралы» еңбегінде ол мұғалімге қойылатын негізгі талаптарды анықтайды, ол бірінші кезекте жеке әдістемені меңгеруі, және оқу процесінің теориялық негіздерін білуі тиіс. Идея мұғалімдердің әдістемелік және психологиялық-педагогикалық дайындығында жатыр, өйткені балаларды оқытумен айналысатын адамдар әдістеме мәселелерін жақсы білуі керек.

Қоғам қайраткері қазақ мектептерінің мұғалімдерін жетілдіруге және біліктілігін арттыруға көп күш жұмсады. Мұғалімдердің мәдени өсуі, үйлесімді, жан-жақты дамыған тұлғаны оқыту және тәрбиелеу әдістемесін жетілдіру қажеттілігі мәселелерін жиі көтерді.

Ғалымның хаты өлмейді демекші артында ешпес мұра қалдырған шығармаларының өзіндік ерекшеліктері мысалдары, өлеңдері және мақалаларында көрініс табады. Соның ішінде психолог түсінігіне етене жақын педагог ұғымы туралы мақалаларында көптеп сөз қозғалады. Педагог баланың жеке тұлғасын жақын сезіне білуі тиіс. Мысалы: «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері» атты мақалаларында баланы оқытуда оның тұлғасын жақсы білуі, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам болуы керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек. Мұндай мақалаларды жазуынан ғалымның өзі де педагог-психолог болды және балалардың психологиясын жақсы білді деген қорытындыға келуге болады. Сонымен қатар бұл жерден ол кісінің психологияны білуге жоғары мән бергендігі аңғарылады. Ол туған халықының білім-ғылымға ұмтылуын әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады.

Ахмет Байтұрсынов И.А.Қрыловтың мысалдарын аудару мақсаты-балаларды оқуға ынталандыру болып табылады. Элеуметтік психологияға мән беріп, жеке тұлғаға психологиялық әсер ету құралдарын білген. Әрбір ақын, жазушы сияқты адамдарға, көпшілікке, халыққа сөздің құдіретті күшін пайдаланып, санасын оятып, жүрегін тебіріктіп т.б. сезімдерге бөлеп әсер ете алған. Өлеңдерімен, шығармаларымен т.б. туындыларымен халыққа оқу-ағарту жұмысын жүргізіп, рухтандырды.

Мысалдары жеңіл тілмен, түсінікті жазылған, кейіпкерлері ретінде жануарларды алғандықтан қызығырақ және жеңіл қабылданады. Бірақ мысал көбінесе ертегі іспеттес қуанышты аяқталмайды, өмірді шынайы тұрғыдан көрсетіп, ғибрат сөздермен аяқталады. Мысалдардың басты кейіпкерлері көбінесе жануарларды пайдаланып, адамның мінезін ашып көрсету үшін типтік бейнелер ретінде көрсеткен. Мысалдар қысқа болса да нұсқа, яғни іс-әрекеттерінен кейіпкерлердің образдары ашылып, жалпылама мінез-құлықтарын көруге болады. Арамдық, еріншектік, ақымақтық, жауыздық т.б. көбінесе адамдарда жиі кездесетін жаман мінездердерді сынап көрсеткен. Мысалды күрделі болса да тез қабылдануы үшін өлеңмен аударған. Ондағы басты мақсаты - балаларды тәрбиелеу, санасына адамгершілік туралы ұғымдарды біртіндеп сіңіре беру. Сонымен қатар, бұл саладағы жемісті еңбектерінен көрнекті ақынның халықтың менталитетін, халықтың психологиясын қаншалықты жақсы білгендігін аңғара аламыз. Себебі, халқымыздың өзіндік ерекшеліктері мен түсініктеріне бейімдеп аударған. Бұлардан ғалымның балалар психологиясын ғана емес, жалпы халықтың өзіндік таным түсінігін білу керектігін жақтайтындығын түсінуге болады.

Қазақ халқының білім беру мәселелерін баяндайтын өзінің барлық еңбектерінде белгілі педагог және әділдік үшін күрескер халықты білімге ұмтылуға, өнер мен мәдениетті игеруге шақырды. Жеке тұлғаның рухани даму қажеттілігін түсіндірді, адамгершілікті сақтауға, халықтың мәдени әл-ауқатының өсуі, қазақ тілінің, оның әдебиетінің, ұлттық салт-дәстүрлерінің өркендеуі мен дамуы шарты ретінде адами құндылықтарды сақтауға шақырды. Оның бұл үндеуінде өз халқына, оның болашағына деген зор махаббат пен жанашырлық сезіледі. Әдістемеге, қазақ тілі мен әдебиетіне, психология және өнер саласындағы ілімдеріне сүйенсе отырып, руханият пен имандылық, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі іске асыру идеяларымен қаныққан Ахмет Байтұрсынов идеялары рухында тәрбиеленген жас ұрпақ міндетті түрде қазіргі әлемде елдің білім беру жүйесінде жаһандық өзгерістерді жүзеге асыратын прогрессивті жастардың ұрпағы болатындығы даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы [Электронный ресурс]: он томдық/ құраст.: С.Қ. Қалиев, К. Қ. Аюбай. 1-ші т. Алматы: Сөздік-Словарь, 2012

2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының негізін қалаушы // Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықар. ғыл.-теор. конф. материалдары / Жауапты редакциясын басқарған – Е.Қажыбек, Ж.Сейдуманов. – Алматы: Елтаным баспасы, 2017. – 396 бет.

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІ**

А.К.Каршалова

Қарағанды қаласының №40 негізгі орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
akmaral-160186@mail.ru

А. Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінің маңызы туралы айтылады. А. Байтұрсынұлының "Әліпби мен" Оқу құралы" тұңғыш әліппеміз болса, сол кездегі білім беру жүйесіне қажет құндылықтарға айналған.

О значении научных трудов Ахмета Байтурсынова. А. Байтурсынов - основатель "Алфавита", "Учебное пособие" ставший необходимым для системы образования в то время.

The importance of A. Baitursynuly's scientific works is noted. A. Baitursynuly's "Alphabet and" textbook " became the first alphabet, then necessary for the education system.

*...Басқадан кем болмас үшін, біз
білімді, бай һәм күшті болуымыз керек.
Білімді болуға оқу керек.
Бай болуға кәсіп керек.
Күшті болуға бірлік керек.
Осы керектің жолында жұмыс істеу керек.*

Бүгінгі таңда қазақ тіл білімі инновациялық бағыттар тұрғысынан қарастырылуына байланысты көптеген ұстаным - түсініктер жаңа қырынан зерттеле бастады. Бұл орайда көбінесе жаңа, тың дүниені шетел тәжірибесімен, шетелдің озық үлгісімен байланыстыру әдетке айналған. Сол себепті когнитивті лингвистика, функционалды лингвистика, коммуникативті грамматика т.с.с бағыттарды сипаттауда жалпы тіл біліміндегі зерттеуші-ғалымдардың еңбектерін негізге аламыз. Шын мәнінде, қазіргі қазақ тіл біліміндегі инновациялық парадигмалар, жаңа бағыттар Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде жан-жақты сипатталғанын көруге болады. Ғалым зерттеулерінде тіл мен сана, тіл мен таным, тілдік сана, ұғым, концептуалдау, категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с мәселелер жан-жақты сөз болған. Мәселен, А.Байтұрсынұлы сөз өнері адам санасының үш негізіне 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге тірелетінін айта келіп, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін көрсетеді (Ақыл ісі -аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі - меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі – түю, толғау) де: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдығанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жараяу», -деп қорытады. Яғни, ғылым тілді (сөз өнерін) сана, тілдік сана, таным тұрғысынан сипаттайды. Сонымен қатар ғалым көрнек өнерінің бес түрін (сәулет өнері, сымбат өнері, сүгіреттеп көрсету өнері, әуез өнері, сөз өнері) көрсетіп: «Өнердің ең алды сөз өнері саналады. «Өнер алды қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан.Алдыңғы өнердің бәрінің қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», -дейді. Осы бір шағын мәтінде ғалым концептуалды мазмұнды тілдің көмегінің сипаттау мүмкін еместігін, санадағы құбылыстарды тіл ғана бейнелей алатынын ескертеді.

Бүгінгі таңда қолданып жүрген шетелдік атаулардың орнына А.Байтұрсынұлы түсінікті де ыңғайлы қазақы атауларды пайдаланған. Сол себепті бұл атауды ғылыми айналымға енгізу қажет. А. Байтұрсынұлы: «...Қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді сөйлем ішіне орын -орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз», - деген еді. Расында да, қазақша сөйлеушілердің бәрін бірдей қазақша дұрыс сөйлеп тұр деп қабылдай беруге болмайды. А.Байтұрсынұлы шығарма сөзінің өңді, ұнамды болуы үшін сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнекілігі сияқты шарттардың ескерілуі қажеттігін айта келіп, сөз дұрыстығы үшін:

- 1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;
- 2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;
- 3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру» керектігін көрсетеді.

Ғалым ұстанымдары терминжасамда негізгі бағдар болуға тиіс.

А.Байтұрсынұлы лексикалық бірліктердің белгілері мен өзара байланысын ескере отырып, сөз таптарын белгілі бір грамматикалық топқа жатқызған. Сөз таптары - адамның таным әрекеті арқылы

айналасын категориялау негізінде қалыптасады. Сондай-ақ сөз таптарын табиғи категория ретінде қарастыруда адамның сан ғасырлық тәжірибесін түйсіну, оны тілдік құралдармен объективтендіруге негізделген когнитивті қабілеті көрініс табады. Ғалым еңбектерінде «зат есім» метоконцепті «нәрсе» концепті тұрғысынан айқындалған. Зат есімге берген анықтамасында ғалым: «Сөздің кейбіреуі нәрсенің өзің атайды», - дейді. А. Байтұрсынұлы зат есім мен сын есімнің айырмашылығы ретінде зат есім нәрсені атаса, сын есім нәрсенің сынын білдіретінін айтады. Ғалым зат есім мен сын есімді жіктеуде жалпы грамматика, түсінік, ұғым сияқты логикалық категория қадидаттарын негізге алған. Бұл ғалымның сан есім, есімдік, етістіктерге берілген анықтамаларында да айқын көрініс тапқан. Еңбектерін шәкірт балаларға арнағандықтан, ғалым тіл білімінің негізгі ұғымдарын түсінікті тілмен жеткізуге тырысқан. «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) деген жалпы атауы болғанмен, оларды тарауларға жіктеуде фонетика «дыбыс жүйесі мен түрлері», морфология «сөз жүйесі мен түрлері», синтаксис «сөйлем жүйесі мен түрлері» деп берілген. Яғни, тұтастай алғанда, тіл жүйе ретінде сипатталып, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі айқындалған. Ғалым оқулық түзуде әдістер ретінде жекеден жалпыға қарай ойыса отырып, оқушылардың материалды оңай меңгеруін ескерген. Ғалымның ұстанымдарын кейінгі оқулық авторлары да (Т.Шонанов, Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбанов т.с.с) басшылыққа алып, сөз таптарын ажыратуда жеке етеді.

А. Байтұрсынұлы еңбектерін талдау арқылы ғалымның «морфологиялық концепт» деген атауды қолданбаса да, оның табиғатын, өзіндік ерекшелігін терең зерделенгенін байқаймыз. Грамматика мен лексиканың өзара қатысын сипаттай келіп, ғалым тіл жүйесінің негізгі концептуалды құрауыштарын көрсетеді, яғни, олардың грамматикада көрініс тапқан ұғымдар (және концептілер) құралатынын түсінген.

Ғалым еңбектерінде сезімдік және логикалық таным жан - жақты талданады. Сезімдік таным адамның сезім мүшелері арқылы қабылданатынын ескерте келіп, деректі - дерексіз зат есімдерді жіктеуде адамның сезім мүшелерін түгелдей ескереді: «Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі хәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз». А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі адамның сенсорлық қабылдауына қатысты жіктеулері ескеріліп, деректі және дерексіз зат есімдерді топтастыруда сезім мүшелері түгел қамтылуы керек деп ойлаймыз.

А. Байтұрсынұлы еңбектері мен кейінгі оқулықтары өзара салыстыра отырып, ғалымның еңбектерінде көптеген категориялардың басқаша сипатталғанын, бірқатар өзгешеліктер барын байқаймыз. Қазақ тіліндегі жақ категориясының анайы/сыпайы түрге жіктелуі ментальділіктің (ұлттық діл) көрсеткіші бола алады. Бұл туралы А. Байтұрсынұлы былай дейді: «Сыпайлап сөйлегенде, сөйлеуші өзін мен деудің орнына *біз* дейді, тыңдаушыға сен деудің орнына *сіз* дейді, бөгде кісіні ол деудің орнына *ол кісі* дейді. Сондықтан *біз* – I жақ, *сіз* – II жақ, *ол кісі* – III жақ болады». А. Байтұрсынұлы еңбектерін зерделей отырып, ғалымның тәуелдеу мен жіктеуді, ең алдымен, анайы мен сыпайы түрге бөліп алғанын көреміз. Анайы түрін іштей I жақ (мендік), II жақ (сендік), III жақ (бөгделік), сыпайы түрін I жақ (біздік), II жақ (сіздік), III жақ (оларлық) түрінде бөліп алған. А. Байтұрсынұлы еңбектерінде анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ екені айтылады. Қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктерінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес, *сен* есімдігінің көпше түрі *сендер* болғанмен, мен есімдігінің көпше түрі бола алмайды. Ал кейінгі грамматикаларда көрсетіліп жүргендей, *біз, біздер* есімдігіне ауысса, ол сыпайы жіктеуге айналып кетеді. Үндіеуропа тілдерінде, оның ішінде орыс тілінде I жақ көпше түрі (*мы*) *я+не* *я* түрінде жалпылық мәнге ие болғанмен, бұл заңдылық қазақ тіліне сәйкес келмейді. Орыс тілінде *вы* есімдігі қазақ тіліндегі *сендер, сіз, сіздер*, тұлғаларында бірдей қолданылады. Яғни, екінші сөзбен айтқанда, қазақ тіліндегі анайы көпше (*сендер*), сыпайы жекеше (*сіз*) және көпше (*сіздер*) тұлғаларының орнына орыс тілінде бір ғана форма (*вы*) қолданылады. Қазақ тілін зерттеген орыс тілді ғалымдар көбінесе осы тұста орыс тілінің заңдылықтарына түсіп кетіп отырған. Қазақтар арасында болып, олардың сөйлеу мәдениетімен жақын танысқан Н.Ильминский: «Жасы үлкен адам мен жасы кіші адам сөйлескен кезде мен, сен есімдіктері қолданылмайды. Қазақтар сыпайылық сақтап, тыңдаушысын сыйлап мен, сен есімдіктерінің орнына *біз, сіз* есімдіктерін қолданады. Қазақ тіліндегі бұл екі сөзді жекеше, сыпайы түрге жатқызу керек», - дегенмен (Ильминский Н. Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань 1860.С.16) қазақ тіліндегі жіктелу үлгісін беруде орыс тілінің заңдылығына түсіп кеткен. Яғни, анайы сыпайы, жекеше - көпше жіктеу үлгілері өзара шатастырылып, *вы* есімдігінің қазақ тілінде үш түрлі тұлғада көрініс табатынын ескерілмеген. Келтірілген деректер қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін, яғни орыс тіліндегі *мы, вы* тұлғалары қазақ тілінде де сол үлгіде қолданыла алмайтынын көрсетеді. Осыған байланысты қазақ тіліндегі жіктелу жүйесін дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, анайы жіктеу мен сыпайы жіктеуді өзара ажыратып алу керектігі көрінеді. Сонда ғана жіктеу жүйесінің табиғаты толық ашылады.

Қазақ тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде А. Байтұрсынұлы жолымен Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Басымұлы, Байменов, Қасымов сынды ғалымдардың жіктеулерді анайы және сыпайы түрге ажыратқанын көреміз. Алайда кейіннен бұл зерттеушілер назарынан тыс қалып, сыпайы түрі екінші жаққа ғана қатысты сөз бола бастайды. Ондай еңбектердің қатарына І.Кеңесбаев, С. Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н. Сауранбаев, А. Ысқақов, С. Исаев еңбектері мен «Современный казахский язык», «Қазақ тілінің грамматикасы» т.с.с жинақтарды жатқызуға болады. Жіктеуді анайы мен сыпайы түрге сараламаудың нәтижесінде аталған еңбектерінде I жақтағы сыпайы жіктеудің жекеше түрінің орындары ауысып кеткен.

А. Байтұрсынұлының жіктеу табиғатын түсіндіруі мен кейінгі ғалымдардың еңбектерінде сәйкес келмейтін тұстар қазақ тілінде жіктеу ерекшеліктерінің әлі де толық танылып бітпегенін, талас тудыратын тұстарының кездесетінін танытады. Ұлттық дүниетаным мен сөйлеу мәдениетіміздің айнасы іспетті жіктеу мен тәуелдік жалғауларының өзіндік болмысын әлі де зерделей түсу қажеттігі даусыз.

А. Байтұрсынұлы еңбектерінде «сан» мен «шама» онтологиялық категориялары өзара жіктелгенін байқаймыз. Оған ғалымның мына тұжырымдары дәлел бола алады: «Нәрсенің дәл *санын* білуге сұрағанда *неше?* деп сұраймыз. Мәселен: «Неше кісі келеді? - « Үш кісі келеді». Нәрсенің дәл *санын* білуге емес, шамасын ғана білуге сұрағанда *қанша?* деп *сұраймыз*. Мәселен: «Қанша күн жүресің? - «Үш төрт күн жүремін». Ғалымның ойлары кейін М. Балақасевтың еңбектерінде сабақтастық тапқан.

Функционалды грамматика мәселелері орыс тіл білімінде ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана қолға алынып, арнайы зерттеу нысаны болды. Алайда А. Байтұрсынұлы еңбектерінде, яғни ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кездің өзінде-ақ ғалымның функционалды грамматиканың көптеген мәселелерін терең зерделеп, түсінгені байқалады. Ғалым функционалды грамматикаға қатысты қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларды қолданбағанымен, функционалды грамматиканың негізгі ұстанымдарын, функционалды-семантикалық категория, өріс, семантикалық инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген.

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тіл білімін қалыптастырушы ғана емес, тіл біліміндегі жаңа бағыттардың да негізін салушы. Ғалымның есімі ақталған соң еңбектері жинақталып, бірнеше рет басылып шықты. Бұл орайда Р. Сыздықова, Р. Нұрғалиев, М. Мырзахметов, А.Ісімакова, Р. Имаханбет, А.Ойсылбай, т.с.с. зерттеуші-ғалымдардың қызметі ерекше[1.11].

Ахмет Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы, яғни, араб алфавитінің негізінде ұлттық әліппеге реформа жасап, өзгеріс енгізуі, қазақ тіл білімінің терминдерін алғашқы болып қалыптастыруы және оның негізгі салаларын; дыбыс жүйесін (фонетика) сөз жүйесін (морфология) сөйлем жүйесін (грамматика) терендей зерттеп, бірнеше оқулыққа арқау еткен еңбектері өз замандастары тарапынан лайықты бағасын алып қана қоймай, күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

Бізге А. Байтұрсынұлының төменгідей ғылыми еңбектері болғаны мәлім:

1.Тіл құралы, 1-бөлім. Фонетика; 2.Тіл құралы, 2-бөлім Морфология, 3.Тіл құралы 3-бөлім Синтаксис, 4. Әдебиет танытқыш. 5.Баяншы, методикалық жазбалар, 6.Тіл жұмсар, 1.6 Практикалық грамматика; 7.Тіл жұмсар, 2.6 Практикалық грамматика; 8.Оқу құралы (балалар әліппесі) 9.Әліппе; 10.Сауат ашқыш (ересектер әліппесі) Әліппе-астар (әліппеге методикалық нұсқау) 12.Оқу құралы (хрестоматия) (Т.Шонановпен бірге) 13.Ер Сайын; 14. 23 жоқтау;

Жоғарыда келтірілген тізімге назар аударсақ, А. Байтұрсынұлының лингвистикалық еңбектерінде бүгінгі қазақ тілінің теориясының негізі қаланып, бізге үйреншікті категориялар алғаш рет қалыптастырылып, қолданысқа енгізілгені айқын көрінеді. А. Байтұрсынұлының 1914 жылы Орынборда басылып шыққан «Тіл құралы» атты еңбегі төмендегідей тараулардан тұрады:

- 1.Сөз мүшелері
- 2.Қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың харіфтері
- 3.Жазу қағидалары
- 4.Атауыш сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік)
- 5.Шылау сөздер (үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз)

Тарау соңында берілген «Қорытуда» ғалым зерттеудің тоқетерін айтады: «Сөйтіп, сөздер тұлғасына қарай беске бөлінеді: 1) түбір сөз 2) туынды сөз 3) қос сөз, 4) қосалқы сөз, 5) қосымшалар. Сөздер мағынасына қарай тоғыз топқа бөлінеді: 1) зат есім 2) сын есім 3) сан есім 4) есімдік 5) етістік 6) үстеу 7) демеу 8) жалғаулық 9) одағай».

А. Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына нақты мүмкіншіліктер тудырған бірден бір ғалым. «Ана тілі » деген терминді де өзі ұсынғанын біз естен шығармағанымыз жөн. А.Байтұрсынұлының «Әліпбиі» мен «Оқу құралы» тұңғыш әліппеміз болса, бірнеше рет қайта басылуы сол кездегі білім беру жүйесі үшін ауадай қажет құндылықтарға айналғанына көз жеткізеді.

Теоретик А. Байтұрсынұлының таза ғылыми зерттеулерімен шектелмей, күнделікті сұранысты өтейтін оқулықтар жасау арқылы да пайда әкелуге мән беруі, яғни, сол ізденістердің нәтижелерін қолданыстан шықпайтын өміршең оқулықтар арқылы қалың бұқара игілігіне асыруы – білім беру саласындағы тамаша іскерліктің үлгісі.

А. Байтұрсынұлының араб таңбаларын қазақ тілінің фонетикасына сай қолданған жүйелі графикасы 1924 жылы ресми қабылданған. Өзге түркі халықтары (өзбек, татар, т.б) да оны тұңғыш үлгі ретінде қабылдады. Осы орайда ғалым Р.Сыздықованың сөзіне жүгінсек: «А.Байтұрсынов ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ орыс мектептерінде де қолданыла бастаған».

«Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттанудағы әдеби терминдердің басым көпшіліктің баламаларын ойлап тапқан да Ахаң: көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу... - осылардың бәрінің түп тамыры Ахаңда жатыр. Мұхтар Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі» дейтін әлдиінің әдебиет аясындағы бір нақты да

затты көрінісі -осы». «Әдебиет таңытқыштың ең басты бағалылығы - осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы», - дейді академик З.Қабдолов.

М. Бахтиннің «романизация стилия» деген тұжырымымен біз 1970 жылдары таңысып, таң қалып жүрсек, А. Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау ХХ ғасырдың 20 -жылдары түсіндіріп кетіпті. М. Бахтиннің «романдық стиль – повесть, әңгіме мен басқа жанрларға да үстемдік етеді» деген әйгілі қағидасын А. Байтұрсынұлы 1926 жылы Ресей ғалымынан отыз жыл бұрын айтып, дәлелдеп қойған екен.

Ұлтына, еліне, ғылымға, әдебиетке арымен беріліп, оған адал қызмет еткен А. Байтұрсынұлы еңбегінің Қазақ елі тарихында алатын орны айрықша зор екенің 26 жасар замандасы – М.Әуезов былайша тұжырымдапты: «Ақаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңдегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге есіп шалқып жатыр. Бұдан он он бес жыл бұрын:

Алаштың үмбетінің бәрі мәлім,

Кім қалды таразыға тартылмаған, -

деп Ақаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп Ақаңның ғана атын атаймыз.

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер -білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Бұдан артық айта алмаспыз. Бұл ұрпақ бірінің қадірін қадірін бірі біліп, бір бірін сыйлап, бағалай білген. Бұл шынайы иманды тектіліктің үлгісі екені сөзсіз.[2.32]

Біз Ахаңның бейнесін ұлт ұстазы деп қадірлейміз. Шындығында ұстаздан қадірлі кіміміз бар? Ал Ахаң секілді тұтас ұлттың ұстазы атану екенің бірінің қолынан келе бермейтіні рас. Оның биік азаматтық үлгісін кейінгіге ұмыттырмай жеткізу – оралудың басы ғана. Сол оралудың бірі – биыл Ұлттық арна «Ахмет .Ұлт ұстазы» атты сериал түсірді. Ахаң кейпіне жаңа ұрпақ осы сериал арқылы үнілгені деп құрметтің, оралудың негізі шығар. Ахаңның бейнесін сериалда қалдыру арқылы да біраз жастың жүрегінде ұлт ұстазының келбетің қалдырамыз. Өткен ғасыр басында да Ахаң бастаған игі жақсылар ұлттың саны мен сапасы өсуі жолында ғаламат тер төкті. Тер ғана емес, бүгінгі қазақтың аман қалу жолында жанын берді. Ендеше сондай қадірлімізді, аяулымыздың бүгінгі ұрпақ жүрегінде қаншалықты орнықтыра алады?

«Ахмет Байтұрсынұлы өткен ғасырдың басында ұлттық жаңғыртудың басында ұлттық жаңғыруды бастап, оны бір арнаға салушы топтың басында тұрды. Олар бастаған қоғамдық қозғалысты қозғалысты қазір біз «Алаш қозғалысы» деп атап жүрміз. Алаш қозғалысы бұл, біріншіден, ұлт- азаттық қозғалыс, сонымен бірге, екіншіден ұлттық жаңғыру қозғалысы да» - дейді академик Мәмбет Қойгелді.

Ахаңның ұлттық жаңғыру қозғалысы – ұлт болашағының айқын бағдары. [3]

Қазіргі кезде ахметтанудың жаңа сатысы, белесі ашылды деуге болады. Ғалым еңбектерін ретроспективті тұрғыдан ғана емес, жаңа инновациялық парадигмалармен байланыстыра отырып болашақтағы ізденістерге бағыт -бағдар болады. А. Байтұрсынұлы мұралары -қазақ тіл білімі үшін ғана емес, әлемдік тіл білімі үшін де өте маңызды, соны үлес.

А. Байтұрсынұлы тұжырымдарының бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен сәйкес келуі, бір жағынан, ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің қаншалықты құлаштап алға басқанын көрсетсе, екінші жағынан, репрессия зардабынан ғылым дамуының қаншалықты тежегенінде танытса керек.

«Жазған сөз жаным ашып Алашыма» деген өлеңнің жалғыз тармағына сыйғызылған азаматтық ұран Отан алдындағы адалдықтың үлгісін көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлының ғибратты күрес және шығармашылық жолының Темірқазығы болып табылатыны оның кез-келген еңбегінен, тіпті сөйлемінен де аңғарылатыны аян - дейді Айгүл Ісімақова, Филология ғылымдарының докторы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017 ж.- 752 бет.
2. А. Байтұрсынұлы Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том – Алматы Алаш 2003-408 бет.
3. Ана тілі газеті №51-52 23.12.21ж «Ұлт ұстазына оралу».

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІК ІЗГІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ
ЖОЛДАРЫ**

Қайырсапарова И.

Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, магистрант

Ергалиева Г.

п.ғ.к., Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

e-mail: E77ASK@yandex.ru

Аңдатпа. Бүгінгі таңда жас ұрпақты біліммен қамтамасыз еткен уақытта білім көзі қазіргі кезеңнің талабына сай және жергілікті жердің экономикалық саяси дамуын есепке ала отырып берілуді көздейді. Еліміздің көркейіп дамуына бірден-бір үлес қосу үшін бүгінгі ұрпаққа білім беру процессімен бірге ұлттық адамгершілік құндылықтарды сақтай отырып оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру қажет.

Кілт сөздер: білім беру, қарым қатынас, ізгілік, тәрбиелеу, адамгершілік.

Аннотация. Сегодня, в то время, когда образование обеспечивает молодое поколение, источник знаний должен быть передан в соответствии с требованиями современного периода и с учетом экономического политического развития местности. Для того чтобы внести свой вклад в процветающее развитие страны, необходимо совместно с образовательным процессом организовать учебно-воспитательный процесс с сохранением национальных нравственных ценностей.

Ключевые слова: образование, общение, гуманность, воспитание, нравственность.

Annotation. Today, at a time when education provides the younger generation, the source of knowledge should be transferred in accordance with the requirements of the modern period and taking into account the economic and political development of the area. In order to contribute to the prosperous development of the country, it is necessary, together with the educational process, to organize an educational process with the preservation of national moral values.

Keywords: education, communication, humanity, upbringing, morality.

Бұл тұрғыда 2017 жылы Ақордада 12 сәуірде қабылданған мәңгілік ел бағдарламасында «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз еліміз ата-бабаларымыздан қалған ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетімізді, ғасырлар бойы тарихымызда сақталған, қазақтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, тіліміз бен дінімізді, рухани-адамгершілік құндылықтарымызды, ұлттық рухымызды дәріптеу, осы ұлттық құндылықтарымызды өн бойына сіңіре білген, білімді, бәсекеге қабілетті, саналы ұрпақты тәрбиелеу міндетін алға қояды. [1] Бастауыш сынып оқушыларының тұлғасын адамгершілік ізгілікке тәрбиелеу бұл қазіргі қоғам мен өзара әлеуметтік әрекеттесу процесінде жүреді.

Бала өзінің тәртібі мен іс-әрекетін қоғамда қабылданған құндылықтар жүйесіне сәйкестендіріп, үйренеді. Бастауыш сынып оқушыларының қазіргі заманғы құндылықтар мәдениетін қабылдау мен түсінуге деген ішкі дүниесі өте сезімтал келетіндігін ғалым С. И. Федорова өз еңбегінде дәлелдеген.

Адамгершілік ізгілік құндылықтар бүкіл рухани қоғам мәдениетін қамтиды. Адамның маңызды қасиеттерінің бірі ішкі дүниесінің адами ізгілігі мен эстетикалық қажеттілігі-бұл тамаша қажеттілік. Эстетикалық құндылықтар адамдардың сұлулыққа, үйлесімділікке, жетілуге көзқарасын көрсетеді. Эстетикалық құндылықтарды қалыптастыру шындыққа эстетикалық көзқарас негізінде жүзеге асырылады. Ал адамгершілік ізгілік құндылықтар баланы жастайынан қайырымдылыққа, сүйіспеншілікке, мейірімге ішкі құндылыққа бағыттайды. Құндылықтар белгілі бір иерархиялық ұйымдастырылған тәртіп түрінде болады, осы иерархияның басында адамзаттың ең жоғары адамгершілік ізгілік құндылықтары: сенім мен үміт, махаббат, шындық, жақсылық және сұлулық т.б. адамды мәңгілік ақиқатқа жетелейді.

Қазіргі уақытта білім беру білім алушыларға оқу пәндерінің шектеулі тізімі бойынша ғана емес, сонымен қатар болашақта қалыптасатын адамгершілік қасиеттерді, моральдық қасиеттерді, қызметтің мотивтерін қалыптастыру бойынша бағытталуы қажет деп есептейміз. Бұл принцип қазіргі ұрпақтан жаңа өскелең ұрпаққа зияткерлік және адамгершілік ізгілік құндылықтарды қалыптастыруды жүзеге асырады.

Тәрбиенің абсолютті құндылығы- ол бала, ал ғылымда адам "барлық нәрсенің өлшемі" деп қарастырылады. Адам-бұл мақсат, нәтиже және тәрбие сапасын бағалаудың басты өлшемі. Адам санасындағы тәрбие-бұл ізгіліктік, жеке тұлғаға бағытталған процесс.

Бастауыш мектеп баланың өміріндегі маңызды және ерекше кезең болып саналады. Бұл бастауышта оқыту балаларда олардың әлеуметтік дамуындағы түбегейлі өзгерістерді қалыптастырады. Бұл кезеңде ол "қоғамдық" субъектінің ролінде, жалпы бағалана отырып, өз кезегінде әлеуметтік маңызды міндеттерді орындайды. Сондай-ақ, бастауыш мектеп жасындағы балаларда адамдармен қарым-қатынастың жаңа түрі қалыптастырылады.

Оқу іс-әрекетінің басталуы (бірінші сатыларда ойын қызметі сақталады) 6-12 жастағы балалардың қоғамдық сипаты бар, мазмұны бойынша әлеуметтік рөл атқара отырып, яғни саланы кеңейте отырып

баланың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі қоғамдағы қарым-қатынас, таным, тану және өзін-өзі көрсету қажеттілігімен көрсетіледі.

Білім берудің ерекше функциясы-оның мазмұны ол жеке мәдениеттің экологиялық, эстетикалық, экономикалық, құқықтық және оның басқа тараптарының негізгі іргелерін қалайды.

Бірінші сынып оқушыларының негізгі қызметі- бұл психикалық неоплазманы қалыптастыруға бағытталған оқыту. Оған нәтижелілік, міндеттемелерді орындау тән. Л. С. Выготский бұл кезеңді оның болашағын анықтайтын оқушының әлеуметтік рөлі зияткерлік, жеке өсуінің жаңа кезең ретінде қарастырды. Бала мұғалімдермен және құрдастарымен қарым-қатынасты үйреніп жаңа дағдылар қалыптастырып және оны сақтайды. Бастауыш мектеп баласын басқа жастағы балалардан анықтайтын ерекше (6 жасан 11 жасқа дейін): ауызша-логикалық ойлау, еркін семантикалық есте сақтау, ерікті назар, жазбаша сөйлеу, мазмұнын, негіздері мен тәсілдерін талдау, рефлексия жоспарлау және өз бетінше әрекет ету қабілеті. Осының негізінде бастауыш мектеп жасындағы оқу іс-әрекеті жетекші болып табылады. Бұл бізге балалардың психикасының қалыптасуында пайда болатын маңызды өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өзгерістер белгілі жас кезеңіндегі бастауыш сынып оқушыларының дамуындағы ең маңызды жетістіктерін және олардың дамуын қамтамасыз ететін іргетаспен анықталады.

Сондай-ақ, бұл кезең бастауыш сыныптағы оқушының дамуын заттар мен құбылыстар арасындағы қатынастарды жеке тақырыпты талдауға тиімді кезеңді қамтиды. Себебі бұл жас сенімділікпен жоғарыдағыларға бағыну болғандықтан, сезімталдықтың жоғарылауы, әсер ету-фактілер, оқиғалар, бөлшектер оған күшті әсер етеді. 6-8 жас кезеңі-балалар өмірінің ең қиын кезеңдерінің бірі себебі, ол ересектермен қарым-қатынас жүйесіндегі орнын түсінеді және оның негізі болып табылады, қоғамдық маңызы бар және әлеуметтік маңызы бар қоғамдық-бағаланатын қызметті қарастырады. Бұл балаға оның кез келген нәрсеге билігі, әрекеттері жетпейтінін түсінуге мүмкіндік береді. Бастауыш сынып жасында просоциалдық мінез-құлыққа өз көрінісін алып, ол басқа адамның мүдделерін ескерумен бала бойында дами бастайды. Бұндай мінез-құлық қалыптастыру баланың жеке басын дамытуда айтарлықтай маңызды болып келеді. Оның жаңа іскерлік қарым-қатынасы басқаларға да, өзіне де жанашырлық дамуға ықпал етеді. Бұл өзінді басқа балалардың жетістіктерімен, мінез-құлқымен салыстыру қажеттілігі. Жекелеген оқу пәндерін өмір құбылыстарын пәнаралық зерттеуді меңгеруден басталып оқу пәндеріне ауысу жүреді. Егер мұғалім баланың жеке қасиеттерін қабылдап баланың дамуына жүзеге асыруға көмектесе, әр баланың қабілеттеріне сеніп, әр оқушының дағдыларына құрметпен қарап, қиыншылықтар мен жағымсыз көзқарастарға төтеп беру арқылы баламен қарым-қатынасын нығайтып, балаға бір нәрсе керек болса көмектесе, онда балалар өздеріне сүйіспеншілікпен қарап, бойларында қалыптасқан адамгершілік қасиеттерін бағалайды. Баланың мұндай тәрбиесі қоршаған адамдарға деген көзқарасына оң нәтиже береді. Атап өтетін маңызды факт, бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік ізгілік құндылықтарын қалыптастыруға адами фактор ғана әсер етпейді. Қарастырылып отырған процестің сәттілігі моральдық мазмұнды есепке алуды қамтамасыз етуі қажет. Білім оқушының ойлау қабілеті мен санасын ізгілікке жетелеуі тиіс. Оның маңызды міндеттерінің бірі-баланың әлемге деген көзқарасын, баланың позициясын, азаматтық құндылықтарды қамтитын құндылықтар жүйесін қалыптастыратын дүниетанымнан бастау алу керек. Бастауыш сынып жасы баланы адам ретінде сипаттап, тиімді қарым-қатынасты белсенді қолдану қызметін игертеді. Бұл кезең достық қарым-қатынастың пайда болып, олардың арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, дамытумен сипат алады. Мұндай қарым-қатынас дағдыларын игерту әлеуметтік маңызды және оқушының осы кезеңдегі дамуының маңызды шарты. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілік бағдарларын қалыптастыруда осы жасқа объективті де, субъективті де факторлар әсер етеді. Бірінші топқа мекеменің материалдық-техникалық базасы кіреді, білім беру, адамның айналасында болып жатқан оқиғалар; субъективті факторларға бұрын қалыптасқан баланың ерекшеліктері, олардың қасиеттері мен мотивтерінің жиынтығы сияқты психофизикалық факторлар жатады. Мұғалімдер оқушылардың бойындағы жеке тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу процестерін, қоғамдағы адамгершілік құндылықтарды қабылдау және қолдану процестерін ұйымдастыру ретінде қолданады. Әр балаға оның тұлғалық салауатты қалыптасу процесін басқаратын тәлімгер қажет. Нәтижесінде біз толық қалыптасқан тұлға аламыз. Мұндай тәлімгерлер ретінде жеке тұлға ретінде қалыптасқан ересек адамды аламыз. Біздің сөздерімізді осы дәйексөзбен растаймыз: "адамның ішіндегі адам әрқашан басқа адам". Бала мектепке барған кезде, ең алдымен, оның басқа адамдармен қарым-қатынасын өзгертеді. Бірінші сынып оқушысында қарым-қатынас мұғалім-оқушы ғана емес, оқушы-мұғалім ретінде де жүреді. Оқушы осы кезеңде сыныптастарына қарағанда мұғалімге көбірек қызығушылық танытады. Мұғалім жоғары беделге ие болады. Бірнеше жылдан кейін бұл жағдай өзгереді. Себебі біртіндеп басқа оқушылармен қарым-қатынас нығайтып, мұғалімнің маңыздылығы азаяды. Бұл қызығушылық болашақта біртіндеп артып отырады. Неге бұлай болады? Қарым-қатынас жаңа мотивтерге ие болып (мүдделерді) алады, әңгімелері, қызығушылықтары өзгереді. Бұл кезеңде бастауыш сынып оқушысының ішкі ұстанымы қалыптасып, оқушы осылайша өзін-өзі танудың жаңа сатысына көтеріледі. Бала саналы түрде өзіне, қоршаған ортаға, оқиғалар мен істерге қатысты ішкі адамгершілік ізгілік ұстанымы қалыптасқан кезде басталады. Бастауыш сынып оқушысының ішкі ізгілік ұстанымдары қалыптасты деп ол сол ішкі ұстанымдарды моральдық нормалардың ішкі жүйесіне сай ұстанған кезде ғана айтуға болады.

Бала туылғаннан бастап өмірлік тәжірибені қалыптастыратын және болашақта басшылық беретін іс-әрекеттердің бағдарлары мен негізін құратын құндылықтарды көреді және есте сақтайды. В. Я. Ядов жеке тұлғаның құндылық бағдарларының негізі адамды сыртқы әлеммен таныстыру процесінде қалыптасатын құндылықтар жүйесі деп санайды. Ол қазір қоғамда бар құндылықтарды түсіну, оларды қабылдау және сіңіру құндылық бағдарларын қалыптастырды деген позицияны ұстанады.

Позиция-бұл бағалауда және өзін-өзі бағалауда, талдауда жүзеге асатын субъективті білім. Қоршаған қоғамда қайталанатын шындық, адамгершілік жән мінез-құлық нормалары тұрақтылық позицияларының принциптері мен көзқарастарын қалыптастырады. Оқушылардың адамгершілік ізгілік құндылық бағдарларын қалыптастыру үшін маңызды аспектке ие:

- қоғамның қазіргі кезеңінде қоғамдық-экономикалық дамуының көп жақтылығына;
- мектепте жүзеге асырылатын әр түрлі іс-шараларға
- оқыту-тәрбие процесіне - оқушылардың әлеуметтік құнды ізгілік дағдыларын қалыптастыруға.

Н.А. Асташова зерттеулерінде, оқушылардың ізгілік құндылық бағдарларын қалыптастыруда толық циклдік процесс келесі кезеңдерді қамтиды:

- білім алушыға ізгілік құндылықтарды түсіндіру;
- тұлғаның ізгілік бағыт-бағдарларды түсінуі;
- ізгілік бағдарын білу;
- ізгілік бағыт-бағдарларын қызмет пен мінез-құлықта қолдану;
- тұлға және тұлға бағдарындағы ізгілік бағдарын бекіту оны жеке сапа мәртебесіне жеткізу;
- әлеуетті ізгілендіру (құндылық бағдарын өзектендіру, педагогтың немесе ата-ананың жеке басының қасиеттерінен тұрады).

Кесте 1

Бастауыш сынып оқушыларының бойына адамгершілік ізгілікке тәрбиелеудегі оқу-тақырыптық іс-шараларды жоспарлау

Атауы	Іс-шаралар мақсаты	Негізгі адамгершілік ізгілік құндылықтар	Өткізу нысаны
Адамға ізгілік көзқарас қатынасын қалыптастыру			
"Мен және менің сыныптастарым".	Сыныптастарына құрметпен және мейірімділікпен қарауды қалыптастыру	Мейірімділік, Ынтымақтас-тыққа дайындық	Бірлескен қызметте күш біріктіруге арналған әңгіме және ойындар
"Ана Күні", "Отбасы күні"	Жақын адамдарға құрметпен қарауды қалыптастыру	Отбасылық қатынастардың негізі ретінде махаббат, қамқорлық, көңіл бөлу	Жақын адамдарға сыйлық жасау үшін көркем шығармашылық қызметі бар сыныптан тыс іс-шара.
"Сыпайылық әліпшесі"	Күнделікті өмірде мәдениет деңгейін арттыру, адамдарға мейірімді қарым-қатынасты тәрбиелеу	Жақсылық, риясыздық.	Әлеуметтік өмірдің этикасы мен нормаларын бұзатын немесе қалыпқа келтіретін өмірлік жағдайларды талқылайтын диалог түріндегі сынып сағаты.
"Достық. Бұл не?«	Достыққа ізгі құндылық қатынасын қалыптастыру	Шынайылық, бірауыздылық, өзара көмек, риясыздық.	"Менің ең жақын досым"ток-шоу түріндегі сынып сағаты.
"Менің коллекциям"	Сыныптастарының қызығушылықтарына құрметпен қарауды қалыптастыру	Танымдық қызығушылық, өзін-өзі көрсету, өзіне және басқаларға эмоционалды жағымды көзқарас.	Жеке коллекцилар туралы презентация түріндегі сыныптан тыс іс-шара.
Өмірге ізгі қарым қатынасын қалыптастыру			
Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны "Менің досым немесе жауым?«	Білім беру процесінде мәдениет деңгейін арттыру	Ақпараттық мәдениет пен құндылық қатынасын қалыптастырудың психологиялық және физикалық денсаулыққа қатынасы	Әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік ережелері туралы әңгіме түріндегі сынып сағаты

"Таңғажайып әлем Жануарлар!», "Үйдің иесі кім?»	Жабайы табиғатқа ізгіліктік көзқарас қатынасын қалыптастыру.	Мейірімділік, жауапкершілік, көмек, риясыздық	Жануарлар әлемі туралы презентация мен үй жануарлары туралы бейнероликтен құралған әңгіме түріндегі сыныптан тыс іс-шара
"Қалай экологиялық өмір сүруге болады?».	Экожүйеде адам өміріне ізгі қатынасын қалыптастыру	Денсаулық, қауіпсіздік.	Ата-ана мен баланың презентация түріндегі біріккен жобасының сыныптан тыс іс-шарасы
Қоғамға ізгілік қарым-қатынасын қалыптастыру			
"Менің отбасымның батырлары-менің елімнің батырлары!»	Өз Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру	Отанға деген сүйіспеншілік, отбасы дәстүрлеріне адамгершілік ізгілік құндылықтарды құрметтеу	Ата-аналармен бірге дәстүрлер, аңыздар, батырлар және отбасы тағдыры туралы әңгіме түрінде өтілетін сыныптан тыс іс-шара
"Кітап неден басталады?»	Кітапқа білім көзі ретінде құндылық қатынасын қалыптастыру	Білімнің Мәдени мұра ретіндегі құндылығы	Кітап еліне саяхат түріндегі сынып сағаты
"Менің туған қалам"	Мәдени мұраға құндылық қатынасын қалыптастыру	Туып өскен қаламызға деген сүйіспеншілік	Өзінің туған қаласындағы сүйікті жерлеріне бейне экскурсия түріндегі сыныптан тыс іс-шара
"Білім - өмір шырағы!»	Білімге құндылық қатынасын қалыптастыру	Таным процесіне құндылық қатынасы.	Оқу, білім, ғылым туралы мақал-мәтелдер оқу байқауы түріндегі сыныптан тыс іс-шара.
"Барлық аналар қажет, барлық аналар маңызды!»	Аналарға ізгі құрметпен қарауды қалыптастыру	Еңбекке құндылықты қатынасты қалыптастыру	Түрлі мамандық өкілдерінің аналарымен сыныптан тыс бірлескен іс-шара.

Оқу-тақырыптық жоспарлауда біз бастауыш сынып оқушыларында ізгілік қарым-қатынас құндылық бағдарларын қалыптастырудың жоғарыда тұжырымдалған педагогикалық шарттарын ескердік, педагогикалық практика процесінде іс-шаралар мен сынып сағаттарын өткіздік.

Н.В.Кулешова бейімдеген "не жақсы, не жаман" әдісінің міндеті-балалардың адамгершілік идеяларын анықтауға арналғандықтан әдістемені өз зерттеулерімізде негізге алдық. Әдіс фронтальды сауалнама түрінде жүзеге асырылды, оның барысында іс-әрекеттер мен жағдайлардың моральдық мазмұны ерекшеленді. Оқушылар нұсқаулық алды, онда оларға келесі сұрақтар қойылды: "өмірлік тәжірибесіне сүйеніп отырып, сауалнаманың сұрақтарына жауап беру". "Жақсы деген не және жаман деген не" сауалнамасының сұрақтары балалардың қоғамдағы әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық ережелерін игеруін анықтауға, басқа адамдарға қатысты ізгі іс-әрекеттердің саналығын, қоршаған өмірдің объектілері мен құбылыстарына құндылық қатынасын анықтауға мүмкіндік беретін әлеуметтік жағдайлар анықталды. Біз сауалнамада сұрақтарды (жағдайларды) анықтадық және оларды негізгі (абсолютті) ізгі ішкі рухани құндылықтармен байланыстырдық, олардың берілу немесе қабылданбау дәрежесі ұсынылған жағдайларды шешу нәтижесінде көрініс тапты.

Рухани ізгі тұлғаның негізін, басқа адамдардың адамгершілік қасиетін көріп, өз-өзіне қандай құрметпен қарасан басқа адамдарға да дәл сондай құрмет танытып, жақынындай көруінді құрайды. Бұл рухани құндылық басқа адамдарға құрмет пен қамқорлықта көрінеді.

Сауалнамада ол келесі сұрақтармен ұсынылды:

- Сіз үлкен адамға немесе әйел адамға автобуста жиі орын бересіз бе?

- Егер сіз мектеп асханасында тамақтану кезінде сорпа төгіп, немесе үстелге нан қиқимын шашып тастасаңыз, не істейсіз?

- Егер сенің досың көшеде жерге кәмпиттің қағазын шашып тастағанын көрсең не істейсің?

- Сіз мектепке жиі лас киіммен келесіз бе?

Адамның рухани ізгі жетілуінің көрсеткіші-адамдармен және өзімен қарым-қатынастағы адалдығы. Бұл жалпы адамға қарым-қатынасының құндылығын көрсетеді. Адалдыққа жақын және алыс адамдарға, беделді немесе беделді емес адамдарға деп таңдайтын көзқарас тән емес. Адалдық-кез-келген өмірлік жағдайдағы адамның шыншылдығының абсолютті өлшемі. Осыған байланысты біз оқушыларға келесі жағдайды шешуді ұсынуға ерекше қызығушылық таныттық:

- Егер сіздің досыңыз немесе құрбыңыз мұғалімнің затын бүлдіріп, оны жасырса, не істейсіз?

Басқа адамға көмектесу адамның рухани болмысының көрінісі болып табылады. Ол оны кеңпейіл, мейірімді, жақсылық ойлайтын, жанашыр адам ретінде сипаттайды. Біз балалармен тәрбиелік іс-шараларда достық туралы және осы қарым-қатынастың ерекшеліктері туралы жиі әңгімелестік. Осыған байланысты балаларға сұрақтар ұсынылды:

- Сіз достарыңызға (құрбыларыңызға) жиі көмек көрсетесіз бе?

Бұл сұрақтар бастауыш сынып оқушыларының моральдық идеяларының қалыптасу деңгейін анықтауға және осы идеялардың құндылықтарды таңдауда, төменде тоқталатын "Сиқыршыдан сұра" әдісінен алынған маңыздылық деңгейіне сәйкес бөлінетіндігін тексеруге мүмкіндік берді.

"Сиқыршыдан сұра" әдістемесі (авторы А. Д. Чаплиева)

Оқушыларға нұсқаулық беріледі: "сіз сиқыршымен таныстым деп елестетіңіз. Оның тілектерді орындайтын таяқшасы бар. Сиқыршы сіз үшін 5 арман орындалады деп уәде берді.

Бірақ сиқыршы сіздің тілектеріңізді дұрыс түсінбей қалуы мүмкін деген қорқыныш бар, сондықтан сіз оған әр тілегіңізді егжей-тегжейлі түсіндіруіңіз керек.

"Не жақсы және не жаман" әдістемесі бойынша диагностика нәтижелері

Адамгершілік деңгейінің көрсеткіштері	Оқушылар саны	жалпы санынан % - бен
Жоғары (12-16 балл)	2	10
Орта (6-11 балл)	17	85
Төмен (0-5 балл)	1	5

Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік ізгілік идеяларын қалыптастыру критерийлері:


Жоғары адамгершілік ізгілік түсінік деңгейі қалыптасқан бастауыш сынып оқушысы: баланың нақты адамгершілік ізгілік бағдарлары қалыптасқан және ол оны сақтайды

Орта адамгершілік ізгілік түсінік деңгейі қалыптасқан бастауыш сынып оқушысы: бала адамгершілік ізгілік нормалары жайлы біледі, бірақ оны әркез сақтамайды.

Төмен адамгершілік ізгілік түсінік деңгейі қалыптасқан бастауыш сынып оқушысы: баланың нақты моральдық түсінігі қалыптаспаған. Әлеуметтік мінез-құлық әдісін дұрыс таңдай алмайды

№	1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	2	1	2	2	2	1	0	2	12
2	1	2	2	2	1	2	2	0	12
3	2	2	0	1	2	2	0	2	11
4	2	0	0	2	1	2	2	2	11
5	1	0	2	2	1	2	1	2	11
6	2	1	1	2	1	2	1	2	11
7	2	1	0	2	2	1	1	2	10
8	2	2	1	0	0	0	2	1	10
9	2	2	0	1	1	2	2	1	9
10	2	0	2	0	0	0	2	2	9
11	2	0	1	0	2	1	2	2	9
12	1	2	0	1	2	0	0	1	9
13	2	1	0	1	1	2	2	0	9
14	2	2	0	2	0	2	1	1	9
15	0	2	1	1	2	1	1	0	8
16	0	1	1	1	0	1	2	2	7
17	1	0	2	0	1	0	0	2	6
18	0	2	1	1	2	0	0	0	6
19	0	0	0	1	2	0	0	1	6
20	0	0	2	0	0	2	0	2	5

Түсінікті болу үшін біз 1-суретте диагноздың нәтижелері "не жақсы және не жаман" көрсетілген диаграмманы жасадық.



Сурет 1. Әдістеме бойынша бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік ізгілік бағдарларын диагностикалау нәтижелері

Н. В. Кулешованың адамгершілік ізгілік идеяларының деңгейіне бейімделген "не жақсы және не жаман" әдістемесі

Осылайша, біз 2-сынып оқушыларының тек 10%-ы моральдық идеялардың жоғары деңгейін, 85%-ы орташа және 5%-ы төмен екенін көреміз. Білім алушылардың адамгершілік ізгілік көріністеріне сауалнама жүргізудің осы стандартталған әдістемесі балалардың көпшілігі адамгершілік ізгілік көріністерінің қалыптасуының орташа деңгейінде екенін көрсетті. Бұл адамдарға құрмет, адалдық, шыншылдық, көмек сияқты рухани құндылықтар адамның белсенділігін реттейтін абсолютті құндылықтар емес екенін білдіреді.

Эксперименттік жұмыс нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәрбиелілігінің қалыптасуында халықтық педагогика құралдарының ерекше мәнге ие болатындығын көрсетті. Ең бастысы, әрбір оқушыны табысты іс-әрекетке жеткізу үшін мұғалімнің өзі іс-әрекетін табысқа жететіндей құра білу керек. Оқушыларға дұрыс тұлғалық қатынас жасау, әрбір тәрбие жұмыстарын ізгілендіру қағидаларына негізінде құру, жүйелілікті басшылыққа алу принциптері мұғалімнің бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру тиімділігін қамтамасыз етеді. Әрине, бұл жерде материалдық, әдістемелік, психологиялық жағдайлар да негізге алынуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Егеменді Қазақстан» жалпы ұлттық республикалық газет №70 (29051), 12 сәуір 2017 жыл
2. Федорова С. И. Проблема ценностного отношения в теории и практике в педагогической науке. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-tsennostnogo-otnosheniya-v-teorii-ipraktike-v-pedagogicheskoy-nauke> (дата обращения: 2.12.2019).
3. Асташова Н. А. Концептуальные основы педагогической аксиологии / Н.А. Асташова. - М. : Педагогика, 2002. - С. 8-13.
4. Чиплиева, А. Д. Содержание ценностных ориентаций детей младшего школьного возраста // Наука, образование и культура. - 2016. - № 12 (15). С. 101-103. - URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=27724379&> (дата обращения: 18.12.2019)

«ҚАБУСНАМА» ТУЫНДЫСЫ: ЗЕРТТЕЛУІ, ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ,
ТӘРБИЕЛІК-ТАҒЫЛЫМДЫҚ МӘНІ

А.С.Қыдыршаев,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

Е.Н.Қуандықов,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

Р.К.Каримуллина,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

М.М.Мәлікова,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

А.Ғ.Аманова,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

Ш.М.Кондудаева,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

Түйіндеме. Мақалада «Қабуснама» сынды педагогикалық туынды зерделену нысанына алынып, еңбектегі педагогикалық құндылықтар жүйесі таразыланып, тәрбиелік-тағылымдық мән-маңызы сараланады.

Резюме. В статье рассматривается предмет изучения педагогического произведения «Кабуснама», взвешивается система педагогических ценностей в труде, дифференцируется воспитательно-воспитательное значение.

Resume. The article examines the subject of studying such a pedagogical work as "Kabusnama", weighs the system of pedagogical values in work, differentiates the educational and educational significance.

Тірек сөздер: Қабуснама, У.Қайқауыс, ортағасыр, педагогикалық идея, педагогика, психология, афоризм.

Ключевые слова: Кабуснама, У. Кайқауыс, средневековье, педагогическая идея, педагогика, психология, афоризм.

Key words: Kabusnama, U. Kaikauys, the Middle Ages, pedagogical idea, pedagogy, psychology, aphorisms.

Бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау. Осы мәселені шешуде, тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен адамгершілік сапаларын жетілдіруде, тарихи-мәдени мұраларды, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты құрметтеуде, елдің қарқынды дамуына ықпал етуге бағытталған ортағасырлық тағылымдық туындыларды пайдалану маңызды рөл атқармақ [1;2;3;4;5]. Қазіргі қоғамда жастарды ортағасыр мұралары негізінде тәрбиелеудің маңызды бірқатар себептерін атауға болар еді. Бұл саптан жас ұрпақтың ақпараттану деңгейінің өсе түсуін, жастардың аға ұрпақтың үлесіне тиген халықтық тәрбие мектебінен өтпеуін; демократияландыру мен жаһандану жүйесінің пайда болуы жастардың ұлттық тәрбиесінің маңызын арттыруда тарихи-мәдени мұралардың мәнін түсінуінде қиындықтардың туындауын атар едік [6;7;8;10;11;12].

Батыс Еуропа елдерінен енген оқу-тәрбие әдістерінің Қазақстан жағдайына бейімделуі орынды десек те, дамыған үйлесімді тұлға тәрбиелеу ісінде өткен ғасыр ойшылдары мұраларының маңызын жоққа шығара алмаймыз. Себебі *ортағасыр туындылары* – жаңа ұрпақ тұлғасына табиғи, жүйелі, көп деңгейлі ықпал етуге, ділдің тиісті түріне бағытталған тұнған тұрақты құндылықтар. Мәселен, архаикалық дәуірдің барлық ұлы өркениеттерінің педагогикалық жүйелері ғасырлар бойғы халықтық дәстүрлерден жинақталып құрылуы кездейсоқ емес (*Гректің «Платон заңдары», Үндінің «Ману заңдары», Қытайдың «Сяо трактаты», т.б.*). Мұндай өнегелік дәстүрлер сабақтастығы түркі халықтарында да бар (*Ә.Фирдауси «Шахнамесі», Н.Хысрау «Насихатнама», Ж.Баласағұндың «Құтты білігі», т.б.*). Не болмаса, XI ғ. жазылған халықтық туынды *«Қабуснама»* да осындай құндылықтар сапында [10;11]. Демек, тарихи мұралар туралы жастардың түсінігі, өзіндік ұстанымдары дұрыс қалыптасуы үшін халықтық дәстүрде тәрбиелеуді жаңа сапалы деңгейде іске асыру мен болашақ педагог мамандар даярлау үдерісінде ортағасырлық ойшылдардың еңбектерін пайдалану мәселесінің қазіргі теориялық негіздерін жасау қажеттілігі туындары даусыз.

Әрбір қоғам өз дамуында зиялы тұлғалардың педагогикалық ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, заманауи талаптарға сай жетілдіріп пайдаланып отырған. Ұлы Дала ойшылдары әл-Фараби, ибн Сина, М.Қашқари, У.Қайқауыс, Ж.Баласағұни сынды ғұламалардың педагогикалық идеялары – келешек ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу тірегі [13;14;15;16;17;18;19;20]. Бұл дәстүр XIX ғасыр ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардан бастап, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов сынды Алаштың рухани көсемдерінің педагогикалық ойларымен ұласып, ұлттық тәрбие құндылықтарын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етті

[21;22;23]. Десек те, зерттеу нәтижелері педагогтерді даярлау үдерісінде халықтық педагогика құралдарының бірі – ортағасырлық Шығыс ойшылдарының даналық идеяларын пайдалану мәселесі жеткіліксіз екенін аңғартады. Мәселен, орта ғасыр ойшылдарының тәлімдік идеяларының қалыптасуы мен даму тарихын және оларды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану мәселесі бойынша зерттеулерде отандық педагогика, психология ғылымдары саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізілді десек те, аталған ғылыми еңбектер сапынан «Қабуснамаға» қатысты арнайы зерттеуді ұшырата алмаймыз. Бұл У.Кайқауыс еңбегі мүлдем зерттелмеді деген де сөз емес. Шығыс пен Батыста «Қабуснама» ғалымдар назарын өзіне ертеден-ақ аударған. У.Кайқауыс ілімінің жекелеген қырлары көптеген ғалымдардың зерттеу еңбектеріне арқау болған. Себебі тәрбиенің өмірлік сипаты және табиғаты өткеннің мәдени тәжірибесі мен тәрбие аспектілерін Шығыс ойшылдарының мұраларынан іздеу керектігін байқатуда. Отандық ғалымдардан «Қабуснаманың» педагогикалық құндылығын өз зерттеулеріне тірек еткен Ғ.Айдаров, Т.Айнабеков, Қ.Сарбасова, Қ.Әтемова, А.Оңғарұлы, М.Сарбасова, Ж.Мендікұлова, М.Шауеновалардың, шетел ғалымдарынан Е.Бертельс, И.Брагинский, М.Раджабов, Т.Гольц, Ю.Гелишли, А.Крымский, Э.Браун, Я.Рипкалардың еңбектерінің құндылығын баса атар едік[24;25;26;27;28;29]. «Қабуснама» туындысын зерттеумен айналысқан Иран ғалымдары С.Нафиси, М.Бахор, З.Сафо, А.Бадавилардың, тәжік ғалымдары Г.Юсуфи, И.Садик, М.Арипов, М.Мулоахмадов, К.Восъе, А.Абдуллоев, Г.Закиров, Р.Сативалдиевлардың, сондай-ақ өзбек ғалымдары У.Каримов, С.Далимовтардың еңбектерінің орны бөлек. Осылайша тарихи-педагогикалық зерттеулерді талдау қазіргі уақытта орта ғасыр туындыларының тағылымдық әлеуеті айқындалып, оны біртұтас тәрбие үдерісінде жүзеге асырудың теориялық негізі қаланғанын дәлелдейді. Зерттеу жұмыстарының басым бөлігінде ұрпақ тәрбиесінде ортағасырлық мұралардың педагогикалық әлеуетін пайдаланудың тәжірибелік қажеттілігі мен оларды жүзеге асырудың маңыздылығы мойындалады. Десек те, отандық және шетел әдебиеттерін талдау нәтижесі У.Кайқауыс идеяларының жекелеген қырлары болмаса, арнайы зерттеу нысаны болмағанын аңғартады. Демек, У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде болашақ педагогтерді даярлауды теориялық тұрғыдан негіздеу, оны тәжірибеде пайдаланудың моделін жасау, әдістемесін әзірлеу, тәжірибеден өткізу – аса өзекті де қажетті мәселе. Біздіңше, егер «Қабуснама» мазмұнына ғылыми тұрғыдан талдау жасалынып, оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану әдістемесі әзірленсе, онда бұл еңбектегі тәрбие мәселелері туралы деректер болашақ педагог тұлғасын жетілдіруге нақты үлес қосар еді, өйткені бұл жағдайда болашақ педагогтардың рухани-адамгершілік сапалары ұлғайып, кәсіби білімдері кеңейіп, біліктіліктері мен тағылымы арта түсері даусыз. Бұл ретте У.Кайқауыс дәуіріндегі әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен «Қабуснаманың» ғылыми тұрғыда зерттелу жайын анықтау қажет. Нәтижеде қазіргі рухани жаңғыру жағдайында У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары болашақ педагогтің тұлғалық-адамгершілік, кәсіби мәдениетін дамытып, ұлттық негізде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы орайда зерттеудің басты қайнар көзі ретінде әлемнің ең үлкен кітапханаларында түпнұсқа тілінде (*парсы тілі*) сақталып, түрлі қолжазбалар негізінде жарық көрген У.Кайқауыстың «Қабуснамасы» және зерттеуге қатысты философтардың, педагог-психологтардың, фольклортанушы және өнертанушылардың ғылыми еңбектері, ҚР Ұлттық кітапханасы мен ҚР Ұлттық ғылым академиясы кітапханасы, сондай-ақ, Гази университетінің (*Түркия*) кітапханасы қорларының материалдары танылмақ. Қуанарлығы, бүгінгі таңда У.Кайқауыстың «Қабуснама» туындысы алғаш педагогикалық зерттеу нысанына айналып, У.Кайқауыс дәуіріндегі әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен «Қабуснаманың» ғылыми тұрғыда зерттелу жайы анықталуда. Бізді У.Кайқауыстың педагогикалық ілімінің идеялық бастаулары айқындалып, олар халық педагогикасымен сабақтастықта таразылануы қуантады.

Зерттеулерге сүйенсек, Кайқауыс өмір сүрген тарихи дәуір – экономиканың, әлеуметтік- саяси өмірдің жақсы деңгейде және оқу-білімнің, ғылым мен мәдениеттің, тәлім-тәрбиенің жаңа сапада дамып, өркендеу кезеңі. Біздіңше, болашақ педагогтерді «Қабуснамадағы» педагогикалық идеялар негізінде даярлаудың әдістемесі У.Кайқауыстың педагогикалық идеяларын оқу- тәрбие жұмысында пайдалану, оның шығармашылық қабілеттерін тәрбиені ұйымдастырудың түрлі формаларында дамытуды жақсарту, яғни, студенттің адамгершілік-тұлғалық және кәсіби іс-әрекеті деңгейі тұрғысынан келу жиынтығын білдіреді. Ал еліміздегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұсынылған «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болатыны, өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту еліміздің табысты болуының кепілі делінген [5,3]. Ал тұлға қалыптастырудағы педагогикалық идеялар туралы айтар болсақ, жалпы «идея» терминін алғаш грек ойшылдары Анаксагор мен Демокрит қолданғанын білер едік. Анаксагорша, «эйдос» әлемнің бөлшектері, әрі олар «барлық заттардың тұқымдары» делінеді, Демокрит «атомдарды» идеялар тұрғысында түсіндіреді. Ал идея туралы классикалық ілімді ұсынушы Платон екенін ескерсек, ол «барлық заттардың түпкі тегін идеялар» деп, оларды мәңгі жоғалмайтын, заттардан тәуелсіз, тыс деп санайды. Платонша, шын дүние дегеніміз идеялар дүниесі, яғни, идеялар заттардың алғашқы бейнесі, формасы. Аристотельше, идеяның «форма» ұғымы негізгі рөлге ие. Сондықтан ол «эйдос» терминіне «форма» деген мағына бере келе, барлық заттардың эйдостарының жиынтығы иерархия құрайды, ал оның шыңы формалардың формасы «ақыл», ал «ақыл» қозғалмайтын алғашқы қозғаушы күш тұрғысында тұжырымдалады. Жаңа дәуірде ғылымның

қоғамдағы әрі өмірдегі рөлі мен орны артып, дүниеге танымдық қатынас негізгі құндылыққа айналады. Осылайша идея танымдық тұрғыда таразыланып, дүниені бейнелеу мүмкіндігі тұрғысынан зерттеле бастады. Жаңа дәуір өкілдері Р.Декарт пен Б.Спиноза идеяны нақты бір бейнесі жоқ ой тұрғысынан қарастырып, оған «ұғым», «ой» деген түсінік береді. Бұл тұжырымдар идеяның айырмашылығы өзге ұғымдардағыдай бар нәрсені емес, әлі жоқ, бірақ жасалуға тиіс нәрсені білдіреді, ал зерденің идеялары ешнәрсені бейнелемейді, керісінше, бар ұғымдарды өз қажетіне сай біріктіреді деген түсінікке ойысады. Сөздіктанушы ғалымдар Г.Коджаспирова, А.Коджаспировтар сөздігінде: «Идея – концептуальды күйге айналған ой», ал С.Ожегов сөздігінде: «Идея – дүниетанымның негізгі принципі болатын, адамның санасындағы шындықты бейнелейтін ұғым, бір нәрсенің мазмұнын анықтайтын ой» тұрғысында сипатталады. Ғалым Т.Ахметов: «Демокрит, Платон, Аристотель секілді ғұламалардың, Орта Азиядағы ортағасырлық ойшылдардың педагогикалық ой-пікірлері тәжірибеде тексеріліп, дұрыс-бұрыстығы анықталмағандықтан, көзқарас дәрежесіне көтерілмей, адамды тәрбиелеу идеясы деңгейінде қалған, демек, оларды педагогикалық идеялар ретінде қарастырамыз», -деп түйіндейді. Олай болса, антикалық дәуір мен ортағасыр ойшылдарының тағылымдық ой-пікірлері педагогикалық идея тұрғысында танылмақ. Бұған қоса, «Педагогическая идея – главная мысль в сознании педагога, отражающая содержание его педагогической деятельности» деген анықтама да беріліп жүргенін білеміз. Демек, педагогикалық идеяны педагогтың тәрбиелеу іс-әрекетіне қатынасын сипаттайтын және оның осы іс-әрекетінің мазмұнын құрайтын педагогикалық, әлеуметтік тұжырымдар, әдептілік ережелері мен ғылым, білімге қатысты идеялар және тұлғаның жеке басына тән имандылық-адамгершілік, өнегелік қағидалар жиынтығы тұрғысында анықтап, ойымызды У.Кайқауыс өмір сүрген тарихи кезеңге шолу жасап, оның өмірі, шығармашылығы және педагогикалық идеяларының бастауларына қатысты мәселелермен жалғастыруды жөн көреміз.

Бізге мәлімі, У.Кайқауыс ұлы Саманилер империясы құлағаннан кейінгі постсаманилер кезеңінде өмір сүріп, еңбек еткен. Бұл кезеңде өзара тартыс, соғыс тұсында Хорасан, Мавераннахр аймағындағы саяси кеңістікте Карахандар, Газневилер, Селжұқтар, Гурилер сияқты түрлі феодалдық мемлекеттер пайда болғаны мәлім. Ал X-XI ғғ.-тарихи оқиғаларға бай кезең. Осы уақытқа тән басты ерекшелік – экономиканың ілгерлеп, мәдениет пен ғылымның гүлденуінің артуы. Тарихи деректерде Саманилер билік құрған тұста У.Кайқауыс дәуірінің саяси- қоғамдық өмірінде ислам дінінің беделі жоғары болды. Орталық Азияда ислам дінінің өркендеп, қанат жаюы сол кездегі саяси жағдайлармен тікелей байланысты. Демек, У.Кайқауыс дәуірінде шындыққа жанасатын бір мәселе – *ислам діні, ислам мәдениеті, ислам әдебиеті* парсы, араб, түркілерге ортақ болған. Саманилер кезеңінің екінші жартысында ғылыми прозаға жаңа парсылық тіл кірігеді. Себебі араб халифатының екі ғасырға жуық саяси-мәдени үстемдігі салдарынан Иран жеріндегі парсы тілінің қолданыс аясы тарылып, жойылуға шақ болатын. Осы сәтте Саман әулетінің саяси аренаға шығуы парсы тілінің қайта тіріліп, кеңінен қанат жаюына оң ықпал жасайды. Иран ақындарына өз шығармаларын парсы тілінде жазуға мүмкіндік туды. Ә.Фирдоусидің әйгілі туындысы «Шахнаме» осы тұста туындап, автор «Шахнамені» парсы тілінде жырлаудағы мақсатын: «Отыз жылдай тауқымет шегіп ана тілімді тірілттім, Сол арқылы парсыларды өз тіліне жүгінттім» деген жолдар арқылы білдірді. Осы дәлелдер, парсы тілі мен мәдениетінің түркі халықтары территориясына таралып, түрікшеден басым түскенін ашуға негіз болады. *У.Кайқауыстың «Қабуснамасы» да – осы игі бастама жемісі [11;12;22]*

XI ғ. ғылым мемлекеттік билікке тәуелді болады. Билікке жаңа келген Селжұқтар Иран әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне белгілі бір деңгейде ықпал етеді. Бірақ Орталық Азияда биліктер арасындағы саяси қақтығыстарға қарамастан үштіктің – араб, парсы, түркі халықтарының ғалымдары мен ақындары арасында білімалмасу мен рухани қарым-қатынас арта түспесе, кеміген жоқ. Керісінше тікелей қарым-қатынас салдарынан араб әдебиеті мен мәдениеті түркі халықтарына көбіне парсы ғалымдарының ықпалымен жетіп отырса, араб және парсылармен қатар түркі халықтарының да ұлттық сана- сезімінің оянуы осы дәуірге тән. Мәселен, Қорқыт ата, Ж.Баласағұни, М.Қашғари, А.Яссауи еңбектері – осының айғағы [13;15;16;17].

Десек те, Иран әдебиеті мен өнері, мәдениеті өзінің шарықтау шегіне Саманилер тұсында қол жеткізеді. Атап айтқанда, көркем сөз шеберлері – Рудаки, Дакики, ғалым-ойшыл әр-Рази, Ә.Фирдоуси, ғалым-жаратылыстанушы әл-Беруни, философ А.Нотили, энциклопедист ибн Сина, ойшыл-моралист ибн Мискавейх, медицина саласындағы танымал ғалым ибн Нух Камари, тарихшылар Абуфазл Балъами, Мухаммод Наршохилер Саманилер билік құрған дәуірде шығармашылықтарын дамытты. Бұл кезеңде педагогикалық-дидактикалық прозаның ерекше дамуы ойлантады. Аталған бағыт бойынша У.Кайқауыстың «Насихатнаме» немесе «Қабуснамасы», Ансаридің «Насоехі» («Сентенции»), Газалидің «Насихат-ул-мулукі» («Назидания правителя») сияқты жеке шығармалары жазылды. Сондай-ақ, ғылым, әдебиет, ислам теологиясы, шешендік өнер мен тарих әулеттік үйлерден бөлек, ортағасырлық жалпыға танымал мәдени орталықтар медреселерде дамыды. Медресе ашудағы көрнекті өкілдердің бірі-Кайқауыстың замандасы, ғалым, жазушы, саясаткер, Селжұқ сарайының уәзірі Низамулмулк. Сондықтан X-XIII ғғ. медресе мектептік ұйымдардың жоғарғы түрі ретінде Орта Азияның барлық аймақтарына тарап феодалдық қалалардың сәулеттік келбетінің бір бөлігі болғаны таң қалдырмайды... X-XI ғғ. Бұхара, Хорезм, Мерв, Нишапур, Балх, Газнада сан алуан медресе кітап қоймаларымен бірге қызмет етті.

Бұл дәуірдің экономикалық, әлеуметтік, саяси, ғылыми және мәдени өмірі аса жақсы деңгейде дамыды. Ғалым-ойшылдар мен әдебиетшілердің, солардың бірі У.Кайқауыс дүниетанымының қалыптасуына себеп болған материалдық және рухани мәдениет салаларында үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

«Қабуснама» - ортағасырлық көрнекті ойшыл Унсурұлмаоли Кайқауысқа әлемдік атақ пен сүйіспеншілік әкелген мәңгі өлмес туынды. Ол оқырманға халықтық тәрбиелік төлтума туынды ретінде әсер қалдырады. Автордың педагогикалық мақсаттағы баяндау тілі мен стилі өте әсерлі, қарапайым әрі жеңіл. У.Кайқауыстың мұндай стилді мақұлдап, қолдануының себебі баланың жас ерекшелік психологиясы мен жаңаны түсіну деңгейін ескеруімен және педагогикалық идеяларын анық әрі нақты жеткізу мақсатына байланысты. Сырластық мәндегі әңгімелер барысында ойшылдың лайықты сөз тіркестері мен ұғымдарды ұтымды қолдана білуінің өзінен бұл туындының 900 жылдық тарихына күмән тудырғандай.

«Қабуснаманы» зерттеу У.Кайқауыстың дүниетанымын анықтау үшін ғана емес, ХІ ғасырдағы Шығыс халықтарының әлеуметтік-педагогикалық ойлары дамуының деңгейі туралы толық түсінік қалыптастыру үшін де маңызды. Өйткені ойшылдың педагогикалық ілімі Жақын және Орта Шығыс халықтарының педагогикалық идеяларының жалпы дамуы барысына елеулі ықпал етті. Еңбекке ғылыми тұрғыдан келудің қажеттілігі өткеннің мұраларын теориялық тұрғыдан ұғыну ғана емес, рухани құндылықтардың озық үлгілерін қазіргі кезеңде насихаттау мен қолдану міндеттерінен туындайды. У.Кайқауыстың шексіз білімі мен дүниетанымы, өзіндік ой-өрісі мен қабылдауы, сезімі «Қабуснама» қалпындағы, тамаша педагогикалық-дидактикалық туындының пайда болуына себепкер болғаны даусыз. Туындының әр тарауын баяндау барысында автордың «перзентім менің», «білгін», «ұлым менің», «тырыс», «хабардар бол», «қымбаттым менің» формасындағы мейірімге толы сөздерімен берілген жүрекке жақын үндеулері мен өтініштері оқырман назарын аудару, негізгі нысанға құштарлықты арттыру мақсатындағы ойына сенімділік бере түседі. У.Кайқауыс тәрбиелік өсиеттерінде бұл киелі сөздерді өте қадірлеп, «Құдайдың сыйы» тұрғысында атайды. «Қабуснамадағы» сөйлемдер негізінен қысқа, ашық нақшпты, мазмұнды. Формасы мен өнегесі адамның өмірлік бейнесіне тән қырларының түрлі мысалдарын, танымал философтар, патшалар, ғалымдар мен ойшылдардың тұжырымдарын нақты және өмірлік дерек ретінде орынды қолдануы тұрғысынан қисынды. Туындыгер өзінің тәрбие беру мақсатына жетуі үшін мұнымен де қанағаттанбай, ойын өз жанынан шығарған өлең жолдарының үзінділермен толықтырып отырады. «Қабуснамада» олардың саны шамамен мыңға жуық [11;12]. Бұл поэтикалық үзінділер аса құнды тәрбиелік идеялар мен өнегелік-эстетикалық мәнге ие. Автордың тәрбиелік нақыл сөздерін ақыл-кеңес беруде құрғақ, жалаң ұран сөздердің орнына қолдануға болады. Мәселен, «Барлық қабілеттердің жақсысы – сөйлей білу»; «Ұлылық шыққан тегінде емес, ақыл мен білімде»; «Кімнің сөзі құнарлы болса, соның қолдаушылары да көп»; «Білімнен артық қазына жоқ, жаман адамнан асқан дұшпан жоқ», т.б. [11] «Қабуснамада» автор фразеологиялық оралымдардың жоғары деңгейде дамуына ықпал ете отырып, мақал-мәтелдерді жиі әрі ұтымды қолданған. Бұл тәсілді туындыгер тәрбиелік ойларын баяндауында өз ойын қысқа, көркем, мәнерлі беру үшін қолданған. Онда түркі халықтарының жүзден астам мақал-мәтелдері шебер, орынды келтірілген. Мәселен, «Адам айнаға қарауы керек, егер оның келбеті жақсы болса, онда оның мінез-құлқы сыртқы келбетіне сай болуы тиіс, өйткені ұсқынсыздық көріктілікке жараспайды және бидайдан арпа өспейді, ал арпадан бидай өсіру мүмкін емес»; «Әжуа, сықақ жазуды үйренбеңдер, көзе толы суымен үнемі қайта келе бермейді» [12].

Мақал-мәтелдердің белгілі бір бөлігі араб тілінен алынған. Автор оларды көп жағдайда бастапқы формасында берсе, кейбір жағдайда аудармасын қолданған. Мәселен, «Әзіл – зұлымдықтың бастауы»; «Ал-адабу сурат-ул-акли – білім – ақылдың жүзі»; «Аш-шабобу навъ-ун мин-ал-чунуни - жастық – бұл ақылсыздықтың бір түрі» т.б. [11] «Қабуснамада» мақал-мәтелдермен қатар, даналық сөздер, афоризмдер дидактикалық сипатта қолданылған. Аристотель, Сократ, Платон сияқты ежелгі данышпандардың афоризмдері де келтіріледі. Мәселен, «Білімділіктен жақсы қазына жоқ» (Сократ) дегендей, У.Кайқауыс даналық сөздерді олардың өз аттарынан және «данышпандар айтқан немесе ойға жүйрік шешендер айтқан» деген кіріспе сөздер арқылы қолданып отырған. Туындыдағы көптеген тәрбиелік афоризмдер кіріспе сөзсіз келтіріледі. Біз ондай сөз орамдарын туындыгердің өзі шығарғанын айтар едік. Мәселен, «Жалқаулық – тәннің бұзылуы», «Ұялашқтық – сенімнің жемісі», т.б. [11;12].

«Қабуснаманың» бір ерекшелігі – автор кейде қандай да бір тарауды қорытындылау кезінде өз ойларын дәлелдеу үшін тақырыпқа сәйкес келетін және тәжірбиелік мәні маңызды әңгімелер мен аңыздарды орынды қолданған. Мәселен, «Жиынтықты бәрі біледі, ал жиынтық материядан әлі туылған жоқ»; «Шындыққа ұқсас өтірік, өтірікке ұқсаған шындықтан жақсы»; «Аманатты сақтау», т.б. [11;12]. Сондай-ақ автор өзінің мақсаты мен логикалық ойларына жету үшін нақты бір тақырыпты баяндау барысында келтірілген басқа да халықтық мақалдар бар. Мәселен, «Жақсылық жаса да суға таста, уақыт өте келе ол өз жемісін береді»; «Сортаң жерге ұрық екпе, бәрібір өнбейді және тек еңбегің босқа кетеді», т.б. «Қабуснамадағы» мұндай сан алуан мәтелдер мен даналық сөздер бастан-аяқ педагогикалық тақырыпқа арналған және аса жоғары тәрбиелік сипатқа ие. Дегенмен «Қабуснамадағы» бұл халықтық мәтелдердің, өсиет әңгімелер мен нақыл сөздердің шығу тарихы әлі де зерттеуді қажет етері сөзсіз. Аталмыш туындыға әр тұрғыдан әр кезде берілген бағалар да баршылық. Мәселен, ғалым М.Фозиловтың «Қабуснаманы» таза «әдеби шығарма» тұрғысында тануымен келісе алмаймыз. Өйткені

оның мазмұны педагогикалық сипатқа ие. Өкінішке орай «Қабуснаманы» зерттеуші әдебиеттанушылардың көпшілігі шығарманы әдеби көзқарас тұрғысынан талдағандықтан, өнегелік тәрбиелік жағын ескермеген. «Қабуснаманың» оқырмандарды баурап алуының бір ерекшелігі – құрылымы халық педагогикасына негізделген. Даналық сөздер, афоризмдер, өсиет әңгімелер, нақыл сөздер т.б. мыңдаған жылдар бойы адамдардың өмірі мен шығармашылығына еніп, жазба әдебиеті мен ауызекі сөйлеудің дамуында үлкен тәрбиелік рөл атқарған. Тарихи халықтық шығармашылық дегеніміз осы. У.Кайқауыстың көптеген нақыл сөздері фольклорға жақындығы сонша, У.Кайқауыс оларды фольклордан алған ба, жоқ па, немесе, керісінше, оларды халықтық шығармашылыққа ендіріп деп деп басып айту қиын. Оның көптеген пікірлері «қанатты сөздерге» айналған. Ал оның насихаттары – мінез-құлықтың үлгісі. У.Кайқауыс тарапынан ұсынылған педагогикалық идеялар оқырмандарын тәрбие беру мәселелері туралы ойлануға түрткі бола алады. Туындының негізгі бөлігінде автор тәрбиенің түрлі мәселелері туралы пікірлерін ұлына қарата үндеу арқылы білдіреді. Ақыл-кеңес беру, әңгімелесу екіні өте нәзік және негізінен табандылықпен, әмірлі, кейде қандай да бір мінез-құлықты мойындамау немесе мақұлдау түрінде сипатталған.

«Қабуснаманың» танымалдылығы – оның тақырыптарының өміршеңдігі, ойшыл-педагог, данышпанның көп жылдар аралығында не бір қилы ел аралаулары негізінде игерілген өмірлік бай тәжірибесінің нәтижесі. Баяндау стилінің қысқалығы мен анықтығы авторға өз пайымдауларын прозаны поэзиямен алмастыра отырып, кішігірім, шағын әңгімелер, нақыл сөздер, өсиет формасында беруіне көмектеседі. Әр нақыл сөздің, әр әңгіменің мәні бәйіттермен немесе төрт жолды өлең жолдарымен бекітіліп отырады. Бұл оқырманның есінде жылдам әрі ұзақ сақталуына және өмірлік жағдайларында қолдана алуына қолайлы. Ойшылдың басты мақсаты – адамның кемелденуін, бақытқа жету жолындағы оның жан тыныштығын тәрбиелеу. Тіпті, ең бір қарапайым оқиғадан өнеге алуға, қандай да бір даналық ой алуға, адамды қателіктерден сақтандыруға, оған өмірлік жол көрсетуге тырысуы құптарлық. Бүгінгі таңда «Қабуснамаға» ғылымның түрлі салаларының зерттеушілері тарапынан назар аударылған (философтар, шығыстанушылар, саясаттанушылар, экономистер, әлеуметтанушылар және заңгерлер т.б.). Мәселен, шығыстанушы Т.Гольцтің: *«Гуманизм мен еркін ойлылық туындыны өзектілендіре түседі. Сол арқылы тек танымдық мән емес, сонымен қатар сол дәуірдің озық ой-пікірін көрсетеді. Табиғи теңдік идеясы мәселесі автордың қызметті адамдардың қабілетіне қарай бөлу керек деген талабынан шығады»* деуі орынды. Сондай-ақ, Т.Гольц «Қабуснаманы» белгілі бір уақыттың өмірлік энциклопедиясы», - деп атайды. «Қабуснама» мазмұны адам өмірінің түрлі аспектілерін қамтиды және оны әрбір жастағы адам үшін педагогикалық мектеп пен өмірлік тәжірибенің үлгісі ретінде тануға болады. Педагогикалық туындыда тәрбие мәселелері бірсарынды емес, ойшылдың өсиет, ұлағатты әңгіме, кеңес беру және оқырман не тәрбиеленушімен өзара ынтымақтастық стилінде ұсынылған. Сондықтан «Қабуснаманы» тек өнегелік туынды ретінде санасақ, біз ойшылдың орасан зор еңбегін шектеген болар едік. Өйткені «Қабуснамада» тәрбие теориясы мен дидактика мәселелерінің терең және жан-жақты зерттелуі бар. Бұл кітапта тәрбиенің мақсаттары мен мәні, педагогикалық ұғымдар (*тұлғаны жетілдіру, білім беру, оқыту, тәрбиелеу т.б.*), ақыл-ой және идеялық-өнегелік дүниетаным, музыка және орындаушылық шеберлік, эстетика, еңбек, колөнер, дене тәрбиесі және білімнің басқа да түрлері қамтылған. Бұл туралы ғ а л ы м М.Муллоахмедовтің «Қабуснаманың» кіріспесіндегі: *«Кайқауыс өзінің өсиеттерін «әкелік міндетін орындау» үшін ұлын тәрбиелеу мақсатында жазғанымен, «Қабуснама» педагогикалық-өнегелік нұсқаулық және көркем шығарма ретінде мыңдаған оқырмандарын тапты, ал автор есімі әдебиет және парсы тілдес халықтардың педагогикалық ойлары тарихында мәңгі қалады»*, - дей келе, «Қабуснаманың» мазмұны мен құрылымына қатысты: *«Туындының стилі өте қарапайым. Жазушының өзінің тәрбиелік ойларының тұрақтылығы үшін келтірілген қысқа әңгімелері негізінен өмірлік және шынайылығында»* деген. Белгілі орыс шығыстанушысы Е.Э.Бертельс кітаптің тілін Иранның ғана әдеби тілі болған жоқ, сол кездегі самандық иелікке түгелдей қызмет етті. Бұл – Рудаки мен Фирдаусидің тілі. Осы себептен де бұл кітапты парсылар емес, тәжік әдебиетіне жатқызуға болады деген пікірде болды. Тарихтан белгілі, XI ғ. бұл әлі жеке-жеке ұлт болып қалыптасу болмаған кезең, сондықтан бұл туынды жалпы түркі халықтарына ортақ мұра ретінде танылады. Дегенмен Е.Э.Бертельстің өмірбаяндық деректер мен У.Кайқауыстың атасы Қабус құрған Жүржандар сарайы маңындағы ірі әдеби ошақ пен Қабус туралы жазғандары ұзақ уақыт классикалық үлгі болып саналған деген жоғары пікірі орынды айтылған. Атақты орыс шығыстанушысы И.С.Брагинский XI ғасырдың прозалық шығармаларын зерттей отырып: *«Қабуснама» - бұл тәрбие мен этиканың маңызды мәселелерін қамтитын өнегелік-дидактикалық туынды. Шығарманы балаға өсиет етіп қалдыру дәстүрі парсы-тәжік әдебиетінде Унсурулмаолиге дейін дамыған. Бірақ ол оның аясын кеңейтіп, балаларға өсиетті ерекше жанрға айналдырды»* деген. «Қабуснаманы» зерттеумен айналысқан шығыстанушы А.Е.Крымский «История Персии, ее литературы и дервишской теософии» еңбегінің бірнеше бетін Қабус сарайы маңындағы әдеби ошаққа арнап, бұл тарауды құнды библиографиялық шолумен аяқтайды. А.Е.Крымский У.Кайқауысты дарынды деп санап, баяндаудың жүйелі және көркемдік мәнерін ерекше атап көрсетеді. Демек, шығыстанушылардың пайымдауларынан «Қабуснаманың» баяндау стилі қарапайым формаға жататындығын түсіну қиын емес. Туындыны зерттеу нәтижесінде автордың педагогика, психология, философия, логика, мәдениет, этика, тарих және

география, анатомия, физиология және т.б. сияқты түрлі ғылымдармен және кәсіптермен таныс болғандығы анықталады. Мәселен, ғалым К.Кадиров «Педагогика и дидактика суфизма» атты монографиясында «Қабуснаманың» XI ғасыр педагогикалық әдебиеті ескерткіштері қатарындағы рөліне тоқталады. Ол педагогтер назарын У.Кайқауыстың «жомарттық» (кемел адам) мәселесіндегі бала дамуындағы тәрбиенің рөлі, қолөнер шеберлігі, адамгершілік, достық, отбасы рөлі туралы идеяларына аударады. Ғалым М.Муллоахмадов «Қабуснаманың» мәтінін бастырып, алғысөзінде мазмұнын қысқаша сипаттай келе, У.Кайқауыс назары педагогикалық категориялардың жалпыға ортақ: әлеуметтік, әділдік, жақсылық, ізеттілік, жамандық, шыншылдық, жомарттық т.б. сияқты түрлеріне аударылғанын айтады.

У.Кайқауыстың тұжырымдары шынымен де назар аударуға тұрарлық, өйткені, *біріншіден*, оның ғылымдарды жіктеуі қызықты; *екіншіден*, ғылым мен кәсіп бір-бірінен ажырағысыз, ғылым тәжірбиелік тұрғыдан белгілі бір әрекетке жатады, ал әрекет теориялық тұрғыдан қандай да бір ғылым қатарына жататындығы туралы және ғылымды үйрену мен өнеркәсіпті меңгеру адамның ақыл ойының дамуы, рухани баюы мен оның мәдени өсуі үшін өте қажет екенін ескерсек керек. Сондай-ақ, У.Кайқауыстың ел басқару өнеріне қатысты ойлары болашақ тәрбиешілердің басқарушылық ісінде назарға алуға тұрарлық, өйткені У.Кайқауыстың: «*Әділ, таза бол, өйткені көңіл тазалығы – сенім тазалығы*»; «*Падиша үшін ең жаман іс-халықтың әдепсіздігі*»; «*Өз уәдеңе берік бол. Әрдайым кешірімді болуға әдеттен*; «*Елде әділетсіздікке жол берме, Өйткені, әділдік – гүлдену, ал зұлымдық – ойран болу белгісі*» деген сияқты басшыға тән қасиеттер мен талаптар туралы ойлары бүгінгі заман үшін де өте құнды [11;12].

«Қабуснама» – У.Кайқауыстың шексіз ел аралаулары кезінде жинаған өмірлік тәжірибесінің жемісі. Кайқауыстың прогрессивті идеялары ортағасырлық жазушылар мен ойшылдар тарапынан қолдауға ие болып, дамыды және сол кездегі шығыстық қоғамының жас ұрпақтарын тәрбиелеуде үлкен рөл атқарды. Біз У.Кайқауыс сияқты танымал ойшылдар мен гуманистер туындыларын, белгілі бір топқа және өз уақыты үшін ғана жазды деп айта алмаймыз. Олар туындыларын қазіргі және болашақ адамзат ұрпағы үшін жазды. Біздің бұл пікірімізге У.Кайқауыстың: «*Егер сен менің сөздерімнен жақсы мұра іздемесең, онда жақсы сөздерді тыңдап, оларға мойынсұнатын басқа адамдар табылады*» деген ойлары дәлел. Біздіңше, Шығыс халықтарының бұл дәстүрі барлық ғасырларда ұлдар өздерін және шығу тегін ұмытпай, ата-бабаларын құрметтесін деген түсінікте қабылданған. Бұл дәстүр өте жағымды тәрбиелік сипатқа ие. Бұл тәсіл-шығыстық тәрбие элементтерінің бірі. Бұл идеяның қайнар көзі «Авеста» кітабы мен өзге де көптеген ойшылдардың шығармаларында, әсіресе, Фирдаусидің «Шахнамасында» қаланған.

Қысқасы, «Қабуснама» XI ғасырда жазылған барша түркі халқына ортақ туынды. Мәселен, философ ғалым М.Раджабов «Средневековые социальные утопии» еңбегінің «Утопические идеи «Қабуснаме»» атты тарауында «Қабуснама» мазмұнына философиялық талдау жасай келе, ондағы жақсылық жасау, ақыл мен білімді ардақтау, әділдік, шешендік туралы идеяларына ерекше тоқталады. Нәтижесінде М.Раджабовтың «Қабуснама» – *болашақ ұрпақтың және жастардың өмірлік оқулығы*» деуі өте орынды.

Ғалым С.Далимов «Қабуснаманы» 1967 жылы және кейбір өзгертулермен 1973 жылы өзбек тіліне қайта аударады. Осы өзбек тілі нұсқасы негізінде Т.Айнабеков «Қабуснаманы» 1992 жылы қазақ тіліне аударған-ды. Алғаш зерттеу мақаласын жазған отандық ғалымдардың бірі Ғ.Айдаров өз мақаласында У.Кайқауыс және «Қабуснаманың» педагогикалық құндылығы туралы баяндайды. Ғалым А.Оңғарұлы «Қабуснаманы» ондағы әңгімелердің берілу стилін өзгертіп, 2006 жылы қайта бастырады. Ғалым М.Сарбасованың мақаласында У.Кайқауыстың отбасы тәрбиесі туралы идеялары сөз етіліп, «Қабуснама» *мың жасқа қарай қадам басқан мәңгі өлмес жәдігерліктер қатарында келер ұрпақтарға да өзінің тәлім- тәрбиелік мән-мағынасымен құнды*» деуі құптарлық. «Қабуснамада» жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі де орынды қарастырылаған. Сондай-ақ, У.Кайқауыстың кәсіби маман даярлау туралы идеялары аса құнды.

Қысқасы, «Қабуснама» туындысы бастан-аяқ тағылымдық өсиеттерден құралған. Еңбек туындыгері онда адамзаттың тұлғалық қасиеттерінің дұрыс қалыптасуын белгілі бір кәсіп иелеріне тән қасиеттер мен талаптар тұрғысында жан- жақты баяндауға тырысқан. У.Кайқауыстан кейін Ансори, Санои, Аттор, Руми, Саади, Джамин және тағы басқа әйгілі ойшылдар оған сүйеніп, еліктей келе, көптеген ғибраттық еңбектерін жазғаны мәлім. Бұл туындылардың қай-қайсысында еуропалықтар «тәрбиенің шығыстық стилі» тұрғысында атаған. Шығыстық педагогикалық ойлардың «алтын қорын» құрайды. Демек, бүгінгі таңда «Қабуснамадағы» педагогикалық идеялардың жекелеген қырлары болмаса, кешенді тұрғыда толық зерттелмегені анықталып отыр. Олай болса, ендігі зерттеу-зерделеу жұмыстарында У.Кайқауыстың педагогикалық идеяларына жеке-жеке тоқталып, олардың әрқайсысын халық тәрбиесімен сабақтастықта таразылау орынды болмақ.

Әдебиеттер:

1. Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы// «Egemen Qazaqstan» газеті, №52, 17 наурыз 2022 ж., -1-5-6.б.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы// «Egemen Qazaqstan» газеті, №2, 5 қаңтар 2021 ж., -1-3-6.б.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік// «Egemen Qazaqstan» газеті, №62, 2 сәуір 2019. -1-2-б.б.
4. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы// «Egemen Qazaqstan» газеті, №70, 12 сәуір 2017. -1-2-б.б.
5. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы. «Egemen Qazaqstan» газеті, №223, 21 қараша 2018 ж. 1-2-б.б.
6. Қыдыршаев А.С. «Жаңа Қазақстан – Тәуелсіз елдің ертеңі»// «Aqiqat» - «Ақиқат» журналы, №4, сәуір 2022 ж., -3-7-б.б.
7. Қыдыршаев А.С. Рухани жаңғыру: жаңа ұрпақты ұлттық рухани құндылықтарға баулу ісі, айқын мақсат, нақты міндеттер межесі. Әдістемелік көмекші құрал. – Орал,2019.-70 бет.
8. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылыми дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы №988 қаулысы)
9. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
10. Кайқауыс «Қабуснама». – Алматы: Балауса, 1992. – 157 б.
11. Қабуснама. – Алматы: «Қасиет» баспасы, 2006. – 156 б.
12. Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін). Құрастырушы Е.Шаймерденұлы, Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012.-320-б.
13. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану: Оқу құралы бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы жоғары оқу орнының филология бөлімінің студенттері үшін дайындалған (Өңделіп, толықтырылған екінші басылым). –Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың редакциялық баспа орталығы, 2014.-208 б.
14. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары): Оқу құралы. –Орал:Полиграфсервис, 2017.- 364 б.
15. Махмуд Қашғари. Түбі бір түркі тілі / Аударғандар: Қ. Бекетаев, Ә. Ибатов. – Алматы: Ана-тілі, 1993. – 178 б.
16. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 613 б.
17. Кубесов С. Педагогическое наследие аль-Фараби. – Алматы: Мектеп, 1989. – 152 с.
18. Ахметов Т. Ә. Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2003. – 152 б.
19. Айдаров Ғ. «Қабуснаманың» қысқаша мазмұны // Қазақстан мектебі. -1991. - №7. – 38-б.
20. Сарбасова М. Кайқауыстың «Қабуснамасы» және отбасы тәрбиесі // Қазақстан мектебі. – 2007. - №3. – 14-б
21. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана-тілі, 1992. – 160 б.
22. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 152 б.
23. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2000.–213-220-б.б.
24. Гольц Т. Унсурулмаоли Кайковус и его книга. – Унсурулмаоли Кайковус. Кобуснома. – Душанбе: Адиб, 1990. – 148 с.
25. Шауенова М. А. Кайқауыс заманындағы тарихи, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірдің сипаттамасы // Ұлы түрік ойшылы Жүсіп Баласағұнның 1000 жылдығына арналған «Жүсіп Баласағұн: гуманистік педагогика негіздері және заманауи Білім беру» тақырыбындағы Халықаралық Дөңгелек Үстел материалдары. – Алматы, 2016. –137-141,-б.б.
26. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы / Құрастырғандар Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: Рауан, 1998. – Т. 2. – 415 б.
27. Модасан Қ. Жүсіп Баласағұнның педагогикалық мұрасындағы ізгілікті басқарудың негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2009. – 87-б.
28. Шауенова М. А., Манкеш А. Е. Кайқауыстың педагогикалық идеяларының бастаулары // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы – Алматы, 2016. - №4 (52). – 223-229, -б.б.
29. Манкеш А. Е., Шауенова М.А. Кайқауыстың өмірі мен педагогикалық мұрасы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2016. - №1 (49). – 253-258.,-б.б.
30. Хмель Н. Д. Целостный педагогический процесс как предмет педагогики и объект деятельности учителя. Педагогика. Курс лекций. – Алматы, 2003. – 386 с.
31. Калужный А. А. Теория и практика профессиональной подготовки учителя к нравственному воспитанию учащихся в целостном педагогическом процессе: дис. ... док. пед. наук: 13.00.05. – Алматы, 1995. – 328 с.

АБАЙДЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ – ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ АЙНАСЫ

А.С.Қыдыршаев,

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик*

Ж.Қ.Қабдірахимова,

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
«Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері*

А.Ғ.Аманова,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

М.А.Қыдыршаев,

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
филология факультетінің III курс студенті («Шет тілі:екі шет тілі» мамандығы)*

Аңдатпа. Мақалада әлемнің ірі ойшылы Абайдың мұрасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында таразыланады. Нәтижеде Абайдың рухани мұрасы интеллектуалды ұлт қалыптастырудың айнасы тұрғысында сараланады.

Аннотация. В статье взвешивается наследие великого мыслителя мира Абая в рамках программы «Рухани жаңғыру». В результате духовное наследие Абая анализируется в контексте формирования интеллектуальной нации.

Annotation. The article weighs the legacy of the great thinker of the world Abai within the framework of the program "Rukhani Zhangyru". As a result, Abai's spiritual heritage is analyzed in the context of the formation of an intellectual nation.

Тірек сөздер: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, Абай мұрасы, ұлттық сана, Абайтану, мәдени капитал, ХХІ ғасыр, рухани мұра

Ключевые слова: Программа "Рухани жаңғыру", наследие Абая, национальное сознание, Абаеведение, кеменгер, культурный капитал, ХХІ век, духовное наследие

Key words: Program "Rukhani zhangyru", heritage of Abai, national consciousness, Abai studies, kemenger, cultural capital, XXI century, spiritual heritage

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев *«Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан»* атты мақаласында халқымыздың біртуар перзенті Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жылдық мерейтойын лайықты атап өтудің той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кенейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін аса қажеттілігін баса айтқан-ды. Мемлекет басшысы Абайға құрметті бүгінгі жаңа ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі тұрғысында таниды. Бұл ретте Ел Президенті: *«Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу – мемлекеттік маңызы бар мәселе. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор. Абайдың ой-тұжырымдары – баршамызға қашан да рухани азық. Ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын ой елегінен өткізген жөн»*[1,1],-деп пайымдайды. Одан әрі ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы: *«Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі –кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де осы. Осыған орай Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет... Абай туындыларының мазмұны жалтырадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл - классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, гиратты сөз, гақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр. Абай қара сөздерінің басты миссиясы - ойлану, өзгеге ой салу, мақсатты ұстанымға айналдыру. Демек, ұлы ойшылдың қара сөздері - аса құнды еңбек* [1,2],-деп түйіндейді. Қысқасы, Ұлт Президентінің тұжырымдарына сүйене айтсақ, Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы. Абай - ұлтымыздың мәдени капиталы. Абай – жаңа Қазақстан бренді. Ақынның мұрасы – күллі адамзат баласының рухани азығы.

Абай мұрасы – біздің ұлттық тұрғыда бірлесуімізге, елдік тұрғыда дамуымызға жол ашар қастерлі де қасиетті құндылық. Олай болса, Абай бабамыз елдің қай ісіне сүйініп еді? Сол сүйінген ісінен үйрене алдық па? Абай данамыз қазақтың қай ісіне күйініп еді? Сол күйінген ісінен жирене алдық па? Ой салады. Ойлантады. Ойланбасыңа қоймайды. Демек, Абай ғұламаның өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы болғанына талас жоқ [1;2;3;4].

Абай мұрасы, Абай ілімі, Абайдың өзіндік болмысы, Абайдың сана-сезімі, Абайдың имандылық сырлары туралы тереңнен ой толғау оңай шаруа болып па? Жайдақ қалыпта үстірт айта салуға болар. Онда қайталауға ұрынарың анық. Ақиқаты – Абай тағылымы терең. Әркімнің өз Абайы бар десек те, Абай әлемін тұтас кейіпте, біртұтас дүние қалпында тану оңай олжа емес. Абай сыры тереңде, Абай

құпиясы таңғажайып. Анығы - Абайдың рухани әлемі тылсым, тұңғық. Бүгінгі рухани жаңғыру кезеңінде Абай сынды ойшылдың рухани әлеміне кең тұрғыда үңілу қажет-ақ [5;6;7;8;10].

Ал Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай – рухани реформатор» мақаласында тамаша дәстүрдің жалғасы ретінде мәңгілік Абай мұрасы хақында тың ойларға кезек беріп, тұғырлы тұлғаның туындыларынан терең тәлім алуды баса айтады. Ел Президенті: «Абайдың рухына тағзым ету – оның қағидаларын ұстану, аманатына адал болу. Сонда ғана жас ұрпақтың санасына қастерлі құндылықтарды сіңіреміз... Әсіресе, қазіргі Қазақстан қоғамын Абайдың рухани ұстанымына сай дамыту аса маңызды» [2,1], - дейді.

Біздіңше, бүгінгі өзекті мәселенің бірі - Абай сынды ғұламаның терең де тұңғық ойларын еркін түсіну, бойға сіңіру үшін жаңа ұрпаққа дұрыс түсініктеме беру қажеттігі. Кеменгер ойшылдың рухани мол мұрасын бүгінгі, кейінгі жаңа ұрпаққа ұғындыру - парыз іс. Ел Президенті Абай ілімінің бүгінгі тіршілік- тынысымызбен дәл де дөп келер бағыттар сапына білім-ілім игеруді қосады, ұлттық құндылықтарға баулуға жіті қарауға акцент беріп, жаңа кәсіпті нәсіп көзі тұрғысында танып, ынтымақ- бірлік мәселесін көзден де, көңілден де таса етпеуді айрықша айтады. Мемлекет басшысы Абай сынды ақылгөй дарабозымыздың жоғарыда аталған тұстарға ойлы көзқараспен қарағанын еске сала келіп, күллі әлемді ақыл - ой мен парасатты пайым арқылы ғана мойындатар заман талабына сәйкес білімді интеллектуалды ұлт қалыптастыру бірден-бір айқын меже боларын негіздейді. Өскелең ұрпаққа дұрыс бағыт беріп, арлылыққа баулуды, бүгінгі бәсекелестік заманында әр қазақтың еңбекқорлық танытуын, өнер игеруге келгенде өз ісінің шебері болуын, татулықты ту етуін назарға ұсынады. Ел Президентінің Абай өнегесінің құны дәуір алмасқан сайын артпаса, кемімейді. Ол баршаға түсінікті әрі күллі адамзатқа ортақ. Оның қара өлең болып өрілген және қара сөз болып төгілген оралымды ойлары әлі күнге дейін өмірлік бағдар болып келеді деуі – таза шындық [2,2]. Мәселен, ғұлама Абайдың 45 қара сөзінің әрқайсысының өзіндік салмақ-өлшемі бары анық. Ойшыл Абай 15-қара сөзінде: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіптісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыптысың?» [3,34], - деп жазады. Данышпан Абай бабамыз өзінен кейінгі ұрпаққа, бүгінгі сіз бен бізге бұл ойлы тұжырымын неге айтты? Ғұлама Абай сөзінің құндылығы неде? Ойшыл Абай ақылды мен ақылсыздың белгілі бір паркы бар-ау деп бастайды сөзін. Пенденің қызықпасақ шарасы бар ма? Сол қызықты іздеген кезі де ұмытылмастай есте қалмақ. Есті адам орынды іске қызықпақ, құмарланбақ, осы жолда ізденіс танытпақ. Оны естіген құлақ қуанбақ, көңіл сүйсінбек. Орынды іске жұмсаған өмір де өкінішсіз. Ал есер болса, орнықты орнын таба алмай, небір баянсыз, бағасыз, құны көк тиын қадірсіз нәрсеге қызығып, құмарланып, өмірінің қызықты да қымбатты шағын итқорлықпен өткізбек. Кейін өкіріп өкінгеннен не пайда? Жастықта мағынасыз қызық қуып, кісіміп кердеңдеп жүргенде, жастығы тозбастай, буыны босамастай көлбеңдеп жүргенде, күндердің күнінде алдамшы қызық соңында ботадай бос тайрандап жүргенде мойны қатып, буыны құрып құр лепірме қызыққуғыштық бойын дендеп алып, ендігі кезекте игі талапқа қайрат қылуға жарамсыз болып қалмақ. Сондай-ақ әр нәрсеге қызықпақтық, құмарлық дертке айналмақ. Бұл секілді дерт бойға мастық ұялатпақ. Әр нәрсеге ұшып-қона қызығу, құмарлану дертінен туындар жастыққа тән мастық ақыл көзін байламақ, ақыл сөзін тыңдауға мүмкіндік берместей күйге ұшыратпақ. Осы мезетте естілер есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен. Ал есер ер-тоқымын тастай қашып, бөркінің қайда қалғанын білмей, екі көзі алақтап, ышқыр-бауына ие бола алмай, жынды кісіше далақтап шаба беруді біледі екен. Құдайым-ау, бұл дегенің – жөнсізді жөнге салар, кісілікке баулыр, жөндіні парасатты даңғыл жолға салар, тұлғалыққа биіктетер данышпандық болжам-пайым ғой! Осы тұста жастарымыз ойланса ет-ті [12,7].

Президент мақаласында айтылған нағыз қазақ Абай мұрасын өркениетті елдерге жұғысты ету, таныту, Абай академиясының құрылуы, «Абайтану» курсын тереңдете оқыту, «Абайтану» оқулығы мен хрестоматиясын жаңаша философиялық және саяси ұстаным негізінде әзірлеу мәселелері, айналып келгенде, сіз бен бізді Абай ғұламаны қазіргі ұлттық сананы жаңғырту жолындағы бірден - бір рухани реформатор ретінде дәріштеп насихаттауға міндеттері сөзсіз. Демек, кеменгер Абай – біртұтас тұлға. Абай - ой алыбы. Абай ұлылығы - мол рухани мұрасы арқылы күллі болмыс заңдылығын біртұтас толық қамтуында, көктегі Темірқазық жұлдызындай өміріміздің адастырмас межесі бола алуында. Абай мектебі - тағылымды өмір мектебі. Сол себептен де, Абайдың хакімдік тағылымы шоғырланған қарасөздеріндегі түбі терең түйдекті түйіндері көкейге қонады, көңілге жағады. Ендігі кезекте Абайдың хакімдік мұрасынан, нәрлі рухани бұлағынан халықтың сусынын мейлінше қандыруды әркез жадымызда тоқып, есте ұстауымыз керек. Егер де адам мақсатына рухани жағынан өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді десек, кімде - кім әуелі білім алу арқылы білместіктен арылу қажет. Осы арнаға баса акцент берсек, әркімнің өз бақытын өзі жасауы кәміл.[5;6;7;8;9;10;11].

Ойшыл Абайдың рухани мұрасы – әлеми заңдылықтарға негізделген құндылықтар көзі. Абайдың рухани мұрасынан әлемдік жалпы заңдылықтар мен үйлесімділікті көреміз. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Сананың рухани жаңғыруына қатысты жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай данышпан әлдеқашан айтқан.

Дау жоқ, Абай ғұламаны түсіну үшін ұғым қажет. Сонда рухани жаңғыруға қатысты жан қинап жүрген қай күмәннің де күллісіне жауап таба аламыз. Бұл ретте сұңғыла Абайдың рухани мұрасы – әрбір тұлғаның дұрыс жетілуіне кепіл боларлық бағдарламалық кешенді ойлар. Олай болса, Абай мұрасын қазақ халқының рухани өмірінің, бүгінгі жаңа ұрпақтың рухани жаңғыруының күре тамырына айналдыра білуіміз қажет. Туғанына 175 жыл толған Абай сынды ұлы ойшылымыздың жазған туындыларын, түйген тұжырымдарын қазақ халқының күнделікті өмірінің кодексі ретінде пайдалануымыз керек. Сонда еліміздің күллі саяси-әлеуметтік өзгерістерінде ұлы Абайдың ілімі ешбір мұқалмай, қайта сол саяси өмірдің іргетасына айналып, жаңаша құбылып отырмақ. Нәтижеде бүгінгі қазақ елінің қарқынды өркендеу екіпінінің еселене үдей түскенінің куәсі боламыз. Демек, Абай – қазақ халқына айқын жол көрсетер, бағыт сілтер шамшырағы [9;11;12;13].

Абай – рухани бай тұлғаның моделін ұсынушы. Ойшыл, ең алдымен, адам болмысына, адам тұлғасына, «толық адам» формуласына баса назар аударады. Біздіңше, Абайдың «толық адамы» – адал, ізгілікті, жаны жақсылыққа құмар, өз ісіне сенімді, ширақ қимылды аса зерек жанның сипаттамасы. Бұл тұрғыда «толық адам» тұжырымдамасы, шындап келгенде, адам іс-әрекетінің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы тиістілігі әбден қолдауға лайық. Мәселен, Абай данышпан айтады: **Білгейсің, «мақсат - алыс, өмір - шақ».** *«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым зой демектің бәрі де – ақымақшылық» деп. Ой алыбы «ақыл – жан қуаты, ақыл – жүректің суаты» дей келе, «адам ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулық жоқтығынан азады». «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт себеп бар: бірінші – көкірегі байлаулы беріктік, екінші – гибратлану, тұшынып, ынтамен ұғу, үшінші – бірнеше қайтара ойланып, көңілге бекіту, төртінші – ойдың кеселді нәрселерден қашық болуы керек» деп пайымдайды [5,109 - 120].*

Абайша ой сабақтасақ, *«көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел».* Қашан да *«біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесей, істің бәрі бос»* болары аян. Бұл жолда *«қайратсыз аиу – тұл, тұрлаусыз гашиық – тұл, шәкіртсіз галым – тұл».* Түзелмес түзу сөзге қайдан сенсін?! Рухани білім қорын көкіректе молынан жинауда адам баласы уайымсыздық, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, қайғыға салыну, құмарға берілу секілді ой кеселдерінен аулақ болғанға не жетсін! Демек, ғұлама айтқандай, естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісінің өзі де есті боларына құлақ қояр болсақ, жоғарғыдай ақиқатты негізге ала жасалған тұжырымдар Абай сынды кеменгердің тұлға көкірегіне рухани сәуле түсіруші, көңіліне сенім ұялатушы екендігі тұрғысындағы түйін түюге жетелері анық. Олай болса, сөзсіз Абай мұрасы – рухани кемелділік өзегі секілді қасиетті құндылық көзі.

Ғұлама Абай бүгінгі жаңа ұрпақтың рухани білім қорының мол болуын қалайды. Бұл ретте рухани кеменгер айтады: *Сезгейсің, «жастықта көкірек зор, уайым жоқ».* Десек те, *«жүректі қозғайтын жастықтың оты емес пе?!»* Асылы, *«надан ел қуанбас нәрсеге қуанады, ұялмас нәрседен ұялады».* Біле білсек, *«үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек».* Сол сияқты *«күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: олар – надандық, еріншектік, залымдық».* *«Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі содан шығады».* *«Адам баласының ең жаманы – талапсыз».* *«Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас».* *«Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп адам саумақ – өнерсіз иттің ісі».* *«Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыт болады».* *«Көрсеқызарлықпен, жеңілтектікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады».* Олай болса, *«қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме; қызық келсе қызықпа, оңақаққа ерме»* деп [5,109 - 120]. Мықты болсаң, ойланбай гөр!.. Ойланбақ түгілі, жаның жай тауып қалары сөзсіз! Бұл құбылысты рухани білімнің сіздің көркірегіңізге сәуле кейпінде еніп ұялауы тұрысында қабылдайсыз.

Абай дананың сіз бен біз тамсана оқыр бір дәмді сөзі *«бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен: елбасы, топбасыларына тоқтай білетіндігі мен намысқойлығы»* тұрғысында өріледі. Сәйкесінше Абай данышпан бүгінгі намысқой, дұрыс сөзге құлақ қояр жаңа ұрпақ өкілдерінің бойына рухани азық болар білім қазынасының молынан қорлануына бірден-бір алғышарт іспетті қасиетті де қастерлі кешенді дағдылар тізбегін ұсынады. Бұл саптағы ойларды қызыға, беріле, көкірегіңе бекіте оқисың, гибраттана, тұшына, ынтамен ұғуға тырысасың, оқу барысында бірнеше қайтара ойланып, көңіліңе бекітуге ұмтыласың, оқу үстінде ойға келген кеселді нәрселерден қашық болуды жөн көресің... Бұл ретте ой ұстасы Абай айтады: *Ұққайсың, әр кез жадында ұстагайсың, «Үміт ұзу – қайратсыздық».* *«Іисем, жесем, ұйықтасам – тән құмары, Білсем, көрсем, үйренсем – жан құмары».* *«Адамға ақыл керек, іс керек, мінез керек».* *«Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол».* *«Қолдан келмес іске ұмтыл, азат басың болсын құл».* *«Мақтан құма, керек құ».* *«Мақтау – жел сөз».* *«Жақсы сөз жалын мен оттан жаралады».* *«Тұрлаусыздың қолынан түк келмейді».* *«Ұйқылы-оюу ұқпай жатып жалығады».* *«Ойынға ойсыз құмар».* *«Пайда ойлама, ар ойла».* *«Арлану – ақылдының ісі».* *«Кекиіл болма, көпшіл бол»* деп. Ақырында Ұлы Дала данышпаны: *«Өсек, өтірік, мақтанишақ, Еріншек, бекер мал шашпақ – бес дұшпаның, білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым ойлап қой – бес асыл іс, көнсеңіз»,-* деп түйіндейді [5,109 - 120]. Бұлар – рухани бай адамның бойында болуы тиіс қасиетті де қастерлі толық тұлғаға тән адами биік дағдылар.

Абай дана бүгінгі жаңа ұрпақты иманды болуға баулиды. Абай айтады: *Қағида тұтқайсың, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас».* «Адамзат – бүгін адам, ертең – топырақ». «Өмірдің алды – ыстық, арты – суық».

«Иман – парыз». «Иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын керек». «Имансыздың сыртын қанша жусаң да, іші оңбайды». «Құдайшылық – жүректе. Қалпыңды таза сақта!» «Құдайдан қорық, пендеден ұял: балаң бала болсын десең, оқыт, мал аяма!» «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; Адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң – Алланың сүйген құлының бірі боласың». «Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп еңбек қылсаң, қара жер де құр тастамайды» деп [5,109 - 120].

Қысқасы, Абай ілімі – күллі адамзатқа ортақ рухани ілім. Абай мұрасы – адамзатқа қажетті асыл қазына. Бір ғажабы, осыншама баға жетпес рухани нұрдың қадір-қасиетін тани білген ұлттың текті тұлғалары сапынан Мұхтар Әуезов абайтану ғылымының іргетасын қаласа, Әлихан Бөкейханов тұңғыш рет сонау «Семипалатинский листок» газетінде Абай дүниетанымына барлау жасаса, Ахмет Байтұрсынұлы *«Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек»* деген. Ұлт саңлақтарының бірі Міржақып Дулатов: *«Бәлки, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы айтқан жарық жұлдыз – Абай»,* - десе, рухани биік деңгейлі ақын Мағжан Жұмабаев: *«Шын хакім, сөзің асыл баға жетпес, Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес»,* - деп, ақын болмысын жоғары бағалаған. Қазақ әдебиеттану ілімінің тұңғыш профессоры Қажым Жұмалиев Абайтану ғылымының алғашқы сара да дара жолын бастап берген-ді. Ал бүгінгі ХХІ ғасырдың ғалым тұлғасы, қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков айтады: *«Абайды қалай мақтасақ та, қалай мақтансақ та соған лайық қайраткер. Шын мәнінде Абай – өзінің атасынан кемеңгер, анасынан дана болып, еліне пана болып жаратылған, өз заманынан озық туған гұлама. Халқының мұңшысы, ұлы ақыны. Қазақ үшін дертті болған, сол дерттен айға алмай, жан-жарасы жазылмай кеткен, кеудесі қайғы мен қасіретке толған қазақ тарихындағы ең трагедиялық тұлға. Өз ұлтын өркендеген өнегелі елдердің қатарында көруді көкसेген ойшыл еді. Қазақ қоғамы, оның болмысы мен келешегі туралы соншама терең толғанған, ұлтының табиғатын, жаратылысын дәл таныған, елі үшін күйіп-піскен, азатқа да түскен, қасірет шеккен, қазақтың кемшілігін жанға батырып, бүкпесіз ашық айтқан Абайдан асқан тірі пенде болған жоқ»* деп [6,3].

Демек, Абайдың рухани мұрасын меңгеру – бүгінгі заманауи өзекті мәселе. Біздіңше, Абайдың рухани мұрасы тұлғаның тағдырын өзгертеді. Абайдың рухани мұрасы – тұлғаны түзетудің, тұлғаны түлетудің тұғыры. Ұлттың ұлы ұстазы Абай сынды гұламаның озық шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы айтпай ма: *«Ойыңды түзе, сөзіңе айналады. Сөзіңді түзе, ісіңе айналады. Ісіңді түзе, әдетіңе айналады. Әдетіңді түзе, мінезіңе айналады. Ал мінезің – сенің тағдырың»* деп. Олай болса, рухани кемелділік жолыңда ойымыздың у болмауын, сөзіміздің су болмауын, үмітіміздің бу болмауын тілелік! Ол үшін Абайды оқиық! Иә, қазақ халқының біртуар дүлдүл ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың *«Абайды оқы, таңырқа, басыңды шайқа!..»* дегеніндей, Абайды таңырқай тамсана оқылық, сүйсіне оқып басымызды шайқалық! Жаңа жас буынды осыған баулылық!

Әдебиеттер:

1. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласы // «Egemen Qazaqstan» газеті, №5, 9 қаңтар 2020 ж., -1-2-б.б.
2. Абай – рухани реформатор. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласы // «Egemen Qazaqstan» газеті, №150, 10 тамыз 2020 ж., 1-2-б.б.
3. Абай. Қара сөз. Книга слов. Алматы: Атамұра, 2016. - 200 б.
4. Абай энциклопедиясы (*Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев*). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995.-720 бет.
5. Қазақ афоризмдері (*Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін*). Құрастырушы *Е.Шаймерденұлы*. Алматы: «Алматыкітап» баспасы, 2012. – 320 б.
6. Жолдасбеков М. Тарихи-тәрбиелік маңызы зор // «Egemen Qazaqstan» газеті, №6, 10 қаңтар 2020 ж., -3-б.
7. Омаров Д. Абайдың рухани мұрасы. – Алматы: «Ел - шежіре» баспасы, 2007. -264 б.
8. Қыдыршаев М.А. Абай – өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы // «Өркен» газеті, №1, 31 қаңтар 2020 ж., 11-б.
9. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (*Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары*). Оқу құралы. Орал, 2017. - 364 б.
10. Қыдыршаев А.С., Қыдыршаев М.А. Абай сөзі – құндылық сөзі // «Ғылым және білім – 2020» атты I Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. «Bilim okenieti» ұлттық-инновациялық ғылыми-зерттеу» орталығы. Нұр-Сұлтан, 2020. -114 -118 -б.б.
11. Қыдыршаев А.С., Қыдыршаев М.А. «Қолдан келмес іске ұмтыл, азат басың болсын құл» (*Жаңа ұрпақты Абайдың рухани мұрасына баулу мәселесі хақында*) // Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы Абай мұрасы – өскелең ұрпақты рухани жаңғыртушы әлеует» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы материалдары. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО. 17 сәуір 2020. – 16-21 - б.б.

12. Қыдыршаев М.А. Естілердің қатарында болғың келсе... // «Өркен» газеті, №7, тамыз 2020.- 7-б.
13. Қыдыршаев А.С., Қыдыршаев М.А. Адамзаттық Абайдың рухани әлемі – құндылықтар тұнбасы // «Абай және адамзаттық гуманизм» тақырыбындағы халықаралық форум материалдары. Назарбаев университеті. Нұр-Сұлтан қаласы, 2020.-45-51-б.б.

УДК 374.3 (574)

МЕТОДИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ А.БАЙТУРСЫНОВА КАК ОСНОВА ОТЕЧЕСТВЕННОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

Панищева О.А.

магистр педагогических наук, преподаватель
кафедры дошкольного и начального образования
Западно-Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова
e-mail: olga.panichsheva@mail.ru

Глухарева Т.

Студент 3 курса, группы ПиМНО-32
Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова
e-mail: glukhareva15.12.01@gmail.com

Аңдатпа:

Мақала ХХ ғасырдың басындағы көрнекті қайраткер Ахмет Байтұрсынұлының мол мұрасының ұлттық білім беру жүйесіндегі әдістемелік мұрасын зерттеуге арналған. Ол бүкіл саналы ғұмырын туған халқының рухани жаңғыруы жолындағы күреске арнаған Қазақстанның империялық даму кезеңіндегі әйгілі тұлғалардың бірі.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінің қазіргі отандық білім берудегі маңызы орасан зор. Ұрпағына мол мұра қалдырып, бүгінгі таңда оның ғылыми-әдістемелік еңбектері білім беру жүйесінде оқыту әдістемесінде кеңінен қолданылуда. Жаңартылған білім беру жүйесіне көшудегі Ахмет Байтұрсынұлының маңызы ерекше атап өтіледі.

Кілт сөздер: зиялы қауым, алаш рухани мұрасы, ғалым, ұстаз, қазақ халқы, тәуелсіз Қазақстан, сапалы білім, жаңартылған білім жүйесі, жаңашыл педагогикалық идеялар, әдістемелік мұра.

Аннотация:

Статья посвящена вопросам изучения методического наследия в отечественной системе образования богатейшего наследия выдающегося деятеля начала ХХ века Ахмета Байтурсынова. Он один из известных личностей имперского периода развития Казахстана, всю свою жизнь посвятивший борьбе за духовное возрождение родного народа.

Значение трудов А. Байтурсынова для современного отечественного образования огромно. Он оставил богатое наследие своим потомкам и сегодня в системе образования широко используются его научно-методические труды в методике преподавания. Подчеркивается значимость Ахмета Байтурсынова при переходе на обновленную систему образования.

В данной статье рассмотрены вопросы воспитания и обучения, которые были отражены в трудах Ахмета Байтурсынова. Инновационные педагогические идеи А. Байтурсынова актуальны для современного образования. Также в статье говорится о том, что качественное образование является основой индустриально - инновационного развития Казахстана.

Ключевые слова: интеллигенция, алаш духовное наследие, ученый, педагог, казахский народ, независимый Казахстан, качественное образование, обновленная система образования, инновационные педагогические идеи, методическое наследие.

Abstract:

The article is devoted to the study of the methodological heritage in the national education system of the richest heritage of the outstanding figure of the early twentieth century Akhmet Baitursynov. He is one of the famous personalities of the imperial period of development of Kazakhstan, who devoted his whole life to the struggle for the spiritual revival of his native people.

The significance of A. Baitursynov's works for modern domestic education is enormous. He left a rich legacy to his descendants and today his scientific and methodological works in teaching methods are widely used in the education system. The importance of Akhmet Baitursynov in the transition to an updated education system is emphasized.

This article discusses the issues of education and training, which were reflected in the works of Akhmet Baitursynov. A. Baitursynov's innovative pedagogical ideas are relevant for modern education. The article also says that quality education is the basis of industrial and innovative development of Kazakhstan.

Keywords: intelligentsia, Alash spiritual heritage, scientist, teacher, Kazakh people, independent Kazakhstan, quality education, updated education system, innovative pedagogical ideas, methodological heritage.

Введение

Формирование новаторских педагогических идей в Казахстане связано с именем Ахмета Байтурсынова, поднявшего и обдумавшего трудности начальной школы, педагогической печати, системы высшего образования, совершенствования содержания, методов и форм обучения, духовно-эстетического воспитания. подрастающего поколения. Эти проблемы актуальны, так как система образования Казахстана сегодня ориентирована на мировое образовательное пространство. Борец и гуманист, он призывает к созданию бесплатной школы, школы обучения на родном языке, достойной воспитать настоящего гражданина своего Отечества. В статье «Образование по-казахски» А. Байтурсынов, мечтавший видеть свой народ образованным, пишет: «Как ни богаты люди, не стремящиеся к образованию, через некоторое время их богатство перейдет в руки более цивилизованных народов».

И в то же время, понимая, что время не стоит на месте, что грядут интеграционные процессы в различных сферах общественно-политической, социокультурной, экономической жизни страны, призвал к приобщению к культурным ценностям европейских народов, брать с них пример, вкладывать деньги в образование, науку, издавать книги. «Люди, впитавшие в себя основы науки и практические знания, будут умны, богаты и сильны», — писал, А. Байтурсынов в начале XX века и не потеряли своей актуальности в настоящее время, вся образовательная система страны работает над обновлением содержания образования, что включает в себя пересмотр модели среднего образования, его структуры, содержания, методов и подходов обучения и воспитания, внедрение принципиально новой системы оценивания достижения учащихся. А. Байтурсынов, всесторонне проникавший в сущность и специфику учительской профессии, писал, что «самое главное для школы — это профессиональная педагогика, методические приемы, учитель, умеющий учить детей»-данные слова великого просветителя казахского народа имеют особое значение сегодня, когда школы в республике переходят на обновление содержания образования, что предполагает реализацию главной цели школьного образования - повышение педагогического мастерства учителей и внедрение система критериального оценивания[1].

Педагогические идеи Ахмета Байтурсынова и обновленное содержание образования.

Педагогические размышления А.Байтурсынова сегодня считаются важными, ведь в Казахстане формируется новая система образования, ориентированная на мировое образовательное пространство, будучи истинным воспитателем своего народа, Ахмет Байтурсынов предложил приобщиться к ценностям европейских народов, брать с них пример – вкладывать средства в образование, науку, издавать книги. «Народ, впитавший в себя основы науки и практические знания, будет умным, богатым и сильным в 21 веке?» Основные ценности и цели образования, сформулированные в Государственном стандарте общего среднего образования Республики Казахстан, направлены на повышение общего уровня образования выпускников школ, развитие навыков, необходимых для внедрения инноваций и лидерства, развитие национальной идентичность через призму содержания школьного образования с учетом мирового опыта.

Основными мировыми тенденциями формирования в системе образования являются:

- форсирование темпов формирования сообщества;
- переход к постиндустриальному, информационному обществу, увеличение масштабов межкультурного взаимодействия;
- появление и рост массовых вопросов, которые могут быть решены в результате международного сотрудничества;
- демократизация общества;
- активное развитие экономики, усиление конкуренции;
- рост значимости человеческого капитала.

Наше развивающееся государство, все решительнее заявляющее о себе на международном уровне, не может оставаться вне влияния этих тенденций, так как одной из важнейших проблем нашего общества является развитие конкурентоспособной личности, готовой не только жить в меняющихся социально-экономических условиях, но и активно влиять на них, меняя все к лучшему.

Обновление содержания образования,это, прежде всего пересмотр самой модели среднего образования, его структуры, содержания, подходов и методов обучения и воспитания, внедрение принципиально новой системы оценивания успеваемости учащихся.

Необходимо отметить глубокое проникновение Байтурсынова в суть и специфику учительской профессии. По его суждению, «самое главное для школы — это профессиональная педагогика, методические приемы, учитель, умеющий учить детей» — эти слова выдающегося педагога сегодня имеют особое значение, так как обновление содержания образования в Республике Казахстан ставит перед собой основную задачу: повышение педагогического мастерства учителей и внедрение системы критериального оценивания [2].

Учебная программа начальной школы включена в процесс обновления, это может помочь учащимся развить навыки, связанные с чтением, письмом, разговорной речью, решением проблем, исследованиями и справочными материалами, подразумевается, что у учащихся будет формироваться представление, исходя из каждого направления предметной образовательной программы для начальной школы, чтобы в дальнейшем они могли обобщать и применять эти знания в других ситуациях. По этой причине студенты должны научиться адаптировать свои знания к любой ситуации и уметь решать любые сложные проблемы, с которыми они могут столкнуться в будущем.

Педагог сегодня должен в высокой степени владеть рядом компетенций: специальной компетентностью (умением работать непосредственно в профессиональной деятельности на достаточно высоком уровне и проектировать свое последующее профессиональное развитие); социальная компетентность - совместная (коллективная, групповая) профессиональная деятельность; образовательная компетентность (заинтересованность в овладении профессиональными знаниями, умениями и навыками), а также информационная, коммуникативная, компетентность, при этом учитель должен уметь:

- выражать цели обучения для достижения результатов;
- создать учебный процесс, организовать усвоение учебного материала;
- подготавливать учебные материалы в соответствии с учебными целями;
- использовать потенциал информационной среды для образовательного процесса;
- создать атмосферу для опережающего развития учащихся;
- создать атмосферу психологического комфорта и поддержки;
- подготовить учащихся к самообразованию, самоопределению и самореализации;
- оценивать текущие результаты, направленные на достижение поставленных целей.

Методический вклад Ахмета Байтурсынова в отечественную систему образования.

Ахмет Байтурсынов – выдающийся государственный и общественный деятель, просветитель, педагог, поэт, публицист, ученый, реформатор, языковед, патриот, он один из замечательных представителей алашской интеллигенции, оставивший огромное и необъятное наследие. Многочисленные его работы посвящены вопросам образования, воспитания и подъема культурного самосознания казахов.

В девятнадцатом и начале двадцатого веков нововведения Российской империи в Казахстане привели коренное население к обнищанию, а его культурное развитие к застою. Установлено, что в закон 1868 г. вводились следующие разделы: «Об управлении духовными делами киргизов» и «О школах в степи». Реформа определила права и обязанности мулл в степных районах Казахстана, степень их подчинения царской администрации, установила порядок строительства мечетей. Для получения права «обучения местных жителей грамоте и обучения при мечетях» муллы по закону должны были получить «разрешение уездного начальника». Кыргызские общества были обязаны содержать мечети, школы при них и мулл.

На устройство и содержание светских школ, в отличие от мусульманских, выделялись «особые суммы», которые распределялись «по уездам по местной потребности для развития школ». «Программа занятий в школах» утверждалась генерал-губернаторами по согласованию с Министерством народного просвещения, подготовкой учителей в школах руководили чиновники уездной и областной администрации. Общий контроль над образованием осуществляло Министерство народного просвещения, такие условия были созданы царской Россией в развитии системы образования казахского населения. Поэтому понятны поиски Ахмета Байтурсынова и алашской интеллигенции в решении вопросов образования и воспитания казахов, работа, начатая в период нахождения Казахстана под властью Российской империи, была продолжена в советское время.

Ахмет Байтурсынов, будучи сам школьным учителем, затем преподавателем школ и вузов Казахстана, помимо понимания законов государства, прекрасно понимал причины кризиса мусульманского образования и возможности развития русского образования в Степной край, значительная часть его работы посвящена организации школьных и университетских дел для родного народа. Он был уверен, что для благополучия и процветания казахов необходимо улучшить воспитательную и воспитательную работу подрастающего поколения.

Установлено, что Ахмет Байтурсынов был главным редактором казахской газеты, которая была наиболее доступной для простых граждан и публиковала статьи по животрепещущим вопросам казахского народа. По этой причине непосредственно здесь публиковались его труды, связанные с воспитанием казахских детей, открытием школ и обеспечением их необходимыми принадлежностями, а также подбором кадров и организацией учебы. Например, в статье «Бастауыш мектеп» он писал: ««Бастауыш мектептер жалғыз үкімет пайдасы үшін болмай, халық пайдасы үшін де боларға керек». Признание некоторых из них необходимо для культурного развития народа: предоставление государством возможности каждому этносу сохранять свой язык, письменность и религию, такие задачи, как государственность, народность, православие как приоритетные и неизменно следовали этому курсу [3].

Ахмету Байтурсынову также принадлежат статьи: «Оқу жайы», «Орысша оқушылар», «Қазақша оқу жайынын», «Мектеп керектері», «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» и др.

Основная мысль в данных трудах, на наш взгляд, наглядно высказана великим учителем следующим образом: «Балам» деген жұрт болмаса, «Жұртым» дейтін бала қайдан шықсын? «Балам» деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін «Жұртым» деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой». Затем, он продолжает: «Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең, құл болмақшы»

Будущее принадлежит молодому поколению, по этой причине А. Байтурсынов считал, что забота и удовлетворение желающих учиться, стать высокоинтеллектуальными личностями, способными трудиться на благо своего народа, необходимо всячески поддерживать-материально и морально.

Выдающийся деятель Алаша является автором термина «Ана тілі» («Родной язык» – Материнский язык), по этой причине очевидно его беспокойство и тщательная работа по созданию условий для обучения на родном языке. Он является автором «Әліппе» («Букварь») и первых учебников на казахском языке. Так, увидевший свет в 1914, 1915, 1925 годах учебник «Тіл-құрал» состоит из трех частей, что соответствовало трех годичной системе обучения. В первые годы независимости нашей страны «Тіл-құрал» был снова издан с комментариями известного ученого, академика Р. Сыздыковой, что подтверждает значимость учебника в то время и сейчас.

Үйрену мақсаттары: Композициялық эскиздер жасаңыз. Объектіні пропорционалдық қатынастарды ескере отырып форматта орналастырыңыз. Суреттің сызықтық-конструктивтік құрылысын орындаңыз. Пішіннің кесінді үлгісін жасаңыз. Тапсырманы қорытындылаңыз және орындаңыз.

Бағалау критерийлері: әрбір аяқталған кезең үшін ең көп ұпай саны 20, жалпы орындалған жұмыс үшін 100 ұпайға дейін.

«Қанағаттанарлық» деген баға бойынша жалпы ұпай саны – 41-71 (қателер жіберілген немесе тондық шешім толық орындалмады),

«Жақсы» бағаға – 72-85 балл (жұмыс) болмашы қателермен толтырылған) «өте жақсы» бағасы үшін – 86-100 жұмыс толық орындалған шағымдар.

Тапсырманы орындау кезеңдеріндегі ескерілетін ережелер: Сурет объектісін қарап шығу және талдау. Шағын далада текше контурын фронтальды және бұрыштық перспективада бейнелеу үшін өлшемдерін нақтылау. Фронталь және бұрыштық перспективадағы текше. «Әртүрлі көзқарастардан және көкжиек сызығына қатысты әртүрлі позицияларда орындау. Кубтың сурет салу ережесіндегі кеңістіктегі орнын анықтау. Бұрыш туралы шешім қабылдау. Нысана көкжиек сызығында болуы мүмкін суреттің орнына байланысты одан жоғары немесе төмен болуы және натюрморттың орнығуы» [4,11].

Келесі кезең парақтың композициялық шешімі болып табылады. Сурет салу кезінде қағазға бұйымның композициясын, оның орнығу құрылымын, бейнеленген масштабты дұрыс шешу объектілерін және олардың орналасуын сауатты орындау өте маңызды. Суреттің қағазға орналасу балансы нысанадағы оқу сызбасының макетіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Барлығы объектілер үш өлшеммен сипатталады, ені, ұзындығы және биіктігі. Көлемі, шамасы, формасы – негізгі нысанның геометриялық мәні, олардың сыртқы түрі мен сұлбасын сипаттайды. Әрі қарай суреттің пропорцияларды анықтаймыз. Әрқашан нәтиже бермейтін объектінің пропорцияларын дәл анықтау - бұл суретшінің көзіне, қабілетіне, іскерлігіне байланысты, педагогика табиғат арқылы сурет салудың үздіксіз даму процесін талап етеді. «Пропорциялар - кескіндемедегі бұйымның бөліктері бір-біріне үйлесімді және байланысты болуы шарт. Пропорциялар неғұрлым сауатты, ережелеріне дәл болса, сол құрлым нәтиже өте жақсы болады. Ең алдымен сурет нысанының пропорцияларын анықтау, содан кейін алдыңғы тік жиекті қолдану, текшенің биіктігін, көлемін анықтау, көлденең жиектердің еңістерін және тік жиектерінің биіктігін сызу фондық режим тәртібіне жатады» [5,66].

Тігінен алынған кең ашық бетті бейненің көлбеу бұрышы, терең жиектері, көлденең бетке қарағанда өте жұмсақ, айтарлықтай қысқарады. Текшенің көлденең беті көкжиек сызығына неғұрлым жақын болса, соғұрлым бейне түсірілімдер көп болады. Текшенің пішінін жақсырақ жеткізу үшін көзге

көрінбейтін жиектер мен кескіш жазықтықтарды салу, текшенің ауалық ортасын табу керек. Кез келген заттан түсетін көлеңкені салу үшін оның орнын, жарық көзін анықтаймыз және оның жазықтықтағы проекциясы нақтылап алуымыз керек. Жазықтықтағы проекциялық сәулелерді көрінетін көлеңке шекарасынан көру арқылы анықтау оңай, оларды жарық көзінен горизонталь жазықтыққа перпендикулярға дейін ұзарту арқылы. Әрі қарай көлеңке жазықтығын анықтап, жарық көзінен түсетін сәулелер мен жазықтықтағы проекцияны байланыстыру, көлеңкелі жазықтықтың шығыңқы нүктелерін белгілеу, нақтылау қажет. Құлап тұрған созылмалы көлеңке салу. Хиароскуро - бұл заттардың беттері жарық пен көлеңкенің әртүрлі адамдарға таралу заңдары жарықтандырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ. Сурет бұйымның көлемді пішінді жақсырақ ашуға мүмкіндік беретін пән. Заттың жарық сәулелері түспейтін бөлігінде өзінің көлеңкесі пайда болатындығын көрсете білетін пән.

Текшеден көлеңке салу. Заттың жарықтандырылған бөліктері жазықтыққа көлеңке түсіріп, тұйық қараңғы «көлеңке» құрайды. Рефлекс жарықтандырылған жазықтықтың объектіге немесе оған шағылысуының әсерінен пайда болады. Бұйымның артында жарық түсіретін құралдың орнында Рефлекс пайда болса ол жерде негізгі көлеңкенің әлсіреуіне әкеліп соғады. Осы себепті, көлеңкелердің түйіскен жерінде оның өзі көлеңкені әлсіз қылып көрсетеді. Ең үлкен жарықтандыру объектінің бетінде жарық сәулелеріне перпендикуляр болады. Бетінде текшенің жарықтан көлеңкеге өту процесіне ұқсайды.

Әдебиеттер

1. Бесшапошникова, Ю.А. Особенности дистанционной формы обучения будущих специалистов церковно-исторической живописи [Электронный ресурс] / Ю. А. Бесшапошникова. – Электрон. текстовые дан. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/opyt-sozdaniya-informatsionnyh-resursov-i-perspektivyispolzovaniya-informatsionnyh-tehnologiy-v-dovuzovskom-arhitektturnom/viewer>
2. Змеев, М. В. Дистанционное обучение в программной среде Moodle: от урока до курса [Текст]: учебное пособие для учителей и преподавателей/ М.В. Змеев, Р.Р. Камалов, А.И. Макурин . – Глазов: АНО Центр НИОКР «Универсум», 2018. – 118 с.: ил.
3. Кравченко Г. В. Работа в системе MOODLE: руководство пользователя: [Текст]: учеб. пособие / Г. В. Кравченко, Н. В. Волженина ; АлтГУ. - Барнаул: Изд-во АлтГУ, 2012. - 116 с.
4. Топчий И. В., Опыт создания информационных ресурсов и перспективы использования информационных технологий в довузовском архитектурном образовании [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/opyt-sozdaniya-informatsionnyh-resursov-i-perspektivyispolzovaniya-informatsionnyh-tehnologiy-v-dovuzovskom-arhitektturnom/viewer>
5. Moodle. Материал из Википедии – свободной энциклопедии [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://ru.wikipedia.org/wiki/Moodle>.

ӘОЖ 330.33 (574.1)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІҢ КЕҢІСТІКТІК ДАМУЫНЫҢ ФАКТОРЛАРЫ МЕН АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

З.Ғ.Адиетов

Магистрант, 7М01510 «География» білім беру бағдарламасы
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
e-mail: Zamanbek.adietov@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысының шағын кәсіпкерліктің кеңістіктік дамуының факторлары мен алғы шарттарының талдауы жасалынып, соның негізінде аймақтық даму деңгейі талданып, аймақ экономикалық жетілдірудің негізгі бағыттары мен жолдары айқындалды. Жұмыстың нәтижесі – Батыс Қазақстан облысының шағын кәсіпкерліктің даму аспектілері туралы жаңа салыстырмалы ғылыми ақпараттар алына отырып, аудандардағы шағын кәсіпкерліктің дамуына әсер ететін факторлар анықталды.

Кілт сөздер: Шағын кәсіпкерлік, халық, аудан, инвестиция, фактор, капитал.

Аннотация. В данной статье анализируются факторы и предпосылки пространственного развития малого бизнеса в Западно-Казахстанской области, на основании чего анализируется уровень развития региона и выделяются основные направления и пути экономического развития региона. Результатом работы стало выявление факторов, влияющих на развитие малого предпринимательства в районах, получение новой сравнительной научной информации по аспектам развития малого предпринимательства в Западно-Казахстанской области.

Ключевые слова: Малый бизнес, население, площадь, инвестиции, фактор, капитал.

Annotation. This article analyzes the factors and prerequisites for the spatial development of small businesses in the West Kazakhstan region, on the basis of which the level of development of the region is analyzed and the main directions and ways of economic development of the region are highlighted. The result of the work was the identification of factors influencing the development of small business in the regions, obtaining new comparative scientific information on aspects of the development of small business in the West Kazakhstan region.

Key words: Small business, population, area, investments, factor, capital

Бүгінгі таңда еліміздегі шағын бизнесті дамыту жолындағы кедергілер жойылып келеді. Шағын кәсіпкерлік әлі іске жаратылмаған әжептәуір қаржы – қаражаттарын тиімді жұмылдыратын басты құралдардың бірі болып табылады. Шағын кәсіпкерлік бәсекені қалыптастыруда айтарлықтай үлес қосады, бұл кез келген мемлекеттің жоғары деңгейінде монополиялық экономикасы жағдайында бірінші кезекте тұратын маңызды ерекшеліктерінің бірі. Шағын кәсіпкерлік халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуде үлкен рөл атқарады. Өнеркәсібі дамыған елдерде оның үлесіне барлық жұмыспен қамтамасыз етілгендердің 50-60% және жаңа жұмыс орындарының 70-80 % келеді. Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Ол тек қана тұтыну сферасында емес, сонымен қатар кейбір бөлек механизмдерді шығару жағдайында немесе полуфабрикаттар өндіріп негізгі басты өндірісті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері жеке адамдар болуы да мүмкін. Шағын кәсіпорын барлық халық шаруашылық салаларында жұмыс істейді. Ол қызметтер бір немесе бірнеше түрде болуы мүмкін. Бірақ ескертетін жағдай кейбір тауарларды шығару, қызмет атқару тек мемлекеттік кәсіпорынға жүктеледі, ал кейбір тауарларды өндіру үшін арнайы рұқсат керек етеді.[1]

Кеңістіктік даму субъектісі ретінде шағын кәсіпкерлік төмендегідей әлеуеттерге ие:

1) әлеуметтік-саяси әлеует – қоғамды әлеуметтік қайта құру және «орта тапты» қалыптастыру процесінде шағын кәсіпкерліктің маңыздылығының артуы, оның еңбек нарығындағы жағдайды жақсартудағы, қоғамның поляризациясының тенденцияларының алдын алудағы белсенді рөлі; азаматтардың іскерлік қасиеттерін көрсету, халықтың нақты табыстарының өсуі;

2) бейімделу әлеуеті – шағын кәсіпкерліктің субъектілерінің қатал, жиі өзгеретін қоршаған орта жағдайларына бейімделуі, нақты тұтынушылар топтарының қажеттіліктері негізінде жылдам қайта құрылуы, нарықтың жаңа сұраныстарын жылдам игеру, салыстырмалы түрде төмен капитал мен ағымдағы шығындармен бәсекеге қабілетті өндірістерді құру мүмкіндігі;

3) өңірлік даму әлеуеті – шағын кәсіпкерліктің аймақты қайта құрылымдауға өз үлесін қосу, аумақтардың экономикалық даму деңгейлерін үнемдеу және теңестіру, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін жергілікті нарықтарға бағыттап отырып, тиісті деңгейдегі жұмыспен қамтылған халықтың кірістерінің өсуін қамтамасыз ету;

4) инновациялық әлеует – ғылыми-техникалық, технологиялық, ұйымдық-экономикалық жаңалықтарды өз бетінше өндіру және игеру және оларды салыстырмалы түрде төмен бастапқы шығындармен коммерциялық пайдалану мүмкіндігі;

5) интеграциялық әлеует – шағын кәсіпкерліктің субъектілерінің саяси, әкімшілік және экономикалық тосқауылдарды еңсеру, үзілген кооперативтік байланыстарды қалпына келтіру және жаңа кооперативтік байланыстарды қалыптастыру, ірі шаруашылық жүргізуші субъектілердің қатысуымен, оның ішінде қаржылық қолдау шеңберінде тұтас өндірістік және технологиялық кооперативтік жүйелерге интеграциялану мүмкіндігі.

6) мультипликаторлық әлеует – шағын кәсіпкерліктің субъектілерінің экономиканың басқа секторларының өніміне сұранысты қалыптастыруды қамтамасыз ету, сол арқылы ұдайы өндіріс процесін, өндірістік қуаттарды пайдаланудың өсуін, сабақтас салалардағы прогрессивті жылжуларды ынталандыру мүмкіндігі;


7) кадрлық әлеует – шағын кәсіпкерліктің саласына жоғары білікті мамандардың белсенді ағыны.

Батыс Қазақстан облысының шағын кәсіпкерліктің кеңістіктік дамуына келесідей факторлар әсер етеді:

- Халықтың саны, тығыздығы
- Аудандардың аумағы
- Жұмыспен қамтылған адамдардың саны
- Орташа жалақы
- Негізгі капиталға салынған инвестициялар
- Жұмыс істеп тұрғандар заңды тұлғалар саны
- Өнеркәсіптік өнім (тауар, қызмет) өндірісінің көлемі
- Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы
- Құрылыс жұмыстарының көлемі
- Құндық көріністегі бөлшек сауда көлемі

Халықтың саны бойынша 2015 жылы Орал қаласы, Бөрлі, Бәйтерек аудандары алдыңғы орындарда. Осыған сай бұл аудандарда халықтың 50%- дан астамы шағын кәсіпкерлік салаларында жұмыс жасайтын адамдар болып табылады. Жұмыспен қамтылу бойынша төменгі көрсеткіштерге Қаратөбе, Казталов аудандары (45-46%) ие. 2020 жылға көз жүгіртсек Қаратөбе ауданы халқының жұмыспен қамту бойынша көрсеткішінің әлдеқайда жоғарылағанын көре аламыз (1-кесте).[2]

Аудан атауы	Халықтың орташа тығыздығы (1км2)		Жұмыспен қамтылған халықтың үлесі	
	2015 ж.	2020 ж.	2015 ж.	2020 ж.
Ақжайық	1,67	1,58	52,2%	52,6%
Бөкейорда	0,82	0,78	49,0%	52,0%
Бөрлі	9,80	10,10	56,7%	55,7%
Жаңақала	1,16	1,16	49,6%	50,1%
Жәнібек	2,04	1,95	52,5%	57,3%
Бәйтерек	7,63	8,04	51,1%	53,3%
Казталов	1,64	1,53	44,6%	48,1%
Қаратөбе	1,63	1,54	45,8%	50,3%
Сырым	1,68	1,55	52,6%	52,3%
Тасқала	2,12	2,05	51,2%	54,6%
Теректі	4,51	4,56	50,1%	50,6%
Шыңғырлау	2,13	2,01	53,4%	55,2%
Орал	1,37	1,53	45,3%	44,2%
БҚО	4,20	4,78	48,5%	48,5%



1 – кесте. Батыс Қазақстан облысының аудандарындағы халықтың орташа тығыздығы мен жұмыспен қамтылған халықтың үлесі.

Батыс Қазақстан облысының әрбір әкімшілік аудандарына тоқталатын болсақ, 2015 және 2020 жылдар аралығында негізгі капиталға салынған инвестициялар артқаны байқалады. Бөрлі және Бәйтерек аудандары ең жоғарғы көрсеткішке ие болса, ең төменгі көрсеткішке Ақжайық пен Қаратөбе аудандары ие болып отыр (2-сурет). Батыс Қазақстан облысы бойынша 2020 жылғы негізгі капиталға инвестицияның 80%-ы Бөрлі ауданы мен Орал қалалық әкімшілігінің аумағына тиесілі. Екінші орында 11,72%-бен Бәйтерек, Казталов және Теректі аудандары орналасады. Батыс Қазақстан облысы аумағының 70%-ын алып жатқан қалған 8 әкімшілік ауданның үлесіне негізгі қордың небәрі 8%-ы тиесілі. Ол өз кезегінде аталған 8 ауданда шағын кәсіпкерліктің нашар дамуына әкеліп соғады. Яғни, аудандардағы жұмыс істейтін заңды тұлғалар санына да өз әсерін тигізеді. Орал қаласы және Бәйтерек, Бөрлі аудандарында облыс бойынша барлық заңды тұлғалардың 81%-ы шоғырланған. [2]


2-сурет. Негізгі капиталға салынған инвестициялар (млн. тг)

Өнер кәсіптік өнім өндірісінің көлемі бойынша Бөрлі ауданы қалған аудандарға қарағанда айқын басымдылыққа ие 1 503 235 млн теңгені құраса, дәл осы көрсеткіш 2015 жылы 108 483 млн теңге болды (өсім 5 жылда 13 есе). Өсімнің бірден бір себебі Қарашығанақ мұнай-газ конденсат кен орнының орналасуы және де Бөрлі ауданына құйылған қомақты инвестицияның болуы. Екінші орында Бәйтерек ауданы 2020 жылы 115 642 млн тг, 2015 жылы 98 393 млн теңгені құрады (өсім 15%). Басқа аудандардан өнеркәсіптік өнім өндірісінің көлемі бойынша жоғары болу себебі: облыс орталығы Орал қаласымен шекаралас орналасуы, аумағында көптеген шағын кәсіпкерлік субъектілерінің орналасуы. Орал қалалық әкімшілігі, Бәйтерек, Бөрлі аудандары облысымыздан шығатын өнеркәсіптік өнім өндірісінің көлемінің 99%-ын құрайды.[2]


Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы бойынша барлық аудандардың көрсеткіші жақсы деңгейде. Сонда да Бәйтерек (47 031 млн тг.), Ақжайық (21 857 млн тг.) және Теректі аудандары (21 290 млн тг.) ерекше көзге түседі. 2015 жылмен салыстырғанда 53 % - ды құраған. Жоғарыдағы аудандардың жақсы көрсеткіш көрсетуінің бірден бір себебі шөбі шүйгін, суының мол болуының арқасында.

Құрылыс жұмыстарының көлеміне келсек Орал қалалық әкімшілігі мен Бөрлі ауданында барлық құрылысқа бөлінген қаржының 77 %-ы шоғырланған. Мұндай көрсеткіш өз кезегінде себеп-салдарлық байланыстың әсері болып табылады. Яғни, аудандарға инвестицияның аз бөлінуі өз кезегінде жүргізілетін құрылыстың, шығарылатын өнім құнының, шағын кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлғалардың санының аз болуының бірден бір себебі осы.

Дәрежелі баллдық бағалау әдісін пайдалана отырып аудандардың көрсеткіштерін есептедім. Көрсеткіштерді халық санына бөлу арқылы әр ауданның орташа баллын есептеп, кейін әр қайсының дәрежесі анықталды. Сол мәліметтерді пайдалана отырып карта жасалды. [3]



Шартты белгілер



3-сурет. 2015-2020 жылдары БҚО әкімшілік аудандарындағы шағын кәсіпкерлікті дамытудың негізгі факторлары мен шарттарының өзгеруі.

Берілген көрсеткіштерге жүргізілген типологияны пайдаланып жоғарыдағыдай карта жасалды (3-сурет). Картадан көретіміз Бөкей Ордасы, Ақжайық, Жаңақала, Қаратөбе, Қазталов аудандарында шағын кәсіпкерліктің дамуы өте төмен деңгейде. Жәнібек, Теректі, Сырым және Шыңғырлау аудандарында төмен көрсеткіш көрсетті. Тасқала ауданы орташа көрсеткіш көрсетсе, Бәйтерек ауданы

мен Орал қаласы жақсы нәтиже көрсетуде. Ал Бөрлі ауданының көрсеткіші өте жақсы болып шықты. Бұл дегеніміз Бөрлі ауданында кәсіп бастауға өте қолайлы жағдайлар әсер етеді деген сөз.

Өтпелі экономикада жаңа өркен жайған шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау үшін мынадай жағдайлар қажет:

-еркін бәсекені құру негізі ретінде шағын кәсіпкерлікті дамытудың кешенді мемлекеттік ғылыми негізделген бағдарламаларын жасау;

-оның дамуы мен қаржылық жеңілдіктер үшін қаржы базасын қалыптастыру (жеңілдетілген несиелер, жеңілдетілген салықтар, ақысыз сипатты жәрдем ақшалар);

-бағдарламада ғылыми-техникалық прогресстің басымдық бағыттарында шағын кәсіпкерліктің орны ерекше анықталуы керек;

-шағын бизнесті ұйымдастыруда, елдің әртүрлі аймақтарында шағын кәсіпорындардың арнайы орталықтары басты рөлде болуы керек;

-ірі және шағын бизнес ынтымақтастығының жүйесі негізінде, әсіресе сауда мен қызметтер саласында шағын бизнесті дамыту мақсатында ірі кәсіпорындардың ресурстарын тарту.[4]

Осылайша, 2015-2020 жылдардағы статистикалық ақпаратты талдау Батыс Қазақстан облысының өндірістік инфрақұрылымының дамуының оң үрдісін көрсетті. Шағын кәсіпорындарда жұмыс жасайтын адамдардың орташа жалақысы 48%-ға. Шағын кәсіпкерліктің дамуының оң үрдісі Батыс Қазақстан облысының барлық әкімшілік аудандарында байқалады. Алайда салыстырмалы экономикалық-географиялық талдау шағын кәсіпкерліктің аудандар бойынша өсу деңгейінің әртүрлілігін көрсетеді. Шағын кәсіпкерліктің өсімі салыстырмалы түрде 3 әкімшілік ауданда Казталов, Сырым және Тасқалада байқалады. Ең төменгі өсу қарқыны 4 әкімшілік ауданға Бөкей Ордасы, Жаңақала, Ақжайық және Қаратөбеге тән. Орал қалалық әкімшілігі, Бөрлі және Бәйтерек аудандарында көрсеткіштер өте жақсы деңгейде екенін көре аламыз. Бұл дегеніміз осы 3 аймақта шағын кәсіппен айналысуға, кәсіпкерлердің жұмысының алға жүруіне қолайлы деген сөз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вестник Бурятского Государственного Университета. / Бузов В.Ю. Малое предпринимательство в пространственном развитии региона, 205 г. – 78 с.

2. Управление статистики Западно-Казахстанской области: Статистический ежегодник области. г. Уральск, 2020 – 166 с. Отдел Экономики и финансов <http://stat.gov.kz>

3. Тенденции и приоритеты пространственного развития Западно-Казахстанской области / Имашев Э.Ж – Монография. Орал -2015ж. 34 б.

4. Батыс Қазақстан облысының негізгі қорлары: статистикалық жинақ (қазақ және орыс тілдерінде) / Бас ред. Б. Алимбаева. – Орал: Батыс Қазақстан облысының статистика департаменті, 2020. – 83 б.

ӘОЖ 911.37:373.2(574.1)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ АУМАҚТЫҚ САРАЛАНУЫНЫҢ ФАКТОРЛАРЫ МЕН АЛҒЫШАРТТАРЫ

Ақболат Н.

Магистрант,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

e-mail: nurkanatakbolat@gmail.com

Аңдатпа: Қазақстан аймақтары тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатының әлеуметтік сала мен адамдардың тіршілік іс-әрекеті жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін әлеуметтік инфрақұрылымның (соның ішінде мектепке дейінгі ұйымдар) аумақтық даму деңгейіне тікелей байланысты. Мектепке дейінгі ұйымдардың аумақтық желісін әлеуметтік-инфрақұрылымдық жүйенің элементі ретінде дамыту аймақтың қарқынды әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Халықтың жоғары білім деңгейіне жету барлық тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын мектепке дейінгі ұйымдар желісін құрмай және дамытпай мүмкін емес. Бірақ шаруашылық пен халықтың аумақтық ұйымдастырылуының ерекшеліктері мектепке дейінгі ұйымдар желісінің даму деңгейіндегі кеңістіктік асимметрияны анықтайды және соның салдарынан тұрғындарды мектепке дейінгі мекемелермен қамтамасыз етуде аумақтық айырмашылықтар көрінеді.

Кілт сөздер: әлеуметтік инфрақұрылым, Батыс Қазақстан облысы, мектепке дейінгі ұйымдар, аумақтық саралану, әлеуметтік-демографиялық фактор, экономикалық фактор.

Аннотация: Качество жизни и благосостояние населения регионов Казахстана напрямую зависит от уровня территориального развития социальной инфраструктуры (в т.ч. дошкольных организаций), которая обеспечивает эффективное функционирование социальной сферы и системы жизнедеятельности

людей. Развитие территориальной сети дошкольных организаций как элемента социально-инфраструктурной системы, является важнейшей составляющей динамичного социально-экономического развития региона. Достижение высокого уровня образования населения невозможно без формирования и развития сети дошкольных организаций, удовлетворяющая потребности всех жителей. Но особенности территориальной организации хозяйства и населения определяют пространственную асимметрию в уровне развития сети дошкольных организаций и как следствие проявляются территориальные различия в обеспечении жителей дошкольными объектами.

Ключевые слова: социальная инфраструктура, Западно-Казахстанская область, дошкольные организации, территориальная дифференциация, социально-демографический фактор, экономический фактор.

Annotation: The quality of life and well-being of the population of the regions of Kazakhstan directly depends on the level of territorial development of social infrastructure (including preschool organizations), which ensures the effective functioning of the social sphere and the system of people's life. The development of a territorial network of preschool organizations as an element of the social and infrastructural system is the most important component of the dynamic socio-economic development of the region. Achieving a high level of education of the population is impossible without the formation and development of a network of preschool organizations that meets the needs of all residents. But the peculiarities of the territorial organization of the economy and the population determine the spatial asymmetry in the level of development of the network of preschool organizations and, as a result, territorial differences appear in providing residents with preschool facilities.

Keywords: social infrastructure, West Kazakhstan region, preschool organizations, territorial differentiation, socio-demographic factor, economic factor.

Әлеуметтік-демографиялық және экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері – аумақтың әлеуметтік инфрақұрылымының даму факторлары болып табылады. Әлеуметтік-демографиялық даму адам болмысының өзінің мәнін, оның уақыт пен кеңістіктегі ұдайы өндірісінің шарттарын анықтайды, ал әлеуметтік-демографиялық сала мемлекеттік реттеудің негізгі басымдығы және пәні болып табылады [1]. Елдің белгілі бір аумағының әлеуметтік-демографиялық және экономикалық дамуының тиімділігі маңызды. А.В. Черепанованың айтуы бойынша аймақтық деңгейдегі аумақтың әлеуметтік-демографиялық дамуының тиімділігі – бұл шектеулі әлеуметтік-экономикалық ресурстарды тиімді пайдалану арқылы аймақта халықтың ұдайы өндірісінің оңтайлы процестері қамтамасыз етілетін әлеуметтік-демографиялық жүйенің осындай дамуы тиімді басқару, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жүйелердің синергетикалық өзара әрекеттесуі арқылы қол жеткізіледі [2]. Осыған сәйкес, ел аймақтарының әкімшілік аймақтарының әлеуметтік-демографиялық және экономикалық дамуы Қазақстанның мемлекеттік және аймақтық аумақтарының әлеуметтік-экономикалық жүйесінің қызмет етуінің тиімділігін анықтайды.

Батыс Қазақстан облысында (БҚО) географиялық, табиғи-ресурстық, әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлардың әсерінен Қазақстанның басқа аймақтарындағыдай әлеуметтік-демографиялық және экономикалық дамудың ішкі аймақтық ерекшеліктері көрініс табады. Әлеуметтік-демографиялық және экономикалық дамудағы аймақшылдық аймақтық саралау әкімшілік аудандар деңгейінде көрінеді. Осыған байланысты БҚО-ның жекелеген әкімшілік аймақтарының аймақтық әлеуметтік-демографиялық және экономикалық дамуы бойынша зерттеулер жүргізу маңызды мәселе болып табылады. Бұл әкімшілік аймақтардың әлеуметтік-демографиялық және экономикалық даму деңгейін аймақтық саралау ерекшеліктерін, тенденцияларын мен проблемаларын анықтау және БҚО-ның әлеуметтік-демографиялық және экономикалық саласын кеңістіктік дамытудың басым бағыттарын айқындау қажеттілігімен айқындалады.

Батыс Қазақстан облысы Қазақстанның батысында орналасқан 151,3 мың шаршы км алып жатыр (5,6% Қазақстанның аумағы). БҚО әкімшілік-аймақтық бөлінісі бойынша 12 аудан және 1 қалалық әкімшілік аймақтан тұрады [3].

Зерттеудің негізгі материалдары ретінде БҚО өңірлерінің 2005-2020 жылғы статистикалық жылнамалығы жариялаған статистикалық мәліметтерінен алынды.

БҚО-ның әлеуметтік-демографиялық және экономикалық дамуын зерттеу кезінде келесі негізгі статистикалық көрсеткіштер пайдаланылды: халық саны; халық тығыздығы; туудың жалпы коэффициенті; нәресте өлімінің көрсеткіші; аурухана төсектерінің саны; неке саны; ажырасулар саны; барлық мамандықтағы дәрігерлердің саны; орта медициналық персонал саны; бір жұмысшының орташа айлық атаулы жалақысы; жан басына шаққандағы негізгі капиталға инвестиция; жұмыссыздық деңгейі; негізгі қорлардың тозу дәрежесі; жан басына шаққандағы өнеркәсіп өндірісінің (тауарлардың, қызметтердің) көлемі; жан басына шаққандағы ауыл шаруашылығы өнімдерін (қызметтерін) жалпы шығару; жан басына шаққанда құндық мәндегі бөлшек сауда көлемі.

Зерттеу нәтижелері аналогия мен салыстыру, талдау мен синтез, ғылыми абстракция, индукция және дедукция, жүйелік және логикалық тәсілдер әдістерін қолдану негізінде алынды. Статистикалық, математикалық, салыстырмалы географиялық, картографиялық, геоакпараттық, хронологиялық, сипаттамалық корреляциялық және басқа зерттеу әдістері қолданылды.

Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-демографиялық және экономикалық даму деңгейі бойынша типологиясын жүргізу үшін рангтік-баллдық бағалау әдісі қолданылды [4].

Жоғарыда аталған көрсеткіштерді картографиялық және аналитикалық материалдарды талдаумен қоса салыстыру БҚО аумақтық әлеуметтік-демографиялық және экономикалық дамуының негізгі тенденцияларын көрсететін белгілі бір нәтижелерді алуға мүмкіндік берді.

2005-2020 жылдар аралығында аудандардағы әлеуметтік-демографиялық үдерістердің нәтижесінде БҚО халқының саны 9 пайызға өсіп, 2020 жылға 661,3 мың адамды құрады [3]. 13 әкімшілік ауданның 4-інде халық санының өсу тенденциясы байқалады. Халық санының өсуінің ең жоғары көрсеткіші Орал қаласына тән. Жаңақала (1,2%), Бөрлі (2,7%), Бәйтерек (10,8%) аудандарында да халық өсуі байқалады. Ал 13 әкімшілік ауданның 9-ында халық санының азаю тенденциясы көрінеді. Халық санының азаюының ең жоғары көрсеткіші Сырым ауданына тән. Қазталов, Қаратөбе, Шыңғырлау аудандарында халық саны 25 пайыздан астамға азайған. Ақжайық, Бөкей Ордасы, Жәнібек, Тасқала, Теректі аудандарында салыстырмалы түрде халық санының азырақ азаюы байқалады (1-кесте).

1-кесте – 2005-2020 жж. БҚО әкімшілік аудандарының халық санының өзгеруі [3]

№	Әкімшілік аудандардың атауы	Халық санының өзгеруі		
		Халық саны 2005 ж., адам	Халық саны 2020 ж., адам	Халық санының өсімі/кемуі, %
1	Ақжайық	45500	39800	-12,5
2	Бөкейордасы	18400	15000	-18,4
3	Бөрлі	55100	56600	2,7
4	Жаңақала	23700	24000	1,2
5	Жәнібек	18400	16000	-13,0
6	Бәйтерек	53700	59500	10,8
7	Қазталов	36400	28500	-21,7
8	Қаратөбе	19700	15400	-21,8
9	Сырым	26500	18400	-30,5
10	Тасқала	19100	16600	-13,0
11	Теректі	43200	38300	-11,3
12	Шыңғырлау	19400	14500	-25,2
13	Орал қаласы	227400	318700	40,1
	БҚО	606500	661300	9,0

Халық санының өсуі БҚО өңіріндегі халық тығыздығының жоғарлауына ықпал етті. Қарастырылып отырған кезеңде халықтың орташа тығыздығы 1 шаршы км-ге 4-тен 4,4 адамға дейін жоғарлады(2 кесте).

2-кесте – 2005-2020 жж.БҚО әкімшілік аудандарының халық тығыздығы[3]

№	Әкімшілік аудандардың атауы	Халық тығыздығы	
		Халық тығыздығы 2005 ж., 1 шаршы км адам	Халық тығыздығы 2020 ж., 1 шаршы км адам
1	Ақжайық	1,8	1,5
2	Бөкей ордасы	0,9	0,8
3	Бөрлі	9,8	10,1
4	Жаңақала	1,1	1,2
5	Жәнібек	2,2	2
6	Бәйтерек	7,2	8
7	Қазталов	1,9	1,5
8	Қаратөбе	2	1,5
9	Сырым	2,2	1,5
10	Тасқала	2,3	2
11	Теректі	5,1	4,8
12	Шыңғырлау	2,7	2
13	Орал қаласы	324,8	455,3
	БҚО	4	4,4

БҚО бойынша мектепке дейінгі ұйымдарды орналастырудың аумақтық саралануына негізгі әсер етуші факторларға: туудың жалпы коэффициенті (1000 адамға); нәресте өлімінің көрсеткіші (1000 туылғанға); аурухана төсектерінің саны, 10 000 халыққа бірлік; неке саны (1000 адамға); ажырасқандар саны (1000 адамға) жатады (3 кесте).

3-кесте – 2005-2020 жж.БҚО бойынша әлеуметтік-демографиялық факторлар [3]

№	Әкімшілік аудандардың атауы	Туудың жалпы коэффициенті (1000 адамға)		Нәресте өлімінің көрсеткіші (1000 туылғанға)		Аурухана төсектерінің саны, 10 000 халыққа бірлік		Неке саны (1000 адамға)		Ажырасқандар саны (1000 адамға)	
		2005	2020	2005	2020	2005	2020	2005	2020	2005	2020
1	Ақжайық	16,56	17,57	9,54	8,71	45	30	6,94	3,5	1,13	1,75
2	Бөкей ордасы	17,29	22,32	12,80	3	63	21,9	7,2	4,33	0,82	1,2
3	Бөрлі	14,50	19,59	12,81	8,09	33	20,3	7,59	6,17	2,72	3,15
4	Жаңақала	14,64	21,39	6,15	7,82	46	58,2	6,94	4,16	0,34	0,75
5	Жәнібек	16,46	19,44	29,89	9,62	60	20,5	6,96	4,55	1,09	2,43
6	Бәйтерек	13,19	15,74	4,60	7,53	34	21	5,97	2,29	1,27	2,2
7	Казталов	16,91	19,21	9,79	3,63	54	30,7	7,81	4,32	0,74	1,6
8	Қаратөбе	15,75	23,44	3,23	8,33	51	22,8	7,01	4,95	0,51	1,04
9	Сырым	14,66	22,09	23,32	4,90	51	35,2	6,8	4,01	0,99	1,62
10	Тасқала	13,12	16,46	4,00	10,60	90	30,1	6,14	3,44	1,94	2,59
11	Теректі	13,93	18,78	16,85	11,32	47	27,5	5,71	2,28	1,16	1,68
12	Шыңғырлау	15,38	18,97	20,20	14,49	54	27,5	8,55	4,12	0,98	2,41
13	Орал қаласы	17,12	22,69	14,95	10,49	126	74	9,11	9,87	3,26	3,89
	БҚО	15,80	20,74	15,03	9,19	75	53,1	7,73	6,78	2,02	2,91

БҚО бойынша мектепке дейінгі ұйымдарды орналастырудың аумақтық саралануына негізгі әсер етуші факторлардан туудың жалпы коэффициенті көрсеткішінің 15,8-ден 20,74-ке өскені байқалады. Ал нәресте өлімінің көрсеткіші 15,03-тен 9,19-ға төмендеген. Аурухана төсектерінің саны көрсеткіші 75-тен 53,1-ге төмендегені байқалады. Неке саны көрсеткіші 7,73-тен 6,78-ге төмендеген. Ажырасқандар саны 2,02-ден 2,91-ге төмендегені байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Анисимова В.Ю. К вопросу о значении социально-демографического развития региона // Вестник Самарского университета. Экономика и управление. – 2020. – Т. 11. – № 1. – С. 7–14. DOI: <http://doi.org/10.18287/2542-0461-2020-11-1-7-14>.
2. Черепанова А.В. Оценка демографической политики в рамках механизма обеспечения эффективного развития региона // Экономика региона. – 2009. – №4 (20). – С. 219-223.
3. Батыс Қазақстан облысы өңірлері 2020 жылы: статистикалық жылнамалығы / Бас ред. Б.Алимбаева. – Орал: Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық Статистика бюросының Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті, 2021. – 130 б.
4. Имашев Э.Ж., Сафиуллин Р.Г. Тенденции и приоритеты пространственного развития Западно-Казахстанской области: монография. – Уральск: РИЦ ЗКГУ им. М.Утемисова, 2015. – 221 с.

УДК 811.161.2

К ВОПРОСУ ОБ ОСМЫСЛЕНИИ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЫ МИРА КАК ОТРАЖЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ МЕНТАЛЬНОСТИ

А.М.Аубакирова

магистр пед. наук, ст.преподаватель

Казахский национальный женский педагогический университет,

г. Алматы, Республика Казахстан

altyn_aubakirova@mail.ru

Аңдатпа. Қазіргі заманғы лингвистикада тілді когниция (адамның санасы) және практикалық қызмет тұрғысынан қарастыратын антропоорталықтық бағыт басымдық алууда. Бұл бағытта зерттелетін басты мәселе – әлемнің тілдік бейнесі. Қазақстандық тіл білімінде бүгінде когнитивті лингвистика белсенді түрде дамып отыр. Өзара байланысты болып табылатын лингвомәдениет, когнитивті лингвистика, этнолингвистика салаларындағы зерттеулерде ұлттық дүниетанымның көптеген факторлардан туындайтын ерекшеліктері ашып көрсетіледі. Атап айтсақ, әртүрлі халықтардың тілдік ұғым-түсініктері мен тілдік санасына қоршаған табиғат, мәдениет, таным сияқты факторлар ықпал етеді.

Тірек сөздер: антропоцентризм, лингвистика, когнитивті лингвистика, қазақстандық лингвистика, әлемнің тілдік бейнесі.

Аннотация. Современную лингвистику характеризует выраженная антропоцентрическая направленность – изучение языка с точки зрения когниции (сознания) и практической деятельности человека, исходя из чего центральным вопросом является проблема языковой картины мира. В казахстанской лингвистике в настоящее время активно развивается когнитивное направление. Учеными смежных областей лингвистики как когнитивная лингвистика, лингвокультурология, этнолингвистика выявляются национально-специфические особенности восприятия, которые зависят от множества факторов, основными из которых признаны: природа, культура и познание, которые отражаются в особенностях языковых представлений и языкового сознания разных народов.

Ключевые слова: антропоцентризм, лингвистика, когнитивная лингвистика, казахстанская лингвистика, языковая картина мира.

Annotation. Modern linguistics is characterized by a pronounced anthropocentric orientation – the study of language from the point of view of cognition (consciousness) and practical human activity, based on which the central issue is the problem of the linguistic picture of the world. The cognitive direction is actively developing in Kazakhstani linguistics. Scientists of related areas of linguistics such as cognitive linguistics, cultural linguistics, ethnolinguistics identify national-specific features of perception, which depend on many factors, the main of which are recognized: nature, culture and cognition, which are reflected in the peculiarities of linguistic ideas and linguistic consciousness of different peoples.

Key words: anthropocentrism, linguistics, cognitive linguistics, Kazakh linguistics, linguistic picture of the world.

Известно, что термин «картина мира» впервые был введен в оборот на рубеже XIX-XX веков в физической науке выдающимися учеными Г. Герцем, М. Планком и А. Эйнштейном, которые определяли ее как «образ мира», т.е. совокупность основанных на мировосприятии человека или группы людей систематизированных внутренних образов внешних объектов и явлений, в которых отражаются свойства этих объектов и явлений. Эти внутренние образы есть знания и представления человека или определенной человеческой общности о мире и своем месте в нем, о смысле жизни и своих познавательных и творческих возможностях. На формирование картины мира влияют все грани психической деятельности человека, начиная с ощущений, восприятий, представлений и заканчивая мышлением: человек созерцает, ощущает, познаёт, осмысливает и отражает мир. В картине мира отражается самое важное условие жизни человека – его взаимоотношения с окружающим миром. Будучи субъектом познания, каждый индивид несет в себе свою собственную систему представлений и знаний об окружающих его предметах и явлениях действительности, которые и составляют его субъективную картину мира. Каждый человек живет и существует в определенном сообществе, в интеграции с другими людьми, и индивидуальные картины мира членов одного определенного общества складываются под воздействием одних и тех же факторов: природы, предметов обихода, явлений, событий и т.п. Это единство условий существования, знания и поведения – одним словом, культуры – создает между ними тесную связь, порождая их общую картину мира. При этом необходимо учитывать, что картина мира не является точным отображением окружающего мира индивидами, а их интерпретацией, основанной на личном и коллективном мироощущении, миропонимании и мировосприятии, на ценностных представлениях определенного общества. То есть мир – это не только наглядная реальность, окружающая человека действительность, а есть гармоничное единство его сознания и реальности.

Исходя из этого, понятие картины мира является фундаментальным понятием, выражающим особенности бытия и взаимоотношений индивида с окружающим миром и в то же время являющимся одним из наиболее важных условий его существования. Языковая же картина мира является той частью концептуального мира человека, которая... «преломлена через языковые формы» [1, с.28].

В антропологической лингвистике понятию картины мира усматриваются два вида влияния человека на язык: первое – это влияние психофизиологических и когнитивных свойств человека на конститутивные свойства языка, второе – влияние на язык различных картин мира, таких как религиозно-мифологическая, философская, научная, художественная и т.п. Следовательно, языковая картина мира является образом сознания – реальности человека или группы людей, отражаемым средствами языка, моделью интегрального знания человека о концептуальной системе представлений, которые объективируются в языке, причем восприятие окружающей реальности в большей степени зависит от культурно-национальных особенностей носителей языков.

В этой связи хотелось бы обратиться к казахстанской лингвистике. Учеными смежных областей лингвистики как когнитивная лингвистика, лингвокультурология, этнолингвистика выявляются указанные национально-специфические особенности восприятия, которые зависят от множества факторов, основными из которых признаны: природа, культура и познание, которые отражаются в особенностях языковых представлений и языкового сознания разных народов. Лингвисты отмечают, что язык имеет тесную взаимосвязь и взаимовлияние, сходные черты с культурой: и язык, и культура есть проявления сознания человека, выражающие его мировоззрение, но «даже владея одним и тем же языком, люди не всегда могут правильно понять друг друга, и причиной часто является именно расхождение культур» [2, с.35].

Основоположник казахского языкознания А. Байтурсынов всесторонне рассматривал проблему соотношения языка и сознания, языка и познания, языкового сознания личности, концептуализации и категоризации понятий, лексического и грамматического значения слова, описание грамматического значения и другие вопросы. Основываясь на философских учениях, исследователь обращал внимание на то, что искусство слова опирается на три основы человеческого сознания: ум, воображение и внимание. Умом человек постигает суть вещей, осмысливает различные явления; посредством воображения строит умозрительные образы, постигает вещи через придание им сходства с другими; с помощью внимания делает выводы и выбор. Язык служит для выражения того, что человек постиг и осмыслил, для передачи словом умозрительного образа в сознании и выводов, которые он сделал. Говоря о взаимосвязи языка и национальных особенностей, ученый утверждал: «Жизнь народа исчисляется не одним годом, не десятилетиями, даже не столетиями, а тысячелетиями. За такую продолжительную жизнь у каждого народа сложились свои слова, которые он использует в речи, а также способы сочетания слов в предложении, собственная система и логичность в построении речи. Как во внешности, в характере любого человека имеются свои неповторимые черты и особенности, так и в языке имеются свои особенности» [3, с. 142].

Дифференцируя части речи по грамматическим группам на основе признаков и взаимосвязей лексических единиц, ученый полагал, что языковая семантика есть отражение когнитивных свойств, основанных на ощущениях многовекового опыта людей, объективирующегося языковыми средствами. Различные части речи (имя существительное, имя прилагательное, глагол и т.д.) формируются на основе категоризации окружающего мира посредством познавательных действий человека и при употреблении активизируют различные структуры сознания, передают различные образы, влияние, то есть характеризуются различным образом, образуют различные понятия. Ментальные особенности познающего мир субъекта проявляются в универсальных характерных основных концептах языка, таких как пространство, время и качество, полагал он.

Академик А.Т. Кайдар и представители созданной им лингвистической школы посвятили свои труды исследованию проблем лексикологии казахского языка в историческом аспекте [4–8]. Отмечая три взаимосвязанные функции языка в обществе: коммуникативную, эстетическую, аккумулятивную, – ученый считал, что этнос может познать как себя, так и окружающий мир только посредством языка, который является драгоценным и вечным кладом, который дает возможность познать внутренний мир и помыслы человека, духовные основания и религиозные воззрения общества, его прошлое и настоящее. «Языковые факты и данные – история в чистом виде. Поэтому прошлую историю этноса и этнографическое богатство мы прежде всего должны искать в нем», – утверждал он [6, с. 19]. Особое внимание при исследовании языковой картины мира ученый уделял фразеологическому богатству языка: «Фразеологизмы – весьма сложные лингвистические образования. Сложность их объясняется не только множеством структурных типов и синтаксических моделей, но и тематической и семантической многоплановостью, а также способностью выражать самые различные эмоционально-экспрессивные оттенки мысли», – писал он [7, с. 202].

Тесную взаимосвязь языка и культуры подчеркивал также и М. Балакаев, он отмечал: «Человек через язык постигает знания, опыт и воспитание, так же и культуре, искусствам, науке, технике обучает посредством языка. Язык – одна из особенностей нации, одна из форм национальной культуры. Поэтому в нем сохраняются формы национального самосознания, способа мышления, поведения каждого народа. Эти особенности, культура, обычаи, литературное наследие, его психическое состояние посредством языка передаются от поколения к поколению» [9, с. 14].

Необходимо отметить, что в современном казахстанском языкознании активно развивается когнитивное направление. Краткий обзор исследованных в этой области тем приведен в статье Н.М. Жанпейсовой [10], поэтому перечисление их в данной работе считаем излишним. Хотелось отметить лишь точку зрения корифея казахстанской лингвистической науки Э.Д. Сулейменовой, создавшей казахстанскую школу психолингвистических и социолингвистических исследований, труды которой посвящены актуальным проблемам языкознания, таким как общая семантика и когнитивные аспекты языка. Ученый утверждает, что картина мира, представляющая собой сложное, изменчивое, вариативное явление, «создается благодаря познающей деятельности человека и отражающей способности его мышления... Именно в функционировании языка эта способность раскрывается полностью и органично. В сложнейших процессах общения, как и в любом диалектическом процессе, актуализируется весь потенциал средств языка – его номинативные единицы, обозначающие действительность во всей сложности познаваемых явлений, непосредственно связанные с отражательной деятельностью познающего субъекта и образующие чрезвычайно разветвленную сеть связей между собой, и его коммуникативная структура, вводящая в речевую деятельность номинативные средства, динамически преобразующая их и обеспечивающая взаимопонимание говорящих» [11, с.7].

Примечательно, что критически осмыслив опыт в исследовании языковой картины мира, Э.Д. Сулейменова выступила против устоявшегося в науке европоцентристского подхода к рассмотрению истории исследования взаимосвязи языка и мышления: «Зарождение интереса к процессам формирования картины мира и роли языка в них чаще всего связывается с именем В. фон Гумбольдта.

Это справедливо, если речь идет только о европейской традиции в науке в целом. Однако в более древние времена в Греции и на Востоке эта проблема (решавшаяся, правда, в иных формулировках) занимала умы ученых» [12, с. 91]. Сравнивая трактовку роли языка в познании мира, выдвинутую В. фон Гумбольдтом и воззрения арабского ученого Абу Хайана ат-Таухиди, убежденного в зависимости мышления от языка и выдвигавшего точку зрения о неспособности языка в создании преград для знания, которое «рассеяно по миру между всеми», Э.Д. Сулейменова говорит: «Образ ограды, который использует ат-Таухиди, параллелен образу языка-круга, о котором говорил В. фон Гумбольдт, рассматривая язык и мировидение. Однако выводы, которые были сделаны ими, можно рассматривать в известной степени как противоположные: общее утверждение о неразрывности мышления (мировидения) и языка приводит ат-Таухиди к мысли о целостности знания, о том, что между знаниями невозможно провести преграду, а В. фон Гумбольдта, напротив, – к положению о специфичности мировидения разными народами. Как известно, именно эта идея была впоследствии широко использована и развита в теории лингвистической относительности и концепции неогумбольдтианства. Вместе с тем мы объективно наблюдаем, что билингвы и мультилингвы не имеют никаких сдвигов в своем сознании относительно картины мира, которая представлялась бы им в зависимости от языка, на котором в данном случае они общаются... Язык не отражает действительность, это деятельность и функции мозга. Однако в языковых формах фиксируются и отображаются результаты этого отражения. Поэтому, когда говорят о языковой картине мира, то могут иметь в виду саму форму существования картины мира. В языке, как в одной из специфических форм, наряду с понятиями и их отношениями, существует картина мира. Однако язык не соотносится с объективным миром непосредственно и не создает сам его картины. Если предположить, что вся мыслительная деятельность человека регламентируется языковой системой, то отсюда неизбежно следует, что человек живет в своем языковом мире, за пределы которого он не может выйти...» [12, с. 92–93].

В современной казахстанской лингвистике активно продолжают исследования в когнитивно-концептуальной сфере. Так, ряд работ посвящен рассмотрению отдельных аспектов национальной языковой картины мира, сравнению отдельных концептосфер различных языков, анализу репрезентации отдельных концептов, а также богатого фразеологического пласта лексики, ярко отражающего национальную картину мира казахского народа. Указанные работы достойны обзора в отдельной статье.

Использованная литература:

- 1 Кубрякова Е.С. Начальные этапы становления когнитивизма: лингвистика – психология – когнитивная наука // Вопросы языкознания. – 1994. – № 4. – С. 26 – 45.
- 2 Верецагин Е. М., Костомаров В. Г. Язык и культура. – М.: Индрик, 2005. – 1038 с.
- 3 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 с.
- 4 Қайдар Ә. Халық даналығы.–Алматы: Тоғанай-Т, 2004. – 560 с.
- 5 Қайдар Ә., Айтбайұлы Ө. Тіл майданы.–Алматы: Арыс, 2000. – 318 с.
- 6 Кайдаров А.Т. Культ слова у тюркских народов (На материале казахского языка) // Тюркология. – 1992. – №3. – С.74–79.
- 7 Қайдар Ә. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін жасаудың принциптері мен мақала үлгілері // Тілтанымдық зерттеулер 2006-2008 ж. –Алматы: Prints, 2012. – 138-149 б.
- 8 Кайдар А. Тысяча метких и образных выражений. – Астана: Білге, 2003. – 368 с.
- 9 Балақаев М.Б. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А.: Дәуір, 2008.– 256 с.
- 10 Жанпеисова Н.М. Когнитивная лингвистика в Казахстане. – Вестник КазНУ. Сер. Филология. – 2015 [Электронный ресурс] // <https://articlekz.com/article/23309>.
- 11 Сулейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 160 с.
- 12 Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. Монография. – Алматы, 1992.

Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының бойында рухани құндылықтарды қалыптастыруда қолданылатын әдіс тәсілдердің тиімділігі қарастырылған.

Аннотация

В данной статье рассматривается эффективность методов, используемые при формировании ценностных ориентаций учеников начальных классов.

Кілт сөздер: құндылықтар, адамгершілік тәрбие, жалпыадамзаттық құндылықтар, әдістер, рухани тәрбие.

Ключевые слова: ценности, нравственное воспитание, общечеловеческие ценности, методы, духовное воспитание.

Құндылықтар мәселесімен аксиологиялық құндылық, философиялық құндылық, социология, әлеумет, жалпы психология, философия, мәдениет антропологиясы, педагогикалық психология айналысады. Құндылық - бұл объектінің жағымды және жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым. Құндылық ұғымы алғаш рет ХІХ ғасырдың ортасында пайда болған. Оған алғаш рет философиялық тұрғыдан Р.Ротце мен Г.Коген анықтама берген. Ежелгі философтардың пікірінше, құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстар, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік, сияқты этикалық, эстетикалық ұғымдар қолданылады. Құндылық заттың, объектінің адам үшін маңызды екенін айқындайды. Құндылық пәндік және субъективтік деген екі бөліктен тұрады. Құндылық бағдар мәселесімен келесі ғылымдар айналысады: аксиологиялық құндылық, философиялық құндылық, әлеумет, жалпы психология, философия, мәдениет антропологиясы, педагогикалық психология. Құндылық бағыттары терминін алғаш рет АҚШ-қа қоныс аударған поляк шаруаларының өмірлік көзқарастарын зерттеу үшін ХХ-жылдары У Томас қолданған. Чикаго университетінің профессоры Америкалық әлеуметтік қоғам президенті құндылықты (1927) психологиялық көзқарастан жекелеген топтардың ситуациялық байланысы бар іс-әрекет ұстанымына көшу болып сипатталады. Құндылықтар адамзат пайда болған кезден бастап адам санасында үнемі өзгеріске еніп, дамып отырды десек те болады. Себебі құндылық адамның өзіне, қоршаған әлеуметтік ортаға бір-біріне деген қарым-қатынасы, өмір сүру салты, даму деңгейін бейнелейтін құрлымдық элемент. Құндылықтың сапасы тұлғаның жан дүниесінің дамуы, сана сезімінің деңгейі білімділігі, өнерлілігі, ақылдылығы, мәдениеттілігі т.б. көптеген сапалары арқылы өлшенетін болса, құндылық адамның адами қасиеті, бір-біріне деген қайырымдылық көрсетуі, мейірімділік сезімі, іс-әрекеттегі адалдығы, әділдігі, өмір сүру салтындағы туыстық, достық қарым-қатынасымен бірігу идеясымен ерекшеленеді. Ғалым-педагогтар құндылықтың өзгерісін оқушының тәрбие құралын, даму және жас ерекшеліктеріне сәйкестігін анықтай отырып, қоршаған ортаның әлеуметтік ерекшелігін де ескерген. Ал құндылықтық қатынас әрқашан да субъектінің бойында белгілі бір эмоцияларды-қуану, сүйсіну, таңдану, табыну т.б. қамтып дүниетанымдық өзгерісімен қалыптасып келген. Оның ішінде ең жоғарғысы – қасиеттерге табуна бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт- дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығып, кезеңге сай өзгеріске ұшырап дамып отырды [1].

Құндылықтар мәселесі қоғамның идеологиялық тұғырлары дискредитацияға ұшырап, мәдени дәстүрлері құнсызданған кезде, әрбір халық өзін мазалаған сансыз сұрақтың ең болмағанда бір бөлігіне жауап табу үшін өзінің өткен тарихы мен мәдениетіне бет бұрған кезде, тарихтың өтпелі, дағдарыстық кезеңдерінде өткір қойылып, өзгерістерге алып келіп отырған.

Әдеби шолуларға сүйенсек құндылықтар жіктелуі әртүрлі: философиялық тұрғыдан витальды (өмір, денсаулық, игілік, экология және т.б.); әлеуметтік (әлеуметтік статус, жағдай, байлық, отбасы, тәуелсіздік және т.б.); діни (Құдай, сенім ғұрып, шіркеу және т.б.); моральдық (қайырымдылық, достық, сүйіспеншілік, парыз, адалдық, әділеттік және т.б.) эстетикалық (сұлулық, идеал, үйлесімділік және т.б.); саяси (зандылық, мемлекеттік, ата заң, азаматтық еркіндіктер және т.б.) Осылайша құндылықтар жалпы динамикамен сипатталатын мәдени реттеушіліктің қозғалмалы саласын білдіреді.

Педагогикалық сөздікте: құндылық адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекет кезіндегі көрсететін қайырымдылығы тұрақтылығы, мейірімділік жүйесі-делінген. Педагогикалық тұрғыдан рухани-адамгершілік құндылық тәрбие арқылы жүзеге асады. Негізінен рухани адамгершілік құндылықтар адам бойынан бастау алады. Себебі адам жаратылысы өмірге өзіне қарым-қатынасы, тұрмыс тіршілігі саналы іс-әрекеті мен сезімі арқылы өлшеніп сараланып отырады.

Бірақ осы құндылықтардың өмірдегі мәнін түсініп, талдап, саралап қабылдайтын бұл - адам санасы. Адам санасында бірінші құндылықты анықтау үшін белгілі бір себепке байланысты қажеттілік оянады, әрі қарай сол қажеттілікті қанағаттандыру жолында өз алдына мақсат қойып өзі үшін құндылық негізін анықтап алады. Негізгі рухани-адамгершілік құндылықтар бұл адам бойынан бастау алады десек те болады. Себебі рухани-адамгершілік құндылықтар адам жаратылысы, олардың өмірге қарым-қатынасы, тұрмыс-тіршілігі, саналы іс-әрекетімен сезімі арқылы өлшеніп, сараланып отырады. Сондықтан ең жоғары құндылықтардың өзегі - бұл адами қасиеттер және адам екендігі қоғам дамуында әрдайым дәлелденіп келген [2].

Құндылық өзгерісін зерттеген уақытта «құндылық» түсінігін жоғарғы ғылыми деңгейде қарау керек деп білеміз. «Құндылық» ұғымының мазмұнынан ғалымдар С.Ф. Анисимов, А. Г. Здравомыслов, М. С. Каган, В. П. Тугаринов, В. А. Ядов және басқалар қоғамдық сананың барлық түрлерінің мынадай белгілерін айқындайды: маңыздылығы, пайдалылығы, қажеттілігі, анық мақсатқа ие болуы. В. Т. Тугаринов адамдар нені қастерлейді, соның барлығы құндылық деп анықтайды. Ол – зат, табиғат құбылыстары, қоғамдық үрдістер, адамның іс-әрекеттері, мәдени құбылыстары болуы мүмкін. Осыған орай адам ой-санасының өзгеріп толығып отыруы құндылықтың таңдалуына, осылай бұрынғы ол үшін құнды дүниенің негізі қазіргі уақыттағы құнды құбылыстың өз қажеттілігінен туындауына орай өзгеріске ұшырайтындығы дәлелденген. А.Г.Здравомыслов құндылықтардың өзгерісін адамдардың рухани іс-әрекеті, рухани байлығы, жалпы айтқанда рухани мәдениетінің өзгеріске енуіне орай деп біледі.

Сонымен, ғылыми әдебиеттер сараптамасынан құндылықты философияда, социологияда, психологияда, педагогикада қолданатындығы анықталынды. Қажеттілік эталоны болып табылатын құндылықтың пайда болуы бірінші жағынан зат, құбылыс, олардың қасиеті; адам - қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру болса, екінші жағынан қоғам - адам, құбылыс, зат, талғам және таңдау болып табылады. М.Г. Казакинаның анықтамасы бойынша: «құндылық - бұл сыртқы құбылыс (зат, құбылыс, іс-әрекет), сананың дәлелі (идеал, бейне, ғылыми концепция) құндылық - бұл, біз баға беретін объект». Міндетті түрде көтеретін келесі мәселе - бұл, құндылықтар жіктемесі. Оның қажеттілігі құндылықтың шекарасын анықтау болып табылады. Осыған сәйкес, әлеуметтанушылар құндылықты бөлудің нормасы мен ретін қарастырады - құндылық - нормасы, құндылық - идеалы, құндылық - мақсаты, құндылық - көзі және т.б. орай адам қажеттілігін өтеу барысында адам санасында құндылықтың бейнеленуі үнемі өзгеріске ұшырып отыратындығы туралы ой қозғалған. Олай болса құндылықтың адам санасындағы өзгерісін анықтау үшін ең алдымен құндылық түрлерін және жітемесін топтастырып алуды жөн көрдік. Зерттеушілер В. Брожик, М. Рокич, А. Ядов құндылықты терминалды және құрал-жабдықты деп бөледі.

Біріншісіне құндылық - мақсаты жатады. Екіншісіне құндылық-көзі жатады. *Терминалды құндылық* сапасына В. А. Ядов мыналарды жатқызады: шығармашылық махаббат, еркіндік, әдемілік, таным, ақыл-ой, жұмыс, достар, жанұя, белсенді өмір сүру, өз-өзіне сену, өзіндік қабілет, денсаулық, қоғамдық жауапкершілік, бейбітшілік. *Құрал-жабдықты құндылықтың сапасы* көтеріңкі көңіл-күй, тапқырлық, тәрбиелік, шыдамдылық, шыншылдық, ой өрістің кеңдігі, жоғары талғам, бақылау, жауапкершілік, ұқыптылық, шешім қабылдаушылық, нақтылық, оның құралы болып табылады. В.П. Тугаринов құндылықтың бірінші топтамасын белгілейді: *өмір құндылығы* (өмір, денсаулық, өмір қуанышы, адамдармен қарым-қатынас); *мәдени құндылық*, *материалдық* (техника, тұрғын үй, тамақ, киім); *саяси -әлеуметтік* (шыншылдық, бейбітшілік, әлем, қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, адамгершілік) *және рухани құндылық* (білім, ғылым, өнер) болып беледі. С.Ф. Анисимов көзқарасы бойынша құндылық жіктемелерінің топтары: тұрмыстың жоғарғы құндылықтары - адам және адамзат; адамдардың материалдық өміріндегі құндылық; әлеуметтік құндылық; қоғамның рухани өміріндегі құндылық. Құндылықтың негізгі қызметінің аймағы экономикалық, биологиялық, эстетикалық, этикалық, саяси қажеттіліктерге ие болады.

Құндылық жіктемесінің топтарына қарай ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас пайда болды: құндылық - индивиді мән беретін «психологиялық мінездеме» құндылығы; құндылық - индивидінен тыс «құндылықтың әлеуметтік маңызы».

Біздің ойымызша құндылық үнемі өзгеріске ұшырып отыратын адамның қоғамға деген көзқарасы мен қарым-қатынасы, қоғамдық деңгейдегі құбылыс, ол қоғам мәдениеті мен жеке тұлғаның рухани байлығы, қоғамның жеке тұлғамен қарым-қатынасы т.б. Қорытындылай келе құндылық мәдениеттің, ғылымның, әдебиеттің, этиканың негізгі өзегі бола келіп, тұлға санасының толығып өсуіне орай өзгеріске ұшырап тұлға үшін жоғарғы құндылық деңгейін белгілейді: адамгершілікте - мейірімділік; танымда - шындық, этикада - әдемілік, құқық пен саясатта – шыншылдық көзқарастардың туындауы т.б. Сонымен педагогикалық құндылықты жеке тұлғаның дамуына, оның рухани қалыптасуындағы өзгерістері оқыту мен тәрбиеге байланысты деп қарастырамыз. Үнемі өзгеріске ұшырап отыратын педагогикалық құндылыққа мыналарды да жатқызуға болады: оқушыны оқыту мен тәрбиелеудегі мақсат пен қорытындының идеалы; білім, қабілет пен дағдылар, оқу -тәрбие процесінде мақсатқа жетудің негізі; еңбектегі, адамгершіліктегі, саясаттағы тәрбиенің жеке басындағы қасиеті; дүниетаным мен сендіру жеке тұлғаның мінез құлқына байланысты туындайтын өзгерістер[5]. Сонымен бірге құндылық ішкі дүниетанымға негізделе отырып, мынандай белгілермен құрылымдық, жеке тәжірибелік көңіл-күй

жиынтығымен өзгеріске ұшырайтындығы анықталған. Осыған орай қазіргі білім беру жүйесіндегі тәрбиенің мақсаты оқушыларды рухани бай, саналы, жан-жақты мәдениетті, ілтипатты болуға, еңбекқорлыққа икемді және бәсекелестікке бейім тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр. Жаңа ғасыр толқыны әкелген жаңалықтарға сәйкес қазіргі заманда адамның тұлғалық дамуына баса назар аударылып, жас жеткіншектерге берілетін білім негіздері олардың жеке даралық қабілеттерін жетілдіруге қызмет етеді. Әр баланың ішкі мүмкіндігі мен өзіндік қарымын дамытуға әсер ететін рухани адамгершілік қағидалары жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының, өзін-өзі жүзеге асыруының аса қажетті шарты болып табылады. Рухани құндылықтық білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

Адамның жеке тұлғалық әлеуетін мақсатты түрде әрі кеңінен ашуға бағытталған рухани-адамгершілік білім беру ұлттық білім беру жүйесін дамытудың басты бағыты болып отыр.

Жеке тұлғаның психологиялық, рухани, тәндік, әлеуметтік және шығармашылық дамуының үйлесімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін рухани-адамгершілік тәрбие білім беру жүйесінде өзін-өзі тану пәні арқылы жүзеге асады.

Біздің қоғамда әрбір адам өзі туғаннан берілген қабілетін толық іске асыра алатын және сол арқылы тек біздің мемлекетімізге емес, жер бетіндегі барлық адамдарға пайдасын тигізе алу үшін, атап айтқанда білім беру арқылы рухани құндылықты қайта жаңғырту көзделуде [8].


Н. Оразбаев орта мектебі КММ

Қысқа мерзімді жоспар

Әдебиеттік оқу 4-сабақ

Бөлім:	Қоршаған орта	
Мұғалімнің аты-жөні	Рахманкулова А	
Күні:	12.04.2021	
Сынып: 2	Қатысушылар саны: 10	Қатыспағандар саны: 0
Сабақтың тақырыбы	Жыл мезгілдері. (Ертегі)	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.1.4.1 - сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану	
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар: сөйлеу барысында тілдік құралдарды қолдана алады.</p> <p>Көптеген оқушылар: мәтіндегі негізгі ойды түсіндіре алады.</p> <p>Кейбір оқушылар: дереккөздерден сұраққа жауап таба алады.</p>	
Бағалау критерийлері	<p>-сөйлеу барысында тілдік құралдарды қолданады;</p> <p>-мәтіндегі негізгі ойды түсіндіреді.</p>	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	<p>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру үшін ширату жаттығуларын жасату.</p> <p>Оқу материалын жариялау «4 сурет, 1 сөз» әдісі арқылы жүреді.</p> <p>Берілген суреттерге қарап, ортақ сөзді табындар.</p> <p>-Қандай сөз шықты?</p> <p>-Жыл мезгілдері деген не?</p> <p>-Қандай жыл мезгілдерін білесің?</p> <p>-Қайсысы ұнайды? Неліктен?</p> <p>-Ендеше бүгінгі сабағымызда не туралы оқитын боламыз?</p>	<p>Жаттығу жасайды.</p> <p>Сұраққа жауап беріп, жаңа тақырыпты ашады.</p>	«Бас бармақ» әдісі	
Сабақтың ортасы 30 мин	<p>(Д) 1- тапсырма «Ашық микрофон» әдісімен жүзеге асырылады.</p> <p>А) Ертегіні түсініп оқы.</p>	<p>- Мәтінді түсініп оқиды.</p> <p>- Жыл мезгілдері</p>	ҚБ: 1-10 балдық жүйе.	Оқулық, дәптер

	<p>Ә) Жыл мезгілдері туралы суреттер ойластыр. Әңгімеле.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мәтінді түсініп оқиды. - Жыл мезгілдері туралы суреттер ойластырып, әңгімелейді. <p>Сергіту сәтінде «Қаражорға» биін билету.</p> <p>(Ұ) 2-тапсырма «Еркін әңгіме» әдісі арқылы орындалады. Дәптермен жұмыс жүреді.</p> <p>А) Ертегінің мазмұны бойынша кестені толтыр.</p> <p>Ә) Көп нүктенің орнына тиісті жыл мезгілдерінің атауын жаз. <i>Көктем-көрікті. Жаз-жайдары. Күз-жомарт. Қыс-қаһарлы.</i></p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ертегінің мазмұны бойынша кестені толтырады. Ә) Көп нүктенің орнына тиісті жыл мезгілдерінің атауын жазады. <p>Саралау тәсілі: «Қарқын» арқылы жүзеге асады</p> <p>Қарқыны жоғары оқушыға:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Шырша неге жыл бойы жап-жасыл? <p>Қарқыны баяу оқушыларға: уақыт беріледі.</p>	<p>туралы суреттер ойластырып, әңгімелейді.</p> <p>Билеп сергиді.</p> <p>- Ертегінің мазмұны бойынша кестені толтырады.</p> <p>Ә) Көп нүктенің орнына тиісті жыл мезгілдерінің атауын жазады.</p>			<p>ҚБ: 1-10 балдық жүйе.</p> <p>Оқулық</p>
<p>Сабақтың соңы 5 мин</p>	<p>Рефлексия «Шеринг» әдісі бойынша өтеді.</p> <p>Барлығы шеңберде отырады, жүргізуші бастап, кезекпен барлығы тақырып бойынша түйінді ойды қорытындылайды.</p> <p>Оқу тапсырмасы: Ертегіні мазмұндау.</p>	<p>Рефлексия жасайды.</p>			
<p>Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. <p>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. 			<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>	<p>АКТ қолдануда қауіпсіздік техникасын сақталуын қадағалау</p>	

Мектептің бастауыш сатысында әдебиет пәнін оқытуды ұйымдастыруда мұғалім пәннің Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, бастауыш сыныптарға арналған оқу-әдістемелік кешендерін негізге ала отырып, пәннің басты мақсат-міндеттерімен, осы міндеттерді жүзеге асыру мүмкіндіктерімен, оқу мазмұны және оның құрылымдық ерекшеліктерімен, қолданылатын әдіс-тәсілдері және технологиялармен, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылықтарын арттыратын ойындар мен жаттығулар жүйесімен, қосымша оқу материалдарымен таныс болуы тиіс. Оқыту үдерісі, әдетте сабақ арқылы жүзеге асырылады.

«Әдебиет» пәні балаға рухани тәрбие беруде оның жан-жақты дамуына мүмкіндік ашылған. Осы пән сабақтарында халқымыздың мақал-мәтелдерін, ұлағатты сөздерінің бастауыш сынып балаларына берер тәлімі көп. Осының барлығы әдебиет пәнінен табылуы бізді ерекше қуантады. Бұл пән баланың ішкі жан дүниесіне үңіліп, құндылықты тануға жетелейді. Қазақ балаларының бойында тұйықтық бар, көбінесе өз қалауын айта алмайды, сырын жасырып ішінде ұстайды. Бұл жағынан да ашылып ой бөлісуге жетелейтін пәннің берері мол. Осы пәннің өзіндік ерекшелігі - балалардың тұлғалық дамуын, өзіндік

дербестігін көрсету, шығармашылық және танымдық белсенділікті арттыру, балалар мен жастардың ізгілік сенімдер жүйесін және адамгершілік мінез-құлық тәжірибелерін қалыптастыру бойынша қазіргі білім беру міндеттерін іс жүзіне асыруға мүмкіндік береді [11].

Бастауыш сыныпта жалпыадамзаттық құндылықтар тереңірек түсіндіріліп, кеңейтіледі, өмірдің жағымды жақтарын үйрене және түсіне білуге дағдыландырады. Сабақ барысында рухани құндылық дегеннің бар екендігін біледі, оған баға беріп, өзін басқа жақтан өзінің сыртқы тұрпатын, мінез-құлқының жеке ерекшеліктерін көруге үйренеді, жеткен жетістіктері мен табыстарын талдайды. Сабақтарда мейірімділік, өзара қызығушылық, шынайылық, өзгенің ой-пікірін сыйлау, ынтымақтастық сферасы жайлайды. «Әдебиет» сабағы – бұл оқушылар мен ұстаз арасындағы ашық диалог, мұнда әрбір әдеби жанрды сомдай отырып әлеуметтік-рольдік ойындар және тренингтер арқылы адамдық өзара қарым-қатынастың әлемі зерттеледі, күйінішіне ортақтасу және рақымшылдық сезімдері дамиды.

Сабақта қазақ халқының ұлттық болмысын жан-жақты түсіну, оны күнделікті өмірде дамыту тәрбиеленушілер үшін кішкентай түсінік беруден басталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Леонтьев Д.А. Ценностные представления в индивидуальном и групповом сознании: виды, детерминанты и изменения во времени [Электронный ресурс]. Режим доступа: [http // www.follow.ru/article/344](http://www.follow.ru/article/344)
2. Диоген Лаэртский. О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. М., 1979.- 300-301с.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://lib.ru/PSIHO/LEONTIEV/dsl.txt>.
4. Виндельбанд В. Прелюдии. СПб., 1964.
5. Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. М.: Педагогика. 1973. С. 365.
6. Смелзер Н. Социология. М., 1994
7. Лапин Н.И. Модернизация базовых ценностей россиян // Социологические исследования. No 5. 1996.
8. Здравомыслов А.Г. Потребности. Интересы. Ценности. М.: Политиздат. 1986
9. Карандашев В.Н. Методика Шварца для изучения ценностей личности / В.Н. Карандашев. – СПб.: Речь, 2004. – 69 с.
10. Саморегуляция и прогнозирование социального поведения личности/ под. ред. Ядова В.А. Л., 1979.

УДК 37.01

РАЗВИТИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ САМОРЕГУЛЯЦИИ У СТУДЕНТОВ В ЦЕЛЯХ ФОРМИРОВАНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОЙ ЛИЧНОСТИ УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

С.Ф.Баюканская

Магистр психологии
Западно-Казахстанский университет
им. М. Утемисова
e-mail: Sveta_b2020@mail.ru

Аннотация: В данной статье отмечается, что в условиях модернизации системы образования становится важным не только обучение, но и формирование гармоничной личности. В статье рассматриваются способы эмоциональной саморегуляции, такие как аутотренинг, дыхание, саногенное мышление, развитие которых будет способствовать формированию стрессоустойчивости, а следовательно повысит конкурентоспособность личности студента.

Ключевые слова: образование, эмоциональная саморегуляция, стрессоустойчивость, конкурентоспособность, студенты

Аннотация: Бұл мақалада білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында оқыту ғана емес, үйлесімді тұлғаны қалыптастыру да маңызды болып отыр. Мақалада өзін-өзі оқыту, тыныс алу, саногендік ойлау сияқты эмоционалды өзін-өзі реттеу әдістері қарастырылады, олардың дамуы стресске төзімділіктің қалыптасуына ықпал етеді, сондықтан студент тұлғасының бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Түйінді сөздер: білім беру, эмоционалды өзін-өзі реттеу, стресске төзімділік, бәсекеге қабілеттілік, студенттер

Abstract: This article notes that in the conditions of modernization of the education system, not only learning becomes important, but also the formation of a harmonious personality. The article discusses the methods of emotional self-regulation, such as auto-training, breathing, sanogenic thinking, the development of which will contribute to the formation of stress resistance, and therefore increase the competitiveness of the student's personality.

Keywords: education, emotional self-regulation, stress tolerance, competitiveness, students

В современном быстроменяющемся мире системе образования приходится отвечать на многочисленные вызовы времени. В XXI веке в образовательном пространстве формируется новая модель вуза - университет инновационного типа, в котором создаются условия для подготовки специалистов компетентных в решении различных профессиональных задач. Общество в целом подошло к осознанию необходимости воспитания человека культуры с разносторонним мышлением, способного быть в гармонии с миром природы, социума и собственного внутреннего мира. В связи с этим, ориентация на новые качества личности, которые определяют успешное самоопределение человека, обуславливает уникальность образования в современном мире и должна составить ценностно-целевую основу модернизации образования Республики Казахстан.

В современном обществе, в век технологизации и глобализации, наблюдается активизация процесса поиска эффективных условий воспитания молодежи, конкурентноспособной, целеустремленной, профессионально компетентной, готовой к диалогу с другими культурами. Подготовка разностороннего специалиста, обладающего высоким уровнем культуры – одна из главных задач образования Республики Казахстан.

Результаты психологических исследований показывают, что успешность учебной деятельности может определяться типологическими особенностями двумя путями: через влияние на умственные способности (выступая в них в качестве задатков) и через влияние на возникновение тех или иных психических состояний при том или ином педагогическом взаимодействии.

Выявление индивидуально-психологических особенностей обучающихся может позволить более точно дозировать приемы психолого-педагогического воздействия, так как последствия использования одних и тех же приемов для разных студентов могут существенно отличаться и даже давать противоположный ожидаемому эффект.

Организуя психолого-педагогическое сопровождение процесса обучения с учетом индивидуальных особенностей студентов, мы можем предупредить некоторые трудности и обеспечить своевременную формирующую поддержку. Создание ситуации успешности в учебной деятельности, в свою очередь, скажется на учебной мотивации и придаст процессу познания личностный смысл и положительную эмоциональную окраску, что, по мнению психологов-теоретиков, устойчиво коррелирует с интеллектуальной продуктивностью. Важным моментом, обусловившим акцентирование нашего внимания на индивидуальных особенностях структуры учебной мотивации, считаем способность высокой позитивной мотивации играть роль компенсаторного фактора в случае недостаточно высоких специальных способностей или недостаточного запаса требуемых знаний, умений и навыков [1].

В качестве универсальных, приемов педагогического взаимодействия в организации самостоятельной работы студентов можно рассматривать [1]:

- формирующую поддержку;
- устранение;
- позитивное подкрепление;
- безоценочную обратную связь.

Формирующая поддержка предполагает оказание помощи студентам, в выполнении заданий, которые в противном случае оказались бы для них слишком трудными. Формирующая поддержка часто принимает форму указаний, рекомендаций и других видов вербальной помощи и наиболее эффективна, когда она связана с задачами внутри зоны ближайшего развития, обучаемого, т. е. с задачами, который обучающийся первоначально не способен выполнить, но которые могут быть осуществлены при помощи и руководстве со стороны окружающих (например, преподавателя, эдвайзера). Можно использовать в качестве формирующей поддержки следующие приемы [1].

- Мобилизация. Организация условий принятия студентом учебной задачи.
- Уменьшение степеней свободы Сведение трудновыполнимой задачи к выполнимым подзадачам.
- Сохранение курса Направление хода мышления студента с помощью техники открытых вопросов и поддержание его мотивации.
- Выявление критических особенностей. Акцентирование внимания на наиболее важных аспектах задачи.
- Контроль за фрустрацией Снятие фрустрации как следствия затруднений, испытываемых процессе решения учебной задачи.
- Демонстрация. Аппеляция к личному опыту, аналогиям, использование метафорического языка для перехода от абстракции к конкретным образам и жизненным ситуациям.

Устранение дополняет формирующую поддержку. Устранение же предполагает удаление средств поддержки, когда учащийся обретает способность выполнить данную задачу без посторонней помощи - другими словами, когда задача переходит из зоны ближайшего развития в сферу компетенции, приобретенной студентами. Устранение свидетельствует, что обучающиеся уже готовы принимать на себя ответственность за решение задач и научение [2].

Интеллектуальные умения формируются на базе навыков умственной работы. Их наличие в учебной (и других видах) деятельности снимает напряжение личности, расковывает ее, делает более работоспособной (утомление наступает не так быстро, как при отсутствии навыков). Навыки, как известно, - автоматизированные компоненты сознательной деятельности. Умения - это сочетание знаний и навыков, обеспечивающее успешное выполнение деятельности. Круг умений, которыми должен овладеть студент, очень велик. Это и специфические, и обобщенные умения. В учебном процессе формируются и проявляются и обобщенные умения: умение планировать свою работу, всесторонне учитывать все условия задачи, рассматривать явления с различных точек зрения, выделять главную мысль, конспектировать материалы первоисточников. Овладение приемами мыслительной деятельности обеспечивает автоматизм (частичный) выполнения конкретных действий в учебной деятельности [2].

Современные социальные условия развития, обучения характеризуются наличием многочисленных стрессогенных факторов. Появление этих факторов обусловлено как социально-экономическими изменениями в стране и мире, так и общим повышением напряженности видео, информационной, образовательной среды. В настоящее время одним из доминирующих стрессогенных факторов является мировой, экономический кризис, многие люди испытывают значительную тревожность и беспокойство по поводу своего будущего. В таких непростых условиях живут и учатся девушки и юноши.

Поступление в вуз сопряжено с огромным напряжением интеллектуальных и физических сил, но став студентами молодые люди не освобождаются от влияния стрессовых факторов, наоборот, часто оно усиливается. На первом курсе происходит адаптация к университету. В проведенных исследованиях процесса адаптации первокурсников к вузу обычно выделяют следующие главные трудности: отрицательные переживания, связанные с уходом вчерашних учеников из школьного коллектива с его взаимной помощью и моральной поддержкой; неопределенность мотивации выбора профессии, неумение осуществлять психологическое саморегулирование поведения и деятельности, большой поток информации и нехватка времени для подготовки к занятиям, неумение рационально планировать время, отсутствие навыков самостоятельной работы и другие. Все это является стрессовыми факторами, оказывающими негативное влияние на студентов. Было бы неверным считать, что на старших курсах все легко и гладко, студенты также часто находятся в состоянии напряжения. Сегодня стресс воздействует на человека в течение всего дня, начиная с утренней суматохи и до самого вечера, он стал естественной и неотъемлемой частью нашей повседневной жизни. Однако длительный стресс может привести к возникновению психосоматических заболеваний, к несчастному случаю или даже к самоубийству. Реальная угроза здоровью человека - это слишком серьезная цена деятельности.

Каждый человек должен научиться управлять собой, своими психическими и физическими состояниями. Лишь при этом условии можно выстоять в стрессовых ситуациях. Другими словами, каждому человеку необходимо владеть теми возможностями, которые заложены в психической саморегуляции. Субъективное развитие и субъективное бытие человека определяется в первую очередь формированием и развитием тех сторон и качественных особенностей глобального феномена саморегуляции, которые детерминируют его стержневую, сущностную характеристику - общую способность к самостоятельному осознанному построению регуляции в новых видах и формах деятельности, способность к продуктивной творческой саморегуляции.

Способностью к эмоциональной саморегулированию необходимо овладеть всем студентам.

Рассмотрим различные способы эмоциональной саморегуляции. Важным резервом в стабилизации своего эмоционального состояния является совершенствование дыхания. Студент должен знать, что плохо поставленный голос, недостаточно отработанные дикция и темп речи плюс поверхностное, неритмичное дыхание - причины профессиональных недугов психолога, педагога, а вместе с ними и падение его эмоционального тонуса. Основы дыхательных упражнений заимствованы из системы йогов. Их смысл состоит в сознательном контроле за ритмом, частотой и глубиной дыхания. На всем протяжении дыхательные пути обильно снабжены окончаниями вегетативной нервной системы. Установлено, что фаза вдоха: возбуждение окончания симпатического, активизирующего деятельность внутренних органов, а фаза выдоха - блуждающего нерва, как правило, оказывающего тормозящее влияние. В дыхательной гимнастике это используется в виде так называемого «вечернего» - успокаивающего или «утреннего» - мобилизующего дыхания. Успокаивающий тип дыхания характеризуется постепенным удлинением выдоха до продолжительности удвоенного вдоха. Мобилизующее дыхание - как бы зеркальное отражение успокаивающего дыхания: изменяются не выдохи, а вдохи, дыхание задерживается не после выдоха, а после вдоха [2].

Успокаивающее дыхание полезно использовать, чтобы погасить избыточное возбуждение и нервное напряжение, например, в начале тестирования или контрольной работы, зачета, экзамена, перед

публичным выступлением на студенческой конференции. Этот тип дыхания может нейтрализовать нервно-психические последствия конфликта. Мобилизирующее дыхание помогает преодолеть вялость и сонливость при утомлении, способствует быстрому и безболезненному переходу от сна к бодрствованию, мобилизации внимания. В учебном процессе этот тип дыхания дает возможность снять сонливость и вялость у студентов.

Эффективной эмоциональной саморегуляции способствует также использование приемов воображения или визуализации. Визуализация- это создание внутренних образов в сознании человека, то есть активация воображения с помощью слуховых, зрительных, вкусовых, обонятельных, осязательных ощущений, а также их комбинаций. Визуализация помогает человеку активизировать его эмоциональную память, воссоздать те ощущения, которые он испытывал когда-то. Воспроизведя в сознании образы внешнего мира, можно быстро отвлечься от напряженной ситуации, восстановить эмоциональное равновесие.

Однако центральное место среди психопрофилактических средств активного воздействия на состояние занимает аутотренинг [3,4,5]. Создание этого метода связано с именем Шульца, который, занимаясь гипнозом, внушал своим пациентам состояние покоя, расслабления и полного сна до тех пор, пока не заметил, что они могут внушать себе это сами и при этом выздоровление шло быстрее и лучше. В настоящее время существует множество модификаций аутогенной тренировки: психомышечная тренировка, психофизическая тренировка, психорегулирующая тренировка и другие. Классический вариант аутогенной тренировки содержит 6 основных стандартных упражнений, каждое из которых направлено на определенную область организма: мышцы, кровеносные сосуды, сердце, дыхание, брюшные органы и голову. Смысл каждого упражнения состоит в концентрировании внимания на определенной части тела, с мысленным повторением формул самовнушения на ощущения тяжести, тепла и расслабленности. Аутогенная тренировка может эффективно использоваться как студентами, так и преподавателями, ее навыки позволят снижать уровень эмоционального напряжения в ожидании экзамена и во время его, обрести эмоциональный настрой на успех, уверенность в своих силах, развивают такие профессиональные качества как самообладание, организованность, самоконтроль, повышают уровень эмоциональной устойчивости.

Основным методическим приемом психорегуляции для лиц, которые хотят оптимизировать свое эмоциональное состояние является также обучение саногенному мышлению [3]. Автором этой методики является профессор Орлов Ю.М. Обучение саногенному мышлению преследует психогигиенические цели управления собой с сохранением и укреплением нервно-психического здоровья. Обучение саногенному мышлению предполагает культуру мышления, способность управлять своим умственным миром. Саногенное самопознание включает в себя не только управление своей волей, но и умение направлять ее на достижение мотивов собственного поведения. Обучение саногенному мышлению основано на расширении поля сознания, т.е. включения в область осознанного все большего количества жизненных функций человека, его привычек и психических состояний.

Рассмотрим черты саногенного мышления:

1.Рефлексия и интроспекция, отделяющие «Я» от ситуаций и образов, насыщенных отрицательным эмоциональным содержанием.

2.«Проигрывание» ситуаций стресса осуществляется на фоне релаксации, что создает угасающий эффект негативным эмоциям.

3. Саногенное мышление основано на конкретном представлении в сознании «строения» тех психических состояний, которые контролируются, здесь возрастает необходимость психологического консультирования учащихся.

4. Овладение саногенным мышлением предполагает научение навыкам погружения самого себя в состояние умиротворенности и расслабления. Подобная аутогенная релаксация потенцирует успех самовоспитания, раздельное применение аутотренинга менее эффективно.

5.Процесс интроспекции невозможен без сосредоточения, поэтому обучение мышлению обеспечивает и концентрацию внимания, необходимый элемент специалиста педагога-психолога.

Развитие личности студента, способной к реализации своих возможностей, здоровой, социально-устойчивой и одновременно мобильной, адаптирующейся, умеющей вырабатывать и изменять собственную стратегию в меняющихся обстоятельствах жизни и быть счастливой, - такова подлинная цель и критерии успешности современного образования. И в реализации этой цели важнейшим фактором как раз и является развитие способности к эмоциональной саморегуляции.

Литература:

1. Пантюхина М.Л.Богданова Е.Л. Организация самостоятельной работы студентов с учетом их индивидуальных психологических особенностей //Журнал «Психология обучения» № 10, 2007, с.99-107
2. М.В.Гамезо, Е.А.Петрова, Л.М.Орлова Возрастная и педагогическая психология М.: 2003г.
- 3.Е.М.Семенова Тренинг эмоциональной устойчивости М. 2006.
- 4.С.А.Бадмаев Психологическая коррекция отклоняющегося поведения школьников М.1999.
- 5.Митина Л.М.Учитель как личность и профессионал М.1994.

Аннотация: Мақалада демографиялық қартаю мәселесінің әлеуметтік және экономикалық салаларға әсері мен салдары және оны шешу жолдары айтылады. Сонымен қатар бұл үдерістің Қазақстандағы жүру қарқыны ТМД елдерімен салыстырылып, Батыс Қазақстан аймағындағы облыстардың демографиялық қартаю көрсеткіштерінің айырмашылықтарына талдау жасалады.

Кілт сөздер: демографиялық қартаю, өмір сүру ұзақтығы, зейнеткерлік жас, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтер.

Аннотация: В статье рассматриваются влияние и последствия проблемы демографического старения на социальную и экономическую сферы и пути ее решения. Кроме того, сравниваются темпы этого процесса в Казахстане со странами СНГ и анализируются различия показателей демографического старения в Западно-Казахстанском регионе.

Ключевые слова: демографическое старение, ожидаемая продолжительность жизни, пенсионный возраст, здравоохранение и социальные услуги.

Annotation: The article discusses the problem of demographic aging and its impact and consequences on the social and economic spheres and its possible solutions. In addition, the pace of this process in Kazakhstan is compared with the CIS countries; and the differences in the indicators of demographic aging in the West Kazakhstan region are analyzed.

Key words: demographic aging, life expectancy, retirement age, healthcare and social services.

Демографиялық қартаю үдерістері-халықтың жалпы санындағы егде жастағы адамдардың үлесінің ұлғаюы дүние жүзінің көптеген елдерінде тіркелген. БҰҰ-ның әлеуметтік және экономикалық сұрақтары бойынша халықты қамту Департаменті жұмысының алғашқы жылдарынан-ақ егде жастағы халық санының және құрамының ретроперспективалы және перспективалы есептеулерін жүргізіп, егде адамдардың салыстырмалы және абсолюттік жасының ұлғаю себеп-салдарына талдау жасап халықтың қартаю мәселесімен айналысады. Тарихи баяндамаға айналған 1956 жылғы баспа беттерінде жарияланған әлемнің ең дамыған елдеріндегі демографиялық қартаюға арналған мақалада Біріккен Ұлттар Ұйымы мамандары үнемі және дәйекті түрде ұлттық және халықаралық үкіметтердің назарын демографиялық қартаю мәселелеріне аударды.

Ғаламшардағы 60 жастан асқан қарт тұрғындарының саны 2017 жылы 962 миллион адамға жетіп, әлем халқының 13%-ын құрады. Қарт адамдар саны жыл сайын 3%-ға өсуде. 2050 жылға қарай егде жастағы адамдардың тобы Африкадан басқа аймақтарда, барлық халықтың төрттен бірін құрайды деп күтілуде. Егде адамдардың ғаламдық масштабтағы саны жасақталған болжамдар бойынша 1,4 млрд 2030 жылға қарай, 2050 жылға қарай 2,1 млрд және 2100 жылы 3,1 млрд-ты құрайды [4].

2060 жылдары тіптен нашар дамыған елдердің өзінде егде адамдардың саны өткен ғасырдағы дамыған елдердегідей болады. 2050 жылға қарай егде адамдардың саны балалардың санынан асып түседі.

Айта кету керек, қарттықтың шекарасы мен еңбекке жарамды халықтың жасы арасындағы шегара нақты белгіленбеген. БҰҰ-ның 2017 жылғы дүниежүзілік халықтың қартаюы туралы баяндамасында еңбекке қабілетті жастың жоғарғы шегі ретінде көрсетілген жас 64 жас. Яғни, егде жастағы тұрғындарға 65 жас және оданда жоғарыдағыларды қосады Кәрілік шекарасының ауысуы қартаю процесін талдау кезінде әлем елдеріндегі егде жастағы адамдардың өмір сүру ұзақтығының және дамыған елдердегі зейнеткерлік жастың өзгеруімен байланысты болуда.

Демографиялық қартаю экономика, денсаулық сақтау жүйелері, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастар, сондай-ақ қарт адамдардың жағдайларының өзінде тұтастай кешенді салдарына алып келеді. Сондықтан демографиялық қартаюдағы саясат көп жағдайда әлем елдерінде бірінші орынға шығады. Статистикалық мәліметтер және демографиялық талдаулар әлем халқының тез қартаю дәуіріне көшкенін көрсетеді.

Адамдар орташа есеппен осыдан 50 жыл бұрынғымен салыстырғанда өмір сүру жасының ұзақтығы 20 жылға артқан. Болжам бойынша 2050 жылы әлем халқының әрбір бесінші тұрғынының жасы 60-тан асқан болады. Жыл сайын 58 млн. адам 60 жасқа толып отырады. 2050 жылға қарай егде адамдардың 80%-ы әл-ауқаты орташа және төмен елдерде тұратын болады

Дүние жүзі елдері халқының жас құрылымын бағалау үшін БҰҰ Статистика бөлімі үш сатылы шкала ұсынды, оны халықтың жалпылама сипаттамасы ретінде пайдалануға болады:

- 65 және одан жоғары жастағы адамдар жалпы халықтың 7%-дан астамын құрайтын «қарт халқы» бар елдер;

- Халқы «қарттықтың алдында тұрған» елдер – 65 және одан жоғары жастағы халқының үлесі 4-тен 7%-ға дейінгі елдер;
 - 65 және одан жоғары жастағы адамдардың үлесі 4%-дан аз болатын «жас халқы» бар елдер.
- Осы шкала бойынша ТМД-ға мүше мемлекеттердің халқын келесідей жіктеуге болады:
- «қарт халық» - Арменияда, Белоруссияда, Молдовада, Ресейде, Украинада;
 - «қарттықтың табалдырығында тұрған халық» - Әзірбайжанда, Қазақстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда;

«жас халық» - Тәжікстанда[5].

Өртүрлі қарқындылықтағы егде жастағы халық үлесінің өсуі Достастықтың көптеген елдерінде байқалады. Сонымен қатар, соңғы 15 жылда Қазақстан мен Қырғызстанда 65 жастан асқан адамдардың салыстырмалы санының (үлесі) азаюы байқалады, бұл туу деңгейінің жоғары болуымен байланысты. Осыған қарамастан, егде жастағы адамдардың үлес салмағының өзгеріссіз қалғанына немесе тіпті азаюына қарамастан, соңғы жылдары ТМД-ның барлық елдерінде халықтың орташа жасы өсуде.

1-кесте –ТМД елдеріндегі 65 және одан жоғары жастағы халықтың жалпы халық санындағы үлесі[5]

Елдер	65 және одан жоғары жастағы халықтың жалпы халық санындағы үлесі (% , жыл басына)	
	2000 жыл	2020жыл
Азербайжан	5,2	12
Армения	11,0	15,6
Беларусь	11,4	27,3
Қазақстан	6,7	11,3
Қырғызстан	6,1	10,2
Молдова	8,3	7,8
Ресей	12,4	29,6
Тәжікстан	3,2	7,4
Өзбекстан	4,1	11,2
Украина	14,3	27,1

Айта кету керек, өсу жағдайында бүкіл халықтың қартаюуы өмір сүру ұзақтығы сөзсіз оның жұмыс істейтін бөлігінің қартаюуымен бірге жүреді. Соңғы жылдары ТМД-ға мүше барлық мемлекеттерде 15-64 жас аралығындағы халық арасында еңбекке қабілетті халықтың егде бөлігінің (40-59 жас) үлесі артты. Қазіргі уақытта ел бойынша бұл көрсеткіштің мәні 27-ден 42 пайызға дейінгі аралықта.

Ел халқының құрылымындағы өртүрлі жас топтарының арақатынасы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің тұтас кешенін шешуде маңызды роль атқарады. Осылайша қоғамның еңбекке қабілетті және еңбекке қабілетсіз (балалар мен егде жастағылар)топтарының арақатынасыұрпақтарды, ең алдымен, зейнетақы төлемдерін қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылады.

ТМД елдерінде, әлемнің көптеген елдеріндегідей, қазіргі зейнеткерлердің зейнетақысы жұмыс істейтін азаматтардың міндетті төлемдерінен және еңбекақы қорынан аударымдардан қалыптастырылатын ұрпақтар ынтымағы қағидасына негізделген зейнетақы жүйесінің үлестіруші түрі бар. Осыған байланысты зейнетақы жүйелерінің тұрақтылығы көп жағдайда халықтың демографиялық құрылымына байланысты.

Демографиялық көшу жолына бірінші болып түскен елдерде қартаюу процесі XIX ғасырдың соңғы үштігінде, ал XX ғасырдың екінші жартысында толық көрініс тапты.

БҰҰ баяндамасында 1950-2050 жылдардағы халықтың жас құрылымындағы өзгерістерді талдауында, қазіргі ғасыр бұдан да жылдам қартаюудың куәсі болады және халықтың қартаюуы жаһандық құбылыс ретінде әр адамның өміріне әсер етеді [4].

Соңғы жылдардағы өмір сүру ұзақтығының артуына байланысты болып жатқан демографиялық өзгерістер ТМД-ға мүше бірқатар мемлекеттерде жасы бойынша зейнеткерлер санының артуына әкелді.

Орталық Азия елдерімен салыстырғанда, Қазақстанда 65 және одан жоғары жастағы халықтың жалпы халық санындағы үлесінің екі есеге жуық өскені көрінеді. Ал Тәжікстан халқы жас мемлекеттердің санатында тұр екен. 2000 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 65 жастан асқандар халық санының 6,7% құраған. Бұл көрсеткіш Өзбекстанда 4,1%, Қырғызстанда 6,1%-ды көрсеткен. Бұл елдердегі бала туу көрсеткіші аса жоғары болуы ел халқының жасаруына мүмкіндік берді. ел.

2017 жылдың басындағы жағдай бойынша Достастық елдерінде 54 миллион зейнеткер немесе жалпы халықтың 19%-ы болған. Соңғы 25 жылда (1991 жылдың желтоқсанынан бастап) олардың саны облыс бойынша тұтастай алғанда 9 миллион адамға өсті, яғни. қазіргі уақытта ТМД елдерінің әрбір бесінші тұрғыны дерлік зейнеткер.

ТМД-ны құру кезінде оның қатысушылары болған барлық мемлекеттерде зейнеткерлік жас бірдей болды және әйелдер үшін 55 жас, ерлер үшін 60 жас болды. Соңғы жылдары көптеген елдерде өмір сүру

ұзақтығының өсуіне және экономикалық жағдайға байланысты зейнетақы заңнамасы қайта қаралды, зейнеткерлік жас ұлғайтылды, ал кейбір Достастық мемлекеттерінде бұл өсу әйелдерге көбірек әсер етті.

Сонымен қатар, барлық елдерде дерлік ерлер мен әйелдердің зейнет жасындағы 2,5-5 жас аралығы сақталуда. Тек Арменияда бұл жас әйелдер мен ерлер үшін бірдей және 63 жас.

Адамдар зейнетке шыққан кезде олардың табыс деңгейі төмендейді, бұл ТМД елдеріндегі зейнеткерлердің басым көпшілігі үшін өмір сүру деңгейінің айтарлықтай төмендеуіне әкеледі, бұл ауыстыру коэффициентінің мәндерімен расталады (орташа зейнетақы мен орташа жалақының арақатынасы). Достастық елдерінде бұл көрсеткіш соңғы жылдары негізінен төмендеу тенденциясына ие 24-43% құрайды. ЕО елдерінде ауыстыру көрсеткіші 70%-ға жетеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда әлем елдері сынды халықтың қартаюы байқалуда. 2010 жылы зейнеткерлер халықтың 9,9% үлесін құраса, ал 2020 жылы ол 11,3%-ға өскен. Еңбекке қабілетті халықтың үлесі керісінше 2010 жылғы 64%-дан 2020 жылы 58,3%-ға дейін төмендеп кеткен. Ж. Боже-Гарнье-Э. Россеттің демографиялық қартаю деңгейі шкаласы бойынша Қазақстан "қартаю алдында" тұрған мемлекеттер қатарында.

Бұл көрсеткіштер өз кезегінде еңбекке қабілетті адамға демографиялық жүктеменің де өсуіне әкеліп отыр. Мысалы, елімізде еңбекке қабілетті 1000 адамға еңбекке қабілетті жастан кіші және үлкен 692 адамнан келеді, ал бұл көрсеткіш он жыл бұрын 555 адамды құраған болатын [1].

Еліміздегі облыстар бойынша жалпы халық санындағы зейнеткерлердің үлесіне талдау жасап қарасақ, ең жоғарғы үлес Павлодар (21,2%), Оңтүстік Қазақстан (19,6%), Солтүстік Қазақстан облыстарында (18,9%), ал ең төменгі көрсеткіштер Шымкент қаласы(7,6%), Маңғыстау (7,2%), Атырау облыстарында (8,3%) болып отыр. Аумақтар бойынша демографиялық қартаю көрсеткіштерінің айырмашылықтары табиғи өсім, 5 жасқа дейінгі сәбилер өлімі, дәрігерлермен қамтамасыз етілуінің салыстырмалы көрсеткіштерінің де өзгерісін көрсетеді.

Батыс Қазақстан облыстарының 2020 жылғы статистикалық ақпараттары негізінде демографиялық қартаю үдерісін салыстырайық.

2-кесте – Батыс Қазақстан облыстарындағы салыстырмалы демографиялық көрсеткіштер[1]

№	Облыс тар	Зейнеткерлер үлесі	Қала халқының үлесі, %	Ауыл халқының үлесі, %	Жылбойынша жалпы өсім, %	Сәбилер өлімі(мың адамға бес жасқа дейін)	Миграция сальдосы	Дәрігерлер мен қамтамасыз етілуі	Тұрғын үймен орташа қамтамасыз етілу(бір адамға шаққанда)	Жұмыссыздық деңгейі, %	Халықтың атаулы ақшалай табыстары (өткен жылға %)
1	Батыс Қазақстан	12,8	52,4	47,5	20,8	10,9	-17,1	33	21,9	30	104,8
2	Ақтөбе	10,3	71,2	28,7	24,1	9,44	-41,2	46,2	22,4	30,5	106,1
3	Атырау	8,3	54,5	45,4	27,8	10,39	-23,5	31,1	23,2	22,7	101,2
4	Маңғыстау	7,2	39,5	60,4	31,1	9,66	1,69	34,2	26,3	28	102,9

Зейнеткерлер үлесі бойынша Батыс Қазақстан облысының үлесі ең жоғары(12,8%), ал ең төменгі көрсеткіш Маңғыстау облысы (7,2%). Жалпы Қазақстандағы қартаю көрсеткіші 2020 жылы 11,3%-ды құрағанын ескерсек, Батыс Қазақстан облысының көрсеткіші еліміздегі көрсеткішінен төмен екені көрінеді. Ал Маңғыстау облысындағы зейнеткерлердің үлесі бойынша Қазақстандағы ең төменгі көрсеткішке ие. Жалпы халық санындағы зейнеткерлердің үлесіне көптеген әлеуметтік және экономикалық факторлар әсер етеді. Сәйкесінше бұл көрсеткіштердің өзгерісі салыстырмалы және абсолюттік демографиялық көрсеткіштердің әртүрлі болуында әсер етіп отыр. Атап айтар болсақ, Маңғыстау облысындағы зейнеткерлер үлесінің төмен болуы туу көрсеткішінің жоғары болуымен, яғни халық санындағы балалардың үлесінің көптігімен де байланысты. Туу көрсеткіші бойынша бұл Қазақстандағы барлық облыстардың арасында бірінші орында болса (31,1%), жалпы еліміз бойынша Түркістан облысы (30,3%), Шымкент (30,5%) Нұр-Сұлтан (26,02%) қалаларынан кейін төртінші орында орналасқан. Сонымен қатар ауылдық аймақтарда туу көрсеткіші әрқашан жоғары болатынын ескерсек, осы облыста ауыл қалқының үлес салмағы да жоғары (60,4%). Зейнеткерлер үлесі жоғары болып келетін Батыс Қазақстан облысында табиғи өсімде төмен, небары 20,8%-ды құрайды. Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау облыстарында миграция сальдосы теріс көрсеткішті көрсетсе, Маңғыстау облысында бұл оң мәнге ие, яғни көшіп келушілердің саны көп болып отыр. Жалпы батыс аймақта миграция үдерісі. Қарқынды жүруде. Бұл аймақтағы мұнай-газ саласының дамуымен, жаңа жұмыс орындарының ашылуымен тығыз байланысты.

Халықтың қартаюы қоғам мен экономиканың барлық дерлік салаларына әсер етеді, ол көбіне зейнетақы жүйесіне, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтерге қатысты. Саны өсіп келе жатқан қарт адамдарға тиісті материалдық қолдау мен тұрмыстық жағдай, экономикалық белсенді болып қалғысы келсе, кәдімгі жұмысын жалғастыру мүмкіндігі, лайықты зейнетақы, сапалы әлеуметтік және медициналық қызмет қажет. Біздің елімізде осы жағдайларға байланысты жасалып жатырған шаралар жүйесі жетерлік, бірақ олар әліде жетілдіруді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ақпараттық-талдамалық жүйесі. – <https://taldau.stat.gov.kz/kk/Region/GetRegionById/264023>
2. Старшее поколение: обзор ситуации в государствах-участниках СНГ. – http://www.cisstat.com/rus/elderly_generation/starshee%20pokolenie.pdf
3. Обзор мирового экономического и социального положения. Развитие в условиях старения населения мира. – Нью-Йорк, 2007.–http://www.un.org/en/development/desa/policy/wess/wess_archive/2007wess_ru.pdf
4. World Population Ageing: 1950-2050: report of United Nations (UN). 2005. – www.un.org/esa/population/publications/worldageing19502050
5. О демографической ситуации в странах СНГ в 2019 году. – <http://www.cisstat.com/migration/demographic%20situation%20in%202019.pdf>

ӘОЖ 911:338.49 (574.1)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ АУМАҚТЫҚ САРАЛАНУЫНЫҢ ФАКТОРЛАРЫ МЕН АЛҒЫШАРТТАРЫ

Галиева Р.

Магистрант,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

e-mail: raihannnnn@mail.ru

Аннотация: Мақалада 2014-2020 жылдар аралығындағы әкімшілік аудандар деңгейінде Батыс Қазақстан облысының өндірістік инфрақұрылымының дамуына талдау жасалды. Автор Батыс Қазақстан облысының өндірістік инфрақұрылымының нысандарының аумақтық саралануын бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді негіздеді және ұсынды.

Мақалада Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсер етуі негізінде өндірістік инфрақұрылымның дамуының қазіргі жағдайын талдаудың негізгі нәтижелері келтірілді. Батыс Қазақстан облысының өндірістік инфрақұрылымының қолайлы даму деңгейі бойынша әкімшілік аудандардың типологиясы жасалды.

Кілт сөздер: инфрақұрылым, өндірістік инфрақұрылым, аймақ, экономика, Батыс Қазақстан облысы.

Аннотация: В статье проанализировано развитие производственной инфраструктуры Западно-Казахстанской области на уровне административных районов за 2014-2020 годы. Автор обоснованы и представлены показатели, позволяющие оценить территориальную дифференциацию объектов производственной инфраструктуры Западно-Казахстанской области.

В статье представлены основные результаты анализа современного состояния развития производственной инфраструктуры Западно-Казахстанской области с учетом влияния социально-экономических факторов. Разработана типология административных районов по благоприятному уровню развития производственной инфраструктуры Западно-Казахстанской области.

Ключевые слова: инфраструктура, производственная инфраструктура, регион, экономика, Западно-Казахстанская область.

Annotation: The article analyzes the development of the industrial infrastructure of the West Kazakhstan region at the level of administrative districts for 2014-2020. The author substantiated and presented indicators that allow assessing the territorial differentiation of industrial infrastructure facilities in the West Kazakhstan region.

The article presents the main results of the analysis of the current state of development of the industrial infrastructure of the West Kazakhstan region, taking into account the influence of socio-economic factors. A typology of administrative districts has been developed according to a favorable level of development of the industrial infrastructure of the West Kazakhstan region.

Key words: infrastructure, production infrastructure, region, economy, West Kazakhstan region.

Батыс Қазақстан облысында әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсерінен Қазақстанның басқа облыстарындағыдай өндірістік инфрақұрылымның дамуының облысшілік ерекшеліктері байқалады. Осыған байланысты Батыс Қазақстан облысының жекелеген әкімшілік аудандарының аумақтық өндірістік инфрақұрылымының дамуына зерттеулер жүргізу маңызды мәселе болып табылады. Бұл әкімшілік аудандардағы өндірістік инфрақұрылымның даму деңгейін аумақтық саралаудағы ерекшеліктерді, үрдістер мен мәселелерді анықтау және Батыс Қазақстан облысының өндірістік инфрақұрылым саласын кеңістікте дамытудың басым бағыттарын айқындау қажеттілігімен айқындалады.


Қазіргі экономикалық әдебиеттерде салалық тәсіл аясында өндірістік инфрақұрылым «өндіріс процестерінің тікелей сыртқы жағдайларын қамтамасыз ететін салалар кешені ретінде қарастырылады. Оған жүк көлігі, көтерме сауда, электр, газ және сумен жабдықтау, қойма шаруашылығы, байланыс, ақпараттық қызмет көрсету, сондай-ақ іскерлік қызмет көрсету саласы кіреді, оған: жарнама және маркетингтік қызмет көрсету, жалдау, лизинг, консультациялық қызмет көрсету, инжиниринг, жұмыс күшіне уақытша қажеттіліктерді қамтамасыз ету саласы және т.б.»[1].

Өндірістік инфрақұрылым нысандарының орналасуының аумақтық саралануының әлеуметтік-экономикалық факторлары ретінде 11 салыстырмалы көрсеткішті қолдандым. Бұл көрсеткіштерді картографиялық және талдамалық материалдарды талдаумен салыстыру Батыс Қазақстан облысының аумақтық өндірістік инфрақұрылымының даму үрдістерінің негізгі бағыттарын көрсететін белгілі бір нәтижелер алуға мүмкіндік берді.

2014-2020 жылдар аралығында халықтың тығыздығында айтарлықтай өзгерістер байқалмайды. Батыс Қазақстан облысы көлемінде халық тығыздығы 1 шаршы км-ге 4 адамды құрайды. 2020 жылғы халық тығыздығының көрсеткіші 2014 жылмен салыстырғанда 11%-ға артқан Орал қаласының әкімшілік аумағын ерекше атап өтуге болады.

Өндірістік инфрақұрылым нысандарының орналасуының аумақтық саралануының экономикалық факторларының бірі бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы (теңге) бойынша 2014 жылға карағанда 2020 жылы ең төменгі көрсеткіш көрсетіп 24%-ға артқан Бөрлі ауданы болса, қалған әкімшілік аудандардың көрсеткіштері 40%-60%-ға артып жақсы нәтиже көрсетіп отыр. Ал 2020 жылғы жеке бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы бойынша ең жоғарғы көрсеткішке Бөрлі ауданы ие болып отыр.


Жан басына шаққандағы негізгі капитал инвестициялары көрсеткіштері бойынша Батыс Қазақстан облысының 2014-2020 жылдарда көлемі 24%-ға артқан. Ал облыстың әкімшілік аудандары бойынша Бөкей ордасы, Жәнібек, Сырым аудандарында бұл көрсеткіштер 80-95%-ға артса, керісінше, Бәйтерек және Қаратөбе аудандарында бұл көрсеткіштер 20-50%-ға кеміп отыр. Алайда 2020 жылғы жеке көрсеткіштер бойынша жан басына шаққандағы негізгі капитал инвестициялары бойынша Бөрлі ауданы көш бастап тұрса, Бәйтерек ауданы мен Орал қаласының әкімшілік аумағы келесі орындарда жайғасқан (1-сурет).



1-сурет. Батыс Қазақстан облысы әкімшілік аудандарының 2014-2020 жылдардағы бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысының (мың теңге) өзгеру көрсеткіштері. Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [2].

Жан басына шаққандағы өнеркәсіп өндірісінің өнімі (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге, көрсеткіші бойынша Батыс Қазақстан облысында бұл көрсеткіш 2014-2020 жылдар аралығында 0,6%-ға ғана артқан. Аудандар бойынша 60-70%-ға артқан Сырым, Жаңақала аудандарын ерекше айтып өтетін болсақ, ең жоғарғы 40-55% кему көрсеткіштерін көрсетіп отырған Қаратөбе, Шыңғырлау және Бәйтерек аудандары болып отыр. Жан басына шаққандағы өнеркәсіп өндірісінің өнімі (тауар, қызмет) көлемінің 2020 жылғы жеке көрсеткіштері бойынша Бөрлі ауданы 26698,4 мың теңге құрап бірінші орынды алса, Бәйтерек ауданы 1967,9 мың теңгені көрсетіп екінші орынға жайғасқан. Атап өтілген екі ауданның 2014-2020 жылдардағы көрсеткіштерінің кемуі орын алып отырса да, Батыс Қазақстан облысының әкімшілік аудандары арасынан көш бастап тұрғанын көре аламыз.

Батыс Қазақстан облысында 2014-2020 жылдар аралығында жан басына шаққандағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) көлемі 45%-ға артқан. Әкімшілік аудандар бойынша да бұл көрсеткіштің қарқынды өсуі байқалады, соның ішінде 50-60%-ға артып отырған Шыңғырлау, Сырым, Қаратөбе, Тасқала, Бәйтерек және Ақжайық аудандары. Ал 2020 жылғы жалпы көрсеткіш бойынша көш бастап тұрған Бәйтерек, Шыңғырлау аудандары. Ең төменгі арту көрсеткіші бойынша (18,9%) және жалпы 2020 жылғы көрсеткіш (151,7 мың теңге) бойынша артта қалып отырған Бөрлі ауданы және 34,81 мың теңге көрсеткішімен Орал қаласының әкімшілік аумағы (2-сурет).




2-сурет. Батыс Қазақстан облысы әкімшілік аудандарының 2014-2020 жылдардағы жан басына шаққандағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) көлемі (мың теңге) өзгеру көрсеткіштері. Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [2].

Жан басына шаққандағы құрылыс жұмыстарының көлемі бойынша 2014-2020 жылдарда Батыс Қазақстан облысында 56,2%-ға артқан және Қаратөбе ауданынан басқа әрбір жекелеген әкімшілік аудандары бойынша да өсу қарқыны байқалады. 85%-95%-ға артып ең жоғарғы көрсеткіш көрсетіп отырған Тасқала және Бөкей ордасы аудандары болса, ең төменгі арту көрсеткіштері 12,9% және 12% Жаңақала және Шыңғырлау аудандарына тиесілі болып отыр. Едәуір артта қалып, көрсеткіші 74,7%-ға кеміп отырған Қаратөбе ауданы ғана. 2020 жылғы әрбір әкімшілік аудан бойынша жеке көрсеткіштерге тоқталсам, көш бастап Бөрлі ауданы (1390,2 мың теңге), едәуір артта қалып Тасқала ауданы (311,4 мың теңге) және Қазталов аудандары (297,1 мың теңге) тұр. Жаңақала және Қаратөбе аудандары тиісінше 57,2 мың теңге және 45,09 мың теңге көрсеткішпен қалған әкімшілік аудандардың соңында қалып отыр.


Батыс Қазақстан облысы бойынша 2014-2020 жылдардағы жан басына шаққандағы құндық мәндегі бөлшек сауда көлемі 37,9%-ға артқан, яғни 2014 жылы бұл көрсеткіш 320,1 мың теңгені құраса, 2020 жылы 515,5 мың теңгеге жеткен. Әрбір әкімшілік аудандар бойынша тоқталсам, 50%-60%-ға артып жоғары көрсеткіш көрсетіп отырған Ақжайық, Шыңғырлау және Бөрлі аудандары, 30%-60%-ға кеміп төмен көрсеткіш көрсетіп отырған Жәнібек және Теректі аудандары болса, қалған 7 аудан және Орал қаласының әкімшілік аумағы 20%-45%-ға артып орташа көрсеткіш иеленіп отыр. Жан басына

шаққандағы құндық мәндегі бөлшек сауда көлемі бойынша 2020 жылғы көрсеткішке сәйкес Батыс Қазақстан облысының жекелеген әкімшілік аудандары арасынан Орал қаласының әкімшілік аумағы (830,1 мың теңге) көш бастап тұрса, одан екі есеге жуық артта қалып Бөрлі ауданы (459,4 мың теңге) мен Шыңғырлау аудандары (423,7 мың теңге) жоғары көрсеткіш көрсетіп отыр. 2014-2020 жылдар аралығында кему көрсеткішін көрсеткен Жәнібек және Теректі аудандары 2020 жылғы жеке әкімшілік аудандар арасында да тиісінше 61,5 мың теңге және 48,9 мың теңге мәніне ие болып төменгі көрсеткіш көрсетіп отыр(3-сурет).



3-сурет. Батыс Қазақстан облысы әкімшілік аудандарының 2014-2020 жылдардағы жан басына шаққандағы құндық мәндегі бөлшек сауда көлемі (мың теңге) өзгеру көрсеткіштері. Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [2].

Батыс Қазақстан облысы бойынша жылдардағы жан басына шаққандағы көтерме сауда тауар айналымы көрсеткіші 2014 жылы 379 мың теңге болса, 2020 жылы 560,4 мың теңгеге жетіп 32,4%-ға артқан. Алайда әрбір әкімшілік аудан бойынша көрсеткіштер басқаша сипат алып отыр. Бөрлі және Ақжайық аудандарының көрсеткіштері 30%-35%-ға кеміп төмен көрсеткішке ие болып отырса, Қаратөбе, Жәнібек, Сырым, Жаңақала, Қазталов және Шыңғырлау аудандары 60%-80%-ға кеміп өте төмен нәтиже көрсетіп отыр. Тасқала және Теректі аудандары 90%-99%-ға артып ең жоғарғы нәтижеге ие болса, Бөкей ордасы мен Орал қаласының әкімшілік аумағының көрсеткіштері тиісінше 45,9% және 30,3%-ға артқан. Бөрлі ауданы 2014-2020 жылдар арасындағы көрсеткіштерді салыстыру нәтижесінде 35%-ға жуық кеміген болса да, Батыс Қазақстан облысының әкімшілік аудандары арасында жан басына шаққандағы көтерме сауда тауар айналымы көрсеткіші 295,3 мың теңгені құрап екінші орын иеленіп отыр, ал көш бастап тұрған Орал қаласының әкімшілік аумағы (1071,2 мың теңге).



Шартты белгілер:

Өндірістік инфрақұрылымның қолайлы даму деңгейі бойынша әкімшілік аудандардың типологиясы



● Облыс орталығы
○ Аудан орталығы

***** Теміржол

Сырым – Аудан атауы
Жымпиты – Аудан орталығы

4-сурет. Батыс Қазақстан облысының өндірістік инфрақұрылымының дамуы үшін факторлар мен алғышарттардың аумақтық саралануы. Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [2].

Жұмыссыздық деңгейі бойынша Батыс Қазақстан облысының 2014-2020 жылдардағы көрсеткіштеріне сәйкес өзгерістер байқалмайды. Батыс Қазақстан облысының әкімшілік аудандары деңгейіне көшсек, мұнда сипат өзгеше. Жұмыссыздық деңгейі Бөрлі, Ақжайық және Бәйтерек аудандарында тиісінше 6,5% және 4,2%-ға артқан. Керісінше Казталов, Қаратөбе аудандарында 7%-11%-ға Бөкей ордасы, Жәнібек, Сырым, Тасқала, Теректі, Жаңақала және Орал қаласының әкімшілік аумағында 2%-5%-ға азайып жақсы нәтиже көрсетіп отыр.

Атап өтілген әлеуметтік-экономикалық факторлардың көрсеткіштерін талдау нәтижесінде Батыс Қазақстан облысының өндірістік инфрақұрылымының қолайлы даму деңгейі бойынша әкімшілік аудандардың типологиясы жасалды [3]. Типология бойынша әкімшілік аудандар 5 топқа: өте төмен, төмен, орташа, жоғары және өте жоғары болып топтастырылды. 2014 жылғы көрсеткіштер бойынша жоғары көрсеткішпен 4 топта Бөрлі ауданы жайғасса, төмен көрсеткішпен 2 топта Орал қаласының әкімшілік аумағы, Бәйтерек, Шыңғырлау, Теректі және Ақжайық аудандары орын алды. Облыстың қалған 7 ауданы өте төмен көрсеткішке ие болды(сурет-4).2020 жылда бұл көрсеткіштер басқаша сипат алып, Бөрлі ауданы өте жоғары топқа ауысып, Бәйтерек ауданының орташа деңгейге ауысуы көрініс тапты. Жәнібек, Жаңақала және Қаратөбе аудандары өзгеріссіз өте төменгі топта қалып отыр, ал қалған 8 аудан мен Орал қаласының әкімшілік аймағы төмен деңгейде. Қорыта келе, Батыс Қазақстан облысының өндірістік инфрақұрылымының қолайлы даму деңгейі бойынша Бөрлі ауданы көш бастап тұр, одан кейін Бәйтерек және Орал қаласының әкімшілік аумағы. Батыс Қазақстан облысында солтүстікте шоғырланған өндірістік инфрақұрылымның аумақтық оқшаулануы сипат алып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Власов В.В. Япония: производственная инфраструктура / В.В. Власов. – М.: Наука, 1991. – 182 с.
2. Батыс Қазақстан облысының статистика департаменті: Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері. – <https://stat.gov.kz/region/253160/dynamic>
3. Имашев Э.Ж., Сафиуллин Р.Г. Тенденции и приоритеты пространственного развития Западно-Казакстанской области: монография. – Уральск: РИЦ ЗКГУ им. М.Утемисова, 2015. – 221 с.

Дуйсебекова А.

ф. ф. к., доцент

Қалиев А.

ф. ф. к., доцент

Рахметова Б.

ф. ф. к., доцент

Алимбаев К.

п. ф. магистрі

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты,
aisaule_duisebekova@mail.ru

Аннотация: Мақалада ойшыл Абайдың әдеби мұрасын жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланудың маңыздылығы мен қашықтан оқыту арқылы ұлы ақын шығармашылығын зерделеудегі әдістемелік тәсілдер қарастырылған.

Кілт сөздер: Абай әлемі, ойшыл, ұлттық құндылық, қашықтан оқыту, технология.

Аннотация: В статье рассматривается важность использования литературного наследия мыслителя Абая в воспитании подрастающего поколения и методические подходы в изучении творчества великого поэта через дистанционное обучение.

Ключевые слова: мир Абая, мыслитель, национальная ценность, дистанционное обучение, технология.

Annotation: The article considers the importance of using the literary heritage of the thinker Abai in the education of the younger generation and methodological approaches in the study of the great poet's work through distance learning.

Keywords: Abai's world, thinker, national value, distance learning, technology

Бүгінде егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздігіміздің келешегіне сенімділікпен қарасақ та, ұлы Абайдың даналы, аталы сөздерін өскелең ұрпақ жадында сақтап жүр ме? деген сауал саналы адамның көңіл түкпірінен қылаң берері анық. Әрине, бүгінде «заман басқа, заң басқа» деп жалаулатып, ескіден безіп, «толассыз жаңалыққа» жаны құмар жастардың кейбір тәрбиесіз қалпына қарап қынжыласың.

Абай айтқан: «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» сынды бейнелердің бүгінгі таңда көбейіп, «жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын» - дегеніндей, қоғамымызда таршылық пен жоқшылықтың, бойкүйездіктің тауқыметін тартып жүрген жас пен кәрінің саны күн сайын арта түсуде. Мұның бәріне не себеп деп толғансақ, тәрбие мәселесіндегі келеңсіздіктердің белең алуы дер едік. Жастар саясаты мен тәрбиесі ісіне ауадай қажетті халықтық тәрбие, ұлттық құндылықтарымызды бойтұмар етіп тағыну – бұл күнде мүлдем естен шыққандығы ашы да болса, шындық.

Қазақ мәдениеті мен әдебиеті тарихында орны зор, замандастары арасындағы озық ойлы, ерекше тұлға болған Абай Құнанбаевтың ірі ағартушы-демократ, терең ойшыл, қоғам қайраткері, рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеуші ақын екендігін адамзат мойындауда.

Абай сөзі – халқымыздың рухын асқақтатып, бүкіл әлемге тарады. Ал, Абайтанудың алғашқы асулары өткен ғасырдың басынан-ақ бастау алғандығы белгілі. Ахмет Байтұрсынұлы Абайдың классикалық стилі туралы: «Сөзі – аз, мағынасы – көп, терең. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық» - дей келе, ақынның болмысын ғылыми тұрғыда дәлелдеген [1].

Дана Абай он тоғызыншы қара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады...»- деп, адам баласының ой-санасының қалыптасу деңгейін сараптайды [2,114б.]. Бұл адамдар бойында рухани адамгершілік ізгіліктердің болуы олардың сана-сезіміне, ой-өрісіне, алған біліміне, көңіліне түйген ақыл-нақыл, ғибратты дүниесіне тікелей қатысты екендігін айғақтайды.

Абай өзінің қара сөздерінде әділеттілік, өнер-білім, адал еңбек, адамгершілік мәселелерін сөз етті. Қара сөздерінің жиырма шақтысы ағартушылық бағытқа арналған. Олардың ішінде «Екінші сөзі», «Сегізінші сөзі», «Жиырма бесінші сөзі», «Отыз екінші сөзі», «Отыз үшінші сөзі», «Отыз жетінші сөзі», «Отыз сегізінші сөзі», «Қырық үшінші сөзі» оқу, өнер-білім мәселесін көбірек қозғайды.

Абайша ақыл, ғылым, ар, мінез кімде басым – сол адам артық және бағалы. «Он сегізінші сөзінде»: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі – ақымақшылық. Демек, адамды қор қылатын еңбек емес, керісінше, еңбексіздік, қырсыздық. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық деп білерсің», – деген Абай: «оның себебі: бұл үш нәрсе адамға жат нәрселер, яғни «надандық – ғылым, білімнің жоқтығы... білімсіздік, хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны: талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік бәрі де осыдан шығады» – деп пайымдайды. Осыған орай ұлы Абайдың ақыл, нақыл, өсиетті, өнегелі сөздерін бұл күнде орта мектеп оқушыларының тәрбиесіндегі қуатты күшке айналдыру – жемісін берері анық.

Соңғы жылдардағы әлемдік пандемия оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде қашықтан білім беруді кезек күттірмейтін өзекті мәселесіне айналдырды. Ол бүгінгі таңда «Өмір бойы білім алу», «Білім беруде шекара жоқ», «Барлық адамдар үшін білім беру» сынды мақсаттағы білім беру бағдарламаларының негізгі түйініне саналады. Бүгінде үздіксіз білім алудың ілгері дамуын жетілдіруде заманауи ғаламтор желілерін қамтамасыз ететін интерактивті технологиялардың сан түрлі формалары бар. Мәселен, еліміздегі орта білім беру жүйесінде «Bilimland.kz», «Kundelik.kz», «Daryn.online», Google Classroom, Zoom, Skype, Moodle, Oripk.kz, ClassDojo платформалары мен MS Teams бағдарламасы кеңінен қоланылданыста. Сондай-ақ, OnlineMekter платформасы – қашықтан оқытуға арналған негізгі құрал екені белгілі. Осыған орай қазақ әдебиетіндегі Абай Құнанбаев шығармаларын оқушыларға меңгертуде жаңартылған білім берудің төмендегі әдіс-тәсілдерін қашықтан оқытуда пайдалану арқылы оңтайлы нәтижеге жетуге болады. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» тақырыбындағы сабақты қашықтан оқытуда қолдануға болатын тиімді әдістердің үлгісін ұсынбақпыз.

«Абайдың ақындық әлемі дегеніміз – мағыналық ауқымы өте кең ұғым. Абай поэзиясы - өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейкесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия. Оның өлеңдерінде, қарасөздерінде қазақ өмірінің көркемдеп бейнеленген телегей теңіз шындығы бар. Абай шығармаларының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өрісі аса биік, мүлде жаңа ой-пікір, көркем сезім әлемін ашқаны даусыз. Абайдың «ақындық әлемі» деп соны айтамыз».

Шығармашылық тапсырма түрлері:

1. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңін талдау

а) Өлеңді түсініп оқы. ә) кестені толтыр.

Абай сынға алған жағымсыз мінез-құлық:	Өз көзқарасың, пікірің

1. «Қазақ: бүгінгі күні мен ертеңі». Презентация

қорғау. Пайдаланылған қосымша әдіс түрі: «Сандықша» әдісі.

Пайдалану мақсаты: әдебиет сабағында жеке тәжірибені өзектендіру үшін қолданылады. Қажетті жабдықтар: сандықша, жазуға арналған қағаз.

Орындалу барысы: Мұғалім сандықшаны ішіне абстрактілі заттарды салып толтыруды ұсынады, мысалы, мінез, тілек, т.б. Мысалы: Қазақ ұлтына ең керекті заттардың барлығын осы сандықшаға жина. Осы жағдайда өзің үшін не салар едің?



Абай өлеңдеріндегі «Жүрек» ұғымы? «Жүректе қайрат болмаса, «Жүрегім нені сезесің?»

Шығармашылық тапсырма түрлері:

• Оқушылар топқа бөлініп, ізденіс бағытындағы тапсырмалар орындайды. Негізгі ойға өзіндік көзқарастарын білдіріп, өз шешімдерін ұсынады.

№1 Абай өлеңдеріндегі жүрек – анатомиялық ұғым. «Жүрек – адам мүшесінің патшасы». Шешім: Өрқайсымыздың кеудеміздің сол жақ тұсындағы кішкентай жүрегімізді сақтай білейік, оған салмақ түсірмейік. Жаман әдеттерден (темекі шегу, ішімдік қолдану т.б.) аулақ болайық, Жүректі ауыртпайық. www.youtube.com/watch?v=m6MLahMC0tk

№2 «Жүректе қайрат болмаса». Шешім:

1) Адамдар туралы жақсы ойлау, түңілмеу. Жүректің айтқанымен жүру керек.

2) Адам ақылсыздығына азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылық жоқтығынан азады.

№3 «Жүрегім менің қырық жамау» өлеңіне талдау. Шешім:

1) Бір-бірімізге түсіністікпен қарау, дос болу, т.б. Өйткені жылуы жоқ жүрек те бір, қуыс кеуде де бір.

2) Жүрегіңде жылу болмаса, өмір сүріп керегі жоқ. «Құдайшылық – жүректе»

3) «Тасжүрекке құдай назар салмайды» деп, Қожа Ахмет Иассауи де айтқан екен.

4) Рахымдылық, мейірімділік, адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек – жүректің ісі дейді Абай.

№4 Абайдың «Жүрегім, нені сезесің» «Жүрегім, ойбай соқпа енді» өлеңдеріне талдау. «Адамды сүй. Алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде онан басқа»

№5 «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі - асыл тас» өлеңіне талдау. *Шешім:* «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек».

№6 Абай өлеңдеріндегі жүрек сөзіне қатысты тіркестер. Біріншіден, «Жүрегім менің қырық жамау», қан жүрек, у жүрек, ауру жүрек, кірлеген жүрек, сорлы жүрек, ит жүрек болып берілсе, керісінше жағымды жақта ғәділетті жүрек, ыстық жүрек, теңіз жүрек, қызық жүрек, жылы жүрек болып сипатталады. Ал екінші мәселе, достық, махаббат тақырыптағы өлеңдерінде ыстық жүрек, кескіленген жүрек, лүпілдеген жүрек көп кездеседі.

Пайдаланылған қосымша әдіс түрі: «БИОПОЭМА»

«Биопоэма» - оқушының шығармашылығын арттыруға бағытталған жоба стратегиясының тиімді түрі. Жаңа тақырыпты өтер алдында оқушының қаншалықты білетіндігін немесе алған ақпаратты туралы оқушының жинақтаған білімін байқау үшін қолдану тиімді. Белгілі бір тақырып төңірегінде басшылыққа алып орындайтын жұмыстың шарты мынадай: 1) Есімім. 2) Үш сөзбен сипаттаймын. 3) Неден қорқамын? 4) Нені ұнатамын? 5) Басқа жандар үшін кімін? 6) Менің жетістіктерім. 7) Менің мақсатым. 8) Мен өткен қиындықтар. 9) Мені кім деп еркелетеді? 9) Менің мекенім.

• Жүрек бейнесін көргенде біз қандай сезімде боламыз? Бір-бірімізге осы жүрегіміз арқылы тілек жолдайық. Ендеше, менің атым – Жүрек деп бастап, топтың атынан БИОПОЭМА жазамыз. 1) Менің атым – Жүрек. 2) Үш сипатым. 3) Нені ұнатамын? 4) Неден қорқам? 5) Мақсатым: 6) Жетістігім. 7) Мекен-жайым.

Мектеп оқушыларына «Абайдың қара сөздерін» қашықтан меңгертуде жаңашыл әдістерді тиімді қолдансақ, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, іздену мен шығармашылық дағдылары жетіле түспек.

Өйткені Абайдың қара сөздері – философия, теология, психологияға құрылған, өз кезі үшін де, бүгін де бағасын жоймаған құнды еңбек.

Шығармашылық тапсырма түрлері:

1. Абай қара сөздерінде көтерілген мәселелер.

1-топ: Он бесінші қара сөзін оқы. «Естілік» деген ұғымға түсінік бер. Постер құрастыр.

<i>Қара сөзде қандай мәселе көтерілген?</i>	<i>Абай гилраты</i>	<i>Өз көзқарасың, пікірің</i>

2-топ: Он тоғызыншы қара сөзін оқы. Постер құрастыр.

<i>Абай танытқан есті адамның сипаты</i>	<i>Ессіз адамның сипаты</i>	<i>Естілік туралы өз пікірің</i>

3-топ: Он сегізінші қара сөз оқы. «Кербез» деген сөзге түсінік бер. Постер құрастыр.

<i>Абай нені сынға алған?</i>	<i>Қортынды ойы</i>



Пайдаланылған қосымша әдіс түрі: «Сезімдер мүсіні» әдісі.

Пайдалану мақсаты: Абай қара сөздеріндегі адами құндылықтарды, жақсы-жаман қасиеттерді, мінез-құлықтар мен сезімдерді түсінуге арналған.

Орындалу барысы: Жеке бас намысының мүсіні. Сыныпты екі топқа бөліп, намысы бар және намысы жоқ адамдардың екі мүсінін жасап, салыстырады. Осыдан кейін өз әсерлерімен бөліседі.

Абай мұрасының сыры мен сипатының дариядай тереңдігін пайымдап, ой толғаған сыншы, әдебиет зерттеушісі Т.Әлімқұлов ақынның діни наным-сенімдеріне зер салып: “...Абайдың “Өлсем орным қара жері” неге терең? Ақын өлімді ойлап жазады. Ұзақ өмірді сараптан өткізіп, өзіне-өзі төреші болады. Бұл – шымыр шежіре, жұмыр жұмбақ. Бұл – талапкерге тосқауыл, сыншыға сынақ. Бұл өлеңмен Абай алдағы ағасын, тұрғылас тұстасын, кейінгі

інісін сынаған. Рахаты мен мехнаты аралас шешусіз сөз тастаған”, – дейді [3,56 б.]. Осындағы «кейінгі інісі» бүгінгі өскелең ұрпақ емес пе? Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дегеніндей, жаратушыны мойындап, иманымызды үйірілтіп, жастарымыздың бойында имандылық иірімдерін бекіту мақсатындағы жүйелі жұмыстарды жетілдіріп отыру – әрбір педагогтың міндеті болуы тиіс.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды ұсына отырып, негізгі мақсат – орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану

есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, ал, ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанда болашақ цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін зайырлы мемлекет қалыптастыру көзделетіндігін айтқан болатын. Осыған орай, бүгінгі жеткіншектердің келешегін кемел, болашағын жарқын етуді ойласақ, қашықтан білім беруді ұйымдастырудың тиімділігін жетілдіру қажет. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, өздігінен іздену, білім жинау дағдыларын қалыптастыруда ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін шебер қолданған жөн. Негізінен, қашықтан білім беру дегеніміз – оқу үдерісінің барлық құрылымдық бөліктері (мақсаты, мазмұны, формалары, оқу құралдары) енгізілген және арнайы ғаламтор немесе басқа да интерактивті құралдар арқылы жүзеге асатын оқу үдерісін жүргізу мен ұйымдастырудың заманауи тәсілі екендігін ескерсек, жоғарыда ұсынылған оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін сабақта қолдану маңызды.

Ел мен жердің қадірін біліп, туған халқының салт-дәстүрін, тілін, дінін, ұлттық құндылықтарын бағалай білетін, рухани бай, Отаншыл, елжанды ұрпақ қалыптастыру – жаһандану заманындағы аса міндетті қажеттілік. Өйткені, ақпараттық технологияның қарқынды дамуы қазіргі жастардың санасын мүлдем улап жатқандығы жасырын емес. Қоғамда белең алған сан түрлі қылмыс, жастардың өз ісіне жауапсыздығы, кісі өлтіру, зорлық зомбылық, ұрлық-қарлық, мейірімсіздік – барлығы да ұлттық рухымыздың тым төмендеп бара жатқандығының айғағы екендігі даусыз.

Өз заманының заңғар жазушысы М.Әуезовтің: «...Жалғыз аяқ жол тартқан... сахараны басқан қап-қара түнекті қақ жарып, жалғыз қолда жалынды жалғыз шырақ ұстап халқына өріс атап, бет нұсқап «таңың сонау белден атады, күнің осынау жақтан шығады» деп кеткен ақын да сол еді...» – дегеніндей, қара түнекті қақ жарып, жарқын болашақтың бағдарын болжаған хакім ақынның арманы – рухани бай, өз елінің келешегіне алаңдайтын, елжанды, білімді де өнегелі жастар тәрбиелеу үрдісін қашықтан білім беру үдерісінде де жандандыру аса қажет [5,10 б.].

Саралай келгенде, дана ақын Абай еңбектерін қашықтан білім беру үдерісінде оқытудың заманауи әдістерін тиімді қолданудың мүмкіндіктерін орынымен пайдалану абзал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны. // Қазақ, 1913, № 43 (Қазақ әдебиеті, 2005, тамыз).
2. Құнанбаев А. Таңдамалы шығармалар жинағы. 1-2 т. – Алматы: Жазушы, 1986. – 301 б.
3. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1978. – 368 б.
4. Балапанова Ж.Т., Сарсекенова А.Б.: «Қашықтан оқыту – заманауи педагогтік кәсіби ақпараттық құзыреттілігін дамыту, педагогикалық шеберлігін шыңдаудың табысты кепілі» әдістемелік құрал. Атырау. 2020.
5. Әуезов М. Абайтану дәрістері. – Алматы: Рауан, 1994. Құрастырған: Л.М. Әуезов, М. Мырзахметов.

ӘОЖ 911:502.1 (574)

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ КЕҢІСТІКТІК САРАЛАНУЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

Жақыпова Ж.

Магистрант,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

e-mail: Zhakypova.zhanar@inbox.ru

Аннотация: Соңғы 2-3 онжылдықта бүкіл әлем бойынша, әсіресе құрғақ аймақтардағы табиғи жүйелердің экологиялық жағдайы күрт нашарлады. Оның 87%-ы антропогендік себептерден, ал 13% -ы табиғи-климаттық себептерден болатындығы анықталды. Атырау облысында экожүйелер жағдайының нашарлауы барлық жерде байқалады. Ғасырлар бойы дамыған экологиялық тепе-теңдік бұзылып, бұл адамның қоршаған ортаға кері әсерін тигізеді. Экологиялық жағдай ландшафт компоненттерінің, ең алдымен өсімдік жамылғысы мен топырақ жамылғысының бұзылу дәрежесіне қарай бағаланады.

Атырау облысының аумағы әр түрлі табиғи-климаттық, геологиялық, геоморфологиялық, гидрогеологиялық, топырақ жағдайымен және өсімдіктердің ерекше қауымдастықтарымен сипатталады. Аймақ құрғақ және сусыз.

Ауданның топырақ жамылғысына әсер ету шектеулері аумақтың топырақ жамылғысына жүктеменің төмендеуімен, оның ішінде мұнай өңдеу мен өндіру кезінде технологияның әсерінің төмендеуімен байланысты.

Облыс аумағындағы таңдалған топырақтар топырақтардың, кешендердің және тіркесімдердің құрамы бойынша ұқсас алты аймаққа (ауданға) біріктірілген.

Кілт сөздер: Топырақ жамылғысы, мұнай өндірісі, антропогендік факторлар, экожүйелер.

Аннотация: За последние 2-3 десятилетия экологическое состояние природных систем по всему миру, особенно в засушливых регионах, резко ухудшилось. Установлено, что 87% из них вызваны антропогенными факторами, а 13% - природно-климатическими факторами. Ухудшение состояния экосистем наблюдается повсеместно в Атырауской области. Экологический баланс, складывавшийся веками, нарушается, что оказывает негативное влияние на окружающую среду человека. Экологическая ситуация оценивается по степени повреждения компонентов ландшафта, в первую очередь растительности и почвенного покрова.

Территория Атырауской области характеризуется различными природно-климатическими, геологическими, геоморфологическими, гидрогеологическими, почвенными условиями и специфическими растительными сообществами. Местность сухая и без воды.

Ограничения воздействия на почвенный покров территории из-за снижения нагрузки на почвенный покров, в том числе за счет воздействия технологий переработки и производства нефти

Ключевые слова: почвенный покров, производства нефти, антропогенными факторами, экосистем.

Annotation: Over the past 2-3 decades, the ecological state of natural systems around the world, especially in arid regions, has deteriorated sharply. It has been established that 87% of them are caused by anthropogenic factors, and 13% by natural and climatic factors. Deterioration of the state of ecosystems is observed everywhere in the Atyrau region. The ecological balance that has developed over the centuries is disturbed, which has a negative impact on the human environment. The ecological situation is assessed by the degree of damage to landscape components, primarily vegetation and soil cover.


The territory of the Atyrau region is characterized by various natural and climatic, geological, geomorphological, hydrogeological, soil conditions and specific plant communities. The area is dry and without water.

Limitations of impact on the soil cover of the areaby reducing the load on the soil cover, including due to the impact of oil refining and production technologies.

Keywords: ecosystems, by anthropogenic factors, geological, , geomorphological, soil cover.

Осы аймақтардың әрқайсысында табиғи әлеуетті сақтау және арттыру бойынша белгілі бір ауылшаруашылық шаралары ұсынылады, сонымен қатар топырақ жамылғысына кері әсерін әлсірету немесе тоқтату және шөлейттенуді болдырмау мақсатында экологиялық шектеулер ұсынылады.

Биологиялық потенциалды сақтау жөніндегі шараларға тұздануға қарсы, дефляцияға қарсы шаралар жатады, олар тұзсыздандыруға және қайталама тұздандудың алдын алуға, жер асты суларының деңгейіне және дренажына түсіру үшін түбегейлі мелиорацияға бағытталған. Топырақтарды аймақтарға бөлу жүргізілді, олар алты аймақ бөлінген.




1-сурет. Ландшафты трансгрессивті схема

Бірінші аймақ. Аймақтың шеткі солтүстік-шығысында радикалды мелиорация мен жақсартуды қажет етпейтін жерлер топтары бар. Олар ауылшаруашылық жұмыстарына қатысады және тиісті суару кезінде қолданылады. Олардың топырағы кәдімгі ашық каштан, шалғынды каштанмен үйлеседі және салыстырмалы түрде аз аумақты алып жатқан бірінші аймаққа кіреді. Рельеф толқынды, көлденең және сорлардың, жоталар мен сайлар мен соқыр арналардың (Жамансай, Топракшашты) бөлек жабық ойпаттары бар тегіс қырлы жерлерде. Ауданның абсолюттік биіктігі 100-120 м-ге дейін жетеді. Топырақ түзуші жыныстар ежелгі аллювиалды құмды сазды, аздау сазды[1].

Топырақ жамылғысы рельефті ойпаттар бойында сортаңдармен және шалғындық каштан топырақтарымен үйлескен жерлерде ашық каштан құмды және сазды топырақтармен ұсынылған. Сор тұзды батпақтары ойпаттарда дамыған. Аймақтың топырақтарына құмды сазды, құмды және сирек сазды құрылым тән, жоғарғы метр қабатында олар тез еритін тұздары бар тұзды емес, құрамында аз мөлшерде гумус пен қозғалмалы қоректік заттар бар. Жер асты сулары терең (8-10 м), бірақ айтарлықтай минералдану нәтижесінде суарудың нормалары мен тәсілдері сақталмаса, топырақтың екінші реттік тұздануына қауіп төндіруі мүмкін[2]. Бұл аймақтағы қауіпті факторларға биологиялық потенциалдың жоғалуы – егістік және жайылымдық жерлерді ұтымсыз пайдалану салдарынан дегумификациялау, сонымен қатар - сортаңданған және эрозияланған беттердің шығуы жатады.

Экологиялық шектеулер суарудың нормалары мен мерзімдерін, биологиялық әлеуетті (топырақтың құнарлығын) сақтау үшін егістік жерлерді өңдеу әдістерін сақтауды көздейді. Дефляциялық процестердің алдын алу үшін мал саны мен жайылым кезеңін шектеу, жайылымдық рационалды айналымды енгізу қажет. Екінші аймақ. Екінші бөлінген аймаққа Ойыл мен Сағыз өзендерінің аңғарлары арасындағы су бөлу бөлігінде, Ембі-Сағыз өзендерінің суайрығының төбелі жазығында Ойыл мен Сағыз өзендерінің ежелгі атырауында ежелгі аллювиалды шөгінділерден құралған толқынды жазықтағы қоңыр және шалғынды-қоңыр сортаңдармен үйлескен, ұқсас топырақ жамылғысымен біріктірілген аумақ жатады. Сондай-ақ, бұл аймаққа саздақтар мен саздарда, көбінесе тұзды теңіз шөгінділерімен жабылған құмдар мен құмдарда пайда болған қоңыр сортаң топырақтары бар сортаң кешендер кіреді. Топырақтың жеңіл механикалық құрамы жайылымды тиімсіз пайдалану кезінде дефляциялық процестердің пайда болуының қауіп факторы болып табылады, нәтижесінде дефляция ошақтарының пайда болуы, топырақтың сортаңданған тығыздалған горизонттарының ашылуы және Тақыр тәрізді беттердің пайда болуы.

Жайылымдық пайдалануды шектеу, топырақ жамылғысы мен оның құнарлылығын сақтау үшін мал басын жаюды реттеу қажет. Техногендік әсер сипатталған аймақта топырақ жамылғысының ластануынан, сортаң беттерінің пайда болуынан көрінетін қайтымсыз өзгерістерге әкеледі. Топырақ жамылғысын сақтау және қалпына келтіру жөніндегі шараларды сақтау қажет.



2-сурет. Топырақ картасы

Техногенді жүктемені, топырақ жамылғысына қайтымсыз әсер ететін қосымша жолдар мен коммуникациялар салуды, техника санын шектеу. Үшінші аймақ. Үшінші аймақта өсімдіктермен бекітілген және жартылай бекітілген құмды жоталар мен жазықтардың массивтері біріктірілген. Ең ірі Нарын құмды алабы Еділ-Жайық өзендерінің аралығындағы үлкен аумақты алып жатыр және шығыста Оралдың ежелгі атырауларының аудандарымен, ал оңтүстігінде Приморск жазығымен шектеседі. Тайсойған құмды алабы Атырауда, Ойыл өзенінде және Бийрақ құмында, Атыраудың оң жағалау бөлігінде орналасқан. Қарақұм құм массиві Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында орналасқан[3].

Құм массивтері қарабайыр борпылдақ топырақтардан түзілген. Олар жақсы жайылым ретінде, жыл бойы мал жаю үшін және ішінара шабындық ретінде маңызды экономикалық маңызға ие. Құмды шөпті ұзақ уақыт қарқынды, жиі шамадан тыс пайдалану нәтижесінде қазіргі уақытта ол сирек және бітеліп қалды (адраспан, эбелек), құмдардың жекелеген бөліктері жалаңаш және қозғалмалы күйге келтірілді. Мұнда мал жаюды реттеуді, мал айдауды өзгерту уақыты мен тұрақ орнын шектеуді қамтитын ұтымды жайылым айналымын енгізуді жүргізу қажет.



3-сурет– Өсімдікжамылғысыныңқартасы

Құмдар мұнай мен газды игеру және өндіру кезінде техногендік әсер ету аймақтарында қосымша жүктеме алады. Нәтижесінде дефляция процестері күшейетін жалаңаш және сынған құмдардың аудандары артады. Әсер етудің қажетті шектеулері жол санын, бұзылу және ластану процесіне енгізілетін алаңды, мұнай өндіру кезінде пайдаланылатын техниканы азайтуды көздейді.

Төртінші аймақ. Төртінші аймақ шалғынды қоңыр сортаңды немесе жайылмалы шалғынды қоңыр сортаңды кешендегі типтік және жағалық сортаңдармен, сорлармен ұсынылған.

Зонаның аумағы Орал өзенінің қазіргі атырауымен шығыс және солтүстік бөліктерге бөлінген теңіз жағалауының белдеуін алып жатыр. Аумақтың топырақтарының ерекшелігі - топырақ профилінің тез еритін тұздармен тұздануының жоғары деңгейі. Жағалық жазықтықтағы жер асты сулары 1-4 м тереңдікте жүреді, негізінен тұзды және өте тұзды (30-140 г / л).

Зонаның топырағына техногендік әсер ету күндізгі беткі қабатта тұздардың қосымша мөлшерінің пайда болуына, өсімдік жамылғысы жоқ кең сорлы аймақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Топырақ түзілу және тұздың жинақталу процестерін сақтау және тұрақтандыру үшін аумақтың тұзды топырағына әсерін болдырмау және шектеу шаралары қажет. Оларға мұнай мен газды өңдеуге және өндіруге енгізілген аудандардың азаюы, бұрғылау учаскелеріне кіретін жолдар, жабдықтар, топырақ жамылғысын алу өнімдерімен ластануды шектеу жатады[4].

Бесінші аймақ. Бесінші аймаққа аллювиалды шөгінділерде саздақтар мен құмды саздақтар, сондай-ақ шалғынды-каштан басым болып қалыптасқан, Еділ атырауының бір бөлігін құрып бара жатқан шығыс жағалауындағы белдеудің жайылымды-батпақты және шалғынды-қоңыр топырақтары жатады. Ойыл өзенінің төменгі ағысы атырабындағы шалғынды-қоңыр топырақтар, қабатты сазды, құмды сазды шөгінділерден және шалғынды қоңыр сортаң және сортаң сазды, жайылмалы жайылымды батпақты қоңыр тұзды, ежелгі атыраптың сортаңды. Жайық өзені ежелгі аллювиалды ауыр сазды және сазды тұзды шөгінділерде.

Зонаның аумағы ауылшаруашылық және жайылымдық пайдалануда. Суармалы учаскелерде ауылшаруашылық дақылдары өсіріледі, егер суару нормалары бұзылған болса, суармалы судың минералданған жер асты суларымен қосылуы және жердің екінші реттік тұздануы пайда болуы мүмкін. Құдықбұзушылықтар жерді түбегейлі мелиорациялаусыз, оның ішінде суару желісін жүргізбестен, суару нормалары мен мерзімдерін сақтай отырып, топырақты шайып, минералданған жер асты суларын (дренажды) алып тастаусыз егістік алқаптарда көрінеді.

Минералданған жер асты суларының пайда болуымен суармалы жерлерде қайталама тұздандудың алдын алу және жергілікті мелиорацияны қолдану арқылы егістік жерлерді ұтымды пайдалану топырақтың биологиялық әлеуетін сақтайды. Жерді пайдалану нормаларын бұзу тұзды топырақтардың ұлғаюымен байланысты қайтымсыз бұзушылықтарды тудырады [5].

Ауданның топырақ жамылғысына әсер ету шектеулері аумақтың топырақ жамылғысына жүктеменің төмендеуімен, оның ішінде мұнай өңдеу мен өндіру кезінде технологияның әсерінің төмендеуімен байланысты.

Алтыншы аймақ. Алтыншы аймаққа шөлді сортаңдардың таралу аумағы кіреді, олар шалғынды-қоңыр сортаң топырақтармен, сондай-ақ Жайық өзенінің оң және сол жағалауларындағы Жайылмашалғынды сортаң топырақтармен ежелгі аллювиалды, жиі қабатты, тұзды саздар мен саздақтарда кешендер мен үйлесімдерді құрайды. Әрі қарай шөлді сортаңдар ежелгі өлі, Ойыл, Сағыз және Ембі өзендерінің сағаларында таралды, оның ішінде Тентексор және Джамансор трактаттарының жоталары мен қоқыстары, сазды саздақтарда сорлар пайда болды. Ембі өзенінің аңғарының оңтүстігінде сортаң, сұр сортаң және қоңыр сортаң топырақтар тарала бастады, олар жеңіл механикалық құрамдағы аз қуатты Каспий шөгінділерінде дамып, әртүрлі кешендер құрады.

Аймақ аумағы мал жайылымы және шабындық ретінде пайдаланылады. Аймақтың тұзды және сортаң топырақтарына техногендік әсер ету тұзды топырақ түзетін жыныстардың күндізгі бетіне шығуына әкеледі, бұл қосымша сортаңданған аудандардың пайда болуына әкеледі. Бұл беткі дефляция деңгейінің жоғарылауына, жақын жерде орналасқан аумақтарға тұздардың берілуіне ықпал етеді.

Аймақта экологиялық шектеулер техногендік әсердің төмендеуімен байланысты, бұл беткейлері тұзданды және тақырмен жабылған бос жерлердің пайда болуына әкеледі. Қосымша жолдардың құрылысын, жұмысқа тартылатын техниканың санын, технологиялық процеске қатысатын жер көлемін азайтуды шектеу қажет.

Топырақтың биопотенциалын сақтау үшін агротехникалық шараларды ауылшаруашылық мерзімінде сақтауға байланысты шектеулер қажет. Облыс аумағы сыртқы әсерлерге нашар төзімді, тұзды, сортаң топырақтармен және құмдармен жабылған үлкен аумақтардың болуымен сипатталады. Осындай әсердің күшеюімен мұндай топырақтардың сапалы жаңа жағдайға ауысу мүмкіндігі туындайды. Тұрақты әсер ететін жерлерде топырақтардың сапалы жаңа жағдайға (қолайсыз) ауысу процесі қарқынды жүреді. Заң бұзушылықтарды азайту үшін жер ресурстарын тиімді пайдалану және олардың биологиялық әлеуетін сақтау үшін шектеулер қажет [6].

Физикалық-географиялық аудандастыру бойынша облыс аумағында екі провинция анықталды: Өзен-Орал-Ембі және Атырау (1-сурет). Атырау облысының аумағы Каспий ойпатының оңтүстік бөлігімен сәйкес келеді, оның көп бөлігі теңіз деңгейінен төмен (0-ден -28 м-ге дейін). Солтүстік-шығыста және шығыста жазық аздап көтеріледі (0-ден 100 м-ге дейін). Ойпаттың солтүстігінде Индер дөңесі (абсолюттік 52 м) тас тұзының терең шөгінділерінен пайда болған көптеген тұз күмбездері түрінде көтеріледі. Төтенше оңтүстік-шығыста Каспий ойпаты Үстірт үстіртіне айналады, ол көтерілген жазық, эрозияға ұшыраған ойпаттармен бөлінген жерлерде, абсолютті биіктіктері 100-150 м. Өзен-Орал-Ембі провинциясы Каспий жазығының солтүстік-шығыс бөлігін алып жатыр. Провинция рельефі жазық жерлерде өте тегіс, асимметриялық алқаптар, биіктіктері төмен құмды массивтер және тұзды көлдер. Суайрықтардың белдеулік аймақтары басым.

Табиғи және ауылшаруашылық аудандастыру бойынша аймақ жартылай шөл және шөл зоналарына енеді. Шөлді аймақта үш аймақ бар: Нарын, Жем және Теңіз маңы, жартылай шөлде – Ойыл (2-сурет).

Нарын аймағы Құрманғазы, Исатай және Индер ауданының батыс бөлігінде орналасқан. Бұл ауданның жазық бетінің негізгі бөлігі құмды және жартылай сазды жоғарғы хвалин шөгінділерінен тұрады. Бұл ежелгі Каспий теңізінің теңіз трансгрессиясының шөгінділері және олар құрған жер беті бастапқы теңіз жазығы, бірақ үлкен аудандарда оның рельефі шөл агенттерімен, әсіресе желмен өзгерген. Мұнда эолдық жер бедері таралған.

Жайық өзенінің сол жағалауы құмы аз сазды жазықпен ұсынылған.

Қоңыр ұсақталған және сортаң топырақтардағы Жем жазықтығы аймағы Қызылқоға және Жылыой аймақтарының шығыс бөліктерін қамтиды. Топырақ жамылғысында қоңыр, сортаң, құмдақ және саздақ топырақтар сортаңмен үйлескен және шалғынды-қоңыр сортаң топырақтармен басым келеді. Тау жоталарында қоңыр қиыршықтасты және тасты топырақтар түзілген - тау жыныстарының жіңішке элювийінде тысқары, ойпаттар мен ойпаңдар бойында шалғынды-батпақты сортаңды және сортаңды батпақтар пайда болады. Жем өзенінің аңғарында жайылмалы террасарда құмдар кең таралған. Жайылмада әр түрлі деңгейдегі ойпаттар бойында аллювиалды-шалғынды батпақ және лиман-шалғынды сортаң топырақтар дамыған.

Теңіз маңы аймағы Индер мен Махамбеттің шығыс бөлігі, Қызылқоға, Мақат және Жылыой аудандарының батыс бөліктерінде орналасқан. Ауданның жазық бетінің негізгі бөлігі литологиялық әртүрлілікпен анықталады, негізінен Хвалын мен жартылай Хвалын теңіздерінің регрессия кезеңдерінде кезең-кезеңмен жүретін аллювиалды процестер нәтижесінде бірнеше рет қабаттасып, қайта орналастырылған лакустринді-теңіз тұзды шөгінділері. Бұл шөгінділер Каспий маңы ойпатының ең кең

таралған топырақ түзуші және астыңғы жыныстары ретінде қызмет етеді. Суайрық аралықтардың су бөлетін жазықтарында рельефтік ойпаттар жиі кездеседі - лимандар-шалғынды топырақтарға тән сағалар. Солтүстік-шығыс жағалауы бойында жағалаулардағы тұзды батпақтар кең таралған, онда топырақ түзу процесі өте әлсіз және қарама-қарсы бағытталған екі динамикалық факторға ұшырайды: су басу және шөлейттену. Ойыл аймағы Қызылқоға ауданының шегінде облыстың солтүстік-шығыс бөлігін алып жатыр. Ауданның аумағы негізінен бордың борлы шөгінділерінен тұрады, оларда палеогеннің құмды-аргиллды шөгінділері ұсақ жерлерде кездеседі. Төрттік дәуірдің жабындылары қалың емес. Топырақтың сортаңдылық дәрежесі борпылдақ жабынның қалыңдығының төмендеуіне және суға төзімді тұзды сазды қабаттардың таяз тереңдігінде пайда болуымен жоғарылайды. Өзен аңғарларында шалғынды тұзды батпақтар мен тұз жалау кешендері дамыған.

1. Халықтың, экономика салаларының және қоршаған ортаның мұқтаждықтары үшін жер мен топырақты ғылыми негізделген ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету.

2. Жер ресурстары мен топырақты су басудан, батпақтанудан, тұзданудан, ластанудан, қоқыстанудан, сарқылудан қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру, зиянды әсердің алдын алу және жою, жер қатынастары саласында заңдылықты нығайту.

3. Топырақтың құнарлылығын арттыру жөніндегі тиімді шараларды жүргізу, топырақтың жел және су эрозиясын болдырмау жөніндегі, Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, мелиорациялық және гидротехникалық іс-шаралар кешенін жүзеге асыру.

Жер мен топырақты қорғау және ұтымды пайдалану үшін мынадай шаралар қолданылуға тиіс:

1. Жер пайдаланушылардың алқаптарды экологиялық және экономикалық тұрғыдан орынды орналастыруды және олардың ішкі құрылысын қамтамасыз ететін аумақты ұтымды жоспарлауды және ұйымдастыруды жүзеге асыру. 2. Жерді тоздан немесе бұзылудан қорғау шараларымен қамтамасыз етілмеген объектілерді пайдалануға беруге және технологияларды қолдануға тыйым салынады.

3. Топырақтың құнарлылығын, сондай-ақ Жердің басқа да қасиеттерін қалпына келтіру және арттыру. Табиғи шабындықтар мен жайылымдардың өнімділігін арттыру.

4. Жерді су және жел эрозиясынан, су басудан, батпақтанудан, қайталама сортаңданудан, құрғап кетуден, тығыздалудан, өндіріс қалдықтарымен, химиялық және радиоактивті заттармен ластанудан және қоқыстанудан, өрттен, басқа да бүліну процестерінен қорғау.

5. Шабындық-жайылым айналымы жүйесінде мал жаюдың ғылыми негізделген жүйесін енгізу.

7. Топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру мүмкін емес деградацияланған ауыл шаруашылығы жайылымдарын консервациялау.

8. Бүлінген жерлерді қалпына келтіру, олардың құнарлылығын, Жердің басқа да пайдалы қасиеттерін арттыру.

9. Табиғат қорғау аумақтары жүйесін кеңейту.

10. Бүлінбеген жерлер қорын сақтау мақсатында қатаң шектелген аймақтар шегінде өнеркәсіптік қызметті шоғырландыру.

11. Әлі игерілмеген немесе нашар игерілген өңірлердің аумақтық-ресурстық үйлесімін бағалау негізінде жерді перспективалық пайдалану схемаларын әзірлеу.

12. Өзгерістерді уақтылы анықтау, оларды бағалау, жағымсыз процестердің алдын алу және салдарын жою үшін жер қорының жай-күйін бақылау жүйесі болып табылатын жер мониторингін ұйымдастыру.

13. Жердің саны мен сапасын, топырақты бағалауды және жерді экономикалық бағалауды көрсете отырып, жер кадастрын толықтыру.

14. Суармалы жерлерде мелиоративтік кадастрды жүргізу.

15. Ауылшаруашылығы кәсіпорындарының, қала үлгісіндегі жер пайдаланушы кенттердің жерлерінде қорғаныш екпелерін, теміржол бойындағы қорғаныш жолақтарын және т. б. Құру бойынша орман-мелиорациялық жұмыстар жүргізу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Состояние окружающей среды и природных ресурсов Атырауской области за 2006 год / Отчет Атырауского областного территориального управления охраны окружающей среды в МООС РК. – Астана, 2006.

2. Социально-экономическое развитие Атырауской области. – Атырау, 2009. – 235 с.

3. Қазақстан Республикасы. Көлемі 3. Қоршаған орта және экология. – Алматы, 2006. – 518 б.

4. Нұрғалиева Г.Ж. Атырау облысының ландшафттық құрылымы// Жеке аудандардың ландшафттық-экологиялық жағдайларына шолу – Атырау: АГУ им.Х.Досмухамедова баспасы. 2017. – 181 б.

5. Проблемы освоения пустынь. – М. 1996.

6. Закон «Об особо охраняемых природных территориях», № 162-1 ЗРК от 15.07.1997г.

ӘОЖ 911:502.1 (574)
АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ
КЕҢІСТІКТІК САРАЛАНУЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

Ж.Жақыпова

магистрант,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
e-mail: Zhakypova.zhanar@inbox.ru

Аннотация: Атырау облысында 25 ірі және салыстырмалы түрде ірі кәсіпорындар жұмыс істейді, олардың атмосфералық бассейнге жиынтық жылдық шығарындылары 2014 жылы 95,08 мың тоннаны құрады. Атмосфералық бассейнге жылдық шығарындылары болмашы ұйымдар мен кәсіпорындардың саны 298 кәсіпорынды құрайды. Олардың 2014 жылғы жиынтық жылдық шығарындылары 4,3 мың тоннаға тең. Өнеркәсіп өнімдері 2020 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 2,2 есе және рентабельділігі 2,1 есе өсті. Көмірсутек шикізатын өңдеумен екі зауыт айналысады. Атырау мұнай өңдеу зауыты (АНПЗ) - негізінен құрамында парафині жоғары ауыр мұнайды өңдейді.

Өңірде ең дамығандардың бірі мұнай, газ және су құбырларымен ұсынылған құбыр көлігі жүйесі болып табылады.

Облыстың ауыл шаруашылығы дамымаған, мал шаруашылығына негізінен шөлді жайылымдар бар. Өңірдің жағалау аумағы бойынша жем-шөп базасы жеткіліксіз.

Кілт сөздер: атмосфералық бассейн, АМӨЗ, құбыр көлігі, кәсіпорын.

Аннотация: В Атырауской области функционируют 25 крупных и относительно крупных предприятий, суммарные годовые выбросы которых в атмосферный бассейн в 2014 году составили 95,08 тыс.тонн. Количество организаций и предприятий с незначительными годовыми выбросами в атмосферный бассейн составляет 298 предприятий. Их суммарные годовые выбросы за 2014 год равны 4,3 тыс. тонн. Промышленная продукция в 2020 году по сравнению с 2017 годом выросла в 2,2 раза и рентабельность в 2,1 раза. Переработкой углеводородного сырья занимаются два завода. Атырауский нефтеперерабатывающий завод (АНПЗ) – перерабатывает в основном тяжелую нефть с высоким содержанием парафина.

Одной из самых развитых в регионе является система трубопроводного транспорта, представленная трубопроводами нефти, газа и воды.

Сельское хозяйство области не развито, животноводство в основном занято пустынными пастбищами. Кормовая база по прибрежной территории региона недостаточна.

Ключевые слова: атмосферный бассейн, АНПЗ, трубопроводного транспорта, предприятие.

Annotation: There are 25 large and relatively large enterprises operating in Atyrau region, the total annual emissions of which into the atmospheric basin in 2014 amounted to 95.08 thousand tons. The number of organizations and enterprises with insignificant annual emissions into the atmospheric basin is 298 enterprises. Their total annual emissions for 2014 are 4.3 thousand tons. Industrial production in 2020 compared to 2017 increased by 2.2 times and profitability by 2.1 times. Two plants are engaged in the processing of hydrocarbon raw materials. Atyrau Oil Refinery (ANPZ) - processes mainly heavy oil with a high content of paraffin.

One of the most developed in the region is the pipeline transport system, represented by oil, gas and water pipelines.

Agriculture of the region is not developed, animal husbandry is mainly occupied by desert pastures. The food supply in the coastal territory of the region is insufficient.

Key words: atmospheric basin, ANPZ, pipeline transport, enterprise.

Қазіргі уақытта зауыт құрамына: ЭЛОУ-АТ-2 мұнайды бастапқы қайта өңдеу, ЭЛОУ-АВТ-3 вакуумдық блогымен бастапқы қайта өңдеу; ЛГ-35-П/3 00-95 шикізатын гидротазалаумен каталитикалық риформинг; гудронды баяулатып кокстеу қондырғылары; мұнай коксын қыздыру қондырғысы. 2017-2020 жылдары зауыт қайта құрылды, этилденбеген автомобиль бензиндерінің, пропиленнің, эфирдің және күкірттің жаңа өнімін шығара отырып, зауыттың қуаты жылына 6 млн.т. мұнай өңдеуге дейін ұлғайтылды. Теңіз газ өңдеу зауыты қуаты жылына 2,5 миллиард текше метр, күкірттен тазартуға және тазартылған газды, сондай-ақ Атырау облысының Теңіз мұнай-газ кен орнының шикізатынан сұйытылған газды өндіруге арналған.

Зауыт 1991 жылы іске қосылған, шикі мұнай, газ қоспасын сепарациялауды; газдан қышқыл компоненттерін алуды; сұйық және қатты түрінде күкірт алуды; алынған көмірсутекті газдарды тауарлық өнімдерге фракциялауды және т. б. жүргізеді. 2001 жылдан бастап зауыт еуропалық стандарттар бойынша экспорттық пропан мен бутанды өндіру үшін шикі газдың барлық көлемін өңдейді. Зауытта күкіртті түйіршіктейтін екі қондырғы және күкіртті көліктің кез келген түрімен тасымалдауға мүмкіндік беретін қабыршақты күкірт өндіретін екі қондырғы жұмыс істейді. Зауыттың екінші кезегінің іске

қосылуымен теңіз ГӨЗ қуаты жылына 14 миллиард текше метрге дейін өсуі тиіс. Электр энергиясының негізгі көзі қуаты 230 Мвт Атырау ЖЭО және Құлсары ЖЭО болып табылады. Негізгі көздерден электр энергиясын беру жоғары вольтты желілер арқылы жүзеге асырылады. 2020 жылы электр энергиясы мен жылу энергиясын өндіру тиісінше 2664,5 млн. кВт және 3091,8 мың Гкал, ауыз су-25704,4 мың текше метр (99,2%) құрады. 2020 жылдың қаңтар-желтоқсан айларындағы облыстағы өнеркәсіп жұмысының қорытындылары туралы толығырақ ақпарат осы бюллетеньде келтірілген [1].

Annotation: This article presents the activity and effectiveness of participation in research activities of students of general education schools in the city of Uralsk during the transition to an updated curriculum and the creation of favorable conditions for ensuring academic preparation of students for continuing education at a

university. The main problems faced by teachers and students are also highlighted, one of which is the transition to an abbreviated program of teaching subjects of the natural cycle.

Educational and methodological recommendations for solving this problem are clearly identified.

Key words: university, problems, updated, abbreviated, program, result.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің білім беру үдерісіндегі жаңартылған білім беру бағдарламасы қазіргі кезеңде білім берудің жаңа мақсаттары мен құндылықтарын айқындайды.

Негізгі мақсат – білім алушылардың жалпы мәдени, тұлғалық және танымдық дамуы ғана емес, сонымен қатар студенттердің жоғары оқу орнында оқуын жалғастыру үшін академиялық дайындығын қамтамасыз ету және дамыту негізінде кәсіби өзін-өзі анықтау үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру. Дағдыларының кең ауқымы: сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу, топта және жеке жұмыс істеу, проблемаларды анықтау және шешім қабылдау. Білім берудің қазіргі басымдылығы – оқушы оқу субъектісі ретінде әрекет ететін, ал мұғалім оқу үдерісін дұрыс бағытта бағыттай отырып, ұйымдастырушы және көмекші рөлін атқаратын оқушылар мен мұғалімдердің іс-әрекетінің осындай түріне көшу, өз бетінше білім алу қабілеті сияқты негізгі құзыретті қамтамасыз ету. Заманауи мектеп биология сабақтарында модельдеуден бастап, олардың жобалық және ғылыми-зерттеу жұмысына бірқалыпты өтеуінен бастап оқушылардың белсенді шығармашылық әрекетін қамтиды. Соған сәйкес мектеп оқушыларының жалпы білім беретін мектебіне қатысуын талдау өзекті және дер кезінде орын алуға тиіс.

Биологиядан сабақта және сабақтан тыс уақытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мектеп оқушыларының ізденімпаздық белсенділігін білдіреді, бұл олардың жаңалық ашуға, жаңа білім мен дағдыға деген құштарлығын тәрбиелеуге мүмкіндік береді.



Мектеп оқушыларының ғылыми зерттеу мәселесін ілгерілетуі ізденімпаздық деңгейін арттыратын, проблемаларды шешу және ұсыныстар беру үшін қолжетімді болып табылатын жаһандық емес сипаттағы өзекті мәселелер мен фактілерді ашуы керек. Жас зерттеушінің қызмет саласы зерттелетін объектінің барлық қырларын білу, оның тарихын қалпына келтіру, ауызша дәлелдемелерді, құжаттар мен фотосуреттерді жинау және сақтау болып табылады.

Біз таңдаған мақаланың тақырыбы магистрлік диссертация тақырыбына сәйкес келеді және біздің зерттеуіміздің мақсаты теориялық аспектілерді қарастыру және орта мектептердің мысалында Орал қаласындағы мектептердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға қатысуын анықтау болды. Мектеп оқушыларының биология пәні бойынша, сонымен қатар мектеп оқушыларына арналған зерттеулерді жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Тақырыптың өзектілігі негізгі үш себепке байланысты, қазіргі кезеңде жалпы білім беретін мектептерде мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мәселелерінде жатыр. Олардың біріншісі – бастауыш сыныптан орта буынға көшу кезінде оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі, мұнда жас ерекшеліктері қызығушылықтың төмендеуіне себеп болады.

Екіншісі – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы N125 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің қысқартылған оқу бағдарламасына көшуі – ең ауыры. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау пәндері және таңдау пәндері бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2020 ж. жаратылыстану циклі пәндеріне қатысты) аптасына 1 сағат беріледі және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятуға болатын барлық оқу мақсаттарын

менгеруге уақыт жетіспеушілігі ғана емес, жай ғана оқушылар пәндік материалды ұмытып қалады, сәйкесінше, пәнге деген қызығушылық жоғалады.

Мектеп оқушыларының биология пәніндегі зерттеушілік іс-әрекеті басқа пәндер сияқты оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеушілік болып бөлінеді. Оқушыларды модельдеу немесе практикалық және зертханалық жұмыстарды орындау кезінде сабақта ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаудың әртүрлі әдістерімен, алынған материалды жинау, өңдеу және талдау әдістерімен таныстыру, сондай-ақ мәліметтерді жалпылау, нәтижені тұжырымдау қабілетін дамытуға бағытталған білім беру және ғылыми-зерттеу қызметі. Педагогикалық зерттеулер мектеп оқушыларының биологияда оқытылатын әдістерге сәйкес келетін әдіс-тәсілдерді қолданатын, жаңа білім мен дағдыларды менгерумен шектеліп қалмай, шығармашылық процеске өзіндік шешімін енгізетін, бұрыннан белгілі болған жаңа сұрақтарды табатын және оларды қолдана алатын танымдық әрекетті қамтиды. Ресурс көздердің кең ауқымын пайдалана отырып, бағдарламалық қамтамасыз етумен салыстырғанда, танымдық әрекет әдістерін неғұрлым жетілдіреді.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері биология пәні сабақтарында модельдеу әдісі жиі қолданылады. Тірі организмдердің құрамын, құрылымын зерделей отырып, оқушылар практикалық қызмет үшін тиянақты білім алуы тиіс. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

- мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);
- зертханалық тәжірибелер;
- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);
- анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры);
- интернет және т.б. көрнекі материалдар;
- модельдеу әдістерін пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Мұндай әдіс-тәсілдер оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту мұғалімнің сабақ өткізу тәсіліне де байланысты.

1. Мұғалім сәтсіз өткен сабақтарға өзіндік талдау жасап өз кемшілігін іздеуге әрекет жасау керек.

2. Білім мен тәрбие беруде жариялылық, педагогикалық, ынтымақтастық, ғылыми-әдістемелік, тың ізденістерге сүйене отырып жаңашылдыққа талпыну қажет.

3. Мұғалім күнделікті әр сабағына шығармашылықпен дайындалуы керек. Өйткені, сабақ – мұғалімнің өнері, шығармасы. Сондықтан әр сабақты тиімді ұйымдастыруда оқушыны жалықтырмайтын, қабілетін арттыратын жағдай туғызуға ықпал етуміз керек деп ойлаймыз.

Заман ағымына қарай сабаққа видео, аудио қондырғылары мен панель тақталарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтеді.

Қазіргі заман талабына сәйкес шәкірттерімізге сапалы білім беріп, қоғамнан өз орындарын табуға, қоғамдық дәстүрлерді жалғастыруға дайындығы мұғалімге оның кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты.

Мұғалім әр сабағында әдістерді түрлендіре отырып, тиімді пайдаланатын болса, сөз жоқ оқушының пәнге деген қызығушылығы оянып, білімге деген ынтасы артады. Ендеше бүгінгі баяндаманың негізгі өзектілігі - биология пәнін оқытуды тиімді әдістердің бірі модельдеу әдісі жайлы ой бөліскім келеді. Олай болса, «Биология пәнін оқытуда модельдеу әдісінің тиімділігі» жайлы баяндаманы назарларыңызға ұсынып отырмын. Әуелі «Модель», «Модельдеу» ұғымын қарастырайық.

Адам күнделікті өз өмірінде модельдердің көптеген түрін кездестіреді. Балалық шақта ойыншық, мектепте оқу моделдері, киім модельдері, сызбалар, схемалар, ғимараттар макеттері, математикалық формулалар сияқты модельдер модельдеуге жатады.

Модель дегеніміз – танып, білу, зерттеу процесіндегі объект- оригиналдың орнына ұсынылатын, оның маңызды қасиеттерін сақтайтын, материалдық немесе ой түріндегі объект, үлгі.

Бұл объектілерді процестерді немесе құбылыстарды зерттеу мақсатында олардың моделін немесе макетін құру. Модель немесе модельдеу әдісімен түпнұсқаны зерттеу мүмкін емес, қиын болғанда не түпнұсқаны зерттеу үлкен қаражат шығынын талап еткен жағдайда қолданылады. Биологиядан нені модельдеуге болады

- 1-шіден объектілерді;
- 2-шіден биологиялық құбылыстарды;
- 3-шіден биологиялық үрдістерді моделдеуге болады

Оқытуда қолданылатын кейбір материалдық модельдер түрін тәжірибеде жасалу үлгісін бейнероликтен көруге болады. Ол үшін ермексаз, пластикалық ыдыстар, акварель бояуы, шар, моншақ, түрлі түсті қағаздар, полистиленді пакеттер пайдаланылады.

Біздер күнделікті биология сабағында нақты дайын моделдерді мысалы: ДНК – ның моделі, кірпікшелі кебішпенің (инфузарияның) моделі, STEAM технологиясы бойынша адам қаңқасының 3D моделі, тістің құрылысы тақырыбында тістің моделі, сонымен қатар, адам ағзасының ішкі құрылысының моделі (бездер мен мүшелердің орналасу ретінің моделі - ас қорыту, тыныс алу, зәр шығару, жүйке жасушасының, т.с.с.), қоректік тізбек, жасушаның моделі, құстың ішкі құрылысы рельефтік таблицасы сияқты модельдің түрлерін күнделікті сабақта қолданып жүрмін. Мысалы: қатырма қағаздан жасалған гүлдің генетаривті мүшесінің бірі аналық және аталықтың модельдері. Мұнда өздеріңіз көріп отырғандай



өзен шаянының қатырма қағаздан қиылған моделі және жай және күрделі жапырақтрдың модельдері және кірпікшелі кебісшенің (инфузорияның) моделі. Осы инфузорияның макетін жасау үшін кәдімгі ұлтрақты алып ішін маркермен бояп, айналасындағы кірпікшелерін қара жіппен тігу керек. Жіптің ұзындықтарын бірдей мөлшерде қию керек. Акварель бояуымен үлкен, кіші ядросын, асқорыту, жиырылғыш вакуольдерін, қылаулатқыштарды жасауға болады. Осы арқылы кірпікшелі кебісшенің ішкі құрылысын толық меңгеріп алады.

Биологияда жобалық оқыту мен модельдеуді маңызды әдістердің бірі ретінде қарастырамыз, өйткені білім беру жобасын жасаған кезде әрбір оқушы өзінің қызығушылығы мен қабілетіне қарай жұмыс таңдау мүмкіндігіне ие.

Біз сегізінші сыныптардағы сабақтарда «Митоз.Мейоз. Жануарлардың көбею формалары», «Ұрықтың даму кезеңдері: бластула, гастрюла, нейрола», «Асқорыту

жүйесінің құрылысы: жауынкұрты, сиыр, адам». Тоғызыншы сыныптағы сабақтарда «Эукариоттық және прокариоттық жасушалардың құрылысы», «ДНҚ молекуласының құрылыс принциптері» т.б тақырыптар бойынша модельдеу жұмысын жүргіздік.

Сонымен, оқушының топтағы жобалық әрекеті жеке немесе топтың қолдауымен, дербес немесе мұғалімнің көмегімен жүзеге асуы мүмкін. Гуманистік көзқарас бірнеше критерийлер бойынша жобаны жүзеге асырудың қорытынды бағасын алу кезінде де жүзеге асырылады (оқушының топ бойынша бағасы, эссе немесе баяндама үшін мұғалімнің бағасы, баяндама үшін сынып бағасы).

Түрлі тәсілдерге талдау жасай келе, биологияда жобалап оқыту білім беруде белсенділік, зерттеушілік, проблемалық, интегративті тәсілдері басым болатынын анықтадық, бұл биологиялық білім берудің ерекшеліктеріне байланысты; жүйелік, жеке және гуманистік тәсілдер жалпы жобалық оқытуға тән, бірақ олар биология бойынша жобалық оқытуда да ескерілуі керек.

Биологияда жобалық оқытуға тән нақты мақсат – жобаның мақсаттарын анықтауға, зерттеу тақырыбын негіздеуге, гипотезаларды ұсынуға, жобалық іс-әрекеттің жоспарын құруға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін зерттеу және жобалау дағдыларын дамыту жобасы бойынша жүретін іс-шаралар болып табылады.



Мектеп оқушыларының биологиядағы «зерттеу жұмысы» деп мұғалімнің жетекшілігімен орындалатын шығармашылық жұмыс, оның ішінде барлық жұмыс кезеңінде қалыптасып, нақтыланып отыратын негізделген іс-әрекет жоспарын дайындау түсініледі. Нәтижелер биологиялық, физиологиялық, физикалық немесе химиялық процестерді сипаттау, технологиялық карталарды, графиктерді, макеттерді жасау, модельдеу түрінде жазылады.

Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстары бастапқы дереккөздердің мәліметтерін салыстыру, оларды шығармашылық талдау және оның негізінде жасалған жаңа

тұжырымдар шеңберінде жүзеге асырылады. Шығармашылық көзқараста ең бастысы - олардың құрамы емес, дереккөздерді зерттеу әдісі.

Жаратылыстану циклі пәндеріндегі және атап айтқанда биологиядағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының құндылығы мынада: мектеп оқушылары әртүрлі мәселелерге ғалымдардың позициясынан қарауға мүмкіндік алады, яғни, аз да болса ғалым болуға, өзіндік болмашы, бірақ маңызды жаңалықтар мен қорытындылар жасауға мүмкіндік алу, университетке түсер алдында да ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптардың барлық ауқымын сезіну мүмкіндігін алу. Яғни, білім алушылардың жоғары оқу орнында үздіксіз білім алуға академиялық дайындығын қамтамасыз ету үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру және ғылыми-зерттеу дағдыларын топта және жеке жұмыс істеу қабілетін дамыту негізінде кәсіби өзін-өзі анықтау, проблемаларды шешу және тәуелсіз шешім қабылдау болып табылады.

Ғылыми-зерттеу әрекетін енгізу танымдық қызығушылықты арттырудың және биологияны оқу процесін оңтайландырудың құралы мен әдісі ретінде қарастырылады.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары студенттердің білім мен дағдыларды меңгеру жолдарын айтарлықтай толықтырады, өйткені ол тандалған құбылысты, жеке жинақталған негізгі материалды, мәліметтерді талдауды және олардан туындайтын қорытындыларды өз бетінше зерделеуді білдіреді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының оң және теріс жақтары бар. Жағымды жақтарына ғылыми-зерттеу іс-әрекеті процесінде қалыптасатын жалпы білім беру дағдылары жатады. Олар: рефлексиялық дағдылар,

ізденіс (зерттеу) дағдылары, өзін-өзі бағалау дағдылары, ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдылары мен басқарушылық дағдылар, қарым-қатынас дағдылары, білім алушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруға және олардың жеке ұстанымдарын нығайтуға ықпал ететін презентация дағдылары.

Зерттеу технологиясының жағымсыз жақтары: жұмыстың әртүрлі кезеңдеріндегі студенттер мен мұғалімдердің жүктемесінің біркелкі болмауы; әрбір орындаушының үлесін бағалау жүйесінің күрделілігі, жұмыстың сәтсіз аяқталу қаупі, эмоционалдық стресстің жоғарылауы, ғылыми-зерттеу жұмыстарына оқушылардың айтарлықтай санын қоса алмау.

Қорытындылай келе, оқушыларды ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне тарту қазіргі заманғы оқушылар мектебінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ең тиімді түрі болып табылатынын атап өткім келеді, өйткені:

1. Оқушылардың құндылық-семантикалық, тұлғалық және жалпы мәдени, ақпараттық-коммуникациялық қабілеттері дамиды;

2. Оқушылардың танымдық және өлкетану білімдерін, туған өлкесінің ел өмірімен тарихи-мәдени байланыстары туралы түсініктерін тереңдету.

3. Оқушылар тек биология, экология ғана емес, қосымша сабақтарда халық мәдениетінің ежелден келе жатқан дәстүрлерін тереңірек түсінеді.

4. Оқушылардың әдебиет теориясы бойынша білімдерін арттырады;

5. Оқушылардың жалпы білім беру іскерліктері мен дағдылары қалыптасады (ғылыми және қосымша әдебиеттермен жұмыс, өздігінен білім алу, проблемаларды анықтау және шешу жолдарын ұсыну).

6. Оқушылардың бойында оқушы тұлғасының қалыптасуына әсер ететін тұлғалық қасиеттер қалыптасады.

Бұл мақала қазіргі білім беру мәселелерінің бірі: мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуға арналған. Бұл баланың жеке басының белсенділігіне күшті ынталандырушы ретінде әрекет ететін танымдық қызығушылық. Тамаша иллюстрациялық материал қолданылған, бірақ ұзақ уақыт бойы бір схема бойынша өткізілетін ең қызықты сабақтардың өзі эмоционалды жалықтыратыны анық. Жаңа білім беру жағдайындағы сабақта жобалық әдістерді қолдана отырып, оқушыны өз бетінше білім алуға қызығушылық танытатын шығармашылық белсенді тұлға ретінде дайындауға болады.

Мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетін белсендіруге, балаларды ақпаратты белсенді зияткерлік ізденіс процесіне тартуға бағытталған жобалық іс-әрекеттер мен модельдеу әдісін пайдалана отырып, оқушылардың биологияға ғылым ретінде және мектеп пәні ретінде қызығушылығын дамытуға болады. мұғалімнің кейбір функцияларын пайдалану мүмкіндігі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рождественская И.В. Межпредметный элективный курс "Школа исследователя: основы учебно-исследовательской деятельности" //Исследовательская работа школьников.-2005.-№4.

2. Савенков А.И. Исследовательское обучение и проектирование в современном образовании // Исследовательская работа школьников. 2004. №1.

3. Савенков А.И. Содержание и организация исследовательского обучения школьников. – М., 2003.

4. Г. С. Кайсағалиева, «Методы научных исследований школьников в системе экологического образования» // «Вестник ЗКУ» 2013.- №1.-Б. 34-38.

5. Латанова, М. С., «Метод проектов в учебном процессе» // «Образование и наука в новом веке» сборник статей. II в. - 2009. - С. 16-18. - Библиогр.: с. 18.

6. Катаев Е.С., « Об итогах реализации модели формирования исследовательских компетенций педагога общеобразовательной школы» // Вестник ЗКУ. - Уральск, 2021. - №1. - С. 90-101.

7. Рафалес-ЛамаркаН., «Некоторые методы планирования и математического анализа биологических экспериментов» // Киев : Наукова думка, 1971. - 119 с. - 0р.57 к.

А.Т.Калиева

аға оқытушы, магистр

Н. Е. Дүйсенғалиева

аға оқытушы, магистр

М.Өтемісов ат. БҚУ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

aigul_kalieva_80@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тілі пәні бойынша студенттермен бірлесе отырып, қазіргі заманға сай ақпараттық технологияны меңгеріп, ғаламторға шығу, сондай-ақ, электронды оқулықтармен жұмыс жасау арқылы үлкен нәтижеге жетуге болатыны айтылады. Осы ақпараттық оқыту технологиясы білім алу үрдісін түбегейлі өзгертіп, студенттің өздігінен білім алуға, пәнге қызығушылығын арттыруға болатыны сипатталған.

Аннотация. В этой статье говорится о применении информационных технологий на уроках казахского языка, которые не только облегчают усвоение учебного материала, но и представляют новые возможности для развития творческих способностей студентов, повышает мотивацию к учению, активизирует познавательную деятельность, развивает мышление и творческие способности студента.

Annotation. In this article talks about the use of information technology in Kazakh language lessons that not only facilitate the digestion of educational material, but also provide new opportunities for developing students creative abilities, increase students' motivation for learning, activate cognitive activity, and develop the students thinking and creative abilities.

Тірек сөздер: Инновация, ғаламтор, мультимедия, ақпарат, коммуникация.

Ключевые слова: Инновация, интернет, мультимедия, информация, коммуникация.

Keywords: Innovation, internet, media, information, communication.

Бүгінгі таңда жаңа ақпараттық технологиялардың білім беру үрдісінде алатын орны ерекше. Білім беруді ақпараттандыру мақсаты алға қойылып, білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылып жүр. Қазақ тілін екінші тіл ретінде орыс тілді аудиторияда оқыту әдістемесінде оқылым, жазылым, тыңдалым және сөйлесім дағдыларын online арқылы дамыту маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Қазақ тілі сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге мүмкіндік береді.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – тіл үйренушілердің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру және дамыту, тілді практикада меңгеруіне жағдай жасау. Сондықтан оқытушы әр сабаққа жауапкершілікпен дайындалып, олардың қазақ тіліне деген қызығушылығын ояту үшін әр түрлі технологияларды қолданғаны жөн. Қазіргі кезде көп қолданыста жүрген АКТ құралдарына интерактивті тақта, электронды оқулықтар, интернет кеңістігі, мультимедиялық материалдарды атауға болады. Интерактивті тақтаның сабақ үдерісінде оң нәтижеге жету үшін тигізетін әсері ерекше. Ол Activstudio бағдарламасының мүмкіндіктерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, ActiveBoard электрондық тақтасы: материалды қызу талқылау үшін жағдаят тудыратын сөйлемдерді, сұрақтарды ерекше бөліп көрсетуге, нақтылауға, қосымша ақпарат қосуға, электрондық маркер арқылы түсін және сызықтың қалыңдығын өзгертуге; сөздер мен сөйлемдердің бір-бірімен байланысын көрсете отырып, тақырыпты немесе сөйлемді толықтай аударуға кең мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ flash-анимацияларды пайдаланып, өлеңдер мәтінін жаттауға (Туған жер, Астана, Қазақстан, т.б. тақырыптарға сәйкес), суреттермен слайдтар жасауға; қазақ тілінде сөйлеушілердің дауысымен жазылған видео-роликтер көруге (мысалы, Біздің университет, Қазақстан қорықтары, Атақты спортшылар, т.б. туралы) сол тілде жазылған мәтінді тыңдауға (мәселен, Қ.Мырзалиевтің «Қызыл кітап» өлеңі, Ұлттық тағамдар, Шағын және орта бизнес тақырыптарына байланысты); суреттерді бір фонға қойып, суреттерді қимылдатып сөйлесу ситуациясын ұйымдастыруға (Банкте, Мейрамханада, Емханада, т.с.с.); сөзжұмбақтар шешуге, әртүрлі ойындар ойнатуға көп септігін тигізеді. Нәтижесінде тіл үйренушілер өз ойларын бағдарлама талаптарына сай үйретіліп отырған тілде еркін жеткізе алады, қазақ тілін қатынас құралы ретінде пайдалана біледі, пәнге деген қызығушылықтары артады.

Электронды оқулық – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген жүйе болып табылады. Электронды оқулықтағы сан алуан қызықты материалдар, тест түрлері, диалогтық оқу түрлері, кестелер, сәйкестендіру тапсырмалары, бейне көріністер, мәтін түрлері және құрылымына байланысты тапсырмалар тіл үйренушінің қызығушылығын арттырып, шығармашылыққа жетелейтіні анық. Студент электронды оқулықпен сабақ бойы үздіксіз байланыста болғандықтан, олардың білім сапасын бақылау жүйесі де оңайға түседі. Дәстүрлі оқытуда әр студентті оқытушы тарапынан бағалауға уақыт жетпей қалуы мүмкін, ал электронды оқулықтың көмегімен оқыту

үрдісінің әр кезеңін бақылай алады. Тіпті кейде тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайда оқулықтың тарауына, керекті тақырыбына немесе қажет ақпаратқа сілтемелер беріп отырады. Университетіміздің кітапхана қорындағы үш деңгейден тұратын «Жаңа толқын» мемлекеттік тілді жеделдете деңгейлік оқытуға арналған электронды оқу құралы, «Қазақ тілі» орыс бөлімдеріне арналған электронды оқулығы, «Кең байтақ Қазақстан» мәтіндер жинағынан тұратын электронды оқулығы компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктерін, анимация мүмкіндігін, ілеспені, дыбыс меншіктеуді, гиперсілтеме көріністерін пайдалана отырып жасалған, білім беру үрдісінде көп көмегі тиіп жүрген оқу құралдары болып табылады. Бұл оқулықтарды қолдану арқылы сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі, тіл үйренушінің пәнге қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы, білімнің тереңдігі, тексеру түрлері, бағалауы, практикалық дағдыларды игеруі артады.

Өткен тақырыпты қайталау мақсатында тест тапсырмаларын көп өткіземіз, бұл жағдайда бізге көмекке келетін бағдарлама – Kahoot. Ол – мобильді құрылғыларда дұрыс жауабы бар онлайн викторина құруға мүмкіндік беретін сервис. Бұл құралдың тиімділігі студенттердің жауаптары бірден бағаланады. Сондай-ақ оларды шапшаңдыққа, тез ойлана білуге үйретеді. Әр сұраққа байланысты фото және видео көрсету арқылы тест тапсырмалары экраннан көрсетіледі. Ал студенттер мобильді құрылғылары арқылы виртуалды кабинетке кіріп, тіркеліп, сұрақтарға жауап береді. Әр студент жауаптарын құпия түрде бере алатындықтан, бір-бірінен көшіру деген болмайды. Тест аяқталғанда жалпы экранда олардың жауап қорытындылары көрсетіледі. Тез әрі дұрыс жауап берген студент жеңімпаз атанып, дұрыс жауапқа сәйкесінше балл алады. Олардың жауаптары бойынша есепті оқытушы өз электронды поштасына жолдай алады. Сервис арқылы құрылған бір викторинаға жалпы саны 30-ға дейін тіл үйренуші қатыса алады. Веб сервис олардың әр тақырып бойынша білімін бекітуге, тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қашықтан оқыту мақсатында да қолдануға болады. Құрылған тестті әлеуметтік желілер арқылы немесе электронды пошта арқылы сілтемесін жіберіп, басқа әріптестермен бөлісуге болады. Бұл бағдарламаның мүмкіндіктерін сабақта қолдану оқытушының уақытын үнемдеп, студенттерді қазақ тілін білуге қызықтыра түседі.

Қазақ тілі пәнінде интерактивті әдістерді және түрлі ақпараттық технологияларды жаңа сабақ түсіндіргенде, грамматикалық құрылымдарды өткенде және қорытынды сабақта қолданамын. Бұл әдістер бойынша сабақ барысында студенттер көп сөйлеп, оқытушылар аз сөйлеуге тиісті болады. Оқытудың басқа әдістеріне қарағанда, интерактивтік әдіс студенттердің жоғары белсенділік танытуын талап етеді. Сабақ кезінде оқытушының көбінесе тыңдаушы рөлін атқаруы оның оқу үрдісінен шет қалуы болып саналмайды. Оқытушы студенттердің іс-әрекетін алға қойған мақсатқа жетуге бағыттайтын басқарушының міндетін атқарады. Ақпараттық құралдардың озық үлгісі болып табылатын лингвондық құрал-жабдықтар, аудио, видео кешені тіл үйренушілердің ауызша және жазбаша аударудағы білімін жетілдіру, сөздік қорын жаңа сөздермен байыту, толықтыру, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Сондай-ақ оқыту процесінде мультимедия бағдарламасының көмегімен ғаламтордан алынған әлемдік жағдайлар, педагогикалық технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдері, коммуникативтік бағыттағы оқыту элементтері кең қолданылады. Сонымен қатар оқытушы да қазіргі қолданыстағы ақпараттық құралдарды жетік меңгеріп, Power Point, Active Studio, Kahoot бағдарламаларымен жұмыс істеп қана қоймай, үнемі интернет жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді өзінің кәсіби шеберлігіне қолдана білуге, әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге талпыну керек.

Қазіргі студенттер кітапханаға барғаннан гөрі интернетпен жұмыстануға көбірек қызығушылық танытады, заман талабына сай жеткілікті дәрежеде сандық сауаты бар, өмір жағдайларының барлық аспектілерінде жаңа технологиялардың бар мүмкіндіктерін пайдаланып, оны өмірлік қажеттіліктеріне қарай пайдаланатын ұрпақ тәрбиелеуде АКТ таптырмайтын тәсіл болып қала бермек. Интернетпен жұмыс жасағанда студенттер белсенді болады, яғни өздері ізденеді, зерттейді, таңдайды, шешеді, жасайды, жұмыстанады. Студент өзіне қажетті ақпаратты таңдап алып, өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыланады. Өз бетінше ізденіп, дұрыс ақпаратты алып, оны өндеуге үйренеді, компьютерлік сауаттылығы қалыптасады.

АКТ-ны қазақ тілі сабақтарында қолдана отырып, студенттердің білім, білік дағдыларын қалыптастыруға, логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, интернет желісінен сабаққа қажетті деректерді өз бетімен ізденуіне, техникалық құралдармен жұмыстануға, компьютерлік сауаттылықтарын қалыптастыруға болады. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда осы айтылған инновациялық технологияларды пайдалану сапалы білімнің кепілі, шығармашылық жетістіктің негізгі көзі және оқытушының кәсіби өсуінің тура жолы деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері // Алматы. – 2008.
2. Иманбаева А., Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі // Қазақстан мектебі. – 2000. – №2. – 45б.
3. Баймұманов Б., Қараев Ж. Дидактические особенности использования информационных

технологий обучения//Высшая школа Казахстана. – 2000. – №6. – С.46.

4. Белғара Б.Б., Құрманова Н.Ж., Айтпанова Л.Т. «Жаңа толқын» мемлекеттік тілді жеделдете деңгейлік оқытуға арналған электрондық оқу құралы. III деңгей // Астана. – 2007.

5. Жаримбетова Г.Т., Интерактивті тақтада жұмыс жасау мүмкіндіктері // Мектептегі технология. – 2008. №9. – 34б.

ӘОЖ 373.3

ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚИТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Г.А.Ергалиева,

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Р.Т.Камидуллина,

магистр

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,

Орал, Қазақстан

E-mail:k.r.t97@mail.ru

Аннотация: Данная статья посвящена изучению педагогических основ и профилактике неуспеваемости учащихся в современной системе образования, использованию различных методов и приемов для пробуждения интереса у слабообразованных учащихся.

Ключевые слова: уровень образования, успеваемость, академические достижения, начальная школа

Resume: This article is devoted to the study of the pedagogical foundations and the prevention of student failure in the modern education system, the use of various methods and techniques to awaken interest in underdeveloped students.

Keywords: educational level, academic performance, academic achievement, primary school

Білім саясатының өзекті мәселелері – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз студент ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу. Білім жүйесіндегі басым міндеттердің бірі тұлғаның шығармашылық және рухани қабілеттерін дамыту қатар жеке даралықты жетілдіруге жағдайлар жасау жолымен білімді жетілдіру арқылы ақыл ой сана-сезімді байыту болып табылады.

Қазіргі жағдайда рухани жағынан жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру жолында жалпы орта білім беретін мектептердегі білім алушылардың үлгерімі нашарлығы мәселесін шешу қажет. Білім жүйесіндегі оңды жетістіктер, оқу-тәрбие ісіне заманауи білім беру технологияларының енгізілуі мен қатар мұғалім мен оқушы арасында қарым-қатынастың қалыптасқанына қарамастан жоғарыда көтерілген мәселенің әлі де болса шешімін таппай отырғаны белгілі. Үлгерімі төмен оқушылардың қиындық туғызатын пәндерін меңгеруде алға мынадай міндеттерді тартады: қазіргі заманғы білім жүйесіндегі оқушылар үлгермеушілігінің алдын алу және педагогикалық негіздерін зерттеп қарау, сабақ барысында үлгерімі төмен оқушыға әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, деңгейлік тапсырмалар беріп қызығушылығын ояту. Мектептің заманауи даму кезеңінде бағдарламаның күрделенуіне және жалпыға ортақ орта білім берудің енгізілуіне байланысты бұл мәселе өз шешімін оқу жүйесінде радикалды өзгерістер енгізгенде табады. Мұғалімдер жұмыс істеу қабілеті төмен, аз қабілетті, тез шаршайтын және оқуда қиыншылықтар кешеніне ие балаға айырықша көңіл бөлген жөн. Өкінішке орай, көптеген мектептерде мұндай оқушыларға көңіл бөлмеудің кері салдары тым күшті. Әр сыныпта үлгерімі төмен оқушылар болғанымен оның қызығушылық қабілеттері әр түрлі. Тек мұғалім үлгерімі төмен оқушымен жұмыс жасап қызығушылығы мен қабілет дарынын аша білу керек. Қазіргі таңда үлгерімі төмен оқушыларды болдырмау мақсатында жаңартылған білім мазмұнына сәйкес деңгейлік тапсырмалар беріліп, оқушының қызығушылығын оятып, заман талабына сай білімді ұрпақ тәрбиелеу міндеті алға тартылған.

Қазіргі базалық білім беру – жеткілікті білімнің төменгі шегі. Бұлар оқытудың деңгейіне сәйкес оқушыны саралап оқытуға ыңғайлы, әрі оқу бағдарламасы бойынша оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейіне сай құрылып, оқулыққа қосымша пайдалануға беріледі. Оқушыны деңгейіне бөліп оқыту үшін сабақ жаңаша жоспарланады. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы сан түрлі жұмыс жүргізіледі. Оқушының алған білімін жүзеге асыра алатындығы тексеріледі. Өз бетімен жұмысты орындауға бейімділігі бақылауға алынады. Қорытындысында деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасаудың тиімділігі байқалады. Оқушының белсенділігі мен іскерлігі артып шығармашылыққа ұмтылады. Деңгейлік оқыту барысында біліктілікке жетеді.

Деңгейлік-саралап оқыту технологиясы-оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке даму жанжақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Бұл технологияда бірінші орында оқушы туралы және өз бетімен білім алуудағы белсенділігіне баса назар аударады. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып,білім алуына жағдай жасайды.Өртүрлі деңгейдегі балаларға бірдей зейін аударып,олармен саралап жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бала білімін оқушы деңгейден шығармашылық деңгейге жетелеу оқушылардың өз бетінше,ізденуіне жол ашады,шығармашылық жұмыстарға баулиды,қиялын,ойын ұштайды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері бастауыш мектепте үлгерімі төмен оқушыларды деңгейлеп оқыту арқылы оқу жетістігін арттырудың тиімділігін тәжірибелік – эксперимент арқылы тексеру.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім, егеменді еліміздің алғы шарттары өркениетті елдер қатарына көтерілуді міндетке қойып, өркениетке жету үшін жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаны өсіруде ұстаздар қауымының алдына жаңа міндеттер қойылып отыр.

Білім беру – оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені. Әлемдік дәрежеге жету мақсатын көздей отырып, жаңаша қырда қолданылатын көптеген технологияларды мұғалімдер өз тәжірибелерінде тиімді пайдалануда. Мұғалім өзі тәжірибесінде, біліктілігі жоғары, жан – жақты іздену, жұмыс түрлерін түрлендіру, сабақты қызықты өткізуінің арқасында оқушылардың пәнге үлгермеушіліктері азаяды. Барлығы мұғалімнің шеберлігі мен оқушының қызығушылығына байланысты. Ал оқушылардың білімді қалыпты игеруде үш фактор себепші болады:

1. Балаға қоғамдық жағдай мен өмірдегі тұрмыс жағдай себепші болу мүмкін
2. Балалардың мінез-құлқындағы жағымсыз ерекшеліктері мен психикасының өзгеше қалыптасуынан немесе қалыпты нормадан ауытқуы және ақыл ой дамуының тежелуі
3. Педагогикалық тәрбиенің дұрыс болмауынан

Дегенмен де, мектепте оқу мен тәрбиелеу бағдарламалары бірдей болғанымен, оқушылардың білімді игеруде барлығы бірдей емес. Білім беру орындарында оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту бойынша қоғам мен мемлекеттің алдында олардың үлгермеушіліктерін уақытылы жою міндеттері тұр.

Елімізде болып жатқан коронавирус инфекциясының таралуын алдын-алу мақсатында, білім беру саласы қашықтықтан оқыту жүйесіне көшірілді. Үлгерімі төмен оқушылардың қашықтықтан оқыту негізінде оқушыларды ерекшелігіне орай жеке оқытудың тиімді жолдарын қарастыру керек. Себебі үлгерімі төмен оқушы жалпыға бірдей білім берудегі мектеп бағдарламасының материалдарын қанағаттанарлық деңгейде игере алмайды

Эксперимент барысында оқушыларды үлгерімі төмен оқушылардың білімін, дағдыларын анықтау мақсатында сабақтан тыс уақыттарда жұмыстар жүргізілді. Осы мақсатты жүзеге асыруда халық ауыз әдебиетінің үлгілері, диафильмдер, дидактикалық материалдар, қойылатын сұрақтар, педагогикалық жағдаяттар, ұлттық ойындар әзірленді. Материалдарды жасаудағы негізгі мақсатымыз – оқушылардың біз ұсынған бағдарлама деңгейінде жас ерекшелігіне сәйкес жеке тұлғалық білім – білік дағдыларын, мәдени мінез – құлық әрекетінің қалыптасу деңгейін анықтау болып табылды.

Зерттеу мәселелері

Білім жүйесіндегі басым міндеттердің бірі тұлғаның шығармашылық және рухани қабілеттерін дамыту, салауатты өмір салты құндылықтарының берік негіздерін қалыптастыру, сондай-ақ, жеке даралықты жетілдіруге жағдайлар жасау жолымен сана-сезімді байыту болып табылады. (07.07.1999ж ҚР «Білім туралы» заңы. 1-тарау, 8-бап)

Қазіргі жағдайда рухани жағынан жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру жолында жалпы орта білім беретін мектептерде білім алушылардың үлгерімі нашарлығы мәселесін шешу қажет. Білім жүйесіндегі оңды жетістіктер мен реформаларға, оқу – тәрбие ісіне заманауи білім беру технологияларының (активті және интерактивті әдістер) енгізілгеніне, мұғалім мен оқушының арасында «субъект-субъектілі» принципі бойынша қарым-қатынастардың қалыптастқанына қарамастан жоғарыда көрсетілген мәселенің мектептерде әлі шешіле қоймаған күрделі мәселе екенін естен шығармағанымыз жөн. Осыған байланысты жалпыға міндетті мемлекеттік стандартқа сәйкес педагогикалық мамандықтардың оқу жоспарына «Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс» атты арнай қосымша сабақ енгізілген болатын. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу үшін әртүрлі әдіс тәсілдер қолданып оқулықпен жұмыс жасаймыз. Бұл оқу құралында автор әр заманда білім алушылардың үлгермеушілігі, оқудағы үлгермеушіліктің себептері мәселелерін зерттеген Бабанский Ю.К. Цетлин В.С, Теплов Б.М, Якобсон П.М, Куртецкий В.А, Колесов Д.В. т.б белгілі ғалымдардың тәжірибесіне сүйенеді.

Психолог ғалым А.М.Гельмонт оқудағы үлгермеушілік себептерді оның категорияларына байланысты бөлуді міндет етіп қойған. Ол оқу пәндерінің саны мен үлгермеушілік тұрақтылығына байланысты үлгермеушіліктің 3 түрін бөліп көрсеткен.

1.Жалпы және тұрақты үлгермеушілік - ұзақ уақыт бойы барлық немесе көптеген пәннен үлгермеу.

2.Жекелеген, бірақ салыстырмалы тұрақты үлгермеушілік – бұл бір немесе екі үш қиын пәндерден үлгермеу.

3.Эпизодтық тұрғыдағы үлгермеушілік – бірде жеңіл пәннен бірде екінші пәннен үлгермей қалу.

I категория себептері ретінде: оқушының алдыңғы дайындығының төменгі деңгейі әр түрлі себептерге байланысты қолайсыз жағдайлар (дене кемістіктері, ауру, тұрмыс жағдайының нашарлығы, ата-ананың қамқорлығының жоқтығы); оқушы тәрбиесінің жетіспеушілігі (жалқаулық, тәртіпсіздік); ақыл – ойының дамуының әлсіздігі.

II категория алдыңғы кемшіліктер, оқылатын пәнге деген оқушының қызығушылығының жетіспеушілігі, оқудағы қиындықтарды жеңуде ерік әлсіздігі;

III категория дұрыс оқытпау, оқудағы бақылаусыздық, сабаққа дұрыс қатыспау, сабақтағы зейінсіздік, үй тапсырмаларын жүйелі орындамау.

А.М. Гельмонт барлық жағдайларда белгіленген немесе бекітілген үлгермеушілікті айтады, яғни үлгермеушілерге ол «тоқсан аяғына қанағаттандырылмаған бағалардан тұратын ауыр жүкпен келетін» оқушыларды жатқызады.

Ю.К.Бабанский еңбектерінде үлгермеушіліктің себеп салдарының байланыс жүйесі сипатталған. Ол оқушылардың оқу мүмкіндіктерін зерттеп, үлгермеушіліктің 2 негізгі факторларын осы түсінікке біріктірген. Оның түсінігінше оқу мүмкіндіктері бұл тұлғаның оқу іс – әрекетіндегі кейбір мүмкіндіктері және ол тұлғаның сыртқы әсерлермен қарым-қатынаста болатын ерекшеліктерінің синтезі.

Ішкі жағдай себептеріне ол – балардың ақауларын, олардың дамуын, білік, білім дағдыларының толық еместігін жатқызады. Сыртқы жағдайлар себептеріне біріншіден, педагогикалық себептерді жатқызған.

Үлгермеушіліктің негізі – бір ғана себеп емес, көбінесе бірнеше себептердің жинақталған әсері болып табылады. Солардың ішінен негізгілері ретінде: оқыту әдістерінің жетілдірілмеуі, оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытудағы кемшіліктер, әсіресе ойлау қабілетінің қалыптаспауы, оқушы мен оқытушы арасындағы жағымды қатынастың болмауы, басқалармен салыстырғанда жақсы оқушы болудың қорқынышы, және т.б.Үлгермеушіліктің мәнін толық түсіну үшін үлгермеуші оқушылардың ерекшеліктерін анықтап, қарастыруғы болады. Үлгермеуші оқушыларға тән жалпы ұқсастық болғанмен, олар бір-бірінен айрықша ерекшеленеді. Күнделікті олармен жұмыс тәжірибесінде, үлгермеушіліктің әрбір нақты жағдайын, әрбір оқушымен жекелеген жұмыс істеу жолдарын талап ететіндей, үлгермеушіліктің түрлі ерекшеліктерімен кездесіп отырамыз. Оқушылардың үлгермеушілігін ұзақ уақыт зерттеу, оның түрлі типтік тұрғыдан көрінуінен деген қорытындыға тіреледі. Үлгермеуші оқушының түрі (типi) оның оқудағы жетістігін анықтайтын, көп уақыт бойы үлгермеудің нәтижесінде пайда болған тұлғаның маңызды қасиеттерінің өзіндік үйлесімділігімен сипатталады. Көптеген авторлар үлгермеуші оқушыларды әр түрге топтаудың негізі етіп өздері зерттеп анықтаған үлгермеушілік себептерін алған. Көбінесе, осылайша Л.С.Славина ұсынады: үлгермеуші оқушылардың түрлері Славина бойынша басымырақ себептеріне байланысты бөлінеді. Үлгермеушілердің бір тобын оқуға деген түрткісі жоқ оқушылар құраса, ал екінші тобын оқуға деген қабілеті жоқ балалар, ал үшінші түрін оқу дағдысы дұрыс қалыптаспаған, дұрыс жұмыс істей алмайтын балалар құрайды.

Психолог З.И.Калмыкованың зерттеулері «үйретілудің» (обучаемость) жалпы және арнайы түрлерінің болатынын дәлелдеген.

И.В.Дубровина, М.К.Акимова және В.Т.Козлова зерттеулерінде үлгермеушілердің негізіне жататын психологиялық себептерді 2 топқа біріктіріп, соған байланысты балалардың ерекшеліктерін сипаттаған. Ол себептер:

1. Баланың танымдық іс-әрекетіндегі кемшіліктер.
2. баланың мотивациялық дамуындағы кемшіліктер.

Бастауыш сыныптарда баланы өмірге дайындау үшін танымдық, тұлғалық дамытудың маңызы ерекше:

- зердесін дамыту;
- эмоциясы мен сезімдерін дамыту;
- кездейсоқ қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту;
- өзіне – өзінің сенімділігін, өзін – өзі қабылдау, жақсы көруін дамыту;
- танымдық үрдісін дамыту;
- өзін – өзі алып жүре алуын, өзіндік дербестігін дамыту;
- өзін – өзі көрсете алуына, өзін – өзі жетілдіруге деген ынтасын дамыту болып табылады.

Көрнекті психолог Л.С. Выготскийдің тұжырымына сүйенсек, бала қиялының дамуы біртіндеп, шамасына қарай қабылдауынан басталады. Баланың қиялы біртіндеп өмір тәжірибесінің молаюына байланысты қалыптасады. Қиялда болатын барлық бейнелер, қаншама таңғажайып болып көрінгенімен баланың өмірден алған әсеріне негізделеді. Кейде бала өмірде кездескен кейбір жағдайларды өзіндік қабылдаумен түсіндіргенде, бізге ол күтпеген жағдай болып көрінеді. В.С. Мухинаның пайымдауынша бастауыш мектеп жасындағы балаларда мінез – құлық мотивациясы мінез – құлықтың саналылығы күшейеді, мотивтер мен қажеттіліктер көлемі ұлғаяды, рухани және материалды қажеттіліктер сферасы кеңейеді, қарым – қатынасқа деген қажеттілік, жетістікке жету, бастапқы басқарушылық, әлеуметтік қажеттіліктер біртіндеп нығая түседі. Әсіресе, өлкетану түйсіну, сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою сияқты таным үрдістері дамуына жол ашады.

Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілікті – ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялармен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Ондай идеяларды Орта ғасырларда өмір сүрген Батыс пен Шығыстың ғұлама ойшылдары Аверроэсо (Ибн Рушд), Я.А. Коменский, Н. Макиавелли, Ибн Халдун, Ибн Сина, Әл Бируни және т.б. айтты. Осындай ой титандарының бірі – бірегейі, қазақ топырағынан шыққан ғұлама ғалым – философ Әл Фараби еді. Ол сонау ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл – парасаттың жетілуін, оқу – ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап көрсеткен болатын. Фараби идеялары оның 140 – тан астам трактаттарының арқауы болды.

Бастауыш сынып жасы- бұл айналадағы өзге әлемді баланың өз бойына сіңіре бастау, білім жинақтау, осыларды басымдылықпен игеру кезеңі болып табылады. Осы бір аса маңызды өмірлік функцияны табысты орындау баланың өзіне тән бейімділігінің осы жаста қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды, яғни, ол мынадай бейімділіктер: адамның беделіне зор сеніммен қарауы, кездесетін барлық жағдайларды тез қабылдап, оған тез әсерленгіштігі, аңғал да ойын баласының қарым-қатынасы. Бастауыш сынып жасындағы балалардың бойындағы осы аталған бейімділіктердің әрқайсысы тек жақсы жақтарымен ғана көрініс табады, ал ол осы жастағы балаларға ғана тән қайталанбас ерекшеліктер болып табылады

Үлгерімі төмен оқушымен жұмыс жасау үшін өз жоспарымды құрдым:

- Қашықтықтан оқу кезінде үлгерімі төмен оқушымен жүргізілетін жеке жұмыс кестесін құру
- Әр түрлі әлуметтік желі (Whats App, Bilim Land) арқылы қызықты видео сабақтар мен тапсырмалар беру

- Ата – анасымен үнемі байланыста болу

- Психолог, дәрігерлер мен логопедтердің кеңесіне жүгінуге ата-анасына кеңес беру.

Эксперименттік зерттеу жұмысы Бөрлі ауданы, Ақбұлақ ауылы, Ақбұлақ мектеп- балабақша кешені 2-4 -сынып оқушыларына жүргізілді.

Педагогикалық тәжірибе жұмысына бастауыш сынып оқушылары тартылып эксперимент тобында 10 бала, ал бақылаудағы топқа 12 бала қатысты. Жалпы педагогикалық тәжірибе жұмысына 22 бала қатыстырылды. Педагогикалық тәжірибе жұмыстары үш кезеңнен тұрды. Анықтау экспериментінің мақсаты: Бастауыш мектепте үлгерімі төмен оқушыларды деңгейлік оқыту арқылы оқу жетістіктерін арттырудың тиімділігін эксперименттік зерттеу. Қалыптастыру экспериментінің мақсаты: Бастауыш мектепте үлгерімі төмен оқушыларды деңгейлік оқыту арқылы оқу жетістіктерін арттырудың тиімділігін тәжірибелік тексеруде жүзеге асыру. Қорытынды эксперименттің мақсаты: зерттеу нәтижелерін қайта диагностикалау, өңдеу және талдау, зерттеу нәтижелерін рәсімдеу.

Үлгерімен төмен оқушылармен оқу жылы басынан төмен көрсеткіш көрсетіп отырған сабақтарынан әртүрлі жеңілдетілген тапсырмалар мен қызықты видеолар жібіріп отырамын. Қабылдауын шындау үшін 10-15минут геометриялық фигураларды көрсетіп, уақыт бойынша суретін салғызамын. Осындай тапсырмаларды түрлендіріп отырған жөн. Мақал-мәтелдер, тақпақтар, өлеңдер жаттатуда есте сақтау қабілетін дамыту үшін заттардың суретін көрсету арқылы тапсырмалар қолданамын. Зейінінің тұрақтылығын дамыту үшін қазақ тілі сабағында қысқаша жеңіл балаға түсінікті жаттығудан үзінді алып, әр жолды жазып отырып осы сөйлемдегі «үнді», «қатаң» дыбыстардың астын сызып, санап шық деп тапсырма беріп, уақытты белгілеп, жазу таңбасынан қанша қате жібергенін қадағалауға болады. Сабақта тақырыпты жеңіл меңгеруде дүниетану пәнінен викториналық сұрақтар құрастырып, математика элементтеріне көңіл аудартып пән аралық байланыс жасалса, оқушының есте сақтау қабілеті жоғарлайды.

Сабақ барысында үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін қолдау жұмыстарын

3-топқа бөлуге болады:

- Жаңа материалды меңгеруде тиімді әдіс-тәсілдер

- Өз бетінше жұмыс істеуді ұйымдастыру

- Саралау тәсілдері

Сабақта өткізілген жаңа материалды меңгеруде оқушы кітаптан емес, интернет желісімен әртүрлі жеңіл 10 тапсырмаларды құрастырып, бірі-біріне жасыртқызу арқылы оқушылар өзі-өздерін 10-дық бағалау жүйесімен бағалауды үйренеді. Қашықтықтан оқыту кезінде үлгерімі төмен оқушыларды деңгейлетіп оқыту арқылы шығармашылығы мен өз бетінше ізденуіне жол ашып, сабақ үлгерімін жоғарлатуымыз керек. Балалар нені түсінеді, неден нәтижесі бар, не қолдарынан келеді соны жақсы көреді. Кез келген бала жақсы баға алғысы келеді. Сыныптастары мен мұғалімнің қолмегімен алғашқы жетістіктерге жетуі өте маңызды. Мұғалім шын жүректен баланың жетістіктеріне қуанғанын көрсете білуі керек. Бұл жағдайда деңгейлеп оқыту әдісісіз нәтижеге жету мүмкін емес. Деңгейлеп оқыту әдісін сабақтың әр кезеңінде қолдана аламыз:

- тақырыпты бекітуде

- үй тапсырмасын тексерерде

- өзіндік жұмыстар

1-кесте. Мониторинг бағдарламасы


Деңгей	Зерттеу әдістері
Үлгерімі төмен оқушыларды деңгейлетіп оқыту арқылы оқу жетістіктерін дамыту деңгейін мониторингілеу	1.«Өзің және адамдар жайлы сен не білесің?» сауалнамасы 2.Эмоционалдық күйлерді анықтау 3. Дыбыстардың дұрыс айтылуын тексеру 4.Берілген суреттерден әңгіме құрастыру 5. «Өзін – өзі бағалауды үйрету» әдістемесі 6. «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі

Үлгерімі төмен оқушылардың көпшілігі оқу жылдамдығы баяу болғандықтан және есеп мәтінін қате оқығандықтан оның мазмұнын түсінбейді, есте сақтауы да төмен. Оқушыға дыбысты дұрыс айтуды және қатесіз жазуды үйрету үшін мындай тапсырмалар берілді.

1. Қандай жануарлардың атауында Қ дыбысы естіледі
2. Қандай сөздерде Р әріпі кездеседі
3. С және Ш дыбыстары бар сөздерді атаңыз. (кесе, сілеусін, шар, шалшық, саусақ)
 - Оқушы қатаң, ұяң дыбыстарды ажырата алады;
 - Екі сөзден артық сөздерді айтады;
 - Бір сөзді айтады;
4. Жаңылтпашты тез және бая айтып көру, жәй дауыспен – қатты дауыстап – сыбырлап.
5. «Мен мектепке барамын» деген сөз тіркесін қуанышты, таңданып және сұраулы түрде айтып көр.

- Бала қажетті интонацияны жасай біледі.
- Тек сұраулы интонациясын береді
- Хабарлы интонацияны қайталайды

Сөйлеудің дыбыстық жағын зерттеу бойынша эксперимент және бақылау топтарындағы бастапқы нәтиже.



	Деңгей	Эксперимент тобы	Бақылау тобы
1	Жоғары	40% (4бала)	50% (6бала)
2	Орташа	40% (4бала)	42% (5бала)
3	Төмен	20% (2балл)	8% (1бала)
4	Барлығы	10	12

Алынған нәтижелері бойынша кестеге салынды. Кестеден көріп отырғанымыздай, эксперимент тобында сөйлеудің дыбыстық жағының дамуының жоғары деңгейі 40% -яғни 4 баланы, бақылау тобында 50% -6баланы құрады. Бұл сөздегі дыбыс орнын оңай анықтайтын, дыбыстарды дұрыс айтқан, сөзге дұрыс екпін қойып, сөзді өз бетінше сөйлей отырып, сөзде қажетті дыбыстарды бөліп берген балалар. Тілдің дыбыстық жағының орташа даму деңгейі 40% - 4 баланы, 42%-5 баланы құрайды. Бұл балаларда сөйлеуде аздаған ақаулар байқалды, сондай-ақ дыбыстарды қабылдауда қиындықтар байқалады, яғни балада фонематикалық есту нашар дамыған. Балалар сөздегі дыбыстың орнын анықтауда қателіктер жіберді, сөздегі қажетті дыбыстың бөлінуі кезінде шатасып жатты. Сөйлеудің дыбыстық жағының даму деңгейі төмен 20% - 2 бала, 8% - 1 бала. Балалар дыбыстарды естуді бойынша ажыратуда бұрмалап айтқан немесе дыбысқа ұқсас басқа дыбыстармен ауыстырған.

Бақылау тобындағы көрсеткіш: Жоғары-50% - 6 бала, орташа -41% -5 бала, Төмен деңгей -8% - 1бала.

Жинақталған тәжірибелік жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің және қатесіз оқудың даму тиімділігінің деңгейін кешенді зерттеуге мүмкіндік береді, өйткені олар осы жас кезеңі үшін қарастырылған тілдік дамудың барлық компоненттерін зерттеуге бағытталған, бұл өз кезегінде объективті нәтижелер алуға ықпал етеді.

Осындай бағытта үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасаймын, зейінін дамытатын тапсырмалар беріп, байланыстыра сөйлеуге дағдыландырамын. Алған білімдерін кеңейтіп, білім, білік, дағды, іскерлік қабілеттерін қалыптастыратын, математикалық ойлауын, ережелерді ұғынып, шығармашылық ойын дамытуға жетелей отыра қабілетті тұлға тәрбиеленеді. Оқу бағдарламасына сай білімді өз дәрежесінде меңгерген, ұлттық сана сезімі жетілген және ішкі жан дүниесін тани білетін, өзін өзгелердің мүмкіндігімен салыстыра алатын тұлға қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- [1] Аймауытов Ж. Педагогика. – Алматы, 1995. – 312б
- [2] Әл – Фараби. Әлеуметтік – этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1974. – 343б.
- [3] Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. 2том. – Алматы, 1986, - 330б
- [4] М. Жумабаев. Педагогика. – Алматы, 1993. – 112б

УДК 94 (574)

СЫН ОТЕЧЕСТВА (ПО ОЧЕРКАМ А. БУКЕЙХАНОВА, ПОСВЯЩЕННЫХ ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОЙ ПОЛИТИКЕ ЦАРИЗМА)

Э.С.Келбетова,
магистр гуманитарных наук
КГУ СОШ №7 г. Уральск
e-mail: kazfilfak@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада халқымыздың ұлы А.Н.Бөкейханов еңбектері мен зерттеулерін талданылады. Оның саясаткер, қоғамдық қайраткер ретіндегі жұмысы емес, 19 ғасырдың соңында тың жерлерді игерудің экологиялық зардаптары мен көші-қон саясатындағы мәселелерді көтеріп, 20-ғасырдың 70-80 жылдарындағы демография үрдісін болжаған тұлғасы зерттеледі. Мақалада А.Н.Бөкейхановтың Санкт-Петербургте шығатын «Сибирские вопросы» журналында 1908-1910 жылдары жарияланған көшіп келушілер және патша әкімшілігінің Қазақстандағы қиянаттары тақырыптарына арналған очерктер қарастырылады.

Кілт сөздер: дала, экологиялық мәселелер, очерктер.

Аннотация. Статья направлена на изучение работ и исследований величайшего сына своего народа А.Н. Букейханова. Который предстает перед нами в не роли прекрасного политика общественного деятеля, а человека, который ещё в конце 19 века предрекал проблему «Экологических последствий освоение целинных и залежных» и проблемы переселенческой политики, а именно демографических процессов в 70–80–х годов 20 века. Речь идет о очерках на темы переселенцев и злоупотреблений царской администрации в Казахстане, опубликованных в 1908-1910 годах в Санкт-Петербургском журнале «Сибирские вопросы».

Ключевые слова: степь, экологические проблемы, очерки.

Annotation. The article analyzes the works and research of the great son of our people AN Bokeikhanov. His work, not as a politician or public figure, raises the issue of environmental consequences of virgin lands development and migration policy in the late 19th century, and predicts the demographic trends of the 70s and 80s of the 20th century. The article considers essays on immigration and atrocities of the tsarist administration in Kazakhstan, published in 1908-1910 in the St. Petersburg magazine "Siberian Questions" by AN Bokeikhanov.

Keywords: steppe, environmental issues, essays.

Алихан Нурмухамедович Букейханов – видный общественный и государственный деятель, организатор и лидер национально-демократической партии «Алаш», глава первого казахского национального правительства Алашорда, ученый, талантливый публицист. Алихан Букейханов всю свою сознательную жизнь посвятил борьбе за свободу и политическую самостоятельность казахского народа.

Алихан Букейханов родился 5 марта 1866 года в ауле №7 Токраунской волости Каркаралинского уезда Семипалатинской области (ныне территория Актогайского района Карагандинской области)[1, с. 21]

В 1886-1890 годы обучался в Омском техническом училище. 1890-1894 годы учебы на экономическом факультете Санкт-Петербургского Императорского Лесного института. Успешно окончив этот институт по специальности лесного экономиста, Алихан Букейханов преподавал математику в сельскохозяйственном училище г. Омска. Затем служил чиновником Омского переселенческого управления, вплоть до 1905 года.

В 1893 году он активно принимает участие в работе политических, экономических, литературных и других кружков, участвует в студенческих «беспорядках». Судя по архивным документам, в эти годы

деятельность Букейханова впервые привлекает внимание Департамента царской полиции, его имя попадает в черный список «политически неблагонадежных». В этот период особенно ярко проявляется его талант как общественного, политического деятеля, выдвигая его в качестве подлинного лидера национального движения всего Степного края.[1, с. 37]

Наиболее известная была петиция 1905 года, подписанная на Кояндинской ярмарке 14,5 тыс. жителями Каркаралинского уезда Семипалатинской области, в которой высказывались основные политические и социально-экономические требования казахов, была составлена Алиханом Букейхановым, Ахметом Байтурсыновым, Жакыпом Акбаевым, Миржакыпом Дулатовым, Мухаммед-Максут Бекметовым.

Алихан Букейханов принимает активное участие в ряде общественных организаций. К примеру, он состоял действительным членом Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Русского географического общества и Семипалатинского статистического комитета.

В 1905 году Букейханов был избран депутатом в I Государственную думу (Российская империя) по Семипалатинскому округу, участвовал в составлении документа, названного Выборгским манифестом, осуждающим роспуск царской Думы. Именно с этого документа начинается активная политическая деятельность Алихана Букейханова. Для пробуждения национального самосознания казахов и организации их просветительской деятельности стало издание газеты «Казах», первое в истории казахов поистине общенациональное периодическое издание. Активное участие в создании газеты приняли руководители казахского национального движения, в том числе и Алихан Букейханов, писавший свои статьи под псевдонимом «сын степей».[2, с. 11]

Блестящим мастером публицистики предстает в своих очерках на русском языке А.Букейханов. Речь идет о очерках на темы переселенцев и злоупотреблений царской администрации в Казахстане, опубликованных в 1908-1910 годах в Санкт-Петербургском журнале «Сибирские вопросы»: «Киргизы на совещании Степного генерал-губернатора», «Переселенческие наделы в Акмолинской области», «Русские поселения в глубине Степного края», «Киргизы на совещании Степного генерал-губернатора», «Бюрократическая утопия», «Кризис канцелярского переселения», «Ничьи деньги», «Переселенцы в Тарских урманах», «Долой с дороги: идет овцевод!», «Ненужное генерал-губернаторство».[2, с. 49]

Очерки А.Букейханова – это тексты со сложной социально-коммуникативной функцией. Через свои очерки он рассказывает простому народу проблемы переселенческой политики.

А.Букейханов размышляет о причинах неуклонного снижения урожайности из года в год на землях, отведенных переселенцам, и подводит к выводу об изначальной ущербности идеи непомерного расширения аграрного сектора в зоне резко-континентального климата и бедных солями почв, каковой является Степной край. Капризы погоды, когда в конце весны могут ударить заморозки, а все лето стоять засуха, когда пыльное разнотравье в поймах рек весной, как бы свидетельствующее о стабильном плодородии тамошних земель, скоро никнет и блекнет от нехватки воды, когда все проросшее в начале лета до осени может иссушиться под знойным солнцем, за исключением курая и коклека – традиционного подножного корма казахского скота, – неизбежно превращает сельскохозяйственный труд жителей новообразовавшихся крестьянских хуторов в высокий и неоправданный риск. [3, с. 55]

А.Н. Букейханов через литературные произведения показывает всю жестокость царской администрации через призму жарких дебатов Государственной Думе России 1907-1912 годов по аграрному вопросу, особенно наглядно размежевавших общественное движение на два непримиримых стана – революционной демократии и консервативно-самодержавной апологетики. Букейханов пристрастно и развернуто комментирует все перипетии идеологических столкновений правых и левых, так или иначе соотносящихся с переживаемыми казахским народом в процессе жестоких земельных притеснений социально-экономическими трудностями.[4, с. 23]

Из его внимания не ускользает то устойчивое политическое обстоятельство, что призывы правых с трибуны Государственной думы более масштабно расширять переселенческий процесс в Степном крае сопровождаются хулой в адрес казахского народа, унижением его национального достоинства и отказом в мало-мальски цивилизационном значении его исторического пути. Букейханов проницателен и тогда, когда отмечает пугающие закономерностью совмещения психологии колониальной экспансии с идеологией черносотенских погромов.

Переселенческую политику царизма А.Букейханов сравнивал с уничтожением индейцев в Америки. Порабощение не только степняков у которых отобрали земли, и сеговал на жизнь переселенцев из центральной России вынужденных оставить свои насиженные земли перенося все тяготы и лишения переселенческой политики.[5, с. 33]

Алихан Букейханов подвергает жесткой оценке дискриминационный и несправедливый характер переселенческой политики царского правительства, при этом акцентируя внимание на проблемах экологического порядка, что по тем временам было достаточно необычно. В частности, почти за сто лет до массового освоения целинных земель он предупреждал о катастрофических экологических последствиях в случае их распашки, что в конечном счете и произошло на практике.

С приходом Советской власти ему препятствуют в политической деятельности и отзывают на постоянное место жительства в Москву, где Букейханов провел последние 15 лет жизни. В этот период

он продолжает заниматься литературой и научно-исследовательской деятельностью. Тщательно собрав образцы устного творчества, фольклорного наследия, пишет труды по истории, этнографии, литературе.

В 20-х годах дважды арестовывался. В 1937 году его вновь арестовывают и заключают в Бутырскую тюрьму. Ему было предъявлено обвинение «...возглавлял контрреволюционную борьбу против Советской власти, установил связи с руководителями террористического центра в Казахстане и Москве». 27 сентября 1937 года он был приговорен к высшей мере наказания. Приговор был приведен в исполнение в тот же день. Через 56 лет Алихан Букейханов был реабилитирован.

Литература:

1. Букейхан А. Тандамалы - Избранное. Собр. Соч. Т.1. – Алматы: Изд-во «Өлке», 2012. - 248 с., фото (на казахском и русском языках)
2. Букейхан А. Шығармаларының толық жинағы = Полное собрание сочинений в 7-ми т. Т.1 – Астана: Изд. дом «Сарыарка», 2009. - 564 с.
3. Ескендрұлы (Әбдешев) М. «Алаш Орда» министрлері = Министры «Алаш Орды» - Алматы: ТОО «Типография оперативной печати», 2008. - 114 с.
4. Аккулы Султан-Хан. Алихан всего Алаша: наследие Алихана Букейханова // Мысль. - 2013. - №1. - С.71-80
5. Аккулы Султан-Хан. Собиратель казахских земель: наследие Алихана Букейханова // Мысль. - 2013. - №1. - С.81-87

ӘОЖ 81'42

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУ АРҚЫЛЫ

Г.Н.Клычнйзова

І. Жансүгіров атындағы Жетісу
университетінің докторанты, Алматы қ, Қазақстан Республикасы
guleke1973g@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақала мәтінмен жұмыс барысында оқылым дағдысының тәсілдерін қолдану арқылы айтылым деңгейін жақсарту жолдарын зерттеді. Мәтінмен жұмыс кезінде оқушылар сөйлеу барысында қолданатын тың ақпарат, жаңа сөздер, идеялар мен сөйлем құрылымдарының түрлі мысалдарымен таныса алады. Сонымен қатар, оқушылар мәтіндегі грамматикалық ережелерге сүйене отырып өздерінің ойларын нақты әрі дәл жеткізуді үйренеді. Мәтінді дауыстап оқу арқылы оқушылар сөйлемдердің арасында үзіліс жасау және сөздерді дұрыс дыбыстау секілді айтылым компоненттерін қалыптастырады. Сыныпта мәтінмен жұмыс жасау барысында оқушылар мәтіннің мазмұнын айту және оған қатысты сұрақтарға жауап беру арқылы да айтылым дағдысын дамытады.

Кілт сөздер: ақпарат, жаңа сөздер, сөйлем құрылымдары, грамматикалық ережелер, айтылым компоненттері

Аннотация. В этой статье рассматриваются способы улучшения говорения с помощью навыков чтения при работе с текстом. При работе с текстом учащиеся могут узнавать новую информацию, новые слова, идеи и различные примеры структур предложений, которые они могут использовать в своей речи. Кроме того, учащиеся учатся ясно и точно выражаться, опираясь на грамматические правила текста. Читая текст вслух, учащиеся формируют произносительные компоненты, такие как паузы между предложениями и правильное произношение слов. При работе с текстом на уроке учащиеся также развивают навыки говорения, рассказывая содержание текста и отвечая на вопросы по нему.

Ключевые слова: информация, новые слова, структуры предложений, грамматические правила, компоненты говорения

Annotation. This article looks at the ways of improving speaking skill through the work with the text. When working with text, students can learn new information, new words, ideas, and various examples of sentence structures that they can use in their speech. In addition, students learn to express themselves clearly and accurately, based on the grammatical rules of the text. By reading a text aloud, students develop pronunciation components such as pauses between sentences and the correct pronunciation of words. When working with text in the lesson, students also develop speaking skills by telling the content of the text and answering questions connected to it.

Keywords: information, new words, sentence structures, grammar rules, speaking components

Кез келген тілді үйрену процесі негізгі тілдік дағдыларды жетілдірумен сипатталатыны белгілі. Бұл процес айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым секілді төрт тілдік дағдыны қатар

қалыптастырып, дамытуды талап ететіні де түсінікті. Себебі, қоғамның өзге мүшелерімен кез келген қарым-қатынас түрін орнату барысында сөйлеушіге төрт дағдының барлығын да қолдану қажеттілігі туындайды. Осы тұста, аталған тілдік дағдыларды дамытуға жекелеген әдістемелік құралдар мен тәсілдер қолданылғанымен, олар бір-бірімен тығыз байланысты екендігін айқындап көрсетуіміз қажет. Көп жағдайда тіл үйренушілердің басым көпшілігі айтылым дағдысын қалыптастыру және дамыту арқылы ғана тілде еркін сөйлеуге мүмкіндік аламын деп ойлайды. Алайда, тілдік құралдар мен құрылымдардың дұрыс әрі орынды қолданылуы үшін барлық негізгі дағдыларды игеру талап етіледі. Мәселен, екі адамның қарым-қатынасында бірінші сөйлеуші екінші адамға сөйлеу арқылы айтылым дағдысын жетілдірсе, екінші адам автоматты түрде тыңдалым дағдысын дамытып отырады. Дәл сол секілді, кітап оқып отырған оқушы дауыстап оқу арқылы өзінің тыңдалым, оқылым және айтылым дағдыларын қатар жетілдірсе, жаңа сөздер мен сөйлем құрылымдарын жазып алып, жазылым деңгейін де едәуір жақсарты алады. Бұл сөзсіз төрт тілдік дағдының арасындағы тікелей байланысты көрсетеді.

Тіл үйрету сабақтарында оқушыға мұғалім тарапынан тапсырма берілсе немесе сұрақ қойылса, оқушы сұраққа нақты әрі толық жауап беруге қиналып жататын жағдайлар көп кездеседі. Дәл осы себепті, оқушылар өздеріне берілген тапсырмалар мен тақырыптар тым қиын деп те шағымданып жатады. Бұл мәселенің мүмкін делінген себептері оқушылардың сөздік қорының таяз болуы, грамматикалық ережелерді жетік меңгермеуі, арнайы тақырыптарға қатысты идеялар мен фактілерді білмеуіне байланысты болуы мүмкін. Аталған дағдылардың болмауына байланысты оқушы тіпті өзіне сенімді сөйлеуші болса да, өзін таныс емес жаңа тақырыптарға қатысты көп нәрсе айта алмай, кідіріп қалады [1]. Сондықтан оқушылар түрлі тақырыптар мен деңгейдегі ақпараттық мәтіндерді оқу арқылы өздерінің айтылым дағдысын жетілдіре алады дегуге толық негіз бар. Бұл мақала оқылым және айтылым дағдыларының арасындағы байланысты зерттей отырып, мәтінмен жұмыс арқылы айтылым деңгейін жақсартудың мүмкіндіктерін қарастырады.

Оқушылардың оқылым дағдысының бір компоненті ретінде мәтінмен жұмыс жасау әдістерін атауға болады, себебі кез келген типтегі мәтінмен жұмыс жасау үрдісі оқылым дағдысына негізделеді. Сондықтан, мәтінмен жұмыс арқылы айтылым деңгейін жақсартуды айтылым мен оқылым дағдыларының байланысы тұрғысынан зерттеуге болады. Тіл білімі ғалымдарының айтуынша, тіл үйренушілер көп кітап оқитын болса, олардың білім деңгейі жоғарылап, оқу процесі нәтижелі болып қана қоймай, тілді тез меңгере алады. Бұған себеп, оқылым барысында оқушылар сөйлемдердің мағынасын түсіне отырып, олардың структуралық құрылымын зерттейді. Сонымен қатар, мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылар өздерінің сөздік қорын да кеңейте алады [2]. Сондықтан, оқушыларға көбінесе сабақтың барысында және сабақтан тыс уақытта да көбірек мәтінмен жұмыс жасап, оқылым дағдысын дамыту ұсынылады.

Айтылым дағдысы адамның миындағы ойлар мен идеяларды тілдің көмегімен екінші бір адамға жеткізу әрекеті деп сипатталатыны белгілі. Яғни, бұл дағдыны белгілі бір мағынаны жеткізу үшін сөйлеу әрекетін жүйелі түрде жүргізу әрекеті деп анықтауға болады. Коммуникативтік бағыт тұрғысынан айтылым дағдысының екі негізгі компонентін анықтап көрсетуге болады. Нақтырақ айтқанда, екі адамның арасындағы тілдік қатынас барынша нәтижелі әрі сәтті болуы үшін сөйлеушінің тілді қолданудағы дәлдігі мен еркіндігі өте маңызды деп есептеледі. Сөйлеушінің дәлдігі дегеніміз оның қарым-қатынас барысында барынша нақты әрі орынды сөздер, грамматикалық құрылымдар мен сөздерді дұрыс дыбыстау үлгілерін қолдану үрдісі болып табылады. Демек, тіл үйренуде тілдік дәлдікті қалыптастыру оқушы сөздік қорын дамытып, грамматикалық ережелерді түсініп қана қоймай, сөздердің дұрыс дыбысталуы немесе айтылуын да үйренуі қажет. Ал оқушының тілдік еркіндігі дегеніміз оның тілді жетік меңгеруі арқасында еркін сөйлей алу қабілеті деп түсіндіріледі. Яғни, оқушыға кенеттен сөйлеу қажеттілігі туындаған жағдайда қысылмай, кідірмей сөйлей алу үшін тілдік еркіндікті қалыптастыру өте маңызды деп есептеледі. Бұл аталған айтылым компоненттерін қалыптастырып, дамыту барысында мәтінмен жұмыс жасаудың, яғни оқылымның рөлі зор. Себебі, оқылымның көмегімен оқушылар өздерінің сөйлеу әрекеттерінің шеңберін барынша кеңейтуге мүмкіндік беретін жаңа сөздік қор жинақтай алады. Дәлірек айтқанда, оқушылар мәтінмен жұмыс жасау арқылы кез келген тақырып аясында әңгіме өрбіте алу үшін тақырыптық сөздерді үйренеді. Ең маңыздысы, оқушылар оқылым арқылы өздерінің үйреніп жатқан тілдерінде жақсы тәжірибе жинауға мүмкіндік алады. Ал оқылым кезінде алынған білім мен тәжірибе өзге де дағдыларды дамытуда қолданыла алады. Сонымен қатар, көп оқу арқылы тіл үйренушілер өздерінің қызығушылықтарын анықтап, жеке тұлғалық даму жолын қалыптастыра алады [3]. Осы тұста, мәтінмен жұмыс жасау арқылы айтылым дағдысын дамытудың негізгі тәсілдері мен жолдарына талдау жасаған жөн.

Біріншіден, оқылымның көмегімен айтылым дағдысын дамыту үрдісі жаңа сөздер үйрену мен грамматикалық білімді жетілдіруге байланысты. Оқылым барысында тіл үйренушілер мәтіндердегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымы, ондағы сөздердің қолданысы мен өзара байланысына мән бере отырып, өзіндік білім қалыптастырады. Яғни, оқушылар мәтіндерде ұсынылған сөйлем құрылымдары мен сөздердің мысалдарын өздерінің сөйлеу әрекеттерінде қолдануға мүмкіндік алады. Кез келген сөйлеу әрекетінің мағыналық мәні жоғалмай, ойды жеткізуде дәлдік болуы үшін оқушылардың грамматикалық білімі мен сөздік қоры жоғары деңгейде болуы тиіс. Ең алдымен, грамматикалық ережелерге сүйене

отырып құрылған сөйлемдер сөйлеушінің ойын еш бұрмалаусыз, дәл жеткізуге көмектеседі. Бұл тұрғыда, оқушылардың грамматикалық білімі тілдің табиғатын көрсетеді деуге болады. Екіншіден, сөйлеушінің ойын тура жеткізуде маңызды рөл атқаратын тағы бір фактор сөздік қор болып табылады. Сөйлеуші өзінің жеткізетін ойы мен айтатын сөздерін тиімді ұштастыра алуы үшін түрлі тілдік құрылымдардың үлгілерімен таныс болып, олардың қолданысының мысалдарына көз жүгіртуі қажет. Бұл тұста, оқушыларға көп оқып, түрлі мәтіндердің үлгісімен жұмыс жасау пайдалы деп есептеледі. Ең маңызды айта кететін жайт, оқушының сөздік қоры мен оқылым дағдыларының арасында тікелей әрі кері байланыс бар, себебі оқушының сөздік қоры жоғары деңгейде болса, оның оқу процесі тиімді болады; ал мәтінмен жұмыс жасау процесі барынша тиімді болса, оқушының сөздік қоры кеңейе түседі [4]. Сонымен қатар, оқылым барысында оқушылар жаңа сөздерді жаттап қана қоймай, сөйлемнің контекстіне қарай таныс емес сөздердің мағынасын болжауды үйренеді. Бұл қабілеттің көмегімен тіл үйренушілер өздері білмейтін сөздерді қамтитын сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын білдіруге дағдыланады. Осы тұста, мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылар өздерінің сөздік қорын, грамматикалық білімін арттыра отырып айтылымның маңызды компоненттері болып есептелетін тілдік дәлдік пен еркіндікті қалыптастыратынына көз жеткізуге болады. Себебі, кез келген тақырып аясында сөздік қоры бай, грамматикалық құрылымдардың түрлі мысалдарына қанық әрі мәтіннің контекстіне қарай сөздің мағынасын болжай алатын оқушының сөйлеу әрекеті нақты немесе дәл және барынша еркін болады.

Тіл үйренушінің тілдік еркіндігін қалыптастыру үшін дауыстап оқудың да маңызы зор деп есептеледі. Оқушылар мәтінді дауыстап оқу арқылы өздері бұрын айтып көрмеген сөздерді дыбыстап, ерін, тіл және тамақ секілді дыбыс шығаруға қатысатын мүшелерді жаттықтырады. Ғалымдардың зерттеуінше, белгілі бір сөзді көп уақыт бойы дыбыстамайтын болса, оқушының дыбыс шығаратын бұлшықеттері жансызданады. Сондықтан, оқушылар өздері көп айта бермейтін сөздерді дыбыстауда қиналып жатады. Ең маңыздысы, оқушылар мәтіндерді дауыстап оқу арқылы өздері жиі қолданбайтын сөздерді айтып, дыбыс шығаруға қатысатын бұлшықеттерді жаттықтырады. Бұл олардың дауыстарының кез келген сөзді айту кезінде барынша анық әрі түсінікті шығуын қамтамасыз етеді. Дауыстап оқу барысында сөйлеу әрекетіне қажетті тілдік компоненттерді де жаттықтыруға болады. Себебі, оқушы жеке өзі қалып, дауыстап оқу кезінде сөйлемдердің арасында үзіліс жасауды, мәтіннің контекстіне сай дауыстың жоғарылауы мен төмендеуін (интонация), екпіннің дұрыс қойылуы мен сөйлеу қарқынына да мән беруді үйренеді. Нақтырақ айтқанда, оқушылар мәтіннің әр абзасынан соң және үтірден кейін кішкене үзіліс жасауға дағдыланады. Сонымен қатар, олар сөйлемдердің мағынасына қарай немесе ия/жоқ деген жауабы бар сөйлемдерде дауыстың ырғағын өзгертіп отырады.

Жоғарыда аталған фактілер мәтінмен жұмыс жасау арқылы айтылым мәдениетін қалыптастыру үлгілерінің айқын мысалдары болып табылады. Сондықтан, мектеп бағдарламаларында мәтінмен жұмыс жасаудың маңыздылығына және мәтінді таңдауға ерекше мән берген дұрыс деп есептеледі. Сыныптағы оқу процесінде қолданылатын мәтіндер барынша тәрбиелік мәнге ие, оқушылардың танымдық білімі мен ой-өрісін кеңейтетін мәтіндер болуы тиіс делінеді. Сонымен қатар, мәтіндердің тілге жеңіл, қабылдауға оңай әрі түсінікті болуы да ескерілуі қажет. Сол себепті, мектеп бағдарламаларындағы мәтіндер оқушылардың жеке қызығушылықтарын да ескеріп, заман талабына сай келетін ерекшеліктермен сипатталуы керек. Мектеп бағдарламасындағы мәтінмен жұмыс жасауға негізделген сабақтың барысы келесідей үш сатыдан тұрады:

1. Мәтінмен жұмыс алдындағы оқу тапсырмалары
2. Мәтінмен жұмыс барысындағы тапсырмаларды қамтитын кезең
3. Мәтінмен танысқаннан кейінгі жұмыс кезеңі

1. Мәтінмен танысқанға дейінгі кезеңде оқушыларға мәтіндегі тілдік тұлға мен түрлі сөйлем мысалдарын ажыратып, жіктеуді үйрету көзделеді. Сонымен қатар, бұл кезеңде сөйлемнің негізгі құрылымдық материалдарын оқыту жүзеге асырылады. Бұл материалдар сөз таптарының жақ және шақ түрлерін, түрлі сөйлем мен сөзжасам элементтерінің үлгілерін және сөздердің өзара байланысу тәсілдерін қамтиды.

2. Мәтінді оқу барысындағы тапсырмалар мәтіннің тілдік құралдары мен құрылымына қатысты болып табылады. Бұл кезеңде оқушылар мәтіннен өздеріне қажетті ақпараттар мен құрылымдарды тауып, оларды қолдануға машықтанады. Мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқыту процесі келесідей сатылардан тұрады:

- Оқыған мәтіннің мазмұнын айту
- Мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтарға жауап беру
- Мәтіннің жоспарын жасау
- Мәтіннің негізгі және қосымша ойларын табу
- Қорытынды шығару

3. Мәтінмен танысқаннан кейінгі кезеңде оқушылар келесідей тапсырмаларды орындайды:

- Мәтіннің мазмұнына сай логикалық сұрақтар ойлап табу
- Мәтіннің негативті ойларын позитивті ойларға ауыстыру
- Мәтіндегі жаңа сөздерге аударма жасау
- Оқушының жеке білімі мен тәжірибесіне сүйеніп мәтінге ат қою

· Мәтіннің тақырыбына қатысты диалог және ситуациялық жағдай құру [5]

Жоғарыда көрсетілген мектеп бағдарламасының сабақ барысына қарай отырып, сыныптағы мәтінмен жұмыс жасау тапсырмалары да оқушылардың айтылым дағдысын дамытуға көмектесетінін байқауға болады. Мәтінге дейінгі тапсырмалар барысында оқушылар сөйлем түрлері мен сөздердің байланысу тәсілдерін зерттейді. Бұл тапсырманың көмегімен оқушылар өздерінің сөйлеу әрекеттерінің негізін құрайтын базалық білім деңгейін немесе теориялық білімін қалыптастырады дей аламыз. Ал мәтінмен жұмыс кезінде оқушылар мәтіннің мазмұнын айтып, оған қатысты сұрақтарға жауап беру және мәтіннің негізгі идеясын анықтау үшін айтылым дағдысының компоненттеріне жүгінетіні сөзсіз. Сондықтан, мәтінмен жұмыс жасау арқылы айтылым деңгейін жақсартуға болады деуге толық негіз бар.

Қорыта келе, бұл мақала мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылардың айтылым дағдысын дамыту үрдісін зерттеді. Мәтінмен жұмыс барысында оқушылар сөйлеу әрекеттеріне қажетті делінген ақпаратпен, арнайы тақырыптық сөздер мен сөйлем түрлерімен таныс болады. Аталған мәтін компоненттерін оқушылар өздерінің айтылым дағдысын қалыптастыру және дамыту барысында қолдана алады. Ең маңыздысы, мәтінмен жұмыс жасау сөйлеушінің ойының барынша нақты әрі түсінікті жеткізілуінде маңызды рөл атқаратын грамматикалық білім қалыптастырады. Ал мәтінді дауыстап оқу арқылы оқушылар сөздерді дұрыс дыбыстауға, мәтіннің жекелеген бөліктерінің арасында үзіліс жасау мен екпінді дұрыс қоюға дағдыланады. Бұл дағдылар айтылым мәдениетін қалыптастыруда зор маңызға ие екендігін жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан мәтінмен жұмыс барысында оқылм дағдысын қолдану арқылы айтылым дағдысын едәуір дамытуға болады деген қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рахманова О.Х., Сапарматова М.Р., Розметова Р.Ш. Сөйлеу дағдыларын дамытуға кең көлемде оқудың әсері. Халықаралық интеграцияланған білім беру журналы, 2019.-№4.-11-13 бб.
2. Жарқын Дж.А., және Г.П.МакГрегор. Ағылшын тілін екінші тіл ретінде оқыту. Лондон: Лонгман. 2004 ж.
3. Уильямс Е. Тіл сыныбында оқу. Лондон: Macmillan Publishers Ltd. 2011 ж.
4. Ескей Д. Екінші тілде оқу. Э. Хинкель (Ред.), Екінші тілді оқыту мен оқыту бойынша зерттеулердің анықтамалығы. Махва, NJ: Лоуренс Эрлбаум. 2005.-563-580 бб.
5. Абдрашитова Г. Мәтінмен жұмыс арқылы оқушылар тілін дамыту. Білім айнасы, 2018. <https://bilimainasy.kz>

ӘОЖ 94 (574)

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.Конкина -филос. ф. к.,

Л. Байбосын -ғ.ғ.м.,

Э.Сақтағанова - э.ғ.м.,

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты,

Laila.baibossyn @mail.ru

Аңдатпа: Мақалада цифрлық дәуірдегі қашықтықтан тарих пәнін оқытудың әдіс-тәсілдері мен оны меңгертудің әдістемелік жолдары қарастырылады. Сонымен қатар білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшеліктері сараланады.

Кілт сөздер: Қашықтықтан оқыту, тарих, технология, модульдік инновация.

Аннотация: В статье рассматриваются методы преподавания предмета истории в цифровую эпоху и методы ее изучения. Кроме того, будут проанализированы особенности появления новых технологий в сфере образования.

Ключевые слова: Дистанционное обучение, история, технология, модульная инновация.

Annotation: The article considers methods of teaching and working with the subject of history in the distance education. In addition, the characteristics of new technologies entering the field of education will be analyzed.

Keywords: Distance education, history, technology, modular innovation

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді [1].

Қашықтықтан оқыту адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді

Еліміздің келешегін айқындайтын нәрсе – білім. Қазіргі заман ағымына байланысты оқушылардың білімге қызығуын арттыру үшін мұғалімдерге жаңа талаптар қойылуда. Сол себепті оқытудың әртүрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Жан –жақты ізденістің нәтижесінде білім беру саласында жаңа педагогикалық технологиялардың саны да, сапасы да өсіп келеді. Технология белгілі бір істегі адамның әдісі, шеберлігі. Осы шеберлік арқылы мұғалімнің өз сабағын оқушыға жоғары деңгейде жеткізуіне мүмкіндік береді. Мұғалім үнемі шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс істеп отырса жаңашылдыққа жақын болғаны. Өзгелердің үлесін өз ісінде пайдалана білсе, оған өзіндік қолтаңбасын қосып отырса, оқушы тәрбиелеу мен білім берудегі жетістігі сол болмақ. Сондықтан біз мұғалімдер білімдерімізді әрі қарай тереңдете түсуіміз керек. Тек тереңдете қоймай жаңа тәсілдерді, жаңа ойларды, идеяларды қоса алуымыз қажет.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше білім алып дамуына қажеттілік тудыру. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Қазіргі білім беру ісінің шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу бағыттарын өзінің таңдай білуі деп есептеледі [1. 56б].

Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп, келе жатқан жеке тұлғаны дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында өздігінен білім алуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады [2].

Оқытудың техникалық құралдары (ОТҚ) білім берудің көрнектілігін, бейнелігін, әсерлілігін күшейтіп, оқушылардың шығармашылық қиялы мен ойлауын ынталандырады.

Оқытудың техникалық құралдарының арасынан, тарих сабағында экрандық құралдар (бұрын соңды пайдаланылып келген: диафильм, диапозитив, кодопозитив) оқу кинофильмдері, телебағдарламалар, компьютерлік бағдарламаларды қолдануға болады.

Мектеп практикасында көп қолданылып келген, ОТҚ түрінің бірі-кодоскоп. Ол экранға немесе сынып тақтасына мөлдір пленкаға салынған сурет, сызба, сұлба, диаграмма, жазба мәтінді көрсетуге арналады. Оны қолданудың артықшылығы: оған қажетті сызбаларды мұғалім немесе оқушы оңай әзірлей алады, бірізділікпен пайдаланып, тақырып мазмұнына икемді сипат беруге болады, әрі кодоскопты пайдалану үшін бөлмені қараңғылаудың қажеті жоқ.

Тарихты оқытуда кинофильм, оқу фильмдері мен бағдарламаларды қолданудың ұқсастықтары көп. Оларда оқушыларға сөз бен бейне тұтас күйінде ұсынылады. Қысқа мерзімде оқушылар аса мол ақпаратпен таныса алады. Қазіргі техникалық мүмкіндіктерді пайдаланып, сабақ мазмұнына сәйкес оқу фильмдері, көркем, деректі фильмдер мен театр қойылымдарының қажетті фрагменттерін монтаждап алуға болады.

Телебағдарламалар фильмдермен салыстырғанда өзектілігімен ерекшеленеді. Орталық студиялардан берілетін оқу көрсетілімдерін сабақ барысында немесе сабақтан тыс уақытта мұғалімнің қатысуымен көруді ұйымдастыру керек. Өйткені көрсетілімнің мазмұнын оқу бағдарламасына сай түсіндіру, оқушыларды дербес ой қорытуға үйрету мұғалімнің міндеті.

Оқытудың ақпараттық – коммуникативтік технологиясының мақсаты - ақпараттық жұмыс істей білуді қалыптастыру және қатынас қабілетін дамыту, жеке басты «ақпараттық қоғамға» даярлау. Бұл оқушының компьютермен тікелей қатынасы арқылы орындалады. Яғни баланың жеке қасиеттеріне қарай компьютерге бейімдеу.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыты - жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта және ара қашықтықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын көтеруді көздейді.

Оқушылардың бойында шығармашылық қабілетті дамыту жалпы білім беретін пәндерді оқып үйрену кезінде және оқу-еңбек процесінде алған білімдерінің негізінде жүзеге асады. Білім сапасына қойылатын қазіргі заман талабының бастысы–бұл *оқушының интеллектуалдық және шығармашылық*

қабілеттерін дамыту. Осы орайда оқушының ақпарат құралдарымен жұмыс істей білуін белсендендіру негізінде педагогикалық технология мен *компьютерлік технологияны* бірігіп пайдаланудың рөлі зор [3].

Оқыту технологияларына негізделген әдістемелік және дидактикалық материалдар жасап, оқушылардың білім алу процесін жетілдіріп, оны игеруді жылдамдата алатын интерактивті әдістер оқушыларға ақпараттық технологиялар жағынан терең білім алуға көмектесіп, кейіннен ЖОО-да да табысты түрде оқуға кепілдік береді.

Тарихты оқытуда компьютерді қолданудың маңызы арта түсуде. Бүгінде білім беруде ақпараттандыру, пәндерді технологиялық ғылыми-теориялық негізде оқыту мақсаты алға қойылуда. Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыты - жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта және дистанционды (қашықтықтан) оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын көтеруді көздейді.

Интернет желісі мен электронды поштаның өсіп, оның күнделікті тұрмыста қолданысқа енуі – оқушылардың ойлау жүйесінің артуына, ақпараттарды мол қабылдауына өз әсерін тигізіп отыр.

Оқытуды компьютерлендіруде компьютердің мүмкіндіктері өте кең: электронды оқулықтардың көмегімен білім, жаттықтыру тапсырмаларын беру, оқушының білімін тексеру, тест алу, әртүрлі ойындар т.б. Оқыту үрдісінде компьютер оқыту нысаны және құралы болуы мүмкін, яғни оқытуда компьютердің екі бағыты болады:

а) компьютердің мүмкіндіктерін сезініп, оны әр түрлі жағдайда пайдалана білуге қажетті білім, дағды, іскерліктермен қаруландыру;

ә) компьютер оқытудың тиімділігін жоғарылатып, сапасын көтеретін күшті құрал болып табылады.

Соңғы жылдары ғылым саласында білімнің жаңа бағыты ретінде педагогикалық инновация дамып келеді. Оны тарих сабағында жүзеге асыруда көптеген әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Атап айтсақ:

а) *модификациялық инновация* – қолда бар мәліметті дамыту, оның түрін өзгертумен айналысу. Мысалы, әкімшілік-территориялық бөліністерді өткен кезде тірек-сызбаларды пайдалану;

ә) *комбинаторлық инновация* – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Әртүрлі пікірталас ойындарын сабаққа енгізу оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, саяси көзқарасының қалыптасуына әсер етеді. Мысалы, «Кеңестік дәуірдегі Қазақстан» атты пікірталас өткізгенде 70 жыл ішінде болған оң өзгерістер (I –ші топ) мен жағымсыз жақтар (II-ші топ) сыналады;

б) *модульдік инновация* – жеке дара тақырыптарды блок түрінде байланыстыру. Қазақстан тарихынан «Ежелгі көшпенділер» тақырыбын өткенде сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мемлекетінің орнын, шаруашылық, саяси тарихын салыстырып, оларға талдау жүргізіп, жаңалықтар енгізуге болады [4, 25б.].

Қазіргі кезде мұғалім сабақ мазмұны қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалды іздеу мен жүйелеуге жұмсайды. Ол үшін басты міндет – оқытуды компьютерлендірудің концептуалды аспектісін жасау. Осыған орай оқытуды ақпараттандыруда төмендегі сәтгерді ескеру қажет:

-Оқыту үрдісін компьютерлендіру кезінде тек бағдарламалау тілін немесе дербес компьютердің ақпараттық құралдарын емес, компьютерді белгілі бір үрдістерде, құбылыстарда, экономикалық жағдайда моделдеуге үйрету.

-Білімді топтық түрде бере отырып, оқытуды даралауды күшейтіп, оқушының білім сапасының көтерілуіне мүмкіндік жасауға болады.

-Компьютерді алға қойылған мәселені сапалы және тез шешуге көмектесетін жағдайда ғана пайдалану қажет.

-Оқытуды компьютерлендіруді оқушы өз бетімен ойлап, шығармашылық белсенділік танытып, дербес компьютерді саналы түрде пайдаланатындай етіп ойластырған жөн.

Осылайша оқушылардың таным белсенділігі мен қызығушылығын, оқуға деген ынтасын арттырудың маңызды жолдарының бірі – компьютер арқылы пәндік сабақтар өткізу болып табылады.

Компьютерлік технологияны қолдану:

- өздігінен сабаққа дайындалу деңгейін арттырады;

- оқу процесін жүргізуді қызықты етеді;

- шығармашылық жағынан бұрын болмаған кәсіби дағдыларды қалыптастыратын жаңа мүмкіндіктер туғызады.

Электрондық оқулықтар сабақты бұрынғыдан гөрі көрнекі, қызғылықты түрде өткізіп, оқушыларға жаңаша мәлімет беруге жағдай туғызады.

Қорыта келе, қазіргі таңда тарихшылар тарих пәнінің тәжірибесін түбегейлі өзгертетін цифрлық технологиялар мен ресурстарды кеңінен қолданады. Атап айтсақ: электронды почта арқылы хат алмасу, электронды түрде кітапхана каталогтарын іздеу, үйрену және оқыту үшін цифрлық платформаларды пайдалану, сондай-ақ архив, музей, жарияланымдарға байланысты және блог, ойын, фильм немесе оқыту барысында оқытушылар пайдаланатын дерістер жүктелген веб-сайттарды айтуға болады.

Оқыту үрдісіндегі компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін сабақ беру кезінде және сабақтан тыс уақытта оқушының шығармашылық қабілетін дамытуда қолданса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артатыны сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тұрлығұлов Т.Т. Тарих сабағын жетілдіру жолдары, - Алматы, 1984
2. Джорданова Л. Тарихи білім пәні және зерттеу әдістері; - Алматы «Ұжымдық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020
3. Бартлетт Стив. Білім берудегі зерттеулер. Кіріспе, Алматы «Ұжымдық аударма бюросы» қоғамдық қоры, - 2020
4. Кусаинова Р.Т. Тарих сабағын оқыту барысында заманауи технологияларды қолдану. Алматы, 2017

УДК 374.3

РАЗВИТИЕ РЕЧЕВЫХ НАВЫКОВ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Ж.Г.Кужаниязова,

студент гр.РЯЛШ-24 (2), ЗКУ им.М.Утемисова

e-mail: Казахстан, Уральск

Аннотация: Статья посвящена развитию речевых навыков в условиях обновленной программы по русскому языку для общеобразовательных школ Республики Казахстан, рассмотрению некоторых форм и методов, направленных на формирование, развитие и совершенствование у учащихся основных навыков речевой деятельности: говорения, слушания, чтения и письма. Статья поднимает ряд проблемных вопросов, связанных с совершенствованием содержания обучения русскому языку, с обсуждением подходов к организации образовательного процесса, использованию новых стратегий, приемов, методов и форм обучения для успешного достижения языковых целей всеми учащимися. Особое внимание уделяется общим задачам, условиям и требованиям к развитию речи как средству успешного обучения учащегося в школе и его самореализации в социуме.

Ключевые слова: обновленное содержание, развитие речи, образование, диалог, язык

Андатпа: Мақала республиканың орта мектептері үшін орыс тілінде жаңартылған бағдарламаны түсінуге, оқушылардың сөйлеу іс-әрекетінің негізгі дағдыларын қалыптастыру, дамыту және жетілдіруге бағытталған: сөйлеу, тыңдау, оқу және жазуға бағытталған кейбір формалар мен әдістерді қарастыруға арналған. Мақала орыс тілін оқыту мазмұнын жетілдіруге байланысты бірқатар проблемалық мәселелерді тудырады, сонымен қатар барлық оқушылар тілдік мақсаттарға табысты жету үшін білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа стратегияларын, әдістемелерін, әдістері мен нысандарын пайдалануды ұсынады. Мектепте табысты оқып, қоғамдағы өзін-өзі жүзеге асырудың құралы ретінде сөйлеуді дамытудың жалпы міндеттеріне, талаптарына ерекше көңіл бөлінеді.

Кілт сөздер: жаңартылған мазмұн, сөйлеуді дамыту, білім беру, диалог, тіл

Annotation: The article is devoted to understanding the updated program in the Russian language for secondary schools of the Republic, the consideration of some forms and methods aimed at the formation, development and improvement of students' basic skills of speech activity: speaking, listening, reading and writing. The article raises a number of problematic issues related to the improvement of the content of teaching Russian, with a discussion of approaches to the organization of the educational process, the use of new strategies, techniques, methods and forms of education for the successful achievement of language goals by all students. Particular attention is paid to the general tasks, conditions and requirements for the development of speech as a means of successful student learning in school and its self-realization in society.

Key words: updated content, speech development, education, dialogue, language

Язык, будучи средством общения, выполняет в процессе речевой деятельности людей свою важнейшую коммуникативную функцию. В настоящее время исследовано влияние психологических процессов на успешность протекания речевой деятельности: для осуществления её необходимо, чтобы субъект деятельности осознавал её ближайший результат, мотив. Речевые действия (они лежат в основе всей речевой деятельности) планируются, формируются посредством выделения собственной цели и реализуются через операции.

Единицей речевой деятельности является речевое действие, речевой акт. Любое проявление речи: от элементарного вопроса «Который час?» до лекционного монологического выступления преподавателя университета – можно считать речевым актом. Мы совершаем речевое действие, когда собираемся выразить радость, удивление, запрещение, размещение; думаем: как сказать о погоде? Как узнать, кто где живет? Как поздравить? Как написать адрес? Спрашиваем: сколько стоит? И др.

Чтобы полноценно общаться, человек должен располагать целым рядом умений. Он должен, во-первых, уметь быстро и правильно ориентироваться в условиях общения, во-вторых, уметь правильно

спланировать свою речь, правильно выбрать содержание, в-третьих, найти адекватные средства для передачи этого содержания, в-четвертых, уметь обеспечить обратную связь. Если какое – нибудь из этих звеньев акта общения будет нарушено, то говорящему не удастся добиться ожидаемых результатов общения- оно будет не эффективным. Так объясняет механизм речевой деятельности профессор А.А.Леонтьев [1,45] . Речевая деятельность определяется единством двух сторон: внешней и внутренней.

Коммуникативное намерение всегда присутствует в сознании говорящего, но не всегда эксплицитно выражено языковыми средствами. Например, просьба открыть окно может быть реализована разными способами: «Пожалуйста, откройте окно», « Мне что-то душно», «У вас в комнате жарко» и т.д. Адресуя мысль собеседнику, человек ставит целью оказать на него воздействие, а слушатель должен понять, какая информация передается. Говорящий должен сориентироваться на интеллектуальный, эмоциональный уровень слушателя, следовательно, каждое речевое действие – это творческая деятельность.

Признаки речевого акта:

1) в речевом акте участвует говорящий и адресат;
2) Участники речевого акта имеют ряд общих речевых навыков, знаний о предмете речи, обладают речевой компетенцией.

В состав речевого акта включается:

- 1) обстановка речи
- 2) содержание речи
- 3) целенаправленность общения. Следовательно, выполнить речевой акт – значит:
 - а) произнести звуки соответственно общепринятому коду
 - б) построить высказывание из слов данного языка
 - в) снабдить смыслом и референцией (т.е. соотнести с действительностью)
 - г) придать целенаправленность общению, чтобы осуществить коммуникативность.

Успешность речевого акта зависит в том числе и от психологического состояния говорящего. Вот почему в обучении речи важны доброжелательность, одобрение, взаимопомощь, добрая шутка, мягкий юмор.

К фактам, *активирующим речевую деятельность*, относятся также индивидуализация в обучении, атмосфера поиска, общения, эмоциональной приподнятости, создающие потребность в общении, уверенность в способности овладеть творчеством в языке. И наоборот, к факторам, *тормозящим речевую деятельность*, относятся замечания, насмешки, отрицательная мимика, а в обучении - излишнее подчеркивание трудностей, недоступности овладения богатствами языка, фиксирование внимания на промахах, ошибках, неудачных действиях и т.п. и возникающая в результате атмосфера замкнутости, внутренней и внешней закрепченности.

Поясним фазы речевых действий.

1.Что значит сориентироваться в условиях общения? – Учесть место, роль, мотив речи, вид общения: устное оно или письменное, с одним человеком или со многими, в официальной обстановке или неофициальной, монолог или диалог и т.д.

2.Что значит спланировать сообщение, высказывание? – Определить предмет речи, основные смыслы и их последовательность. Планирование происходит во внутренней речи, в виде образов, обобщенных мыслей, т.е. нерасчлененно, не в словах.

3.Третья фраза речевого действия – реализация программы. Это выбор адекватных языковых средств: слов, синтаксических конструкций, морфологических средств, фонетических и интонационных, а иногда и неязыковых средств (жестов, мимики и др.).

4.Обязательная фраза контроля происходит таким образом: говорящий сопоставляет результат речевого акта с задачей высказывания; мысленно прослеживается ход речевого действия во всех фазах.

Речевая деятельность может осуществляться, если человек владеет языком как системой. Вот почему предметом изучения в школе должна быть языковая система, дающая основу знаний о языке и реализации их в речи. Язык можно назвать объективным кодом речи, который систематически сопоставляется в мышлении с субъективными кодами.

Доказательством данного положения является известная мысль о том, что язык не существует сам по себе: он всегда предполагает собеседника, который представляет собой не пассивное и бесстрастное воспринимающее устройство, а равноправного участника в том колдовском действе, которое именуется языком. Говорящий обладает способностью строить и понимать не слышанные ранее высказывания. Следовательно, в основе всех речевых актов, сколь бы конкретны они ни были, лежит знание некой абстракции (система языка) как неизменного и постоянного фактора, способствующего пониманию друг друга.

*Отсюда можно сделать вывод:*если под системой языка понимать не только то, что реально существует в языке, а все то, что может быть в нем создано, т.е. систему возможностей, охватывающую технику, эталоны для соответствующей речевой деятельности, значит, владение языковой системой обеспечивает творческий аспект проявления его в речи. Речевая деятельность - это всегда творческая деятельность.

Преобразование мысли в текст, связную речь проходит через сложный процесс. Основные компоненты речи – такие, как замысел, лексическое наполнение, грамматическое оформление, – по-видимому, соотносятся с отдельными уровнями языка: синтаксисом, лексикой, морфологией. Можно предположить такую последовательность: сначала в соответствии с замыслом выбирается основная синтаксическая схема (формула) предложения, затем одновременно с разворачиванием она прорабатывается в словах и получает морфологическую форму.

Существует отбор языковых средств в зависимости:

- от того, к кому обращена речь (ученик, учитель, взрослый человек, ребенок и т.п., т.е. для выражения значений психологического порядка);

- от сферы человеческого общения и ситуации (деловая речь, научная, публицистическая, разговорная и др., т.е. для выражения значений социального порядка);

- от коммуникативной формы речи (диалогическая или монологическая речь и др.).

На уроках русского языка совершенствуется владение как отдельными элементами языка, так и сложными речевыми умениями связной речи, навыками создания текста. При оптимальных условиях речевая деятельность должна удовлетворять всем требованиям фонетической, грамматической и лексической систем, соответствовать цели и ситуации общения. Наиболее благоприятные условия для развития речи создаются в том случае, если обучение проводится в условиях, приближенных к естественной коммуникации: когда есть мотивация общения, адресат речи, ситуация общения и др., т.е. возможности для речевой деятельности.

Родной язык усваивается детьми интуитивно, владеют языком также интуитивно, однако в процессе обучения необходимо прибегать к созданию фактов языка и речи, поскольку сознательность ставит на качественно новую ступень процесс развития речи и делает возможным резкое убыстрение количественного накопления умений и навыков.

Развитие речи учащихся, отмечают специалисты, имеет свой арсенал методических средств, собственные виды упражнений; наиболее важные из них – это упражнения в связной речи (рассказы, пересказы, сочинения). Они представляют собой высшую ступень в сложной системе речевых упражнений, так как в них сливаются все речевые умения и в области словаря, и на уровне синтаксическом, умение накапливать материал, логические, композиционные умения [2, с.317].

М.Р. Львов отмечает, что систематичность в развитии речи обеспечивается четырьмя условиями: последовательностью упражнений, их перспективностью, разнообразием упражнений (пониманием конкретной, узкой цели каждого типа упражнений) и умением подчинить разнообразные виды упражнений общей цели. Каждое новое упражнение, как бы ни было оно мало, связывается с предыдущими и готовит учащихся к последующим, в то же время, подчиняясь общей далекой цели, вносит что-то новое.

В современной школе развитие речи учащихся рассматривается как главная задача обучения языку. Это значит, что элементы развития речи вплетаются в канву каждого урока (не только по русскому языку, но также природоведению, математике, труду, изобразительному искусству) и во внеклассные мероприятия.

В зависимости от задач высказываний и от ситуации человек использует разные виды речи.

Речь подразделяется на внешнюю и внутреннюю. Внешняя речь – это речь, облеченная в звуки или в графические знаки, обращенная к другим; внутренняя речь – это не произнесенная и не написанная, "мысленная" речь, она обращена как бы к самому себе. Внутренняя речь лишена четких грамматических форм, она оперирует главным образом понятиями – отдельными знаменательными словами и целыми блоками сочетаниями слов. На уровне внутренней речи протекает усвоение новых знаний, решение задач, обдумывание материала и подготовка к устным высказываниям и, особенно к письму [3].

Следовательно, в методике развития речи должно быть уделено одинаковое внимание обеим сторонам процесса: нужно заботиться об умении не только хорошо выразить свою мысль, но и правильно "принять" чужую.

Внешняя звучащая, произносимая речь бывает монологическая и диалогическая [4].

Диалог – это разговор двух или нескольких человек. Каждое отдельное высказывание зависит от реплик собеседника, от ситуации. Диалог не нуждается в развернутых предложениях, так как их содержание дополняется мимикой, жестами, интонациями, а также ситуацией, обстановкой, всеми предшествующими репликами. Поэтому в диалоге много неполных и номинативных предложений, часты вопросительные и восклицательные предложения, обращения, частицы, междометия; значительное место занимает разговорная лексика; сложные предложения встречаются реже, чем в монологе.

Типично школьным вариантом диалога является беседа учителя с учащимися: в ней, как правило, используются полные предложения, речь приближается к литературной норме, происходит обучение правильному построению предложений и текста. В школе также практикуются диалоги между учащимися: ролевые игры, инсценировки, споры, коллективные обсуждения [5, с. 68].

Школьные монологи – это пересказ прочитанного или услышанного, рассказ по картине, на основе жизненного опыта, сообщение по результатам наблюдений, выступление, письменное сочинение.

Монолог независимее диалога, он требует большой собранности, сосредоточенности говорящего или пишущего, хорошей предварительной подготовки, значительного волевого усилия, композиционных и логических умений. Монолог, как правило, не поддерживается ситуацией или вопросами (поддерживающими средствами могут служить картины, план, различные наглядные материалы). Материал для монолога иногда накапливается в течение длительного времени, обдумывается и записывается план, подбираются примеры, подготавливаются отдельные его фрагменты, отбирается лексика. В монологе необходима отработка внутренних связей – логических, композиционных, а также синтаксических.

В отличие от диалога монолог бывает адресован не одному человеку, а многим, причем иногда – совершенно неизвестным лицам. Следовательно, монолог должен быть составлен очень тщательно, чтобы он был понятен любому слушателю или читателю.

Внешняя речь делится на устную и письменную. Устная речь появляется раньше письменной как следствие непосредственной потребности общения; письменная речь усваивается в результате специального обучения. Поэтому говорят об опережающем развитии устной речи. В начальных классах письменная речь лишь начинает развиваться, и устная речь оказывает на нее значительное влияние, но в старших классах школьники пользуются письменной речью настолько часто и широко, что роли меняются и письменная речь оказывает все усиливающееся влияние на речь устную.

Развивая речь учащихся, школа придерживается четко определенных характеристик речи, к которым следует стремиться и которые служат критериями оценки ученических устных и письменных высказываний. Таким образом, в современной школе развитие речи учащихся рассматривается как главная задача обучения языку. Это значит, что элементы развития речи вплетаются в канву каждого урока (не только по русскому языку, но также познания мира, математике, труду, изобразительному искусству) и во внеклассные мероприятия.

Список использованных источников:

1. Концепция развития системы образования Республики Казахстан 2020-2025 г // Учитель Казахстана. - 2004. - 15 января. - С.2.
2. О Государственной Программе развития образования в стране на 2005-2010 годы // Указ Президента РК от 11.10.2004 № 1459 // Образование в Республике Казахстан: сб. законодательства Республики Казахстан по вопросам образования (Законы РК, Указы, постановления, распоряжения Президента Республики Казахстан) / Под ред. М. М. Кузембаева. - Астана, 2006. - Т.1. - С. 201-202.
3. Павленко В.К. К проблеме совершенствования содержания обучения в 1-4 классах 12-летней школы // Открытая школа. - 2005. - № 2. - С.7-10.
4. Муканова С.Д. Модернизация системы среднего общего образования Республики Казахстан в контексте международных тенденций развития среднего образования // Открытая школа. - 2005. - №12. - С.27-30.
5. Государственный стандарт среднего образования / 1-4 классы / по русскому языку. - Алматы, 2002. - 142с.

ӘОЖ 372.851

КООРДИНАТАЛЫҚ ӘДІСПЕН ПЛАНИМЕТРИЯ ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ

Г.С.Құлбаева

магистрант

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті

e-mail.ru: gulnurkulbaeva2@gmail.com

Аңдатпа. Мемлекеттік білім стандарттары алға қойылды және негізгі білім беру бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелеріне ғана емес, сонымен қатар мектептегі білім беру жүйесіне қойылатын жаңа элеуметтік талаптар, осыған байланысты оқушылардың әртүрлі әмбебап тәрбиелік іс-әрекетін қалыптастыру үшін қолданылатын әдістер мен технологияларды қайта қарау қажетті шарт болып табылады. Координат әдісі мектепте геометрияны оқытуда қажетті компонент болып табылады. Бұл әдіс мәселені шешу процесін жеңілдетуге және курсты қысқартуға мүмкіндік береді, студенттерге ҰБТ тапсыруға, ал болашақта жоғары оқу орындарында математиканы оқуға көмектеседі.

Кілт сөздер: координаттар, планиметрия.

Аннотация. Установлены государственные образовательные стандарты и новые социальные требования не только к результатам основной образовательной программы, но и к системе школьного образования, в связи с чем необходимо пересмотреть методы и технологии, используемые для

формирования многообразия общеобразовательных образовательных видов деятельности. Координатный метод является необходимым компонентом в обучении геометрии в школе. Этот метод упрощает процесс решения задач и сокращает курс, помогает студентам сдать ЕНТ, а в дальнейшем изучать математику в вузе.

Ключевые слова: координаты, планиметрия.

Annotation. State educational standards and new social requirements have been established not only for the results of the main educational program, but also for the school system, in connection with which it is necessary to revise the methods and technologies used to form a variety of general educational activities. The coordinate method is a necessary component in teaching geometry at school. This method simplifies the process of solving problems and shortens the course, helps students to pass the UNT, and then study mathematics at a university.

Keywords: coordinates, planimetry.

Координаталық әдіс алгебралық есептеу шеберлігін талап етеді және жоғары интеллектті қажет етпейді және бұл өз кезегінде оқушылардың шығармашылық қабілеттеріне кері әсерін тигізеді. Сондықтан координаталар әдісін зерттеу әдістемесі қажет, ол студенттерге координаталар әдісін пайдаланып әртүрлі есептерді шығаруды үйренуге мүмкіндік береді, бірақ бұл әдіс геометриялық есептерді шешуде негізгі екенін көрсетпейді. Сондай-ақ көптеген геометриялық есептерді шығару өте қиын, бұл әдісті қолдану арқылы шешу оңайлатылады.

Геометриядағы координаталар әдісі мынада: нүктелердің координаталары арқылы геометриялық объектілер сандар, теңдеулер, теңсіздіктер немесе олардың жүйелері арқылы аналитикалық түрде көрсетіледі, осылайша теоремаларды дәлелдеу немесе геометриялық есептерді шешу кезінде аналитикалық әдістер қолданылады. Бұл пайымдауды айтарлықтай жеңілдетеді және жиі теоремаларды дәлелдеуге немесе белгілі бір алгоритмді (белгілі бір есептеулерді орындау) пайдаланып есептерді шешуге мүмкіндік береді. Геометриядағы синтетикалық әдіс көп жағдайда жасанды әдістерді қажет етеді. Жалпыға бірдей оқу іс-әрекетін меңгеру – жаңа буын білім беру стандарттарының талабы.

Жұмыста эмпирикалық әдістер оның ішінде: бақылау, тәжірибелік әдістер, белсенділік өнімдерін талдау қолданылады.

Координат әдісі мектепте геометрияны оқытуда қажетті компонент болып табылады. Бұл әдіс мәселені шешу процесін жеңілдетуге және курсты қысқартуға мүмкіндік береді, студенттерге ҰБТ тапсыруға, ал болашақта жоғары оқу орындарында математиканы оқуға көмектеседі.

Мектептегі геометрия курсына есептерді шығару мен теоремаларды дәлелдеудің әртүрлі әдістері бар. Оларға синтетикалық әдіс, геометриялық түрлендіру әдісі, векторлық әдіс және координат әдісі, олар өз кезегінде өзара байланысты. Мектеп оқулықтарындағы бір немесе басқа әдіс басымдыққа ие болуы мүмкін және авторлар ашқан тұжырымдамаға байланысты.

Атанасян Л.С. 7-9 сыныптардың геометрия оқулығында [1] координаталық әдісті зерттеуге тұтас бір тарауды арнаған. Бұл тарауда §1 вектордың координаталарын және екі коллинеар емес вектордағы вектордың ыдырауын қарастырады; 2-бөлімде ең қарапайым есептер координаттарда шығарылады, вектордың координаталары мен оның басы мен соңындағы координаталар арасындағы байланыс зерттеледі; және §3-те теңдеу түзу және шеңбер. Бұл тарауда координат әдісі геометриялық фигураларды алгебра арқылы зерттейтін әдіс ретінде қарастырылады. Автордың негізгі мақсаты – студенттерге фигураларды салуға есептер шығаруда, есептерді дәлелдеуде және геометриялық формулаларды шығаруда координаталық әдісті қолдануды үйрету.

Геометриядағы координаталар әдісін зерттеу және қолданудың әдістемелік аспектілері. Есептерді координаталық әдіспен шешу алгоритм бойынша жүреді, бұл өз кезегінде іздеуді және есептің өзін шешуді жеңілдетеді. Бұл әдіс геометрияға алгебраның маңызды қасиетін – шешу әдістерінің біркелкілігін береді. Арифметикалық және элементар геометриядан айырмашылығы, алгебра мен аналитикалық геометрияде есептерді шешу барлық есептер үшін ортақ, кез келген есеп үшін іс жүзінде қолайлы жоспар бойынша беріледі. Геометриялық есептерді шешу үшін координаталық әдісті қолдану жояды және күрделі кеңістіктік бейнелерді көрнекі түрде бейнелеу қажеттілігі. Есептерді шешу әдісі ретіндегі координаталар әдісінің мәні мынада: фигураларды теңдеулер арқылы қою және координаттардағы әртүрлі геометриялық қатынастарды өрнектеу арқылы геометриялық есепті алгебра арқылы шешуге болады. Координаталық әдіс әмбебап әдіс болып табылады. Ол алгебра мен геометрия арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз етеді, олар біріктірілген кезде олар бөлек қалса бере алмайтын «бай жемістер» береді.

Координаталық әдістің мәні. Есептерді шешу әдісі ретіндегі координаталар әдісінің мәні мынада: фигураларды теңдеулер арқылы қою және координаттардағы әртүрлі геометриялық қатынастарды өрнектеу арқылы геометриялық есепті алгебра арқылы шешуге болады. Координаталық әдіс әмбебап әдіс болып табылады. Ол алгебра мен геометрия арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз етеді, олар біріктірілгенде олар бере алмаған «бай жемістер» береді, бөлек қалады. Кейбір жағдайларда координат әдісі дәлелдемелерді құруға және көптеген есептерді ұтымды, әдемі шешуге мүмкіндік береді. , таза геометриялық жолдарға қарағанда. Мектеп геометрия курсына келетін болсақ, координаталар әдісі бір геометриялық күрделілікпен байланысты деп айта аламыз. Бір есеп координаттар жүйесінің сол немесе

басқа таңдауына байланысты басқа аналитикалық бейнені алады. Және тек жеткілікті тәжірибе сізге ең қолайлы координаттар жүйесін таңдауға мүмкіндік береді.

Кестеде оқулықтардағы сандық талдау (құрылыс тапсырмаларының пайызы) көрсетілген:

Оқулықтар	Сынып	Оқулықтағы жалпы тапсырмалар	Олардың ішінен салу	Тапсырмалардың жалпы санының пайызы
Александров А.Д. т.б. «Геометрия 7-9»	7	33	8	24
	8	643	95	15
	9	556	89	16
Атанасян Л.С. т.б. «Геометрия 7-9»	7	362	90	25
	8	448	64	14
	9	321	36	11
Погорелов А.В. «Геометрия 7-9»	7	218	42	20
	8	298	35	12
	9	206	10	5

Оқулықтарға көз жүгірте отырып, оларда 7-сыныпта құрылыс тапсырмаларының жеткілікті жоғары пайызы бар екенін, типтік және қарапайым құрылыс тапсырмалары қарастырылғанын атап өтуге болады. Алайда 9-сыныпқа қарай геометриялық құрылыс тапсырмаларының пайызы күрт төмендейді. Жағдай 9-сыныпқа қарай барлық мектеп оқушыларының логикалық және кеңістіктік ойлауын дамытып, графикалық дағдыларын қалыптастырып, кез келген сызбаны оңай және дұрыс оқитынына, оны түсіндіруде қиналмайтындығына, кез келген қажетті нәрсені оңай құрастыруына байланысты болуы мүмкін. есеп мәтініне сәйкес сурет салу? Өтген, жағдай мүлде олай емес. Құрылыс тапсырмалары фигураларды құрастыру дағдыларын дамытатын, сызбаны оқу және түсіну қабілетін қалыптастыруға, оның бөліктері арасында байланыс орнатуға ықпал ететін жұмыстың негізі болғандықтан, бұл жүйенің жеткіліксіздігі оқушының кеңістіктік және кеңістіктік ойлау қабілетінің нашар дамуын тудырады. логикалық ойлауы, оның графикалық мәдениетінің төмен деңгейі. Бұл кемшіліктер студентке математиканың сол салаларын тиімді оқуға мүмкіндік бермейді, мұнда өз бетінше жасалған және жақсы түсінілген графикалық интерпретация «қараңғы патшалықтағы жарық сәулесі» болып табылады, бұл кейде математиканы оқыған кезде студент үшін жеткіліксіз.

Координаталық әдіс — нүктенің немесе дененің орнын сандар немесе басқа белгілер арқылы анықтау тәсілі. Нүктенің (дененің) түзудегі, жазықтықтағы, кеңістіктегі, беттегі және т.б. орнын анықтайтын сандар (таңбалар) оның координаталары деп аталады. Зерттеудің мақсаттары мен сипатына байланысты әртүрлі координаттар жүйесі таңдалады.

Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі шкала (ұзындықтарды өлшеуге арналған кесінді) және үш қиылысу арқылы анықталады.

өзара перпендикуляр осьтердің бір нүктесі, белгілі бір ретпен нөмірленеді.

Осьтердің қиылысу нүктесі координаталық нүкте деп аталады.

координаталар, осьтердің өздері - координаталар осьтері, бірінші

оның ішінде – абсцисса осі, екіншісі – ордината осі, үшіншісі – қолданбалы ось.


Белгіленген, сәйкесінше, O - шығу тегі, Ox , Oy , Oz . Егер M -

кеңістіктегі ерікті нүкте, содан кейін үш жазықтықты сызу

координаталық осьтерге перпендикуляр болса, қиылысу нүктелерін аламыз

осьтер: M_x , M_y , M_z (1-сурет). Тікбұрышты декарттық координаталар

сандар шақырылады, формула бойынша анықталады:



1-сурет

$x = OMx, y = OMy, z = OMz$, где OMx, OMy, OMz – бағытталған сегменттердің өлшемдері OMx, OMy, OMz . x саны бірінші координат деп аталады, y екінші, z үшінші болып табылады. Кеңістіктегі екі нүктенің арақашықтығын формула $d = \sqrt{(x_2 - x_1)^2 + (y_2 - y_1)^2 + (z_2 - z_1)^2}$ бойынша анықтауға болады [29].

Кеңістікте полярлық, сфералық және цилиндрлік координаталарды да пайдалануға болады. Жазықтықтағы және кеңістіктегі координаттарды шексіз енгізуге болады

бірнеше түрлі жолдармен. Белгілі бір математикалық есепті координаталар әдісімен шешу кезінде сіз осы нақты жағдайда есеп оңайырақ немесе ыңғайлырақ шешілетінін тандай отырып, әртүрлі координат жүйелерін пайдалана аласыз.

Кеңістікте полярлық, сфералық және цилиндрлік координаталарды да пайдалануға болады. Жазықтықтағы және кеңістіктегі координаттарды шексіз санды әртүрлі тәсілдермен енгізуге болады. Координаталық әдісті қолданып белгілі бір математикалық есепті шешу кезінде әртүрлі координаталық жүйелерді, осы нақты жағдайда мәселе оңайырақ немесе ыңғайлырақ шешілетінін таңдау.

Есептерді шешу әдісі ретіндегі координаталар әдісінің мәні мынада: фигураларды теңдеулер арқылы қою және координаттардағы әртүрлі геометриялық қатынастарды өрнектеу арқылы геометриялық есепті алгебра арқылы шешуге болады. Координаталарды пайдалана отырып, алгебралық және аналитикалық қатынастар мен фактілерді геометриялық түрде түсіндіруге болады және осылайша геометрияны алгебралық есептерді шешуге қолдануға болады.

Координаталық әдіс әмбебап әдіс болып табылады. Ол алгебра мен геометрия арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз етеді, олар біріктірілген кезде олар бөлек қалса бере алмайтын «бай жемістер» береді.

Мектептегі геометрия курсына келетін болсақ, кейбір жағдайларда координаттар әдісі дәлелдемелерді құруға және көптеген есептерді таза геометриялық әдістерге қарағанда ұтымдырақ, әдемі шешуге мүмкіндік береді деп айта аламыз. Координаталар әдісі бір геометриялық күрделілікпен байланысты. Бір есеп координаталар жүйесінің сол немесе басқа таңдауына байланысты басқа аналитикалық бейнені алады және жеткілікті тәжірибе ғана ең қолайлы координаттар жүйесін таңдауға мүмкіндік береді [1].

Геометриялық есептерді координат әдісі арқылы шешу үшін қарапайым формулаларды, алгоритмдерді және ережелерді білу керек. Бұл әдістің артықшылығы - мәселені шешуді жеңілдетеді және азайтады. Ол күрделі проекцияларды қажет етпейді, өйткені алдымен декарттық координаталар жүйесі енгізіледі, содан кейін есептеулер жүргізіледі. Координат әдісі күшті әдіс болып табылады және әр түрлі күрделілік деңгейіндегі есептерді шешу үшін қолданылады. Бірақ бұл әдістің де кемшілігі бар - есептеулердің үлкен көлемі.

Координаталық әдісті қолдану алгоритмі мыналардан тұрады:


1. Кеңістіктегі координаталар жүйесін таңдау
2. Қажетті нүктелер мен векторлардың координаталарын немесе қисықтар мен фигуралар теңдеулерін табу
3. Осы әдістің негізгі тапсырмалары немесе формулалары арқылы мысалды шешу
4. Аналитикалық қатынастан метрикалық қатынасқа көшу.

Бірақ бұл алгоритм жалпы болып табылады және есептердің кейбір түрлері үшін есептерді шешу үшін қосымша қадамдарды қолдануға тура келеді.

Координаталық әдісті қолдану қабілетін дамыту әдістемесін жасау үшін есептерді шешудің логикалық құрылымы шешушінің ойлауына қоятын талаптарды анықтау маңызды. Координат әдісі студенттерде осы әдісті тәжірибеде қолдануға ықпал ететін дағдылар мен дағдылардың болуын қамтамасыз етеді. Бірнеше есептің шешімін талдап көрейік. Бұл талдау барысында есептерді шешуде координаталық әдісті қолдана білудің құрамдас бөліктері болып табылатын дағдыларды бөліп көрсетеміз. Бұл дағдының құрамдас бөліктерін білу оның элементті түрде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Координат әдісін қолдану үшін пайдалы дағдыларды анықтау үшін екі есеп шығарамыз.

Мысал. $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ бірлік текшесінде (7-сурет) $AD_1 E$ және $D_1 F C$ жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңыз, мұндағы E және F нүктелері сәйкесінше $A_1 B_1$ және $B_1 C_1$ қырларының ортаңғы нүктелері.



2-сурет

Шешімі:

1. Бас нүктесі $A(0;0;0)$ нүктесінде болатын тікбұрышты координаталар жүйесін енгізейік. (бізге ыңғайлы координаттар жүйесін таңдау мүмкіндігі).

2. Жазықтықтардың теңдеуін құруға қажетті нүктелердің координаталарын табыңыз: $D_1(1;0;1)$, $E(0;0.5;1)$, $C(1;1;0)$, $F(0.5;1;1)$ (қажетті нүктелердің координаталарын табу және оларды берілген координаталар бойынша тұрғызу мүмкіндігі).

3. $A_1x + B_1y + C_1z + D_1 = 0$ теңдеуін пайдаланып жазықтық (AD_1E) теңдеуін құрастыр. (жазықтық, түзу және кеңістіктік қисықтар мен фигуралар теңдеулерін құра білу) Барлық үш нүктенің координаталарын ауыстыр. Осы теңдеуге енгізіп, үш теңдеу жүйесін шешіңіз:

$$\begin{cases} A \cdot 0 + B \cdot 0 + C \cdot 0 + D = 0; \\ A \cdot 1 + B \cdot 0 + C \cdot 1 + D = 0; \\ A \cdot 0 + B \cdot 0.5 + C \cdot 1 + D = 0 \end{cases}$$

Мұндағы: $A = -C$, $B = -2C$, $D = 0$

Осылайша, теңдеу келесідей көрінеді: $x + 2y - z = 0$, демек, $A_1 = 1$, $B_1 = 2$, $C_1 = -1$.

$A_2x + B_2y + C_2z + D_2 = 0$ теңдеуін пайдаланып жазықтықтың теңдеуін (CFD_1) құрастыр. Осы теңдеуге барлық үш нүктенің координаталарын қойып, үш теңдеу жүйесін шешеміз:

$$\begin{cases} A \cdot 0 + B \cdot 1 + C \cdot 0 + D = 0; \\ A \cdot 1 + B \cdot 0 + C \cdot 1 + D = 0; \\ A \cdot 0.5 + B \cdot 1 + C \cdot 1 + D = 0 \end{cases}$$

Мұндағы $B = C$, $A = 2C$, $D = -3C$. Осылайша ол келесідей болады:

$2x + y + z - 3 = 0$. Демек, $A_2 = 2$, $B_2 = 1$, $C_2 = -1$.


4. Формула бойынша (формуларды білу және оларды қолдана білу):

$$\cos \langle a, b \rangle = \frac{|1 \cdot 2 + 2 \cdot 1 - 1 \cdot 1|}{\sqrt{1^2 \cdot 2^2 + (-1)^2} \cdot \sqrt{2^2 + 1^2 + 1^2}} = \frac{1}{2}.$$

Мысалы: $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ бірлік текшесінде (8-сурет) A нүктесінен BDA_1 жазықтыққа дейінгі қашықтықты табыңыз [10].

Шешімі:

1. Басты $A(0,0,0)$ және $\overrightarrow{AA_1}$, \overrightarrow{AB} , \overrightarrow{AD} бірлік векторлары бар координаталар жүйесін енгіземіз. Сондықтан нүктелердің координаталары $A_1(0,0,1)$, $B(1,0,0)$, $D(0,1,0)$. (оңтайлы координаталар жүйесін таңдау мүмкіндігі)



3-сурет

2. A_1BD жазықтықтың теңдеуін құрастырамыз:

$$\begin{vmatrix} x-0 & y-1 & z-1 \\ 1-0 & 0-0 & 0-1 \\ 0-0 & 1-0 & 0-1 \end{vmatrix} = 0$$

$$\begin{vmatrix} x & y & z-1 \\ 1 & 0 & -1 \\ 0 & 1 & -1 \end{vmatrix} = 0$$

3. Жазық теңдеуі келесідей болады $x + y + (z - 1) = 0$, $x + y + z - 1 = 0$ және нормаль векторының координаталары болады $\vec{n}(1,1,1)$ (кеңістіктік фигуралардың теңдеуін құра білу және векторлардың координаталарын таба білу).

Енді нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықты табу формуласы арқылы A нүктесінен жазықтыққа дейінгі қашықтықты табайық (формулаларды білу және оларды қолдана білу):

$$d = \frac{|Ax_0 + By_0 + Cz_0 + D|}{\sqrt{A^2 + B^2 + C^2}} = \frac{|1 \cdot 0 + 1 \cdot 0 + 1 \cdot 0 + 1|}{\sqrt{1^2 + 1^2 + 1^2}} = \frac{\sqrt{3}}{3}. \text{ Жауабы: } \frac{\sqrt{3}}{3}.$$

Осы тапсырмаларды талдай отырып, координаталық әдісті қолдануды үйрену үшін қандай дағдылар қажет екенін анықтауға болады. Сонымен,

1. геометриялық тілді аналитикалық тілге аудару;
2. берілген координаталар бойынша нүкте тұрғызу;
3. берілген нүктелердің координаталарын табу;
4. координаталар арқылы берілген нүктелер арасындағы қашықтықты есептеу;
5. түзу мен жазықтықтың, түзу мен жазықтықтың арақашықтығын есептеу;
6. түзу мен жазықтықтың, түзу мен жазықтықтың арасындағы бұрышты есептеу;
7. координаталар жүйесін оңтайлы таңдау;
8. берілген фигуралардың (жазықтықтар мен түзулер) теңдеулерін құрастыру және анықтаушыты есептеу;
9. теңдеудің артындағы нақты геометриялық кескінді көру;
10. алгебралық қатынастарды түрлендіруді орындау.

Сондықтан жоғарыда аталған дағдыларды дамытатын барлық тапсырмалар координаталық әдісті үйрететін тапсырмалар болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. А.А.Гусак Жоғары математика анықтамалығы / А.А.Гусак, Г.М.Гусак, Е.А. Бричиков. – 9-шы басылым. - Минск: ТеатрСистема, 2009. - 640 ж.
2. Л.С.Атанасян Геометрия: 10-11 ұяшыққа арналған оқулық. жалпы білім беру мекемелер. / Л.С.Атанасян, В.Ф. Бутузов, С.Б.Кадомцев және т.б. – 13-бас. – М.: Ағарту, 2004. – 255 б.
3. Погорелов А. В. Геометрия 10-11 ұяшықтар. / Погорелов А.В.- М: Ағарту 2005. - 324.
4. А.Д.Александров, А.Л. Вернер, В.И.Рыжик – М: Просвещение, 1999. – 271б.
5. И.М.Смирнова Геометрия / И.М.Смирнова, В.Ф.Смирнов – М, 2008. - 201с.
6. Шарыгин И.Ф. Геометрия. 10-11 сыныптар. Жалпы білім беретін оқу орындарына арналған оқулық. / Шарыгин И.Ф. - М: Тоқаш, 1999. - 208 ж.
7. Конева Г.П. Математикадан Бірыңғай мемлекеттік емтиханның С-2 тапсырмаларын шешу үшін кеңістіктегі координаттар әдісін қолдану [Электрондық ресурс] / Конева Г.П., 12.01.2013 ж. - 6:51 жарияланған / <http://nsportal.ru/shkola/geometriya/library/ispolzovanie-metoda-koordinat-v-prostranstve-dlya-resheniya-zadaniy-s-2>
8. Бірыңғай мемлекеттік емтиханның С-2 тапсырмаларын шешу үшін кеңістіктегі координаттар әдісін қолдану [Электрондық ресурс] / <http://nsportal.ru/shkola/geometriya/library/ispolzovanie-metoda-koordinat-v-prostranstve-dlya-resheniya-zadaniy-s-2>
9. ФИПИ [Электрондық ресурс] / <http://www.fipi.ru/view/sections/228/docs/660.html>
10. Гельфанд И.М. Координаталар әдісі / Гельфанд И.М., Глаголева Е.Г., Кириллов А.А., - МТСНМО, 2009. - 189б.

А.С. Қыдыршаев,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

Ш.М.Кондудаева,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

Е.Н.Қуандықов,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

Р.К.Каримуллина,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

М.М.Мәлікова,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

А.Ғ.Аманова,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

Кімде-кім адамдармен істес болғысы келсе, жақсы ойлана білуі өз алдына, одан да жоғары ғажап сөйлесе білуі тиіс. Ал іскерлік қарым-қатынас басқарудағы қарым-қатынас этикасы мен іскерлік сөйлеу мәдениетін қамтиды. Мақсат – көшбасшы тұлғалардың қазіргі заман құндылықтарына бағытталған ізгілік көзқарастарға негізделген адамгершілік идеалдарын қалыптастыру. Біздіңше, осы орайдағы теориялық, тәжірибелік білім негіздері өзара және әлеуметтік іскерлік қарым-қатынас салаларында іскерлік, коммуникациялық жетістікте табысты әрекеттер әкелері сөзсіз. Көшбасшы тұлғалардың басшы ретінде де, әріптес ретінде де тиісті этикет ережелерін сақтай білулері кәсіби шеберліктерін де шыңдамақ. Қай деңгейдегі де іскерлік қарым-қатынаста сөйлеу мәдениеті туралы, аудитория алдында сөйлеуге дайындалуға бағыт беру ережелері, өз тыңдаушыларының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері туралы мағлұматтар ауадай қажет. Нәтижеде осы реттегі тәжірибелік жұмыстар арқылы коммуникативтік дағдылар іске асырылып, іскерлік қарым-қатынас ерекшеліктерін әркім өз тәжірибесі елегінен өткізе алмақ.

Іскерлік қарым-қатынас – қызмет жүйесіндегі адамдар арасындағы байланыстар дамуының күрделі де сан қатпарлы үдерісі. Бұған қатысушылар ресми статуста сөйлей отырып, нақтылы міндеттерге негізделген межелі мақсатты нысаналайды. Бұл үдерістің басты ерекшелігі уақытты мөлшерлі пайдалану. Сөйлеу уақытын мөлшерлі пайдалану – ұлттық мәдени дәстүрлермен, кәсіби этикалық ұстанымдармен айқындалатын бекітілген өлшемдерге бағыну [1, 25].

Бүгінде ресми қатынас орнатудың түрлі жағдаяттарына сәйкесті «жазылған» не «жазылмаған» норма қағидалары мәлім. Сәйкесінше қызмет барысындағы қабылданған тәртіп жүйесі мен оны орнымен құбылта білу үлгілері іскерлік этикет делінеді. Негізгі функциясы – адамдар арасындағы өзара түсіністікке септесер қағидаларды қалыптастыру. Ал, іскерлік этикет құрамына енер қағидалы ережелер белгілі бір ұжымның өзара тең дәрежелі мүшелері және ұжым жетекшісі мен оның қарауындағылар арасындағы қарым-қатынас жүйесін анықтайтын нормалар ретінде екі арнаға жіктеледі.

Іскерлік қарым-қатынас - адам өмірінің аса қажетті бөлігі, өзгелермен қарым - қатынас жасаудың маңызды түрі. Осы қарым-қатынастың мәңгілік әрі қозғаушы тетіктерінің бірі ретінде этикалық нормалар танылады. Өзімізге бағынушы адамдармен, басшымызбен не әріптестерімізбен іскерлік ынтымақтастықта қарым-қатынас жасай отырып, әрқайсымыз қалай болғанда да, саналы не стихиялы тұрғыда осы этикалық нормаларға арқа сүйейміз, оларды тірек етеміз. Десек те, адамның моральдық нормаларды түсіну өрісіне қарай, оның мазмұнын ұстану деңгейіне қарай қарым-қатынас кезінде ескерілу дәрежесіне байланысты іскерлік қарым-қатынас жеңілдемек. Демек, этикалық нормаларды жөнімен тиімді үйлестіре отырып, алғы межелі мақсатымызға жетуде бірден-бір жәрдемші ете аламыз. Сондай-ақ оларды орнымен тиімді қолдана алмау қарым-қатынасты қиындатуы, оны мүлдем кереғар қалыпқа келтіруі әбден мүмкін жағдай. Ал, іскерлік қарым-қатынас деңгейіндегі тілдік сөйлеу этикетінің маңыздылығы неде? Іскерлік қатынастағы өзара әсер ету сәтіндегі уақыт мөлшерінің сақталуы сөйленер сөзге мән беру арқылы да анықталмақ. Сөйлеу этикетінің сақталу міндеттілігі тілдік норма арқылы да анықталмақ. Сөйлеу этикетінің сақталу міндеттілігі тілдік норма тәртібінің қоғамда талқылануынан өтуі, сәлемдесу, өтініш, алғыс және т.б. этикеттік жағдаяттарды (мәселен, "сәлеметсіз бе, "мархабат етіңіз", "кешірім сұрауға рұқсат етіңіз", "Сізбен танысқанымға қуаныштымын") ұйымдастыруға мүмкіндік беретін типтік тұрғыдағы даяр "үлгілер" арқылы жүзеге аспақ. Бұл іспеттес тұғырлы құрылымдар органның әлеуметтік, психологиялық және жас ерекшеліктері ескеріле ерекшеленбек. Ал өзара әсер ету тұрғысындағы қарым-қатынас негізінде адамдардың бір-бірімен байланыс орнатуы, белгілі бір ақпарат алмасуының өзара бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыруы, нәтижеде ынтымақтастықты қалыптастыруы жатпақ. Біздіңше, өзара әсер ету қалпындағы қарым-қатынастың ешбір кедергісіз жүруінің белгілі бір тиімді сатылары бар (*Алғашқы байланыс орнату (адамдарды түсіну, өзін өзгеге таныстыру); қарым-қатынас жағдаятына ыңғайлану (жағдаятты ой елегінен өткізу, кідірісті іріктей білу); өзекті*

мәселені талқылау; мәселені шешу; түйіндеу (өзара байланысты сәтімен аяқтау, одан оңтайлы шыға білу) [2; 3; 4].

Жалпы іскерлік қарым-қатынас деңгейіндегі байланыстардың қай-қайсысында да тілдік сөйлеу этикетінің өзіндік салмағы басым. Мәселен, "вертикальды" ("жоғарыдан төмен", "төменнен жоғары") іскерлік қарым-қатынас, "горизонтальды" қарым-қатынас сәтіндегі тілдік этикеттік қолданыстар. Қысқасы, қазіргі іскер адамдардың әрбір ісінің өрлеп өркендеуіне олардың іскерлік қарым-қатынас деңгейіндегі тілдік сөйлеу этикетін меңгеруі еселеп септеспек.

Іскерлік қатынастың нәтижелігі көп жағдаятта екі жақтың тыңдау мәдениетіне де байланысты. Жақсы әңгімелесуші болудың бір ғана тәсілі бар делінеді, ол – тыңдай білу. Ел арасында «тыңдауға алғашқы, ал сөйлеу қажет болғанда, соңғы болу» кредосы да бар. Демек, тиімді сөз сөйлеу көпшілік жағдайда тыңдай білу білігіне байланысты. Алайда, адам атаулы айтылатын мәселенің көпшілік ретте қызықсыз, тартымсыз боларын күн ілгері кесіп-пішіп айтып жатады. Олар ең әуелі тыңдап алудың орнына, сөйленер сөзді іштей сынға іліп жатады. Өзге нәрсені ойлап отырып, тыңдаған қалып танытады. Олар мәселенің жекелеген тұстарына ой жүгірте отырып, негізгі ойларды өткізіп алады [5; 6].

Ал іскер маманның тыңдау білігін қалыптастыру үшін қандай жіктемелерге сүйенуге болар еді. Жалпы атқарар функциямызға байланысты тыңдау білігінің қырлары да сан түрлі. Мәселен, *Біреуге бағынышты адам ретінде берілген бұйрықтар мен нұсқауларды мұқият тыңдау*. Бұл ретте сіз ақпараттық процессор қызметін атқарасыз. Бұл орайда өзіңізге тиісті деректерді алу өте-мөте қажетті. Ал, ол үшін қысқаша жазба жүргізу, анық түсіну мақсатында сұрақтар қою, терең ұғыну мақсатында түртіп алынған түйіндерді қайталап айтып көру; ереже нұсқаулықтарды шұғыл түрде парақтау тиімді; *Иықтас тең дәрежедегі іскер маман ретінде айтылған ақпараттарға екеуаралық оңтайлы шешімдерге қол жеткізу үшін, өзара ынтымақтастық жоспарларын құра отырып, алуан проблемаларды тиімді шешу үшін ден қойып, құлақ салу*. Бір командада жұмыс жасаушы белді мүше ретінде сіз айтылғандарды сүзгіден өткізе баға беруші болуыңыз қажет. Бұл тұрғыдан келгенде ешбір ескертусіз-ақ құлақ қоя тыңдау аса маңызды; *Жоғарғы дәрежелі басшы ретінде өзіңізге бағыныштыларды (өз қарауыңыздағыларды) қайтарымды байланыс алу үшін тыңдау*. Маңғаздана, жаза қолдану мақсатын аңғарта тыңдау қажетті қалыпты бұзуға сеп. Сіз сөйлеушілерді шынайы да адал баяндау жағдайын туғызар қалыпта отырып тыңдауыңыз керек. Өзіңізге бағыныштылардың, олардың ойынша, сіз естігіңіз келіп отырған жайтты ғана айтқанын қаламайтын шығарсыз. Жинақталған әлеуметтік проблемаларды айқындау үшін, істің даму үдерісін бағалап, ілгері атқарылар жұмыс жоспарын топтастыру үшін, сізге шынайы кері қайтарымды байланыс ауадай қажет. Ең әуелі сөйлеушіні мұқият тыңдап алып, кейін істің даму үдерісінің толық көрінісін айқындау мақсатында қосымша сұрақтар қоюға әбден болады. Айтылған мәселелерді де, айтылмай қалған тұстарды да сыни тұрғыдан тыңдаған дұрыс; *Өз ұжымының өкілі ретінде сізге баса айтылғандарды мұқият тыңдауға тиіссіз*. Өзгелердің сізге тікелей бергісі келмеген ақпараттық кеңестерін тыңдай отырып, сіз өзіңізге қажетті дерек көздерін алуға ұмтылуыңыз қажет. Өзіңіздің жеке ұжымыңыздың мүмкіндіктеріне қатысты нарық туралы ақпараттарды сүзгіден өткізе ден қоя тыңдайсыз. Сондай-ақ бұл ретте өз істеріңізге қатысты жұртшылық пікіріне де құлақ салудың еш артықтығы жоқ. Демек, тыңдай білу білігі белгілі бір дәрежеде күш-жігерді талап етеді. Ал іскерлік қарым-қатынаста бұл өте маңызды дағды. Белгілі бір хабар, ақпараттан іс-әрекет туындайды. Егер де ұсынылған хабар дұрыс ұғынылмаған болса, онда оның нәтижесі ретінде көрініс беретін іс-қимыл айтылған (ұсынылған, берілген) хабардың талаптарына сәйкес келмейді.

Зерттеу еңбектерге сүйене келе, іскер маманның тыңдау білігін қалыптастыру сатыларын төмендегіше жүйелеуге болар еді: *Тыңдауға дайындалу*. Сөйлеген сөз өзіңізге жақсы естілетін жерге ыңғайлана орналасу. Қажеттілігіне қарай есікті жауып қою, телефон қоңырауына жауап қайтармау. Бар назарыңызды сөйлеушіге аудару. Оның көзіне назар салу. Алдын-ала түйін жасаудан, алдын-ала сенімсіздіктен аулақ болу. Айтылғандарға келіспесеңіз де сөйлеушіні тыңдауға берік шешімге келу. Сабырлы да байсалды қалып ұстану. Сөйлеуші адамды ең соңына дейін тыңдау; *Сөздің ағымын бұзбай тұтас тыңдау*. Адамның сөйлеген сөзінен ойы жүйрік екенін ескеру. Айтылғандарды ойлана қабылдау, десек те ой тұңғығына сүңгіп адасып қалмау. Себебі осындай сәттерде кейбір маңызды тұстарды өткізіп алуыңыз әбден мүмкін; *Негізгі ойды мұқият тыңдау*. Сіз сөз соңында негізгі идеяларды қайталай алуыңыз керек. Егер де тек деректер мен мысалдарды ғана тыңдасаңыз, онда маңызды мезеттерді өткізіп алуыңыз ғажап емес; *Жанама ойларды орталық идеялармен байланыстыру*. Егер де сөйлеуші өз ойын бүкпесіз, астарсыз тура айтып жатса, онда оларды түсіну жеңіл. Ал олай болмаған жағдайда бұл салада ойлана бас қатыруға тура келуі мүмкін; *Тыңдауға жауапкершілікпен сергек қарау*. Қашан да сергек, сақ болғанысыз, аса мұқият тыңдау қалпында қалғайсыз, сөйлеушінің сізден өзіне пайдалы, аса қажетті кері байланысты алуына мүмкіндік жасағайсыз. Ал бұл сіздің дауысыңыздан, тұлғаңыздан және көз жанарыңыздан көрінбек, тіпті бұл арада сіздің дауыстап сөйлесуіңіз міндетті емес; *Сөйлеушінің қалпына, не қалай сөйлегеніне емес, сөйлеген сөзге (сөз мағынасына) басымдық назар аудару*. Сөйлеушінің киім киісі, ым-ишараты не сөйлеу стилінен гөрі идеялар мен деректер қашан да маңыздырақ.

Ал іскерлікті сын тұрғысында тыңдау хақында не айта аламыз. Жалпы сыни тұрғыдан тыңдау дегеніміз – айтылғанды өзгеріссіз, дәл, тұтас қалпында қабылдау. Естігенін сыни тұрғыда таразылай білетін тыңдаушы ойша өзіне бірқатар сауалдарды қоя білген жөн (*Айтылған сөздердің астарында не*

болуы мүмкін? Айтылған ойдың мақсаты қандай? Не қалыс қалдырылды? Айтылғандарға мен неге сенуге тиіспін? Түйіндердің маңыздылығы неде?).

Қарым-қатынас өнерін меңгерген іскер маман қажетті ақпаратты тыңдаушыларына жеткізе біледі және аудиторияның шешен тарапынан айтылған ұсынбаларды қабылдауына әсер ете алады. Бұл жағдай да бір шоғыр қағидалар арқылы жүзеге аспақ (*Тақырыпты, оның негізгі бөлімдерін айқын жүйелеу; тиімді іріктелген көрнекі құралдарды қолдану; тақырыпқа сәйкес бірізділік, қорытынды түйіндердің айқын жүйеленуі; тыңдаушылардың сұрақтарына нақтылы жауаптардың берілуі; ой айқындығы; логикалық байланыстарды сақтау; аудиторияға түсінікті терминологияны қолдану; дауыстың эмоциональды құбылмалығы; айқын дыбыстау (саздылық); сөйлеу сәтінде, тыңдаушылардың сұрақтарына жауап беру мезетінде аудитория реакциясын бақылау*). Қысқасы, жоғарғы айтылғандардан туындайтын мәселелер іскер маманның тыңдау білігін қалыптастыруға сеп болмақ. Ежелгі грек тарихшы-философы Плутархша түйіндесек, тыңдай білуге үйренсеңіз, тіпті нашар сөйлейтіндердің өзінен де пайда табуға болады.

Ал қазіргі таңда іскер адамдар бірте-бірте көбірек репортерлердің сұрақтарына жауап беруге, телефон арқылы әңгімелесуге не теледидар арқылы сөйлеуге мәжбүр. Бұл орайдағы тәжірибе көрсеткендей, жекеленген адамдардың, сондай-ақ ірі компания өкілдерінің қадамдары көңілден шықпай жатады. Егер бұндай жағдайға алдын-ала мұқият дайындалар болсақ, онда бұқаралық ақпарат құрал саласы қызметкерлерінің іс-әрекетін білу арқылы оларды өзімізге жұмыс жасауға (өзімізге қарсы емес) ыңғайлай алар едік. Ең алдымен, бұқаралық ақпарат құралдарын үш топқа бөле қарастырамыз: 1. *Радио* – тез әрі шұғыл қимылдайтын бұқаралық ақпарат құралы. Жаңалықтар жұртшылыққа пайда болған мезетте-ақ таратылады. Телефонмен хабарласу арқылы да радиодан сөйлей аламыз. Радио арқылы сөзімізді тікелей де, контекстің бір бөлігі ретінде де не толық жазып алып, кейінірек керек мезетінде өңдеп те беруге болады. 2. *Теледидар* – бірден-бір тікелей ұсынылар бұқаралық ақпарат құралдарының бірі. Жұртшылықпен жүргізілген сауалнамаға сүйенсек, оны "ұсынған жаңалықтарына көпшілікті тез сендіре алатын бұқаралық ақпарат құралдарының бірі" ретінде бағалайды. Бір мезгілде көріп әрі тыңдап отырғандықтан, одан алар әсеріміз мейілінше күштірек болмақ. 3. *Баспасөз* – ақпарат таратуда бірден-бір қарапайым әрі тікелей сөзбе-сөз жеткізілетін құрал. Радио мен теледидарға қарағанда күнделікті газеттер жұртшылыққа жаңалықтарды бірер сағат кеш ұсынады. Десек те, баспасөз болған оқиғаның бүгешүгесіне дейін тарата ұсына білуімен ұзағырақ әсер қалдыруға ие. Журналдар мен кітаптар да осындай сапалыққа ие, бірақ бұлардың әсері алдыңғыдан көбірек деңгейде. Бүгінгі жаңашыл репортерлер мен очерк авторлары материалдарды жазып алу үшін арнайы диктофондарды қолданады. Ал бұл дискілер (редакцияланбаған) қате баяндаудың, сипаттаудың болмауын қамтамасыз етеді.

Әрбір іскер маман БАҚ-пен тиімді қарым-қатынас орнату қағидаларынан хабардар болуы тиіс. Зерттеулерге сүйене айтсақ, олардың өзі бір шоғыр. *Мәселен, жазып алғаннан (дискіге жазылғаннан) ештеңені өзгертпеу; Репортерлердің біз үшін жұмыс жасайтынын ескеру. Сәйкесінше, не істеу керектігін үйретпеу, олар біздің айтқанымыздың бәріне бірдей сенбейтігін есте ұстау; Ешқашан жалған сөйлемей. Егер де жауап беруге қиналсақ, барды айту. Бұл ретте қойылған сұраққа жауап бере алатын адамның тегін не агенттің атын айтуға әбден болар еді; «Бұл жағдайда ешбір комментарий бере алмаймын» деп еш уақытта айтпау. Бұндай ретке жол беру телекөрсетімдерді өзімізден ашақтатуға, сұхбат алушы репортерді нақтылы оқиға ізіне түсуге бағыттауға сеп. Егер кідіріс тым ұзағырақ созылса, ол сұрақтарды қысқарта алады. Не келесі сұрақтарды қоя алады. Жалпы репортерге айтылғанды ұғып алуға және келесі сұрақты үйлестіре ұсынуға мүмкіндік беру жөн. Сөз сөйлеу үдерісінде репортерлердің ойлана сұрақ беруі қиындау. Ешқашан да сұраққа нақты жауап беруден артық сөйлемей орынды; Сұраққа жауабыңыз дұрыс болғаны жөн. Егер де ақпарат аса құпия болса, жауабыңыз шынайы әрі астарлы болғаны дұрыс; Кездесуге кешікпей уақытылы келу. Уәдеге берік болу. Белгілі бір ақпаратпен қамтамасыз ету; Өз мамандығыңыздың саласы бойынша жан-жақты хабардар болу.*

Сондай-ақ, БАҚ қызметкерлерінің қандай адамдар екендігі туралы ойлаудың да еш артығы жоқ. Олардың өзіндік кәсіби ерекшеліктері де бар. *Мәселен, жаңалықтар ұсынушы адамдар өздерін жұртшылықтың "құлағы мен көзі" деп есептеуі; тың жаңалықтар іздеуі; кереғар дағдарыс, дау, пікір қайшылығы болуы да мүмкіндігі т.б.*

Сонымен қатар БАҚ өкілдеріне не қажеттілігі туралы білу де артық емес. *Мәселен, бірден бірнеше материал әзірлегендіктен, олар өз сұрақтарының не сұхбаттарының негізіне күллі ақпаратты қамтуды нысана етпеуі әбден мүмкін. Десек те, оларға қажетті ақпаратты ұсынуға әзір болу; Өзге ешбір жерден ала алмайтын мәліметтерге мұқтаждығы; Өздерінде бар ақпаратты бекіте түскеніңді не жоққа шығарғаныңды қалайтындығы; Дәйексөз ретінде қолдануға қажетті пікір не түйін-тұжырым; «Кім», «не», «қашан», «қайда» және «қалай» сөздерінен басталар сауалдар қоярын ескеру; Тым астарлы болудың қажеті шамалы. Сізде күсінікті нәрселер тыңдаушылардың түсінуіне қиын соғуы әбден мүмкін екендігін ескеру: Сабырлы қалыпта кінәлау тұрғысында қойылған сұрақтардың ауанын жұмсарту. Барлық кемсіту сөздер мен сілтемелерді екшей келе сұрақтарды қайтара жүйелеу; Егер де өз ұжымыңыздың атынан сөйлер болсаңыз, онда ешқашан да ұжым көзқарасына қарсы келерліктей өз пікіріңізді айтпау сізді ұжымның бірден-бір жанашыры тұрғысында айқындауы; Ешқашан да телесұхбатқа шаршаңқы күйде келмеу. Онда шаршаңқылықты «мезі болу» тұрғысында*

қабылдауы мүмкін. Бұл, әсіресе, қайшылықты жағдаят уақытында іске кері әсерін тигізетіндігі; Мүмкіндігіне орай өзіңді көрсететін бағдарламаны алдын ала қарау. Бағдарлама стилімен, жүргізушінің әдеттерімен және жүру барысымен танысу.

Ал теледидарлық сұхбат кезінде әрбір іскер маманға қажетті кеңестер де баршылық. Мәселен, жүргізушінің жан-жақты мұқият даярланбаған болуы әбден мүмкін екендігін есте сақтау. Негізгі ойыңыздан жаңылдырар сұрақтарды алдын-ала аңғара білу. Тыңдаушыларға нені айтарыңызды нақты білген жөн. Деректер мен көрсеткіштерді есте сақтау; Өз ісіңіздің кәсіби маманы ретінде сұхбатты бақылай білу; Негізгі мәселе бойынша тура жауап беру. Өз пайымдауларыңызды бекіте түсу мақсатында тарихи деректер үзіктерін, салыстырмаларды қолдану; Тақырыптан ауытқымау.

Демек, кәсіби маманның бұқаралық ақпарат құралдарымен сауатты қатынас жасау мәдениеті – іскерлік білік-дағды көрінісі. Ал адамның қай реттегі болмасын сәтті қарым-қатынасы – көкейіміздегі ойды айқын аңғартар басты қағида.

Әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д.Қ. Іскерлік шешендіктану қағидалары. – Орал, 2007. – 68 б.
2. Хазагеров Г.Г., Корнилова Е.Е. Риторика для делового человека. – М., 2001. – 250 с.
3. Филиппова А.В., Романова Н.Н. Риторика: понятия и упражнения. – М., 2005. – 160 с.
4. Пост Э. Этикет. Классическое руководство / Пер. с англ. – М.: ЗАО Центрполиграф, 2005. – 648 с.
5. Шауенова М.А. У.Кайқаустың «Кабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлау. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2021. -196 бет.
6. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. – Орал, 2006. – 142 б.
7. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары): Оқу құралы. – Орал, 2017. – 364 б.

ӘОЖ 808.5 (574)

БОЛАШАҚ МЕКТЕП МҰҒАЛІМІНІҢ ШЕШЕН СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТӘЖІРИБЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

А. С. Қыдыршаев

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
e-mail: kdirshaev_abat@mail.ru

М. М. Мәлікова

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
e-mail: malikova.muslima98@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада болашақ мектеп мұғалімінің сөйлеу этикетін қалыптастыруға қатысты негізгі қағидалары туралы баса айтылады. Шешендіктанудың ғылым екендігі, шешендік сөздің стилі туралы, сөз тазалығы мен түсініктілігі, сөйлеген сөздің тыңдаушы сезіміне әсер етуі, шешендік сөз, сөз сөйлеу құрылымы, сөз мәнерлілігі, сөз жандылығы, сөйлеу орындылығы, мектеп мұғалімінің жүзі, дауысы, қимылы сияқты мәселелер хақында қысқы да нұсқа түрде әдістемелік нұсқаулықтар беріледі.

Кілт сөздер: мұғалім, шешендіктану, этикет, қағида, сөз дұрыстығы, сөз байлығы, сөз тазалығы.

Аннотация. В статье подчеркиваются основные принципы будущего школьного учителя, касающиеся формирования речевого этикета. Даются методические рекомендации по таким вопросам, как ораторство как наука, о стиле ораторского искусства, чистота и понятность речи, влияние речи на чувства слушателя, ораторское слово, структура речи, выразительность речи, живость речи, целесообразность речи, лицо, голос, жест школьного учителя.

Ключевые слова: учитель, риторика, этикет, принцип, правильность слов, богатство слов, чистота слов.

Annotation. The article highlights the basic principles of a future school teacher concerning the formation of speech etiquette. Methodological recommendations are given on such issues as oratory as a science, on the style of oratory, purity and intelligibility of speech, the influence of speech on the feelings of the listener, oratorical word, structure of speech, expressiveness of speech, liveliness of speech, expediency of speech, face, voice, gesture of a school teacher.

Keywords: teacher, rhetoric, etiquette, principle, correctness of words, richness of words, purity of words.

Ойшыл С.Лихуд айтады: «Егер де көкте құдайдың, кеудемізде жанның бары рас болса, онда адамзат тірлігі де риторикадан ажырағысыз» деп. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтады: «Өнердің ең алды – сөз өнері. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» деп [1, 7]. Ойланбасына қоймас тұжырымдар ...

Айтыңызшы, мұғалімге сөз не үшін беріледі? Мұғалімге сөз өз ойын сапырылыстырып айту үшін емес, шәкірттің ойына қозғау салу үшін беріледі. Ал педагогикалық әңгіме өткізуге төселу үшін, тіпті дарынды адамның өзіне де көп көмек керек.

Еліміздің әлемнің бәсекеге мейілінше қабілетті әрі серпінді дамып келе жатқан мемлекеттерінің қатарына қарай қадам басу жолындағы негізгі басымдықтардың сапында осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды ұдайы арттыруға баса мән берілуі тегін емес. Бұл ретте білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі. Сол себептен де қазіргі уақыт үздіксіз білім алудың қажеттілігін айқындайды. Ал білім берудің, маман мұғалім кадрлардың біліктілігін арттырудың жолдары қайсысы? Біздіңше, бұл мәселенің шешімін таптырар бір қыры – *қазіргі мектеп мұғалімінің педагогикалық шешендіктану (риторика) ілімінен терең білімінің болуы* [2, 8].

Ал қазіргі мектеп мұғалімінің шешендіктануға (риторика) сұранысының молдығы турасында не айтуға болар еді? Өз тарапымыздан жүргізілген эксперимент нәтижелеріне сүйене тарата таразыласак, бұның себебі төмендегіше: *Біріншіден*, шешендіктану ілімі мұғалімге өз сөзін дәл де нақты, логикалық тұрғыда иланымды ұйымдастыра айтуға мүмкіндік береді. Ал оқушылар тарапынан пікірлестер табуға, сабақтарды шығармашылық тұрғыда үйлестіре, дәстүрлі сабақтардағыдай емес, қызғылықты да тартымды өткізуге, ұсынылар ақпараттарды бұрынғыдан бірнеше есе мол беруге септеседі. *Екіншіден*, шешендіктану мұғалімге өзара пікірлесу, сөйлесу мүмкін еместей көрінетін ең ауыр сыныптармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ мұғалім не оқушы тарапынан өзара тіл табысуға еш құлқы, ұмтылысы, мүмкіндігі жоқтай, тіпті қабілет-қарымы таяздау көрінетін алынбас қамал іспетті орталарда монологтық сөз сөйлеуге мүмкіндік туғызады. *Үшіншіден*, кез келген педагогикалық тұрғыда әсер етудің сәттілігі мұғалімнің сөз сөйлеу үстінде өзін-өзі танытуы арқылы көрінеді. Мұғалім сөйлеген сөзі арқылы оқытады, тәрбиелейді, өзіндік көзқарасына иландыра жұмылдырады, пікіралмасады, оқушылардың санасында мейлінше тереңірек сыналап ене түсер әсері жоғары образдарды тудырады. Бұл ретте *шешендіктану (риторика)* – көркемдік тұрғыда әсер ету амалдарының жүйесіне орай айтсақ, жоғары эстетикалық тұрғыда әсер ету арқылы ауызша сөйлеу туралы ғылым. Егер де мұғалім өз ойын жай айтып қана қоя салуға ұмтылмай, пікірлесуші оқушысына белгілі бір межелі әсерді (реакция) дарыту, алғы ортақ іске жұмылдыруға ұмтылдыру бағытын ұстанатын болса, онда мұғалімнің алғашқы сөзінен бастап осындай ұшқынды көруге тиіспіз. Яғни, осы іспетті межеленген алғы мақсатқа нақты қол жеткізу үшін, сөйленер сөзді тура мағынасында жоспарлы түрде алдын-ала даярлау керек. Тап осы тұста шешендіктану қағидалары көмекке келіп, сөйленер сөзді лайықты тұрғыда әзірлеуге септеседі. Демек, мұғалім болу – өнер. Бұл орайда оқушыға түсінікті болу үшін қабылдау психологиясын білу маңызды. Тіпті, қабылдау жөніндегі герменевтика ғылымын шешендіктанудың бір қыры десек те болғандай. Себебі қабылдау адам санасының тұңғиығында өріліп отыратын, бакылау сәтінде есепке алуға қиынырақ соғатын жеке тұлғалық даму үдерісіне тән ерекше өнер де. Бұл үдеріс жеке индивидтің мәдени даярлығы мен өмірлік тәжірибесіне, сондай-ақ оның көңіл-күйі мен психологиялық қалпына байланысты. Ал оқытуды мұғалім мен оқушының диалогын ұйымдастыруды өнер, шығармашылық іс тұрғысында түйіндесек, мұндай іс-әрекет ойсыз болмақ емес. Ойлау жоқ жерде нағыз шығармашылық та жоқ. *Төртіншіден*, шешендіктану оқу үдерісі сәтінде туындап отыратын сандаған сауалдарға («Неге?» «Неліктен?» «Не себепті?») жауап береді. Бұлардың кейбірі төмендегіше: Жан-жақты білімді, өз ісін жан-тәнімен сүйетін мұғалім неге көпшілік жағдайда оқушысына түсініксіз, яғни, шәкірттерімен тіл табыса алмай жатады? Ал оның өткізген сабақтары мереке іспетті болудың орнына неге шыдамдылыққа жасалған ауыр экспериментке ұқсас болып келеді? Әр түрлі аудиторияларда мұғалімнің айтқан сөзіне неге мүлдем қарсы реакция туындап жатады? Айтылған сөзге сәйкесті жоспарлы нақты істі қалай туындатуға болады? Мұғалімнің үнемі ойлағанындай болуы үшін не істеуіміз керек? Сабақ басында қатты толғаныста болған мұғалім оқушыларының қолдауына неге ие болмайды? Тіпті, кей жағдайда, оқушылардың мысқылдай, мазақтай қараған көзқарастарына кезігіп, ал кейде сабақ өткізуге кедергі келтіруге дейін неге барады? Мұғалім оқушыларға қызғылықты мәліметтерді ұсына отырып, неге аяқ астынан ара-тұра сыныпқа қарата жекуге мәжбүр? Бұндай жағдаят болмауы үшін не істеу қажет? «Қанағаттанарлықсыз» баға алған оқушыны жұбатамын деп жүріп, мұғалім белгілі бір көздеген нәтижеге неге қол жеткізе алмайды? [1; 3].

Сондай-ақ мұғалім алдынан сабақ үстіндегі жағдаят ерекшелігінен туындар сауалдар да («Қалай?») шығып отырады. Солардың кейбірін былайша атап көрсетуге болар еді: Сыныптағы қай оқушымен көбірек пікір қайшылығы туындап қалудың ыңғайы барын қалай анықтауға болады? Яғни, оқушылардың арасындағы сынып көңіл-күйін бұзып отыруға, ортақ мәселеден басқа жаққа тартуға бейім тұратын, тілдік қарым-қатынас жасауға қиындық келтіретін, тіпті мүмкіндік болғызбайтын оқушылармен қалай тіл табысуға болады? Кейде мұғалімнің өзі де байқамай қалатын тұстың бірі – қарапайым ғана

фраза арқылы оқушыларды ойлантуға, айтылғанға құлақ қоюға, шығармашылықпен ой түйіндеуге ұмтылдыруы. Осы бағыттың фразалардың сыры неде? Ең керекті тіркестерді қалай іріктеп алуға болады? Оқушыларға бірден-бір тиімдірек әсер ететін сөздерді іріктеудің жолын қалай білуге болады? Құр дидактикалық ақыл айту мен ескерту жасаудан қалай құтылуға болады? Әр түрлі сынып ерекшелігіне сәйкесті қажетті тетікті қалай іріктеуге, оның «кілтін» қалай табуға болар еді? Оқушыны күлкілі нәрсеге күлуге, қызықты тұсқа қуануға, бұлжымас қағидаларды орнымен қабылдауға қалай ыңғайлауға болады? Мұғалімнің сөзі оқушылар үшін ғана айтылып жатқанына әрбіреуінің көзін қалай жеткіземіз? «Ең қысқа сөз – мағыналы көзқарас» дегендей, бір ауыз сөз шығармай-ақ шулы сыныпты тәртіпке қалай шақыруға болады? Өзіңнің және шәкіртіңнің дикциялық ақауларыңды қалай жөндеуге болады? Қойылған бағаға келіспейтін әрі мұғалімді сабақтың негізгі мәселесіне ауытқытып әкетуге тырысушы, мейлінше өзіншіл оқушымен пікірталастыруда қалай жеңіске жетуге не оның көзін жеткізе басым түсуге болар еді? Оқушының бұрын қажет емес деп білгісі де келмеген мәселесіне оның ынтызарын қалай оятуға, сұранысын қалай туғызуға болады? [1; 3; 4; 7].

Кейде мейлінше тез ойланып, орынды айтылған бір ауыз сөздің белгілі бір күрделі жағдаяттан шығуға септесер сәтіне тап боларымыз аян. Ал үздіксіз даму үстіндегі, сәйкесінше толқымалы қалыптағы оқушылар құрбылары алдындағы социометрикалық статусын көтеру үшін мұғалімдерімен сөзге келіп қалу, тілдік қағысуларға баруға бірден-бір ыңғайлы болып келеді. Осы жағдайда риторикалық амал-тәсілдер мен заңдылықтарды жан-жақты білген мұғалім көзі ештеңені көрместей, құлағы ештеңені естіместей, сөз ұқпастан ыңғайдағы еш нәрсемен келіспестей оппоненттері тарапынан өзін қолдайтын нағыз пікірлестерді көре алады. Ал кімде-кім шешендіктану ілімі туралы хабардар болмаса, оның заңдылықтарынан, қағидаларынан бейхабар болса, онда мұғалімге үнемі «Оқушылар тарапынан жоспарланған шабуыл қашан болуы мүмкін?» «Жалпы бұндай болуы мүмкін бе?» іспетті сауалдарға ойлануға тура келеді. Сабақ үдерісіндегі бұндай сауалдардың мұғалім ойына келуі бір жағынан қызғылықты секілді көрінгенімен, екінші жағынан қате де. Сондай-ақ осы бағыттың ойлар сабақ барысының қалыпты өтуін қиындатып, мұғалім мен оқушы арасындағы толыққанды дәрежедегі қарым – қатынастың орнауына кедергі келтіреді. Тіпті мұндай жағдаятта шығармашылық тұрғыдағы қарым-қатынас туралы ойлау да мүмкін емес.

Бүгінгі дидактикалық шешендіктану риторикалық ойлау кезеңімен бір тұтастықта пайда болған. Сократ, Платон, Аристотельдердің өздері оқыту үдерісін диалог тұрғысында, тіпті жиірек талас тұрғысында жүргізген. Онда өзара пікірталас үдерісі риторикалық іс-әрекет күйінде ұйымдастырылған. Бұнда әрбір реплика ойлау үдерісінің бірден-бір белгісін қамтыды, сондай-ақ, бұл бір мезгілде әрбір диалогшының нақтылы өзіндік көзқарасының танылуына бағытталды. Орта ғасырлық академиялық шешендік – шешендіктанудың осы кезеңдегі маңызды аспектісі. Ал риториканың өзі сол кезеңдегі барлық университеттерде оқылатын бірден-бір ғылыми пән болды. *Оның басты өзегі – адамның өзін сөзі арқылы танытуы.* Сәйкесінше орта ғасырлық ғалымдар да адамның осы тұрғыда өзіндік дамуының қалыптасуына, өзін-өзі танытуға баулыды.

Зерттеушілерге сүйенсек, антикалық дәуірде-ақ риториканың өзі бірегей «философия» ретінде қарастырылған, ал орта ғасырлық дәуірде бұл зат атаулының мәні ғана емес, сөз мәнін ұғышу адамның қоршаған әлемді бейнелеуі болып табылады. Бұл орайда *«Сөздің мағыналық тұңғығына терең бойлай білмейсіз, сонда сіз мына жарық дүниені адасудан жартылай құтқарасыз»* деген Р. Декарт сөзі ойлантады. Демек, дидактикалық шешендіктанудың дамуының әр түрлі кезеңдерінде сөз мағынасын анықтауға және оның ойды білдіруге әрі жүзеге асыруға ешбір кедергі болмауы, қайта, керісінше, оның дәл жеткізілуіне, ұсынылуына бірден-бір себепкер болуына баса мән беріледі. Сөз – қоршаған әлемге қаратылған терезе, қоршаған ортаға бізді танытушы. Бірақ бұл терезенің бізге таныс әрі жақын не бейтаныс та сырт кеңістікті бөле-жара танытуға жасар қызметін ескермей жатамыз. Демек, *педагогикалық шешендіктану* – оқушылармен арадағы өзара түсіністіктің жоқтығына жиірек өкініш білдіретін мұғалімдерге бірден-бір аса қажетті өз ойын мейлінше түсінікті білдіру мен оны мейлінше дәл түсіну мүмкіндігі. Ал мұның себеп-салдары қос коммуникантқа да, олардың қолданар сөздеріне де, дәлірек айтсақ, сөздердің орналасу ретінде әрқайсысының қилы сөздеріне байланысты қалыптасқан ассоциациясының жекелік жүйесіне де тірелуі мүмкін. Мәселен, бізге мәлімі – жекелеген сөз атаулының адам көңіл-күйіне, қалпына белгілі бір деңгейде әсер ететіндігі. Ал қазіргі мектеп мұғалімі үшін мұның мәні әлдеқайда тереңірек, себебі ол әрдайым оқушымен өзара түсінісуге, жағдаятты тиімді қабылдауға ұмтылары даусыз. Сондай-ақ, тілдік қарым-қатынасқа қатысушыларды айырып көрсетерліктей, сөз айқындылығы, мағыналық анықтығы мезетте-ақ құбылып отыруы әбден заңды. Олар бір қарағанда бір-біріне түсінікті де қарапайым көрінетін ортақ мәселе туралы айтып отырғанымен, олардың әрқайсысы «өзіндік тілмен» көрініс бермек [3; 8; 9; 10].

Шынтуайтына келсек, сөз сөйлеуді шебер меңгеруді қажет етпейтін мамандық жоқ. Ал адам іс-әрекетінің кейбір салаларында ол аса қажетті де тиімді жұмыстың міндетті алғы шарты. Сауатты да шешен сөйлей білу дағдысы адамдар арасында жылы да жағымды қарым-қатынас орнатуға және сақтауға мүмкіндік береді. Әшейінде мағынасы көмескі, тіптен қажетсіз көрінетін сөзді өз орнында, дәл мезетінде шебер де шынайы қолдана білсе, ол теңдессіз күшті құралға айналары сөзсіз. Біздің қарым-қатынасымыз сәтті болу үшін тек қана тілді, оның грамматикасы мен сөздік қорын жақсы

біліп қою жеткіліксіз. Пікірлесушінді қызықтыра отырып, оған әсер ету, өз бағытыңызға аударып, баурап алу, өзіңізді ұнататын адамдармен, өз қарсыластарыңызбен сөйлесе білу, дос-жаран арасындағы әңгімеге қатыса білу, ақырында шаршы топ алдында сөйлей білу үшін, өз сөзіңді орынды үйлестіре білуге үйрену аса қажет [4; 15].

Қазіргі жоғары білім беру саласындағы күн тәртібінен түспейтін мәселенің бірі – таңдаған мамандығы бойынша тиісті деңгейде теориялық-практикалық білім-дағдысы бар кәсіби маман даярлау жайы. Осы түпкі мақсатта туындата отырып, жоғары оқу орны студенттеріне ілгергі іскерлік қатынаста қажетті сөйлеу этикетін қалыптастыруға қатысты негізгі қағидалар шоғырын төмендегіше ұсынуды жөн көрдік.

I. Ауызша сөйлеу этикетін қалыптастыруға қатысты: 1) Шаршы топ алды сөз сөйлеуде кітаби стиль түрлерінен (*публицистикалық; ресми-іскери; ғылыми; көркем-әдеби*) хабардар болуы; 2) Ауызекі сөйлеу стиліне қатысты қағидаларды білуі (*сөздердің еркін түрде үйлесе келуі; қысқа сөйлемдер; бейтарап лексика; бағалау мәнді жұрнақтар; тілдің бейнелеуіш құралдары; экспрессивті тұрғыда сөйлеуге бейімділік*); 3) Сөйлеуге даярлығы (*сөз мақсатының айқындалуы; аудитория мен жағдаятқа талдау жасау; сөз сөйлеуге қажетті қағидаларды іріктеу және шектеу; материал жинау; сөйленер сөз жоспарын құру; сөйлеу сәтіне керекті сөздерді әзірлеу және екішеу; дауыстап сөйлеу тәжірибесі*).

Ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда сөйленер сөздің композициялық қағидаларын ескеру орынды. Бұл ретте ескерілер тұстар төмендегіше: 1. *Композициясы (сөз басы, кіріспесі (тұтас сөздің 8/1 бөлігі); негізгі бөлім; түйін (этикеттік формулалар; тезис, индукция, дедукция; айғақтама, аналогия; негізгі ой үзінгі қайталау; аудиторияны құлашындыру)*; 2. *Композициялық қағидасы (логикалық жүйелілік; үнемдеу қағидаты; үдету, үстемелету қағидаты)*; 3. *Композициялық олқылықтары: (логикалық жүйеліліктің сақталмауы (жоспар баптарының бір-бірімен ұласпауы); қозғалған мәселелердің көптігі (3–4); қарастырылып отырған мәселеден ашақ кетушілік; сөйленер сөздің жеке келеген қағидаларының күрделенуі (сауалдардың көптігі); теориялық пайымдаулардың тым молдығы; негізгі қағидалар дәлелдемесінің жоқтығы; сөйленер сөз құрылымының жаттанды таптаурын реңде болуы)*; 4. *Сөйленер сөздің композициялық-логикалық желісі. Кіріспе (Міндеттері: тақырыпқа қызығушылығын ояту; аудиториямен байланыс орнату; аудиторияны сөйленер сөзді қабылдауға бейімдеу). Аудиторияның зейінін аудару амалдары: (Қаратпа сөз (аудиторияны өзіңе қарата айтылар сөз); сөйленер сөздің мақсатын баяндау, тақырыптың басты тарауларына шолу жасау; уайым-қайғыларын бөлісу амалы; аудитория қызығушылығын ескеру; сәйкесті оқиғаға жүгіну; географиялық не ауа райы жағдайларын ескеру; беделді тұлғаларға не танымал ақпарат көздеріне жүгіну; шешен тұлғаның ерекшелігін ескеру; аудиторияға сауал тастау; тосын пікір (парадокс); юморлық тұрғыда ескерту). Бекіту тәсілдері (шын жүректен шыққан сөз, жеке-дара аудиторияға қарата айтылар сөз, комплимент); дәлелді қолдану техникасы (оқиға, жеке толғаныс, салыстыру, анекдот); пайымдауды туындату техникасы (мәселенің ашық қойылуы, қарсы пікір); тікелей айту техникасы (тақырып бойынша сөз сөйлеудің себебі); негізгі бөлімді әзірлеу қағидалары (индуктивті; дедуктивті; аналогия бойынша; хронологиялық; логикалық-сипаттамалы; себеп-салдарлық). Қорытынды (Мақсаттары: айтылғандарды жинақтау; сөйленер сөз діңгегіне қызығушылықты арттыру; айтылғандардың мән-мағынасына салмақ беру; міндеттер қоя білу; іс-әрекетке шақыру). Әдістері: (айтылғандарды жинақтау; негізгі мәселелерді не тұжырымдарды қысқаша қайталау; мәселенің келешегін аңғарту; соңғы сәтті иллюстрациялау тұрғысында беру; лепті (ұранды) сөз).*

Жастардың ауызша сөйлеу этикетін қалыптастыруда шаршы топ алды сөздің стилистикалық ерекшеліктері де есте ұсталғаны жөн. Бұл орайдағы қағидалар үзіктері төмендегіше: 1. *Қысқа да нұсқа, жай (аса күрделі емес) сөйлемдер*; 2. *Сөйлем құрылымдарының еркіндігі*; 3. *Ауызекі сөйлеу кезеңі*; 4. *Байланыстырушы (дәнекерші) құрылымдар (және, бірақ, десек те, сондай-ақ, солай десек те, солай ма)*; 5. *Сегментті құрылымдар (бұған байланысты, осыған байланысты, бұған сәйкес)*; 6. *Сөйлемдерді байланыстырғыш сөздер, тіркестер (қарастырайық, алалық, келесісіне көшелік, меніңше, менің ойыма, біріншіден, келесіде атаймыз (сөздердің не оралымдардың қайталануы))*; 7. *Апеллятивтер (көз алдымызға елестетіп көрелікші, келіңіздер, бірлесе ойланып көрелік)*; 8. *Есіміңді оралымнан гөрі бағыныңқы сөйлем дұрыс*; 9. *Ырықсыз етістен гөрі сабақты етіс дұрыс*; 10. *Сөздердің «пассивті» қордан гөрі «активті» қордан болғаны, зат есімді етістіктерден гөрі етістіктің өз табиғатынан болуы тиімдірек (Осы аппарат өндіреді – бұл аппараттың өнімділігі)*; 11. *«Өтімді де үйлесімді» сөздер мен сөз тіркестері (мүмкін, сіз байқаған шығарсыз, уақыттың көбірек бөлігін, әрдайым бірге)*; 12. *Жіктеу есімдіктері (мен, сіз, біз)*; 13. *Сілтеу есімдігі (сол, осы, мынау)*; 14. *Жинақтаушы – жалаң және сұраулы сөйлемдер*.

Даусыз ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда баса ескерілер мәселенің бірі – *сөйлеу мәнерлігін қалыптастырудағы шешендік құралдар. Мәнерлік құралдарының міндеті – эмоционалды фон құру, айтылған іргелі ойларға қатыстылық сезімін ояту. Мәнерлік – сөз сөйлеу стилінің сендіргіш сапасы, идеялардың көркем бояуы, ерекше елестетер эмоционалды толғаныс пен эстетикалық ләззат атмосферасын туындата келе, тыңдаушылар назарын аударту құралы. Сөйлеу*

мәнерлілігі *афоризмдерді* (түйінделе әрі екшеле ұшталған фразалар арқылы берілген жинақы ойларды танытатын қысқа да нұсқа даналық сөздер); *мақал-мәтілдерді* (баға жеткізгісіз халық даналығының арсеналы, ақыл-ой симфониясы, атақты тұлғалардың саф алтынға пара-пар ақыл-нақыл сөздері); *қанатты сөздер, дәйекті сөздер*, өзге де формалар мен лингвистикалық әдебиеттерде біршама жазылған троптарды орынды қолданылуымен қамтамасыз етіледі.

Ауызша сөйлеу мәдениетіне қатысты бірқыдыру аудитория зейінін аудару және кідірту амалдары қолданылады. Бір шоғыры мыналар: I. Сөз басында: 1. Кідіріс, визуальды байланыс. 2. Танысу (15–20 секунд), аудиторияның қабылдауына ыңғайлану. 3. Сыртқы қалып. 4. Аудиторияға қатысты ұстанар дистанция: тым жақынырақ – 15 – 46 см; өз ортаңда – 46 см–1,2 м; әлеуметтік жағдайда – 1–23,6 м; қоғамдық ортада – 3,6 м. 5. Сәлемдесу (кешірім сұрамау). 6. Аудиторияға қолдау білдіру (комплимент). 7. Уақытылы бастау. 8. Басы артық қағаздың болмауы. II. Сөз сөйлеу барысында: 1. Жаңалық (белгіліден белгісізге қарай жүру). 2. Сөйленер сөзіңіздегі талас (кереғарлық) (конфликт) тудырау жағдаяттар. 3. Нақтылы деректерге негізделген пайымдамалардың жүйелілігі. 4. Сөйленер сөздің жандылығы (ырғақтылығы) (секундына 3–5 сөз). 5. Интонацияның мәнерлілігі (ақпарат 40%). 6. Юмор, жылы жымыс. 7. Кідіріс (пауза). 8. Дене қимылы (жест), қозғалыс. 9. Сауал. 10. Тосыннан жасаған үзіліс. 11. Ара-тұра диалогтасу (аудитория тамырын басу мақсатында). 12. Ілгергі сөз не туралы боларына емеурін білдіру. 13. Аудиториядағы адамдардың атын атай отырып, назарын аудару. 14. Сұрақтарға позитивті реакция білдіру [5, 20-29].

II. Пікірсайыс мәдениетін қалыптастыруға қатысты: *1. Дәлелдеудің құрылымы мен қағидалары былайша өріледі: 1) Тезис қысқа да нұсқа жинақы болуы тиіс; 2) Тұтас сөз бойында тезистің өзгеріссіз қалуы тиіс; 3) Тезис мазмұнында логикалық кереғарлықтың болмауы жөн. 2. Айғақтама түрлері төмендегіше: 1) Рациональды (деректер; беделді тұлғалар; аксиомалар). 2) Иррациональды (психологиялық) (адамдарға жүгіну; аудиторияға жүгіну). 3. Айғақтаманың риторикалық әдістері (Кәсіби дәлелдерге негізделген): Фундаментальды әдіс (сандар, деректер); Қарама қайшылық туғызу (қарсы шығу) әдісі (оппоненттің айғақтамасынан қарама-қайшылық табу, қорғану әдісі); «Түйіндер шығару» әдісі (дәл айғақтамалар өзіміз күткен түйіндерге қол жеткізеді); Салыстыру әдісі (себептің қажеттілігі: салыстырудың сәтті іріктелініп алынуы; қарсыластың салыстырмаларының солқылдақтығын дәлелдеуге болады); «Иә... бірақ...» әдісі (ұсынылған альтернативаның әлсіздеу жағын қарастыруға мүмкіндік туғызады); «Бөлшектеу» әдісі (дидарласушының сөйлеген сөзін бірнеше бөліктерге бөлу: бұл дәл; бұл туралы әр түрлі көзқарастар бар; бұл түгелімен әрі түбімен қате, күшті айғақтамаларға жоламау; әлсіз тұстарды жоққа шығару); «Бумеранг» әдісі (дәлел боларлық күші жоқ, десек те, ойлы тұрғыда айтылуы жағынан бұлтарпнас іс-әрекеттерге бағыттайды); Көзге ілмеу әдісі (бұлтарпнас деректерді байқамаған болу, көзге ілмеу); Баса мән беру, үстемелеу әдісі (ақцент беру; дидарласушының алғы мезетте өзін қанағаттандыратын мәселені шығару); «Біртіндеп жүзеге асыру» әдісі (іс мәнісінің субъективті тұрғыда біртіндеп өзгеруі); «Сұрау салу» әдісі (сұрақтар алдын ала беріледі; сауал қою – айғақтаманың айрықша түрі; дидарласушының өзіндік ұстанымын ақтаруға (ашуға) мәжбүрлеу); «Тек сөз жүзінде қолдай білу» әдісі (алғашқы кезекте оппонентке тиімді боларлық дәлелдер келтіру, содан соң қарсы соққы беру (шабуылға көшу). 4. Айғақтамалардың өзгермелі әдістері («ойдан шығарылған» амалдар, «қақпанға түсіру» тәсілдері): Әсірелеу техникасы (әсірелеудің және жалпылаудың барлық түрі. Мысалы: Бұның бәрі – технократиялық қылықтар); Анекдот қолдану техникасы (тыңғылықты ұсынылған айғақтамаларды ойлы тұрғыда айтылған ескертпе құл-талқан қылуы әбден мүмкін); Беделді тұлғаларды пайдалана білу (сөйленер сөзімізде айтылар түйін мүлдем басқа мәселе бола тұра, қажетті дәлелдеме бола алмаса да, танымал авторлардан дәйек келтіру); Дидарласушыны дискредитациялау техникасы (болжам жасауға болады; қатысушыларға дидарласушының келтірер дәлелін түсіндіруге болады); Изоляциялау техникасы (сөйленген сөзден жекелеген фразаларды суыртпақтатып алу, оларды кесінді күйінде ұсыну); Бағытты өзгерту техникасы (оппоненттің біздің негізгі айғақтамаларымызға тойтарыс бермей, келесі мәселеге көшуі); Ығыстыру техникасы (оппоненттің жанама тақырыпқа ауысуы); Адастыру техникасы (пікір алмасу / дискуссия / соза түсу: ешбір мәні жоқ сөздерді қолдану, талқыланған мәселелерді қайталау, үтір-нүктесіне дейін түсіндіруді талап ету; кейде қарсы болуды, келіспеушілікті бірден айта салмай, сағыздай созу қарсыласыңды қақпанға түсірудің бір тәсілі саналады); Апелляция техникасы (оппоненттің өз жағдайын түсінуге шақыруы, белгілі бір айқындалмаған қағидаттар мен моральдық-этикалық нормалар негізінде шешім табылмаған іскери мәселелерден аттап кетуді өтінуі); Ауытқу техникасы (өзіміз тарапынан айтылғандардан ашық тұрғыда ауытқу); Сұрақ – қақпандар техникасы (толғанысқа түсіру есебінде іс нәтижесімен бірлестікке негізделеді: а) қайталау: бір мәселенің не бекітілімнің әлденеше рет қайталануы, ақыр соңында оны дәлел ретінде оңай қолдануға әбден болады; ә) мәжбүрлеу: оппоненттің өзімен келісуге (келісімге келуге) үгіттеуі: «әрине, бұл деректерді сіз жоққа шығармайсыз»; б) альтернативалық: ойдан шығарыла жүйеленген мәселелер бізді оппонентке тиімді белгілі бір жауаптарға ғана итермелейді; в) қарсы сұрақтар: оппонент жауап берудің орнына бірден қарсы сұрақтар қояды); 5) Пікірсайыстағы теріске шығарудың амалдары: Юмор, ирония, сарказм; «Орынсыздыққа дейін апару», «абсурд тұрғысына жеткізу»;*

«Қайтарма соққы» (бумеранг амалы). Оның бір түрі – айтылған репликасынан ұстау; Сауалдармен шабуылдау; Жеке адамға жүгіну. Өзіндік амал түрі – логикалық қателік (тезистің ауысуы). Тек қана негізделген айғақтамалармен бірлікте. Түрі – көпшілікке жүгіну. б. «Қақпанға түсіру» тәсілдері: Жалған ұялыс таныту (әрине, сізге, мәлім... Мүмкін емес, әлі күнге шейін білмейсіз бе?); Айғақтаманы ойдан шығару (әлсіз дәйек, комплимент); Жасына, біліміне, жағдайына сілтеме жасау; Мәселені істің пайдалылығы не зияндылығы тұрғысындағы көзқарастармен алмастыру; Ис-әрекет мерзімін алмастыру; Өзіне сенімді, күдік тұмайтындай, кесімді тон; Жүрекпен оқу, сөйлеу (Сіздің оған ерекше аяушылық білдіре сөйлеуіңіз; сіздің жеке өз мүддеңізді көздеуіңіз); Тікелей, көзін бақырайтып қойып жәбірлеу, қорлау (беделін түсір); Жоспарлы тұрғыда таласты бұзу [5, 30-34].

III. Шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға қатысты: Біріншіден, шешен тұлғаға тән қасиет-қағидалардың үлгісін (қыран қанаттылық, сұңғыла ойлылық, терең ақылдылық, телегей білімділік; көргенділік – білгірлік; судан тұнық сөз; дауыс саздылығы; сұңқар үнділік, келісімді келбеттілік; сұлу тұлғалық; сыртқы түрінің мәдениеттілігі) басты стратегиялық меже тұтуы [6, 49]. Екіншіден, шешендікті игеру шарттарын білуі (тыңдаушылар білетін мәселені тәттіштеп айтудан сақтану; тыңдаушыңды қадірлей білу; шешен сөзінің анық, дәл, айқын естілетін болуы; ым, ишаратты қолдана білу; тыңдаушыларға үнемі назар аудара сөйлеу; шешен ойының әбден ығыр болған, үйреншікті сөздерден басталмауы; сөздің қысқа да тұжырымды болуы, сөздің жүйелі болуы). Үшіншіден, шешендік қалыпты аңғартар тілдің ұтымды байлығын қолдана білу аса маңызды. Бұл орайда баса айтылар тұстар төмендегілер: 1) *Мақал-мәтелдер* (халықтың тіл байлығының алтын қазынасы; іс-әрекет ережесі; аз сөзді келіп, терең мағынаны білдіреді («Сөздің көркі – мақал, жүздің көркі – сақал»). Мақал-мәтел шешен сөзіне әр береді); 2) *Фразеологиялық тіркес* (ой мәнерлігіне сеп; ойды әсерлі, көріністі етеді; идиомалық тіркес (қара қылды қақ жару; жүрегі шайылу; қас пен көздің арасында; аузымен орақ ору және т.б.); фразалық тұрақты тіркес (көз қырын салу, тасы өрге домалау; жар құлағы жастыққа тимеу; қайратқа міну және т.б.); **Еске!** Тілде қалыптасқан құрамын жөн-жосықсыз өзгертіп айтып, жаза беруге болмайды / «табан ауызында» (дұрысы – «табан астында»). Бір тілде бар идиомалық тіркестерді екінші тілге сөзбе-сөз аударуға болмайды / «Вот где собака зарыта» (қатесі – «Иттің көмілген жері міне, осы»; дұрысы – «Мәселенің түйіні міне, осында жатыр»). Тұрақты тіркестерді өзгертіп айтуда ешқандай мағына болмаса, оларды стильдік қатеге жатқызамыз / Әбігерге түсу – әбдігер болу (дұрысы); беделін төмендету – беделін түсіру (дұрысы); дәм татып кетсін (дұрысы); 3) *Қанатты сөздер* (ұшқыр ойдың қанаты / «Жақынды араз, татуды жат қылатын – өсек» (М. Әуезов); «Адамның ішкі сезімінің айнасы – көз» (С. Мұқанов); 4) *Синонимдік қатардағы сөздерді екішей білуі* (синонимдер – тіл байлығының асыл қазынасы. Мысалдар: *Абайлау*, байқау, аңдау, аңғару, аңыстау, бағдарлау, байыптау, парықтау, бағамдау, парлау. *Әдеп*, иба, ибадат, инабат, ізет, тағзым. *Зерек*, алғыр, ұғымпаз, ұғымды, ұғымтал, ұққыш, зейінді, тапқыр, тұтқыр, зейінтал. *Шешен*, шежіре, ділмар, тактақ, майталман, тілді, самар, тілуар, сөзгер, ділуар). Төртіншіден, студенттердің сөздің коммуникативтік сапасын айқындар белгілерін (сөз дұрыстығы; сөз байлығы; сөз тазалығы; сөз қысқалығы мен нұсқалығы; сөз дәлдігі) айқын тани білуі. Себебі, сөзді дұрыс қолдана білмеген жерде дәлдік жоқ. Дұрыс та дәл сөйлеу үшін сөздің мағынасын, орнын, стильдік иірімдерін жақсы білу керек, бай лексика, тілдік тәсілдерге жетіктік, өмірді жан-жақты білуі, ой қуаттылығы қажет. Бұл орайда да мына мәселелер ескерілуі тиіс: 1. *Сөз дұрыстығы* (сөзді, грамматикалық тұлғаларды, сөз тіркестері мен сөйлемді тілдегі мағынасына сай қолдану; ақиқатты дәл бейнелейтіндей етіп пайдалану, мысалы, тұлғасы тұрақты сипат алған фразеологиялық тіркестердің, мақал-мәтелдердің құрамын орынсыз өзгерту, мақсатсыз ауыстыру сөз дұрыстығы емес. 2. *Сөз байлығы* (сөз сапасының аса маңызды құрамдас бөлігі. Мәселен, әдетте жеке адамның сөз байлығы (шамамен 8–10 мың сөз) жалпы халықтық тілдің байлығы ұғымымен ұштасады. Асыл тастар: інжу, лағыл, дәурия, ақық, гауһар, маржан, жақұт, моншақ, зүбәржат, алмас, меруерт, замартас, иешім тас, кәріптас, мөлдір тас, мәрмәр, сутас, табас, ақтас); 3. *Сөз тазалығы* (тіл тазалығы, сөзімізде бөгде тілдік элементтердің болмауы; әдеби тіл нормасы ретінде танылмаған шет тілдік сөздер, диалектизмдер, ауызекі тілге тән қарабайыр сөздер секілді әдеби тілден тысқарылау жатқан бәйәдеби элементтерді қаламгерлеріміз кейіпкер тілін даралау, тілдік мінездеме беру, персонаждардың білім дәрежесін, ой-өрісін, мәдени деңгейін көрсету, ауызекі тілге тән сипат беру мақсатымен эстетикалық жүк арта қолданады. Бейәдеби элементтерді уәжсіз, мақсатсыз қолдану сөз тазалығына нұқсан келтіреді; сөйлеу дағдысында сөз тазалығына нұқсан келтіретін, сөз әсерлілігінен айыратын «қызметсіз» қыстырынды сөздер ұшырасады («жаңағы», «нетіп», «әлгі», «мәселен», «ал енді», «мысалы» т.б.); 4. *Сөз қысқалығы мен нұсқалығы* (Аз сөзбен көп мағынаны жеткізу – сөз мәдениетінің бір қыры. Бірақ қысқа баяндаудың бәрі шеберлік емес. Шеберлік аз сөзге көп мағына сыйғыза білуде; Бастан аяқ бір сарынмен сөйлемей, сөз алуандығына көңіл бөлу, шұбырынды сөз, сіреспе тіркес, «қызметсіз» қыстырындыларға жол бермеу дұрыс).

Ал көп сөзділіктен аулақ болу үшін мыналарды есте ұстау жөн: 1) Таптаурындылық (тавтология), яғни, бір ойдың өзге сөздермен, көбінесе түбірлес сөздермен қайталанып келуін аңғару; 2) Бір тектес мағыналы қазақ және шетел сөздерінің таптаурындылық байланыстығын ескеру; 3)

Қыстырма сөздер (сөйлемдер) мен оралымдардың шексіз көптілігінен сақтану; 4) Анықтауыштарды, тым желікпе әсірелеулерді, тым ұсақтап бөлшектеулерді талғамсыз, орынды-орынсыз ойланбай, елпекшемей қолдануға ынтызар болмау; 5) Паразит сөздерден аулақ болу («иә», «я», «так», «яғни», «мысалы», «жанағы», «неғып» т.б.). 5. *Сөз дәлдігі* (сөзді тілдегі мағынасына лайық қолдану, сөздерді өз мағынасына сай қолданбауға, дәлдіктен көз жазып қалуға, әсіресе, басқалардан гөрі дыбысталуы ұқсас, бірақ мағынасы әр басқа, не бір түбірден тарап, дербес мағынаға ие болған сөздерді (паронимдер) жұмсауға жол бермеу; сөз қолданысымыздағы ұқыпсыздыққа жол бермеу; мағыналас сөздерді, олардың деректі, дерексіз ұғымды білдіретін түрлерін талғап, таңдай білу; сөзді білгенмен, оның қандай затты, құбылысты белгілейтінін білмеген немесе шала-шарпы ғана білу дәлдіктен көз жаздырады. Кейде зат пен құбылыстың дәл қалай аталатынын білмеу не оған ден қоймау да сөз дәлдігінен жаңылдырады; логикалық дәлдіктің сақталуы. Сөзді тілдегі мағынасына сай қолданумен бірге сөзде логикалық қайшылықтың болмауын ескеру (Бірақ тілімізде кейде логикалық дәлдіктен ауытқу (оксюморон) боларын ескеру); сөз дәлдігі сөйлеу тіліне де қатысты). *Бесіншіден*, студенттің шешен сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеруге қажетті дағдыларды білуі (әдеби тіл стильдерін таразылау, өз беттік оқу шеңберін ұлғайту; атақты актерлер мен дүлдүл шешендерді жиі әрі мұқият тыңдау, еліктеу; өзінді үнемі бақылауда ұстау, күнделікті сөйлеу стилі мен тіліндегі мүкістіктермен күресу (мүкістерді дер кезінде, уақытында жою); шаршы топ алды сөз сөйлеуге көбірек машықтану, сөз сөйлеу мәтінін күні бұрын жазып әзірлену, мұқият редакциялау; сөйлеу мәдениеті мәселесіне байланысты арнайы әдебиеттерді оқу, қазақ тілі сөздіктерімен санасып отыру, т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С., Әжіғалиев М.Қ. Шешендік өнер: мұғалімнің сөйлеу мәдениеті / Педагогикалық шешендіктану. Оқу курстарының бағдарламалар жинағы. Екінші басылым. Орал, 2015. – 60 б.
2. Әжіғалиев М.Қ. Жоғары оқу орындарында «Педагогикалық шешендіктану» курсының оқытудың әдістемелік жүйесі. Педагогика ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. дисс. авторефераты. Көкшетау, 2010. – 29 б.
3. Қыдыршаев А.С., Әжіғалиев М.Қ. «Педагогикалық шешендіктану» курсының бағдарламасы. Орал, 2007. – 24 б.
4. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Оқу құралы. Орал, 2004. – 156 б.
5. Қыдыршаев А.С. Кестелі шешендіктану. Оқу-әдістемелік құрал. Орал, 2008. – 84 б.
6. Негимов С. Шешендік өнер. Алматы: «Ғылым» баспасы, 1999. – 204 б.
7. Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Білім: А., 2000. – 270 б.
8. Қыдыршаев А.С. Шешен-лектордың профессиограммасы / БҚМУ хабаршысы. Орал, 2002, №1-2. – 56 б.
9. Михневич А.Е. Ораторское искусство лектора. – М., 198 б.
10. Толмачев А.В. Оратораме становятся // В кн. «Наука убеждать». – М.: Молодая гвардия, 1969.
11. Мурашов А.А. Основы педагогической риторики. М., 1996. – 281 с.
12. Борисова Н.В., Соловьева А.А. Игра в обучении лекторов. – М.: 1989. – 63 с.
13. Вербицкий А.А. Человек в контексте речи: Формы и методы активного обучения. – М.: Знание, 1990. – 63 с.
14. Сычев О.А. Обучение риторике в эпоху компьютеров: введение в опыт США. М., Знание, 1991. – 61 с.
15. Неориторика: генезис, проблемы, перспективы: Сб.стат. – М.: ИНИОН, 1987. – 213 с.
16. Борохов Э. Энциклопедия афоризмов: жемчужины мысли. М.: Мысль, 2003. – 686 с.
17. Душенко К.В. Большая книга афоризмов. М.: Мысль. – 2006. – 1056 с.
18. Шаймерденұлы Е. Қазақ афоризмдері. Алматы, 2008. – 304 б.
19. Энциклопедия мудрости. Литературно-художественное издание. Издательство «РООССА», 2007. – 814 б.
20. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. Орал, 2006. – 146 б.
21. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. А., 1977.
22. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. А.: «Санат», 1977. – 256 б.
23. Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі (Жауапты редакторы Р. Сыздықова), А., Ғылым, 1987. - 200 б.
24. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. А., Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 208 б.
25. Аннушкин В.И. Первая русская риторика. М., Знание, 1989.
26. Белостоцкая Н.Г. Культура публичного выступления. Учеб. пособие. М., 1977. – 103 с.
27. Граудина Л.К., Миськевич Г.И. Теория и практика русского красноречия. М., Наука, 1989.
28. Кохтев Н.Н. Мастерство публичного выступления. М., Изд-во МГУ, 1987. – 57 с.
29. Раркичева Т.Б., Ножин Е.А. Мастерство публичного выступления: Учеб. пособие. М., Знание, 1989.
30. Радченко В.Н. Изучение ораторского искусства в США. М., Знание, 1991. – 63 с.
31. Эрнст Отто. Слово предоставлено Вам: Практ. Рекомендации по ведению деловых бесед и переговоров. Пер. с нем. М. Экономика, 1988. – 40 с.

А.С.Қыдыршаев,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

И.Т.Масабаева,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

М.М.Мәлікова,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

Р.К.Каримуллина,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

Е.Н.Қуандықов,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

Бүгінгі таңдағы педагогикалық білім беру тұжырымдамасы оқытушының кәсіби, ең алдымен, достық пейілдегі тиімді қарым-қатынасқа негізделген риторикалық мәдениетін арттыруды көздейді. *Оқытушының кәсіби риторикалық мәдениеті* – шынайы шындыққа, студент тұлғасының гармониялық тұрғыда қалыпты дамуына қол жеткізуге бағытталған эмоционалды-сезімталдық кейіптегі ойлана шебер сөйлеу әрекеті үстіндегі адамгершілік-эстетикалық және интеллектуальды қалпы (профессиограммасы).

Оқытушының кәсіби риторикалық мәдениеті оның сыртқы кейпінде де, тиісінше сөйлеу әрекеті үстінде де вербальды не бейвербальды қалпымен айқындалады. Көбінесе оқушылар не нәрсені де қалайша ұсынуына қарай өзгеріссіз қабылдайды. Ал оқытушы риторикалық тұлға, педагог-ритор ретінде бірден-бір аудиторияға әсер етуші және аудиторияаралық байланыс орнатушы болмысында бір мезгілде өз сөзімен, өзіндік адами әдетімен, сөз сөйлеу мәнерімен, сөз мазмұнымен, оқытып жатқан оқу пәнінің көмегімен студент тұлғаны бірлескен түйіндер жасауға әзірлейді, негізгі басты нысанды терең ұғынуға, түсіністікке ыңғайлайды, нәтижеде оқыта отырып тәрбиелейді, өмірге бейімдейді. Бұған педагогикалық диалогтың субъект-субъектілік қатынасты сақтаушы қалыптасу үстіндегі студентті қатып қалған қарым-қатынас фобиясынан ажырата отырып, өзіндік көзқарас-пікірің болу керектігі іспетті үрейден ада ететін, сөз сөйлеу қадамындағы батылдығын, өзін таныта түсу мәдениетіне белсендіре құлшындыра ұмтылдыратын демократиялық стилі септеседі [1;2].

Тұлға қарым-қатынаста шыңдалады десек, тұлғалылық, яғни, дидарласушысын тыңдай білу, сөйлесе білу білігі қарым-қатынаста қалыптасады. Тұлға үлгісінен тұлға туындайды, сондықтан оқытушы-педагог төңірек аудиториясы құрметтей сыйлайтын, мәдениетті, зиялы, ибалы тұлға ретінде қалыптасу үстіндегі студентке тиімді қарым-қатынас ырғағын жұғысты етер өзіндік өнеге беруші, тағылым таратушы болуы тиіс. Демек, бұл бағытта сөйлер сөзін өзіндік кәсіби іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқару құралы ретінде меңгерген педагог-ритор тұлғасын қалыптастыру мәселесіне айрықша мән берілуі тиіс (В.А.Аннушкин, А.К.Михальская, А.А.Мурашов, А.С.Қыдыршаев, М.Қ.Әжіғалиев). Әсіресе, бұл риториканы (шешендіктану) сендіре тиімді сөйлеу ілімі ретінде ғана емес, сөйлеу мәдениетінің, шешендік шеберлік өнерінің биігіне қол жеткізуді игеруші болашақ педагог тіл мамандарын даярлауға қатысты аса өзекті. Бұл ретте аталмыш курс студенттерді семинарларда сөйлеуге, әр түрлі конференциялардың жұмысына қатысуға, университетішілік, мектепішілік газет-журналдарды әзірлеп шығаруға, мектептегі педагогикалық практикадан өтуге және ілгерідегі мектеп оқушыларымен жұмысқа даярлаудағы ғылыми-тәжірибелік бағытымен аса маңызды. Бұның бәрі өзіндік ритор маман ретінде танытуға бейімдейді. Ал бұған күні кешегі мектеп оқушылары көбіне-көп даяр емес. Ендеше, ертеңгі маман тұлғасындағы бүгінгі студенттер бойында болуға тиісті аса қажетті білік-дағдыларды қалыптастыруға бағытталған бірқатар міндеттер туындайды. Олар: *сөйлеуінің сөйлеген сөзін талдай білу; өз сөзіңді әзірлеуде риториканың классикалық қағидаларын қолдана білуге дағдылану; шаршы топ алды сөз сөйлеуге даярлану; өз курстастарының алдында оқу пәніне орайлас сөз сөйлеу тәжірибесінен өту.*

«Педагогикалық риторика» (бакалавриат, III курс) курсына оқытушы мен оқушы арасындағы педагогикалық қарым-қатынас пен этикаға баса мән беріледі. Біздіңше, бұл реттегі аса маңызды тұстар мыналар: *Өзін мұғалім рөлінде сезіне отырып, мектепте өткізілетін активті, пассивті педагогикалық практикаға алдын-ала даярлану; сыныпта достық пейілдегі комфортты жағдаят туғызу білігін меңгеру; өзінің педагогикалық іс-әрекетінде оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқытуды жекелік-бағдарлық вариативті жағдайды негізге ала ұйымдастыру* [1;2;3;4]

Қазіргі кезеңде оқытушы-педагогтың, сонымен қатар мектеп мұғалімдерінің педагогикалық риторикаға қызығушылығы күн санап арта түсуде. Эксперимент нәтижелеріне, зерттеу еңбектеріне сүйене сан тарау тұжырымдар жасауға болар еді. Бұл ретте педагогикалық шешендіктану (риторика) ілімі әрбір педагогке өз сөзін дәл де нақты, логикалық тұрғыда иланымды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ал оқушылар тарапынан пікірлестер табуға, сабақтарды шығармашылық тұрғыда үйлестіре, дәстүрлі сабақтардағыдай емес, қызғылықты да тартымды өткізуге, ұсынылар акпараттарды бұрынғыдан

бірнеше есе мол беруге септеседі. Педагогикалық риторика мұғалімге өзара пікірлесу, сөйлесу мүмкін еместей көрінетін ең ауыр сыныптармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ мұғалім не оқушы тарапынан өзара тіл табысуға еш құлқы, ұмтылысы, мүмкіндігі жоқтай, тіпті қарым-қабілеті таяздау көрінетін алынбас қамал сияқты орталарда монологтік сөз сөйлеуге мүмкіндік туғызады. Кез келген педагогикалық тұрғыда әсер студия сәттілігі мұғалімнің сөз сөйлеу үстінде өзін-өзі танытуы арқылы көрінбек. Мұғалім сөйлеген сөзі арқылы оқытады, тәрбиелейді, өзіндік көзқарасына иландыра жұмылдырады, пікіралмасады, оқушылардың санасында мейлінше тереңірек сыналап ене түсер әсері жоғары образдарды тудырады. *Риторика – көркемдік тұрғыда әсер ету амалдарының жүйесіне орай айтсақ, жоғары эстетикалық тұрғыда әсер ету арқылы ауызша сөйлеу туралы ғылым.* Егер де педагог өз ойын жай айтып қана қоя салуға ұмтылмай, дидактасушы оқушысына белгілі бір межелі әсерді дарыту, алғы ортақ іске жұмылдыруға ұмтылдыру бағытын ұстанатын болса, онда педагогтың алғашқы сөзінен бастап осындай ұшқынды көруге тиіспіз. Яғни, осы іспетті межеленген алғы мақсатқа нақты қол жеткізу үшін, сөйленер сөз атаулыны тура мағынасында жоспарлы түрде алдын-ала даярлау керек. Тап осы тұста риторика қағидалары көмекке келіп, сөйленер сөзді лайықты тұрғыда әзірлеуге септеседі. Педагогикалық шешендіктану оқу үдерісі сәтінде туындап отыратын сандаған сауалдарға («Неге?» «Неліктен?» «Не себепті?») жауап береді. Ал осы тұста болашақ педагог мамандарға ұсынылатын кеңестер де бір шоғыр. Мәселен, жан-жақты білімді, өз ісін жан-тәнімен сүйетін мұғалім неге көпшілік жағдайда оқушысына түсініксіз, яғни, шәкірттерімен тіл табыса алмай жатады? Ал оның өткізген сабақтары мереке іспетті болудың орнына неге шыдамдылыққа жасалған ауыр экспериментке ұқсас болады? Әр түрлі аудиторияларда мұғалімнің айтқан сөзіне неге мүлдем қарсы реакция туындап жатады? Айтылған сөзге сәйкесті жоспарлы нақты істі қалай туындатуға болады? Мұғалімнің үнемі ойлағанындай болуы үшін не істеуіміз керек? Сабақ басында қатты толқып, толғаныста болған мұғалім оқушыларының қолдауына неге ие болмайды? Тіпті кей жағдайда оқушылардың мысқылдай, мазақтай қараған көзқарастарына, ал кейде сабақ өткізуге кедергі келтіруге дейін де баруының себебі неде? Педагог оқушыларға қызғылықты мәліметтерді ұсына отырып, неге кенеттен ара-тұра сыныпқа қарата жекуге мәжбүр? Бұндай жағдаят болмауы үшін не істеу қажет? "Қанағаттанарлықсыз" баға алған оқушыны жұбатамын деп жүріп, мұғалім белгілі бір көзделген нәтижеге неліктен қол жеткізе алмайды? Сондай-ақ мұғалім алдынан сабақ үстіндегі жағдаят ерекшелігінен туындап жататын әр қилы сауалдар да ("қалай?") шығып отырады. Мәселен, сабақ үстінде, егер де сынып оқушылары уақыттың тез өтуін ғана ойлап отырар болса, сынып назарын белгілі бір маңызды мәселеге бұра қалай жинақтауға болады? Сыныптағы қай оқушымен көбірек пікір қайшылығы туындап қалудың ыңғайлы барын қалай анықтауға болады? Яғни, оқушылардың арасындағы сынып көңіл-күйін бұзып отыруға, ортақ мәселеден басқа жаққа тартуға бейім тұратын, тілдік қарым-қатынас жасауға қиындық келтіретін, тіпті мүмкіндік болғызбайтын оқушылармен қалай тіл табысуға болады? Кейде мұғалімнің өзі де байқамай қалатын тұстың бірі - қарапайым ғана фраза арқылы оқушыларды ойлантуға, айтылғанға құлақ қоюға, шығармашылықпен ой түйіндеуге ұмтылдыруы. Осы бағыттас фразалардың сыры неде? Ең керекті тіркестерді қалай екшеп алуға болады? Оқушыларға бірден-бір тиімдірек әсер ететін сөздерді іріктеудің жолын қалай білуге болады? Құр дидактикалық ақыл айту мен ескерту жасаудан қалай құтылуға болады? Әр түрлі сынып ерекшелігіне сәйкесті қажетті "кілтті" қалай іріктеуге, табуға болар еді? Оқушыны күлкілі нәрсеге күлуге, қызықты тұсқа қуануға, бұлжымас қағидаларды орнымен қабылдауға қалай ыңғайлауға болады? Мұғалімнің сөзі оқушылар үшін ғана айтылып жатқанына әрбіреуінің көзін қалай жеткіземіз?"Ең қысқа сөз - мағыналы көзқарас" дегендей, бір ауыз сөз шығармай-ақ шулы сыныпты тәртіпке қалай шақыруға болады? Өзіннің және шәкірттерінің дидактикалық ақулықтарыңды қалай жоюға болады? Қойылған бағаға келіспейтін әрі мұғалімді сабақтың негізгі мәселесінен ауытқытып әкетуге тырысушы, мейлінше өзіншіл оқушымен пікірталастыруда қалай жеңіске жетуге не оның көзін жеткізе басым түсуге болар еді? Оқушының бұрын қажет емес деп білгісі де келмеген мәселесіне оның ынтазарын қалай оятуға, сұранысын қалай туғызуға болады?

Оқытушы-педагог кәсіби тәжірибе жинақтау барысында мейлінше тез ойланып, орынды айтылған бір ауыз сөздің белгілі бір күрделі жағдаяттан шығуға септесер сәтіне тап болары сөзсіз. Ал үздіксіз даму үстіндегі, сондай-ақ толқымалы қалыптағы оқушылар құрбылары алдындағы социометрикалық статусын көтеру үшін мұғалімдермен сөзге келіп қалу, тілдік қағысуларға баруға бірден-бір ыңғайлы болып келеді. Осындай жағдайда педагогикалық риториканың амал-тәсілдері мен заңдылықтарын жан-жақты білген мұғалім көзі ештеңені көрместей, құлағы ештеңені естіместей, сөз ұқпастан ыңғайдағы еш нәрсемен келіспестей оппоненттері тарапынан өзін қолдайтын нағыз пікірлестерді көре алады. Ал кімде-кім педагогикалық риторика ілімі туралы хабардар болмаса, оның заңдылықтарынан, қағидаларынан бейхабар болса, онда мұғалімге үнемі "Оқушылар тарапынан жоспарланған шабуыл қашан болуы мүмкін?" "Жалпы бұндай болуы мүмкін бе?" деген іспетті сауалдарға ойлануға тура келеді. Сабақ үрдісіндегі бұндай сауалдардың мұғалім ойына келуі бір жағынан қызғылықты секілді көрінгенімен, екінші тұрғыдан қате. Сондай-ақ осы бағыттас ойлар сабақ барысының қалыпты өтуін қиындатып, мұғалім мен оқушы арасындағы толыққанды дәрежедегі қарым-қатынастың орнауына кедергі келтіреді. Тіпті мұндай жағдаятта өзара шығармашылық тұрғыдағы қарым-қатынас туралы ойлау да мүмкін емес.

Дидактикалық риторика (мектеп риторикасы) риторикалық ойлау кезеңімен біртұтастықта пайда болған. Сократ, Платон, Аристотельдердің өздері оқыту үрдісін диалог тұрғысында, тіпті жиірек талас

тұрғысында жүргізген. Онда өзара пікірталмасу үдерісі шешендік іс-әрекет күйінде ұйымдастырылған. Бұнда әрбір реплика ойлау үрдісінің бірден- бір белгісін қамтыды, сондай-ақ бұл бір мезгілде әрбір диалогшының нақтылы өзіндік көзқарасы танылуына бағытталды. Орта ғасырлық академиялық шешендік – риториканың осы кезеңдегі маңызды аспектісі. Ал риториканың өзі сол кезеңдегі барлық университеттерде оқылатын бірден-бір ғылыми пән болды. Оның басты өзегі - адамның өзін сөзі арқылы танытуы. Сәйкесінше орта ғасырлық ғалымдар да адамның осы тұрғыда өзіндік дамуының қалыптасуына, өзін-өзі танытуға баулыды. Демек, зерттеушілерге сүйенсек, антикалық дәуірде-ақ риториканың өзі бірегей "философия" ретінде танылды, ал орта ғасырлық дәуірде бұл зат атаулының мәні ғана емес, сөз мәнін ұғушы адамның қоршаған әлемді бейнелеуі болып танылады.

"Сөз мағынасының тұңғығына терең бойлай білгейсіз, сонда сіз адасудан мына жарық дүниені жартылай құтқарасыз", - деп сипаттайды Р.Декарт. Демек, дидактикалық риториканың дамуының әр түрлі кезеңдерінде сөз мағынасын анықтауға және оның ойды білдіруге әрі жүзеге асыруға ешбір кедергі болмауы, қайта, керісінше, оның дәл жеткізілуіне, ұсынылуына бірден-бір себепкер болуына баса мән беріледі. Сөз - қоршаған әлемге қаратылған терезе, қоршаған ортаға бізді танытушы. Бірақ бұл терезенің бізге таныс әрі жақын не бейтаныс та сырт кеңістікті бөле-жара танытуға жасар қызметін ескермей жатамыз. Сондай-ақ тілдік қарым-қатынасқа қатысушыларды айырып көрсетерліктей, сөз айқындылығы, мағыналық анықтығы мезетте-ақ құбылып отыруы әбден заңды. Олар бір қарағанда бір-біріне түсінікті де қарапайым көрінетін ортақ мәселе туралы айтып отырғанмен, олардың әрқайсысы "өзіндік тілмен" көрініс бермек. Педагогикалық риторика – оқушылармен арадағы өзара түсіністіктің жоқтығына жиірек өкініш білдіретін педагогтарға бірден-бір аса қажетті өз ойын мейлінше түсінікті білдіру мен оны мейлінше дәл түсіну мүмкіндігі. Ал мұның себеп-салдары қос коммуникантқа да, олардың қолданар сөздеріне де, дәлірек айтсақ, сөздердің орналасу ретіне, әрқайсысының қилы сөздеріне байланысты қалыптасқан ассоциациясының жекелік жүйесіне де тірелуі мүмкін. Мәселен, бүгінде бізге жекелеген сөз атаулы адамның көңіл-күйіне, қалпына белгілі-бір деңгейде әсер етері аян. Ал педагог үшін мұның мәні әлдеқайда тереңірек, себебі ол әрдайым оқушымен өзара түсінісуге, жағдаятты тиімді қабылдауға ұмтылары даусыз. Сонымен, бүгінде педагог атаулы педагогикалық риторика ілімінен, оның заңдылықтары мен қағидаларынан хабардар болуы керек дейміз. Ендеше алғашқы кезекте педагог маманның шешендік дағдыларын қалыптастыру шарттарын анықтап алған жөн.

Бүгінгі қоғамда сөйлеу мәдениеті проблемасы бары анық. Ал педагог маманның сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда ойланар тұстар да жеткілікті. Жалпы кез келген оқытушы-педагогтың сөзі жұртты ұйғытып, тыңдаушылардың, соның ішінде оқушылардың айызын қандыруы тиіс. Ондай сөзді тыңдай беруден есте ешкім жалықпасы да айқын. Өкініштісі - көп тұста педагог мамандарымыздың сөзі әсерсіз, нәрсіз келіп, тыңдаушысын мезі етіп жіберетіндігі. Осыған сәйкес мұның өзі сөздің коммуникативтік сапасы, қысқаша айтқанда, сөз сапасы деген аса күрделі ұғыммен тығыз бірлікте. Ал сөздің коммуникативтік сапасы сөз байлығы, сөз дәлдігі, сөз дұрыстығы, сөз тазалығы, сөз әдеби секілді белгілерімен танылмақ. Мәселен, болашақ педагог маманның оралымды тіліне қойылар талаптың бірі – сөз байлығының болуы. Сөзі жұтаңның ойы да таяз көрінбек. Соның салдарынан мақсатсыз қайталау да көп болмақ. Орынсыз қайталау тілдің коммуникативтік сапасын күрт төмендетіп, ойды дәл, мазмұнды жеткізуге кедергі болмақ, нәтижеде аз сөзбен көп мағына беру қағидаты бұзылары ақиқат. Бұл ретте сөздің коммуникативтік сапасынан туындата өрсек, бүгінгі болашақ педагог маманның сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бағытында көп нәрсе айтуымызға болады. Ең алдымен, мәлімделер түйінді тезис – бүгінгі зиялы қауым сапына енер кәсіби педагог мамандардың татымсыз, нашар сөйлеуі, яғни, олардың бойында шешен сөйлеу дағдыларының болмауы - сауатсыз адамның оқи, жаза алмауымен бірдей екендігі.

Ал тарата айтсақ, бүгінгі кәсіби педагог маман атаулыда қашан да тыңдаушы қауымға әсер ете сендіре білу дағдысының болуы абзал. Осы тұрғылас дағдыларды игеру үшін әр маманға педагогикалық риторика қағидаларын білу міндетті. Жарқын да бейнелі, тартымды сөйлей білуге, өзіндік сөйлеу стилін қалыптастыруға, ішкі табиғи қалып, ерекшелік және икемділіктерді ескере келе, өзіндік сенімділікті қоюлатуға ұмтылу дұрыс. Белгілі бір ой ұшығын тыңдаушыларға жеткізе отырып, олардың бойында қажетті әсер қалдыру үшін ерік күші, темперамент және тер төге еңбек ету керек-ақ. Ал тақырыпқа сай аудитория алдында сөйлеу кәсіби педагог маманнан психологиялық әзірлік пен алдын-ала жаттығуды талап етері даусыз. Егер де кәсіби педагог маман сөйлеуге тиісті тақырыбына қатыссыз барлық қам-қарекеттер мен қажетсіз ойлардан арыла білсе, алға қойған мақсатты межеге тез жетері анық. Тек осындай қалыпта ғана ол аудиторияға әсер етіп, көпшілікті өзіндік көзқарасының дұрыстығына иландыра алады. Өкінішке орай, көпшілік жағдайда педагог мамандар не айтарын жақсы біле тұрса да, өз ой-түйіндерін тыңдаушыларына дәл де дөп жеткізе білмейді. Басты себеп, сөйлеушінің іскери әдістемелік жағынан әзірлігінің кемшіндігі, тыңдаушылардың қабылдау ерекшеліктерімен таныс еместігі, аудиториямен қарым-қатынас дағдыларын игермегендігі.

Біздіңше, риторикалық мәдениеттің жүзеге асуы қазіргі таңда бірден-бір ерекше мәнге ие. Бастысы - риторикалық мәдениет бағалау-бағдарлау бағытындағы ойлана сөйлеу іс-әрекетін айқындайтындығы. Риторикалық мәдениетті өз бойына дарыта білген жас маман рухани тұлға және айқын да жарқын индивидтік қалыпта көрінбек. Бұл іспетті рухани өзін-өзі жетілдірудің материалдық

жағын қанағаттандыру мен өндірістік өсу қарқынының адамзат санасында жаңаша көрініс табуы, қоғам мен жеке тұлға турасында берілер әлеуметтік бағаның өзгеруі күн тәртібіндегі риторикалық мәдениеттің қалыптасу ерекшелігін де айқындамақ. Бұл бағыттағы мәселенің оң шешім табуы адамдардың тұрмыси құндылықтардан рухани құндылықтарға қайта бағдар ұстануы негізіндегі адамзаттың ішкі жан дүниесінің қайта жаңғыруы жолымен жүзеге аспақ. Демек, қазіргі заманның ғаламдық проблемасы - бұл таза экономикалық, саяси не ғылыми проблемалар емес, ең алдымен адамгершілік-рухани проблемаларда. Ал мұндай жағдайда кәсіби мәдениет контекстіндегі оқытушы-педагогтың риторикалық тұлғасының қалыптасуы, біздің пайымдауымызша, бәсекеге қабілетті интеллектуалды ұлт келешегін тәрбиелеудің, адамды өзгертудің, оның рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен ілгері дамып жетілуінің тиімді алғы шарттарының бірегейі.

Ал кәсіби мәдениет контекстіндегі оқытушы-педагогтың бойына риторикалық мәдениетке қатысты білік, дағдыларды қалай жұғысты етпекпіз. Басты жолы – кешенді тұрғыда қолданбалы риторика ғылымының негізгі қағидаларын игеру арқылы. Біздіңше, риторика курсына оқытуда қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдениеті және ұлттық менталитетімізбен байланысты шынайылыққа, ізгілік пен әдемілікке ұмтылуға бағытталған жастарымыздың ойлана сөйлей білу білік-дағдыларын, қабілет-қарымын дамытуды көздейтін аталмыш саланың (риториканың) кешенді қалыптағы интеграцияланған пән екендігі туралы түсініктен туындата білген дұрыс. Сондай-ақ, риторикалық мәдениетті, риторикалық біліктілікті қалыптастыру - бұл тек оқытудағы бір ғана бағыт емес, сонымен бірге өзге де оқыту пәндеріне әсер ету құралы да, интеллектуалдық және эмоциональдық тұрғыда жетіле дамудың тиімділігін қамтамасыз ететін, әлі де тереңірек айтсақ, студент-жастардың әлеуметтік тұрғыда бейімделуінің тиімді жүруіне бірден-бір қажетті алғы шарт та [3; 6; 7; 8].

Ал педагог-ритордың кәсіби мәдениетін шыңдай түсуде, оның риторикалық тұлғасын қалыптастыруда аса өзекті болып табылатын риториканы педагогикалық технологи ретінде, яғни, сабақ жағдаятында нақтылы қолдану мәселесін тілге тиек етсек, ең алдымен, риторикалық технология негізінде құрылған сабақтың дәстүрлі сабақтардан айырмашылығына назар аудару жөн. Жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, егер де оқытушы-педагог риторикалық тұрғыда ойланар болса, онда оның санасында риториканың әрбір қағидаты педагогикалық іс-әрекеттің нақтылы бір бағыты ретінде түйінделеді. Бұл орайда ескерілер бірнеше қағидаларды баса атар едік. *Біріншіден*, нені, қалай, неге оқытуды дамытуға негізделген үдерістің біртұтастық деңгейін жүзеге асырар *тұжырымдамалық (концептуальдылық)* қағидасын қамтамасыз етеді. Басқаша айтсақ, шәкіртті дамыту құралы ретінде оқу пәнін, оқыту тұжырымдамасын әзірлей отырып, оқытушы өзінің оқу пәнінің құралдары арқылы шәкірт атаулының бірте-бірте, кезең-кезеңімен дамитын тұлғалық сапалық қасиеттерін қалыптастырудың біртұтас көрінісін талқылап әзірлейді. Бұның бәрі оқыту үдерісін жан-жақты терең ойластыруды әрі нәтижелі келешегін болжауды қажет етеді. Түйіндей айтсақ, жалпы (тұжырымдамалы) дамудың бағыты тіпті де әрбір сабақ сәтін де сүзгіден өткізе бағдарлауды аңғартады, ал бұл әр қилы нақтылы өзіндік көріністермен айқындала жүзеге аспақ. Мәселен, өз тарапымыздан жүргізілген зерттеулер сабақтың адамның біртұтастықта дамуын көздеуі мақсатты оқытудың бірегей тұжырымдамалық жүйесінің құрамды бөлігі болған жағдайда ғана дамытушы бағытқа ие екендігі жөнінде түйін жасауға мүмкіндік береді. Бұл орайда А.Маслоу: «Демократиялық қоғамдағы білім әрбір тұлғаның адамдық сапалық қасиеттерін толық жүзеге асыруға көмекші рөл атқармақ, басқаша болуы мүмкін емес [2]», - деп түйіндейді. Осы жүйеде педагогикалық үрдістің дамытушылық бағытын жүзеге асыру оқытушының студентті дамытудың құралы ретіндегі пәнді оқыту тұжырымдамасының талдамасын әзірлемей жүргізуі мүмкін еместігін баса ескеруі қажет, сондықтан да қазіргі педагогикалық іс-әрекетте оқытудың тұжырымдамасын әзірлеу аса маңызды әрі өте қажетті талаптар сапында. *Екіншіден*, *аудиторияны модельдеу қағидасы* оқыту мен тәрбиеге тұлғалық және жеке бағдарлы бағытты қамтамасыз етеді. Мұның мәні студенттердің ілгеріде саналы да сауатты өзіндік кәсіптік кәсіби өрлеуін жасауы, өз жаратылысын тануы, социумнан өз орнын табуына жәрдемдесер жалпы мәдени және танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін психологиялық және әдістемелік тұрғыда көмек көрсетуіне негізделеді. Сондай-ақ, аталған көмек түрі студенттердің қажетті ақпаратты тиімді меңгеруін қамтамасыз етумен айқындалады. Айтылғандардың бәрі шынайы да нақтылы жүзеге асуы үшін, ең бастысы - студентті тұтастықта меңгерудің, түсіне білудің қажеттілігі айқын. Бұған, практика нәтижесі көрсеткендей, аудиторияны модельдеу қағидасы мейлінше құзіреттілікті тұрғыда мүмкіндік береді. *Үшіншіден*, *стратегиялық тұрғыда болжам жасау қағидасы* педагогикалық үдерістің проблемалық сипатын айқындайды. Ол проблемалық сабақтың үш түрі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. *Біріншіден*, *проблемалық-зерттеушілік*, бұның ерекше басты белгісі - студенттердің қажетті іс-әрекеттердің бәрін де өз беттерімен орындауы (проблеманың ашылуы, оның қалыптасуы, шешім нұсқаларын іздеуі, тиімді шешім нұсқаларын жүйелеуі). *Екіншіден*, *проблемалы-ізденістік*, басты ерекшелігі сол - оқытушы студенттерге проблеманы ұсынады, өзі қалыптастырады, ал студенттер шешу жолдарын және тиімді жүйелеу нұсқаларын іздейді. *Үшіншіден*, *проблемалы- жинақтаушылық*, мұның мәні мынада: оқытушы проблеманы табады, оны қалыптастырады, шешудің бірнеше нұсқалы жолдарын ұсынады, ал студенттер қорытындылайды, тиімді нұсқаны туындатады. Демек, оқытудың проблемалық әдісі оқытушы мен студент қатынасын түбірімен өзгертеді, бұнда – оқытушы мен студент оқу

проблемаларын бірлесіп іздеу жолында ынтымақтаса жұмыс жасайды. Оқытушы - ізденісті ұйымдастырушы, студент – оның белсенді көмекшісі, яғни, бұл жағдайда оқытушының міндеті - өз шәкірттерінің интеллектуальды-эмоциональды құлшынысын туғызу және үнемі қолдап отыру. Студент міндеті - белгілі бір шешімге өзі қол жеткізуге ұмтылу. Оқытудың проблемалық әдісі авторитарлық-иерархиялық байланыс нәтижесі ретіндегі оқытушы мен студенттің арасындағы бос мағынасыз кеңістікті тазартады. Проблемалық әдіс студенттен белгілі бір жеке ұмтылысты, күш-жігерді талап етеді, ол оқылып жатқан пәннің мағыналық тұсына үңіле ойланудан туындайды, яғни, бұл ретте пән атаулы адам мен шындықты бөле-жармай адами шындықты аңғартады. Қысқасы, таным пәні мен таным субъектісі жалпы мәдениеттанушылық кеңістіктегі бірлікте көрінеді. Ендеше, стратегиялық тұрғыда болжам жасау қағидасы проблемалық сабақтардың құрылымына мейлінше тиімді технологияны ұсынады, ал бұл риториканы қазіргі білім беру саласындағы маңызды құрылым ретінде қарауға әкеледі. *Төртіншіден, тактикалық тұрғыдағы үйлесім қағидасы* аудиторияға әсер етудің тиімді құралдарын (өзара түсіну, ынтымақтаса қимылдауға бейімдейтін аргументация мен педагогика) қолдануды қамтамасыз етеді, яғни, риторикалық мәдениет аспектісінде құрылған сабақ барысында оқытушы сендіруге, иландыруға, дәлелдеуге, әсерлендіруге тиіс, бірақ оған студентті зорлауға, мәжбүрлеуге болмайды. Тактикалық тұрғыдағы үйлесім қағидасы педагогикалық стратегияны мәжбүрлеу педагогикасынан диалог, қарым-қатынас, түсінісу, ынтымақтастық педагогикасына өзгертуге бейімділікті аңғартады. *Бесіншіден, сөздік шығармашылық қағидасы* оқытушының қандай пәнді (гуманитарлық немесе гуманитарлық емес) оқытарлығына байланыссыз сөйлеу сапасына қатысты жүйелі жұмыстарды қамтиды. Сабақ барысында тактикалық тұрғыдағы үйлесім және сөздік шығармашылық қағидаларын қолдану кейін жалғандыққа, екіжүзділікке ұласар бағынушылықты, тыңдаушылықты және жалған қорқыныш тудыратын агрессиялы сөйлеу тонын жоюға белсенді тұрғыда септеседі. *Алтыншыдан, қарым-қатынас қағидасы* сабақ құрылымының диалогты негізін қамтамасыз етеді. Яғни, бірден-бір субъект-субъектілік байланысы туындайтын және жүзеге асырылатын, әркім өз пікірін айтуға құқылы және әрқайсысы тыңдалатындай, бірде-бір көзқарас жоққа шығарылмайтындай, кез келген пікірдегі бағалы тұс ескерілетіндей бірлескен ойласу, шығармашылық ауаны (атмосфера) күйіндегі шынайы өзара түсіністік жағдайын туындататын қарым-қатынас сабағы. Диалог-сабақ – бұл сенім мен жақсылық тілеу ауаны жайылған, оқылғанды жаттанды қайталауға, дәлірек айтсақ, жаттанды ақпаратқа орын берілмеген, диалогқа қатысушылардың ойталқысы үдерісінде туындаған жанды ой-түйін сайран салған сабақ. Қарым-қатынас қағидасы оқытушыға диалог формасын оқытушы мен студенттің күнделікті амалы ретіндегі сабақ атаулының басқа емес, күнделікті оқиға болғандықтан да сабақтың жүргізілу құралы тұрғысында тануға жетелейді. *Жетіншіден, жүйелік-аналитикалық қағидасы* міндетті түрде рефлексияны қолдануды қамтамасыз етеді. Осының негізінде оқытушы студенттерімен бірлескен қалыпта дәл осы мезетте, кейінге қалдырмастан сабақ сапасын бағдарлайды (Осы сабақ неге керек, ол несімен тиімді, сабақ барысында неге қол жеткізілді, неге қол жеткізілмеді, қандай жолмен сабақты жетілдіруге болады? т.б.). Риториканың аталмыш қағидасы сабақты оқытушы мен студенттердің бірлескен өзара ойласу, ұйымдасу үрдісіне айналдырады, яғни, сабақ оған қатысушылардың ортақ мағыналы іс-әрекеті тұрғысында танылады. Тиісінше, көпшілік жағдайдағы, біздің түсінігімізше, сабақ үстіндегі іс-әрекеттер тек жалқы оқытушылар үшін ғана емес, жалпы студенттер үшін де қажетті құндылықтар сапына енебек. Рефлексия көмегіне жүтінген сабақтар оқытушы мен студенттердің бірлескен үлгідегі шығармашылығы тұрғысында қалыптасады. Сондай-ақ, рефлексия өткізілген сабақты алдыңғы кезекте өтілген сабақтардан бөлектей отырып, бұрынғы меңгерілген, анықталған мағыналы түйіндерді толықтыра түсу көзқарасы тұрғысында оқу үрдісін жүйелеуге жәрдемдеседі [2; 3; 9].

Жинақтай айтсақ, риториканың әрбір қағидасы сабақ барысында нақтылы көрініс табар болса, сабақ атаулы жандырақ өтпек, шәкірт атаулыда белсенділік, құлшыныс еселеп артпак, ал бұл іспетті сабақтар оның пәндік мазмұнының қандай болуына қарамастан (тілдік, математикалық, химиялық, әдебиеттік, т.с.с.) риторикалық сабақтар есептелмек. Ал риторикалық технология негізінде құрылған сандаған сабақтарға қатысып, талдай келе, риторикалық сабақтарға төмендегідей сипаттар тән деуге болар еді: *зерттеушілік сабақ; дамыту сабағы; бағалау-бағдарлау сабағы, т.б.* Демек, сабақтарды риторикалық негізде құру дегеніміз - білім берудің іс-әрекет үстіндегі негізділігі әрі күрделілігі (фундаментализациясы), адамға тән ізгілігі (гуманизациясы және гуманитаризациясы) деп мейлінше сенімді түрде түйіндеуге болады. Бұл оқу үдерісіндегі риторикалық технологияның кәсіби мәдениет контекстіндегі оқытушы-педагогтың риторикалық тұлғасын қалыптастырудағы ұтымды саты екенін айқындайды.

Әдебиеттер:

1. Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // «Egemen Qazaqstan» газеті, № 52, 17 наурыз 2022 ж., - 1-5-б.б.
2. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану: Оқу құралы бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы жоғары оқу орнының филология бөлімінің студенттері үшін дайындалған (Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы). - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың редакциялық баспа орталығы, 2014. - 208 б.

3. Балтабаева Ж.Қ., Есенова Қ.Ө., Қыдыршаев А.С. Педагогикалық риторика: Типтік оқу бағдарламасы (Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Республикалық оқу-әдістемелік секциясының талқылауымен ұсынылған). - Алматы, 2016. - 14 б.
4. Мурашов А. А. Речевой аспект профессионального имиджа педагога // Образовательные технологии. - 2013. - №2. - С. 140-144 .
5. Методика ораторского мастерства учителя / Сост. А.А. Калужный, Г.И. Унгарбаева. - Актыобинск, 1992. - 96 с.
6. Булатова О.С. Педагогический артистизм: Учеб. пособие. М.: Изд. центр «Академия», 2001. - 240 с.
7. Мурашов А. А. Речевое мастерство учителя: Педагогическая риторика. - М., 1999. - 205 с.
8. Михальская А.К. Педагогическая риторика: история и теория. - М., 1998. - 420 с.
9. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары): Оқу құралы. - Орал: Полиграфсервис, 2017. - 364 б.

ӘОЖ 811.111

ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУҒА ОҚИТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

А.Максимқызы

4-курс студенті

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
e-mail: amaksimkyzy@gmail.com

Аннотация: Бүгінде Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік саясат белсенді түрде қалыптасуда. Республикада білім беруді демократияландыру мен ізгілендіруді, осы саланы басқаруды орталықсыздандыруды қамтамасыз ететін нормалар белгіленіп отыр. Бұл жағдай білім берудің басты міндетін шешуге – ұлттық және әлемдік мәдениет, ұлтаралық және халықаралық тілдерді, жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеру, оқыту тілі мен оқу орнының типін таңдау еркіндігі негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасауға бағдарланады.

Қазіргі уақытта шет тілдерін үйрену қазіргі адам өмірінің маңызды аспектісі болып табылады. Ол бізге басқа елдердің мәдениеті мен салт-дәстүрлерімен танысуға мүмкіндік береді, ойлау, қиял мен есте сақтау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Шетел тілі, соның ішінде ағылшын тілі өмірдің көптеген салаларында (ғылым, саясат, мәдениет, өнер және т.б.) мемлекеттердің бір-бірімен тиімді өзара әрекеттесуі үшін қажет. Қазіргі заманда шет тілін білу - кәсіби құзыреттілік шарттарының бірі.

Today, the state policy in the field of education is being actively formed in the Republic of Kazakhstan. The country establishes norms that ensure the democratization and humanization of education, the decentralization of management of this sphere. This situation will be focused on solving the main task of education – creating the necessary conditions for the formation and development of personality on the basis of national and world culture, mastering interethnic and international languages, universal values, freedom to choose the language of instruction and the type of educational institution.

Currently, the study of foreign languages is an important aspect of the life of a modern person. It allows us to get acquainted with the culture and traditions of other countries, promotes the development of thinking, imagination and memory. Knowing foreign language, especially English, is necessary for effective interaction of states with each other in many spheres of life (science, politics, culture, art, etc.). Knowledge of a foreign language in the modern world is one of the conditions of professional competence.

Кілт сөздер: қарым-қатынас, оқушы, мұғалім, пікір, ағылшын тілі сабағы.

Кіріспе:

Адам баласы дүниеге келгеннен анасының жылы сөздеріне жауап беруге тырысады. Біздің өміріміздегі қарым-қатынастың маңызы үлкен. Оқушы ұстазынан тапсырманы дұрыс орындағанын сұраған кезде, оқушылар өз пікірлерімен және ойларымен бөлісу мақсатында конференцияларда сөз сөйлегенде, оқушылар көрген көркемфильмдары туралы эмоцияларын достарымен бөліскен кезде – барлық уақытта біз оқушылардың басқа білім алушылар немесе ұстаздармен болып жатқан қарым-қатынас. Қарым-қатынастың басты мақсаты – адамдардың бір-бірімен ақпарат, эмоция және ойларымен алмасуы.

Мұғалім оқушыларымен араласуы арқылы немесе сынып ішіндегі қарым-қатынас құру арқылы сол шәкірттерінің пәндік, білімділік және эмоцияларына тікелей әсер көрсете алады [1,145]. Осылайша

бұл қарым-қатынас педагогикалық қарым-қатынасқа айналады. Сонымен қатар, қарым-қатынас бұл сабақ барысында жүзеге асырылатын барлық іс-әрекеттің маңызды әрі қажетті бөлшегі болып келеді. Оқушы міндетті түрде өзінің сыныптастарымен қарым-қатынасқа түседі және оның өзіндік ықпалы болады: сабақ барысында пікірлерімен бөлісіп, оны талқылайды; басқа оқушылардың өзі туралы пікірі қызықтырады және олар оны қалай бағалайтынын білгісі келеді, яғни қарым-қатынас тек қана сабақ оқу үрдісіне қатыспайды, сонымен қатар сынып ішіндегі эмоционалдық көңіл-күйге де әсер етеді.

Көптеген ұлы педагогтар қарым-қатынас өте көп көңіл бөлген. Мысалы, И.Ф.Герbart адам баласының бар білімінің екі қайнар көзі бар деп ойлаған. Олар – тәжірибе және қарым-қатынас. Адам өмір бойы өзін түсінуге тырысады, ал түсінікке тек тәжірибе арқылы келеді, тәжірибе алу үшін қарым-қатынас керек. Герbart білім беруде гуманизмге сүйенген, сондықтан барлық мектептерде қарым-қатынасты ең маңызды нысан ретінде қарастырған.

К.Д.Ушинскийдің үшін қарым-қатынас тәрбие берудің амалы болып саналған. Ол «қарым-қатынас» деген ұғымды қолданбай, бала өміріндегі мектептегі және отбасындағы байланыстардың маңыздылығын атайды [1,143].

XX ғасырдың танымал педагогтары С.Т.Шацкий, А.С.Макаренко, В.А.Сухомилинский және басқалары да қарым-қатынастың маңыздылығына жоғары назар аударған. А.С.Макаренко тіпті өзінің мектептегі тәрбие берудің қиындықтары сөз қозған кезде қоғамдағы қарым-қатынастың қалай жүргізілетініне ата өтеді. Содан кейінгі отыз жылда (1940-1970жж) қарым-қатынасқа көп көңіл бөлінбесе, 1980-1990 жылдары қарым-қатынас феноменге айналады. «Краткий словарь педагогического словаря пропагандиста» (1984ж) сөздігінде М.И.Кондакова мен А.С.Вишнякова «қарым-қатынас»сөзіне анықтама ретінде «адамдар арасындағы қарым-қатынас, олардың әрқайсысының өмір сүруінің және дамуының негізгі шарты мен амалы» деп көрсетеді. 1984ж. А.В.Мудриктің «Общение как фактор воспитания школьника» кітабы жарыққа шықса, В.А.Сластениннің «Педагогика» атты еңбегінде қарым-қатынасқа «Технология педагогического общения и установления педагогически целесообразных отношений» атты тарауға арналып жазылған.

Тақырыпша: Қарым-қатынас түрлері.

Қарым-қатынас оған қатысушылар сипатына қарай бөлінеді [2,17]:

- жеке адамдар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас;
- жеке адам және топ арасындағы қарым-қатынасы;
- топтардың өзара қарым-қатынасы.

Жеке адамдар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас – жеке тұлғалардың өзара досық, жолдастық қарым-қатынастары. Адамдардың қызығушылығына, жеке мақсаттарына байланысты өзара әрекеттесуі. Осы қарым-қатынаста жеке және топтық міндеттер мен мақсаттар шешіледі.

Тұлғааралық қарым-қатынаста адам өзгені танып қана қоймай, сонымен қатар өзі жөніндегі мәліметтерді де меңгереді. Қарым-қатынаста адам неғұрлым ашық болса, ол туралы пікірлер де соғұрлым жан-жақты болады.

Жеке адам және топ арасындағы қарым-қатынас – бұл бір жағы жеке адам, екінші жағы топ, ұжым болғанда туындайтын қарым-қатынас. Бұл қарым-қатынас түрі, әсіресе жетекші мен топтың, басшы мен ұжымның өзара қарым-қатынасы кезінде жақсы байқалады.

Өзара топтық қарым-қатынас – бұл екі қауымдастықтың өзара әрекеттесуі кезінде пайда болатын қарым-қатынас. Бұған командалық жарыстар, сайыстар мысал бола алады.

Барлық қарым-қатынас түрлерінің үш жағы болады [2,18]:

- коммуникативтік,
- перцептік,
- интерактивтік.

Коммуникативтік жағы – қарым-қатынас арқылы адамдар бір-бірінің ойын, мақсатын, өмірлік бет алысын айыруға тырысады. Бұл процестің құралына сөз, сөйлеудегі ырғақ мимика (бет, ауыздың әртүрлі қимылы), пантомимика (бүкіл денедегі әртүрлі қимыл), ым-ишаралар жатады. Коммуникативтік қарым-қатынаста адамдар көңіл күймен, сезімдермен, түрлі идеялармен, қызығушылықтармен, талғамдармен, т.б. өзара бөлісіп, мәлімет алмасып, қажетті хабарламалар алады.

Интерактивтік жағы – бұл адамдардың бірігіп қызмет жасау мақсатында стратегиялық жоспар құруы. Интерактивті қарым-қатынаста адамдардың бір-бірімен мәлімет алмасып, өзара түсінушілікке қол жеткізуімен шектелуі жеткіліксіз. Қарым-қатынастың бұл түрінде ортақ іс-әрекетті жоспарлау, оны бірлесіп жүзеге асыру жолдары мен формаларын белгілеу, нормаларын қалыптастыру, қарым-қатынастың түрлерін талдау және қарым-қатынасқа түсушілердің жетекші мотивтерін қарастыру маңызды.

Түрлі зерттеулер нәтижесі көрсеткен адамның өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсуінің маңызды әлеуметтік мотивтері [2,18]:

- Ортақ жетістікті барынша көтеру (кооперация мотиві);
- Өзінің жетістігін барынша көтеру (индивидуализм);
- Салыстырмалы жетістікті барынша көтеру мотиві (конкуренция);
- Басқаның жетістігін барынша көтеру (альтруизм);

- Басқаның жетістігін барынша төмендету (агрессия);
- Жетістіктердегі айырмашылықты неғұрлым төмендету (теңдік).

Перцептік жағы – қарым-қатынасқа түсіп тұрған адамдардың бір-біріне сеніп, өзара түсінісіп, бірін-бірі адекватты қабылдауы. Бұл қарым-қатынастың өте маңызды жағы. Адамдар бір-бірін қалай қабылдаса, олардың өзара қарым-қатынасы да солай орнайды. Яғни, бір-бірін қабылдағанына сәйкес өзара қарым-қатынас орнатады.

Тақырыпша: Тілді коммуникативті оқыту технологиясы теориялары.

Тілді коммуникативті оқыту технологиясының (Communicative Language Teaching немесе CLT) 1960 жылдары британдық дәстүрлі білім беру жүйесінің өзгерісінен бастау алады. [3,64] Осыған дейін Ұлыбританияда ағылшын тілін екінші шетел тілін беру ситуациялық оқыту технологиясына (Situational Language Teaching немесе SLT) негізделген болатын. Ситуациялық оқыту технологиясында тілдің базалық құрылымы әртүрлі жағдаяттар үдерісі кезінде үйретіледі, бірақ 1960 жылдардың ортаысында АҚШ-та аудиолингвизм сияқты ситуациялық оқыту технологиясы да қабылданбады. Британдық ғалымдар мен педагогтар тілді ситуациялық оқыту технологиясының теорияларына күмән келтіре бастады.

Тілді коммуникативті оқыту технологиясына негізделген көптеген теориялар болды. Тілді оқытудағы коммуникативті тәсіл тіл теориясынан «тіл – коммуникация құралы» ретінде туындайды. Д.Хаймстың пікірінше, тілді оқытудың мақсаты - коммуникативті құзыреттілікті дамыту [3,69]. Д.Хаймс бұл пікірді тілге артылған коммуникациялық міндет пен Н.Хомскийдің құзыреттілік теориясын қара-қарсы қою мақсатында дамытқан. Н.Хомскийдің негізгі зерттеуінде белгілі бір тілде сөйлей алатын адамдардың дұрыс грамматикалық сөйлем құрастыруға көмектесетін абстрактті қабілеттері болды. Д.Хаймс бұл теорияны сәтсіз деп қарастырып, лингвистикалық теорияны қарым-қатынас пен мәдениетті қосатын жалпы теорияның бөлшегі ретінде қарастыру керек екендігін атап өтеді. Д.Хаймстың коммуникативтік құзыреттілік теориясы адам баласы шет тілде сөйлетін қоғамда қарым-қатынас құру үшін нені білуі керек екендігіне негізделеді. Оның ойынша, коммуникативтік құзыреттілікке ие болған тіл үйренуші білімді де, тілді құрметтеуді де үйренеді.

Д.Хаймстың теориясын М.Халлидей де толықтырады. Ол: «Лингвистика сөйлеу формасы немесе мәтіндерді сипаттаумен айналысады, тілді үйрену кезінде ғана тілдің барлық қызметтері қарастырылады,» - деп атап өтеді [3,70]. М.Халлидейдің елеулі еңбектері тілді коммуникативті оқыту технология туралы зерттеу жүргізген лингвисттерге үлкен арқау болды. Осы технология туралы Г.Виддоусон ‘Teaching Language as a Communication’ атты жұмысында сөз қозғап, лингвистикалық жүйе және мәтін мен әңгімелесудегі құндылық арасындағы байланысты қарастырады. Ол қарым-қатынасты тілді әртүрлі мақсатта қолдана алу мүмкіндіктеріне негіз бола алатын пікірді негізге ұстанады.

Басқа да лингвисттер тілді коммуникативті оқыту технологиясы туралы зерттеулер жүргізеді. Соның ішінде С.Савиньон шет тілін екінші шет тілі ретінде үйрену бойынша зерттеулер жасайды. Ол тіл үйрену кезіндегі лингвистикалық, когнитивті және жеке үйренуші бойындағы қасиеттерді анықтайды. Сонымен қоса, К.Джонсон мен У.Литтлвуд тілді коммуникативті оқыту технологиясымен бірге жұмыс жасай алатын дағдылық оқыту жүйесін (Skill-learning Model of Learning) қарастырады [3,72]. Бұл когнитивті және мінез-құлықтық құбылыстарды өзіне жинастырады. Осылайша бұл теория практиканы коммуникативтік дағдыларды дамыту мақсатында қолдануды қолдайды.

Тақырыпша: Әртүрлі жастағы балалардың қарым-қатынас ерекшелігі.

Заманауи психологияда қарым-қатынас “арақатынас” сөзіне синоним ретінде қарастырылады. Философиялық сөздіктерде “арақатынас” сөзі «екіжақты әсер ету үдерісісі», «материалды нысандар мен құбылыстар арасындағы байланыс пен қарым-қатынас» деп көрсетіледі.

Әртүрлі жастағы балалардың, жасөспірімдердің және ересек адамдардың қарым-қатынасы әртүрлі факторлар бойынша ерекшеленеді. А.В.Мудрик өзінің «Общение как фактор воспитания школьников» атты еңбегінде осы мәселеге көп көңіл бөледі. Ол оқушылардың қарым-қатынасын жасына қарай бөліну түрлерін ұсынады[4]. Осы арқылы тәрбиелеу және білім беру мақсатында қарым-қатынасты қолдану үдерісін толығырақ айқындайды.

17 жасқа дейін оқушылардың қарым-қатынасының негізі қоршаған ортаға, өзге адамдар мен өзіне деген қызығушылығын қамтиды. А.В.Мудрик қарым-қатынас құрылымы туындайтын төрт негізгі құбылысты атап өтеді:

- 1) Болмыс туралы жағы (эстетикалық орта, тыныс- тіршілік амалдары мен құрамы);
- 2) Өмірдегі оқиғалық жағы (отбасының, сыныптастарының, туыстарының, т.б. өмірі, естеліктер, жоспарлар);
- 3) Эмоционалды сәттер жағы (әсерлер, толқулар, көңіл-күй);
- 4) Адамгершілік мәселелер жағы (адамдар арасындағы қарым-қатынас, өмірлік жоспарлар, өмірдің мағынасы).

Әртүрлі жастық кезендерде бұл құбылыстардың мөлшері әрі құрамы бірдей деңгейде бола бермейді. Олар сол жас ерекшелігіне сәйкес келіп, өмірдегі болып жатқан сәттерге негізделеді, яғни сол сәттердегі эмоциялар тікелей әсер етеді.

Мектепке дейінгі жаста баланың қарым-қатынасына нақты баға беру қиын. Өмірінің алғашқы

кезеңдерінде ол анасымен ең тығыз қарым-қатынаста болып, анасымен ұзақ көріспеген кезде негативті эмоцияларды сезінеді. Екі жасынан кейін анасымен эмоционалды қарым-қатынасты көп талап етпейді, ал 6-7 жастан ол құрдастарымен және ересек адамдармен қарым-қатынас құруға тырысады. Жасөспірімділік кезеңі 5-7 сынып оқушыларына тән және осы сәтте өзінің тұлға ретінде қалыптасуы маңызды болып келеді.

Жоғарғы сынып оқушыларына көбірек тоқталып өтейік. Бұл кезеңде бала үшін өзіне маңызды деген қарым-қатынастағы субъект рөлі маңызды. 9-11 сынып оқушыларының қарым-қатынасының негізгі әрі үлкен бөлігі – олардың болашағы. Олар мамандық таңдау, отбасылық және адамгершілік тақырыптарында ойларын бөлісе бастайды. Жоғарғы сынып оқушыларын сурет өнері, политика, экономика және адам құқығы қызықтырып, олар спортпен айналыса бастайды, бірақ барлық іс-әрекеттердің ішінде адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселесі және орындап жатқан іс-әрекеттің болашақ армандарымен үйлестіру мәселесі ең басты орынға қойылады. Көптеген жағдайда болашаққа артқан армандары мен үміттері шын өмірлік жағдайға қарағанда тым жоғары болып келеді, сондықтан негативизм дамып, қарым-қатынаста сыныптастарының жаман пікірінде қалып қоюдан қорқу немесе достықты мүлдем тоқтатып, барлық қиындықты өздігінен шешуге тырысады. Осы кезеңде қалыптасқан қарым-қатынас моделдері болашақта ересек адамдармен және құрдастарымен қарым-қатынас құруда елеулі әсер көрсетеді. Жоғарғы сынып оқушысы барлық идеалды қасиеттерді өз бойында қамтитын тұлғаға мұқтаж болады, осы ойдан шығарылған тұлға негізінде көп жағдайда басқа адамдармен қарым-қатынасы анықталады.

Жоғарғы сынып оқушысына құрдастарымен қарым-қатынас жасау қажеттілігі тән. Оның мінез-құлқының жетекші мотиві - құрдастарының арасында өз орнын табуға деген ұмтылыс. Мұндай мүмкіндіктің болмауы көбінесе әлеуметтік бейімделмеушілікке және құқық бұзушылыққа алып келеді. Жолдастардың бағалары мұғалімдер мен ересектердің бағалауларынан гөрі маңызды бола бастайды. Оқушы топтың, оның құндылықтарының әсерімен барынша расталады; егер оның құрдастарының арасында танымал болуына қауіп төнсе, ол үлкен алаңдаушылық тудырады. Өзін жаңа әлеуметтік позицияда көрсетуге тырысып, жасөспірім мектеп істерінен тыс әлеуметтік маңызы бар басқа салаға баруға тырысады. Олар көбінесе құрдастарының пікіріне сенім арта бастайды. Егер бастауыш сынып оқушыларында бейтаныс ересектермен қарым-қатынас кезінде алаңдаушылық жоғары болса, онда жасөспірімдерде ата-аналармен және құрдастарымен қарым-қатынаста шиеленіс пен алаңдаушылық жоғары болады. Өз мұраттарына сәйкес өмір сүруге деген ұмтылыс, осы мінез-құлық үлгілерін дамыту жасөспірімдер мен олардың ата-аналарының өміріне көзқарастардың қақтығысына, жанжал жағдайларын тудыруы мүмкін. Қарқынды биологиялық дамуға және тәуелсіздікке ұмтылуға байланысты жоғарғы сынып оқушылары құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болады. [8] Жоғарыда айтылғандардан жасөспірім-бұл жеке тұлғаны белсенді түрде қалыптастыру, адамның жеке басын өзгерту, өзінің "Мен" қалыптастыру бойынша өзінің белсенді қызметі арқылы әлеуметтік тәжірибені бұзу кезеңі.

Тақырыпша: Жоғарғы сынып оқушыларында коммуникативтік оқытуды ұйымдастыру.

Біз қарастырып отырған мектептің жоғары сыныптарының білім беру кезеңіндегі оқытудың практикалық мақсатына келетін болсақ, әдістеменің дамуының соңғы кезеңдерінде ғалымдар оны түсінудің әртүрлі тәсілдерін ұсынды. Атап айтқанда, Р.К.Миньяр-Белоручьев және Г.В. Рогова жоғарғы сыныптарда "қосымша білім алу" үшін берік база құрылуы керек деп санайды, бірақ біздің ойымызша, бұл тәсілде оқушыларды қарым-қатынасқа дайындауға баса назар аударылмайды [5,35]. Бізге ең жақын және заманауи жағдайларға сәйкес келетін ұстаным-бұл Г.В.Колшанскийдің пікірі, оқытудың басты бағыты оқушының "коммуникант рөлін" орындауға дайындығы болуы керек [6].

Осылайша, жалпы мектепте, атап айтқанда жоғары сыныптарда оқыту коммуникативтік, әлеуметтік-мәдени, лингвистикалық құзіреттілікті қалыптастыруға және оқытудың жалпы білім беретін, дамытатын, стратегиялық және практикалық мақсаттарын іске асыруға бағытталған.

Шет тілі сабағының өзіндік ерекшелігі бар, оны шет тілі мұғалімі міндетті түрде ескереді. Қазіргі уақытта шет тілін меңгерудің жаһандық мақсаты - басқа мәдениетпен танысу және мәдениеттер диалогына қатысу. Бұл мақсатқа мәдениетаралық қарым-қатынас қабілетін қалыптастыру арқылы қол жеткізіледі. Коммуникативті сипаттағы тапсырмалар негізінде ұйымдастырылған оқыту шет тілі сабағының ерекшелігі болып табылады.

Шет тіліндегі байланыс сөйлеу әрекетінің теориясына негізделген. Шет тілін коммуникативті оқыту табиғатта белсенді, өйткені сөйлеу қарым-қатынасы "сөйлеу әрекеті" арқылы жүзеге асырылады, бұл өз кезегінде қарым-қатынас жасайтын адамдардың "әлеуметтік өзара әрекеттесуі" жағдайында өнімді адам қызметінің мәселелерін шешуге қызмет етеді. Қарым-қатынасқа қатысушылар шет тілін қолдана отырып, бірлескен іс-әрекеттің нақты және ойдағы мәселелерін шешуге тырысады [7].

Шет тілін коммуникативті-бағытталған оқытудың белсенді мәні оқуға гуманистік көзқарас жағдайында жүзеге асырылады. Осы тәсілмен адамның белсенді және еркін дамуы үшін оң жағдайлар жасалады. Жалпы алғанда, бұл шарттар келесідей:

- оқушылар қарым-қатынас үдерісінде өз ойлары мен сезімдерін еркін білдіруге мүмкіндік алады;
- қарым-қатынастың әр қатысушысы басқалардың назарында қалады;

- қарым-қатынасқа қатысушылар сыннан, қателіктер мен сын іздеуден өздерін қауіпсіз сезінеді.

Коммуникативті құзіреттіліктің дамуы шет тілін оқыту мазмұнының негізі болып табылатындығына және коммуникативті құзіреттілікті оның барлық құрылымдық компоненттерінің теңдестірілген, біркелкі жұмыс істеуі жағдайында ғана қалыптастыруға болатындығына сүйене отырып, оқытудың қай әдісі ең тиімді және орынды екенін анықтау қажет.

Бүгінгі таңда шет тілін оқытуда келесі ұғымдар немесе тәсілдер бар

- саналы-практикалық тұжырымдама (П. Плахотник);
- коммуникативті-функционалды тұжырымдама (Т. Сирьк);
- жүйелік-коммуникативтік тұжырымдама (Р. Мартынова);
- коммуникативті-бағытталған тұжырымдама (Оксфордта жарияланған оқулықтардың авторлары);
- коммуникативті-жеке және коммуникативті-ситуациялық тәсілдер (Скляренко, Т.Клементьева).

Тілді коммуникативті оқыту кезінде жаттығулардың шегі көрсетілмеген. Жаттығулардың негізгі міндеттері – оқу материалы бойынша коммуникативті дағдыны дамыту әрі сақтау; оқушыларды қарым-қатынасқа тарту және ақпарат бөлісу, пікірді талқылау және қарым-қатынасты сақтау сияқты когнитивті үдерісті пайдалану. Сынып жаттығулары көбінесе тапсырманы аяқтау және өзіндік пікірмен, ақпаратпен бөлісуге үлкен назар аударады. Мысалы, Д.Берн (1978) толықтыруды қажет ететін жоспарлар мен диаграммаларды көрсетіп, оқушылар оларды толықтыру үшін ақпарат сұрастыру арқылы коммуникативтік үдерісті ұйымдастырса; М.Геддс пен Г.Стэридж оқушыларға әртүрлі ақпараттарды тыңдатып, оларға сол тыңдаған ақпаратты сыныптастарына түсіндіру арқылы жүзеге асырады [3,76]. Бұл жаттығулар көбінесе басқа білім алушыларға ақпарат беру мақсатында қолданылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Селиванов В.С. Основы общей педагогики: Теория и методика воспитания: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений/ Под ред. В.А.Сластенина. – М.: Издательский центр «Академия», 2000. – 336с.
2. С.Есқалиева Қарым-қатынас психологиясының негізі және іскерлік қатынастар этикасы. -Нур-Сұлтан: Фолиант, 2019. - 200 б.
3. Jack C. Richards, Theodore S. Rodgers. Approaches and Methods in Language Teaching. - Cambridge University Press, 1986. – 171.
4. Горянина В.А. Психология общения: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – 2-е изд., стереотип. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 416с.
5. Рогова, Г.В. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. – М.: Просвещение, 1991. - 287 с.
6. КолковаМ.К. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. – М.: Каро, 2008. – 224 с.
7. МильрудР.П. Современный методический стандарт обучения иностранным языкам в школе //Иностранные языки в школе. – 1996. – № 1. – С. 5-12.
8. Выготский Л. С. Педология подростка // Собр. соч. в 6-ти т. Т. Детская психология. - М.: Педагогика 1984. - 132с.

ӘОЖ 338.48 (574.1)

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДА ШЫҢҒЫРЛАУ АУДАНЫНЫҢ ТАУЛАР ТРИАДАСЫНА САЯХАТ

Н.Мауленберлиева

Магистрант - 2 курс

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

e-mail: Nurika_20@mail.ru

Кіріспе

Бүгінде әлемде туризм экономикада, аумақтардың әлеуметтік дамуында, мемлекеттік бюджетке қаражаттың түсуінде маңызды рөл атқарады. Бұл әлемдік жалпы ұлттық өнімнің, инвестициялардың, барлық жұмыс орындарының және әлемдік тұтыну шығындарының 10 пайызын құрайтын туризм.


XX ғасырдың аяғынан бастап әлемдік туризмде бағыттарды таңдауда жаңа үрдіс байқалды. Экологиялық туризм феномені, туристік саланың ерекше секторы, табиғаты қол тимеген және әлі де этно-қоныстар бар жер шарының шалғай нүктелеріне саяхаттарға деген сұраныста көрініс тапты.

Экологиялық туризмнің басты ерекшелігі-рекреациялық аумақтардың ресурстарын пайдаланудағы теңгерімді, экологиялық және экономикалық тұрғыдан тексерілген саясат, өйткені рекреациялық табиғи аумақтардың биологиялық әртүрлілігін сақтауды ғана емес, сонымен бірге туристік қызметтің тұрақтылығын да қамтамасыз етуге арналған "таусылмайтын" табиғатты пайдалану режимін сақтау және сақтау.1

Экологиялық туризмді дамыту мақсаттарының бірі ұлттық парктер, қаумалдар мен қорықтар сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қаржылық қолдау болып табылады. Экотуризмнің дамуы сонымен қатар табиғи жерлерді қорғауға және аймақтық мақсатты басқаруға негізделген аумақты тиімді дамытудың балама нұсқаларын іздеу болып табылады. Экологиялық туризм өнірде ресурс үнемдеу саясатының қалыптасуына сөзсіз ықпал етеді.

Алмазтау тауы – бор қыратын геоморфологиялық нысан ретінде, биологиялық және ландшафтық әр түрлілігін сақтау үшін ҚР Үкіметінің 2005 жылдың 30 маусымдағы № 657 қаулысымен республикалық және халықаралық мәні бар табиғат нысандар тізіміне енгізді. Бор қыраты Алмазний ауылдық округінің аумағында шамамен 10 гектар ауданды алып жатыр. Ауданның қиыр шығысында, Орал маңы үстірті шегіндегі Ақтөбе облысымен тоғысқан жерде орналасқан. Тау алыстан бор жұрнағы секілді боп көрінеді. беткейлері жазықты, бүйірлі аңғарлармен тілімделген. Беті жоғары бор шөгінділерімен күрделенген. Құм боры, әксаз және т.б. шөгінділер бар. Абсолюттік биіктігі 230 метр, салыстырмалы биіктігі 25-30 метрге жетеді. Таудың беткейлері мен шеттерінің құмды-өсімдікті жамылғысын қаштан топырақтағы акселеулі және акселеулі-әр түрлі өсімдікті далалар алып жатыр. Телім ойпауыттар мен бүйірлі аңғарлар шалғынды-қаштан топырақтағы әр түрлі-бұталы топтануға толы. Бор жамылғысындағы өсімдіктерге кальцефиттер, оның ішінде сирек және жойылып бара жатқан түрлері де кездеседі Ескерткіш типі- ландшафты-геоморфологиялық. [1]

Маршрут: Шыңғырлау аудан орталығынан Алмазтау тауына саяхаттау үшін ең алдымен қара жолға төзімді автокөлікті таңдаймыз, себебі автокөлік тас жолынан кейін үстіртті – қыратты жерлерде жүре алатын, асты биік автокөлік қажет болады. Сапарымызды R-88 автокөлік жолымен 115 км Алмазний аулына дейін жалғастырамыз. Сарыкөл көлінен өтіп, одан соң Соркөл ауылына жете бергенде сол жақ тас жолына тусип жолымызды Алмазное ауылына жеткенге дейін жалғастырамыз. Ауылға кіре бергенде Алмазтау тауының биіктігі көріне бастайды. Төмендегі суретте Шыңғырлау аудан орталығынан бастап, Алмазтау тауына дейінгі маршрут картасы, Алмазтау тауының фотосуреті және космостан түсірілген фотосуреті. (сурет -1)




Сурет -1

Торыатбастауы — Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданындағы Белогор ауылдық округінің құрамына кіреді [2]

Бор жұрнағы Орал маңы үстірті сілемдерінің оңтүстік-батыс жүйесіне жатады. Оның беткейлері Утва өзені аңғарына қарай бағытталған. Бетінде бор кезеңіндегі теңіз жануарларының қалдықтарын кездестіруге болатын жоғарғы борлы шөгінділермен күрделенген. Абсолюттік биіктігі - 211 м. А.З.Петренконың дерегі бойынша (2001), бұл таудың бүйірлі аңғарларының жазықты беткейлерінен гүлді ырғайды кездестіруге болады. Бұл Батыс Қазақстан облысындағы осы өсімдік өсетін жалғыз мекен. Бұл нысанның ерекшелігі эндемикалық және жойылып бара жатқан өсімдік түрлеріне пана батысқазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат муралары болып табылады. Сонымен қатар эстетикалық құндылығы бар жер. Тау Марксизм ауылынан солтүстікке қарай 5 километр жерде

орналасқан. Белогор ауылдық округінің аумағында жатыр, ауданы 50 га. Ескерткіш типі - ландшафты-геоморфологиялық. [3]

Маршрут: Шыңғырлау аудан орталығынан Торыятбас тауына саяхаттау үшін ең алдымен қара жолға төзімді автокөлікті таңдаймыз, себебі автокөлік тас жолынан кейін үстіртті – қыратты жерлерде жүре алатын, асты биік автокөлік қажет болады. Сапарымызды R-88 автокөлік жолымен 66-67 км 1 сағат 1 сағат 30 минутта Қыземшек аулына жетеміз. Бұл жерде қара жол басталады. Қыземшек аулынан өтіп, әрі қарай сапарымызды жалғастырымыз. Төмендегі суретте Шыңғырлау аудан орталығынан бастап, Торыятбас тауына дейінгі маршрут картасы, Торыятбас тауының фотосуреті және космостан түсірілген фотосуреті. (сурет -2)



Сурет -2

Қыземшек тауы — Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданынан 25 км қашықтықта орналасқан аласа тау. Теңіз деңгейінен биіктігі - 98,2 м. Тау әк тастарынан құрылған, теңіз табаны тартылғанда көтерілген биіктік. Онда әк тастары, теңіз жәндіктерінің мүрделері кездеседі. Шығыс жағы биіктеу, батыс жағы жайпақ болып келеді. [4]

Оқшауланған шошақты тау жұрнақтары су мен жел эрозиясына ұшырауынан пайда болған. Тау жұрнағының пішіні қыздың кеудесіне ұқсағандықтан осылай атаған. Тау жұрнағының абсолюттік биіктігі шамамен 200 метр, ал салыстырмалы биіктігі 25-30 метр. Барлық беткейлері көлденең жоғарыдан төмен қарай деуге болатын су қазындыларымен жырымдалған. Бұл жаңа су эрозия процесі тау жұрнақтары беткейлерін бүлдіреді. Қырат беткейлерін олардың бетінде бор эндемиктері өсіп-өнеді. Топырақты- өсімдік жамылғысында ақ бетегелі тобы қоспасы мен қаштан карбонатты топырақта бетегелі-ақселеулі бірлестігі алып жатыр. Төбелер Утва өзенінің оң жағасында Қыземшек ауылынан 2 километр жерде орналасқан. Қарағаш ауылдық округінің аумағында шамамен 20 гектар ауданды алып жатыр. Ескерткіш типі – геоморфологиялық. [5]

Маршрут: Шыңғырлау аудан орталығынан Қыземшек тауына саяхаттау үшін ең алдымен қара жолға төзімді автокөлікті таңдаймыз, себебі автокөлік тас жолынан кейін үстіртті – қыратты жерлерде жүре алатын, асты биік автокөлік қажет болады. Сапарымыз R-88 автокөлік жолымен 66- км жолды 1 сағат немесе 1 сағат 30 минут уақыт ішінде жүзеге асыруға мүмкін болады. Қыземшек аулына жетпей оң жақтан қара жол шығады. Сол жолға түсіп белгіленген Қыземшек тауына жетеміз. Төмендегі суретте Шыңғырлау аудан орталығынан бастап, Қыземшек тауына дейінгі маршрут картасы, Қыземшек тауының фотосуреті және космостан түсірілген фотосуреті. (сурет -3)



Сурет -3

Әдебиеттер

1. М.Сдықов. Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары (61бет)
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Торыатбас>
3. <https://infourok.ru/shyngyrlau-eld-mekeni-ning-toponiimderin-zertteu-derekeri-4126778.html>
4. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Қыземшек_\(тау,_Батыс_Қазақстан_облысы\)#cite_ref-1](https://kk.wikipedia.org/wiki/Қыземшек_(тау,_Батыс_Қазақстан_облысы)#cite_ref-1)
5. М.Сдықов. Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары (60 бет)

ӘОЖ338.26(574)(470)

ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙДІҢ ШЕКАРА МАҢЫ АУМАҚТАРЫНЫҢ ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІН ДАМУДЫҢ ФАКТОРЛАРЫ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫН БАҒАЛАУ

Д.Набиоллин

Магистрант,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

e-mail: dnabiollin@bk.ru

Аннотация: Жұмыста Қазақстан мен Ресейдің шекара маңы аумақтарының өндеу өнеркәсібін дамытудың негізгі нәтижелері берілген. Шекара маңы аумақтарының негізгі пайдалы қазбалары сипатталды. 2007-2020 жылдарға арналған статистикалық ақпараттық талдауда Қазақстан мен Ресейдің шекара маңындағы облыстардың халық саны мен тығыздығы, Өндеуші өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың орташа жылдық саны, Өндірістік негізгі қорлардың құны мен тозу дәрежесі және оның ішінде өндеу өнеркәсібі қамтылды. Осы статистикалық мәліметтерге сүйеніп отырып, Қазақстан-Ресей шекара маңындағы өндеу өнеркәсібінің аумақтық-салалық дамуына баға берілді.

Кілт сөздер: өнеркәсіп, тамақ өнеркәсібі, аймақ, экономика, Батыс Қазақстан облысы, Орынбор облысы.

Оценка факторов и условий развития обрабатывающей промышленности приграничных территорий Казахстана и России

Аннотация: В работе представлены основные результаты развития обрабатывающей промышленности приграничных территорий Казахстана и России. Описаны основные полезные ископаемые приграничных территорий. Статистическим информационным анализом на 2007-2020 годы были охвачены численность и плотность населения приграничных областей Казахстана и России,

среднегодовая численность занятых в обрабатывающей промышленности, стоимость и степень износа основных производственных фондов, в том числе обрабатывающей промышленности. На основе этих статистических данных дана оценка территориально-отраслевому развитию казахстанско-российской приграничной обрабатывающей промышленности.

Ключевые слова: промышленность, пищевая промышленность, регион, экономика, Западно-Казахстанская область, Оренбургская область

Assessment of factors and conditions for the development of the manufacturing industry in the border territories of Kazakhstan and Russia

Annotation:The paper presents the main results of the development of the manufacturing industry in the border territories of Kazakhstan and Russia. The main minerals of the border territories are described. Statistical information analysis for 2007-2020 covered the number and density of the population of the border regions of Kazakhstan and Russia, the average annual number of people employed in the manufacturing industry, the cost and degree of depreciation of fixed assets, including manufacturing. Based on these statistics, an assessment of the territorial and sectoral development of the Kazakh-Russian border manufacturing industry is given.

Keywords: industry, food industry, region, economy, West Kazakhstan region, Orenburg region.

Қазақстан мен Ресейдің шекара маңы аумақтарының өңдеу өнеркәсібінің қазіргі заманғы аумақтық-салалық құрылымы географиялық (қолайлы физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық жағдай), табиғи-ресурстық (жеткілікті табиғи-шикізат базасының болуы және пайдалы қазбалар кен орындарының біркелкі орналаспауы), экономикалық (өндірістік, нарықтық және инновациялық инфрақұрылымның даму деңгейіндегі аумақтық саралау, ішкі және сыртқы нарықтарда сұраныстың болуы және т. б.), әлеуметтік-демографиялық (халықтың саны мен тығыздығы, әлеуметтік инфрақұрылымның даму деңгейіндегі кеңістіктік асимметрия және т. б.), Тарихи (аумақты шаруашылық игеру ерекшеліктері, Ұлы Отан соғысы жылдарында бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорындарды эвакуациялау және т. б.) және саяси (индустриялық дамуды мемлекеттік қолдау шаралары, Өңірлік даму, Өңірлік даму, Өңірлік даму және өнеркәсіптік саясат және т.б.) факторлар.

Ресейдің шекаралас аумақтарының минералды-шикізат ресурстары үлкен қорлармен, пайдалы компоненттердің кең жиынтығымен сипатталады және отын-энергетикалық (көмір, мұнай, табиғи газ, конденсат, уран, жанғыш тақтатастар), кен (темір, хром, мыс, титан, цирконий, мырыш, қорғасын, никель, кадмий, алтын, марганец, бокситтер, бериллий, ниобий, молибден, вольфрам, қалайы, сынап, күміс, кобальт, висмут, тантал, волластонит, спекулярит), тау-кен-химиялық (натрий тұзы, калий тұзы, магний тұзы, фосфориттер, күкірт, барит, магнезит, доломит, вермикулит, графит, бром, йод), табиғи (минералды) құрылыс материалдары мен кенсіз (гипс, құм, кірпіш-тақтай және керамзит балшықтары, цемент шикізаты, бор, құрылыс тастары, құм-қиыршық материалдар, асфальттер мен битумдар, ангидрид, асбест, каолин, отқа төзімді саздар, минералды бояулар, яшма, кварц, мәрмәр, бетонит саздары, мирабилит) пайдалы қазбалар. Барлық шекара маңындағы субъектілерде кен орындары таралған. Пайдалы қазбалар түрлерінің номенклатурасы бойынша Орынбор (пайдалы қазбалардың 25 негізгі түрі), Челябин (23) және Самар (18) облыстары ерекшеленеді. Ресейдің басқа шекаралас аймақтарымен салыстырғанда Астрахань (7) және Қорған (7) облыстары пайдалы қазбалар түрлерінің аз дамыған номенклатурасына ие [1].

Қазақстанның шекара маңындағы өңірлерінде отын-энергетика (мұнай, табиғи газ, конденсат, жанғыш тақтатастар), кен (хром, мыс, мырыш, темір, алтын, никель, кобальт, титан, цирконий, бокситтер, қорғасын, күміс, қалайы, вольфрам, молибден, марганец, сурьма, кадмий кен орындары барланған және игерілуде ниобий), тау-кен-химиялық (калий тұзы, натрий тұзы, магний тұзы, бром, фосфориттер, вермикулит, тальк, барит), табиғи (минералды) құрылыс материалдары мен кенді емес (кірпіш-керамзит саздары, құм, гипс, құм-қиыршық материалдар, бор, әк, бетонит саздары, цемент шикізаты, құм-қиыршықтас материалдары, асбест, мәрмәр, кварц, құрылыс тастары, минералды бояулар). Қазақстанның барлық шекаралас облыстарында да жер асты суларының көптеген орындары бар. Қазақстанның шекара маңындағы өңірлерінің арасында Пайдалы қазбалардың түрлері бойынша Ақтөбе (пайдалы қазбалардың 30 негізгі түрі), Шығыс Қазақстан (27) және Солтүстік Қазақстан (19) облыстары ерекшеленеді. Минералдық-шикізат ресурстары түрлерінің ең аз жиынтығы бойынша Атырау (12) облысының аумағы сипатталады. Халық саны мен тығыздығы еңбек ресурстарының болуы және ішкі тұтыну нарығы сияқты Өңдеуші өнеркәсіптің орналасу факторларын құрайды.

2007-2020 жылдары Қазақстан-Ресей шекара маңы аумағы халқының саны 30 173,3-тен 29 712,4 мың адамға дейін немесе 1,5% - ға қысқарды, бұл Қазақстан мен Ресейдің кейбір шектес өңірлеріндегі теріс геодемографиялық процестермен байланысты. Тұрғындар санының өсуіндегі теріс үрдістер Ресей мен Қазақстанның шекара маңындағы өңірлерінде халық тығыздығының 1 шаршы км-ге 11,4 адамға дейін төмендеуіне ықпал етті, демек, тұрғындар санының қысқаруы белгілі бір дәрежеде өңдеу өнеркәсібін еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуге әсер етті. Көрсетілген кезеңде Ресей мен Қазақстанның шекара маңындағы өңірлерінің өңдеу өнеркәсібінде жұмыспен қамтылғандардың орташа жылдық саны 2307,5-тен 1900,3 мың адамға дейін немесе 17,6% - ға қысқарды

Қазақстанмен ортақ шекарасы бар Ресейдің шекара маңындағы өңірлерінде тұрғындар саны 2,7% - ға қысқарды, бұл халық тығыздығының 1 шаршы км-ге 17,9 адамға дейін төмендеуіне әкелді. Неғұрлым қолайлы демографиялық процестер Астрахань, Самара, Тюмень, Жаңасібір облыстары мен Алтай Республикасы аумағында халық саны мен тығыздығының өсуіне ықпал етті (1-кесте).

1-кесте. 2007-2020 жылдардағы Ресейдің шекаралас өңірлерінің өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтіндер санының, халық тығыздығының және орташа жылдық санының өзгеруі [2; 3; 4; 6]

Субъектілердің атауы	2007 ж.		2020 ж.	
	Халық саны (мың адам) және халық тығыздығы (1 шаршы км-ге адам)	Өңдеуші өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың орташа жылдық саны (мың адам)	Халық саны (мың адам) және халық тығыздығы (1 шаршы км-ге адам)	Өңдеуші өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың орташа жылдық саны (мың адам)
Астрахань облысы	1 001 / 20,4	50,0	997,8/ 20,3	42,4
Волгоград облысы	2 609 / 23,1	239,9	2474,6/ 21,9	145,4
Саратов облысы	2 584 / 25,5	185,0	2395,1/ 23,6	140,6
Самара облысы	3 173 / 59,2	394,4	3154, 2/ 58,8	305,2
Орынбор облысы	2 119 / 17,1	131,5	1942,9/ 15,7	96,6
Челябинск облысы	3 511 / 39,7	452,2	3442,8/ 38,8	375,0
Қорған облысы	960 / 13,4	78,3	818,6/ 11,4	55,6
Омбы облысы	2 018 / 14,3	141,2	1903,7/ 13,4	125,6
Тюменьоблысы	1 326 / 8,3	77,7	1 543/ 9,6	82,2
Жаңасібір облысы	2 636 / 14,8	186,8	2785,8/ 15,6	174,3
Алтай өлкесі	2 508 / 14,9	171,6	2296,4/ 13,6	130,7
Алтай Республикасы	207 / 2,2	2,9	221,0/ 2,3	3,7
Барлығы	24 652 / 18,4	2 111,5	23 975,9/ 17,9	1677,3

Халық санына сүйене отырып, Челябинск, Самара және Новосибирск облыстары өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің салыстырмалы түрде ішкі тұтыну нарығына ие. Ең аз ішкі тұтыну нарығы Алтай Республикасына, Қорған және Астрахань облыстарына тән. Халық санының қысқаруы Ресейдің шекаралас аумақтарындағы өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің орташа жылдық санының көрсеткішін төмендету факторларының бірі болды. 13 жыл ішінде Ресейдің шекаралас өңірлеріндегі өңдеу өнеркәсібі салаларындағы қызметкерлердің орташа жылдық саны 20,5% - ға қысқарды. Бұл үрдіс Ресейдің 10 шекаралас аймағына тән. Алтай Республикасында 21,6% - ға, Түмен облысында 5,5% -ға Өңдеу өнеркәсібінде жұмыскерлердің орташа жылдық санының өсуі байқалады (1-кесте). Қазақстанның Ресеймен шекаралас облыстарында басқа үрдіс байқалады. 2007 жылдан бастап 2020 жылға дейін тұрғындар саны 3,75%-ға өсті, ал халықтың тығыздығы 1 шаршы км-ге 4,8 адамға дейін өсті. Халық саны мен тығыздығы көрсеткіштерінің төмендеуімен Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары сипатталады (2-кесте).

2-кесте. 2007-2020 жылдары Қазақстанның шекара маңындағы өңірлерінде өңдеуші өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандар санының, халық тығыздығының және орташа жылдық санының өзгеруі[5]

Субъектілердің атауы	2007 ж.		2020 ж.	
	Халық саны (мың адам) және халық тығыздығы (1 шаршы км-ге адам)	Өңдеуші өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың орташа жылдық саны (мың адам)	Халық саны (мың адам) және халық тығыздығы (1 шаршы км-ге адам)	Өңдеуші өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың орташа жылдық саны (мың адам)
Атырау облысы	490,4 / 4,1	9,5	657,1 / 5,5	11,9
Батыс Қазақстан облысы	615,3 / 4,0	13,4	661,3 / 4,4	17,6
Ақтөбе облысы	703,7 / 2,3	20,9	894,3 / 3	28,1
Қостанай облысы	894,2 / 4,6	22,5	864,5 / 4,4	25,0
Солтүстік Қазақстан облысы	653,9 / 6,7	15,8	543,7 / 5,5	15,0
Павлодар облысы	746,4 / 6,0	44,9	751,2 / 6	58,2
Шығыс Қазақстан облысы	1 417,4 / 5,0	69,0	1 363,7 / 4,8	67,2
Барлығы	5 521,3 / 4,6	196,0	5 736,5 / 4,8	223

Өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің ішкі тұтыну нарығы бойынша Қазақстанның шекара маңындағы өңірлерінен Шығыс Қазақстан, Қостанай және Ақтөбе облыстары көш бастап тұр. Солтүстік Қазақстан, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының аумағы шағын ішкі тұтыну нарығына ие. Демографиялық процестердегі жалпы оң үрдіс Қазақстанның шекара маңындағы аумақтарында еңбек ресурстарының санын ұлғайтуға мүмкіндік береді. 2007-2020 жылдары Қазақстанның шекара маңындағы облыстарының өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтіндердің орташа жылдық саны 12,1%-ға өсті. Солтүстік Қазақстан облысы мен Шығыс Қазақстан облысының өңдеуші өнеркәсібінде шаруашылықтың осы саласында жұмыспен қамту санының көрсеткіші төмендегені байқалады (2-кесте).

Өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын орналастыру нүктелік және жергілікті сипатқа ие. Бұл ерекшелік өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын орналастыруда қалалық қоныстандыру жүйесінің маңыздылығы мен маңыздылығын айқындайды, өйткені қалалық орта шаруашылық белсенділік үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасайды және қала аумақтардың өсу нүктелері мен Индустриялық даму орталықтары болып табылады. Ресей мен Қазақстанның шектес аумақтарының урбандалу деңгейі 2007-2020 жылдары 59,7%-дан 59,85%-ға дейін өсті. 2020 жылдың соңындағы жағдай бойынша Ресейдің шекаралас өңірлерінде қала халқының үлес салмағы орта есеппен 67,6%-ды құрады, ал бұл көрсеткіш Қазақстанның көршілес облыстарында төмен және 52,1%-ға тең болды.

Ресейдің барлық шекаралас аймақтарында қала тұрғындарының Халық құрылымындағы үлесінің өсу тенденциясы байқалады. Урбанизация бойынша аумақтар Челябині (80,7%), Самара (79,7%) және Новосибирск (79,3%) облыстарына байқалады. Ресейдің шекаралас аймақтарының қалалық қоныстану жүйесі 143 қаламен ұсынылған. Челябинск (30), Волгоград (19) және Саратов (18) облыстарындағы Ресей шекара маңы аумағының өңдеу өнеркәсібінің ірі қалалары мен орталықтары Самара, Челябинск, Волгоград, Омбы, Новосибирск, Саратов, Орынбор, Астрахань, Барнаул болып табылады.

2020 жылы Қазақстанның шекара маңындағы облыстары аумағының урбандалуы 52,1%-ды құрады. 2007-2020 жылдары қала халқының үлес салмағының өсуі Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарына тән. Қала тұрғындары үлесінің азаюы Атырау, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалады. Шекара маңындағы өңірлер арасында қала халқының үлес салмағы бойынша Павлодар (70,6%), Ақтөбе (71,6%) және Шығыс Қазақстан (62,4%) облыстары көш бастап тұр. Қазақстанның шекара маңындағы облыстарында 35 қала бар. Шығыс Қазақстан (10), Ақтөбе (8) облыстарындағы қалалық елді мекендердің саны ең көп. Қалған облыстарда қалалар саны 2-ден 5-ке дейін өзгереді. Өскемен, Ақтөбе, Павлодар, Қостанай, Атырау, Орал, Петропавл, Семей ірі қалалар мен индустриялық орталықтар болып табылады.

Ресей Федерациясы Мемлекеттік статистика федералдық қызметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2007-2020 жылдары екі елдің шектес өңірлеріндегі шаруашылықтың өндірістік салаларының негізгі қорларының құны 82,7%-ға өсіп, 250 198,7 млрд.теңге құрады. Бұл ретте Ресей мен Қазақстанның шектес аумақтарының өндірістік

инфрақұрылымы тозуының орташа көрсеткіші 41,9% - дан 50,4% - ға дейін өсті. Қазақстан мен Ресейдің шектес аумақтарындағы Өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларын кеңейту және дамыту үрдісі байқалады, олардың бастапқы құны 5220,5-дан 31 549,2 млрд.теңгеге дейін немесе 83,4%-ға өсті. 2007-2020 жылдары Ресейдің шекара маңындағы субъектілерінің өндірістік салаларының негізгі құралдарының құны олардың тозу дәрежесі 11,2%-ға (4,0%) ұлғайған кезде 81,9%-ға (оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 82,5%-ға) өсті. Өндірістік инфрақұрылымның (оның ішінде өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларының) даму үрдісі Қазақстанмен шекаралас барлық өңірлерде байқалады (3-кесте).

3-кесте. 2007-2020 жылдардағы Ресейдің шекаралас өңірлерінің өндірістік қорларының бастапқы құны мен тозу дәрежесінің өзгеруі [3; 4; 6]

Субъектілердің атауы	2007 ж.		2020 ж.	
	Өндірістік негізгі қорлардың құны (млрд. теңге) және тозу дәрежесі (%)	оның ішінде өңдеу өнеркәсібі (млрд. теңге.)	Өндірістік негізгі қорлардың құны (млрд. теңге) және тозу дәрежесі (%)	оның ішінде өңдеу өнеркәсібі (млрд. теңге)
Астрахань облысы	1 734,459 / 51,5	69,934 / 44,2	12 397,66 / 55,0	1 051,2
Волгоград облысы	4 152,93 / 49,6	385,595 / 43,8	16 219,21 / 54,2	2 580,3
Саратов облысы	3 607,349 / 47,3	302,728 / 41,2	20 043,95 / 60,6	1 248,2
Самара облысы	6 300,766 / 51,2	1 453,765 / 60,0	35 829,89 / 59,8	4 531,2
Орынбор облысы	3 134,097 / 58,0	206,928 / 45,9	19 372,17 / 63,1	2 015,8
Челябинск облысы	6 153,234 / 45,9	1 140,02 / 44,9	33 291,75 / 51,9	5 283,4
Қорған облысы	1532,8 / 50,0	87,657 / 49,5	5 471,13 / 60,4	386,5
Омбы облысы	2 347,579 / 35,7	264,887 / 39,8	11 657,04 / 52,9	1 778,3
Тюмень облысы	3 611,181 / 54,5	149,448 / 32,7	25 096,43 / 44,0	5 232,2
Жанасібір облысы	3 820,025 / 39,0	291,711 / 43,1	28 569,05 / 51,9	1 291,07
Алтай өлкесі	2 557,381 / 41,2	191,6 / 44,8	7 977,6 / 53,8	696,4
Алтай Республикасы	171,482 / 47,0	2,395 / 15,9	1082,93 / 35,2	14,7
Барлығы	39 123,2 / 47,5	4 546,6 / 42,1	217 015,4 / 53,5	26 109,9

Ресеймен ортақ шекарасы бар Қазақстанның шекара маңындағы өңірлерінде 13 жылдық кезеңде шаруашылықтың өндірістік салаларының негізгі қорларының құны 87,2%-ға (оның ішінде өңдеуші өнеркәсіп 87,6% - ға) өсті, ал өңдеу өнеркәсібінде 8,5% - ға өсті (4-кесте).

4-кесте-2007-2020 жылдары Қазақстанның шекара маңындағы өңірлерінің өндірістік қорларының бастапқы құнының және тозу дәрежесінің өзгеруі [7; 8]

Субъектілердің атауы	2007 ж.		2020 ж.	
	Өндірістік негізгі қорлардың құны (млрд. теңге.) және тозу дәрежесі (%)	оның ішінде өңдеу өнеркәсібі (млрд. теңге.)	Өндірістік негізгі қорлардың құны (млрд. теңге.) және тозу дәрежесі (%)	оның ішінде өңдеу өнеркәсібі (млрд. теңге.)
Атырау облысы	1815,889 / 49,0	73,766 / 34,1	22 090,9 / 44,5	526,417 / 10,2

Батыс Қазақстан облысы	808,073 / 33,2	34,009 / 24,5	3 849,6 44,2	210,679 11,6
Ақтөбе облысы	489,059 / 30,7	69,455 / 29,4	3 256,5 49,7	569,692 35,7
Қостанай облысы	320,451 / 31,1	40,236 / 21,0	1 635,5 40,9	900,591 58,4
Солтүстік Қазақстан облысы	185,852 / 30,1	36,404 / 25,7	931,2 35,1	241,423 76,5
Павлодар облысы	632,759 / 40,0	205,97 / 22,3	3 012,4 34,6	1 310,354 61,9
Шығыс Қазақстан облысы	629,885 / 40,6	214,113 / 34,5	3 407,4 35,1	1 680.235 70,0
Барлығы	4881,9 / 36,4	673,9 / 27,4	38 183,3 47,35	5 439,3

Халықтың саны мен тығыздығын аумақтық саралаудың анықталған ерекшеліктері Ресей-Қазақстан шекара маңындағы өңдеу өнеркәсібінің аумақтық-салалық дамуына айтарлықтай әсер етеді. Еңбек ресурстарының әлеуеті жоғары және басқа да факторлардың әсерінен шекара маңындағы өңірлерде машина жасау, мұнай-химия және химия өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының көп санын орналастыру үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасалады. Сыйымды ішкі тұтыну нарығы бар шекара маңындағы өңірлерде басқа факторлармен үйлесімде жеңіл өнеркәсіп, тамақ өнеркәсібі, мұнай-химия және химия өнеркәсібі, машина жасау, құрылыс материалдары өнеркәсібі, целлюлоза-қағаз және полиграфия өнеркәсібі сияқты салаларды дамыту үшін басым жағдайлар жасалады.

Кәсіпорындарды орналастырудың және өңдеуші өнеркәсіп салаларының тиімді жұмыс істеуінің басты факторларының бірі өндірістік инфрақұрылымның даму деңгейі болып табылады. "Өңірдің өндірістік инфрақұрылымы инфрақұрылымның бір түрі ретінде шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы тұрақты байланыстарды қалыптастыру мен қамтамасыз етудің маңызды функциясын орындайды, бұл ұдайы өндіру процесінің тиімділігін одан әрі арттырудың қажетті шарты ретінде оның дамуының, кеңеюінің және жаңаруының ерекше маңыздылығын көрсетеді" Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, материалдық негізгі қорлардың (негізгі құралдардың) құны мен тозу дәрежесі сияқты негізгі көрсеткіштерді пайдалану негізінде Ресей мен Қазақстанның шекара маңы аумақтарының өндірістік инфрақұрылымын аумақтық дамыту ерекшеліктерін қарастырамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Всероссийский научно-исследовательский геологический институт им. А.П. Карпинского Федерального Агентства по недропользованию (Роснедра) Министерства природных ресурсов и экологии Российской Федерации. ГИС-АТЛАС «НЕДРА РОССИИ» – <http://vsegei.com/ru/info/gisatlas/>
2. Программа развития территории Западно-Казахстанской области на 2016-2020 годы / Утверждена решением № 8-3 сессии областного маслихата от «9» «декабря» 2016 года. – Уральск, 2016. – 112 с.
3. Регионы России. Социально-экономические показатели. 2008:Стат. сб. / Росстат. - М., 2008. - 999 с.
4. Регионы России. Социально-экономические показатели. 2016:Стат. сб. / Росстат. - М., 2016. - 1326 с.
5. Основные средства и нематериальные активы в Республике Казахстан: Статистический сборник / Под ред. Ж.Омарова. – Астана, 2008. – 88 с.
6. Официальный Интернет-ресурс Национального банка Казахстана. – <http://www.nationalbank.kz/?docid=763&switch=russian>
7. Регионы Казахстана в 2015 году: статистический ежегодник (на казахском и русском языках) / Гл. ред. Н.С. Айдапкелова. – Астана, 2016. – 456 с.
8. Регионы Казахстана в 2007 году: статистический сборник / Под ред. А.Е. Мешимбаевой. – Астана, 2008. – 438 с.

Н.М. Нурмуханова

4-курс студенті

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

e-mail: n.nurmukhanova00@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: К.М.Шунайбекова

аға оқытушы, магистр

Аннотация: Бұл мақалада білім беру жүйесіне сәйкес мектепте шет тілін оқытуда драматизацияның маңызы, ерекшеліктері мей сипаттамасы және де тиімді жақтары қарастырылған.

Кілт сөздер: драматизация, импровизация, театр, драмалық әдістер мен тәсілдер, жаттығулар, ассоциация, мимика.

Annotation: This article discusses the importance, features and characteristics of dramatization in the teaching a foreign language at school in the education system as well as the most effective aspects.

Key words: dramatization, improvisation, theater, dramatic methods, exercises, association, facial expressions.

Аннотация: В данной статье рассматриваются важность, особенности и характеристики драматизации в обучении иностранному языку в школе в системе образования, а также наиболее эффективные аспекты.

Ключевые слова: драматизация, импровизация, театр, драматические методы, упражнения, ассоциации, мимика.

Бүгінгі күні шет тілінде сапалы білім беру заман талабы болып отыр. Соған орай жастарды бәсекеге қабілетті, жаңа заманға сай қаруландыру мақсатында білім беру жүйесінде айтарлықтай өзгерістер орын алуда. Білім беру ұйымдарында сабақ беру үрдісін оңтайландыру үшін түрлі технологиялар, бағдарламалар қабылданды. 7 модульдік оқыту жүйесі де кірістірілген болатын. Әрине, мүмкіндігі орасан зор болатын бұл технологиялар шәкірттердің білім сапасын ғана көтеріп қоймай, өзіндік ойлауына, шығармашылық ізденісіне де тигізер пайдасы көп.

Соның ішінде, менің көзқарасым бойынша ең тиімді тәсіл – шет тіліндегі сабақтарды драматизация арқылы оқыту деп есептеймін. Мен неге бұлай ойлаймын? Өйткені, драматизация – білім алушыға шет тілінде тілдік 4 дағдыны (Reading, Writing, Speaking, Listening) қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, драматизация оқушыларға рөлдік ойындарды сомдай отырып, бір-бірімен ұжымдық қарым-қатынас жасауға да дағдыландырады.

Мен енді драматизация атауының анықтамасына тоқталатын болсам, драма (грекше сігата — кимыл, әрекет) шындықты айрықша тәсілдермен шиеленіскен тартыстар желісі арқылы жинақтап, оқиғаны сипаттайтын кейіпкерлер сөзі және іс-қимылымен көрсететін сөз өнерінің күрделі жанры. Ал педагогикалық тұрғысынан қарайтын болсақ, драматизация – баланың сөйлеу мен қарым-қатынас дағдыларын белсендіретін, театр, музыка, сурет сияқты шығармашылық пәндерге қызықтыратын, шет тілі мен мәдениетін оқытудың кешенді әдісі.

Драма тек театрмен ғана шектелмейді. Ол бізді үнемі қоршап тұрады. Сондықтан да, драматизация арқылы оқыту – өзге әдіс-тәсілдерге қарағанда ерекше және де ұтымды әдіс деп ойлаймын. Себебі, бұл оқыту тәсілінің өзіндік педагогикалық мақсаты бар. Ол мақсат оқушылардың жеке және қоғамдық дамуына негізделеді. Білім беру процесінде драма театрдағы құралдармен, әдістермен жүзеге асады. Дегенмен театрдағы қойылымның негізгі мақсаты – көрермен көңілінен шығу болса, ал мектептегі драмалық қойылымның көздейтін мақсаты – білім алушыларға ағылшын тілі мен мәдениетін жетік меңгерту.

Драма аз уақытқа немесе ұзақ уақытқа да қойылуы мүмкін. Бұл әдіс сабақты түрлендірудің бір амалы болады. Білікті, тәжірибелі педагог драманы қолдана отырып, тілді үйрету мен оқушылардың қызығушылығын ұштастыра алады. Осындай сабақ түрі тиімді әрі ұнамды болары айдан анық.

Мектеп қабырғасында драматизация арқылы сабақ беру ең алғаш рет Англияда көрнекті тұлғалар Питер Слейд пен Брайан Уэй-дің басшылығымен қолға алынған болатын. Олар бұл үрдісті шет тілін драмаластыру арқылы үйрету деп есептеген. Олардың құрастырған жаттығулары оқушыларды елестетуге, сезімін дамытуға, дене қимылын, ым-ишараны қолдануға бағытталған. Ал тапсырмалар болса, өмірдегі коммуникативтік жағдайларды тілдік қарым-қатынас түрінде негізделеді.

Шетел тілін үйренудегі драматизацияның тиімді жақтары мынадай:

1. Бүкіл сыныпқа ортақ деңгейде болуы. Драматизацияның ерекше бір қасиеті – атақты ғалым Алдаверо айпақшы, ол оқушыларға шет тілін үйретіп қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың сөздік қорын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың білім деңгейіне қарамастан, кез келген оқушыға тиімді болады. Мысалы, ойы ұшқыр болсын немесе сабаққа үлгерімі нашар оқушы болса да, ағылшын тілінде алғаш рет сөйлеп тұрған оқушыға да тиімді. Бұл әдісті қолдану барысында олар барлық

мүмкіндіктерді қолдана алады (есту, көру, іс-қимыл, т.б.) және сол тіл әр оқушыға ең дұрысы болып саналады.

2. Ынталандырушы және үміттендіруші. Филиппе: «Драма жаттығулары тілді үйренушілер мен үйретушілерді қызықты тәсілдермен ынталандырады» - дейді. Мен бұл ғалымның ойымен толықтай келісемін. Себебі, драма – әр адамның өмірінде елеулі орын алады, тілді меңгеруді белсенді үрдіске айналдырады. Сонымен қатар, Джемери Хармер ынталандыруды «адамды белгілі бір мақсат үшін итермелейтін ішкі қозғаушы күштің бір түрі» - деп атаған.

3. Оқушылардың ойлау және елестету қабілетін арттырады. Драма адамның елестетуін талап етеді. Бұл қабілет балалардың шығаршылық және елестету қабілеттерін дамытады. Өйткені, бұл әдіс оқушылардың күнделікті қолданып жүрген тілдік құралына жатпайды. Әртүрлі рөлдерге ену арқылы балалар ойлаудың биік деңгейіне жетеді, мысалы, ойдан шығару, толғану, қорытынды шығару, пікір айту, анализ жасау.

4. Балалардың ауызша сөйлеу дағдысын арттыруға, қарым-қатынас жасауға септігін тигізеді. Драмалық рөлдік ойындарды ойнай отырып, шет тілінде ауызша сөйлеуге ынталандырады, грамматикалық ережелерді сақтай отырып, дұрыс сөйлеуге бағыттайды.

5. Сөздік қорды байыту мен грамматикалық құрылымды игеруге көмектеседі. Драма сөздерді, сөйлемдерді жаттауға, мәліметтерді бекіту мен қайталауға тиімді техника болып есептеледі. Біз драматизацияны шетел тілінде сөздік қорды байытатын бірден-бір әдіс деп атай аламыз. Сонымен бірге, ол грамматикалық ережелерді сақтай отырып сөйлеуге, стильдерді үйренуге ұмтылдырады.

Драмалық әдістер мен тәсілдерді сабақ мақсатын орындауға көмектесетін педагогикалық техникалар немесе құралдар ретінде қолданамыз.. Драмалық әдіс сабақтың мәнін ашуға және оны меңгеруге мүмкіндік береді. Ол рөлге бөліп ойнау, импровизация, талдау сияқты театрдың басты әдістерінің артықшылығын өзіне қабылдайды. Сонымен қатар, сұхбат алу, әңгіме-дебат, суреттеу секілді басқа да мектеп пәндерінің әдістерін қолданады. Драматизация шет тілін оқыту үшін таптырмайтын тәсіл. Менің бұлай дейтін себебім, ол мағыналы контекстте шынайы қарым-қатынас жасауға септігін тигізеді. Мәселен, педагог-мұғалімдер өздерінің тәжірибелік жұмыстарында тек қана рөлге бөлу карточкаларын үлестіру, түрлі қоғамдық орындарындағы көріністер (әуежайдағы, теміржолдағы, т.б.) немесе басқада көріністерді қою сияқты сабақ беру үрдісіне енгізуі тиіс. Оқушылармен жеке жұмыс жасап қана қоймай, олардың қалай күрделі қиял-ғажайып, шытырман күйге енуі яғни әңгімеге беріліп, тақырыпты түсіне білуіне жол ашуы керек. Бұл әдіс ұстаздарға сабақты оңтайлы ұйымдастыруда шынайы драмалық тәжірибемен қамтамасыз ету керектігін көрсетеді.

Мектепте ағылшын тілі сабағында драмалық ойындар мен жаттығуларды қолдану кезіндегі жағдайлар талапқа сай болады. Сонымен бірге, рөлдік тапсырмалар әр оқушының деңгейіне сай беріледі. Драмалық ойындар оқушыларға олардың білім сапасы қандай дәрежеде болмасын ыңғайлы келеді. Осындай драмалық ойындар немесе әдістер түрлеріне мыналарды жатқыза аламыз:

- Мимикалық іс-қимылдар – тапсырмаларды түрлі қозғалыс әрекеттерімен көрсететін драмалық әдіс түрі. Мұндай жаттығулар белгілі бір дәрежеде драмалық әрекеттерді қамтиды. Мәселен, мен осы жаттығу түрлерін «Birds», «Animals», «Sport types», т.б. тақырыптарды өткен кезде көбірек қолдануды жөн санаймын. Өйткені, бұл атаулар қимыл-қозғалысқа тән болғандықтан, оқушылардың ойлау және еске түсіру қабілеттеріне пайдалы болып келеді.

- Warm-up – оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятатын, көңіл-күйлерін көтеруге арналған жаттығулардан тұрады. Оның құрамында қозғалыс пен елестету ойындары бар. Бұл жаттығулар әрбір тақырыптың мазмұнына қарай таңдалады. Мысалы: «Sport in our life» тақырыбын алсақ, оған қимыл-қозғалыс жаттығулары пайдаланады. Ал «Discussing music», «Hobbies and leisure», «Entertainment and media», т.с.с. тақырыптарға әндер, би билеу секілді жаттығулар, тапсырмаларды қолдануға болады. Мен әр сабағымда Warm-up әдісін пайдаланып, оқушылардың көңіл-күйлерін көтеріп отырамын,

- Рөлге бөлу және сахналық көрініс – драманың негізін құрайтын әдістемелік ойынның бір түрі. Ағылшын тілі сабағында рөлге бөлініп ойнауда оқушылар өз ой-пікірлерін ұтымды қолдана алады. Берілген карточкалардағы мәліметтерді пайдалана отырып, кішігірім қойылымды сахналайды. Бұл берілген оқиғаларды рөлдермен сомдап, шынайы жағдай түрінде көрсету арқылы балалардың осы жағдаяттарға лингвистикалық тұрғыдан дайындығын сынау үшін өте керемет әдіс болып саналады.

- Ассоциация – идеялар мен заттар арасындағы сана-сезімдік байланыс.

- Импровизация – ойдан құрастыру деп те аталады. Ол берілген жағдайды немесе мәселені жоспарланбаған іс-әрекеттермен орындап, ұтымды шешім таба білуге негізделеді. Мұндай жаттығулар оқушылардың тұлғалық әрі қоғамдық дамуына қол жол ашады.

Оқушыға негізделген жарыс емес, қойылымды көрсететін мақсаттарды анықтау үшін, келесідей сұрақтарды қою қажет:

1. Сабақтың жалпы мақсаты бойынша қойылатын сауалдар:

- Сабақтың мазмұны мектептің жаңартылған білім бағдарламасы мен сабақ жоспарына қалай қандай қатысы бар?

- Мен сабақ барысында оқушыларымның неге қол жеткізгенін қалаймын?

- Осы сабақтың мақсаты қандай?
- 2. Сынып атмосферасына қатысты:
 - Мен оқушыларымының арасында қандай типтегі атмосфера құрғым келеді?
 - Таза ортаны қалай құрастырамын?
- 3. Тақырыпқа байланысты:
 - Таңдалған тақырып жасқа, қызығушылыққа және оқушылардың машықтарына сай келе ме?
 - Оқушыларды осы тақырыппен таныстырудың ең тиімді жолы қандай?
 - Мен осы тақырыппен жұмыс істей отырып, қандай жақсы нәтижеге қол жеткіземін?
- 4. Тілдік функцияларға (тілдік дағдылар, сөздік қор, грамматикалық құрылым) қатысты:
 - Мен оқушыларымының қандай тілдік функцияларды үйренгендерін әлде қолданғандарын қалаймын?
 - Менің оқушыларыма бұл әдістер керек бола ма? т.б.

Сөзімді қорытындылай келе, жоғарыда айтып өткенімдей, драматизация – оқу мен оқытуда, тілдік қарым-қатынас жасауда таптырмайтын құрал деп ойлаймын. Ол білім алушыға жаңа тілді табиғи және пайдалы жолмен үйренуге көмектеседі. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар, тілдік дағдылар мен функцияларды оңай білуге, оны тұрмыстық жағдайда жүзеге асыра білуге септігін тигізеді. Драмаға негізделген сабақ жоспарларында оқушылар тарапынан мақсат қою, жаттығуларды қиыстыру, уақыт өлшемін бақылау басты талап болып табылады. Драма арқылы сабақты жоспарлау көп дайындықты, энергияны, төзімділікті, шығармашылықты және тәжірибені талап тееді. Алайда бұдан шығатын қорытынды әлдеқайда үлкен. Бұл әдіс сабақты жоспарлау мен көп уақытты қажет етсе де, оқытушылар үшін нәтижелі болмақ. Осындай әдіс-тәсілдерді негізге ала отырып, драматизация арқылы шет тілін оқыту ұтымды әрі тиімді шешім болары сөзсіз.

«WELCOME TO GREAT BRITAIN» АТТЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ДРАМАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМ

12.04.2022ж мен Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұл ауылы, «Боранқұл жалпы білім беретін мектеп» КММ, 7 «а» сынып оқушылары арасында «Welcome to Great Britain» атты сыныптан тыс шара өткіздім. Бұл шараның мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; театр, драма, сахналық қойылым туралы түсініктерін қалыптастыру; оқушыларды ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Шара драмалық қойылым жанрында өтті. Екі саяхатшы Ұлыбританияға саяхатқа шығып, ол елдің керемет жерлерін, атақты тұлғаларымен, салт-дәстүрлерімен танысады. Ең бірінші саяхатшылар Букингем сарайына тоқтап, құнды мағлұматтар алады. Оқушылар Букингем сарайындағы жағдайды сахналауда бірі – Патшайым Елизаветта II рөлін сомдаса, екінші бірі – Англиялық әскердің рөлін атқарды.

Екінші қойылымда Уильям Шекспир туралы болды. Саяхатшылар жүре келе, У.Шекспир атындағы драмалық театрға тап болады. Бұл жерде театр сахнасында Шекспирдің өлеңін оқып жатқан адамдарды және оларға басшылық жасап тұрған жетекшіні көреді. Саяхатшылар жетекшіден өлеңнің атауын, авторын сұрастыра келе біршама мәліметермен таныс болады.

Ал үшінші қойылымда ағылшындардың «шәй дәстүріне» қанық болады. Қала тұрғындарының кешкі сағат 17:00- де қолдарына шәйнек пен шыныаяқтарын ұстап, үйлеріне жүгіріп бара жатқандары баяндалады. Бұған таңырқай қараған қазақстандық екі саяхатшы олардан мән жайды сұрайды. Қала тұрғыны оларды қонаққа шақырып, шәй ішу дәстүрімен таныстырады. Екі ел бір бірінің әдет-ғұрыптарын салыстырады. Осылай әңгіме өрбіп, оқушылар сахналайды.

Менің бұл шараны ұйымдастырудағы басты міндетім – оқушыларға, қатысқан көрермендерге Ұлыбритания елінің тарихын, салт-дәстүрлерін, әсем жерлерін таныстыру.

Бұл драмалық қойылым менің дипломдық жұмысымның эксперименттік кезеңін жүргізуіме зор үлесін қосты. Өйткені, менің дипломдық жұмысымның тақырыбы «Шет тілін оқытуда драматизация ынтаны арттыру құралы ретінде». Міне, оқушылармен жұмыстана отырып, драмалық қойылымның оларға ағылшын тілін үйренуде жаңа бағыт болғанын ұқтым. Осылайша, өзімнің дипломдық жұмысымды оқушыларға практикалық түрде эксперимент жасап, драматизацияның баланың өмірінде қаншалықты рөл атқаратынын байқадым.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қасенова Д.А. Шетел тілін оқыту әдістемесінде коммуникативтік біліктілік ті қалыптастырудың артықшылықтары мен принциптері. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал «Мектептегі шет тілі»- 2010. №1.-176.
2. Fleming, Mike. Drama and language teaching: The relevance of Wittgenstein’s concept of language games. -2006.-p.69.
3. Абдуллаева Ұ., Тіленбаева М. Драматизация әдісінің ағылшын тілі сабағында қолданылуы.- 2005.-№9.-276.
4. Белянко Е.А. Драматизация в преподаваниианглийского языка. Ростов: Феникс.-2013.-с.93.

5. Gomez I.D. Using drama to improve oral skills in the ESL classroom. International school journal.- 2010.-p.29-31.
6. Hamilton D. Emsyleod A. Drama in English language teaching. London: Oxford university press.- 2003.-p.5.
7. Dougill J. Drama Activities for language learning. London: Macmillan. - 2004.-72p.
8. Ахметова Н.К., Хайдаров Н.Ж. Драматизация как процесс обучения. Алма-Ата. Знание.-1995.- с.48.
9. Станиславский Е.В. Театрализованные уроки и внеклассные мероприятия на английском языке: Книга для учителей и воспитателей. М.,-2006.-с.184.
10. Құлжанова Н. Ойын мақсатын талдау және ойын мәні. Қазақстан мектебі.-2001.-№1.-74б.



Драмалық қойылымнан фотосуреттер

З.Ж.Рахматуллина

Д.Қонаев атындағы № 44 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәні мұғалімі

БҚО, Орал қаласы

e-mail: zamzagul.rakhmatullina.80@mail.ru

Андатпа: Жаңаша оқытудағы басты нәрсе бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жаңа білім алу парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз ету де тұтастық, бағыттылық пен бірге мықты негізділік (фундаменталдылық) те шешуші рөлге ие. Қазіргі заманғы оқушының басты мақсаты көптеген пәндерден, олардағы ұшан теңіз ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін өз бетімен таба білу.

Кілт сөздер: жеке тұлға, жаңаша оқыту, өз бетімен білім алу, жаңа білім алу парадигмасы, сыни көзқарасын дамыту.

Аннотация: Главное в новом обучении-это развитие человеческих способностей, гибкости на основе обучения и самообразования. В парадигме нового образования решающую роль в обеспечении интересов личности играет целостность, наряду с направленностью, сильная обоснованность (фундаментальность). Главная цель современного школьника-умение самостоятельно находить самое основное, значимое из множества предметов.

Ключевые слова: личность, новое обучение, самообразование, получение новых знаний, развитие критического мышления.

Annotation: The main thing in the new training is the development of human abilities, flexibility based on learning and self-education. In the paradigm of new education, integrity plays a decisive role in ensuring the interests of the individual, along with orientation, strong validity. The main aim of a modern student is the ability to independently find the most basic, significant of the many subjects,

Keywords: personality, learning, self-education, learning activity, critical thinking, creative thinking.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне қолданылуда.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі-рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай- ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кенестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты қайшылығы тез өсіп бара жатқан жаңа білімдер қарқыны мен жеке тұлғаның оларды игерудегі шектеулі мүмкіндіктері арасында. Бұл қарама қайшылық педагогикалық теорияны білім берудің абсолютті идеяларынан (жан жақты дамыған тұлға) бас тартып, жаңа идеалға адамның өзін өзі реттеуі мен өздігінен білім алу қабілеттерін барынша дамытуға көшуіне мәжбүр етті. Сонымен, жаңаша оқытудағы басты нәрсе бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жаңа білім алу парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз етуде тұтастық, бағыттылықпен бірге мықты негізділік (фундаменталдылық) те шешуші рөлге ие. Қазіргі заманғы оқушының, әсіресе студенттің басты мақсаты көптеген пәндерден, олардағы ұшан теңіз ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін таба білу. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр. Бүгінгі күннің басты ерекшеліктерінің бірі, «Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін даму тұжырымдамасында» келтірілгендей, ақпараттың ақылға сымайтын шамадан тыс, оны игеруде адамның биологиялық мүмкіндіктерінің «артық» мөлшерде дамуы. Сол себепті де оқу оқыту қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игеретін және практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді. Бұл талап білім беру саласында инновациялық өзгерістерге әкеліп, оқудың оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені бұл дәуірдің идеологиялық, әлеуметтік, саяси сұраныстары адамнан төмендегідей құзырлықтарды талап етеді: ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап, оны пайдалану; проблемаларды

шешу және шешім қабылдау; өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу; социумда ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу, жанжалдарды болдырмау; өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру; өздігімен үйрене білу, өз білімін әрқашанда дамытып отыру. Қазіргі заманғы үздіксіз өзгеріп жатқан жағдайында жоғары мектеп өз әрекетінде білім алушылардың зияткерлік (интеллектуалы) қабілеттерінің дамуына бағытталуы қажет. Өз кезегінде бұл қасиет білім алушыларға «техникалық, экономикалық және мәдени өзгерістер мен олардың сан алуандығын саналы түрде түсініп, бастамашылдық, кәсіпкерлік рух пен икемділік секілді қасиеттерді қабылдап, қазіргі заманғы өндірістік ортада өзіне сенімді түрде еңбек ету мүмкіншілігін береді». Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік саяси және жаңа технологиялық өзгерістерден ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігі туындап отыр. Заман талабына сай білім оқу орындарында білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жақсарту білім реформасының жүзеге асының басты шарты. Осы заманғы білім берудің стратегиялық мақсатын өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады. Жоғарыдағы мақсаттарға жоғары оқу орындарында білім берудің Отандық және әлемдік тәрбиелерінде қалыптасып, өз қызметін оң атқарып келе жатқан білім мазмұнының негізгі құрылымын жобасын жүзеге асыруды қолданылатын жаңа педагогикалық технология арқылы жету көзделеді. Қазіргі уақытта модульдік оқыту технологиясын көптеген оқытушылар пайдалануда. Модульдік оқыту 1960 жылдардың аяғына қарай шет елдерде (АҚШта) дәстүрлі оқудың бір нұсқасы, бағыты ретінде пайда болды. «Модуль» латынның «өлшем», «шама», «мөлшер» деген сөзі. Сонымен қатар модуль дегеніміз ірі блок, бөлінген, яғни оқу материалдарын, бөлшекке, блоктарға бөліп беру. Қазіргі уақытта қазақстанда білім берудің өзіндік үлгісі қалыптасуда. Модульдік оқу технологиясының негізі білім алушының танымдық белсенділігін, танымдық іс әрекеттерінің әртүрлі іс әрекеттерін ойлау, зейін, қабылдау әрекеттерін, ойын арқылы және сөздік 130 байлықтарын дамыту. Айта кетер тағы бір тиімді жағы бірізділігі, жүйелілігі, дарынды оқушылармен жұмыс істеуге қолайлы. Модульдік оқыту технологиясымен оқыту нұсқасында білімді толық игеруді негізге ала отырып, қазіргі дидактика талабына сәйкес, білім алушыларды оқыту ғана емес, тұлғаның танымдық қызметін ұйымдастыруға, оқу үрдісін диалогтік қарым қатынас негізінде құруға болады. Бұл оқу үрдісі мен оқытушының жұмысына мынадай өзгерістер туғызады: біріншіден, оқушы мен оқытушы оқудың ұйымдастырушысына айналады; екіншіден, мұғалім сабаққа алдынала зерттеу жасап, уақыттың көпшілігін сабақты даярлауға жұмсайды да, сабақ барысында тек бақылаушы, үйлестіруші қызметін атқарады. Ал дәстүрлі оқытуда білім беру процесі көп жағдайда білім алушының сабаққа «таза парак» күйінде келіп, оқытушының оны сабақта біліммен «толтырумен» айналысатын құбылыс деп түсінеді. Шәкірт сабақта ғана жаңа білім алып, сабақтан кейін оны бекіту жұмысымен ғана айналысады. Инновациялық оқу оқыту барысында үйренушілер әрқашанда белсенді болып, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Қазіргі заманғы білім беру жүйесін құру оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіптік құзыреттілігіне жоғарғы талаптар қоюда. Жаңа оқыту технологиясын меңгеруде оқытушылардың, педагог қызметкерлердің жан жақты білімі қажет. Қазіргі оқытушы педагогикалық процесте жүйелі жұмыс жүргізе алатын, педагогикалық өзгерістерге тез төселетін, жаңаша ойлау жүйесін тез меңгере алатын, білім алушылармен ортақ тіл табыса алатын, білімді, іскер, шебер болуы керек. Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері өсіп келе жатқан жас тұлғаны жан жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы білім алушы тек тыңдаушы, орындаушы ғана болса, ал қазіргі білім алушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі білім алушы дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, ізденімпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білу керек. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану педагогикалық іс әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпараттық коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды. Оқытудың педагогикалық жаңа технологияларының барлығы дерлік оқушының өз бетінше білім алуын ұйымдастыруға бағытталған. Қазіргі уақытта білім мазмұнын жаңарту мен сапасын жаңа деңгейге көтеру мақсатында оқытудың педагогикалық технологиялары арқылы оқыту әдістерінің 50-ге жуық үлгілері ұсынылып, мектеп тәжірибесіне енгізіле бастады. Педагогикалық технологиялар көптүрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі теориялық негізде орындалуы, екіншісі тәжірибемен жүзеге келуі. Бүгінгі таңда қазақстандық ғалымдарымыз Ш.Қаланова, Ж.Қараев, Ш.Таубаева, М.Жанпейісова, Ә.Жүнісбек және т.б. ғалымдарымыздың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан жақты қарастырылды. Оқыту үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдану мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, рухани, адамгершілік, азаматтық сияқты көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына игі ықпалын тигізеді. Оқушының өз бетімен білім алуына, өзіндік ой пікірін

қалыптастырып, қорытынды жасай білуін, өз білімін өзі бағалай білуіне, қисынды ойлау қабілетін қалыптастырып, шығармашылық іс әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым - даму тетігі / Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 13 қазан, 2014.
2. Скаун В.А. Введение в профессию мастера производственного обучения: Методические пособие.–М: Высш.шк., 2010г.
3. Н.Ә.Назарбаев., Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.
4. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2015
5. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2011. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж;
6. Подласый И.П. Совершенствования методов обучения. в кн.: Выбор методов обучения в средней школе / под ред. Ю.К. Бабанской. Москва, 1991.
7. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно воспитательного процесса. Методические основы. Москва, 1982.
8. Курт Мередит, Джинни Стил, Чарльз Тэмпл, Скот Уолтер. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдістемелік құрал. Алматы, 2000.

ӘОЖ 911.372(674.1):33 БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САРАЛАНУЫН БАҒАЛАУ

Г.Рахмушева

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
e-mail: gulshat_25_94@mail.com

Аннотация: Қазақстан аймақтары тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатының әлеуметтік сала мен адамдардың тіршілік іс-әрекеті жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін әлеуметтік салалардың аумақтық даму деңгейіне тікелей байланысты.

Жұмыста Батыс Қазақстан облысының әкімшілік аудандар деңгейіндегі әлеуметтік саласының инвестициялық дамуының аумақтық саралануын зерттеудің негізгі нәтижелері ұсынылған.

«Инвестиция», «инвестициялық климат» ұғымдарының мазмұны қарастырылады.

2010-2020 жылдардағы статистикалық ақпаратты талдау және аумақты дамыту индексін есептеу негізінде Батыс Қазақстан облысының даму үрдістері мен инвестициялардың әлеуметтік-салалық құрылымы анықталды. Аумақ инвестицияларының әлеуметтік-салалық құрылымы бойынша Батыс Қазақстан облысының әкімшілік аудандарының даму деңгейі бойынша аумақтық құрылымдар арасында Бөрлі ауданы көш бастап тұр, одан кейін Орал қалалық әкімшілігінің аумағы, Бәйтерек және Теректі аудандары да ерекшеленеді. Қалған 10 әкімшілік аудан аумақтық-салалық құрылымның даму деңгейі бойынша айтарлықтай артта қалып отыр. Сондай-ақ, Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік инфрақұрылымын аумақтық дамытудың басым бағыттары ұсынылды.

Кілт сөздер: әлеуметтік инфрақұрылым, Батыс Қазақстан облысы, инвестиция, инвестициялық климат, өңір, экономика.

Аннотация: Качество жизни и благополучие населения регионов Казахстана напрямую зависит от уровня территориального развития социальной сферы и социальных отраслей, обеспечивающих эффективное функционирование системы жизнедеятельности людей.

В работе представлены основные результаты исследования территориальной дифференциации инвестиционного развития социальной сферы Западно-Казахстанской области на уровне административных районов.

Рассматривается содержание понятий «инвестиции», «инвестиционный климат».

На основе анализа статистической информации за 2010-2020 годы и расчета индекса развития территории определены тенденции развития Западно-Казахстанской области и социально-отраслевая структура инвестиций. По социально-отраслевой структуре инвестиций территории по уровню развития административных районов Западно-Казахстанской области среди территориальных образований лидирует Бурлинский район, за которым следуют территория Уральской городской администрации, Бәйтерек и Теректинский районы. Остальные 10 административных районов значительно отстают по уровню развития территориально-отраслевой структуры. Также были представлены приоритетные направления территориального развития социальной инфраструктуры Западно-Казахстанской области.

Ключевые слова: социальная инфраструктура, Западно-Казахстанская область, инвестиции, инвестиционный климат, регион, экономика.

Annotation: The quality of life and well-being of the population of the regions of Kazakhstan directly depends on the level of territorial development of the social sphere and social sectors that ensure the effective functioning of the human life system.

The paper presents the main results of the study of territorial differentiation of investment development of the social sphere of the West Kazakhstan region at the level of administrative districts.

The content of the concepts of "investment", "investment climate" is considered.

Based on the analysis of statistical information for 2010-2020 and the calculation of the territory development index, the development trends of the West Kazakhstan region and the socio-sectoral structure of investments are determined. According to the socio-sectoral investment structure of the territory, the Burlinsky district is the leader among the territorial entities in terms of the level of development of the administrative districts of the West Kazakhstan region, followed by the territory of the Ural City Administration, Baiterek and Terektinsky districts. The remaining 10 administrative districts lag far behind in terms of the level of development of the territorial and sectoral structure. Priority directions of territorial development of the social infrastructure of the West Kazakhstan region were also presented.

Keywords: social infrastructure, West Kazakhstan region, investments, investment climate, region, economy.

«Инвестиция» деген ұғым ағылшын тілінен аударылғанда «капитал салу» деген түсінікті береді. Бұл екі ұғым негізінен синонимдес сөздер болып табылады. Кең ұғымда экономикалық әдебиеттерде қаражат салу түсінігінің анықтамасы берілген – әрекет етіп кәсіпорындарды қайта салу, техникалық кеңейту және жаңа кәсіпорындарды салу үшін жұмсалатын қаржылар делінген. «Инвестиция» ұғымының ауқымдырақ түсінігі «Қазақстан Республикасындағы шетелдік инвестицияларды құқықтық реттеу» монографиясында берілген [1]. Бірақ «инвестициялар» мен «капитал салу» ұғымдарының нақты түсінігін ресейлік ғалым

В.М. Шумилов анықтаған. В.М.Шумиловтың пайымдауынша «капитал салу» түсінігі өндірістің негізгі құралдарына ғана салым жасау, ал «инвестиция» - кез-келген экономикалық әрекеттерге, нақтырақ айтқанда өндіріске, резервтерге, ақпараттық ресурстарға, құнды қағаздарға салым салу ретінде түсіндіріледі[2].

Қазақстанның заңында көрсетілгендей шетелдік инвестиция түсінігі нақты актілерде көрсетілген-Қазақстан Республикасының 2003 жылы 8 қаңтардағы «Инвестиция» туралы Заңында, Қазақстан Республикасының 1996 жылы 24 желтоқсанындағы «Валюталық реттеу» туралы Заңында. Қазақстан Республикасының «Инвестициялар» туралы Заңының 1-бабында инвестицияларды табыс табу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектілеріне салынатын мүлктік және интеллектуалдық құндылықтардың барлық түрлері анықталған, ал «Валюталық реттеу» туралы Заңының 1-1 бабы бойынша (8 тармақ) инвестиция – ақшаларды, құнды қағаздарда, мүлктік құқықтарды, соның ішінде интеллектуалдық шығармашылық қызметінің нәтижелерін екі мақсатта беру болып табылады:

1. инвестициялау объектісінің жарғылық капиталына қатысуды қамтамасыз ету;
2. құнды қағаздарды алу.

Экономикалық әдебиеттердің талдауы көрсеткендей, “инвестиция” термині – ол негізгі қорлар өндірісіне кеткен қаржылық шығындар. Мысалы, Г.И.Хачатуров капитал салымдары астарында негізгі қорлар өндірісіне кеткен шығындарды, олардың көбеюі мен жүзеге асырылуын түсінуді ұсынады.

М.И.Кулагин экономикалық мәнде инвестицияны өндіріске, көлік, ауыл шаруашылығы және табысқа ие болу мақсатындағы ұлттық экономиканың өзге де салаларына құралдардың ұзақ мерзімді салымын түсінуді ұсынады [5].

Бұдан да кең анықтамаларды шетелдік экономистер берді. Соның ішінде, Кейнс инвестиция “белгілі бір кезеңдегі өндірістік әрекет нәтижесінде капитал мүлігі құндылығының аралық өсімі” немесе “сол кезең ішінде иелікке алынуда қолданылмаған табыстың бөлігі” табылады деп санайды [5].

Экономикалық әдебиеттердегі жоғарыда көрсетілген анықтамалардағы және Қазақстан Республикасының “Инвестициялар туралы” заңындағы заң саласы бойынша берілген анықтама тұрғысынан қарағанда “инвестиция” ұғымының өзіндік көрінісі «табыс алу» болып табылады.

Батыс Қазақстан облысының (БҚО) әлеуметтік саласының инвестициялық дамуының аумақтық саралануын зерттеу аумақтың даму индексіне көрсететін материалдарды жүйелеу, өңдеу және талдау негізінде жүзеге асырылды. Зерттеу материалдары Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Ұлттық статистика бюросы, ғаламторда ұсынылған картографиялық және анықтамалық материалдар, талдамалық-ақпараттық ресурстар болды. Зерттеулер мынадай ғылыми әдістер мен тәсілдерді пайдалануға негізделген: абстракция; талдау және синтез; индукция және дедукция; математикалық; статистикалық; салыстырмалы-географиялық; сипаттамалық; картографиялық; геоақпараттық және басқалар.

Зерттеудің негізгі материалдары ретінде БҚО өңірлерінің 2010 - 2020 жылғы статистикалық жылнамалығы жариялаған статистикалық мәліметтерінен алынды.

БҚО бойынша әлеуметтік салаларды орналастырудың аумақтық саралануы негізінен келесідей факторлар бойынша анықталады: жұмыс күші (15 жас және одан жоғары), жұмыссыздық деңгейі, бір қызметкердің орташа айлық жалақысы, өнеркәсіп өнімін (тауарларды, қызметтерді) өндіру көлемі, құрылыс көлемі, бөлшек сауда көлемі, көтерме тауар айналымы, көрсетілген қызметтердің көлемі.

Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік саласының инвестициялық дамуының аумақтық саралануын және экономикалық даму деңгейі бойынша типологиясын жүргізу үшін рангтік-баллдық бағалау әдісі қолданылды [4].

Жоғарыда аталған көрсеткіштерді картографиялық және аналитикалық материалдарды талдаумен қоса салыстыру. БҚО аумақтық әлеуметтік салалары және экономикалық дамуының негізгі тенденцияларын көрсететін белгілі бір нәтижелерді алуға мүмкіндік береді.

2010-2020 жылдар аралығында аудандардағы әлеуметтік-демографиялық үдерістердің нәтижесінде БҚО халқының саны 23 пайызға өсіп, 2020 жылға 318,7 мың адамды құрады [3]. 13 әкімшілік ауданның 3-інде халық санының өсу тенденциясы байқалады. Халық санының өсуінің ең жоғары көрсеткіші Орал қаласына тән. Ақжайық (8,7%), Жаңақала (4,6%), Жәнібек (1,5%) аудандарында да халық өсуі байқалады. Ал 13 әкімшілік ауданның 10-ында халық санының азаю тенденциясы көрінеді. Халық санының азаюының ең жоғары көрсеткіші Тасқала ауданына тән. Қаратөбе, Бөкей Ордасы, Бөрлі, Бәйтерек, Сырым, Теректі, Шыңғырлау аудандарында салыстырмалы түрде халық санының азырақ азаюы байқалады (1-кесте).

1-кесте. 2010-2020 жж. БҚО әкімшілік аудандарының халық санының өзгеруі [3]

№	Әкімшілік аудандардың Атауы	Халық санының өзгеруі		
		Халық саны 2010 ж., адам	Халық саны 2020 ж., адам	Халық санының өсімі/кемуі, %
1	Ақжайық	608,3	661,3	8,7
2	Бөкей ордасы	41,5	39,8	-4,1
3	Бөрлі	16,5	15,0	-8,9
4	Жаңақала	54,1	56,6	4,6
5	Жәнібек	23,6	24,0	1,5
6	Бәйтерек	16,7	16,0	-4,0
7	Қазталов	55,1	59,5	8,0
8	Қаратөбе	32,2	28,5	-11,4
9	Сырым	16,7	15,4	-7,8
10	Тасқала	21,1	18,4	-12,9
11	Теректі	17,1	16,6	-3,1
12	Шыңғырлау	38,9	38,3	-1,5
13	Орал қаласы	15,8	14,5	-8,0
	БҚО	259,1	318,7	23,0

БҚО бойынша әлеуметтік саласының инвестициялық дамуының аумақтық саралануына негізгі әсер етуші факторларға: жұмыс күші (15 жас және одан жоғары), жұмыссыздық деңгейі, бір қызметкердің орташа айлық жалақысы, өнеркәсіп өнімін (тауарларды, қызметтерді) өндіру көлемі, құрылыс көлемі, бөлшек сауда көлемі, көтерме тауар айналымы, көрсетілген қызметтердің көлемі әсер етеді және ол көрсеткіштер 2 кестеде жазылып, сипатталған.

2-кесте. 2010-2020 жж. БҚО бойынша әлеуметтік салалардың факторлары [3]

№	Әкімшілік аудандардың атауы	Жұмыс күші (15 жас және одан жоғары)		Жұмыссыздық деңгейі		Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы		Өнеркәсіп өнімін (тауарларды, қызметтерді) өндіру көлемі,	
		2010	2020	2010	2020	2010	2020	2010	2020
1	Ақжайық	333,6	337,9	5,3	5,2	362,8	375,4	6719,6	4414,3
2	Бөкей ордасы	23,8	21,9	4,3	4,6	270,5	279,5	10,4	3,7
3	Бөрлі	9,5	8,3	6,3	6,0	264,6	325,5	3,9	1,3
4	Жаңақала	33,6	33,0	4,0	4,4	1293,3	986,7	5978	3640,2
5	Жәнібек	13,5	12,7	5,0	4,9	256,2	296,9	4,2	1,5
6	Бәйтерек	10,5	9,2	6,2	6,0	272,3	320,8	1,5	1
7	Қазталов	31,2	33,3	4,6	4,8	283,1	342,9	219,4	280
8	Қаратөбе	16,3	14,6	6,5	6,0	254,6	302,9	6,2	1,7
9	Сырым	8,9	8,2	6,7	6,0	276,8	337,2	10,1	1
10	Тасқала	11,4	10,1	5,1	5,0	259,4	314,3	4,1	1,5
11	Теректі	9,7	9,5	5,1	5,0	290,3	307,7	2,3	1,4

12	Шыңғырлау	21,9	20,4	5,1	5,0	288,8	323,9	7,8	11,6
	Орал қаласы	9,0	8,4	5,0	5,0	262,1	321,5	6,8	1,6
	БҚО	134,4	148,1	5,0	4,9	444	420,2	464,9	467,6
№	Әкімшілік аудандардың Атауы	Құрылыс көлемі		Бөлшек сауда көлемі		Көтерме тауар айналымы		Көрсетілген қызметтердің көлемі	
		2010	2020	2010	2020	2010	2020	2010	2020
1	Ақжайық	548,2	427,1	649,1	756,6	1408,1	954,7	380,7	1842,5
2	Бөкей ордасы	20,8	11,5	17,4	11,2	0,3	0,2	3,3	4,6
3	Бөрлі	2,6	5,4	3,7	1,2	0	0	1,3	1,2
4	Жаңақала	200,6	190,5	51,7	39,1	96,6	41,9	189,5	240,3
5	Жәнібек	5,8	3,3	5,8	5	0	0	2,4	3,9
6	Бәйтерек	1,6	3,5	4,1	3,3	0,1	0	1,1	0,6
7	Казталов	84,1	21,7	9,8	20,8	7	17,6	8,8	2,2
8	Қаратөбе	10,3	20,5	9,6	15	0	0	1,6	1,9
9	Сырым	4,8	1,7	4,6	1,3	0	0	1,6	1
10	Тасқала	18	9,9	2,4	1,4	0	0	2	1,1
11	Теректі	8,4	12,5	3,1	0,8	0	8,9	1,6	8,3
12	Шыңғырлау	34,4	11,5	8,5	3,1	2,1	18,4	4,6	0,5
	Орал қаласы	4,5	5	10	1	2,1	0	2,2	2,3
	БҚО	152,2	130	518,3	653,6	1299,8	867,4	160,7	1632

БҚО бойынша әлеуметтік салалардың орналастырудың аумақтық саралану көрсеткішін сипаттайтын болсақ, 2010-2020 жылдары 10 жыл ішінде көптеген айырмашылықтарды байқауға болады. Әр сала бойынша да сандардың алшақтық өзгерістері көрінеді. Нақты салалар бойынша статистикалық көрсеткіштер көбейсе, ал кейбір салаларда ол көрсеткіштер деңгейі түсіп кетіп жатыр, оны 2-кестеге зер салып қарап, байқауға болады.

Әр салаға жеке-жеке талдап, тоқталып кетсем: жұмыс күші (15 жас және одан жоғары) 134,4-тен 148,1-ге артқан, жұмыссыздық деңгейі 5-тен 4,9-ға төмендеген, бір қызметкердің орташа айлық жалақысы 444-тен 420,2-ге азайған, ал керісінше өнеркәсіп өнімін (тауарларды, қызметтерді) өндіру көлемі 469,9-дан 467,6-ға артқан, құрылыс көлемі керісінше 152,2-ден 130-ға дейін көлемі түскен. Келесі сала бөлшек сауда көлемі 518,3-тен 653,6-ға үлесі көбейген, көтерме тауар айналымы 1298,8-ден 867,4-ке төмендеген және соңғы көрсеткіш көрсетілген қызметтердің көлемі 160,7-ден 915,6-ға едәуір өскенін байқауға болады.

Статистикалық көрсеткіштер 10 жыл ішінде әр сала бойынша өзгеріп отыруының бір себебі –ол аудандардың әлеуметтік жағдайының даму деңгейінде деп ойлаймын. Қала орталығына жақын орналасқан Бөрлі, Тасқала, Бәйтерек аудандарының әлеуметтік жағдайы салыстырмалы түрде алшақ орналасқан Жәнібек, Қаратөбе, Казталовка, Бөкейорда аудандарынан әлдеқайда жақсы, сонымен қатар жоғарыда атап кеткен аудан орталықтарының болашақта нақты салаларын дамыту мүмкіндігі де жоғарырақ болады деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сулейменов М.К. Право и иностранные инвестиции в РК. – Алматы, 1997. – Б. 24-27.
2. Шумилов В.М. Международное экономическое право. – М., 1999. – 330 с.
«Мәңгілік Ел: бір ел - бір тағдыр» атты тақырыппен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясы барысында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Ассамблея Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев осылай айтты: «Кез келген мемлекеттің өзегі - оның бірегей мемлекеттік тілі. Бүгін мен қазақ тілін меңгеріп, оқып жүргендерге шынайы алғысымды білдіргім келеді. Өз балаларын Отанының мемлекеттік тілінде оқытып, қазақ тілін білуі үшін балабақшаларға беріп жатқан ата-аналарға да алғысым шексіз. Бұл біздің бірегей азаматтығымызды білдіреді. Қазақ тілінің дамуы тарихта осындай ауқымды қарқынмен жүргізілген емес», - деді Н.Назарбаев. Сонымен қатар, Елбасы Қазақстанда барлық этникалық топтардың тілдерді дамытуына жағдай жасап отырғанын атап өтті. «Біз үштілділікті дамыту қарқынын үдетіп отырмыз. Бұл ойдан шығарған дүние емес, қажеттілік. Қазірдің өзінде қазақстандықтардың 20 пайызы ағылшын тілін меңгерді. Яғни, үш тілді меңгеру, білу - бұл жаһандық

әлемге жолдама деген сөз. Бұл адамның өмірдегі табыстылық, жетістік принципі. Жаһандық әлемде біздің балаларымыз «Планета азаматы» болады. Сондықтан да олар әлемнің кез келген өңірінде жұмыс істеп, күнін көре алатын болады. Яғни, бүгінгі күрделі әлемде біздің балаларымыз өздерін «судағы балықтай» сезінуі керек, біз соған жағдай жасап жатырмыз», - деді Н.Назарбаев [1].

Тұңғыш елбасымыз білім беру ордасы мектептердің басты мақсаты мен міндеттерін де атап өткен болатын. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» - деп атап көрсетілген [2].

Жоғарыда атап өтілген міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектептер жаңа технологияны енгізіп, оны қолдана білуі керек. Сапалы білім алып, оқуға инвестиция жасайтын, өз бойын үздіксіз білімге толтыратын, бәсекеге төтеп бере алатын адам ғана болашақтың кілтін қолына ұстайды. Бұл кілттің есігі жаңа ғасыр, жаңа технологиялар мен бәсекеге толы заманды ашады. Бәсекеге төтеп бере алатын адам технология, ғылымнан бөлек, Әлем тілі - ағылшын тілін білетін адам. Қазір барлық технологиялар, компьютер тілдері ағылшын тіліне салынады. Осыдан ағылшын тілін оқып, үйренуден бөлек, оны аударып білу маңыздылығы байқалады.

АУДАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ОҚЫТУДАҒЫ АУДАРМА ҚАТЕСІНІҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жүргізіп отырған тіл саясатының ең маңыздыларының бірі қоғамның экономикалық және әлеуметтік жаңғыруының тенденциялары. Көптілділік даму – көп ұлтты қазақ қоғамындағы маңызды бағыт. Елбасының бастамасымен Қазақстан Республикасында тіл саясатына тікелей әсер ететін мәдени шара жүзеге асырылуда. Жобаның басты идеясы тілдердің үштұғырлығында жатыр, яғни Қазақстанның әрбір азаматы болашақта үш тілде сөйлейтін болады:

қазақ, орыс және ағылшын тілдері.

Тіл саясаты әлеуметтік жаңғырту саясатынан бөлек дами алмайды. Президенттің айтуынша, Әлемнің басқа елдері сияқты қазақстандықтарға да жаңғыру қажет болады. Себебі, басқа мемлекеттер Қазақстанды жоғары білімді ел ретінде қабылдауы керек яғни, халқы үш тілді еркін меңгерген ел: қазақ мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілі табысты интеграцияға ықпал ететін тіл ретінде. Осы үш тіл еліміздің жаһандық экономикаға енуіне ықпал етеді. Тіл саясатының дамуы тікелей аудармашылық құзыреттілікпен байланысты.

Білім берудегі заманауи технологиялар құрал ретінде қарастырылады. Ол арқылы жаңа білім беру парадигмасын жүзеге асыруға болады. Білім беру технологияларының даму тенденциялары білім беруді ізгілендіру, өзін-өзі жүзеге асыруға ықпал ету және жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асырумен тікелей байланысты.

Бүгінгі таңда оқыту аударма технологияларының үлкен таңдауы бар. Бірақ белгілі бір мақсаттарға жету және жиынтықты шешу сияқты тапсырмаларды орындау үшін, оқушылардың бойында құзіреттілік кешенін қалыптастыру қажет.

Аударма құзыреттілігін қалыптастыру үшін қолданылатын технологиялар құзыреттілікке және тұлғалық-белсенді тәсілді енгізуге негізделген. Олар өз ішінде оның қалыптасуына және дамуына ықпал етеді.

Аудармашылық құзыреттілік теориялық концепция ретінде соңғы он жылда педагогика ғылымы мен аударматанудың басты назарында болды. Кәсіптік жоғары білім беру аясында оқу-тәрбие процесінің кешенді педагогикалық аспектілерін дамыту, болашақ аудармашыны дайындаудың теориялық және әдістемелік негіздері, оның сауатты маман және кәсіби маман ретінде қалыптасуы мәселелері көптеген И.А Зимняя, В.Н Комиссаров, Л.К Латышев сияқты жетекші педагогтардың және аудармашылардың еңбектерінде орын алады.

Ғылым мен техниканың дамыған заманында жоғары оқу орындарынан бөлек, мектептерде жоғарғы сынып оқушылары да аудармашылық дағдымен қоса, қажетті білімді өздігінен меңгере алатын, туындаған ситуациялық проблемалардан оңай жол таба алатын, критикалық ойлау қасиеті жоғары, меңгерген білімін өмірде қолдана алатындай оқушылар мен студенттер қажет.

Аудармашылық құзыреттілік және екі тілді қатар алып отыру бұл стресске толы жұмыс. Өз ісінің маманы болу үшін жоғарғы сынып оқушылары қазірден-ақ ұтымды шешімдерді қабылдау жолдарын үйреніп, сыни тұрғысынан ойлап, стандартқа бағынбайтын жан-жақты, стресстік күйзелістен оңай шыға алатын, үздіксіз жеке және кәсіби жетілуге ұмтылатын бірнеше бағытта жұмыс істей алуы қажет. Яғни, аудармашылық құзыреттілік тек аудару ғана емес, ол жоғары мамандандырылған сала, аударма технологиялары аппаратының саласы, коммуникация процесін ұйымдастыру білім саласы болып есептеледі.

Аудармашылық дағды қазіргі уақытта өте өзекті мәселе. Дамыған заманда білімді адамдардан жоғары технологиялар күннен күнге пайда болуда, мысалы, әртүрлі аударма қолданбалары күннен күнге

пайда болып жатыр. Ал алдағы уақытта синхронды аудармашылық гаджеттер шығады деген болжамдар да бар. Сондықтан та, аудармашылық құзыреттілік қазіргі таңда өте керекті және бәсекелестікке қарсы тұра алатындай дағды болғалы тұр. Осындай аудармашылық құзыреттіліктің маңыздылығы туралы жоғары оқу орындарында жұмыс жасайтын Е.Ф. Зеер, А.В. Краевский сияқты педагогика пен психологияның зерттеушілері құзыреттілік мәселесін зерттеуде.

Біздің күнделікті және кәсіби санада қателік, әдетте, кейбір саладағы сәтсіз қызмет ретінде қарастырылады. Дегенмен, адамның іс-әрекеті онтологиялық тұрғыдан қателіктерден ажыратылмайды. Яғни, қателік адамға тән. Қатесіз ешқандай әрекет мүмкін емес. Оқушылардан бұрын әр оқытушы, тренер немесе коучтар қатеден тек оң копонетті ғана көрулері тиіс. Санамыздағы блоктарды алып тастаудың арқасында ғана, біз болашақ мамандарға материалдарды өз қателік желігімізден өткізіп, оңтайлы түрде түсіндіре аламыз.

Менің бұл мақаламның басты мақсаты жоғарғы сынып оқушыларын аудармашылық құзыреттілікке үйрету барысындағы кездесетін қателіктер және оның рөлі, қателіктерден плюс жақтарды байқап, оны оң компонентке айналдыру.

Ең алдымен, аудармашылық құзыреттілікке үйрету барысындағы басты проблема ағылшын тілдері пәнінің мұғалімдері оқушылардың жіберген қателіктеріне, аудармаларына бас назарын салмай, салғырт қараулары деп ойлаймын. Негізінен ағылшын тілі пәндері мұғалімдерінің өте жан-жақты болғандары жөн. Ағылшын тілі тек грамматика, лексикадан ғана тұрмайды. Басқа да тілдер сияқты, бұл тілде де білу керек идиомалар, қиын аударма сөздер және дәстүрлерден тұрады. Дегенмен де, ағылшын пәні мұғалімдерінің салғырттығынан оқушыларда да бұл тілге деген салғырттық пайда болады. Айта кетер болсақ, оқушылар дұрыс аудармашылық дағдыны игере алмайды, мәтіндерді түсінбейді, профессионалды аударудан әрі аударарды, яғни, өз ойларын жеткізе алмайды. Екіншіден, ағылшын тілі пәні мұғалімдері ұсақ аудармаларға назарын аудармайды. Кітапта берілген сұрақтарға ғана жауап беріп, оқушылардың сөйлеу мәдениеті және аудармашылық дағдыларына уақыт бөлінбейді. Көп мектептерде жоғарғы сынып оқушыларында ғана емес, бастауыш сыныптардан бастап аудармаға қарағанда жазбаша жаттығулар және грамматика ғана тексеріледі. Бұның барлығы да оқушылардың толық ашыла алмауына, өз ойларын айта алмауына, берілген мәтіндерді немесе бейнежазбаларды түсініп алу былай тұрсын, аударма алмауына әкеп соқтырады. Оған мысал ретінде, мектепшілік олимпиадаларды алғым келіп отыр. Ең алғашқы кезеңде жоғарғы сынып оқушылары мектепшілік тестілеуден өтіп, кейін олимпиадалық грамматикалық жаттығуларды жасайды. Ондай кезде оқушылардың 80 % екінші кезеңге өтеді. Не үшін? Себебі, балалардың миы белгілі бір блокқа түсіп, грамматика мен ережелерді ғана жаттаумен шектелген. Екінші кезеңнен өту барысы олар үшін қиынға соғады. Себебі, балаларды бала кезінен-ақ сыни тұрғысынан ойлау, аудару, өз ойын жеткізе білуге бейімдеген. Осындай қисынсыз мән берілмеген қателіктердің арқасында, біздер аудармашылық құзыреттілігі төмен жас мамандарды даярлаймыз. Себебі, оқушылар сондай қателіктерге көз жұмылып тұрғаны үшін оны қателік ретінде көрмей, өз кезегінде оны дұрыстауға тырыспайды. (Мысалы, *n* мен *n* әріптерінің айыра алмауы сияқты *advise* және *advise* сөзіндегі айырмашылықтарды білмеуі).

Аудармашылық құзыреттілікті дамытып, оны балаларға түсіндіру қателіктермен жұмыс жасау берілген мектепшілік жоспардан қалып қою қауіпіне әкелетіні сөзсіз. Тағы бір проблема, аудару барысында балалардың ойларын көп мұғалімдер түсіне береді. Бұл дегеніміз, оқытушылар критикалық ойға салынбайды. Сондықтан да, баланың ойын өзгерту арқылы тексті немесе ойды өз бетінше аударарды. Ал балалар сол ойға келіседі. Сондықтан да, бұдан шығудың бір амалы оқушыларды түсінуге тырысу. Яғни, ең алдымен өз ойларын ана тілінде білдіріп, кейін аудару барысында тек қателіктерді меңгеріп, олармен жұмыс жасау.

Үшіншіден, оқушыларды кітапта берілген әдебиеттер арқылы аудармашылық дағдыны дамыту. Мұғалімдер оқушылардың басты қозғалтқышы деп білемін. Оқушылардың қызығушылығы да, мотивациясы да, көңіл-күйлері де ұстаздарына байланысты болады. Қазір көп кітаптар жаңа оқыту жүйесіне ауысқанына қарамастан, материал бір. Яғни, тек мұқаба мен сурттер ауыспаса ешқандай жаңалық жоқ. Бұл дегеніміз пайда болып жатқан кітаптардағы аударуға арналған мәтіндердің ауыспауы. Мұғалімдер ол мәтінді күніне ғана емес, жыл сайын көріп аудармасын жатқа біледі. Оқушылардың аудару барысындағы грамматикалық, көркем әдебиеттік қателіктерін оңай табады. Бірақ, не үшін аударманың қате екенін, оның грамматикалық орнын түсіндірмейді. Сонымен қатар, қазақ тілі сияқты ағылшын тілінде де омоним, синоним сөздері өте көп. Байқағаным, оқушылар сол синонимдес сөздердің басқа аудармасын қолданған уақытта, оқытушылар ол сөздерді жатталған сөздерге ауыстырып, балалардың шекарадан тыс ойлап, сөздік қорларын дамытуға блок қояды. (Мысалы, *gorgeous*- тамаша сөзін олар *beautiful* сөзіне аударарды. Бірақ бұл сөзден бөлек, *spectacular*, *stunning*, *breath-taking* д.с. аудармалары да бар).

Тағы бір себеп – аударманы тұтынушы және оның ана тілі. Бұқаралық коммуникациялардың даму дәуірінде аударма түпнұсқа тілін білмейтін тұтынушы пайдаланатын ақпарат көздерінің біріне айналады. Мысалы, нарықта түрлі тұрмыстық тауарларды импорттау, балаларға арналған ойыншықтар, косметикалық құралдар, азық-түлік өнімдері және т.б. тұтынушыны оларды пайдалану немесе тұтыну жөніндегі нұсқаулықты сатып алуға және аударуға мәжбүр етеді. Мұндай нұсқаулардағы аударма

қателіктерінің көп бөлігі тұтынушының жадында қалады және оның сөйлеу практикасы арқылы аударма тілінің нормаларын бұзып, одан әрі таралады. Дәл осындай жағдай жоғарғы сыныптарда да бар. Балалар кіші жастарынан өте зерек, әр информацияны жеңіл қабылдайды. Сондықтан да, білім берушілер өз сөздері мен аудармаларына мән бергендері жөн.

Келесі себеп – аудармашы мамандығының мәртебесі. Аударма мұғалімінің оқушылардың қателігін және оның пайда болу себебін көрсетуге, түсіндірмеуі және кейде мұғалімнің қабілетсіздігі мен бейжай қарауы, сайып келгенде, болашақ еліміздің жастарына өз мамандығына ұқыпсыз, жауапсыз қарап, теріс әсер етеді. Мұғалім оқушылардың өмірінде оның жұмысының алғашқы сыншысы. Аударманы орындау кезінде оқушылардың қандай қателік жібергенін, оны қалай болдырмауға немесе түзетуге болатындығын түсіндіру шәкірттердің болашақ жұмысына деген жауапты көзқарасына байланысты болады.

Осындай бірнеше себептерді талқылау арқылы аудармашылық құзыреттіліктің құндылығы мен өзектілігін түсіне алу қиын емес. Ең алдымен «аудармашылық құзыреттілік» атауын мектеп жоспарына қосудан бұрын, бұл тақырып бойынша пайда болатын қиыншылықтарды және оқушыға тигізер әсерінің елімізге де әсері бар екенін түсініп, қателіктердің алдын алған жөн. Қазақстанға қарағанда шет елдерде бұл тақырып қызу талқыға түсіп, оған «аударма қателіктері» деген атау берген екен.

Көптеген жұмыстардың талдауы қазіргі заманғы отандық және шетелдік аударма ғылымында «аударма қателігінің» жалпы қабылданған бірыңғай анықтамасы жоқ екенін көрсетеді. Көптеген авторлар аудармадағы қателік эквиваленттің нормативтік талабынан негізсіз ауытқу ретінде деп біледі. А. Д. Швайцер қатені мазмұннан ауытқу ретінде қарастырса, Р. К. Миньяр-Белоручев - аударманың түпнұсқаға сәйкес келмеу шарасы ретінде, В.Н. Комиссаров – оқырманға дұрыс емес ақпарат беру шарасы ретінде қарастырады.

Сонымен ол қате салыстырмалы және айнымалы ұғым болып табылады. Қатені белгілі бір ережелер жүйесі мен нормалар болған кезде бөліп көрсетуге болады.

Нормадан ауытқу қателіктерден көрінетіні белгілі. О.В. Максютин ақу аудармасындағы қателіктердің негізгі себептерін атап өткен:

1. *білімдегі олқылықтар*: ана тілі және шет тілдерін меңгерудің жеткіліксіздігі және экстралингвистикалық білімнің жетіспеушілігі. Бұл мектептегі аударма курсына байланысты түсініп аудару проблемаларын тудырады. Түзету тәсілдері: толықтырулар, түсініктемелер, кеңестер;

2. *аударма техникасын жеткіліксіз меңгеру* - оқытуда негізгі болып табылатын, қайталау және түсіндіру сияқты түзету әдістерін талап ететін аударманың әдіснамалық қағидаттарын толық түсінбеудің нәтижесі;

3. *әлсіз мотивация*. Ол арнайы шараларды қажет етеді: бағалауды қолдану арқылы балалардың назарын аудару және әсер ету. Түзету әдістері: қызығушылықты ояту, яғни кейбір қателіктердің маңыздылығын оқушы санасына жеткізу, оқушыны оқырман ролінде сезіндіру, нашар орындалған аударманы түзету мен басқа мотивация беретін жолдар. Бағалаудың әсері бір аударма жаттығуларына қарағанда, сол аударманың қателіктерін тауып, онымен жұмыстанғаны үшін қойылса баға тиімдірек болады.

Оқытушыға аудармада кеткен нақты қателіктерге түсінік беру кезінде кәсіби аударма тәжірибесіне жүгіну керек. Мысалы, "қисынсыз", "қате", "ескерту" деген сияқты синонимдес бірақ мағынасы басқа сөздердің нені білдіріп тұрғанын түсіндіру керек, ағылшын тілінде ондай сөздер көп кездеседі.

М. Дебрэнн шет тілін оқытуда тіларалық девиаттарды зерттеп, француз ғалымы А. Ламидың ойымен келісе отырып: «Оқытудың әртүрлі кезеңдерінде жіберілген қателерге әртүрлі қарау керек. Ең алдымен оқушы мұғалімнің айтқанын қайталай отырып дұрыс аударды, себебі ол оқытушының ой желегін айтып беріп тұр. Одан кейін, оқушы өз бетімен аударуға тырысқан уақытта біраз қателіктерді жібереді. Дегенмен де, қорытындылай келе дұрыс аударып шығады. Сондықтан да, білім беруде, аудармашылық дағдыны дамыту барысында қателермен жұмыс жасау маңызды рөл атқарады. Әмбебап қатаң педагогикалық принципке қарамастан мұғалімнен тек дұрыс сөздерді көрсетіп, қатемен жұмыс жасау талап етіледі» - деген екен.

Ең алдымен, оқу аудармасындағы қате оқушының танымдық іс-әрекеті үшін импульс ролін атқарады деп ойлаймын. Өйткені, саналы жасына қарай бала сол қателіктерінің арқасында біраз білім мен сөздік қорын кеңейтуге мәжбүр етеді.

Мұндай қателіктер өз кезегінде болашақта оқушылардың өз бетімен іздеуін дамытады. Оқытушыдан естіген қателігінен кейін оқушы ол қателіктің енді қайталанбауы үшін ізденіс үстінде жүреді. Сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар, ана тілін және осы саладағы мамандарды зерттеу арқылы бұл оқушылардың әдетіне айналады.

Аудармашылық құзыреттілікті оқыту барысындағы қателіктердің ролін атап кетсем, оқушылардың сыни рефлексивті әрекетін атап өтер едім. Мысал келтірер болсам, сыныпта ұжымдық жұмыстарды өткізіп тұру қажет. Топпен жұмыс жасау барысында сабақта кеткен қателер, жазбаша аудармалар, мәтіндер, үйге берілген тапсырмаларды тексере отырып, қатемен жұмыс жасау арқылы оқушылар бір-бірінің қателерін тауып дұрыстайды. Ал ауызша аударылым болса, оқушыларға үйге бейнежазба беру арқылы тексеруге болады. Ол бейнені үлкен тактаға шығарып тыңдау барысында

кеткен қателер, сөз саптауын және эмоционалды жеткізумен жұмыс жасап, басқа оқушылардан кеткен ағаттықтарды өзіне түртіп ауға тырысады. Бұндай қатемен жұмыс жасау оқушылардың өздерін бос сезініп қана қоймай, аудармашылық дағдының кәсіби маңызын түсініп, екінші кезекте бұндай қателіктерді болдырауға тырысады.

Тағы бір маңызды рөлді *бақылау* ойнайды. Сабақтардағы қателіктерге талдау жасай отырып, оқытушы қажетті әртүрлі құзыреттердің дамуын бақылауды жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқытудың келесі кезеңдерінде қателіктерді талдау және оларды алдын-ала болжауға және жоюға бағытталған әртүрлі жұмыс түрлері оқушылардың өзін-өзі бақылауын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, аударма қатесінің рөлін анықтау және түсіну арқылы біріншіден, мұғалімдер оқушылардың қабілеттерін олардың қателіктеріне қарамастан басып тастамауы керек. Екіншіден, балалардың аудармашылық құзыреттілігін дамыту барысында балалармен кәсіби жұмыс жасап қана қоймай, олардың жеке дамуына жол беріп, мотивациясын арттыру қажет.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ // Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Астана, 2014.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы 2007 жыл 7 қыркүйек.
3. Гарбовский, Н. К. Теория перевода. М., 2004. 544 с.
4. Максютин, О. В. Переводческая ошибка в методике обучения переводу // Вестн. Томск. гос. пед. ун-та. 2010. Вып. 1 (91). С. 49–52.

ӘОЖ 9113:33 (574.1)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ШЫҢҒЫРЛАУ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

Ж.Утениязова

Магистрант,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

e-mail: zhibekbulatovna0@icloud.com

Аннотация: Мақалада 2006-2021 жылдар аралығындағы Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау әкімшілік ауданының экономикалық дамуына талдау жасалады. Автор Шыңғырлау әкімшілік ауданының экономикалық дамуын бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді негіздеді және ұсынды. Автор экономикалық дамуды келесі көрсеткіштер бойынша талдауды ұсынады – шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны, шағын кәсіпкерлік саласында жұмыс істейтіндердің саны, мал мен құс басы, мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісі.

Мақалада Шыңғырлау ауданының экономикалық дамуының қазіргі жағдайын талдаудың негізгі нәтижелері келтірілген. Экономикалық даму деңгейі бойынша Шыңғырлау ауданының ауылдық округтерінің типологиясы жүргізілді.

Кілт сөздер: Экономикалық даму, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, өндірілген өнім, шағын кәсіпкерлік.

Аннотация: В статье анализируется экономическое развитие Чингирлауского административного района Западно-Казахстанской области за период с 2006 по 2021 годы. Автор обоснованы и предложены показатели, позволяющие оценить экономическое развитие Чингирлауского административного района. Автор предлагает анализ экономического развития по следующим показателям – количество субъектов малого предпринимательства, численность занятых в сфере малого предпринимательства, поголовье скота и птицы, производство продукции животноводства.

В статье представлены основные результаты анализа современного состояния экономического развития Чингирлауского района. Проведена типология сельских округов Чингирлауского района по уровню экономического развития.

Ключевые слова: экономическое развитие, сельское хозяйство, животноводство, произведенная продукция, малое предпринимательство.

Annotation: The article analyzes the economic development of the Chingirlau administrative district of the West Kazakhstan region for the period from 2006 to 2021. The author substantiates and suggests indicators to assess the economic development of the Chingirlau administrative district. The author offers an analysis of economic development according to the following indicators—the number of small business entities, the number of people employed in the field of small business, the volume of products produced, work done, services rendered, livestock and poultry, livestock production.

The article presents the main results of the analysis of the current state of economic development of the Chingirlau district. The typology of rural districts of the Chingirlau district according to the level of economic development is carried out.

Key words: Economic development, agriculture, animal husbandry, industrial products, small business.

Ғылыми әдебиеттерде «экономикалық даму» терминіне авторлардың берген анықтамалары әртүрлі. Осылайша, А.П. Горкиннің пікірінше, экономикалық даму - қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға, бір күйден екінші күйге, әдетте, нысанның құрылымдық сипаттамаларының өзгеруімен сапалы жаңа күйге көшу. Даму процесінің нәтижесінде нысанның жаңа сапалық жай-күйі пайда болады [1,199].


Э.Б. Алаев «экономикалық өсу экономикалық нысанның жай — күйіндегі прогрессивті сандық өзгерістермен (мысалы, жалпы немесе таза өнім сияқты көрсеткіштердің ұлғаюы), ал экономикалық даму прогрессивті сапалық өзгерістермен (еңбек өнімділігінің өсуі, өндіріс тиімділігінің артуы және т. б.) сипатталады. Даму, әдетте, экономикалық нысанның құрылымдық өзгерістерімен байланысты екенін атап өткен жөн» - деп анықтама береді [2,142].

Е.Г. Попкованың пікірінше, экономикалық даму «сандық әртүрлілікті жинақтау және кейіннен экономикалық кеңістікті кеңейту арқылы трансформациялық және транзакциялық процестерді үнемі жүзеге асыру» болып табылады [3,91].

Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданы маңызды географиялық орында орналасқан. Зерттеудің өзектілігі - қазіргі экономиканы оның тұтас сипаттамасы, тұрақтылығын, әлсіз жақтарын анықтау тұрғысынан тереңірек талдау қажеттілігі. Сондықтан, ауданның аумақтық экономикалық дамуының аспектілерін зерттеп анықтау, аудан экономикасын интенсивті түрде көтеруінің негізгі бағыты болып табылады.

Шыңғырлау ауданының экономикасын зерттеуде өнеркәсіп саласын талдауда статистикалық мәліметтердің жеткіліксіздігіне байланысты ауыл шаруашылығы саласын талдауға басымдылық берілді.

Шыңғырлау ауданында мал шаруашылығы тұрақты дамуда. 2006-2021 жылдары ірі қара, сиыр, қой және ешкі, түйе, жылқы және құс саны айтарлықтай артты. Тек шошқа санының азаюы байқалады.



1-сурет. Шыңғырлау ауданындағы 2006-2021 жылдардағы ауыл шаруашылығы жануарлары құрылымының өзгеруі. Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [4].

2006 жылы аудандағы ірі қара мал саны 21,04 мың басты құрады. 2007-2011 жылдары мал басының төмендеуіне қарамастан 2021 жылға қарай 90,7% - ға өсіп, 40,11 басты құрады (сурет 2). Шыңғырлау ауданының барлық ауылдық округтеріндегі ауыл шаруашылығы жануарларының құрылымында ірі қара мал шаруашылығы басым.

Қой және ешкі шаруашылығы да кеңістіктік дамуға ие болды. 2006-2021 жылдары аралығында қой мен ешкі саны 24042-ден 44283-ке артты. Шыңғырлау ауданының ауыл шаруашылығы жануарларының құрылымындағы қой мен ешкінің үлесі 2021 жылы 13% -ды құрады (сурет 1).


Қой шаруашылығы мен ешкі шаруашылығы Ащысай, Алмаз, Шыңғырлау, Ақшат ауылдық округтерінде барынша дамыды, онда ауыл шаруашылығы жануарларының құрылымында қой мен ешкінің үлесі салыстырмалы түрде жоғары.

Барлық зерттеу кезеңінде шошқа басының саны 714-тен 200 басқа дейін қысқарды және тиісінше, ауыл шаруашылығы жануарларының құрылымындағы үлесі азайды (сурет 1). Ащысай, Ақшат, Ардақ, Қарағаш және Шыңғырлау ауылдық округтерінде шошқа басы кеміді.

Жылқы шаруашылығы да дамыды. Бұл ретте 15 жыл ішінде Шыңғырлау ауданында жылқы басы 2640-тан 8360-қа дейін ұлғайды (сурет 2), бұл ауыл шаруашылығы жануарлары құрылымындағы жылқылар үлесінің ұлғаюына әсер етті (сурет 1). Жылқылар саны бойынша көшбасшы - Ақтау ауылдық округі – 2 мыңнан астам бас, содан кейін Шыңғырлау, Ақбұлақ және Ардақ ауылдық округтері – 1 мыңнан астам. Қалған ауылдық округтер жылқылардың саны бойынша артта.

Шыңғырлау ауданындағы түйелер саны өте аз, 2006 жылы статистикалық мәліметтер бойынша барлығы 43 бас болды (негізінен Ақшат, Ардақ және Шыңғырлау ауылдық округтерінде 9, 14, 20 бас сәйкесінше). 2021 жылға қарай 54 басқа дейін аз ғана өскенімен, ауыл шаруашылығы жануарларының құрылымындағы үлесі көбеймеді (сурет 1). 2021 жылы Ақшат және Ақтау ауылдық округтерінде түйе саны артты. Шыңғырлау ауылдық округінде түйе саны 0-ге дейін азайды.

Соңғы 15 жылда Шыңғырлау ауданында құс саны 31,04% - ға дерлік 36063 бастан 47257 басқа дейін өсті. Бұны 2006 жылдан бастап Шыңғырлау ауданындағы барлық мал санының динамикасын көрсететін 2-суреттен айқын көруге болады. Ауыл шаруашылығы жануарларының құрылымында құстардың үлес салмағы жалпы аудан бойынша 5% - дан 3% - ға дейін азайды (сурет 1). Алмаз, Ащысай және Ақшат ауылдық округтерінде құстардың саны азайды.



2-сурет 2006-2021 жылдары ауыл шаруашылығы мал басының саны. Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [4].

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру ел халқының ақуызы жоғары және диеталық тамақ өнімдеріне қажеттілігін қанағаттандырудың негізгі көздерінің бірі болып табылады. Мал шаруашылығының одан әрі дамуына ықпал етуі тиіс ет, сүт, жұмыртқа өндіру мен тұтыну ерекше маңызға ие.

Ауыл шаруашылығы жануарларының (шошқалардан басқа) мал басының көбеюі 2006– 2021 жылдары мал мен құстың барлық түрлерінің етін өндіру 2491-ден 3059 тоннаға дейін ұлғаюына әкелді.


2006 жылы негізгі ет өндірушілер Шыңғырлау (29,4%), Алмас (13,6%), Ақбұлақ (11%) ауылдық округтерінің шаруашылықтары болды. Қалған 7 ауылдық округтің үлесі 6,4% - дан 10,7% - ға дейін өзгерді. 2021 жылы ет өндіру көлемі бойынша Шыңғырлау (13,4%), Қарағаш (13%), Ақтау (12,9%) ауылдық округтері алда болды.

2006 жылы Шыңғырлау және Ақшат ауылдық округтерінде жан басына шаққандағы ет өндіру көлемі 0,1 тонна, қалған ауылдық округтерде 0,2 тоннаны құраса, 2021 жылы Ақшат ауылдық округінде 0,2 тоннаға, Ақбұлақ және Қарағаш аудлық округтерінде 0,3 тоннаға артты. Ақтау және Ардақ ауылдық округтері жан басына шаққандағы ет көлемінің ең үлкен көрсеткішіне ие – 0,4 және 0,5 тонна сәйкесінше (сурет 3).

1-кесте. Шыңғырлау ауданының ауылдық округтері қимасындағы ет және сүт өндірісінің динамикасы (2006-2021 жж.). Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [4].

Ауылдық округ атауы	Етке өткізілген мал мен құс (тонна)		Жалпы сауылған сүт (тонна)	
	2006 ж	2021 ж	2006 ж	2021 ж
Алмаз	338	382	1850	1733
Ащысай	244	373	1497	1596
Ақбұлақ	274	378	1425	1535
Ақтау	235	396	921	1826
Ақшат	266	382	1854	1689
Ардақ	160	342	700	1490
Қарағаш	242	397	1248	1915
Шыңғырлау	732	410	4225	2087
Аудан бойынша	2491	3059	13720	13869

сурет.



3-

Шыңғырлау ауданында 2006-2021 жж. аумақтық мал шаруашылығын ұйымдастыру трансформациясы. Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [4].

Сүт өндірісінің көлемі аудан бойынша 2006 – 2020 жылдар аралығында 13720 т. - дан 18140 т.- ға дейін тұрақты түрде артып отырды. 2021 жылы өндіріс көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 4271 т.- ға қысқарып, 13869 т.-ны құрады.

Өндірістің өсуі 5 ауылдық округке тән. Сүт өндірісі Алмаз (6,3%), Ақшат (8,9%) және Шыңғырлау (50,6%) ауылдық округтерінде қысқарды. Негізгі сүт өндірушілер Шыңғырлау, Қарағаш және Ақтау ауылдық округтері болып табылады.

2006 жылы жан басына шаққандағы сүт өндірісінің көлемі бойынша ең аз көрсеткішке Шыңғырлау ауылдық округі ие – 0,5 тонна. Ақшат ауылдық округінде жан басына шаққанда 0,8 тонна, Ащысай, Ақтау, Қарағаш ауылдық округтерінде - 0,9 тонна сүт өндірсе, Ардақ, Алмаз, Ақбұлақ ауылдық округтерінде 1-1,2 тонна аралығында сүт өндіреді.

2021 жылы Шыңғырлау ауданында жан басына шаққандағы сүт өндіру көлемі 0,2 т-ға кеміді. Өндіріс көлемінің артуы 6 ауылдық округке тән: Ащысай (1 т.), Алмаз (1,1 т.), Ақбұлақ (1,3 т.), Қарағаш (1,3 т.), Ақтау (1,8 т.) және Ардақ (2,2 т.) (сурет 3).

2-кесте. Шыңғырлау ауданының ауылдық округтері қимасындағы жұмыртқа өндірісінің динамикасы (2006-2021 жж.). Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [4].

Округтер атауы	Жұмыртқа өндірісі, мың дана			
	2006 жыл	Ауылдық округ үлесі,%	2021 жыл	Ауылдық округ үлесі,%
Алмаз	211	10,9	409,6	12,5
Ащысай	171	8,9	403,2	12,3
Ақбұлақ	196	10,1	407,5	12,4
Ақтау	170	8,8	410,2	12,5
Ақшат	241	12,5	412,5	12,6
Ардақ	130	6,7	398,3	12,1
Қарағаш	176	9,1	412,5	12,6
Шыңғырлау	635	32,9	433,4	13,2
Аудан бойынша	1930	100	3281,1	100

Жұмыртқа өндірісі аудан бойынша 1,9 есе өсті. 2006 ж. негізгі бөлігі Шыңғырлау және Ақшат ауылдық округтерінде өндіріліп алынды. 2021 жылы Шыңғырлаудан басқа барлық ауылдық округтерде жұмыртқа өндірісі артып, шамамен бірдей үлесті құрады. Өндірістің қысқаруына қарамастан, Шыңғырлау ауылдық округінің салыстырмалы түрде жоғары үлесі сақталды (кесте 2).

3-кесте. Шыңғырлау ауданындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны. Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [4].

Ауылдық округ атауы	Занды тұлға		Жеке тұлға		Шаруа қожалықтары	
	2006	2021	2006	2021	2006	2021
Алмаз	3	3	5	5	24	33
Ащысай	6	4	9	19	5	22
Ақбұлақ		1	8	6	16	27
Ақтау	1	2	2	9	3	26
Ақшат		2	24	20	41	23
Ардақ	1	1	2	7	8	26
Қарағаш	1	2	7	7	8	31
Шыңғырлау	11	48	254	211	21	167
Аудан бойынша	23	63	311	284	126	355

Қазіргі нарықтық экономикада ауылшаруашылық экономикасындағы шағын кәсіпкерлік маңызды орын алады, ол азық-түлік өнімдерінің едәуір бөлігін қамтамасыз етеді, кіріс көздері мен сұранысқа ие жұмыс орындарын құрады.

Шыңғырлау ауданы бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2006-2021 жылдар аралығында 460-тан 702-ге өсті. Ақшат ауылдық округінде ғана шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны азайды (30,8%).

Шыңғырлау ауданындағы шағын кәсіпкерлік субъектілері бойынша 2021 жылы жеке тұлғалардың жалпы саны заңды тұлғалардың санынан 4,5 есе көп болды, 2006 - 2021 жылдары қызметін жүзеге асырған шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санын салыстыру жеке тұлғалар бойынша 1,1 есе азайғанын, заңды тұлғалар бойынша 2,7 есе ұлғайғанын көрсетеді.

Аудан бойынша шағын кәсіпкерлік саласында жұмыс жасайтындар саны 2006 жылмен салыстырғанда төмендеді. Тек Шыңғырлау ауылдық округінде ғана шағын кәсіпкерлік саласында жұмыс істейтіндердің саны 1,4 есе артты.


2021 жылы жеке тұлғалар бойынша шағын кәсіпкерлік саласында қамтылған жұмыс орындарының жалпы саны заңды тұлғаларға қарағанда 3,1 есе көп болды.

2006 жылмен салыстырғанда 2021 жылы қызметкерлер санын салыстыру шағын кәсіпкерлік саласында жұмыс жасайтындардың саны жеке тұлғалар бойынша (1,1%) көбейгенін, сондай-ақ заңды тұлғалар бойынша (2,8%) азайғанын көрсетеді.

Шыңғырлау ауданында фермерлік шаруашылықты дамыту процесі қарқынды жүріп жатыр. 2006 жылдан 2021 жылға дейін шаруа (фермер) қожалықтарының саны 229 бірлікке ұлғайды. Ауылдық округтер бойынша шаруа қожалықтарының ең жоғары үлесі Шыңғырлау ауданына тиесілі (47%), онда 15 жыл ішінде фермерлік шаруашылықтардың саны 7,9 есеге артты. Шаруа қожалықтары санының өсуі Ақшаттан басқа барлық ауылдық округтерге тән.

Шаруа қожалықтарында жұмыс істейтіндер саны 2006 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 1,1%-ға кеміп, 363-ті құрады.

БҚО Шыңғырлау ауданының экономикалық даму деңгейі



4-сурет. 2006-2021 жылдардағы экономикалық даму деңгейі бойынша БҚО Шыңғырлау ауданының ауылдық округтерінің типологиясы. Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [4].

Сондай-ақ Н.М. Логачева (баллдар) бойынша экономикалық даму деңгейі индексінің көмегімен 13 көрсеткіш бойынша (сиыр саны; қой мен ешкі саны; жылқы саны; түйе саны; шошқа саны; құс саны; етке өткізілген мал мен құс; жалпы сауылған сүт; жұмыртқа алу; шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны; шағын кәсіпкерлік саласында жұмыс жасайтындар саны; шаруа қожалықтар саны; өндірілген өнімнің, жасалған жұмыстың, көрсетілген қызметтердің көлемі) бағалау жүргізілді [5]. Ауылдық округтердің жүргізілген типологиясы Шыңғырлау ауданының аумағында Ақтау ауылдық округінің аумағы экономикалық дамудың жоғары деңгейіне ие екендігін көрсетеді. Қарағаш және Ардақ ауылдық округтері экономикалық дамудың орташа деңгейімен сипатталады. Ардақ ауылдық округі мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру бойынша ерекшеленеді. Ащысай, Шыңғырлау, Ақбұлақ ауылдық округтеріндегі экономикалық даму төмен деңгейде қалыптасты. Алмаз және Ақшат ауылдық округтерінде экономикалық даму деңгейінің өте төмен көрсеткіштері байқалады.

Осылайша, Шыңғырлау ауданының экономикалық дамуын талдау келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- Мал шаруашылығында мамандандыру саласы ірі қара мал шаруашылығы болып табылады. Шыңғырлау ауданында ірі қара мал саны артып келеді. Мал шаруашылығында ерекше аумақтық шоғырлану байқалмайды.

- Шыңғырлау, Қарағаш және Ақтау ауылдық округтері сүт және мал мен құстың барлық түрлерінің негізгі өндірушілері болып табылады.

- Жан басына шаққанда негізгі өндірушілер ауданның батысындағы Ардақ және Ақтау ауылдық округтері.

- Ардақ ауылдық округі жан басына шаққандағы сүт өндіру бойынша ерекше көзге түседі, бұл мал өнімділігінің салыстырмалы түрде жоғары көрсеткішімен және ірі қара малдың сүт және ет-сүт тұқымдарын өсірумен байланысты болуы ықтимал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Горкин А.П. Социально-экономическая география: понятия и термины. Словарь справочник. Отв.ред. А.П.Горкин. – Смоленск: Ойкумена, 2013. – 328 с.
2. Алаев Э.Б. Социально-экономическая география: понятийно-терминологический словарь. – М.:Мысль, 1983. – 350 с.
3. Попкова Е.Г. Новое качество экономического роста в условиях глобализации. – Волгоград: ВолгГТУ, 2005. – 356 с.
4. Статистические данные Отдела экономики и финансов Акимата Чингирлауского района Западно-Казахстанской области за 2006-2021 годы.
5. Логачева Н.М. Социальная инфраструктура как фактор регионального развития // Вестник Уральского института экономики, управления и права. – 2014. – №1 (8). – С. 57–65.

ӘОЖ 373.3

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Д.Хабиева

аға оқытушы, магистр

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

e-mail: sezim1279@mail.ru

Аннотация: Мақалада бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын дамыту мәселелері қозғалған. Елімізде осы бағытта зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдардың пікірлерін келтірген. Сыни ойлауға бағытталған жұмыстар, оларды жүргізудің маңызына тоқталған.

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы развития критического мышления младших школьников. В данной статье процитированы исследования отечественных ученых, которые проводили исследования в этом направлении. Приведены примеры использования методов критического мышления.

Annotation: The article deals with the development of critical thinking of younger schoolchildren. This article cites the research of Russian scientists who conducted research in this direction. Examples of the use of critical thinking methods are given.

Кілт сөздер: Сыни ойлау, эмпирикалық деңгей, теориялық деңгей, материалдық деңгей, когнитивті компонент.

Ключевые слова: критическое мышление, эмпирический уровень, теоретический уровень, материальный уровень, когнитивный компонент.

Keywords: critical thinking, empirical level, theoretical level, material level, cognitive component.

Сыни ойлау – «ойлау қызметінің ерекше түрі, адамның бір нәрсе жайлы өз көзқарасын айтуына мүмкіндік беретін қызмет түрі.

Сыни ойлауға философиялық тұрғыдан анықтама берсек: Сыни ойлау – ойлау әрекеттерінің жүйелілігі, қабылдаушы фактілерге, нормаларға немесе құндылықтарға бағытталған сөйленген сөздерді немесе айтылып жатқан әңгімелердің жүйелерін айқындау мақсатында тексереді. Брюшинкиннің ойынша, сыни ойлаудың деңгейлері бар, әрқайсысының дәлелдеме өз түрі бар, әрқайсысының әртүрлі арақатынастарын сипаттаушы логикалық және когнитивті компоненттері бар.

- 1) Эмпериалдық деңгей – фактілерді сыни тексеру;
- 2) Теориялық деңгей – теорияларды сыни тексеру;
- 3) Материалдық деңгей – нормалар мен құндылықтарды сыни тексеру.

А.Әлімов бойынша, сыни ойлаудың негізгі сипаты болып өткен жағдайдың себебін ақылға салу, рефлексияның міндетті барысы. Ойлаушы субъектіден өз-өзіне есеп беру талап етіледі: ол құнды хабарды тануға немесе мақсатқа жетуі үшін сана функцияларының қандай ойлау құралдарын қолданады [2].

С.Мирсеитова пікірінше, сыни ойлау рефлексивті мінез-құлық тән және ол адам психологиясына қатысты. Ол тек таныммен ғана байланысты емес, сонымен қатар мотивациялық сферамен, өзін-өзі танумен немесе сана-сезіммен де байланысты. Біз адамдардың ойларымен емес, болмыс құрылыстарын зерттеумен айналысқанда, бізге әдеттегі ойлау әбден жеткілікті болады [3].

Американдық профессор Д.Кластер сыни ойлаудың бес түрлі сипатын ұсынған: біріншіден, сыни ойлау дербес, тәуелсіз пікір, баға, сенім, жеке ойлау болып табылады. Мысалы, белгілі-бір кітап немесе құбылыс туралы мәтіннен ақпарат алу мен ол еңбектің өзін түпнұсқада оқу екі түрлі нәрсе, өйткені еңбекті түпнұсқада оқыған соң оқушының өзінің жеке, дербес пікірі қалыптасуы мүмкін. Екіншіден, сыни ойлау шешілетін мәселені қоюдан басталады. Оқушы танымдық әрекеттің субъектісі ретінде мәселе төңірегінде пайда болған қызығушылық пен қажеттіліктерді өтеу үшін өзін қоршаған шексіз мәселелерді көре білуі керек. Үшіншіден, сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Бұл жерде таным үдерісі өзінің кез-келген кезеңінде мәселелерді шешу мен өзінің жеке қызығушылығы мен қажеттіліктерінен пайда болатын сұрақтарға жауап беруге деген талпыныспен сипатталады. Төртіншіден, сыни ойлау басқаларды сендіретін аргументациядан тұруы керек. Аргументацияның негізі пайымдау болады, ол бірнеше дәлелдемелермен, олар нақты дәлелдермен және соңында негіздемемен бекітіледі. Бесіншіден, сыни ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Өйткені, сыни ойлау жұппен, топпен жұмыс арқылы орындалады және оның ішінде талқылау, түрлі жазбаша жұмыстар барысында мәселенің шешімі ұсынылады. Д.Кластер өнімді пікір алмасуға қажетті бірнеше қасиеттерді атайды: шыдамдылық, басқаны тыңдай білу дағдысы, өз пікіріне жауапкершілік. Оқытушы оқу үдерісін осылайша, шынайылыққа жақындатады. Оның ойынша, сыни ойлауда әлеуметтік және дербес ойлау бар. Сыни ойлау сұрақтар қою және проблемаларды анықтап шешуден басталуы керек. Сыни ойлау нанымды дәлелдемелерге ұмтылады [3].

Сыни ойлау әр адамды табиғатындағы менмендіктен және ортаға тәуелділіктен арылтады: адам басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түседі, қоғамдағы беделдердің пікірлерін ақиқат ретінде қабалдамай, оларға күмәнмен қарай бастайды, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптай біледі. Осылайша сыни ойлаушы өзін-өзі шектей біледі, басқалардың пікірімен санасып, өз көзқарасын олармен салғастырады, қоғамда кеңінен таралып, көпшіліктің қабылдаған көзқарастарын мойындамай, олардың дәлелдері мен тұжырымдауларын іздестіреді. Алайда бұл күмәндану жокқо шығаруды білдірмейді: осындай әрекеттер арқылы сыни ойлау аталмыш көзқарасты қабылдауға әкелуі әбден ықтимал. «Сыни ойлау» ұғымында «сынау», яғни «кемшіліктерді айқындау» мағынасы жоқ. Сыни ойлаудың мәнін «байыбына үңілу», «терең бойлау», «зерделеу», «екшеп-текшеп, жан-жақты қарастыру», «өзіңе сұрақ қойып, соның жауабын іздестіру» деп те келтіруге болады.

Сыни ойлау бастауыш сынып оқушыларының ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын проблемаларды/мәселелерді өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау бастауыш сынып оқушыларын ақпаратпен жұмыс жасауға, жан-жақта тұрғыдан кез келген жәйтті талдауға, бақылауға, таңдау жасап, шешім қабылдауға баулиды. Бастауыш сынып оқушылары бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып, оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды.

Сыни ойлау қайталауды ғана қажет ететін сұрақтар арқылы өрбімейді (немесе оларды «қарапайым», «жіңішке», «оңай» сұрақтар деп те атайды): мұндай оқушы тек еске түсіреді. Мәселен, «Екі мен үштің көбейтіндісі қанша болады?» деген сұрақ дәл осындай репродуктивтік сипатта, демек, оқушы бұл сұраққа жауап бергенде сыни ойламайды, ол тек білгенін еске түсіреді. Сократ кезінде «Ақылсыз адам жауап береді, ал ақылды адам ақиқатты іздейді» деген екен. Сондықтан оқушыларды ойландыруға итермелейтін сұрақтар қою қажет. Мәселен, оқушының сыни ойлауы үшін осы сұрақты былайша өзгертуге болады: «Неліктен екі мен үштің көбейтіндісі алты болады? Өз ойыңызды қалайша дәлелдеп бере аласыз?». Бұл сұрақтарға жауап беру үшін оқушы тек еске түсіріп қана қоймай, сонымен

бірге мәселені жан-жақты қарастырып бағады, өзіндік пікір қарастыруға ұмтылады, оны дәлелдеуге тырысады [3].

Қазіргі заманда оқушыларға дайын білім беруден, яғни «дәстүрлі» стильмен оқытудан алшақ болу керек. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастыру үшін жаңашыл идеяларға көп көңіл бөліну керек. Сабақтың минутын тиімді пайдалану үшін сабақ жоспарын табысты болатындай етіп құру мұғалімдердің міндеті, себебі мұғалімдер әрбір оқушының болашағы үшін жауапты. Көзбен көрген ақпараттың 30% есте сақталатынын ескере отырып, жаңа тақырып түсіндіру барысында АКТ мүмкіндіктерін пайдалану маңызды. Мүмкіндігінше электронды оқулық, дискілер, видеокасеталар, фильмдер, мультимедиялар мүмкіндігін толық деңгейде қолданса, өз нәтижесін береді. Көргенін ұзақ мерзімде сақтайды, көру арқылы тапсырманы орындау жеңілге түседі және сабақта уақытты ұтымды пайдалануға негіз болады. Оқыту сапасын арттыру мақсатында балалардың танымдық қабілеттерін аттыру, дәлірек айтқанда, оқуға деген қабілетін, зейінін, сөйлеу дағдыларын, шығармашылық ойлау сияқты қабілеттерін дамыту маңызды. Сыныптағы әр оқушы ақпаратты әртүрлі қабылдайды. Оқушылардың қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, әр сабақта тиімді стратегиялар мен әдіс – тәсілдерді қолдануға болады. Жаңа сабақты түсіндіруде аудио, бейнемәтіндер болса, қолдану сатысында топтық, жұптық түрлерін жүргізген ұтымды болады, себебі жұптық жұмыста көршілес оқушылар өзара жұмыс істеп, сұрақ қоя отырып тақырыпты игеруге мүмкіндік алады. Ал топтық жұмыс барысында әрқайсысы өз идеяларын ұсынуға, жалпыға бағытталған белгілі бір жұмыс түрін орындай алады. Мұндайда оқушы үнін ести аламыз.

Оқытылатын ережені есте сақтап, өмірде қолдана алтындай етіп ұғындыру үшін ойын элементтерін жиі қолдануға болады. Мысалы, мәтінмен жұмыс істегенде топтың ішіндегі оқушылар рөлге бөлініп талқылайды. «Оқушы» – мазмұндайды, «сыншы» - оқушының жіберген қатесін айтады, «жақтаушы» - оқушының жауабын қолдап, ұтымды шыққан тұстарын айту керек. Әр бала өзіне жүктелген рөлді атқару үшін, мәтінді толық меңгеріп, өз ойларын айтуға міндеттеледі. Мұндай жұмыс түрлері оқушыларды жетік дайындыққа, сөйлеу дағдыларын, сыни көзқарастарын қалыптастырады.

Шығармашылық қабілеттерін шыңдау үшін оқушылармен үнемі жұмыс істеу керек. Проблемалық сұраққа тапқырлы жауап, естіген музыканы бояумен түсіндіру, тақырыпқа сәйкес сурет салу, өлең – жұмбақ шығару сияқты тапсырмалар оқушылардың лингвистикалық, логикалық, зияткерлік қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Оқуды жақсарту үшін оқушылардың білім деңгейі қай дәрежеде, оның дамуына ықпал ету жолында бағалаудың бірнеше түрін қолдануға болады. Себебі әділ бағалау өз күшіне сенімділік, өзгенің жауабын тыңдау және пікір айтуға үйретеді. Өзара бағалауды көбінесе үй жұмысын тексеру барысында қолданған тиімді, себебі оқушылар тек баға беріп қана қоймай, қай тақырып, қай мәтінді қайталау керек екендігіне ұсыныс жазады. Топпен жұмыс істегенде топтық бағалау, кей тапсырманы критерий бойынша бағалау, өзін – өзі бағалау парақтарын кеңінен қолдануға болады. Бұл оқушының өсу деңгейін бақылауға, баланың өз жетістігін немесе кемшілігін анықтауға, қай бағытта жұмыс істеу керектігін түсінуге мүмкіндік жасайды.

Қазіргі педагогика баланың оқуға, өзінің танымдық қуатын ашуға, жаңа білімді алуға үнемі талпынуға үйренуіне бағытталған. Оқу процесінің табысты болуы мұғалімнің балалармен, балалардың бір-бірімен, әр баланың мұғаліммен, оқушының ұжыммен өзара қарым - қатынасына байланысты. Осыған орай дипломдық жұмыс тақырыбының өзектілігі еш күмән туғызбайды.

Бастауыш мектеп оқушыларының сыни ойлауы белгілі ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау және т.б.) саналы меңгеру ретінде қарастырылады.

Бастауыш мектепте интерактивті оқыту арқылы оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру пәндік оқу материалының мазмұнын меңгертуде топтық, жұптық оқыту, пікірталас ұйымдастыру, сын тұрғысынан ойлау стратегияларын қолдану арқылы ішінара-ізденушілік, зерттеушілік-шығармашылық, мәселелік әдістерін қолдану және пәндік, интеллектуалдық тестілер, логикалық жаттығулар мен танымдық тапсырмалар, ойындар пайдалану арқылы жүзеге асады.

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын қалыптастыру – оқушының өз бетімен оқу, өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен дамуын қамтамасыз етеді, оқушы өзін іс жүзінде көрсете алады, әртүрлі қызмет сфераларында бүгінде талап етілетін маңызды істі жете білушілік қайсыбір проблемаларды шешуде жеке тұлғаға бағытталған, оқытуда субъектілік қатынасқа негізделген және бұрынғы мектеп жұмысын шынайы шығармашылықпен жұмыс жасайтын, мақсатты, мазмұнды әрекетке негізделген оқытуға айналдырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР МЖМБС-2015).
2. Әлімов А.К. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Астана, 2014.
3. Мирсеитова С. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. – 1998.
4. Стилл Дж, Мередит К, Темпл Ч., Вальтер С. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құрылымының оқу жоспары. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарлама жобасы үшін дайындалған әдістемелік құрал. - Алматы, 2015.

5 СЕКЦИЯ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ САБАҚ ҮЛГІЛЕРІНЕН



ӘОЖ 82-1 (574)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ. ЕГІННІҢ БАСТАРЫ

Б.М.Абдолова

М.Мәметова атындағы № 27 мектеп-лицейі
БҚО, Орал қаласы

Бөлім: Адамгершілік-асыл қасиет	БҚО, Орал қаласы, М.Мәметова атындағы №27 мектеп-лицейі		
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Абдолова Б.М		
Сынып:	5 а	Қатысқандар саны: 24	Қатыспағандар саны: 0
Сабақтың тақырыбы	Ахмет Байтұрсынов «Егіннің бастары».		
Сабақта жүзеге асатын оқу мақсаты (оқу бағдарламасынан сілтеме)	5Т/Ж3. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.		
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар: Көркем шығармадағы кейіпкер портретін суреттейді.</p> <p>Көптеген оқушылар: Көркем шығармадағы кейіпкер портреті мен іс-әрекетіне баға береді.</p> <p>Кейбір оқушылар: Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады.</p>		
Бағалау критерийі	Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	
	Кейіпкер портретін беру	<ul style="list-style-type: none"> Û Өлең мазмұны бойынша кейіпкер портретін жазады. 	
	Көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіре алады.	<ul style="list-style-type: none"> Û маңызды ақпаратты анықтай алады; Û Топ-10 сөзді тауып, жаза алады; Û мәселе жөнінде өз пікірін жаза алады. 	
Құндылықтар	«Мәңгілік ел»		
Жаһандық азаматтыққа тәрбиелеу	«Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның..»		
АКТ дағдысын қолдану	Таныстырылым, тыңдалым материалы		
Өмірмен байланысы	Қарапайымдылық-ұлы қасиет		
Пәнаралық байланыс	қазақ тілі		
Алдыңғы білім	Адамдық диқаншысы		
Сабақ барысы			
Жоспарланған кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер		Дереккөздер
Сабақтың басы	<p>Қызығушылықты ояту: «Бес қадамдық сұхбат» тапсырмасы</p> <p style="text-align: right;">Жеке жұмыс:</p> <p>«Коктейлді таяқша» әдісі арқылы «Адамдық диқаншысы» өлеңін жатқа айтқызу. Өлең мәтіндегі идеяны ақын қандай сөз қолданыстармен жеткізгендігін анықтау Оқылым тапсырмасы. Мәнерлеп оқыту. /тыңдау/</p>		

<p>Сабақ бойынша рефлексия</p> <p>Сабақ/ оқыту мақсаттары шыншыл ма?</p> <p>Барлық оқушылар ОМ жетті ме?</p> <p>Егер жоқ болса, неге?</p> <p>Сабақтағы саралау дұрыс өтті ме?</p> <p>Сабақтағы кезеңдер сақталды ма?</p> <p>Жоспардан тыс не жасалды? Неге?</p>	
<p>Жалпы бағалау Қандай екі аспект жақсы өтті? (оқыту мен білім беру туралы ойланыңыз)</p> <p>1:</p> <p>2:Сабақты жақсартуға не себеп болатын еді? (оқыту мен білім беру туралы ойланыңыз) 1:</p> <p>2:Сабақ барысында сыныптың жетістігі туралы не ойладым/ жеке оқушылардың қиындығы, келесі сабақтарда неге назар аудару қажет?</p>	

ӘОЖ 82 (574)

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА СҰРАҚ ҚОЮ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ СЫНИ ОЙЛАУҒА БАҒЫТТАУ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

А.К.Абугалиева,

Б.Д.Салауатов

қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрлары
Қадыр Мырза Әлі атындағы ЖББҚОМ

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп оқушыларының қазақ әдебиеті сабағындағы іс-әрекеттерін зерттей отырып, ойлы (проблемалық) сұрақ құруға баулу, өз ойларын ана тілінде еркін, сауатты, таза жеткізе білуіне бағытталған сабақ жоспарлары ұсынылды.

Кілт сөздер: іс-әрекет, ойлы сұрақ, сұрақ құру, сауатты, таза сөйлеу, сабақ жоспары.

Аннотация. В данной статье были представлены поурочные планы, направленные на формирование у школьников мыслительных (проблемных) вопросов, умения свободно, грамотно, чисто излагать свои мысли на родном языке, изучая их деятельность на уроках казахской литературы.

Ключевые слова: деятельность, вдумчивый вопрос, постановка вопроса, грамотная, чистая речь, план урока.

Abstract. This article presents lesson plans aimed at the formation of students' thinking (problematic) issues, the ability to express their thoughts freely, competently, purely in their native language, studying their activities in the lessons of Kazakh literature.

Keywords: activity, thoughtful question, question statement, competent, clean speech, lesson plan.

Мұғалімдерге күнделікті тәжірибесін зерттеу негізінде кәсіби дамуына ықпал ететін заманауи тәсілдердің бірі — іс-әрекеттегі зерттеу.

«Зерттеуші мектеп» жобасы аясында республикалық көлемде ұйымдастырылған іс-әрекеттегі зерттеу жұмысына қатысып, тәжірибе жинақтадық.

Іс-әрекеттегі зерттеу алдымен зерттеуші топ құрып, зерттеу тақырыбы мен зерттеу жүргізетін сыныптарын анықтаудан басталды.

Зерттеуші сынып болып 10-сыныптар бекітілді. Айқындаушы кезеңде оқушыларға сауалнама жүргізіліп, ата-аналардан рұқсат алынды. Сауалнама арқылы оқушылардың танымдық, ен бастысы сұрақ қою немесе оған өз көзқарасы бойынша жауап беру сияқты дағды жүйелерінің әлі де болсын зерделеуге, дамытуға, бағыт беруге болатыны анықталды.

«Қазақ әдебиеті сабағында сұрақ қою әдісі арқылы оқушыларды сыни ойлауға бағыттау» тақырыбы бойынша 10-сыныптарға зерттеу сабақтары өткізілді. Іс-әрекеттегі зерттеу циклі бойынша әр сабақтың басында зерттеуші топпен қысқа мерзімді жоспар талданып құрылса, сабақтан соң мұғалім мен қатысушы әріптестер рефлексия жасады.


Қазақ әдебиетінен зерттеу өткен сабақ тақырыптары - А.Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесі мен О.Асқардың «Шетте жүрген бауырларға» өлеңі.

Пәні:	Қазақ әдебиеті	
Бөлім:	Парасат пайымы	
Күні:		
Сынып: 10	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	А.Кемелбаева «Шашты» әңгімесі	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	10.2.4.1 көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін	

	тақырыптарға шығарма) жазу			
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: көркем шығарма мазмұнын түсініп, төмен дәрежелі сұрақ құрап, жауап береді; Көпшілік оқушылар: көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс жазады; Кейбір оқушылар: көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасап, дәлелдер келтіру арқылы шығармашылық жұмыс жазады.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру	Оқушылармен амандасып, сабаққа қатысын түгелдеу.			
Өзін-өзі тексеру 5 минут	Видеоролик Қасым Аманжолов «Қазақстан» өлеңі Сұрақтар: 1) "Өзге елдің падишасы болғанша, өз елімнің перзенті боп өлемін" деген өлеңнің жолдарындағы автордың ойын өз пікіріңмен қалай толықтырар едің? 2) "Еркіндік, тәуелсіздік, құлдық, басы бұғауда болу" ұғымдары сенің түсінігінде ел тағдырынан бөлек тағы қандай оқиғалар да көрініс табуы мүмкін?	Өлеңді тыңдап, сұрақтарға жауап береді.		видеоролик
Жаңа білім 8 минут	1-тапсырма: Әңгіменің бөлімдік үзінділерін түсініп оқи отырып, екі проблемалық сұрақ құрастыру. 2-тапсырма: <u>1.Тасқұл қария арманына жетті ме?</u> <u>2.Жылқышы шалдың қасқыр терісін жамылып отырғанын қалай түсіндіресің?</u> <u>3.Заманның өзгеруі ұлттық мінезге әсер ете ме?</u> <u>Жаһандану заманында ұлттық мәнезді сақтап қалуға болама?</u>	Үзінділерді оқи отырып, жұбына сұрақ құрастырады. Дескриптор бойынша бағалайды. Берілген сұрақ-тақырыптың біреуін таңдап, 3 дәлел келтіре отырып, өз ойын жазады.	<i>Дескриптор:</i> -үзіндіні оқиды; - проблемалық сұрақтар құрастырады; - сұрақтарға жауап береді. <i>Дескриптор:</i> - сұраққа өз пікірін жазады; - 3 дәлел келтіреді;	
Сабақты бекіту	«Кейіпкерге сұрақ» Кейіпкерге бір проблемалық сұрақ құрау.	Әр оқушы өз түйгенін қорытындылау мақсатында кейіпкерге әңгіме желісінен ауытқымай бір проблемалық сұрақ құрайды. Кейіпкер		

		<i>жауап береді.</i>		
Кері байланыс	«ЗҚ» әдісі - Бүгінгі сабақта не құнды болды? - Бүгінгі сабақта не қиын болды? - Бүгінгі сабақта не қызықты болды?	Сабаққа кері байланыс береді.		

Білім беру ұйымының атауы	Қадыр Мырза Әлі атындағы ЖББҚОМ			
Бөлім:	Парасат пайымы			
Күні:				
Сынып: 10	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы:	«Шетте жүрген бауырларға»			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	10.2.2.1 автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау			
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар орындай алады: автордың мақсат тұтқан идеясын түсінеді, сұрақтарға жауап береді; Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Өлеңде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіріп, сипаттап, талдау жасай алады; Кейбір оқушылар орындай алады: өлеңдегі автор бейнесін анықтап, шығармашылық жұмыстар орындай алады.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру 1 минут	Оқушылармен амандасып, сабаққа қатыстарын түгелдеу.	Оқушылар амандасып, оқу құралдарын дайындайды.		
Үй тапсырмасы 6 минут	Шаттық шеңбері «Шетте жүрген бауырларға» Өлеңді жатқа айту	Оқушылар өлеңді тізбектей отырып жатқа айтады.	Қ.Б. Шапалақ арқылы бағалау	
Жаңа білім 8 минут	1-тапсырма. Расул Гамзатов «Менің Дағыстаным» шығармасы Оқушыларға алдымен видео тыңдалым өлеңі ұсынылады. Өлең шумақтары шығарылып, алдарына беріледі.	Оқушылар екі шығарманың ұқсастығын табады. Маңызға ие тармақтарын тауып, өз пікірін айтады. Автор эмоциясын анықтап, өлең жолдарымен дәлелдейді.	<i>Дескриптор:</i> <i>-шығарманы тыңдайды;</i> <i>-ортақ үндестікті табады</i>	https://youtu.be/eiP7HTqCxC4
6 минут	2-тапсырма «Эмоция диаграммасы» Өлең жолдарын автор эмоциясымен сәйкестендіру.	Автор эмоциясын анықтап, өлең жолдарымен дәлелдейді.	<i>Дескриптор:</i> - <i>Автор эмоциясын анықтайды.</i> <i>-Өлең жолдарымен сәйкестендіреді</i>	
8 минут	3-тапсырма «Стикердегі диалог Сұрақ-жауап	Екі топ өлең желісі бойынша сұрақтар құрап, бір-біріне қояды.	<i>Дескриптор:</i> <i>-бір төмен, екі жоғары дәрежелі сұрақтар құрайды;</i> <i>- сұрақтарға жауап береді.</i>	

Сабақты бекіту 10 минут	4-тапсырма. 1-топқа «Алғыс хат», 2-топқа «Авторға хат» жазу тапсырмалары беріледі.	Жазылым тапсырмасында оқушылар өз түйгендерін қорытындылап, дәлелді пікірлерімен бөліседі.	<i>Дескриптор: - - хат құрылымын сақтайды; - нақты дәлелге сүйенеді.</i>	
Кері байланыс 6 минут	INSERT әдісі 			

Зерттеу нәтижесінің соңында таңдаған әдістер арқылы оқушылардың ойлы сұрақ құрастыру, сабақ мақсатына сай берілген тапсырмаларды орындау барысында өз ойларын ашық, еркін айту, қойылған сұрақтарға нақты жауап беру дағдыларының алға жылжығанын байқай алдық. Дегенмен проблемалар да аз болмады. Олар: сөздік қорының аздығы; тіл тазалығының сақталмауы; өз ойларын жүйелі байланыстырып жеткізе алмауы. Сондықтан алдағы уақытта әр сабақта оқушылардағы осы проблемаларды жою мақсатында да жұмыс бағыттары талқыланды.

Ахмет Байтұрсынов: «Оқытатын адам баланы оқыту ғылымын жақсы білу керек» деп айтқан. Сондықтан, қазіргі уақытта әр сабақтан жаңаны тауып, оны зерттеп, талдап, өз тәжірибемен бөлісу сияқты дағдыларымызды қалыптастырғанымыз жөн болар.

ӘОЖ 372.3

ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНЫП, САБАҚ ҮРДІСІН ЖОСПАРЛАУ

Л.Т.Ақбулатова

Педагогика ғылымдарының магистрі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

№14ЖОББМ, БҚО, Орал қаласы, Желәев ауылы
lunara_akbulatov@mail.ru

Аннотация

Сабақ үрдісінде оқу мақсатына жету барысында әдіс-тәсілдерді тиімді, үйлесімді қолдана отырып, жоспарлау бағытында сабақ үлгісі ұсынылады.

В процессе урока предлагается модель урока в направлении планирования с эффективным, слаженным использованием методов и приемов в процессе достижения учебной цели.

In the course of the lesson, a lesson model is proposed in the direction of planning with an effective, coordinated use of methods and techniques in the process of achieving the educational goal.





Қазіргі таңдағы ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында мектепте жаңа технология элементтерін күнделікті сабақтарда тиімді қолдану арқылы білім сапасын жоғарлатуға болады. Ол үшін педагог әрбір сабағында әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, оқушылардың бойындағы қабілеттерін ескере отырып жоспарлауды жүзеге асыруы қажет.




Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру десек, біздің ұсынғалы отырған қысқа мерзімді жоспарымыз оқушылардың сабаққа қызығушылықтарын арттыра отырып, оқу мақсатына жету барысында түрлі әдіс-тәсілдерді үйлестіре қолданып, жоспарлауға көмегін тигізеді деген ойдамын. Осы орайда, қазақ тілі пәнінен 6-сыныптарға арналған қысқа мерзімді сабақ жоспарын ұсынамын:

Бөлім:	Көлік және жол белгілері. Морфология	
Педагогтің аты-жөні	Ақбулатова Лунара Тулегеновна	
Күні: 14.02.2022		
Сынып: 6а	Қатысушылар саны: 15	Қатыспағандар саны: 0
Сабақтың тақырыбы	Күш атасы- Қажымұқан	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	6.1.3.1. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау.	

Сабақтың мақсаты	<p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Тыңдалым мәтінінің мазмұнын толық түсінеді.</p> <p>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: тыңдалым мәтінінен детальді ақпараттарды анықтай алады.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Мәтінде көтерілген мәселені жан - жақты талдай алады.</p>
------------------	--

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ширату</p> <p>Оқушыларға топшамаларда «Қазақ балуандары», қазақ күресі, қазақ даласыныңдеген сөздер, келесі топшамада анықтамалары беріледі.</p> <p>Қазақ даласының батыры – Қажымұқан Мұңайтпасов.</p> <p>Қазақ күресі - қазақтардың ең көне спорт түрлерінің бірі.</p> <p>Қазақ балуандары - қазақтың күрес өнерінің алып күш иесі.</p> <p>Ендеше, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – «Күш атасы- Қажымұқан» туралы болмақ.</p> <p>Оқу мақсаты хабарланады.</p>	<p>Сөздердің анықтамасын табу арқылы сабақтың тақырыбын табады.</p> <p>Сабақтың тақырыбы, мақсаты мен бағалау критерийлерін мұғалімнің көмегі арқылы танысады.</p>	<p>Мұғалім тарапынан кері байланыс беріледі:</p> <p>«Мадақтау» әдісі</p> 	Топшамалар
Сабақтың ортасы	<p>Тыңдалым алдындағы тапсырма</p> <p>1-тапсырма.</p> <p>«Брундық қозғалыс» әдісі</p> <p>Жұмыс түрі: ЖЖ</p> <p>Қабырғадағы суреттерді көріп, пікір алмасады. Сұрақтарға жауап береді.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Суреттерде кімдерді көріп тұрсыздар? 2. Спорттың қандай түрлерімен айнылысады? 3. Қай спортшы біздің жерлесіміз? 4. Осы спортшылардың ішінде қазақ балуаны атағын иеленген кім? <p>Тыңдалым кезіндегі тапсырма:</p> <p>2-тапсырма. Жұмыс түрі – Ж.</p> <p>«Стоп кадр» әдісі арқылы мәтінді тыңдап, детальді ақпараттарды анықтау.</p> <p>Тақтамен жұмыс</p> <p>Сергіту: «Ақпаратты сүзу»</p> <p>графикалық органайзері арқылы берілген сөйлемдерден оқушылыр етістіктерді табады, дара, күрделі етістіктерді ажыратып жазады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.1927 жылы ҚазАКСР Орталық Комитетінің Президиумы Қ.Мұңайтпасовқа «Қазақ даласының батыры» деген атақ берді. 2.Спорт өнері жолында Қажымұқан 148 алтын, күміс, қола медаль алған екен. 3.Темірланда Қажымұқанға ескерткіш орнатылған. 4.1911 жылы Мұқан Стамбұлда түріктің атақты балуаны Нұрлыны жығады. 	<p>Оқушылар суреттер туралы өз ойларын айтады, сұрақтарға жауап береді. Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Суреттер бойынша жұбыңызбен пікір алмасыңыз; - Сұрақтарға жауап беріңіз. <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> -мәтінді тыңдайды, мазмұндайды; -детальді ақпараттарды анықтайды. <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> -етістіктерді табады; -дара, күрделі етістіктерді ажыратып жазады. 	<p>«От пашу» әдісі</p> 	
			<p>КБ: «Суреттер» әдісі</p>  <p>К/Б «Қолпаштау»</p>	<p>Аудиомәтін</p> <p>«Ақпаратты сүзу»графикалық</p>

	<p>5.Аргентинаның астанасы Буэнос-Айрес қаласында еркін күрестен алтын медальді жеңіп алады.</p> <p>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма</p> <p>3-тапсырма. Жұмыс түрі – ТЖ</p> <p>I -топ.</p> <p>“Жұлдызы жанған қазақ спортшылары” атты шағын ой толғау.</p> <p>II- топ.</p> <p>Мәтін бойынша графикалық органиайзер құрастыру.</p> <p>«Ментальды карта» әдісі</p> <p>III-топ.</p> <p>Сурет бойынша мәтін құрастырып, детальді ақпаратты анықтау</p>	<p>Дескриптор:</p> <p>1.Сөйлемдерді жүйелі құрастырады.</p> <p>2.Тақырыптың мазмұнын ашады.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>1.Мәтін мазмұнын толық ашады.</p> <p>2.Сөз тіркесі, сөйлемдерін жүйелі жазады.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>1.Суреттерді байланыстырып, ойын жеткізе біледі.</p> <p>2.Детальді ақпаратты анықтайды.</p>	<p>ҚБ: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс»</p>	<p>органиайзері</p>  
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері ораламын.</p> <p>Кері байланыс «Жеңіс тұғыры»</p> <p>1, 2, 3 – орын тұғырының қасында тұрған пікірлердің қасына барып, сабаққа қатысуы бойынша жеңіс тұғырына көтеріледі. Медаль беріледі.</p>	<p>1 орын – егер анықталған ақпараттарды жинақтай отырып, өз пікіріңізге тұжырым жасай алсаңыз, сабақ барысында тапсырмаларға түгел жауап берсеңіз, бүгінгі сабақты толық түсінсеңіз.</p> <p>2 орын – егер мәтіннен анықталған негізгі, қосымша, детальды ақпараттарды талқылай отырып,</p>		

		<p><i>түсіндірсеңіз, тапсырмаларға толық орындасаңыз, бірақ әлі де білуім керек десеңіз.</i></p> <p>3 орын- <i>егер мәтіннен негізгі, қосымша, детальды ақпараттарды анықтап, түсіндірсеңіз, бірақ тақырыпты толық түсінбесеңіз.</i></p>		
--	--	---	--	--

ӘОЖ 37.013

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ДАМУ
ТЕНДЕНЦИЯСЫ»
«ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА- ҰЛТТЫҢ БОЛАШАҒЫ»**

А.Т.Алпысбаева

Мұхтар Әуезов атындағы мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Жамбыл облысы,
Сарысу ауданы

Тәрбие мен білім беру- егіз ұғым. Әр халықтың бала тәрбиелеуде өзіндік ерекшелігі, ұстанымы, құндылықтары бар екенін баршамыз білеміз. Қазақ халқы баланы бесікте жатқаннан бастап тәрбиелеуге айрықша мән беріп, баланың өсу кезеңдеріндегі әрбір атаулы күндерді ұлттық құндылықтар негізінде бойына сіңіре білген. Қазіргі таңда қоғамның әлеуметтік сұранысының өзектілігі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болса, жеке тұлғалық құндылықтар тек әрбір ұлт өкілінің ұлттық тәрбие негізінде дариды. Салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа қатысты халықтың өмір тәжірибесін ғана бейнелемейді, ұлттық педагогикалық ұстанымын да танытады. Ал қазақ халқында ұлттық тәрбие беру бүгіннен басталған жоқ, ұлттық тәрбие атауын алғаш Алаш қозғалысының қайраткері, сыршыл ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізуімен қолданылып келеді. Қазан төңкерісінен кейін тәлім-тәрбие ғылымына терең үнілгендердің бірі- Мағжан Жұмабаев. Қазақтың кемеңгер ұлт ақыны Мағжанның «Педагогика» атты еңбегі ана тілімізде жазылып, ғылыми әлемді елең еткізген туынды болып табылады. Бұл еңбек он бес бөлімнен құралып, дене тәрбиесі мен рухани тәрбиенің әртүрлі мәселелерін жан-жақты қамтыған. Мысалы, Мағжан Жұмабаев қайраттың керектілігін өз еңбегінде өмірдегі аса маңызды екенін түсіндіре отырып, адам баласының әрбір ісін тізгіндеуші, белгілі бір жолға өркендетуші деп көрсетеді. Нәресте шақта адамның денесі қайрат қатыспай өз бетімен қозғалады, есі кірген соң қайратпен байланысты қозғалатыны айтылған. Ғұлама Абай «Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті» деп басталатын он жетінші қара сөзінде қайраттың да адам үшін маңыздылығын пәлсапалық тұрғыдан талдайды. Қазіргі заман көрінісімен салыстыра қарасақ, қайратсыз адамдар ғана әлсіздік танытып, тосын әрекет жасайтындары көрініс табуда. Бұл тұрғыдан Абайдың толық адам тұлғасы туралы ойланып, білім мен тәрбиені ұлттық тұрғыдан ғана сіңірген тиімді екенін түсінеміз. Қазақ елінің рухани жағынан толысып, даму жолында ұлы Абайдың ұлттық педагогикалық көзқарастағы мұрасы ұрпақтың ой-санасын ұлттық тұрғыдан кестелейді.

Рухы асқақ, іргесі мықты мәңгі жасампаз ел боламыз десек, ұрпаққа білім мен тәрбие беруде аса жауапкершілікпен қарау білім беруші мамандардың тікелей міндеті. Мәселен, оқу мен оқытуда әрбір тақырыпты ұлттық көзқараста талдап, түсіну- оқушы бойына ұлттық тәрбиенің дәнін себу. Ұлттық ақыл-ойды тудыратын даналық сөздер баланың өмір тағдырына мәңгілік қызмет етеді. Ұлттық тәрбие беру ұлттық қасиеттерді бойға сіңіруді мақсат етіп қана қоймайды, тұлғалық дамудың түрлі факторларын да көрсетеді. Білім беру мен тәрбиелеуде ұлттық тәрбие беру ұлттық фольклордан бастау алады. Соның ішінде, халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқытуда бесік жырынан бастап, фәниден бақиға дейінгі аралықтың өзі халықтық педагогикамен тығыз байланысты. Ұлттық тәрбие берудің алтын сандығы болып табылатын қазақ халқының ұлы ойшыл ақыны, ғұламасы Абай Құнанбайұлының поэтикалық шығармалары адамшылық ой-қиялды өте таза ұстанып, ұлтжанды ұрпақты елін, жерін сүюге тәрбиелейді. Ұлы Абайдың «Гақлия» сөздері педагогикалық ой-пікірлерге толы. Ақынның педагогикалық көзқарасы заманның қай кезеңінде де ұлттық тұрғыдан қажеттілік танытады. Бұл дегенін, ұлттық тәрбиенің мәңгі өшпес құндылықтары, қоғамдық қатынастар тұрғысындағы пікірлері, жастарды өз ұлтының әдеп-ғұрыпы, салт-санасы, дәстүрінен тәлім-тәрбие алуға шақыруы дүниежүзілік педагогика классиктерінің ой-пікірлерімен үндесіп отырады. Ұлы Абай: «балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі: ата-анасынан, екіншісі ұстазынан, үшіншісі-құрбысынан», - деп көрсетеді. Ұлттық тәрбие

беру барысында ұлттық сана қалыптасуы тиіс. Ұлттық білім алған әрбір ұлт баласында ұлттық мінез, ұлттық сана, ұлттық мәдениет, ұлттық рух және патриоттық сезім, зият пен ұлттық эмоционалды интеллект қалыптасатыны сөзсіз. Ұлттық эмоционалды интеллект тұрғысын даналық сөздерден көре аламыз. Қазақтың халық әдебиеті туындыларының қатарына жататын елдік мұраның санатындағы барша жанрдың ішіндегі тұрқы жағынан ең шағыны болып есептелетін мақалдар мен мәтелдердің ұлтымыздың рухани өмірінен алар орны ерекше. Мәселен, «әке тұрып ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып қыз сөйлегеннен без», - деген халық даналығында үлкенді сыйлау мен қатар ұлттық тағылым, мінез, эмоция жатыр. «Әкесі ұрысса балаға, ол да – достық»,

Баласы ұрысса әкеге, жараса ма?»- деген Абайдың мағыналы сөзінде ұлттық тәрбиенің бастауы жатыр. Ұлттық тәрбие беруде балабақшадан бастап кәсіби білім беруге дейін ұлттық көзқарастағы білімнің рөлі қашан да маңызды. Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің дүниетанымдық, кәсіптік деңгейін ұлттық тұрғыдан басқарғанда ғана ұлттық рухы өседі. Оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып дамытуда Ұлттық идеяны біліммен ұштастырудың рөлі зор. Қазіргі Қазақстанда ұлттың мүддесінен туындатып құндылықтардың ішіндегі ең маңыздысы - еліміздің тәуелсіздігі. Әлеуметтік теңдік пен әділдікке негізделіп, халықтың тарихи өміріндегі қол жеткізген ең құнды дүниелері болып табылады. Рухани және адами қасиеттер мен моральдық нормаларды, қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы деп білеміз. Сол себепті келер ұрпақ үшін ұлттық тәрбие - ғасырлар бойы қалыптасып рухани құндылықтар мен ізеттілік адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын мәңгілік ережелер.

Білім елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегия болып табылады. Дүние жүзіне танымал педагог-психолог А.Пажарес оқыту стилін таңдау кезінде мұғалімнің білімділігінен гөрі, ұстанымға негізделген ой-тоқтамдарының ықпалы күштірек деп сендіреді: оқыту үдерісінде қалыптасқан көзқарастар мұғалімнің сыныптағыбарлық іс-әрекеттеріне әсер етеді. Мұғалімнің айтуынша, қазіргі заманда білім беру процесінде балаларға мұғалімнің білімінен гөрі, ұстанымы, яғни, принципі күштірек ықпал етеді. Міне, біз ұстанымды ұлттық тұрғыдан қарастыра аламыз. Ағартушы- педагог Ахмет Байтұрсынов, Ы. Алтынсариннің ұстаздық идеялары ғылыми тұрғыдан қарағанда, шәкірттердің жаңа бағдарламалар арқылы білім алуына, мұғалімдердің ғылыми дидактикалық қағидаларына сәйкес білім беру мен қатар, ұлттық тәрбие беруді көздейді. Ол идеялар ұлттық педагогиканың кемелденуіне жетеледі. Ыбырай Алтынсарин шығармаларын қазақ даласында бұрын- соңды болмаған жаңа үлгідегі, ұлттық тәрбиенің көзін ұлттық педагогикалық бағытта ұсынып, адамның өзара қарым- қатынас мәселелерін жоғары адами тұрғыда талдап, жастарды еңбекке баулуға ұлттық эстетикалық тәрбиеге жетелейтін құрал деп білеміз.

Ұлттық тәрбие беруде халықтық педагогиканың қоғамдық рухани, мәдени және адамгершілік қасиеттерді, салт-дәстүрімізді үйретуде ұлттық болмысты сақтап қалу үшін маңызы тереңде жатыр. Бүгінгі күнде халқымыздың ұлттық тәлім-тәрбиесін ұстанып, ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фарабидің «Адамға біліммен қатар тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың хас жауы» деген ойы әрбір тәрбиеші маманды білімді тәрбиеден бастау керек дегенге ойландырады. Жас бала– жас бір шыбық іспеттес. Балаға тәрбие беру - ақылмен, әдіспен үйрете жүріп, әділ жолмен білім беру, тұрмыс пен қоғамға пайдалы тұлға әрі азамат етіп шығару.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Жұмабаев «Педагогика» Алматы, ана ілі. 1993ж.
2. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
3. М.Мырзахметов. «Жүрегімнің түбіне терең бойла» Алматы, «Рауан», 1995ж.
4. Абай Құнанбайұлы «Қара сөздер» Алматы, «Өнер», 2006ж.
5. «Балалар сөзі» «Қазақ мақал-мәтелдері» 65-том. Астана: «Фолиант», 2010.
6. Қазақ мақал-мәтелдері. - 488 бет. «МӘДЕНИ МҰРА» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ.
7. «Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. Қостанай, 2011. – 227 б.
8. Дерекөз: <https://e-history.kz/kz/news/show/456/>

А.А.Жаутиқбаева

№188 мектеп-гимназия КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алматы қаласы, Наурызбай ауданы

(Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуына арналған конференция)

Мақсаты: Ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, ақынның даналығын, рухани асыл мұраларын насихаттап, көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге көмектесу.**Жанын сала ұмтылды.
Болашақтың таңына
Қиялдап қана қойған жоқ.
Май тамызып, от берді.
Ой-сананың шамына.**

Иә, қиялдап қана қоймай, жанын салып ұмытылған болашақтың таңы мен ой-сананың шамына май тамызып от берген Торғай қырандарының бірі - Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет-қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар дарынды ақын, мысалшы, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарының авторы, жаңашыл ағартушы. Ол шын мәніндегі нағыз күрескер-демократтық поэзияның негізін қалап, азаттыққа ұмтылған, азаматтық жыр үлгісін жасаған халқының қалаулы азаматы.

Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, Алаш зиялыларының көсемі, тұңғыш қазақ тілтанушы ғалымы, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына арналған “**Ахмет-қазақ тіл білімінің негізін қалаушы**” атты конференцияға қош келдіңіздер! Конференциямыз мынандай бөлімдерден тұрады:

1. Ахмет Байтұрсынұлы - тіл білімінің атасы**2. Мысалмен айтқан көп ойлар...** (*«Қырық мысал» жинағы*)**3. Тау сілеміндей мол мұра** (*ғалымдық, ақындық істері; «Маса» жинағы*)**4. Бүгінгі ғылымның бастау бұлағы***(«Әдебиет танытқыш»)*

Олай болса, топ мүшелеріне сөз беріледі.

1-топ. Ахмет Байтұрсынұлы - тіл білімінің атасы

Қазақтың ұлы ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлының халық үшін істеген игі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі-араб жазуына өзгерістер енгізіп қазақ әліпбиін құрастыруы. Осы арқылы ғылым халқының тез сауаттанып хат тануына оқу білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал етті. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады да, оны 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгізді. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды- жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интелегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының [7]әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — ғылымның осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша ғылыми термин жасап, морфологиялық тұлға-тәсілдерді жаңаша

талдау, жаңаша анықтамалар берді. Қазақ фонетикасы мен грамматикасын талдауда тілдің типологиялық ерекшеліктері мен өзіндік даму барысын ескеру принципін ұстады.

Байтұрсынұлы қазақ тілі білімін 20 ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды.

2-топ. Мысалмен айтқан көп ойлар... (*«Қырық мысал» жинағы*)

Қараңғы, қапас тіршілікте жарық сәуле шашып, қоғамдық әділіттілік пен ұлт болстандығына бірте бірте ұмтылудың даңғыл жолы-байтақ өлкеде оқу-ағарту ісін жолға қою деп білген. А. Байтұрсынов М.А. Крыловтан аударып құрастырған, 1909 жылы Петербург қаласында жарық көрген "Қырық мысал" еңбегі арқылы сол кезде көздері ашылып, ұлттық сана -сезімдері оянып, туған халқымынның қамын ойлай бастаған қазақтың зиялы азаматтарына қозғау салмақ болады. Ахмет Байтұрсыновтың ақындығы мен аудармашылығы 1909 жылы Петербургте басылып шықты осы жинақтан басталды. «Крыловтын мысалдары,-деп жазады Белинский,-жай мысалдар емес: ол повесть, комедия сықак, очерк, ұлы сатира...» Крылов мысалдарының қазақ тіліне аударылуы өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан басталады. Бұл істі алғаш қолға алған Б.Алтынсарин болса, одан кейін Абай ақын Крыловтың он екі мысалын қазақшаға аударып, қайталанбас үлгі-өнеге көрсетті. Крылов мысалдарын В. Г.Белинский үш топқа бөледі. Біріншісі ақыл- өсиет дәрежесіндегі баяндау жағынан әлсіз мысалдар тобы; екіншісі өсиетшіл бағыттағы мақалдар тобы; үшіншісі-әрі сатерикалық, әрі поэтикалық мысалдарды жатқызады. «Қырық мысал» - ұлы ағартушының түбірлі, түбегейлі тәрбиелік мақсаты мен мұратынан туған өленді шығармалар топтамасы.

Кітапқа енген қырық мысал түгелдей атақты орыс ақыны М.А.Крыловтан аударылған: Орыстың тәржіме еттім мысалдарын, Әзірге қолдан келген осы барым. Қанағат азға деген, жоққа сабыр, Қомсынып, қоңырайма, құрбыларым, - дей тұрғанмен, осы қырық өленнің бәрі де түгелімен тіпті аударма секілді емес. («Замандастарыма») Ахмет Байтұрсынов В.Г. Белинскийдің үш топтағы Крылов мысалдарынан көбірек аударғаны екінші, үшінші топтағы мысалдары: «Арыстан, киік һәм түлкі», "Қосқыр мен қозы", "Қартайған арыстан", "Қасқыр мен тырна» т.б. Әр түрлі тақырыпқа арналған қай аудармасында болмасын А.Байтұрсынов Крылов мысалдарының идеялық-көркемдік мән-мағынасын, сатерикалық-әлеуметтік өткірлігін жасытып алмай, болаттай шындай түседі. "Қырық мысалдағы" қырық өленнің бәрі қырық түрлі оқиғаны баяндаудан басталып, әр түрлі ғибарат айтылады. Ең ақырғы қырықшы мысал - «Малшы мен маса». Түйіні мынандай:

Қазақ- малшы ұйықтап жатқан,

Жыланды пәле делік андып- баққан.

Пәленің түрін көрген мен — сары маса,

Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.

Бұл шумақ Ахметтің бірінші жинағын аяқтап қана тұрған жоқ, екінші жинағы «Масаға» баспалдақ көпір тәрізді.

3- топ. Тау сілеміндей мол мұра (*ғалымдық, ақындық істері; «Маса» жинағы*)

«Маса» бұл -Ахмет Байтұрсыновтың 1911 жылы Орынборда жарық көрген екінші жинағы. Кітаптың бұрынғы "Қырық мысалдан" ерекшелігі-мұнда бырынғай аударма өлендер ғана емес, ақынның нұсқалы да өз шығармалары да құраған. Көп емес, бас-аяғы жиырма шақтығана өлең. «Масада» өзінің өміріндегі ең басты мақсаты - "ұйқыдағы" халқын оятуға жұмсайды. «Маса» - қазақтың жазба әдебиетіндегі кәсіби поэзияның басталуында тұрған жинақ. М.Әуезов «Маса»-қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұран болды", - деп дәріптеген болатын. Қазағым, елім,

Қайқайған белің,

Сынуға тұр таянып,

Талауда малың, қанауда жаның,

Аш көзінді оянып,

Қаңған жоқпа әлі ұйқын

Ұйықтайтын бар не сиқың?! - деп қазақтарды тағы да «оянуға» шақырады.

«Маса» жинағына енген өлендерінде жеке бастың мұң-шері, тұрмыс-салт суреті емес, негізінен әлеуметтік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады. Өзін-өзі күйтеген, байлық, мансап үшін ар-абыройын сатқан «жақсылығы өз басынан артылмаған», «бос белбеу, босаң туған бозбала», «бір тойғанын ар қылмаған шалдар», «қайырсыз кеше сараң байлар» сыналады. «Туысыма», «Досыма хат», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Жұртыма», «Қарқаралы қаласына » өлендерінде ұлы Абай сатирасын еске түсіретін сарындар, ойлар, образдар бар. «Анама хат» , «Жауға түскен жан сөзі»-қорлық-зорлыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндеген.

4-топ. Бүгінгі ғылымның бастау бұлағы

(*«Әдебиет танытқыш»*)

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ғалымдарының ішінен шыққан тұңғыш әдебиет теоретигі. Оның әдебиетші ғалым-теоретик ретінде тұлғасын айқындаған басты еңбегі – «Әдебиет танытқыш». Еңбек 1926 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан. Бұл кітабында ғалым алғаш рет қазақ әдебиетінің

теориялық, методологиялық мәселелерін негіздеп берді. Әдебиеттану ғылымындағы басты ұғымдар мен терминдер жүйесін жасады.

«Әдебиет танытқыш» кітабы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде көркем әдебиеттің бейнелеу құралдары мен әдіс-тәсілдері талданса, екінші бөлімде әдеби жанр түрлері сөз болады. Тұтастай алғанда, Ахмет Байтұрсынов өнер атаулыны екі топқа бөледі. Оның бірі – тірнек өнері, екіншісі – көрнек өнері. Көрнек өнеріне ғалым сәулет (архитектура) өнерін, сымбат (скульптура) өнерін, кескін (живопись) өнерін, әуен (музыка) өнерін және сөз (әдебиет) өнерін жатқызады.

«Өнердің ең алды – сөз өнері саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарай болсын, қандай сымбатты әрі кескінді суреттер болсын, қандай ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеуге, көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» деп жазады Ахмет Байтұрсынұлы.

Әдебиеттің көркем бейнелеу құралдары, жанрлары жөнінде талдау жасай келіп, А.Байтұрсынов олардың, әрқайсысына әлемдік әдебиеттану ғылымындағы атауларға сәйкес дәлме-дәл қазақша балама атаулар береді. Бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымында қолданылып жүрген ұғымдар мен категориялардың атауларын термин дәрежесіне көтеріп, қолданысқа енгізген Ахмет Байтұрсынұлы дейтініміз сондықтан.

Әдебиеттің жанрларын айқындау, тарихи кезеңдерге, бөліп қарастыру мәселесінде де бұл еңбекте көптеген тұжырымды ойлар айтылады. Бұлардың қай-қайсысы да қазақ әдебиеттану ғылымындағы жаңалық болатын.

Сонымен қатар, «Әдебиет танытқышта» Ахмет Байтұрсынұлы аса бай фольклорлық материалды пайдаланды. Теориялық қисындарды қазақ ауыз әдебиетінен және баспасөз беттеріндегі қазақ ақын-жазушыларының шығармаларынан алынған мысалдар арқылы бекітіп отырды.

Қорытынды сөз. Мұғалім

Тұжырымдай келгенде, бір-бірінен бөлектеуге болмайтын, үнемі бір-бірін толықтырып тұратын, әрқайсысы дара бейнелер болса да, тамыры мен тағдыры бір — үш тұлға -Ахмет,Әлихан, Міржақып өмірі төл мәдениетіміздің төрінде, туған елміздің жүрегінде мәңгі сақталады.Ахмет Байтұрсынұвтың өмірі мен шығармалары, саяси ағартушылық қызметі-ұрпақтар үшін қазыналы мол мұра деуге болады.

ӘОЖ 811.512.122

А. БАЙТҰРСЫНОВ - «ҰЛТ ҰСТАЗЫ». А БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰСЫНҒАН ТӨТЕ ЖАЗУ

Ә.Қ.Қасымбеков

№188 мектеп-гимназия КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі


Алматы қаласы, Наурызбай ауданы


Бөлім:	Орфография. Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы.	
Педагогтің аты-жөні	Қасымбеков Әзірет Қасымбекұлы	
Күні:	22.09.2021 ж	
Сынып: 8 «Е»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	А. Байтұрсынов - «ұлт ұстазы». А Байтұрсынұлы ұсынған төте жазу	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	8.3.2.2 - Ахмет Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау 8.3.5.1 -оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация) жазу	
Сабақтың мақсаты	Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолын біледі,ұлт үшін жасаған еңбегін анықтай алады,қоғамдық-саяси қызметін бағалай біледі,төте жазу туралы біледі	
Бағалау критерийлері	Тарихи мәліметтерге сүйене отырып тұлғаны табады. Ахмет Байтұрсыновтың «реформатор», «ұлт ұстазы» деген атақтарға дереккөздерден 1-2 маңызды дәлелдер ұсынып, талдау сұрағына ауызша жауап береді.	

	«ПТМС» әдісімен А. Байтұрсынов – «ұлт ұстазы» екендігін дәлелдейді Ахмет Байтұрсыновтың қазақ лингвистикасының негізін салушы, қоғам қайреткері ретіндегі рөлін сипаттайды. -Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми мұрасын анықтап, дәлелдейді. -Ахмет Байтұрсыновтың қоғам қайреткері ретіндегі роліне баға береді. -Төте жазу туралы түсінік қалыптастыра алады
Тілдік мақсаттар	А,В,С дереккөздер арқылы маңызды дәлел анықтайды (оқылым,айтылым) Неліктен Ахмет Байтұрсыновты «ұлт ұстазы» деп атайды сұрағына жауап береді (айтылым) «ПТМС» әдісі .А. Байтұрсынов- «ұлт ұстазы» екендігін дәлелдейді.(жазылым) · Позиция (Мен солай санаймын,...) · Түсіндіру (...себебі...) · Мысал (Мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын....) · Салдар (Айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын....)
Құндылықтарды дарыту	Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолын,ұлт үшін жасаған еңбегін,қоғамдық-саяси қызметін бағалай отырып патриотизм құндылығы қалыптасады,отан алдындағы жауапкершілікті сезінеді.
Пәнаралық байланыстар	Қазақстан тарихы,география,музыка
Бастапқы білім	Қазақ зиялы қауымы Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаянын анықтай біледі.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу	Оқушыны н әрекеті	Ресурстар
Ұйымдас тыру кезеңі	1-тапсырма « Ой қозғау» сұрақтары 1. XX ғасырдың басында қазақ қоғамындағы негізгі мәселе? 2. Ахмет Байтұрсынұлының ескерткіші мен мұражайы қай жерде орналасқан? 3. Әкесі мен анасының, балаларының есімдері кім? 4. Ахмет Байтұрсынұлы қай рудан шыққан? 5. Ленинге жазған хатында қандай мәселе көтерілді? 6. Реформатор аталу себебі неде? 7. Ақынның еңбегін кімдер жоғары бағалады? 8. 1998 жылы Ахмет Байтұрсынұлының туылғанына неше жыл болды? 9. Ақынның қандай өлеңдері бар? 10. Марапаттары мен сыйлықтарын ата?	Оқушылар суретпен танысып,сұ рақтарға жауап береді Ой қозғау сұрақтарын а жауап береді	Мұғалім презентация сы

3. Сайт материалдары «SMARTBoard электронды интерактивті тақталары-білім берудегі жаңа технологиялар» (<http://www.smartboard.ru/>), қауымдастықтар «Интерактивная доска для начинающих и не только...» (http://www.it-n.ru/communities.aspxcat_no=105173&tmpl=com).

ӘӨЖ 82-131

ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ РОМАНДАРДЫҢ ДЕРЕКТІЛІГІ

Мусина Жансая

аға оқытушы, магистр

Қайырлы Камшат

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті магистранты

e-mail: su.indira@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық романдардың деректілігі талданылады. Ғұмырнамалық романдардағы дереккөздерге тоқталынып, жекелеген авторлардың ғұмырнамалық романдарындағы деректер өз сөздері арқылы дәлелденеді.

Кілт сөздер: роман, ғұмырнамалық роман, қазақ әдебиеті, М.Мағауин, Ә.Тәжібаев, Қ.Жұмаділов.

Annotation. The article analyzes the documentary of biographical novels in modern Kazakh literature. Referring to the sources in the biographical novels, the data in the biographical novels of individual authors are confirmed by their own words.

Keywords: novel, biographical novel, Kazakh literature, M. Magauin, A. Tazhibayev, K. Zhumadilov.

Аннотация. В статье анализируется документальность биографических романов в современной казахской литературе. Ссылаясь на источники в биографических романах, данные в биографических романах отдельных авторов подтверждаются их собственными словами.

Ключевые слова: роман, биографический роман, казахская литература, М. Мағауин, А. Тажибаев, К. Жумадилов.

Ғұмырнамалық романдарда жазушы авторлардың прозаның ғұмырнама жанрын жазу үшін алған деректі материал көздері қандай деген мәселелерге тоқталсақ. Жазушылар үшін басты дерегі – материал болған олардың суреткерлік санасы. Мәселен, Ә.Тәжібаев шығармасын жазу үшін өткен өмірдің жарқын тұстарының санада сақталған бейнесіне сүйенеді.

«Өз тұстарыңмен кейінгі қатынастарыңды баяндау үшін олармен бұрынырақ қандай болғаныңа көз салу керек. Арғысын айтпай, бергісін түсіндіру қиын... Ал, әріге қараймын десек, әлдеқашанғы өткен алыстарымызға ораламыз; онда талай көнерген жолдарды қайта аралаймыз; онда талай көнерген қағаздардың беттерін қайта парақтаймыз. Сонда ғана өткеннің үндерін қайта естіп, сондағы көп суреттерді күңгірт те, болса қайта көретін боламыз, өзімізбен-өзіміз беттесеміз» - деп білдірсе,

Қ.Жұмаділовтің ғұмырнамалық шығармасын жазуға сүйемел болған қаламгердің өз санасы екенін де көреміз.

Ал, жазушы М.Мағауиннің қаламы алдыңғы екі жазушыға қарағанда мүлде басқаша.

«Жобаның аты – «Алтын дәптер» еді. Яғни, жазу жазылған, жазу жазылатын дәптер. Алтын емес, кәдімгі тор көз, қарапайым қағаз. Мұқабасы да әшекей, өрнексіз – жұқа қара дермантин. Әуел баста, мұқабадан кейінгі сыртқы бетіне «Шимайлар» деп жазылған екен. Яғни ойға келген әр түрлі шығармалардың сұлбасын таңбалауға арналған. Уақыт оза келе әуелгі атауын тарта сызып, үстіне байыппен, қалың әріптермен «Алтын дәптер» деп жазыпшын.

Бұл тор көз, қалың қара дәптердің бүгінгі ғұмыр – жасы – отыз бес болса керек. Студент кезде басталған. Бірінші беті «Сюжеттер» - «1960-1961» деген тақырыппен ашылыпты. Ең соңғы таңба – «1996», 49-бетте. Яғни, мен әдебиетке алғаш 358А358н нық қадам басқаннан бергі отыз жеті жыл бойы жазуға жобаланған, жазылған және жазылып үлгермеген барлық шығармалардың сұлбасы осында».

Әр жазушының шығармаға да келу жолы әр қилы десек, алдыңғы екі жазушы үшін табиғи сананың қызметі басым болса, соңғы жазушы үшін қолда бар күнделіктің деректік маңызы айқын болып тұр. Тақырыптарын тапқан жазушылар үшін екінші дерек көздері қызмет атқарған еңбек ордасы, әріптестік орталарының да ықпалы аса мол болғанын көреміз.

Ә.Тәжібаевтың «Қырық жыл жолдас болып жүріп, бір 358 А 358 н жүрегімен ашылмаған замандастар да табылады. Олармен де «сіз-біз» деп жүреміз, бірақ арада қырық жылдық қашықтық жатыр. Әрине, олар туралы сөйлеу қиын.

Мен көргенім мен білгенімді ғана айтамын дедім. Кейде сезгенім де шет қалмаса керек. Сондықтан жеке басымның түйсігі мен топшылауларында артық – кем болуы әбден мүмкін. Ондай міндеріме кешірім сұраймын.

Қабдеш Жұмаділовтің де айтпақ ойы осы тұстан табылады:

«Бастан кешкен жайларды сараптай келгенде, көзім жеткен бір нәрсе: бұл өмірді жақсы деп мақтауға да, жаман деп даттауға да болмайды екен. Өмір – сенің ырқыңа көнбейтін, ащысы мен тұщысы аралас, бас – аяғы жоқ, шетсіз – шексіз; таңғажайып бір дүние. Сен оған соғып өтер қонақсың» -деп толғанады.

М.Мағауиннің ғұмырнамасының бастапқы беттерінде жазылған мына жолдардан да шығармашылыққа арқау болған тағдыр – талайдың жүйесін көреміз.

«Мен Абай атам мегзегендей онша күрделі жұмбақ емеспін, бірақ біз арғы заманмен өлшегенде, соқтықпасы әлдеқайда көп, соқпағының бәрі теріс, қиғаш, айрықша бұлыңғыр кезеңде жасадық, рас, алдыңғы ағаларым – Ақан, Мағжан, Мадияр, Мұқаңмен салыстырғанда біршама тыныш дәуірде күн кешіпшім, бірақ менің де шырғалаңға түсіп, ышқанған, қиналған күндерім, ай, жылдарым болды. Бұл сөз – өнер жолында, ождан азабы, рухани қысымға да қатыссыз, оның бәрі – таңдап алған талқы, табиғи сыбаған; менің айтып отырғаным – кәметке толған он сегіз, жиырмадан бұрынғы, тіпті мектеп бітірген он жетіден бұрынғы, менің он бір жасым мен он бес жасымның аралығындағы өмір кезеңі...».

Енді жазушылар үшін дерек болған үшінші нәрсе – түрлі тарихи негізі бар қызмет, мәжіліс, туындылар, қоғамдық – әлеуметтік орталар болып табылады. Алғаш шығармашылық жолдың баспалдақтары қалай басталды, кімдер және қандай факторлар қаламгерлердің шығармагерлік өнеріне ықпалы, әсері болған деген сауалдардың барлығына жауапты, төл туындылардың өз іштерінен табамыз.

Жас балаң ақын, жоғары білімді Әбділда Тәжібаевтың әдебиетті сүюіне алғаш анасы Айманкүлдің ықпалы мол болса, мектеп барғаннан кейінгі тұста үлкен ұстаздық өнеге көрсеткен Сәтбеков Әбілқайырды ерекше еске алса, өмірінің өзге де өзекті тұстарын «Апам туралы әңгімелер», «Шахмет хикаялары», «Палуан аға», «Кіші Мұхтар», «Есею жолында» деген тарауларында қазақтың талай даңқты қайраткерлері мен тарихи тұлғалары туралы өткен өмірдің деректі шындықтарын жазады. Әдебиеттің есігін қалай ашқанын:

«Ал өзімнің марқаю жолымның кедір – бұдыры, қиын – жеңілі, ыстық – суығы толып жатыр. Оның бәрін айту үшін үлкен кітап жазу керек сияқты. Әрине, бұл жолы олар түгел қамтылмайды. Мен 1927 жылы Шымкент қаласындағы (ол кезде Сырдария губерниясының, қазіргі Оңтүстік Қазақстан өлкесінің орталығы) Қазақтың жеті жылдық мектебін бітіріп шықтым.

Адам өмірі туралы шығармалардың, әсіресе, автор өз тағдырын бейнелейтін туындыларда жанұя тарихы, аға ұрпақ тарихының бүгінгі бейнесі, бұрын болған оқиғалардың сан жылдаған жылнамасы мен толықтырылуымен әрлі әрі нәрлі болып келеді. Қоғам мүшесі болып табылатын адамның өмірі халқымен бір жасаған да ғана ұнамды болмақ десек, біз талдап отырған «Жылдар, Ойлар», «Есімдегілер», «Мен», «Таңғажайып дүние» романдары соның бір айғағы іспеттес.

Осы тұрғыдан салыстыра қарар болсақ, ғұмырнамалар жазушылардың әдеби шығармашылық жолының қалыптасуы мен дамуының табиғи бейнесін сомдауға деген тұңғыш талпыныстары екендігіне көз жеткіземіз. Қырғыздың даңқты жазушысы Шыңғыс Айтматов ғұмырнамалық шығарма туралы мына бір пікірі алдыңғы ойымызды одан әрі аша түсетіндей.

Жазушылық өнердің құпия сырларына дендеп ену үшін, бізге ең әуелі қаламгердің шығармашылық психологиясының тереңіне үңілу парыз. Шығармашылық психологияның ғылыми таным тұрғысындағы дәлелді ой-толғамдардың ең маңыздыларына тоқталып, зерттеп отырған

шығармаларымызға қажетті пікірлерді теріп алып, қажетке жарата білу еңбегіміз үшін аса маңызды мәселе. Орыстың ғалымы Б.Мейлах шығармашылық психологияның болмысын былайша тұжырымдайды:

Ендігі тұста, ғұмырнамалық туынды авторларының шығармашылық лабораториясына ену, оны пайымдап, зерттеу, зерделеу ғылым үшін оңай атқарылар еңбек емес.

Шығармагерлердің туындылары, суреткерлік жолдары қалай басталды, қалай жалғасады, қалай түйінделеді, соның бәрі қалай жүзеге асады деген сұрақтарға толық, ашық жауап табу қиын екендігі дау туғызбас. Аталған мәселелерге ең бір нақты, дәлме – дәл деген ғылымның өзі де дәл жауап бере алуының өзі не ғайбыл. Дегенмен, жазушының шығармашылық лабораториясында ешкімнің көзіне көрінбей тұнып жатқан құпия сырлардың бірқатары әдеби және ғылыми мәселе деңгейінде зерттеу объектісі бола алады. Мұндай мәселелерді зерттеп, зерделеу ақынның шығармашылық еңбегінің басты сатыларын, олардың ерекшеліктерін анықтауға, сөйтіп оның шығармашылық лабораториясының басты ерекшеліктерін екшеп білуге мүмкіншілік береді. Сөйте тұра, жазушының шығармашылық лабораториясын тану мүмкіншілігін жоққа шығаруға да болмайды.

Шындығында қаламгердің шығармашылық лабораториясы, қаламгердің шығармашылық еңбегінің сатылары, кезеңдері көзбен көруге болмайтын, көңілмен тануға келмейтін тылсым құбылыс емес.

Суреткердің шығармашылық еңбегі күрделі де қиын, оның бұралаңы да, асқар – асуы да көп. Әр жазушының шығармашылық ойлауы әр басқа. Соған орай қаламгердің шығармашылық лабораториясы да түрліше. Тіпті бір жазушының әр шығармасының өз шығармашылық тарихы барын да жоққа шығаруға болмайды. Шығармашылық процесс үстінде жазушының көңіл күйі мың құбылып тұратыны да бар. Сондықтан да жазушының шығармашылық лабораториясын зерттеу әр ғалым әдебиетшінің, әр зерттеуші мен сыншылардың батылы жетіп бара бермейтін қиын да күрделі еңбек. Бұл жөнінде Сэбиттанушы, ғалым, сыншы Қ.Ергөбек өз ойын арыдан қозғайды:

«Белгілі бір шығарманың шығармашылық тарихын қарастыру – біткен, аяқталған процесті емес, сол қаламгерлік істің басталуынан тәмамдалуына дейін қалай жүргенін бақылау. Бұл, әрине, тақырыптан басталмақ. Өйткені тақырып – қандай да бір көркем шығарманың алтын қазығы».

Әдебиет тізгінін ұстаған жандар үшін әуелден, өзі қалаған шығармасының тақырыптық таңдауының үдесінен шығу басты парыз екенін зерттеуші орынды еске салып отыр. Тақырып іздеу мәселесі де осы жазушылық табиғатқа тікелей байланысты деп білеміз. Қарастырып отырғанымыз ғұмырнамалық шығарма болғандықтан, лабораториялық құпиялардың сырларын, шешімін дайын туындылардың өздерінен іздеуге тура келеді.

Жазушылар өздерінің шығармашылық лабораториясының кейбір сырларын романың әр бөлімдерінде ашып, анық баян етеді.

«Бірде лирика, бірде монолог арқылы өзіңнің жаныңды тоқытқан сырыңды айтасың. Әлдекімді жерлегің, әлдекімдерді дәріптегің келеді. Бір көңіл бар, сәбидің туғанына, гүлдің ашылғанына, көңілдің ұшқырлығына, өмірдің мәңгі жастығына қуанады. Енді бір көңіл қуаныштың қарама – қарсы жақтарынан түйсік табады.

Ондайда еріксіз көнесің. Осының бәрін бүркемей, боямай жырлағың келеді...» - деп ақын Әбділда Тәжібаев өлең өрімдерінің санадағы сәуледей қалыптасуынан сыр шертеді.

Әбділда Тәжібаев табиғатында ақын болып туған жан. Жаратушы онық маңдайына ақындықты бұйырты. Ол жастайынан халық өлеңін, жыр–толғауларын жаттап, эпсана, ертегі, хикаяттарды жадына сақтап өсті. Әбділда Тәжібаев бала күнінен жыр оқып, ертегі айтудан жеке бала ақын дәрежесіне дейін көтерілді. Өзі «Жылдар, ойларыңда» баян еткендей, шығыстың «Салсал», «Зарқұм», «Саяр Шәріп», «Орақ пен Күлше», «Зафун», «Балғын бағұр» т.б. сол сияқты қазақшаға аударылған поэмаларды оқудан жатқа айтуға дейін машықтанғанын жазады.

«...алғашқыда оқығым келмей далада күткен балаларға тұра қашқым кеп тұрса да, кейін мақтау сөздерді естіген соң («Әбділданың даусы жақсы екен, шешесінен де жақсы оқиды екен» деседі) барлық ынта, ықыласыммен оқимын, шешемнен айнытпай оқимын. Жер астындағы жылан патшалығы, төрт дәруіштің кезектесіп айтқан қызықты әңгімелері, батыр қыздың соғысы, Мұхаммед пайғамбардың мұғжазалары мені еріксіз еліктіреді. Көп ұзамай осы қызықты, оқиғалы кітаптарды жатқа айтатын болдым» - 359А359на359ты алады, Әйтсе де бойдағы дарын жас баланың болашағына даңғыл жолды 1922 жылы сол кездегі Ақмешіттегі (қазіргі Қызылорда қаласы) Ленин атындағы жетім балалар үйінде тәрбиеленіп жүрген кездегі ұстазы Сәтбеков Әбілқайырдың ашып бергенін де сүйсіне еске алады.

«Әдебиетші сүю, әдебиетші болу жолына мені қолма – қол жетектеп әкеп салған тәрбиешіміз Сәтбеков Әбілқайыр»... десе, тұңғыш өлеңінің шығу тарихын былайша сөз етеді: «Жетісінде бір шығатын «Лениншіл Жас», «Жұмысшы» газеттерінің корректоры, республикалық орталық газет «Еңбекші Қазақтың» көшірушісі болдым, кейде ертемен тұрып көшеде, базарда газет те сататынмын. Қолым босаса-ақ отыра қалып өлең жазамын. Солардың бірі газетке басылса, ұшпаққа шығатындай көремін. Сол кезде жақсы ақын атана бастаған Асқар Токмағамбетов, Қалмақан Әбдіқадыровтар талай жазғандарыма сын айтты, мінін көрсетті. Талай 359А359н қайта жаздырды. Ақыры менің бірінші өлеңім

(«Жұмысшының гудогы» дейтін үш шумақ өлеңім) «Жұмысшы» газетінде күз айында басылды. Мен қуанғандықтан қайда барарымды, қайда сиарымды білмедім»...

Ақынның шығармашылық өсуінің алғашқы баспалдақтары осылайша басталады. Қатардағы корректорлықтан кәнігі журналист қызметінен бастау алған шығармашылық өсу сатылары Әбділда Тәжібаевты заманындағы дарынды ақындар санатына дейін жеткізіп, соңына мол мұра қалдыртты.

Шығармашылық жолын ақындықпен бастаған Әбділда Тәжібаев ақындық өнердің толысуына, халық қажетіне жарауы, өлеңнің үні өшпейтін мәңгі болуы үшін қандай әрекеттер қажет екеніне де оқырман көңілін аудартады.

«Өрине, үйрену, зор әлемдік мағыналы тақырыпқа қайта жазып, жарысқа түсу бар да, көргенін көрген қалпынша өз тіліне шалажансар аударып, өз атын қоя салу бар. Екеуі – екі нәрсе. Біріншісі: ұлы жүйріктердің жарысы, олар айқын – озат идеяны ту қылып бірге көтереді де, жарықтың зораюына, жылылықтың молаюына бір-бірлесе күш салады. Ондайда Шекспир, Байрон, Гете, Шиллер, Пушкин, Лермонтов болып өңшең таулар біріне-бірі жалғасып жатады. Бұлар бүкіл адамзатқа ортақ биік мұраттар туын көтергенде өз ұлттарының қуаныш күлкісі мен қайғы-қасіреттерін қоса көтереді. Ал екіншісі: еліктеушілер мен солықтаушылар.

Мұндайлардың өз халқына сай сипаты жоқ, сондықтан айқын үміт, мұраты да жоқ.

Аламан заманда өмірге келген Әбділда Тәжібаевтың алғаш қызмет еткен жылдарында арнайы мамандықтың базалық білімін алуға мүмкіндіктері бола бермейді. Ақын біраз жыл өз бетінше ізденіп оқудың арқасында қажетті білім нәрін алуына қол жеткізеді. 1928-1929 жылдары Абай атындағы педагогикалық институттан түбегейлі білім алудың сәті түспей-ақ қояды. Мақсат пен мүддеге берік асыл ақын өнерлік зейінді өсіру үшін, жалықпай ізденіске түседі.

Әбділда Тәжібаевтың шығармашылық ғұмырындағы әсер етуші негізгі факторлардың атқарған рөлі зор болды. Жазушы қандай қоғамда өмір сүрсе де, өзінің суреткерлік әлемін қалыптастырып, алдынала айнала тіршілік дүние жаратылысқа сол әлем билігінен көз тастайды. Ә.Тәжібаев кеңестік кезеңде өмір сүргені үшін кінәлі емес. Адам өзін жаратушы табиғаттың алдында қашанда тәуелді. Бұл күнде шығармашылығының басым бөлігі кеңес дәуіріндегі жалаң романтикаға бағындырыла жазылды деп кейде айыптағандай, кейде кінәләғандай айтылып, бағаланып жатыр.

Әбділда ақынның шығармашылығындағы саяси көзқарастардың өзін зерттеп, зерделеу әдебиет ғылымы үшін өзіндік ерекшелігі бар ой талғамдарға жетелейді. Әбділда Тәжібаев кеңестік қоғамда қалыптасты, өмір сүрді, шығармашылықпен шұғылданды. Сол себепті де ақынның шығармашылығындағы саяси концепциялардың астарынан кінә іздеу орынсыз. Ғалым Бахтиннің тілімен айтсақ, «жазушы өзі өмір сүрген қоғам, өзі тіршілік еткен уақыт тұтқыны». Міне, сол себепті де біз Әбділда Тәжібаевтың шығармашылық лабораториясын қарастырғанда, ақындық өнер мен әдебиет әлеміне аяқ басқан қаламгердің алғашқы шығармаларының жасалу жолдарының процесінде қоса қарастырамыз. Қазіргі уақытта айтылып жүрген кейбір көзқарастарда Әбділда Тәжібаевтың саясаттың бір жағына ағып, қызмет еткені туралы да айтылады. Бұл орынды нәрсе. Егер мәселенің тереңіне бойлар болсақ, астарын аңғарсақ, оның түбіне жете үңілгендей боламыз. Бір қоғамда өмір сүрген қаламгерлердің әдебиеті бір бағыт, бір ағымда болу шарт емес. Керісінше бір қоғамда, бір кезеңде әр түрлі бағыт-бағдар ұстаған қаламгер қауымы болуға, олар әр алуан әдебиет жасауға тиісті. Социализмнің де, социалистік реализмнің де қателігі қоғамды, әдебиетті біртектілендіріп жіберетіндігінде. Қазақ қоғамында Алаш Орданың, алашшыл әдебиеттің болуы қандай табиғи болса, кеңесшіл идеологияның, кеңес әдебиетінің болуы сондай табиғи құбылыс. Ал, өзара көзқарастарды үйлеспейтін дүниетаным, әр бөлек жандардың арасында айтыс-тартыс жүруі заңды.

Әдебиеттер:

1. Жұмаділов Қ. Таңғажайып дүние. Ғұмырбаяндық роман. Он екі томдық шығармалар жинағы. 10-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 648-б.
2. Мағауин М. Мен. – Алматы: Гауһар, 1998.-620б.
3. Тәжібаев Ә. Жылдар,ойлар. – Алматы: Жазушы, 1976.-420б.

ОҚУШЫНЫҢ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҚАЖЕТТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ДАМУДА БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНАТЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАР

И.С. Султаниязова

PhD доктор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

А.Баймолдина

магистрант, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

e-mail: su.indira@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада оқушының бойында жинақталуы қажет құзыреттіліктер берілген. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына қажетті құзыреттіліктерді дамытатын әдістемелік ұстанымдар талданылады.

Түйінді сөздер. Оқушы, қазақ тілі, тұлға, құзыреттілік, ұстанымдар.

Annotation. The article outlines the competencies that the student must master. The methodological principles that develop the competencies necessary for the formation of a student as a person are analyzed.

Keywords. student, Kazakh language, personality, competence, principles.

Аннотация. В статье обозначены компетенции, которыми должен овладеть ученик. Анализируются методические принципы, развивающие компетенции, необходимые для формирования ученика как личности.

Ключевые слова. ученик, казахский язык, личность, компетентность, принципы.

Қазіргі уақыт талабы мектепке сапалы, жан-жақты білімді тұлға қалыптастыру міндетін қойып отыр.

Оқушылардың белсенділіктерін арттыру, белгілі бір дидактикалық ұстанымдарға сүйеніп, ұтымды әдістермен өткізілген сабақ арқылы қатысымдық, танымдық құзыреттіліктерін дамытып, жеке тұлға қалыптастыруға мүмкіндік зор.

Құзыреттілік – білім, білік, дағды, оларды қызметте, қарым-қатынаста, тұлға дамытуда жүзеге асыру жолдары мен тәсілдері [1].

Құзыреттілікті дамыту – оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ететін, білім мен шеберліктен, тұлға сапасы мен қасиеттерінен тұратын күрделі құрылым [2, б. 118].

Құзыреттілік – әлемде не белгілі бір саладағы тиімді іс-әрекетке алып келетін білім, дағды, түсінік, құндылықтар, көзқарастардың күрделі үйлесімі [4].

XXI ғасырдағы ұстазға қойылар талап жоғары. Мектепке жай ғана мектеп бітіруші түлек емес, тұлға дайындап шығуы талабы қойылады. Тұлға дайындау үшін оқушылардың бойына келесі құзыреттіліктерді жинақтау қажет:

- тілдік;
- қатысымдық;
- танымдық;
- тұлғалық;
- ұжымдық;
- шығармашылық.

Қоғам мен ғылымның дамуына орай дидактикалық ұстанымдар өзгеріп, жетіліп отырады. Қазіргі адам құндылығы алғашқы орынға қойылатын заманда дидактикалық ұстанымдар оқушының логикалық, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге, олардың рухани дүниесін ізгілендіріп, тіл мәдениеті мен сөйлеу әдебін қалыптастыруға, ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынасты адамгершілік тұрғысында орнатуға бағытталған оқыту әрекетінің мазмұны мен мақсатын, ұйымдастырылуы мен әдіс-тәсілдерін айқындайды.

Қазіргі педагогика келесі жалпыадамзаттық құндылықтарға аса көңіл бөледі: адамды ең жоғарғы құндылық ретінде тану, жеке тұлға қалыптастыру, олардың қарым-қатынас, рухани-адамгершілік мәдениеттері, оқу мен тәрбиедегі демократиялық ұстанымдар.

Тұлға дайындау барысында дидактиканың төмендегі ұстанымдары негізге алынғаны жөн:

- тәрбиелік;
- ғылымилық;
- жүйелілік;
- қолжетімділік;
- көрнекілік;
- белсенділік;
- беріктілік;
- жекелік;

- теория мен практиканың ұштастығы.

Тәрбиелік ұстанымы. Оқу орны, ең алдымен, тәрбие ошағы болып табылады. Оқушылардың бойына жекетұлғаретінде қалыптасуына қажетті тілдік, қатысымдық, тұлғалық, танымдық және т.б. құзыреттіліктерді дарыту, дүниетанымын кеңейтіп, шығармашылық ойын дамыту қарастырылады.

Ғылымилық ұстанымы оқыту барысында оқушылардың нақты ғылыми дәлелдермен, теориямен танысуын көздейді. Ғылымилық ұстаным оқыту барысында білімалушыны ғылыми ізденіске, қосымша ғылыми ақпараттар іздеуге, өз көзқарасын дәлелдеуге бағыттайды.

Жүйелілік ұстанымы оқытылатын саланы белгілі бір тәртіппен, өзара байланыста оқытып, меңгеруді көздейді. Бұл ұстаным бірізділік пен дамытушылыққа бағытталған. Оқыту жүйелілігі ең үздік оқыту жүйесі модульмен оқытуда айқын көрінеді, оның блоктары белгілі жүйемен құрылады.

Қолжетімділік ұстанымы. Қолжетімділік жеңілдетілген оқу емес.

Қолжетімділік ұстанымы маңызды, қызықты ақпараттардан тұратын материалдарды интерактивті оқыту әдістерімен меңгеруді көздейді.

Көрнекілік ұстанымы. Оқу материалын қабылдау мен түсіну үшін мақсатты түрде сезім мүшелеріне әсер ету оқытудың тиімділігін қамтамасыз етеді. Оқыту барысындағы табиғи тіл, сөйленіс, шешен сөз, көркем шығармадан үзінді де көрнекілік болып табылады.

Белсенділік ұстанымы – ұстаз бен оқушы әрекеттерінің бірлігін қамтитын әдістемелік жүйедегі маңызды ұстанымдардың бірі. Оқушылар белсенді болып, іс-әрекеттің субъектілері болғанда ғана оқыту тиімді болмақ. Олардың белсенділіктері оқытудың мақсатын біліп, өз білімін тексере алуынан, білімге қызығушылық танытып, мәселені өздері қойып, оның шешімін іздей білуінен көрінеді.

Беріктілік ұстанымы білім, білік пен дағды білім алушылардың санасында сақталуына бағытталған дидактикалық ұстаным болып табылады. Білім, білік пен дағдылардың беріктігінің өлшемі – практика. Олардың беріктігін материалды меңгеру қажеттігін, теориялық білімнің тәжірибеде қолданылу мүмкіндігін түсіну, берілген білімді уақытылы бекіту, терминдер мен анықтамаларды мақсатты түрде есте сақтау қамтамасыз етеді.

Жекелік ұстанымы мұғалім оқушыны ұжымдық жұмысқа араластыра отырып, оның қызығушылығы мен ерекшелігін ескеруін, игерген білімі мен білігін бақылауда ұстауын көздейді. Оқыту үдерісі әр оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасауы керек.

Теория мен практиканың ұштастығы ұстанымы алған білімді тәжірибеде қолдана білуге бағытталады. Теория мен практиканың ұштастығы түрлі жаттығулар негізінде жүзеге асады. Осындай жолмен меңгерілген білім нәтижелі болмақ.

Оқыту жүйесі субъект, үдеріс, оқыту пәні, жағдай, әдіс, нәтижелерден тұрады. Бұл қызмет уәж, әдіс пен нәтижеге бағытталған ұстанымдарға негізделеді. Жоғарыда аталған ұстанымдар бірлікте жұмсалып, оқушылардың бойында жекетұлғаға тән құзыреттіліктер қалыптастыратын басты ұстаным – *дамытушылық ұстанымына* бірігеді.

Оқушылар да қазақ тілі пәні барысында құзыреттіліктер қалыптастыру тұлғалық, жеке тұлғалық және қоғамдық, қатысымдық, танымдық бағыттарда жүзеге асуы тиіс.

Қоғам – тапсырыс беруші, педагогика – сол тапсырысты орындайтын жүйе болғандықтан, педагогика қоғамның даму деңгейіне қарай бағытталып құрылады.

Әдебиеттер:

1. Митина Л.М. Психология развития конкурентоспособности личности. – М.: Московский психолого-социальный институт; Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2002. – С. 102-106.
2. Адольф В.А. Профессиональная компетентность современного учителя. – Красноярск: Красноярский государственный университет, 1998. – 183 с.
3. Овсяникова А.В. Профессиональная компетентность преподавателя вуза как психолого-педагогическая категория // Известия РГПУ им. А.И. Герцена. – 2010. – №121. – С. 17.
4. Deakin C. Key Competencies for Education in a European Context: narratives of accountability or care // European Educational Research Journal. – 2008. – Vol. 7, №3. – P. 28-32.

Қ. ЖҰМАДИЛОВ РОМАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДӘЛДІК ПЕН КӨРКЕМ ШЫНДЫҚ

И.С. Султаниязова

PhD доктор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Д.С. Боранбаев

магистрант, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Аңдатпа. Мақалада Қ.Жұмаділов романындағы тарихи оқиғалардың берілуі талданылады. Тарихилық, тарихи шындық сөздерінің анықтамасы беріледі. Қазақ тарихының Қабдеш Жұмаділовтің «Соңғы көш» романында суреттелуі шынайылығы қарастырылады.

Кілт сөздер: Қ.Жұмаділов, тарихи романдар, қазақ тарихы, ұлт тарихы.

Annotation. The article analyzes the presentation of historical events in the novel by K. Zhumadilov. The definition of the words historical, historical truth is given. The authenticity of the description of Kazakh history in the novel “The Last Migration” by Kabdesh Zhumadilov is considered.

Keywords: K. Zhumadilov, historical novels, Kazakh history, history of the nation.

Аннотация. В статье анализируется изложение исторических событий в романе К.Жумадилова. Дано определение слов историческая, историческая правда. Рассмотрена достоверность описания казахской истории в романе Кабдеша Жумадилова «Последнее переселение».

Ключевые слова: К. Жумадилов, исторические романы, казахская история, история народа.

Әдебиеттану ғылымында тарихи роман жанрына тән сипаттың бірі оның тарихилығы болып табылады. Ал тарихи романның поэтикалық ерекшелігінің өзі осы тарихилық пен деректіліктің көркемдік тұтастығынан келіп шығады.

«Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады. Алайда, әдеби шығармадағы тарихи шындық – көркемдік бейнелеу тәсілімен берілетін өмір шындығы, яғни көркемдік шындық» [1, 195 б.]. Мұнда өмір шындығы мен тарихи тұлғалар көбінесе көркем қиялға бағынады, яғни ойдан шығарылған оқиғалар мен қиялдан туған кейіпкерлер қатар жүреді. Бірақ қалай болғанда да тарихи шындық бұрмаланбай, нанымды шығуға тиіс.

Ал «тарихилық дегеніміз белгілі бір заманның нақты тарихи жағдайларын, қайталанбас келбеті мен өзіндік қасиеттерін, мән-мағынасын, болмысын, ұлттық-тарихи және өмір шындығын, идеялық-танымдық тереңдігін көркемдік тұрғыдан жырлап, тарихтың көркемдік философиясын шеберлікпен жеткізу» [1, 195 б.]. Бұдан шығатын қорытынды тарихи жанрдың негізгі көркемдік тәсілдері болып табылатын «тарихи шындық» пен «тарихилықтың» көркем шығармадағы қызметі ортақ. Десе де тарихилық өткенді (ретногоз), бүгінгіні (презентогноз), болашақты (прогноз) жалғастыратын жазушы танымының дәнекері ретінде көркем әдебиет дамуының дәстүрлі жолын шынайы шындықпен, нақты дерекпен көрсетуге негізделеді.

«Қаздар қайтып барады» әңгімесі мен «Соңғы көш» дилогиясы арқылы Қ. Жұмаділов – қазақ әдебиетіне соны тақырыппен, тың толғаныспен енген жазушы. Шетелдегі қазақтардың тағдыр талайы туралы білу – әлі де зәру мәселелердің бірі. Бұл түгіл жалпы «кеңестік дәуірде туған тарихи романдарға объективті түрде баға берілді» деп бүгінде ешкім де айта алмаса керек. Ал 1974 жылы «Соңғы көш» сияқты шекара сыртындағы қазақтар тағдырын тұңғыш қозғайтын роман алғаш шыққанда қазақ сынынан тысқары қалуының өзіндік себептері бар. Тіпті күнібүгінге дейін жекелеген ғылыми мақалалар болмаса, қазақ әдебиетіндегі сүбелі шығармалардың біріне айналған «Соңғы көш» туралы арнайы зертеу жұмысы әлі де жазылған емес. Оның басты себебі – тәуелсіздікке дейін отаршылдықтың сұрқия саясаты мен зұлымдықтарынан туындаған көшпенділер қоғамының ұлттық мінезі бен қанына сіңген машығына тигізген зардаптары мен өзгерістерін айтуға тиым салынғандығынан еді.

Тоталитарлық режим жүйесі романдағы бас кейіпкер Естайға (прототипі – жазушының өзі) ғана өз зардабын тигізіп қоймайды, кітаптың жарыққа шығуына да орасан зор бөгет жасайды.

Шыңжандағы ұлт-азаттық көтеріліс, оның көсемдері мен батырлары соның ішінде Оспан батыр туралы сол тұстағы құпия дерек қазақ оқырмандарына тұңғыш рет Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» дилогиясы арқылы жеткен еді. Ол өзі суреттеп отырған уақыт тынысын саналы түрде терең реалистік сипатпен бере білді. Өткен тарихты саралай отырып, қоғамның ең басты тарихи оқиғасын таңдап ала білді және оны бүгінгі күнге дейін жалғастыра отырып, тарих пен көркемдіктің біртұтас әлемін жасады.

Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш», «Тағдыр», «Дарабоз» романдары тақырып сонылығымен, заман шындығын көркем айшықтаумен дара тұр. Сондай-ақ оның шығармалары «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» желеуден ада болуы қазақ халқының мәдени руханиятын емін-еркін көрсетуге жол ашты.

«Соңғы көш» деген сөздің қат-қабат мағынасы бар. Ең алдымен бұған «көштің соңы» немесе бір отбасының ғана көші деп қарамау керек. Жазушы бұрын ешкім қозғамаған бұл сөзді өз өміріне тікелей қатысты болғандықтан да алған сынайлы. Автор сөзімен айтсақ: «Оны тек 1962 жылғы көш деп ұғынбау керек. Мыңдаған жылға созылған қазақтың көшпелі өмірі ХХ ғасырдың ортасына дейін Шыңжаңда ғана сақталғаны жұртшылыққа белгілі. Бір сөзбен айтқанда, сол көшпенділердің соңын, өзін куәсі болған,

сарқытын ішкен өмірдің ең соңғы суреттерін қағазға айнытпай түсіруім қажет болды. Біртіндеп тарих сахнасынан кетіп бара жатқан, енді ешуақытта қайталанбайтын, тұтас бір дәуір, неше алуан характерлер тұрды көз алдымда. Көшпенділердің ең соңғы байы, ең соңғы биі, ең соңғы батыры, ең соңғы ару қыздары... Көркем әдебиеттің басты бір мақсаты – уақытты «кідірту», өмір көріністерін қағаз бетіне мәңгі қалдыру ғой. Біз «Соңғы көште» хал-қадарымызша осы мақсатты орындауға күш салдық», – дейді [2,478 б.]. Бұдан шығатын қорытынды жазушы «көш» деген сөзге бүкіл елдің менталитетін сиғызса, «соңғы» деген сөзге «көшпенділердің соңғы тұяғы» деген мағынаны сиғызып, 1960 жылдарға дейін Қытайда ғана сақталған көшпенділер өмірінен сыр шертетін роман-эпопея тудырғанын көреміз. Роман-диалогия соңында жазушы от тиген қамыстай, елдің дүрк көтерілуіне себепші болған бүкіл Құлыстайды кезген ұлы дүбір «көш», «көшу» деген сөздің құдіретіне бас иіп, «Ұлы көш» басталды деген сөзді жүйрік аттың желмен жарысқанына теңейді. Осылайша қазаққа бұрыннан етене таныс жылқы мен көш ұғымы тарихи поэтикалық сыр-сипатқа ие болған. Осындай шағармалары арқылы өзінен кейінгі қазақ прозасының көркемдік әлеміне, сондай-ақ Шыңжаңдағы қазақ әдебиетіне де үлкен әсер етіп, өзіндік мектеп, жаңа дәстүр қалыптастырды.

Қ. Жұмаділовтің «Соңғы көш» сөзіне берген қат-қабат мағынасының астарында қилы-қилы өмір жатқаны анық.

Белгілі ғалым Р. Нұрғали құрастырған «Қазақтың 100 романы» атты кітабында: «Шетелдегі қазақ диаспорасының көрнекті өкілдерінің бірі, қоғам қайраткері, журналист, қаламгер Хасан Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір» шығармасын жанр жағынан алғанда, өмірбаяндық роман деуге болады. 1999 жылы Стамбул қаласында жарық көрген сегіз жүз бетке жуық туынды С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Өмір мектебі» романдары сияқты автордың басынан кешкен өмір жолынан мол мағлұматар береді. Мұндай романдар қазіргі әдебиетімізде де бар. Мысалы соңғы онжылдықта жарық көрген Б. Тілегеновтың «Тұйық өмірдің құпиясы», Ә.Нұршайықовтың «Өткелдер», Р. Тоқтаровтың «Бітеу жара», Қ. Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние», М.Мағауиннің «Мен» романын айтуға болады», – деп жазылған [3,193 б.]. Осы тізімнің қатарына жоғарыда аталған Халифа Алтайдың туындысын да жатқызуға болады. Сонымен бірге бірін-бірі толықтырып тұрған бұл екі кітап Түркияға ауған қазақтардың тағдырының тарихи шешіресі әрі ғұмырбаяндық роман жазудың өзіндік өнегесін көрсететін қазақ әдебиетіне қосылған сүбелі дүниелер деп қарау парыз.

Тибет арқылы Индияға, одан Пәкістан арқылы Түркияға кетуге мәжбүр болған қазақтарды көзімен көрген Британ парламентарийі былай деп жазады: «...Орта Азияны коммунистік идеяның жайлауымен ымыраға келмеген қазақтардың ерлік пен қасіретке толы тағдырлары осындай болды. Ресей орнықтырған тирания мен Қытайдың жаңа тираниясы қазіргі кезде бұл құрлықтың халқын азапқа салды. Осы тираниядан қазақтардың қашуы – ерлік және бұл туралы Еуропа мен Азияның ерікті әлемі білуге тиіс», – дейді [4,81 б.]. Жоғарыда аталған Х. Алтай мен Х. Оралтайдың деректі кітаптарын оқысаңыз, кезінде қай жерде өмір сүрмесін, қандай ұлттың өкілі болмасын көзі ашық, көкірегі ояу оқығандар мен алашшыл азаматтар сезінген бізге беймәлім дүниенің қаз-қалпында жасалған картинасы көз алдыңызға келеді.

Қазақ әдебиетіне «шекара» тақырыбын тұңғыш әкелген Қ. Жұмаділовтің 2006 жылы 20 сәуірде «Алматы ақшамы» газетіне берген сұхбатында «Мен Қазақстанға уылдырық шашу үшін келдім» деген сөзді тегін айтып отырмағанын осыдан да көруге болады.

«Соңғы көштің» тақырыбы 1962 жылы 10 сәуірден 1 мамырға дейін айналасы 20 күн ішінде Тарбағатай шекарасынан Қазақстанға өткен 200 мың адамның қалың көші сияқты болып көрінеді. Негізінде мүлде бұлай емес. Бұл кітап – ХХ ғасырдың ортасына дейін тек Қытайда ғана сақталған көшпенділер тұрмысының соңғы шежіресі іспетті. Сондай-ақ Тарбағатай аймағын мекен еткен қазақтардың ұлт-азаттық күресі, Оспан батыр бастаған көтеріліске қатысқан халық қаһармандарының азапты тағдыры, Шығыс Түркістан республикасының күйреуі, ХХ ғасырдың бас кезіндегі Алаш зиялыларының шекара сыртындағы қазақтарға тигізген рухани әсері, қазақ өмірінде «ақ қашқан» жылы деген атпен қалған кезең көрінісі, жергілікті халықтың жерімен жүрген генерал Бакшъ, Анненков, Дутов армиясының соңғы тынысы, Қазақстандағы ашаршылық зардаптарынан босқан елдің Шыңжаңдағы тағдыры, ондағы «мәдениет төңкерісі» басталар алдындағы оқтын-оқтын халық басына төнген саяси науқан жылдарынан кейін бүкіл Құлыстайды кезген «көш» дүбірі, мұның ақыры болашақ ұрпақ қамын ойлаған алашшыл азаматтардың бастауымен, отандастарымыздың ата жұртқа келіп қосылуымен роман концепциясы түйінделеді.

Профессор Т.Тебегеновтің: «Әдеби процесс – рухани құндылықтар тарихы... Әдеби шығарма – өткен мен бүгінді, болашақты тұтастай елестететін өзекті мәселелерді қамтитын көркемдік-эстетикалық тағылымы мол халық дүниетанымының айнасы» дегеніндей, ол – «Халықты ащы да, қасіретті тарихпен де тәрбиелеу керек» [5, 11 б.]. Бұл қисынға Қ. Жұмаділов шығармалары толық жауап бере алады.

Қ. Жұмаділов романындағы тарихи шындықты қарағанда суреткердің «Соңғы көш» диалогиясы мен «Тағдыр», «Прометей алауы», «Таңғажайып дүние» атты романдарындағы ортақ байланысты айрықша атап айту керек. Мұның біріншісі – оқиғалардың өткен орны мен мекен-тұрағының бір жер болуы. Аталған романдарда Қанағат би, Күдері, Ысмайыл т.б. сияқты кейіпкерлер еш өзгеріссіз алынады. Мысалы, «Соңғы көште» басты кейіпкер Естайдың әкесі Қанағат би елдің мұңын мұндап, жоғын

жоқтайтын ел ағасы ретінде суреттелсе, «Тағдыр» романында Қанағат бидің әкесі Күдері мен атасы Ысмайылдың кесек тұлғалары сомдалады. «Прометей алауы» романында XIX ғасырдағы екі өлкеге де шарапаты тиген дін қайраткерлерінің тарихи орны көркем айналымға түскенімен, бізге жақсы таныс төртуыл жуандары Ысмайыл, Күдері мен Керімбайлар мұнда да бой көрсетеді. Ал «Таңғажайып дүниеде» бұл кейіпкерлердің нақтылы тарихи орны мен өмірдегі бейнесі ашылады.

Автордың ерекшелігі – дәуір шындығын, оның басты оқиғасын жазбай тануы. Жазушының сол дәуір туралы дүниетанымы, авторлық ой елегінен өткен тілдік қоры, этнографиялық тіпті фольклорлық түсінік деңгейі, сүйек сінді не жүре бітті білім-білігі төрт романнан да білініп тұрады.

Қ. Жұмаділов романдарының қай-қайсысы да әдебиетіміздің ақтандақ беттерін толықтыруға бағытталған. Қазақ халқының басынан өткен оқиғалардың бұрын зерттелмеген тұсына назар аударып, соны тарихи дәлдікпен көркем шындыққа айналдыру арқылы тарихты зерттеуші ғалымдардың назарын сол тұсқа аударуға тырысады.

1981 жылғы «Соңғы көш» осылай туған» деген мақаласында автор сыншыларға өзі бағыт-бағдар жасапты. «Соңғы көштегі» образдар жүйесін, адамдар арасындағы ара қарым-қатынасты талдағанда, оларды үйреншікті тәсіл бойынша бай немесе кедей деп, бірінғай таптық тұрғыдан жіліктеуге келе бермейтіндігін айта келіп, сол тұстағы Африка, Азия, Латын Америкасындағы ұлт-азаттық күресі жүріп жатқан елдердегі сияқты, кезінде Шығыс Түркістанда да «Бірлік сап» деп аталатын майдан құрылғандығын, бұған еңбекші халықпен бірге көзі ашық байлар да, оқыған зиялы қауым да түгел қатынасқандығын жазады. Сондықтан да жазушы мұндағы тартыс табиғатын таза таптық тұрғыдан түсіндірмей, ұлттық мүдде тұрғысынан қарау керек дегенді ашық айта алмаса да, «ұлт мәселесі түбегейлі шешіліп болмаған, ішінара ерекшелігі бар ел ретінде қараған орынды» деген емеурін танытады. Шығыс Түркістан туралы не арғы беттен, не бергі беттен ешқандай мәлімет жоқ, құлаққа ұрған танадай болып тұрған кезінде Қ. Жұмаділовтің бұл тақырыпты эпикалық деңгейде алғаш көтеруін бүгінгі ұрпақ ерлік деп бағалау керек [6, 171 б.].

Еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылдың желтоқсан айына дейін «Соңғы көш» романы тақырыбы тұрғысынан дара туынды болды. Қытаймен екі арадағы байланыс түзелгеннен кейін ол өлкедегі тарихи оқиғалар туралы Қазақстан жұртшылығы Шыңжаң тарихынан сыр шертетін шығармалармен таныса бастады.

1981 жылдың өзінде-ақ Қ. Жұмаділов Шығыс Түркістан тақырыбының қағаз бетіне түспей қағаберіс жатқаны болмаса, олардың тарихы, азаттық үшін айқасы, басқыншыларға қарсы ерлікке толы күресі, басқасын былай қойғанда 1945 жылы жеңіске жеткен ұлт-азаттық төңкерісі, бес жыл бойы дербес мемлекет болып тұрған Шығыс Түркістан республикасының құлауы, Оспан батыр бастаған халық көтерілісі әлі де талай романға азық болары сөзсіз екендігін атап көрсетеді [7]. «Соңғы көш» романында осы тарихты түгел көрсету мақсат етілмеген. Сондықтан да романның басты оқиғасы Шығыс Түркістан республикасы сахнадан кетіп, Қытай Халық азаттық армиясының Тарбағатай аймағына кіруінен басталады да, алпысыншы жылдардағы ел басына төнген зобалаңмен аяқталады. Мұның бірнеше себептері бар. Біріншіден, Шығыс Түркістан халқының романдағы қамтылған кезеңдегі тартқан жәбір-жапасы бұрын көріп жүрген әділетсіздіктердің бәрінен де асып түскендігін тарихи еңбектер айғақтайды. Сондықтан да жазушы роман желісін халық трагедиясының ең шарықтау шегінен бастайды. Екіншіден, бұл кездегі оқиғалардың көпшілігі қаламгерге бұрыннан мағлұм, мысалы шығармадағы Қанағат ауылы – жазушының өз ауылы, ақын жігіт Естай жазушының өз прототипі болса, басқа кейіпкерлердің барлығы да Естайға бала күнінен жақсы таныс, өзі көріп-біліп, естіп өскен адамдары.

Осы орайда Қ. Жұмаділовтің Шығыс Түркістан тақырыбының ауқымдылығы туралы сөзінің жанды мысалы ретінде үш аймақ көтерілісін нақтылы сөз ететін Жанат Ахмадидің «Дүрбелең», «Шырғалаң» дилогиясы, Тұрсынәлі Рыскелдиевтің «Тау тағысы», Батырхан Құсбегиннің «Зуха батыр», Қажығұмар Шабданұлының «Пана», Сейітқан Әбілқасымовтың «Оспан батыр», Жақсылық Сәмитұлының «Сергелдең» атты романдарын атауға болады.

«Соңғы көш» роман-дилогиясының бірінші кітабы «Қарсаңда», «Қат-қабатта», «Сарыжайлау», «Ақпанда» деген төрт бөлімнен, екінші кітабы «Қара қақпа», «Киелі қан», «Кісен ашқан» деген үш бөлімнен тұрады. Сырқы композицияның элементі ретінде қызмет атқарып тұрған бұл тақырыптардан суреттеліп отырған дәуірдің басты сипатынан хабардар еткендей болады.

Қ. Жұмаділов XX ғасырдың бірінші жартысындағы өзі көзімен көріп, құлағымен естіген, өзімен бірге жүрген адамдардың тағдыр-талайын суреттеу арқылы дәуір сипатын жаңа қырынан ашады. Қ. Жұмаділовті өз тұрғыластарынан даралайтын ерекшелік – біріншіден, оның оң-солын танып білгенше, қаймағы бұзылмаған қазақтың қалың ортасында қалыптасуы, екіншіден, қызыл империяның тұсында «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деген идеяны негізге алмай, ешкім бармаған тың тақырыпқа баруы. Үшіншіден, көзбен көріп, қолымен ұстаған өмірдің өзін қағазға сол қалпында түсіруі.

Өмір ағысы шекараның екі бетінің көркемдік сипаты сияқты болып көрінгенімен, екі романдағы кезең, кеңістік, уақыт қана емес, қазақтың сол кездегі тұрмыс жағдайы, өмір сүру салты, ұлттық дүниетанымы мен дәстүрі ортақ. Шекараның қай бетінде болса да, қазақ ұлтының рухани және мәдени өмірі мен тарихын оның ұлттық болмысынан бөліп қарауға болмайтындығын, біз ең алғаш Қ. Жұмаділов

шығармалары арқылы танып-білдік. Қ.Жұмаділов арғы беттегі өмірді ғана сипаттап қоймапты, ол қазақ әдебиеті тарихындағы ақтандық беттерді толтырыпты.

Ал «Соңғы көш» романының көркемдік әсерінің қуаттылығы жағынан келгенде, оның ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы, образ сомдау даралығы, қат-қабат оқиғаларды жинақтап берудегі нақтылығы мен аз сөзге көп мағына сыйғызатын поэтикалық ерекшелігі бүгінгі күн тұрғысынан кеңінен талдануы қажет.

Әдебиеттер:

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі /құрас. З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
2. Жұмаділов Қ. Таңғажайып дүние. – Алматы: Тамыр, 1999. – 623 б.
3. Тілешов Е. Елімайлап өткен өмір. Х.Оралтай. //Кітапта: Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. Қазақтың 100 романы.– Астана: Фолиант, 2005. – 6 т.– 532 б
4. Қазақ. Жинақ. (Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы). – Алматы: Білім, 1994. – 175 б.
5. Тебегенов Т.С. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі – Алматы: Білім, 2001. – 332 б.; Бектасова Г. Халықты ащы да, қасіретті тарихпен тәрбиелеу керек // Түркістан. – 2007, желтоқсан-13. – Б.5.
6. Зайкенова Р.З. Қ. Жұмаділов шығармашылығы: тарихилық, деректілік және көркемдік шешім. Филол.ғыл. докт...дисс.,Көкшетау, 2010-276 б.
7. Жұмаділов Қ. «Соңғы көш» осылай туған. // Қазақ әдебиеті. – 1981, октябрь-2.

ӘӨЖ 37.026

АҚСУ – ЖАБАҒЫЛЫ ҚОРЫҒЫ

Л.К.Хасенова

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Мичурин «мектеп – бөбекжай - балабақша» кешені

Мектебі	Мичурин «мектеп – бөбекжай - балабақша» кешені
Педагогтың аты жөні	Хасенова Луиза Кажидоллаевна
Сыныбы	5 «в»
Бөлімі	Ұлы дала табиғаты
Сабақтың тақырыбы	Ақсу – Жабағылы қорығы
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	5.1.2.1. Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау. 5.3.5.1. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу 5.4.4.1. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар орындай алады: мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді Оқушылардың көпшілігі орындай алады: мәтіндегі нақты ақпаратты анықтайды, тақырып бойынша постер жасайды Кейбір оқушылар орындай алады: қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді алады. Өмірмен байланыстырады
Бағалау критерийі	Мәтіннің мазмұнының нақты ақпаратын анықтайды Қосымша мәліметтерді жинақтап, постер жасайды
Тілдік мақсаттар	Жаңа сөздер мен сөз тіркестері: көрікті, таудың етегінде, жоғары бағалау, марапаттау, жазық, шың, сарқырама, аспанмен таласады, аң аулау, қорық, биік шыңдар
Құндылықтарға баулу	Табиғатты сүйеге, қорғауға, бағалауға тәрбиелеу
Тақырып бойынша алдыңғы білім	«Шайтанкөл – ғажайып құбылыс» тақырыбын «Ыстық орындық» әдісі бойынша сұрау

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Психологиялық ахуал туғызу. Жүректен жүрекке әдісі арқылы оқушылар бір біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастырады	Тиімділігі: Бір біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады	«Жүректен жүрекке» Жүрек макеті
Үй жұмысын тексеру	Хат жазу. Жазғы демалыста танысқан шетелдік досыңызға еліміздің табиғатының сұлулығы туралы ақпарат беріп, келесі демалыс уақытын Қазақстанда өткізуге шақыру туралы хат жазады.(20-30сөз)	Дискриптор: 3 балл - Хаттың кіріспе бөлімінде амандық-саулық сұрасады; - Негізгі бөлімде Қазақстанның табиғаты, көрікті жерлері, туралы жазады; - Қорытынды бөлімде жазда демалуға шақыру туралы жазады. –Хат соңында аты-жөнін және мерзімін көрсетеді	Хат
Жаңа сабаққа кіріспе	Миға шабуыл әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасайды. Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады.	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	
	Бейнетаспа арқылы жаңа сабаққа көңіл бөлу: Оқушылардың жаңа сабаққа деген қызығушылығын ояту мақсатында «Ұлттық қорықтар» жайлы деректі фильмнен не көргендеріңіз бойынша «Дара диаграммасы» арқылы ҚОРЫҚ сөзінеассоциация жасау		Суреттер, Дара диаграмма, Видео ролик
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу	Сөздік жұмысы Айтылым Көрікті – красивый Таудың етегінде - у подножия Ұсыну - предлагать Жоғары бағалау - высоко оценивать Марапаттау - награждать Жазық - равнина Шың - вершина		Сынып оқулығы, сөздік дәптерлері
Оқулықта берілген тапсырмаларды орындау	Жазылым. 1 –тапсырма. Жеке жұмыс. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жазу: Мақтанышы, көрікті, алманың, жақын Жұптық жұмыс. 2 – тапсырма Сұрақтарға жауап береді.	Дискриптор: 2 балл - Сәйкестендір еді - Сөйлем құрайды - Мәтіндегі ақпараттарды біледі - Өз бетінше ізденіп жауап бере алады	Оқулық, жұмыс дәптерлері
	Топтық жұмыс. Оқылым Топқа бөлініп, тапсырмаларды орындайды. I топ. Ақсу Жабағылы қорығы туралы	Дискриптор: 2 балл - мәтінді түсініп оқиды – тақырыптағы	Мәтіндер қимасы Флипчарт,

	<p>қосымша ақпарат көздерінен мәлімет алып, фотоколлаж жасап, постер қорғайды.</p> <p>II топ. Тірек сандармен жұмыс жасайды. Графикалық организатор тәсілі арқылы тапсырманы орындайды.</p> <p>Жазылым .«Синквейн» әдісі.</p> <p>1 топ Қорық 2 топ Табиғат</p> <p>1 зат есім 2.</p> <p>2 сын есім 3.</p> <p>3 етістік</p> <p>4. Төрт сөзден тұратын сөйлем</p> <p>5. Синоним</p> <p>Жеке жұмыс . Айтылым .</p> <p>«Роунд Робин» тәсілі арқылы бүгінгі өтілген сабақ бойынша қорытынды сөйлем айтып шығады</p>	<p>мәліметтерді іріктейді, - тақырыптағы мәліметтерді жинақтайды.</p> <p>Дискриптор: 1 балл</p> <p>-Қорық, табиғат сөздеріне қатысты екі сын есім, үш етістік, бір сөйлем, бір синонимді келтіре отырып бес жолды өлең құрастырады</p> <p>Дискриптор: 2 балл</p> <p>- Сөйлем құрайды</p> <p>-Толық ойын жеткізеді</p>	<p>маркер, түрлі түсті бояу, желім, қайшы</p>
<p>Сабақтың соңы</p> <p>Рефлексия</p>	<p>Кері байланыс: 1 минут «Алма ағашы»</p> <p>Оқушылар сабақтан алған әсерлерін «Алма ағашына» алмаларын іледі. Қызыл алма- түсіндім, жасыл алма- толық түсінбедім, сары алма-түсінбедім</p> <p>Үй тапсырмасы: Табиғат туралы эссе жазып келу.</p>		<p>«Алма ағашы» суреті</p>

ӘОЖ 82-3 (574)

КӘДУІЛГІ САНА МИФОЛОГИЗМІНІҢ ҚАЗАҚ КӨРКЕМ ПРОЗАСЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Сұлтанғалиева Р.Б.

М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың қауымдастырылған профессоры (доцент)
Қазақстан, Орал қаласы
R.Sultangalieva@mail.ru

Кобландиева А.С.

М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың «Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 2-курс магистранты
Қазақстан, Орал қаласы
akmarzhan08@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада әдебиеттанушы ғалым Ю.Б. Боревтің жіктеуі бойынша бөлінген мифологизм түрлерінен кәдуілгі сана мифологизмі қарастырылады. Оның қазақ әдебиетінде көрініс табуы, соның ішінде қазақ көркем прозасындағы көрінісі қарастырылады. Мақаланың зерттеу объектісі ретінде О. Бөкей, Д. Рамазан, Б. Жылқыбаев туындылары алынды. Кәдуілгі сана мифологизмінің қазақ әдеби прозасындағы рөлі мен трансформациясы сараланады.

Кілт сөздер: әдеби көркем проза, мифологизм, кәдуілгі сана мифологизмі, қаһарман бейнесі, постмодернизм.

Аннотация: В статье исследуется мифологизм обыденного сознания из видов мифологизма, выделенных по классификации Ю. Б. Бореева. Рассматривается его отражение в казахской литературе, в том числе в художественных произведениях писателей XX-XXI века. Объектом исследования статьи являются произведения О. Бокея, Д. Рамазана, Б. Жылқыбаева. Анализируется роль и трансформация мифологизма в казахской литературной прозе.

Ключевые слова: литературно-художественная проза, мифологизм, мифологизм обыденного сознания, образ героя, постмодернизм, модернизм

Abstract: The article examines the mythologism of everyday consciousness from the types of mythologism identified according to the classification of Yu. B. Boreyev. It is considered its reflection in Kazakh literature, including in the works of fiction of writers of the XX-XXI century. The object of the article's research is the works of O. Bokey, D. Ramazan, B. Zhylykybayev. The role and transformation of mythologism in Kazakh literary prose is analyzed.

Keywords: mythologism of everyday consciousness, Kazakh literary and artistic prose, the image of the hero, postmodernism, modernism

Қазіргі заманғы ғылымда кәдуілгі сана терминіне нақты анықтама берілмеген. XX ғасырдың аяғында жүргізілген ғылыми зерттеулер кәдуілгі сананы иррационалды, яғни ғылымға қарама-қайшы құбылыс ретінде сипаттайды. Дегенмен де кәдуілгі сананың құрылымына жасалған терең анализ барысында оның көпқұрамды, көпқырлы екені белгілі болды. Оның құрамына табиғат, қоғам, әртүрлі объективті және субъективті қатынастарға негізделген адамдар өмірі және адамның адамгершілік, құқықтық, эстетикалық, философиялық ойлау жүйесі толығымен енетіні белгілі болды [1, 26 б.].

Ең алдымен, кәдуілгі сана мифологизмі адамды әрдайым өзгеріп отыратын өмірлік жағдаяттарға бейімдеуге арналған практикалық қажеттілікке ие болып табылады. Кәдуілгі сана мифологизмі көбінесе анализге емес, синтезге ұмтылатын синкретикалық құбылыс ретінде сипатталады. Негізінен кәдуілгі сана мифологизмі оптимистік сарынға ие. Қаһарманның кейбір қылықтарын немесе оның өмір сүру салтын әжуалай, келекелейотыра, оның артында болашаққа деген үміт пен сенімнің жасырынып жатқанын байқаймыз. Мифологиялық қаһарманның басынан өткен оқиғалар кейде тарихи шындыққа негізделе отырып, интерпретацияланады [2, 14-15 б.].

Ю.Б.Борев бойынша кәдуілгі сана мифологизмі «(басым көпшілік сөз ететін және ойлайтын әлем): қаһармандық күлкілі, одан қарапайым қуанышы, сауық-сайраны, әсемдік пайымы, махаббат рақаты бар өмір артық» [3,191 б.] деп суреттеледі. Автор тарапынан берілетін «лирикалық сатира» осы жанрда кең таралған. Белгілі бір қоғамдық құбылысты сынау, оны әжуалау мақсатында кейіпкерлерге сол характерді таңып суреттеу қазақ жазушыларына да тән құбылыс. Сондықтан біз грек заманындағы «кәдуілгі сана мифологизміне» ұқсас дүние қазақ жазба әдебиетінде де кездесетінін жоққа шығармаймыз.

Мифология элементтерін қолдана отырып, қазақ әдебиетінде мифтік құбылушылық тәсілі пайда болды. Қырғыз халқында оны жүзеге асырушы Ш.Айматов болды. Оның «Ақ кеме», «Боранды бекет» шығармаларында осы тәсіл жүзеге асты. Оның ерекшелігі – философиялық концепцияға сай, бір нәрседен екінші бір нәрсеге ауысу процесі. Қазақ прозасында бұл тәсілді алғаш қолданған жазушы Оралхан Бөкей болып табылады. Оның «Атау-кересінде» архаикалық мазмұнда бар. «Құдайдың күдіретімен омарташы араға айналды. ..бірақ бал арасына емес, малға тыныштық бермейтін көкбас сонаға айналды» [4,214б.]. Өйткені бас қаға айналу, өзгеге ауысу процесі байырғы қазақ ұғымында жазаның бір түрі ретінде қолданылды. «Атау-кере» туындысында Еріктің сонаға айналып кетуі оның жалғыздығын көрсетеді. «Не болғанын білмей, сасып қалған қыз қолындағы екі бүктелген қамшымен сескене салып қалғанда, енді ғана арманына жеткен «Ерік-сона» қанатын серпуге шамасы жетпей, тырапай асып омалап түскен... мәңгілікке» [4, 215б.] Осыдан-ақ оның шексіз трагедияға ұшырағанын бағамдауға болады. Өйткені ол модернизм ағымының бір ерекшелігі ретінде қабылданған. Мұндажазушықаһармандыреализмтұрғысынаншындыққасайқылыпсуреттейді. Повестің өн бойынан реалистік көзқарасты байқаймыз. Дегенмен шығарманың шешуіне дәл мифтік әрекет пайдаланылған. Еріктің сонаға айналуы оны мифологиялық қаһарманға айналдырып тұр. Өйткені шын өмірде бұл адамдар үшін мүмкін емес құбылыс болып табылады. Ал дәл осы құбылысты неліктен кәдуілгі сана мифологизміне жатқызамыз? Өйткені Еріктің шығармадағы “қаһармандығы”, оның оспадар қылығы түбінде өзіне зардабын тигізеді. Ерік көкбас сонаға айналады. Дәл өзі соңына түскен сонаның біріне кейіпкердің өзін айналдырып жіберу күлкілі трагедия, әжуалауға орын береді. Сондықтан да оны “кәдуілгі сана” мифологизмі деп білеміз. Романда уақыт пен кеңістік көркем түрде сипатталады. Мұнда жазушы өзі өмір сүрген ғасыр дертін көркем шындық түрінде беруге тырысады. Кейіпкердің түсімен монологтері де уақыт пен кеңістік ұғымымен астаса беріледі. Рухани жалғыздықтың күллі ғаламға, уақыт пен кеңістікке әсер етуші күш екенін керемет суреттейді. Жазушы Тағанның «Неге біз осы?..» деп басталатын монологі арқылы қоғамның рухани азғындыққа ұшырауының салдарымен бөліседі. «Неге біз осы қатігез де қасиетсіз болып кеттік?» [4,486.]. Нюра Фадеевнаның монологында да адамзаттың пайда болуы туралы философиялық астарлы ой беріледі. Еріктің оспадарлығы, аярлығы, оның тоң мойындығы, бірге өскен досын құлша жұмсап, оның абыройы түскенде қатты қуанғаны, өзіне де беймәлім бір арманының жетегінде жүріп, табиғат анығын бүлдіргені, жарынан безінгені, тіпті, өз қолымен жасалған араларды будандастыру нәтижесінде анасының көз жұмғаны, түйені түгімен жұтқан ашкөздігі оны соңында бәріне күлкілі, аянышты халге түсірді. Көккөзді азиат жігіт шығарманың шешімінде көксұр сонаға айналып кетеді. Осы арқылы шындық пен кәдуілгі сана мифологизмі қосылып, мифологиялық қаһарман жазушы тарапынан да, оқырман тарапынан да ашық әжуаға салынады. Оның араға айналып кетуі тіпті де оғаш еместей көрінеді. Өзіне сол жарасып тұрғандай. Өйткені мұндай адамның жер бетінде жер басып жүруі, барлық мақсаттарына жетуі шығарманың көркем шешімі бола алмайды. Оқырман оны

қаламайды. Жазушы да 370А370на нық түсінген секілді. Нүрке кемпірдің образынан сол заматтағы ананың бейнесі, оның ұлын сақтандыруы, бірақ сол сақтандыруының еленбей қалуы көрінеді. Ал Айна сол кездегі қазақ қыздарының сұлулығын, мінез байлығын көрсететін кейіпкер. Ол Ерікке тұрмысқа шығу арқылы өзінің жарқын болашағын құрдымға жіберді. Бірақ оны өзі кеш түсінді. Сонда да жарға деген адалдығынан танған, одан бас тартқан жоқ. Шығармадағы Таған, Айна, Ерік үш түрлі, бір-бірімен қиюласпайтын кейіпкер, үш түрлі образ. Дегенмен де осы үшеуінің өмір арнасы арқылы өрбіген повесте жақсылық пен жамандық қалай қатар көрінсе, жамандықтың түбі неге апаратыны да жақсы көрсетілген. Шығарма сонысымен де құнды болып табылады.

Мысалы Д.Рамазанның постмодернистік бағытта жазылған әңгімелері адамды әрі күлдірмей, әрі ойландырмай қоймайды. Оның әңгімелері көбінесе адам мен адамның арасындағы қарым-қатынас, қоғам, қала жастарының өмірі, дін мәселелерін көтереді. Сондай бір шығармасы «Жын» әңгімесінде ол қазақ танымындағы дию, пері, сайтан, дәу архетиптерінің қатарын толықтыратын жындар әлемі жайындағы мифологияға тоқталады.

Жазушының бұл әңгімесінде сайтан суға салынып, үйлене алмай жүрген жігіттің 370А370н арқылы молдаға тап болуы, молданың жын шығаруы суреттеледі. Жантүршігерлік бұл оқиғаны жазушы шебер жеткізеді. Жындар қауымының адаммен селбесіп өмір сүруі, өлмейтіні, әйел-ер болып жынысқа бөлінетіні, тіпті, адамға ғашық болатыны жайында айтылады. Бұл да халқымызда сонау бағзы замандардан бері келе жатқан мифологиялық желінің жалғасы болып табылады.

Болатбек шығармадағы басты қаһарман ретінде көрінгенімен, оның молдаға баруға қорқуы, жиі бастырылып қалуы, сонда да өз ішінде жын бар екенін білмеуі, молда Құран аяттарын оқығанда сілейіп, «кескен томардай» сұлқ түсіп, ұйықтап қалуы, ұйқыдан тұра сала есін білмей, ыржалаң-ыржалаң етуі қазіргі заманның босбелбеу, қызға сөз айта алмай біраз жасқа келіп, сарысуға әуес болған бір күлкілі кейіпкерін, күлкілі де болса, шынайы өмірде бар адамдардың жиынтық образын жасап тұр. Оның жанындағы 370А370н Еркіннің мінезі де қызық. «Қырықтан асқанша сүрбойдақ атанып, жадап-жүдеп жүрісің мынау!.. Жалғыздық Құдайға ғана жарасады. Барып, жолынды аштырып алсаңшы!» [5] Болатбек пен Еркіннің «қаһармандығы» күлкілі. Олар өз заманының «батырлары» ретінде әжуаланады. Шындықпен қатар кейіпкердің бойындағы күнделікті өмірде кездесетін қоғам дертінің берілуі, кейіпкерлердің сөздері мен таяз ойлары, жын шығару сәтіндегі әрекеттері – бәрі күлкілі. Сонысымен де ол «кәдуілгі сана» мифологизміне жатады.

«Барып жолынды аштырып алсаңшы» деген сөзінен-ақ әбден молдаға, баксы-балгерге барып, еті үйренгені көрініп тұр. Сонымен бірге осындай кеселді дертті, мистикалық жағдайды тым оңайлатып көрсетеді. Өткен жолы да бір досын апарған, осы жолы да Болатбекті ертіп апарды. Жай адам айтса нанғысыз әрі қорқынышты көрінетін жағдайды бір көріп, екінші 370А370н тағы да көруге үйір боп отырғаны оқырманға күлкілі көрінеді. Дегенмен қоғамда бар дерт ретінде алып қарайтын болсақ, дін келместен бұрын да, ежелгі ертегі-аңыздарда, яғни фольклорда кездесетін жын бейнесі тек бізде ғана емес, күллі халықтарда бар екенін байқаймыз. Сонымен қатар қазіргі күні де бұл тақырып өзектілігін жойған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда Д.Рамазан молданың жындарды шығаруын, олардың сөйлеу үлгісін, дауысына шейін нақышына келтіре жазған. Енді шығындар! – Молда бұйыра сөйледі. – Қалай шығамыз? –Қалай кірсеңдер, солай шығындар!

– Аузы... нан кірген... біз...

– Ендеше аузынан шығындар!

– Қалай кірген... імізді ұмы... тып қалып... пыз, қалай шығар... ымыз... ды біл... мей тұр... мыз! [5]

Бірақ ежелгі дию пері кезеңіндегі мифологиялық образымен салыстырғанда бұл образдың бойында ислам дініндегі сипаттамасына сай келетін элементтер басымырақ. Дегенмен де ауыз әдебиеті үлгілерінен бері келе жатқан мифологиялық кейіпкердің белгілері бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Қазақ танымында белгісіз дәуірлерден бері сақталып келе жатқан бір миф қазақ халқының өз арғы тегі ретінде Көк бөріні санауы туралы болып табылады. Бұл мифтің қашан, қалай пайда болғанын ешкім дәп басып айта алмайды. Бірақ Көк бөріні қазақ халқы оның өлексе емес, қомды малды жейтін талғампаздығына, өз үйірінде әлсіздерді қорғауына, жауынан кек алмай қоймайтын өткір мінезіне, қасқыр мен ұрғашысының бір-біріне өмір бойына адал боп өтетіндігіне, бірігіп, бірлесе өмір сүретініне қарап тандаған.

Ал жеті қазынаның бірі саналатын ит – он бес мың жыл бұрын қолға үйретіліп, адамның қорғаушысына, аңға шыққанда ұсақ аңды аулап, түзде серігіне айналған аң. XIX ғасырдың аяғында шығыстанушы Е.Алекторов қазақ халқының аузынан бір қызық аңызды жазып алады. «Алла Тағала адамды балшықтан жаратып жатып, итке оған қарай тұруды бұйырады. Осы кезде шайтан келіп, оларға кедергі жасамақ болады. Бірақ ит оны адамға жолатпайды. Осы кезде шайтан үстінде бір тал жані жоқ итті мұз қылып қатырып тастайды. Ал адамның үстіне үш 370А370н түкіріп кетеді. Алла Тағала осы қылығы үшін шайтанды жазалайды. Ал иттің ерлігі үшін оған қалың тері сыйға тартады. Адамның ауру-сырқауға шалдығуы сол шайтанның түкірігінен қалған екен» [6, 556.], - дейді.

Осы ит пен қасқыр туралы қазақ танымында сақталып қалған архетиптерді Б.Жылқыбаев «Көк бөрі» новелласында шебер пайдаланған. Сонымен қатар бұл шығармада ол орыс халқының түсінігіндегі қасқыр туралы танымды қазақ халқының танымымен салыстырады. Ол көк бөріні әрі «жақсы», әрі

«жаман» образда суреттейді. Орыс халқының фольклорында қасқыр туралы қалған ойлар мен сөздер тек жағымсыз мағынаны білдіреді.

«Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды. Қасқыр еркіндіксіз өмір сүре алмайды. Ал ит еркіндікте өмір сүре алмайды. Ит орманға қарап ұлымайды. Оған жақсылап тамақ беретін иесі болса болды. Жақсы аңшы аңшылық кезінде итті қалай тамақтандыруды біледі. Ал иттің жұмысы керек кезде сол иесі үшін жанкештілік таныту», - дейді автор [7, 87б.]. Орыс этносында қасқыр – архетип, ал түркілер үшін ол – тотем. Ал ит орыстар үшін – архетип, қазақтар үшін – орыс халқының тотемі.

«Ғасырлар бойы ит адамға қызмет етуді әдетке айналдырды. Ал қасқырда мұндай әдет жоқ» [7, 89б.].

Автор кеңес одағы кезінде бір-біріне мүлде ұқсамайтын, кереғар екі танымға ие халықтардың басы қосылып, осы кезде пайда болған «кұбыжықтар», «қасқыр-иттер» мен «ит-қасқырлар» туралы мысқылдай отырып жазады. Шындыққа толы болғанымен, астарында астарлы кекесін, әжуа жатыр. Кейіпкерлердің әрекеттері өздері үшін маңызды болғанымен, арада ғасырға жуық уақыт өткенде жазушы үшін де, оқырман үшін де олардың әрекеттері, қаһармандықтары тым өрескел, әжуаға толы. Сонысымен де бұл шығарманы кәдуілгі сана мифологизмімен байланыстыра аламыз.

«Қасқыр мен иттік психологияның қақтығысынан кез-келген итті жолда қалдыратын итжанды адамдар мен кез-келген қасқырдан асып түсетін, суперқасқырлар пайда болды» [7, 82б.]. «Қоғамдағы бұл гибридтер тарихта сан алуан төңкеріс жасады. Оның салдарын біз әлі де сезініп келе жатырмыз» [7, 80б.].

Шығарманың бірінші бөлімі Сталиндік репрессия кезеңінде өмір сүрген фольклоршы ғалым Ислам Елемесовтің тағдыры туралы жазылған. Осы романда Зәуре есімді кейіпкер ит пен қасқырдың арасында таңдау болса, қасқырды таңдайтынын айтады. Бірақ негізінде қасқырдың бойында бар хаостық бастау Зәуренің де характеріне сәйкес келеді. Мысалы Зәуре көріпкелдік қасиетін пайдаланып, Исламды түрмеден аман алып қалады.

Сталиндік репрессия кезеңінде кез-келген шенеунік, билікке қызмет етуші адам «гибрид» ретінде суреттеледі. Өйткені ол күндіз ит, ал түнде қасқыр секілді өмір сүреді. Кез-келген болмашы факт осы жерде отырғандардың өмірін күл-талқан етуге жетіп жатыр. Барлығы қорқау қасқырлар секілді жабылып кетсе етінді жеп, сүйегінді кеміріп тастайды. Жинай да алмай қаласың!» [7,126 б.].

Бойына әрі тарихи оқиғаларды, қоғамдық өзгерістерді жинақтаған, әрі халықтың танымындағы мифологиялық қаһармандардан сыр шертетін осындай шығармаларды зерттей отырып, көне мифтерде халықтың этникалық түп-тамыры жатқанын бағамдай аламыз. Ю. Боров мифологизмнің кез-келген түрін сипаттағанда оларға тән ерекше қасиеттерді бөліп көрсетеді. Жоғарыда біздің талдаған шығармаларымыздың үшеуі – үш түрлі жанрда, үш түрлі көзқараспен, түрлі оқиғаға негізделген, тақырыбы да, идеясы да тым бөлек бола тұра, ондағы мифологизмнің қолданылу аясы бір болып табылады. Ол Ю.Боров сипаттаған кәдуілгі сана мифологизмі деп сеніммен айта аламыз. Әрине, қазақ жазушыларының шығармалары қай жағынан алып қарасақ та, ұлттық колоритке, көркем әдеби мазмұнға бай. Сондықтан да оларды бір ғана мифологизмді ұстанып, сонымен ғана жазды деуден аулақпыз. Релистік пен романтикалық мифологизм, реалистік пен кәдуілгі сана мифологизмі, кейде үшеуі де бірлесе келетін шығармалар бар. Десе де осылардың қайсысы сюжеттік желі бойынша басым түссе, 371 А 371 на зерттеу нысанасы ретінде алып, пайымдап шықтық. Қазақ жазушылары қай кезеңде болмасын, архаикалық немесе модернистік, постмодернистік бағытта жаза отырып та кәдуілгі сана мифологизмін заман ағымына сай көркем шығарманың бойына шебер кірістірген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пукшанский Б. Обыденное знание. Опыт философского осмысления. Л.: Издательство Ленинградского университета, 1987. – с 154.
2. Репина Р. Новые исследовательские стратегии в российской и мировой историографии: препринт WP6/2008/06. — М.: Изд. Дом ГУ ВШЭ, 2008. – с 32.
3. Боров Ю. Эстетика. Оқулық. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020.– 408 бет.
4. Оралхан Бөкей шығармалары. 2-том. Алматы. «Ел-шежіре», 2013.
5. Рамазан Д. «Жын» [Электронды ресурсы]: //https://adebiportal.kz/kz/news/view/3034
6. Алекторов А. Человек и собака (из киргизских легенд) // Астраханский вестник. – 1994. – № 1383. – 371А. 51-74.
7. Джилкибаев Б. Казахский эротический роман. – Алматы, Искандер, 2009. – с 440.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БҰЛАҚТАРЫН ТӨЛҚҰЖАТТАУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Жәрдембай Н.С.
магистрант

«География педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасы,
М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

Аннотация. В настоящее время проблема низкого качества воды в домах нашего города, особенно в районах старой застройки, в том числе в районе расположения нашей школы и где я живу, очень актуальна. Это вынуждает многих жителей использовать воду из близлежащих источников. Предметом моего исследования являются родники Мангистауской области, из которых люди приносят воду для питья и приготовления пищи.

С давних времен люди находили места, где под землей текла пресная вода. Кроме того, со временем те, кто его пил, заметили, что он обладает целебными свойствами. После таких открытий эти источники стали окружать для защиты воды от загрязнения и стали называть родниками. Многие родники являются историко-культурным наследием нашего народа и играют важную роль в воспитании подрастающего поколения. В связи с повсеместным развитием централизованного водоснабжения уход за родниками сейчас совершенно забыт, многие прекрасные родники заброшены и нуждаются не только в озеленении, но и в спасении.

Естественный отток родниковых подземных вод. Чудо из чудес зовется родниковой водой. Оно прохладное, ясное, живительное, в основном целебное. Человек издавна укоренился возле родников и строил вблизи родников села и города. Жизнь без воды невозможна. Считается, что родниковая вода очень чистая и ее всегда можно пить.

Ключевые слова: Воды, район, родники Мангистауской области, историко-культурным, родниковой водой.

Abstract. Currently, the problem of low water quality in the houses of our city, especially in areas of old buildings, including the area where our school is located and where I live, is very relevant. This forces many residents to use water from nearby sources. The subject of my research is the springs of the Mangistau region, from which people bring water for drinking and cooking.

Since ancient times, people have found places where fresh water flowed underground. In addition, over time, those who drank it noticed that it had healing properties. After such discoveries, these sources began to be surrounded to protect water from pollution and began to be called springs. Many springs are the historical and cultural heritage of our people and play an important role in the upbringing of the younger generation. In connection with the widespread development of centralized water supply, the care of springs is now completely forgotten, many beautiful springs are abandoned and need not only landscaping, but also salvation.

Natural outflow of spring groundwater. The miracle of miracles is called spring water. It is cool, clear, invigorating, mostly healing. From time immemorial, man has taken root near springs and built villages and cities near springs. Life without water is impossible. It is believed that spring water is very clean and you can always drink it.

Key words: Water, district, relatives of the Mangistau region, historical and cultural, native water


Қазіргі уақытта біздің қаламыздың үйлеріндегі, әсіресе біздің мектептің орналасқан жерімен менің тұратын жерім кіретін ескі құрылыс аудандарындағы су сапасының төмендігі проблемасы өте өзекті болып табылады. Бұл көптеген тұрғындарды жақын маңдағы бұлақтардан әкелінген суды пайдалануға мәжбүр етеді. Менің зерттеуімнің тақырыбы–Маңғыстау облысында орналасқан бұлақтар, олардан тұрғындар ішуге және тамақ дайындауға су әкеледі.

Адамдар ежелден жер астынан таза су атқылаған жерлерді тапты. Сонымен қатар, уақыт өте келе оны ішкендер оның емдік қасиеттері бар екенін байқады. Осындай ашылулардан кейін олар суды ластанудан қорғау үшін осы көздерді қоршай бастады және бұлақтар деп атады.

Жұмыстың мақсаты – Маңғыстау облысының бұлақтарын зерттеу, химиялық және органикалық зерттеулер жүргізу, төлқұжаттарын жасау.

Бұлақ–бұл жерден шыққан кішкентай су ағыны. Бұлақтардың үлкен практикалық маңызы бар. Олар ұзақ уақыт бойы жергілікті ауыз су көзі ретінде қызмет етті, ол көптеген жағдайларда жоғары дәммен емдік қасиеттерге ие. Олардың тамақтануы терең сулы қабаттардың (10-20 м-ден астам) есебінен жүзеге асырылады, онда ластаушы заттар іс жүзінде жер бетінен енбейді, дегенмен жер бетіндегі маңызды көздер судың сапасына әсер етуі мүмкін ерекшеліктер бар. Бұлақтар суының гидрохимиялық ерекшеліктеріне сәйкес, осы аймақтағы жерасты суларының жай-күйін бағалауға болады.

Бұлақтар табиғаттың стратегиялық нысандары болып табылады. Төтенше жағдай туындаған кезде олар халық үшін ауызсудың жалғыз көзі ретінде әрекет етуім үмкін.



Сурет – 1. Маңғыстау облысының бұлақтар картасы

Судың тұтынушылық қасиеттері оның органолептикалық көрсеткіштері мен тікелей анықталады. Органолептикалық қасиеттерді зерттеу судың сапасын бақылаудың алғашқы кезеңі болып табылады, оны жіберіп алмау керек. Сонымен қатар, олардың кейбірін (иісі мен дәмі) өлшеуге болмайды, олар сараптамалық бағалауға ұшырайды.

Судың органолептикалық көрсеткіштерін зерттеу зерттелетін су көздеріне тән емес құбылыстарды атап өтуге мүмкіндік береді. Судың органолептикасы ерте кезеңдер де сыртқы ластанудың болуын анықтауға мүмкіндік береді: өлі балық пен балдырлар, судағы тұнба мөлшері, майқабықшалары.

Бұлақ суының сапасын бағалау үшін сыртқы түрі, қаттылығы, температурасы, мөлдірлігі, иісі, дәмі, сондай-ақ химиялық құрамы бойынша ластану көрсеткіштері пайдаланылады.

Судың кермектігі суда кальций мен магний тұздарының, күкіртқышқылы тұздарының болуымен анықталады. Жалпы қаттылықты (374А374на374ты374) жоюға болатын және тұрақты деп ажыратыңыз. Жалпы қаттылық судағы кальций мен магний тұздарының барлық мөлшеріне байланысты. Ол қайнаған судан кейін жоғалады. Тұрақты-бұл суды қайнатқаннан кейін сақталатын қаттылық. Бұл сульфат, хлор және басқа кальций мен магний тұздарының болуына байланысты, олар қайнаған кезде ыдырап, ерімейтін көмірқышқыл тұздарына (карбонаттарға) айналады.

Судың ермектігі бір литр суға миллиграмм баламасымен өлшенеді. Бір миллиграмм-қаттылық баламасы бір литр суға 28мг СаО немесе 20,16мг MgO құрамына сәйкес келеді. Судың кермектігі неміс дәрежесінде де көрінеді. Қаттылық дәрежесі бір литр судағы 10мг СаО мазмұнына сәйкес келеді. Бұл жағдайда 1мг қаттылық баламасы 2,8° неміс. Неміс қаттылық дәрежесін мг-ға ауыстыру үшін-қаттылық эквиваленті олардың мәнін 0,26 коэффициентіне көбейту керек.

Қаттылығы 3,5 мг дейін су. Экв./ литр (10 неміс) жұмсақ деп аталады; 3,5 -7,0 мг.экв./ л (10 – нан 18-ге дейін) –орташа қатты; 7,0 мг.экв.-дан жоғары./ л (18 –374А374на374ты374) – қатты. ГОСТ сәйкес ауызсудың жалпы қаттылығы 7,0 мг болуы керек.экв./ л., бірақ 10,0 мг. Эквартық емес./л.

Судың температурасы индикатор емес, бірақ биологиялық процестердің қарқындылығы, көктемнің өзін-өзі тазарту тәуелді болатын биологиялық және физикалық фактор ретінде маңызды.

Судың мөлдірлігімен бұлдырлығы оның көрінетін жарық беру қабілетімен анықталады. Судың мөлдірлігі органикалық және минералды шыққан бөлшектердің болуына байланысты. Органикалық заттардың едәуір мөлшері бар су бұлтты болады (ластану бір литр суға тоқтатылған бөлшектердің мг-мен өлшенеді), бұлтты су нашар дезинфекцияланады, микроорганизмдердің, соның ішінде қоздырғыштардың дамуына жағдай жасалады. Бұлдырлық ондағы еритін тұздардың мөлшеріне де байланысты. Ауызсудың рұқсат етілген мөлдірлігі кемінде 30 см.

Судың түсі минералды және органикалық қоспалардың болуына байланысты. Бұл суда гуминді заттардың, топырақтан жуылып, суға сарыдан қоңырға дейін түс беретін қарашіріктің болуына әкеледі. Темір оксиді суды сары-қоңыр және қоңыр түске, сазды қоспаларды сарғыш түске бояйды. Ашық су қоймасының жасыл түсі балдырлардың көбеюіне (гүлденуіне) әкеледі.

Судың иісі организмдерге (тірі және өліп жатқан), топыраққа, айналадағы өсімдіктерге және түбіне байланысты. Өсімдік тектес органикалық заттармен олардың ыдырау өнімдері болған кезде жер, Жібек, шөпті немесе батпақты иіс болады. Балдырлар бар және көбейетін су көбінесе балық немесе қияр иісіне ие. Тұндырғыш иіс Органикалық заттардың көбеюіне байланысты. Күкірт сутектің иісін су құрамында күкірт бар органикалық заттардың ыдырауы нәтижесінде немесе шірік органикалық заттар болған кезде су сульфаттарының сульфидтерге азаюы нәтижесінде алады.

Әр бұлақ – бұл жерасты суларының күндізгі бетке шығуы ғана емес, сонымен қатар судың интеграцияланатын жәнесараланатын қасиеттеріне байланысты күрделі ландшафт. Бұлақтардың ландшафтқа негізгі әсері гидроморфты кешендердің – бұлақ трактаттарының қалыптасуында көрінеді, мұнда олардың дамуының жетекші факторлары тұрақты көктемгі ылғалдың болуы және аумақтың геоморфологиялық ерекшеліктері болып табылады.

Төменде Маңғыстау облысы шегіндегі зерттелген бұлақтардың сипаттамасы келтірілген (кесте.1).

Кесте – 1. Маңғыстау облысының бұлақтарының сипаттамалары

№	Объектінің атауы	Күні	Дебит, с/л	O ₂ құрамы	Каптаж	t-р а, °C	pH	Координаталары	Биіктігі (м)	Орналасқан жері
1	Хамза-баба	13.07.17	15	07,38	жоқ	16	7,37	N 44°27'38.1" E 050°35'21.3"	118	<u>Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласынан 28 км</u>
2	Қаракөз айым	13.07.17	5	07,38	бар	13	7,40	N 44°27'37.4" E 050°35'41.5"	126	<u>Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласынан 30 км</u>
3	<u>Жұмабек бұлақ</u>	14.07.17	10	00,76	жоқ	14	7,00	N 44°14'18.7" E 051°42'50.8"	187	<u>Маңғыстау ауданы, ЖЫҢҒЫЛДЫ кентінен 2 км.</u>
4	<u>Самал</u>	14.07.17	3	08,08	-	12	7,00	N 44°12'48.8" E 051°59'30.2"	278	<u>Маңғыстау ауданы, Шетпе кентінен 19 км.</u>

Зерттеу нәтижелері №2 кестелерде келтірілген. Кесте нәтижелерінен көрініп тұрғандай, бұлақтардың су құрамы қажетті көрсеткіштерге сәйкес келеді, бұл елді мекендердің, жолдар мен қоқыс полигондарының қашықтығына байланысты.

Кесте– 2. Зерттеу нәтижелері

№	Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	Гигиеналық норматив	Зерттеу нәтижелері			
				Хамзабаба	Қаракөз айым	Жұмабек	Самал
1	20 ⁰ С-тағы су иісі	балл	2,0	<u>Отс.</u>	<u>Отс.</u>	<u>Отс.</u>	<u>Отс.</u>
2	Сутектік көрсеткіш	<u>pH</u>	6,0-9,0	6,37	6,5	7,07	7,52
3	Дәмі	балл	5,0	2	1,0	1	1,0
4	Құрғақ қалдық	мг/дм ³	1000	0,15	0,16	0,10	0,16
5	Хлоридтер	мг/дм ³	350	50,0	50,0	50,0	50
6	Жалпы қаттылық	моль/м ³	12	0,9	2,2	2,1	2,2
7	Перманганатты тотығу	<u>Мг/л</u>	5	3,6	3,2	2,1	1,5
8	Иодидтер	<u>Мг/л</u>	Не норм.	9,5	6,3	6,3	3,15
9	Күміс	мг/дм ³	0,05	0	0,00005	0	0

БҰЛАҚТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ:

км

1. Нысанның атауы – Хамза баба
2. Орналасқан жері-Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласынан 28 км
3. Географиялық координаталары - 44°27'38.1"с.ш., 050°35'21.3" в.д.
4. Абсолютті биіктігі –118 м.
5. Бұлақ шатқалының алаңы – 0,2 км²
6. Су өткізетін жыныстар – карбонаты жарықшақты.
7. Гидравликалық түрі – төменгі
8. Дебит- 0,06 л/сек.
9. Практикалық қолдану – іс жүзінде қолданылмайды
10. Органолептикалық сипаттамасы – тұщы



6 Химиялық құрамы- су 377А377на377ты-хлоридті натрийлі-кальцийлі

Нысанның атауы	Cl ⁻	SO ₄ ²⁻	HCO ₃ ⁻	CO ₃ ²⁻	Na ⁺	Ca ²⁺	Mg ²⁺
МГ/л	317	518	158,6	72	12,8	122	69,6
МГ-ЭКВ./л	8,9	10,8	2,6	2,4	0,5	6,1	5,8
МГ/ЭКВ.%	36	43,7	10,5	9,7	51,8	24,7	23,5

12. Қоршаған ландшафт – Бұлақ Шевченко фортының жанында, Ақтау қаласынан 100 км қашықтықта, Маңғастау "Қаракөзай»м" тарихи-мәдени қорығының аумағында, баурайдың етегінде орналасқан. Каптаж жоқ.

13. Ұсыныстар – Бұлақты бірегей гидрогеологиялық объект ретінде сақтау қажет.

Бұлақты зерттеу, оны зерттеу, паспорттау, қорғау бойынша практикалық жұмыстар – біздің қоғамның жинақталған экологиялық проблемаларын реттеудің қажетті шарты. Бұлақтар туралы тарихи мәліметтермен танысу–адам оларды қалай игеріп, өзара әрекеттескен, сіз су қоймаларына байланысты экологиялық жағдайды жақсарту бойынша практикалық іс-әрекеттерден тәжірибе аласыз.

Бүгінгі таңда су ресурстарының проблемасы қоршаған ортаны қорғаудың маңызды мәселелерінің бірі болып табылады, өйткені су тек халықтың денсаулығы ғана емес, сонымен қатар жануарлар мен өсімдіктер әлемінің өмірі болып табылады. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын сипаттайтын маңызды факторлардың бірі халықты сапалы ауызсеумен қамтамасыз ету болып табылады.

Бұлақтарды паспорттаудың мақсаты белгілі бір аумақта жерасты суларының табиғи шығуларының картотекасын жасау болып табылады. Егер сертификаттау жұмыстары адал жүргізілсе, онда сіз қоршаған ортаны қорғау органдарына, туристер мен жергілікті тұрғындарға апайдалы болуы мүмкін туған өлкеңіздің бұлақтары туралы құнды ақпарат аласыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Буйволов Ю. А. Табиғи сулардың сапасын зерттеудің физика-химиялық әдістері. Әдістемелік құрал. М.: Экожүйе, 2000.
2. Ауыз су. Талдау әдістері. Анықтамалығы. М.: 1998.
3. Воскресенская О. Л. Экология бойынша Бақылау-өлшеу материалдары: олимпиадалар мен конференциялар / О. Л. Воскресенская және т.б. – Волгоград: мұғалім, 2008.
4. ГОСТ Р52232-98. Ауыз су.
5. КСРО гидрогеологиясы. Т. XXXV: Батыс Қазақстан. М.: Жер Қойнауы, 1971. 522 с. МЕМСТ 23268.4-78. Минералды ауыз су емдік, емдік-асханалық және табиғи асханалар. Сульфат иондарын анықтау әдісі.
6. ГОСТ 31861-2012. Су. Сынамаларды іріктеуге қойылатын жалпы талаптар.
7. МЕМСТ 33045-2014. Ауыз су. Құрамында азот бар заттарды анықтау әдістері.
8. МЕМСТ 4245-72. Ауыз су. Хлоридтердің құрамын анықтау әдісі. Дарбаева Т.Е., Чукалина О.Н. Батыс Қазақстан облысының өсімдіктер каталогы. Орал: ЖК Сейтжанова ж. д., 2011. 288 б.

БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ ҒАЛАМТОР ДЕРЕКТЕРІН СҰРЫШТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Л.М.Маденова

М.Өтемісов атындағы БҚУ

аға оқытушы, педагогика және психология магистрі

(Орал қаласы, Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада қазіргі жаңғыру жағдайындағы білім берудегі өзгерістер, киберсауаттылықтың маңызы қарастырылады. Білім беру жүйесіндегі түбегейлі жаңғыру мүмкіндігін ауқымды мәселелер негізінде шешуді көздейді.

Тірек сөздер: кибер, цифрлық, процесс, қорқыныш, инновация, медиа .

Annotation: The article describes changes in education in the context of modernization, the importance of cybersecurity. It is aimed at solving the possibility of radical modernization of the education system on the basis of a wide range of issues.

Keywords: cyber, digital, process, fear, innovation, media.

Жаһанды жақсартудағы зерттеулер білім берудің дәстүрлі технологиясын қолдану, қажетті ақпаратты жинақтауға мүмкіндік береді. Оқыту процесінде сабақты ұйымдастыру кезінде нені жақсарту аламын, нені толықтыру қажет деген сұрақ әр педагогты толғандырады. Қазіргі мультимедиялық технологияларды кеңінен қолдану кең тарап келе жатырған заманда студенттердің түрлі саладағы білімдерін толықтыру басты назарда. Сондықтан ақпаратты сұрыптаудың жаңа тәсілдері мен ақпараттық технологияларды меңгеру нарық талабы болып отыр. Оқыту процесінде компьютерлік технологияларды пайдалану арнайы білімді қажет етеді.

Мультимедиялық технологияларды пайдаланудағы жетістіктер

Объективті күрделі материалдарды оқыту. Оқу материалын бөлшектеп ұсыну. Студенттер мен оқушылардың оқу материалына қызығушылығы артады. *Түсінік-ұғымдардың абстрактылығы, жалпылау, салыстыру, орнықтыру қажеттілігі.* Нақты ұғым қалыптастыру, салыстыру, жалпылау кезіндегі иллюстрациялау. Нақтыдан абстракцияға, жекеден жалпыға ауысу жеңілдігі. *Эксперимент жасаудың күрделілігі.* Зертханалық дәрісханаларда өткізуге мүмкін емес тәжірибелерді демонстрациялау. Зертханалардағы құрал-жабдықтардың жеткіліксіздік мәселесін біршама шешу. *Құбылыс, процестер механизмін динамикада көрсету.* Құбылыстар мен процестердің табиғатын ашып көрсету. Тез немесе жай өтетін процестерді оқыту. Бейнепроекциялық құрылғылар көмегімен табиғаттағы процестердің жүруін бақылау. Құбылыстар мени процестерді оқыту кезінде уақытты үнемдеу [1,8].

Бұл аталғандардың барлығы оқыту процесінде материалды жеңіл меңгертуге көмегін тигізеді.

Білім беру саласында өзгерістер көптеп кездесіп отыр. Соңғы кезде педагогика және психология ғылымдарында қарастырылып отырған проблемаға байланысты жаңа терминдер жиі қолданылып жүр. Олар виртуалдық педагогика, коммуникациялық педагогика, интербелсенді педагогика, цифрлық педагогика, интернет-педагогика. Сонымен қатар қазіргі білімдік бірлестікте киберпедагогика деген термин, ұғымды жиі кездестіреміз. Сол терминдер арасындағы ұқсастық пен айырмашылығы қандай, неліктен солай аталынады, мүмкін бұлар синоним бе деген сұрақтар да орын алып жатады. Ғылым кеңістігінде осы проблемаға байланысты әр түрлі пікірталасты байқауға болады [2,328].

Болашақта педагогикалық пәндер циклі бойынша «Киберпедагогика» курсы негізінде жалпы білім беретін мектептегі пәндік және метапәндік деңгейлердің жаңартылған білімінің мақсаттары мен міндеттері, базалық мәдениеттанулық және технологиялық ақпараттық цифрлық білім беруді меңгеру, білім беру практикасын жақсарту бойынша инновациялық тәсілдерді іске асыру қабілеттерін дамыту, оқушылардың орталықтандырылған оқытуды іске асыру тәсілдерін білу, инновациялық білім беру процестерін басқару білігін дамыту, педагогтің когнитивті қызметінде рефлексивті қатынастар жүйесінде дағдыларды пысықтау, медиапедагогика саласындағы білімдер қарастырылады.

Бұл болашақ педагогикалық білімі бар студенттерде білім беру жүйесінің жұмыс істеуінің инновациялық – педагогикалық қызметтің құзыреттерін қалыптастыру. Бұндағы қалыптастырылатын базалық құзыреттерге келсек, білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру контекстінде инновациялық-педагогикалық қызметті жүзеге асыру қабілеті, қазіргі жалпы білім беретін мектепте оқытуға және тәрбиелеуге жаңа тәсілдерді меңгеруді талап етеді.

Өзгермелі қоғамдағы күннен-күнге сананы жаулап отырған ақпараттар қарқыны, білім беру жүйесінде болашақ мамандар үшін педагогикалық тұрғыдан кәсіби біліктіліктен бөлек, интернет технологияларды меңгеріп, IT технологиясын еркін қолдану дағдысын игеруді қажет етуде. Күнделікті тыңдайтын жаңалықтар, ал оны ұсынудың кең таралған түрі – тікелей ақпарат тарату. Радиоға әдетте мұндай типтегі жаңалықтар бес минуттық немесе бір минуттық сюжеттерде, ал телевизияда көбінесе жарты сағаттық бағдарламада және интернетте алуан хронометраждағы сюжеттерде ұсынылады.

Жаңалықтар, негізінен, объективті әрі әділ және саяси, әлеуметтік, діни, экономикалық, сондай-ақ өзге де көзқарастан бойын аулақ ұстау қажет болса да, олар қоғамдық пікір қалыптастырғысы келетін арна немесе станция иесі, репортер, жарнама беруші, ішкі қысым топтары және өзге де дереккөздердің талап-тілектерін көрсетеді.

Жалпы жаңалықтарды тарататын бағдарламалармен қатар, халықаралық арена, қаржылық хабарлама, бау-бақша жағалықтары, тұтынушылар мәселелері, білім беру және кампусқа қатысты ақпарат және осыған ұқсас салалар секілді арнайы тақырыптарға бағытталған тікелей жағалықтар тарататын шоулар бар. Жаңалықты ұсыну тәсілдері әр маманданған категория шеңберінде түрленуі мүмкін. Мысалы, мұнда мемлекеттік қызметтің аспектілеріне немесе тарқатылатын тақырыптың адами қызығушылыққа қатысты элементтеріне баса назар аударылуы мүмкін. [3,192].

Сол себепті қазір әр үйде теледидардың, соның ішінде компьютерлердің қолжетімді болуы үйреншікті жағдайға айналды, әр бала оларға қосылып қол жеткізе алады. Оны жаппай пайдалану әсіресе әлемде төтенше жағдай жарияланған кезде, мектептегі білім беру онлайн форматына көшуі барлық балаларды белсенді компьютермен пайдалануды міндеттеген болатын. Олардың үйдегі, мектептегі және көптеген басқа да жағдайларда күнделікті гаджеттер сенімді серігіне айналды. Тәжірибемізден көріп отырғандай, компьютерлер бірнеше маңызды салаларға, оқыту процесіне де айтарлықтай әсер етеді. Білім беру саласында түрлі сілтемелі ойын-сабақтарын қолданған кезде, әлеуметтік қатынастар және денсаулық. Компьютерлер адам өмірінің барлық салаларына пайданы да, сонымен бірге зиянды да әкелуі мүмкін. Бақылаусыз компьютерді ұзақ пайдалану балаларға физикалық, әлеуметтік және психологиялық зиян келтіруі мүмкін. Сондай-ақ қоғамның күрделі проблемасына айналып отырған, әлеуметтік желі арқылы жастардың психологиялық күйзеліске ұшырау себебінің бірі буллингтің белең алуы.

Буллинг – ағылшын тілінен аударғанда «қорқыту», «қорлау» дегенді білдіреді — агрессорлар тобының жәбірленушіге үнемі психологиялық және кейде физикалық әсерін айтады. Кибербуллинг-бұл интернет-технологиялардың көмегімен жүзеге асырылатын қудалау түрі. Қорқытудың көптеген жіктелімдері бар екені мәлім, бірақ тұтастай алғанда олар тікелей және жанама түрде ерекшеленеді. Бірінші жағдайда көбіне балалар бір-бірімен жұдырықтасып төбелесіп, заттарды бүлдірсе, кейін ақшаны тартып алу, өзгені сөзбен қорлау түрі кездеседі. Екінші жағдайға кіретіндер ол қарсылық көрсету, өсек айту, ырқына көндіру, өз дегеніне ықпал жасау, жала жабу, кінәні аудару, лақап аттар қою жатады. Көп жағдайда жанама қудалауды уақытында анықтау және басқаларға дәлелдеу қиынырақ. Киберқауіпсіздік – деректердің құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік шараларын пайдалану процесін айтады. Сақтану шаралары ретінде арнайы киберқауіпсіздік ережелерін құрған абзал. Ал бұл туралы мұғалімдер білуі тиіс. Жұмыс орнында, әсіресе үйдегі компьютердің операциялық жүйесін үнемі жаңартып отыру, тек арнайы лицензиялық бағдарламаларды пайдаланып, антивирустық бағдарламаны қолдану қажет. Бұл өз кезегінде маңызды файлдардың сақтық көшірмесін жасауда, қауіптің алдын алуға көмегін тигізеді. Мазмұнды интернетке жүктеу және жүктеу кезінде абай болған дұрыс. Құпия сөздерді мезгіл-мезгіл өзгерту қажет. Интернетті басқа біреудің құрылғысында пайдалану кезінде есептік жазбаңыздан шығуды ұмытпаған жөн. Сонымен қатар интернетті басқа біреудің құрылғысында пайдалану кезінде де есептік жазбаңыздан шығуды естен шығармаған пайдалы. Осы ережелердің барлығын мектептерде, өзгеде оқу орындарының педагогтері түсіндіру маңызды болып табылады. Жеке ақпаратты ұсынудың ықтимал қауіпті салдарын әр ата-ана балалармен талқылау керек. Бала ешқашан ешкімге құпия сөздерді айтпау керек! Балалар кез-келген ақпаратты немесе олардың фотосуреттерін (сонымен қатар басқа адамдардың суреттерін) жарияламас бұрын, әлемдегі кез-келген адам бұл ақпаратқа қол жеткізе алатындығын есте ұстағаны абзал. Дегенмен интернеттің қозғаушы күші

өте қуатты. Бұл технологияның қарқынын өзгерту үшін ештеңе істей алмайтынын кейбіреулер қазірден-ақ айтып жатыр. Өз еркімізбен келіссек те, тіпті келісімімізді алмай-ақ, біздің цифрлық мәліметтерімізге қол жеткізгісі келетін және оны жинауға қаражаты да жеткілікті компаниялар мен үкіметтік ұйымдардан жеке өмірімізді қолсұғушылықтан құтқару енді тым кеш болып қалған шығар. Біздің онлайн-әрекеттеріміз өзіміздің құпиялығымызға жиі қауіп төндіреді. 1967 жылы тарихшы –экономист Роберт Л.Хайльбронер технологиялық детерминизм мәселесін қайта қарастырды. «Бұл техникалық өзгерістердің тұсауы шешілген, бірақ бақылау және технологияны басқару органдары әлі де мешеу күйінде қала берген кейбір тарихи дәуірдің мәселесі екені сөзсіз...»- деп жазды ол. Қазір біз қолымыздағы техниканың өзімізге қалай әсер ететінін, өзіміздің де оған қалай әсер ете алатынымызды білуге тиіс дәуірдің бірінде өмір кешіп жатырмыз[4,32].

Әрбір жасөспірім ата-аналармен интернетте алынған теріс тәжірибе туралы сөйлесе алатындығын білуі керек. Кибербуллинг- интернет, ұялы телефон не басқа технологияларды пайдалану арқылы баланың қыр соғына түсу, қорқыту, ұялту дегенді білдіреді. Дәрекі, қатыгез сипаттағы мәгіндік хабарламалар жіберу түрі. Жәбірленушіні онлайн режимінде мазақ ету не болмаса жеке басына тән ақпаратты, фотоны немесе бейнежазбаны орналастыру. Баланың қыр соғына түсу оны мазақ ету мақсатында жалған тіркеу жазбасын, веб- парақшаны не онлайн режимінде бейне жасау сияқты әрекет түрлерін қамтиды. Бұл қорқыту, қорлау, физикалық немесе психологиялық террор, интернет пен ұялы телефонның, гаджеттер көмегімен виртуалды ортада жүзеге асырылады және басқада қорқыныш тудыруға және сол арқылы оны өзіне бағындыруға бағытталған әрекет. Сол себепті сабақта интернет көзін пайдалану алдында, балаларға интернетте сөйлескен кезде олар басқа пайдаланушылармен мәдениетті қарым-қатынаста болуы керек екенін түсіндіру жұмыстарының маңызы зор. Балаларды басқа пайдаланушылардың ренішті сөздеріне немесе әрекеттеріне дұрыс жауап беруге үйрету ата-ананың, мұғалімдердің міндеті. Осы тұста сол негізгі қауіптің алдын алу жолдарын түсіндіру, сақтану, ескерту жұмыстарының алғашқылары болса, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінде туындайтын тағы бір қауіп түрі бұл грумингтың салдарынан пайда болатын қиындықтар. Груминг-жеке кездесу, онымен жыныстық қатынасқа түсу, бопсалау және қанау мақсатында баламен достық қарым-қатынас орнату. Бұл күрделі мәселеде баланы дер кезінде қолдап, оның сенімді адамы отбасының шын жанашырлары екенін естен шығармау керектігін үнемі ата-ана балаға ескеріп отыру қажет. Бастапқы негізгі назар аударуды жүзеге асыра отырып ұстану керек жалпы ұсыныстарды атап айтар болсам, бұл біріншіден, компьютерді бүкіл отбасы үшін ортақ бөлмеге орнатыңыз әрі интернет көзін, ондағы ақпараттарды күнделікті талдап отырған дұрыс. Баламен қатар ата-аналардың да компьютерді пайдалану туралы көбірек білгені жөн. Әр отбасында отбасы мүшелері нитернетті баламен бірлесе ортақ бірге пайдалану қажет. Интернетті пайдалану әдісі мен уақыты туралы ата-аналардың балаларымен сөйлесіп, әңгімелесу арқылы мәселенің түйінін шешіп алғаны жөн. Ата-аналар үшін балаларымен міндетті түрде сенімді қарым-қатынас орнатқандары дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алдашев С.Е. Заманауи мультимедиялық технологиялар негіздері. Алматы, 2020 ж.
2. Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқытудизайны. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2019 ж.
3. Роберт Хиллиаард. Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу. Нұр-Сұлтан, 2020 ж.
4. Патрисия Уоллейс. Интернет психологиясы. Астана,2019ж.
5. З.О'Лири. Зерттеу жобасын жүргізу. Нұр-Сұлтан, 2020 ж.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Нәбиева Жанаргүл

Ерболат Балмира

П.ғ.м.,оқытушы

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

e-mail: nabi.zhanar@inbox.ru

balmirae@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада А.Байтұрсыновтың бүкіл сапалы өмірі мен ғылыми жаңалықтарға толы мұралары баяндалынған. А.Байтұрсыновтың сарқылмас шығармашылығындағы қазақ әдебиеттану жүйесі қарастырылған. А.Байтұрсыновтың педагогикалық мұраларынан қайталанбас дара тұлға екендігі сипатталынған.

Аннотация: В данной статье описывается весь жизненный путь автора А. Байтурсинова и его наследие, полное научных открытий, рассматривается система казахского литературоведения в

неисчерпаемом творчестве А. Байтұрсынова. Педагогическое наследие А. Байтұрсынова характеризуется его уникальной личностью.

Annotation: This article describes the entire life path of the author A. Baitursynov and his legacy, full of scientific discoveries, examines the system of Kazakh literary criticism in the inexhaustible work of A. Baitursynov. The pedagogical legacy of A. Baitursynov is characterized by his unique personality.

Кілт сөздер: сөз өнері, тәрбие, ана тілі, тіл құралы, әріп

Ключевые слова: искусство слова, воспитание, родной язык, языковое средство, буква.

Key words: art of the word, education, native language, language means, letter.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ бабаларының ана тілінде сауат ашуына арналған алғашқы әліпшелер мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы, қазақша сауат аштыру мен қазақ тілін пән ретінде оқыту әдістерін баяндайтын құралдардың иесі.

Ахмет Байтұрсынов бүкіл саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білді. «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш», т.б. оқу құралдарын жазып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеу ісімен айналысты. Қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитін жетілдіру, терминдер туралы ғылыми өресі биік еңбектер жазды. Оның 1926 жылы Баку қаласында өткен түркологтардың Бүкілодақтық I съезіне қатысып, араб, түркі тілдері мен сол тілдерде қолданылатын әліпбилер туралы баяндама жасауы, бірнеше комиссияның жұмысын басқаруы, Қазақстан Оқу-ағарту халық комиссариатындағы, баспа ісін басқарудағы жұмыстары оның қоғамдық, мәдени-ағартушылық, ғалымдық қызметінің алуан арналы қомақтылығын танытады [1,102].

А.Байтұрсынов өзінің ұстазы ұлы Абай салған жолмен орыс әдебиетінің мысалшыл классигі И.А.Крыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петерборда бастырып шығарып, оқулық ретінде ұсынды.

Ахмет Крылов мысалдарын аударуда да белгілі ағартушылық мақсат көздеді. Ол қазақ халқының әлеуметтік өміріне, тұрмыс-тіршілігіне сай келетін, надандығын, жалқаулығын, алтыбақан алауыздығын әшкерелейтін мысалдарды таңдап, талғап аударды.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың шығармалар жинағына «Маса», «Қырық мысал» кітаптарында жарықкөрген өлеңдері мен аудармалары және «Әдебиет танытқыш» деп аталатын зерттеу еңбегі топтастырылған [2,62].

Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды.

Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығармашылық психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумак, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді [3,24].

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің оқулығын жазуы – қазақ тілінде қазақша жазылған оқулықтың алғашқы бастамасы болды. Автор 1912 жылы мектеп балаларына арнап қазақша сауаттандыратын – әліпшені «Оқу құралын» жазғаннан кейін, мектепте қазақ тілін пән ретінде оқытатын оқу құралын жазуға кіріседі. «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу – ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды. Жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сөйлегенде сөздің қисыны келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жаза білуге, қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып жалғасатын жүйесін білу керек», - деп жазады ұлы ғалым.

1926 жылы Ахмет Байтұрсынұлы «Жаңа Әліп-би» еңбегін жазады. Бұл Мемлекеттік білім кеңесінің ұсынған бағдарламасына сәйкестендіріліп, суреттермен безендіріліп, толықтырылып шығарылады.

Ахмет Байтұрсынұлы көрнекті ғалым ретінде ғана емес, әдіскер ретінде де көп еңбек еткен. Алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарын жазумен қатар, осы оқу құралдарын тәжірибе жүзінде қалай пайдалану қажеттігі жөнінде де ғылыми тұрғыдан терең талдаулар жасайды. Бұл тұрғыдан Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдістемелік ғылымның да алғашқы бастаушысы бола алды. «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы», «Тіл жұмсар» әдістемелік еңбектері мен «Баулу мектебі», «Жалқылау», «Қай әдіс жақсы», «Дыбыстарды жіктеу» атты мақалалары осының айғағы болса керек.

Ғалым өзінің оқулықтарында әріптерді балаларға тез әрі үйрету үшін көптеген әдістерді пайдаланған. Ол өзі жасаған әліпбидегі әріптерді үйрету үшін, ең алдымен, оны жазып үйрену үшін, тілдегі дыбыстарды тани керектігіне назар аударады. «Әріптерді тани білуді» мақсат ету- таңбаның негізгі белгілерін бағамдауға үйрету. Таңбаның негізгі екі белгісі бар. Бірі – сыртқы тұлғасы да, екіншісі оның мағынасы. Ахмет Байтұрсынұлы осының екі жақтылық белгісін балаға дұрыс пайымдатуға көңіл бөлген. Дыбысты меңгертіп, оның әріптік таңбасын таңбалайды.

Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік бағытта жазылған «Тіл жұмсар» атты еңбегінің мәні зор. Тіл – құралдың жеке бөлшектерін түсіндіру жолын белгілеп берген бұл еңбектің қазақ тілінің әдістемесі пәнінде алатын рөлі мен маңызы ерекше болмақ.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұраларын зерттеген сайын ешкімге ұқсамайтын дара тұлға екенін көреміз. Оның ұлттық ерлік дәстүріне байланысты жинаған деректерінің тарихтан алатын орны ерекше. «Ер Сайын» жырын ел аузынан жинақтап, әндеп, ұрпақ тәрбиесіне пайдалануға ұсынды. Жәнібек батырға байланысты тарихи деректерді жинап, өз еңбегіне арқау етті. Жастарды ерлікке тәрбиелеуде, азаматтық борыштылық сезімдерін оятуда бұл еңбектің орны ерекше. Ал, ғалымның «Білім жарысы» атты мақаласында білімді жұрттарда осындай жарыс болады, қазақтың осыған ұқсас бәйге тігуінің пайдасы шамалы, далаға кеткен шығын дейді. Білім жарысы түрі жағынан осындай болғанымен мақсаты басқа әрі бұдан жұртқа келер пайда мол, шыққан шығын орны толады деп түсіндіреді. Еуропа жұртындағы білім жарысы туралы түрлі мысалдар келтіріп, пайдасына халықтың көзін жеткізгісі келеді. Білім жарысын қазақ арасында өткізу қажеттілік, тығырыққа тіреліп тұрған оқу-ағарту ісін жандандырудың бірден-бір көмекші жолы екенін уағыздайды: «Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы — кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі оқу үйрететін орындар сайлы болу керек екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі — білім жарысы», - дейді. Мұнда автордың мақсаты дұрыс оқулық шығару, оқу-ағарту ісін халықты қатыстыру, кәсіби шебер мамандарды саралау. «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» атты мақаласында үкіметтің қазақ арасындағы оқу жұмыстарын ұйымдастыруы мардымсыз, себебі қаржыландыру жағы жеткіліксіз, оқу қазақтың өзі үшін керек. Сондықтан, ел болып жұмыла кірісу керек» - дейді. Ол үшін, әр отбасы жағдайына лайық салық салып, жиналған қаржыны мектеп ашу ісіне жұмсауға шақырады. Кедей балаларына бірнеше тегін орын бөлуді ұсынады. Ауылдардың сирек орналасуына қарай кейбір мектептер жанынан интернаттар ашу қажет дейді. Ел болашағы үшін керек жұмысқа жекелеген шығынды қиынсынбай, күресуге үндейді [4,140].

«Тәні саудың — жаны сау» атты мақаласында ол тән мен жанның мән-мағынасын, арақатынасын түсіндіреді. Тән тозса, жанның да тозып, адам азғындап, хайуан қатарына жететінін дәлелдеуде, қазақ халқының тәнін де, жанын да тоз-тоз еткен ашаршылық көріністерінен мысал келтіруінің философиялық, психологиялық және тәрбиелік мәні зор. Тән саулығының қажеттілігін, қымбаттығын айта келе, тәнді тоздырмай, оның саулығы үшін қажет нәрселерге қысқаша былай тоқталады:

1. Тәнің өзіне керекті нәрселерді (ауа, тамақ, сусын сияқты нәрселерді) мезгілімен тиісті күйінде, керек мөлшерімен алып тұруы;

2. Ағзамыз әр түрлі қызметін мезгілімен дұрыс басқарып, дұрыс атқарып тұруы керек, мәселен, тамақтың қарында қайнап пісуі, бойға сіңуі, қан мезгілімен тарап тұруы сияқты қызметтер.

3. Тәнге зиян келтіретін ауру құрты, у, суық сияқты нәрселерден тәнді қорғау.

«Бұл үш шартты орнына келтіру үшін — әуелі демалатын ауа, жейтін тамақ, ішетін сусындардың жәй-мәнісін білу керек».

Екінші, тұратын үй, киетін киім, тұтылатын нәрсе, істейтін жұмыс, тән тәрбиесіне керек толып жатқан нәрселер бар — олардың жәй-мәнісін білу керек.

Үшінші, тәнге зиян келтіретін нәрселердің тәнге кіретін жолдары бар, ауру құрттарының өсетін, көбейетін орындары бар- оларды білу керек», - дейді. Яғни, оның тән саулығының тамыры тазалықта, жан саулығының тамыры тән саулықта деген қағидаларының тәрбиелік мәні өте зор. Әсіресе, мұндай түсініктерді балаға отбасында, бастауыш сыныпта қалыптастыру қажет [5,113].

А.Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Бұл мақалада қозғалған тақырып ұлы ақын Абайдың тарихи кезеңдері және рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі алатын маңызы баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты.

Қазіргі кезде А.Байтұрсынұлы мұралары мектеп бағдарламасына жаппай енгізіліп, оқытылып жатыр. Бастауыш мектептерге арналған жаңа буын оқулықтарын зерделейтін болсақ ХХ ғасырдың басында өмір сүрген зиялы қауымның еңбектерін молынан енгізілген.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің бастаушысы болып Ахмет Байтұрсынұлы тұрды. Ахметтің өмір жолынан бастап, артына қалдырған мұраларына: мысалмен айтқан көп ойлары, қаламгердің көсем сөзі, тіл тағылымы, оның ғалымдығына, еңбектерінің өміршеңдігін, пән сабақтарында

және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын сабақтастыра жүргізу барысында бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда мүмкіндігінің мол екендігіне көзіміз жетті.

Ахмет Байтұрсынұлы өз заманының және де ұлтымыздың ұлы ұстазы. Оның мұралары бағасыз асыл қазына. Әрбір шығармасы ғылымға да, педагогикаға да үлкен жаңалығы мен байлығын әкелген сарқылмас еңбек.

Әдебиеттер:

1. Үсембаева Р.Б. А.Байтұрсынов мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу. П.Ф.К. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясының авторефераты. – Тараз, 1999.
2. Байтұрсынұлы А. «Тіл тағылымы» — Алматы, 1992.
3. Байтұрсынұлы А. (Қол қойған: Маса). Кітаптар жайынан // Айқап № 1, Б. 12–13, 1911; Оқыту жайынан // Қазақ № 29, 7 қыркүйек 1913.
4. Байтұрсынұлы А. Еңбектерінің картотекасы. Қазақстан Республикасы ұлттық кітапханасының Сирек қор кітаптары.
5. «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы, - Алматы, 2002.

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Батыргалиева Гулшарбат Халеловна

Орал қаласы № 42 «Ақ ниет» гимназиясы

batyr_gul71@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының рухани дүниесін көтеруге күш жұмсаған қоғам қайраткері, ұлт жанашыры, Ахмет Байтұрсынұлының рухты шығармалары баяндалады. Қазақ халқының тағдыры – Ахмет шығармаларының өзегі болғандығы, жинақтары, мысалдары, өлеңдері талданып, деректер келтіріледі.

Аннотация. В статье рассказывается о духовной деятельности общественного деятеля, патриота Ахмета Байтурсынова, приложившего усилия для поднятия духовного мира казахского народа. Анализируются и приводятся данные о том, что судьба казахского народа – основа произведений Ахмета.

Annotation. The article tells about the spiritual activity of a public figure, patriot Akhmet Baitursynov, who made efforts to raise the spiritual world of the Kazakh people. Data are analyzed and given that the fate of the Kazakh people is the basis of the works of Akhmet,

Еліміз тәуелсіздік туын тіккеннен кейін алпыс жыл бойы «халық жауы» деген айдар тағылып, арамыздан алыстатылып келген сөз құдіретін танытқан тамаша ақын, қазақ халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов барлық жағынан ақталып, халқымен қайта табысты.

Ахмет азамат боп қалыптасқаннан-ақ саналы ғұмырын халқына адал қызмет етуге арнады. Оны ел мұңы, халық қамы, әділетсіздік жағдайлар қатты толғандырды. Ағартушылық жолға түсіп, «қайтсем халқыма пайдамды тигізем, қалай көзін ашам, ұйқысынан қалай оятам?» деген мақсат Ахметті әдебиетке алып келді. Әдебиетті халыққа ықпал етер күш санады. Ахмет Байтұрсынов өлеңдер жинағын «Маса» деп атауы да тегін емес еді. Ол ұйқыда, саясаттан тыс жатқан надан халқын құлағына маса болып ызындап оятуды ойлады.

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары аяқтары ұзын маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша,
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?!

Осы жолдардан «ызындап, ұшқан мынау біздің маса» — сергектікті, қозғалыс күйді, серпіліс пен ізденісті сәулелейтін астарлы бейне екені көрінеді. Ол «үстінде ұйықтағанның айнала ұшып», қоғамның енжар, жалқау, ұйқыдағы күйден оянуына қызмет етеді. Осы ағартушылық ойды ақын басқа да шығармаларында әрі қарай дамыта түседі.

Адамдық диханшысы қырға шықтым,
Көгі жоқ, көгалы жоқ қорға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың.

Ақын арманы – «адамдық диханшысы» болып, халқына қызмет ету [1]

Ақын өзі өскен ортаға, қазақ қоғамының қалпына сын көзімен қарап, көкейкесті шындықты ашына сынайды.

5-сынып оқушыларына арналған мектеп оқулығындағы «Адамдық диханшысы» өлеңі арқылы адами құндылықтарға тәрбиелесе, «Егіннің бастары» өлеңінде тәкаппарлық, мақтаншақтықтан жирендіреді. Ақынның шығармалары мектепте осы екі мысалымен шектеліп отырғаны ойланарлық жағдай деуге болады.

Ақын «Жиған-терген» өлеңінде ғаріп күйге түсудің себебін іздестіреді де, малы талауда, жаны қамауда отырған қайран халқын ұйқысынан оятып, серпілуге шақырады.

Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып,
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып,
Қанған жоқ па әлі ұйқың?
Ұйықтайтын бар не сыйқың!

Ахмет Байтұрсынұлы адамдық деген ұғымға ең алдымен үлкен адамгершілікті, адалдықты, қалтқысыз еңбекті жатқызады [2] Сондықтан ол қай заманда да, қай ортада да арам ниеттілерді, жеке басының пайдасына әрекеттенушілерді, күншілдерді кешірмейді.

Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны,
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны

Бұл өлеңді ақын 1909 жылы өз пайдасын көздеп, патша әкімшілігіне жағынып, «Алаш ардақтыларына» жала жауып, түрмеге отырғызғандарға айтқан. Мұндайларға ақын өзі беретін әділ төрелігін де ашып айтады:

Көң сасыған көк есектер бәріңе,
Қалдырмастан жағалай жас-кәріңе
Үрім-бұтақ нәсіліне қалғандай
Нық басылар кетпейтін мөр тәніңе

Бұл-Сталин, Ежов, Голощекиндерге айтылған тарих сөзі.

Асықпаңдар, артымызда қазы бар,

Тергеп талай сүйектерің қазылар-деп, түбінде әділеттің, шындықтың жеңетініне, болашаққа сенімін қоса білдіреді. Бұл – әр құбылысты таразыға салып өлшей білетін ойшылдың, көреген жанның сөзі.

Әрі аудармашы, әрі ақын, қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші ғалым Ахмет Байтұрсынұлының сан-салалы еңбегіне арнап, оның 50 жылдық тойына жазған мақаласында Мұхтар Әуезов былайша баға берген еді: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген қазақ тілі, Ахаңның әдебиеттегі орны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайраты... Тарих ұмытпайтын істер болмақ. Жаңа өсіп келе жатқан қазақ интеллигенциясы Ахаңның еңбегінің өнімді болуын тілеуден жалықпайды» [3]

Халыққа қызмет еткенде, тек оның бүгінгісін ғана емес, болашағын ойлап, іс-әрекет жасау әрбір ұлы ойшылдың парызы екенін Ахмет Байтұрсынұлы жақсы ұғынған. Өзі де бүгінгі күннің қамы емес, ертеңгі күн үшін күресетінін, азаматтық парызын өтеу жолындағы табандылығын, мақсаткерлігін ашып айта келіп:

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін
Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын,

Ел бір күншіл, менікі ертеңгі үшін!- деп, туған халқының бүгінгісін, бір күнгісін ғана емес, ертеңгі болашағы үшін маңызы бар іс-әрекеттерге тер төгіп жүргенін айтады.

Бұл – алысқа, биікке самғаған қыранның, үлкен қайраткердің сөзі. Ақынның күрес жолынан айнымайтын қаншама қиыншылық болса да төтеп беретін күрескерлік болмысы оның өлеңдерінде анық көрінеді.

«Маса» жинағындағы ақын өлеңдерінің – оның азаматтық борышының, арман-мақсатының көрінісі. Зерттеуші Қайым Мұхамедханов: «Маса» - патша заманындағы қазақ халқының басынан кешкен аса ауыр хал-ахуалын айнытпай суреттеп берген шыншыл шығарма. Қазақ әдебиетінде ешқашан тарихтық маңызын жоймайтын дәуір туындысы», - деп дәл, жоғары баға береді [4]

Ақын сенгеніндей тарихта әділет, шындық салтанат құрды. Халқының бостандығы, тәуелсіздігі, еркіндігі үшін тар заманда жан аямай күрескен ұлы азамат, Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері әдебиет әлемінің шамшырағы болып қалыптасты.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті даму тарихындағы биік белес болып қала бермек. Ол шын мәнінде нағыз күрескер, демократтық поэзияның негізін қалап, азаттыққа ұмтылған азаматтық жыр үлгісін жасады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті 5-сынып. А.С.Ақтанова, А.Қ.Жүндібаева
2. Өмірхан Әбдиманұлы. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. Алматы: «Арда» 2007 жыл 39 бет
3. «А.Байтұрсынұлы шығармалары». - Алматы: «Жазушы», 1989.
4. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны 185-бет

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Темешова Нургул Раушановна

№1 орта жалпы білім беретін мектебінің ІІІ деңгейлі
сертификатталған бастауыш сынып мұғалімі
Орал қаласы

Тақырыбы: Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттың ұлы ұстазы.

Мақсаты:

1. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру.
2. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу
3. Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту

Сабақтың әдісі: сұрақ жауап, пікірталас, ой қозғау.

Көрнекілігі: Ахмет Байтұрсынұлының портреті, ақынның қанатты сөздері, видеоролик, презентация.

Сабақтың барысы

7 Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Сыныпты түгендеу. Оқушылардың назарын сабаққа аударту.

- Сәлеметсіңдер ме балалар! Балалар, бүгінгі тәрбие сағатымыз Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмір жолына арналады. Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына байланысты өткізілген отырған тәрбие сағатымызда Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына тоқталатын боламыз.

2. Сабақтың басы

- Ахмет Байтұрсынұлының 5 арыстың құрамына кіретінін білеміз ия, балалар?! Ендеше 5 арысқа кіретін ұлт зиялыларын атап шығайықшы:

Ахмет Байтұрсынұлы. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Міржақып Дулатов

Жүсіпбек Аймауытов. Мағжан Жұмабаев

Дәуірдің жарық жұлдызы, ұлттың ұлы ұстазы саналатын Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр. Ендігі кезекте Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаянымен танысып өтсек.

Слайдқа назар аударып, онда көрсетілген тірек сөздерге сүйене отырып әңгімелеу үшін 3 топқа түрлі тақырып берілген:

1. Өмірбаяны
2. Қызмет жолы
3. Шығармашылығы

1 тақырып бойынша 1 топқа берілген тірек сөздер:

- 1872 жылы 5 қыркүйек;
- Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылы;
- Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебі;
- Орынбордағы төрт жылдық мұғалімдер мектебі;
- 1937 жылы 8 желтоқсан;
- Қуғын-сүргінге ілігу;
- Ату жазасына кесілу.

2 тақырып бойынша 2 топқа берілетін сөздер:

- 1895-1909 ж.ж., Қарқаралы, орыс-қазақ мектебі, оқытушы.

- 1921–1925 жылы Орынборда, 1926–1928 жылы Ташкенттегі, Халық ағарту институттарында, қазақ тілі мен әдебиеті, мұғалімдік қызметі.
- 1913–1918 жылы, қазақ зиялыларымен бірігіп, «Қазақ» газеті.
- Алаш партиясының негізін қалаушылардың бірі.
- 3 тақырып бойынша 3 топ:
- Ахмет Байтұрсынұлы –қазақ әліпбиінің алғашқы авторы.
- «Қырық мысал» , аударма жинағы, 1909 ж. Санкт-Петербургте
- 1911 жылы, «Маса « өлеңдер жинағы
- «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Әдебиет танытқыш» – Әлі күнге дейін қолданыста, маңызын жоғалтпаған
- оқу құралдары.

8 Сабақтың ортасы

Миға шабуыл

Неліктен Ахмет Байтұрсынұлының екінші кітабы «Маса» деп аталған?

- Себебі ұйықтап жатқан қазақ халқын 386А386на секілді ызындап ояту, білімге, оқуға шақыру.
- Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» аударма жинағы.
- орыс халқының ақыны Крылов Иван Андреевичтің мысалдары негізінде аударған
- Үлгі аларлық ғибратқа толы мысалдар
- Татулыққа
- Бірлікке
- Ынтымаққа шақыру.

«Аққу, шортан һәм шаян» мысалының желісі:

Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн
 Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-дүркін,
 Тартады: аққу көкке, шаян кейін,
 Жұлқиды суға қарай шортан шіркін.
 Жігіттер мұнан ғибрат алмай болмас.
 Әуелі бірлік керек болса жолдас,
 Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,
 Істеген ынтымақсыз ісің оңбас!

Бұл мысал арқылы елді бірлікке, ынтымаққа, татулыққа шақырып отыр. Бір-бірін тыңдамай, әркім өзіміздікі дұрыс деген істе береке болмайды дейді.

Осы мысал төңірегінде қандай мақал-мәтелдер еске түседі?

- Бірлік болмай, тірлік болмас.
- Жұмыла көтерген жүк жеңіл.
- Алтау ала болса, ауыздағы кетеді
- Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Ахмет Байтұрсынұлы «Оқуға шақыру» өлеңі:

Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап! Жуынып, киініндер шапшаңырақ! Шақырды тауық 386А386на әлдеқашан, Қарап тұр терезеден күн жылтырап. Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да, Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да: Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп, Барады аралар да ұшып балға.

- Оқып шығып, мән-мағынасына тоқталу, жеткізілмек болған ойды анықтау.

4. Сабақтың соңыСабақтан алған білімдерімізді қорытындылай келе берілген сызбаны толтыру.

Ахмет Байтұрсынұлы кім?

Қорытынды

- Осымен балалар, тәрбие сағаты... ынұлының «Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста...» деген нақыл сөзімен аяқтасақ. Білім алудан, үйренуден, ізденуден еш уақытта жалықпандар. Білімді ұрпақ, бәсекеге қабілетті ұрпақ – ұлт келешегі.
- Бүгінгі сабақ ұнады 386А? Сабақтан алған әсерлерімізді стикерлерге жазып, білім ағашына апарып ілеміз

Мазмұны:

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

Қыдыршаев А.С. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ: ӘЛПШЕЛЕРІ, ТІЛ-ҚҰРАЛДАРЫ, ӘДІСТЕМЕЛІКТЕРІ, ҚҰРЫЛЫМЫ, МАҢЫЗЫ.....	3
Тұрысбек Р. ҰЛТ РУХАНИЯТЫ ЖӘНЕ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ.....	10
Садуақас Н.А. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СИНГАРМОФОНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕР.....	14
Хасанов Ғ.Қ. А.БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ СЕМАНТИКАСЫ ЗЕРТТЕЛУІ.....	17
Мүтiev З.Ж. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТОЛҒАУЫ (ЛИРИКАСЫ) ХАҚЫНДАҒЫ ОЙ- ТҰЖЫРЫМДАРЫ.....	21
Хайыржанова Б. АХМЕТ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ.....	24

1 СЕКЦИЯ

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ

Бактыбай И. ЛИНГВОМИФОЛОГИЯЛЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ ГЕНДЕРЛІК КӨРІНІСІ.....	27
Борашева С.Ж. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ РЕФОРМАТОРЫ.....	31
Джулаева Г.М. КОНЦЕПТ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТІЛДІКБЕЙНЕСІ.....	32
Елеуова А.С., Қуанышева Ж.А. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ РЕФОРМАТОРЫ.....	35
Ержанова Ұ.Р. ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘҢГІ РЕФОРМАТОРЫ.....	37
Қадырова Г.А. ТІЛДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЭКСПРЕССИВТІ МӘНДЕРДІҢ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН МЕТАФОРАЛАР АРҚЫЛЫ БЕРІЛУІ.....	39
Қаиржанова Н.Н. АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН КӨСІБІ ҚҰЗІРЕТТІКТЕ КЕҢІНЕН ҚОЛДАНУ.....	42
Кенжебай Р.Д. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФИТОНИМДЕРДІҢ ЭТНОТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ.....	46
Қазиева З.К. А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ.....	50
Сағынғалиева С.К. ТЮРКСКИЕ ЗАИМСТВОВАНИЯ В РУССКОЙ ПИСЬМЕННОЙ РЕЧИ.....	52
Сисенбаева Р.Ж. ЭТНОЛЕКСИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ Қ.МЫРЗАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ.....	55
Қарагулова Б.С., Толыбай А. СӨЗ МАҒЫНАСЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН КЕҢЕЮ ЖОЛДАРЫ.....	59
Хамзина А.С. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАРДЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.....	63

2 СЕКЦИЯ

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Ахатова Н.К. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ'ИН ŞEŞENDİK GELENEĞİ ÜZERİNE YAPILAN ÇALIŞMALARI.....	65
Абдиева Ш. АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙ БЕЙНЕСІ – ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЕЖЕЛГІ ДӘУІРЛЕРІНДЕ ЕҢ КӨП СОМДАЛҒАН ОБРАЗ.....	69

Альмуханов К.	
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЕҢБЕГІ ЖАЙЛЫ.....	71
Алдиярова А.Қ.	
ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ХАРАКТЕРДІҢ ПОЭЗИЯДА КӨРІНІС ТАБУЫ.....	73
Бақиев А.Е., Акбулатов А.А.	
Р.ОТАРБАЕВ ӨНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС, ИДЕЯ, ХАРАКТЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	76
Батыргалиева А.Б. Акбулатов А.А.	
ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ӨНГІМЕ ЖАНРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ.....	78
Габдулова А.А.	
ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ БЕКСҰЛТАН НҮРЖЕКЕҰЛЫНЫҢ «ӘЙ, ДҮНИЕ-АЙ» РОМАНЫНАН КӨРІНІС ТАПҚАН ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР.....	81
Ғалымжан Е.С. Акбулатов А.А.	
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	83
Ергалиева С.Ж.	
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ.....	86
Жұбанышева А.	
А.БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ.....	88
Кайржанова А.А.	
ТЕМІРХАН МЕДЕТБЕК ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК ИДЕЯ.....	91
Қуанышев А.А., Акбулатов А.А.	
ТЫНЫШТЫҚБЕК ӘБДІКӘКІМОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ МЕТАФИЗИКАЛЫҚ КОНЦЕПТІСІ.....	93
Қыдыршаев А.С., Каримуллина Р.К., Қуандықов Е.Н. Кондудаева Ш.М., Мәлікова М.М., Мұхамбетова С.Ж.	
БАТА СӨЗ ЖАНРЫ: ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ, ТАБИҒАТЫ, ЖІКТЕЛІМІ, ҰЛАҒАТТЫҚ-ТӘЛІМДІК СИПАТЫ.....	96
Макшаева Ж.Д.	
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ.....	102
Мусина Ж.Ғ., Ихсанова Л.	
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ-АНА ОБРАЗЫНЫҢ СОМДАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	105
Мұрат Г.М.	
ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҰЛЫ ЖОЛЫ.....	108
Мұхамбетқалиева Р.Қ.	
ЖЫРЫМЕН РУХТЫ ОЯТҚАН.....	112
Панищева О.А., Нурхожа А.Е.	
ВКЛАД АХМЕТА БАЙТҰРСЫНОВА В ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ В XIX-НАЧАЛО XX ВЕКА.....	116
Өтеуова Г.Ж., Акбулатов А.А.	
Ж.ШАМУРАТОВАНЫҢ «БЕЙУАҚТА АШЫЛҒАН ҚҰПИЯ» ШАҒЫН ХИКАЯТЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗДЫҚ МОТИВІ.....	119
Рахымбаева Ж.С., Токсамбаева А.О.	
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПОСТМОДЕРНИСТІК БАҒЫТТЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ.....	122
Садуллаев Н.Н., Акбулатов А.А.	
БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТЫҚ МОТИВТЕРДІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ.....	125
Садуова Д.Д., Токсамбаева А.О.	
АСҚАР АЛТАЙДЫҢ ТАРИХТЫ ҚОЗҒАҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ.....	129
Султаниязова И.С., Қайырлы К.	
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ РОМАННЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	139
Темирбаева К.Х.	
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ.....	135
Тлегенова К.К.	
БАУЫРЖАН БАБАЖАНҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	139
Шайекенов Ж.Ж.	
МАРАБАЙ АҚЫН ЖӘНЕ «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ КӨП ВАРИАНТТЫЛЫҒЫ.....	141
Шайекенов Ж.Ж., Шайекенова М.Ж.	
БАТЫС ӨҢІРІ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ ЖЫРЛАНУЫ.....	144
Пауетдин Н.М.	
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНАН КЕЙІНГІ АЙТЫСТАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАМДАРЫ.....	150

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІ

Алимбекерова Т.Е., Джанбаева Г.И. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛ БІЛІМІ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІН ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА АРҚЫЛЫ ТАНЫТУ.....	153
Калаханова С.Б., Муканова Н.Е. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....	154
Каршалова А.К. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІ.....	157
Қайырсапарова И., Ергалиева Г.А. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІК ІЗГІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ.....	161
Қыдыршаев А.С., Қуандықов Е.Н., Каримуллина Р.К., Мәлікова М.М., Аманова А.Ғ., Кондаева Ш.М. «ҚАБУСНАМА» ТУЫНДЫСЫ: ЗЕРТТЕЛУІ, ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ, ТӘРБИЕЛІК-ТАҒЫЛЫМДЫҚ МӨНІ.....	167
Қыдыршаев А.С., Қабдірахимова Ж.Қ., Аманова А.Ғ., Қыдыршаев М.А. АБАЙДЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ – ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ АЙНАСЫ.....	174
Панищева О.А., Глухарева Т. МЕТОДИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ А.БАЙТҰРСЫНОВА КАК ОСНОВА ОТЕЧЕСТВЕННОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ.....	178
Суйншкалиева А. СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	183
Тлеубаева Б.Е. АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫ КӨТЕРГЕН ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ.....	186

4 СЕКЦИЯ

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ: ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ, ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

Абайқызы А. ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТЕР НЕГІЗІНДЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ОҚЫТУ.....	188
Адамқұлов Н.М., Турикпенова С.Ж., Абсерова Қ.Б. СУРЕТ ПӘНІ БОЙЫНША ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	192
Адиетов З.Ғ. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІҢ КЕҢІСТІКТІК ДАМУЫНЫҢ ФАКТОРЛАРЫ МЕН АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	194
Ақболат Н. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ АУМАҚТЫҚ САРАЛАНУЫНЫҢ ФАКТОРЛАРЫ МЕН АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	198
Аубакирова А.М. К ВОПРОСУ ОБ ОСМЫСЛЕНИИ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЫ МИРА КАК ОТРАЖЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ МЕНТАЛЬНОСТИ.....	201
Ахонова Ж. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНДА РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	205
Баюканская С.Ф. РАЗВИТИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ САМОРЕГУЛЯЦИИ У СТУДЕНТОВ В ЦЕЛЯХ ФОРМИРОВАНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОЙ ЛИЧНОСТИ УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	209
Бегжанова М. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТАРЫНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚАРТАЮДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	213
Галиева Р. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ АУМАҚТЫҚ САРАЛАНУЫНЫҢ ФАКТОРЛАРЫ МЕН АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	216
Дуйсебекова А., Қалиев А., Рахметова Б., Алимбаев К.	

ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ АБАЙ МҰРАЛАРЫН МЕНГЕРТУ.....	221
Жақыпова Ж. АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ КЕҢІСТІКТІК САРАЛАНУЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ.....	224
Жақыпова Ж. АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ КЕҢІСТІКТІК САРАЛАНУЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ.....	230
Жусупкалиева Г.К., Сагадатов А. ИССЛЕДОВАНИЕ ТЕОРИИ И ЗАДАЧ ПО ТЕМЕ «ТЕПЛОВЫЕ ЯВЛЕНИЯ» В СОДЕРЖАНИИ ОБУЧЕНИЯ.....	235
Кажгалиева С., Албидакоева Г. «JASTAR-SKAFFOLDING-TAJRIBE» - НӘТИЖЕГЕ ЖЕТКІЗЕТІН ЖОЛ.....	238
Кайсагалиева Г.С., Кажгалиева С.Ж., Имангалиева А.Т. ОРАЛ ҚАЛАСЫ МЕКТЕПТЕРІНДЕ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ- ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ РӨЛІ.....	243
Калиева А.Т., Дүйсенғалиева Н.Е. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС- ТӘСІЛДЕР.....	248
Ергалиева Г.А., Камидуллина Р.Т. ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ДЕНГЕЙЛЕП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	250
Келбетова Э.С. СЫН ОТЕЧЕСТВА (ПО ОЧЕРКАМ А.БУКЕЙХАНОВА, ПОСВЯЩЕННЫХ ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОЙ ПОЛИТИКЕ ЦАРИЗМА).....	255
Клычниязова Г.Н. МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ ӘДІСТЕРІ.....	257
Конкина Г., Байбосын Л., Сақтағанова Э. ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	260
Кужаниязова Ж.Г. РАЗВИТИЕ РЕЧЕВЫХ НАВЫКОВ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ.....	263
Кұлбаева Г.С. КООРДИНАТАЛЫҚ ӘДІСПЕН ПЛАНИМЕТРИЯ ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ.....	266
Қыдыршаев А.С., Кондудаева Ш.М., Қуандықов Е.Н., Каримуллина Р.К., Мәлікова М.М., Аманова А.Ғ. ІСКЕРЛІК ҚАТЫНАСТАҒЫ ТІЛДІК СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	272
Қыдыршаев А.С., Мәлікова М.М. БОЛАШАҚ МЕКТЕП МҰҒАЛІМІНІҢ ШЕШЕН СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТӘЖІРИБЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ.....	275
Қыдыршаев А.С., Масабаева И.Т., Мәлікова М.М., Каримуллина Р.К., Қуандықов Е.Н. ОҚЫТУШЫ-ПЕДАГОГТЫҢ РИТОРИКАЛЫҚ ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АСПЕКТІЛЕРІ.....	282
Максимқызы А. ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУҒА ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	289
Мауленберлиева Н. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ МАҚСАТЫНДА ШЫҢҒЫРЛАУ АУДАНЫНЫҢ ТАУЛАР ТРИАДАСЫНА САЯХАТ.....	291
Набиоллин Д. ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙДІҢ ШЕКАРА МАҢЫ АУМАҚТАРЫНЫҢ ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІН ДАМЫТУДЫҢ ФАКТОРЛАРЫ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫН БАҒАЛАУ.....	294
Нурмуханова Н.М. ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ДРАМАТИЗАЦИЯ БЫНАНЫ АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ.....	300
Рахматуллина З.Ж. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ.....	304
Рахмушева Г. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САРАЛАНУЫН БАҒАЛАУ.....	307
Сабыргалиева Ж.А. ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕ ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	311
Султаниязова И.С., Баймолдина А.	

ОҚУШЫНЫҢ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҚАЖЕТТІ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРДІ ДАМУДА БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНАТЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАР.....	314
Таубай Д.Ш. АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ “FLIPPED CLASSROOM” ӘДІСІН ҚОЛДАНУ ҰТЫМДЫЛЫҒЫ.....	316
Тулегенова Д. АУДАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ОҚЫТУДАҒЫ АУДАРМА ҚАТЕСІНІҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ.....	321
Утениязова Ж. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ШЫҒЫРЛАУ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ.....	325
Хабиева Д.Г. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ.....	330

5 СЕКЦИЯ

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ САБАҚ ҮЛГІЛЕРІНЕН

Абдолова Б.М. А.БАЙТҰРСЫНОВ. «ЕГІННІҢ БАСТАРЫ».....	333
Абугалиева А.К., Салауатов Б.Д. “ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА СҰРАҚ ҚОЮ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ СЫНИ ОЙЛАУҒА БАҒЫТТАУ” ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН.....	335
Ақбулатова Л.Т. ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНЫП, САБАҚ ҮРДІСІН ЖОСПАРЛАУ.....	338
Алпысбаева А.Т. ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА-ҰЛТТЫҢ БОЛАШАҒЫ.....	341
Жаутикбаева А.А. АХМЕТ-ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.....	343
Қасымбеков Ә.Қ. А. БАЙТҰРСЫНОВ-«ҰЛТ ҰСТАЗЫ». А БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰСЫНҒАН ТӨТЕ ЖАЗУ.....	345
Кажгереева С.А. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АШЫҚ ІС-ШАРАНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ДАЙЫНДАМАСЫ.....	349
Ергалиева Г.А., Шугаева Э. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ САБАҚТАР КЕШЕНІН ДАЙЫНДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	354
Мусина Ж.Ғ., Қайырлы К. ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ РОМАНДАРДЫҢ ДЕРЕКТІЛІГІ	357
Султаниязова И.С., Баймолдина А. ОҚУШЫНЫҢ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҚАЖЕТТІ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРДІ ДАМУДА БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНАТЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАР	361
Султаниязова И.С., Боранбаев Д.С. Қ.ЖҰМАДІЛОВ РОМАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДӘЛДІК ПЕН КӨРКЕМ ШЫНДЫҚ.....	363
Хасенова Л.К. АҚСУ – ЖАБАҒЫЛЫ ҚОРЫҒЫ	366
Сұлтанғалиева Р.Б., Қоблан А.С. КӨДҮЛГІ САНА МИФОЛОГИЗМІНІҢ ҚАЗАҚ КӨРКЕМ ПРОЗАСЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ	368
Жәрдембай Н.С. МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БҰЛАҚТАРЫН ТӨЛҚҰЖАТТАУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ	372
Маденова Л.М. БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ ҒАЛАМТОР ДЕРЕКТЕРІН СҰРЫПТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	378
Нәбиева Ж., Ерболат Б. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ	380
Батыргалиева Г.Х. ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ.....	383
Темешова Н.Р. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ.....	385

Қазақтың рухани көсемі, Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «**А.Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау**» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары.

**АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫЛЫП ШЫҚҚАН
СВЕРСТАНО И ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ**

Көлемі 44,9 л., Тараымы 500. Тапсырыс № 66.

М.Өтемісов атындағы БҚУ

*Редакциялық баспа орталығында басылып шығарылды.
090000, Орал қаласы, Достық даңғылы, 162.*